Аталған кезеңде Қазақстан мен Орта Азия халықтарының арасында ерекше орынға ие аса ірі саяси қайраткер Ахмет Байтұрсынұлы өзінің орасан зор ерік-жігерімен, ірі ұйымдастырушылық қабілетімен зор беделге ие болды. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы

ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі болған аса ірі саяси қайраткер.

Қазақ қоғамында өріс алған қазақ зиялыларының ұлттық-демократиялық қозғалысы орталық билік орындарына қазақ халқының атынан петициялар жазуынан, Мемлекеттік Думаның қызметіне (қазақ зиялыларының сол кездегі арман-мүддесі көп жылдардан соң бүгінде Қазақстан Республикасының Парламенті жұмысының мысалында жүзеге асқанын көреміз – Т.А.) белсене ат салысуынан айқын көрінді. Назар аударарлық маңызды жайт, А. Байтұрсынұлы 14500 адам қол қойған әйгілі Қарқаралы петициясы авторларының бірі болды. Осы арыз-тілекте жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сай өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстау еркіндігі, күні өткен Дала ережесін қазақ мүддесіне сай заңмен ауыстыру және басқа да мәселелер көтерілді.

Нақ осы кезеңде А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы тәрізді саяси ойшылдар қазақ елін «Қырық мысал», «Маса», «Оян қазақ!» сынды отты жинақтары арқылы серпілуге, азаттық үшін күресуге үндеді. А. Байтұрсынұлы 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» өлеңдер жинағында:

«...Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса?», - деп қазақ халқын маса болып оятып, бостандық жолындағы күреске шақырады [1].

XX ғасырдың басында қазақ қайраткерлері халықтың мұқтаждықтарын шешу мақсатында жалпыұлттық мәселелерді көтеру, қоғамдық ойға қозғау салу, бұқара арасында саяси хал-ақуалды қалыптастыру мәселесінде ұлттық газеттер мен журналдар, түрлі тақырыптар бойынша жинақтар шығарудың маңызын өте жақсы түсінді. Олар 1911 жылдан бастап шыға бастаған «Айқап» журналы және 1913 жылдан жарық көрген «Қазақ» газеті беттерінде жалпыұлттық мәселелерді көтеріп, қоғамдық ойға қозғау салу мен халықтың саясатқа деген ынтасын арттырумен айналысты.

«Қазақ» газетінің тұңғыш санында Ахаң «...газета - халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», - деген ой-тұжырымы арқылы газеттің қоғамдық өмірде алатын айрықша рөлін айқын көрсеткен [2].

Осылайша, өткен ғасырдың басында қазақ даласына тарап, әрбір қазақтың бойына ұлттық рух қалыптастыруға атсалысып, елдік мәселелерді көтеруде табандылық танытып, нағыз халықтың көзі, құлағы һәм тілі бола білген қоғамдық-саяси басылым - «Қазақ» газеті болды. «Қазақ» газеті ең алғаш 1913 жылғы 2 ақпанда Орынбор қаласында жарық көрген. 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін уақыттың талабымен аптасына екі рет жарияланып отырған. Газеттің бастырушысы - «Азамат» серіктестігі, бас жазушысы (редакторы) Ахмет Байтұрсынұлы, ал М.Дулатұлы өкілетті өкілі болды.

«Қазақ» газетін шығарудағы А.Байтұрсынұлының ерен еңбегін М.Дулатұлы аса жоғары бағалап: «А.Байтұрсынұлы публицист ретінде 1913 жылы Орынбор қаласында қазақтың тұңғыш басылымы, шын мәнінде де солай «Қазақ» газетін шығарып, оның беттерінде туған халқының мұң-мұқтажын батыл алға тарта бастады» [3], - деп сипаттады.

«Қазақ» газетінің беттерінде қазақ зиялылары қоғамдық-саяси өмірдегі ғасырлық артта қалушылықпен, кертартпалықпен байланысты жайттарға зор көңіл бөлді. «Өз бетімізше өмір сүру үшін бізге білімге және жалпы мәдениетке аянбай ұмтылу керек; бұл үшін бірінші кезекте ана тілімізді дамытумен шұғылдануымыз керек. Өз бетінше өмір сүруді үміт еткен жұрт ең әуелі өз тілінде сөйлеп, өз әдебиетін иеленуі керектігін ешқашанда ұмытуға болмайды», - деп ескертеді Ахмет Байтұрсынұлы [4].

Басылым ұлт мүддесі жолында қоғамдық сананы қалыптастыру мен дамыту жолын, ұлттық мәдениет пен ағартушылықтың жүгін өрге сүйреу мақсатын ұстанды. Ұлт тарихымен бірге жасасып, саяси-әлеуметтік өмірдің қайнаған ортасынан табыла білді. Қазақ қайраткерлері «Қазақ» газетінде жер мәселесін талқылауға қатысты маңызды тұжырымдары қамтылған көптеген мақалаларын жариялады. Ұлттық басылымның жер мәселесімен көбірек айналысуы бекер емес еді. Бұған түрткі болған патша үкіметінің 1909 жылғы 9 маусымда бекіткен Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарындағы мемлекеттік жер қорын анықтау жайындағы нұсқауы мен Түркістан өлкесін басқару туралы Ереженің 270 - бабына қосымша қабылдаған Заңы болды. Осы екі құжат негізінде қазақ жерін бөлу мәселесінде Қоныс аудару басқармасының мекемелері қазақ жерлерін аз уақыт

аралығында әрі кең көлемде өзіне қарату үшін қазақ шаруаларының (қоныс аударушылар нормасы - әрбір ер адам басына - 15 десятинадан) жер үлесін алып, отырықшылыққа көшуін жүзеге асыра бастады. Бұл үдерісті халықтың көпшілік бөлігі түсінбеді. Сөйтіп, қазақ жері талауға түсті. Халықтың жер бөлу заңынан хабарсыздығын көрген А.Байтұрсынұлы «Қазақ жерін алу турасындағы низамға» түсініктеме беруге үлкен үлесін қосты. «Қазақ жерін алу турасында шыққан низам, бұйрықтарды қазақ білсе, осындай жәбір көрушілер азаяр еді», - дей келіп А.Байтұрсынұлы: «Жол бойынша қазақты қоныстануынан көшірмей тұрып, жаңа жерден орын сайлап беруге міндет, қазақ көшкенде даярлап шығарып, белгіленген жерге көшпек. Бұл жолды білмей, «мұжық қуып шығарды, пәлен қуып шығарды, отыра алмадық дейді. Мұжық болсын, басқа болсын, низамнан күшті емес», - деп тек қана заңға бағыну қажеттігін ескертті. Мұнымен қоса 9 маусымда шыққан заңның барлық бөлімдерін егжей-тегжейлі түсіндіреді [5, 222-6].

Патшалық әкімшіліктің жер саясаты жайында жазылған «Жер жалдау жайынан», «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Шаруа жайынан», «Қазақ һәм жер мәселесі», «Андаспаған мәселе» турасында және т.б. мақалаларында Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жері қазақтың иелігінен кетіп бара жатқанына күйзеле отырып, жер бөлудегі патша саясатының шынайы мәнін айқын ашып көрсетеді. Жерден айырылса, қазақтың халі неге ұшырайтынын ұлт жанашыры сол кезде-ақ көре білген.

Газет беттерінде Қазақстанның отырықшылыққа көшу идеясы қозғалып, ұлт зиялылары қазақ тұрғындарының әзірше отырықшылануын жоққа шығара отырып, жер мәселесі тұрғысындағы өз көзқарастарын теориялық жағынан негіздеп, Қазақстан жағдайында көшпенділік өмірді онан әрі жалғастыра берудің қажеттігін дәлелдеуге тырысты.

А. Байтұрсынұлы «Көшпелі һәм отырықшы норма» деген мақаласында переселен басқармасының бастығы Глинканың Мемлекеттік Думада сөйлеген сөзінде отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандарын жасырмай, ашып айтқан төмендегі сөзін келтіреді: «...Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес, әдісіміз бар - қазаққа тиісті жер беріп..., көшпелі қалпына орналастырсақ, қазаққа көп жер тиеді. Артыларлық жер аз болмақшы. Оны Дума арқылы законмен бекітіп, қазаққа берген соң ала алмаймыз. Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін, яғни, переселендерге қазақтан жерді көбірек алу үшін, біз әдіс істеп отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік» [5, 232-6]. Неғұрлым қазақ отырықшылыққа көбірек көшсе, солғұрлым қазақтан артық жер қалады, артық жерлерді алу жайындағы заңға сәйкес қоныс аударушыларға кесіліп беріледі. Міне, отырықшы норманың түпкі мәнісі де осында еді. «Отырықшылық - ол да бір білім, өнер. Оған бұрынғы мал бағу мен егін егуге жарап жүрген білімдеріңнен басқарақ білім керек. Ол - көп малдың есесіне аз малдың асылын ұстап, толықтыратын білім, аз жерді аздырмай, көп жердің орнына тұтынатын білім. Бұл екеуі де қазақ қолданып көрмеген білімдер» [5, 239-6], - дейді А.Байтұрсынұлы «Шаруа жайынан» деген мақаласында. Бұдан әрі, ұлт қайраткері «Біз қазаққа болма демейміз. Жақсы жеріңе жиылып, қалаңды сал, мешітіңді орнат, мектеп, медресеңді аш, рұқсатсыз неге қала болдың деп ешкім айтпайды дейміз. 15 десятинамен қала боламын десеңдер, күн көре алмайсыңдар дейміз» [5, 263-6], - деген ұйғарым жасайды 1914 жылы «Андаспаған мәселе» мақаласында. Осылайша, отырықшы норманы сынаған «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан зиялы қауым өкілдері отырықшылыққа түпкілікті қарсы болған жоқ, тек отырықшы норманың отаршыл мазмұнына ғана қарсылық білдірді. Қазақ зиялылары көшпелі халықты отырықшыландыру ұзақ уақыт алдын ала дайындық жүргізуді қажет ететін маңызды іс екенін жақсы түсінді.

Міне, сондықтан да «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры - жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі. Бұл тұрасында түсініп жетпей қалысып, қазақты теріс жолға салғанымыз - 5 миллион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз. Сондықтан бұл турада қазаққа ақыл айтқанымыз, қазақты һәм басқалар да қата ұқпастан етіп, анықтап ашып сөйлегеніміз абзал», - деп 1914 жылы-ақ А.Байтұрсынұлы жер мәселесінің түйінін шешуге аса зор мән берген болатын [5, 216-6]. Сонымен қатар, ол Алашқа аты шыққан адамдарды адаспауға, тура жолдан айнымауға үндейді. «Сендер адаспандар, арттарыңнан Алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар» [5, 233-6], - деп өз ойын түйіндейді. Сонымен, ұлт зиялылары қазақ халқын әкімшілік жағынан басқаруда қолданылып отырған принциптердің, ережелердің қазіргі уақытта олардың өмір жағдайына сай келмейтіндігін атап көрсетіп, оны қайта қарау қажеттігін ұсынды. Сондай-ақ, олар патшалық әкімшіліктің аграрлық реформасын, әсіресе, орыс шаруаларының қазақ жерлеріне қоныстандыру саясатының қиянатты жайларын әшкереледі. Қазақ қайраткерлерінің жер мәселесі жайындағы және басқа да түрлі тақырыптарға байланысты ой-толғаныстары мен пікірлері бүтінгі күн талаптарымен үндесіп жатыр. «Қазақ ұлтының ұлттық идеясын ұйытқан «Қазақ» газетінің

көтерген мәселелері әлі де толық зерттеп, астарын ашуды қажет етеді. Оны тереңдеп зерттеген сайын ұлттық құндылықтарымыздың мағынасы ашыла түстіні анық. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвтың тәлімі сондағанатиянағынтабады» [6].

1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғыс отарлық езгідегі қазақ халқының тұрмыс жағдайын бұрынғыдан да қиындатып жіберді. Соғыстың барлық ауыртпалығы қарапайым халықтың мойнына түсті. Отарлық қанау күшейіп, халықтан алынатын салықтардың саны мен мөлшері көбейтілді. Соғыс жағдайына байланысты әрбір түтіннен міндетті түрде әскери салық алынатын болды. Соғыс қажеттілігі үшін өлкеден қисапсыз көп мөлшерде азық-түлік, шикізат өнімдері, мал және т.б. әкетілді. Бірінші дүниежүзілік соғыс «Қазақ» газетінің маңына топтасқан қазақ қайраткерлерін де аландатпай қоймады. Олар газетте соғыстың шығу жағдайы, соғысушы елдер жайында, оның барысы туралы хабарлар беріп тұрды. Әсіресе, басылымға Ә.Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы сияқты қазақ зиялылары соғыс жайлы өз ой-пікірлерін айтып, елге ақыл-кеңес берген көптеген мақалалар жариялады. Газет бетінде бірінші дүниежүзілік соғыс басталысымен-ақ майдан және «жұмысшылар өмірінен» хабарламалар жарық көрді.

1916 жылғы 11 шілдеде Ә.Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлылар «Алаштың азаматына» деген үндеу жариялап: «ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауырмалдық түсті, ендігі ойлайтын нәрсе осы... Көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар?», - дей келіп, осы екі жолды ақылға салып тандап, бір шешімге келуге шақырды. Сонымен бірге, «көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қарарлық... көнгенде шаруаға кемшілік те келер, ...бірақ елдің іргесі бұзылмас. Көнбегенде көретін ауырлық - бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың үшін бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законге сүйеніп істер... Біздің білуімізше жеңілі – көнген», - деп өз шешімдерін айтады [7].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының саяси тәуелсіздігі үшін ұлттық мемлекеттік құрылым құру қажеттігін дәлелдеп берді. Теңсіздік пен құқықсыздық орын алған қоғамда езілген ұлттар мүддесін қорғайтын саяси институттарға сұраныстың қалыптасуы табиғи нәрсе болатын.

1917 жылғы Ресейдегі төңкерістерден кейін қазақ қоғамында жалпыұлттық мұраттарды жүзеге асыру жолындағы саяси күрес өріс алды. Қазақ зиялылары елдегі жаңа қоғамдық өзгерістерге белсене араласып, бүкіл қазақ жұртын негізгі мақсат – ұлттық бостандыққа жету үшін күреске жұмылдырды.

1917 жылғы шілдеде өткен І-ші Жалпықазақ съезінен кейін саяси ұйым ретінде тұңғыш Алаш партиясы құрылды. Алаш жетекшілері қазақ елін отарлық езгіден азат етіп, ұлттық саяси дербестік алу және Қазақстанды өркениетті әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму жолына бастауды ұсынды. Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселені қараған желтоқсандағы ІІ-ші Жалпықазақ съезінде Алаш автономиясы және Алашорда Ұлт Кеңесі құрылады. Сөйтіп, қазақ елі сан жылдардан соң ұлттық мемлекеттілігін қалпына келтіруге ұмтылды. Ұлттық-демократтық бағыттағы қазақ зиялылары Алаш партиясын және Алашорда автономиясын құрып, ұлттық мемлекетті негіздеудің жолдарын, оның бағдарламасын ұсынды. Айта кетерлік маңызды жайт, А. Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болған, әрі ІІ-ші Жалпықазақ съезінде құрылған Оқу-ағарту комиссиясының төрағасы болып сайланды. Ұлт қайраткері халқының жаңа заманда білім мен ғылымның жетістіктеріне қол жеткізуі үшін бар күшін аямай жұмысқа кірісті.

Шын мәнісінде Алашорда үкіметінің бағдарламасы қазақ халқының өзіндік табиғи болмысын күрт өзгертуді емес, қайта оны озық елдер тәжірибесіне сүйене отырып өркендетуді көздеді. Алаш зиялылары кеңестік биліктің алдына Алашорда үкіметіне ішінара билік беру (заң шығарушы, атқарушы билікті, сот ісін жүргізуді, өз әскері болуын), қазақтар шоғырланған жерлерді түгелдей қазақтарға қайтару, алаш қайраткерлерін қуғындауды тоқтату және т.с.с. талаптарын өткір түрде қойған болатын. Сөйтіп, қазақ елі сан жылдардан соң ұлттық мемлекеттілігін қалпына келтіруге ұмтылды. А. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Алайда Алаш қайраткерлерінің ұлттық мемлекеттік туралы идеялары мен саяси қызметі Кеңес өкіметі тарапынан қарсылыққа ұшырады.

Ол кезеңде Алаш қозғалысы коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға қауқарсыз еді. Себебі Қазан төңкерісі нәтижесінде Ресей билігін қолына алған большевиктердің күн сайын күшеюі Ахаң және өзге Алаш қайраткерлерінің алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруына мүмкіндік бермейтіні белгілі

болды. Сондықтан қазақ өлкесінде қалыптасқан жағдайды саралай келе, А. Байтұрсынұлы 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтуді жөн көрді. Бұл туралы қайраткердің өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ- Т.А.) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік» [8, 241 б.]

Қайраткер өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енді. Ол кейін Республика Халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне бағыттап, осы саланы жолға қоюға орасан зор еңбек сіңірді. 1920 жылы В.И. Ленинге Кеңес үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Сонымен қатар, Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне баса мән берді. Мәселен, Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 жылы 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Байтұрсынұлының жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР -і үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 жылдары Қазақ АКСР-і Халық ағарту комиссары қызметінде болды. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. Ал 1922-1925 жылдары ол Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болды.

Ұлт қайраткері сан түрлі мемлекеттік қызметтерді атқара жүріп, өзінің жаны сүйген ұстаздық жұмысынан қол үзбеген. 1921-1925 жылдары Орынбордағы, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ береді. 1928 ж. қыркүйек - 1929 ж. маусым аралығында Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнында профессор лауазымында еңбек етеді. Осылайша, Ахаң ағартушылық, ғалымдық қызметтерімен қоса, мемлекеттің басқару-ұйымдастыру жұмыстарын да белсенді түрде атқарады. Алайда Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынұлов, көп кешікпей, 1937 жылы қазақ зиялыларының басқа да көрнекті өкілдерімен қатар жазықсыз ату жазасына кесілді.

Ахмет Байтұрсынұлы қай қырынан алсақ та, бүкіл саналы ғұмырын халқына арнаған біртуар қайраткер. Олел тағдырына алаңдаған қазақтың зиялы тобының ішінде бұқара халықтың ұлттық санасын оятуға ұмтылған оқыған азаматтардың рухани көсемі еді. Үстіміздегі жылы қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылып, «...халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен» қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде әлемнің бірнеше елінде, әрине, алдымен Қазақ елінде кең ауқымда аталып өткізіледі.

XX ғ. бірінші ширегіндегі саяси қайраткерлердің бүкіл саналы өмірі қазақ халқының ұлттық мақсат-мүддесін қорғайтын, саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани тәуелсіз ұлттық мемлекет құру жолына бағытталған болатын. Біздің парызымыз - Алаш азаматтарының тарихи тағдырын, ұлтқа сіңірген еңбектерін өскелең ұрпаққа өнеге етуге, сөйтіп олардың орындалмаған, кейінгі буынға аманаттаған асақ арман-мақсаттарын бүгінгі күннің міндеттеріне жалғастырып, сабақтастыру бағытындағы кешенді іс-шараларды жүзеге асыру болып табылады. Ал қазақ қайраткерлерінің озық идеяларға негізделген ұлттық мүдде жолындағы қоғамдық-саяси қызметі тәуелсіздік құнын бағалай білуге жолнұсқа болатындығымен қадірлі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Байтұрсынұлы А. *Жан сөзімді кім түсінер?* – Алматы: Қазақстан, 1994. - 5-б.

2 Қазақ. – 1913. -№1.

3 Дулатұлы М. Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов // «Теміржолшы». -1991. - 26-қазан.

4 Дулатов М. Шығармалары. Құраст.: М.Әбсеметов, Г.Дулатова. –Алматы: Жазушы, 1991. - 299-б.

5 Байтұрсынов А. Ақ жол. Құраст.: Р.Нұрғалиев. –Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.

6 Жұртбай Т. Ахмет Байтұрсынұлы және біртұмас Алаш идеясы // <https://www.tarlan.kz/kz/article/axmet-baytursinuli-jane-birtumas-alash-ydeyasi.html>

7 Қазақ. – 1916. -№192.

8 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. –Алматы: «Ататек»

MPHTI 16.41.25; 14.07.09

ӘОЖ 811.512.122:378

Mammadov Namig

PhD, Azerbaijan National Academy of Sciences the Institute of Oriental Studies
Baku, Azerbaijan

MODERN TRENDS IN THE POSITIONING OF UNIVERSITIES IN INTERNATIONAL RANKINGS: THE VIEW OF THE ACCREDITATION AGENCY

Abstract

There is a new era in higher education, characterised by global competition, in which university ranking systems have assumed an importance. Their emergence, often controversial and subject to considerable debate, has been met with a lot of scepticism, some enthusiasm and an institutional unease. Regardless, ranking systems are here to stay and it is important to assess their effect on the higher education sector and its stakeholders. Accreditation is a review process to determine if educational programs meet defined standards of quality. Once achieved, accreditation is not permanent-it is renewed periodically to ensure that the quality of the educational program is maintained. Every year, the best-known university rankings publish their yearly result of the top universities in the world. Whether it's international university rankings like World University Rankings (by Times Higher Education), Academic Ranking of World Universities (by Shanghai University), QS Rankings (by TopUniversities), or local ones like U.S. News Rankings, these lists of prestigious institutions bring a lot of attention and potential stress to prospective students still considering their study options. Trade in higher education services is a reality today and its future growth is expected to be very significant all over the world. Trade in education services covers a very diverse and complex reality, ranging from the rather familiar international student mobility, over the establishment of branch campuses in foreign countries and the rise of for-profit and corporate institutions, to the emergence of e-learning suppliers. In a rather unfamiliar way for the public institutions, many of their already existing internationalisation programmes and activities could be labelled as trade, e.g. the recruitment of fee-paying foreign students.

Keywords: Accreditation, ranking, universities, international, higher education.

Мамедов Намиг

PhD, Әзірбайжан Ұлттық Ғылым академиясы Шығыстану институты

Халықаралық рейтингтегі университеттердің позициялануының заманауи трендтері: аккредиттеу агенттігінің көзқарасы

Аннотация

Жоғары білім беруде жаһандық бәсекелестікпен сипатталатын жаңа дәуір басталады, онда университеттердің рейтингтік жүйелері маңызды мәнге ие болады. Олардың пайда болуы, көбінесе қарама-қайшылықты және үлкен пікірталас тудырады, үлкен скептицизммен, біршама ынта-жігермен және институционалды алаңдаушылықпен қарсы алынды. Осыған қарамастан,

рейтинг жүйелері ешқайда кетпейді және олардың жоғары білім саласына және оның мүдделі тараптарына әсерін бағалау маңызды. Аккредиттеу - бұл білім беру бағдарламаларының белгілі бір сапа стандарттарына сәйкестігін анықтау үшін тексеру процесі. Алынған аккредитация тұрақты емес - ол білім беру бағдарламасының сапасын сақтау үшін мезгіл-мезгіл жаңартылып отырады. Жыл сайын университеттердің ең танымал рейтингтері жыл сайын әлемдегі ең жақсы университеттердің нәтижелерін жариялайды. Бұл World University Rankings (Times Higher Education), әлем университеттерінің академиялық рейтингі (Шанхай университетінен), QS рейтингі (жетекші университеттерден) немесе U. S сияқты жергілікті Рейтинг сияқты университеттердің халықаралық рейтингтері болсын. жаңалықтар рейтингтері., олар әлі де өздерінің оқу нұсқаларын қарастыруда. Жоғары білім беру қызметтерінің саудасы бүгінде шындық болып табылады және оның болашақ өсуі бүкіл әлемде өте маңызды болады деп күтілуде. Білім беру қызметтерінің саудасы халықаралық студенттердің ұтқырлығынан, шет елдерде кампус филиалдарын құрудан және коммерциялық және корпоративті мекемелердің өсуінен бастап, электронды оқыту провайдерлерінің пайда болуына дейін әр түрлі және күрделі шындықты қамтиды. Мемлекеттік мекемелер үшін өте ерекше әдіс, олардың интернационализацияға арналған көптеген бағдарламалары мен іс-шараларын сауда деп атауға болады, мысалы, ақылы шетелдік студенттер жиынтығы.

Түйінді сөздер: аккредиттеу, рейтинг, университеттер, халықаралық, жоғары білім.

Мамедов Намиг

PhD, Национальная Академия наук Азербайджана Институт востоковедения

Современные тренды позиционирования университетов в международном ранжировании: взгляд аккредитационного агентства

Аннотация

В высшем образовании наступает новая эра, характеризующаяся глобальной конкуренцией, в которой важное значение приобретают системы ранжирования университетов. Их появление, часто противоречивое и вызывающее серьезные дебаты, было встречено с большим скептицизмом, некоторым энтузиазмом и институциональным беспокойством. Несмотря на это, системы ранжирования никуда не денутся, и важно оценить их влияние на сектор высшего образования и его заинтересованные стороны. Аккредитация - это процесс проверки для определения того, соответствуют ли образовательные программы определенным стандартам качества. Однажды полученная аккредитация не является постоянной - она периодически продлевается, чтобы гарантировать сохранение качества образовательной программы. Каждый год самые известные рейтинги университетов публикуют свои ежегодные результаты лучших университетов мира. Будь то международные рейтинги университетов, такие как World University Rankings (от Times Higher Education), Академический рейтинг университетов мира (от Шанхайского университета), Рейтинг QS (от ведущих университетов) или местные рейтинги, такие как U.S. Новостные рейтинги, эти списки престижных учебных заведений привлекают много внимания и потенциального стресса для будущих студентов, которые все еще рассматривают свои варианты обучения. Торговля услугами высшего образования сегодня является реальностью, и ожидается, что ее будущий рост будет очень значительным во всем мире. Торговля образовательными услугами охватывает очень разнообразную и сложную реальность, начиная от довольно знакомой международной студенческой мобильности, создания филиалов кампусов в зарубежных странах и роста коммерческих и корпоративных учреждений, до появления поставщиков электронного обучения. Довольно непривычным для государственных учреждений способом многие из их уже существующих программ и мероприятий по интернационализации могут быть названы торговлей, например, набор платных иностранных студентов.

Ключевые слова: аккредитация, рейтинг, университеты, международные, высшее образование.

Introduction

Trade in higher education services is a reality today and its future growth is expected to be very significant all over the world. OECD estimates the current monetary impact of trade in higher education services to cover around 3% of total trade in services in its member countries, a figure which probably is an

underestimate of real activity due to many unknown features of transnational educational activity and its limited coverage by national and international statistical data. Numerous other reports, though differing in their projections, equally have indicated a substantial rise in transnational trade in higher education services[1].

Policy positions now are widely debated, but due to the rather complex and technical nature of the issue and the uncertainties about the precise impact of trade liberalisation, defensive statements appear to dominate the debate. For example, in September 2001 four important higher education associations in Europe and North America signed a 'Joint Declaration', opposing the regulation of transnational education via the framework of free trade agreements. Also within students' association there is much resistance against liberalisation of trade in education services and the underlying so-called 'neo-liberal' agenda.

What Is Accreditation?

Accreditation - The procedure that is carried out in order to verify the activities of the activities of the educational institution and the determination of the status of the educational institution and the status of the educational institution, each specialization (program) education, which creates a legal guarantee for extending its activities for the next term [7].

In the United States, academic accreditation is voluntary, decentralized, and carried out by many non-governmental, non-profit organizations. The process of academic accreditation typically culminates in an external quality review by a team of professional experts from academe or industry. These experts volunteer their time, professional knowledge, and experience to this process of quality assurance and ongoing improvement to education in their disciplines.

In other countries, accreditation may be required or governmental. The United Nations Educational, Scientific, and Cultural Organization (UNESCO) provides information about accreditation and quality assurance in countries outside of the United States [4].

Accreditation of educational institutions in Azerbaijan is regulated by the "Accreditation Rules of Accreditation of Educational Institution" by Decision of the Cabinet of Ministers No. 493 dated December 14, 2020. These rules regulate the accreditation of educational institutions operating in the territory of the Republic of Azerbaijan (including educational institutions in the Republic of Azerbaijan, including other countries). The accreditation assessment of educational institutions is carried out on the results of investigations, analysis and data configuration with the entity or distance interviews [7].

Are University Rankings Perfect?

Every year, the best-known university rankings publish their yearly result of the top universities in the world.

Whether it's international university rankings like World University Rankings (by Times Higher Education), Academic Ranking of World Universities (by Shanghai University), QS Rankings (by TopUniversities), or local ones like U.S. News Rankings, these lists of prestigious institutions bring a lot of buzz, attention and potential stress to prospective students still considering their study options.

And that's only natural, because you want to find the programme that gives you the highest chance at a bright professional and personal future.

In most cases, college ranking results aren't a big surprise, with American and British universities taking the top spots, with only minor changes from one year to another.

There are no doubts rankings have their place on the higher education stage, but they do have their limitations. Let's take some top universities and see how they score[6]:

- Columbia University: ranks 17th according to THE, 7th according to ARW, and 19th according to QS
- London School of Economics and Political Science: ranks 27th according to THE, 151st according to ARW, and 49th according to QS
- Peking University: ranks 23rd according to THE, 49th according to ARW, and 23rd according to QS
- The University of Edinburgh: ranks 30th according to THE, 42nd according to ARW, and 20th according to QS
- Georgia Institute of Technology (Georgia Tech): ranks 38th according to THE, 101st according to ARW, an 80th according to QS
- KU Leuven: ranks 45th according to THE, 97th according to ARW, and 84th according to QS
- The university popularity contest

Just like cinema blockbusters versus independent movies, top-ranked universities make lower ranked

institutions pale in comparison.

2. Differences between ranked universities are not always obvious

Is there a significant difference between a university ranked no. 1, and another marked 30? Maybe. How about number 40 and 50? Probably not. In rankings, many universities have very similar scores, with only minor differences. As a result, their position may vary over the years, but not by much.

3. Each university ranking uses its own criteria

Each one of the major university rankings mentioned above considers some of the aspects below, to come up with the final score of a university:

- Academic reputation
- Graduation rates
- Research citations and papers published
- Internationality of faculty and students
- Employer reputation
- Student to faculty ratio
- Industry income
- Award winners
- Funding offered to students

4. Some important factors are not measured or cannot be measured

Higher education abroad is not only about the best reputation, research, salaries, and internationality. An important part of selecting a good university is finding an education you can afford, or a campus you enjoy living in. It's about all the experiences you gather during your study years with your colleagues and other academics you'll meet. It's about who inspires you to continue on the path you have chosen, after graduation. This all results in a mix that's very personal, and often unique for each prospective student.

5. A degree with prestige vs. getting the education you like

Would you rather graduate a programme at a famous university and discover you're not enjoying the experience, or find the best match for your development? A university might excel at business studies, but may be only 'OK' when it comes to social sciences. Or maybe their teaching is great, but lack the practical classes you're really interested in.

Reputation factors can also be rather subjective, as academics are asked to identify what university they consider being leading in their field. The answers they give may just reflect what the institutions already considered famous.

Impact of ranking systems on higher education

Clearly, ranking systems measure quality for different groups of stakeholders and hence affect them in different ways. While the selection and choice of criteria may not meet each institution's varying standards, the methodology can only improve. Ranking authors are putting their reputation at risk if the methodology is questionable and contains errors. This may ensure more reliable and valid systems in the future. A set of guidelines, Berlin Principles on Ranking of Higher Education Institutions, has also been established by a group of experts and producers of university rankings known as the International Ranking Expert Group (IREG, 2006). These include guidelines for clarity of purpose, target audience and sources of information. Ranking systems are also being subjected to the critical eyes of academics and education practitioners and there is a plethora of debates regarding their limitations, methodology and impact on the higher education [8]. As they become more prevalent, research into the role ranking systems, such as that of McDonough, play on perceptions and behaviours of key stakeholders (such as potential students and their parents, employers, policy practitioners, community) will become more common and widespread. While no one ranking can be accepted as definitive, they will remain a part of the higher education system for some time to come because they fulfil a need — academic, commercial or otherwise. A better understanding of the methodology (such as the best choice of indicator measures, their validity as measures of effectiveness and the appropriate statistical model used to rank institutions) and effects of ranking systems need to inform public debate. Users of league tables should exert caution when making comparisons between institutions, treating results as suggestive rather than definitive. It is also the responsibility of ranking authors to adopt good practices and guidelines when developing ranking systems and to highlight the limitations about their use. More and more, institutions are being ranked and compared. This is best carried out based on objective information and in a spirit of collaboration.

Methodology

The Center for World University Rankings (CWUR) publishes the only academic ranking of global

universities that assesses the quality of education, alumni employment, quality of faculty, and research performance without relying on surveys and university data submissions [2]. CWUR uses seven objective and robust indicators grouped into four areas to rank the world's universities:

- 1) Quality of Education, measured by the number of a university's alumni who have won major academic distinctions relative to the university's size (25%)
- 2) Alumni Employment, measured by the number of a university's alumni who have held top executive positions at the world's largest companies relative to the university's size (25%)
- 3) Quality of Faculty, measured by the number of faculty members who have won major academic distinctions (10%)
- 4) Research Performance:
 - i) Research Output, measured by the total number of research papers (10%)
 - ii) High-Quality Publications, measured by the number of research papers appearing in top-tier journals (10%)
 - iii) Influence, measured by the number of research papers appearing in highly-influential journals (10%)
 - iv) Citations, measured by the number of highly-cited research papers (10%)

University Ranking Parameters in India [3]

Faculty:

The Digital Learning magazine considered "Faculty" as one of the parameters for its Top Universities in India ranking because for developing a premier educational institution it is vital to develop a strong faculty. It not only assists in the cognitive development of the students but also restricts the rising rate of brain drain from the country to the west.

Entrepreneurship:

The Digital Learning magazine considered "Entrepreneurship" as one of the parameters for its Top Universities in India ranking because merely training students for getting jobs is not the purpose of education. Education is all about developing leadership qualities amongst the students. Since entrepreneurial competencies assist in cognitive development it plays pivotal role in analysing the level of curriculum in educational institutions.

Industry interface:

"Industry interface" is considered among one of the parameters for its Top Universities in India ranking because Academia-Industry Interface plays a crucial role in knowledge driven economy, where the students pursuing different professional programmes are expected to be well versed in the industry working.

Infrastructure:

A university is much more than research, teaching and learning. A university campus is the centre of lives of all enrolled students. Hence, the university's infrastructure that includes everything, from lecture rooms to cafeteria and from laboratories to hostel is important for every student. Seeking its importance, "Infrastructure" is included as a parameter in private university ranking.

Global Collaboration:

International partnerships between universities are extremely beneficial for students as well as for the university. In this era of globalisation, with the help of unhindered communication channels and inexpensive travel, universities across the world are trying to collaborate with other universities and fostering relationships with other institutions of the world. Digital Learning magazine has therefore, used "Global Collaboration" as one of the key ranking parameters for the ranking of universities.

Placements

While searching for a good university, students prefer those educational institutions that have a higher placement rate for its students. University education should lead to direct employability and we, at Digital Learning magazine, have used "Placements" as one of the key parameters while ranking them.

Why Rankings Matter in Higher Education?

University leadership and policy wonks excitedly await the results of yearly university rankings. Part of the excitement is waning, however, due to the same (old) institutions being listed every year. In the EAIE Barometer study, 35% of practitioners indicated that improving international reputation or position in rankings is one of the top three reasons for internationalising. Rankings are used by some governments in their higher education policy, by institutions looking for international partners and by prospective students searching for a place to study – due, often, to the lack of other widespread metrics. But how powerful are rankings in the higher education world? [5]

The study *Rankings in institutional strategies and processes (RISP): Impact or illusion?* upholds that many

governments use rankings to provide funding for selected institutions deemed as capable of becoming world-class, whereas others make use of rankings for classification purposes. In recent years countries as diverse as India, the Russian Federation and the Netherlands have made use of rankings in their partnership schemes, recognition and immigration policies.

Institutional decision making

According to the majority of the respondents of the same RISP survey, rankings affect institutional decision making. In it, 27 percent of respondents report that policies have been revised, 26 percent report that focus has shifted to new features of existing procedures, while 23 percent indicate that changes have taken place in the research areas prioritised and 21 percent that the criteria for recruitment and promotion have been affected.

Monitoring and benchmarking

The vast majority of RISP survey respondents report that they monitor their institutional performance in rankings and that the senior institutional leadership is involved in this process. Some even have dedicated staff or units for this purpose. Many use rankings not only to monitor their own performance, but also that of their partners and competitors for benchmarking purposes.

Data collection

A briefing paper from the Institute of Higher Education Policy states that, in practice, rankings impact discussions about, and collection of, comparative data on both a national and institutional level. Rankings encourage not only the collection but also the publication of education data – according to the *Global university rankings and their impact* study.

Partnering

Most research in the field indicates that rankings impact institutional partnering. This applies particularly to *international* partnering, as knowledge of (prospective) partner institutions is often not sufficiently available. Having a highly ranked partner can also be used for reputational purposes.

Branding

The *Trends in Higher Education Marketing, Recruitment, and Technology* study shows that university branding requires constant effort and data to support a desired image. A university's position in rankings serves this purpose well. Ranking outcomes are often mentioned on institutional websites, on social media and institutional presentations in order to increase institutional visibility and credibility.

Student choice

The Effects of Rankings on Student Choices and Institutional Selection study outlines how rankings affect the choice of study destination, particularly when studying internationally. Especially as, in such cases, information about institutions and education system in the direct network of prospective students is often limited.

Quality of enrolled students

The same study purports that the quality of the students enrolled correlates with how well a university performs in rankings. That is, students with good academic records prefer to enrol at highly ranked institutions perceived as offering better education – or, at the very least, a more impressive diploma.

Attracting researchers

Researchers tend to seek to employment at institutions that are perceived as prestigious in their field. Respondents of the RISP survey believed that rankings influence prospective researchers. This was particularly perceived to be the case for internationally-ranked institutions.

Research choices

Due the indicators used, rankings reportedly affect research choices in three different ways: the language of publication, with an increased preference for English; publishing on matters of international interest; and prioritising publishing in specific journals.

Conclusion

The overview of trends and models in international quality assurance and accreditation in higher education had not the intention to propose a single solution or to suggest a one-way development from the first to the last model. There are interesting trends, promising evolutions and good practices in each of the models presented. In particular, from the perspective of an international quality assurance and accreditation environment that would be capable to have a regulatory impact on trade in higher education services, some developments deserve special attention and might be stimulated further.

Rankings influence our view of academia and prestige and therefore affect institutional and personal decision-making – as well as policies and practices. Many argue that this is not due to their merit, but rather

due to the lack of other comparative international data on the same scale. The influence rankings have varied, however, It is dependent on the type of higher education institution, the higher education system it is located in, and the availability of other information.

References

1. DIRK VAN DAMME. *Trends and models in international quality assurance and accreditation*, <https://www.oecd.org/education/skills-beyond-school/2088479.pdf>, p- 44-45
2. <https://cwur.org/methodology/world-university-rankings.php/>
3. <https://digitallearning.eletsonline.com/ranking/university-ranking-parameters>
4. <https://www.abet.org/accreditation/what-is-accreditation>
5. <https://www.eaie.org/blog/10-reasons-rankings-matter-higher-education.html>
6. <https://www.mastersportal.com/articles/2023/5-reasons-why-university-rankings-are-not-perfect.html>
7. <https://www.tkta.edu.az>
8. THAKUR M. *The Impact of Ranking Systems on Higher Education and its Stakeholders / Journal of Institutional Research*, 2007, 13(1), 83–96.
<https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1055590.pdf>

Osman Kabadayı

*Dr. Kırşehir Ahi Evran Üniversitesi
Türkiye*

АХМЕТ БАЙТҰРСИНУЛИ НАККИНДА ТҮРКІЙЕ’ДЕ ЯПИЛМИШ ЧАЛІШМАЛАР*

Осман Кабадаы

*PdD, филология ғылымдарының докторы,
Кыршехир Ахи университеті, Эран, Түркия*

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің Түркиядағы зерттелу деңгейі

Аннотация

XX ғасырдың басында Қазақстанның зияткерлік және білім беру өмірінде маңызды орын алған Ахмет Байтұрсынұлы Білім беру саласындағы зерттеулерін шоғырландырды және қазақстандық білім беру жүйесін қайта құрылымдауға ықпал етті. Сонымен қатар, қазақ тілін жазуға бар күшін салған Байтұрсынұлы осы бағытта сауатсыз адамдарға арналған әліпбиді зерттеді, оқулықтар дайындады және білім туралы мақалалар жазды. Қазақ тілінің грамматикасы бойынша кітап жазған Байтұрсынұлы да қазақ терминдерінің пайда болу тақырыбына қызығушылық танытты. 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылар конгресіне қатысып, әліпби туралы өз пікірін білдірген Байтұрсынұлы қазақ түркітануында маңызды орын алады. Оның араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық сипаттамаларына сәйкес өзгертіп, жаңа әліпби жасап шығарғаны оның қазақ түркологиясы алдындағы зор еңбегі болып саналады. Байтұрсынұлының әліпбиі 1912 жылдан бастап таралып, медреселер мен қазақ-орыс мектептерінде 1913 жылдан кейін қолданыла бастады, ал 1929 жылы Қазақ тілі латын әліпбиімен жазылғандықтан қолданыстан шықты. Бүгінде Қазақстанда ұмыт болған бұл әліпбиді әлі де қазақтар Шығыс Түркістанда қолданады. Ахмет Байтұрсынұлының түркологиядағы орны туралы зерттеулерді 1919 жылға жатқызуға болады. Алғашқы зерттеулерді Ресей ғалымдары жүргізгенімен, Байтұрсынұлының маңызды зерттеулері де Қазақстанда анықталып, пән құрылды. Ахмет Байтұрсынұлыға және Түркияға қатысты маңызды зерттеулер жүргізілді. Бұл мақалада Түркиядағы Байтұрсынұлыға арналған зерттеулердің библиографиясы келтірілген.

Түйінді сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, түркітану, Байтұрсынұлының Түркиядағы зерттеулері, қазақ лингвистикасы.

* Bu bildiri, 11 Ekim 2021 tarihinde zoom platformunda “Ahmet Baytursinulu Eңбектерindeki Akademiyalıq Izdenister” başlıklı çevrimiçi toplantıda sunulmuş, daha sonra genişletilip Kazakçaya aktarılarak Al-Farabi Kazak Millî Üniversitesinin *Journal of Oriental Studies* dergisine makale olarak yayımlanmak üzere gönderilmiştir.

Осман Кабадайы

*PdD, доктор филологических наук,
Университет Кершехир Ахи Эран, Турция*

Уровень изученности трудов Ахмета Байтурсынулы в Турции

Аннотация

Ахмет Байтурсынов, который занимал важное место в интеллектуальной и образовательной жизни Казахстана в начале 20-го века, сосредоточил свои исследования в области образования и оказал влияние на реструктуризацию казахстанской системы образования. Кроме того, Байтурсынов, который прилагал усилия, чтобы сделать казахский язык письменным, изучал алфавит для неграмотных людей в этом направлении, готовил учебники и писал статьи об образовании. Байтурсынулы, который также написал книги по грамматике казахского языка, также интересовался темой происхождения казахских терминов. Байтурсынов, который также участвовал в конгрессе тюркологов, проходившем в Баку в 1926 году, и высказал свое мнение об алфавите, занимает важное место в казахской тюркологии. Тот факт, что он создал новый алфавит, изменив арабский алфавит в соответствии со звуковыми характеристиками казахского языка, считается его величайшей заслугой перед казахской тюркологией. Алфавит Байтурсынова распространился с 1912 года, начал использоваться в медресе и казахско-русских школах после 1913 года, а в 1929 году он вышел из употребления из-за того, что казахский язык был написан латинским алфавитом. Сегодня этот алфавит, который был забыт в Казахстане, все еще используется казахами в Восточном Туркестане. Исследования о месте Ахмета Байтурсынова в тюркологии можно отнести к 1919 году. Хотя первые исследования были проведены российскими учеными, важные исследования Байтурсынова были также выявлены в Казахстане, и была создана дисциплина. Важные исследования были проведены в отношении Ахмета Байтурсынова и в Турции. В этой статье будет приведена библиография исследований, посвященных Байтурсынову в Турции.
Ключевые слова: *Ахмет Байтурсынов, тюркология, исследования Байтурсынова в Турции, казахская лингвистика.*

Osman Kabadayi

Doctor PhD, Kirsehir Ahi Evran University, Turkey

The level of study of the works of Ahmet Baitursynuly in Turkey

Abstract

Морфологиялық принцип қазақ жазылымында өзге тілден енген сөздердің жазылуында да жеекші рол атқарады. «Қазақ тілі жазылымы мен тыныс белгілерінің белгілерінің негізгі ережелерінің» 19-бетінде: «Ханзу(Қытай) тілінен енген сөздер және жер-су, кісі аттары, мүмкіндігінше, ханзу(қытай) тілі дыбыстық жазу жобасының өлшемді дыбысталуы бойынша жазылады» деген және 23-бетінде: «Тілімізге жазбаша енген халқаралық атаулар менжай сөздер қалыптасқан дәстүр бойынша, мүмкіндігінше, түбір тұлғасы сақталып жазылады» деген ережелер бар. Осы ережелердің жасалуына морфологиялық принцип негіз болады. Өзге тілден енген сөздердің дұрыс жазылуы үшін осы ережелерге негізделіп отырып, әрбір дыбыстың сәйкес дыбысы белгінеді. Басқаша айтқанда, белгілі дыбысқа уәкілдік ететін әріпке сай сәйкесті әріпбі белгіленеді деген сөз. Осындай негізде өзге тілден енген сөздердің негізгі тұлғалары сақталды. Мәселен, Қытайдың жер атының бірі - Гуанчжоу(ағыл. Guangzhou)ды,қытай тіліндегі өз дыбысталуымен қытай қазақ тілінде «Гуаңжоу», ал қазақстанда шетелдің жер-су атауы орыс тілідегі қатысты атауы және дыбысталуымен сәйкес келеді.

2.2.2 Фонетикалық принцип

Бұл принципте сөздердің айтылуына (естілуіне) негізделіп жазылады, яғни айтылуы мен жазылуы ұқсас болады. Мұны басқаша айтсақ, сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгерістері есепке алынып, айтылуынша(естілуінше) жазылады. Нақтап айтқанда, бұл айтылым жүйесіне тән жазылым жүйесі болып табылады. Қазақ Жазылымында фонетикалық принцип көбірек қосымшалардың жазылуына қаратылады. Аталық, барыс септік жалғауының -ға/-ге; -қа/-ке; -на/-не; -а/-е секілді варианттары бар.Бұл сөздің қандай дыбысы немесе қандай бұынға айналуына байланысты бәрі жұмсалады. Мысалы, тауға, үйге, жұртқа, үйрекке, баласына, үйіне, ағама, қатеме, мынаған...

3. Қорытынды

Қытайдағы қазақтардың тіл қолданысына қарасақ, олар жақынғы жылдардан бері, ғылыми

зерттеу жағынан көп жетістікке жетпесе де, алайда олар миллиард қытайлар арасында өз тілін қаз-қалпында сақтап, сонау Ахмет Байтұрсынұлының салған жолымен келе жатқан. Қазақстандағы қазақ тілімен салыстырғанда бірнеше дара ерекшелікке ие:

3.1 Өз сөздік қорын жақсы сақтаған

Қазақстанда қазақ тіліне көп теген орыс, немесе ағылшын тілінен сөздер енген, ал Қытайда қазақтар көбінесе өз сөздік қорын пайдаланып, қарапайым халыққа түсінікті жалпақ, қара сөзбен жеткізеді. Ал сөздік қоры жетпейқалғанда да, амал бар өздері сөзжасап, сөздік қорын жаңартумен қатар, барынша қазақшаластыруға күш салған. Мысалы, «**жиін, мәжіліс, жиналыс**» секілді қазақтың өз сөздері, қытайда жиі қолданса, ал Қазақстанда көп санды атаулар әлі күнге дейін орысша не ағылшынша атауымен қолданады, яғни «**жиналыс**»-ты «**конференция**» деп атайды.

3.2 Орысшадағы жат дыбыстарды алмаған

Қытайда тек қазақшада бар, үнемі қолданатын, қарапайым халыққа таныс дыбыстардың негізінде 33 таңбаны ғана пайдаланады. Ал, орысшада бар бірақ қазақ тілінде бұрын жоқ болған, айтылуға қиын, халыққа жат дыбыстар мен таңбаларды қалтырып, алмаған. Бұл 33 таңба барлығы, бір таңбамен бір ғана дыбысты білдірген, ал ана қос дауысты не қос дауыссыз дыбысты білдіретін таңбаларды алмаған, яғни **й, щ, ь, э, я, ы, ю** таңбалары Қытайдағы қазақ жазу жүйесінде жоқ. Бұл таңбалардың орнына, қазақтың жазуының ережесіне сәкес қарыпталған. Мысалы, **я** дыбысын **и** мен **а** екі таңбамен жазып, жалпы таңбаның санын қысқартқан.

3.3 Көне жазу дағдысын сақтаған

Ахмет Байтұрсынұлы тұрған дәірден қазған жазбаларға сүйенсек, ол кезде сөздерді жазғанда негізінен бір дасыты мен бір дауыссызны араластырып қолданған. Мысалы, «**оқуға**» сөзін, ол кезде «**оқыуға**» деп жазатын екен. Ал қытайда, тек кейбір сөздер өзгергеннен тыс, қалған өз сөздеріміздің көп сандысы әліде осындай жазу ережесіне бағынады.

3.4 Жаңа атау мен кірме сөздерді қазақшаластырады

Қытайда, қазақтардың көзқарасында, қазақ тілі алдымен қарапайым халыққа жат болмауы керек деп қарайды. Халық арасында үнсіз бірлікке келген, яки қазақ тілі - алдымен қазақ халқының тілі, әрбір сөзіміз қылаяғы бір малшыға да бейтаныс болмауы, қолдануға ыңғайлы болу керек. Ресми академиялық тілді білдіру үшін ағылшын немесе қытай тілдерін қолдануға болады, бірақ жұртшылық қолданатын қазақ тілінің сөздік қоры түсінікті болуы керек. Сондықтанда, Қытайда қазатардың сөз алымында барынша қарапайым болуы үшін кірме сөздерді және жаңа ұғымдарды барынша қазақшаластыруға тырысады. Мысалы, Қазақстанда «**Коронавирус**» деп ағылшыншасымен тікелей алса, ал қытайда қарапайым қазаққа түсінікті болу үшін бұл атауды мағынасына қарай аударып, «**Айдарша вирусы**» деп қазақшаластырды. Сол себептен, Қазақтар саны аз болса да, миллиардқытайдың арасында жасаса да өз ана тілін сақтап келеді.

Қортып айтқанда, қазақта Ахмет Байтұрсынұлындай бірегей маман бар, оның сүбелі еңбектері де бар. Алайда, тарих себебінен, әсіресе қазақ жазу жүйесін ауыстыруға байланысты, маманның көп еңбектері қотарылып қайтабасылмай, ал кейінгілер бұрынғы әріпте жазылған еңбектерді танымай, оқиялмағандықтан, мамандардың құнды пікірлері ұрпақтарға тарамай қалған, яғни біздің кей мәдениетіміз тарихта үзіліске ұшыраған. Біз бәрімізге мамандарымыздың кітаптарын мұра етіп алдық деп сезінеміз, бірақ шын мәнінде, жеткізген монографиялар шынымен шектеулі болуы мүмкін, ал олардың кейбіреулері кейінгі бұынға таралмай, нәтижесінде кейбір мәдениеттіміз бен дәстүрлеріміз ұмыт болды. Қытай мен Қазақстан арасында саяси шегара бар. Бұл бір жағынан, екі елдегі қазақ қандастардың қарым-қатынасына қоллайсыз әкелгенімен; енді бір жағынан, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл мен жазуы туралы еңбектерінің сақталып қалуына күтпеген пайдасын да тигізді. Қытайдағы қазақтардың тілі, біз үшін Ахмет Байтұрсынұлын еңбектері мен ол кездегі қазақтардың тілін зерттеуге «тірі үлгілерді» ұсынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Нұғабыл Солтаниәріпұлы, Қазақ тілінің жазылым, айтылым деңгейінен сынау алу бағдарламасы –Қытай Үрімші: Шинжяң халық баспасы, 2005.
- [2] Ш.Ұ.А.Р. Тіл-жазу комитеті, Қазіргі қазақ тілі –Қытай Үрімші: Шинжяң халық баспасы, 2002.
- [3] Байтұрсынұлы Ахмет, Сауат ашқыш — Семей: “Гүбінзат”, 1926.
- [4] Нигымет Мыңжанұлы, Қазақтың қысқаша тарихы –Қытай Үрімші: Шинжяң халық баспасы, 1987.
- [5] Үрімжібай Жетібайұлы, Қазақ тілі табиғаты және оны тану –Қытай Үрімші: Шинжяң халық баспасы, 2016.
- [6] Үкіметтің жаңа әліпби комитеті, Әліпбе айтысы –Қызылорда, 1927.

Исабаева Назгүл

*Ж. Баласагын ат. КУУ-нин доценті
Бишкек, Кыргызстан*

ВАН КЫРГЫЗДАРЫНЫҢ БҮГҮНКҮ ЖАНА ЭРТЕҢКИ КЕЛЕЧЕГИ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘЛПБИИ МЕНАНА ТІЛІН ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ

Исабаева Назгүл

*PdD, Кыргызстан тарихы кафедрасының доценті,
Жүсіп Баласагын ат. Кыргыз ұлттық университеті
Бишкек, Кыргызстан*

Ван кыргыздарының бүгіні мен болашағы

Аннотация

Мақала Түркияның Ван облысы Эржиш ауданының Великий Памир ауылына 1978 жылы Ауғанстаннан саяси құлдырау салдарынан көшіп келген қыргыздар туралы. Бүгінгі күні олардың саны 3000-ға жетті. Түркияға Орта Азиядан қоныс аударған басқа көшпелілермен салыстырғанда Ван қыргыздары байырғы тұрғындармен ассимиляцияланбаған. Отбасын құру кезінде тұқым және рулық жүйелерге назар аударылады. Күнделікті өмірде салт- дәстүрлері де сақталған.

Түйінді сөздер: Ван қыргыздары, Түркия, Ауғанстан, қоныс аудару, ассимиляция, салт-дәстүр.

Исабаева Назгүл

*PdD, доцент кафедры Истории Кыргызстана,
Кыргызский национальный университет им. Жусупа Баласагына
Бишкек, Кыргызстан*

Настоящее и будущее Ванских киргизов

Аннотация

Статья посвящена киргизам, которые переехали в деревню Великий Памир Эржишского района Ванской области Турции из Афганистана в 1978 году из-за политической рецессии. На сегодняшний день их количество достигло 3000. По сравнению с другими кочевниками, переселившимися в Турцию из Средней Азии, ванские киргизы не ассимилировались с коренным населением. При создании семьи обращается внимание на родовые и родо-родовые системы. В повседневной жизни сохранились и обычаи.

Ключевые слова: Ванские киргизы, Турция, Афганистан, переселение, ассимиляция, обычаи и традиции.

Isabayeva Nazgul

*Doctor PhD, Associate Professor of the Department of History of Kyrgyzstan,
Kyrgyz National University named after Zhusup Balasagyn
Kyrgyzstan, Bishkek*

The present and future of the Van Kyrgyz

Annotation

The article is devoted to Kyrgyz people who moved to the village of the Great Pamir of the Erzya district of the Van region of Turkey from Afghanistan in 1978 due to the political recession. To date, their number has reached 3,000. Compared to other nomads who migrated to Turkey from Central Asia, the Van Kyrgyz did not assimilate with the indigenous population. When creating a family, attention is paid to the generic and generic systems. Customs have also been preserved in everyday life.

Keywords: Van Kyrgyz, Turkey, Afghanistan, resettlement, assimilation, customs and traditions.

Түркияның Ван облысындағы Эржиш районуна караштуу Улуу Памир айылында,

Афганистандан 1978-жылы саясий кугунтуктун кесепетинен, көчүп келген кыргыздар жашашат. Алардын саны дээрлик 3000 жетип калган. Түркияга Орто Азиядан көчүп келген башка көчмөндөргө салыштырмалуу өз каада-салтын толук сактап, жергиликтүү калка ассимиляция болгон эмес. Урук жана уруу системалары, үй-бүлөө түзүүдө, күнүмдүк жашоодогу салт-санааны сактап келген.

Түркия өкмөтү атайын Ван кыргыздарына арнап, эки кат үйлөрдү курган. Анын астынкы каты акыр, үстүнкү каты үй кылуу максатында пландалып, салынган. Жаңы курулган үйлөр ошол замандын 7000 түрк акчасына 5-20 жыл арасында төлөө үчүн берилген.

Ван кыргыздары жашаган аймак, дыйканчылыка эмес, мал бакканга ылайык жер болгондуктан, көбү мал кармашкан. Ар бир үйдөгү бакчачылык үчүн берилген жерлерге, жер жемиш өстүрүлгөн. Мал чарбасынынан алынган продукция соодага ылайыкталган эмес. Ван кыргыздар бүгүнкү күнгө чейин улуттук тамактарды жасашат. Мисалы, эт тартуу, аш (плов), боорсок ж.б. сакталган. Аялдары түрк тамактарын дагы жасашат. Кара чай, катык чай, ак чай жана суусундуктардан кээде кымыз, жарма, бозо ичилет. Орто жаштагы аялдар баштарына шапак жана ак жоолук салынышат. Жаш кыздар чачтарына кызыл же ачык кызыл жоолук менен өртүп алышат. Кыргызстандан алынып келген заттар кыздын себин берүүдө колдонушат. Эркектери тойлордо күйөө баладан башкасы, жөнөкөй кийимдерди кийип жүрөт. Орто жаштагы эркектер Памирден берки баш кийимдерин кийишет. Түркияга келип отурукташкан жашоого келгендигинде жашоо формасынын кээ бир жагдайлар толугу менен жок болсо, кээ бир адаттар акырындык менен өзгөрө башатаган. Айылда азыр 100 ашык ат жөн гана минип, эски жашоону элестетүү менен ыракат алуу үчүн жана ат оюндарында гана клдонуу үчүн багылат. Ат этин жегенге өтө кызыгышпайт. Улуу Памирдин улакчылар тобунун 5 кишиси, Түркия көк бөрү улуттук командасынын мүчөсү жана Түркиянын түрлү жерлеринде көптөгөн оюндарга катышып, кыргыз маданиятын таанытып келет. Улуу Памир айылына жакыны Эржиш районунда көптөгөн мамлекеттик администрациялар жайланышып, Анкара менен байланышуу мүнкүнчүлүгүнө ээ.

Ван кыргыздарына таандык «Улуу Памир» айылынан тышкары кыргыздар, Түркиянын ири шаарларында дагы жашашат. Ван кыргыздары жашаган шаарларга кыскача токтоло кетсек, Истанбулдун европа тарабында жер алган, Бажылар району, түштүгүндө Бахчелиевлер, батышта Күчүкчекмече, чыгышта Күнкөрен, түндүктө Эсенлер райондору менен курчалган аймактар саналат. Бул бөлгө Түркиянын эң маанилүү Е-5 жолдун арасында жайгашкан. Бажылар аймагында Осман империясы заманында Румдардын жашаган Махмутбей Нахийеси деген аталыштагы айылы болгон. Жергиликтү калк жашоолорун соода иштери менен алектенишкен. Бул аймакта Түркиянын бардык аймактарынан жана батыш Тракия, Югосалвия жана Орто Азиядан келген түрктөр жашашат. XX кылымдын башында Чыгыш Түркстан аймагында жашаган казактар Кытайдагы коммунизм режиминен качып, 1952-1952-жылдары Түркияга көчүп келип, Истанбулдун Зейтунбурну деген районунда жашашат. Калктын көбү тери жана пластик иштери менен алектенишкен.

Ван кыргыздарына аялдарынын көбү медайым; мындан сырткары дүкөндөрдө, коргоочу, моделест ж.б. иштерде иштешкен. Аялдар үй иштеринде тигүүчүлүк, токучулук иштери менен алектенишкен. 2014-жылкы Орус Украина кризиси тери секторун жагымсыз таасирин тийгизип, кичинекей секторлор жабылган. Анданкийинтерииндеиштегендер пластик, текстиль сыяктуу башка жерлердеиштеген.

Эски замандарда Истанбулда жашоо оор болгонун, үй-жайын болбосо, тапкан акчан ижарага гана кеткен деп эскеришет. Айылдан келип иш таба албай кеткендери дагы болгон. Ван кыргыздары үчүн төрт дубалдын ичинде, сыртка чыга албай калуусу, туугандары менен каалаган учурда көрүшпөгөндүгү тынчсыздандырган. Бул себептен кары адамдар жаз убагында Улуу Памирге кетүүнү самашкан. Кыргыздар тамактарын дасторконго ортого коюп чогуу жегенди тандашат. Күнүмдүк жашоодо түрк тамактарын жешсе, майрам күндөрү сөзсүз түрдө кыргыз улуттук тамактарын жешкен. Тамак жедиктен кийин төмөндөгүдөй бата тиленген: “Кудайым берекет берсин, дасторконубуз бол болсун, жаштарга өмүр берсин, Омоктун өмүрүн, Мамактын малын берсин, баардыгыбызда ден соолук болсун, Кудай Таала тилегенибизге жеткирсин, тынч аман койсун. Амийин!

Ван кыргыздары күнүмдүк жашоодо заманбап кийимдер кийилсе, майрам күндөрү улуттук кийимдерди кийишкен. Мурунку жылдары хиджапты жаш келиндер сөзсүз кийилсе, кыздар үчүн ишеничине байланыштуу болгон. Ал эми, 2005- жылдан баштап, жаңы муун заманбап кийимдерди гана кийишет. Кыргыз жаштары социалдык жактан дайыма футбол тайпаларын түзүшүп катышышат. Ван кыргыздарынын демилгеси менен «Кыргызстан достук жана маданият журналы»

уюштурулуп, жыл сайын маданияты өнүктүрүү жаатында жаңы иш чаралар болуп турат. Ван кыргыздарындагы жаңы муундун өкүлдөрү, кыргыздын илгертеден келе жаткан үрп-адатын жашатуу максатында, жаштар арасында иш чараларды үзгүлтүксүз уюштурушат.

Ван кыргыздарынын бүгүнкү күндө жашоосу бакубат, Түркия өкмөтү өз элинен бөлбөй тең укукта карашат. Жалпы калк оор сыноо учурунда, жардам колун созгон түрк калкына терең ыраазы.

ӘОЖ 32.323.2

Жұбай Орынай

филология ғылымдарының докторы

Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті профессорының м.а.,

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация

Мақала А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің заңдылықтарының сақталуына қатысты ойларының қазір де өзектілігі жайында. Бүгінгі газет, журнал беттерімен қатар радио, теледидар тілінде де орынсыз қолданыстар жиі кездеседі. Мақалада ол сөз қолданыстарынан нақтылы мысалдар келтіріле отырып, тіл заңдылықтарына сәйкес дұрыс қолданыстары көрсетіледі. Қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері басқа түркі тілдерімен салыстырылады. XX ғасырдың басында жарық көрген оқулықтарды, аударма еңбектерді жинақтап, ғылыми айналымға енгізу қажеттігі айтылады. Терминдерді біріздендіру де қазіргі таңдағы маңызды мәселелердің бірі.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, лингвоэкология, сөз қолданыстары, терминдер, аударма, телерадио тілі.

Аннотация

Статья посвящена актуальности размышлений А. Байтұрсынова о соблюдении законов казахского языка. На сегодняшний день, наряду со страницами газет, журналов, на языке радио, телевидения часто встречается неуместное использование. В статье приводятся конкретные примеры употребления этих слов, указываются их правильные употребления в соответствии с законами языка. Фонетические, морфологические особенности казахского языка сопоставляются с другими тюркскими языками. Отмечается необходимость обобщения и введения в научный оборот учебников, переводческих трудов, изданных в начале XX века. Унификация терминов также является одной из важных проблем на сегодняшний день.

Ключевые слова: қазақ тілі, лингвоэкология, сөз қолданыстары, терминдер, аударма, телерадио тілі.

Annotation

The article is devoted to the relevance of A. Baitursynov's reflections on compliance with the laws of the Kazakh language. Today, along with the pages of newspapers, magazines, in the language of radio, television, inappropriate use is often found. The article provides specific examples of the use of these words, indicates their correct use in accordance with the laws of the language. Phonetic, morphological features of the Kazakh language are compared with other Turkic languages. The necessity of generalization and introduction into scientific circulation of textbooks, translation works published at the beginning of the twentieth century is noted. The unification of terms is also one of the important problems today.

Keywords: kazakh language, linguoecology, word usage, terms, translation, TV and radio language.

XX ғасырдың басы қазақ қоғамының рухани тұрғыдан серпіліп, ұлттық сананың оянған кезеңі болды. Ұлт қамын ойлаған қазақтың зиялы азаматтары адамзат тарихының көшінен қағаберіс қалып, бейқам жатқан елдің тығырықтан шығар жолын іздеп, шарқ ұрды. Одан шығудың бірден-бір негізгі жолы – «өнер-білімге тартылып, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылу» деп біліп, ағартушылық идеясын, ұлттық сананы көтеру идеясын ұстанды. Бұл жолда ұлттық мәдениеттің, әсіресе тілдің алар орны ерекше болатынын терең түсінді. Осыған байланысты Ә.Бөкейханов:

«Қазақтың ұлт болып, өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек», – деп жазды. Тіл тазалығына мән бермейтін немқұрайдылықтан, тілін білмегеніне арланбайтын намыссыздықтан сақтанудың, олардың алдын алудың бірден бір жолы – ұлттық рухты ояу, ұлттық кодты сақтау. Қазақтың терең тарихын білген ұрпақ ешқашан тіліне селқос қарамайды, ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен қазақ тарихындағы тарихи тұлғаларды мақтан етіп, өз елінің патриоты болады. Тарихтан тағылым ала отырып, болашағының жарқын болуы үшін де өз үлесін қосуға тырысады. «Шора» журналының 1913 жылғы 4-санында жарияланған «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласында А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін басқа түрік тілдерімен салыстыра келіп: «Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта... ХХ ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай, асыл қалпында алып келген тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», – деп тұжырым жасаған еді.

2013-2019 жылдары Қытай Халық Республикасы Бейжің қаласындағы Орталық ұлттар университетінде дәріс оқығанбыз. Дәрістен бос уақытымызда университеттің білікті ғалым-профессорларының дәрістерін тыңдайтынбыз. Филология ғылымдарының докторы, профессор Еркін Ауғалидың тіл тарихы, көне түркі тілі, жазба ескерткіштер тілі бойынша дәрістерінде студенттер мен магистрант-докторанттар ескерткіштердің тіліндегі көптеген сөздер басқа ұлттарға (оның ішінде түркі халықтарының өкілдеріне де) түсініксіз болып, қиындық тудырып жатқанда қазақтар оларды бірден ұғатынын, ол сөздердің етене жақын, таныс болып шығатынын айтып, бойларын мақтаныш сезімі кернейтінін айтатын. Қазақ тілі мен көне түркі жазба ескерткіштерінің тіліндегі ұқсастық, сабақтастық – ұлтымыз үшін зор мақтан. Ол да – ұлттық кодтың негізі. ХХ ғасырдың басында Мағжан Жұмабаев: «Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ. «Түрік тілімен сөйлейміз» деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші, қазақ тілін қолданбақшы. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік», – деген еді. Осы ойды қазіргі кезде Өзбекстанның танымал ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ортатүрік халықаралық институтының директоры Б. Каримов еңбектерінен де кездестіруге болады.

А. Байтұрсынұлы: «...Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деген еді [1, 369-б.]. Расында да, қазақша сөйлеушілердің бәрін бірдей қазақша дұрыс сөйлеп тұр деп қабылдай беруге болмайды. А. Байтұрсынұлы шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін:

1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керектігін көрсеткен еді [1, 350-б.].

Алайда бүгінгі таңда газет, журнал бетінде көптеген орынсыз қолданыстар, қате тіркестер орын алып жүр, бұл басылым беттерімен қатар радио, теледидар тілінде де жиі кездеседі. Мысалы, *байланысты, орай, арқасында, кесірінен, салдарынан, қарай* т.с.с. қолданысын жатқызуға болады: *өкінішке орай, жауын-шашын салдарынан егін бітік шықты, жол апатының арқасында* т.с.с. қолданыстар радио, бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде кездесіп қалады. *Орай, арқасында* септеулігінің дұрыс, оңтайлы іс-әрекетке, қимылға, орайлы іске байланысты қолданылатыны, керісінше, *салдарынан, кесірінен* сөздерінің жағымсыз құбылыстарды бейнелеуде қолданылатыны, эмоционалды-экспрессивті бояуы төмен сөздермен тіркесетіні, *тура келеді, мәжбүр болды* тіркестерінің амалсыздан, лажсыздан болған қимылды білдіретіні т.с.с. көп жағдайда ескеріле бермейді.

Сол сияқты *бүгінгі күні, биылғы жылы* деген қолданыстар да тіліміздің заңдылықтарына қайшы. Себебі *бүгін* сөзі *бұл күн, биыл* сөзі *бұл жыл* сөздерінің кірігуі нәтижесінде пайда болған. Яғни, *бүгінгі күн* не *биылғы жыл* деген тіркестерде *күн, жыл* сөздері қайталанып, плеоназм орын алған.

Қазіргі кезде теледидарда да, жарнама тілінде де *әр сенбі сайын,әр шығарған сайын, әр күн сайын* т.с.с. сияқты қолданыстар жиі орын алып келеді. *Әр* сөзі тіркескен сөз *сайын* сөзімен тіркеспей-ақ тіркестің мағынасын бере алады. Мұндай плеоназмдық қолданыстар соңғы жылдары көбірек кездесіп жүр. Дұрысында: *әр сенбіде, әр күні* т.с.с. немесе *сенбі сайын, күн сайын* т.с.с. Қазақ тілінің нормаларына сәйкес *әр, барлық, түгел* сөзімен тіркескен сөз жекеше тұлғада келуі керек, алайда тілшілеріміздің *әр күндеріңіз, әр минуттарыңыз, әр секундтарыңыз, барлықтарыңыз, түгелдеріңіз* деген сөзқолданыстарын жиі естиміз.

Тіл заңдылықтарын белшеден басатын мұндай қолданыстарға бейжай қарауға болмайды. Себебі теледидар – дұрыс сөйлеу, сауатты сөйлеу әдебін танытатын, дұрыс сөйлеу нормаларын қалыптастыратын бірден-бір жол болуы тиіс. Бұл орайда академик Р.Сыздықова: «Радио, теледидар және баспасөз сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне арнайы көңіл аудару да тіл мәдениеті шаруаларының бірінен саналады. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі деген, олардың сөз таңдап жұмсау әрекеттерінен бастап, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолдануларына назар аударылады. Бұлар өзгелерден екі есе көп жүк арқалайды: бірі – күнделікті газет-журналдар, сахна өнерпаздары, радио мен теледидар қызметкерлері тіл мәдениеті проблемаларын көтеру, тілдік нормаларды берік сақтау сияқты мәселелерді тікелей насихаттауы, түсіндіруі, пікірталастар ұйымдастыруы болса, екіншісі – сахна мен радио, теледидар қызметкерлері орфоэпиялық нормаларды қалың көпшілікке үйретуші ұстаз болуға міндетті. Ал баспасөз қалың оқырман қауымның тілін ұстартып, жазу сауаттылығын көтеруге мейлінше зор қызмет етуге міндетті, – деп жазған еді [2, 36-б.].

Тілдің нәзік иірімдерін сөз бағасын білетін, қазақ тілінің заңдылықтарын шебер меңгерген жандар анық білетіні белгілі. Кезінде А.Байтұрсынұлы: «Нәрсенің дәл *санын* білуге сұрағанда *неше?* деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді?» – «Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл санын білуге емес, *шамасын* ғана білуге сұрағанда *қанша?* деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің?» – «Үш-төрт күн жүремін» [3], – деп жазған еді. Ғалым ойлары кейін М.Балақаевтың еңбектерінде де сабақтастық тапқан. Алайда қазіргі кезде *неше? қанша?* Сұрау есімдіктері синоним ретінде, бірінің орнына бірі қолданылып келеді. Соның салдарынан тілімізде *қаншанышы (Қаншанышы сыныпта оқисың? Қаншанышы орын алды?), қаншауы (Қаншауы келді? Қаншауын аламыз?)* т.с.с. қазақ тілінің нормаларына қайшы қолданыстар етек алып барады.

Сол сияқты Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде *жиырма* сөзінен жасалған реттік сан есім бүгінгідей *жиырмаасынышы* түрінде емес, *жиырманшы* түрінде берілген:

Ретін көрсететін сөздер; мәселен: *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиырманшы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы, миллионыншы*. Бұлар *реттік* деп аталады [4].

10) *Жұрнақ «нышы»*. Бұл жұрнақ жуан сөзге жалғасса, жуан айтылады, жінішке сөзге жалғасса, жінішке болып айтылады. Мәселен, *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиырманшы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы* [3].

Дұрысында, қазақ тіліндегі реттік сан есім тудыратын жұрнақ дауыссыз дыбыстардан соң - *ыншы/-інші* түрінде жалғанғанмен, дауысты дыбыстардан кейін жалғанғанда қатар келген екі дауыстының бірі түсіп қалады: *екінші, алтыншы, жетінші* т.с.с. (*екісінші, алтысыншы, жетісінші* емес). Осы үлгі бойынша *жиырма* сөзіне де жұрнақ жалғанғанда *жиырманшы* түрінде жалғануы тиіс. Бұл орайда тіліміздің заңдылықтарын жетік білетін Ахмет Байтұрсынұлы сынды ғалымдарымыздың тұжырымдарын әрдайым есте ұстау қажет деп білеміз. Профессор Хайролла Нұрмұқановтың сөзімен айтсақ: «...Сөз қуаттылығы ой зергерлігіне байланысты. Ондай ой сөзін қашан да сарыла талғап, жаңылмай таңдап шығарып отырады. Бұлай болмағанда, талғамсыз қолданылған сөзден жанымыз еркін еміреніс не терең тебіреніс табуы мүмкін емес» [5, 3-б.].

Теледидар арқылы беріліп жатқан, көшеде ілулі тұрған жарнамаларда қазақ ұғымына жат қолданыстар жиі орын алады. Мысалы, тіркесе алмайтын сөздерді қатар қою: *Сүйікті кофенің қанық дәмінен рахат аламын... Таңғы астың 15 минутын Президент сүзбесіне арнаймын... Дәмі жұмсақ және қанық келеді... Әлемдегі ең көңілді ботқаны мен ғана білем...* Дұрысында, *қанық* сөзі дәмге қатысты емес, түске қатысты қолданылады.

Қазақ тілінде үнемі болымсыз тұлғада ғана қолданылатын және әрдайым болымды мәнде ғана қолданылатын арнаулы тұлғалар бар. Болымсыздық есімдіктері әрдайым болымсыз тұлғадағы

сөздермен тіркеседі, керісінше, *әрдайым, әрқашан, үнемі* т.с.с. сөздер болымды тұлғада келеді. Сол себепті жарнама тіліндегі *Олай әрқашан бола бермейді...* сияқты қолданыстар тіл заңдылығын бұзып тұр.

Жарнама тіліндегі қазақ тілі заңдылықтарының бұзылған тұстарының бірі ретінде сан есіммен, *көп, бірнеше, әлденеше* т.с.с. сөздермен тіркескен сөзге көптік жалғауының жалғануын (*100 мыңға жуық тұрғындар, отыздан астам жылдар бойы*) атауға болады. Сол сияқты қазіргі кезде *ән шырқайтын болады, берілетін болады* сияқты қолданыстарды жиі естиміз. Орыс тіліндегі *буду ходить, буду читать* сияқты тіркестер қазақ тіліне *келемін, оқимын* түрінде аударылуы керек. Себебі **-а/-е/-й** көсемше тұлғалы етістік келер шақ (ауыспалы келер шақ) мағынасын бере алады. Сондықтан оған *әрдайым бол* көмекші етістігін тіркестіре берудің қажеті болмайды. Мұның бәрі қазақ тілінің нормаларын белден басып, орыс тілінен сөзбе-сөз аудару салдарынан пайда болған.

Үйлену тойларында тост берілген кезде: «Екі жас бақытты болсын!» дегім келеді», – деп тілек айтушыларды жиі кездестіреміз. Қолына микрофон беріліп, елдің бәрінің назары өзінде болған кезде тілегін айта бермей ме? Үйден шыққан кезде «осылай тілек айтсам» деп ойын жинақтап жатса, – бір жөн. Бұл да орыс тілінің үлгісімен *хочу сказать, хочу пожелать* сияқты қолданыстарды сөзбе-сөз аудару нәтижесінде пайда болған. Қазақша дұрысы: «Екі жас бақытты болсын!» емес пе? Қазақы танымға да, ділімізге де, дінімізге де сәйкес келмейтін, соңғы кездері жиі қолданылып жүрген тіркестер ретінде «Алланың назарында болсын!», «Алланың құлағына шалынсын!» деген тілектерді атауға болады. Діни түсінікте Алла бәрін көруші, естуші, бүкіл адамзат, ғаламзат атаулы ешқашан Алла тағаланың назарынан тыс қалуы мүмкін емес. Алланың көркем есімдерінде де осы белгілер айқын көрсетілген. Ендеше, мұндай қолданыстарға абай болу керек.

Орыс тіліндегі *и* шылауының орнына үнемі *және* жалғаулығының қолданылуы (*Аспандағы жұлдыздар сутегі және гелийден тұрады, Карамель және орман жаңғақтары //Тоффи*) да тіліміздің нормаларына сәйкес келе бермейді. Қазақ тілінде *және* жалғаулығымен қатар *мен, да/де, әрі*, үтір, көсемше тұлғалары қолданылады (*ескеріледі және жазылады емес, ескеріліп, жазылады, көреді және келеді емес, көреді де келеді* т.с.с.). Бірыңғай мүшелер қатар келген тұста *және* ең соңғы мүшеден бұрын келеді. Бірыңғай мүшелер етістіктен болған жағдайда *және* шылауының орнына *да/де* немесе көсемше тұлғалары қолданылады немесе үтір қойылады. Сол сияқты сын есім *әрі, да* жалғаулықтарымен (*сұлу әрі мінезді, сұлу да сымбатты*) келеді. Сол сияқты қысқарған сөздерде *және* шылауын (Білім және ғылым министрлігін – *БжҒМ*, Автоматтандыру және басқару жүйесі дегенді *АжБЖ* түрінде т.с.с.) қысқартудың еш қажеттігі жоқ. Себебі бұл сөздер – өзара салалас байланысқа құрылған, *және* шылауын үтірмен алмастыруға да болады. Сол себепті қысқартып жазған кезде *және* шылауын қысқартудың да, үтір қоюдың да қажеті жоқ.

Орыс тілінің ықпалымен сұраулық шылауларды қолданбау да жарнама тілдерінде де, жастардың сөйлеу тілінде де белең алып келеді (*Био-С na?* дегеннің орнына *Био-С?*).

Дұрыс сөйлеу нормасы бойынша, III жақтағы жіктік жалғаулы сөзден кейін сұраулық шылау келетін болса, жіктік жалғауы түсіп қалады. Мысалы: *келеді ме?* емес, *келе ме? айтады ма?* емес, *айта ма?* т.с.с. Тіліміздің бұл ерекшелігіне тележүргізушілер де, радио тілшілері де, аудармашылар да мән бермей жатады.

Сол сияқты қазіргі кезде жарнама тілінде ырықсыз етіс тұлғалары жиі қолданылатын болы. *Денсаулық сақтау министрлігімен мақұлданған* түрінде беріліп жүрген жарнама дұрысында *Денсаулық сақтау министрлігі мақұлдаған* болуы керек. Бұл да – орыс тілінің әсері.

Теледидар арқылы берілген жарнамалардағы *Ана сүтінің алмастырушысы болып табылмайды; Бояу түсім ұзағырақ сақталады; қалыптастыруға ықпал етеді; Шексіз ләззаттың кішкентай бөлігі; Әлсіз шаш маған тән емес; Күтпеген ауа райы; 10 күнге дейін айнадай жылтырау; Айнадай жылтырауды бекіту үшін... ұсынамыз; Таңғаларлық төмен баға* т.с.с. қолданыстарды көргенде, Ахмет Байтұрсынұлының мына сөздері еріксіз ойға оралады: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәтте жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, *тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады*. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды я жазса да, қиындықпен жазады. Себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша

болып шықпайды» [Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. 142-б.].

Тележүргізушілер мен тілшілеріміз **-у керек** тұлғасымен келген тіркестерді *айту керекпіз, білу керектің* т.с.с. түрде жиі қолданады. Дұрысы – *айтуымыз керек, білуім керек*. Сол сияқты отырмыз, жүрміз деген сөздердің орнына сөйлеу тіліне тән *отырық, жүрік, жатырық* т.с.с. қолдану белең алып барады. Бұл, әрине, тілдік норманы, сөйлеу әдебін білмеуден туған қателіктер. Сол сияқты орыс тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріп, *төрайым* түрінде қолданады. Дұрысында, қазақ тілінде *төраға* сөзі ер адамға да, әйел адамға қатысты да қолданыла береді. Сонымен қатар *аға ғылыми қызметкер* деген тіркес бар да *ана ғылыми қызметкер* немесе *әпке ғылыми қызметкер* т.с.с. қолданыстар жоқ. Сондықтан мұндай сөздерде әйел не ер адамға қатысты жіктеудің қажеті шамалы.

Профессор Хайролла Нұрмұқанов 1968 жылы «Баспасөз және тіл мәдениеті» деген тақырыпта өткізілген республикалық конференцияда М.Ғабдуллиннің *С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты* атауларына байланысты: «Киров атында да, Ленин атында да қазақ жоқ, болмайды да. Сондықтан бұл оқу орындары Қазақтың С.М.Киров атындағы, Қазақтың В.И.Ленин атындағы... болып дұрыс аталуы тиіс», – деп анықтайтын сөз бен анықталатын сөздің орындарын шатастырмау қажеттігін ескерткенін айта келіп: «Содан бері 35 жылға жуық уақыт өтсе де, қатенің бұл түрінен әлі күнге арыла алмай келеміз», – деген еді.

Бұл мәселе бүгінгі таңда да әлі өзекті күйінде қалып отыр. Оған төмендегі жоғары оқу орындарының қазақша атауы дәйек бола алады: *Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, Абай атындағы Алматы ұлттық педагогикалық университеті, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты* т.с.с. Сол себепті М.Ғабдуллин, Х.Нұрмұқанов сынды біртуар ғалымдарымыздың ескертулеріне мән беріп, жоғары оқу орындарының атауларын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріп, біріздендіретін уақыт келді деп есептейміз. Әсіресе *Қазақ ұлттық (мемлекеттік) Қыздар педагогикалық университеті* атауындағы *мемлекеттік қыздар* тіркесі құлаққа түрпідей тиеді, еріксіз «*ұлттық (мемлекеттік) қыз, ұлттық (мемлекеттік) емес қыз* деген кімдер?» деген сұрақ ойға келеді.

Тіл тазалығына ерекше мән берген профессор Х.Нұрмұқанов 8-наурызға қатысты: «Әйелдердің халықаралық «сорты» жоқ. Сондықтан 8-наурызды «Әйелдердің халықаралық күні» деп дұрыс сипаттағанымыз жөн», – деген еді [5, 296 б.]. Бүгінгі таңда 8 наурызды жас та, кәрі де тойлайтындықтан, «Арулар күні» деп атаған жөн болар еді. Себебі балабақшадағы кішкентай бүлдіршіндерге топтағы балалардың «халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз!» дегенінен гөрі «Арулар күнімен құттықтаймыз!» дегені әлдеқайда жағымды, әсерлі болар еді. Бүлдіршін қыз бой жетіп, ару болуды қалайды. Жасы егде тартқан әйел де өзін ару сезінсе, ренжи қоймас еді.

Орыс тіліндегі нұсқасы – «Международный женский день» – дұрыс қолданыс әрі тілдерінің табиғатына, дүниетанымына сай келеді. Себебі орыс тілінде зат есім атаулы мужской, женский, средний род болып үш топқа жіктеледі. Сол себепті *женский* сөзі олар үшін жалпылық сипат алған. Ал қазақ дүниетанымында жас ерекшелігіне қарай түрліше атау берілген: *бөбек, нәресте, сәби, бүлдіршін, балдырған, қыз бала, бойжеткен, ару, бикеш, қалыңдық; келін, келіншек, бибі, жұбай, зайып, жар, қосақ, шеше, ана, апа, әже, кейуана, кемпір, т.с.с. Ендеше*, Ғабит Мүсіреповтің «Тілін білмеген, түбін білмейді. Ондай адам күлдіремін деп күйдіреді, сүйсіндіремін деп сүріндіреді, білдіремін деп бүлдіреді, қуантамын деп қуартады, келтіремін деп кетіреді, жұбатамын деп жылатады» деген сөзін әрдайым жадымызда ұстап, сөзқолданысымызға мән беруіміз қажет.

Бұл орайда тағы бір ескерер жайт – осы уақытқа дейін қате кеткен тұстарды реттеп, жүйелеп алу қажет. Мәселен, «удостоверение личности» тіркесінің баламасы «жеке куәлік» емес. «Жеке куәлік» дегенді қазақ тіліне аударсақ, *личное удостоверение* болады. Дұрысында, жеке куәлік көп. Кез келген куәлік (жүргізуші куәлігі т.б.) иесінің өзіне ғана тиесілі, жеке құжаты. Ал «удостоверение личности» дегеніміз – Қазақстан Республикасының азаматы екенін танытатын, 16 жасқа толғаннан кейін ғана берілетін, адамның жеке басын куәландыратын құжат, паспорттың бір түрі. Паспорт екіге бөлінеді: ел ішінде қолданылатын және шет мемлекеттерге шыққанда қолданылатын құжат. Шетелге шыққанда қолданылатын құжат кез келген жаста беріле береді. Ал ел ішінде қолданылатын құжат

Қазақстан Республикасының азаматы 16 жасқа толғанда ғана беріледі. Қытай қазақтары «удостоверение личности» тіркесінің баламасы ретінде «азаматтық куәлік» деп қолданып жүр. Шынтуайтына келгенде, бұл балама құжаттың сипаттамасына дәлірек келеді. Алайда «азаматтық» сөзінің орнына «азамат» деп қана алуға болады. Себебі қазақ тілінің табиғатына сәйкес зат есім басқа зат есімнің алдынан келгенде ешқандай қосымша жалғанбай-ақ анықтауыштық қызмет атқарады (*алтын сағат, ағаш қасық* т.с.с.). Оның үстіне «азамат» сөзін ер адамдарға ғана қатысты қолданып, әйел адамдарды «азаматша» деп атау да қазақ тілінің табиғатына жат. Қазақ тілінде **-ша/-ше** жұрнағы кішірейту мәнді қосымшаға жатады (*сандықша, көрпеше, қобдиша* т.с.с.). Тілімізде *ана, әйел, бәйбіше, қарындас, сіңлі* т.с.с. әйел адамдарға ғана қатысты қолданыстар болғанмен, ол жалпылық сипат ала бермейді. Сол себепті *мәжіліс төрағасы, аға ғылыми қызметкер* т.с.с. тіркестер қалыптасқан. Осы тұрғыдан алғанда, «удостоверение личности» тіркесінің баламасы ретінде «азамат куәлігі» деп алсақ, тіліміздің табиғатына да сәйкес келер еді әрі құжатты дәл сипаттар еді. Латын әліпбиіне көшкен соң тіліміздегі қате қолданыстарды реттестіріп, жүйелеп алу қажеттігі даусыз. Елдігімізді танытатын, Қазақстан Республикасының азаматы екенімізді білдіретін құжаттағы қателіктерді жойып, терминдерімізді, жаңсақ түсініктерді реттестірудің орайы келді. Сол себепті теле-, радиожүргізушілерге, әншілерге, әртістерге қазақ сөздерін дұрыс айту, сөйлеу әдебі, тілдік норма бойынша арнайы дәрістер ұйымдастыру қажет. Бұрын Кеңес заманында ондай сабақтар өткізіліп тұрған екен, сол үрдісті қайта жалғастыру қажет. М.Әуезовтің: «Кімде кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды», – деген сөзін әрдайым ескеруіміз қажет.

Тіліміздің бай, шұрайлы, көркем тіл екені – дау тудырмайтын ақиқат. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» деп аталатын он бес томдық түсіндірме сөздік жарық көрді. Түркі елдерінің ешқайсысында да мұндай деңгейдегі сөздік жоқ. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қазақтың бай ауыз әдебиеті үлгілері жинақталып, «Бабалар сөзі» сериясы бойынша 100 том болып басылып шықты. 2013 жылы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» негізінде әрі толықтыра отырып, «Қазақ сөздігі» деген атпен 106 000 бірлік қамтылған бір томдық түсіндірме сөздік құрастырып шығарды. Бұл тіліміздің байлығын, тарихымыздың тереңге тартатынын көрсетеді. Алайда қазіргі кезде жастар, жеткіншектер кітап оқудан қалып барады. Сол себепті қисса-дастандарды, батырлар жырын тұшынып оқымайды. Тіпті сондай шығарманың бар екенін де бейхабар. Шетелдік туындыларды, солардың негізінде түсірілген фильмдерді жақсы білгенмен, ұлағаты мол, ұлттық болмыстан, салт-дәстүрімізден көп мағлұмат беретін төл туындыларымызды оқымайды. Оның үстіне сол шығармалар желісінің негізінде фильмдер түсіріп, көпшілікке тарату, жастарға танытуға құлықсыздық танытып отырған жайымыз бар. Әрине, түптеп келгенде, барлығы қаржыға тіреледі. Сондықтан ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, төл тарихымыздан, төл мәдениетімізден мол мағлұмат беретін дүниелерді жарыққа шығаруға көп қаржы бөлінуі, өз деңгейінде көңіл бөлінуі керек деп ойлаймын. Мағжан Жұмабаевтың: «Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті», – деген сөзін әрдайым жадымыздан шығармауымыз керек.

Бүгінгі таңда аударма ісінде термин, дұрыс, шебер аудару мәселесі әлі де біршама ақсап тұрғаны белгілі. Осыған байланысты терминдерді біріздендіру, дұрыс аудармаға үлгі боларлық дүние ретінде ХХ ғасырдың басында жарық көрген аударма еңбектерді (Ә. Бөкейхан – география, Қ. Сәтбаев – алгебра, Е. Омаров – гелметрия, физика, М. Жұмабаев – педагогика, Ж. Аймауытов – дидактика, Ф. Ғалымжанов – физика, Б. Сәрсенов – геометрия, И. Тұрғанбаев – арифметика, Қ. Кемеңгерұлы – химия, жаратылыстану, т.с.с.), ұлттық кодтың негізі болатын ғалымдардың бұрын-соңды жариялана қоймаған еңбектерін, ХХ ғасырдың басында жарық көрген оқулықтарды жинақтап, ғылыми айналымға енгізу қажет. Осыған байланысты терминдерді біріздендіру, дұрыс аудармаға үлгі боларлық дүние ретінде ХХ ғасырдың басында жарық көрген аударма еңбектер шығару қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. *Ақ жол*. - Алматы, Жалын, 1991, 369-б.
2. Сыздық Р. *Тілдік норма және оның қалыптануы*. - Астана, Елорда, 2001. - 36-б.

3. Байтұрсынов А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. - Ташкент, 1918.
4. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.
5. Нұрмұқанов Х. Сөздің де сұрауы бар. Шығармаларының үш томдық жинағы. - 3-том (мақалалар, естеліктер). – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2010.

МРНТИ 17.71.07
ӘОЖ 82

Дәуренбекова Лаура Ногайбекқызы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Еуразия гуманитарлық институты
қазақ және орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГИБРАТТЫ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАР

Аннотация

Мақалада ұлттық әдебиетімізде көркем аударманы қалыптастыруға үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлының мысал жанрын аударудағы шеберлігі қарастырылады. А. Байтұрсынұлының И. Крылов мысалдарында берілген даналық ойлардың ұғымын сезіне отырып, өзінің төл шығармасындай аударуға күш салатыны көрсетіліп, әр мысалының соңындағы гибратты ой-тұжырымдары талдаулар арқылы беріледі. Сондай-ақ, түпнұсқа мәтіндері мен көркем аударма мәтіндерін салыстыру, түсіндіру, топтау және мәтіндік талдау әдістері қолданыла отырып, аударма арқылы орыс әдебиетінен қандай пайдалы өнеге алғандығы, оны өз шығармашылығына қолдана білгендігі айтылады.

Түйінді сөздер: А. Байтұрсынұлы, мысал жанры, аударма, түпнұсқа.

Аннотация

В статье рассматривается мастерство Ахмета Байтурсынова в переводе жанра примера, внесшего вклад в формирование художественного перевода в нашей национальной литературе. В баснях А. Байтурсынова И. Крылова показано, что мудрые мысли, выраженные в осознании, прилагают усилия к переводу как своего собственного произведения, а назидательные рассуждения в конце каждого примера даются с помощью анализа. Также с использованием методов сравнения, интерпретации, группировки и текстового анализа оригинальных текстов и текстов художественного перевода. Через какой сайт полезным примером для перевода получения по русской литературе, творчеству, используя говорится в его знал.

Ключевые слова: А. Байтурсынұлы, примерный жанр, перевод, оригинал.

Annotation

The article examines the skill of Akhmet Baitursynuly in translating the genre of example, which contributed to the formation of literary translation in our national literature. It is shown that A. Baitursynov, in the examples of I. Krylov, makes an effort to translate the concept of wise thoughts as if they were his own work, and the moral conclusions at the end of each example are transmitted through analysis. Also, using methods of comparison, interpretation, grouping and text analysis of original and literary translation texts, A. It is said that baitursynuly received a useful example from Russian literature through translation, and he was able to apply it to his work.

Keywords: A. Baitursynuly, genre of examples, translation, original.

XX ғасыр басында алаш зиялылары ұлттық сананы қалыптастыру үшін қазақ баласына тәрбие беруден бастап, білім алу жолдарына дейін бағыттады. Яғни, ұлттық элиталық топ ағартушылықтан бастап, мемлекеттің тәуелсіздігіне қол жеткізу сияқты күрделі мәселелермен айналысты. Әрине, тәуелсіз ел болып, мәдениетті, өркениетті халық болу үшін білім алу, әр адам өз санасын дамыту қажетті-ақ. Қазақ халқының санасын қалыптастыру үшін алаш интеллигенциясы газет-журналдар

шығарды. Проза, поэзия, публицистика, аударма т.б. шығармашылықтың әр саласымен айналысты.

Біз Ахмет Байтұрсынұлының орыс тілінен аударған мысал өлеңдеріндегі идеясы, мақсатына тоқталмақпыз. А.Байтұрсынұлыорыстың классикалық жазушысы, белгілі мысалшы И.А. Крылов мысалдарын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Санкт-Петербургтағы императордың ғылыми академиясының баспаханасынан кітап етіп бастырып шығарды. Кітаптың алғы сөзінде:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,

Әзірге қолдан келген осы барым.

Қанағат азға деген, жоққа сабыр,

Қомсынып, қоңырайма, құрбыларым! [1, 22], – деп аударма жасаудағы мақсатынайтқандай болады. Ағартушы И.Крыловты ғана емес, А. Пушкиннің «Ат», «Данышпан Олегтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш» шығармаларын аударып бастырады. Осындай аудармалардан-ақ, орыс әдебиетінің көрнекті үлгілері қазақ тіліне аударылып, қазақ әдебиетінің дамуына ықпал еткендігін байқауға болады. Әсіресе, қазақ ағартушылары алғашындаИ.Крыловтың мысалдары арқылы ұлттың сана сезіміне әсер етіп, ғибрат алуды ұсынды. И. Крыловтан С.Көбеев 37 мысал аударып «Үлгілі тәржіме», А. Байтұрсынов 40 мысал аударып «Қырық мысал», Б. Өтетілеуов 15 мысал аударып «Жиған-терген» деп жеке кітап етіп бастыруынан мысалдардың қазақ халқы үшін маңызды болғанын пайымдаймыз. Бір қызығы И. Крыловтың бір мысалы бірнеше рет аударылғанын байқаймыз. Түпнұсқа өлең түрінде берілсе де, аудармашылар қарасөз түрінде де, өлең түрінде де әртүрлі тәсілмен беріліп отырады. Аудармашылар И. Крыловтың мысал өлеңдерінің пішінін өзгертсе де, негізгі идеясына нұсқан келтірмейді.

Біздің қарастыратынымыз А. Байтұрсыновтың аударма мысалдарының ерекшеліктері. А. Байтұрсыновтың қай аудармасын алып қарасақта, шығармашылық еркіндікті байқаймыз. Яғни, аудармашы оқырманның түсінігіне бейімдеп, өзінің айтпақ ойын қосып мысалды дамытып береді.

Ахмет Байтұрсынұлы И. Крылов мысалдарын еркін аударып, арасына өз идеяларын, көзқарасын қосып, қазақ психологиясына, болмысына қарай бейімдеуді мақсат еткен.

А. Байтұрсынұлы тәржіме арқылы да адамзатты адамгершілікке, еңбекқорлыққа үндейді. Мәселен, И. Крыловтың «Кәрі арыстан» мысалын жолма-жол, дәлме-дәл аудармай тереңдетіп, автор идеясын дамыта отырып қартайған, күш-қуаты кеміген, қолынан билігі тайған адамның психологиясын береді.

Түпнұсқада қартайған арыстанға ат, өгіз, есек басқа да жануарлардың тиісіп, маза бермеуі, олармен алысуға қауқары жетпеген арыстанның қорғансыз күйі бейнеленеді. Бұрынғыдай жұлыса кететін азулы тіс, өткір тырнақ, қарулы аяқ жоқ.

Могучий Лев, гроза лесов,

Постигнут старостью, лишился силы:

Нет крепости в когтях, нет острых тех зубов,

Чем наводил он ужас на врагов,

И самого едва таскают ноги хилы [2, 14], – деп бір кездері орманның дауылы, аңдардың патшасы болған арыстанның қартайған шағы суреттеледі. Ал, А. Байтұрсынұлы:

Қартайып, Арыстанның әлі кетті,

Айбыңды жұрт қорқатын сәні кетті.

Бетіне жан келмейтін уақыттар

Артына бір қарамай, бәрі кетті [1, 38], – дейді.

Орыс тілінде:

А что всего больней,

Не только он теперь не страшен для зверей,

Но всяк, за старые обиды Льва, в отмщенье,

Наперерыв ему наносит оскорбленье:

То гордый конь его копытом крепким бьёт,

То зубом волк рванёт,

То острым рогом вол боднёт [2, 15], – өлең жолдарында жануарлардың күші кеткен арыстаннан өш алуы суреттелсе, қазақ тілінде ойды дамытып, жануарлардың арыстанға тиісу себебі нақтыланып беріледі.

Аяқта дәрмен қалды жүрерлік-ақ,

Тым қарттық жас емес қой көрерлік-ақ.

Тіс түсіп, тырнақ мұқап, қайрат кетіп,
Жайы бар тыныш жатып өлерлік-ақ.
Тынышына қоймады оны өзге аңдар,
Бата алмай, «сені ме?» деп жүрген жандар.
Анау да, мынау да өшін алып жатыр.

Қашаннан Арыстанда кегі барлар [2, 39], – деп, тек кәріліктің азабы ғана емес, қолында билігі бар кезде әлсіздерге көрсеткен зорлықтарының алдынан шығатынын түспалдамай, ашық көрсетеді.

Лев бедный в горе толь великом,
Сжав сердце, терпит всё и ждёт кончины злой.
Лишь изъявляя ропот свой
Глухим и томным рыком.
Как видит, что осёл туда ж, натужа грудь,
Сбирается его лягнуть

И смотрит место лишь, где б было побольнее – деп, есекке де қарсылық көрсете алмай, іштей күйініп жатқан ауру арыстанның күйін көрсетсе, қазақ тілінде:

Ат тепті, Қасқыр қапты етін үзіп,
Біресе жаралады Өгіз сүзіп.
Қинады әркім келіп білгенінше,
Арыстан үн шығармай жатты төзіп.
Бңыранып жатыр еді өлейін деп,
Қасына Есек келді көрейін деп.
Артықша жанға батар жерін таңдап,

О да тұр Арыстанды тебейін деп [1, 39], – түпнұсқаға шумақ қосып, арыстанда кегі бар әр жануардың іс-әрекетін бейнелейді. Түпнұсқаның соңғы шумағы:

О боги! – возопил, стеная, Лев тогда, –
Чтоб не дожить до этого стыда,
Пошлите лучше мне один конец скорее!
Как смерть моя ни зла:

Всё легче, чем терпеть обиды от осла [2, 15], – деп, осылай аяқталады.

А. Байтұрсынұлы орыс тіліндегідей «әлсіз, тіпті есекке де шама келмейтін бейшара халге түсіргенше жанымды ал құдай» деген ойда беріп, аяқтаса да болар еді. Бірақ, А. Байтұрсынұлы жануарлармен адамдарды салыстыра отырып, адамның қолында билігің бар кезде адамға қиянат жасасаң, күндердің күнінде осы арыстанның күйін кешіп қалмау керектігін ескертеді.

Аталған бірдей емес осы аңдар,
Ішінде жақсы, жаман, осалы бар.
Арыстан, Жылқы, Өгіз, Есекке ұқсас,
Ойласақ, табылмай ма неше адамдар?
Ерлер бар заманында дәурен сүрген,
Дұшпанын ерегіскен жалғыз бүрген.
Қартайған Арыстандай әлі кетіп,
Қаруы бұл уақытта азып жүрген.
Бақ қонса, сыйлар Алаш ағайын да,
Келе алмас жаман батып маңайыңа.
Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні
Құл-күтан басынады малайың да.

Бұл аударманың тұжырымы. Қазақтың мінез-болмысын «Алаш ағайын да» деп екпін түсіре көрсетіп, дүниенің, күш-қайраттың мәңгілік емес екенін жеткізе білген. Екінші жағынан қарасақ, өз кезеңінде күштіге батылы жетпеген, әлсіз топтың, кек алу үшін кеште болса, бой көтеретінін түспалдайды.

Әр дәуірдің қайраткерлері өз ұлтын әлсіз тұстарынан арылту үшін, алға мақсат қойып, ұлттық идея мәселесін көтерді. Алаш қайраткерлерінің басты ұстанымы егеменді мемлекет құру болатын. Ол үшін халықты оятып, сауаттандырып, ең бастысы ішінара қақтығыстарға жол бермей, татулыққа, бірлікке шақырды. «Ұлттық идея кез келген қақтығыс пен қарама қайшылықтың алаңына айналмауы тиіс, яғни, ұлттық идеяның мәні мен мазмұнын, ең алдымен, ыдыратушылық емес, керісінше біріктірушілік, топтастырушылық пен ұйыстырушылықты құрайды»[3]. Өз алдына ел болу үшін

«келісім, бірлік, ынтымақ» керектігін әр қазақтың саналарына сіңіріп, ұлтты ұйыстыру басты мақсат болды. Бұл мақсатты А.Байтұрсынұлы И.Крыловтың «Аққу, шортан һәм шаян» мысалын, аударуда да білдіреді.

И.Крылов нұсқасында:

Когда в товарищах согласья нет,

На лад их дело не пойдёт,

И выйdet из него не дело, только мука [4], – деп басталады да, әрі қарайжүкті аққу көкке, шаян артқа, шортан суға тартып, өзара келісімдерінің жоқтығынан жүкті орнынан қозғалталмағаны айтылады. Қазақ тіліндегі нұсқа орыс тіліндегі ойды бергенімен, А.Байтұрсынұлының өзіндік тұжырымымен аяқталады:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас [1, 32].

Демек, А. Байтұрсынұлы мысал арқылы, өзіндік тұжырымы арқылы ел арасында бірлік болмаса, қандай тірлік болса да өнбейтінін айтады.

А. Байтұрсынұлы И. Толстойдың «Есек пен ат» мысалын да аударған. Мысал орыс тілінде қарасөзбен берілсе, қазақ тілінде өлең шумақтарына айналған. Негізгі мазмұны: есек атқа өтінішпен үстіндегі ауыр жүкті бөлісуін сұрайды. Ат келіспейді. Есек ауыр жүкті көтере алмай зорығып өледі. Қожайыны есектің үстіндегі жүктің бәрін атқа тиейді. Жүкті арқалаған ат, өз ісіне өкінішін білдіреді. Ахмет Байтұрсынұлы бұл мысалды дәле-дәл аударып қана қоймай, екі шумақпен тұжырымдайды:

Бұл сөзден қандай ғибрат алмақ керек?

Мысалы, еткен қайыр бір бәйтерек.

Қайырың біреуге еткен болып терек,

Көрерсің рақатын көлеңкелеп.

Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде

Біреуге қысылғанда жәрдем бермек.

Кейбіреу зор бейнетке тап болады,

Кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп [1, 33].

Бұл шумақта «аз жұмысты қиынсынаң – көп жұмысқа тап боласың» деген салмақты ой жатыр.

А. Байтұрсынұлының келесі бір аударған мысалы: «Есек пен бұлбұл».

И. Крылов нұсқасында бұлбұлға жолыққан есек бұлбұлға дауысыңды естиін, шырқашы деп өтініш айтады. Бұлбұлдың әсем дауысын жан-жануар сүйсіне тындайды. Ал, енді бағасын бер дегенде есек «дауысың жақсы тек, қораздан ән үйрен деп ақыл айтады». Мысалды автор:

Услыша суд такой, мой бедный Соловей

Вспорхнул и — полетел за тридевять полей.

Избави, бог, и нас от этаких судей [4] – деп түйіндейді. А. Байтұрсынұлы түпнұсқадағы үш жолды екі шумақпен тұжырымдайды:

Ал енді мұнда қандай ғибрат бар?

Есектей іс ететін көп адамдар.

Сары жезден саф алтынды айырмайтын

Дүниеде бар емес пе не надандар.

Есектей қалпы кейбір адамдардың,

Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың.

Асылды жасық пенен танымайтын

Сынынан сақта, Алла, надандардың [1, 36].

Өзің түсінбейтін нәрселерге араласпа, сынап, кеңес беру надандардың ісі екенін айта келе, ақымақтық, менмендіктен сақ болу керек екенін ескертеді. Бұлбұл өзінің әдемі әнімен табиғатты баурап алады. Бұлбұлдың талантын бәрі де жоғары бағалайды, оны мақтан тұтады. Тек, есек қана оны түсінбеген болады, мойындағысы келмейді. Демек, автор жақсы мен жаманды айырмау адам бойындағы нашар қасиет екенін түсіндіреді. А. Байтұрсынұлы қазақ ұғымына түсінікті болу үшін, «шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа», «койлар да күйісін тыйды», «сары жезден саф алтын» тіркестерін орынды қолданған. Яғни, шығармашылық еркіндікке барған. Мақсат: қазаққа таныс тіркестер, қолданыстағы дүниелер арқылы санаға ой салу. Ең бастысы, халықтың ұлттық рухын ояту үшін, А.

Байтұрсынұлы аудармалары жаңаша сипатта жарқын көрініс берді.

«Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатты, көбіне аң, хайуанат, кейде зат түрлері жазылады да сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік, күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырып, сықақпен саналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз, астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді» [2, 36], – дейді академик З. Қабдолов. Бұл тұрғыдан алғанда, А. Байтұрсынұлының аударма мысалдарындағы тұжырымдардың тағылымы, халықтың ұлттық рухын оятуда жаңаша сипатта жарқын көрініс береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 201 –384 б.
2. Крылов И.А. 1946. Полное собрание сочинений. Т. 3. М.: ОГИЗ. – 250 стр.
3. Төлепберген Б. Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры //https://kazgazeta.kz/news/38781
4. Басни Крылова <https://deti-online.com/basni/basni-krylova/>
5. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, – 344 б.

УДК 80/81

Сейітбекова Айнұр Аташбекқызы

филология ғылымдарының кандидаты

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
Тіл тарихы және түркітану бөлімінің меңгерушісі*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘЛІПБИІ МЕН АНА ТІЛІН ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ

Аннотация

Мақала қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы А. Байтұрсынұлының әліпбиі мен ана тілін үйрету әдістерін ашып көрсетуге арналған. Қадим мен жадид жазу жүйесінің ерекшеліктері тұжырымдалады.

Түйінді сөздер: ана тілі, әліпби, қазақ тілі, төте жазу түрлері, қадим мен жадид жазу жүйесі, әдіс, таңба, Блум таксономиясы.

Аннотация

Статья посвящена раскрытию методов обучения азбуке и родному языку одного из лидеров национально-освободительного движения казахского народа начала ХХ века, реформатора национальной письменности, просветителя А. Байтұрсынұлы. Формулируются особенности системы письма Кадима и Жадида.

Ключевые слова: родной язык, алфавит, казахский язык, виды письма, система письма кадима и жадида, метод, знак, таксономия Блума.

Annotation

The article is devoted to the disclosure of methods of teaching the alphabet and the native language of one of the leaders of the national liberation movement of the Kazakh people of the early twentieth century, the reformer of national writing, educator A. Baitursynuly. The features of the Kadima and Jadida writing system are formulated.

Keywords: native language, alphabet, Kazakh language, types of writing, Kadim and Jadid writing system, method, character, Bloom taxonomy.

Қазақтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін жасаған игі істерінің бірі – қазақ әліпбиін құрастыруы. Қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізгені белгілі. Қазақ халқы сол жазулардың ішінде бірнеше ғасыр бойы араб графикасына негізделген түркі

қадим, жәдид, Ахмет Байтұрсынұлының *төте* жазу түрлерін пайдаланған.

Қадим жазу үлгісінің басты ерекшелігі – араб әліпбиіндегі 28 әріп таңбаларының барлығы дерлік (бір мәтін ішінде) қолданыста болған; екіншіден, дауысты дыбыстардың тек харакаттар арқылы ғана беріліп, жазуда таңбаланбаған. Харакаттар дауысты дыбыстардың мәнін берген. Дауыссыз дыбыстың астына не үстіне қосымша белгі болып қойылады. Қадим мен жадид жазу жүйесін арнайы зерттеген Г. Мамырбек: «Араб тілінде дауысты дыбыстары (харакаты қойылмаған) берілмеген сөздердің дұрыс оқылуы оқып отырған адамның грамматика жөніндегі біліміне және сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне байланысты, - дейді [1]. Бұл жазу жүйесінің үлгілері ортағасыр жазба мұралары мен XVIII–XIX ғғ. қазақ жазбаларында қатты сақталған. Қадим жазуында тек таза араб әліпбиін емес, жалпытүркілік әліпбиді қолданған. Одан кейін қадим жазуы біртіндеп жадид жазу жүйесіне ауыса бастайды. Жадид жазуыменмерзімді баспасөздері «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттерінің мәтіндері жазылады [2]. Жадид жазуының қадим жазуынан басты ерекшелігі – дауысты дыбыстардың харакаттар (дауысты дыбыстар) арқылы емес, таңба арқылы беріледі. Түпнұсқа принципімен кірме («араб, парсы) сөздері қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне икемделіп жазыла бастайды. Қазақ сөздерін таңбалауда араб әліпби жүйесіндегі кейбір әріптер алынып тасталады.

Жалпы қадим мен жадид жазулары көпшілік қауымның сөйлеу тілінен алшақ, жалпыхалықтық сипатта емес, элитарлық топтың ғана игілігі болған. Қадим мен жадид жазуларының қазақтың төл ерекшелігін көрсететін әліпби емес екендігін түсінген Ахмет Байтұрсынұлы жаңа әліпби әзірлейді. Әрине Ахмет Байтұрсынұлы қазақ санасына ислам дінімен келген араб әліпбиін басқа графикадағы әліпбиге ауыстыру аса қиын екенін біле отырып, араб әліпбиі негізінде тұңғыш рет «Қазақ әліпбиін» құрастырады. Бұл қазақ халқының жазу тарихындағы үлкен жаңалық болды. Ұлы реформатор қазақ тілінің дыбыстық әуезіне сәйкес келмейтін таңбаларды шығарып тастайды. Сөйтіп, жалпы әріптердің саны 24 болады. Оның 17-і – дауыссыз, 5-і – дауысты және бір дәйекше. Ғалымның әліпби түзудегі басты жаңалығы – 5 дауысты дыбысты төл тіліміздің табиғатына сәйкес икемдеп бергені, сөздің жуан және жіңішке әуезде оқылуын дәйекше арқылы жүйелегені.

Осылайша әліпбиді жүйлеген Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балалары мен үлкендердің сауатын ашуға арналған оқу-әдістемелік құралдарын жазуға кіріседі. Ұлы Ұстазымыздың қаламынан туған әдістемелік мұралары күні бүгінге дейін өз мәнін жоймаған құнды әрі өміршең еңбектер болып саналады. Қазіргі таңда тек қазақ қоғамында ғана емес, ғалымның еңбектерімен етене таныс өзге түркі ғалымдары мен шетел лингвистерідежоғары бағалап келеді. Жалпы зиялы қауымға Ұлы Ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан әр жылдары жарияланған «Әліппе», «Оқу құралы», «Тіл-Құрал», «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы», «Сауат ашқыш» еңбектері мәлім. Ғалымның сол кездегі мұғалімдерге қазақ тілін оқытудың әдістерін ұсына отырып, «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз.

Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр. Өткенге барлап қарасақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн болар. Бұны біз ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақаларынан да аңғарамыз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген.

Қазіргі таңда ересектерді оқытатын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде Блум таксомониясын басшылыққа алады. Блум таксомониясының 6 түрлі ережесі кез келген ақпаратты үйретудің ең ұтымды тәсілдері ретінде тәжірибеде дәлелденіп жүр. Себебі Блум таксомониясының

- білу – мағлұматтар мен ақпараттарды еске түсіру;
- түсіну – жаңа идеяны түсіну, ондағы негізгі идеяларды салыстыру, сипаттау;
- қолдану – жаңа білімді түрлі нұсқада пайдалану;
- талдау – дәйектер мен себептерге байланысты ақпаратты тексеру және жіктеу;

- жинақтау – ақпараттарды жүйелеу;
- бағалау – ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау» сияқты б ережесі сын тұрғысынан ойлауда, яғни ойлау дағдыларын қылыптастыруда, жетілдіруде соны әдістемелердің бірі делінеді.

Бір қызығы, осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өз заманында сан жылдар бұрын айтылып кеткен А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер *жалтылау (синтез)* немесе *жиылыңқы әдіс* теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі *жалқылау (анализ)* немесе *айырыңқы әдіс* деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде **қосу да, талдау да** болады. Ондай әдістер *жалқылаулы-жалтылаулы* немесе *айырыңқы-жиылыңқы* деп аталады.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категориялар қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алған жөн.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегінде қазіргі әдістеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгерудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады. Ғалым «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» –дегені сөзсіз ақиқат. Әдіскер тіл үйретуге мыналарды жатқызады: 1) **оқылым** – оқу үйрету; 2) **жазылым** – жазу үйрету; 3) **айтылым** – сөйлеу үйрету.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралының» өн бойында кездеседі. Мәселен, **оқылым** әрекетібуындап оқу, тұтас оқу арқылы; **жазылым** әрекетісөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; **айтылым** әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы;**тыңдалым** әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында Ахмет Байтұрсынұлының екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Әдіскер-ғалым өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітуді де естен шығармаған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі ? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма?

Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін нақты мысалдармен көрсетеді.

Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «*білім алушылардыңалған білімдерін күнделікті өмірде қолдану*» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында баяндалады: «Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру».

Осылайша қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың түр-түрін ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс табады. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады. Осыған орай Ұлы Ұстазымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған ғылыми мұраларын қайта зерделеу, жаңғырту, таныту – әрбір педагогтің міндеті деп есептеймін.

1. Мамырбекова Г. XVIII–XIX ғғ. араб жазулы ескерткіштеріндегі харакаттардың берілуі // ҚР ҰҒА Хабаршысы, Филология сериясы. №3, 2002. –96-101 -бб.
2. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. –188 б.

МРНТИ 0320

УДК 947.084.8"1941/1945"(092) (03)

Шаймерденова Мендығаным Джамалбековна
кандидат исторических наук, академик МАИИ
профессор Казахской национальной академии искусств им. Т.К. Жургенова
Алматы, Казахстан
Аманжолова Джемма Болатовна
кандидат филологических наук,
доцент кафедры русской филологии и мировой литературы КазНУ им. аль-Фараби

ИСТОРИКО- КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ КАЗАХСТАНА: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ И ВОССТАНИЕ 1916 ГОДА В СЕМИРЕЧЬЕ

Аннотация

Мақалада 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің орын алуы мен оны жаныштау барысында Жетісу жерінде орын алған босқыншылықтың барысы айқындалған. Босқыншылықтың салдарымен күрестегі Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі ашылады. «Қазақ» газеті төңірегіне жиналған ұлт қайраткерлерінің босқын Жетісу қазақтарын елге қайтару мен орналастыру, тамақтандыру орталықтарын ашуы сынды мәселелер талданады.
Түйін сөздер: босқын, көтеріліс, патша, саясат, ұлт, Жетісу, ұлт қайраткерлері.

Аннотация

В статье раскрывается ход восстания 1916 года в Семиречье в ходе национально-освободительного восстания и его подавления. Раскрывается общественно-политическая деятельность национальных деятелей во главе с Ахметом Байтұрсыновым в борьбе с последствиями восстания. Анализируются такие вопросы как возвращение и расселение семиреченских беженцев, оказание помощи беженцам национальными деятелями, сплотившихся вокруг газеты «Қазақ».

Ключевые слова: беженец, восстание, царь, политика, нация, Семиречье, национальные деятели.

Annotation

The article reveals the course of the 1916 uprising in Semirechye during the national liberation uprising and its suppression. The socio-political activity of national figures led by Akhmet Baitursynov in the fight against the consequences of the uprising is revealed. Such issues as the return and resettlement of Semirechye refugees, the provision of assistance to refugees by national figures who rallied around the newspaper "Kazakh" are analyzed.

Key words: refugee, uprising, tsar, politics, nation, Semirechye, national figures.

Национально-освободительное восстание 1916 года является уникальным освободительным движением, характеризующее историю борьбы и стремления к свободе казахского народа начала XX века. Данное освободительное движение является историческим событием, подытожившим национально-освободительные движения и восстания казахского народа, начавшиеся с вхождения его в состав царской России. Несомненно, потому что именно после завершения правления династии Романовых, возглавлявшая царскую Россию и колонизировавшая казахский народ была свергнута, а на смену ей пришло Временное правительство после Февральской революции. Поэтому есть все основания считать национально-освободительное восстание 1916 года историческим событием, подытожившим общее освободительное движение казахского народа.

Национально-освободительное восстание 1916 года явилось одним из проявлений трудностей

во внутренней политике царской России, вовлеченной в Первую мировую войну. Несомненно, Первая мировая война была большой трагедией не только для России, но и для подчиненного ей казахского народа. В годы войны усилился социальный и национальный гнет. Например, в годы Первой мировой войны усилились произвол и насилие царских чиновников по отношению к местному казахскому народу. Во-первых, продолжалось массовое изъятие наиболее плодородных земель казахского народа, в том числе рассматриваемых нами казахов в Семиреченской области. Например, в Семиреченской области в годы войны было изъято 1 800 тысяч десятин плодородных пастбищ и угодий. Казахам, истинным владельцам земель, были предоставлены непригодные пустынные и полупустынные районы, непригодные для любых видов сельскохозяйственной деятельности.

После выхода царского указа о мобилизации казахов на тыловые работы в Семиреченской области предполагалось реквизировать 87 тыс. человек, в общей сложности их численность должна была составить 400 тысяч человек. Конечно, не простые цифры. Следовательно, человек, независимо от своих прав, должен был быть привлечен насильственным способом к тыловым работам вблизи фронта.

Конечно, из-за отсутствия документов, удостоверяющих личность, было очень сложно точно определить возраст граждан. Этот факт приводил к грубейшим ошибкам в составлении списков участников тыловых работ не только в Семиречье, но и в целом в казахской степи. Не только богатые, но и те, у кого была возможность, уменьшали возраст своих детей, либо наоборот увеличивали возраст детей и таким образом формируя списки участников на тыловые работы. Несомненно, такая ситуация вызвала недовольство и протесты среди простых казахов. Это, в свою очередь, привело к неправильному представлению у казахов, что надо братья за оружие и вызвало такой лозунг как – «давайте сами умрем, взяв в руки оружие, чем убьем ребенка, отдав его на войну». Почему это был неправильный лозунг? Потому что сведения о том, что казахов привлекают на тыловые работы, или пропагандистская работа по объяснению, что казахов привлекают не на войну, а на тыловые работы, не велась на должном уровне. Конечно, в период массовых протестов среди казахов, алашские активисты во главе с Ахметом Байтұрсыновым стали активно заниматься разъяснительной работой.

В условиях войны либерально-демократическая интеллигенция во главе с Ахметом Байтұрсыновым объединились вокруг общенациональной газеты «Казах». А.Букейханов, М.Дулатов и другие сторонники, включая членов демократического движения М.Сералин, Б.Майлин, С.Донентаев пытались оказывать воздействие на народ через газету, тем самым сдерживая царских чиновников. Ахмет Байтұрсынов в своем обращении «Алаштың азаматы» («Гражданин Алаша») от 11 августа 1916 года сказал: *«Мы обращаемся к народу, что нельзя не подчиняться этому указу. Мы и раньше об этом уже много раз говорили. Когда говорят "не поддавайтесь указу", то надо подумать и сравнить: как это скажется на тех, кто "отказался выполнять указ", и какая участь постигнет тех, кто "согласился с указом"? Участвуя в тыловых работах ваш сын возможно умрет, но все же большей частью останется жив, но в этом случае народ не пострадает. (Под смертью мы подразумеваем смерть от болезней при участии на тыловых работах, но он не будет отправлен на войну и не будет убит на войне). В случае отказа от участия в тыловых работах, царское правительство может приложить все усилия для уничтожения вас, может направить карательные отряды, так как будет опираться на царский указ»* [1, 75-77].

Однако казахи, охваченные протестами и несправедливостью, не могли услышать слова национальных лидеров, которые искренне сочувствовали и говорили о том, что тыловые работы не будут опасны для их детей. Понятно, что работа в тылу не означает, что он должен взять в руки оружие и воевать на передовой. Это значит вести тыловые работы в прифронтовых районах, но не на арене военных действий. Однако при объяснении смысла июньского указа возникает закономерный вопрос, не были бы последствия столь тяжелы для казахов. Однако, июньский указ лишь послужил толчком к восстанию, национально-освободительное восстание стало неизбежным из-за колониальной политики царского правительства. Так началось восстание казахов в Семиречье. Однако вскоре восстание было подавлено царским правительством и народ подвергся преследованиям со стороны карательной армии царского правительства. В результате казахи, не выдержавшие лишения и наказаний, в частности 238 тысяч казахов Семиреченской области тежались в Китай в качестве беженцев. Это, безусловно, негативно стало сказываться на демографической ситуации.

Демографическая ситуация, сложившаяся после подавления восстаний семиреченских казахов против царского указа, привела к кризисному состоянию. При этом национальные лидеры начала XX века прекрасно осознали беспомощность казахов и смогли организовать активные действия по его ликвидации. Безусловно, в начале XX века казахский народ стал одной из наиболее угнетенных наций среди народов империи. Его главный показатель, несомненно, заключался в безжалостном изгнании со своей Родины, чрезмерном превышении размера налогов, в том, что жизнь казахского народа находилась в безвыходном положении. Увидев эту тяжелую ситуацию, Ахмет Байтұрсынов с горечью писал, что само существование казахов стало проблемой. Как комар, стремясь разбудить спящего казаха, организовал пресс-службу для информирования населения о международной политике [2, 45].

Одной из особенностей национальной интеллигенции начала XX века было то, что они не могли объединиться вокруг одной идеологии. Однако, целью каждого было увидеть, как казахский народ, оплакивая свою нужду, все же станет независимой страной. Однако для достижения этой цели каждый выбирал свой путь. Например, в то время как казахская национальная интеллигенция во главе с Ахметом Байтұрсыновым хотели добиться казахской государственности с учетом национальных особенностей, ряд представителей интеллигенции во главе с Т. Рыскуловым твердо верили, что эта цель может быть достигнута если идти по большевистскому пути. Однако были и те, кто придерживался мнения, что важно избежать влияния большевиков, объединив не только казахов, но и весь тюркский народ. Несомненно, во главе этой идеи стоял М. Шокай. Действительно, эта идея отличается своей живучестью, и на самом деле объединение тюркских народов в единое государство было бы, несомненно, уникальным путем избавления от влияния большевиков. Поэтому, чтобы не допустить реализации этой идеи, большевики во главе с И. В. Сталиным активно действовали, всячески преследуя ее лидеров и казахскую национальную интеллигенцию, вовлеченных в эту идею. Ведь если бы эта идея воплотилась в жизнь, то была бы возможность добиться суверенитета не только казахского, но и тюркских народов.

Одним из многих вопросов, волновавших казахскую национальную интеллигенцию начала XX века, наряду с неизбежностью государственности, стал вопрос ликвидации паники, имевшей место после подавления национально-освободительного восстания 1916 года. В частности, после карательных действий царских палачей, наряду с облегчением нелегкой судьбы казахов, исправлением тяжелого социально-экономического положения беженцев в Китае и возвращения семиреченских казахов-беженцев на историческую родину после политических преобразований и Февральской революции, вопрос стал основой общественно-политической деятельности национальных деятелей начала XX века во главе с Ахметом Байтұрсыновым. Однако, как мы уже говорили выше, оказание помощи беженцам-казахам стало общей проблемой казахской национальной интеллигенции, для которых политические взгляды друг друга не имели особого значения. Ведь среди национальной интеллигенции, оказывавших помощь казахским беженцам, наряду с лидерами Алаша были и те, кто способствовал установлению Советской власти в Казахстане [3, 27].

Мы уже упоминали, что одним из наиболее актуальных проблем, волнующих национальных лидеров начала XX века было формирование политического сознания казахского народа. Именно в основе этой важной задачи, после неотвратимого восстания, проблема казахов бежавших в Китай стала одним из наиболее важных направлений общественно-политической деятельности. Главным его показателем, несомненно, являлось то, что на страницах газеты «Казах» и других изданий, главным редактором которых в те годы был Ахмет Байтұрсынов, много было написано о бедственном положении и социально-экономической беспомощности казахов Семиречья в Китае. В статьях и докладах деятелей казахской интеллигенции начала XX века, раскрывалось жестокое отношение карательных экспедиций на территории Семиречья и о том, что эта жестокая расправа вынуждала семиреченских казахов бежать в Китай. Правда, мы видим, что демографическая ситуация в Семиречье резко изменилась за счет того, что казахи бежали в Китай спасаясь от карателей и их артиллерийского огня, при этом погибая в дороге от голода и холода. Кроме того, благодаря поискам и исследованиям деятелей Алаша во главе с Ахметом Байтұрсыновым мы узнаем о тяжелой жизни казахских беженцев, достигших Китая, и даже попытках продажи своих дочерей и жен, попрошайничестве.

К сожалению, вовлечение только казахского народа в столь сложную ситуацию угнетало алашевцев во главе с Ахметом Байтұрсыновым. Ведь в написанных им статьях говорится, что и

другие мусульманские народы, населявшие Российскую империю, могут подвергнуться таким же страданиям. А. Байтұрсынов пытался доказать это конкретными фактами, а не словами. В свою очередь, тяжкая участь казахов, которые являлись составной частью царской империи, были не в силах отстоять свои права на протяжении долгого времени, в частности, проблема долгое время оставалась запрещенной. В то же время алашская интеллигенция во главе с Ахметом Байтұрсыновым утверждала, что другие мусульманские народы России при этом молчали. И что только казахская национальная интеллигенция была обеспокоена тяжелой судьбой казахского народа в Китае [4, 22-25].

Национальные лидеры начала XX века во главе с Ахметом Байтұрсыновым проделали большую работу по стабилизации положения казахов в Китае. Создание ими «Комитета содействия казахским беженцам» также способствовало положительному решению проблемы. Главной целью комитета был сбор теплых вещей для оказания помощи казахам, оказавшимся в тяжелом материальном положении. С этой целью члены комитета приступили также к сбору денег у состоятельных и зажиточных казахов. «Жылу» («Тепло») - одна из древнейших казахских тридидий, означающая оказание благотворительной помощи, когда кто-то из родственников оказывается в тяжелом материальном положении. Казахская национальная интеллигенция, объединившаяся вокруг газеты «Казах» возглавляла данную работу. Например, на страницах той же газеты «Казах» в номере от 3 июня 1917 года приводится следующая информация. В статье «Комитет содействия казахским беженцам» казахи 10 районов Семиречья были разграблены калмыками, затем карательной царской армией, затем китайской армией.

По этой причине казахи, переселившиеся в Кульджу, говорят, что они погибали как скот, который умирал от голода. Главное, что в этом номере газеты была представлена информация о Кульджинском исполкоме и его бывшем главе Ювашеве, который оказывал помощь пожилым казахам в Китае. В свою очередь Ювашев направил телеграмму всем проживающим в России мусульманам с просьбой оказать материальную помощь. Ахмет Байтұрсынов публикует на страницах газеты «Казах» список лиц, оказавших материальную помощь семиреченским казахам в Китае. В списке тех, кто оказал помощь, начиная с максимальных 10 000 рублей, можно видеть тех, кто оказывал помощь не только из Казахстана, но и из разных уголков России. Именно на эти собранные средства Ювашев и казначей Фетчалилин начали процесс помощи казахам Китая [5, 1].

Казахская интеллигенция во главе с Ахметом Байтұрсыновым применяли казахские традиционные обычаи по спасению казахов, попавших в тяжелое бедственное положение. Они призывали всех казахов оказывать помощь казахским беженцам. И, несомненно, таким образом А. Байтұрсынов много работал для будущего своей страны. С этой целью А. Байтұрсынов пишет обращение «К гражданам Алаш», опубликованное в газете «Казах» 11 июня, в 231 номере о бедственном положении казахов, бежавших в Китай. А также о том, какую помощь получили из разных мест и какая помощь будет оказана для голодных и разоренных казахов. Обращение было подписано Ахметом Байтұрсыновым, Алиханом Букейхановым, Миржакып Дулатовым, Сейтазим Кадирбаевым, имамом Алимбековым, Жанузак Жанибековым, Ахмет Маметовым, Елдес Гумаровым» [6, 1].

В числе тех, кто оказывал помощь беженцам из Семиречья, были Абдигапар Жанбосынов и главный Сардарбек Амангельды Иманов, избранные ханами Тургайского народа, которые были лидерами восстания 1916 года на Тургае. В статье Комитета содействия, опубликованной в газете «Казах» в виде отчета говорится о той помощи, о тех пожертвованиях которые оказывала казахская интеллигенция: Алихан Букейханов 100 рублей, Ахмет Байтұрсынов 30 рублей, Сейдазим Кадирбаев 25 рублей, Имам Алимбеков 5 рублей, Жанузак Жанибеков 3 рубля, Ахмет Маметов 3 рубля. Всего 166 рублей. Абдигапар Жанбосынов и Амангельды по 25 рублей» [7, 2].

После таких последовательных действий большая часть казахов, бежавших в Китай стали возвращаться в Семиречье. Ситуация с беженцами, вернувшихся в Семиречье, не была идеальной. Об этом в своих статьях говорили алашские активисты, такие как А. Букейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, которые пытались привлечь внимание общественности к этой проблеме, а также пытались показать бедственное положение казахских беженцев. Хотя они и показывают на страницах газеты, что помощь беженцам оказывается, но однако этой помощи недостаточно, чтобы в полной мере удовлетворить потребности и нужды беженцев.

Положение казахских беженцев в Китае было невыносимым Только благодаря вмешательству алашских активистов во главе с Ахметом Байтұрсыновым казахи, ставшие беженцами, смогли

вернуться на родину лишь после Февральской революции и смерти царя Николая II и всей его семьи. Возвращение казахов беженцев было очень сложным и тягостным. При Временном правительстве алашским активистам во главе с Ахметом Байтұрсыновым удалось добиться помилования казахов. Именно алашские активисты по настоящему понимали насколько было бедственным и тяжким положение казахского народа в начале XX века. Казахские беженцы конечно же не хотели оставаться на китайской земле, оособно после того как они были помилованы. Поэтому, не смотря на зиму и невыносимый холод, они возвращались в Казахстан несмотря сложные горные переходы и лавины, оползни, которые происходили при передвижении.

В тот период около 250 тысяч семиреченских казахов, преследуемых царскими и китайскими военными бежали в Китай. Судьба казахских беженцев в Китае была очень тяжелой и несомненно, процесс миграции большого количества населения негативно сказался на демографической ситуации Семиречья. Количественный состав казахских сел Семиречья претерпел серьезные изменения, сложилась кризисная ситуация с точки зрения национального демографического роста [8, 32].

При этом именно казахская национальная интеллигенция во главе с Ахметом Байтұрсыновым стремились стабилизировать и восстановить демографическую ситуацию в Семиречье и решить непростую судьбу семиреченских казахов-беженцев на благо нации. При этом к понятию казахской национальной интеллигенции можно отнести не только алашскую интеллигенцию, но и большевистскую и тюркоязычную интеллигенцию, сформировавшуюся в начале XX века. В результате их активных действий было объявлено о помиловании казахов Жетысу. Конечно, провозглашение помилования неразрывно связано с уходом царской власти после Февральской революции.

Несмотря на то, что при Временном правительстве семиреченские казахи смогли вернуться на свою историческую родину, но и после возвращения их жизнь не улучшилась. Местные русские крестьяне и органы власти относились к казахам с подозрением. Надо отметить, что казахская интеллигенция старалась установить контакты с китайским правительством по решению вопроса о безопасном возвращении казахов-беженцев на родину. Дело в том, что возвращение казахов на родину с нетерпением ждали как русские солдаты, так и вооруженные калмыцкие отряды с целью ограбления и мародерства по отношению к возвращающимся беженцам-казахам.

Отношения беженцев и русских крестьян были очень сложными. Среди прибывших русских крестьян стали формироваться так называемые банды, которые занимались грабежом казахских беженцев. Главным преимуществом было то, что казахи были безоружны, а русские крестьяне были вооружены. И есть все основания полагать, что такое положение дел, несомненно, являлось результатом политики царского правительства. Ведь до этих событий царское правительство видело в русских крестьянах опору и орудие своей колониальной политики и начинало массово вооружать их. Соответственно изъятие оружия у казахов неизбежно ослабляло казахов перед русскими переселенцами крестьянами. Казахская интеллигенция во главе с Ахметом Байтұрсыновым старалась добиться четкого решения в этом вопросе. Они смогли внести в повестку дня решение о том, что для нормализации ситуации и восстановления мира в крае необходимо сначала разоружить русских крестьян и добиться исполнения этого решения.

В результате активной работы казахской национальной интеллигенции во главе с Ахметом Байтұрсыновым были открыты центры помощи казахским беженцам, а в результате телеграмм, направленных в различные государственные органы, стала оказываться финансовая помощь для урегулирования материального положения казахских беженцев Семиречья. Надо отдать должное и татарам-мусульманам, башкирской интеллигенции, которые также проводили такие же виды работ по оказанию помощи семиреченским беженцам. Вместе с тем, не только казахская национальная интеллигенция, но и широкая общественность начали оказывать помощь и создавать различные организации для регулирования социально-экономического положения семиреченских беженцев. Несомненно, подобные действия казахской национальной интеллигенции были направлены на улучшение демографической ситуации в Семиречье, но и в конечном счете, желанием исправить в целом демографическую ситуацию в стране. Правда, проблем и трудностей было много, но тем не менее, мы можем однозначно заключить, что проделанная работа была достаточной.

Список использованных литератур

1. Әшекева Н. XX ғ. бас кезіндегі Қазақстандағы саяси әлеуметтік процесс лидерлерінің көзқарастары. – Алматы: «Ғылым», 2004. – 125 б.

2. Джамбулов Д. Национально-освободительное движение в Казахстане. – Алматы «Жеті жарғы», 2001. – 161 с.
3. Қаһарлы 1916 жыл. – Алматы: «Қазақстан», 1998. – 422 б.
4. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: «Қазақстан», 1994. – 126 б.
5. Комитет содействия беженцам // Казах. 1917. – № 232. – С. 2.
6. Алаш азаматтарына // Қазақ. 1917. – № 233. – 1 б.
7. Жәрдем комитетінің мәліметі // Қазақ. 1917. – № 233. – 2 б.
8. Койгельдиев М. Восстание 1916 года и казахская интеллигенция // История казахов. – Алматы, 1998. – 325 С.
9. Койгельдиев М. «Алаш козгалысы» (Движение «Алаш»). – Алматы, 1996.
10. Нурпеисов К. «Алаш» и «Алаш-Орда». – Алматы, 1995.

УДК 378.013.42

Шәрібжанова Ғалия Ғабдоллақызы

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ғ. Дәукеев ат. Алматы энергетика және байланыс университеті
Алматы қ., Қазақстан

НИЕТ ҚҰБЫЛЫСЫН ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада ниет пен ниеттілік құбылыстарына байланысты прагмалингвистиканың өзекті мәселелері қарастырылады. Лингвистикалық прагматика және сөйлеу актілерінің теориясы коммуникативтік ниетті талдаудың тиімді ғылыми әдісі ретінде қабылданады. Осымен байланысты сөйлеу актілерінің түрлері көрсетіледі. Сөйлеу тәртібінің ниеттілік құбылысын зерттеу қазіргі лингвистиканың өзекті міндеттерінің бірі болып қала береді. Сондықтан автор қазіргі тіл білімінде ниет ұғымын енгізген прагмалингвистиканың негізін қалаған сөйлеу актілері теориясын жасаушы отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулеріне жүгінеді. Ниет ұғымының функционалды грамматикадағы әртүрлі формалардың семантикалық функцияларын сөйлеушінің ниетімен, коммуникативті сөйлеу-ойлау қызметінің мақсаттарымен байланыстыруы талданады. Демек сөйлеу ниеті сөйлеушінің мақсаты мен мотивтеріне, сөйлеу стратегияларының тікелей көрсетілуіне және жоспарланған перлокативті әсерге байланысты анықталады. Тіл білімінде яғни сөйлеу актісінің коммуникативті-мақсатты проблемаларына және оған қол жеткізуге ықпал ететін/кедергі келтіретін қолданылатын тілдік сөз тіркестеріне көп көңіл бөлінеді. Қарастырылып отырған міндеттердің бірнеше пәннің түйіскен жерінде көрінетіні түжырымдалады.

Түйінді сөздер: коммуникативті ниет, ұжымдық және жеке ниет, грамматикадағы ниет, сөйлеу актілері, иллюстративті күш және пропозициялық мазмұн.

Аннотация

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы прагмалингвистики, связанные с явлениями интенции и интенциональности. Лингвистическая прагматика и теория речевых актов воспринимаются как эффективный научный метод анализа коммуникативных намерений. В связи с этим указываются виды речевых актов. Изучение феномена интенциональности речевого поведения остается одной из актуальных задач современной лингвистики. Поэтому автор обращается к исследованиям отечественных и зарубежных ученых-создателей теории речевых актов, заложивших основы прагмалингвистики, которые ввели понятие интенциональности в современной лингвистике. Анализируется соотношение понятия намерения с намерением говорящего, смысловых функций различных форм в функциональной грамматике, с целями коммуникативной речево-мыслительной деятельности. Следовательно, речевое намерение определяется целью и мотивами говорящего, непосредственным отражением речевых стратегий и планируемым перлокативным эффектом. В лингвистике большое внимание уделяется коммуникативно-целевым проблемам речевого акта и используемым языковым фразам,

способствующим/препятствующим его достижению. Формулируется, что рассматриваемые задачи проявляются на стыке нескольких дисциплин.

Ключевые слова: коммуникативная интенция, коллективная и индивидуальная интенциональность, интенциональность в грамматике, речевые акты, иллокутивная сила и пропозиционное содержание.

Annotation

This article deals with topical issues of pragmalinguistics related to the phenomena of intentionality and intentionality. Linguistic pragmatics and the theory of speech acts are perceived as an effective scientific method for analyzing communicative intentions. In this regard, the types of speech acts are indicated. The study of the phenomenon of intentionality of speech behavior remains one of the urgent tasks of modern linguistics. Therefore, the author refers to the studies of domestic and foreign scientists, creators of the theory of speech acts, who laid the foundations of pragmalinguistics, who introduced the concept of intentionality in modern linguistics. The correlation of the concept of intention with the intention of the speaker, the semantic functions of various forms in functional grammar, with the goals of communicative speech and mental activity are analyzed. Consequently, speech intention is determined by the speaker's purpose and motives, by direct reflection of speech strategies, and by the planned perlocutive effect. In linguistics, much attention is paid to the communicative-target problems of the speech act and the language phrases used that contribute to / hinder its achievement. It is formulated that the considered tasks appear at the intersection of several disciplines.

Key words: communicative intention, collective and individual intentionality, intentionality in grammar, speech acts, illocutionary force and propositional content.

Ниет және ниет ету құбылыстарын философияда отандық және шетелдік ғалымдар өз зерттеулерінде адамның санасы арқылы ынта-жігерінің көрінісімен сипаттаған. Осы ұғымға төмендегідей түсініктемелер берілген.

«Интенция (лат. intentio — ұмтылу) - сананың затқа бағытталуын немесе зат бейнесінің ойда сақталуын сипаттайтын идеалистік философияның ұғымы. Интенция сананың мәнін білдіретін ерекше қасиет деп есептеледі. Бұл ұғым ежелгі грек философиясында стоиктердің ілімі бойынша ең жоғарғы рухани күш, ақыл, ынта-жігердің негізі деп саналды. Сенека интенция ұғымын рухтың қозғалу жолдарын бейнелеуге қолданады. Фома Аквинский интенцияны танымның қаруы, сана осы интенция арқылы объектіні түйсініп, оны интеллектуалды және интеллигибелді игереді дейді. Интенция жөніндегі ілім Ф.Брентаноның идеалистік философиясы мен Гуссерль «Феноменологиясына» негіз болды. Интенция теориясы жеке адам санасында объектінің бейнеленуі бүкіл тарихи қоғамдық практиканың нәтижесі екенін түсінбеуден туады» [1]. Жоғарыда келтірілген пайымдауларға сүйенсек, ертедегі философияның өзінде адамның мақсатты ұмтылысын ақыл-ой деңгейімен өлшегенін байқауға болады. Тартымдылық, бір нәрсені жүзеге асыруға деген ұмтылыс болып табылатын тілектен ниеттің (интенция) айырмашылығы, іске алған ой жоспарланған іс-қимыл ретінде түсініледі, сондықтан ниетті ең алдымен ойластырылған жобамен байланыстыру орынды болып көрінеді. Ниет - коммуникативті ниет - монолог немесе диалог түрінде мәлімдеме жасау әрекеті түрінде пайда болуы мүмкін. Әртүрлі сөйлеу (коммуникативтік) ниеті — сөйлеу актісінің жүзеге асырылуы. Ниет бейсаналық ниетті де білдіруі мүмкін, сөзбе-сөз алсақ, «мені өзін қалаған жерге апаратын нәрсе» дегенді білдіреді.

Ниет (интенция) – сөйлеушінің сөйлеу актісіне дейінгі ішкі дайындығының бір кезеңі. Сондықтан сөйлеу ниеті (интенциясы) сөйлеу құралдарының негізгі мазмұнды беретін вербалды түрімен қоса, вербалды емес түрлерін, сөйлеу жылдамдығын, үнін, дауыс ырғағын, ым-ишарат белгілері сияқты паралингвистикалық сөйлеу құралдарын да таңдауды талап етеді. Яғни, интенция сөйлеу әрекеті кезінде өз мазмұнына қыруар ақпаратты жүктейді. Ендеше осы сөйлеу актілерінің түрлеріне тоқтала кетейік:

Сұхбаттасушымен сөйлеу актісіне қатысып, ақпарат алмасуға бағытталған ниеттер (интенциялар):

- коммуникацияға түсу (қоғамдық және тұрмыстық қызмет көрсету орындарында, жұмыста, кеңседе, жиналыста, мәжілісте, конференцияда, семинарда, мекемелер мен ұйымдарда);
- сұхбаттарды жүргізу әдебі, сұхбатты бастау, жалғастыру, аяқтау;
- ресми-іскери іс-шаралар (жиналыстар, мәжілістер және т.б.) ұйымдастыру және өткізу барысында қатысымға түсу;

- әлеуметтік желіде ақпарат беру/алу, электронды хат жазу, кәсіби-іскери дағдыларындамыту;
- сөйлеу әдеби формалары: сәлемдесу және қоштасу түрлері (*сұхбаттасушының жас ерекшелігі, лауазымы, әлеуметтік орнына қарай*); танысу (*ресми және бейресми өзін таныстыру, басқа адамды таныстыру*); кешірім сұрау; тілек айту; алғыс білдіру; белгілі бір жағдаятқа сәйкес эмоциясынбілдіру;
- қаратпа түрлері (*есімін, толық аты-жөнін айту, жеке қатысымдағы қаратпа сөздер, топқа айтылатын қаратпалар, таныс емес адамға айтылатын қаратпа формалары, телефон арқылы сөйлесу формалары, ресми және кәсіби қарым-қатынасқа арналған қаратпасөздер*);
- құттықтау және алғыс білдіру (*мерекелер, кәсіби мерекелер, алғысхат, құттықтау хаттүрлері*).

Сұхбаттасушыға коммуникативтік ықпал жасауға бағытталған реттеуші ниеттер:

- әртүрлі жағдаяттардағы іс-әрекетті жүзеге асыруға өтініш білдіру;
- құттықтау, алғыс білдіру және шақыру түрлері (*ресми, бейресми*);
- әртүрлі жағдаяттардағы әрекеттерді жүзеге асыруға түрткі болу, қозғау салу формалары;
- келісу/келіспеу, мақұлдау/мақұлдамау, сенімсіздік білдіру формалары (*ресми, бейресми*);
- ресми және кәсібисалаларға қатысты жағдаяттарда кеңес беру, ұсыныс айту, талап ету, бұйрық беру формалары (*ресми, бейресми*);
- тілек, ниет, қалау түрлері (*өз бетінше, сұхбаттасушымен бірге немесе басқа адамдармен бірігіп жұмыс атқару, іс-шара орындау, өткізу*).

Бағалау-эмоциялық ниеттер (*іс-қимыл, оқиға, зат, адамдарға эмоциялық қатынастың және көзқарастың, бағалаудың берілуі*):

- адамға, затқа, дерекке, оқиғаға пікір білдіру, қатысым жағдаяты мен сөйлеу әдебіне сәйкесбағалау;
- іс-қимылдың, оқиғаның немесе заттың артықшылығын/кемшілігін көрсету, жағымды/жағымсыз әрекетке баға беру;
- оқылған, тыңдалған, көрген ақпаратқа қызығушылықтаныту;
- болжам жасау, оны растау немесе жоққашығару;
- эмоциялық күй-қалыпты жеткізу (қуану, таң қалу, ренжу, ниет білдіру, кінәлау және т.б.).

Коммуникативтік-ақпараттық және ақпараттық-сипаттамалық ниеттер:

- сөйлеу мақсатына сай қажетті ақпараттарды табу, іріктеу, саралау;
- қажетті білік-дағдылар (*өзі білетін ақпараттар мен мәліметтер бойынша пікір алмасу, пікір білдіру, қорытынды жасау, баяндау, мазмұнын айту, түсіндіру, дәлелдеу; қалыптасқан жағдайды, мәселені сипаттау; іс- әрекеттің орны мен мезгілін, себебін, мақсатын нақтылау*) [2].

Жалпы алғанда ниет тұжырымдамасының ұзақ тарихы бар. Өйткені ол орта ғасырлық схоластикада пайда болып, сананың, ойлаудың қандай да бір объектіге ниетін, мақсатын, бағытын білдірген.

Ниет - қазіргі философиядағы, психологиядағы және лингвистикадағы негізгі ұғымдардың бірі. Ғылымның әр саласында бұл термин ерекше мазмұнға ие. Қазіргі тіл білімінде ниет ұғымын енгізген прагмалингвистиканың негізін қалаған сөйлеу актілері теориясын жасаушылардың бірі Дж. Остин.

Ниет анықтамаларында осы құбылыстың әртүрлі аспектілері ерекше атап өтіледі. Сонымен, Г. П. Грейстің анықтамасы бойынша, ниет - спикердің мәлімдемде белгілі бір субъективті мағынаны жеткізу үшін бір нәрсені хабарлау ниеті. Бұл субъективті мағына «а бір нәрсені білдіреді, х деп айтады» деген ұғымға дейін азаяды; сөйлеушілердің ниеті және оларды тыңдаушылардың тануының сәттілігі белгілі бір тілдік қоғамдастықтағы белгілі бір мағыналарға қатысты «келісімдермен» байланысты болды. Дж. Серль келесі форманы келтіреді-S (p), мұнда «S» әрпі психологиялық күйдің түрін білдіреді, ал «p» - бұл күйдің пропозициялық мазмұны. Ниет функциялары тек алдын ала немесе түсініксіз қабілеттерге ие бола отырып, орындау шарттарын белгілеуден тұрады. Автордың пікірінше, ниет жеке ғана емес, сонымен бірге ұжымдық болуы мүмкін; ұжымдық ниет адамдар тобына ақшаға, мүлікке, некеге қатысты, ең алдымен сөйлеу актілері теориясымен байланысты жалпы институционалды фактілерді жасауға мүмкіндік береді және тілдік бірліктердің иллюстративті функциясын сипаттайтын терминологиялық аппараттың бөлігі болып табылады. «Менің ойымша, тілде сөйлеу немесе жазу - бұл иллюкативті актілер деп атауға болатын ерекше сөйлеу әрекеттерін жасау. Бұған мәлімдемелер жасау, сұрақтар қою, бұйрықтар беру, уәде беру, кешірім сұрау, ризашылық білдіру және т. б. Мен сонымен бірге біз айтқан сөздер мен сөйлемдердің мағыналары мен осы сөздер мен сөйлемдерді айту арқылы шығаратын иллюкативті актілер арасында жүйелі байланыс бар» [3].

Ниет ұғымы функционалды грамматикадағы жазбаларда да қолданылады. Грамматикалық категорияларға қатысты ниет туралы айтатын болсақ, біз грамматикалық формалардың семантикалық функцияларын сөйлеушінің ниетімен, коммуникативті сөйлеу-ойлау қызметінің мақсаттарымен байланыстыруды айтамыз. Ал А. В. Бондарко сөйлеу актілерінің теориясын ескере отырып және оның даму нәтижелерін ескере отырып, ниет ұғымын ерекше аспект бойынша түсіндіреді, атап айтқанда, талдау тақырыбы сөйлеудің коммуникативті мақсаттары емес, грамматикалық формалардың семантикалық функциялары, олардың сөйлемнің семантикалық мазмұнына, сөйлеушінің нені білдіргісі келетініне қатысты. Ұсынылған интерпретациядағы ниет ұғымы екі аспектіні қамтиды: 1) семантикалық ақпараттылық аспектісі (өзектілігі); 2) сөйлеу актісіндегі спикердің ниетімен, коммуникативті мақсатпен, спикердің мақсатты іс-әрекетімен, яғни осы қарым-қатынас жағдайында білдіргісі келетін нәрсемен байланыс аспектісі («нақты ниет» аспектісі). Ниет ұғымының көрсетілген аспектілері бір-бірімен тығыз байланысты [4; 29].

Ниет мәселелеріндегі ең күрделі мәселелердің бірі - бұл белгінің болуын немесе болмауын, сондай-ақ оны өзектендіру дәрежесін анықтау критерийлері мен әдістері. Белгілі бір дәрежеде жоғарыда аталған уақыттардың, түрлердің және т.б. қарама-қайшылықтарын, сондай-ақ сөйлеушінің сөйлеу процесінде енгізген түзетулерін, тыңдаушының репликаларын олардың семантикалық функцияларымен жеке формалардың бөлінуін көрсететінін қолдануға болады. Грамматикалық семантиканы оның тұжырымның мағынасына қатысты қарастыруы мағына мен функцияның арақатынасының жалпы проблемаларымен тығыз байланысты. Ең алдымен тілдік жүйемен байланысты мағына ұғымы оның функцияға қатынасы тұрғысынан мақсат ретінде қарастырылады. Грамматикалық мағыналардың ерекше аспектісіне - сөйлеушінің ұстанымына, ол білдіргісі келетін нәрсеге қатынасына назар аудару керек. Грамматикалық мағынада категориялық жүйенің элементі ретінде ақыл-ой және сөйлеу әрекеті процесінде сөйлеушінің ниетімен байланысты қасиеттерді анықтауға болады [4; 41]. Сөйлеу ниеті мәлімдемені іске асырудан бұрын стратегиялық жоспар ретінде қалыптасады. Стратегияға байланысты спикер / жазушы ниеттің тілдік көрінісінің тікелей немесе жанама әдістерін таңдайды. Өз кезегінде, адресаттың тілдік тәжірибесі, оның коммуникативті құзыреті тілдік құралдардағы қасақана компонентті дұрыс декодтауға көмектеседі. Сөйлеу актілерін иллюстративті тәуелсіз деп бөлуге болады, онда сөйлеушінің мақсаты жетекші және иллюстративті тәуелді - олардың мақсаты толығымен мәнмәтін арқылы немесе диалогтегі алдыңғы репликалармен анықталады, яғни сөйлеу қарым-қатынасында сөйлеу актісі бастамашысының бастапқы ниеті және жағдайдың әсерінен пайда болатын қайталама ниеті анықталады [5; 86-87]. Баяндамашы / жазушы өз қалауы бойынша немесе жағдайдың қысымымен қарым-қатынас кезінде сөйлеу ниетін өзгерте алады, оған елеулі түзетулер енгізе алады. Мәлімдеменің мақсаты түсінікті де, жасырын да болуы мүмкін. Сөйлеу ниетінің айқындылығы және олармен байланысты мәлімдеменің иллюкациялық күші көбінесе сөйлеушінің мақсаты мен мотивтеріне, сөйлеу стратегияларының тікелей көрсетілуіне және жоспарланған перлокативті әсерге байланысты [6].

Жоғарыда айтылып өткендей, философия мен психологиядан прагматикаға тартылған ниет сөйлеу актілері теориясындағы иллюкация ретінде қарастырылады. Әрбір сөйлеу әрекетінің өзіндік сөйлеу ниеті бар (иллокативті күш / иллокативті мәжбүрлеу). Сондықтан сөйлеу актілерінің типологиясы табиғи түрде сөйлеу әрекетінің типологиясын тудырды.

Сөйлеу қабілеті белгілі бір сөйлеу актісінің ниетін ашатын грамматикалық маркерлерге ие. Ниеттің лексикалық және морфологиялық маркерлеріне шешім қабылдау етістіктері, тілек етістіктері, әрекет етістіктері, орындау («ойлау», «қалау», «ант беру» және т.б.), синтаксистік – мақсат мәнді сөйлемдер, жалпы сұрастыру сөйлемдері, ниет мәні бар инфинитивті сөйлемдер және т. б. жатады. [7].

Ал перлокативтік әсер бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардық мынадай тұжырымдамасын келтіруге болады: «Адам сөйлеу кезінде өзінің мақсатына жету үшін өзінің тыңдаушысына белгілі бір деңгейде әсер етеді. Сөйлеу актісі – өзінің нәтижелерін көрсететін перлокутивтік акт. Перлокутивтік акт тыңдаушыға әсер етуді (адресаттың ішкі әлемінде өзгерістер өтуін) мақсат етеді. Егер адресат сөйлеушінің діттемін түсінбеген не оны назарға алмаған жағдайда акт жүзеге аспады деп айта аламыз. Сөйлеу актісінің нәтижесі, адресаттың реакциясы коммуникацияның перлокутивтік аспектісін көрсетеді» [8].

Сөйлеу тәжірибесінде сөйлеушінің стратегиясы оның нақты ниеттерін тікелей түсінуді қамтымайтын жағдайлар да кездеседі. Қарым-қатынастың әр жағдайында коммуниканттардың өзіндік көзқарасы, сөйлеу интеракциясында жауап беру тактикасы бар. Әлбетте, спикердің ниетімен

қатар, адресаттың да маңызы зор, өйткені қарым-қатынас актісі ауызша қарым-қатынастың барлық қатысушыларының ниеттерінің өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады. Сөйлеу актісінің перлокативті әсері қарым-қатынасқа қатысушылардың ниеттерінің үйлесімімен дәл қалыптасады, өйткені «адресат спикер сияқты адам және оның коммуникативті актідегі ниеті спикердің ниетінен кем емес. Тек осы екі ниеттің сәтті үйлесімімен /спикер үшін қолайлы / адресаттың белгілі бір әрекетті орындауы спикер күткен нәтижеге қол жеткізе алады» [9; 109].

Мәлімдеменің қасақана құрылымы өте күрделі құбылыс. Бұл тіл функциялары мен тілдік бірліктердің бірқатар функцияларын жүзеге асырумен тығыз байланысты, олардың ішінде реттеуші функцияны, конативті/сипаттамалық/, апелляциялық, аффективті, бағалау, интерактивтік/тұлғааралық/, дискурсивті, металингвистикалық және т.б. атауға болады. [10].

Сөйлеу актісінің қасақана құрылымын зерттеудің күрделілігі нақты қарым-қатынаста сөйлеушінің бірнеше түрлі мақсаттары мен ниеттерінің қабаттасуымен байланысты, сондықтан сөйлеу стратегиясының тиімділігі мақсаттардың максималды санына немесе олардың иерархиясына байланысты бағаланады.

Тіл білімінде тілдің белсенді аспектісіне, яғни сөйлеу актісінің коммуникативті-мақсатты сипаттамаларының өзара әрекеттесу проблемаларына және сөйлеудің коммуникативті мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін/кедергі келтіретін қолданылатын тілдік сөз тіркестеріне көп көңіл бөлінеді. Қарастырылып отырған міндеттер бірнеше пәннің (сөйлеу актілері теориясы, байланыс теориясы, психолінгвистика, социолінгвистика және т.б.) түйіскен жерінде көрінеді. Осымен байланысты күнделікті сөйлеу тәжірибесінде тілді қолдану тұжырымдамасын әзірлеу және сөйлеу тәртібінің ережелерін анықтау, коммуникативті стратегияларды және сөйлеу тәртібінің тактикасын дамыту бойынша сөздің пайда болу процестерін талдауға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл тақырыпқа жүгіну қазіргі прагматикалық теориялар (сөйлеу актілері теориясы, сөйлеу әрекеті теориясы), тіл құралдары мен сөйлеушінің ниетін білдіру тәсілдері аясында зерттелетін тұжырымдаманың жұмыс істеу орны, рөлі мен принциптері туралы идеялардың жеткіліксіз жүйеленуіне байланысты екені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 1975. Қазақ ССР Ғылым академиясының бас редакциясы. 5-том.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзіреттіліктері. Орта деңгей. – Астана, 2015 жыл.
3. 12. Серль Дж. Логический статус художественного дискурса // Логос. 1999. № 3. С. 34-47.
4. Бондарко А.В. К проблеме интенциональности в грамматике (На материале русского языка) // Вопросы языкознания. 1994. №2, -С. 29-42.
5. Баранов А.Н., Крейдлин Г.Е. Иллокутивное вынуждение в структуре диалога // Вопросы языкознания. 1997. №2, С. 84-100.
6. Иванова Н.К., Мощева С.В. Интенциональный аспект рекламного дискурса: фонетикоорфографические особенности: Монография. М.: РИОР: ИНФРА-М, 2011. 182с.
7. Бондарко А.В. Лингвистика текста в системе функциональной грамматики / Текст. Структура и семантика. М., 2001. Т. 1. - С. 4-13
8. Кенжеқанова Қ. К. Саяси дискурстың прагматикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша). 6D020500 – Филология. Философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2015. 27-бет.
9. Еремеев Я.Н. Директивные высказывания с точки зрения диалогического подхода // Теоретическая и прикладная лингвистика. Язык и социальная среда. Вып. 2. Воронеж, 2000. С. 109-126.
10. Демьянков В.З. Намерение в интерпретации и интерпретация намерений в речи // Текст: Структура и анализ. Москва, 1989. С. 41-46.

ӘОЖ 39(574)
МРНТИ 02.91.91.

Мейрманов Аманжол Досжанұлы
гуманитарлық ғылымдар магистрі
ҚР ҒБМ Абай ат. ҚазҰПУ аға оқытушысы
ҚР ҒБМ ҒК ФСДИ философия орталығының аға ғылыми қызметкері

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Аннотация

Мақалада А. Байтұрсынұлының әдебиетті асыл сөз өнері деп танып, оның танымдық, көркем бейнелік, терең рәміздік қасиеттерін ашуға, ұлттық ерекшелігі мен халықтық сипатын көрсетуге, эстетикалық әсері мен этикалық гиратын бағамдауға назар аударғаны тұжырымдалады. Пәндік ұғымдарды, терминдік атауларды, категориялық түсініктерді, стильдік айырмашылықтарды саралап, жүйелеп, талдап, нақты атаулары мен философиялық мағынадағы анықтамаларын бергені талданады. Қазақ гуманитарлық ғылымының негізгі әрі басты саласы болған сөз өнерінің және тіл білімінің ғылыми-теориялық негізін жасаған ғалым осы саланың тарихи-мәдени заңдылықтарын, әлеуметтік-қоғамдық маңызын, көркемдік-эстетикалық мазмұнын алғаш рет айқындап берген.

Түйінді сөздер: сөз өнері, терминдік атаулар, әдебиет теориясы, философиялық мазмұн.

Аннотация

В статье констатируется, что А. Байтұрсынұв признавал литературу благородным искусством выражение и уделял внимание раскрытию ее познавательных, художественных, образных, глубоких символических качеств, выражению национального самосознания и национального характера, оценке эстетического и этического воздействия. Анализирует, систематизирует, предметные понятия, терминологические названия, категориальные аппарат, стилистические различия, дает видовые названия и определения философского значения. Ученый, создавший научно-теоретические основы риторики и языкознания, являющихся главной и основной отраслью казахского гуманитарного знания, впервые определил историко-культурные закономерности, общественно-социальное значение, художественно-эстетическое содержание этой отрасли.

Ключевые слова: искусство слова, терминология, теория литературы, философское содержание.

Abstract

The article states that A. Baitursynov recognized literature as a noble art of expression and paid attention to the disclosure of its cognitive, artistic, figurative, deep symbolic qualities, the expression of national identity and national character, the assessment of aesthetic and ethical impact. Analyzes, systematizes, subject concepts, terminological names, categorical apparatus, stylistic differences, gives specific names and definitions of philosophical meaning. The scientist who created the scientific and theoretical foundations of rhetoric and linguistics, which are the main and main branch of the Kazakh humanitarian knowledge, for the first time determined the historical and cultural patterns, social and social significance, artistic and aesthetic content of this industry.

Keywords: art of the word, terminology, literary theory, philosophical content.

XX ғасырдың басында Қазақ ағартушылығы өзіне тән рухани мән иеленіп, қоғам өмірінің әдеби, ғылыми, білім беру салаларына жаңа қоғамдық-саяси жағдайға сәйкес тың серпіліс беруімен қайта өрлеу сипатын иеленген айырықша құбылысқа айналды. Бұл Қазақстанның қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік өмірін білім және ғылым нұрымен көркейтіп, өркениетті жағдайға жеткізуді мақсат еткен тұлғалар айқындаған кезең еді. Сол заманның аса көрнекті өкілі, қазақ зиялыларының рухани көсемі аталған Ахмет Байтұрсынұлының заманауи ғылыми-теориялық білімнің бастауында тұрып атқарған қызметінің маңызы мен ауқымы аса зор.

Ұлттық рухани құндылықтардың бұрынғы ауыз әдебиеті дәстүрінде қалыптасқан көркем образдық әлемі мен көркемдік құралдарын, жаңа жазба әдеби дәстүр арнасында жаңғыртып, қайта дамытудың өзектілігі артты. А. Байтұрсынұлы «Сындар дәуір әдебиеті» деп атаған арнада жаңа

жазба әдебиеттің теориялық негізін жасауы, жаңа заман талабынан туған қапысыз қажеттілік еді. Ұлттық төлсаналықтың артуымен сипатталатын ұлттық бірегейліктің белгілері, XX ғасырдың басында жетекші орынға шыға бастаған саяси күрескерлік тенденциясынан және Алаш идеясын, ұлттық жаңғыру мұратын көксеген Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Ғұмар Қарашұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай сынды Алаш арыстарының шығармашылығынан айқын көрінді. Ұлттық бірегейлікке ұмтылыс ел басына күн туған шақтарда өзектілігі арта түсетін ұлттық және жеке тұлғаның төлсаналылығының шарықтауымен сипатталатын, ұлттың өміршеңдігінің кепілі болып табылатын табиғи құбылыс ретінде, А. Байтұрсынұлының ғылыми ізденістерінен айқын көрініс тапты. Ғалым-лингвист, әдебиет зерттеушісі, ақын-аудармашы, көсемсөз шебері, қоғам қайраткері, Алаш зиялыларының көшбасшы көсемі деп танылған Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937) қазақ тіліндегі алғашқы ғылыми-теориялық зерттеулердің негізін салушы болды.

Отызыншы жылдардағы сталиндік тотолитарлық озбырлықтың құрбаны болған ғалымның ардақты есімі тәуелсіздік жылдарындағы жариялықтың себебімен саяси тұрғыдан ақталып, халқына қайтып оралды және оның ғылыми, әдеби, публицистикалық мұралары кеңінен насихатталып, жарияланып, зерттеле бастады. Ғалымның аты аталмаса да ғылыми теориялық еңбектері мен қалыптастырған терминдік ұғымдары, теориялық тұжырымдары оның есімі мен еңбектері толығымен ақталған тәуелсіздік дәуірге дейін де қазақ тілді ғылым дүниесінде өзіндік орын алды. Қазақ гуманитарлық ғылымының кеңестік кезеңдегі дамуында А. Байтұрсынұлының ғылыми мұралары: «Әдебиет танытқыш», «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Әліпби», «Жаңа әліпби» және басқа да ғылыми-танымдық мақалаларынан жөнсіз шеттетілуі қазақ ғылымының және ғылыми әдебиеті мен тілінің қалыптасуына зор зардабын тигізген қиянат екені де айтылып жүр.

А. Байтұрсынұлының қазақтың асыл сөз өнеріне айырықша көңіл бөліп, оның теориялық негізін, ғылыми аппаратын, әдіснамалық үрдісін қазақ тілінде зерттеудің негізін салды. Алаш қайраткерлері қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қалыптасуындағы шешуші кезең болған кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында күрделі де қайшылықты жағдайда өмір сүріп, халықтың рухани мұраларын сақтау, заманауи қалыпта насихаттау, зерттеу және сонымен қатар, заман талабына сай көркем шығармашылықты да дамыту бағытында тынбай еңбектенді. «...Құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлттық намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың кейбір оқығандары арларын сатып, ұлықтық іздеп жүрген кезде Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды. Қазақ халқының арын намысын жоқтап, «Маса» атты өлең кітабын және «Оқу һәм тіл құралын» жазып шығарды. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін, шын ұлтшыл. Өз ұлтын ғана сүйетін Ахаң, өзі айтқандай «қызыл» бола алмады» [1, 9 б.] деп жазады С. Сейфуллин 1923 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 50-жылдық мерейтойына орай жазған мақаласында. Ұлттық сананың нығаюын, қазақ мәдениетінің өркениет керуеніне ұлттық төлтумалылығын сақтай отырып көш түзеуін мұрат тұтқан Алаш арыстарының ғылымға, білімге ерекше көңіл бөліп, өскелең ұрпақты осыған баулуы, халқына риясыз қызмет жасауға, отансүйгіштікке тәрбиелеуі, Абайдан жалғастық тапқан үлгі-өнеге еді. Отарлық езгіден соң ұштаса келген қызыл терордың қатыгездігіне қарамастан «қанаты қатая бастаған ұлттық сананың басты қаруы – әдебиет» деп білген А. Байтұрсынұлы әдебиеттің асыл мұраларын жинап сақтаудан бастап, оның сөз өнері ретіндегі мән-мағынасын қалыптастыратын ғылыми-теориялық негізін нығайтуға да, оның құрылымын түзетін тіл білімінің негізін зерттеуге де айырықша қажыр қайратпен еңбек сіңірді. Қазақ тарихындағы ақтаңдақтар ашыла бастаған кезеңде А. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеті мен тіл білімі ғылымын дамытудағы қызметі мен оның мұраларының ғылыми құндылығын ғалымдар жоғары бағалап, ой-пікірлерін білдіре бастады. Алғашқылардың бірі болып Академик Р. Нұрғалиев «Алып бәйтерек» атты ғылыми зерттеуінде: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел «Әдебиет танытқышта» қалыптастырылған» деді [2].

А. Байтұрсынұлы әдебиетті асыл сөз өнері деп танып, оның танымдық, көркем бейнелік, терең рәміздік қасиеттерін ашуға, ұлттық ерекшелігі мен халықтық сипатын көрсетуге, эстетикалық әсері мен этикалық ғибратын бағамдауға назар аударып, пәндік ұғымдарды, терминдік атауларды, категориялық түсініктерді, стильдік айырмашылықтарды саралап, жүйелеп, талдап, нақты атаулары мен анықтамаларын берді. «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ, ... Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» - қазақ әдебиеттануының негізін қалаған қондырғы фундамент» деп жазған Т. Кәкішев «Әдебиет

танытқыштың» гуманитарлық ғылымдар саласындағы маңызын жоғары бағалады.[3. 210-211б.]

Академик З. Қабдолов тәуелсіздік дәуіріндегі жаңаша көзқараспен жазған ғылыми зерттеуінде «Әдебиет танытқышты» қазақ тіліндегі тұңғыш қомақты теориялық зерттеу еңбек ретінде анықтай отырып, « ... Егер Лессинг өзінің «Гамбург драматургиясында» Аристотель «Поэтикасын» мінсіздік тұрғысынан «Евклид элементтерімен» қатар қойған болса, біз бүгін Ахаңның «Әдебиет танытқышын» Аристотель поэтикасымен салыстырар едік. Мұның мәнісі екеуі де: бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы «әліп-билері». Асылы, үздік қасиеттер бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне соғұрлым ұқсас болады» [4, 68б.] дейді. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш», «Қазақтың бас ақыны», «Тіл құрал» және т.б. ғылыми-теориялық еңбектері ұлттық мәдени мұраның өзіндік ерекшеліктеріне назар аудара отырып, басты қасиеттерін ашып, ғылыми объективтілікті сақтап, әлемдік озық тәжірибені пайдаланып теориялық тұрғыдан зерттеудің бүгінге дейін өзектілігін жоймаған озық кәсіби үлгісі болды.«... В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтұрсынова мы имеем казахскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию казахского языка, теорию словестности и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтұрсынов поднял казахскую словестность на высокую ступень и заложила прочную фундамент для национальной школы и родной литературы» [5,256.] деп жазған Міржақып Дулатұлы А. Байтұрсынұлының мерейтойына арнайы жазған зерттеу мақаласында.

Ахмет Байтұрсынұлының атақты «Маса» жинағындағы /1911/ жетекші сарындардың бір – ұйқыдан ояту тақырыбы болуы, қазақты ояту, яғни, ғылым білімге үндеу сарынымен байланысты. «Баяғы қалпы, // Баяғы салты, // Бұл неткен жұрт ұйқышыл?!»; «Талауда малың, // Қамауда жаның, // Аш көзіңді оянып». Тіптен, жинақтың атауы «Үстінде ұйықтағанның айнала ұшқан «Маса» болуы да «оятушы» образына меңзеп, рәміздік мән иеленіп тұр. Масының әлсіздігі мен мазасыздығы, қақы жеген нәзік дәрменсіздігі ғұламаның инемен құдық қазғандай надандыққа қарсы толассыз еңбегіне меңзейді. «Жиған-терген» атты өлеңінде акын, біріншіден қазақ халқының терең ұйқыдағы халіне қамығып, ашына айтады. «Ұйқышыл жұртты // Түксиген мұртты // Обыр обып, сорып тұр. // Түн етіп күнін, // Көрсетпей мінін, // Оятқызбай қорып тұр. // Обыр болса қамқорың, // Қайнағаны сол сорың! – десе, екіншіден, ол, - Ояңған ерге // Ұмтылған жерде // Еруші аз да, серік кем» [1, 56б.], деп, бостандық аңсарын, отаршылдың озбырлығын, бірегейліктің ұйтқысы болар ердің етекбасты болған қайғысын да айтады.

Ағартушылық дәуірінің ағымында Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы секілді - жаңа сападағы қайраткер-қаламгер тұлғасы туып, танылды. Ағартушылықтың күрескерлері де ұйқы / ояну / тақырыбын көп қозғады. Бұл Дулат Бабатайұлынан бастау алатын «Ұйқы басып, сезбедің, Шырмағанын жаудың сырт» деген ұйқы және ояту сарыныны еді. Осы идеяның әрі қарайғы жетіліп-жаңғыруы да ұлттық бірегейлікке үгіттеудің нышаны болып, сергектікке белсенділікке енжарлықтан құтылуға, ғылым-білімге ұмтылуға шақырумен көрініс табады. Поэтикалық тұрғыдан парықтағанда, ұйқы – құлдық құрсауындағы елдің қауқарсыз, қамсыз, қараңғы, ғапыл қалпының бір символы еді. Ояну – рухани серпілу, бойдағы қате-кемшіліктен арылу үшін сілкіну, ғылым-білімді игеру, өнер меңгеру, ұлтық сананы сергіту, ең бастысы санадағы ояныс.

Міржақып Дулатұлы қазақтың азаттық қозғалысының манифесі «Оян қазақ!» атты жинағында /1909/ ұлтты ұйқыдан тұрғызу мәселесін концептуалдық дәрежеге көтеріп, оны нақты білім мен білікке арқа сүйейтін қауырт қимылға құштарлықпен саяси күрескерлікпен сабақтастырды. Әдебиеттегі ояну, ғылым-білімге талпыну мотивінің күрт күшейіп, жаппай жайылуына 1905–1907 жылдардағы бірінші орыс революциясынан кейін озық ойлы қауымның ортасында қалыптасқан мемлекетшілдік көңіл-күй себеп болды. XX ғ. қазақ ағартушылары «Ояну» мотивін ұлттық жаңғыруға, өркениет көшіне ғылыммен және біліммен ілесуге шақырудың, бірегейлікке ұмтылыс, серпілуге тұтасуға шақырудың ұраны етті. Мысалы: «Серпілмей тағы біраз ұйықтай түссек, // Басқаның құл болармыз қаласына» (Сұлтанмахмұт), «Пыр-пыр ұйықтап сорлы қазақ тек жатыр, // Қанды жаспен екі көзін шылатпай» (Мағжан), деген сөзде сол кезеңнің көкейкесті сарынын сездіреді.

Ағартушылар надандық атты «темір тордың, қараңғылықтың ішінде шынжырлаулы жатқан» /Міржақып/ қазақты тығырықтан шығарудың ең ұтымды да ұтқыр жолы есебінде ояну арқылы - оқуды, оқу арқылы оянуды ұсынды. Толық тәуелділіктегі жұрт үшін бір сәттік баянсыз бұлқыныс пен қарулы қақтығысқа қарағанда, болашаққа бағдар алған іштей шырығу мен шындалудың, түлеу мен толысудың, жаңару мен жетілудің күш-қуат жинаудың маңыздылығы зиялыларымызды осындай тиянақты тұғырнамаға табан тіретті. Сондағы басты қағида: ғылым мен білімді насихаттау еді. Осы

күрестің алғы шебіндегі Ахмет Байтұрсынұлы үшін сөз өнерінің теориялық метеодологиялық негізін зерттеу басты мақсат болғаны сөзсіз.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» зерттеуінің кіріспе бөлімі «Андатуда» қысқа, нұсқа тұжырымды түрде, өнер түрлерін талдайды. «Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді. Тағысын тағы шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сүгірет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне қажет шаруа керек-жарақтары. Мұны істегенде «Сұлуынан – жылуы» дегендей көркем болу жағын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер – жылуынан гөрі сұлу болу жағы көбірек көзделінгеннен көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер: алдыңғы нәрселер адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер, соңғы нәрселер адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін көрнек өнері болады» [7, 66.] Ахмет Байтұрсынұлы Адамның тән қажеті мен жан қажеттілігін ажыратып айтып, осыны басты ұстаным етуі аса маңызды. Адамның мақұлықтық жан сақтау, тіршілік қажеттілігіне байланысты «тірнек өнерінен» басқа, жан қоштау қажеттілігіне, яғни рухани сұранысынан туатын өнер түрін көрнек өнері деп анықтауы – автор сөз өнерінің эстетикалық сипатына басты назар аударып отырғанын көрсетеді. «Поэзия өз бойына ішкі рухани әлемнің барлық ерекшеліктерін жинақтаған, пластикалық өнер түрлері мен музыкаға да тікелей байланысы бар сөз өнерінің түрі. Бір қырынан алып қарағанда, поэтикалық өнерде музыкадағы сияқты сәулет, мүсін, кескін өнерінде мүлдем көрінбейтін ішкі әлем мазмұны көрінеді. Екінші жағынан, рухани дүние ауқымында поэзияның өзі көңіл-күй алмасуларын, сезім әуендері мен үрейді, қандай бір оқиғаның шиеленісуі мен шешімін бейнелейтін, басқа өнер түрлеріне тән емес кең түрдегі объективті әлемді туындатады.

Өзге өнер түрлеріне қарағанда, сөз өнерінің мазмұнға қарым-қатынасында еркін тыныс бар. Кез келген мазмұн, рух пен табиғаттың барлық белгілері, оқиға, тарих, қарым-қатынас, сыртқы және ішкі қалып поэзияда түрленіп, мазмұнға ие болады. Өмірді бейнелеу тұрғысынан ақын суретшіден жоғары тұрады. ... Ақынның үнінен естілер әуенді музыка да жеткізе алмайды, картина да бейнелей алмайды. Бұл – поэзияның ешкім аңғармас мүмкіндігі» [8, 21 б] деген Гегельдің эстетика туралы лекцияларындағы пікірінен сөз өнерін басқа өнер түрлері сияқты адамның рухани шығармашылығының жемісі деп біле тұра, оның танымдық-мазмұндық байлығына мән бергенін көреміз. Осымен үндес пікірді Ахмет Байтұрсынұлы әдебиет теориясы туралы тұжырымдарынан кездестіреміз. «Көрнек өнері» деп атау арқылы олардың эстетикалық сипатына басты мән бере отырып, яғни көркем шығармашылықты бес тарауға бөледі. Оларды: «сәулет өнері» (архитектура), «сымбат өнері» (мүсіншілік), «кескін өнері» (живопись), «әуез өнері» (музыка), «сөз өнері» (қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, Еуропаша – литература). Әрқайсысына қазақ тілінде нақтылы атауы мен тұжырымды сипаттамасын беріп, «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шамаларынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын – сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады, Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [7, 7 б] деп әдебиеттің мүмкіндігі жайлы ойын тұжырымдайды.

«Жалпы алғанда поэзиялық өнерді түрлі табиғи себептер туғызған сияқты. Біріншіден, еліктеу адамдарға бала кезден тән нәрсе, осынысымен олар өзге хайуандардан ерекшеленеді, адам әрі еліктеуге өте-мөте бейім келеді, соның арқасында алғашқы ұғым-түсініктерді жинақтайды, екіншіден, еліктеудің нәтижесі барлығын да рақат сезіміне бөлейді... Атап өткен жайлардан айқын аңғарылатын нәрсе: ақынның міндеті – болып өткен шындықты әңгімелеп беру емес, болуы мүмкін жайларды, яғни қажеттілік немесе ықтималдық бойынша мүмкін жайларды айтып беру. Осы себепті де поэзия тарихқа қарағанда неғұрлым философиялық мәнге ие және байыптырақ: поэзия неғұрлым жалпыға ортақ жайларды айтса, тарих дара, жекелік жайларды сөз етеді.

Бұдан шығатын қорытынды: ақынның белгілі бір өлшемді ұстанғанынан гөрі неғұрлым фабула түрлендіруші творчестволық тұлға болғаны жөн, өйткені ол өзінің еліктеуі арқылы өмірді қайта танытатын ақын, ол қимыл-әрекетке еліктейді. Ол тіпті ақиқат болған жайды бейнелеген жағдайда да ақын болып қала бермек, өйткені, ақиқат болған оқиғалардың кейбірінің ықтималдық және мүмкіндікке орай өзгеріп, басқаша сипат алуына ештеңе де бөгет бола алмайды, міне осы тұрғыда ол (ақын) – сол өзгерістерді жасаушы творчестволық тұлға» [9, 96.] деген Аристотельдің поэзия өнері туралы пікіріне қарасақ поэзияның еліктеушіліктен туатындығына баса назар аударатынын, алайда,

ақынның шығармашылық тұлға екендігін де жоққа шығармайтынын көреміз. Жалпы бұл еліктеу теориясы өнердің тегін анықтау тұрғысында туындаған сонау антикалық кезеңдерден бастау алатын түсінік. Алғашқы әдебиет пен өнер ертедегі адамдардың табиғат құбылыстарына, хайуанаттар әлеміне еліктеуінен туындаған деген ұғымынан шығатын бұл көзқарас батыстық дүниетанымның көрінісі. Мәселен, Демокрит: «Біз өрмекшіден ән салуды, аққу сияқты әнші құстардан ән шырқауды үйрендік» дейді. Аристотельдің «Поэтикасында» да әдебиет пен өнердің еліктеуден бастау алатынына ден қоятынын көреміз.

Ал, Ахмет Байтұрсынұлының өнердің рухани бастауына ден қойып, асыл сөз өнерінің де «жан қоштау» қажетінен шығатынын негізгі қағида ретінде алға тартуы оның теориялық ізденісінің өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Осы мұсылмандық шығысқа тән көзқарасқа сай – өнер – жаратылыс көркемдігінің сырлы әлеміне бойлау арқылы, оны көркем шығармашылық игерудің, жаратылыстың адамның рухани әлемімен үндестігін түйсінудің және осы әсерді өнер туындысына сиғызудың көрінісі деген түсінікпен үндесетін толғам. Жалпы өнертану тарихында өнердің шығу төркіні, шығармашылықтың оның ішінде сөз өнерінің табиғаты жайлы теорияларды Аристотель, әл-Фараби, Гегель, Лосев, В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, т.б. ғылыми еңбектерінде сипатталған. Ал, Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде көптеген ғалымдардың теориялық ізденістерін меңгеріп, кейбір талдаушылық, әдіснамалық негіздерін қолданғанымен қатар, қазақ әдебиетінің теориясын қазақ әдеби үдерісінің ауқымында, оның нәзік ішкі иірімдерін терең түйсіне отырып, арналары мен салаларының таралымын, сабақтастығы мен өрілімдерін анық ажыратып, нақтылы тәлғума қазақы ұғымға сай атауларын беріп, рухани бастауларымен етене байланыста түсіндірілген. Ол қолданған кейбір атаулар пән сөздері бүгінгі қолданымдағы атауларлармен сәйкес келмеуі мүмкін, сөйте тұра «Әдебиет танытқышта» қолданылған ұғымдар өзінің ұғымға қонымдылығымен және табиғи түрде қазақ тілінің ойқазанында қорытылған тәлғумалылығымен ерекшеленеді. Көптеген пікірлері мен қисындары қағидалары, ой-тұжырымдары өзінің сонылығымен және тереңдігімен шығармашылықтың психологиясы, өнертану, адамтану мәселелері бойынша тың ойларға жетелейді, ой-пікірге қозғау салады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыштың» «Сөз өнері» атты бөлімінде сөз өнерінің адам санасының үш негізіне: 1. Ақылға, 2. Қиялға 3. Көңілге табан тірейтінін айта келіп, «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрсені белгілі бір нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу суреттеп ойлау, көңілісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті - ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйюін түйгенше айтуға жарау» [7,106.] деп түйіндейді. Осыдан байқайтынымыз Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылықты табиғатын адамның рухани ізденісінің жемісі деуімен қатар, оны адамның психологиялық қалыбына да байланыстыра зерттейді. Тұжырымды, жұмыр оймен адам санасының басты шығармашылық қызметі сөз өнерінің бастау алатын психологиялық негіздерін сипаттап береді. Ахмет Байтұрсынұлы атаған жоғарыдағы үш тірек туралы «Ақыл, қиял, көңіл зерттелмей, адам табиғаты жан-жақты танылып, оның ішкі жан дүниесіне тереңдей ену мүмкін емес. Демек, әдебиетті – сөз өнері арқылы адамды зерттейтін ғылым, яғни адамтану ғылымы деп алғаш рет Ахмет Байтұрсынұлы айтып ғылыми айналымға енгізген» [10, 86] деген зерттеушінің пікіріне қосыла отырып, шындығында да сөз өнері адам жанын танитын ғылым болғандықтан оның теориялық қырларын адамның рухани әлемімен және психологиялық жан жүйесіндегі үдерістермен байланыстыра зерттеген Ахмет Байтұрсынұлы ізденісі сол кезеңнен бүгінге дейін өзектілігін жоймаған аса маңызды жаңалығы деп білеміз.

«Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисыны, қырын кестесін келтіріп, сөз арқылы тысқа шығаруды» шығармашылық деп анықтап, адамның ішкі жан дүниесіндегі рухани хал-ахуалын жарыққа шығаруды сөз өнерінің басты мақсаты деп білуі де оның сөз өнерінің көркемдік-эстетикалық танымдық мүмкіндігіне баса назар аударғанын көрсетеді. «Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсынұлының эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынұлы – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан.

Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынов фольклорлық, әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті. Ерекше қуанарлық нәрсе, жазылғанына 70 жыл өткен еңбектің дәл бүгін көкейкесті, актуалды болып отырғандығында. Оның қай бетін ашып оқысаң да, көкейге қона кетеді» [10, 86] деп жазады Р. Нұрғалиев. Шындығында да Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғ. басында қазақ қоғамының тілі мен әдебиетінің, мәдениеті мен дәстүрінің, ғылымы мен білімінің дамуына зор үлес қосумен қатар, гуманитарлық ғылым салаларын алғашқылардың бірі болып талдап, зерттеген, терең теориялық негіздегі ғылыми тұжырымды пікірлер айтқан. Ахмет Байтұрсынұлы «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» атты екінші бөлімде қара сөздің ерекшелігін жалаң лебізді деп, ал, дарынды сөздің ерекшелігін көрнекі лебізді деп ажыратады да, оның себебін былай талдайды: «Сөзді жалаң түрде айтқанда, күш көбінесе зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделеді. Сөзді көркем түрінде айтқанында күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді. Сөз ақылға қонады шындығымен, көңілге ұнайды өңі үйлестігімен...». Ойға қонымды осы анықтамада қара сөздің бірінші ерекшелігі оның адам зейініне логикалық ойына негізделетінін, мақсаты да адамның ақылына қонымдылығымен белгіленетінін және оның басты сипаттары мағынасының күштілігі, пайымының тереңдігі, пікірінің дәлелділігі екенін көреміз. Ал, көркем сөздің әсерлілігінің күшімен көңілге ұнауды көздейтінін, сол арқылы адам санасынан орын алуға бағыттталатын байқаймыз. Жоғарыдағы анықтамада қолданылып отырған көптеген ұғымдар мен түсініктер өз орнында қолданылуымен түсінікті болса, айқын пікірді білдіруімен және терең талдауымен мағыналы болып тұр. Бұл ұғымдардың бүгінгі ғылыми айналымда да осы немесе осыған жуық мағыналарда қолданылып жүруінің өзі-ақ Ахмет Байтұрсынұлының осы сөздерді өз орнында пайдаланып, ғылыми айналымға енгізуін, олардың ұғымдық мән-мағынасын айқындауын, болашақ ұғымдық мағынасы кеңейуіне жол ашқанын көрсетеді. Әрине, дәл сол заманда бұл сөздер бүгінгідей терминдік ұғымдық мағынаны толық иеленіп болмаған, қолданылу аясы да бүгінгідей емес еді. Алайда, өзінің төлтумалылығымен, ақылға қонымдылығымен ерекшеленетін, көптеген ұғымдар мен түсініктерді, терминдік атау болуға сұранып тұрған сөздерді «Әдебиет танытқыштан» көптеп табуға болады. Бүгінде қазақ ғылыми тілінде көптеген ұғымдардың қазақша балама атауларының кеңінен қолданылып жатқан кезеңінде Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми теориялық еңбектерінің бағыт сілтері, азық болуы күмәнсіз.

«Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда я нәрсеге тиісінше ойлайды, иә көңілдің түйісінше ойлайды» «Сол сияқты бір нәрсе туралы сөйлегенде я тиіс жағынан, я түйіс жағынан алып сөйлейміз. Мәселен, кісі жайынан сөйлегенде, тиіс жағынан алып, түсін, тұрпатын, мінезін, құлқын, туысын, тұрмысын, ісін айтамыз. Я түйіс жағынан алып сүйетін, сүймейтінімізді, сыйлайтын, сыйламайтынымызды айтамыз» «Жалаң сөз нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, шын әңгіме болады. көркем сөз нәрсені түйіс жағынан алып, қиял бойынша сөйлейтін шын емес, шығарғы әңгіме болады. Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз – зейін байлығына қарайтын нәрсе, Көркем сөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады. Көркем сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп көбінесе ұйғару түрінде айтады» [7, 87 б] дей келе, жалаң тілмен айтылған сөзді «қара сөз», көрнекі лебізбен айтылған сөзді «дарынды сөз» деп атайды» дейді. Арабша айтқанда қара сөзді «насыр» деп, дарынды сөзді «назым» деп атайтын және «қара сөз» - көбінесе ғалымдардың шешендердің сөзі, ал дарынды сөз - ақындардың, арқалылардың сөзі деп түсіндіреді. «Тиіс» - объективті жағынан қабылдау, «түйіс» – субъективті жағынан қабылдау деп түсінсек ғалымның адамның қоршаған әлемді қабылдауы мен оны рационалды және көркем шығармашылықпен бейнелеуін аса жүйелі және салыстырмалы-талдамалық тұрғыда түсіндіргенін байқаймыз. Тиістілік ұғымын қолданғанда сөздік мағынасы назардағы заттың немесе нәрсенің өзіне тікелей қатыстылықты, ал, түйістілік ұғымы адам санасына, ойына түйінделген ұғым деген мағынаға меңзеп тұр. Қара сөз бен дарынды сөздің басты айырым белгісі деп осы тиісінше және түйісінше ойлауды негіз ету ғалымның ғылыми мәтінге және көркем шығармашылыққа қойылар басты талаптарын да көрсетеді. Демек, Қара сөздің немесе ғылыми-теориялық мәтіннің басты ұстанымы объективтілік, басты қағидасы нақтылық, мақсаты түсініктілік болу керектігіне назар аударады. Ал көркем шығармашылықта автордың айтар ойын, өзінің санасында қорытып, көңіл елегінен өткізіп,

түйісінше, яғни субъективті түрде, тыңдаушының сезіміне әсер ететіндей, жадында таңбаланатындай жеткізетінін көрсетеді. Демек, дарынды сөздің немесе көркем шығармашылықтың басты ұстанымы субъективтілік, қабылдаушының құбылысты немесе нәрсені ынта-ықыласпен әсермен қабылдай білуі, басты мақсаты сол әсерді жоғалтпай оқырман көңіліне жалғай білу. Басты қағидасы оқиғаны, құбылысты көркем шығармашылықпен айшықтап, көңіліне түйгенін қабылдаушыға әсер ететіндей жеткізу. Осының өзі ұғымдарды қазақ тілінде жүйелеген ғұламаның ұғымның шын мәнін, нақты мағынасын, табиғи қалпын барынша дөп басатын атаулар бергенін көрсетеді.

«Қара сөз» деген бөлімде Қара сөзден адам ұғым алатынын айта келіп, ұғымның өзін керекті орнына қарай: ес ұғымы, яғни еске керек ұғым, іс ұғымы, яғни іске керек ұғым деп бөледі. Бұл ұғымдарды бүгінгі теориялық ілім, практикалық ілім ұғымдарының баламасы деп түсінуге болады. «Тиісінше ойлағанда, ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді: 1. Ғалам тарабына. 2. Құдай тарабына. 3. Ғылым тарабына. 4. Әлеумет тарабына. 5. Үгіт-тәрбие тарабына. 6. Сын тарабына» деп бөледі. «1. Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұғым жүйесі даналық деп аталады. Даналық мақсаты бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам атанған дүниенің жұмбағын шешпек, даналықтың ес ұғымына тиісті жағы ол сап даналық болады да, іс ұғымына тиісті жағы салт даналығы болады. Сап даналықтың өзі екі айырық болады: бірі адамның ақылы жетерлік, екіншісі жетпестік жағын да зейінге салады. Алдыңғы табансыз даналық делініп, кейінгісі табанды даналық делініп айтылады» [7, 89 б] деген анықтамаға зер салсақ ғалым «даналық» – атауын философия немесе дүниетаным ұғымдарының баламасы ретінде қолданып отыр. Сап даналық дегенде абстрактілі, салт даналығы дегенде конкретті нақтылы ұғымдарының орнына қолданды деп түсінуге болады. Ал, ақылдан тыс табанды деп – ирроционалды, ақылға сиымды табансыз деп – рационалды ұғымдарының баламасы ретінде қолданылған ұғымдар ма деп болжауға болады. Адам зейінінің бағытталуы тұрғысынан келіп осындай анықтамалар берген ғалымның бұл талпыныстары ғылыми танымның теориялық жүйесін қалыптаудың алғашқы ізденістері деп білеміз. Зейіннің бағытталуына қарай ұғым жүйелері ретінде дінді - адамның құдайды тануға ұмтылысымен байланысты пайда болды дейді. Бұл ұғым жүйесін «ғақаид», яғни ақида мәселесі деп қарастырып, еспен байланысты қырын сенім мәселелері, ал іспен байланысты қырын діни құлшылық амал-әрекеттермен байланыстырады. «Зейін табиғаты – табиғат құбылысын тануға жұмсалып, табиғаттың түрлі заңдарын тауып, қасиеттерін біліп, әбден көз жеткенде пайда болатын ұғым жүйесі – ғылым деп аталады» [7, 90 б] деген анықтамадан ғалым жаратылыстану ғылымы жайлы айтып отырғанын түсінеміз. Бүгінгі ғылыми таным тұрғысынан бұл анықтамалардың толымсыз тұстары бар болғанымен бұл анықтамаларды жан-жақты қарастырудың, ғылыми әдістемелік тұрғыдан зерттеудің өзіндік маңызы бар.

«Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып, баяндаса баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады» деп байымдамаға анықтама бергесін, әуезе және әліптеме дүниедегі заттардың барлығын, өмір сүру жай-күйін түсіндіруінен басқа олардың өзара әрекеттесігі мен қатыстылығын сипаттайтын, яғни «нәрселердің арасында қандай сабақтастық, құрмаластық, барлығын, олардың себептері мен салдарларын, заңдылықтарын анықтайтын шығармаларды байымдама» деп атайтыны тұжырымдайды. «Оның 1. Бастамасы. 2. Ұсынбасы. 3. Баяндамасы. 4. Қорытпасы болады» деп ғылыми зерттеу жұмысының жалпы құрылымына қойылатын негізгі талапты айтады. Баяндамадағы сипаттау түрлі болады: «1. Мәністеп дәлелдеп сипаттау бар. 2. Керек пікірді яки нәрсені басқа соған ұқсас нәрселермен салыстырып сипаттау бар. 3. Керек қостайтын, қуаттайтын мысалдар келтіріп сипаттау бар. 4. Белгілі адамдардың айтқан я жазған пәтуеларын келтіріп сипаттау бар. 5. Қаралатын қарсы пікірдің нашарлығын яки қаталығын көрсетіп сипаттау бар» [7, 97 б] дей келе «жалпылау және жалқылау» әдістері жайлы, сондай-ақ, нәрсені бұтарлап, мүшелеп, ұсақтай түсіндіргенде қолданатын – «талдама оңтай» және жинастыра құрастыра, іріктей түсіндіргенде қолданылатын – «терме оңтай», «айырыңқы оңтай», «жиылыңқы оңтай» дейтін ғылыми зерттеу әдістерін таратып түсіндіріп, баяндайды. Осыдан ғалымның жалпы ғылыми зерттеу жұмысының әдіснамасы яғни методологиясы жайлы пікір түзіп, алғаш рет туралы ой толғағанын, тұжырымды әдіснамалық бағыт сілтеп, әдістерге нақтылы атаулар бергенін көреміз. Бұл әдістер күні бүгінге дейін заманауи ғылыми зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданылып жүр, алайда А. Байтұрсынов қолданған атаулармен дәлме-дәл сәйкес келмеуі мүмкін. Дегенмен, осы атаулардың ішінде орнын тапса қолданысқа сұранып тұрғандары да бар. Мәселен, бүгінде, орыс тіліндегі «подход» ұғымының дәл баламасы болатын «оңтай» сөзін орнымен қолданса

қазақ тіліндегі ғылыми атаулардың нақтылана түсері сөзсіз.

Ахмет Байтұрсынұлы өткен ғасырдың басында қазақ халқының тарихындағы ұлт-азаттық қозғалыстың басы-қасында жүрді. Ол ұлттың азаттығын ғылым және білім, алу өнер салаларын дамытумен тығыз байланыста түсінді. Сондықтан-да ұлттық қайнардан бастау алып, ұлттық құндылықтардың қордалы топырағынан тамыр тартқан жаңа заман талаптарына сай жаңа әдебиет, жаңа қоғамдық-саяси ой жүйесін қалыптастырып дамытудың жолын іздеп, қалыптастырумен болды. «Ол ХХ ғасырдың басында, аумалы-төкпелі заманда қазақ қоғамының өміріне жаңа бағыт, жаңа арна тапқан қайраткерлердің алдыңғы шебінде болып, қазақ мәдениеті, қоғамдық ой-санасы дамуына өлшеусіз үлес қосты» [11,106 б.] дейді З. Ахметов. Ұлттық рухтың серпілісін өнер мен ғылымды игеру арқылы жаңа өркениет керуеніне көш түзеуге бағыттау негізгі мақсаты болды. Өзінің қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, публицистикалық көсемсөздік шығармаларындағы толғақты ойларымен, ақындық-аудармашылық жалынды өткір сөздерімен, ғылым саласындағы жүйелі терең ізденістерімен туған халқын мәдени дамудың жаңа кезеңіне жолдауға, өркениеттік заманауи өзгерістерге жетелеуге барлық күш-жігерін сарп етіп, қызмет жасады. Қоғамдық ғылымдардың бүгінгідей сан-салалық құрылыммен дамымай тұрған кезеңінде ұлттық мәдениеттің негізгі тұғыры ретінде ғалым тіл және әдебиетті танып, оларды ұлттың тағдырымен тікелей байланыста зерттеп, дамытуға күш салды. Ұлттық сананың негізі болған әдебиет, мәдениет, өнер мұраларын сақтау мен жаңа заман талабына сай жаңғыртуды және жалпы түркі дүниесіне тән рухани тұтастықтың аясында өркендетуді көздеген ғалымның өмірі күреске толы болды. Артына ғалым зерттеушілердің ғылыми ізденісіне азық болар және ұлттық гуманитарлық ғылымды байыта түсетін классикалық теориялық мол мұра қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер//Құраст., Ә.Шәріпов, С. Дәуітов. –Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Қазақ әдебиеті. 1989, 21 сәуір.
3. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. –Алматы: Ана тілі, 1992. -264 б.
4. Қабдолов З. Көзқарас . –Алматы: Рауан, 1996. – 262 б.
5. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: Ғылым, 1999. -464 б.
6. Қазақ газеті. –№ 1.- № 2.
7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. –Алматы: Атамұра, 2003. -208 б.
8. Гегель В.Ф. Эстетика туралы лекциялар//Әдебиет теориясы. Нұсқалық. Құрастырып, баспаға әзірлеген ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор Р.Н.Нұрғали –Астана: 2002. – 293 б.
9. Аристотель. Поэзия өнері туралы// Әдебиет теориясы. Нұсқалық. Құрастырып, баспаға әзірлеген ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор Р.Н.Нұрғали. –Астана: 2002. – 293 б.
10. Пірәлиева Г. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. – Алматы: Санат, 1996. -336 б.
11. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. –Алматы: Орт. ғыл. кітапхана 2001. -262 б.

Жамалова Инкар Камардиновна

бастауыш сынып мұғалімі, педагог-шебер

Ұзынағаш ОМ

Алматы облысы, Жамбыл ауданы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА STEM ОҚЫТУДЫ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация

Мақала жаратылыстану бағытындағы пәндер мен инженерлік пәндерді біріктіретін білім берудің жаңа моделі STEM және оны бастауыш сыныптағы оқу процесіне енгізудің тиімділігі туралы. Бұл модель кіріктіріп оқыту тәсіліне негізделеді. Бүгінгі таңда әлемдік трендке айналып отырған STEM білім беру көптеген алпауыт мемлекеттердің қызығушылығын арттырып отыр. Себебі болашақта елдің ғылымы мен өнеркәсібін дамытуға, ірі компаниялардың нарықтағы орнын көтеруге бір бағытты ғана меңгерген кадрлар емес, жан-жақты информациялық білімді инженерлік тұрғыда ойлай, талдай алатын, жоғары білікті техникалық мамандар өте қажет болады. Қазірдің өзінде STEM мамандары әлемдік нарықта үлкен сұраныс тудырып отыр.

Түйінді сөздер: *STEM моделі, бастауыш сынып, білім беру, кіріктіріп оқыту, әлемдік нарық.*

Аннотация

Статья посвящена новой модели образования, объединяющей предметы естественнонаучного направления и инженерные дисциплины с тем и эффективности ее внедрения в учебный процесс в начальной школе. Данная модель основывается на методе интегрированного обучения. Образование STEM, которое сегодня становится мировым трендом, вызывает большой интерес у многих государств-гигантов. Потому что в будущем развитие науки и промышленности страны, повышение позиций крупных компаний на рынке будут востребованы не только кадры, но и высококвалифицированные технические специалисты, способные инженерно мыслить, анализировать всесторонние информационные знания. Уже сейчас специалисты STEM пользуются большим спросом на мировом рынке.

Ключевые слова: *STEM модели, начальные классы, образование, интегрированное обучение, мировой рынок.*

Annotation

The article discusses a new model of education that combines natural science disciplines and engineering disciplines, and the effectiveness of its implementation in the educational process in primary school. This model is based on an integrated learning approach. Today, STEM education, which is becoming a global trend, is gaining interest in many giant countries. Because in the future, the development of Science and industry of the country, increasing the position of large companies in the market will require not only one-sided personnel, but also highly qualified technical specialists who can think and analyze comprehensive information knowledge in engineering. STEM specialists are already in great demand in the global market.

Keywords: *model, Primary School, Education, integrated learning, global market, demand.*

Жылдам өзгеріп жатқан ақпараттық ағымның қарқыны дәстүрлі білім беру шеңберін барынша тарылтып, жаңа мүмкіндіктерді жетік меңгеруді талап етіп отыр. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді **түбегейлі өзгертуде**. Расында, жылдам өзгеріп жатқан ақпараттық ағымның қарқыны дәстүрлі білім беру шеңберін барынша тарылтып, жаңа мүмкіндіктерді жетік меңгеруді талап етіп отыр. Еліміз дамыған елдермен иық тіресе қатар ілгерілеу үшін оқушылардың білімділікке деген төмен мотивациясы жағдайында оқу бағдарламаларын жетілдіру, балалардың интеллектуалды дамуына түрлі кеңістіктер ашу, ғылым мен техникаға қызығушылығы мен шығармашылығын дамытуға жағдай жасау ерекше өзекті болып отыр. Осы мақсатта білім саласында STEM білім беру бағыты белсене дамып келеді. STEM білім беру деген не? Бұл дәстүрлі оқытылатын ғылымдарға қарқынды дамып отырған жаңалықтарды кіріктіріп оқыту. Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыруда бұл бағыттың алар орны ерекше. Оқу

бағдарламаларына STEM элементтерін енгізу жоспарланып, жүзеге асырылуда. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындау. STEM жүйесі әлемді қызықтырып отырған инновация және білім беру саласында брендке айналып отыр. Себебі, пәндерді оқыту кезінде тек теориялық біліммен шектелмей, сол білімді басқа пәндермен байланыстыра отырып, практикада қолдана алу, жобалар дайындау, шығармашылықпен жаңа зат жасап шығару, яғни ғылымды дамытуға үлес қосу әлдеқайда тиімді. Бұл оқыту балаларға проблеманы шешуге, сыни ойлауға, бір-бірімен шығармашылық тұрғыда қарым-қатынас жасауға, алған білімін практикада қолдана алуға көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлау арқылы білу мен істеу ғана емес, ойлап табады, ізденеді, жасап шығарады және зерттейді.

«Бастауыш сыныпта STEM оқытуды енгізудің мақсаты не?» – деген сұрақ туындауы мүмкін. Әр түрлі әлемдік зерттеулерге сүйенсек, оны 2 жастан бастап балаларды дамытуға қолдануға болады. Бұл жастағы балалардың миы ақ парақтай таза және бәрін ұстап, тістеп, жасап көргісі келеді. 5 жасқа дейін баланың қабылдау жылдамдығы өте жоғары болады. Мектеп табалдырығын аттаған бала қоршаған орта туралы көп нәрсені біліп келеді. Олардыңөзіндік ойы мен түсінігі бар. Ал, 7-8 жаста бала технологияға қызыға бастайды. Бірақ көп жағдайда бұл қызығушылық ойлаудан шығармашылық деңгейіне жетпей қалып қояды. Себебі, біз тек теориялық білім мен оны бағалау сатысынан аспай жатамыз. Сондықтан мектепке келген баланың танымын онан әрі дамыту үшін олардың пәнге қызығушылықтарын арттырумен қатар, пәндік теориялық білімдерін басқа пәндермен ұштастыра отырып, тәжірибеде қолдануға мүмкіндіктер жасауымыз қажет. Мысалы, көркем еңбек пәнінде оқушылар ермексаздан мүсіндеу жасауға қызықса, оларды енді математика пәніндегі білімін ұштастырып, сол ермексазбен әр түрлі геометриялық фигуралар жасап, олардан үй құрастырып, сол үйдің ауданын табуды; жаратылыстану пәнінде алған білімін қолдана отырып, үйдің жылу жүйесін қалай орнатуға болатынын кіріктіре ұйымдастыратын болсақ, оқушының жан-жақты дағдыларының қалыптасуы нәтиже берері сөзсіз.

Балалар алған білімін экспериментте жұмсап, сабақта жалықпайды және уақыттың қалай өткенін де байқамай қалады. Тапсырмаларды орындап, шешімдерін әзірлеуді үйренеді және жаңалық ашу өз қолында екенін түсінеді. Жоба қорғау STEM оқытуды жетілдірудің бір бағыты деуге болады. Мұнда да оқушылар жас ерекшеліктеріне сай зерттеу тақырыбын ала отырып, пәндерде алған білімдерін біріктіріп, өз жоба жұмысын зерттей алады.

Бастауыш сыныпта STEM оқытуды енгізудің мақсаты оқушылардың білім алуға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, пәндік білімдерін тәжірибеде қолдана алу дағдысын дамыту.

Бұл мақсатқа жету жолындағы міндеттер:

- STEM оқыту теориясына шолу жасау
- Әлемдік зерттеулер нәтижелерімен танысу
- Пәндердегі оқу мақсаттарын зерделеу, талдау, жанақтау
- Бірнеше пәндегі ұқсас оқу мақсаттарын жинақтау
- Оқу мақсаттарын іске асыруда біріккен жұмыс әдісін, тапсырма түрлерін жоспарлау.
- Әр жоспардың мақсаты мен күтілетін нәтижесін нақтылау

STEM білім беруді қолданудың теориялық негіздері

STEM - білім берудің жаңа моделі.

STEM білім- жаратылыстану бағытындағы пәндер мен инженерлік пәндерді біріктіретін білім берудің жаңа моделі. Ол кіріктіріп оқыту тәсіліне негізделеді. Бүгінгі таңда әлемдік трендке айналып отырған STEM білім беру көптеген алпауыт мемлекеттердің қызығушылығын арттырып отыр. Себебі, болашақта елдің ғылымы мен өнеркәсібін дамытуға, ірі компаниялардың нарықтағы орнын көтеруге бір бағытты ғана меңгерген кадрлар емес, жан-жақты информациялық білімді инженерлік тұрғыда ойлай, талдай алатын, жоғары білікті техникалық мамандар өте қажет болады. Қазірдің өзінде STEM мамандары әлемдік нарықта үлкен сұраныс тудырып отыр.

Соңғы 50 жылда әлемдік эволюция қарқыны бұрын-соңды болмаған ақпарат ағынымен дамуда. Біздің білетіміз бен жаңадан біліп жатқан ақпаратымыз көз ілеспес жылдамдықпен аз уақыт ішінде ескіріп қалып жатыр. Қарапайым мысал, Apple, Samsung және басқа да компаниялар жыл сайын смартфондардың жаңа үлгілерін жасап шығаруда. Ол қанша қымбат тұрса да өзінің нарықтағы бағасын түсірген емес. Себебі, жаңа модель мүмкіндіктерін қанша жаста екендігіне қарамастан барлық адам қолданғысы келеді және бүгінгі таңда смартфонсыз өмірді елестету қиын болып барады. Мұндай өзгерістер өмірдің барлық салаларында қарқынды дамуда. Amazon, Google, Facebook секілді жап-жас компаниялар әлемді басқарып отыр және олардың да қызмет көрсету

функциялары үнемі жаңарып отырады.


Осы жаңалықтарды жасап отырған кім? Әрине, адам! Қарапайым тілмен айтқанда алдыңғы тәжірибеге, іс-әрекетке, білім мен идеяға негізделген адамдардың машиналарға енгізетін интеллекті. Ол оқудан, қолданудан, жасап көруден, қателесуден, талдап жинақтаудан, қайта жасаудан және қорытынды шығарудан қалыптасады, дамиды.

STEM аббревиатурасын алғаш рет американдық Р.Колвелл 1990 жылдары ұсынды. Ал Финляндияда STEM-ді енгізу бағдарламасы 13 жыл бұрын құрылды. АҚШ-та STEM білім берудің өзектілігі ерекше қолға алынып, 2013 жылы оны дамытудың стратегиялық жоспары қабылданды. Сингапур 2014 жылы енгізді. Бұл елде STEM білім беру мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен басталады. Малайзияда STEM білім берудің 2013-2025 жылдарға арналған реформасы қаралса, 2015 жылы Австралияда мектепте STEM білім беруді дамытудың 2016-2026 жылдарға арналған Ұлттық стратегиясы қабылданды. Еуропаның 10-нан астам елдерінде осы секілді ұлттық стратегиялары бар.

Қазақстанда STEM білім беруді енгізудің алғашқы қадамдары

Қазақстанда да STEM білім беру бағыты белсенді түрде енгізілуде. Оның ең басты көрінісі білімді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасынегізіндегі жаңартылған білім мазмұнына көшуіміз. Онда жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды және математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған STEM оқыту элементтері бар. 1-сыныптан бастап ғылым негіздерін үйрететін, ғылымға кіріспе жасайтын жаратылыстану пәнінің және робототехника саласына бағыттау бойынша 3-сыныптан бастап ақпараттық коммуникация негіздері пәндерінің енгізілуі, барлық пәндер бойынша ортақ тақырыптар арқылы спиральды оқыту оқушылардың зерттеушілік және ғылыми-технологиялық потенциалын көтеруге, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталып отыр. Робототехника бойынша оқушылардың қызығушылықтарын, білім, білік, дағдыларын арттыруға ерекше мән берілуде. Жыл сайын өтетін республикалық, халықаралық олимпиадалар мен фестивальдер, оқу-зертханалық орталықтардың ашылуы соның дәлелі. STEM білім беру саласында халықаралық тәжірибе алмасу да жақсы жолға қойылды. 2014 жылдан бастап Ұлыбритания мен Қазақстан арасында «Ньютон - Әл-Фараби» Серіктестік бағдарламасы жүргізілді. Бұл бағдарламаны ұйымдастырудағы мақсат – екі ел ынтымақтастықта ғылым мен инновациядағы потенциалды көтеру, кадр алмасу және ортақ зерттеу орталықтарын құру. Осылайша біздің ел де басқа алдыңғы қатарлы елдермен бірге бір бағытта білім саласын дамытып келеді. STEM оқытуды білім мен карьера арасындағы көпір деуге болады. Оның концепциясы балаларды технологиялық дамыған әлемге дайындау.

Бірнеше жыл бұрын Американың ұлттық ғарыш агенттігі НАСА зерттеушілермен бірлесіп, адамдардың данышпандық деңгейін анықтау үшін қарапайым тест дайындап, 4 жастағы балалардан бастап, барлық адамдар тобына зерттеу жүргізді. Сонда өте қызықты мәліметтер алынған:



Сынақ нәтижесі бойынша балалар туылғанда данышпан болып туылып, үлкейген сайын бұл көрсеткіш 2 пайызға дейін төмендейтіні анықталған. Демек, әлемдегі ашылып жатқан ғылыми жаңалықтарды жасайтын сол 2 пайыз ересектер ғана деуге болады. Осы жерден сұрақ туындайды. Данышпан болып туылған балалар саны неге күрт төмендейді? Мүмкін мектепке келгеннен бастап, баланың өмірді, қоршаған ортаны танып-білуге құштарлығы төмендеуінің әсері бар болар. Әрине, қиялы мен интеллекті жоғары бала мектеп табалдырығын аттағаннан бастап тек жаттанды оқумен шектелсе, затты ұстап, сындырып, құрастырып, жинап, талдап көрмесе оқығанын, не білгенін, түсінгенін айтуы қиынға соғады. Сондықтан оларды ойлауға, елестетуге, қиялдауға, құруға,

бақылауға, тәжірибе жасауға және тәжірибесі бойынша қарапайым қорытынды жасауға итермелеуіміз керек.

Күнделікте өмірде қолданыстағы кез-келген затты алып, оны STEM пәндерінің тек біреуіне негіздеп көріңізші. Бұл мүмкін емес, өйткені бәрі бір-бірімен кіріктірілген. Ғылым мен математика біздің өмірімізге қажетті инженерияға кіріктірілетін технологияларды дамытады.

STEM білім берудің элементтерін енгізу әдістемесі

STEM оқушылардың тек оқулықтағымен шектеліп қалмай, жақсы нәтижеге жету үшін эксперимент жасауға, қателесуге, өз қателігінен тәжірибе жинауға үйретеді. Бұл балалардың оқу үдерісін қызығушылықпен көңілді, шынайы өткізуіне жақсы көмектеседі. Сонымен қатар ол өзекті және уақыт талабына сай әдістеме.


Оқушылар көбінесе туындаған қиындықтар мен мәселелерді шешуде үйренген тұжырымдамаларын қолдануды білмейді. Ол тек теория жүзінде білім болып қалады. Бұл баланың еңбек өнімділігін арттыруға әсер етпейді немесе қалауынша нәтиже алуын төмендетеді. Берілетін білім негізін меңгертуде тиімді әдіс таңдалып, проблемалық сұрақ қойылады, оқушы бақылау жасау арқылы өз болжамдарын жасайды. Оның ақиқатқа не болмаса жалған тұжырым екендігін тәжірибе жасай отырып, қорытынды шығарады. Ал дәстүрлі оқуда әдіс көбінесе оқу, жаттау, жаттығуды орындау, не түсінгенін айтып берумен шектеліп жатады. (1-сурет)



1-сурет

Проблеманы шеше алу – ХХІ ғасыр дағдыларының ең негізгісі. Егер баланың білім алуында алғашқы кедергілер немесе олқылықтар дер кезінде шешілмесе, ол күрделене береді. Себебі, сынып қосылған сайын оқу материалы, меңгертілетін білім мазмұны да күрделенеді, пәндердің қиындық деңгейі жоғарылайды. Ал егер осы олқылықты STEM оқыту арқылы іске асыратын болсақ, оқу мен түсіну, бақылау мен қорытынды жасау арасында алшақтық болмайды. Сонымен қатар, оқытылатын білімді тікелей өмірмен байланыстыра отырып, күнделікті қарапайым өмірдегі проблеманы шешуге бағыттап оқытсаңыз, баланың алаңдауға уақыты болмайды және оқуға қызығушылығы артады.

STEM білім беру оқушыларды сыни ойлауға, логикалық талдау жасауға, зерттеу жүргізуге және жобалық оқытуға бағыттайтын негізгі білім беру тәсілі (2-сурет)



Тәжірибеде қолданудың үлгілері

Мен өз тәжірибемде STEM оқыту элементтерін қолдануды бастадым. Ол үшін ең алдымен STEM туралы әр түрлі әдебиеттер мен мәліметтерге, жазбаларға, зерттеулерге шолу жасадым. Пәндердегі оқу мақсаттарына талдау жасап, бір-біріне ұқсас, бірін-бірі толықтыра алатын, мақсаттарды топтастырып, қандай формада өткізетінімді жоспарладым. Бұл жұмысты ұйымдастыруда оқу мақсаттарын қамтитын тапсырма құрастыру ең негізгі мәселе. Себебі, барлық пәндердегі білім оқу мақсатына сай қолдануға мүмкіндік беретін, нәтижесі көрінетін тапсырма болуы тиіс. Сонымен қатар тапсырма оқушыларды жалықтырмайтындай, керісінше бірлесе қызығушылықпен орындалатындай болғаны дұрыс.

Практика STEM-ді оқытуда маңызды қадам болып табылады. Оқушы пәнде алған теориялық білімді эксперимент жасау барысында қолдана аласа, оның мәнін жақсы түсінеді. Кіші мектеп жасынан бастап визуализация құралдарымен жұмыс жасаған баланың жасөспірім шақта инженерлік және ғылыми проблемаларды шешу дағдысы жақсы қалыптасады. STEM технологиясының көмегімен оқушылар бір-біріне ашық талқылау сұрақтарын қойып, тәжірибе жасап, қорытынды шығарып, шешімдер қабылдай алады және жаңалық ашу өз қолында екенін түсінеді.

Мысалы, 1-сыныпта STEM оқыту элементін қалай практикада кіріктіруге болады?

Сауат ашу пәнінде «1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе иллюстрациясы бойынша болжау» деген оқу мақсаты бар. Осы мақсатты жаратылыстану, математика және көркем еңбек пәндеріндегі оқу мақсаттарымен қалай кіріктіріп, STEM оқытуды ұйымдастырдым. Ұқсас оқу мақсаттарын анықтау:

Математика: 1.1.3.1 Ұзындық, масса, көлем; өлшеуге арналған әдістерді, құралдарды таңдау, өлшеу.

Жаратылыстану: 1.2.2.3 Жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін түсіндіру.

Көркем еңбек: 1.2.3.1 Қарапайым тәсілдермен материалдарды және компоненттерді өлшеу, белгілеу, кию, формасын келтіру, қосу және біріктіру.

Осы оқу мақсаттары барлық пәнде 2-тоқсанда жүзеге асырылады. Енді пәндерде алған білімдерін бірлікте қолдану даңдысын дамыту мақсатында оқушыларды топқа бөліп, тапсырма құрастырамын. Мысалы, 4 топқа 4 жыл мезгілі және жануарлардың суреттері беріледі. Қыс мезгілін таңдаған топтың тапсырмасы: Қабырғалары 10 см болатын шаршы пішіндес мал қорасын сыз. Онда тұратын жануарларды анықтап, суретін киіп, қораға орналастыр. Қыс мезгілінде жануарлардың тіршілігінде не өзгеріс болатынын ата.

Осы секілді тапсырмаларда оқушылар әр пәннен алған білімін қолдана отырып, үлкен қызығушылықпен бірлесе әрекет етеді. Бұл кезде құрдастар арқылы оқыту- Жақын арадағы даму аймағы негізінде жүзеге асады. Бірін бірі үйрете отырып, өз үйренеді. Бұл жұмысты бастауыш сыныпта сабақтан тыс уақытта немесе, әр пәнге берілген қайталау сабақтары кезінде ұйымдастыруға

болады.

4-сыныпта ұйымдастыруға болатын жұмыстан бір мысал.

Ортақ тақырып	Пән	Оқу мақсаты	Тапсырма
1-тоқсан Менің Отаным– Қазақстан	Жаратылыстану	Өсімдіктерді қалай қорғаймыз? 4.2.1.6 Өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсыну	Топтық жұмыс. 1. Өз өңіріндегі өсімдіктерді қорғау жолын ұсынады, дәлелдер келтіреді. 2. Бір өсімдікті таңдап алып оның адам шаруашылығындағы қажеттілігі туралы сандық ақпараттармен салыстырмалы мәлімет жасайды.
	Математика	Қазақстандағы күз мезгілі. Шамалар мәндерін (см, мм, дм,м,...), өлшем бірліктерін салыстыру	Мысалы, 1) 1-топ өз өңірінде өсетін ағаштарды қорғаудың жолын ұсынады (ағаштар егетін алқаптарды кеңейту, ауыл сыртына әр бала өз көшесіне/ үй ауласына ағаш көшеттерін отырғызу, т.б.). 2) Долана ағашының шаруашылықта маңыздылығы туралы сандық ақпаратпен мәлімет жасады (интернет желісінен қажетті ақпаратты тауып, тапсырмаға сай жауап беруге бірлесе дайындалады).
	Көркем еңбек	Қазақстанның табиғаты. 4.1.3.1 әртүрлі орындау техникасын үйлестіре отырып, шығармашылық идеялары мен сезімдерін көрсету	
	Дүниетану	Адамның шаруашылық қызметі және табиғат. 4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау	

Мұндай жұмыстар оқушылардың бірлесе, ынтымақта жұмыла жұмыс істеуіне, тапсырманы қызығып орындауына, білімдерін өмірде қолдана алуына мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларының пәндерден алған білімдерін ұқсас оқу мақсаттарына сай кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар көп. Оқу мақсаттары бойынша саралау, соған сәйкес оқу тапсырмаларын әзірлеу мұғалімдерге белгілі. Дегенмен, заман талабына сай ақпараттық даму кезеңінде оқушылардың жан-жақты шығармашылығын, логикалық ойлауын, қажетті білімді қолдана алуын, жаңалық ашуға ынтасын, білік, дағдыларын дамыту-мұғалім алдындағы кәсіби және адами жауапкершілік. STEM білім беруді мектеп бағдарламасына енгізу қолға алынып жатқанда әр мұғалім ол туралы қосымша біліммен, тәжірибемен қаруланғаны өте абзал. Егер мұғалімнің білім кеңістігі, кәсіби дайындығы жоғары болса, онда алдында отырған оқушының да білімі, тәрбиесі, өмірге дайындығы жоғары болары сөзсіз. Кәсіби дайындық дегеніміз теориялық білім, психологиялық-педагогикалық дайындық және әдістемелік дайындық. Мұғалім табысты сабақ өткізуі үшін өмір бойы күнделікті сабаққа әзірленеді. Ол ешқашан ескі біліммен шектелмей әр түрлі педагогикалық және әдістемелік құралдарды, әдебиеттерді, баспасөз материалдарын, озат мұғалімдердің тәжірибелерін, әлемдік деңгейдегі ақпараттармен өз білімін толықтырып, жаңартып отыруы тиіс. Сабаққа дайындалу барысында жоспарлаудың теориялық негіздері мен технологиясын жақсы игерген мұғалімнің сабағы оның педагогикалық еңбегін ғылыми тұрғыда тиімді ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

STEM білім беру элементтерін бастауыш сыныптан қолданып, кіріктіре оқыту оқушылардың орта буын және жоғары сыныптарда пәнге деген қызығушылықтарын онан сайын арттырумен қатар олардың кәсіби бағдарына бағыт алуына, мамандық таңдауына да септігін тигізеді. Қазіргі күнгі кадрларға қойылатын талаптарға қарап, оншақты жылдан кейінгі цифрлық Қазақстанға қандай мамандар қажеттілігі туындауы мүмкін екендігін болжау қиын емес. STEM білім беру – сол қажеттілікті қолжетімді етудің бүгіннен басталып жатқан қадамдары десек болады.

STEM білім беруді тәжірибеде қолдану үшін алдымен ол туралы әр елдің әдістемелерімен,

жүргізілген зерттеулерімен, қорытындыларымен танысып, саралап, теориясы туралы мәлімет алған жөн. Сонан кейін өз тәжірибемізге енгізуді жоспарлап, күтілетін нәтижені анықтап аламыз. Сабақ барысында немесе сабақтан тыс уақытта әр пәннен алған білімді байланыстыра қолданудың әдіс-тәсілдерін түрлендіре отырып, әдістемелік қоржынымызды толықтырамыз. Бұл жердегі есте ұстау керек ең негізгі тұстар:

- Әр пәндегі оқу мақсаттарын дұрыс іріктеу;
- Оқу мақсатына сай тапсырма әзірлеу;
- Тиімді әдістерді таңдау;
- Оқушылардың жас ерекшелігін естен шығармау;
- Күтілетін нәтижені нақты белгілеу, білу, көре алу;
- Мақсат айқын, нақты болу;
- Нәтижеге талдау жасау, қорытынды шығару.

Осы жұмыс мұғалімнің STEM білім беруді өз тәжірибесінде қолданып, оқушыларының өмір ағысынан кеш қалмай шығармашыл тұлға болып қалыптасуына көмегі тиеді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 «STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, Нұр-Сұлтан, 2017.
- 2 Инфоурок сайты, <https://infourok.ru/>
- 3 «Почему вам нужно STEM-образование» <https://www.studyusa.com/ru/a/2277>
- 4 «Развитие STEM – образование в мире и Казахстане», «Білімді ел - Образованная страна» №20 (57) 25 қазан 2016ж.
- 5 «Importance of STEM Education in Elementary School», ДженниКрюгер-01.08.2016, <https://education.fsu.edu/importance-stem-education-elementary-school>

УДК 373.016:94 (574)

Серкебаева Гулнара Ендибаевна
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
Ұзынағаш ОМ
Алматы облысы Жамбыл ауданы

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Мақала қалыптастырушы бағалаудың ерекшеліктері және оны оқу процесінде тиімді қолдану жолдары туралы. Оқушылардың оқуы, жетістікке жетуі үшін бағалау маңызды рөл атқарады. «Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіреді, бұл кездейсоқтық емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істейтінін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін бақылауы болып табылады. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Күн сайын оқушының алған білімі бағаланады. Баға – оқушының алған білімінің өлшемі ғана емес, оның оқуға, білім алуға деген тәрбие құралы болуы тиіс. Сабақ барысында ынталандыру мақсатында қолдау көрсетіп, қолпақтау, мадақтаулар оқушылардың сабаққа ынтасын, жауапкершілігін арттырады. Дұрыс бағалау оқушының танымы мен қабілетінің жан-жақты дамуына көмектеседі. Бағалаудың бұл түрлері оқушыға күш-жігер, сенім береді.

Түйінді сөздер: Қалыптастырушы бағалау, оқу процесі, тиімді қолдану, баға, ынталандыру, білім.

Аннотация

Статья об особенностях формирующего оценивания и способах его эффективного применения в учебном процессе. Для того, чтобы ученики учились, добивались успеха, обучение играет важную роль. Термин "оценка" означает сидеть рядом, что не случайно, так как основной характеристикой

оценки является то, что один человек контролирует свое собственное мышление, понимание или поведение в ситуации самоконтроля, что другой человек говорит и делает. Оцениваются учителями в письменной или устной форме путем выставления оценок. Каждый день оцениваются знания, полученные учеником. Оценка-это не только критерий знаний, полученных учеником, но и средство его воспитания, обучения. Поддержка, поддержка и поощрение в целях мотивации во время урока, поощрения повышают мотивацию, ответственность учащихся за урок. Правильная оценка помогает всестороннему развитию знаний и способностей ученика. Эти виды оценки дают ученику силу, уверенность.

Ключевые слова: *Формативное оценивание, учебный процесс, эффективное применение, оценка, мотивация, образование.*

Annotation

The article is about the features of formative assessment and ways to effectively use it in the educational process. Education plays an important role for students to learn and succeed. The term "assessment" means sitting next to each other, which is not accidental, since the main characteristic of assessment is that one person controls what the other person says and does, or their own thinking, understanding, or behavior in a state of self-control. Teachers evaluate by setting grades in writing or orally. Every day, the knowledge gained by the student is evaluated. The assessment should be not only a measure of the student's knowledge, but also a means of educating him / her to learn and receive knowledge. During the lesson, support, encouragement, and encouragement for the purpose of motivation increase students' motivation and responsibility for the lesson. Correct assessment helps to fully develop the student's cognition and abilities. These types of assessments give the student strength and confidence.

Keywords: *Formative assessment, educational process, effective application, assessment, motivation, education.*

Қазіргі таңда оқушыға мұғалім алдын-ала бәрін дайындап бермеуі қажет, оқушы өз бетінше ізденуі тиіс. Ал, мұғалім оқушының оқуын, ақыл-ой дамуына бақылау жасап отыруы керек. Оқушы – ізденуші, ойланушы, тың жауап беруші және өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім осы әрекетке бағыт беруші, ұйымдастырушы. Ол үшін мұғалім кәсіби құзіреттілігін үздіксіз жетілдіріп отыру, қазіргі заман талабы. Өйткені, оқушыға білімнің сапалы берілуі мұғалімдердің білім деңгейіне байланысты. Сондықтан әр ұстаз «Мен қабілетті және функционалды сауатты шәкірт тәрбиелей алатын ұстаз келбетіне лайықпын ба?» деген сын тұрғысынан өз-өзіне баға беруі керек. Бүгінгі күні білім беру жүйесінде: «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге, үйретуге болады».

Сындарлы оқыту теориясы негізінде мұғалім үнемі «Баланы оқуға, ойлануға қалай үйрету керек?», «Балаға нені үйрету керек?» деген сұрақтарды өзіне қоюы керек. Өйткені мұғалім оқушыға пән материалдарын меңгертіп қана қоймай оқушыларды жүйелі ойлануға, оқу мақсатын түсінуге, өзін-өзі оқытудың қажеттілігін мойындауға, өзгені үйрете отырып өзінің үйренуін қалыптастыруына, алған білімін өмірде қолдана алуына жетелейтін тұлға. Осылайша, оқушы өзінің оқуы үшін жауапты болады. Сондықтан мұғалімде Шульман «мұғалімнің үш көмекшісі» (Shulman, 2007) деп атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту жақсы болып саналады (МАН, 8-бет) дегендей оқытуда нәтижеге жету үшін мұғалімнің уақыт ағымына сай қажетті жағдайларға бейімделуіне байланысты.

Оқушылардың оқуына, жетістікке жетуіне бағалау маңызды рөл атқарады. «Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіреді, бұл кездейсоқтық емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істейтінін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін бақылауы болып табылады. Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады (Александр, 2001) деген. Күн сайын оқушының алған білімі бағаланады. Баға – оқушының алған білімінің өлшемі ғана емес, оның оқуға, білім алуға деген тәрбие құралы болуы тиіс. Сабақ барысында ынталандыру мақсатында қолдау көрсетіп, қолпаштау, мадақтаулар оқушылардың сабаққа ынтасын, жауапкершілігін арттырады. Дұрыс бағалау оқушының танымы мен

қабілетінің жан-жақты дамуына көмектеседі. Бағалаудың бұл түрлері оқушыға күш-жігер, сенім береді.

Бағалаудың жаңа жүйесінде жиынтық бағалаумен қатар қалыптастырушы немесе формативті бағалау қолданылады. Жиынтық бағалаудың немесе Оқыту үшін бағалаудың мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны мұғалім тест, емтихан т.б. түрде өткізіп, өзі бағалайды. Формативті бағалау немесе оқу үшін бағалау күнделікті әр сабақта жүргізіліп тұрады. Оқу үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, оқушылар белсенді қатысуы керек. Аталған бағалау мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді [3, 58-бет].

Қалыптастырушы бағалау – баланың оқуын бақылау және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі. Қалыптастырушы бағалау бағасыз бағалау болып табылады, ол критерийлерге сәйкес бағалауға негізделеді және кері байланысты меңзейді. Осының нәтижесінде білім алушы өзін бақылап, өзінің әрекет-тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді күзіреттіліктерін қалыптастырады. Кері байланыстың қай түрі болмасын, нені жақсы орындағанын белгілеп отыруы, қателіктер болған жағдайда мұғалім оқушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беруі керек.

Қалыптастырушы бағалаудың бір түрі – өзін-өзі бағалау және өзара бағалау. Өзара бағалау білім алушыларға бір-біріне кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады. Баға оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Баға қою бағалаудан туады және де бала келесі балаға баға қоймайды, тек бағалайды.

Өзін-өзі бағалауда білім алушы «Тапсырманы орындауда нені жасау қажет? Тапсырманың барлығы дұрыс орындалды ма, әлде қателіктер жіберілді ме? Тапсырманы толығымен жеке өзі орындады ма, әлде біреудің көмегіне сүйенді ме? Тапсырманы орындау барысында қандай біліктіліктер дамыды?» - деген сұрақтарға жауап іздейді.

Бағалауда қолданылатын қарапайым әдіс түрлері:

1. Сұрақ қою әдісі. Қабілеттері орташа оқушыларды «Не?» сұрау есімдігін пайдаланып сұрақ қоюға, ал қабілеттері барынша дамыған оқушыларды «Егер де ..., не болады?» деген үлгіде сұрақ қоюға ынталандыру.

2. «Басбармақ» әдісі. Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың ұғу деңгейін тексеріңіз. Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін. Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін. Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.

«Мұны білемін, ол қолымнан келеді. Мұны аздап білемін, әлі үйренуім қажет. Мұны мүлде білмеймін, білуім керек» стратегиясы.

3. «Бағдаршам» әдісінде түсінгендікті көрсету үшін бағдаршамның түстері көрнекі құрал ретінде пайдаланылады. Оқушыларда қызыл, жасыл және сары түсті карточкалар бар, оны олар өз парталарына қояды немесе жоғары көтереді (қызыл = түсінбеймін, жасыл = барлығы түсінікті). Оқушылар бағдаршамның түстерін пайдалана отырып, өздерін бағалайды. Мұғалімге көрсетілген бағалауды оқушылардың күнделіктеріне жазуына болады. Сыныптастары бағдаршам түстерінің көмегімен таныстырылымдарды және т.б. бағалайды. Басында балалардың барлығы жасыл түсті көрсетуі мүмкін. Содан кейін өз қателерін тауып, дұрысын дәлелдей алмағандар сары немесе қызыл түсті көтеріп жатады.

4. «Бұрыштар» әдісі: Мұғалім оқушыларға сұрақ ұсынады және мүмкін төрт жауабын сыныптың төрт бұрышына орналастырады. Оқушылар өзіне дұрыс деген жауаптың қасына барып тұрады, таңдаған жауаптарын топтық жұмыста тұжырымдайды және өздерінің көзқарастарын дәлелдейді.

5. «Ойлан-жұптас-бөліс». Берілген тапсырма (сұрақ) бойынша әрбір оқушы жеке жұмыс жасау

арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі; бұл бүкіл топтық талқылауға ұласады.

6. Stop-кадр. Stop-кадр – бейнефильмнің бір сәтімен (кадр) жұмыс. Кадрды экранда тоқтатып қойып, сұрақтар қою арқылы оқушыларды диалогқа тартуға болады. Сыныпта жұптық жұмыс ұйымдастыруға да болады: оқушылардың біреуіне кадрды көрсетіп, екіншісіне осы көріністі толықтай сипаттап беруін тапсыруға болады, екінші оқушы оған нақтылау сұрақтарын беру арқылы көмектесуіне болады.

7. Дыбыстау. Фильмнен өткен тақырыпқа байланысты немесе оқушылардың деңгейіне сәйкес келетін үзіндіні дыбыссыз көрсетіп, оқушылардың рөлге еніп, дыбыстауын тапсыруға болады. Алдымен үзіндіні дыбысымен көрсетсе де болады. Дайындалуға оқушыларға жеткілікті уақыт беру қажет.

8. Серпілген сауал. Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылаудағыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында бірінен-біріне сұрақтарды «лақтыру»: мысалы, «Асан, Айнаның пікіріне қосыласың ба?», «Айна, Асанның жауабын тағы қалай толықтыруға болады?», «Асан, айтылған пікірлерді бір сөзбен қалай тұжырымдауға болады?»

9. «Сұрақты қағып ал». Мұғалім сұрақ қойған кезде оқушыларға бұршақ салынған қапшықты лақтырады. Бұл сұрау үдерісіне кинестикалық сипат береді және оқушыларды өз еркімен жауап беруге итермелейді. Оқушы жауапты білмеген жағдайда сұрақты басқа оқушыға лақтыруына мүмкіндік беріледі. Сұрақтардың қиындығына қарай оның бастапқы салмағын белгілеуге (ұпай арқылы) болады. Мысалы, қағып алған оқушы жауабын білмей, қапшықты басқа оқушыға лақтырса, сұрақтың құны 1 ұпайға кемиді. Бұл тапсырманы шағын топтардың арасында да қолдануға болады; мұнда мұғалім қапшықты кезекпен топтарға лақтырады.

10. «Допты лақтыру». Мұғалім доп лақтырып сұрақ қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді. Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді.

11. «Сөзді тап». Қобдишаға тақырыпқа қатысты түйінді сөздер жазылған қағаз қиындылары салынады. Бір оқушы қобдишадан қиынды қағазды алып, 1 минутта ондағы сөздің өзін атамай сипаттап түсіндіруі керек. Сөзді тапқан оқушы келесі сөзді алып түсіндіруді жалғастырады.

12. «Конверттегі сұрақ». Әрбір оқушыға арнап конверт дайындаңыз және оқу мақсатына сәйкес 2-3 сұрақ жазып, конвертке салыңыз. Конвертті оқушыларға таратып 2 минут уақыт беріңіз: оқушы стикерде өз атын, сұрақтардың жауабын жазып конвертке салады және конвертті келесі оқушыға жібереді. Барлық оқушылар жауап бергенше конверттермен алмасады. Соңында стикерлерді жинап, бірнеше жауапты дауыстап оқыңыз (аттарын атамастан); сынып жауаптардың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды.

13. «Пікір алмасу» (Showdown). Әрбір топ тақырыпқа қатысты 5 сұрақ дайындайды. Әрбір сұрақты стикердің бірінші жағына, ал жауабын екінші жағына жазып, келесі топпен стикерлерін ауыстырады. Топ басшысы стикердегі сұрақтарды оқиды, топ мүшелері жауаптарын жазып дайындайды. Көшбасшы белгі бергенде, барлығы өз жауабын ашады және жауаптарды талқылап, дұрыс жауаппен салыстырады.

14. Элективті тест. Мұғалім алдын ала әрбір оқушыға А, В, С, D, Е арқылы белгіленген түстері сәйкес ақ, сары, көк, қызыл, жасыл стикерді таратады. Әрбір сұрақты қойғаннан кейін 20 секунд кідіріп, сыныптан тест жауабына сәйкес әріпті көтерулерін сұрайды. Өзін-өзі және бірін-бірі бағалауды жүзеге асыру үшін дұрыс немесе дұрыс емес жауаптарды диалог құру арқылы талқылайды.

Баға қойылмайтынын білетін оқушының сабаққа ынтасы мен қызығушылығы жойылып, жауапкершілігі төмендейтіні белгілі. Әсіресе кіші жастағы бастауыш сынып оқушыларына үнемі сабаққа дайындалып келген уақытта тек қана мақтау сөздер жеткіліксіз болады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасында жалпы білім беретін мектептердің сыныптарында бағалау барысында талдануға сәйкес келетін 10 балдық бағалау жүйесі жүргізілуде. Бағалауға білім алушылардың пәндік білім, білік, дағдыларын және адамгершілік нормалары бағдарлы, жалпы адами және ұлттық құндылықтар тұрғысындағы іс - әрекет тәсілдерін меңгеру бойынша олардың жетістіктерін көрсететін нақты нәтижелер бағаланады.

0 балл – қанағаттанарлықсыз

1-2 балл – қанағаттанарлықтан төмен

3 балл – қанағаттанарлық

4 балл – қанағаттанарлықтан жоғары

- 5 балл – жеткілікті жақсы
- 6 балл – жақсы
- 7 балл – өте жақсы
- 8 балл – үздікке жақын
- 9 балл – үздік
- 10 балл – өте үздік

10 балдық қалыптастырушы бағалау оқушылардың сабаққа ынтасын арттырып қана қоймастан нақты объективті бағалауға қол жеткізеді. Мен өзімнің сабағымда оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар таңдай отырып дескрипторлар арқылы балл қою кестесін құрастырамын. Тапсырма орындауда міндетті түрде оқушы балл қою кестесімен танысады. Өйткені оқушы балды не үшін алатынын біліп отыруы қажет. Тілдік пәндерде, әсіресе қазақ тілі сабағында сыныпта ауызша сұрақ-жауап алып немесе белсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылардың білімін еске түсіріп алғаннан соң, ұжыммен немесе тақтаға тапсырмаларды орындауға бір тапсырма беремін. Бұл тапсырмаларды орындау барысында оқушыларға ауызша кері байланыс беріп, түзету жұмыстарын жүргізеді. Ал енді оқу мақсатын қаншалықты меңгергенін байқау үшін өзіндік жұмысты орындауда қалыптастырушы 10 балдық бағалау тапсырмаларын беру арқылы оқушыға балл қоямын. Әрине, оқушы тапсырманы орындауда уақытпен жұмыс жасауды дағдыға айналдыру қажет. Оқушылар сабақтан жоғары балл алу, олар үшін үлкен жетістік. Оқушылардың сабақ барысында белсенділік танытуына, сұраққа дұрыс жауап беруіне және үй тапсырмасын орындап келуіне де көңіл бөліп, балл қойып отыру дұрыс деп ойлаймын. Математика пәнінде сабақты жарыс, бәйге түрінде өткізіп, оқушыларды жетістіктеріне қарай бағалауға болады. Бұл жерде белсенді оқушылар бір-бірімен жарысады, ал қолдауды қажет ететін оқушылар белсенді оқушыларға ілесуге талпынады. Тапсырма бергенде оқушы деңгейін міндетті түрде ескеру қажет. Кейбір қолдауды қажет ететін оқушыларымды оқу мақсатына жетуге арналған төмен деңгейлі тапсырмалар беріледі. Бұл жерде «Мені танда» әдісін қолданамын. Мысалы, 5 балл, 7 балл, 10 балдық тапсырмалар дайындап келемін. Тапсырмаларды оқушылар өз деңгейіне қарай таңдап алып, орындайды. Бұл оқушы өз-өзін тапсырма таңдау арқылы бағалайды алады. Әдебиеттік оқу сабағында өлеңді мәнерлеп оқу, әңгімеге сұрақтар құрастыру, өз пікірін білдіру, кейіпкерді сипаттау т.б. тапсырмалар барысында 10 балдық қалыптастырушы бағалаудың рөлі ерекше. Оқушы не үшін төмен немесе жоғары балл алып отырғанын бағалау критерийі немесе дескриптор арқылы біліп отырады.

Ал енді оқу мен оқытудағы өзгерістердің бірі – сабақ соңында рефлексия жасау.

- Бұл сабақ не туралы болды?
- Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?
- Бұл сабақта мен үшін не қиын болды?
- Бұл мен үшін неге қиын болды?
- Бұл қиындықтың немен көмегімен жеңсерім/еңсере аламын?

Мұнда оқушылар алған білімдеріне, тапсырмаларына қорытынды жасап, пікір айтуға дағдыланады, ойын ортаға салады. Нәтижесінде оқушылар өз-өздерін реттейді. Жүйелі сөйлеуге, ойын ашық жеткізе білуге, талдау жасауға үйренеді. Сабақтың жақсы не жаман, мағыналы не мағынасыз, көңілді не көңілсіз өтуіне байланысты оқушылар эмоцияларын білдіріп отырды. Сондай-ақ бағалауда оқушыларға өз-өздерін, бір-бірін бағалауды, топтық, жұптық бағалау түрлерін меңгертумен қатар критериалды бағалаудың маңызы зор. Оқушыларға өзін-өзі бағалауды және өзгені де бағалауды меңгертіп қана қоймай оларға сенім артып, бағыт беріп отырамын.

Менің байқағаным сабақ барысында қолданылған формативті бағалау түрлері оқушылардың өзгеруіне, өзіне деген сенімді болуына, бағалау жүйесіне деген ұстанымы мен көзқарасының оң шешімін тапқандай болды. Бүгінгі күні өзінің нені, қалай істеп жүргендеріне, қандай нәрсеге қол жеткізгендеріне есеп береді. Сыныптағы оқушыларда оң өзгерістер байқала бастады. Олар:

- Топпен, жұппен бірлесе жұмыс жасау арқылы оқушылардың белсенділігі артты;
- «Үнсіз оқушым» ашылды;
- Біршама еркін сөйлеуге, еркін ойлауға деген ұмтылыс байқалды;
- Дәлелді пікір айтуға үйренді;
- Достық қарым-қатынас нығая түсті.

Қорыта келе, оқушы өз пікірін анық жеткізе алатындай тілдік дағдыға ие болып, ізденушілік қабілеті артса, сыни ойлау белсенділігі жоғарыласа, мұғалімнің еңбегі жанғаны. Әр мұғалім жаңа

үдерісті жатырқамай қабылдап, оны өз тәжірибесінде енгізуі тиіс. Өйткені, әр бала қай сыныпта оқымасын, қай жаста болмасын өзінің кім болатынын армандайды және өмірден өз орнын табуда өз айналасынан дұрыс бағыт-бағдар беретін ақыл-кеңес күтеді. Сондықтан шәкірттеріме білім беруде «Оқыту үшін бағалу және оқуды бағалауды» яғни, суммативті бағалауға алып келетін формативті бағалауды жүзеге асыру арқылы күзиретті оқушы тәрбиелеу деп түсінемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші базалық деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» Дербес білім беру ұйымы. 2012.
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші базалық деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» Дербес білім беру ұйымы. 2012.
3. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық «Назарбаев зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы. Астана, 2016 (Оқу-әдістемелік құрал).
4. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық «Назарбаев зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы. Астана, 2017 (Оқу-әдістемелік құрал).

УДК 821:512

Рысбеков Асхат Рашидович

география пәнінің мұғалімі

Алмалы ОМ

Алматы облысы Сарқан ауданы

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫН ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Аннотация

Бұл мақала Алаштың ардақты азаматы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері, зерттеген жұмыстары мен өмір тарихының мектеп бағдарламасында оқытылуы жайлы.

Түйінді сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, еңбек, мектеп бағдарламасы, материалдар, оқу.

Аннотация

Эта статья посвящена трудам, исследованиям и изучению истории жизни почетного гражданина Алаша Ахмета Байтурсынова в школьной программе.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынов, труд, школьная программа, материалы, учеба.

Annotation

This article is devoted to the works, research and study of the life history of Honorary citizen Alash Akhmet Baitursynov in the school curriculum.

Keywords: Akhmet Baitursynov, labor, school curriculum, materials, training.

«Бүгінде қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пен Қазақстан географиясы, Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Мектеп бағдарламасында А. Байтұрсынұлының шығармалары, өлең жолдары, тарихы, зерттеген жұмыстары мен саяхаттаған өлкелері жайлы оқушыларға толық ақпарат беру мәселесі өзекті болып отыр. Оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының география пәнінде зерттеген жұмыстарымен саяхаттаған өлкелерін және туып-өскен жері, жұмыс істеген жерлері жайлы ақпарат ала алады. Тарих пәнінде халыққа қосқан үлесі, атқарған орасан зор еңбектері жайлы оқылады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде қазақ әліппесі жайлы, қазақ жазуы мен айтылуына қосқан үлесі жайлы еңбектері оқылады. Оқушылар ақын-жазушылардың еңбектерін толық зерттеп, мәлімет алу үшін оқулықтар қажет. Қазақ ортасы, түркі

әлемі ғана емес, орыс ғалымдары берген тарихи тұжырымдардың орны ерекше.

А. Байтұрсынов қазақтың ағартушы педагогы Ы. Алтынсариннің тікелей ізбасар-мұрагері және оның идеясын жалпақ қазақ даласында іске асырушы қайраткер болғандықтан, оның педагогикалық мұраларын Ыбырай еңбектерінен бөліп қарауға болады. Соңдықтан, ең алдымен Ыбырайдың ағартушылық идеясы қандай еді, А. Байтұрсынов бастаған зиялы топ ол идеяны қалай жалғастырды деген мәселелер төңірегінде ой қозғау қажет. Ыбырай заманы Ресей патшалығының отаршылық саясатымен тұстас келеді. Орыс патшасы қазақ еліне мектеп ашуды сылтауратып өзінің отаршылдық саясатын жүргізді. Оны Н.И. Ильминскийдің синодтық обер-прокурор К.Н. Победоносцевке жазған хатынан аңғаруға болады. Кезінде Ахмет Байтұрсынов, оның ғылыми еңбектері туралы орыс ғалымдары жағымды пікірлер айтқан болатын. М. Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынұлы» мақаласындағы тарихи фактілер, деректер күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Мақалада тұңғыш рет ақын, ғалым, публицист, қоғам қайраткерінің туған уақыты, кіндік қаны тамған жері, ол ортаның басты сипаттары, білім алған ошақтары, қызмет еткен орындары, әлеуметтік қызметтері, саяси-қоғамдық көзқарастарының өзгеруі, сан алуан эволюциясы жан-жақты ашылып берілген. Ал екінші мақалада А. Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерін, әсіресе тіл саласында ендірген жаңалықтарын саралауға арналған. Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы ерекшеліктерін өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіне 1923 жыл, 30 қаңтарда «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазған.

Ұлттық сипаттағы пәндердің оқытылу жай-күйі, жаңартылған оқу бағдарламасын жетілдіру бүгінгі уақыттың басты мәселесі болып отыр. «А. Байтұрсынов мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде ғалымның еңбектеріне ғылыми талдау жасалып және оны бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде пайдаланудың жолдары қарастырылған. Ал, А. Байтұрсыновтың педагогикалық-психологиялық мұраларының тәлімдік мүмкіндіктері Қ. Жарықбаев пен С. Қалиевтің «Қазақтың тәлім-тәрбиесі» және «Қазақтың педагогикалық ой-пікірлер антологиясы» атты еңбектерінде жақсы ашылып көрсетілген. Дегенмен, А. Байтұрсыновтың педагогикалық мұрасы, оның ішінде жалпы орта білім беретін мектептерге білім мен тәрбие беру, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселелері әлі де болса жан-жақты ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерттелген жоқ деп айта алмаймыз. Ал, ол кеңінен зерттелуі және қазақ педагогикасы тарихынан заңды орын алуы тиіс.

«...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті» - деп Сәкен Сейфуллиннің сөзімен қорытындылаймын.

ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ СЕКЦИЯСЫ
СЕКЦИЯ КАЗАХСКОЙ ФИЛОЛОГИИ
SECTION OF KAZAKH PHILOLOGY

ӘОЖ 821.512.122.09-93

Абдуллина З.А.

*филология ғылымдарының кандидаты
қазақ филологиясы кафедрасының доценті
Абылай Хан ат. Қазақ ХҚЖӘТУ*

Кадирбердиева Б.М.

*Сүйінбай атындағы ОМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зеттеуші*

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ БАЛАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ТІЛДІК СИПАТЫ

Аннотация

Мақалада балалар әдебиетіндегі кейіпкерлердің қоршаған ортадағы сөйлеу мәдениеті мен адамның таным деңгейін ашып көрсетудегі рөлінің зор екендігі туралы айтылады.

Түйінді сөздер: *тілдік бірліктер, әсерлі жеткізу, ұжымды бағалау, таңбаларды қолдану, ерекше ықпал ету, баланың дүниетанымы.*

Аннотация

В статье рассматривается изучение языковой личности ребенка, позволяет раскрыть пути формирования системы ценностей, нравственных, морально-этических ориентиров, позитивных поведенческих стереотипов, возрастные предпочтения и речевые особенности.

Ключевые слова: *языковые единицы, результативная подача, командная оценка, использование символов, особое воздействие, мировоззрение ребенка.*

Annotation

The article examines the study of a child's linguistic personality, allows to reveal the ways of forming a system of values, moral, moral and ethical guidelines, positive behavioral stereotypes, age preferences and speech features.

Key words: *language units, effective presentation, team assessment, use of symbols, special impact, child's worldview.*

Тілдік тәсілдердің барлығы да көркем шығармада белгілі бір стильдік мақсаттарға орай қолданылады. Кез-келген жазушы кейіпкер бейнесі мен оның шынайы болмысын беруде тілдік көріктеуіш құралдарын қолданады. Қай халықтың болмасын мәдениеті, шаруашылығы оның тілі арқылы көрініс табады. Тілдік бірліктер арқылы мәдени ақпараттар, стереотиптер, эталондар адам санасында ұлттық мәдениетті тануға жол ашады.

Кез келген адамның өзін-өзі ұстауы, сөйлеуі әр ортада әртүрлі болады. Осы тұрғыда оның тәртібі, жүріс-тұрысы, сөйлеуі, қимыл-қозғалысы ортаға байланысты болады. Танымайтын, бөгде адамдармен қарым-қатынас жасауда өзін ұстауы бір басқа да, ал өзінің құрбы-құрдастарының арасында өзін-өзі ұстауы бір басқа. Көбіне тілдік қателер осы екінші жағдайда көбірек байқалады десек, қателеспеген болар едік, өйткені адам санасына ерік беріліп, кейде сөйлеу әрекетінің барлық сатылары жүзеге асырылмайды. Ал, бірінші жағдайда адам өзінің айтайын деген ойын сұрыптап, ережелерге сай, дәл, әсерлі етіп жеткізуге тырысады. Мұны жеке тұлғаны, ұжымды бағалау кезінде анық байқауға болады. Орыс психологы А. М.Фонарева өзінің «Бала тұлғасын дамыту» атты еңбегінде «7-12 жастағы балалар өзін қоршаған әлеуметтік ортаға байланысты тілдік қолданысты сөйлеу, тыңдау әрекеті арқылы сөздік қорына қабылдап отырады. Бұл кезеңдерде баланың сөз байлығы белсенді түрде жинақтала бастайды. Олардың кез келген орта мен әрекетке байланысты «тілдік құпиялар» мен кодтарды шешуге деген қызығушылығы басым болады да, көпшілікке белгісіз, белгілі бір адамдар арасында қолданылатын «құпия» тілдік бірліктерді, таңбаларды қолдануға әуес келеді. Мұндай тілдік немесе тілдік емес символдарды ерікті және еркін қолдану бұл

жастағы балалардың ой-қабілетінің дамуына ерекше ықпал етеді. Мектеп оқушылары бір-бірімен тілдік қарым-қатынас жағдайында осы үрдісті пайдалануды алдыңғы орынға қояды. Осылай ете отырып, балалар бір-біріне ғана түсінікті, ересектер арасында қолданыла бермейтін сөздерді қолданудың механизмін жасайды» деген [140,636.] пікір айтады. Балалар арасында ересектердің тілінде көп қолданыла бермейтін, тек балалардың тілдік қолданысына тән сөздердің пайдаланылуы балалар әдебиетінің тілінде де жиі кездеседі. Мысалы, *Құм үсті ойран-топыр. Ешкімді ешкім біліп болмайды, топалаң тигендей жығылып та жатыр, алып соғып: «Күш менікі, б... сенікі», - деп, жығылғандардың басынан аттап та кетіп жатыр* [18,796.]. *Сөйткенше болған жоқ, тырмысқанына болмай үйіріп әкеліп, Садық Мұратты жерге топ еткізді. Онымен де қоймады, намысына тиетіндей тағы бір жаман ырым сөзді айтып, «...күшің маған» деп, Мұраттың басынан аттап кетті* [16,2116.] деген сөйлемдердегі **күш менікі, б... сенікі, күшің маған** тіркестері М.Қабанбаев пен Б.Соқпақбаев кейіпкерлерінің тілдік қолданысында ғана кездеседі. Бұл баланың дүниетанымы мен тілдік ерекшелігінің бір көрінісі. Яғни, Б.Соқпақбаев та, М.Гумеров та, М.Қабанбаев та өз шығармаларында кейіпкерінің санасындағы, ойлау жүйесіндегі эмотивтік, психологиялық құбылыстарды, таным мәселесін анық суреттеу үшін өз шығармаларында сыртқы және ішкі психологиялық детальдарға ерекше көңіл бөлген. Кез-келген шығармада тұлға барынша нақты, барынша тұтас бейнеленеді. Көркем әдебиеттегі кейіпкер бар болмысымен, ішкі және сыртқы табиғатымен толық танылуы үшін мұндай тілдік құралдар бала дүниетанымы мен болмысына сай қолдана білу автордың тіл шеберлігі мен бала психологиясын өте жетік меңгергендігін байқатады.

Бірақ, жазушы өзінің стильдік, тілдік талғамына сай оларды сұрыптап, таңдап береді. Әсіресе, жазушы қолданысындағы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, теңеулер мен диалект қолданыстар, авторлық қолданыстардың кейіпкер бейнесін берудегі қызметі ерекше. Көріктеуіш құралдар кейіпкердің мінез-құлқын, психологиялық ахуалын, эмоциясын дәл беруге жағдай жасайды. Сонымен қатар, көріктеуіш құралдардың индивид пен ұжымның қоршаған ортадағы сөйлеу мәдениеті мен адамның таным деңгейін ашып көрсетуде рөлі зор. Бұл айтылған мәселелер балалар әдебиетінің кейіпкерлерімен тығыз байланысты. Себебі, бала тілінде де ұлттың рухани құндылығы ретінде ана тілінің бейнелі сөз оралымдары жиі қолданылады. Қаламгерлердің көркем дүниелерін талдай отырып, баланың дүниетанымындағы «ғаламның тілдік бейнесін» жасаушы осындай тілдік бірліктерге талдау жасауға болады.

Көріктеуіш құралдар – шығарманың өңін кіргізетін ең ұтымды тәсіл. Оның ішінде **теңеулердің** мәні ерекше зор. Белгілі ғалым Н.Уәлиевтің көркем әдебиетте кездесетін көріктеуіш тәсілдердің ерекшелігі туралы: «Көркем әдебиет тілінде жұмсалатын метафора, эпитет, теңеу, сөз мағыналарын ауыс мәнде құбылта қолдану, т.б. ертеден келе жатқан көріктеуіш тәсілдер. Сөз кестелеудің бұл тәрізді дәстүрлі түрлерінің ауыз әдебиеті мен байырғы әдеби тіл мұраларында және жаңа әдеби тілімізде жасалған небір айшықты, классикалық үлгілері бар.

...Саналы түрде, көркемдік мақсатқа орай қолданылған мұндай стильдік элементтер оқиғаның қандай ортада өтіп жатқандығын көрсетеді деген құнды пікіріне ерекше назар аударған жөн секілді.

А.Байтұрсынұлы теңеуге мынадай анықтама береді: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанымен, нәрсенің бейнесін сүгіреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп ашығырақ көрсетеміз. Теңеу екі түрлі: Әншейін теңеу, әдейі теңеу. Екеуінің арасындағы айырмасы сол: әншейін теңеу - әдетті теңеу болады, мәселен, удай ащы, айдай жарық, күйедей қара дегендегі «удай», «айдай», «күйедей» деген сөздер - әдейі теңеу».

Ал зерттеушілер «Тұрақты теңеулер - ежелден қалыптасып, тілде әбден сіңісіп кеткен образды конструкциялар деген тұжырым жасайды. Сол себепті де тұрақты теңеулер көркем әдебиетте де, фольклорда да, тіпті сөйлеу тілінде де бейнелеу, мәнерлеу тәсілі ретінде өте жиі қолданылады» деген тұжырым жасайды. Мысалы Т.Нұрмағамбетов өз шығармаларында осы үрдісті кейіпкер тілі арқылы көрсете білуге аса мән берген: *Қызуын мол жайып, жазғы күн де арқан бойы көтеріліп қалған. Енді міне, сол шыбық қартайыпты, діңінің жуандығы бір құшақ дерлік. Жас кезінде осы ошаққа сүт пісіріп, сүт суығанша күтемін деп кейде осылай отырып, қалғып та кететін* деген сөйлемдердегі арқан бойы, бір құшақ, сүт суығанша тәрізді өлшем бірліктері ұлттық дүниетаным туралы ақпарат береді. Тілдердің әсер ету қызметі сезімнің, көңіл-күй әсерлерінің мәнерлі құралдары арқылы экспрессивті қызмет көрсетеді. Адамның объективті шындыққа қатысты субъективті көзқарасы коннотативті мазмұнға ие болып, тілдің экспрессивті қызметіне бағалауыш және эмоционалды бояу қосады. Сөйтіп, бағалауыш, экспрессивтік, эмоционалдық байланыста

қызмет етеді. Экспрессивті реңк бар сөздер айтылар ойға ерекше мән беріп, оны жан-жақты толық көрсету үшін автордың белгілі бір мақсатты көзқарасын білдіру үшін жұмсалады. Т.Нұрмағамбетов шығармаларында бағалауыштық сипаты басым тұрақты тіркестер де молынан кездесіп, олар экспрессивтік, эмоционалдық мәні ерекше болып келеді. Мысалы, *Білдей совхоз директорының әкесі сиыр қарап, жер кезіп жүргенде көрші -қолаңдары да қол қусырып үйлерінде отыра алмады. Өңшең төрт құбыласы сай, көңілі жай жандармен дәмдес болды. «Ай десең ауыз, күн десең көз, өзіңе гана лайық көрдім» дегенде Жаманқұлдың екі езуі құлағына жетті* деген сөйлемдердегі ай десең ауыз, күн десең көз; екі езуі құлағына жетті; төрт құбыласы сай; қол қусырды т.б. тұрақты тіркестер шығарма тілінің көркемдігі мен стиліне ерекше қызмет етіп тұр. Т.Нұрмағамбетов шығармаларындағы ұлттық эстетикалық таным тілдік көркемдеуіш құралдар арқылы сәтті бейнеленген. Кейіпкер бейнесін жасауда әсіресе, теңеудің қызметі ерекше. Жалпы, Т.Нұрмағамбетов шығармалары тіл көркемділігімен, стильдік ерекшелігімен бітімі бөлек дүниені құрайды. Тілдегі бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдардың ішіндегі ең көнесі теңеу десек, қателесе қоймасымыз анық. Көркем шығармалардағы теңеулер автор тілінің ұлттық нақышын ғана танытып қоймайды, сонымен бірге өзіндік қолтанбасын да айқындай түседі. Теңеу өзінің мағыналық құрылымы арқылы троптың басқа түрлерінен ерекше болып келеді. *Сонымен қатар* М.Қабанбаев шығармаларынан да осы құбылысты айқын аңғаруға болады. Мысалы, *Қас қараймаса да сыбырлап құлаған миллион қиыршық көше қолаттарына ақ боз далада шымылдықты салбырата-салбырата іліп қойды. Ауылдың бас көтерер еркектері бұл күнде ерекше іскер, күйбеңшіл, ойдан ойып, қырдан қырып тастағандай қабақтары қатыңқы, шаршаулы.*

Теңеудің мағыналық құрылымы бейнелеуіштік, суреттілік қасиетінің, экспрессивтілігінің басты негізі болып табылады. Жазушы өз шығармаларында көркем бейне жасауда, сөзбен сурет салуда теңеу сөздерді талғампаздықпен шебер пайдаланып, заттың құбылыстың ерекше ұқсас белгілерін екінші нәрсемен салыстырып, эстетикалық әсерін одан әрі күшейтіп отырады. «Ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипаттаушы нәрсенің бейнелік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэзиялық қырынан танытатын өрнекті теңеулер» Б.Соқпақбаев шығармаларында да көп кездеседі.

Профессор Е.Жанпейісов көркем әдебиет тілін зерттеудің негізгі принциптерін көрсете келіп: «Жалпы көркем текспен, басқа да әр алуан бейнелеу құралдарымен тығыз байланыстыра қарау болса, екіншісі, лингвистикалық ыңғайда қоса талдаудың қажеттілігі зор» деп тұжырым жасайды.

Қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесінде құрылымдық және мағыналық тұрғыда ерекше лексикалық топ құрайтын тілдік таңбалардың бірі – **қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді сөздер**. Сөздерде мұндай тобы, мазмұны жағынан этностың ментальді дүниесіне тән тілдік және тілден тысқары білімдер жүйесінің бар екенін көрсетеді. Бұл қазақ тіліндегі **тілек** атауына қатысты ассоциациялық өрістің мәнін ашып береді. Дегенмен қазақ тілінің ұлттық мәдениетіне сәйкес қазақ тіліндегі тілек білдіру мәніндегі сөздер оң тілек және теріс тілек деп бөлінетінін байқаймыз. Біз қарастырып отырған Б.Соқпақбаев шығармаларында да сөздердің мұндай лексика-семантикалық тобы жиі кездеседі. *Бұл не сұмдық? Жүрген жеріңе шөп шықпағыр боп барасың ғой. - Сұлтан қайда?. - Білмеймін. Неге білмейсің? Өй, ант атқан алаяқ немелер! Бірін-бірі тануын бұлардың* т.б. сөйлемдерде кейіпкер тілін сомдауда мақсатқа сай автор қазақ тіліндегі қарғыс мәнді білдіретін *жүрген жеріне шөп шықпағыр, ант атқан* тәрізді тіркестерді қолданған. Мұндай құбылысты М.Қабанбаевтың, М.Гумеровтың тілдік ерекшелігінен де байқауға болады. Мысалы, - Тұра тұр, тілазар неме, қолға бір түсерсің!-деп кіжінді. -**Көгермес-ау, көгермегір!** О несі-әй?! – деп шаңқылдай сөйлеп қоя берді. -Әлгі сенің **оңбаған балаңды** айтам. Аты кім еді, өзінің? *Енді ол сыртыңнан: «Шоқ-шоқ, бәлем! Өзіне сол керек!» дейтін болды ғой.. –Тілің ащы-ау, құрдас. Тіліңе шоқ түссін! Мұның үстіне Разияның қарғысы қандай жаман. Екі сөзінің бірі «адыра қал», «арам қат», «атау- кереңді іш», «қағынды келгір», «көріңде өкіргір» боп келеді. Сөйтсе, Разия қыз кезінде де мінезі шатақ, көк долы екен* т.б.

Десек те, қаламгер шығармаларында бұған қарама-қарсы мәндегі, яғни ақ тілекті мазмұндағы қолданыстарды да байқауға болады: *-Уһ, жетісіп қалдым ғой, көсегең көгергірлер. Сіріңкем таусылып қап, бағанадан бері қаңсып тұр едім. Сенің өнеріңе риза болып сыйға тартқанымды, «талабың өрге бассын, жолыңа гүл бітсін» деп бата бергенімді ата-анана айта бар,- деді де, алақанын жайып, ернін жыбырлата әлденелерді күбірлеп, Елтайға батасын беріп бетін сипады* т.б.

Б.Соқпақбаев шығармаларындағы автор тілі мен кейіпкер тіліне тән ерекшелік, жалпыхалықтық тілдегі мұндай қолданыстармен бірге жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты

немесе белгілі бір қоғамдық сананың қабылдауына сай жасалған, әсіресе балалардың дүниетанымы мен тілдік қолданысын өзіндік қырынан танытатын қарғыс мәнді сөздердің жаңаша бір сипатының жиі кездесуі. Мысалы жазушының «Жекпе-жек» әңгімесіндегі:

- *Шіркін-ай, мен де осындай командир болсамшы! – деп дауыстап жіберді. Мектеп директоры Тоқмолданың баласы едірең Садық Мұраттың жүзіне бажырая қарады.*

- **Командир болмай қал!** Сен үйкүшікті әуелі солдатқа да ала қоймас.

- *Неге?*

- *Солдаттар әне, дәу-дәу, мықты. Ал сен болсаң түрің мынау, күнде ауырып қаласың.*

- *Өскенде ауырмаймын, - деді Мұрат сөзден ұтылғысы келмей.*

- **Өспей қал!** – деп, Садық Мұратты итеріп кеп жібергенде, бейқам отырған ол еңіске қарай тыраң етіп құлап қалды.

- *Мен сені ұшырып жіберем!-деді Мұрат тістеніп.*

- **Ұшырмай қал!**

- *Ұшырам дедім, ұшырам!*

- *Қане, ұшыр!*

т.б. мысалдардағы **командир болмай қал!**, **өспей қал!**, **ұшырмай қал!** деген тіркестерден өзге жазушылар мен басқа да көркем әдебиеттерде жиі кездесе бермейтін қолданыстың үлгілерін байқауға болады. Бұл автор тілінің байлығы мен стильдік құрылымының шеберлігіне байланысты болса керек. Қаламгер шығармаларындағы өзіндік қолданыстардың ерекшелігін талдай отырып, автор өз әңгімелерінде сығыр сөзін өте жиі пайдаланатынын байқауға болады. Бұл атау **сығыр құдай, мен сығыр** деген түрінде жиі кездеседі. Яғни **сығыр құдай** деген тіркес «қу құдай», **мен сығыр** деген сөз «мен байшара» деген ұғымды беріп тұрса керек. Қаламгердің әңгімелеріндегі мәтін мазмұны осыны аңғартады: *-Ыдырыс , тағы да сен бе? Тұншықтырып өлтірдің ғой сығыр құдай. Қақтамай, қоя тұршы. Жатар кезде жайсаң да кебеді ғой. Танауы делдиіп, көріңдер мені дегендей кеудесін алға тосып, қасындағы басқа балалардан өрескел тұр. Әй, сығыр, өзімнің де оңатын қылығым жоқ т.б.*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Соқпақбаев Б. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1987.
- 2 Гумеров М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1974.
- 3 Қабанбаев М. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1984.
- 4 Нұрмахамбетов Ә. Жер-судың аты - тарихтың хаты. – Алматы: Балауса, 1994.
- 5 Есімболова М. Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктері: филол.ғыл.канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2001.
- 6 Шалабай Б. Қазақ көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. - Алматы, 1997.
- 7 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы: Алматы: Қазақ университеті, 2002.
- 8 Уәлиев Н. Көркем әдебиет тіліндегі стильдік контраст // Жазушы және сөз мәдениеті. - Алматы: Ғылым, 1983.
- 9 Еңсебаева К. Қазіргі көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметі: филол.ғыл.канд. ... автореф.: 10.02.02. - Алматы, 1995.
- 10 Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы: филол.ғыл.канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 1994.
- 11 Н.Уәлиев. Фразеология және тілдік норма. – Алматы. 1998.
- 12 Байтұрсынов А. Шығармалар. Алматы: Жазушы, 1989.
- 13 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. - Алматы, 1978.
- 14 Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ана тілі, 1998.
- 15 Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Тілтаным. – Алматы, 2001. - №4.

ӘОЖ 37.8.87

Ағибаева Гаухар Калдыбаевна

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Алматы облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов ат. ОМ» КММ

А. БАЙТҰРСЫНОВ МҰРАСЫ

Аннотация

Мақала көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын, аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы.

Түйінді сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, шығармашылық, мұра, білім.

Аннотация

В статье рассказывается о жизни и деятельности Ахмета Байтурсынова, выдающегося общественного деятеля, крупного ученого, мастера риторики, литературоведа, тюрколога, талантливого поэта, переводчика, продолжавшего дело просвещения и демократизма Абая, Ибрая и Чокана.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынов, творчество, наследие, образование.

Annotation

The article tells about the life and work of Akhmet Baitursynov, an outstanding public figure, prominent scientist, master of rhetoric, literary critic, Turkologist, talented poet, translator, who continued the work of education and democracy of Abay, Ibray and Chokan.

Key words: Akhmet Baitursynov, creativity, heritage, education.

Биылғы жыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын - аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толған мерейлі жыл.

Ахмет Байтұрсынұлы - қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914- 1915 жылдан 1927- 1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының “Әліпбиімен” ашып, ана тілін Байтұрсынұлының “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді.

Ахмет - Алаш қозғалысының көсемі, ұлттық ғылымның негізін салушы, ақын, аудармашы. Батырлықты, билікті салт қылған ірі мінезді адамдары көп ортада туып - өскен Ахметтің тәрбиесі мал бағып, күйбең тірлік кешкен өзге қазақы ортадан бөлектеу еді. Әділетті жақтау, қиянатқа төзбеу, - атадан балаға қалған мұра секілді қасиет еді мұнда. Әулеттің ісін тізіп, әріге бармай-ақ, беріден қайырсақ, әкесі Байтұрсынның параға сатылып, аулына қиянат жасаған Торғай уезінің начальнигі, «кәрі ояз» атанған Яколевті сабап, басын жаруы да сол қасиеттің құдіреті болатын. Осы қасиет Ахметті де өз ортасынан суырып алып, күрес жолына салды. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы беделді, әділетті кісі болған. Ағайынды Байтұрсын мен Ақтас ел қамы үшін Яковлев деген жергілікті уездің бастығына қарсылық көрсеткендеріне бола бас бостандықтарынан айырылып, 15 жылға 1885 жылы Сібірге жер аударылады. Әкесінің інісі Ерғазының тәрбиесінде болған Ахмет бастауыш білімді Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған қазақ мектебінде сауат ашып 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныптық орысша - қазақша училещеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады.

А.Байтұрсынұлының жары Бадрисафаның шын аты – Александра. Ол 1878 жылы Орал өңірінде туған. Ахмет 1895 жылы 1 маусымнан бастап мұғалім болады. Осы тұста Ахмет асыл жары Александрмен мәңгіге сөз байланысса керек. Екеуі қол ұстасып Қостанайға келеді. Ахметтің қалауымен Александра Бадрисафа атанып, мұсылман дінін қабылдайды. Сол жерде некесін қиғызып, Зейнолла имамның қарауында екі ай мұсылман мектебінен өтеді. Содан кейін 1901 жылдан бастап

қолы бос кездерде ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды.

Ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға. Ұзақ ғасырлар бойы қолданыста болған араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында бірқатар кедергілері мен қиындықтары болды және араб әліпбиін пайдаланған күллі түркі халқы ортақ орфографиялық заңдылыққа бағынған болатын. Ал бұндай жазуды ұлттық деңгейге көтерудің ең басты тәсілі ретінде А.Байтұрсынұлы араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес реформалау деп білді, осылайша ұзақ ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан араб графикасына өзгеріс енгізу идеясы алғаш көтеріп, оны іс жүзінде реформалады. А.Байтұрсынұлы оқу жүйесіне де, түбегейлі реформа жасады. Өйткені соған дейінгі оқыту жүйесі таза араб тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне негізделіп, құран сүрелерін жаттауға бағытталатын және жазба тіл араб, парсы, түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктеріне сүйенетін. А.Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазу 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгені белгілі. А.Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 әріп, 1 дәйекше белгісі болды. Ұзақ ғасырлар бойы қолданыста болған араб жазу жүйесі негізінен үш түрлі сатыда қызмет етті: қадим, жәдид, төте жазу. Осылардың ішінде төте жазу, яғни А.Байтұрсынұлының әліпбиі ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралы болды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1913-1918 жылдары өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып жүрді. Жалынды да ойлы көсем сөз шебері, баспагер әрі ұйымдастырушы А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін осы тұрғыдан пайдалануды ұсынып, бұл басылымның алдына қойған мақсатын «халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» деп тап басып көрсетті. Бас редактор ретінде ол сол кездегі білімді, зерделі азаматтардың басын қосып, оқу-ағарту, ұлт, жер мәселелерін батыл көтерді. Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Газет қазақ халқын өнерлі, білімді, болуға шақырды.

1918-1919 жылдары Алашорда қатарында болады. 1919 жылы маусымның 24-і Қазақ өлкесін басқаратын әскери – революциялық комитетінің мүшелігіне тағайындалады. Қазақ өлкесі әскери революциялық кеңесінің қазақ халқын біріктіру және оны Кеңес өкіметі жағына тарту туралы мәселені қараған 1919 жылғы 27 қазанда өткен мәжілісінде сөйлеген сөзі арқылы тағы да дәлелдеді. Осы мәжілістің хаттамасында кездесетін: Байтұрсынұлы мыналарды ұсынды: 1) Қырғыз рефкомы қызғыздарға кеңес өкіметінің қырғыз халқына жалған емес, шын мәнінде автономиялық өзін-өзі басқаруды бергенін айқын көруі үшін дербес іс-қимыл көрсететін болсын.

2) Барлық қырғыздарға, соның ішінде ақтар жағында Кеңес өкіметіне қарсы күресіп жүрген Торғай және Орал алашордашыларына Кеңес өкіметі жағына өткен жағдайда кешірім жариялансын

3) Жергілікті жерлерде Кеңес өкіметі халық сенімін қамтамасыз етсін, Кеңес өкіметі жағына өтуіне жәрдемдесуге шаралар қолдансын, деген жолдар осының айқын айғағы.

1922-1925 жылдары Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми – әдеби комиссияның төрағасы, Халық ағарту комиссары.

1922-1925 жылдарда Қазақ халық ағарту институтында және КАЗПи-де оқытушы болды. 1929 ж 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңында тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жіберілді. Ал жұбайы мен қызы Томскіге жіберілген. КСРО халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «Үштігінің» 1930 жылы 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгеріске ұшырады. 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарды. 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірге айдауда жүрген отбасымен бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы Қызыл Крест комиссиясында қызмет еткен Е.Пешкованың (М.Горкийдің зайыбы) қолдау хатымен Ахмет Байтұрсынұлы босатылған. Сол кезде ол жанұясымен бірге Алматыға қайта оралған. 1937 жылы қазан айында А.Байтұрсынұлы тағы да қамауға алынып, тергеушілердің қойған сауалына; «Менің идеалым – қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның игілікті дамуының алғышарты болғандықтан мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын» деп жауап қайтарған еді. Байтұрсынұлының алғашқы шыққан «Қырық мысал» кітабында Ресей отаршыларының зорлық – зомбылығын, елдің

тұралаған халін жеткізді. Күрескер азамат қалың қазақ бұқарасының мұң – мұқтажын көздеген ойларға толы мақалалар, өлеңдер жазады, бүкіл саналы ғұмырын халықтың білімін, рухани санасын көтеруге, намысын маса боп шағып оятуға арнайды. «Маса» кітабында ақынның азаматтық арман мақсаты кестеленген. «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер – білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық, дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы 20 ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл – демократтық дәрежеге көтерді. Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсынұлының тақырыпты, идеялық – көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Қазақ әдебиетін дәуірлерге бөлуде де толып жатқан жаңалық бар. Хисса, хикаят, насихат, мақтау, даттау шығармалары діндар дәуір әдебиетіне жатқызса, сындар дәуір әдебиетіне ұлы әңгіме (роман), ұзақ әңгіме (повесть), әңгіме кірмек. Лирика түрлерін сап толғау, тартыс түрлерін әлектеніс, азаптаныс деп таратып әкету таң қалдырады.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат болар еді. А.Байтұрсынұлы зерттеуші Александр Затаевичке бірнеше ән жаздырған. Композитор, домбыра күреске де түскен палуан бір сөзбен жан – жақты өнерпаз, ұлт мәдениетінің бәйтерегі.

Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт – арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасиқтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етуге арналған.

Патша өкіметінің зұлым саясатын, халқына жасап отырған зорлық- зомбылығын, қорлығын көріп-біліп отырып, жан бағып, жайына жүре алмады. Бар оқығаны: ауылдағы екі жылдық, Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектептерімен шектелгеніне қарамастан, өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмаш болып, кейбірі арын сатып, ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды. Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті. Ол замана ағымымен кетпей, өзгелер ұқсап қазақ халқын бай, кедейге бөлмей, тұтас жақсы көрді. Намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады.

Ол отаршылықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты ағартудан басқа жол жоқ екенін, надандықпен, қараңғылықпен күресу керектігін толық түсініп, бар ғұмырын осы жолға арнады. Қуғын-сүргінге түсті мұқалмады, түрмеге қамалды – жасып жұқармады. Мұғалім болып, бала оқытып, жас ұрпақтың көзін ашты. Газет шығарып, мақала жазып, ұйқыдағы ұлтын оятып, замана аңғарын түсіндірді. Өлең жазып, мақсат – мүддесін танытты, түрлі қызмет істеп, үлгі – өнеге көрсетті. Ол өзі атқарған үлкенді-кішілі қызметті де, сабақ берген мектепті де, мақаласы мен өлеңдерін шығарған баспа орындарын да – бәрін – бәрін халқына қалтықсыз қызмет етудегі өз идеясын, өз саясатын жүзеге асырудың құралы етті. «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны - «Қырық мысал». «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер – білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған оны туған халқына жау етіп, көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғы жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды, 1937 жылы 8 желтоқсанда «Халық жауы» есебінде ату жазасына кесілді. Жала – бұлт, шындық – күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахан, Ахмет Байтұрсынұлы, өз халқымен қайта табысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ахмет Байтұрсынұлы «Ақ жол»
- 2 Ахмет Байтұрсынұлы «Шығармалары» Т.1
- 3 Ахмет Байтұрсынұлы
- 4 Тарихи тұлғалар
- 5 Қазақ ұлттық энциклопедия т.1
- 6

Адият Хамбар

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қайназар ауылындағы №1 ОМ
Алматы облысы Жамбыл ауданы*

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Аннотация

Мақала ХХ ғасырдың басындағы атақты лингвист, әдебиеттанушы, түркітанушы және көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі және ғылыми мұрасы жайлы.

Түйінді сөздер: *Ахмет Байтұрсынов, өмірі, қызметі, ғылыми мұрасы.*

Аннотация

Статья посвящена жизни и деятельности и научному наследию известного лингвиста, литературоведа, тюрколога и выдающегося общественного деятеля начала ХХ века Ахмета Байтұрсынова.

Ключевые слова: *Ахмет Байтұрсынов, жизнь, деятельность, научное наследие.*

Annotation

The article is devoted to the life and work and scientific heritage of the famous linguist, literary critic, Turkologist and outstanding public figure of the early twentieth century Akhmet Baitursynov.

Keywords: *Akhmet Baitursynov, life, activity, scientific heritage.*

ХХ ғасырдың отызыншы жылдарының аяғында Ұлы террордың конькимен сырғанау аймағы Қазақстанды шарпыды. Ол көптеген саяси және қоғам қайраткерлерінің өмірін қозғады. Ахмет Байтұрсынов та репрессияға ұшырады. Оның өмірбаяны «Надандық пен әділетсіздікке қарсы күрес» деп аталуы мүмкін. Ұлы ағартушының өшпес ғылыми мұрасы мен қазақ еліне жасаған ерен еңбегі бәрімізге айғақ. Осы мақалада сол жайында тоқталмақпыз.

ХХ ғасырдың басындағы атақты лингвист, әдебиеттанушы, түркітанушы және көрнекті қоғам қайраткері 1872 жылы 5 қыркүйекте дүниеге келді. Анасы мен әкесі қарапайым шаруалар болды, олар тағы үш ұл тәрбиелеп өсірді.

Патшалық Ресей өкшесінің астында өмір тәтті болмады, әділдік туралы мәселе де болмады. Бұған Ахметке өз отбасының үлгісімен көз жеткізуге тура келді. 1885 жылы полицейлер оларды Торғай уезіндегі ауылда басып кірді. Оларды «режимнің иті» полковник Яковлев басқарды. Адамсыздар погром ұйымдастырды. Іздеу деген желеумен олар өздеріне ұнағанның бәрін алып кетті. Бұған қарап болашақ ғалымның әкесі үлкен ұлдарымен бірге полковниктің бетінен ұрды. Өкінішке орай, олар одан құтыла алмады.

Әкесіз қалған Ахмет қаржының тапшылығына қарамастан білім алды. Ол білімнің негізін ауыл молдасынан үйренді, содан кейін туыстарының арқасында орыс-қазақ колледжінің екі сыныбын бітірді.

Осыдан кейін Ахмет Байтұрсынов мұғалім болуды шешіп, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған мамандандырылған мектепке түседі. Төрт жылдан кейін жиырма үш жастағы Ахмет тегін саяхатқа шығады.

Қазақ халқының құқығы мен бостандығы үшін күрес

1895 жылы Байтұрсынов сабақ бере бастады. Ол 1909 жылға дейін ауыл мектептерінде және облыстық мектептерде жұмыс істеді. Бұл кезеңде ғалым саясатқа қызығушылық танытады.

Ол алғаш рет 1905 жылы билік назарын өзіне аударды, ол өзінің серіктерімен бірге қазақтарға діни бостандық беру, газеттер шығаруға рұқсат беру туралы талап қойылған петиция жазды; сот жүйесі мен жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері көтерілді. Сонымен қатар иммигранттар ағынының азаюы және қазақ халқынан жер алудың тоқтатылуы жарияланды. Кейбір мәліметтер бойынша бұл құжатқа 14,5 мың адам қол қойған.

Содан кейін ол кешірілді. Алайда, екі жылдан кейін олар есіне түсірді. Ахметті патшалығын ашық сынға алғаны үшін зынданға тастады. 1909 жылы Байтұрсынов тағы да Семей түрмесінің тұтқыны болды, бұл жолы ұлтаралық араздықты қоздырып, автономияны насихаттады. Сот болған жоқ, бірақ ол сегіз айдан кейін ғана босатылды.

Бірақ билік тынышталмады: Ахметті туған жерінен айырды, Қазақстаннан депортациялады. Сондықтан 1910 жылы ол әйелі Бадрисафамен бірге Орынборға көшуге мәжбүр болды. Бірнеше жылдар бойы ол сол кездегі көрнекті саяси және әдеби қайраткерлер - Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатұлымен кездесті.

Олар бірге қазақ газетін құрды, ол 1913-1918 жылдар аралығында негізгі саяси және ғылыми-әдеби газет болды. Оның беттерінде қазақтардың мәдениеті мен сауаттылығы, отырықшы өмірге көшу, құнарлы жерлерді орыс қоныстанушыларына әділетсіз беру мәселелері қамтылды.

Кеңестер тұсындағы партия мен өмірдің негізі жайлы айтар болса, 1917 жылы, Ресейде патша өкіметі құлағаннан кейін, көптеген қазақтар, соның ішінде Байтұрсынов, жеңіл дем алды, себебі Ақпан төңкерісі өзін-өзі басқаруға және езгіден құтылуға үміт берді. Осы сәтті пайдаланып Ахмет пен оның серіктері Алаш-Орданың жаңа автономиясының басшысы болған Алаш партиясын құрды.

Бұл мемлекет КСРО -ның бақылауына өтуге мәжбүр болған 1920 жылға дейін өмір сүрді. Осыдан кейін Алашорда мемлекеттік құрылым ретінде таратылды. Автономияның негізін қалаушылардың барлығына рақымшылық жасалды, бірақ 1930 жылдардың соңына қарай олардың бірнешеуі аман қалды.

1919 жылы Ахмет Кеңес Халық Комиссариаты бастығының орынбасары қызметіне көтеріліп, ВКП (б) мүшелігіне қабылданды. Бір жылдан кейін ол Лениннің өзіне хат жазып, Кеңес өкіметінің Қазақстанға қатысты саясатын қатаң сынға алды. Сонымен бірге ол РКП (б) мүшесі болды, бірақ шешілмейтін айырмашылықтарға байланысты коммунистер қатарынан кетті.

1921-1928 жылдар аралығында ол басқарушылық, ғылыми және оқу қызметінде белсенді болды. Бір жыл Қазақстандағы Халық ағарту комиссары болып жұмыс істеді. 1925 жылға дейін - ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы. Осының бәрі Байтұрсынов тарихты, қазақ тілі мен әдебиетін оқытумен ұштастырылды.

Қорқыныш 1929 жылы басталды, коммунистер ақ гвардияшылармен байланыс орнатып, қызыл командир Амангелді Имановты атқаны үшін Алашорда құрылтайшыларынан кек ала бастады. Байтұрсынов та осы қысымның астында қалды. Ол Қазақстанда қарулы төңкеріс дайындады және антисоветтік идеяларды таратты деп айыпталды. Серіктестерімен бірге ол Бутыркаға отырғызылып, өлім жазасына кесілді.

Үш жылдан кейін өлім жазасы он жылға бас бостандығынан айырылды, ал бір жылдан кейін - үш жылға жер аударылды.

Ахмет Байтұрсынов: әдеби және ғылыми қызметі

НКВД Байтұрсыновты айналымға алғанға дейін әдебиет саласындағы ғылыми зерттеулерде белсенді болды. Оның алғашқы жұмысы 1909 жылы жарық көрді. Бұл Крылов, Эзоп және Абай сюжеттерінің түпнұсқалық бейімделген «Қырық ертегілер» жинағы болды. Бұл мәтіндерде Байтұрсынов патшалық Ресейдің империялық әдет-ғұрпын сынға алды, биліктің қазақ халқына қарсы езгісі мен зорлығын шапты.

1911 жылы Ахмет Байтұрсынұлының ең маңызды шығармаларының бірі - «Маса» жарық көрді. Поэзия жинағы жоғары білімді және мәдениетті қоғам құру идеясын көрсетеді. Ахмет надандықты, немқұрайдылық пен немқұрайдылықты жоюға шақырады. Бұл кітап қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерді.

Ахмет өзінің алғашқы әдеби зерттеу жұмысын Орынборда жүргізді. Оның нәтижесі «Қазак» басылымында жарияланды. Ғалым Абайдың рухани мұрасының қазақ мәдениетіне әсерін қарастырды, ұлы ақын шығармаларының орасан зор маңызын ашты. Ақынның қоғамның демократиялық құрылымы туралы ойларын дамыта отырып, Ахмет оларды Қазақстандағы кәсіби журналистиканың негізіне қойды.

1926 жылы Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» (орыс. - «Әдеби сын») атты ғылыми-теориялық еңбегін жариялады. Онда ол әдебиет, тарих пен методология теориясы мен сынына нақты анықтамалар берді. Бұл қазақ әдебиетінің алғашқы іргелі зерттеу жұмысы болды.

Ахмет Байтұрсынов лингвистика мен білімнің дамуына айтарлықтай әсер етті. Ол араб графикасына негізделген жаңа әліпбидің негізін қалаушы ретінде белгілі. Ғалым әр сөздің алдына қазақ фонетикасын ескере отырып, дауысты дыбыстарды дұрыс беруге көмектесетін белгілер қоюды ұсынды. Жоба «Ашық хат» деп аталды, бірақ 1929 жылы түркі тілдерінің романизациясы басталғаннан кейін оның орнына Яналиф келді.

1912 жылы ғалым иллюстрацияланған праймер шығарды, ол бірнеше рет қайта басылды. Екі жылдан кейін ол морфология, фонетика және синтаксис бөлімдерін қамтитын қазақ тілін зерттеуге

арналған толыққанды оқулыққа айналды. Ол сонымен қатар грамматикалық терминдерді алғаш рет енгізеді.

1920 жылдардың ортасында Ахмет мұғалімдерге арналған бірнеше әдістемелік еңбектер жазды: «Тіл жұмсар» және Баяншы нұсқаулығы.

Байтұрсыновтың Абайдың көркемдік шеберлігі туралы зерттеулері мен ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттануында көрініс тапты және дамыды. «Әдебиет танытқыш» (1926) - қазақ тіліндегі әдебиеттің, әдістеменің тарихы, теориясы мен сынына нақты анықтама беретін және қазақ әдебиеттану ғылымын жүйеге келтіретін ғылыми -теориялық жұмыстың алғашқы іргетасы.

Ұлттық әдебиет сынында Байтұрсынов жаңа ұғымдарды, терминдерді, категорияларды тұжырымдады, мысалы: сөз өнері, жұмыс, ауыз әдебиеті, медитация өлеңі, аллегория, эпитет, қайта ойлау, персонификация, гипербола, метафора, метонимия, ирония және т.б. Байтұрсынов әдеби мұраны, ауызша халық шығармашылығын зерттеп, жеке кітап шығарды, оған көркем әдебиеттің түпнұсқасы - «Ер Сайын» аңыз (1923 ж.) Мен «23 жотау» жинағы (жылап, мемориалдық ырым жырлары) (1926 ж.) Енгізілді. Байтұрсынов - қазақ кәсіби журналистикасының негізін салушы.

«Қазақ» газеті Абайдың қоғамның демократиялық құрылымы туралы ойларын дамыта отырып, ұлттық өзін-өзі тануды оятты, қоғамдық-саяси сипаттағы мәселелерді көтерді, біздің біліміміз, ағартуымыз бен күнделікті өміріміз.

Байтұрсынов - араб графикасына негізделген қазақ тіліне бейімделген және қазақ жазу жүйесін дамытудағы маңызды ғылыми және мәдени жетістікке айналған жаңа әліпбидің авторы және реформаторы. «Оқу ралы» («Оқу құралы», 1912) - қазақ тілінде жазылған алғашқы праймердердің бірі.

1923 жылы Байтұрсыновтың 50 жылдығы Орынбор мен Ташкентте салтанатты түрде аталып өтілді. Әйгілі қайраткерлер С.Садвақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров ғылым, мәдениет пен білімнің дамуына қосқан үлесін жоғары бағалады. .

Ахмет Байтұрсыновтың қандай ақыл күші бар екені таңқаларлық. Ол патша мен кеңес өкіметінің қысымымен бұзылмады, өлім алдында да өз мұраттарына опасыздық жасамады.

Тәрбиеші - мұғалім.

1909 жылы Семей түрмесінен жазылған «Анаға хатта» А.Байтұрсынов бұл оқиғалар туралы былай деп жазады: Менің 13 жасымда соққан жүрегім емделмейтін жара мен терең ізді сақтап қалды. Ахмет ауыл молдасынан сауат ашты. Торғай мектебінің курсың үлкен қиындықтар мен қиыншылықтармен бітірген А. Байтұрсынов 1891 жылы оқуын жалғастыру үшін Орынборға жетуді жоспарлап отыр. Ломоносов сияқты А. Байтұрсынов кездейсоқ серіктерімен Орынборға жетіп, қырғыз мұғалімдер мектебіне түседі. Орынборда төрт жыл болу және Торғай ауданына жыл сайынғы демалыс үшін оралу және Орынборға қайтып келу үлкен материалдық қажеттіліктермен байланысты өте қиын жағдайларда өтеді, бірақ А. Байтұрсыновтың табандылығы қиыншылықтарға төзеді және «наннан суға» үзіліп, 1895 жылы мұғалімдер мектебінің курсың бітірді.

Осымен А. Байтұрсыновтың мектептегі білімі аяқталды. Болашақта ол еуропалық әдебиетті зерттей отырып, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады.

Педагогикалық қызметі А.Б. 1895 жылы басталады. 1895-1909 жылдар аралығында Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы аудандарындағы ауылдық, болыстық және екі кластық мектептерде сабақ береді.

Сол ерте кезеңдерге оның «Парасат себуші» деп атаған өлеңдері жатады. Ахмет Байтұрсынов ағартушылық пен білім халыққа бостандық пен әлеуметтік өзгерістер жағдайында ғана нақты пайда әкелетінін түсінген Қазақстанның алғашқы ағартушыларының бірі болды. Ол жиі жергілікті билеушілердің озбырлығын және патша самодержавиясының отаршылдық саясатын әшкерелеумен сөйледі.

Байтұрсынов - ғалым, публицист.

Қазақ тілінің табиғатын зерттей отырып, ол лингвистика бойынша мақалалар мен оқулықтар жазады, кейін оның лингвистика бойынша ғылыми зерттеулері пайда болады. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық еңбектерінің нәтижесінде бізде қырғыз алфавиті, фонетика, синтаксис пен этимология, қырғыз тілі, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы бар. Ахмет Байтұрсынов осы қажырлы еңбегімен қырғыз әдебиетін жоғары деңгейге көтеріп, ұлттық мектеп пен төл әдебиеттің берік негізін қалады.

1913-1917 жж - Ахмет Байтұрсынұлының өміріндегі тамаша кезең. Ол сол кездегі Орынборда шығатын, қазақ тіліндегі жалғыз газет «Қазақ» газетінің редакторы болды. Мұнда ол білімге,

әдебиетке және лингвистикаға арналған көптеген мақалаларын жариялайды, оқырмандарды халықтың бай мәдени мұрасымен таныстырады, білім нұрына, рухани кемелдікке шақырады. Бірақ екінші жағынан «қазақ» көптеген жауларға айналды. «Қазақ» өзінің барлық уақытында далада дамып келе жатқан бұзушылықтарға қарсы жүйелі түрде күрес жүргізді, қарақшылардың лас істерін әшкереледі; пара алушылар мен барлық алаяқтардың алаяқтары. Олар «қазақтың» әр қадамы мен әр жолын қырағы бақылап, денонсациялауды бастады; олар үкіметтің іс-әрекеті мен саясатын қатаң түрде жазған және айыптайтын аудармалар жасады, мақалаларға өз-өзіне түсініктеме берді және өз басшыларына ұсынды. Сондықтан, анда-санда редакцияда тінту жүргізіліп тұрды, анда-санда А. Байтұрсынов губернаторға немесе жандарм бастығына сүйретіліп жауап алуға тартылды. 1914 жылы №80 «Қазақ» редакциясына орналастырылған, онда А.Б. жаңадан әзірленген М.В.Д. Қырғыз өлкесін басқару туралы ереженің жобасы, Орынбор губернаторы Сухомлинов А.Б. редактор ретінде, 1500 рубльге. және төлемге қабілетсіз болған жағдайда айыппұлды А.Б -ны қамауға алуға ауыстыруды шешті. 8 айға. 1500 рубль жоғалту газетті жабумен тең болар еді, сондықтан А.Б денсаулығының нашарлығына қарамастан полицияға отыруға келіскенін, бірақ айыппұлды төлей алмайтынын айтты. 20 қазан А.Б. түрмеге жабу. Бұл жолдарды жаза отырып, мен әр түрлі қалаларға телеграмма жіберіп, А.Б. не болғаны туралы. Аудармалар телеграф арқылы редакцияға жіберілді және АВ 4-5 күн отырмай, айыппұлдан кейін босатылды. «Қазақ», содан кейін әр түрлі мөлшерде айыппұл салынды, кейде 3000 рубльге дейін жетеді. (1916 ж.) және әрқашан жауап беретін оқырмандар А.Байтұрсыновты қамауға немесе газетті жабуға әкелмей, айыппұлдарды дәл енгізді. «Қазақ» 1918 жылдың қазанына дейін өмір сүрді. Ешнәрседен құралған және патша-полиция режимінің қиын жағдайында болған, А. Байтұрсыновтың шебер басшылығы мен жанқиярлық еңбегінің арқасында, газеттің жабылмай тұрып, өзінің баспаханасы, үлкен қағаз қоры, шағын кітапхана, таралымы 8000 -нан асты.

Осылайша Ахмет Байтұрсынов басқаратын «Қазақ» газеті жас қырғыз баспасөзінің тарихында бірінші және құрметті орынға ие болды. Ақпан төңкерісінен кейін Ахмет Байтұрсынов қоғамдық-саяси өмірдің құйындысына араласты. Барлық облыстық және облыстық съездерде ол белсенді көшбасшылардың бірі болды. Патша билігі құлатылғаннан кейін ол әр түрлі сайлау қызметтерін атқарды, содан кейін «Алаш» ұлтшыл партиясының тізімінде Торғай облысынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланды. 1919 жылға дейін автономды ұлтшылдардың қатарында бола отырып, сол жылдың наурызында Ахмет Байтұрсынов оңшыл партиялардың қырғыз халқына жүргізген ұлтшылдық саясатының зияндылығына көз жеткізіп, Кеңес өкіметі жағына өтті.

Кеңес өкіметі кезінде Ахмет Байтұрсынов әр түрлі жауапты қызметтерді атқарды, сонымен бірге ол ұстаздық пен оқытушылықты тоқтатпады. Қазіргі уақытта ол Қырғыз институтының оқытушысы және Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғылыми -әдеби комиссияның өкілі және Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы.

Ақпан және қазан төңкерістерінің аласапыран жылдарында көптеген орыс және қазақ интеллигенциясының өкілдері сияқты А.Байтұрсынов оқиғалардың мәні мен мазмұнын бірден түсінбеді және біраз уақыт ұлтшылдық сезімдердің ықпалында болды. Бірақ көп ұзамай 1919 жылы оңшыл ұлтшыл партиялар саясатының қазақ халқы үшін зиянды екеніне көз жеткізіп, ол биліктің ар-ұжданының жағына өтіп, қазақтарды басқару жөніндегі революциялық комитеттің жұмысына қатысты. Территория. Қол қойған мандатты алғаннан кейін В.И. Ленин, ол қазақ халқының мемлекеттілігін дайындауға елеулі үлес қосып, оның құрамында тұрақты жұмыс істейді. Қазақ Кеңестік Республикасы құрылғаннан кейін үкімет мүшесі бола отырып, А. Байтұрсынов республиканың халық ағарту комиссары, кейін «Ақ жол» газетінде, Қазақстанның академиялық орталығында Халық ағарту комиссариаты, лингвистика мен әдебиеттану бойынша бірқатар еңбектер жазды.

Қорыта келе, асыра сілтеудің қиын күндерінде 1929 жылы еш себепсіз үш ондаған мемлекет және мәдениет қайраткерлерінің арасында А.Байтұрсынов қамауға алынды, түрмеде болды, содан кейін Архангельскіге жер аударылды. 1934 жылы М. Горький мен оның әйелі Е.П. Пешкованың араласуының арқасында Халықаралық Қызыл Крест көмегімен босатылды, бірақ бостандық ұзаққа созылмады, 1937 жылы А. Байтұрсынов қайтадан тұтқындалып, көп ұзамай өлім жазасына кесілді. Тек жарты ғасыр өткен соң, әділдік орнады, 1988 жылы Кеңес соты оны қылмыс құрамының жоқтығынан өлімнен кейін ақтады. Қазақ халқының мәдениетінің жарқын өкілдерінің бірінің ауыр тағдыры осындай болды.

А. Байтұрсынов мұғалім жұмысымен және ғылыммен айналысумен, белсенді қоғамдық іс-

әрекеттермен қатар көркем сөз өрнегінде жемісті еңбек етті, ХХ ғасыр жағдайында қазақ әдебиетінің реалистік, гуманистік, ағартушылық дәстүрлерін дамытуға қатысты. 19-20 ғасырлар тоғысында қазақ әдебиетінің негізгі мәселелерінің бірі ұлттық мәселе, қазақ қоғамының жағдайы, оның даму жолдары болды.

А. Байтұрсынов «Қырық мысал», «Маса» (Комар) өлеңдері мен аудармаларын жинап, фольклор үлгілерін жариялап, ғылыми-теориялық мақалаларда қазақ әдебиеті тарихы мен теориясы мәселелерін дамыта отырып, әдеби процеске белсенді қатысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Интернет энциклопедиясы.
2. «Қазақтар» II том.
3. Қазақ КСР энциклопедиясы.

УДК 82-1/-9

Айкебаева Шолпан Убигожиновна

*Кітапханатану және Библиографиятану пәндерінің оқытушысы
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Семей қаласы*

«ҰЛТТЫҚ БІЛІМ-ҒЫЛЫМНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ»

Аннотация

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық жолы туралы жан-жақты баяндалады. Мақала оқырманға көптеген тың деректер мен мазмұнды ақпарат танысуға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: ұстаз, тарих, Ахмет Байтұрсынұлы, насихат.

Аннотация

В статье подробно рассказывается о жизни и творчестве Ахмета Байтурсынова. Статья позволяет читателю ознакомиться с большим количеством свежих данных и познавательной информации.

Ключевые слова: учитель, история, Ахмет Байтурсынов, назидание.

Annotation

The article details the life and work of Akhmet Baitursynov. The article allows the reader to get acquainted with a large amount of fresh data and informative information.

Key words: teacher, history, Akhmet Baitursynov, edification.

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны- «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер...

Ақаң- еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі-артынан келе жатқан жастар...Оның арты Ақаң мектебіне тізіліп кіріп жатқан жас буын...Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды.

Әуезов Мұхтар

«Игі істер өлмейді,

Ізгі ойлар өшпейді» деп жырлағандай, үлкен-жолдың жаяу соқпақтан басталатыны сияқты, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының-адамзат тарихына өрлеген-қадамы, осы білім мен ғылымнан бастау алады.

Ұлы істері халыққа үлгі болған, есімі ұлттық әдебиетімізде, қазақ тілінде, тарихымызда жиі кездесетін, терең білімді ағартушы ғалым жайлы баяндалмақ. Ұлылар белгілі бір дәуірде дүниеге келген. Әрбір ұлы тұлға өзінше бір өлем.

Өткен тарихымызды бұрмалаусыз насихаттаудың бірден бір жолы, ол еліміздің болашағы

үшін бар ғұмырын күресте өткізген текті арыстарымыздың артында қалдырған рухани мұрасын, жас ұрпақтың қолына жеткізу. Сондықтан да біртуар азаматтарымыздың өмірі мен елі үшін атқарған қызметтерін терең зерттеп, келешек шәкірттерге дәріптеу- бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе деп білеміз. XX ғасырдың басындағы ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, аса ірі әдебиет теоретигі, ғұлама түрколог, жаңа қазақ тілі білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлына, биылғы жылы 150 жыл толып отыр. Ұлтымыздың дамуына ерен еңбегі жарқырап, келер ұрпағының білімді болуына сәуле шашқан жұлдыздарымыздың бірегейі - Ахмет Байтұрсынұлы.

Әрбір заманның ерекше жаратылысты адамдары болады. Сол заманның сондай адамдардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы, қазақ халқының білімі мен мәдениетіне аянбай, қажырлы қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен дарын иесі, тарихта орны айрықша қалар зор тұлға.

А. Байтұрсынұлы ағартушы ғалым болу үшін елеулі еңбектер атқарып, мемлекет қайраткерлігіне жету үшін қиын да тауқыметті, соқтықпалы жолдардан өтті. 1905 жылы педагогикалық училищені бітірген А. Байтұрсынұлы, Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, жатпай-тұрмай еңбек етіп, қайткенде қазақ халқының көзін ашуға, санасын оятуға барын салды. Ағартушы Ыбырай Алтынсариннің қазақты сауатсыздықтан құтқару үшін жасаған сара жолын әрі қарай жалғады. А. Байтұрсынұлы - XX ғасырдың басында демократиялық бағыттағы зиялылардың көшін бастаушылардың бірі, сондай-ақ Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құруда басты рөлді атқарушылардың бірегейі деуге негіз бар.

Қазақ халқының маңдайы жарқырап өзге елдермен қатар болуы үшін, ең алдымен оқу-ағарту ісін алдыға қою керек екендігін түсініп, бар сарқылмас күш-қуатын сарп етіп, аянбай еңбек етті. Бір сөзбен айтқанда, ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады.

«Ұлт ұстазының ұлы жолы»

Ахмет Байтұрсынұлы
(1872-1938 жж.)

Кезінде қуғын-сүргіннің құрығына ұшырап, мерт болған боздақтарымыздың есімдері ақталып, сөнгені жанып, жоғалғаны табылды. Алыптар қайта оралды. Үш ұлы тұлғалар, Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырып, келер ұрпағына асыл мұра қалдырған, ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы еді.

Ахмет Байтұрсынұлы-көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі. А. Байтұрсынұлы-қазақтың ұлы ағартушысы, ірі ғалым-лингвист, түркітанушы, ақын, аудармашы, әдебиет жинаушы және зерттеуші, бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Ағартушы, ірі ғалым-лингвист Ахмет Байтұрсынұлы Сарытөбек жеріндегі, Ақкөлден, қазіргі Торғай облысы, Жанкелдин ауданында 1872 жылы 5 қыркүйекте туған. Рас, 1929 жылы өз қолымен толтырған сауалнамада (анкетада) туған жылын «1872 жыл, мешін жылы» деп көрсетеді. Тоғыз жасынан бастап ауыл мектебінде, кейіннен Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқиды. Одан соң Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсіп, оны 1895 жылы бітіреді. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі мектептерде, орыс-қазақ училищелерінде мұғалім болып қызмет атқарады.

Патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы күресті тым ерте бастаған Ахмет Байтұрсынұлы осы үшін 1909 жылы Семей түрмесіне қамалады. Кейін қазақ жерінен тысқары жерлерге жер аударуға үкім шығарылып, ұзақ жылдар бойы «саяси сенімсіз» адам ретінде патшалық күзет қызметінің бақылауында болды. 1913 жылдан бастап «Қазақ» атты апталық газет ұйымдастырып, 1917 жылдың қыркүйегіне дейін оның редакторы болады. Ол қазақ мемлекетін қалпына келтіру үшін күрескен «Алаш» партиясы көсемдерінің бірі ретінде де белгілі. Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін А. Байтұрсынұлы біраз уақыт алашордашылар қатарында қалды, ал 1919 жылы бірқатар ғалым-зиялыларымен бірге Кеңес өкіметі жағына өтуге мәжбүр болды. Осы жылдың маусым айында Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық комитеттің (ВРК) мүшесі болып сайланады. 1922-1925 жылы, Халық ағарту комиссариатына қарасты ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы болды, Халық ағарту комиссары болып сайланды, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып жұмыс істеді, одан соң Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің газеті «Ақ жолда» еңбек етті.

1925-1929 жылы Қазақ халық ағарту институтында дәріс оқыды, сабақ берді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен сөз өнерінің дамуына айрықша еңбек сіңірді. 1909 және 1911 жылдары оның көпке белгілі «Қырық мысал» және «Маса» жинақтары жарияланды. Ахаң халықтық көркем сөз өнерінің қорын жинаушы, зерттеп, бастырушы ретінде де көптеген құнды жұмыстар істеді. Ол 1923 жылы жарияланған «Ер Сайын» эпостық жырының кіріспе мақаласын және түсіндірмесін жазды, сондай-ақ «Жоқтау» деп аталатын жинақ (1926), «Әдебиет таңытқыш» деп аталатын оқу құралын шығарды. Соңғы еңбек -әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы қазақ тіліндегі тұңғыш көлемді де толымды еңбек.

Ахаң қазақ балаларын ана тілінде оқыту ісіне арнап тұңғыш оқулықтар жазды. Олардың арасында: «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби»(1914), «Жаңа әліппе» (1926-1928) және «Баяншы» (1926) деп аталатын әдістемелік оқу құралдары балаларды оқыту ісі барысында маңызды рөл атқарды. Бүкіл бір халықтың ұлттық тілін түрлеп, әдебиетін жасап, ғылымын жетілдіріп, қоғамдық санасын қалыптастырып, ойын оятқан Ахаң секілді алып тұлғалар сирек. Халыққа қызмет еткенде, тек оның бүгінгісін ғана емес, болашағын ойлап, іс-әрекет жасау - әрбір ұлы ойшылдың парызы екенін А. Байтұрсынұлов жақсы таныған. Өзі де «бір күннің, бүгінгі күннің» қамы емес, ертеңгі үшін күресетінін Нәзипа Құлжановаға арнаған өлеңінде поэзия тілімен әдемі білдіреді.

Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,

Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым -деп, өзінің азаматтық парызын өтеу жолындағы табандылығын, мақсаткерлігін ашып айта келіп:

Мен өлсем де өлемін жөніменен,

Тәннен басқа немді алар өлім менен,

Өлген күні апарып тығары көр,

Мен жоқ болман тығылып тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса, ұқпасын - жабықпаймын,

Ел бір күншіл, менікі ертеңгі үшін! -деп, туған халқының бүгінгісін, бір күнгісін ғана емес, ертеңі - болашағы үшін маңызы бар іс-әрекеттерге тер төгіп жүргенін айтады. Бұл - алысқа, биікке самғаған қыранның - үлкен қайраткердің сөзі. Сан жағынан аса көп болмаса да «Маса» кітабына енген өлеңдердің де, баспасөз беттерінде жарияланған дүниелердің де әрқайсысы - ақын жанының айғайы мен айнасы, әр нәрсеге көзқарасы мен бағасы.[5,43-44.].

XX ғасырдың 30-жылдары қазақ зиялыларын жаппай қуғындаудың басталғаны мәлім. Сталиндік жазалау қармағына іліккендердің бірі де А. Байтұрсынұлы болды. 1938 жылы ол әуелі тұтқындалып, кейіннен атылды.1988 жылы ақталды. Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының үркердей жарқыраған жарқын шоғырының келбетті өкілдерінің бірі. Ол өмірін өз халқының білім алу жолына арнады.

Ахмет Байтұрсынұлының туған жылы туралы дәлелдер. Қазіргі күні кітапхана сөрелеріндегі кітаптарда, А.Байтұрсынұлының туған күні дұрыс жазылмаған. «Көш жүре түзеледі» демекші, мұрағат деректеріне негізделіп жазылған ғылыми-сараптау мақалалар мен зерттеу еңбектердің осындай олқылықтарды түзетуге ықпалы зор.

2006 жылға дейін Ахмет Байтұрсынұлының туған жылы, айы, күні әр басылымда әр түрлі көрсетіліп келгені көзі қарақты оқырманға мәлім. Ақиқатында, ұлт ұстазы 1929 жылғы өміржазбасында (жизнеописание) -Туған жылым «мешін» (1872) деп көрсетіп, Ахаң жайында 1922 жылы Міржақып Дулатұлы мен Елдес Омаров «Труды Общества изучения Киргизского края» Вып. III. Оренбург) журналына бірі өмірбаяндық очерк жазса, екіншісі әдеби талдау мақала жазғанын -Ахметтанушы Р.Сахыбекқызы өз зерттеуінде талдап таратқан.[23].

А.Байтұрсынұлының ҚР Орталық мемлекет мұрағатынан алынған өз қолымен жазылған жоғарыда көрсетілген құжаттарға («Ахмет Байтұрсынұлының ісі», «Ағартушылық халық комиссариатының тізімі», «Жауапты қызметкерлер сауалнамасы», т.б.) архивтік материалдарға сүйене отырып, А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры Р.Имаханбетова Ахаңның 1872 жылы 5 қыркүйекте туғандығын дәлелдеп, 2006 жылы «Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 2005-2006 жылдар аралығында газет-журнал беттерінде қаншама материалдар жазды. Р.Имаханбетованың тың мәліметін қолдаған филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл

Исмакова А. Байтұрсынұлының бес томдық шығармалар жинағының бірінші томына жазған.

«Алғы сөзінде» де, 2009 жылы Алматының «Мектеп» баспасынан жарық көрген «Алаш әдебиеттануы» кітабына енген «Ахмет Байтұрсынұлы» зерттеу еңбегінде де Ахаңның 5-қыркүйекте 1872 жылы туып, 8-желтоқсан, 1937 жылы қайтыс болғанын нақтылай көрсетеді.[26]. Бұдан артық нақты дәлелдер табыла қоймас деп ойлаймын.

Алғашқылардың бірі болып А. Байтұрсынұлының тағдыр-талайын шығармашылығымен ұштастыра зерделеп, 1992 жылы әдеби мұрасы жайында кандидаттық диссертация қорғаған, 1993 жылы Ахаң шығарған «Қазақ» газеті туралы монография жазған әдебиеттанушы ғалым Өмірхан Әбдиманұлы да Р.Имаханбетова мен А.Ісімақова көрсеткен ғалымның туған күні мен жылын дұрыс деп табады. Әдебиеттанушы Ө.Әбдиманұлы «Ахмет Байтұрсынұлы» атты эссесінде бұрын қазақ баласының дүниеге келгені туралы куәлік ала бермейтінін, оны жыл мезгілімен немесе сәби дүниеге келген жылғы ерекше оқиғамен есте сақтап, жыл қайыру бойынша есептеп шығарып отыратынын айта келіп: «Ахаң кейіннен өзі толтырған құжаттарда көрсеткен «Мешін» осының бір дәлелі. Шындығында қазақ жыл қайыруы бойынша мешін 1872 жылға келеді. Ендеше Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен толтырған құжаттардағы, атап айтқанда «Ахмет Байтұрсынұлының жеке ісі», «Ағартушылық халық комиссариатының сауалнамасы» т.б.

«5 қыркүйек 1872 жылды» негізге алуымыз керек», Кітап авторы Ахаң мерейтойының 1923 жылы себебі, сол кездегі республика басшылығында болған С.Меңдешев, Р.Радус-Зенькович, Ө.Жангелдин, және басқалардың бір кездегі Алашорда, басшылығында болғандарға қатты күрес жүргізілетінін дәлелдеп айтып: «Қорытындылай, жоғарыдағы бәрін салыстыра келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылдың 5-қыркүйегінде дүниеге келді деуге толық негіз бар. Бірақ бұл мәселені қанша көтергенмен (соның ішінде өзіміз де республика басшылығындағы адамдар еш назар аудармай келеді. Тарихтың шындығын бұрмалағанмен ұтарымыз шамалы» деген ой түйеді [5. Б.9-10].

2006 жылы А. Байтұрсынұлының көп томдық шығармалар жинағы шыққанда туған жылы - 1872 күні 5-қыркүйек деп көрсетілді. Р.Сахыбекқызы осы көп томдықтың құрастырушыларының бірі әрі редакторы болып, ғылыми түсініктерін жазды. 2012 жылдың тамыз, қыркүйек айында Астанадағы Гумилев атындағы ЕҰУ-республикалық конференцияға ұласып, онда: «А. Байтұрсынұлының туған күні мен жылын 5-қыркүйек, 2 жыл» деп өзгерту туралы мәселе қозғап, Үкіметке жолданған.

Тұңғыш қазақ университетін ашуға үлес қосқан қайраткер-Ахмет Байтұрсынұлы.

Қазақ халқының аяулы перзенттері, ұлтымыздың мақтаныштары Ораз Жандосов, Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Халел Досмұхамедов, Илияс Қабылов, Бәймен Алманов, Темірбек Жүргенов институт қабырғасында дәріс беріп, шәкірт тәрбиелеуге белсене атсалысты. Белгілі тіл мамандары: Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Жолдыбаев, математик Ө.Ермеков және басқа да ұлттық ғалымдарымыз оқытушы-профессорлар құрамын толықтыра түсті.

Сонау Қазан төңкерісінен бұрын, қазақ сахарасынан қараңғылық бұлты әлі сейілмей тұрған кезде, ағартушылық ұран бүкіл қазақ жұртын дүр сілкіндірген Ахмет Байтұрсынұлы сол кездің халқым білімді жұртпен теңессе екен деп, жас ұрпаққа арнап өнегелі сөздер, оқулықтар жазса, Алматыда тұңғыш қазақ университетін ашуға да жанталаса үлес қосқан қайраткерлеріміздің бірі болғанын біреу білсе біреу білмейтін шығар. Ахаң Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орнында студенттерге тіл білімінен дәріс берді. «Жұртқа ғылым үйретумен жайылады. Білімнің бас құралы - кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін оқулық болуы керек», - деп Қазан төңкерісіне дейін-ақ ұлағатты сөз айтқан Ахмет Байтұрсынұлы КазПИ-де сабақ бере жүріп, студенттерге арнап тіл білімінен оқулықтар да жазды.

«Қазақтың қаны бір, жаны бір жол-басшысы - мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын - мұғалімдікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан жұлдызымыз бір, жолымыз бір қазақ мұғалімдері, қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылдым», - деп қазақ мұғалімдеріне арнап «Педагогика» оқулығын сыйлаған көрнекті ақын әрі педагог-ғалым Мағжан Жұмабаев та осы қарт ҚазПИ-дің оқу құралдарына деген сұранысын қанағаттандыруға өз үлесін қосты. Оның «Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз», - деп болашақ мұғалімдерге ой сала айтқан педагогика жөніндегі лекциялары студенттердің, барша мұғалім қауымының жүрегіне шым-шымдап сіңіп жатты.

Жалынды ақын Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиеті тарихынан оқыған лекциялары да

тыңдаушыларын білім айдынына қанаттандыра түсер еді. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Ораз Жандосов пен Халел Досмұхамедов та оқу орнын қалыптастыру ісіне белсене атсалысып, болашақ мамандарды тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосқан ұлағатты ұстаздар болды. Алғашқы қазақ университетін, кейіннен қазақ педагогикалық институтын (ҚазПИ-ді) ашуға, оны қалыптастыруға зор еңбек сіңірген алғашқы ректор Санжар Жағыпарұлы Асфендияров атын ерекше ілтипатпен атаған жөн.[4,81-82]. Ғылыми зерттеу барысында, ірі саяси тұлға, қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлы туралы ойым жан-жақты жетіле түсті. Алуан саланы бір-өзі жетік меңгерген. А. Байтұрсынұлы ғалым ретінде қазақ халқы үшін көп іс тындырған. Ол жаңашыл лингвист ретінде қазақ тіл білімінің негізін қалады, қазақ әдебиеттану ғылымының жолын салды. XX ғасырдың 1930 жылдарындағы аса көрнекті тұңғыш ғалым болып саналады.

А.Байтұрсынұлының Семейдегі өмірі. 1941 жылы соғыс басталғаннан кейін Падрес (Бадрисафа) апам бұрынғы аурулары одан сайын күшейіп, Қостанай қаласында көз жұмды.

1970 жылы семьямызбен Қостанайға барып, Падрес апаның жатқан моласын көріп, өте мұңайып қалдым, бейітінің басында ескерткіш белгі жоқ, бір жатқан төмпешік қана... Көп ұзамай Кәтездің өзі де қайтыс болған, ол да баласы Серікпен бірге сол Қостанай қаласының зиратына қойылды. Ахаң өзінің саналы ғұмырында бес рет абақтыға қамалған екен. 2 рет көз көрмес, құлақ естімес қиыр түкпірге айдалған. Қандай себептермен абақтыға түсіп, жер аударғандары туралы анықтап кетейін: бірінші рет Ахаң ақ патшаға қарсы теріс пікір таратып жүр деген жаламен ұсталады. Бұл жаланы бірге істеген татар мұғалімдері таңған. 1907 жылы Қарқаралы абақтысында біраз отырып шығады. Бұл - Ахаңның бірінші қараңғы үйде болуы.

Семейге жұмысқа ауысқан кезінде сол Семей губернаторы Тройницкийдің шұғыл пәрменімен 1909 жылы 1 шілдеде тұтқынға алынады. Ахаңның үстінен ақ патшаның Шыңғысов Тәтімбет бастаған жергілікті Семей тыңшылары арыз түсіріпті, бұл арыз Ахаңның үстіне екі үлкен айып төндірді: бірінші айып - Ахмет Байтұрсынұлы мемлекеттік бірінші Думаның мүшесі, аса білімді саясаткер Бөкейханов Әлиханмен бірігіп, үкіметке қарсы жасырын ұйым құрып, теріс үгіт өрбітіп жүр дейді, екінші айып - ол басқарып отырған училищеде бірде-бір орыс баласы жоқ, ол тек қазақ балаларын оқыту керек деп есептейді. Осы екі ауыр кінәні Ахаңның басына үйіп-төгіп, ұлтшылсың деген жаланы және жапсырып, абақтыға жабады.

Семейдің едені сыз, терезесі жоқ абақтысы Ахаңның басына қаратүнек үйірген екінші қараңғы үйі болды. Бұл абақтыда ешбір тергеусіз сегіз ай бойына сарылып отырады. Жоғарыда тізбелеген айыпты мойындата алмай, құр босқа шығарып жіберуге тағы ыңғайын таппай, сот төрағасы екі жылға қазақ өлкесінен тыс жерге жер аударады. Бұл үкім 1910 жылғы 21 ақпанда шыққан. Орынбор қаласында Ахаң 1910 жылғы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың аяғына дейін сонда тұрып қалады. Бұл - Ахаңның бірінші рет жер аударылуы.

1929 жылғы маусым айында қамалған жері -Қызылорда абақтысы. Ахаң маусым айында Қызылорда қаласына шығармашылық сапармен барған. Сонда үлкен бір жиналыстан кешкілік шыға берген жерінде ұсталды. Қамауға алу туралы № 143 ордермен 1929 жылғы 2 маусым күні Қызылорда абақтысына әкеліп жапқан. Жарлықты орындаған сол кездегі Біріккен саяси басқарманың Қазақстан бойынша өкілетті өкілі Саенко. Саенконың қолы қойылған № 78754 ордер сот құжатының 3-томының 54-бетінде.

Ахаңды айдың аяғына қарай этаппен Алматы абақтысына құпия түрде алып келеді. Қызылорда абақтысы Ахаң түскен үшінші түрме. 1929 жылы Ахаңды ұстаған кезде таққан айыбы: 1926 жылы Баку съезінде шетелдік ғалымдармен астыртын байланыс жасаған, келешек Қазақ автономиясын ұлы Ресейден бөліп алып, бөтен ел болып кетпекке әрекет жасаған. Төрөқұловпен бірігіп, төңкеріске қарсы астыртын ұйым құрған, шет елге қашып кеткен башқұрт Зәки Валидовпен және қазақ Мұстафа Шоқайұлымен байланыс жасауға ұмтылған. Валидовпен хат жазысып тұруға Битілеуов арқылы арнаулы шифр алғызған, басмашы тобын құруға жәрдем сұраған. Ахаң түскен төртінші абақты -Мәскеудің айдай әлемге әйгілі шерменде орны - Бутырка қараңғы үйі. Бутыркада Ахаң 1929 жылғы шілде айынан 1931 жылғы 13 қаңтарға дейін отырған. Содан соң Архангельскі облысына жер аударылған. Ахаң сол айдаудан 1934 жылы қазан айында Алматыға қайтып оралған еді... Екі жарым жылға жетер-жетпес уақыт қана үрейлі бостандықта жүрген Ахаң 1937 жылғы 8 қазан күні қайта ұсталды. Алматыдағы Мемлекет қауіпсіздігі комитеті үйінің астындағы (бұрынғы Дзержинский мен Виноградов көшелерінің қиылысындағы) подвалға әкеліп, 7-камераға қамайды. Бұл -Ахаңның бесінші, ең соңғы жатқан абақтысы болатын. Осы түрмеде 1937 жылғы 8 желтоқсан

күні атылған...[2,78-79.].

А. Байтұрсынов жайында ізденіп, материалдар жариялаушылардың жазғанына қарағанда, 1909 жылы «Оренбургский край» атты газетте белгілі революционер Мақсұт Бекметов «Қазақ ақыны» атты мақала жариялап, онда А. Байтұрсыновтың қоғамдық, ағартушылық қызметтеріне кеңінен тоқталып, оған тағылған бұл айыптардың мүлде негізсіз екенін дәлелдейді де, заң орындарының оны қорғап шығуын талап етеді. Сотқа тартылатын қылмысы жоқ екенін, жел айдаған қаңбақтай патша үкіметі зорлығының құрбаны болып отырғанын түрмеден анасына жазған сәлем хатында өзі де айтады:

Мал ұрлап, кісі өлтірген жазғым жоқ,

Өкімет өр зорлыққа не дүр шараң...

Қаламда лахул махбуз ұмытқан ба,

Жазбапты бұл орынды көрмесіме.

Қаңбақпен салмағың тең бұл бір заман,

Лаж жоқ жел айдаса ермесіңе.

Тайпалған талай жорға, талай тұлпар

Тағдырдың, кез болып тұр көрмесіңе.

Солардан жаным-тәнім ардақты емес,

Орынсыз күйзелейін мен несіңе...

Сол отырғаннан Семей түрмесінде сегіз ай бойы еш-бір жауапсыз, тексерусіз отырады. Үкімет бұл айыптардың жала екенін еріксіз мойындап, оны ашық соттай алмайды да 1910 жылдың 21 февралінде екі жылға туған жері топырағынан кетуге ұйғарады, яғни административтік түрде жер аударады. Сол кезеңде Қазақ өлкесіне кірмейтін Орынборға 1910 жылдың 9 мартында келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрады. Әрине, Орынборда А. Байтұрсынов тағы қарап отырмайды. Туған халқына қызмет ету, отаршылдық саясатына қарсы күресу, оқу-білім тарату жолында нақтылы жұмыстар істеу сияқты өзінің алдына қойған мақсаты мен қазақ қоғамының рухани-мәдени даму тарихында елеулі орын алған істерге кіріседі.

Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының, М. О. Әуезовтің сөзімен айтқанда, «қазақтың ерте оянған тобының» инициативасымен елден қаржы жиналып, 1913 жылы «Қазақ» атты газет шығару ұйғарылады. Газеттің редакторлығына А. Байтұрсыновты қалайды. Сөйтіп, ол 1913 жылдың басынан 1917 жылдың соңғы айларына дейін осы органның редакторы болып қыруар еңбек етеді.[5,9.].

«Қазақ» газеті бес жылдай (1913-1918) уақыт өз қаражатымен, сол кезең үшін едәуір көп тиражбен (8000 дана) шығып тұрған. Бұл газет ең алдымен қазақ халқының ұлт-азаттығы және мәдени-әлеуметтік дамуы үшін күрескен. Сонымен қатар қазақ қоғамы мүдделерін көздейтін проблемалар көтеріп, оларға әлеуметтік үн бере білгей орган болды. Тұңғыш жарияланған нөмірінде өзінің көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыты жөнінде былай деп жазды: «Бұл газетаның мақсаты - жұрт пайдасына көз болу; қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету; басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсұттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру...

20-жылдары Қазақстан Қомпартиясының бірінші секретары Ф. И. Голощекин 1919 жылғы ВЦИК-тің қаулысына және В. И. Лениннің «көшпелі халықтардың малын тартып алып, кедейлерге бөліп беруге асықпау керек» деген ескертпесіне қарамастан, 1928 жылдың күзінде Қазақстанда мал-мүлік конфискациясын жүргізіп, әрі қарай астық дайындауды тездету үшін «Голощекиннің қызыл керуені» деген науқанды іске асырғаны, сөйтіп, қазақ елін мейлінше тонап, ашаршылыққа ұшыратқаны белгілі. А. Байтұрсынов қазақ даласында жүргізіліп жатқан конфискацияны жұтпен бірдей деп ашық айтты. Сұлтанбек Қожанов: «Жетгі (елді) күйзелтулер!» деп тікелей наразылық білдірді. «Кіші Октябрь» деп атаған осы саясатының теріс болғанын сезген Голощекин өзіне қарсылық білдірген қазақ қайраткерлері мен интеллигенттеріне «ұлтшыл» деген кінә тағып, олардың көзін жоюды қолға алады. Әсіресе революцияға дейін қалыптасқан қазақ интеллигенттеріне шүйіліп, ОГПУ олардың 30-ға жуығын қамауға алады. Солардың бірі -«рухани көсемі» А. Байтұрсынов 1929 жылдың 2 июнінде ұсталып, өзі Архангельск облысына, ал жұбайы Александра мен қызы Шолпан Томск облысына жер аударылады. Осы арада айта кетерлік бір жай А. Байтұрсыновтың жұбайы Александра атты орыс әйелі ешкімі жоқ пәтерде жүрген жетім қыз болатын (тіпті фамилиясы да белгісіз еді). Ахмет түрмеде жатқанда, тамақ тасып, кір-қоңын жуып оған қызмет көрсетеді. Ар-ұяты, адамгершілігі зор азамат мұндай қайырымдылықты, адал көңілді аттап кетуді ар санап,

түрмеден шыққан соң, сол жетім қызға үйленеді. Ол кезде өзге діндегі әйелмен мұсылманның некесін қиғызуды қиын іс болғандықтан, Александраға Бадрисафа деген мұсылманша ат беріп, татар қызы еді деп некеге отырады. Ахаңмен бірге көп қиындық кешіп өткен Бадрисафа 1943 жылы қайтыс болған. Бұлардың өз балалары болмайды, Ахметтің туған інілері - Қали, Қәкіш, Мәкендердің екі ұл, екі қызын бауырларына салады. Олар: Кәтез, Аумат, Қазихан, Шолпан. Қәтез кезінде гимназия бітіріп, сауатты адам болған, ол 1940 жылдары қайтыс болады. Ахметтің баурында өскен екі баласын - Аумат пен Қазиханды әкелері ұсталған соң ауылдың ұрда-жық әпербақандары зәбірлеп өлтірген. Қазірде көзі тірісі - қызы Шолпан Ахметқызы Байсалова-Байтұрсынова. Алматы қаласында тұрады. Ол кісі үш жасынан Ахаң мен Бадрисафаның қолында өскен. 1929 жылы анасы Бадрисафамен бірге Томскіге айдалып, бала кезінен өмірдің ащы зарын татқан. Томскіде анасынан тағы айрылып, Бадрисафаны Батыс Сібір өлкесі Кривошеин ауданына жібереді де, Шолпан Томскіде жалғыз қалады, кісі есігінде жүріп күн кешеді. 1933 жылы «халық жауларының» жетімдері елдеріне қайтарылғанда, ол Алматыға келіп, өз бетімен жұмыс істеп күн көреді.[5,17.].

Дүниежүзілік Қызыл Креске М. Горькийдің жұбайы Е. П. Пешкованың жолдаған өтінішімен А. Байтұрсынов 1934 жылы ссылқадан мерзімінен бұрын босатылып, әуелі Батыс Сібірдегі жұбайына барып, оны алып Алматыға, туған елінің астанасына қайтып оралады. Бірақ ешқандай дұрыс жұмысқа орналаса алмайды, жауапты немесе ғылыми жұмыс түгіл, жай бала оқытуға да араластырылмайды. Орыстарға (мекемелердегі) қазақ тілін үйрету сияқтылармен айналысып (онда да тиіп-қашып, рұқсат етілгенде ғана) күн көріс қамында болады. Айдаудан денсаулығы кеміп, жүдеп қайтады, тұрмыс таршылығын көреді, жұбайы ауруға шалдығады. Көп ұзамай 1936-1937 жылдардың зобалаңы басталып, НКВД органдары А. Байтұрсыновты 1937 жылдың 8 октябрінде екінші рет ұстайды. Дәл екі айдан кейін 8 декабрьде түрмеде атылады.[5,18.]. Міне, Ахмет Байтұрсынов кешкен өмір өткелдері, тар жол, тайғақтары осындай.

Ахмет Байтұрсынұлы және «Алашорда» ұйымы. Зерттеуші Б. Қойшыбаевтың жазғандарына қарағанда, Торғай облысының осындай съезін ұйымдастырып, оны 1917 жылдың апрелінде өткізушілердің бірі А. Байтұрсынов болды. Бұл съезд жергілікті өз мәселелерімен қатар, жалпы қазақ съезін шақыру керек деген мәселе қойып, оны ұйымдастыра-тын бюро сайлайды. Жалпы қазақ съезі бірнеше айдан соң 1917 жылдың 21-28 июлінде өтті. Онда да А. Байтұрсынов ұйымдастырушылардың бірі болды. Қазақ ішінде саяси партия құру жөнінде тұңғыш рет мәселе осы съезде көтерілді. Петроградта өтетін мұсылмандар съезі - Құрылтай жиналысына осы партияның делегаттар сайлауы керектігі айтылды. «Қазақ» газеті осы мақсатты орындау үшін Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі ұлт комитеттерінің басын құрап, партия етіп, оған «Алаш» деп ат қойып, делегаттар сайлау науқанына кірісу керектігін жазды.

Бұл газеттің 1917 жылғы 21 ноябріндегі нөмірінде жаңадан құрылған «Алаш» партиясының программасы жарияланды. Программаны жасап, қол қойған алты адамның бірі А. Байтұрсынов болды. 10 тармаққа бөлініп көрсетілген программада Россияның демократиялық-федеративтік республика болуға тиістігі, қазақ автономиясының құрылуы, дінді мемлекеттен бөлу, сот істерінің тәртібі, салық салу тәртібі, халыққа білім беру, жұмысшы заңдары, жер заңы т. т. мәселелер көзделді. 1917 жылдың 5-13 декабрінде өткен екінші жалпы қазақ съезінде 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін (үкіметін) құру туралы шешім қабылданды. Кеңестің қазақтан сайланған 15 мүшесінің ішінде, яғни «Алашорда» үкіметінің басшы құрамында А. Байтұрсынов болған жоқ. Ол оқулықтар жазу жөніндегі Комиссияға сайланды. Міне, А. Байтұрсыновтың 1917 жылдың соңында «Қазақ» газеті редакторлығынан кетіп, 1919 жылдың мартына дейін «Алашорда» ұйымында қызмет етуі осы еді.

«Алаш» -1917 жылдың орта тұсында құрылып, 1920 жылдың орта шенінде тараған ұйым болатын.[5,12.].

Ахмет Байтұрсынов-қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Ахмет Байтұрсыновтың атын қазақ баласының естімегені жоқ шығар, бірақ оның өмірбаяндық деректерін әлі толық біліп болған жоқпыз. Ахмет Байтұрсыновтың кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен мол мұрасын бойға сіңіру үшін де көп ізденіп, зерттеу керек!

Өз заманында өскен, әліпбиі мен оқу құралдарын оқып, сол ғылыми еңбектерінің арқасында көздерін ашқан саналы зиялылар қауымы, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың халқы үшін сіңірген еңбегін ұмытқан жоқ.

А. Байтұрсынов, біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, сондан із салған жаңашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914-1915 жылдардан 1927-1928 жылдарға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын А. Байтұрсыновтың «Әліпбиімен» ашып, ана тілін А. Байтұрсыновтың «Тіл - құралы» арқылы оқып үйренді.[5,49.]. Екіншіден, А. Байтұрсынов - араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу да үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап 20-жылдардың соңына дейін (латынға көшкенше) қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Байтұрсынов жасаған жаңа жазу күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Шетелдік бауырлас қазақтарға арнап, осы күндерде өзіміз шығаратын «Біздің Отан» атты газетіміз де, А. Байтұрсынов реформалаған араб жазуын пайдаланады, ол ұсынған емле ережелерін ұстайды. Үшіншіден, А. Байтұрсынов - қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі. Төртіншіден, А. Байтұрсынов - қазақ халқына, жас кеңес үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері.

Міне, қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі үркердей шағын топ - демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі, ең беделді өкілі, бір емес, екі рет заңсыз жазғырылып, сталиндік режимнің құрбаны болған Ахмет Байтұрсыновты осылай танимыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әбілова М., Омарова Р. Абай үлгісінің жалғасы дерсің...//Қазақ тілі мен әдебиеті.-№4.-2003.-33.-44.-128.
- 2 Кәкішев С.Ахаң туралы ақиқат.-Алматы:Шапағат,1992.-112.
- 3 Оспанұлы С. Перзент парызы немесе Райхан Имаханбет –Ахметтанушы//Қазақ тілі мен әдебиеті.-№1.-23.-144.
- 4 Пірәлиев С. Ахаң дәріс оқыған аудиториядан ескен леп//Ақиқат.-№12.-79.-88.-277.
- 5 Сыздықова Р.Ахмет Байтұрсынов.-Алматы:Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990.-52.
- 6 Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады / Құраст. В.Қ. Күзембаева. - Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. - 262 бет, суретті. – «Ұлы тұлғалар» ғылыми-биографиялық серия.

УДК 82 (574)

ББК 81.2 (5Қаз)

Альмуханова Б.С.

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
БҚО, Орал қаласы. №25 ЖОББМ*

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС – ІЗДЕНІС КӨЗІ

Аннотация

Мақалада көркем әдеби шығарманы оқытуда оқушылармен атақарылатын жұмыс түрлері және әдеби көркем тілде сөйлуге бағытталған шығармашылық тапсырма үлгілері ұсынылған.

Түйінді сөздер: әдіс, шығармашылық, әдебиет, ізденіс, тіл.

Аннотация

В данной статье рассматриваются методы изучения литературы и виды творческих заданий для развития литературного языка обучающихся.

Ключевые слова: метод, творчество, литература, поиск, язык.

Annotation

This article discusses the methods of studying literature and the types of tasks for the development of literary language of the student.

Key words: method, creativity, literature, search, language.

Әдебиет сабағы - нағыз ұлттық болмыс айнасы. Ұлттық болмысымыз әдеби шығармалар арқылы ашыла түседі. Адамзатты әдемілікке, әсемдікке ынталандыратын, рухани көкжиегін кеңейтетін әдебиет. Әдебиет ақыл-ойды, сана сезімді, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті оятады. Жаңа заман келбеті білімді, тілі жетік, сөз мәнісін түсінетін ұрпақ дейтін болсақ, осы ұрпақтың әдебиет сабағын қызыға да құлшына оқуы ұстаз қолында.

Қазіргі оқу үрдісінде шығармашылық жұмыстың түрлерін, жұмыстану әдістерін айқындаған жөн және әдебиет сабағында оқушы мен мұғалімнің бірлесе жұмыстануы жүйелі болуы шарт. Әдеби шығарманы меңгеруде оқушының шығарма мазмұнын қарабайыр, қарапайым тілмен емес тыңдаушының сезіміне әсер етер тілмен жеткізуіне көңіл бөлген жөн. Бұл орайда, оқушы тілін жандандыратын, шұрайландыратын шығармашылық жұмыстар түрін ойластыру қажет. Әдебиет сабағында қазіргі таңда байқалатын жайттар: оқушылардың сөз мағынасын терең түсінбеуі, қолдану орнын білмеуі (Қарлығаштар қыздарға бауыр басып кетті «жүрек басып кетті») шығарма мағынасын түсіндіруде сөйлем құрлысын дұрыс құра алмауы. Бұл қателіктер балалардың көркем шығарманы толықтай оқымауынан және көркем әдебиетті оқуға деген құлшыныстарының төмендігі. Оқушылардың көркем әдебиетті оқуға деген құлшынысын қалайша оятуға болады? - деген сұраққа әр тіл маманы өзінше жауап іздеп, шығар жолын қарастырады. Өзінің іс- тәжірибемде ең басты оқушылардың көркем шығарманы толықтай оқуына көңіл бөлемін. Шығарма желісі негізінде қосымша тапсырмалар (шығармашылық, іздену- зерттеу бағытында) даярланады. Әрине 45 минут ішінде көлемді шығармаларды толықтай талдау мүмкін емес, сондықтан да оқушының өз бетімен жұмыстануына жоғардағыдай тапсырмалар даярланып, бағаланғаны жақсы нәтиже береді. Сондай жұмыстың түрі ретінде 7 сыныпта өткізілген И. Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасын оқыту. Шығарма оқулықтан берілмеген оқушы өз бетінше поэма мәтінін тауып, ертерек таныс болады, поэма авторы, поэмаға байланысты деректер жинақталады. Поэма мәтіні бойынша жоспар құрылып, бөлімдерге атау беріледі, әрбір бөлімнің басты идеясы айқындалады, сөз мағыналары талданады (сөздікпен жұмыс), тарихи кезеңдермен байланыстырылады (Жоңғар шапқыншылығы), поэмадағы жер-су атауларымен жұмыс түрлері жүргізіледі. Жинақталған материалдар бір жүйеге салынып, оқушылар арасында талданып, ортақ түйін жасалады.

Жұмыс нәтижесі:

- Оқушы өз бетінше қажетті ақпаратты жинақтауға дағдыланады;
- Ақпарат ішінен негізгісін, басты ойды айқындауға үйренеді;
- Бір-бірімен ақпараттарды бөлісу арқылы ой бөлісу, пікір алмасу жүзеге асырылады;
- Өз беттерінше жұмыстану оқушының зерттеушілік қабілетін арттыруға негіз болады;

- Көркем шығарманы қалай оқу керектігін үйренеді;

- Пікірлері мен көзқарастарын жүйелі түрде дамыта отырып, өзіндік ойларын ашық жеткізуге дағдыланады.

Көркем шығарманы оқытуда шығарама мазмұнын толық меңгермейінше мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындау мүмкін еместігін оқушы көзін жеткізу қажет. Шығармашылықпен жұмыстану бағытында оқушы қызығушылығын әркез дамытып отыру қажет, ал бұл мұғалімнен әркез шеберлігін шыңдауды талап етеді. Көркем шығарманы оқыту барысында оқушылармен атқарылатын күрделі шығармашылық жұмыс түрі: шығарманы композициялық құрлысына талдау жұмысы. Жұмыстың ерекшелігі оқушылардың бірлесе атқара алатындығы, білімдерін ортаға салып бір-бірінің ойын толықтыруы және бірлесе нәтижеге жетуі. Мұғалім оқушылармен атқаратын жұмысын нақты жоспарлап, нақты нені талап ету қажеттігін айқындап алғаны жөн. Әдеби шығарманы талдау барысында қиындық тудыратын жайттар:

- Оқушылардың әдебиет теориясы бойынша түсініктерінің терең болмауы;
- Шығарманы толық оқымауы;
- Шығарма желісінде байланыстылықты айқындай алмайтындықтары;
- Шығарманы оқу барысында негізгі түйін ойды айқындап, ойды нақты жеткізе алмауы.
- Мазмұндау барысында оқушының әдеби сөйлеу тілінің сапасының төмендігі.

Әдеби шығарманың композициялық құрлысын талдау жұмысын жиі ұйымдастырып отыру арқылы:

- Әдебиет теориясынан алған білімдерін бекітіп отыруға мүмкіндік береді;
- Шығарманы толық оқуын талап етеді;
- Көркем әдеби тілде сөйлеу, жазу, ойлау дағдысы жетіле түседі;
- Әдеби эстетикалық талғам қалыптастырады.

Оқушының сөйлеу тілін шұрайландыратын жұмыс түрінің бірі шешендік сөздермен жұмыстану жолдары. Шешендік сөздер қазақ халқында ерте заманнан-ақ дамыған. Халқымыз өз ұрпағының сөйлеу тіліне көп мән берген. Шешендік сөздің алтын ордасы болған ескі грек, Рим шешендеріндей болмаса да, қазақ халқы табиғат берген сыйды дамытып, бала бойына сөз мәнін түсіну, сөзге тоқтау сында түсініктерді жастайынан сіңіруге тырысқан. Қазақтың ғалымы профессоры Қ.Жұмалиев: «Қазақ халқы шешендік жөнінде теориялық еңбектерді қалдырмаса да, шешендік өнері үлгі-өнегесін қалдырды. Тамаша нәрсе, қазақ билерінің сөздерінде шешендік өнеріне қойылатын шарттар анық байқалады», - деп көрсетті. Өз тәжірибемде мектеп оқушыларымен атқаратын жұмыс түрлерінің бірі

Шешенің сұдай төгілген, тыңдаушың бордай езілген», «Билерше сөйлеп көрелік» атты шығармашылық жұмыс оқушылардың қызығушылықпен орындайтын жұмыстарының бірі. Бұл жұмыс оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді. Оқушылар би мен шешендердің сөздеріне еліктей сөйлеу барысында бейнелі сөйлеуге, эпитет, теңеулерді қолданып сөйлеу стиліне айрықша мән береді. Ауызша сөйлеу кезінде сөз басындағы дауысты немесе дауыссыз дыбыстардың ырғақпен үндесіп келуі – аллитерациялар мен ассонанстарды қолданып, әсерлі, шешен сөйлеуге талпынып, тыңдаушыға әсер ету жолдарын ойластырады. Жұмыстың мақсаты: оқушылардың қазақ тілінің мол сөз байлығының ішінде өзіне қажетті сөздерді ұтымды қолдану жолдарын, сөз ішінде және сөз аралықтарында, тіркестерде орфоэпияның негізгі заңдылықтарын сабақтап, әуезді де мәнерлі сөйлей білу, оған қоса дауыс ырғағын, интонацияны дұрыс белгілеп, сәтті де орынды, барынша тиянақты қолдану, тыңдаушыны қызықтыра түсу сияқты біліктіліктерін қалыптастыру болып табылады.

Ата – ананың қадірін қашан біліп боларсың? Жауабы: (Балалы болғанда білерсің)

Ағайынның қадірін не түскенде білерсің? Жауабы: (іс түскенде білерсің)

Балалықтың қадірін қандай болсаң білерсің? Жауабы: (Саналы болсаң білерсің)

Асыл менен жасықты қандай болсаң білерсің? Жауабы: (Бағалы болсаң білерсің)

Осы бағытта қандай нәрселердің қадірі барын, қандай жағдайда қадірінің кететіндігін өз беттерінше толғай отырып, шешеннің толғауын жалғастырады.

1. «Төле бидің жауабы».

Алты алаш деген кім?

Үш жүз деген кім?

2. Жаманға не қонатын күн болады? – бақ қонатын

Біреудің несі шын болады? – өтірігі шын болады

Батырдан не қайтатын күн болады? – бақ қайтатын

Қаңғыртса ханның қызы кім болады? – күң болады

3. Не жаумаса жер жетім? – жаңбыр

Кім болмаса ел жетім? – ер

Кімге айтқан сөз жетім? – ақымаққа

4. Әйелің жақсы болса,

Біріншіден –

Екіншіден –

Үшіншіден –

5. «Би – шешендер сұрағы» сұрақ – жауап тәсілі.

Қазыбек бидің сұрағы? - Алысыңыз қандай? - Тәттіңіз қандай? - Несиеніз қандай?

6. Төле бидің сұрағы:

Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар, соны шешіңіздер.

Олар мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Оқушылар өз сөздерімен, бірден онға дейінгі санның аралығында жауап береді.

Мысалы:

Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніміз - ...

7. Қазыбек бидің сұрағы

Тату болса, кім жақын – абысын

Ақылшың болса кім жақын? – апайың

Бауырмал болса кім жақын? – інің

Инабатты болса кім жақын? – келінің

Қазақ халқында би – шешендер халық алдына шығып, толғау толғайды екен, толғау мазмұны халықты тебіrentетін нақыл, ғибрат сөздерге бай болып келеді. Осы бағытта оқушыларға толғау жазу жолдарын үйрету қолға алған жұмысты бірі болды.

8. Кекшіл болма –

Кесапаты тиер еліңе.

Елім өссің десең,

Өршіл болма –

Өскенінді өшірерсің.

Арызшыл болма –

Сыйластығың кетер,

Дарақы болма -

Қадірің түсер.

Күншіл болма –

Ниетің қараяр.

Елің мақтан тұтар азамат бол – Мерейің өсер!

9. Ата – ананың қадірін

Ата – ананың қадірін

Қашан біліп боларсың?

Балалы болсаң білерсің

Ағайынның қадірін

Ағайынның қадірін

Қашан біліп боларың?

Іс түскенде білерсің

Бостандықтың қадірін

Бостандықтың қадірін

Қашан біліп боларсың?

Бұғау түссе білерсің

Ауыл берекесі неде?

Ауыл берекесі – ақылды қария

Үй берекесі неде?

Үй берекесі – қазан толы аста.

10. Сырым шешеннің сұрағына жауап беріңіз.

Дау мұраты не?

Ұстаз мұраты не?

Саудагер мұраты не?

Ер мұраты не?

Қыз мұраты не?

Сөз мұраты не?

Жол мұраты не?

11. «Шешендік сөзді аяқтау»

Ауру жазыламын деп.....

Жарлы байырмын деп.....

Қашқан құтылармын деп.....

Ұлсыз адам ұл туар деп.....

Жолаушы жетермін деп.....

12.«Жеті жетімді атаңыз»

Елі кетсе – *жер жетім.*

Құсы кетсе – *көл жетім.*

Азаматы жоқ – *ел жетім.*

Анасыз қалса – *бала жетім.*

Ұмытылса – *қарт жетім.*

Малы кетсе – *бел жетім* Артта қалса – *қарт жетім.*

13.«Шоқан мен Саққұлақ шешен» сұрақ-жауабы (Өз бетінше жауап құрастырып, түпнұсқамен салыстыру)

Жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды?

Көне адасса, кімнен ақыл сұрайды?

Көрегенді адасса, кімнен сұрайды?

Көп адасса, кімнен сұрайды?

14.Адам басшысы не?

Жетекшісі не?

Шолғыншысы не?

Жолдасы не?

Қорғаны не?

Қорғаушысы не?

Бірінші тілек тілеңіз....

Бірінші тілек тілеңіз,

Арсызға еріп, азбасқа.

Екінші тілек тілеңіз,

Нұр жүзді абзал анаңның

Ақ жүзін кірбің шалмасқа.

Үшінші тілек тілеңіз,

Үкіленген үмітің,

Үзіліп бір қалмасқа.

Төртінші тілек тілеңіз,

Тәрдегі қамқор әкеннің

Көңілі сеннен қалмасқа.

Бесінші тілек тілеңіз,

Берекелі еліңнің

Іргесі сөгіліп жатпасқа.

Алтыншы тілек тілеңіз,

Алтындай асыл достарың

Достықтан адал безбеске.

(Бұқар жырау тілегі желісімен)

Жетінші тілек тілеңіз,

Жігерің құм болмасқа.

Сегізінші тілек тілеңіз,

Сыйластығың кетпеске.

Тоғызыншы тілек тілеңіз,

Тоқыраулы заманда

Тоқталып бір қалмасқа.

Оныншы тілек тілеңіз

Басыңнан бағың таймасқа.

Он бірінші тілек тілеңіз,

Алла берген өмірің

Бекерден, бекер өтпеске.....

Бүгінгі таңда, жас ұрпақ алдында да, болшақ маман алдында да көз ілеспес шапшаңдықпен дамып, өркендеп жатқан заман, жастардың ғылыми-шығармашылық жұмысқа икемді болуларын талап етуде. Қазақстан болашағы жас та алғыр, өз ісінің шебері болуға талпынған жастың қолында десек, сол жастардың шығармашылық қабілеттерін, қиялын дамыту арқылы атқаратын ісіне жауапкершілікпен қарайтын жандарды қалыптастырамыз.Өз ойын еркін, толық жеткізе білетін жандардың сөзі де, ісі де жүйелі болады. Әр педагогикалық қызмет «жақсы адам жарқын болашақ құрушысы» деген бағытта болса, мұғалімнің әр жұмысы үлкен мақсатқа жетуге жасалған қадам болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 М.Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті.А, 1996 ж
- 2 Б.Адамбаев. Халық даналығы. А,1976 ж
- 3 Н.Төреқұлов. Қанатты сөздер.А,1977 ж
- 4 Ә.Қоңыратбаев. Қазақ фольклорының тарихы.А,1991 ж
Бес гасыр жырылайды./жинақ/

УДК 37.8

Асқар Гүлнұр

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қайназар ауылындағы №1 ОМ
Алматы облысы, Жамбыл ауданы*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҰЛЫ ЕҢБЕГІ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ»

Аннотация

Мақалада қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұовтың «Әдебиет танытқышы» еңбегі сөз етіледі. «Әдебиет танытқышы» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болып саналады. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасауда қзінің үлкен үлесін қосты. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп беруі, жалпы «Әдебиет танытқышы» еңбегі осы мақалаға арқау етілген.

Түйінді сөздер: жүйе, тарих, әдебиет, зерттеу, жанр.

Аннотация

В статье рассматривается труд казахского поэта, ученого-литературоведа, тюрколога, публициста, педагога, переводчика, общественного деятеля Ахмета Байтурсынова «адебиет тұлғыш». Первым фундаментальным научно-теоретическим трудом на казахском языке является исследование «Әдебиет төрсеткер » (1926). Байтурсынұлы впервые дал исчерпывающее определение истории, теории и критики, методологии литературы, внес большой вклад в создание системы казахской литературоведческой науки. В основе этой статьи лежит труд "Әдебиет төрсеті", который объединяет и классифицирует все жанровые формы казахской литературы.

Ключевые слова: система, история, литература, исследование, жанр.

Annotation

The article examines the work of the Kazakh poet, literary scholar, Turkologist, publicist, teacher, translator, public figure Akhmet Baitursynov "adebiet tulgysh". The first fundamental scientific and theoretical work in the Kazakh language is the study "Adebiет torsetker" (1926). Baitursynuly for the first time gave an exhaustive definition of history, theory and criticism, methodology of literature, made a great contribution to the creation of the system of Kazakh literary science. This article is based on the work "Adebiет torseti", which unites and classifies all genre forms of Kazakh literature.

Key words: system, history, literature, research, genre.

*Біз бүгін Ахаңның «Әдебиет танытқышын»
Аристотель «Поэтикасымен» салыстырар едік.
Мұның мәнісі – екеуі де: бірі грек әдебиетінің,
екіншісі қазақ әдебиетінің алғашқы әліп билері».
Асылы, үздік қасиеттер бір-бірінен
негұрлым ерекше болса,
бір-біріне солгұрлым ұқсас болады».
Зейнолла Қабдолов*

А. Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген еді. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеу. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер.

Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. А. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демократиялық құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеуметтік жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

«Әдебиет танытқыш» – әлемдік құндылық

1926 жылы сол кездегі астана Қызылордада беттеліп (әрине, цензурадан да өтіп), Ташкентте басылған Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» зерттеуі немесе оқу құралы – XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы деңгейін көрсететін іргелі де ізашар еңбек.

Бұл маңызды кітап неге Ташкентте жарияланды? Біріншіден, әрине, типография мәселесіне байланысты. Түркістан автономиясы тұсында осы қалада төтеше қаріппен қазақша бірнеше газет-журнал жарияланып, баспахана толыққанды жұмыс істеп тұрды.

Екіншіден, осы қалада «Кирипрос» (сол кездегі атауы) негізінде 1926 жылы Қазақ университеті (жалпылама ныспысы – «КазПедВуз») ашылып, 1928 жылы Алматыға көшірілді. Бұл – Ташкенттегі осы оқу орнына қазақ ғылыми-ағартушылық әлеуеті топтасты деген сөз.

Үшіншіден, 1921 жылы А.Байтұрсынұлы Орынборда ашқан Академиялық орталық сынды құрылым және «Талап» мәдениетті көркейтушілер қауымы Ташкентте жұмыс істеп тұрды. Оның басы-қасында Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбайұлы, М.Жұмабай, М.Әуезов, Қ.Кемеңгерұлы, т.б. жүрді.

Біз «Әдебиет танытқыш» зерттеуінің немесе оқу құралының жазылуы 1921-1922 жылдан басталды деп санаймыз. Себебі, А.Байтұрсынұлы 1920-1921 жылдары Халық ағарту комиссары (министр) қызметінде жүріп салалық оқулықтар мен оқу құралдарының жазылуына мұрындық болды. ҰҚК және басқа да архив деректерінде Ақаңның «мойнындағы тапсырмалар» тізімінде «Теория словесности» (кейде «Теория литературы») кітабы көрсетілген.

Енді еңбектің атауына келейік. Неге ол Ақаңның басқа кітаптарындағыдай «Көркем сөз қисыны» немесе «Әдебиет-құрал» емес? Бұл атау А.Байтұрсынұлының негізгі миссиясынан туындайды. Яки «қазақта бай әдебиет бар, соның асыл мақсұтын таныту» дегенге саяды.

Бұл тұста мына мәселені де айқындап алайық. Бүгінде біз үшін ұлт өнер тануы мен мәдениет тануының басы болып ұғынылатын «Әдебиет танытқыш» тақыр жерге шыққан жоқ. Оны өмір жүзіне әкелген – адамзаттың ақыл ойы. А.Байтұрсынұлы заманынан озық туған білікті, парасатты тұлға ретінде көркем өнер туралы адамзат ғылымы қисын ережесімен қазақтың телегей-теңіз рухани мұрасын талдап бере алды. Ұлт әдебиеті ерекшелігін, сипатын, өрісін көрсете білді. Сол себепті бұл зерттеу – әлемдік құндылық.

Ізденгіш, сұңғыла А.Байтұрсынұлы Аристотель, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ломо-носов, Лессинг, Гёте, Гегель т.б. тұлғалардың өнер, көркемсөз туралы ой-пайымдарымен, өзіне дейінгі Эжен-Мельхиор де Вогюэ («Le roman russe» / «Русский роман», 1886), Александр Потебня («Из записок по теории словесности», 1905), Александр Веселовский («Поэтика», «Поэтика сюжетов», 1913), Флориан Знанецкий («Cultural Reality» / «Реальность культуры», 1919) еңбектерімен, «Әдебиет танытқыш» жазылып жатқан тұста газет-журналдарда, түрлі басылымдарда үзіндісі басылған Борис Томашевский («Теория литературы. Поэтика», 1925), Виктор Жирмунский («Вопросы теории литературы», 1928), Григорий Винокур («Критика поэтического текста», 1927) зерттеулерімен біршама танысқан деуге негіз бар. Түркі дүниесінен XX ғасырдың бас ширегіндегі өзі қоян-қолтық байланыста болған татар әдебиеттануы көшбасшылары Жамал Уәлиди, Ғалымжан Ибрагимов, Ғабдрахман Сағди, Ғалымжан Ниғмати, Ғазиз Ғұбайдуллин, Ғали Рахим т.б. пікірін шолғаны да байқалады.

Әлбетте, А.Байтұрсынұлы әдебиеттанушылық айналасы орыс, татар немесе аударылған әлем классиктері еңбектерімен ғана өлшенбесе керек. Мұны осы «Әдебиет танытқыштың» өзіндегі мына жолдар айқын аңғартады: «Екінші тілдерде екпін буыны сөздің бәрінде бірыңғай бір орыннан табылады. Мәселен, пырансоз, шеқ тілдерінде екпін буыны аяғына келеді... Екпін буыны аяғына

келетін сөздерімен қазақ тілі француз тіліне ұқсас, екпін буыны аяққа таяу келетін сөздерімен полак тіліне ұқсас» (1926 жылғы кітап нұсқасында осылай). Сонда Ақаң француз, чех, поляк тілі, көркем өнері ерекшелігін білген болып шықпай ма?

Біз Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мазмұн жағынан ұлттың көркем өнер ерекшелігін толық аша алғанын айтуға мүдделіміз. Ақаң осы еңбек хатқа түсіп жатқан кезеңде ел ақын-жазушыларының басын қосуды жоспарлағанын, бірақ ол объективті-субъективті жағдайға байланысты өтпей қалғанын түсіндіріп «Қалам қайраткерлері жайынан» атты мақала жазды («Еңбекшіл қазақ» газеті, 08.07.1922 жыл). Осында қаламгер: «Қазақ мәдениеті жәуіт, неміс, орыс, қатта ноғай мәдениетіндей болса, «қазақ», «қазақ» деп қайыра сөйлеп, ауыз ауыртып әуре болмай-ақ «көппен бірдей көрер» деп қояр едік. Қазақ айрықша сөз болатыны – халі айрықша болатындықтан», деп жазады.

«Әдебиет танытқыш» – көркем өнердің болмысы мен құрылымын, қазақ әдебиетінің ерекшелігі мен сипатын, әдеби үдерістің мәнін, жанрлар қалыптасуының қоғам тағдыры мен талғамына қатысын, сөздің – өнерге, өнердің – пән ғылымына айналу жолын, сөз жүйесі мен ой жүйесінің мәйегін, өлең мен қара сөздің пішіндік, мазмұндық құрылысын, ауыз әдебиет пен жазу әдебиеттің дара соқпағын, басты жанрлар мен оның ішкі бөліністері қағидаттарын, әдебиет пен дәуір, әдебиет пен сана, әдебиет пен діл, әдебиет пен ой, әдебиет пен мүдде қарым-қатынасы жайын жік-жігімен түсіндіріп беретін ұлттық білім, таным, ғылым, әдістеме, әдіснама кешені.

Мұндағы әдебиеттану мен дүниетанымға байланысты 350-де аса термин (пән сөзі) мен атаудың бәрі де ұлт ұғымына суарылған, халық түсінігіне жақын-датылған. Ақаң фольклор мен авторлық әдебиетті алаш парасатының, дүниені тануының кілті ретінде қарағанын және соған сай көркем өнер мазмұнындағы рәміз, белгі, тұспал т.б. айқын көргенін аңғарамыз.

А.Байтұрсынұлы: «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз – зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әліпіне түсіріп айтады. Жалаң сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, хақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады», дей отырып, сөз бен сана, сөз бен бейне байланысынан туындайтын ерекшелікті тұжырымдап жеткізеді.

Бүгінгі ғылым тіл білімі және әдебиеттану деп жіктеген филология нысанасын Ақаң қарапайым тілмен, сала мамандарына да, жалпы көпшілікке де ұғынықты сөзбен былайша байыптатады: «Шығарманың екі жағы бар:

1) тысқы тіл жағы;

2) ішкі пікір жағы. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: шығарманың тілінің ғылымы; шығарманың түрінің ғылымы.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады. Түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан – тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан – қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді». Мұны «тіл-әдебиет әліппесінің әліпті ережесі» деуге де болады.

Әдебиеттану көшбасшысының: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі:

1) ақылға,

2) қиялға,

3) көңілге.

Ақыл ісі – андау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау», деп әдебиеттің мәні мен арқауын нақты жеткізуін де әрі шеберлік, әрі тапқырлық дер едік. Аз сөзге көп мағына сыйдыру осындай-ақ болар.

Сөз өнерін ғылым ретінде қарай келе, Ақаң: «Сөз өнерінде жұмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы – тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да – тіл я лұғат деп аталады.

Шығарма тілі екі түрлі болады:

1) ақын тілі;

2) әншейін тіл.

Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз. Әншейін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз» деп түйіндейді. Осы анықтамадағы «зат» деген ұғым тіл мен өнердің мән-мазмұнын,

көркемдігін ашатын жанды тетікке айналғанда, түсінік пен таным ауқымы кеңейе түседі.

«Әдебиет танытқыш» – бүгінгі әдебиет-тануға жол ашқан жанрлық жіктеудің яки бөлудің басында тұрған еңбек. Мұнда фольклор («ауыз әдебиеті») жанрлары, «діндар дәуір» әдебиеті жанрлары, «сындар дәуір» әдебиеті жанрлары айқындалып, іштей сараланған. Осы жіктеуді – ұлт ғалымына, тіпті Түркі дүниесі әдебиеттануына А.Байтұрсынұлы енгізген жаңалық деп ауыз толтырып айта аламыз.

А.Байтұрсынұлы өз тұсындағы әдебиет немесе әдебиеттанудың түрлі алаңдарындағы ой-пікірлерді де қаперінен тыс қалдырмайды. Еңбегінің бір жерінде: «Ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) ауыз сөз деп ғана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) ғана танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі» деп, ала-кұла таным үдерісінен хабар берсе, тағы бір жерде экспериментшіл футуристерді (1910-1920 жылдардағы «жаңашыл» өнер түрі) «жорғаға келмегендерді жорға деуге болмайды» дей отырып: «Бұл заңнан тысқары бағытпен жол саламыз дейтін «пұтыршылар» деген бар, бірақ олардікі – әлі жол санына кірмеген жоспар сияқты нәрсе», деп түйреп өтеді.

Ахмет Байтұрсынұлы пайдаланған мәтіндер мен олардың авторлары туралы. Осы тұста ахметтанушыларға әлем тәжірибесінде бар мынандай ой тастағымыз келеді: қазір негізгі қолданыста жүрген нұсқаны «түпнұсқа» деп атамай, «Әдебиет танытқыштың» Қызылорда-Ташкент нұсқасы» деу қисынды. Өйткені түпнұсқа болатындай Ақаңның өз қолжазбасы әзірше табылған жоқ. Ал «Қызылорда – Ташкент нұсқасының» түпнұсқа бола алмайтыны – мәтінінде біршама техникалық қате кездеседі яғни теруде, көшіруде, басуда кеткен объективті факторлар бар. Оны ақылдаса отырып түзету – уақыт талабы.

Бұған үш-төрт мысал келтірсек, қарапайым оқырманның өзіне де түсінікті болады.

1) Ақаң түйдектей сөйлеуге мынандай мысал келтіреді: «Бақ – ерікте, ерік – ерлік пен бірлікте, ерік – ұранымыз, бірлік – құранымыз болсын (Шырша)». Осында біз бөлектеген (курсив) екінші «ерік» – «ерлік» болып жазылуы тиіс екені бесенеден белгілі. «1926 жылғы нұсқаның» 71-бетін қарасақ, онда да техникалық қателікпен қайталана «ерік» болып қатталыпты.

2) «Сарындаманың» салт сөзі – ділмар сөзіне Мырзан би тапқырлығы мысалға алынған. Соның астына дерек көзі ретінде «Ыбырайұлы Тұрман жинағынан» деп көрсетілсе («1926 жылғы нұсқа» бойынша 193-бет), бір мысалдан кейін-ақ сол дерек берушінің ныспысы «Шорман» болып кетеді («Ыбырайұлы Шорман жинағынан» 194-бет). Бұл да – техникалық қате.

3) «Тақпаққа» 4-мысал ретінде берілген «құрастырылып қосылған мақалдарды» қарайық («1926 жылғы нұсқа» бойынша 197-бет):

*«Дауыл болмай жауын болмас,
Жауын болмай қауын болмас,
Ит баласы сауын болмас.
Екі дау адағы ауыл болмас,
Ауыл болса да тәуір болмас...».*

Осындағы курсивпен жазылған жолдан не түсіндіңіздер? Қазіргі «Әдебиет танытқыш» нұсқа-басылымдарының бірінен-біріне көшіп жүрген «екі дау адақ» жұмбағының шешуі халықтың қаймағы бұзылмаған қара өлеңі мен мақалында тұр («Екі жалқау ауыл болмас, Ауыл болса да тәуір болмас»). Яғни 1926 жылы басылуда техникалық қате кеткен. Енді сондай қателікті қайта жариялай бергеннен май шықпасы анық. Ең бастысы, ол Ақаң өсиетіне – ұлт сауаттылығына қиғаш.

4) «Гұрып сөзіне» мысал ретінде «Кете Шернияз ақынның Баймағамбет пыра-өбыйтылдың қызы Ақыл Қаныкейдің тойын бастаған» өлеңі ұсынылған. Осындағы мына үзіндідегі жол кейінгі жинақтарда әрқилы жазылып жүр:

*«Құдайым қуат бергей таңдайма,
Әр түрлі өлең келді жағдайыма.
Тойында Байекеңнің сөз сөйлейін,
Бітпесе есек қылы маңдайыма...».* (1926 жылғы нұсқада 201-бет).

Осындағы «есек қылы» не? Ақаңның 1989 жылы қайта басылған жинағында да осындай (251-бет). Ал 2003 жылғы жинағында (304-бет) – «өсек қылы». Ал Шернияз Жарылғасұлы өлеңдері енген мұрада (Алматы: «Нұрлы Press» баспасы, 2014. – 214-бет) – «есек желі». Көрдіңіздер ме, ойланатын-ақ мәтіндік мәселе. Сұрақ туады: бәлкім бұл да «1926 жылғы нұсқада» кеткен техникалық қате ме екен? Шернияз арнауының сатиралық реңкі басым. Сондықтан әлгі «есек қылы», «өсек қылы», «есек желі» болып құбылған тіркестің түпнұсқасы – «есек жемі»-ау деп ойлаймыз.

Себебі, тері ауруының бір түрін – «есекжемі» (орысша «крапивница») деп атайды. Өлеңнің логикасына қарасаңыз, жара екені шамаланады. Қыл бітпейді, жабысады немесе түседі...

Ақыры текстология деп қалдық, онда ең басты мәселені де айтуға пейілдіміз. Бұл – жалпы алаштанушыларға (өзіміз де бармыз), соның ішінде нақты ахметтанушыларға қарата айтылған сын. А.Байтұрсынұлының «ақталғанына» 34 жылдай уақыт өтті, неге осы тұлғамыздың басты кітабының бірі – «Әдебиет танытқышты» әлі толық және ғылыми түсініктерімен жариялай алмай жүрміз. М.Дулатұлының «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №6 (21) санына қосымша ретінде шығарылған «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші. 2-бөлім» атты мұраны шолсақ (Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы), 1926 жылдың қаңтарынан 1927 жылдың маусымына дейін шыққан еңбектер ішінде «Байтұрсынұлы Ақымет. «Әдебиет танытқыш». Қызылорда – Ташкент. 284 бет. Бағасы 1 сом 35 тиын» деген дерек шығады. Енді қолымыздағы «Әдебиет танытқыштың» 1926 жылғы нұсқасының ксеро-көшірмесіне қараймыз. Мұнда (бас-аяғы яки титулдық беті мен мазмұны жоқ) – 282 бет. Тағы сұрақ кескестейді: екі бет – «Сөз бастары» («Мазмұны») ма, жоқ соңындағы бірер беттей материал табылмай тұр ма? Мұны бір деңіз.

Екінші, біз кейінгі нұсқаларда көп нүкте қойылып кеткен жерлерге (мысал арасында) таңғалатынбыз. «1926 жылғы нұсқаны» қарап, сол көп нүктелерді тағы көрдік. Жұлдызшамен («келесі мәтін» деген сөз) бөлгеннің өзінде 4 жолдан 8 жолға дейінгі шумақтарға нүкте қойып кете берген. Барлық жазбасына мұқият Ақаң бұл жердегі мысалдарды ұмытып кетуі мүмкін бе? Біздіңше, мүмкін емес. Баспаның әр қарпі, әр беті қаржыға тірелетін заманда «бұл не деген батпан құйрық?». Сондықтан біз бұл «көп нүктелердің» бәрін «цензорлар жұлып тастаған мәтін» деген тоқтамға келдік. Әлем баспасөзі тарихындағы «ақтаңдақ» деген – осы.

А.Байтұрсынұлының әдебиеттануға қатысты кітабында мысал алынған мұралар, авторлар (ақын-жазушылар) шығармалары өте көп.

«Қобыланды батыр», «Шора батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар» эпостарынан, «Зарқұм», «Сал-сал», «Сейфүл-Мәлік» қиссаларынан, тарихи «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары-Наурызбай», «Ер-назар», «Бекет» жырларынан, «Кеншімбаи мен Ақсұлу», «Жанақ пен бала», «Есентай мен Балық», «Жарылқасын мен Айқын» айтыстарынан, Мөңке би, Шортанбай, Мұрат, Ақмолда, Жүсіпбек қожа, Әбубәкір, молда Мұса, Сүгір, Шернияз, Нысанбай, Мәделі, Байтоқ, Досқожа, Бұдабай, Шоқан Уәлихан, Ыбырай Алтынсары, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Сер-әлі-ұлы, Нұржан Наушабайұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Мұхтар Әуезов, Смағұл Садуақасұлы, Бейімбет Майлыұлы, Сәкен Сейфуллаұлы, шет жұрттан – Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов, Пуш-кин, Толстой, Ядринцев, Потанин т.б. шығармасынан үзінді, есімдеріне сілтеме үзінді, дәйек беріледі. Осы тізімнен тыс біршама бүркеншік есімдер мен жинақтардың құпиясын ашу да – ғылым шарты. Бұл – иен рухани байлық. Тіпті бұл мысалдар – теңіздің тамшысы ғана. Мұраттанушылардың бәрі іздеп жүрген, Ақаң осы еңбегінде сілтемесін көрсетіп қоятын «Нұсқалыққа» (хрестоматия) десте-дестесімен енгенін шамалауға болады.

«Әдебиет танытқыштың» 1989 жылдан бергі басылымдарында (нұсқаларында) есім-сойы «Ыбырай Алтынсарин» деп көрсетілген тұлғамыз «1926 жылғы нұсқада» – Ыбырай Алтынсары (58-бет). Мұны техникалық қате деп ойламаймыз. Ақаң қазақ тілі заңдылығымен Лафонтенді – «Лабунтен», Крыловты – «Қырилоб» дейді (сол нұсқа, 262-бет). Бірақ сол бетте бір техникалық қате кеткен. Ол – Лафонтеннің туған-қайтқан жылы. «1926 жылғы нұсқада» 1763-1844 деп көрсетілген. Өлбетте, кітап сөресінде Брокгауз бен Ефрон энциклопедиясы тұра-тын Ақаңа француз мысалшысының 1621 жылы туып, 1695 жылы қайтқаны белгілі еді (Немесе: Лафонтеннен кейін бір автордың аты-жөні түсіп қалған, мынау со-ның туған-қайтқан жылы).

Мәтінтануда ұсақ-түйек деген болмайды. Тіпті қайбір таңба-дәйектердің де тарихи, рәміздік орны бар. «1926 жылғы нұсқада» ұғымдарды бөлектеп көрсету, жіктеу белгісі ретінде Ақаңның өзі түзген әліпби реті (бүгінгіден мүлдем басқа), рим цифры пайдаланылған. Өкінішке қарай, «Әдебиет танытқыштың» 1989 жылдан басталатын кейінгі нұсқаларында соның көбісі дерлік жоқ. Сондай-ақ құрастырушылар неге олай жасағанына түсінік те бермеген.

Сонымен Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – әр буын қайта оралып рухани нәр алатын, ұлт өнерін дәстүрлі таныммен, білікке суарылған парасатпен байытатын еңбек. Мұны тек әдебиетші ғана емес, әлеуметтік ғылым-дардың барша саласы өкілдері оқып, зерделей алады.

Махатма Гандиден қалған керемет бір сөз бар: «Егер әлемнің, айналамыздың өзгеруін қаласақ, біз сол өзгерістің өзі болуымыз керек!». Алаш тұлғаларында, соның ішінде

А.Байтұрсынұлында да ұлтты серпілтуге жұмылған мұндай ой-пікірлер аз емес. Соның бір парасы «Әдебиет танытқышта» тұнып тұр.

«Халық басына қайғылы күндер туған заманда қайрат көрсетпеген азамат – азамат емес» (1989 жылғы нұсқа, 180-бет), «Жағатын опа сияқты тек көрік үшін ғана керек нәрсе шындықтың жүзін күнгедейді» (210-бет), «Балалықтан шыққан адамға қайтадан балалық күйге түсуге мүмкін емес болса, анайылық күйден шыққан халықтарға анайылықтан туған нәрсеге ден қойып, иман келтіру мүмкін емес» (228-бет), «Молдалардан шыққан жазу әдебиет дінге қызмет қылса да, тілге қызмет қылмаған» (262-бет), «Күн сайын істеліп жатқан ұсақ істің ұлы іске ұласарлығы да, ұласпастығы да бар» (281-бет), «Бағындырған патшадан басын босатып алу – жұртқа соғыспен бірдей дәрежелі қиын іс» (288-бет) т.б. Үзінділер автор ой астарының кеңдігі мен тереңдігінен хабар береді. Әрбірінен біздің тарихымыз, бұралаң жолымыз көрінеді. Қазақстан ғылымы Ақаң мұрасынан мұндай мәнді сөздер мен пікірлерді мың-мыңдап тауып, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін құнттап байыптаса, тек ұтады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» кітабы арқылы мынандай нәтижеге қол жеткізді:

Біріншіден, қоғамның әлеуметтік-мәдени түсінігін, талғамын жетілдіріп, әдеби үдеріс, рухани мұра халық парасатымен, ішкі мүмкіндігімен, сарқылмайтын қазынасымен өзектесетінін нақты мысалдармен дәлелдеді.

Екіншіден, бай дәстүрі бар, шығыс пен батыс құндылықтарын мейлінше игерген қазақ әдебиетіне ғылым нысанасымен қарады, тұңғыш рет әдіснамалық, теориялық қағидаттарды қалыптастырып, ішкі түзілісі мен мазмұндық-пішіндік ерекшелігіне баға берді.

Үшіншіден, өнертанудың, әдебиеттанудың қызметін айқындап, өнер мен әдебиеттің қоғамдағы мақсат-міндетін, орнын дәйектеді.

Төртіншіден, өнер мен әдебиетке қатысты ана тілімізде жаңа да орайлы пән сөздерін тауып, әлемдік аяда қазақ тілінің ғылым тілі ретінде мүмкіндігіне жол ашты.

Бесіншіден, әдеби үдерісті, жеке тұлғалардың шығармашылығын, рухани мұраның әдебиет тарихындағы рөлін түрлі ғылымдар (тіл білімі, философия, психология, әдебиеттану, жаратылыстану т.б.) ықпалдастығымен зерттеуді бастап, таптаурындыққа бармауды аманаттады.

Алтыншыдан, әлемдік ғылымдағы жүйелілік, сабақтастық, шынайылық қағидатын ұстанып, қазақ әдебиеті мен фольклорына тұтас құбылыс ретінде қарай алды.

Жетіншіден, салыстырмалы талдау әдісіне иек артып, ұлт тағдырының айнасы саналатын өнері мен әдебиетінің асыл арқауын, негізгі ерекшелігі мен сипатын бағамдады.

Сөзімді қорытындылай келе, Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-ғылыми мұрасының ішіндегі ең көлемді және айрықша тиянақталған тұжырымды еңбегі – «Әдебиет танытқыш». Жұмыс барысында, атүсті айтылғанмен, бұл еңбек дәлді зерттеліп, әділ бағасын әлі алған жоқ.

Бірден айту керек, «Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсынұлының эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынұлы – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан.

Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынұлы фольклорлық, әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті. Ерекше қуанарлық нәрсе, жазылғанына 90 жыл өткен еңбектің дәл бүгін көкейкесті, актуалды болып отырғандығында. Оның қай бетін ашып оқысаң да, көкейге қона кетеді. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде зерттеу объектісі етіп, қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы мәлімет, дерек келтірмейді. Ең алдымен ғалымның әдебиет теориясы, сыны, тарихы, текстологиясы, жанрлары жөнінде дүниежүзілік әсемдік ойдың негізгі тұжырым, идеяларымен терең таныстығы айқын аңғарылады. Қоғамдық, тарихи-эстетикалық, философиялық білім мығымдығы үнемі сезіліп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ұлттың ұлы ұстазы. «Ұлы тұлғалар» сериясы. – Алматы: Комплекс, 2001
- 2 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А., 1994.
- 3 Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. Астана, 2003.
- 4 Ісімақова А. Ахмет Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы // Ахмет Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. I-том. А., 2003.
- 5 Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992
- 6 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002
- 7 Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» – «Атамұра» 2003

ӘОЖ 723(2)Қаз
МРНТИ 31.15.33

Әбдіқалықова Индира Тұрсынбайқызы

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ш. Уәлиханов ат. № 26 ОМ

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Аннотация

Бұл мақалада ақын әрі аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы, әдеби мұрасы кеңінен талқыланған, сараланған. Артына мол мұра қалған ақынның мысал өлеңдер мен елішілдік тақырыбындағы өлеңдеріне тоқталып өткен.

Түйінді сөздер: әдебиеттану, ғалым, түркітанушы, ақын-аудармашы, мысал.

Аннотация

В данной статье рассматриваются и анализируются жизнь и творчество поэта и переводчика, общественного деятеля Ахмета Байтурсинова, его литературное наследие. Примерами богатого наследия поэта являются его стихи на тему посольства.

Ключевые слова: литературовед, ученый, тюрколог, поэт-переводчик, басны.

Annotation

This article discusses and analyzes the life and work of the poet and translator, public figure Ahmet Baitursynov, his literary heritage.

Keywords: literary critic, scientist, turkologist, poet-translator, fables .

Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,
Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді?!

І. Жансүгіров

Қазақ даласы ықылым заманнан бері қол бастаған батыр мен сөз бастаған ақынға, шешенге, жастарға ғибрат берер данаға кенде болмаған. Сондай даналардың бірі – әрі ақын, әрі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы.

Ол 1872 жылы 5 қыркүйек күні қазіргі Қостанай облысы Торғай атырабындағы Сартүбек деген жерде дүниеге келген. Қалың қазақ ортасы, қаймағы бұзылмаған дала тұрмысы табиғатынан дарынды туған баланың сезім дүниесін, ой әлемін тербеп толқытады. Әділетсіз өмірдің улы зары бала жүрегін он үшінде жаралайды. Әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас қорлық, зорлыққа шыдамай, 1885 жылы 12 қазанда ояз начальнигі полковник Яковлевтің басын жарады. Мұның арты олардың дүние-мүлкін тартып алып, өздерін Сібірге 15 жылға жер аударылуымен тынады [1].

Бұл жайында Ахмет былай деп жырлайды:

Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай, не бетіммен көрге барам?!

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет ең әуелі өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша-қазақша училищесінде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып білім алады. 1895 жылы мұғалім болып өз қызметін бастаған. Ауылдық, болыстық мектептерде ұстаздық қызмет атқара жүріп, өздігінен ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жазады, аударма жасап, өлең-жыр шығарады. Халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинайды. Әдебиеттану ғылымына да зор үлес қосады. Әдебиеттану терминдерін ана тілімізде түсінікті етіп беріп, өзіндік ой-толғаныстарын арқау еткен «Әдебиет танытқыш» кітабын жазып шығады. Ахмет Байтұрсынов - сан қырлы ғалым, әдебиеттанушы, ғалым-тілші, түркітанушы және дарынды ақын-аудармашы.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...,- деп, хакім Абай жырлағандай, артына өшпес мұра қалдырған бес арысымыздың бірі-Ахмет Байтұрсынов. Оның ғалымдық, ақындық, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Оның аса көлемді әрі тәрбиелік мәні жоғары шығармаларының бірі-мысал өлеңдері. Ақын мысал өлеңдерінде адамды жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге шақырады. Халықты ояту, оның санасына, сезіміне әсер ету мақсатында жаңа өлеңдік форма-мысал арқылы көшпелі елдің жақсы білетін, таныс дүниесі-жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатында И.А.Крылов туындыларын аударып, 1909 жылы «Қырық мысал» деген атпен Петербургте бастырып шығарады.

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, ал үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет жақын суреттер ұласа келіп, мысал өлеңдерді қазақ халқының төл дүниесіндей етіп жібереді.

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады аққу көкке, шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін!-

деген аудармасында бір мін жоқ. Барлығы да қарапайым қазаққа түсінікті тілде жазылған. Мысал соңында қазақ оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас,- деп, елді тұтастыққа, ынтымақтастық пен бірлікке шақырады.

Әртүрлі аңдар арқылы әртүрлі адамдар кейпінен хабар юберіп, ишара, тұжырым жасалады. Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қалпына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе патша отаршылдарының зорлық-зомбылығы, байлардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты жағдайларды Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. Кейде ашық, дәл айтылатын ойлары да бар:

Қасқыр зорлық болады еткен ісі,
Ойлаймын-оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі?

Әртүрлі ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Қайыршы мен қыдыр», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адам психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды,

ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Ахмет Байтұрсынов негізгі түпнұсқа мәтініне орайластырып, көркем ой, сурет қосып, пікірді одан әрі ұштап отырады. Мәселен, «Қартайған арыстан» мысалының соңында мынадай түйінді ой айтады:

Бақ қонса сыйлар алаш ағайын да,
Келе алмас жаман батып маңайына.
Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні,
Құл-құтан басынады, малайың да.

Бірнеше кісі тіл таба алмай, берекесі кетіп, өртке шалдығып, үлестен құр қалғанын ақын «Үлес» өлеңінің түйінінде ашық көрсетіп:

Ойласақ, оқиға емес болмайтұғын,
Ел қайда өзін жаудан қорғайтұғын?
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,
Адам аз алдын қарап болжайтұғын.
Аңдыған бірін-бірі жаудан жаман,
Байқасақ, ел белгісі оңбайтұғын.
Бұл белгі табылып жүр біздің жұрттан,
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.
Алданып арадағы дау-шарына,
Қатерден қапері жоқ келер сырттан,- деп, терең маңызы бар әлеуметтік ой

толғайды.

Ал ақын «Есек пен бұлбұл» мысал-өлеңін былай деп қорытындылайды:
Ал енді мұнда қандай ғибрат бар?
Есектей іс ететін көп адамдар.
Сары жезден саф алтынды айырмайтын
Дүниеде бар емес пе не надандар.
Есектей қалпы кейбір адамдардың,
Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың.
Асылды жасық пенен танымайтын
Сынынан сақта, Алла, надандардың.

«Ат пен есек» мысалында қасындағы жолдасына көмек бермейтіндерді мысалға келтіре отырып:

Бұл сөзден қандай ғибрат алмақ керек?
Мысалы, еткен қайыр бір бәйтерек.
Қайырың біреуге еткен болып терек,
Көрерсің рақатын көлеңкелеп.
Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде
Біреуге қысылғанда жәрдем бермек.
Кейбіреу зор бейнетке тап болады,
Кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп,-

қайырымсыздықтан аулақ болуға шақырады. Қайырымсыздықтың соңы өзінді өкінішке қалдырады деген ғибратты ой айтады.

Мысалы, адам - Маймыл, өлең -
Өлеңді түсінгенге бар көп пайда.
Айтылған өлеңдегі мінін көріп,
Түзейтін мінез-құлқын адам қайда?
Айна,
Біреудің мінін айтса өлеңшілер,
Мәз болып, тыңдағандар қарқ-қарқ күлер.
Болса да нақ со міндер өз басында,
Деп айтар: «Секілді екен пәленшелер».
Мен талай көргенім бар осындайды,
Өз мінін кім аңғарып, абайлайды?
Мәселен, бидің жеген парасын айт, -
Көрсетер, көзін қысып, ауылнайды,- деп, ақын өзінің «Айна мен маймыл» деген мысал өлеңінде өз мінін байқамайтын адамдарға мұндай жаман қылықтардан

аулақ болуға шақырады.

Ахмет Байтұрсыновтың сол замандағы мысал өлеңді аударған аудармашылардан ерекшелігі әрбір мысал өлеңнің соңында міндетті түрде өлеңде берілген ойдың түйінін жасап, үлгі боларлық жағын алуды үндейді [2]. Байтұрсынов әдебиеттанушы-ғалым ретінде қазақ әдебиетінің тарихына мол із қалдырды. Оның осы саладағы ең көлемді еңбектері-халық ауыз әдебиеті үлгілері болып саналады. Солардың бірі- «Ер Сайын» жыры.

Ғалым жинаған тағы бір фольклорлық мұра-«Жиырма үш жоқтау». Мұнда әдебиеттанушы халық аузындағы ең көп тараған 23 жоқтауды жинақтаған. Тағы бір көлемді еңбегі- «Әдебиет танытқыш». Бұл еңбегінде зерттеуші әдебиеттің барлық жанрына қатысты теориялық атауларға өзіндік атау ұсынады. Мәселен, «Тіл қисыны» туралы былай деп анықтама береді: «Тіл қисыны дегеніміз-асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты-асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелермен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету» [3].

Әдебиеттанушы сөз талғау туралы былай деп қарастырады: «Шығарма тілі екі түрлі болатындығы жоғарыда айтылған еді. Оның бірін ақын тілі деп, екіншісін әшейін тіл деп аталады деп едік. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау: әшейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігінің үстіне көрнекі, әуезді болу жағын талғайды...»

Тілшінің айтуынша сөз дұрыстығының басты шарттары мына төмендегідей болуы керек:

1. Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
2. Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;
3. Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру.

Ақынның «Тіл тазалығы дейтініміз-ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» деген ойы бүгінгі таңда да қажетті мәселе. Себебі қазіргі қоғамда келсін, келмесін тілді шұбарлап сөйлейтіндер көбейіп барады. Ал бұл өз кезегінде тіліміздің жойылуына ықпал етеді [4].

Зерттеуші бейнелеуге нақты анықтама беріп, қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармаларынан мысалдар келтіреді. «Бір нәрсе болмайтын күйді, екінші нәрседе болатын күйді көрсететін сөзбен айту бейнелеу болады» деп атап көрсетіп, дәлел ретінде мынадай мысалдар келтіреді. Мысалдар:

1. Бидайлар басын толқып иіліп тұр,
Дән берген қожасына сиынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай
Кекірейіп көкке қарап бүлініп тұр.
(Қырық мысал)

2. Жүгірер киік, құлан тау мен қырда,
Қуанып ықыласпен келген жылға.
Алыстан мұнарланған сағымдары.
Шақырып тұрар құбылып, кел деп мұнда.
Көл бұзылып, көк шығып қойнын ашса,
Қаңқылдап қонар оған қаз бен тырна.
(Ы.Алтынсарин)

3. Мен Қырымның ішінде
Ақша ханның қызы едім,
Атам менен анамның
Асыранды қазы едім,
Жылқыда шаңқан боз едім.
Қытай менен Қырымнан
Тамам жақсы жиылса,
Аузындағы сөзі едім.

(Ер Тарғын)

Алмастыру туралы «Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту төмендегі түрі болса, ондай ауысу алмастыру деп аталады» деп, мынадай мысалдар келтіреді. Мысалдар:

1. «Анау үйдің құдасы келіп жатыр» дейміз. Құда үйдікі емес, ол үйдегі адамдікі, үй мен үй иесінің арасы жақындығынан бірінің орнына бірін айтамыз.

2. «Ауыл ұйқыда жатыр» дейміз. Ауыл ұйықтамайды, ауылдың адамы ұйықтайды. Ауыл мен ауылдағы адам екеуінің арасында жақындық барлығынан адамның орнына ауылын айтамыз

3. Біреудің қолы жүйрік, шапшаң жазады дегеннің орнына «Қаламы жүйрік» дейміз. Бұл қол мен қаламның жақындығынан шығып отыр.

4. «Ет берілді ме?» дегеннің орнына «Табак тартылды ма?» дейміз. Яғни тамағын табағына алмастырып айтамыз.

5. Үстіне кигені кілең жібек, я кілең былғары дейміз. Бұл жерде киім орнына жасалған нәрсені айтып отырмыз.

Сөзді ашып айтпай ұшығын ғана көрсетіп айту бүкпелеу екендігін айқындай отырып мынадай мысалдармен дәлелдейді:

Отыр ем бала ғой деп жүзің жарқын,
Сөз-кілт, кеуде-сандық, ақыл-алтын.
Ақылың көп болғанмен шашың ұзын,
Жібердің келістірмей сөздің артын.
(Жарылқасын)

Ақсұлу, айтар сөзді аңдамадың,
Аузыңа келген сөзді сандаладың.
Әкесін, шешесімен нандырады
Қыз бала елдің жайын қайдан бісін.
Білмесе қызбен жайын бозбаланың.

Кекесіндеу. Сөздің тысқы лебіз мағынасына ішкі астыртын мағынасы қайшы келсе, кекесін болып шығады. Кекесінмен сөйлеуді кекесіндеу деміз. Қорқақ кісіні «батырым» деу, кара кісіні «Әппағым» деу, ақымақ кісіні «Данышпаным» деу-осының бәрі кекесін сөздер. Кекесіннің түрі толып жатыр. Оларды екі топқа бөлуге болады деп атап көрсетеді.

1. Зілсіз кекесін (ойын, қулық, қалжың, әзіл)

2. Зілді кекесін «мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуа».

Кекесін мысалдары:

1. Тұрсынбай датқаның балалары болыстыққа таласып, араз болып жүргенде
Бұдабай ақынның айтқаны:

Бір күнде Досан болды Алтынбекпен,
Датқаны не қыласың өтіп кеткен.
Таласып Әлімбеттің ісін алсаң,
Бақытты келтірдің ғой қиыр шеттен.
2. Иттерге таласса да жарасады,
Әйтпесе ит әдетін адасады.
Дос болған адамдарға қарап тұрсақ,
Биікпен тең деп болмас аласаны,
Сүйектей арасына түссе нәрсе,
Иттерден олар артық таласады.
(Қырық мысал)

3. Төрени түйеге тіркеп қойып, «Төре неме ғой, жүрер ме екен» деген.

4. «Ой бәрекелді! Ой, сабаз-ай!»-дегенде ырза болып айтса, қостау болады, ырза болмай айтса кекесін болады.

«Жұмбақ деген аты жұмудан шыққан: яғни қолдың ішіне бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып, соны тап дегеннен шыққан. Жұмбақта нәрсені қолға жұмып тұрып таптырмайды. Ойда

бүгіп айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады. Жұмбақ-зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе. Жұмбақтың негізі тәріздеу, яғни нәрсенің сипатын тәріздеп айту», - деп тұжырым жасайды. Мәселен, арбаны жұмбақ қылғанда, адамға тәріздеп былай сипаттайды:

Ізі бар, қадамы жоқ аяғының,
Тимейді ұшы жерге таяғының.
Қолдарын хайуанға арта тастап,
Салады әуезіне баяғының.

Киіз үйді жұмбақтағанда айдаһар тәріздендіріп сиаттайды дейді:

Дүниеде бір айдаһар білесіз бе?
Жаны жоқ қимылдауға денесінде.
Ішінде сүйектері бақша-бақша,
Жарқылдар жалғыз көзі төбесінде.

Басқа нәрсе тәріздендірмей, тек өз сипаттарын ғана айтып жұмбақтау бар дей келе, мына жұмбақты мысал ретінде келтіреді:

Бір нәрсе қанаты жоқ, ұшпас биік,
Сонда да жүрмейді екен жерге тиіп.
Арасын жер мен көктің өрт алса да,
Кетпейді ешбір жері отқа күйіп.

Я болмаса бір ғана нәрсеге ұқсатпай, әр мүшесін әр нәрсеге ұқсатып, сипаттап жұмбақтау да бар деп шегірткені жасыратын жұмбақ арқылы ойын дәлелдейді: Ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен санды, құс қанатты, құмырсқа ізді, бота тірсекті.

Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққа. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, я тіл келмейтін, я тіл басқа сөз қылып бұрып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма-жаңылтпаш деп аталады деген анықтама береді.

Жаңылтпаш көбінесе жаңылғанда ерсі мағыналы сөз болып шығуы үшін күлдірерлік сөздер алынады. Мысалы:

Базардан алып келген боқжама,
Мен боқжаламай, кім боқжамалайды?
Мен боқжаламай, кім боқжамалайды?

Бастапқы жолын жай айтады, соңғы жолын шапшаң айтады. Жаңылғанда мағынасы ерсі сөз болып шығуын көздемей, тек жаңылу үшін айтылатын жаңылтпаштар да бар екендігін мына мысалмен дәлелдейді:

Бір түйем бар еді,
Бұйдалайын деп едім, бұйдалай алмадым.
(Соңғы жолды үш рет шапшаң айтады)

Ақын өз шығармаларында елшілдік ұранын батыл көтер білді. Бұрын бұл ойын ашық айтпай бүркемелеп көрсетсе, «Маса» жинағынан бастап ашық айта бастады. Өз халқын «маса боп» оятуды көздеген ақын елдік пен ерлікті, елшілдік пен күрескерлік идеяны басты мақсат етті. Оны А.Байтұрсыновтың «Жиған-терген» өлеңіндегі мына үзіндіден анық байқай аламыз:

Қазағым, елім,
Қайқайып белің,

Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып...

Ақын ел басындағы ауыр жағдайды, тартыстар мен қарама-қайшылықтарды былай деп ашына суреттейді:

Бұл бір сөз қасірет айтып хатқа жазған,
Қалмаған түк қасиет қазақ азған.
Байға мал, оқығанға шен мақсат боп,
Ойлайтын жұрттың қамын адам азған.

Ақынның күреске шақырған идеясы, келешек ұрпақ үшін күресуі, азат ел болу идеясы мына жырында көрініс табады:

Мен бұқтым-жаттым,
Сен бұқтың-жаттың,
Кім істемек қызмет?
Ауызбен айтып,
Істерде қайтып,
Жоламасақ не міндет?

Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» кітабына енген өлеңдерінде ақын өз басының емес, қазақ халқының қамын күйттейді. Бұл кітапқа ақынның мынадай өлеңдері енгізілген.



Қаз едік қатар ұшып қаңкылдаған,
Сахара көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізге шарпылмаған? -
деп, ақын өзінің «Қазақ қалпы» өлеңінде өз халқының ауыр халін суреттейді.

Ал «Қазақ салты» өлеңінде:

Қалтылдақ қайық мініп, еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып, кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса, жылжи беру,
Баяғыдай табан тіреу ешнәрсе жоқ, -

деп, қазақ халқының отаршылдық қамытын киген шарасыз халін ашына суреттейді.

Сондай-ақ елшілік мәселесі бойынша Байтұрсыновтың түзген әліпби жазу тәжірибесінде жұртшылықты сауаттандыру ісінде өте тиімді болғанын айта кеткеніміз жөн [5]. Бұл туралы М. Дулатұлы «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмері тарады, жаңа сөйлеммен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қызмет, иншалла, мұнан кейін артпаса, кемімес», - деген сөзі дәлел бола алады.

Ахмет атамыздың тек жырларындағы ғана емес, халқына еткен еңбегінің өзі елшілік ұранына толы болды.

Алыстан алаш десе аттанамын,
Қазақты қазақ десе мақтанамын.
Болғанда әкем-қазақ, шешем-қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын, - деп, жырлаған, алаш үшін қасық қандарын қиған алашордашылардың бел ортасында Ахмет те болғаны оның қаншалықты елдік мәселесін биік қойғандығының айғағы болмақ [6].

Ахмет Байтұрсыновтың жоғарыда аталған шығармаларының қай-қайсысын алмайық, бүгінгі күнде де өз маңыздылығын жоймағандығын, яғни, ақын шығармаларындағы ғибратты ойлардың әлі де өміршең екендігін байқаймыз. Өйткені, ақын шығармаларында айтылған ғибратты ойлар

бүгінгі күнде де жас ұрпақты тәрбиелеуде өз үлесін қоспақ. Ақын айтқан зиянды әдеттерден аулақ болып, жақсылыққа жақын жүру - әрбір адамның адамдық борышы. Сол борышты абыроймен атқарып, жаһандану заманында да ұлттық құндылығымызды сақтап қалуымыз керек.

Ендеше, ақын шығармаларының мән-маңызын ұғынып, көңілге тұшынып, одан әрі насихаттай берейік дей отырып, зерттеу жұмысымды қорытындылаймын. Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынов шығармаларындағы айтылған ой жастарды елжандылыққа, адамгершілікке баулуда таптырмас құрал екендігін естен шығармауымыз керектігін түсіндім. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында асылдарымыздан жеткен ғибратты ойларды көзіміздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа жеткізу біздің еншімізде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGR Ltd», 2013.-382 б.*
- 2 *Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж.5 желтоқсан. –3-5 бб.*
- 3 *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра»,2002. — 768 б.*
- 4 *Нұрпейісов. К Алаш һәм Алашорда. — Алматы «Ататек» 1995- 256 б. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? // Егемен Қазақстан,1991.26*
- 5 *Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004.-388 б.*

ӘОЖ 37.8.82

Бертаева Гулаш Есимбаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы, №148 мектеп-гимназиясы

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЗАМАНДАСТАР БЕЙНЕСІ

Аннотация

Мақалада Оралхан Бөкейдің әңгіме, повестерінің мәні мен маңызы қарастырылады. Оралхан Бөкейдің әңгімелері мен повестеріндегі қаһармандар образының жасалу жолдарына талдау жасалынады. Оралхан Бөкей повестері сол кезеңнің өзекті проблемаларын көтеріп, соларды өз замандастарының образдары арқылы шешіп бере алған маңызды туындылар дейміз. Мақалада Оралхан Бөкейдің «Бәрі де майдан» повесіндегі замандастар бейнесі сөз болады. Мәселен, жазушы замандас дегенде көбінесе жастарды назар тұтамыз да, солардың образымен шектелеміз. Замандас дегеніміз, бізбен бір қоғамда өмір сүріп, бір елде жасап, отырған, жас шамасы әр алуан болса да, мақсат бірлігі, рухани тынысы ұқсас адамдар болуы қажет. Осындай жазушының замандас туралы ой-тұжырымдары сараланады. Мақалада жазушы шығармаларында замандастар бейнесін көркемдік тұрғыда бейнелей отырып, адамды ардақтау, оның еңбегін бағалау туралы ұлы идеяны уағыздайды. Повестегі негізгі кейіпкерлер Ақан, Алма, тіпті Құмырай бейнелері де шыншылдылығымен, нанымдылығымен есімізде ұзақ сақталатын, ойымызға ой қосатын жанды образдар. Құмырай типіндегі адамдар қазіргі жастар арасында жоқ деп айтуға әлі ерте екенін ескерсек, повестегі образдардың өміршеңдігін тағы да дәлелдей түскен боламыз. **Түйінді сөздер:** лирикалық кейіпкер, суреткерлік шеберлік, поэтикалық тіл, көркемдік ерекшелігі.

Аннотация

В статье рассматриваются сущность и значение рассказов, повестей Оралхана Бокеев. Подвергаются анализу пути создания образов героев в рассказах и повестях Оралхана Бокеев. Проблемы, поднимаемые писателем, прошли сквозь время и не потеряли своей актуальности. О.

Бокей через героя-современника показывает проблемы противоречивой личности, жаждущей познать смысл жизни. О. Бокею удалось показать глубокие и драматичные процессы разрушения гармонии в отношениях, отлучения человека от земли. Характеры таких героев, как Акан, Алма, Кумырай, изображаются в напряжённно-кризисные моменты: выбора, самопознания, воспоминаний, разочарования. Поиски ответов на вечные вопросы о смысле жизни и преемственности поколений требуют от писателя анализа чувств и сокровенных душевных переживаний современника. В духовно-нравственных исканиях каждый из героев проявляет свою натуру. Современный герой Бокея отражает ситуацию нравственного и культурного вакуума: традиционные ценности, выработанные тысячелетним укладом, девальвировались в глазах молодёжи. В этом причина трагедии целого поколения наших современников, мастерски отражённая в творчестве Оралхана Бокея.

Ключевые слова: художественный характер, поэтическое мастерство, поэтическое язык, лирическое образы.

Annotation

The article deals with the essence and meaning of Oralkhan Bokei's stories and narratives. The ways of creating images of heroes in the Oralkhan Bokei's stories and narratives are analyzed. The writer poses an issue going through time and remaining relevant. O. Bokei, through a contemporary hero, presents the problems of contradictory person who is eager to know the meaning of life. O. Bokei was able to show a deep and dramatic processes of destruction of harmony in the relationships, leaving of man from the earth. The characters of such heroes as Aka, Alma, and Kumyray are depicted in tense moments of crisis: choice, self-knowledge, memories, and frustration. The search for answers to eternal questions about the meaning of life and the continuity of generations requires the writer to analyze the feelings and innermost spiritual experiences of a contemporary. In the spiritual and moral quest, each of the characters shows their own nature. The modern Bokei's hero reflects the situation of moral and cultural vacuum: traditional values developed by the millennial way of life were devalued in the eyes of young people. This is the reason for the tragedy of a whole generation of our contemporaries, masterfully reflected in the Oralkhan Bokei's work.

Keywords: by fearlessness, resoluteness, amazing gift of belief, unshakable confidence of the correctness.

Қазақ әдебиетінде, әсіресе, оның проза саласында жетекші жанр роман болса, негізінен алғанда, ең дамыған, саны жағынан да, сапалық көрсеткіші жағынан да алдыңғы қатарда келе жатқаны повесть деп айтар едік. Повесть пен романның немесе повесть пен әңгіменің арасындағы жалғастық пен айырмашылықты, өзгешелікті зерттеуші-ғалымдар өздерінше нақтылай ғылыми тұжырымдармен айқындап отырады. Кейде повестің анықтамасында әр алуан пікірлер көрініс беріп қалса да, оның жанр ретінде романдан кішірек, ал әңгімеден әлдеқайда үлкен жанр түрі екенін бәрі де мойындайды. Бірақ бұған қарап повестің жанрлық сипатын оның көлемі ғана анықтайды деу біржақты пікір болар еді. Повестің ішкі жанрлық спецификасын оның тек көлемі емес, оқиғалар жүйесі, тартыс, көркемдік бітімі тәрізді алуан түрлі көркем компоненттер жиналып келіп анықтаса керек-ті.

Белгілі ғалым, әдебиет теориясының маманы Қажым Жұмалиев: «Баяндау арқылы қарасөзбен жазылған көлемі орташа шығармалар ұзақ әңгіме /повесть/ деп аталады. Романмен салыстырғанда, ұзақ әңгімеде эпизодтар аз және алған оқиғаларының көлемі де шағын болады» [1,36] -дейді.

Ал, Мұхаметжан Қаратаев: «Новелла жанры, яки әңгіме мен повесть, романдан бөлек, бөтен категориялар емес. Олар Белинский айтқандай, ұлы өмір кітабынан, яғни романдан жұлып алған парақтар - әңгіме (ол бір немесе бірнеше эпизодты суреттейді) яки бір тарау - повесть» [2,158] -дейді.

Серік Қирабаев: «Эпостың ең үлкен түрі роман - көркем сөздің, ең биік үлгісі... Онда бірнеше сюжеттік линия (негізгі сюжеттік линияға қосымша бірнеше сюжеттер) қатар өрістеп, сол негізді халықтың көптеген тобының жан-жақты образы жасалуға тиіс. Онда оқиғалар көлемі де мол болады... Ал повесть шағын бір-екі сюжеттік линияны дамытып, соған қатысты геройлардың аз ғана тобын алдыңғы кезекке қойып көрсете алады» [3,364] - деген еді.

Ал, көрнекті әдебиет теоретигі Зейнолла Қабдолов: «Әңгіме шағын көлемді эпикалық түрдің айрықша асыл үлгісі... Әңгіменің ең елеулі ерекшелігі жинақтылығы... Ал ұзақ әңгіме, яки повесть - орта көлемді эпикалық түрдің үлгісі... Повестің жұрт таныған кейбір жанрлық сипаты - мұнда шағын эпостағыдай бір емес, бірнеше оқиға: адам өмірінің бір, не бірер эпизоды ғана емес, бір алуан кезенді

құбылыстары кеңірек, біраз дамытыла суреттеледі... Роман кең көлемді эпикалық түр... Эпостың бұл түрінде жазылған шығармалар адам мен қоғам тіршілігін мейлінше кең қамтып, алуан-алуан даму кезеңдерімен тұтас жүйелеп, толассыз қимыл-қозғалыс қалпында жан-жақты жинақтайды» [4,159] - деп көрсетеді.

Жоғарыда айтылған теориялық тұжырымдардан шығатын қорытынды - повестің жанр ретінде әңгіме мен романның аралығындағы көркем туынды екендігінде. Повесть қазақ әдебиетінің ең белді де белгілі жанры болып келді және ол өзінің осы орнын сақтап қала бермек. Енді біз негізгі тақырыбымызға - яғни Оралхан Бөкей повестеріндегі замандастар бейнесі, оның жасалу жолына тоқталайық. Оралхан повестерінде де сан алуан адам образдары, әсіресе, сол дәуірдің негізгі қозғаушы, жасаушы, өзгертуші күші болған жастар бейнелері сомдалған.

Оралхан Бөкей сонау алпысыншы жылдардың орта тұсынан бастап әдебиетімізге өзіндік ерекшелігімен келіп танылған үздік таланттарымыздың бірі. Жазушы әдебиет табалдырығын алғаш көркем де шағын әңгімелерімен аттаса, араға жылдар салып повеске ауысты. Жазушының үрдіс қимылдар еншілеп алған жанры да негізінен осылар, яғни әңгімелер мен повестер болмақ. Бұған қарап, жазушы роман жанрына ден қоймаған деуге әсте де бола қоймас, бұл салада «Өз отынды өшірме» деген атпен басылып шыққан романы оқырман қауымнан тәп-тәуір баға алған болатын. Бірақ та, жазушыны шетелдерге танытқан сүйікті жанры - повесть жанры екенін тағы бір рет анықтай кетуді мақұл көреміз. Әсіресе, жазушының повестері оқырмандардың жылы ықыластарына бөленіп, оның есімі қалың оқырманға кеңінен танылған болатын. Оның бірден бір құпиясы жазушының ізденгіштігінде болса керек. Ол ескі сүрлеуді таптамай, әдебиетке өзіндік үнмен, сырымен, айтар ойымен келгені, өмірді өзінше көріп тануға, өзінше бейнелеуге ұмтылысы, осы жолдағы сәтті ізденістері оның өз оқырманын тез табуына, оның жүрегінен жылы орын алуына себеп болғандығы сөзсіз.

Оралхан кейіпкерлері оның өз замандастары. Олардың кәрісі болсын, жасы болсын бәрі де сол дәуірдің азаматтық міндеттерін белсенді түрде атқарған абзал жанды азаматтар. Жазушы солардың әрекеті, мінез-құлқы, көзқарасы арқылы өмір шындығын, оның алуан түрлі сырларын ғана ашып қоймайды, өткенімізге де ой тоқтатып қарайды, болашағымызға да көз жібереді. Жазушы адам характерлерін өте шебер ашады, сол кейіпкерлердің ұғым түсінігі, көзқарасы арқылы дәуірдің ең өзекті деген мәселелерін көтере біледі. Міне, осылайша, Оралхан Бөкей повестеріне баға бергенде, олардағы тақырыптың тыңдығы емес, көтерілген проблемалардың сонылығы тұрғысынан келу қажет.

Жазушының «Біздің жақта қыс ұзақ» атты повестер жинағы «Бәрі де майдан» повесімен ашылады [5]. Повесть сол кезеңдегі өзекті проблеманы алға тартады. Шығармада бір-біріне қарама қарсы екі кейіпкер бар. Бірі майдангер, Отан соғысының мүгедегі, ауыл-аймаққа беймаза, маскүнемдігі тағы бар Құмырай да, екіншісі еңбек ардагері, еңбекшіл, адал да абзал жан - Ақан.

Повестің қысқаша сюжетінде мына нәрселер көрінеді. Жұлдыз ауылы жеңістің отыз жылдығын тойлағалы жатқанда, Ақан қарт ертемен шығып, қасқа биесін ерттеп аттанып кетеді. Оның қайда кеткенін, неге кеткенін сұрастырған да, керек еткен де ешкім болмапты. Тек кешке қарай шалының әлденеге ренжулі екенін Алма кемпір ғана байқаған. Бірақ әрнәрсені сұрап Ақанды мазалап көрмеген әдетімен үнсіз қалған. Жалғыз-ақ шалының ел болып жиналған жерден бөлініп кетпейтінін, тек қаңқу сөзден ғана қашқақтайтынын білетін ол Ақанның бір нәрсеге қырсығып, өкпелеп кеткенін сезеді. Шынында да Ақан өкпелеп кетіпті. Аудан басшылары жеңіс тойын тойлауға соғысқа қатысқандарды ғана шақырыпты, Ақанға шақыру жібермепті. Оның үстіне Құмырайды шақыруға келген бала Ақанға бәрінде айтып береді. Ақан ойға қалады. Үлкен тойға шақырылмайтындай жазығы неде? Кінәсі - майданға бармағаны ма? Оны майданға емес, еңбек армиясына жұмыс істеуге жіберген өкіметтің өзі ғой. Ол осындай қиын-қыстау жағдайда аянбай тер төккен жоқ па еді? Аурулығына қарамай еңбек озаты атанды. Партия қатарына кірді. Жұмысқа қыры жоқ Құмырай сияқты жалқауларды майданға жіберіп мұны 1946 жылға дейін босатпады. «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деп еңбек етті. Өкінішке қарай, осыны бағалаған ешкім жоқ. Сол кездің өзінде трудармияны киноға түсірген бір адам көрмепті, «газеттенбіз» деп бір журналист келмепті. Ал бүгін жұрт назары түгелдей майдангер-жауынгерлерге ғана ауған [3,9].

«Қазірдің өзінде қарт солдаттар соғыс ардагері атанып, «немісті тырқыратып қуып барамыз, жолдасыма оқ тиді, мен аман қалдым» деп отырғанда, «Күн демей, түн демей кен қазып, топырақ тиесп жатырмыз» деп әңгімеге араласудың өзін әбес санаймыз, - дейді Ақан – Бірақ менің жарылыстың астында қалған Бураның, ауылға келген соң көп ұзамай дімкәстік пен жіңішке аурудан

қайтыс болған Қожақ пен Қаймақтың жазығы не? Жазығы сый-құрмет дәмепей, жанталаса еңбектенгені ме? Жазығы - жауынгерлерге қару дайындап бергені ме? Отыз жыл бойы осы оймен соғысып келемін. Жеңістің отыз жылдығына шақырылмадық. Оны былай қойғанда, «Ата, сенің наградаларың неге жоқ? Әлде, соғысқа қатыспадың ба?» - деген немеремнің сұрағына да жауап бере алмадым-ау. Ол сұраққа әсте де мен емес, басқа біреулер жауап беруі керек еді!» [5,11]. Бұл үлкен қоғамдық проблема. Адамды және оның еңбегін бағалау бірінші рет іске асып отырған жерде мұндай ұлы істі аяқсыз қалдыруға ешбір жол жоқ.

Кеше ғана жеңістің алпыс жылдығын атап өту үстінде де майдан мүддесі үшін жан аямай күш жұмсаған тыл еңбеккерлерінің жеңіске қосқан үлесі атап айтылды. Алайда, күнделікті тіршілігімізде үнемі еске ала бермейтініміз, олардың әрқашан сый-құрмет пен атақ абыройдан сырт қалатыны да жалған емес. Ақан осыған күйінеді. Жазушы да тыл еңбеккерлері мен еңбек армиясында адам төзгісіз қиыншылық жағдайында жұмыс істеген азаматтардың ерлігін көре білуге, бағалауға шақырады. Сондықтан да ол повесін «Бәрі де майдан» деп атап, Ақанның еңбек армиясындағы, оның әйелі Алманың ауылдағы өмірін, азапты да ауыр еңбек жолын көркем бейнелеуді мақсат еткен. Шығарманың бүкіл идеялық түйіні оның образдары арқылы ашылады. Бұл тұрғыдан Ақан, Алма, екінші кезектегі Құмырай, тағы басқалар жазушының үлкен табысы болып есептеледі.

Әрине, повестің осы негізгі қаһармандары қарт адамдар, дегенмен олар да біздің замандастарымыз. Біз олардың бойларынан адалдық пен азаматтық, Отанға деген ыстық сүйіспеншілік табамыз, олар істеген қызметтері үшін ақы дәмепейді, қарапайым да адал жандар, әрине олардың арасында Құмырай тәрізді қазіргі заман жастарына үлгі болу тұрсын ілтифатқа да жарамайтындар бар. Негізгі құрмет Құмырай тәрізді сұмырайлардікі емес, Ақан сияқты адал жандарға берілуі қажет қой. Бірақ өкінішке орай, басқаша, тек майданға барды дегені болмаса Құмырайлардың не бітіргені белгісіз. Трудармияда жалқау болғандықтан үнемі сөгіс алып жүрген Құмырай майданда нендей ерлік көрсете қойды деген ойға қаласың.

Повестегі үлгі боларлық жарқын образ, сонымен бірге аса күрделі образ - Ақан. Ақан - жасынан еңбек астында өскен, саналы өмірін жалтақсыз, бұлтақсыз, адал өткізген адам. Намысын ешкімге бермейтін, басқаға қиянаты жоқ жан. Бүгін де ұлғайған жасына қарамай шағын шаруасын жып-жинақы етіп, дөңгелетіп ұстайды. Аурулығы себепті өкімет дайындаған шағын зейнетақысын тәуір болған соң алудан бас тартып, еңбекке қайта араласты, ауыл малшыларына газет тасиды. Қатардан қалып отырып қалғысы келмейді.

Повесте жазушы негізінен Ақанның соғыс кезіндегі еңбегіне көбірек көңіл аударады. Кейіпкер образын аша түсетін тұстар да осы еңбек армиясындағы күндер. Соғыстың төрт жылын ол Орал тауы маңында еңбек армиясында өткізеді. Жазушы кейіпкер Ақанның естеліктері арқылы Ұлы Отан соғысы кезінде майданға қару дайындаған көпшіліктің адам айтқысыз ауыртпашылық жағдайында жасаған ұлы еңбегін суреттейді. «Біздер, еңбек армиясында болғандар, жаумен мылтықсыз шайқастық, әрине, өлім-жітім аз болды. Сондықтан да қадірсіз болдық, - дейді Ақан. Дене жарасынан жүрек жарасы әлдеқайда ауыр дегенді ширек ғасырдан бері Құмырайға түсіндіре алмай-ақ келемін... Қайтейін, тағдырдың жазуы шығар» [5,26].

Еңбектің ауыр бейнетін кештік дегенмен, қадірсіз болдық дегенінің де жаны бар Ақанның. Еңбек армиясына қатысушылардың тұрмыс-күйінің ауырлығын, моральдік жүдеулігін біздер, соғыстан кейінгі ұрпақ кітаптардан, кинофильмдерден ғана білеміз. Әрине, автор қазіргі кезде соғыс ардагерлерімен бірге сол кезде еңбек армиясында болғандарға да құрмет ету керектігін Ақанның ойы мен сезімі, ішкі күйзелісі арқылы өте тиімді етіп ұқтыра білген. Повесте Алтай бойының халқы, оның соғыс жылдарындағы жай-күйі оқушыны бей-жай қалдырмайтындай дәрежеде болып шыққан. Соғысқа қатыспағанмен, тылдағы еңбектің ауыртпалығын көрген, сөйтіп жеңіс мүддесіне жан аямай күш қосқан Ақан осындай жалған түсініктерге қарсы күреседі. Содан бері арылмай келе жатқан «қадірсіздігіне» күйінеді. Оның жүрек жарасы» деп отырғаны да осы. Бүгінгі жеңіс тойына Ақанның шақырылмай қалуы да сол ұғымнан әлі арылып болмағандықтың белгісі.

Оралда еңбек еткен жылдар ауырлығына қарамастан Ақан үшін үлкен мектеп болғанын көреміз. Ол азаматтық жол кешті. Отанға берілгендіктің, іске жауапкершіліктің, жолдастық, адамдық қарым-қатынастардың сынынан өтті. Денсаулығын сақтап қалмай, көппен бірге адал еңбек етті, абыройға ие болды. Қостас жолдастары - Қожақ, Бурамен ғана емес, басқа ұлт өкілдерімен де достық қарым-қатынасқа түсті. «Бұған дейін көз көріп, аяғымыз тимеген мүлдем басқа ұлттың өкілдері бір шаңырақтың астында бірігіп, қара нан, үсіген картопты бөліп жедік. Түр-түсіміз, тіліміз

бен дініміз бөлек демедік, бір ененің баласындай маңырап табыстық. Отан соғысы біздің басымызға қайғының қара бұлтын төндіріп қана қойған жоқ, біздерді айнымас ұлы достыққа да үйретті», - дейді Ақан.

Бұл айтылғандар Оралхан Бөкей повесінің Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбек армиясында болғандар мен ауылдағы жесір әйелдер еңбегін көркем бейнелеген туынды екенін көрсетеді. Ол бүгінгі ұрпаққа тыл еңбеккерлерінің жеңіске қосқан үлесі жайын әңгімелейді. Оларды Ақан, Алма сияқты жарқын бейнелермен таныстырады. Повесті оқыған адамның бойында оның қаһармандарының тағдырымен ортақтастық туатыны, сол арқылы жаңа соғыс өртің тұтатушыларға қарсы сезім пайда болатыны даусыз. Шығарма сонымен бірге соғыс кезіндегі ауыр еңбектің майдандағы жеңіске қосқан үлесі ғана емес, адамгершіліктің, азаматтық үшін күрестің де майданы болғанына сендіреді. Ақан да, Алма да қандай азап сапарынан өтсе де, адам боп қалған қылығымен қызықтырады. Керісінше, майдан жолынан өткен Құмырай өмірдің өгей баласы калпында қалады.

Осыны көркемдік тұрғыда бейнелей отырып, Оралхан адамды ардақтау, оның еңбегін бағалау туралы ұлы идеяны уағыздайды. Повестегі негізгі кейіпкерлер Ақан, Алма, тіпті Құмырай бейнелері де шыншылдылығымен, нанымдылығымен есімізде ұзақ сақталатын, ойымызға ой қосатын жанды образдар. Олар да біздің замандастарымыз ретінде қазіргі дәуір азаматтарына өз әсерін тигізбей қала алмайды. Құмырай типіндегі адамдар қазіргі жастар арасында жоқ деп айтуға әлі ерте екенін ескерсек, повестегі образдардың өміршендігін тағы да дәлелдей түскен боламыз.

Сондай-ақ кешегі майдангерлер, бүгінгі қарттар Ақан, Алма, тіпті маскүнем Құмырай бейнесі де бізге бейтаныс емес. Олар біздің кез келген аулымызда, көшемізде өмір сүріп жатқан заманы бір жерлестеріміз. Қорыта айтқанда, Оралхан Бөкей повестері сол кезеңнің өзекті проблемаларын көтеріп, соларды өз замандастарының образдары арқылы шешіп бере алған маңызды туындылар дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмалиев Қ. *Әдебиет теориясы*. – Алматы, 1969
- 2 Қаратаев М. *Ізденіс іздері*. – Алматы, 1982
- 3 Қирабаев С. *Шығармалар. (Сын-мақалалар мен зерттеулер) I, II том*. – Алматы, 1992
- 4 Қабдолов З. *Сөз өнері*. – Алматы, 1992
- 5 Бөкеев О. *Біздің жақта қыс ұзақ*. – Алматы, 19

УДК 81-11

Габбасов Галымжан Гайполланович
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Көкқайнар ауылындағы ОМ
Алматы облысы Жамбыл ауданы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰЛТЫН ШЫН СҮЙЕТІН ШЫН ҰЛТШЫЛ

Аннотация

Ел тәуелсіздік алғаннан бастап «Қайта оралған бес арыс» деп, алаш азаматтарының сіңірген еңбектері ерекше ардақталып, құрметтеліп жатыр. Олар, атап айтсақ:

А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов. Мақалада сол арыстардың бірі де, бірегейі Ахмет Байтұрсынұлы, халықтың ұлы перзенттерінің бірі, ғалым, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері, ұлттық ғылым жасаушы туралы тың ақпараттар баяндалған.

Түйінді сөздер: *Ахмет Байтұрсынұлы, білім, насихат, ұлт.*

Аннотация

Тридцать лет независимости. С тех пор труд наших алашцев мы чтим как «Возвращение пяти львов». Это, в частности: А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Ш. Кудайбердиевич, М. Жумабаев, Ж. Аймауытов. В статье содержится новая информация об одном из таких львов, уникальном Ахмете Байтұрсынұлы, одном из великих сыновей нашего народа, ученом, переводчике, журналисте, пропагандисте, творце отечественной науки.

Ключевые слова: *Ахмет Байтұрсынұлы, образование, назидание, нация.*

Annotation

Thirty Years of Independence. Since then, we honor the work of our Alash people as the “Return of the Five Lions”. These are, in particular: A. Baitursynov, M. Dulatov, Sh. Kudaiberdievich, M. Zhumabaev, Zh. Aimaurov. The article contains new information about one of these lions, the unique Akhmet Baitursynov, one of the great sons of our people, a scientist, translator, journalist, propagandist, creator of national science.

Key words: *Akhmet Baitursynov, education, edification, nation.*

... Бір кезде сары маса боп ызыңдап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып, сүйсінеді.

Габбас Тоқжанов

...Читают и ценят слова Ахмеда все и казахские трудовики когда то подобно шмелю пробудил казахий народ

Габбас Токжанов

Akhmet ,who once woke up like a yellow fly, is also respected ,read and admired by Kazakh workers.

Gabbas Togzhanov

Ел тәуелсіздігіне - отыз жыл. Содан бастап «Қайта оралған бес арыс» деп алаш азаматтарымыздың сіңірген еңбектерін ардақтап, құрметтеп жатырмыз. Жетпіс жыл бойы атын атамай, шығармаларын оқымағанымызға да әрине, өкінеміз. Олар, атап айтсақ: А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытовтар. Сол арыстарымыздың бірі де, бірегейі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы тойланып жатыр. Ахмет Байтұрсынұлы - халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, ғалым, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері, ұлттық ғылым жасаушы. Ұлттық ғылым - ұлтқа қызмет ететін, оны өркениет жолымен таным шыңына жетелейтін, ұлттық болмысты жарқыратып көрсететін, ұлттық санаға жарық отын жағатын қару – деп барша халық бағалап отыр.

Ахмет Байтұрсынұлы “Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан

мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек”, — деген ұлы көріпкелдігі қазіргі біздің кезіміздегі уақытты да айтуға болады емес пе? Мәселен, үш тілділікті қолға аламыз деп оқушылардың, қоғамның өз тілдерін шұбарлап жүргеніне куә болып жүрміз.

Егемен ел атанып, өз алдымызға дербес мемлекет болғаннан кейінгі ұрпаққа дұрыс тәрбие беру, олардың патриоттық сезімін ояту, елге қызмет етуге, мемлекеттің іргесін нығайтуға баулу, тілдің дәрежесін көтеру біздің негізгі мақсатымыз. Өз ана тілімізді жетік меңгеру, ана тілінде таза сөйлеуге үйрету, халқымызда ғасырлар бойы қалыптасып, сақталып келе жатқан наным-сенімдерін, дәстүрін, әдет-ғұрыптарын өсіп келе жатқан, жас ұрпақтың бойына сіңіру барысында, мектептің орны ерекше. Халық байлығының асыл қазынасы – рухани тілі. Оны меңгеру бесік тәрбиесінен, ана әлдінен, балабақшадан бастап, мектепте ары қарай жүзеге аспақ. Сол мектеп табалдырығында жүрген оқушыларға біз Ахмет Байтұрсынұлы шығармасын, еңбектерін қалай оқытып жүрміз?

Ызыңдап, ұшқан мынау біздің маса,

Сап-сары, аяқтары ұзын маса.

Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса? - деп, өзі айтқандай ақын қазақ халқын ұйқысынан оятпақ болды, оятты да, сол жолда талмай еңбек етті. Өзінің барлық өмірін ұлтына арнады, халқының көзін аша білді. Өз халқы өз тілінде оқып білім алсын деп алғаш рет әліпби құрастырды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алған екен. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, түркі тіліне жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Оны «Төте жазуы» немесе «Ахмет Байтұрсынұлы жазуы» деп атаған. Бұл да ғалымның нағыз ұлтшыл екенін айқындайды емес пе?

Ақынның алдына қойған мақсаты қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс жағдайын жақсарту болса, ол үшін халықты жаппай сауаттандыру керек екенін айтып, өзінің халықтық идеясын насихаттады.

Халықтық идея туралы ой-пікірлерін "Қазақ" газетінде жариялаған көптеген мақалаларында, "Тіл туралы", "Әдебиет танытқыш", "Баяншы", "Тіл ашар", "Оқу құрал", "Сауат ашқыш", "Әліппе астар", "Оқу құрал", "Маса", "23 жоқтау", т.б. көптеген еңбектерінде жан-жақты айтып, оларды тікелей іске асырып отырған. Осы орайда, айта кететін жәйт, ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының сөзімен Ахметтің сәйкестігіне тоқталсақ. Ел Президенті қазіргі орта бизнестің дамыта алмау себебіміз, қазақ тілінде оқулықтардың жоқтығы, яғни техника саласындағы аудармалардың аздығы екенін атап көрсеткен. Бұл орайда да Ахмет Байтұрсынұлы өз елін дамыту үшін ең алдымен білім керектігін жақсы білген.

Ал "Әдебиет танытқыш" еңбегін алатын болсақ, оны да таза қазақша атаумен, жалпы халыққа түсінікті тілмен жазған. Бұл - Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-ғылыми мұрасының ішіндегі ең көлемді және айрықша тиянақталған тұжырымды еңбегі. "Әдебиет танытқыш" – Ахмет Байтұрсынұлының эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалған. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынұлы – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан.

Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынұлы фольклорлық, әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті.

"Әдебиет танытқыш" еңбегінде қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. Ең алдымен ғалымның әдебиет теориясы, сыны, тарихы, жанрлары жөнінде дүниежүзілік әсемдік ойдың негізгі тұжырым, идеяларымен терең таныстығы айқын аңғарылады. Қоғамдық, тарихи-эстетикалық, философиялық білім мығымдығы үнемі сезіліп отырады. Қазіргі уақытта кез-келген әдебиет саласында жүрген ақын-жазушыларға, мұғалімдерге таптырмайтын, құнды оқу құралына айналды. Осы еңбегін оқып, талдай отырып шын ұлтжанды деп айтпай көріңіз.

Себебі, Ахмет Байтұрсынұлы да сөз өнерін ең жоғары өнерге қояды. Ғалым өз сөзінде: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шамаларынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын – сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Сөзбен қандай сымбаттау я кескіндеуге болатындығын көрсету үшін бірнеше мысал келтіріп қарайық»,- деп «Абайдың әйелді сымбаттауы», «Мағжанның толқынды кескіндеуі» т.б. бірнеше дәлелдер келтіреді.

Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан біз тәлім-тәрбие берудің басты саласының бірі - ұлтжандылық, халқы үшін адал қызмет ету екенін жанымыздан шығармауымыз керек. Ұлтжандылықтың, елін сүюдің ғажайып күш екендігін терең сезінген қазақ ақын-жазушылар, ойшылдары өз шығармаларына осы тақырыпты үнемі арқау етті, көп көңіл бөліп, халықты елі үшін жанын пида етуге, жастарды елжандылық рухта тәрбиелеуге баса көңіл бөлді. Сондықтан біз қоршаған орта мен алдымыздағы болашақ ұрпақты солай тәрбиелесек. Ақын-жазушылардың шығармаларымен бірге сіңірген еңбектері мен өмір жолдарын үлгі етуіміз біздің парызымыз.

Ақын өз өлеңдерінде көбіне Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырып дамытқан өрісті ойды, қалып алған дәстүрлерді, демократтық бағыттарды жаңа жағдайда өзінше жалғастырушы ретінде көрінеді. Оның өлеңдерінің тақырып қойылысынан, өрнектелуінен, ой жүйелеу мәнерлерінен Абай, Ыбырай үлгілеріне жақындық, үйлесімдік, үндестік байқалады. Солар сияқты А. Байтұрсынұлов та айнала қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдердің мазмұны осыны танытады.

Қазақ халқын құрып кетерлік күйге жеткізген патшалық Ресейдің отарлық саясатын сынаған үшін А.Байтұрсынұлов саяси қуғынға ұшырайды, әлденеше рет абақтыға жабылады, жер аударылады. Ол туған халқының мүддесі үшін күресін тоқтатпай, алдымен сол халықтың өзінің жігерін қайрап, намыс отын тұтатып, «ұйқыдан оятуға» бел буады. Маса болып халықты оятып, жылан арбауынан құтқармақ болған ақынды «Халық жауы», «Ұлтшыл» деген жаламен ату жазасына кесті. Өкінішті, бірақ артына өшпестей еңбегі қалды. «Дүниеде не өлмейді? Ғалымның хаты өлмейді» демекші, артына өлмейтіндей мұра қалдырған Ахмет Байтұрсынұлының есімі Тәуелсіз мемлекетімізде мәңгі сақталады.

Сөз соңында қорыта айтарым, Сәкен Сейфуллиннің айтқан бір сөзі:

« ... өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл».

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынұлов А. Әдебиет танытқыш. Алматы «Атамұра» 2003
- 2 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. Алматы «Жалын» 1991
- 3 Жарикбаев К.Б, Қалиев С.Қ Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995
- 4 Мектеп оқулықтары.

ӘОЖ 82-8

Жақыпбеков Елдар

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Саурық батыр» ОМ

Алматы облысы, Жамбыл ауданы

АНА ТІЛІН АРДАҚТАЙЫҚ

Аннотация

Бұл мақалада орта мектепте оқытылатын қазақ тілі пәнінің бүгінгі жай-күйі баяндалады. Сондай-ақ жаңа білім беру стандарты мен ескі білім беру стандарты кезіндегі пәндердің айырмашылығы, бүгінгі таңдағы қазақ тілі пәніндегі кем-кетіктер сөз болмақ.

Түйінді сөздер: тіл, мектеп, білім, мәдениет.

Аннотация

В данной статье описывается современное состояние казахского языка в средней школе. Также будет разница между предметами нового образовательного стандарта и старого образовательного стандарта, недостатки казахского языка сегодняшнего дня.

Ключевые слова: язык, школа, образование, культура.

Annotation

This article describes the current state of the Kazakh language in high school. There will also be a difference between the subjects of the new educational standard and the old educational standard, the shortcomings of the Kazakh language of today.

Key words: language, school, education, culture.

Қазақ филологиясы дегенде есімізге бірден ұлты ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы түсетіні сөзсіз. Биыл 150 жылдығы тойланғалы отырған ұлы ағартушының мерейтойы қарсаңында қазіргі қазақ филологиясының жай-күйі қандай екенін сөз етпекпін. Қазіргі деп отырғаным мектеп қабырғасында оқып жүрген оқушылардың күнделікті оқып жүрген «Қазақ тілі» пәні жөнінде. Жаңа оқу бағдарламасын сылтауратып, жаңаша кітап құрастырамыз деген кейбір пысықайлар ұлт болашағын ойлауды ысырып, қазақ тілінің тамырына балта шапқалы отыр ма деген ой түйесің. Оған дәлел де жоқ емес. Мәселен, орта мектептерде оқытылатын «Қазақ тілі» пәнінің 5-сыныпқа арналған кітабының әр тарауын оқысаңыз жаға ұстайсыз.

«Ана тілі» кітабын бастауышта аяқтап, енді ғана «Қазақ тілін» оқып, тілдік құрылымды жаттықтырамыз деп жүрген жасөсіпірімдер бұл пәнге мүлде бөтен сабақтарды өтеді. Бірінші тарауы «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас» деп тәп-тәуір басталған бұл кітаптың екінші тарауы «Киім.Сән.Талғам» деп басқа тақырыпқа ауып кетеді. Бұл 2017 жылы атақты «Атамұра» баспасынан шыққан Ж.Дәулетбекова мен Г.Қосымовалардың құрастырған кітабы. Жә, бөлім атауы ғана басқа деп кітап маңына шаң жуытпай, мені табалайтын да оқырман табылып қалар. Бірақ кітаптың ішіне үңілсеңіз «Қазақ тілі» пәніне мүлде жат жаттығулар өрбіп жүр. Бұндай олқылық тек бір тараудан кеткен шығар деп ойлайсың кейде. Басқа тарауларда осы қателіктер қайталанбаса екен деп тілейсің. Сөйтсек, тағы да есіктен сығалап филологияға жат тақырыптар сап ете шығады. Бір ғана 5-сыныптың «Қазақ тілі» кітабында тараулардың өзі бұл кітаптың қазақ тілін дамытуға арналмағанын аңғартқандай болады. Өйткені, әр тарауда әртүрлі жағдаяттар баяндалады. «Жануарлар әлемі» 53-беттен басталып, 66-бетке дейін жалғасады. Ал, «Бос уақыт пен хобби», «Қиял әлемі», «Көлік және жол белгілері», «Адамның сырт келбеті», «Аспан әлемінің құпиялары», «Саяхат және демалыс» деп бірінен соң бірі жалғасып барып, тәмамдалатын осы тақырыптардан «Қазақ тілі» пәнінің иісі шығып тұр дегенге сіздер сенер ме едіңіздер? Мен сенбес едім. Сенбегенім былай тұрсын ішіндегі «Көліктің қандай түрлерін білесің?» деген сынды жаттығуларды көргенде біз балаларға «Қазақ тілін» емес «Көлік жасау» сабағын өтіп жатқан жоқпыз ба деген ой келеді. Бұдан бөлек ана тіліміздің ішіне «психология», «биология», «география», «астрономия» сияқты пәндердің тақырыптары не керек? Осыған бақылау жасайтын құзыретті орган жоқ па? Бұрын біз мектепте оқыған «Қазақ тілі» қандай ғажап еді. «Морфология» бөлімін өтсең соған ғана қатысты жаттығулар кездесетін. Бір тарау біткенде оны толық санаңа сіңіріп, жатсаң да тұрсаң да морфологияның не екенін айтып

сайрайтынбыз. Ал, қазіргі балаға «Морфология» тарауын өтіп, көлік түрлері мен мінез-құлық туралы тапсырма берсең, ол морфологияның не екенін қайдан ұқсын? Жаңа бағдарлама енбей тұрғандағы «Қазақ тілі» пәні қалай болды екен деп ауданды шарлап жүріп, өзіміз мектепте оқыған бірнеше кітапты әрең таптым. Ішін ашып, тарау мен бөлімдерді қарасаң көз қуанады. Өйткені, бәрі тайға таңба басқандай етіп көрсетілген. Сөзіме дәлел болу үшін 1997 жылы «Рауан» баспасынан шыққан 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен бірнеше мысал келтірейін. Бұл кітаптың басынан бастап аяғына дейін тек қана «Қазақ тілі» (авторлары: С.Исаева, К.Назарғалиева) пәні туралы сөз етіледі. Алғашқы тарауы «5-сыныпты қайталау» деп басталатын бұл кітаптың соңы «Тіл ұстарту» тақырыбымен өз мәресіне жетеді. Ішіндегі жаттығуларын айтсаңыз жаның сүйсінеді. Кітаптың кез-келген бетін аша қалсаңыз тақырыптан ауытқымаған. Мысалға, осы кітаптың 122-бетін аша қалсаңыз «Болжалдық сан есім» тақырыбы берілген. Сол тақырыпта «Болжалдық сан есімнің» қандай сан есім екенін түсіндіретін ережесі беріледі де 123-бетінде осыған сәйкес тапсырмалар беріледі. Мәселен, 269-жаттығуда былай делінген: «Берілген есептік сан есімдерден болжалдық сан есімдер жасап, оларды сөзбен жазыңыз» деген де оның үлгісін келтірген. Дәл осындай тағы бір мысал келтірсек, 63-бетте «Біріккен сөздер емлесі» тақырыбы беріледі. Осы тақырыпқа сәйкес 124-жаттығуда «Берілген біріккен сөздердің жазылуына назар аударындар. Қандай түбірлерден туындағанын анықтандар» деп анық көрсетілген. Ал, қазіргі 6-сынып оқып жүрген «Қазақ тілі» (Т.Н.Ермекова, Ж.К.Отарбекова, Г.Б.Тоқтыбаева. «Арман ПВ баспасы») кітабын ашсаңыз «Спорт», «Су-тіршілік көзі», «Әлемнің жеті кереметі» сынды тақырыпта беріледі. Осы кітаптың 38-бетіндегі 1-тапсырмаға зер салып қарасаңыз тапсырма сұрақтары былай өрбиді: «Әлемнің жеті кереметі туралы бұрын естідіңдер ме?». Бұл сұрақтан сіз қазақ тілге қатысты қандай тапсырма көріп тұрсыз? Болмаса осы оқулықтың 105-бетіндегі 1-тапсырманың сұрақтары. Ол жерде де «Қазақ тіліне» қатысты бірауыз сөз жоқ. Тапсырма сұрақтары былай берілген: «Судың түсі қандай?», «Дәмі бола ма? Иісін сезуге бола ма?», «Өзен-көлдердің атауларының «түрлі-түсті» болу себебі не?» деп келеді. Сіз осы жерден не ұқтыңыз? Бұл «Қазақ тілі» пәніне керек дүние ме еді?

5-6-сыныптың «Қазақ тілі» пәндерін оқып, өзге сыныптарда бұндай келеңсіз жайттар жоқ шығар деген де ой келді. Сөйтіп қолымызға 2013-жылы «Арман ПВ» баспасынан басылып шыққан А.Қасымбек, А.Нұрғазылардың жазған 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәні кітабы мен 2017-жылы «Атамұра» баспасынан шыққан Г. Қасымова мен Р. Рахметовалар құрастырған 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәні кітабын алып, салыстырып көрдік. Бұл жерде де жоғарыда айтып өткен олқылықтар ойып тұрып орын алған. Тағы сол баяғы жартас сол жартастың күйіне түсіп, мазақ болған «Қазақ тілін» көрдік. Осылай айтпасқа амал да қалмады. Себебі 7-сыныпқа арнап 2017-жылы шыққан «Қазақ тілі» кітабының алғашқы тарауы «Ауа райы және климаттық өзгерістер» деген тақырыптан басталса, ортасындағы тараулар «Ғаламтор және әлеуметтік желілер» тақырыбымен ұштасып, «Ғылыми фантастикамен» аяқталады. Бұл кітапта да тақырыптан ауытқыған тапсырмалар жетерлік. Соған бір ғана мысал келтірсек. Осы кітаптың 62-бетіндегі 1-тапсырмаға назар салсаңыз былай делінеді: «Қандай музыканы тындағанды ұнатасың?»... Осыған ұқсас көптеген тапсырмалар бар. Сол тапсырмаларды беріп жатқан мұғалім де, оны орындап отырған оқушы да өздері қай пәнді оқып отырмыз деп күмәнданатын шығар, ә? Қалай ойлайсыз?

Ал, осы 7-сыныпқа арналған 2013-жылы жарық көрген «Қазақ тілі» кітабын ашып қалсаңыз алғашқы бөлімінен-ақ ол жерде «Қазақ тілінің» иісі аңқып тұрады. «Қазақ тілі— қазақ халқының әдеби тілі, мемлекеттік тіл» деп ұрандап басталған бұл кітаптың әр тарауы да қазақылықтың барлығын білдіріп тұрады. Морфологиямен жалғасын тапқан әр тарау «Синтаксиспен», «Тіл мәдениетімен» өз жалғасын тауып, оқытушыны да оқушыны да жалықтырмайтын жаттығуларымен көркем түрде жазылған. Бұл кітаптың да кез келген бетін аша қалсаңыз өзіңіздің «Қазақ тілі» пәні кітабын ұстап отырғаныңызды сезінесіз. Оған да бірнеше мысал келтірсек осы кітаптың 193-бетінің 226-жаттығуында «Берілген мәтіннен етістікті және есімді тіркестерді ажырата жазыңыздар» деп келсе, 82-бетіндегі 87-жаттығуда «Зат есімді(жалқы) жіктеу есімдігімен алмастырып көшіріп жазыңыздар» деп келеді. Осындай тапсырмаларды әр тараудың әр тапсырмасында орындаған оқушы ертең-ақ етістік пен есімдікті жадына мықтап сіңіріп алады-ау деген ойдамыз.

Бұл тек қана 3 сыныптың «Қазақ тілі» кітабы бойынша берілген қысқаша ғана мысалдар. Осы тізбекті 11-сыныпқа дейін жалғап алып кетсек «Қазақ тілі» пәнінің ішінде «демографиялық жағдай» сияқты тақырыптарды көргенде оқушыға не айтарынды да білмей абдырап қаласың. «Қазақ тілінің» жеткен жетістігі осы ма еді?..

Ана тілдің арын кірлетпейік десек мектеп қабырғасында оқытылатын «Қазақ тілі» пәніне

қатты көңіл бөлейік. Сонда ғана ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы алдында перзенттік парызымыз өтелер. Бұл мақаламды жазудағы себебім де сол еді. Шағын ғана ауылдың жас маманы тіл үшін шырылдап жазған осы мақаласы жоғарыдағылардың құлағына жетсе екен деймін. Біздегі ниет, тілек пен арман да осы. Жалғыздың үні шықпас әрине. Бірақ сол жалғыздың жанұшыра жазған жанайқайын үлкен мінбеде сөз етіп, бұл қателікті түземесек, келер ұрпақ алдында ұятты боламыз.

ӘОЖ 811.111.

Жакупова С.Б.

гуманитарлық ғылымдардың магистрі
ӘГП кафедрасының аға оқытушысы

АЛАШ АҚТАҢГЕРІ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ӨМІР ЖОЛЫ

Аннотация

Ахмет Байтұрсынұлының Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардағы «Қазақ», «Айқап» атты газет, журнал беттерінде жарық көрген мақалалары публицистикалық қырын айқындай түскендей. Алаш газет беттерінде жарияланған «Қарқаралы петициясы» ғалымның публицистикалық қырының айқын көрінісі болып табылады. Ахмет Байтұрсынұлы-ғалым, ақын, публицист, қазақ емлесінің реформаторы және қазақ тілі грамматикасының, әдебиет теориясының негізін салушы ретінде қалың жұртышылыққа, түркі әлеміне қарымды еңбектерімен танымал ұлт жанашыры. Ол өз заманында орыс ғалымдары тарапынан үлкен бағаға ие болған. Қазақ халқының мұң-мұқтажы, мүддесі үшін күрескен «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы. Ұлттық сана, ұлт-азаттық сананы қалыптастыру бағытында газет беттерінде ұлт-азаттық сипаттағы мақалалар жариялайды, елдің көкейіндегі көкейкесті мәселелердің шешілу жолдарын баяндайды. Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының публицистикалық өмір жолы баяндалады.

Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынұлы, ученый, статья, народ.

Аннотация

Статьи Ахмета Байтұрсынова, опубликованные на страницах газет и журналов «Қазақ», «Айқап» в годы, последовавшие за Октябрьской революцией, приобрели публицистический характер. «Каркаралинская петиция», впервые опубликованная на страницах газеты, является ярким отражением публицистического аспекта ученого. Ахмет Байтұрсынұлы-ученый, поэт, публицист, реформатор казахского правописания и основатель грамматики казахского языка, теории литературы. Ахмет Байтұрсынұлы известен большому числу людей и тюркскому миру своими трудами посвященные казахской лингвистики, казахской литературы и грамматики казахского языка. В свое время он получил большую оценку со стороны российских ученых. Лидер и основоположник Национально-освободительного движения «Алаш», который боролся за боль, нужды, интересы казахского народа. В целях формирования национального сознания, национально-освободительного сознания на страницах газет публикуются статьи национально-освободительного характера, освещаются пути решения актуальных проблем страны. Эта статья рассказывает о публицистическом жизненном пути Ахмета Байтұрсынова.

Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынұлы, ученый, статья, народ.

Annotation

The articles of Akhmet Baitursynov, published on the pages of newspapers and magazines "Kazakh", "Aikap" in the years after the ending of October Revolution, acquired a publicistic character. The "Karkaraly petition", first published on the pages of the newspaper, is a vivid reflection of the publicistic

aspect of the scientist. Akhmet Baitursynuly is a scientist, poet, publicist, reformer of Kazakh spelling and founder of grammar of the Kazakh language, theory of literature. Akhmet Baitursynuly is known to a large number of people and the Turkic world for his works on Kazakh linguistics, Kazakh literature and grammar of the Kazakh language. At his lifetime, he received great appreciation from Russian scientists. The leader and founder of the National Liberation Movement "Alash", who fought for the pain, needs, interests of the Kazakh people. In order to form a national consciousness, a national liberation consciousness, articles in the terms of national liberation are published on the pages of newspapers, ways of solving urgent problems of the country are highlighted. This article tells about the publicistic life path of Akhmet Baitursynov.

Key words: Akhmet Baitursynuly, scientist, article, people.

80-жылдардың аяқ шенінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жазықсыз жазаға кесіліп репрессияға ұшыраған отызыншы жылдары орын алған зорлық зомбылықтың құрбаны болған Алаш қайраткерлерінің творчестволық мұрасы туралы қаулысы Алаш қайраткерлерінің соның ішінде Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов секілді қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси, ел алдында атқарған қомақты еңбектері, ғылыми-педагогикалық, әдеби, ағартушылық бағыттағы қызметтеріне тарихи баға берудің кезі келіп тарихи шындықты толық қалпына келтіру жұмыстары жөнінде комиссияның қабылдаған шешімімен келісіп репрессия құрбандары болған Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов секілді ұлттық иедологиялық, ағартушылық бағытта ұлттың ұлт болып қалыптасуына негізгі қозғаушы күш болған ұлт ұстаздарының қаншама жылдарға пара-пар еңбектері 1988 жылы ақталынды. Сонымен қатар ұрпақтары ұлт ұстаздарымыздың жұртқа сіңген елеулі еңбегінің тасада қалып қоймасын деген ойымен ақталуын сұрап жазған арыз хат жолдамаларына жауап хат ретінде сол кезде патшалық құрған Ресей үкіметі көп жылдардан кейін зиялылар ұрпақтарына моральдық, материалдық тұрғыда залалды келтіргені үшін өтемақы төлейтіндігі жөнінде жауап хат жолдаған болатын. Заты өшсе де аты өшпейтін елінің болашағы үшін күресте өз жанын сарп еткен қазақ жұртының аяулы азаматтары елінің жадында мәңгілік сақталмақ. Алаш деп ұрандатқан бүкіл дүйім жұртты білімге, ғылым мен өнерді игеруге шақырған Ахмет Байтұрсынов қазақ Тәуелсіздігінің іргетасын қалауды көксеген ұлтжанды, ұлтының зиялысы. Ол-ағартушы-ғалым, лингвист, қазақ тілі емлесінің реформаторы, ол дегеніміз араб алфавиті негізінде жетілдірілген қазақ әліппесінің авторы, тюрколог, әдебиет теориясының негізін салушы, «Әдебиет танытқыш», тіл білімінің жекелеген тараулары I-бөлім-Фонетика, II-бөлім-Морфология, III-бөлім-Синтаксис бойынша «Тіл-құрал», I-бөлім-Практикалық грамматика, II-бөлім-Практикалық грамматика деген тараулары бойынша Тіл-жұмсар, балалар әліппесі бойынша «Оқу-құрал», «Әліппе», Ересектер әліппесі деген сериямен «Сауат ашқыш», Әліппеге методикалық нұсқау деген сериямен «Әліппе-астар», Хрестоматиялық нұсқаулық деп аталатын сериямен «Оқу-құрал» атты көптеген оқу құралдардың авторы. Аталған оқу құралдары күні бүгінге дейін ҚазПИ архивінде сақтаулы.

Ахмет Байтұрсынұлы Қостанай облысы, Торғай уезінің Тосын болысында 1873 жылдың 25 қаңтары дүние есігін ашып, 1891 жылы Торғайдағы екі класстық орыс-қазақ училищесін бітіреді. 1895жылдан бастап Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, оқу-ағартушылық қызметімен айналысады, әділет үшін күреседі, патшалық, отаршылық саясатты айыптайды. Ауыз әдебиетінің фольклор түп-нұсқаларын жинаумен айналысады, оқу, білім алып ізденеді, оқу құралдарын жазып қана қоймай, өзі де өлең-жырлар жаза бастайды, орыс ақындарының оның ішінде Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударып, өзінің ішкі ойын да сол кездегі әлеуметтік таптың китүрқы әрекеттерін, бет-бейнелерін асқан тапқырлықпен сипаттайды. 1909 жылы шілденің 1-і жазықсыздан полиция тыңшыларының айыптауымен Семей абақтысына отырып, бостандықты аңсаған, күреске шақырған өлеңдер жазады. 1910-жылдың 21 ақпанында босатылып, Қазақстанның тысқары жеріне аудару туралы үкім шығарылып, Орынборға көшеді. Сол кезден бастап Ахмет Байтұрсынұлы өмірінің ең күрделі де қызықты кезеңіне тап болады. 1913-18 жж. аралығында «Қазақ» апталық газетінің бас редакторы қызметін атқарды. Сол аралықта публицистикалық сарындағы батыл сөз еткен материалдары басылып шықты. Қазақ қоғамында орын алған патшалық Ресейдің озбырлығы, орыстандыру саясатының белең ала бастаған шағы, яғни орыс мектептерінде қазақ балаларының оқуы, қазақтың құнарлы жерлеріне орыстарды көшіру, құнарлы жерлерді өздеріне барымталап алуы, қиын қыстау кезіндегі қазақтың ұлт болып қалыптасу жағдайына қатты алаңдаған Ахаң жер мәселесі, қазақ тілінде жастардың білім алып, сауат ашу жайындағы өткір

сөздері баспасөз беттеріне басылып шығады. Ол қазақ халқының, қазақ ұлтының мүддесі үшін аянбай тер төгіп еңбек етті. Өзінің өмір сүрген жылдарын қапаста қалған қазаққа, қазақ жастарына білімнің қайнар бұлағын ашып, одан нәр алуға, оқу-білім арқылы өркениетті елдер қатарына қосылуға болатынын, заңды игермегендігі оның өзіне тиімсіз екенін атап өтіп, халықты еңбекке, оқу білімге шақырды.

Ахмет Байтұрсынұлының публицистикалық сарында жазылған мақаласының бірі-«5 мың десятина». Қазақта қымыздың денсаулыққа пайдасы зор екенін, сан түрлі аурудың шипасы екенін ертеректе білген. Сол уақытта Ресейде құрт ауруына қарсы тұратын жамиғат(общество) құрт ауруларын дала қымызымен емдеу үшін қазақ жерінен қымызхана ашпақшы болады. Үкіметтен 5 мың десятина жер сұрап алмақшы болған. Алмақшы жерінде 13 үйдің қыстауы бар, басқа қазақтардың жайлауы бар болғандықтан рұқсатсыз орыс мұжықтарына зорлықпен алынғандай талау жолымен алынған лайықсыз деп көреді. Жердің алу-алмауы дауға түскен соң, оның пайдасы мен зарары деп қарастырып көрсе оның қазақтарға біршама пайдалы екендігі кәсіп жағынан пайдалы және жер құнарлылығы сөз болып, ақша табуға қызығып, биелерін жұтатып қысты күні қырып алып жүрсе бұдан асқан зарары болмас деп өз пікірін де білдіріп несімен оңтайлы несімен қолайсыз екенін пайымдап жазады. Ал тағы бір мақаласында ғұлама өмір сүрген жылдары орысша оқытатын училищелер тапшы болып қана қоймай, шала-шарпы орысша білетін, мұсылманша шала-шарпы білетін қазақ оқушыларының ел алдындағы міндетін атқарудағы пайдасы аз кем дей келе орысша білімді алып жұртқа еңбегін тигізер жастардың қарасы аз деп пайымдайды. Ұлт болашағына пайдасын тигізер білім жолындағы сауатты, білімді жастардың көбеюі үшін жұрт болып ел болып оқуға түсіп білім алуы үшін стипендияны көбейту керек деген ой тастайды. Яғни жастарды далада қаңғыртып қоймай оқу білімге тарту керек дейді. Ол үшін стипендияны көбейтсе ғана жастар «жұртым» деп ел алдындағы борышын өтемек деп жан айқайын жеткізеді. Жылда берілетін стипендияның алтауының жартысы ғана қазақ балаларына берілетіндіктен, қазақ жастарының халі мүшкіл екенін публицистикалық сарында жазылған мақаласынан ғалымның публицистік қырларын айқындай түскендей.

«Бастауыш мектеп» деп аталатын енді бір мақаласында бастауыш мектептің мән-жайы туралы сөз қозғағанда, қазақ ауылдарында мектептерді сынға алады. Яғни ауылдардағы қазақ мектептерінде не оқу құралы жоқ, не оқытуға тұрарлық мұғалімнің жоқтығын басып айтады. Және сауат ашу, әрі қарай білімін жетілдіру үшін ауылдық аймақтарда, қалаларда 5жылдық бастауыш білімнің қажеттігін айта келе, ондағы 3жылы қазақ тілінде сауат ашып білім алу болса, қалған екі жылын орыс тілін оқып үйренуге жұмсау қажеттігін айтады. Ауылдық жерлерде орыс тілінде сауат ашып оқығандары білім алып ілесіп кете алса, әрі қарай оқуын жетілдіреді ал, елде қалып қойса оқығаны ұмыт болады деп орыс тілінде сауат ашудың да тиімсіз екенін айтады. Яғни бастауыш сыныптың бірінші 3 жылдығында қазақ тілінде өз ана тілінде сауат ашып білім алуы қажеттігін түсіндіреді. Осылайша ғалым, бүкіл қазақтың өркениетті елдер қатарына қосылу үшін де өз ана тілін, шыққан тегін, дінін ұмытпауы қажет екенін ұғындырады. Ғалымның сол қиын қыстау кезеңдерде ненің қазаққа пайдалы, ненің пайдасыз, тиімсіз екенін пайымдап айтуы да үлкен саясаткер, аса ірі ғалым екенін айғақтайды. Сол кезеңдегі Ресейдің түпкі көздеген мақсаты орыс мектептерінде оқитын қазақ балаларының санасын улау еді. Яғни халықты орыстандыру ол дегеніміз қазақ тілінде жазылған кітаптарды орыс тіліне көшіру, араб графикасын қолданыстан алып тастап орнына орыс графикасын енгізу арқылы орыс тілінің үстемдігін көрсету еді. Оған автор түбегейлі қазақ тілінен ажырап қалу болмас деп қазақ тілінде сауат ашу қажеттігін меңзейді. Және де Ахаң дерлік көптеген мақалаларында жер мәселесі турасында сөз қозғайды. Қазақ жұртының мұң мұқтажын, ұлт мүддесін ойлаған ғұлама ғалым жер мәселесіне келгенде «Қазақ» апталық газеті арқылы жер мәселесі, халық мүддесіне жарайтын мәселелерді қозғап оның шешімін тауып беріп отырады. Міржақып Дулатов, Сейітғазим Кәдірбаев, Мұхамедияр Тұңғашин сынды ел зиялыларымен бірлесіп халыққа үндеу жазған мақаласын мысалға алсақ, патша жарлығына қарсы шықпауды, егер де патша жарлығына көнбей соғыс жұмыстарына шақырылған қазақ жастары өз еркімен жөнелтілмейтін болса, елде бүліншілік басталып елдің көз жасына қаласындар, елде қантөгіс болса туыс-тумадан айырыласындар, босқа қан төкпендер деп қазақ жастарын патша жарлығына мойынсұнып соғыс жұмысына тартылса ешқандай да елге қауіп төнбейтінін, соғыс жұмыстарына шақырылып барған жастардың жай-күйлері жақсы екенін ешқандай да қорқудың керегі жоқ екенін дәлелді деректермен жұртты сабырға шақырады. Ұлт болашағын, ертеңін ойлаған ұлт қамқоршылары өз үндеуін «Қазақ» апталық газеті арқылы жеткізеді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың маңдайына біткен ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармашылығын жоғары бағалап онан асқан бұрын соңды заманда қазақ халқында біз білетін ақын болған жоқ дей келе, «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Абай Құнанбаевтың шыққан тегі, өскен ортасы жайлы жазып қана қоймай оның аса білімпаз, даналығы мен ақындық шеберлігіне таңданыс білдірген. Абай өлеңдері сөзі аз, мағынасы көп, терең деп баға берген. Абай сөздерін жалпы адамның түсінуіне ауыр деп түсіндіреді. Және түсіне алмаудың себебін Абайдың айта алмағанына болған кемшілік емес оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмауында деп ұғындырады. Абай не нәрсе жазса да оның түпкі тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазған деп басқа ақындардан өлеңімен ғана емес тұлғалық қасиеттерімен дара, заманынан озып туған дарын, данышпан болған деп тұжырым жасайды. Абайдың арғы тегі билер болғанын, әкесінің сұлтан болып ел басқарғанын айғақтап, Абайдың жігіт жасы 20-ға келген шағында сөзге шешен болғанын, қазақтың мақал-мәтелдерін, шешендердің сөзін, көсемдердің ісіне қанық болып өскенін, ержеткен соң ел басқару ісіне араласқанын атап өтіп, 1880 жылы жер аударылып келген Михаэлис пен Гросс Абаймен жақын таныстықта болғанын, болыстықтан да гөрі жақсы нәрсе барын және оның өлең екенін ұғындырғаны, шығармашылық жолына жөн сілтегені қамқорлық танытқаны деп біледі. Білімінің қызығын тобықтылар ғана көріп, басқаларға пайдасы тимей, болыстыққа құмартқан қазақтың бірі болып сол күйінде өліп те кетуі ықтимал еді, қазақтың маңдайына ондай болудан сақтаған екен деп ел бағына туылған ұлы ақын екеніне көз жеткізеді.

Абайдың өлеңдерінде терең философиялық ойлардың қазығы жатқандығын, Абай өлеңдерінің өзіндік өрнегі бар екенін, оның өлеңдері ақынның өлең сөзге өте бай және де білімпаз екенін аңғартады деп тұжырым жасайды. Абай өлеңдерінің таралымы тек Семей, Ақмола облыстарымен ғана шектеліп қоймай, бүкіл дүйім қазақ білуі тиіс деп айтқан еді. Енді міне Абайды білмейтін қазақ жоқ. Тіпті Абайдың өлеңдері бірнеше тілдерге аударылып аты бүкіл әлемге кең құлаш жаюда. Дегенмен, осы қазағым деп сол жылдардағы елдің қамын ойлап көкейкесті мәселелердің шешімін тауып беріп қана қоймай көкейкесті мәселелерді газет бетіне басып қана қоймай, ел ағартушылық қызметімен қатар қазақ алфавитінің негізін қалаушы көсем сөзді ғалым публицист Ахмет Байтұрсынұлы ұлт мүддесі үшін жан аямай күрескен зиялылардың қатарынан ойып тұрып орын алған ұлт жанашыры.

Ахмет Байтұрсынұлы «Айқап» журналында да салиқалы, салмақты, қарымды ойларымен ел көзіне түскен еді. 1905-07 жылдардағы орыс революциясы қазақ жеріндегі «Алаш» атты қоғамдық-саяси қозғалыстың басталуына ықпал етіп, ұлт интеллигенциясы қазақ елінің бостандығы үшін ұлттық-демократиялық сипаттағы қозғалысты бастап кетті. Ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, жалпыресейлік мұсылман, түрікшілдік қозғалыстарына атсалысу арқылы ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті.

Ахмет Байтұрсынұлының алғашқы публицистикалық қызметі «Қарқаралы петициясынан» бастау алады. Аталған құзырхатта патшалықтың отарлық, орыстандыру саясатынан зардап шеккен қазақ халқының талаптары жазылған. Ресей империясының қазақ халқына жасаған қиянаты ол-қазақты шұрайлы жерлерінен айыру, мұжықтарды қазақ жерлеріне қоныстандыру, күшпен жерін тартып алудағы озбыр саясатының зардабын қазақ халқы жылдар бойы тартып келді. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар мен бұйрықтар» деген мақаласында қазақтардың білімсіздігінен, заңнан хабары жоқ болғаннан кейін жұрттың өз иелігіндегі жерден айырылып қалғандығы жайлы оны қалай қайтару не болмаса өз иелігіндегі жерді қолдану жөніндегі ұсыныстар мен заң жүзінде қалай әрекет ету керектігін тайға таңба басқандай етіп түсіндіріп береді.

Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында жоғары бағаланып қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдарының берген бағасы да ерекше. Мәскеуде 1929 жылы «Коммунистік Академия» баспасынан шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» 1 томында А.Байтұрсынұлы: «Аса көрнекті қазақ ақыны, журналисті және педагогі... Ол-қазақ емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деп бағаланып өмірбаяны мен қызметі жайында айтылады. Және де академик Канонов: араб алфавиті негізінде жетілдірілген қазақ әліппесінің авторы, қазақ тілі фонетикасының, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазды деп сіңірген еңбегі жайлы сөз қозғайды.

Өз заманының тұлпары, самғап ұшқан сұңқары, ел игілігіне жарайтын бірқатар еңбектердің

авторы, оның ішінде қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, әдебиет теориясы, тіл білімі сияқты жекелеген пәндер бойынша көптеген еңбектер жазып қалдырған ұлы ғұлама ғалымның осы салалардағы сіңірген еңбектері орасан зор. Ахмет Байтұрсынұлы бір ғасырда бір туатын ұлт кемеңгері, ұлт ұстазы болып қалмақ. Ғалымның артында қалған еңбектері ел игілігіне жарап, оның есімінің ел жадында мәңгілікке сақталатыны даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Нұрғалиев Р. Ахмет Байтұрсынұлы // Алматы «Рауан» 1990.
- 2 Шәріпов Ә., Дәуітов С., Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары // «Жазушы» баспасы, 1989, 319б.
- 3 Тайшыбай З.С. Алаш көсемсөзі // Петропавл қаласы, Манап Қозыбаев атындағы СҚМУ баспасы, 2003, 255б.
- 4 Жақып Б.Ө. Публицистика негіздері // Алматы, «Қазақ университеті» 2018, 443б.
- 5 Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. «Қазақ» // «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, Алматы 1998, 556б.

УДК 37.8.82

Идрисова Айымжан Батырхановна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУ – БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ

Аннотация

Мақалада қазіргі кездегі қазақ тілінің қоғамда алатын орны мен оның қарым- қатынас құралы ретіндегі қызметі қарастырылады. Сондай-ақ, қазақ тілінің дәрежесін арттырудағы іс-шаралардың алғышарттары мен мемлекеттік деңгейдегі мәртебесін көтеру маңызы туралы баяндалады.

Кілт сөздер: тіл, таным, ұлт, мемлекет, халық.

Аннотация

В статье рассматривается роль современного казахского языка в обществе и его функции как средства общения. Также описаны предпосылки мер по повышению статуса казахского языка и важность повышения статуса на государственном уровне.

Ключевые слова: язык, знание, нация, государство, народ.

Annotation

The article discusses the role of the modern Kazakh language in society and its functions as a means of communication. It also describes the prerequisites for measures to improve the status of the Kazakh language and the importance of raising the status at the state level.

Key words: language, knowledge, nation, state, people.

Қазақстан Республикасының тіл туралы 11-шілде 1997 жылғы заңының 4,7,9 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі.

Ата Заңымыздың елге әкелген көптеген өнегелерінің бірі мемлекет құрастырушы ұлт тілі - қазақ тілін мемлекеттік деңгейінде көтеруінде болып отыр.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыру - біздің міндетіміз.

Қазақстан Республикасының егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі - мемлекеттік тіл.

Менің елім - көп ұлтты Қазақстан. Қанша ұлттың баласы бір анадан туғандай тату-тәтті өмір

сүріп жатыр. Қазақстанда ұлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны - бәріміз үшін мақтаныш.

Қазіргі таңда үш тілді білуді міндеттеп отыр. Болашақта бұл үлкен мәселе болмақ. Менің ойымша, егер адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам деп ойлаймын. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді. Сондықтан мен өз замандастарымды «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын Қ.Мырзалиев айтқандай, басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуге шақырамын және бәріне:

Мейлі, сен көп тілді біл «қой» демес ем!
Пушкин, Байрон, Шекспир, Гейнеге сен.
Бірақ сені қазақ деп айта алмаймын

Туған ана тілінде сөйлемесең, - дегім келеді. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Бірақ өкінішке орай, осы уақытқа дейін мемлекетіміздің бүкіл салаларындағы жұмыстардың көпшілігі тек ресми тілде жүргізіліп отырылады. Сондықтан ең бастысы - өзіміз тілімізді құрметтеп сыйлауымыз керек, ана тіліне жай көңіл бөліп қана қоймай, онан әрі қарай жетілуіне заң жүзінде дамуына үлесімізді қосу және ана тілінде іс қағаздарын жүргізуді дамытуды қалыптастыруға күш салу қажет.

Сіздер мен біздер, жергілікті ұлттың өкілдері - орыс тілінде сөйлейтін халықтарды қазақ мәдениетіне және халықтың дәстүрлеріне тарта білмейміз және оған тырыса да бермейміз. Оның үстіне тілдің қоғамдық тұрғыдан қажет етілмеуі, оның тіпті қазақтардың өздері арасындағы беделінің кемуіне әкеп соқты. Көптеген отбасылар, әсіресе қалалық жерде тұратындар орыс тілін сөйлейтін болып алды. Ана тілін тіпті тұрмыстық қарым-қатынаста да қолданудан қалды. Сөйтіп, атасы өзінің туған немересімен қазақ тілінде сөйлесе алмайтын жағдайға жеттік. Өлі де кеш емес, тілімізді сақтап қалу мына біздің, жастардың қолында. Ештен кеш жақсы. Өмір бойы тіліміздің осылай шұбарланып, қорланып, ақыр аяғында түп-тамырымен жоқ болып кетпеуін қаласақ, бүгіннен бастап әрекетке көшейік. Қазақ тілі - ұлттың жолы. Мен ұлтымды, тілімді сүйемін. Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық. Мен ана тіліммен мақтанамын және мемлекеттік тілімді құрметтеймін!

Мектеп қабырғасында, балабақшаларда қазақ тіліне деген құрмет бірінші кезекте тұруы керек. Жасөспірімдердің санасына, жүрегіне қазақ тіліне деген құрметті ұялату тікелей педагогтердің жауапкершілігіне жүктелуі тиіс. Сонда өсіп келе жатқан ұрпақтың басқа тілмен ойын, сөзін шұбарланбауына септігі тиеді.

Елімнің жастарын, ең алдымен, өз ана тілімізді құрметтеуге шақырамын және бәріне:
Тіліміздің тағдыры өз қолымызда, тіліміздің мәртебесін көтерейік!

ӘОЖ 371.32

Исаева Перизат Жуматаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Т. Сәрсенбеков ат. ОМ
Алматы облысы Жамбыл ауданы Самсы ауылы

ДИАЛОГ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Аннотация

Оқыту мен оқудағы оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыс диалог арқылы болатыны сөзсіз. Диалог арқылы оқытудың маңызы зор. Сабақта диалог арқылы оқытуды тиімді қолданғанда оқушылар өз ойларын, көзқарастарын, қызығушылықтарын білдіреді, диалог арқылы оқыту олардың еркін сөйлеуіне, дамуына, сыни тұрғыдан ойлауына көмектеседі. Мақала диалог арқылы оқытудың ерекшелігі, әңгіме түрлері, оларды оқу процесінде қолдану, сұрақ қою, сұрақ түрлерін сабақта тиімді қолдану теориясы мен практикасы туралы.

Түйінді сөздер: диалог, оқыту, әңгімелесу, сұрақ түрлері, сұрақ қою.

Аннотация

Связь между учеником и учителем в обучении, несомненно, происходит через диалог. Обучение через Диалог имеет большое значение. При эффективном использовании обучения через диалог на уроке учащиеся выражают свои мысли, взгляды, интересы, обучение через диалог помогает им свободно говорить, развиваться, критически мыслить. Статья посвящена специфике обучения через диалог, типам бесед, их использованию в учебном процессе, постановке вопросов, теории и практике эффективного использования на уроке типов вопросов.

Ключевые слова: диалог, обучение, беседа, типы вопросов, опрос.

Annotation

Undoubtedly, the communication between the student and the teacher in teaching and learning is through dialogue. Learning through dialogue is of great importance. When using dialogue learning effectively in the classroom, students express their thoughts, views, and interests, and learning through dialogue helps them speak fluently, develop, and think critically. The article is about the specifics of learning through dialogue, types of conversations, their use in the educational process, the theory and practice of asking questions, and the effective use of types of questions in the classroom.

Keywords: dialogue, training, conversation, types of questions, asking questions.

Оқыту – қазіргі заманның талаптарын ескере отырып, оқушылар тұлғасын, білім, іскерлік және дағдыларды меңгерте отырып, мақсатты қалыптастыру мен дамыту процесі. Оқыту – қоғамдық құбылыс түріндегі ересектердің мақсатты бағдарланған жүйелі ұйымдастырылған қоғамдық қатынастар тәжірибесі, қоғамдық сананың даму нәтижесі, еңбек өндірісінің мәдениеті, қоршаған ортаны қорғау мен оны белсенді қайта өзгерту туралы, білімдерді аға ұрпақтың өскелең ұрпаққа үйретіп, оны олардың меңгеруі. «Әдіс» – бұл белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары. Оқытудың тиімділігін арттыру әдістерін жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі. Сондай әдістердің бірі – диалог арқылы оқыту. Диалог – білім алу мен білім беру барысында оқушылардың өзара білім алмасуын қамтамасыз етудің, оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыстың негізгі құралы. «Оқушылар өздерінің құрдастарымен, сарапшылармен диалог жүргізу барысында тәжірибе жинақтап және ой әрекетінің жоғары деңгейіне көтерілуге талпына отырып, баламалы мүмкіндіктер туралы сыни тұрғыдан ойлап, зерттеу жүргізуге қабілетті бола түседі» [1, 51-б]. Диалог жүргізу сыни ойлаумен де тығыз байланысты.

Диалог арқылы оқытудың маңызы зор. Топтық жұмыс кезінде оқушылар өз тобын алып шығу үшін көп еңбектенеді, оқушылар қасындағы оқушыны тарту кезінде де білімін терең жетілдіре алды. Тақырыпты игергенін пысықтау мақсатында жаттығулар орындағанда да оқушылар бір-бірімен ақылдаса отырып, жұмысты тиянақты орындауға бағытталады.

Қазақ тілі пәнінде әңгімелесудің үш түрі де қолданылады. Олар:

1. Топтық әңгіменің ерекшелігі:

- 1) айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе беруі;

- 2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы;
- 3) идея қайталанды және жасалды, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

2. Әңгіме-дебаттың ерекшелігі:

- 1) ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;
- 2) ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады;
- 3) қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады;

3. Зерттеушілік әңгіменің ерекшелігі:

- 1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;
- 2) әркімнің идеясы пайдалы деп қабылданғанымен, мұқият бағалау жүргізілмейтін кездері болады;
- 3) қатысушылар бір-біріне сұрақтар қояды;
- 4) қатысушылар сұрақтар қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша дәлелдеме көрінеді;
- 5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге жетуі де, жетпеуі де мүмкін, ең бастысы келісімге ұмтылу) [1; 13, 40-б].

«Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты түрлі техникаларын пайдалануға болады. Түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу» [1; 41-б].

Оқыту мен оқудағы оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыс диалог арқылы болатыны сөзсіз. Сабақты диалогтік оқыту барысында тиімді қолданғанда ғана оқушылар өз ойларын, көзқарастарын, қызығушылықтарын білдіріп, еркін сөйлеуіне, дамуына, сыни тұрғыдан ойлауына көмектеседі. Ал, «Қалай оқу керектігін үйренуде» оқушы алған білімін есте сақтап, өз бетімен іздене отырып, жауапкершілікке үйренеді. Қалай оқу керектігін үйрену немесе метасана оқушылардың «өзін-өзі реттеуі» болып табылады. Бұл үдерісте оқушылар өз бетінше алған білімдерін жинақтап бақылайды, өздерін-өздері қадағалап қабілеттерін шындайды, түсінеді. Берілген тапсырмалар арқылы оқушылар өзін-өзі реттей отырып білімге деген құштарлығы оянады.

Жаттығуларды талдау барысында оқушылар диалогқа түсіп, сұрақ-жауап түрінде жұмыстар жүргізеді. Әр оқушы өз деңгейіне қарай берілген тапсырмаларды орындауда белсенділік көрсетіп жатады. Тақырыпты түсінуге қол жеткізіледі. «Шылау» тақырыбын өткен кезде өз бетінше ізденіп келген оқушының берген жауабымен оқушылардың барлығы келісті, өйткені ол ұсынған мәліметтің маңызы зор болды. Ол мәселен: «Сөз төркініне қарасақ, «шылау» деген сөз, «біреудің шылауында, илеуінде жүру» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде шылау сөздер басқа сөздердің шылауында жүреді» – дей келе, қазақ тіліндегі шылаудың мәнін ашуға тырысты.

«Демеулік шылаулар» тақырыбын өткен кезде топ басшылары әр түрлі фигуралардағы парақшаларды таңдап, жасырылған ғалымдардың аттарын таңдап алады. Әрі топқа өздері таңдаған ғалымдардың аттары беріледі. Мәселен, «Ахмет Байтұрсынов» тобы, «Нығмет Сауранбаев» тобы, «Ахмеди Ысқақов» тобы т. б. Осы топтастырудың өзі оқушылардың сыни тұрғыдан ойлануына ықпал етті. Олар алдын-ала жиналып алынған өз заттарын іздей бастады. Содан кейін парта үстіндегі заттарды көріп, сол партаға отыратындарын түсінді. Ғалымдардың аты-жөндері жазылған парақшаларды таңдағанда «Олар кімдер?» деген сұрақ төңірегінде ойланып, интернеттен жауап іздей бастады. Ахмет Байтұрсынов туралы «1872-жылы Қостанай облысы Жангелді ауданында туған, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы» - деген мәліметтер айтылды. Нығмет Сауранбаевтың 1910-жылы Жамбыл облысы Қордай ауданында туғандығын, қазақ тіл білімі ғылымымен айналысушы ғалым екендігін, филология ғылымдарының докторы, академик екендігін білді. Ізденіс жұмыстарын жүргізді. Мұнда АКТ-ны қолдану тиімді болды. Ізденіс жұмысын тез арада жүргізіп, оқушылар тың мәліметтер мен қызықты деректермен бөлісуге ықпалын тигізді.

Тақтаға мына сөйлемдерді жазғызып (дәптерге де жазады), шылауларды тауып, қандай мағына үстеп тұрғанын айту. *Бүгінгі тақырып - демеулік шылаулар. Осы сөйлемдерден қай шылауларды демеулік шылаулар деп ойлайсың? Неге?*

Мәселен,

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

*Өлеңі бірі - жамау, бірі - құрау.
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау. (Абай).*

Оқушылар әртүрлі жауаптар беріп жатты. Бір оқушы ең ұтымды ой айтып, өзінің ерекше қабілетін көрсете білді. Оқушының жауабы мынадай болды: «Демеулік шылаулар мыналар деп ойлаймын: ау, ай, ақ. Себебі, олар сөзбен сызықша арқылы жазылып, жаңағы сөзге дем беріп, демеу болып тұр».

Диалогты дұрыс құру үшін сұрақты да дұрыс қоя білу керек. Бұл мәселе сабақтарды жоспарлау кезеңінде де ескерілуі тиіс. Сұрақ қою үлгілерінің бірі – «*бастама-жауап-кейінгі әрекет*». БЖК сабақта жиі қолданылады. Оқу процесіндегі жетекші рөлді мұғалім атқарып, өзі қадағалау жүргізеді.

Блум таксаномиясына сүйене отырып, оңайдан күрделіге қарай жүру мақсатында жұмбақтар шешкізіп, ішінен шылауларды табуы ұсындым.

*Жуынам деп жазған-ай,
Күннен күнге азғаны-ай.
(Сабын)*

*Қалтаңда жатыр, тісі бар,
Тістемей-ақ істері бар.
(Тарақ)*

Оқушылар жұмбақты тез шешіп, шылауларды тапты.

Оқушы жауап беру кезінде қателесе «Кім тағы қалай жауап береді?» – деп сыныптастарының дұрыс жауабы арқылы оқушының өз қатесін түсіне білуіне мүмкіндік беруге болады. Оқушы толық жауап бермесе, келесі жауап берген оқушының жауабы арқылы өз ойын толықтырады. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін өзекті, шешім күтетін сұрақтарды қойып, өз ойларын жүйелі жеткізе білуіне мән берген жөн. Сабақ барысында ұйымдастырылатын оқушылардың топтық, жұптық жұмыстары кезінде бір-біріне сұрақ қою әдістері жүргізіле отырып диалог арқылы оқыту жүзеге асырылды.

Оқулықпен жұмыс кезінде «Демеулік шылаулардың қай сөз табына, қандай сөзге тіркесіп тұрғанын көрсетіндер» - деген тапсырма болды. Әр топтан бір оқушы шығып, морфологиялық талдау жасады.

Диалог арқылы оқыту қандай нәтиже береді?

- Оқушылар өз ойын нақтылап, жүйелеп, талдап, ашық айта бастайды.
- Ұжымдық, достық, сенімділік, ынтымақтастық ахуал орнайды.
- Бұрын білген білімдеріне білім қосылып отырады.

Диалог арқылы оқытудың маңызы зор, адамгершілікті қалыптастырудың құралы ретінде де тиімді. Оқушылар диалогке түсу арқылы бір-бірін тыңдап үйренеді, бірінің білмегенін бір-біріне үйретеді. Көмектесу, қол ұшын созудың не екендігін сабақ барысында түсіне бастайды.

«Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады. Диалог негізінде білім алу бұл оқушы – мұғалім, оқушы – оқушы арасындағы өзара сұхбаттасу. Оқушылар диалогті сабақта меңгеру барысында өзіндік ой-пікірлерін жүйелеу мен дамытуды меңзейтін тәжірибе барысында көрінетіні байқалады. Оқушылар қойған сұрақтарға жауап беру арқылы өз білімдерін шыңдайды. Оқушылардың білім алуда сұраққа жауап беруі, ізденуі, тыңдауы мен пікір алысу арасында білім ала отырып байланыс анағұрлым нәтижелі, жауапкершілікке жетелейтінін көрдім. Оқушылар топ болып жұмыс жасағанда бір-бірімен пікір алмасып, өз идеяларын ортаға салып, кластерлермен жұмыс жасай отыра, өздеріне баға бере білді.

Әр сабақта оқытуды жақсарту үшін жаңаша әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, жоғары ізденімпаздықпен оқушылардың өз көзқарастарымен қоса, еркін сөйлейтін, түсіну дәрежелері жоғары болатындай, ынтымақтастық қарым-қатынас жасай отырып, оқушының білімінің келешекте қолданыста болатынына ықпал ететіндей жұмыс жүргізу - мұғалім мақсаты.

«Мұғалімнің оқушыларға арнап жоспарлайтын іс-шаралары оқу мақсаты болып табылады. Осыған байланысты, оқыту мен оқу мақсаттарын қалыптастыратын шаралары төмендегілерді білуге бағытталған:

- ✓ Сіздің ойыңызша , оқушылар нені білулері тиіс?

✓ Оқушылар қандай түйінді идеяларды түсінуі тиіс ?

✓ Оқушылар қандай түйінді мәселелерді зерттеп, талдаулары керек?

Оқу нәтижелері мұғалім сабақта қойған мақсаттарына қол жеткізгенін немесе қол жеткізе алмағанын білуге мүмкіндік береді» (Мұғалімге арналған нұсқаулық 91- б)

Әр сабақты жоспарлағанда мұғалімдер осы мәселелерді басшылыққа алуы тиіс. Жоғарыда аталған дағдылардың әрқайсысына ден қоя отырып, тапсырмалардың қай түрін, неге бағыттап және қалай беруім керек деген мәселелер төңірегінде ойлану да өз нәтижесін береді. Осы кезекте оқушылардың жас ерекшеліктері де басты назарда болады

Сабақ соңында оқушыларға «Маған оңай болды ... », «Мен үлгердім ... », «Мен қиналдым ... », «Менің жетістігім ...», «Болашақта мен ...» деген жазбалары бар парақшалар таратылды. Әр топтан бір-екі оқушыны тыңдап, ойларын ортаға салғызуға мүмкіндік болды.

Сабақтың тиімді тұстары:

- диалогтік әңгіме құрудың уақытты үнемдеуге тиімді болғаны;

- оқушылардың бір-бірін тыңдай білуге үйренгені;

- оқушылардың бірін-бірі оқытуға дағдылана бастауы;

- сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға ықпал еткені;

Сабақ кезіндегі кедергілер:

- оқушылардың сөздік қорының аз болғандығы;

- сұрақтарды тақырып төңірегінде ғана қоюы.

Қазақстан әлемдік білім кеңістігіне қадам басып отыр. Осы орайда педагогтардың білімін жетілдіруі, үздіксіз ізденіс үстінде болуы - заман талабы. Басты міндет - білім ғасырының есігін еркін ашып кіретін, дүниежүзілік мәдениетті танып, ұлттық төл мәдениетті қастерлей білетін, рухани жан-дүниесі бай, ой-өрісі дамыған жоғары білімді, заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу. Жаңа технологиялық әдістерді пайдалану оқушылардың білімге деген құлшынысына, мұғалімнің шығармашылық өрлеуіне түрткі болары сөзсіз. Білімді меңгере отырып, оқушы сын көзбен қарауға, өз ойын еркін айтуға, өз құқықтарын қорғай білуге, ақпарат көздері арқылы жаңа білім іздеуге дағдыланады. Қазақстанның білім беру мазмұны жаңа сатыға көтеріліп, алға қадам басып келеді. Жас рухани биікке көтеру біздің абыройлы міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. Астана, 2012.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1975.
5. Жеті модульді ықпалдастыра оқыту. Оқу-әдістемелік құрал. Құрастырған: Л. Дүйсембекова. Алматы, 2013 ж.

ӘОЖ 37.8

Калдыбаева Майра Орынғалиевна
Алматы облысы, Сарқан ауданы,
«Теректі ОМ» КММ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

Аннотация

Қазақ елі Ахмет Байтұрсынұлын әдебиеттің негізін қалаушы деп таниды. Ахмет - қазақ ұрпағын сауатты әрі білімді болуын қалаған адам. Мақалада Ахметтің қазақ әдебиетіндегі орны, шығармаларындағы өмірлік құндылықтар жайлы қарастырған.

Түйін сөз: ақын, адамгершілік, Мәңгілік ел

Аннотация

Казахи признают Ахмета Байтурсынова основателем литературы. Ахмет-человек, который хотел, чтобы казахское поколение было грамотным и образованным. В статье рассматривается место Ахмета в казахской литературе, жизненные ценности в его произведениях.

Ключевые слова: поэт, мораль, Мәңгілік ел

Annotation

The Kazakh people recognize Akhmet Baitursynuly as the founder of literature. Ahmet is a person who wanted the Kazakh generation to be literate and educated. The article discusses Ahmet's place in Kazakh literature, life values in his works.

Key words: poet, morality, Mangilik El

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі, халқымыздың бейбіт те берекелі өмір сүруі үшін аянбай еңбек еткен, сол жолда басын бәйгеге тігіп, «тар жол, тайғақ кешуден» өткен тұғырлы қайраткер. Сонымен қатар Алаш баласының сауатын ашып, елімізді өркениетті мемлекеттердің қатарына қосуды мақсат тұтқанын, «Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын. Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін» деген Ахмет Байтұрсынұлы болашақ ұрпақ үшін қызмет еткен.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық дамудың талай жыл тот басып қараусыз қалған тегершігін айналдырып, үздіксіз қозғалысқа қосып берген ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз қызмет етіп, мәңгі ескірмейтін мол мұра қосқан қайраткер қазақ даласында кемде кем.

Мақалада мен ақынның бүкіл алаш жұртының оянуына негіз болған маса жинағын қозғағым келіп отыр.

Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдер топтамасы «Маса» деген атпен Орынборда 1911 жылы басылған. Жинаққа қойған атына ол едәуір ой, салмақты жүк артқан деуге болады. [1]

Бзындап, ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіңе біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен, қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?

Осы жолдардан «бзындап, ұшқан мынау біздің маса» — сергектікті, қозғалыс күйді, серпіліс пен ізденісті сәулелейтін астарлы бейне екені көрінеді. Ол «үстінде ұйықтағанның айнала ұшып», қоғамның енжар, жалқау, ұйқыдағы күйден оянуына қызмет етеді. Осы ағартушылық ойды ақын басқа да шығармаларында әрі қарай дамыта түседі.

«Масаның» негізгі идеялық қазығы — жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын өлеңдері жалпы, сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес. Ақын өз өлеңдерінде көбіне Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырып дамытқан өрісті ойды, қалып алған дәстүрлерді, гуманистік әуендерді, демократтық бағыттарды

жаңа жағдайда өзінше жалғастырушы ретінде көрінеді. Оның өлеңдерінің тақырып қойылысынан, өрнектелуінен, ой жүйелеу мәнерлерінен Абай, Ыбырай үлгілеріне жақындық, үйлесімдік, үндестік байқалады. Солар сияқты А.Байтұрсынов та айнала қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдердің мазмұны осыны танытады.

Алдыңғы ағалар суреттеп кеткен қазақ қоғамының жалпы қалпында дәл сол кезде айтарлықтай өзгерістер жоқты. Ахмет қоғамның сол бір келеңсіз көріністеріне салқын қарай алмайды. Ол жан ауыртып, жүрек сыздатар «қасірет сөзін» айтып, хатқа жазады.

«Қазақ қалпы», «Досыма хат» өлеңдерінде қазақ елінің қалпы «Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ, теңізде жүрміз қалқып көшпесі жоқ», «Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз, алалық алты бақан дертпен кірдік»,— «Ақшаға абыройын, арын сатып, азған жұрт, адамшылық қалмай сыны», «Жаны мал, жақыны мал, малдың құлы» деген сипаттармен нақтылана түседі. А.Байтұрсынов қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздіктің, таптық шиеленіс-қақтығыстардың себеп-салдарына терең бойлай алмаса да, еңбекші халыққа, олардың ауыр халіне көңіл бөліп, аяушылық сезім білдіреді, ауыр халге төзіп, көніп, үндемей жүре бермей, адамдық қасиетті қорғауды қалайды. Бұл оның демократтық, гуманистік көзқарастарға бейімдігін аңғартады. «Адамдық диқаншысы» деген өлеңінде ол өмір бойы бейнетке, қорлыққа үндемей шыдап, жасып, жаншылып кеткен адамдарды көріп, жаны ашиды, олар сергектеу болса, адамдыққа ұмтылса, үндемей жүре бермесе, алдағандарға алданбаса, таяққа еті үйреніп жүнжіп кетпес еді деп ойлайды, олардың намысына тиерлік ащы сөздер айтады.

Елдің ауыр халін аз да болса жеңілдету жолдары туралы ойланғанда Ахмет бұрын қалыптасып дамыған ағартушылықтың мақсат-мұраты арнасында ой өрбітеді, ұйқыдан оянып, білім-ғылымға ұмтылу қажеттігін, оянған ерге еру керектігін еске салады. Оның:

Оянған ерге ұмтылған жерде
Еруші азда, серік кем.
Қас білген досты,
Дос білген қасты,
Мұндай елді көріп пе ең?
Қыс ішінде бірер қаз

Келгенменен, қайда жаз?! —деген өлең жолдары ел ішіндегі азын-аулақ зиялы азаматтар сөзіне құлақ қоюдың аздығына күйінуден туған. Ақын өлеңдерінің шығарылған жылдары нақты қойылмауы, әрине, оның творчестволық ой жүйесінің эволюциясын анықтауды қиындатады. Дегенмен, «Маса» өлеңдер жинағы 1911 жылы басылғанына сүйеніп, сонда жарияланған туындылар содан бұрынғы жылдары жазылғанын, Ахмет Байтұрсыновтың ел күйін өзгертудің ағартушылық жолдан басқа бір арнасын іздеп, сезіне бастағанын байқаймыз.

Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдер топтамасы — көп ғасырғы қазақ поэзиясының дәстүрлерін, демократтық-ағартушылық әдебиет үлгілерін жаңа тарихи жағдайда дамытып, жалғастырған идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Оларды қайта бастыру туған әдебиетіміздің жалпы адамзаттық, гуманистік, демократтық, тәрбиелік сипаттарын айқындап аша түсетін мұра болмақ.

Ақын балалар әдебиетінде көп көңіл бөлген. Қазақ әдебиетінде Абайдан басталған жаңа арна — мысал жанры Байтұрсыновтың “Қырық мысалымен” орнығып, ұлттық сипат алды. Оның мысалдары әлеуметтік-қоғамдық жағдайды меңзейтін оқиғалардың, адамдар психологиясынан хабардар ететін ғибратты тұжырымдардың молдығымен ерекшеленеді. [2]. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынов 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ, Б. Пушкин (“Балықшы мен балық”, “Алтын әтеш”, т.б.), Лермонтов (“Мцыри”), Вольтер, Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар — тың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. [3]

Аққу, шортан, Нәм шаян мысалында:
Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,
Тартады аққу көкке, шаян кейін
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.
Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.
Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас.
Әуелі бірлік керек болса жолдас.

Бірінің айтқанына бірің көнбей

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, – деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады.

Алуан-алуан ойға жетелейтін “Қайырымды түлкі”, “Ала қойлар”, “Үлес”, “Қартайған арыстан”, “Өгіз бен бақа”, “Қайыршы мен қыдыр”, “Ат пен есек” мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын – әуез қосып отырады. “Қартайған арыстан” мысалына:

Бақ қонса, сыйлар алаш ағайын да,
Келе алмас жаман батып маңайыңа.
Басыңның бақыт құсы ұшқан күні

Құл-құтан басынады, малайың да, -деген жалғасты түйін жасайды. Бірнеше кісі тіл таба алмай, берекесі кетіп, өртке шалдығып, үлестен құр қалады. Осы “Үлес” өлеңінің түйінінде ақын өз позициясын ашық көрсетіп:

Ойласақ оқиға емес болмайтұғын,
Ел қайда өзін жаудан қорғайтұғын.
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,
Адам аз алдын қарап болжайтұғын.
Аңдыған бірін-бірі жаудан жаман
Байқасақ ел белгісі оңбайтұғын.
Бұл белгі табылып жүр біздің жұрттан
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.
Алданып арқадағы дау-шарына
Кәтерден кәпері жоқ,

келер сырттан, -деп терең маңызы бар әлеуметтік ой толғайды.[4]

«Өгіз бен бақа» мысал өлеңі көбіне өлең түрінде жазылатын сюжетті шағын жанр. Мысалда мінез-құлық, қасиеттер ажуа етіліп, астарлы сынға алынады, дидактикалық өсиет айтылады. Мысал жанрында қолданылатын көркем тәсілдің бастысы аллегория (пернелеу). Мысалдың құрылысы әдетте екі бөліктен құралады: бейнелі әңгіме, оқиға-сурет және дидактикалық өсиет. Ахмет Байтұрсынұлы «Өгіз бен бақа» мысалын 36 жол өлең түрінде И.Крыловтан аударған. Қазақ әдебиетінде алғаш мысал жанрында жазған Абай «Өгіз бен бақаны» 40 жол өлең түрінде аударған. Екі аударманың да тықырыптық, идеялық мазмұны жақын.

Ахмет Байтұрсынұлы – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өмірінен айрықша орын алған тұғырлы тұлға. Бір басына сан түрлі салқар санаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат қазақ руханиятындағы тендесі жоқ құбылыс десек, артық айтқандық емес. Оның кемеңгерлік болмысы мен қайраткерлік қасиетін танып-білу біреу жылдың ішінде біте қалар жеңіл іс емес. Оған тек ұзақ жылдарға созылған көшелі ізденістер нәтижесінде ғана қол жеткізуге болады. Адам ғұмыры ғалам дамуының уақыт өлшемімен салыстырғанда тым қысқа, сәттік қана болып көрінгенімен, ол жасаған тіршілігінің мәні арқылы өз кезеңі ғана емес, мәңгілікке жол тартар рухани мүмкіндіктерге ие. Ұлының ұлылығы – соны сезіне біліп, пәни жалғанның аз күндік алдамшы қызығына айланып қалмай, ертеңгінің керегіне қарекет жасау. Бірақ жер басып жүрген пенденің бәріне ұлыға айналуды тағдыр жазбаған. Сондықтан да бүтіндей ұлт табынар рухқа айналған жандар тым сирек. Иә, Ахметтей адамзаттық ойдың алыбын енді танып, кемел ілімінің кеніне енді ғана кенеліп жатырмыз.

Мақаланы жазу барысында мен білмейтін қаншама ақынның әрбір айтылған сөзі тұнып тұрған тәрбие екеніне көзім жетті.

Қазақ халқы үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан аяулы азаматтың артында қалған мұралары қазіргі егемен еліміздің жас ұрпағына қоғамдық тәрбие беруде айрықша мән-маңызға ие екені сөзсіз. Қазақ жазушы-педагогтарының, соның ішінде Ахметтің шығармашылығындағы халықтық идеяның мәні — ана тілін, ата тарихын, ұлттық мәдениетін, халқының ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, туған өлке табиғаты мен географиясын жүйелі оқытуға баса назар аударып, оларды жас ұрпаққа қоғамдық тәрбие берудің негізі екендігін дәлелдеуінде деп түсінеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 "Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6
- 2 Дулатов М. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов (библиографический очерк) // Труды Общества изучения Киргизского края. - Оренбург.-1922.- Вып. 3.-С. 15-22; Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы (юбилей). // Ақ жол: Жалын.-1991.-17 б; Шонанов Т. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы. // Ұлттық рухтың ұлы тіні. -Алматы: Ғылым.-1999.- 39 б; Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды. // Ұлттық рухтың ұлы тіні. - Алматы: Ғылым.-1999.- 67б.
- 3 Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. "Алматыкітап баспасы", 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
- 4 <https://all.aikyn.kz/>

ӘОЖ 81.23; 81.42

Копбаева Жанар Сәулебековна

*филология ғылымдарының кандидаты
Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы
әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы
Алматы қ. Қазақстан*

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ МӘТІН ТАБИҒАТЫ

Аннотация

*Бұл мақалада мәтін табиғаты мәселесі қозғалған. Мәтіннің негізін құраушы сөз, оның қасиеті туралы А. Байтұрсынұлының пікірлері нақты назарға алына отырып, оның мәтін теориясының негізін салушы ретіндегі көзқарастары да қарастырылады. Мәтін, оның лингвистикалық және психолингвистикалық түрлері сөз етіледі. Бүгінгі таңдағы жаңа бағыт – мәтін психолингвистикасы жайлы да орыс ғалымдарының зерттеулеріне сілтеме жасай отырып, жан-жақты зерделенеді. Мәтіндердің ерекшелігіне назар аударылып, салыстырмалы талдау жасалады. **Түйінді сөздер:** мәтін, мәтін теориясы, мәтін психолингвистикасы, лингвистика, сөз, сөздің қасиеті.*

Аннотация

В этой статье рассматривается проблема формирования текста. Основная структура текста, его свойства, исследуются с учетом взглядов А.Байтұрсынұлы как основоположника теории текста. Осуществляется анализ текстов по работам

А. Байтұрсынұлы, их лингвистическая и психолингвистическая составляющие. Современное направление - психолингвистика текста - также подробно рассматривается с привязкой к исследованиям российских ученых. Автор также останавливается на казахских текстах, обращает внимание на особенности этих текстов и сопоставляет их отличия от других языков.

Ключевые слова: *текст, теория текста, психолингвистика текста, лингвистика, казахские тексты, слово, свойства словаря.*

Annotation

This article deals with the problem of text formation. The basic structure of the text, its properties are studied taking into account the views of A.Baitursynuly as the founder of the text theory. The analyses of texts are based on the works of A.Baitursynuly, their linguistic and psycholinguistic components are considered. The contemporary trajectory - psycholinguistics of the text - is also studied in details with reference to the researches of Russian scientists. The author also dwells on the Kazakh texts, draws

attention to the features of these texts and compares their differences from other languages.

Keywords: *text, text theory, text psycholinguistics, linguistics, Kazakh texts, word, dictionary properties.*

Халықтың данышпан әрі кеменгер ұстазы, қазақ ғылымының көшбасшысы, кеменгер ойшылы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің маңызы бүгінгі күні тіпті ерекше. Өйткені қазақ тіл білімі ғылымы негізін салып, оның әр салалары терминдерін қалыптастырған. Ол ХХ ғасырдың басында қалың қазақ халқы ұйықтап жатқан, сауаты толық ашылмаған кезден-ақ «ғылымға» ден қойған, «ғылым» сөзінің мән-мағынасын терең ұққан. Өз еңбегінде ғылым, оның құдіреті туралы: «Осы замандағы жан таңқаларлық нәрсенің бәрі ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызып, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүниенің бір шеті мен бір шетінен шапшаң хабар алғызып, тұрған – ғылым, отарба, откемелерді жүргізген – ғылым», - деп [2,54 б.], ғылымның болашақта керек екендігін, жаңалықтың, соңғы технология мен өнертабыстың іргетасы екендігін көрегендікпен ұрпақтарына айтып, жазып кеткен. Сондықтан да А. Байтұрсынұлының дара жолы, сүбелі еңбегі қазіргі таңға дейін өзекті. Ғалымның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» оқулығы – қазақ тіл білімінің сан салалы тарауларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған еңбегі. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігіне, нақтылығына ХХІ ғасырға дейін тілдік терминдерін қолданып жүруіміз соның дәлелі.

Жалпы, мәтін сөйлемдер тізбегінен түзілген болса, әр сөйлем сөз, сөз тіркесінен құралатыны бәрімізге белгілі. Мәтін негізі ең кішкентай бөлшек сөзден құралатын болғандықтан, ғалым осы сөздің өзін қара сөз бен дарынды сөз деп екіге бөледі. «Қара сөз бен дарынды сөздің арасындағы парық жұмсалатын орнына, қызметіне қарай былайша айырылады: дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады», - деп түсіндіреді [2,50 б.]. Бұл жерде автор қарапайым «қара сөз» тек бір ұғымды, заттың атауын бере алатындығын меңзейді. Ал «дарынды сөз» деп отырғаны түрленіп басқа сөздермен өзара қатынасқа түссе, сөз тіркесі, жай, құрмалас сөйлемдер құрамында келетіндігін айтады. Тұтас мәтін ретінде оқып отырған оқырманға ой салып, оған белгілі бір дәрежеде ықпал ететіндігін, оны одан әрі дамыта алатын құдіреттілігін ұғындырады. Яғни әдеби, көркем тілмен өрнектелген шығармаларды нұсқайды.

Одан әрі осы дарынды сөздердің мәтін ішінде мың құбылып, адам жанына әсер етіп, оның сан түрлі эмоциясын тудыруға да жәрдемші болатынына мына пікірлері нақты дәлел болады деп айта аламыз: «Сөзді көркем түрінде айтқан, күш, көбінесе, қиялмен қиыс (түйіс) жағынан салынып, сүгіреті толық, мерген, қисыны қызық болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді... Сөз ақылға қонады, шындығымен, көңілге ұнайды, өңі үйлестігімен, өң үлесуін жарастық, келістік дейміз... [2,50 б.].

Демек, көркем сөз, олардың белгілі бір сөздермен тіркесі, жай, құрмалас сөйлемдер құрамында келіп, тұтас бір оқиғаны суреттеуі мәтін түзуге әкелетіні сөзсіз. «Мәтін» атауы сол ХХ ғасырдың аяғынан бастап пайдаланыла бастады. Бұл туралы Г.Қосымова «А.Байтұрсынұлы – мәтін теориясының негізін салушы» атты мақаласында: «А.Байтұрсынұлы мәтінді ХХ ғасырдың басында «шығарма сөз» деп атады да, оның адамтанудағы, сөз танудағы, адамдардың тілдік қарым-қатынасындағы маңызын жан-жақты мәселе етіп көтерді», - деп, ғалымның еңбегін нақты көрсетеді [3,62 б.] әрі А.Байтұрсынұлы –мәтін теориясының негізін салушы», - деп нақты тұжырымын жасайды [3,65 б.].

Мәтін лингвистикасы қазіргі таңда ғалымдар тарапынан біршама зерттеліп, оның біраз қырлары жан-жақты ашылды. ХХІ ғасырдың аяғында мәтінді зерттеудің антропоөзектік, танымдық, лингвориторикалық, психолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық бағытта зерделеу қолға алынды.

Көркем мәтіндер әртүрлі болуына байланысты оларға біржақты мінездеме беру – өте күрделі мәселе. Мысалы, ғылыми мәтіндерде белгілі бір теорияның қорытындысы, анықтамасы берілсе, көркем мәтіндер түйсік пен эмоцияның көмегі арқылы адамның сезіміне әсер етуге бағытталады. Көркем әдеби шығарманың мазмұны өнер әлемін танып қоюмен ғана шектелмейді, сонымен бірге, ішкі жан дүниенің сарайына, сезім әлеміне өзгерістер енгізіп, қабылданған ақпарат ми жадында сарапталады. Жалпы, адамзат жаратылғаннан бері өзін-өзі тануға деген талпынысы толастаған емес. Адам баласында болатын табиғи, биологиялық, физикалық, психологиялық, сезімдік құбылыстарды әр ғылым өз саласы бойынша зерттейді. Соның ішінде әдебиет «адамтану» ғылымы деп есептеліп, адамзаттың «сүю, күйеу үшін, азап шегу үшін жаралған» [4,192 б.] жұмбаққа толы әлемін жан-жақты зерттейтін пән ретінде танылды.

Қазіргі қазақ тілінде адамның сөйлеу әрекетін, оның механизмін зерттейтін психолингвистика саласы дамып келе жатыр. Оның қарлығашы ретінде алғашқы зерттеу еңбектері де жарыққа шығып үлгерді. Соның ішінде мәтін психолингвистикасы – қазақ тіл білімінде әлі де толықтай, жан-жақты зерделеуді қажет ететін тың сала.

Көркем мәтін дәлдігі – адамның ішкі әлемін, құпия-қалтарыстарын нақты бейнелеуінде. Демек, кейіпкердің ішкі және рухани дүниесін, іс-әрекетінің себеп-салдарын көркемдік тұрғыда зерделей зерттеп, жан-жақты тілдік талдаулар жасағанда ғана мәтінді психолингвистикалық тұрғыдан бағалауға болады. Психолингвистикадағы мәтін жай ғана сигнал емес, ол сегменттеуге келетін, әр сезім мүшелеріне тікелей әсер ете алатын күрделі факторлар жиынтығынан құралады. Себебі мәтін – тілдегі ең негізгі, әрі көп компонентті құрылым. Ондағы психолингвистикалық зерттеулер адамның сөйлеу механизмінің құрылысы мен әрекетіне белгілі бір мөлшерде физиологиялық және тілдік тұрғыда талдаулар жасай алады. Сөйлеу кезіндегі артикуляциялық мүшелердің қызметі үдерісіндегі функционалды жүйені бақылайды.

Психологиялық және лингвистикалық мәселелер жөніндегі ойлар мен талдаулардың мүмкіндігі, ғылыми тұрғыда жүргізілген зерттеу тәжірибелерінің нәтижесі көркем мәтінді қабылдауға, сезінуге, түсінуге, сондай-ақ сөйлеу жүйесінің теориялық негізде қалыптасқандығын көрсетті. Алайда, бұл ғылым саласының тарихы XIX-XX ғасырлардың аяғына дейін Одақ көлемі мен шет елдерде ғана арнайы зерттеліп, келелі теориялық мәселелер мен әдіснамалық арналары жайында іргелі талдаулар жүргізіліп, көптеген еңбектер жарық көрді.

Орыс ғалымдары С.Ф.Занько мен Л.А.Андрееваның «Лингвистика и психолингвистика» [5,123 б.], А.А.Залевскаяның «Введение к психолингвистике» [6,85 б.], В.П.Беляниннің «Психолингвистические аспекты художественного текста» [7,98 б.], т.б. еңбектер жарық көре бастады. Аталған еңбектерде: мәтінді қабылдау, сезіну бір деңгейдегі үдеріс еместігі анықталды; мәтінді қабылдау негізінде сезімге берілген эмоционалды нәзік иірімдер қасиеті, терең ой, толғамдар сипаты мен сөйлеу жүйесінің элементтері көрініс тапты.

Мәтінді қабылдау арқылы оқырман өзінің парасаты мен эмоциялық жігерлі қасиеттерін дамытып, өзіндік эстетикалық, этикалық позицияларын айқындай түседі. Ойлауға, сезінуге, толғануға тән қасиеттерін жетілдіреді. Орыс тіл біліміндегі мәтіннің көркемдік айшықтарын психолингвистикалық аспектіде бағалауға көптеген ғылымдар еңбек сіңірді. Олар көркем мәтінді лингвистикалық және психологиялық тұрғысынан ғылыми түрде зерттеудің қажеттігін түсінді. Демек, психолингвистиканың негізгі міндеті – адамның сөйлеу механизмі құрылысы мен әрекетін белгілі бір мөлшердегі тіл құрылысының көзқарасы жағынан қарастыру. Сондай-ақ психолингвистикада қабылдаудың рецепторлық ережесіне сүйене отырып, сөйлеушінің қабылдауымен бірге, ақпараттың миға «құйылуын» бір жақты үдеріс ретінде қарастырған. Орыс ғалымдары рецепторлық теорияға тиісінше сөйлемнің қабылдануын, атап айтқанда, сөйлеуді қозғайтын сөздің, дыбыстың, буынның міндетін іске асыратын белсенді динамикалық үдеріс ретінде анықтаған.

Ал қазақ мәтіндерін зерттеп, қарастыру барысында қазақ халқының дүние-танымы, ой-өрісі, бар болмысы, менталитеті басқа халықтарға қарағанда мүлдем айырықша, өзгеше екендігі байқалды. Қазақ мәтіндерінде, көбінесе, басқа халықтарда көп кездесе бермейтін ерекше мейірімділік, жаны ашығыштық, жомарттық, қонақжайлылық, отбасылық жағдайларға, оның ішінде балаға, бауырға, туысқа қатысты күйзелістік эмоциялары басым. Мәтіннің оқырманға тигізер әсері мен қабылдау әрекетінің ерекшелігі де анықталды. Мәтіннің жағымды және жағымсыз түрлерін салыстырып, талдау барысында әр оқырман өзінің табиғи болмысына, мінез-құлқына, көңіл-күйіне сәйкес мәтіндерді таңдап, талғап оқитындығы байқалды. Жалпы, мәтіндерді қабылдау оқырманның жыныс ерекшелігіне де тікелей байланысты болады. Яғни ер адамдардың көбі қазіргі қоғамдық өмірмен тығыз байланыстағы мәтіндерді ұнатса, ал әйелдер тобы көбіне, эмоцияға, сезімге әсер ететін шығармаларды таңдайтындығы мәлім болды. Бұл жөнінде орыс ғалымы В.П.Белянин де кезінде өз еңбегінде айтып кеткен болатын [7,117 б.].

Оқырман түрлі мәтіндерді оқып танысқанда, қилы психологиялық өзгерістерге түседі. Ендеше, шығарма тілін жете қабылдауда, бағалауда оның жанрлық ерекшелігі де әсер етеді. Көркем мәтіндер өмірде өте көп нұсқада әрі жиі жұмсалады. Олардың ғылыми мәтіндермен салыстырғанда қолдану өрісі мол екендігі де шындық.

Ал көркем мәтінді психологиялық қырынан бағалаудың ерекшелігі ондағы корреляциялық элементтердің көрінісі мен жеке автордың түсінігі өзара тығыз байланыста алынып қарастырылады.

Сонымен қатар көркем мәтіннің тілдік табиғаты автордың жеке таным-түсінігіне айналады. Бұл жөнінде Г.О.Винокур мынандай ұйғарымдар жасайды, яғни көркем мәтіндегі автордың өзіндік тұлғасын қайта қарау мүмкіндігін тілдік талдаулар көмегімен жазушы тілін зерттеу мақсатында, оның «ішкі әлемін» («внутренний мир»), «жан дүниесін» тануға болады. Ғалымның пікірінше, бұл мүмкіндікті мәтін тілін тыңдаушы немесе оқырман терең түсініп қана қоймайды, оны қабылдауға, сезінуге болатындығын түсінеді. Тіпті, ертеректе, XX ғасырдың ортасында Г.О.Винокур мәтін жүйесіндегі жеке пікірлерден, монолог тәрізді ішкі сезім толғаныстарынан жазушының жан жүйесіндегі сан алуан қалыпқа түскен мінез жұмбағын шешуге, яғни мәтіндегі сөздің қандай түрде, қуанышты немесе қайғылы халде тұрғандығын сезуге болатындығын айтқан еді. Оның жеке басының қасиеті сол мәтінде сезімге беріліп жырлауда немесе немқұрайды баяндауда байқалады. Бұл көріністер түрлі типтегі мәтін құрылысынан орын табады.

Мәтіндегі таным-түйсік жүйелі түрде орталық жүйке-жүйеге, ми орталықтарына тікелей бағынышты. Көркем шығармада болатын сезім толғаныстары бүкіл денені билеп, адам кейпін ерекше әсерге бөлейді. Барша дене қызметінің басын бір сәтте біріктірумен сезім өздігінен ағзаға пайдалы не зиянды әсердің хабаршы қызметін атқарады. Сезімдік сигнал ықпалы дененің жауап әрекеті айқындалмай жатып та санаға жетуі мүмкін. Сезім әсерінен адамның ішке тән қызметтері, қан айналымы, дем алысы, ас қорыту, ішкі және сыртқы секреция бездері өзгеріске түседі.

Ғалым Г.Қосымова: «Мәтін автор тарапынан дүниеге келеді, ол оқырман тарапынан қабылданады. Танымдық бағытта мәтін автор мен болмыстың қатынасын, ойдың иесі тарапынан болмыстың анықталуының, танылуының және ұғым-түсінік пен мағынаға ие болуының жолы ретінде бағаланады. Мұнда автор болмыстағы құбылысты мәселе тұрғысынан танып, шығармашылық әрекеттің нәтижесінде біртұтас мазмұнды жеткізетін аяқталған етіп шығарады», - десе [3,62 б.], автор тарапынан да мәтін – адамдардың қоғамдық-коммуникативтік әрекетінің, олардың арасындағы түсінісудің ерекше құралы. Мәтіннің өз қызметінде жеке адамдар арасындағы қатынас, сөйлеу және ойлау әрекетінің нәтижесінде алмасу құралы ретінде көрінетіндігі айтылады.

Психоллингвистикалық тұрғыда мәтінді сезуге, тануға, көкейде қорытуға жіті назар, рухани дайындық, парасат, көңілдің өткір жанары керек. Оны ойлау, түйсіну, пайымдау типтерінің бірі деуге келеді. Демек, адам іс-әрекетіне, ой-арманына, дүниеге көзқарасына жан-жақты талдау жасап, пікір түйге бейімделу, соны қаламмен жеткізу үшін тек қана тіршілік тәжірибесі ғана емес, зор білім, интеллект, теориялық-сана құдіреті сияқты сан алуан қасиеттердің тұтас жиынтығы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы /Ахмет Байтұрсынов/. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1998. -416 б.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағдымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
- 3 А.Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. «Елтаным» баспасы, 2017. - 396 б.
- 4 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. IV том. Психология. – Алматы: Ғылым, 1998. -448 с.
- 5 Занько С.Ф., Л.А.Андреева. Лингвистика и психоллингвистика. – Казань:1972. - 39 с.
- 6 Залевская А.А. Введение к психоллингвистике. –Москва: Рос.гос.гум.унив., 2000. -287 с.
- 7 Белянин В.П. Психоллингвистические аспекты художественного текста. – Москва: Московский университет, 1988. - 218 с.

ӘОЖ 81-11

*Коржумбаева Сауле Муратовна,
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
«Шиен ауылындағы ОМ Қоғамшыл бастауыш мектебі
және мектеп жанындағы интернатымен» КММ
Алматы облысы Жамбыл ауданы*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ

Аннотация

*Мақалада жаңа өмірдің бастауына негіз қалаған, тәуелсіз ел болудың алғы шарттарына қадам жасаған адамды «тәуелсіздік жаршысы» деп атауымызға әбден болады. Қазақтың мұң - мұқтажын ойлап, қай салада болмасын еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің еңбегі ұшан- теңіз. Сондай жандардың бірі – Ахмет Байтұрсынов. Жалпы Ахмет кім деген сауалдарға жауап беріледі.
Түйінді сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, Тәуелсіздік, білім, насихат.*

Аннотация

*В статье можно по праву назвать «вестником независимости» человека, заложившего основы новой жизни, задавшего предпосылки для становления независимой страны. Неоценим труд активистов Алаш, работавших в любой сфере на благо казахского народа. Один из них – Ахмет Байтұрсынов. В общем, на вопросы, кто такой Ахмед, будут даны ответы.
Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынов, Независимость, образование, назидание.*

Annotation

*In the article, one can rightly call a person who laid the foundations of a new life, who set the prerequisites for the formation of an independent country, a “herald of independence”. The work of Alash activists who worked in any field for the benefit of the Kazakh people is invaluable. One of them is Akhmet Baitursynov. In general, questions about who Ahmed is will be answered.
Key words: Akhmet Baitursynov, Independence, education, edification.*

Жаңа өмірдің бастауына негіз қалаған, тәуелсіз ел болудың алғы шарттарына қадам жасаған адамды «тәуелсіздік жаршысы» деп атауымызға әбден болады. Қазақтың мұң - мұқтажын ойлап, қай салада болмасын еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің еңбегі ұшан- теңіз. Сондай жандардың бірі- Ахмет Байтұрсынов. Жалпы Ахмет кім деген сауалдарға жауап беретін болсақ...

Біріншіден, ол қазақтың ақыны. Жай ақын емес, өз заманында халықтың арман- тілегін, мұң- мұқтажын жүрегімен сезген ақын. « Азап шекті тән-жаным, қарап жақын- жақынды» деп айналасында болып жатқан жәйларға бейжай қарамаған, «Сықылды сынық бұтақ төмендесе, кім жұлмас оңайдағы жемісінді», « Талауда малың, қамауда жаның, Аш көзінді оянып» деп ақын патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатынан қауіптенеді. «Қашан жанып шам-шырақ, Сәуле беріп жарқырап, Болар жарық төрт тарап» деп халқын білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырды.

Ал, аудармашы ретінде де қай шығарманы аударса да, оның өзектілігіне мән берді. Тәуелсіз ел болудың алғышарттарын өлең жолдарынан көрсете білді. «Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей, істеген ынтымақсыз ісің онбас» деп елдің береке- бірлігін ойлады. «Аққу, шортан һәм шаяндайдай» болмаңдар деп үн қатады.

Екіншіден, Ахметті әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог ретінде танымыз. Тәуелсіз елдің негізін қалау үшін Ахмет сол кезде -ақ білім саласын қолға алу керектігін айқын сезінді. Әр ұлттың өзіндік тіл білімі мен әдебиеті ғылыми түрде зерттелген, халыққа қызмет ететін ғылым болу керек екенін білді. Соның дәлелі ретінде «Тіл-құрал» кітабы , қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының негізі болды. Ол қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазды. Ал «Әдебиет танытқыш» еңбегінде көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер жасады. Бүгінде тәуелсіз Қазақстанның мектептері мен жоғары оқу орындарында, филология факультеттерінде бұл

оқулықтармен дәрістер өтуде. Міне, Ахмет еңбектерінің маңызы зор екенін осыдан аңғаруға болады.

Үшіншіден, Ахмет қоғам қайраткері, публицист ретінде де танымал тұлға екенін білеміз. Ол өмірінің қиын-қыстау кезінде де өзінің алдына қойған мақсат- мұраттарынан айнымады. 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап халыққа жол тартқан «Қазақ» газетінде Ахметтің ерен еңбегі жатыр. Ахмет газеттің бас редакторы болып жүріп, басын қауіп - қатерге тігіп, 1918 жылға дейін газеттің 266 санын шығарып үлгеріпті. Ол газетті «халықтың көзі, құлағы һәм тіліне» айналдырып, жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналдыруа үлкен үлес қосты. Сол кездегі қазақ зиялыларына төнген қауіп- қатерден басын алып қашпады.

Рас, Ахметтің кім екенін, оның мұрасы туралы жоғары және орта буын өкілдері жақсы хабардармыз. Алайда, Ахметтің, яғни Алаш арыстарының шығармалары мектеп қабырғасында қалай оқытылып жатыр деген сұраққа жауап беру үшін, мен қарапайым мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің ұстазы ретінде жауап беретін болсам: 5-сыныптың оқу бағдарламасы негізіне сүйеніп Ахметтің «Адамдық диқаншысы», «Егіннің бастары» атты өлеңдері ғана оқытылады. Одан кейінгі сыныптарда мүлдем Ахмет өмірі мен шығармашылығы туралы ақпараттар берілмеген. Бұл жаңартылған оқу бағдарламасының қазіргі «көрінісі» десек те болады.

1990 жылдары «Бес арысымыздың» шығармалары әдебиетіміздің төрінен орын алып, мектеп бағдарламасында, әсіресе жоғары сыныптардың оқу бағдарламасында кеңірек насихатталып, оқушыларымыздың бойынан ұлтжандылықты, рухани құндылықтарымызды дарытудың өзі үлкен мәртебе болатын. Әсіресе, ақыл-ойы толысқан ақ пен қараны ажырата алатын шақтарда, тарих беттеріне шолу жасай алатын кездерінде Ахметтің шығармашылығы мен азаматтық болмысын таныту ұстаз үшін үлкен міндет болатын. Бүгін де осы міндет күн тәртібінен түспесе екен дейміз. Сондықтан да оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізіп Алаш арыстарының, соның ішінде Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларын жоғары сыныптарға қайтадан енгізу керек деп есептеймін.

Әрине «Заманына қарай адамы» демекші, бүгінгі жас ұрпаққа көркем шығарманы оқыту барысында әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, әдебиеттің қайнар көзіне айналған Ахметтің төл әдебиетіміз бен қазақ тілінің грамматикасына қосқан еңбектерін саралайтын кез келді.

Қазір жастар тарихын, әдебиеттің жақсы білмейді деп жатамыз. Әрине мектеп қабырғасында олардың шығармалары толықтай насихатталмай жатса, оларға қалай кінә қоямыз?

Бүгінде оқу бағдарламасында көрсетілгендей сабақ мақсаттарына жетеміз деп бір ақынның, не жазушының шығармасын «сағызша созып» өтіп жатқан жайымыз бар. Мысалы 9-сыныптың қазақ әдебиетін оқыту барысында 4-тоқсан бойы Н. Айтұлының «Бәйтерек» поэмасына 12 сағат және Қ. Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романын 12 сағат оқытып, тоқсанды аяқтаймыз. Шығарманың сюжетін жаз, автордың стилін анықта, психологизмді көрсет деген сияқты т.б. тапсырмалармен бір тақырыптың төңірегінде отырмыз. Алдымызда отырған шәкірттеріміздің бәрі әдебиет зерттеушісі болып шықпайды ғой?.. Болашақта ақын- жазушылардың сол шығармасы арқылы не айтпақ болды, жалпы толық мазмұнын идеясын ажырата білсек, әрі оқытылатын шығармалардың санын көбейтсек, міне сонда ғана оқушымыздың тілдік өрісі кеңір еді. Сондықтан да осы бағдарламаларға сәл өзгеріс енгізіп, әдеби шығармаларды көбірек оқытсақ, әдебиеттің дамуы кезеңі мен тарихи сәтін ескере отырып жүйелеп оқытса дейміз.

Рас, қазақ әдебиеті өте бай, ақын- жазушыларымыз да көп дейміз. Олардың шығармаларын түгел мектеп бағдарламасына сыйғызу мүмкін емес деп «уәж» айтылатын шығар. Алайда, Ахмет Байтұрсыновтың мұрасы туралы «жақ ашпау» (5-сынып оқушысына Ахметтің ақындығы туралы аз да болса айтылған күннің өзінде) елдігімізге сын емес пе?

Иә, жалпы Ахмет Байтұрсынов қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуына өзінің бар саналы ғұмырын арнады. Сонымен қатар, еліне адал қызмет етудің үлгісін көрсете білді.

«Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар, құлағын біреу салмас, біреу салар» деп немесе «Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар, солардан аз да болса белгі қалар» деп ақын Ахмет өз ісіне қанағат етсе, балаларға «Даналық-өшпес жарық, кетпес байлық, жүріңдер іздеп тауып алалық та!» деп ұрпағына жол сілтейді. Ендеше, ақынның салып беріп кеткен дана жолын оның мұрасынан табайық, білім мен ғылымды меңгерген Ахметтей тұлғамызды дәріптей білейік!

ӘОЖ 398.9

Қасымова Айжан Тойбекқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
№59 мектеп-гимназиясы
Алматы қаласы

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ-БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТТАРЫ

Аннотация

Мақалада жырдың барлық нұсқаларына ортақ нәрсе: эпос қаһармандарының іс-әрекеттері және әрбір эпизодтарындағы оқиганың баяндалу жағынан бір – біріне ұқсас нұсқалар салыстырылып айқындалады. Жырдағы жер-су атаулары Қазақстан территориясындағы ата-бабаларымыздың ерте кездері мекендеген тарихынан мәлімет береді. Мысалы, Ертіс, Нұра, Алатау, Қаратау, Семей т.т. елді-мекен аталатын Ташкент сияқты атаулар біздің қазақ халқының о баста тұрақты мекені болғандығын білдіреді. Мақалада жер-су атауларын тілдік тұрғыдан зерттеу кең ұғымды қамтиды. Қазақ халқының Ұлы кемеңгер жазушысы М. Әуезовтың «Кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» – дегендей кез келген топонимдік атаулар көне заманның ізі, көненің көзі болатынын көпшілік біледі, бірақ оны терең мәнде, тілдік, тарихи тұрғыдан түсінудің жөні бөлек.

Түйін сөздер: Ертіс, Нұра, Алатау, Қаратау, Семей, Ташкент.

Аннотация

В статье были определены различия между вариантами эпоса «Козы Көрпеш – Баян сулу» на основе сопоставительного анализа этих произведений. Вместе с тем было выявлено общие особенности для всех вариантов: действия персонажей одинаковые эпоса и единый стиль повествования каждого эпизода дастана. Топонимические название в этом эпосе свидетельствуют об истории наших предков, которые являются аборигенаты территории Казахстана. Например, такие топонимы какими являются Иртыш, Нура, Алатау, Каратау, Семей, Ташкент и т.д., свидетельствуют, о том, что эти местности были постоянными пунктами казахского народа. В статье исследование топонимов в данном эпическом дастане охватывает обширные понятия. Великий писатель М.Ауэзов сказал: «Даже в название маленького родника скрывает в себе множество смыслов и не разгаданную тайну». Поэтому общество знает, что топонимы являются памятниками древности, ценными источниками сведения об истории, но понимание их с позиции лингвистического, исторического изучения имеет особенно важное значение.

Ключевые слова: Иртыш, Нура, Алатау, Каратау, Семей, Ташкент.

Annotation

This article versions of epic “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” were defined on basis of comparison they analyzed that work with it was displayed general peculiarities for all versions the action of character similar epic and single style narration of everyone’s epic dastan. Toponomic names in this epos literature are evidence of the history of our ancestors, who are aboriginals of the territory of Kazakhstan. For example, the toponimies suek as Irtysh, Nura, Alatau, Karatau, femey, Tashkent and etc. are evidence of that these localities were constant regions of Kazakh nation. This article research toponims in this epic literal poem covers extensive concepts. The great writer M.Auezov told: “ Even in the name of a small spring hides in itself a set of senses and not solved secret”.

Key words: Irtysh, Nura, Alatau, Karatau, Cemey, Tashkent.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры эпос дәстүрімен жазылған аса ірі тілдік ерекшеліктер қатарына жатады. Әуел бастағы ортақ қазынаның иегері болған әлденеше түркі жұрттары: алтайлықтар, ұйғырлар, башқұрттар, татарлар, қазақтар бұл сюжетті өздерінше жырлап, өзінің ауызекі тіл өнерінің шама-шарқына сәйкес көпшілік игілігіне жаратты. Бұл сюжеттен халықтардың тым ертедегі мифологиялық мазмұндаудың стильдік көріністері, алтайлықтардың ауыз әдебиетінде батырлық эпос болып қалыптасса, башқұрттар оны ертегі деп таниды, ал қазақ халқы үшін бұл лиро-эпос жыры.

Эпостың тіліне қарап, пәлендей бір ру - тайпаның өзіндік оқшау тіл жүйесін айқындауға болмайды. Ал жырдың ішінде келетін белгілі бір географиялық ұғымдардың атаулары мен этнонимиялық немесе тіпті этногениялық терминдер ешуақыт жырдың нақты қай жерде қалыптасқанын білдіре алмайды. Өйткені, өнердің эпос тәрізді классикалық туындысын нақты бір аймақта белгілі бір айтушының сөз саптауымен эстетикалық тұтастықтағы дүние болып туа салмайды. Талай замандар мен тарихи аңыздардың сүзіндісі болатын эпос ең жалпыланған образдар жүйесін тіл қорының ең сүбелі қазыналарына негізделетін, синтезделген туынды ретінде халықтардың мәдениет тарихынан орын алды.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырындағы жер-су атауларын тілдік тұрғыдан зерттеу кең ұғымды қамтиды. Қазақ халқының Ұлы кемеңгер жазушысы М. Әуезовтың «Кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән – мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» - дегендей кез келген топонимдік атаулар көне заманның ізі, көненің көзі болатынын көпшілік біледі, бірақ оны терең мәнде, тарихи тұрғыдан түсінудің жөні бөлек.

Г.Н.Потанин қазақтың «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын өте жоғары бағалап, мейлінше әділ пікір білдірген. «Орынбор мен Зайсанға дейінгі кеңістікті алып жатқан ұлан байтақ дала - түгелдей білетін сүйікті хикая, қазақ эпикасының ұшар биігі» - деген [1,12].

Адам, ру, тайпа, халық, жалпы қоғам бар жерде атау бар. Орхон – жазуларында Ертіс өзенінің ғана аты бар. Жер – су атаулары тіл ғылымының – топонимика саласына жатады. Топонимика ғылымы – тіл білімінің лексикалық саласына тиісті, өте күрделі, әрі тартысты саласының бірі. Тартысты болатыны ол – тарих, география, этнография, лингвистика салаларына теңдей қатысы бар.

Лексикалогияның біршама кеш дамыған саласы болып саналатын топонимика толық зерттеле түскен сайын, сол лексика жаңа деректермен, теориялармен толығырақ түседі. Топонимдерге тілдік талдау жасау, сонымен бірге, атаулардың бір тілден екінші тілге ауысуын анықтау, көнерген сөздердің этимологиясын айқындау сияқты тәжірибелік мәнге де ие.

Сонымен, топоним семантикасында сөйлемдік (адрестік) - экстралингвистикалық (тарихи, географиялық деректер) және идеологиялық бағыты сияқты аспектілер тұтасқан күйде жатады. Топонимдерді лексика-семантикалық тұрғыдан топтастырғанда, осы ерекшеліктерді де қамтуға әрекет жасадық.

Жырдағы жер – су атаулары Қазақстан территориясындағы ата – бабаларымыздың ерте кездері мекендеген тарихынан мәлімет береді. Мысалы, Ертіс, Нұра, Алатау, Қаратау, Семей т.т. елді – мекен аталатын Ташкент сияқты атаулар біздің қазақ халқының о баста тұрақты мекені болғандығын білдіреді. Топонимист ғалымдардың дәуірлерлеуіне байланысты қарастырғанда көне дәуірге Ертіс, Нұра жаңа дәуір атауларына Алатау, Қаратау т.б. атаулар жатса, кірме атауларға Семей сияқты атаулар жатады. Сондықтан біз әрбір атауларға тілдік тұрғыдан талдау жасап, сөздердің этимологиясына да көңіл бөлдік. Себебі, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпостық жыры мектеп бағдарламасында оқытылатын болғандықтан әдеби саланы тілдік саламен байланыстыру өте маңызды деп ойлаймыз.

Ы.Дүйсенбаевтың айрықша тоқталып, жан-жақты талдаған көркем де көлемді нұсқасы М.Әуезовтың 1936 жылы жариялаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры. Бұл нұсқа 1939 жылы жарық көрген «Батырлар жыры» жинағының 1-томында енгізілген. Сол кезде баспа бетін көріп, жұртшылыққа кеңінен белгілі, Бейсембай жыршының аузынан ұғып алып, Жанак ақын айтты дейтін осы нұсқаның «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына байланысты басқа нұсқалардан өзгешеліктері, жыршы тарапынан жаңадан қосылған толықтырулар туралы М.Әуезов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» атты зерттеуінде: «Жырдың басында Сыбанбай, Жанак, Бекбау сияқты айтушылардың аты көрсетіледі. Бұлар Қарабай мен Сарыбайдың көшіп келген елі Балталы деп жырлайды. Балталының биі Тайлақты дәріптейді.

Қозының жұрты да Балталы болып шығады. Жер-су, адам, ел аттарын жырау мүлдем жаңартып алады. Мәселен: Семей, Лепсі, Ұржар дейтін сөздер беріде шыққан ұғымдар. Қозы Көрпешті мұратына жеткізіп қою айтушының тілегінен туған өзгеріс сияқты. Бірақ, біз Жанак нұсқасының бұл жерінің бәрі де болған өзгеріс дейміз. Жырдың ең қызығы, әсерлі жері оның алғашқы бағытының сақталуында болуға тиіс» □2,237-238□, - деп түпнұсқаға енген біршама өзгерістерді атап

көрсетіп, бұлардың жыр сюжетіне ешқандай зиян тигізбегендігін айтады.

Балталы. Жырда кездесетін жердің аты. «Балталы, балты» көне монғол сөзі демек, көне түркі элементін білдіреді.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында Қарабайдың асырап алған Ай, Таңсық атты қыздарының ел көшердегі туған жерді қимай қоштасқан толғауы жырдағы ең бір көркем, әрі әсерлі жолдарындағы тіл білімінің топонимикасына қатысты деректерді береді.

Балталы, Бағаналы ел, аман бол,
Бақалы, балдырғанды көл, аман бол.
Тайлақтың енді аман бол қалған елі,
Аман бол қалың ағаш аққан селі.
Теруші ем еріккенде ермек етіп,
Екпе жиде, алма ағаш көлеңкелі.
Сегізсай тау біткен-ді сала, аман бол,
Халайық, қалған елдің шалы, аман бол!
Қарабай қайын атаң сенен қашты, –
Жөргекте Қозы Көрпеш, бала, аман бол!
Ұзын өлке, жота мен төбе, аман бол! □3,54□.

Ы.Дүйсенбаев аталған жырдың туған мерзімі мен шығу тегін, жанрлық белгілерін сипаттағанда, бұлардың туу мерзімін анықтаудың қиындығын айтады. Ол сөз болып отырған жырдың мейлінше көне замандарда туғанын айтса да, оның дәуір талабына орай көп өңделе өзгеріп, жетіліп отырғанын атап көрсетеді. Зерттеуші осы орайда: «Лиро-эпос жырларының қай мезгілде пайда болғанын кесіп айту өте қиын. Өйткені, олар кезінде қағаз бетіне түспеген және басқа да жөнді дерек сақталмаған, тек ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтумен жетіп отырған. Мүмкін, бұл нұсқалардың көпшілігі көне заманда туып тарала бастады десек те, халық арасына жайылған аңызға қарағанда, сол жырлардың бірқатарын XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген атақты ақын-жыраулардың ел аралап айтып жүргені, өңдеп жөндегені мәлім. Қалайда олардың туып, дамып, сан түрлі өзгерістен өтіп, бізге келіп жеткеніне дейін талай замандар бастан кешірген болу керек», - дейді □3,9□.

Бұл жерде зерттеуші «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын бірнеше аспектіде алып қарастырған: 1. Шығуы мен таралуы. 2. Өзгеруі және бізге жеткен күйі. 3. Жыршылардың рөлі. 4. Жырдың тууын сөз ете отырып, жалпы лиро-эпос жанрының пайда болуы мен қалыптасу жолдарын да айтады. Осы орайда ол жыр ең алғаш ертегі, аңыз түрінде болған дейді. Оның бұл пікірі кейінгі жылдардағы зерттеулерде қолдау тапқанын көреміз. Жырдың әуел бастағы сюжеті аңызға, одан ертегіге, кейін эпосқа айналғанын Ә.Марғұлан, М.Жолдасбеков пен С.Қасқабасовтар да айтады [4,75].

Бұл ғалымдар алғашқы түпкі сюжеттің қай мезгілде пайда болғанын анықтауға да күш салған. Мәселен, Ә.Марғұлан Аягөздегі күмбез бен жыр мазмұнын негізге ала отырып, түпкі сюжет өте ертеде, біздің заманымыздан бұрын, шамамен II-III ғасырларда пайда болған сияқты дейді. Ал енді, М.Жолдасбеков пен С.Қасқабасов алғашқы сюжет Түркі қағанаты заманында туды деген болжам айтады. Біздің ойымызша, кейінгі ғылыми зерттеулерге қарағанда екінші пікір шындыққа жакын тәрізді [5,32].

Алатау, Қаратау. Қазақ орографиялық терминологиясында таудың түр – түсін көрсететін арнайы атау – терминдер бар: Алатау, қаратау, қотыртау, мейізек тау, қалба тау, шыңғыстай тау, шырыш тау, жылы тау, құзтау. Бұндай көрініс қазақ орография терминологиясы жүйесінің бай және күрделі екенін дәлелдей түседі.

Қазақтар «Алатау» деп басында мәңгі мұзы басында мұз бен қар жататын, алыстан, ала болып көрінетін «құрғақ» таулар. Алатау және Қаратау терминдерінің типологиялық мәні бары байқалады, бұл терминдер бір ғана жеке тауды атамай, таулардың типологиялық бір түрін атау үшін қолданылады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында:

Алатауды жағалап ар жағымен,
Іле басы Құлжаға тағы барды.

Алатау. (Алатау) - тау. Ала (сын есім)+тау (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Алатау аты биік заңғар тау Алматы облысында болса, кіші -гірім таулар Мұғалжар-Орал

тауларының сілемі, Ақтөбе облысында Ақтолағай тауы сілемдерінің аты ретінде де кездеседі.

Қазақ орографиялық терминалогиясында таудың түр-түсін көрсететін таудың баршылықты екендігін көрсетеді. Соның ішінде қазақтар «Алатау» деп басында мәңгі мұз бен қар жататын, алыстан ала болып көрінетін биік тауды атайды. Қаратау болса, ол Алатаудан аласа келеді, қары жоқ, тасты, алыстан қара түсті көрінетін «құрақ» таулар.

Қаратау. (Қаратау) - тау. Қара (сын есім) + тау (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Қаратау туралы Е. Қойшыбаев: «бұл атаудағы қара сөзі түспен байланысты, өйткені қара тауларда өзге ұлы таулардағыдай жаз бойы қар жатпайды» - дейді.

Орталық Қазақстан оронимиясында «Қаратау» атты оронимдер көп болғанымен, «Алатау» атты оронимдер кездеспейді. Қаратау Алатаудан аласа келетін қара түсті құрғақ тау. Түркі географиялық терминалогиясында ақ пен қара сөздері өзінің негізгі мағынасына басқа қосымша мағыналарға да ие бола алады. Құрамында қара сын есімі анықтауыш қызметін атқарады және зат есімнің алдында тұрады. Қара + тау қара сөзі түрлі топонимдерде әртүрлі мағынаға ие болады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында:

Қаратау, Тарбағатай жерге келді,
Жайтөбе, Қатынды көлге келді.

Тарбағатай - сөзбе-сөз алғанда Тарбаған + тай. «Тарбаған» - көне Түркіше суыр деген сөз, «тай» деген тау деген сөз. (Мысалы, Алтай деген сөзде сақталған). Яғни, «Суырлы тау» деген мағынаны береді [6,45].

Ол сөз (Тарбаған) «Көне түркі сөздігінде» бар. Көне монғол тілдерінде де бар екені рас. Алайда, оны Көне монғол сөзі емес, Көне түркі сөзі деп түсіндірген дұрыс. Себебі, ол сөз тарихи сөздіктерде ғылыми тұрғыдан «Көне түркі сөзі» ретінде қабылданған.

Тілдік тұлға сөйлеу барысында бірнеше қызмет атқарады. Прагматикалық деңгейге тілдік тұлғаны қозғаушы, дамытушы уәждер мен мақсат-міндеттердің табиғатын ашу, ерекшеліктерін талдау мәселелері енеді. Мұнда тілдік тұлға әдейі қолданған көнерген, кірме сөздер т.б. лексика қабаттары, диалектикалық сөздерді қолдану ерекшеліктерін және қоғамдық ой-сананың тілдік тұлға тіліне деген әсерін қарастыруға болады.

Қалай айтсақ та лиро-эпостық жырдағы топонимия - адамдардың ұзақ уақытқа созылған, мақсатты түрде жүргізілген мәдени және тілдік әрекетінің нәтижесі. Ең соңғы жаңа атаудың өзі эволюциялық түрде дамыған жалқы есімдер жемісі болып табылады. Олар өзінен-өзі пайда болмайды. Кез-келген оронимдік атау, мейлі ескі болсын, жаңа болсын, тілдің мәнді бір бөлшегі.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпостық жырында кездесетін жер – су атауларының көбі – яғни, аталған жер – су аттарының басым көпшілігі ана тіліміздің байырғы сөздерінен қойылғандығы анықталды.

Қорыта келгенде, жер-су атауларын терең мәнде тілдік тұрғыдан меңгергеннің орны ерекше. Бүгінгі қазақ жастарының махаббат символына айналған Қозы Көрпеш - Баян сұлулардың басып өткен ізін тек осы топонимдер арқылы біз көз алдымызға парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Марғұлан Ә. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» кешені. – Алматы, 1994
- 2 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ 1962
- 3 Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. – Алматы, 1973
- 4 Ертедегі әдебиет нұсқалары / Құраст.: Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншілиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдиқов. – Алматы: Мектеп, 1967
- 5 Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002
- 6 Әбіласан Ә. Көне сөздер құпиясы. – Алматы: Ғылым, 1995

ӘОЖ 37.8.82
МРНТИ 17.01.09

Қашаулиева Гүлмира Көкталқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
№82 «Дарын» мамандандырылған лицейі
Нұрсұлтан қ.

ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Аннотация

Патриотизмге тәрбиелеу барысында жас ұрпақта патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудың танымдық мәні естен шығарылмау керек. Оқушының білімін жетілдіре отырып, елжандылыққа тәрбиелеуде оқушының санасына халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру, халқының тарихын, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін меңгерту – жан-жақты жетілген, жаңа ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі өмірдің заңдылығы. Ұлттық тәлім – тәрбие беруде болашақ ұрпақтың бойына қазақ халқының өткен тарихы, сол тарихтағы ұлы тұлғалар, елім деп еңіреген ерлер, халықтың болашағын ойлаған ақын-жазушылар жайлы білімді жастарға тереңірек сіңіру керек.

Түйін сөздер: халық оқулығы, фольклор жанры, сөз нақышы, нақыл сөз.

Аннотация

В процессе воспитания патриотизма необходимо помнить о познавательном значении формирования у молодого поколения патриотического сознания, патриотического чувства. Воспитание у учащегося чувства гордости и уважения к своему народу, привитие национального духа, овладение историей, литературой, искусством, традициями своего народа-воспитание всесторонне зрелого, нового поколения – закономерность современной жизни. В национальном воспитании подрастающему поколению необходимо глубже проникнуться знаниями о прошлом казахского народа, о великих личностях в этой истории, о поэтах и писателях, которые думают о будущем народа.

Ключевые слова: учебник народа, конкретный смысл, речевых изречении, жанр фольклора.

Annotation

In the process of educating patriotism, it is necessary to remember the cognitive significance of the formation of patriotic consciousness and patriotic feeling in the younger generation. Educating a student with a sense of pride and respect for his people, instilling a national spirit, mastering the history, literature, art, traditions of his people -educating a comprehensively mature, new generation is a pattern of modern life. In national education, the younger generation needs to become more deeply imbued with knowledge about the past of the Kazakh people, about great personalities in this history, about poets and writers who think about the future of the people.

Keywords: textbook of nation, specific meaning, speech utterance, genre of folklore.

XXI ғасыр жас ұрпақтың жан-жақты, терең білімді, саяси, экономикалық сауатты, интеллектуалы биік жеке тұлға болуын талап етеді. Мұндай талапқа сай білім беру жүйесіндегі берілер білім мен тәрбиенің де сапасы биік болуы қажет. Еліміз егемендік алғалы бері қоғамдық жүйелердің барлығын ұлттық құндылықтармен жаңғыртып, жаңалап, халықтық болмысты алдыңғы орынға қоюдамыз. Мұндағы көзделетін мақсат – өсіп келе жатқан жастарды халықтық дәстүрмен тәрбиелеп, ұлттық асыл асыл қасиеттерді бойына дарыта отырып, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Қазіргі қазақ жастарын тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің маңызы зор. Қазақ педагогикасының тарихында «ұлттық тәрбие» ұғымын тұңғыш енгізген ұлы ағартушы, педагог Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі, әр ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деп

ұстаздар мен тәрбиешілерге биік талап қойған [1].

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесіне сол ұлттық рухани құндылықтарды ендіріп, бүкіл қазақ халқының, әсіресе жас ұрпақ пен жастардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру қажет. Өйткені, ұлттық дүниетаным – ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни-наным сенім, тәрбие, тарихи сана, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жинағы.

Сондықтан ұлттық тәрбиенің қажеттігі - ұлтжанды азамат тәрбиелеу және қазақ қоғамында орын алып отырған қайғылы қасіреттер мен құбылыстар: ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін және дінін білмейтін жастарды ұлттық тәрбиенің қайнар көздерімен тәрбиелеу арқылы санасына сіңіруді қажет етеді.

Жастарға ұлттық тәрбие беруде Жамбыл шығармашылығының да маңызы өте зор. Жамбыл – айтыскер ақын ғана емес, абыз жырау, жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшбасшысы.

Жамбылдың сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын.

Ұлы Отан соғысының тақырыбына арнап Жамбыл Жабаев үш мың жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық намысын күшейте түсуде, совет адамдарының елдегі, майдандағы тамаша ерліктерін сипаттауда ақын жырларының тарихи маңызы зор.

Мысалға «Ленинградтық өрендерім» деген жырын алайық. Бұл жырды Жамбыл Ленинградтың халі аса бір ауыр шақта, сүйікті Ленинград қаласы жаудың қоршауында қалған кезде шығарды. Осы кезде Жамбыл жырының күші қандай болғандығы туралы орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай дейді:

«Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез Ленинград қаласының аса бір ауыр шағы еді. Осындай ауыр кезде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат боп ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздеріне жастары сорғалаған талай адамды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, адамдар тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім» – деп жазады [2, 29-30бб.].

Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі Ленинград халқын және оның жауынгерлерін жігерлендіруде өте зор қызмет атқарғанын жоғарыда айтылған естеліктерден айқын аңғаруға болады.

«Ленинградты қорғау» деген атпен шыққан қалың кітапта Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңі көрнекті орын алды.

Өмір мен өлім белдескен шақта ақын қуатты жырларымен кеңес жауынгерлеріне жігер берді. Оның жырлары жыл құсындай болып майданға аттанды. Жауынгерлерге Ленинград, Москва, Сталинград сынды ірі қалаларды жау қолына бермеңдер деген ақын жырларында өршілдік рух басым болды. Жауынгерлердің қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан өлеңдерінің ішінен «Ленинградтық өренімді» ерекше атауға болады:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...
Уа, қаһарман, өренім,
Мақтанышым, беделім!..
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран, өренім! [3,109б.].

Жамбылдың соғыс тұсындағы әрбір жыры, майдан өмірінің әрбір асуына, соғыстың кәрлі қабағы қатты түйілген әрбір кезеңдерге байланысты туды. Сталинград қаласына қауіп-қатер төнгенде, Жамбыл атақты «Алынбас қамал» деген жырын шығарды. Сталинградты қорғаушылардың

ішінде Жамбылдың ең жақсы көретін ұлы Алғадай бар еді. Жетінші гвардия Қызыл Ту дивизиясының хабарлауы бойынша Алғадай өз пулеметінен сексен фашисті өлтірген. Жамбыл жырлаған сұраншы, Саурық батырлардың ұрпағы сияқты Жамбылдың ұлы Алғадайда соғыста ерекше ерлікпен қаза тапқан.

Баласының ерлігіне сүйсінген Жамбыл «Алынбас қамалында», Алғадай туралы былай дейді:
Жапырған жауды шалғындай,
Жібердім сонда баламды,
Сталинград қалаңда!
Қорғас деп жүрек жаныңдай!
– Алғадай, – дедім – аянба!
Әкеден тудың Жамбылдай,
Жырымды жеткіз ерлерге.
Майданға қаққан дабылдай,
Толқыны жойқын Еділге,
Қосылсын үнім дауылдай! [2,47б.].

Патриотизмге тәрбиелеу барысында жас ұрпақта патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудың танымдық мәні естен шығарылмау керек. Оқушының білімін жетілдіре отырып, елжандылыққа тәрбиелеуде оқушының санасына халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру, халқының тарихын, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін меңгерту – жан-жақты жетілген, жаңа ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі өмірдің заңдылығы.

Ұлттық тәлім – тәрбие беруде болашақ ұрпақтың бойына қазақ халқының өткен тарихы, сол тарихтағы ұлы тұлғалар, елім деп еңіреген ерлер, халықтың болашағын ойлаған ақын-жазушылар жайлы білімді жастарға тереңірек сіңіру керек.

Өз ұлтының мақтанышы болған, батыр атамыз Бауыржан Момышұлы: «Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс», - дейді.

Бұл айтылған ойдың астарында өз ұлтыңды ерекше сүй, сол арқылы өзге ұлтты сүюге үйрен деген ой жатыр. Ұлт болу үшін, елдігінді сақтау үшін, елінің тарихы мен әдебиетін, мәдениетін, елінің тілін, ділін жас ұрпақтың бойына жан-жақты ұлттық тәрбиенің қайнар көздері арқылы тәрбиелеу баршамыздың парызымыз деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбесі. – Алматы, 1995
- 2 Жыр алыбы (Жамбыл жайлы естеліктер) Құрастырған: Қ.Жұмаділов. – Алматы: Жазушы, 1971
- 3 Жамбыл Жабаев Өлеңдер, айтыстар, дастандар. Құрастырған: Садырбаев С. – Алматы: Мектеп, 1989

ӘОЖ 37.8.82
МРНТИ 17.71.91

Қашаулиева Эльмира Кокталовна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
№148 мектеп-гимназиясы
Алматы қ.

БАБАЛАР СӨЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ КӨЗІ

Аннотация

Мақал-мәтел – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Әр халықтың мақалы мен мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі. Ол кез келген уақиғаның, мәселенің тұсында еске түседі, тілге оралады. Сөйтіп көп ойлануды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені жеп-жеңіл, оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіреді, ұғындырады. Мақал мен мәтел – қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы, халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, дүниеге көзқарасын бейнелейтін шағын поэтикалық жанр.

Түйін сөздер: халық оқулығы, фольклор жанры, сөз нақышы, нақыл сөз.

Аннотация

Пословицы и поговорки - это достояние народа, которые прошли испытания веков в условиях древнего общества, когда не существовали средства материального закрепления мысли. Пословицы и поговорки - жанр фольклора, афористически сжатое, образное, грамматически и логически законченное изречение с поучительным смыслом в ритмически организованной форме. Пословицы составляют достояние целого народа или в значительной части его и включает в себе общее суждение или наставление на какой-нибудь случай жизни. Пословица- самый любопытный жанр фольклора.

Ключевые слова: учебник народа, конкретный смысл, речевых изречении, жанр фольклора.

Annotation

Proverbs and Sayings - is the property of the people who created by the centuries under the ancient society, when there was no means of the material thought. Proverbs and Sayings is a genre of folklore, aphoristic concise, imaginative, grammatically and logically complete utterance instructive sense of rhythm organized form. Proverb is property of the whole people, or a large part of it, and contains a general judgment or counsel on any occasion.

Key words: textbook of nation, specific meaning, speech utterance, genre of folklore.

Қазақ фольклорының көне жанрларының бірі мақал-мәтелдер ата-бабаларымыздың өткен өмірінен мол мағлұмат беретін мұралардың қатарына жатады. Өйткені, халық сан ғасырлық тәжірибеден көрген-түйгендерін қорыта келіп, ұрпақтарына «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ұсынады. Адамзаттың өскелең өміріндегі қажеттіліктерді екшелеп, ел жадында өшпестей қашалады. Бейнелі кестелермен өрілген мақал-мәтелдерде халықтың наным-сенімі, әлеуметтік құрылысы, өмірлік қағидасы, дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі жан-жақты көрініс табады.

Мақал-мәтел қай халықтың болсын ауыз әдебиетіндегі көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрға жатады. Мақал-мәтелдер халықпен бірге жасайды. Біреулері ескіріп, қолданудан шығып, екіншілері жанарып, туындап жатады. Мақал мен мәтелді де әуелде жеке адамдар шығарды. Оны біреуден біреу естіп, айтып таратады, өңделеді, өзгертіледі, сөйтіп, халықтық мұраға айналады. Демек, мақал-мәтелді де белгілі бір халықтың өмірде көрген-білгені, жасаған қорытындысы, ақыл-ойы деуге болады. Мақал-мәтел көркем шығармада көп қолданылады.

Ақын-жазушылар шығармаларында халық даналығын пайдаланумен бірге, сол үлгілермен өздері де жаңа мақал-мәтелдер шығарады. Мысалы, Ы.Алтынсаринның «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» - дейтін сөзі мақалға айналып кеткен [1,216.].

Мақал – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіні, сөз мәйегі. Мақал, көбінесе,

өлендік өрнекпен, сабырлы, салмақты ырғақпен айтылады. Қара сөзбен, шешендікпен айтылатын мақалдар да бар.

Қазақ – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, данышпандығын өнеге ретінде өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққанды үздіксіз үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне парықтап пайдалану дәстүрге айналған. Әсіресе қариялар мақалдап, маңызды сөйлеуді борышым деп санайды, онсыз қарт адамның сөзінің қадірі болмайды.

Отбасында ата-аналар бала тәрбиесіне лайықтап: «Ана тілін алмасаң, арың кетеді», «Әке – тірегің, ана – жүрегің», «Сабыр түбі – сары алтын», «Еріншектің ертеңі таусылмайды», «Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, асыңды тый», «Іс істесең, ретін тап», т.б. мақалдарды жиі айтады.

Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан, оған айтылатын ақыл-насихат, өнеге, өсиет әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болуы керек. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, ана тілін ардақтауға үйретіп, ой қисындарын сөз жүйесіне келтіре алу қабілетін дамыту үшін, ата-ананың мақалдап сөйлеуінің маңызы зор [2,156.].

Фольклордың басқа түрлері сияқты мақал-мәтелдер – халық оқулығы, өсиеті. Олар жастарды тәрбиелейді, жамандықтан сақтандырады. Ең алдымен қарапайымдылыққа, ұйымшылдыққа мегзейді, еңбекке, ерлікке баулиды. Адалдықты, адамгершілікті мақтап, насихаттай отырып, оған қарама-қарсы арамдық, қараулық, өтірік-өсек, жалқаулық, ұрлық, екі жүзділік секілді жарамсыз мінез-құлықтар сыналады.

Мақал-мәтел – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні [3,66.].

«Тіл – халықтың ең ұлы байлығы» деген еді заманымыздың көрнекті жазушысы М.Шолохов. Тыңдаушы адамға тіл, әрине, сөз арқылы жетеді. Халқымыз «Сөздің көркі – мақал» дейді. Тарихи-элеуметтік өмір тәжірибелерінен алып, терең де зерделі тұжырым жасап, асылдай қорытып, алмастай шындап айтатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді (нақыл сөздерді; қалыпты, орнықты, қалыптасқан тіркестерді; афоризмдерді; ұтымды, жинақты, образды, айшықты өткір сөз орамдарын) халық өлшеусіз көп шығарған. Әрбір тіл де, сол тілде сақталып жүрген сөздің інжу-маржаны да – атам заманнан бері жасалып келе жатқан өте көне мәдениеттердің көзі. Ол халықпен біте қайнасып, бірге жасайды. Сондықтан да ол – ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі. Мақал-мәтел – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тәжірибесінен қорытып ереже, өмір заңы түрінде тұжырымдалған аталы сөз халықтың ой түйіні.

Мақал-мәтелдер – халық творчествосының төл жемісі. Әуелі әрбір жеке адам ойлап шығарғанмен, жүре-бара олардың авторы ұмтылып кетеді де, жұрт сынынан өткендері халық қазынасына – фольклор (ауыз әдебиетінің) шығармаларына айналып отырады. Осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе «халық даналығы» деп аталады. Көне түркі тілдерінде «аталар сөзі» деп атайды, яғни бұл – атадан «атадан балаға мирас болып келе жатқан қазына» деген сөз [4,366.].

Халық – суреткер. Ол өз өмірін, табиғат аясы мен өз ортасын жан-жақты сипаттап беріп отырған. Мақал-мәтелдердің ұзын-ырғасы мен мазмұн-көлемін түгел қамтып суреттеу мүмкін емес. Табиғат көріністері мен тарихи уақиғалар саяси-қоғамдық құбылыстар мен тұрмыстық жағдайлар (еңбек, оқу, өнер, білім, отбасы, тәрбие т.б.) моральдық қасиеттер (жақсы-жаман т.б.) тағы басқа да толып жатқан тақырыптар туралы лайықты мақал-мәтелдер шығарылған.

Мақал-мәтел ойды қысқа да ұтымды, өмір тәжірибесін туғыза айтатын сөздер. Онда ел, халық, Отан, ерлік, бірлік, өнер-білім, еңбек, отбасы, бала тәрбиесі, төрт түлік мал, жан-жануар, ас-азық, ауру-сырқау, дау-шар, жақсылық пен жамандық, адамгершілік парыз жайында айтылған өнегелі сөздер өте көп. «Туған жерге туын тік», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі», «Ел іші – алтын бесік» дейтін мақалдар ертедегі батырлардан бастап, Отан соғысы күндеріне дейін елді ерлікке шақырып, патриотизмге баулыған асыл сөздер болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтың сансыз ұлдары еліміздегі басқа да туысқан халықтардың өкілдерімен майданда асқан ерлік, қаһармандық көрсетіп, фашизмді күйретті. Қазақ мақалында «Ырыс алды – ынтымақ», «Бірлік болмай, тірлік болмас» сияқты толып жатқан мақалдардың тәрбиелік мәні зор.

Мақалда бала тәрбиесіне де үлкен мән берілген. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Қызды асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді», «Сіз» деген сыпайылық, «сен» деген «анайылық» деген мақал-мәтелдердің мәнісі жас ұрпақты жақсылыққа

баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім-өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз сыбағасын алмақ.

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, адам мінезін, табиғат пен тіршілік сырын, оның қайшылығын таныта отырып, адамға терең ғибрат берген. Мақал осындай құбылыстарға берілген баға, ойдың тобықтай түйіні ғана емес, өзінше бір ереже.

Ұл мен қыз, жалпы мінезі қандай болуға тиіс дегенге де халық мақалы бұлжымас нұсқау береді. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Жақсы адам – ел ырысы», «Бір кісі мың кісіге олжа салар», «Ақ жүрген адам – азбас», «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында», «Кісі болар баланың кісенінен белгілі, ат болатын құлынның мүшесінен белгілі», «Тау тауға қосылмас, адам адамға қосылады», «Әдептілік – адамдық белгісі, тұрпайы мінез – надандықтың белгісі» деп келетін мақалдардың тәрбиелік-этикалық мән-мағынасы әлі күнге өз күшінде.

Халқымыздың мақал-мәтелдерінің шешендігін лингвист В.В. Радлов былай бағалаған: «Қазақ ақындарының қабілетінің зор екеніне барған сайын көзім жете түсуде, қалай әсем сөйлейді. Айтқысы келгеннің бәрін тез түсіндіреді, қарсыласының да сөзіне шебер тойтарыс бере біледі, балаларының ақыл-ой, есі де тез жетіледі. Ойын дәл ұғындыра алады» [3, 64б.].

Халқымыздың мақал-мәтелдерінен оның ғасырлар бойы қалыптасқан даналығы көрінеді. Осындай қасиеттеріне қарай мақал-мәтелдерді тәрбие және оқу үрдісінде орынды пайдалану, еліміздің тарихын, тілін жетік білуде үлкен рөл атқарады.

Қазақ энциклопедиясында мақал-мәтелдерге төмендегідей анықтама берілген: «Мақал-мәтелдер – қазақ ауыз әдебиетінің ежелгі жанрларының бірі. Мазмұны халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, санасын бейнелейді, табиғат, қоғам, адам жайындағы ұғымдарын, сенімдерін түйіндеп көрсетеді. Дидактикалық шағын жанрлардың аз сөзбен көп мағына беретін ең қысқа және көркем түрі» [1, 146.].

Мақал-мәтелдер құрылысы жағынан ықшам, әрі көркем, мағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитын, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Халқымыздың ерте заманнан бері тырнақтап жиып, сақтап, атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасының бірі - мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдердің ауыз әдебиетіне жататын жанрлардан өзгешелігі, көне заманның мұрасы ретінде кітапханаларда, мұрағаттарда сақталып жатпай, оның өмір талабына сай жаңарып, толығып отыратындығында және күнделікті өмірге икемділігінде. Мақал-мәтелдер қай кезде болмасын халықты жақсылыққа, адамгершілікке, кішіпейілділікке, өнер-білімге уағыздайды. Бұдан, біз мақал-мәтелдердің тәрбиелік маңызы зор екендігін байқаймыз. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер – тіліміздің лексикалық қорын байытуға әсерін тигізеді. Жазба әдеби тілінің көркейіп өсуіне ауыз әдебиеті негізгі тірек болады [5, 28б.].

Мақал-мәтелдер фольклор жанрының бір түрі. Осыған байланысты мақал-мәтелдер, біріншіден, халық ауыз әдебиетінің ерекшеліктерін бойына сақтаса, екіншіден, қазіргі жазба әдебиетіне өзінің халық тілінде жасалған формасын ешбір өзгертпей еніп отыр.

Жоғарыдағы мысалдардан мақал-мәтелдердің бірнеше түрлі болатынын және жасалу әдістері де алуан түрлі болып келетінін аңғарамыз. Бірақ, бұлардың барлығына тән қасиет - өмір құбылыстарының мәнін, сыр-сипатын ашып, қорытынды жасауға бейімділігі. Мақал-мәтелдерді шығарушы, әрі таратушы – халық. Мақал-мәтелдер халықтың рухани бай өмірінен, ой-қиялынан, ақылынан туады. Халық – мақал-мәтелдерді өте жоғары бағалайды. Бұған дәлел ретінде: «Сөздің көркі – мақал», «Мақал – сөздің атасы» деген мақал-мәтелдерді мысалға келтіруге болады.

Мақал-мәтелдердің табиғатының күрделілігі, оның көнелігі мен қолдану аясының кеңдігінде. Белгілі бір жағдайға, тақырыпқа байланысты шебер айтылған ұтымды, тиісті нақыл сөздер ауыздан-ауызға көшіп, ел арасына анау айтқандай, мынау айтқандай деп шешеннің есімімен қосарлана жүрген еді. Ал, кейін шығарушының есімі ұмытылып, ұтымды, орынды қолданылған сөздер халық сынынан өтіп, өңделіп, мақал-мәтелдерге айналып кеткен [5,76б.].

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер жанры бұрынғы мақал-мәтелдердің жақсы да қадірлі қасиеттерін және өздеріне тән ерекшеліктерін бойына сақтай отырып дамып келеді. Фольклор жанры ішінде халық арасына ең көп тарағаны және ұзақ өмір сүретіні де осы мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер бір дәуірдің жемісі ғана емес, олар халықтың тарихымен тығыз байланыста. Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 187б.*
- 2 *Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: Білім, 2009. – 270б.*
- 3 *Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1989 – 325б.*
- 4 *Әлімбаев М. Өрнекті сөз - ортақ қазына. – Алматы: Білім, 1967. – 185б.*
- 5 *Әлімбаев М. Халық гажжап тәлімгер. – Алматы: Білім, 2001. – 168б.*

ӘОЖ: 821.512.122.09

Мурсал Айгерім

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ.

e-mail: aigerimmursal@mail.ru

АХМЕТОЛЛА ҚАЛИҰЛЫНЫҢ «АРДА АЛТАЙ» РОМАНЫНДАҒЫ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аннотация

Мақалада Қытайдағы қазақ әдебиетінің өкілдік шығармаларының бірі Ахметолла Қалиұлының шығармасы, «Арда Алтай» романы талданады. Жазушының өмірі мен шығармалары жайында мағлұмат беріледі. Әдебиеттану теориясы бойынша стильдік зерттеудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде жазушы шығармасында көркемдік құралдарды үйлесімді қолданғандығы дәлелденді. Мақалада идеяны іске асырудың толықтығы, автордың айналасындағы олар өмір сүретін дәуірді сипаттау арқылы қол жеткізетіні көрсетіледі. Шетелдегі қазақ әдебиетін зерттеп, ғылыми айналымға енгізу кезек күттірмейтін ірі мәселе екендігі айқындалды. Шығарманың басты құндылығы оның тарихи тұлғаларды бейнелеуінде. Бұл жазушы, этнограф Ахметолла Қалиұлының еңбектері туралы жазылған тұңғыш ғылыми мақала. Көтерілген тақырып арқылы «Үш аймақ төңкерілісі», көтеріске шыққан азамат Иса мен қызы Дәмештің басындағы күресті тағдыры сөз болған бұл романды барынша жан-жақты талдайды. Шығарманы оқыған оқырманға эстетикалық әсер қалдырады. Зерттеу қортындысы жазушы романы арқылы көркем шығарма құндылығын поэтика бар болмысымен айқындайтынына көз жеткізеді.

Түйін сөздер: шетелдегі қазақ әдебиеті, Қытайдағы қазақ әдебиеті, жаңа дәуір әдебиеті, Шыңжаң.

Аннотация

В статье проанализировано произведение одного из представительских произведений казахской литературы в Китае Ахметоллы Калиулы, Роман «Арда Алтай». О жизни и творчестве писателя. На основе применения различных методов и приемов изучения поэтики по теории литературоведения было доказано, что писатель гармонично использовал в своем творчестве художественные средства. В статье показано, что полнота реализации идеи достигается путем описания эпохи, в которой они живут вокруг автора. Изучение и введение в научный оборот казахской литературы за рубежом является неотложной проблемой. Главная ценность произведения в его изображении исторических личностей. Это первая научная статья о творчестве писателя, этнографа Ахметоллы Калиевича. Через поднятую тему Три региона наиболее подробно анализируют этот роман, в котором речь идет о судьбе восставшего гражданина Иса и его дочери Дамеш. Читающий произведение производит на читателя эстетическое впечатление. Результаты исследования позволяют убедиться в том, что через роман писателя ценность художественного произведения определяется существованием поэтики.

Ключевые слова: казахская литература за рубежом, казахская литература в Китае, литература новой эпохи, Шыңжаң.

Annotation

The article analyzes the work of one of the representative works of Kazakh literature in China Akhmetolla

Kaliuly, the novel "Arda Altai". About the life and work of the writer. Based on the application of various methods and techniques of studying poetics according to the theory of literary criticism, it was proved that the writer harmoniously used artistic means in his work. The article shows that the completeness of the realization of the idea is achieved by describing the era in which they live around the author. The study and introduction of Kazakh literature into scientific circulation abroad is an urgent problem. The main value of the work is in its depiction of historical figures. This is the first scientific article about the work of the writer, ethnographer Akhmetolla Kaliuly. Through the raised topic, the Three regions analyze this novel in the most detail, which deals with the fate of the rebellious citizen Yisa and his daughter Damesh. The reader of the work makes an aesthetic impression on the reader. The results of the study make it possible to make sure that through the novel of the writer, the value of a work of art is determined by the existence of poetics.
Key words: kazakh literature abroad, Kazakh literature in China, literature of the new era, Shynzhan.

Қазақ әдебиетінің аса үлкен бір арнасы – шетелдегі қазақтар әдебиеті. Мақаламызға арқау болып отырған тақырыпты толыққанды зерделеу үшін Шинжаң қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ахметолла Қалиұлының «Арда алтай» романын талдаймыз. Бұл роман Қытайдың «Жаңа дәуір әдебиеті» тұсында жазылған. Оқиға «Үш аймақ төңкерісі» деп аталатын ұлт-азаттық қозғалыс барысында Дәмеш деген кішкентай қыздың анасынан айырылып бүтін бір ауыл адамдарының өлігін көруімен басталып, соңында сүйген жігіті –Сұлтанның тұтқынға түскен Қазақ азаматтарын құтқару жолында Қытай әскерлері жағынан өлтірілгенін көрген Қазақ азаматтарының топ жиып қайта күреске шығумен аяқталады.

Ахметолла Қалиұлының еңбектеріне ғылыми тұрғыда талдау жасаған тұңғыш зерттеу мақаласы болғандықтан ғылыми қауымға автор туралы шағын мәлімет бере кеткеніміз жөн. Ахметолла Қалиұлы – 1940 жылы 15 қазанда Қытай Халық Республикасының Шинжаң өлкесі, Толы ауданына қарасты Жайыр тауының Қарабауыр бөктеріндегі Құрымтыққан деген күзеулікте туған. Сауатын молдадан ашқан. 1954-1958 жылдары Іле педагогикалық университетінде оқыған. 1958 жылдың тамыз айының 7-нен бастап «Үш қазақтың түтінін қосуды» бағдарлама еткен ұлтшыл, «Үміт» ұйымының саяси комиссары» деген жаламен екі жыл қуғында болып, Құлжа қаласы маңындағы Әнтәйзі көмір шахтасында көмір қазған. 1959 жылдың аяғында Алтай аймағы, Жеменей аудандық №91 орта мектепте әдебиет пәнінің мұғалімі болды. 1960-1970 жылдары №2 орта мектепте ғылыми мүдір қызметін атқарды. 1962 жылдан бастап тағы да жоғарыдағы жалаға «түзетімпаз» деген атақ қосылып, қуғында жүрген. 1966 жылы «Мәдениет төңкерісі» басталғанда, «буржуазия зиялысы», «ұлттық бөлшектеуші» деген айдар қосылып, қуғын-сүргінде болды. 1980-1995 Үрімжі қаласында ұлттық «Шинжаң халық баспасында» аға редактор атағымен қазақ бөлімі бастығының орынбасары міндетін атқарды. 1996 жылдан бастап Түркістан қаласындағы Қ.А.Йассауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінде ғылыми қызметкер болып жұмыс жасайды. Оның шығармалары:

- Сын мақалалар. Жинақ. «Іле халық баспасы», 1983;
- Жапырақ. Өлеңдер жинағы, «Іле халық баспасы», 1983;
- Қайдар. Повесть. «Халық баспасы», 1984;
- Арда Алтай. Роман. «Халық баспасы», 1987;
- Арыс. Повесть. 1987;
- Атаман қызы. Әңгімелер, повестер. «Ұлттар баспасы». 1991;
- Қазақтың тұрмыс-салт жырлары. (Құрастырған) «Шинжаң халық баспасы», 1995. [1, 2014]

Жазушы Ахметолла Қалиұлының «Арда алтай» шығармасы 1988 жылы Шинжаң халық баспасынан басылып шыққан. Он үш тараудан тұратын романда «Үш аймақ төңкерісі» кезінде соғыстан зардап шеккен халықтың өкілі Иса мен оның қызы Дәмештің басынан өткен қилы тағдыры баяндалады.

Әдебиеттанушы ғалым Зейнолла Қабдоловтың пікірі бойынша фабула – сюжеттік фоны ғана деп көрсетіп, сюжет – көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішіндеуге көшірудің негізгі түрі, жолы немесе тәсілі, – деп көрсетеді [2, 174]. Сюжет пен фабуланы бөле қарап, сюжетті – әрекет, фабуланы – оқиға деп ұғатыны мәлім. Бірақ әрекетсіз оқиға бола ма? – деп пікір айта келе, фабула мен сюжетті бөлмей, екеуін бір ұғымға сыйғыза Л.Тимофеев пен Л.Щепиловтың толғамдарын дәлелге тартады. Бұл шығармада Алтай өңіріндегі қазақ аулының көтеріліс кезінде, Қытай әскері мен көтерілісшілердің лаңы тұсындағы әлеуметтік-саяси жағдайына баса көңіл бөлінген. Өйткені

романның фабуласы қоғамдағы құбылыстарға тікелей байланысты дамиды. Бүкіл сюжет «Үш аймақ төңкерісі» тұсында ғана өтуге тиіс оқиғаға негізделген. Қазақ халқының қытай тепкісінің астында көрген зорлық-зомбылықтарын А.Қалиұлы Дәмеш трагедиясы арқылы шынайы суреттеген. Сондықтан да «Арда алтай» қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орын алатын шығарма.

Әдебиет теориясына сүйене отырып А.Қалиұлының «Арда алтай» романын психологиялық роман деп талдау жасадық. Бұл роман психологиялық роман табиғатына тән негізгі сипаты шығарманың сюжеттік-композициялық концепциясы кейіпкердің ішкі әлемін талдау мақсатына тәуелділігінде. Кейіпкердің қиын тағдырын жазушы ішкі монолог, толғаныс т.б. сияқты адами проблемаларды, бір кезеңдік қазақ өмірін: ондағы жаңа тіршілік-тынысты сыртқы реалдық өмір шындығын сана күресі, ой арпалысы, көзқарас қақтығысы арқылы бейнелейді. Суреткердің өзіне тән психологиялық стилі осы романда жан-жақты көрінген. Романның бүкіл оқиғасы Дәмештің айналасында өтеді. Кішкентай қыз Дәмештің анасы Жамалдан айырылуы, Қытай әскерлерінің күтпеген жерден шабуыл жасап, бүкіл ауылды қырып өзінің ғана аман қалуы, сол өліктердің арасында жалғыз қалуы. Денесінен айырылып домалап жатқан бастардан, қол-аяғы бөлек-бөлек жатқан ауыл тұрғындарын мүрдесін көрген сәби қыздың қайшылықты тағдыры, жан күйзелісі романда жан-жақты әрі айшықты бедерленеді. Кейіпкердің қиын тағдыры жазушыны ішкі монолог, толғаныс т.б. секілді әдеби тәсілдерге жүгіндіреді. Суреткер бүкіл адами проблемаларды, бір кезеңдік қазақ өмірін, ондағы жаңа тіршілік-тынысты, сыртқы реалдық өмір шындығын сана күресі, ой арпалысы, көзқарас қақтығысы арқылы бейнелейді. Сөйтіп, жазушы Дәмешті үлкен психологиялық образ дәрежесіне жеткізеді. Романның әрбір беті бізге Дәмештің өміріндегі тоқтаусыз өзгерісті, бір байламға келе алмаған ой арпалысын аңғартады. Тегінде ішкі монологтың авторлық және персонаждық түрлері (формалары) де бар. Кейде ішкі монолог кейіпкердің ішкі ой-сезімін жеткізетін автор сөзі тұрғысында да берілуі мүмкін. Немесе тура автордың өз атынан, әйтпесе кейіпкер рөліне көшкен автор сөзі ретінде көрінуі ықтимал. Міне, біз айтып отырған осы үш тәсілдің бәрі «Арда алтай» романының өн бойында тұнып тұр.

Бұл шығарманың бір ерекшелігі – эпиграф. Эпиграф – көзге түсетін элементтердің бірі. Шығармада эпиграф басында немесе барлық жерде де кездесе береді. Сонымен бірге, эпиграфтың тақырыпқа, стильге, мағынаға қатысты айыра білу керек. Авторлар кейде эпиграфты шығармасына қарама-қарсы мағынада алады, ал кейбірі шығармадағы ойды қысқа эпиграфқа сыйдырады. Бұл қаламгердің өзіндік стиліне байланысты. Қазақ әдебиетінде эпиграфты көп қолданатын жазушы – О.Бөкей. Жазушы шығармаларына эпиграф алу арқылы шығармада кездесетін ауыр оқиғаларды, мәтіндерді ашу кілттерін оқырманға ақырын ғана тастап кетеді. Яғни, шығарма оқуға жеңілдейді. Бұнда автор «Арда алтай» романын Байрон Джордж Гордонның «Дочь Иеффая» кітабының үзіндісімен бастайды. Мұнда Иеффай Аммонитяндармен соғысар алдында, Құдайына жалынып, егер мені жеңіске жеткізсең, онда үйіме оралған кезімде алдымнан кім бірінші шықса, соны саған құрбандыққа шалуға уәде беремін дейді. Ол шынымен жеңіп үйіне оралғанда, алдынан қуанып жалғыз қызы бірінші болып қарсы алған екен. Сонда Иеффай уәдесіне берік болып, қызының келісімін алып, оны құрбандыққа шалыпты-мыс. «Арда алтай» романында Иса деген көтерілісші өзінің кішкентай қызы Дәмешті қиып тастап кете алмай өзі бағады. Соңында қызын қалдырып кек алу мақсатымен қызын қиып тастап Қытай үкіметінен кек алуға жорыққа аттанады.

Туған жердің маңдайының қырсығын,
Арылтуға керек болса бір шығын.
Жаным әке, құрбандыққа мені шал,
Қиналма сен, қиылар деп қыршыным.
Өз мұңымды әлде қашан ұмытқам,
Сұм өмірден көңілімді суытқам.
Арманым жоқ, ажалымды тапсам мен,

Туған жердің маңдайының қырсығын,
Арылтуға керек болса бір шығын.
Жаным әке құрбандыққа мені шал,
Қиналма сен, қиылар деп қыршыным!
Өз мұңымды әлде қашан ұмытқам,
Сұм өмірден көңілімді суытқам.
Арманым жоқ, ажалымды тапсам мен,

Жақын жаннан, сүйіктімнен, жуықтан – деп [3, 1] шығармадағы ойды қысқа эпиграфқа сыйдырады.

А.Қалиұлы шығармасының тағы бір ерекшелігі – пролог. Шығарма прологтан басталады:

Көріп пе ең сен жас арудың,

Бастауға кеп төнгенін.

Шерлі жүрек арманға орап,

Денесіз бас көмкенін?! – деп басталады. Бұл үзінді де автор нені айтпақ болғанын осы өлең жолдары арқылы көрсетіп отыр. Көріп пе ең сен жас арудың, – жас ару бұл романдағы бас кейіпкер Дәмеш. Бастауға кеп төнгенін – дәмештің су алуға бастауға келген кезі. Шерлі жүрек арманға орап – Дәмеш кішкентайынан соғысты, бүкіл ауыл тұрғындарының өлген денесін көруі, анасынан айырылуы сынды азаптарды көрді. Есін біліп сөз байласқан жігітінің басы денесіз өзінде Ертісті бойлап ағып келді. Осының барлығын көркен дәмеш шерлі жүрек болмай қайтсын! Бұндағы денесіз бас деп отырғаны Дәмештің жігіті Сұлтанның басы. Осы бір шумақ өлең жолы арқылы бірінші тарауда айтпақ болған ойын жеткізген.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында қарастырылатын мәселелердің бірі – сюжет пен композиция. Жалпы сюжет ұлттық әдебиеттану ғылымында ХХ ғасырдың басынан бастап зерттеле бастады. Зерттеу барысында түрлі пікірлер негізінен ой тұжырымдар бірін-бірі толықтырып тұр десек артық айтқандық емес. Атап айтқанда, әдебиеттанушы ғалым Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде осы мәселені қарастырған. Өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде «Жазу әдебиеті» бөлімінде оқиға мен уақыт, шиеленістер, төңіректің ықпалын айта келіп, ойын былай тұжырымдайды: «...ұлы әңгімеге жан беретін ұлы, кіші адамдардың ірі – ұсақ істері болғандықтан, ол істері бір-біріне ұласып, бір-біріне оралып, байланысып жатқандықтан, осының бәрін суреттен шығару оңай емес» [4, 143]. Әдебиеттанушы роман жанрының табиғатын ашып қана қоймай, сюжеттің дұрыс құрылып, бір-бірімен байланысып, шиеленісіп, біртұтас желі болу керектігін айтады.

«Арда алтай» романының композициясы қызғылықты да күрделі шығарма. Монтажды композиция үлгісінде жазылған. Ол прологтан, кірме әңгімелерден шегіністерден, сюжет шырғалаңы мол тараулардан тұрады. Кірме әңгімелері «Оқиға ішінде оқиғасы» бар көп желілі туынды. Романда шегіністер арқылы Қосайдың, Сұлтанның, Әпеннің, Исаның, Дәмештің, Әлимәнның, Дауылдың, өткені мен бүгінгі өмірлерін суреттейді. Негізгі оқиғамен қатар бірнеше басқа желілерде бар. «Абылай оқиғасы», «Он жастағы баланың аман қалуы», «Бердіқожа», «Боз аттың хикаясы». Романда осы оқиғалар мен ондағы қаһармандар арасында тікелей қарым-қатынас көрінбейді. Жеке желілер арасындағы уақыттық, кеңістік жалғастық та әлсіз, уақыт барысындағы алмасулар мол. Алайда бейнеленген барлық үзік оқиғалардың басы мағыналық тұрғыда бір бағанаға берік байланып, автордың адам мен қоғам, адам мен табиғат туралы ортақ ой көзқарастарының төңірегіне топтастырылған. Сюжеттің баяндау желісіндегі кейіпкерлердің қазіргі өмірін суреттей отырып, өткен тіршілігіне жасалған шегіністер де үйлесімді өріліп кетеді.

«Өмірден алынған құбылыстың әдеби шығармада жаңа бейнеге ауысуы алдыңғы планға оқиғалар қозғалысынан немесе ой-сезім қозғалысынан туындайтын сюжетті шығарады» – деп Кенжебай Ахметов «Әдебиеттануға кіріспе» еңбегінде сюжет жайлы анықтама береді [5, 141]. Әр қаламгер өз заманының тартысын, қиыны мен мұңын қисындырып баяндайды. Сюжетте жалпы адам болмысын, алуан түрлі тағдырлар, қарама-қайшылықтар мен қоғамдық тартыстың мәні ашылады.

Шығарма сюжеті «Үш аймақ көтерілісі» кезінде ауыл тұрғындарын қытай әскерлері аяусыз өлтірілгенін көрген кіп-кішкентай қыз бала Дәмештің бойжете есерсоқтау болып өседі және өзін кінәлі санайды. Себебі басы екіге айырылып өлейін деп отырған анасы Дәмешті әкесіне жұмсағанда кетпеген болсам, онда анам өлгеннен кейін оны қарға-құзғын жеп кетпеген болар еді-ау деп өзін бүкіл роман бойында жазғырумен болады. Әрбір әкесімен, Сұлтанмен сөйлескен диалогтарда ол бірде сақылдап күліп кетсе, бірде қайғырып жылайды. Жүрек түпкіріндегі шері – оның тірі көрген адамы саусақпен санарлықтай ғана, есесіне өлі көрген адамында есеп жоқ дейді. Романды оқып қарасам шын мәнінде оның тірі көрген адамы – Әкесі, қосай ақсақал, Әпен, Сұлтан және Сұлтанның анасы. Әкесі Иса мен Дәмеш өз ауылдарынан алыс Дәмештің нағашы жұрты Қаба өңіріндегі елден бөлек иен жерлерді паналаған. Иса – көтеріліс басшыларының бірі, өзіне қуғын салған үкіметті көз жаздыру мақсатында елден бөлек отырған. Сондықтан болар Дәмештің тірі көрген адамының аз болуы. Дәмеш бойжеткен соң жалғыз көршісі Сұлтан арасында махаббат туындайды. Соңында үкімет жақ тұтқындап, өлтіруге алып бара жатқан Қазақтың есіл азаматтарын жібере салмай,

құтқарам деп өзі оққа ұшады. Бірнешеуі өлгенімен қалғандары тірі қалады. Оқ тиып Есіл өзенінде ағып бара жатқан Сұлтанды Қытай әскерлері алып шығып басын шауып, кісі бойындай тақтайға жіппен байлап өзенге ағызып жібереді. Мұндағы себеп үкіметке қарсыласқан адамның көретіні не болатынын көтерлісшілерге ұғындыру еді. Өзенде ағып бара жатқан басты Дәмеш көріп судан алады. Сүйген жігітінің кесілген басын көргенде Дәмеште оң жоқ, өлі ме тірі ме өзін сезінбейді. Дәмештің нағашы атасы бұл шейт, басына ақ байлау керек дегенде Сұлтанның үйінен өзі дәл ортасында бір тағым үкінің кескінін кестелеп тіккен ақ орамалды алып береді. Сұлтанның жетісі өткеннен кейін күнде қабырдың басына барып отырады. Жалғыз өзі бірдемелерді сөйлейді. Тіпті түнде тұрып қабырға барады, қайта қайтады, қайта барады. Сөйтіп ол есерсоқтау болып қалады. Бір жолы зират басына келіп отырған Сұлтанның анасының басына таяқпен салып кетеді. Ал Сұлтанның анасы болса оған еш реніш білдірмей басынан сипап, еркелетіп алдына жатқызады. Ана жүрегі сонда Дәмештің аяғы ауыр екенін сезеді. Сөйтіп ұлымның артында ұрпағы қалатын болды-ау деп Дәмешті бұрынғыдан артық еркелетіп өзі қарап жүреді. Үкіметке қарсы ел қайта көтерілгенде Исада атына мініп жүрерге айналғанда, Дәмеш тізгінді білегіне орап, бүк түсіп отыра кетеді. Ашуға жеңдірген Иса пышағын суырып алып еңкейе бергенде, Сұлтанның анасы Әлимән: «Құртпа тұқымымды», – деп айғайлайды. Содан Иса қызына тиіспейді, тізгінді қиып жібереді де жосылып кетіп бара жатқан жасаққа қосылады де роман аяқталады.

Қорытындылай келе шығармаға арқау болып отырған «Үш аймақ төңкерілісінің» шығу себебі халықтың күн көрісі қиындап, елде оқу болмады. Халықты қараңғылық басты, еркіндік, бостандық сұрағандарды басы Шәріпқан мен Ақыттан бастап тұтқынға алды, өлтірді. Бара-бара қара бұқараның басына да бұлт айналды. Сонан ел болып бостандық, теңдік, оқу-ағарту сұрады. Жағаласпаса жан қалмайтынын білді. Ақыры үкіметке қарсы көтерілді. Бойында қаны бар жігіт түгел аттанады. Сөйтіп, ата қоныс, ақ орда тағдыры үшін ереуіл атқа ер салады. Бұл көтеріліс Алтайдан бастау алады. Ең алғаш Алтайдағы Қазақтар бас көтереді. Көтеріліс нәтижесінде халықтың оқу-ағарту, мәдениет және денсаулық сақтау істеріне баса назар аударылыды. Егін және мал шаруашылығын дамыту арқылы азұлттардың тұрмыстық қажетін қанағаттандырды. Міне осыдан асыл ерлеріміздің қаны текке төгілмегендігін байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 https://kk.wikipedia.org/wiki/Ахметолла_Қалиұлы
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. Монография. Алматы: «Санат» баспасы, 2007. – 195 б.
- 3 Қалиұлы А. «Арда алтай» романы. Қытай: «Шинжаң халық» баспасы, 1988. – 376 б.
- 4 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра баспасы. 2003. – 152 б.
- 5 Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды: «Арқо» баспасы ЖШС, 2004. – 155 б.

ӘОЖ 8(574) - 92

Мырзабаева Идаят Бектасовна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
№148 мектеп-гимназиясы
Алматы қаласы

ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация

Ж.Нәжімеденов шығармашылығының көркемдік ерекшелігін қарастыру әдебиет саласының өзекті мәселелерінің біріне жатады. Себебі, Ж.Нәжімеденов шығармашылығы бүгінге дейін зерттеліп келгенімен, ақын өлеңдерінің көркемдік сипаты әлі де тереңіне үңіліп, аша түсуді қажет етеді. Ғылыми мақалада негізінен Ж.Нәжімеденов шығармашылығының зерттелу тарихына қатысты материалдарға жан-жақты талдау жасалып, олардың қаншалықты маңызды екендері анықталады. Ж.Нәжімеденов шығармаларының зерттелуі жайлы сөз болады. Ақынның табиғат, махаббат суреттеріне арналған өлеңдеріне талдау жасалынады. Ақын лирикаларында лирикалық

кейіпкердің туған жерге деген сүйіспеншілігін, табиғатты бейнелеуінде оқырманды еріксіз елітетін әсем суреттеулер, сүйіспеншіліктегі жалған сезімге қарсы бағыттағы шынайылықты дәріптейтінін көреміз. Бұл мақалада Ж.Нәжімеденовтің суреткерлік шеберлігі, ақынның поэтикалық тілі, өлең өрнектері қарастырылады. Ең алдымен, Жұмекеннің ақын және поэзия туралы ойын өлең кестелерімен берген толғақты ой-пікірлерін талдадық. Қаламгер бұл толғаныстарында поэзияның құпия қыр-сырларын ашады. Суреткердің оқырман алдындағы парызын, міндет-мақсаттарын анықтайды, шеберлік жолындағы ізденістері, өлең жазу процесіндегі сезім-күйлері арқылы беріледі.

Түйін сөздер: лирикалық кейіпкер, суреткерлік шеберлік, поэтикалық тіл, көркемдік ерекшелігі.

Аннотация:

Художественный характер произведений Жумекена Нажимеденова является одной из актуальных в современной казахской литературе. Целью данного проекта является более глубокое изучение поэтических произведений. Так как, несмотря на то, что творчество Нажимеденова неоднократно был предметом научного осмысления, художественный характер поэзии акына требует дальнейшего глубокого изучения. В научной статье подвергнуты всестороннему анализу материалы, касающиеся истории изучения творчества Ж.Нажмеденова, в результате чего определена их теоретическая значимость. В статье посвящен рассмотрению идейно-тематического содержания произведений Ж.Нажмеденова. Подвергнуты анализу стихи о природе и любви, характер работы со словом, использование тропов, звуковые особенности стиха, разнообразие и богатство красок в описании природы.

Ключевые слова: художественный характер, поэтическое мастерство, поэтическое язык, лирическое образы.

Annotation

The scientific project "Heroism in works of Zhumeken Nazhmedinov the actual problems. Consideration of art features of creativity of one of the prominent representatives of Kazakh poetry in the first half of XIX-th century Zhumeken Nazhmedinov can be carried to on of the actual problems in the field of literature. In spite of the fact the creativity of Zhumeken was subject of scientific judgement, art character of poetry of akyn demands the further deep studying. Work the materials, concerning stories of studying of creativity of Zumeken therefore their theoretical importance is defined the all – around analysis are subjected. In the conclusion researchers are summed up.

Key words: by fearlessness, resoluteness, amazing gift of belief, unshakable confidence of the correctness.

Жұмекен Нәжімеденов шығармашылығының дені поэзия, сондықтан оның қаламгерлік бітімі, шеберлігі, әдебиеттегі орны ақындығы арқылы белгіленеді.

Суреткер қазақ поэзиясын өзіндік жаңа эпитеттер, теңеулермен, өлең өрнегі дыбыстық әсем айшықтармен байытқан. Айшықтаудан Жұмекен Нәжімеденов тудырған тың арнаулар, қайталаулар, эпифора мен анафора психологиялық егіздеу қазақ поэзиясының бұл саладағы поэтикалық үлгісі болып табылады.

Суреткердің лирикасын талдамас бұрын оның лирикалық қаһарманы жөнінде айта кету жөн. Ақынның лирикалық қаһарманы — үлкен интеллект. Ол ұсақ-түйек төңірегінде, отбасы, ошақ қасында қалып қоймайды. Оның басты міндет етіп көтеретіні — адамгершілік, ар алдындағы борыш, ізгі қасиеттер үшін күрес, күллі өмірдегі адам ар-ожданына кереғар ұқсастықтардың бәріне қарсы майдан ашу, халықтық проблемалар, керек десеңіз, бүкіл планеталық мәселелер. Оның ойлайтыны — жеке бастың қамы емес, халық мүддесі [1,52]. Осындай биік парасаттылықты ту етіп көтерер қаһарман айналасындағы қиян-кескі құбылыстарға бейқам қарай алмайды.

Тыныштық өмір оған жат. Айнала етектен тартқан ескілік, мансапқорлық, көрсоқырлық, аярлық, опасыздық, қанпезерлік тынышын алып, түн ұйқысын төрт бөледі. «Өлең – сирена», - дейді Қадыр Мырзалиев. Бұл шындық екенін Жұмекен поэзиясы дәлелдейді. Әр өлеңі - ақын сезімінің сиренасы. Нәжімеденовтің лирикалық кейіпкері өзін әлем алдында, адамзат баласы алдында жауаптымын деп сезінеді.

Әр ақынның лирикалық кейіпкерінің өзіне тән мінезі, қан қызуы, яғни темпераменті болады. Қазақ ақындарының лирикасында ондай мінездің алуан түрін кездестіреміз. Ал Жұмекен кейіпкерінің мінезі басқа ешбір ақынның кейіпкеріне ұқсамайды. Демек, бұл - ақынның лирикалық

кейіпкер мінезін даралауда суреткерлік шеберлікке жеткендігінің белгісі. Жүмекеннің лирикалық кейіпкері байсалды, байыппен сөйлейтін, асықпай ой салмақтайтын, асып-таспайтын, еш нәрседен саспайтын, қандай іс-әрекет, құбылысқа болсын қарапайым да сезімтал жүрегімен қабылдап, жүрегімен дәріптейтін, жүрегімен айыптайтын парасатты тұлға. Онда жайлап айтса да, алыстан орағытып, тыңдаушысын да байсалдылыққа шақыратын, терең ойландыратын, алды-артын аспай-саспай бағдарлайтын қасиеті бар. Л.И.Тимофеев пен Н.Венгровтың «Краткий словарь литературоведческих терминов» деген сөздігінде мынадай анықтама бар: «*Гражданская поэзия — поэтические произведения, идеи, темы, образы которых непосредственно связаны с общественной жизнью и борьбой народа за свободу и счастье...*» [2,38.]. Осы айтылғанға сүйенсек, қай акынның да шығармаларын оның азаматтық лирикасын талдаудан басталады. Сол себептен біз де Жүмекеннің азаматтық лирикасын сөз басы еттік. Азаматтық яки әлеуметтік-саяси лириканың өзі шартты түрде бөлінген басқа лирикалардай емес, алуан түрлі тақырыптарға тарамдалып кететінін есте тұтқан жөн. Сол себептен бұл қомақты поэтикалық топтаманы талдауда жүйелілік болу үшін әр тақырыпты жеке-жеке қарастырамыз [3,68].

Ж.Нәжімеденовтің азаматтық үні «*Жүрегімде бір тамшы қан болса егер*» деп басталатын өлеңінде-ақ көрініс береді. Әп дегеннен акын ойлары кесек айтылған бұл шығарма Жүмекеннің күнделікті ұсақ-түйекті тілге тиек ететін акын емес, кесек ойлы, ірі де іргелі қаламгер болатындығынан хабар берген еді. Кеудеден шымырлап қайнап шыққан көңілдің ақ жамбысындай үлкен толғанысты туынды - ол. Кейіпкер өзін денені аралайтын бір тамшы қанға балап, сол қан сияқты туған жерді аралайтындығын айтады. Адам денесі қансыз өмір сүре алмайтын болса, ел де адамсыз өмір кешуі мүмкін емес. Адамға еш уақытта да тоқтау жоқ, сол әрекетінде мақсат-мұраттар мол. Адам демі - туған жердің демі. Тамшы қан тіршілік нәрі болса, кейіпкер де тіршіліктің биігін аңсайды, өзін елден бөлектей алмайды. Мәселен:

Мен кідірсем терім сүртіп бір сәтке,
Бүкіл дүние тұрып қалар секілді.

Осы екі-ақ тармақтағы мағынаға толы жолдарда өлеңнің бүкіл идеясы бар. Шындығында да, адамсыз, адам әрекетінсіз дүние қаңырап қалар еді. Қысқа да нұсқа бұл өлеңді Жүмекеннің азаматтық поэзиясының лейтмотиві дер едік. Басқа шығармалары осы өлең төңірегіне шоғырланып, биік идеяларға нұсқайды. Лирикалық кейіпкер өзінің ұлағатты сөзін барлық жылы жүректі, парасатты, ешкімді алалау дегенді білмейтін кеңпейіл адамдардың атынан айтады. Оның мінезінен терең идеяны адам өзін өмірден, тіршіліктен бөлек санамау қажеттігін, бар болмыс әлем бір-бірімен диалектикалық бірлікте екенін, шындықтан, өмірден оқшау өмір кешу мүмкін емес екенін айтады.

Акын - заман перзенті. Оны айқындай түссек, акын заман дүбірімен үндес, заман ағымымен бірге болуы керек. Заманның сағат сайын қояр сауалына жауап беру үшін жауапкершілікті сезіну - әр қаламгердің ең басты азаматтық борышы. Қоғамның жазылмаған заңы қалам қайраткерлерінен үнемі сергектікті талап етеді. Акын Жүмекен мұны терең сезінген. Оның кез келген өлеңінен өмірге деген ерекше құштарлықты көретініміз де осыдан. "*Жүрегімде бір тамшы қан болса егер...*" деген өлеңімен үндесіп жататын "*Соқ, сағат*" дейтін топтаманың да мәні терең. Лирикалық кейіпкердің пікірі әр оқырманның жүрегіне жол тапқандай, оқырманның өз сөзіндей болып естіледі. "*Өз көзіммен*" деп аталатын, акынның өмірге өзінше қарау кредосының жүзеге асқандығын дәлелдейтін жинағына енген өлеңдер бес бөлімнен тұрады. Акын уақыт, заман, өмір туралы ой-сезімдерін бес өлеңге тұтастырады. Бір-бірін күрделендіріп, байыта толықтырып тұрған әр бөлім нақты бір ой дiңгегiне ұласып, тарамдала дамиды [4,32].

Лирикалық кейіпкер заманның құбылмалы характерін дөп басып, дәл бағалауды мұрат тұтады. ХХ ғасыр - аласапыран төңкерістер, қарама-қарсы қаһарлы қақтығыстар ғасыры, есулер мен өшулер, жарылыстар мен жаңғырықтар, түрлі кереғарлықтар қаптаған, адам ойын талқандап, адам жүрегін тебірткен ғасыр. Секунд сайын елең еткізіп өмірде есепсіз проблемалық шиеленістер туындап, жаңалықтар да ашылып, самғаулар мен шарықтаулар болып жатқан ғасырда акында жайбарақаттық болуы мүмкін емес. Құлшынысқа, ұмтылысқа, өмірдегі өзгерістерге барлық жақсылықтар мен жамандықтарға сезімтал жүрек: «*Тағы бір ғажайып түн өтті - тек қана үлгірдім құмартып*» деп зулап бара жатқан заман екпініне, уақыт жүрдектігіне ілесу қиын екендігін ескертеді. Акын түннен кейін таң, бір таңнан кейін тағы бір таң жырын жаңа туған тәулікке үндестіре алмай дал болады.

Әдебиет зерттеушісі Төкен Ибрагимов бұл өлең жөнінде: «*Жас та елгезек кейіпкер (лирикалық кейіпкер) таңмен таласа тұрыпты. Мезгіл үнімен ояныпты. Кешегі өткен түннің, бүгінгі таңның құрдасы. Ойлана, сезіне тұрып, өмірді уақытпен, ойын жырмен өлшемек. Өзіне кексенің міндетін*

жүктеп, жастық құлшынысын құппатпақ, ет қызу, елегізу бар бойында. Елегізе беретіні - асығыс... Ендеше ақын тыншымайды, ғасырымыз тыншытпайды. Ақын рахаты ой үстінде» [5,175].

Сыншы ақынның уақыт алдындағы парызы жөнінде дөп айтқан. Ақынның лирикалық кейіпкері адал азамат атынан сөйлеген. Асығу, заман, қоғам көшіне ілесу, тіпті одан оқ бойы оза жүру ақынға ғана емес, ең бастысы, планета алдындағы жауапкершілігін сезінген адамға қажет.

Лирикалық кейіпкердің асығуы - жай ғана асығу емес, адам баласының бақыты үшін еңбекке құлшыну. Ал еңбек -алда не болатынын болжамай қара терге малшынып мақсатсыз жер қаза беру емес, «қол мен кеудеде сенім бар, бағыты бар еңбек - нәтижелі мәресі алдағы еңбек. Қай заман, қай қоғамда өмір сүрсең де өмір тірегі - осы еңбек екені айдай анық шындық, әлемді алақанымен аялап тұрған да еңбек», - дегенді айтады ақын. Кейіпкер адамзат баласының игілігі үшін бәріне де әзір. Ақын үні өз замандастарымен бір арнада, бір дауыспен, бірақ бөлек, өзіндік әуенмен шығады. Ол құштарлық үнімен өмірге, тіршілікке деген қамқорлығын сездіреді.

Ал бірақ сөгілсе дүние ұлтаны,
Өзімді шеге қып қағамын, -

деу лирикалық кейіпкердің қандай пікірдегі азамат екендігін айқындайды. Өмір өзгерісі күнмен, жылмен ғана шектелмейді. Онда сағат пен минуттан озуға талпыныс керек, себебі уақыт өзі-өзін қусырып келеді.

Секундтар қуалап бір-бірін,
Толқын боп соғады жарына.

Секундтар бір-бірін соққылап жатқанда, адамда қаперсіздік пен тыншу болмауы жөн. Адам бүгін істеген ісінің келбеті болашақ күнде тұруы үшін қызмет етуі қажет. Ақынның:

Алдағы күндердің жүзінен
Күлкімді көруге келем мен, - деуі содан.

Әр азамат мезгіл маусымындағы әр ісін салмақтап саралайды. Өйткені, лирикалық кейіпкер бүгінгі кеткен қателіктің қайта қайталанбауын, сөйтіп, уақытқа кесір-көлеңкесін түсірмеуін ойлаған қаракетінде «таң ата бала боп оянып, күн бата шал боп жататынын» айтып, жар салады. Өзгелерді де осыған шақырады.

Соқ, сағат!
Үш, қиял!
Ой, ізден!

Міне, үзеңгі қағыстыратын сағат, қиял, ой сияқты үш тұлпарды ақын осылайша ерекше атайды. Осылардың қайсысы бәйгенің жүлдегері болмақ. Ақынның оқырманды жетектеген ой өзегі - тек қана озу. Бұл жарыс додада кейіпкер «бар күшімді пайдаланам», - дейді. Өйткені асығу - өмір заңы.

Лирикалық кейіпкер өзінің құдіреттілігін, биіктігін де жария етеді. Өршіл оптимизм өлеңдердің бәрінің өн бойында үзілмейтін өрнек тапқан. Кейіпкер ғасыр дүбірін ауаның дірілінен-ақ түсінеді. Ол аспанның көп жұлдызының ішінен бірін алып жарына сырға қып ұсынады. Осындай ғажайып істермен аяқ басса ғана «секундтар саусағы санайды жүректер дүрсілін». Өлеңнен уақытпенен бірге аттаған «ертең мен бүрсігүнді» бүгінге айналдырған құдіретті адам бейнесін көреміз.

Жүмекен шығармашылығының алғашқы кезеңінің өзінде-ақ сәтті туған өлеңдер мол. Ақынның бұл кездегі жырлары оқырман көңілінен шықты. Сонымен бірге ол әдебиет сыншыларын да бейқам қалдырған жоқ. Өйткені, балғын қадам туындылары лирикалық кейіпкерлерінің бітімі бөлек, кесек еді. Алғашқы жинақтың өзіндегі "*Отан*" атты өлеңде туған ел алдындағы борышын ұғынған, өмірдегі өз орнын анықтаған адам бар. Ол өзінің өмірдің қонағы емес, қожасы екендігін жария етті.

Бел балаң ем, өсейін де шынығып,
Заводтарда болат илеп, шыны үгіп,
Семіруге келгенім жоқ өмірге,
Аулақ жүріп, ауа жұтып, тынығып, -

деген жолдар халық алдындағы үлкен міндетін сезінген адамның сөзі. Лирикалық кейіпкер өмірдегі жақсылық-жамандықты айыра отырып, оларға деген көзқарасын білдіреді. Қас шындықты жасырмай ашық айтады. Жаңа заман психологиясының адамы әрдайым осындай айқын да батыл

ойлы, басқаша болуы шындыққа кереғар.

«Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен?» деп басталатын өлеңінде адам қасиеттері мен мінездерінің қалтарыстарын, адамға байланысты басқа да болмыстарды қарапайым да қысқа өлең жолдары арқылы саралап береді. Өзі шағын болса да, идеясы қомақты шығарманың жүгін арқалап тұр. Өлеңдегі батырлық, байлық, адалдық, жалғандық, бақыт, арман сияқты дерексіз ұғымдар жанды бейнеге айналып, нақтылана көрінеді. Ақын қиялына, бұл адамдық белгілер оқырман санасында әртүрлі іс-әрекеттер жасайды. Мәселен, бейнелер лирикалық кейіпкердің үніне келеді. Ал лирикалық кейіпкер болса, сезіміне нұсқау бере сөйлейді. Бейнелер кезектесе келген сайын «Кім болды екен, сол емес пе екен?» деген болжамды сұрақ қояды.

Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен,
Батырлық па? - өз төрімде жайрандатам, түнетем.
Байлық болса, қулау болар, тура қара көзіне,
Кім де болса алдамасын, алданбасын өзі де.

Өлең осылай басталады, бейнелерге қойылар сауалдар жалғаса береді. Өлеңде бейнелер болмысына қарай екі түрлі көзқарас кезектесе алмасады. Оны кейіпкер басындағы драмалық ойлар туындатады. Кейіпкер табиғаты таза, адал адам, тірі пендеге жақсылық тілейтін, жақсылық жасайтын ғана қасиетке ие. Сондықтан оны жағымсыздық пен жақсылық жарыса отырып, қарама-қарсы ойларға жетелейді. «Өз төріме жайрандатам», «барым - әзір, көңіл хош», «кілем таста, дастарханым жаямын», «өмір бақи арқалайын, төзейін» деген тіркестер «қулау болар, тура қара көзіне», «тулақ таста, сүртіп шықсын аяғын» дегендерге түп-тура қайшы пікірлер. Шығармадағы мұндай қарама-қарсы пікірлер ақынның идеясын айқындай түсу үшін ерекше қызмет атқарады [5, 26].

Өлеңінен - өлеңіне ауысқан сайын күллі адам санасына қараңғыда жол көрсеткен шамшырақтай боп ақынның азаматтық үні алға бастап отырады. Адамгершілік парасат жылы жүректі адамдардың көкірегіне ұялай қалатын, қарапайым оқырман ойына келе қоймайтын, ол байқай алмайтын өмір қалтарыстарындағы құпиялар, ақынның өткір ойы қызықтыра береді.

Қорыта келгенде, аса талантты ақын Жүмекен Нәжімеденов өзінің қысқа өмірінде ұзақ ғұмырлы, өлмес, өшпес, әдеби мұра, саңлақ суреткерге ғана лайық өзінің әсемдік әлемін жасады. Оның ақындығының айрықша асыл, қайталанбас қастерлі құны мен қасиеті осында деп білген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Нәжімеденов Ж. Темірқазық. – Алматы: Жазушы, 1982. – 187б. – 52б.*
- 2 *Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1960. – 404б. – 38б.*
- 3 *Юсупов Қ. Жүмекен Нәжімеденовтың ақындығы. – Алматы, 1996. – 192б. – 68б.*
- 4 *Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212б. – 17б.*
- 5 *Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980. – 253б. – 175б.*

ӘОЖ 8.80.1751

Оспанова Ляйля Тоқабайқызы

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
жоғары санатты, I деңгейлі шебер-педагог,
№16 Т. Аманов атындағы ОМ, Семей қаласы

ОРТА МЕКТЕПТЕ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Мақалада орта мектепте Абай шығармаларын («Бірінші қара сөз», «Жетінші қара сөз») оқыту жолдары қарастырылады. Орта буын оқушыларына ұлы ақынның қара сөздерінің мәнін ашып, мағынасын жете түсіндірудегі тиімді әдістер талданады. Қара сөздердің тәрбиелік мәнін ашудағы аудиожазбаларды ұтымды пайдалану, баланың сыни ойлауын дамыта отырып, сөздіктермен жұмыс жүргізе білуге үйрету мәселелері қарастырылады. Осылайша өмірге түсінігі енді қалыптаса бастаған жасөспірім бала Абай қара сөздерінен өзіне қажетті рухани азықты ала отырып, біраз ойлана келе, адам деген атқа лайықты өмір сүрудің не екенін түсіне бастайды. Басқа қарасөздерін де оқуға ынтыасы артады.

Түйінді сөздер: қара сөздер, рухани азық, данышпан ақын, әдебиет, мәдениет, қоғамдық ой-сана.

Аннотация

В статье рассматриваются пути изучения произведений Абая в средней школе («слова назидания 1», «слова назидания 7»). Для учащихся среднего звена анализируются действенные методы раскрытия смысла и осмысления слов назидания великого поэта. Рассматриваются вопросы рационального использования аудиозаписей в раскрытии воспитательного значения слов, обучения умению работать со словарями, развивая критическое мышление ребенка. Таким образом, ребенок-подросток, понимание жизни которого только начинает формироваться, получает от слов Абая необходимую ему духовную пищу и, немного подумав, начинает понимать, что значит жить достойно человека. Также повышается мотивация к чтению других слов.

Ключевые слова: слова назидания, духовная пища, гениальный поэт, литература, культура, общественная мысль.

Annotation

The article discusses the ways of teaching Abay's works ("the first Kara Soz", "the seventh Kara Soz") in secondary school. Students will be able to reveal the meaning of the great poet's words of edification to middle-level students and analyze effective methods of explaining their meaning. The issues of rational use of audio recordings to reveal the educational essence of words of edification, teaching the child the ability to work with dictionaries, developing critical thinking are considered. Thus, a teenage child whose understanding of life has just begun to form, having received the necessary spiritual food from the words of Abay Kara, after thinking a little, begins to understand what it means to live a life worthy of the name of a person. The desire to read other words also increases.

Keywords: words of edification, spiritual food, a brilliant poet, literature, culture, social thought.

Ұлы Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп бағалап, алғашқылардың бірі болып оның ақындық зор тұлғасын дәл сипаттап, әдебиет, мәдениет пен қоғамдық ой-санамыздың дамуындағы орасан зор маңызын тұжырымды түрде айқындап берген Ахмет Байтұрсынұлының осы бір нұсқалы сөзін есте тұта отырып, айту парыз деп ойлаймын. Бұл бүгінгіге дейінгі өрістетіліп, кеңейтіліп, әртүрлі бағытта нақтылай айтылып келе жатқан сан алуан пікірлердің тірегі, алғашқы түйіні, асыл ұрық, дәні, ақиқат түйірі деуге лайық, өйткені ол жай әншейін әлдеқалай айтыла салмай, әбден барлап, ойлап, тереңіне бойлап, байыбына барып, мәнісін жете аңғарып айтылған түйінді ой-тұжырым. «Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын,

қасиетін қармай жазады. Оның сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз», - деген еді.

Қазақ даласын торлаған надандық түнегінде шамшырақтай сәуле төгіп, болашақ ұрпаққа өз шығармаларымен жол көрсетіп, жөн айтып, артында өшпес із қалдырып кеткен Абай атамыздың қарасөздері туралы әңгіме тіпті бөлек. Ақынның өлеңдерін бастауыш сыныптан жаттап өскен балалар, әр өлеңнің қазақ баласы үшін қаншалықты құнды дүние болып табылатынын жүрегімен сезіп, санасымен түйсініп өседі. Әр сөзін ұстазының көмегімен түсініп алуға тырысатыны анық.

Орта буынға өткенде бойы мен ойы өскен балаға енді Абайдың қарасөздеріндегі философиялық ой мен терең тәрбиені, өмірлік ұстанымды, болашаққа бағдар беретін тәлімді түсініп, санасына сіңіру мәселесі тұрады. Осындай кезде қазақ тілі мен әдебиет пәні сабақтарында өтілетін Абайдың біраз қарасөздерінің мәнін ашып, мағынасын түсініп алуы өте қажет дүние. Әдебиетті меңгерген балаға басқа пәндерді меңгеру де оңай деп ойлаймын. Бұл бір жағынан өтпелі кезеңде тұрған баланы түзу жолға салып, болашағына ойлана қарауына үлкен әсер етеді.

Мектеп бағдарламасында Абайдың қарасөздерін оқыту 6-сыныптан басталады. Қазақ әдебиеті пәнінің бір тоқсанында өтілетін барлық тақырып «Абайды оқы, таңырқа!» деген бөліммен берілген. Бұл мұғалім үшін әрі өте күрделі, әрі өте жауапты бөлім екені айдан анық. Себебі, осы бөлімнен алған білімдері, түсініктері бала үшін адамгершіліктің, Абайды танудың алғашқы баспалдақтары болып табылады. Абайдың өмірі мен шығармашылығынан басталған бөлім, ақын шәкірттерін, ақын шығармаларының зерттелуін, бірнеше өлеңін талдай келе, «Бірінші сөзін», «Жетінші сөзін», «Отыз бірінші сөзін» қамтиды. Осы қарасөздерді бала түсінігіне лайықтап, әр сабақта шеберлікпен түсіндіре білу – мұғалімнен үлкен жауапкершілікпен қатар, шеберлікті де талап етеді.

Ақын шығармашылығын бастау алдында оқулықта берілген *«Абай – өз халқының ең ардақты, аяулы арманын, ой-пікірін, терең сезім-сырын, ұлттық мінез-құлқын жеріне жеткізе жырлаған, жарқын бағыттағы жаңа жазба әдебиеттің атасы, қазақ көркем әдебиетінің көрікті тілін ұстартқан, құдіретті ақындық өнерімен үлгі-өнеге жайған классик ақын»*, - деген Абайтанушы ғалым Қайым Мұхаметхановтың сөзін түсіндіруден, мәнін ашудан бастаған жөн деп ойлаймын. Бала түсінігіне лайықтап түсіндірсе, шын мәніндегі Абайға қандай баға берілгенін бала сезіне бастайтыны анық деп ойлаймын.

Абайдың бірінші қара сөзін оқытуды бастағанда-ақ ақынның осы сөздерді жазудағы мақсатын түсіндіріп, мәнін ашып беру қажет. Бұл сабақта алдымен құлағына жағымды естіліп, сөздердің әуезін құлағына сіңіру үшін қарасөздің аудиожазбасын тыңдатамын. Әрине, бірінші тыңдағаннан баланың сөздің әуеніне елтуден басқа мағынасын бойламайтыны анық нәрсе. Келесі кезекте ең алдымен баланың ойын қозғау үшін сұрақтар қойылады. Мысалы: «Адам біреуге не үшін ақыл айтқысы келеді?», «Сен кімге өзің білетін өмір тәжірибені туралы айтар едің?», «Жанашыр болу дегенді қалай түсінесің?», «Ұстаздарыңды саған жанашыр адамдар қатарына қосасың ба? Неге?», «Ал Абайды осы қатарға қоса аласың ба? Неге?» т.б. осындай сұрақтар қою арқылы ақынның қарасөздер жазудағы мақсатына біртіндеп әкелуге болады. Келесі кезекте оқулықтағы «Бірінші қарасөзді» өздеріне оқып шығуды тапсырдым. Түсінуге қиындық тудырған сөздер болса, сөздікпен жұмыс жүргізіледі. Бала құлағына сіңіру үшін «Бірінші қарасөздің» аудиожазбасын қайта тыңдауды ұсындым. Осыдан кейін-ақ оқушылар сөздің мәніне жете бастады. Өздері не түсінгенін ортаға салды. Топтаса отырып, «Бірінші қарасөз» бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін анықтады. Әр топ өз нұсқасын оқи отырып, қателері болса түзетіп, ортақ шешімге келді. Осылайша, Абай айтқан «ел бағу», «мал бағу», «ғылым бағу», «бала бағу» сөздерінің мәнін түсінеді, яғни адам баласы өмірде өз орнын тауып, өзіне лайықты сүйікті іспен айналысу қажет екенін біледі. Бұдан әрі бала «Абай осы 45 қарасөзінде тағы не айтты екен» деп ойға қалып, қызығушылығы артады. Абайдың неге халық жанашыры болғысы келгенін білгісі келеді.

Ең алғашқы қара сөзінде алдағы өмірінде нені кәсіп қылып, қайтіп өткізетіні жайлы талқылап, жазған. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, соғылық қылып дін бағу, балаларды бағу - қажып, жер

ортасы жасқа келгенде бұлардың ешбірін кәсіп қылғысы келмеді. Осы уақытқа дейін қылып жүрген істерінің байлаусызын, баянсызын, барлығының қоршылық екенін 1-ші қара сөзінде атап көрсетеді. Қорытындысында ойына келген нәрселерді қағазға жазып, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылуды жөн көреді: «Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керекті жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - деп ойын түйіндейді.

Сондықтан Абай қарасөздерін осы «Бірінші сөздерінен» бастаған өте орынды болған деп ойлаймын. Жоғарыда айтылғандай ол өз өмірінде, жалпы қазақ елінің өміріндегі кемшіл тұстарды айқындап жазып, тіпті қазақтардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізіп осыдан жиреніндер деп өсиет етеді. Бір сөзінде мақтаншақтық жайлы сөз қозғаса, енді бірінде иман жайында жазады, ал енді бірінде қазақтарда кең қолданысқа ие болған алайда еш мағынасы жоқ, мағлұм болған мақалдарды сынай отырып оқырманға оның дұрыс, бұрыстығын нұсқап көрсетеді. Қара сөздерінің қайсысы болмасын қазақты жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан жирендіру үшін түрлі әдіспен сөздерден маржан түзіп әсерлі етуге барын салғандығы бала санасына ұялап, жүрегінен орын алуы керек.

Осы бөлімде бұдан ары қарай Абайдың «Жетінші қара сөзі» беріледі. Бұл сөзде адам мінезі туралы жан-жақты түсінік беріледі. Жалпы, өмірде адам баласының көркем мінезі - оның нағыз болмысын танытатын нәрсе. Сондықтан мінезді тәрбиелеу – тәзіңнің адамдық болмасынды тәрбиелеу екенін бала түсуі керек.

«...Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!», - дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.» Қара сөздің негізі түйінін ашатын осы бөлімін ерекше түсіндіріп, мәнін ашу қажет. Ол үшін «**жанның тамағы**», «**тән**», «**бас ұрғызу**», «**ауылдағы боқтық**», «**жанның билеуі**», «**жанды тәнге бас ұрғызу**», «**көкіректе сәуле жоқ**», «**көңілде сенім жоқ**», «**хайуан**», «**күре тамырымызды адырайту**» сияқты сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін ашу өте маңызды. Осы сөздерді оқушылармен бірге талдай отырып, қара сөздің мән-мағынасы ашылады. Келесі кезекте осы тірек сөздер мен сөз тіркестерін басшылыққа алып, балаларға өз түсінгенін әңгімелетіп айтқызуға болады.

«Абайдың «Жетінші сөзінде» ұшырасатын «жанның тамағы» деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Осы себептен де Абай: «... құмарланып, жисған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», - деп қайыра түсінік беріп отыр...

Абайдай ұстаз ақынның бұл «Жетінші сөзде» көздеген мақсаты адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіндіру еді. Міне, Абайдың ағартушылық көзқарасының тамыр алған бір саласының қайнар көзі осы жақта жатыр» - деп Уикипедия ашық энциклопедиясында «Жетінші қара сөз» туралы түсінік береді. Олай болса біз де б-сынып оқушысына «жанның тамағы» сөзінің мағынасын түсініп, мәніне терең бойлай алуына көп көңіл бөлуіміз қажет.

Ұлы Абайдың әрбір сөзінің салмағы бар. Адамгершілік қасиеттердің жақсысын үлгі етіп, жамандықтан аулақ болуға насихаттап отырды. Туған халқының жағымсыз мінездерін кейде әзілдей, кейде сынай, кейде ащы мысқыладай отырып өлеңге қосты. Мұнысын туған елінің өзге жұрттан кенже қалмауын уайымдау еді. Меніңше, әр қазақстандық азамат Абайдың бір өлеңін жатқа оқып, қара сөздерін көкірегіне түйіп жүрсе игілікті іс болар еді.

Отыз бірінші – қара сөз көлемі шағын. Бірақ, білім беру мен үйренудің алтын ережесі сияқты

мағынасы зор. Қазіргі өркениет қарыштап дамыған заманда осы сөзді көңілге түйіп алсақ болады.

Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар:

Әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек;

Жай ғана естіп қоймай, оны көкірекке берік байлау керек . Яғни жүректе сақтау керек.

Екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; Мұнысы жай есту немесе көру емес. Сол жайдан үлгі алу керек. Өз бойыңнан өткізу керек, бар ынтаңмен, сүйіспеншілікпен ұғыну керек. Үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; Оқығаныңды немесе үйренгеніңді ұмытпас үшін бірнеше мәрте қайталап ойлану, сосын барып көңілге бекіту. Ой мен жүректе қатар сақтау. Жүректен орын алған нәрсе ешқашан ұмытылмақ емес. Төртінші ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса салынбау керек-дей келе ой кеселдеріне тоқтап айта кетеді.

Қазіргі мектеп оқушылары мен жасөспірімдерде кездесетін жағымсыз қылықтармен ұштастыра айтуға болады. Әлеуметтік желі ақпараттарын шамадан тыс пайдалану. Компьютерлік ойын түрлеріне салынбау турасында айтылып отыр десек те қателеспейміз. Бұл тәрбиеге қатысты айтылса керек.

Бастысы – қоғамдағы немесе өз басыңдағы оқиғалардан сабақ алу. Жақсыны естісең қуанып, өзінде мұндай игі іс қылмаққа талпыну. Ал жағымсыз әдеттерге салынбау жөн. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену керек.

Осылайша өмірге түсінігі енді қалыптаса бастаған жасөспірім бала Абай қара сөздерінен өзіне қажетті рухани азықты ала отырып, біраз ойланып, адам деген атқа лайықты өмір сүрудің не екенін түсіне бастайды деп сеніммен айтамын. Әр сабақ бала үшін қызықты болып, Абай ақынның шығармаларын жаңа қырынан таныған сайын таңырқай түсетінін байқадым. Бір оқығанда түсінбеген, бүкіл қазақ баласы шығармаларын құмартып оқып, таңдай қағатын Абайдың шын мәнінде данышпан екеніне көзі жете бастайды.

Қара сөздің барлығын публицистикалық шығарма деп тануға әбден болады. Себебі қайсы-бірін оқысаңыз да санаңызға қозғау салып, ойыңызды шымырлата түспегі анық. Тіпті білім-ғылым жайында жазылған қара сөздерден ерекше қуат алып, мотивация алатын жандар да баршылық. Әрбір қазақ азаматы осы қара сөздерді оқып шығуға міндетті деп санаймын. Өлбетте, ол ұлтының нағыз жанашырын тәрбиелеп шығаратыны анық. 45 қара сөздің барлығын да жаттап алған жастардың саны бүгінгі күні аз болса да алдағы уақытта көбейетініне сенемін. Бірлікке, тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап алмасқа?!

Ақыл, жүрек, қайрат үшеуін бірге ұстап, Абай атамның нұсқауымен жүрсек келешегіміз жарқын, болшағымыз баянды болары сөзсіз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Абай. Қара сөздер.* - А., 2003.
- 2 *Қазақ әдебиеті оқулығы. А.С. Ақтанова, А.К. Жундибаева, Л.К. Жұмекенова.* – Алматы: «Атамұра», 2018.
- 3 *Мұғалім кітабы. 6-сынып. Қазақ әдебиеті. Г.Д.Рыскелдиева, М.Т.Иманбаева, С.Қайыпжанқызы. А.: «Арман-ПВ» баспасы, 2018.*
- 4 *Бейсмолдаева А. Абай Құнанбаевтың отыз бірінші қара сөзіне // «Білім айнасы» газеті, 2019.*
- 5 *Уикипедия – ашық энциклопедия материалдарынан.*
- 6 *Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны // «Қазақ газеті», 1913 жыл («Абай» ақпараттық порталы, 15.01.2011ж.).*

Сағимова Гулнур Кузтаевна

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

№148 мектеп-гимназиясы

Алматы қаласы

МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация

Мақалада М.Өтемісұлы шығармашылығының көркемдік ерекшелігі қарастырылады. Махамбет шығармаларының зерттелуі жайлы сөз болады. Махамбет шығармаларындағы ең басты сарын – ерлікке, батырлыққа шақыру, дұшпаннан именбеуге, тайсалмай шабуға жігерлендіруге арналған өлеңдеріне талдау жасалынады. Мақалада М.Өтемісұлының суреткерлік шеберлігі, ақынның поэтикалық тілі, өлең өрнектері қарастырылады. Ақын шығармаларының тілі туралы да ғалымдардың жеке ой-пікірлері айтылады. Тілдік құралдарды ақын қалай қолданды, олар қандай дәрежеде көрініс тапты деген мәселелерге талдау жасалынады. М.Өтемісұлы өзінің шығармашылық сапарында эпикалық құлашын да кең танытқан тамаша талант. Ақын поэзиясының көркемдік ерекшеліктері, тілі мен стилі мен тегі жалпы поэтикасы нұсқалы бай. Ол арғы – бергі замандағы қазақтың әрлі де нәрлі асыл сөздерін мол игерген, жете меңгерген және өз шығармаларына сіңірген. М.Өтемісұлы шығармаларының көркемдік сипаты жоғары дәрежеде. Сондықтан да ақын өлеңдері күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай келеді.

Түйін сөздер: лирикалық кейіпкер, суреткерлік шеберлік, поэтикалық тіл, көркемдік ерекшелік.

Аннотация

В статье подвергнуты всестороннему анализу материалы, касающиеся истории изучения творчества Махамбета Утемисова, в результате чего определена их теоретическая значимость. Также, в статье посвящен рассмотрению идейно-тематического содержания произведений Махамбета Утемисова. В нем подвергнуты анализу стихи поэта, призывающие народ не терпеть более унижения и притеснения, встряхнуться и выступить на борьбу за свое человеческое достоинство и свободу. Простые и конкретные, впечатляющие и неоспоримые, своей яркой метафоричностью они оказывали глубокое воздействие на восставших. Стихи поэта отличает бесстрашие, решительность. В статье рассматривается поэтическое мастерство Махамбета Утемисова. Также, в статье речь идет и о языке произведений поэта, о том, какие языковые средства он использует. Произведения Махамбета Утемисова обладает высоким художественным уровнем и является значительными по содержанию. Поэтому они и сегодня потеряли своей актуальности.

Ключевые слова: художественный характер, поэтическое мастерство, поэтическое язык, лирическое образы.

Annotation

In the main part of the work the materials, concerning stories of studying of creativity of Mahambet therefore their theoretical importance is defined the all-round analysis are subjected. In the conclusion researches are summed up. In the verses the poet called the people not to bear more of humiliation and oppression, to be stirred up and act on struggle for the human advantage and freedom. Simple and concrete, impressing and conclusive, the bright metaphoricalness had deep influence on the fighters. The verses of the poet are distinguished by fearlessness, resoluteness, amazing gift of belief, unshakable confidence of the correctness. The poetry of Mahambet was full of noble sweep, «a sharp sword», not knowing rest and mercy. As it is known, poetic appeals of Mahambet possessed enormous force. Having developed traditions of heroic singers, he has considerably deepened the personal beginning, rethought the old genres and forms of expression of poetic thought, transformed habitual images of the Kazakh poetry, strengthened social motives which have led to occurrence in the history of Kazakh poetry of civil lyrics. The present work is one more attempt to shine, deepen and add the researches devoted to consideration of a spiritual heritage of Mahambet Utemisov.

Key words: by fearlessness, resoluteness, amazing gift of belief, unshakable confidence of the correctness.

Махамбет – ақындық мақсатын ел мүддесімен ұштастыра білген азамат ақын. Халық қамы үшін атқа мініп, жауына қарсы өзінің жалынды сөзін жай оғымен қатар жұмсады. Ақынның өжет сөздері батырдың беліндегі ақ семсер, алмас қылыштай қиып түсер өткір қарудан кем емес еді. «Хан жақсылардың» бет пердесін ашып, ақын оларды халық алдында әбден әшкеріп етті. Көтерілісшілердің көзін ашып, санасын оятты. Ел басына қара түнек орнатушы хан-сұлтандар екенін алғаш ашық түсіндіруші Махамбет болды. Махамбеттің тілегі, ісі, жүрегі халықтан еш уақыт бөлінген емес. Керісінше, халықтың, көтерілісшілердің қалың қауымының мүддесімен ұштасып жатады.

Махамбет шығармаларын зерттеушілер ішінен профессор Қ.Жұмалиевтің еңбегін ерекше атап өтуіміз қажет. Ғалым «Егеулі найза» атты кітабын түгелдей Махамбетке арнаған. Бұл еңбекте Махамбеттің өмірі, шығармашылығы кеңінен сөз болады. Ғалым: «Жарқын талант, ер жүрек батыр, ісімен де, сөзімен де кейінгі ұрпақтарын таң қалдырған М.Өтемісов қазақ әдебиетінің тарихынан ерекше орын алады», – деп ақынға жоғары баға берген [1,12].

Сондықтан да, академик Қ.Жұмалиев еңбектері ішінде Махамбет мұрасына арналған зерттеулері бір шоғыр дүние. Белгілі ғалым Қ.Өмірәлиев: «Қазақ әдебиеттану ғылымында Махамбет творчествосын барынша көп, әрі барынша терең зерттеген академик Қ.Жұмалиев болды», – деген еді [2,49].

Қазақ әдебиеттану ғылымында Махамбет шығармашылығын көп әрі барынша терең зерттеген академик Қажым Жұмалиев былай дейді: «Махамбет - өзіне дейінгі халық әдебиетінің барлық табыстарын толық меңгеріп, кемшілігін қайталамай, өз бетін, өз стилін айқындап, әдебиетте көрнекті із қалдырған ақын... Махамбет – лирик ақын. Оның өлеңдерінде өзінің көңіл-күйі мен ел сезімі ұштасып жатады. Сондықтан оның лирикасын, ең алдымен, әлеуметтік сарындағы саяси лирик деп айтуға тура келеді. Қоғамның топқа бөлінуінің негізінде таптық күрес саяси таптық жырларды туғызады. Қоғамның тапқа бөлінуі және сол тапқа бөлінудің негізінде таптық күрес туады да, сол таптық күрес қазақтың фольклорынан айқын көрінеді. Соған қарағанда, саяси лириканың бастамасы ауыз әдебиетінде жатыр. Демек, Махамбеттің де саяси лирикасының бір тамыры фольклормен байланысты» [3,105].

Қ.Жұмалиев осы еңбегінің екінші бір жерінде ақында бар өлең түрлерін сөз ете келіп былай дейді: «Махамбет өлеңдерінде... үгіт өлеңдерімен қатар, лириканың басқа да түрлері бар.

Қазақ фольклорында дүние салған адамның тіршілікте істеген іс-әрекеттерін әр жағынан алып, толық баяндап жырлайтын жоқтаулар, естіртулер көп кездеседі. Махамбет өлеңдерінің кейбіреулері фольклорда кездесетін жоқтау өлеңдерінің қысқа түріне жақындайды...

Өйткені, эпитет, метафора, теңеуді алсақ, көбіне фольклордан алынған поэтикалық тілдер». Ал енді бір ретте Махамбет өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін сөз ете отырып, Қ.Жұмалиев: «Оның кейбір өлеңдерін лиро-эпикалық түрге жатқызуға болады... Лирикалық сезінуге бөлене отырып оқиғаны баяндау лиро-эпикалық жырларға тән нәрсе екендігі кімге де болсын мәлім. Бұлай баяндау сарыны (мотив) Махамбеттің «Соғыс», «Мінкен ер», «Баймағанбет сұлтанға айтқаны», «Исатай сөзі» деген өлеңдерінен айқын сезіледі.

«Соғыс» деген өлеңінде Махамбет көтерілісінің әрбір кезеңдерін тарихи оқиғаның ізіне сәйкес етіп суреттейді.... Бір қарағанда осы «Соғыспен» өрістес біркелкі өлеңдерді тіпті тарихи жыр өлеңдер тобына жатқызуға болатын тәрізді. Бірақ бұл өз алдына жеке тексеруді керек ететін мәселе. Өйткені, ауыз әдебиетіндегі белгілі бір түр саналатын тарихи өлеңдер (лиро-эпикалық жыр емес, қысқа өлеңдер) бізде әлі зерттелген емес. Махамбеттің бұл тектес өлеңдерінің ауыз әдебиетіндегі қысқа тарихи өлеңдермен байланысы айқын [3,107].

Ақынның «Баймағанбет сұлтанға» деген толғауы да реалистік туынды, Махамбет хан-сұлтандарға алғашқы болып халық қарғысын жеткізген өр ақын. Ол Исатайдың ерлік тұлғасын баяндап, сол арқылы күреске шыққан халықтың күрескер бейнесін береді. «Мінкен ер», «Тарланым», «Еңселігі екі ел», «Тайманның ұлы Исатай», «Біз неткен ер», «Туылған ұлдан не пайда», «Арғымақтың баласы», «Исатай деген ағам бар». Ақын өлеңдерінің сыры терең. Ол көтеріліс басылғаннан кейінгі жағдайды да шыншылдықпен бейнелейді. Исатай қаза тауып, басшысынан айырылған ел күйін былай жеткізеді:

Бұлайдай ерді кескен күн,

Біздің ер Исатай өлген күн.
Он сан байтақ бүлген күн,
Орта белінен сырлаған
Оқ жаңбырдай жауған күн.
Оң қанатын теріс жайып,
Лашын қуға төнген күн.
Желпілдеген ала ту,
Жиырылып ойға түскен күн.
Қос бәйтерек жығылып,
Жығылғаны естіліп
Алыстағы дұшпанның,
Қуанып көңілі тынған күн.

Ақынның «Күн болған» өлеңінде литотаның тамаша үлгісі бар. Бұл көтерілісшілердің қайғылы күйін сипаттайтын шерлі шумақтар. Оның «Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ» немесе «Аспандағы бозторғай» өлеңдерінде де ел қайғысы берілген, ер өлімін айта отырып, ол жауға деген өшпенділікті өршітеді жігерлі қайратқа жаниды. Өзіне ерген жорықшылардың көңілдерін көтеріп, қажу мен мұңнан сейілтіп отырған.

Махамбет өлеңдерінде кездесетін ақындық «мен» айрықша. Онда халықтың ерлігі, өрлігі, қайраты, ақылы тоғысқан. «Мен ақсұңқардан туған құмаймын», «Мен тауда ойнаған қарт маралмын», «Томағалы сұңқар мен едім», «Боз ағаштан биік мен едім», «Таудағы тарлан шұбар біз едік», «Мен шарға түскен қара балта едім», «Мен ақсұңқар құстың сойы едім», «Мен кес-кекті ердің сойымын», «Шамдансам шығар асаумын», «Шамырқансам сынар болатпын», деп келетін ауыстырулар көркемдеу құралдарының сан алуан құбылып тұратынын көрсетеді. Бір ғана «Тарланым» деген өлеңін алайықшы:

Кермиығым кербезім,
Келіскендей шандозым.
Құландай ащы дауыстым,
Құлжадай айбар мүйіздім.
Қырмызыдай ажарлым,
Хиуадай базарлым,
Теңіздей терең ақылдым.
Төбіренбес ауыр мінездім,
Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен...

Ой мен көркемдік күмбезі шеберлікпен тұрғызылған бұл жырдың тыңдаушысын эстетикалық ләззатқа бөлері рас. Бойдағы арман мен ерлік қабаттаса келіп, асқақ жыр шумақтарына айналған. Ақын ойы күрес толқынынан туындап, күрес толқыны ақын ойына айналған үйлесім іздерін оның әр жырынан көреміз. Батырлар жырының тегеурінді сарынын қолданған оның сөзі күрес идеясына толы.

Қ.Жұмалиев өз зерттеулеріне оның жыр шумағында қайталанып келетін басқы бір дыбыстың өзі ой екпінін арттырып тұрғанына да назар аударған болатын. Жырда ұйқас тәртібі, буын өлшемі аралас келе беретін болғандықтан, оның өлеңдері 7-8 буынды, 11-12 буынды да болып келеді. Махамбеттің көп қолданған ұйқасы шұбыртпалы ұйқас, «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн» т.б. Кейде кезекті, қаусырмалы, ерікті, асқақ, егіз ұй-қастарды да қолданған. Махамбетке тән бір ұйқас түрі – ішкі ұйқас. «Толарсақтан саз кешіп». Мұнда тұтас шумақтардың соңы ғана ұйқасып қалғаны айтар ойға бағынып тұрады (а,б,в,г,д,ж) мәселен, «Жайықтың басы көк шалғын» деген өлеңінің ұйқасы ерікті, оның кей тармақтары ғана ұйқасады. Өлең негізінде ішкі ұйқасқа құрылған [3,117].

Махамбеттің ақындығы өршілдік рухтың дабылы. Қазақ поэзиясында өзіндік бет-бейнесі бір жосын дауылпаз келетін бұл жырлар көтерілістің от-жалынында жарқырап тууымен ерекшеленеді. Демек, ақын өлеңдерінің де ерлікке шақыру, батырлыққа үгіттеу сарынында болуы да сол себепті.

Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы... Бүкіл ХІХ ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған ақын болған емес. Алды да, арты да бір өзі», – дейді М.Әуезов [4,25].

Демек, біз белгілі жазушы пікірін негізге ала отырып, Махамбет өлеңдерінің басым көпшілігін ерлік тақырыбына арнады. Махамбет семсерімен де, семсердей жырларымен де қараңғылық көгін қақ жарып, азаттық жолында мерт болған айтулы ақын, адуынды батыр. Оның жырлары мәңгі өшпек емес. Өйткені, ол елмен біте қайнасып, бірігіп бір әлемге айналып кеткен. Махамбет өлеңдерінде елдің рухы биік, асқақ азаттықты аңсаған халықтың ұраны мен арманы ерекше көрініс тапқан.

Ендеше, Махамбетті әдебиетке алдымен өршіл рухты ақын ретінде танығанымыз жөн. Талай жылдар мен ғасырлар өтсе де Махамбат жырлары мәңгілік өшпестей із қалдырды.

Ал Махамбеттің ісі мен жырына ондай қауіп төнген емес, төнбейді де. Олай болатыны, оның батырлығы бір жекпе-жектегі қайраты емес – жалпы адам бойындағы қайсарлық пен ерліктің символы. Жыр-толғауы бір кезеңнің баяны емес – күллі адамзатқа тән азаттық пен теңдіктің өшпейтін ұраны. Махамбет сонысымен мәңгілік!

Махамбет күрескер, ақын және өз кезеңіндегі, әсіресе қазіргі заманғы әлемде даңқты қоғамдық қайраткер ретінде бағаланып келді, бағалана береді де. Бабамыздың елім, жерім деп еміренгені, осы арманы ғасырлар жаңғырығымен жаңа ұрпақ толқынына да келіп жеткендей.

Боз ағаштан биік мен едім,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
Ел құтқарар ер едім,
Жандаспай ақыры бір тынған, –

деген патриот ақын дегеніне жете алмай, қапыда қаза тапса да, оның халық сүйіспеншілігіне бөленген ер тұлғасын, күрескер ерлік бейнесін өз өлеңдерінен айқын көре аламыз.

Махамбеттің қай өлеңін алсақ та ол жамбасы жерге, басы жастыққа тигенше халқын сүйген мұнын жырлаған ақын екендігін дәлелдейді.

Махамбет өлеңдері – тарихта болған оқиғалардың көркем кестесі, ер намысы, ел рухы! Сондықтан да Махамбеттің керемет дарыны мен ереуілді ерлігін айырып айту қиын. Қалам мен найза – ақын Махамбет пен батыр Махамбеттің қос қаруы. Осыған байланысты да ақын өлеңдерінің ерлік сипаты күшті болып отыр.

Махамбет Өтемісұлының құдіретті дарын иесі екендігі оның сыршыл да шыншыл, өткір өлеңдері мен дауылпаз күйлерінен көрініс тапқан. Бұл шығармалардың көркемдік мәні өте бай, сондықтан да тәрбиелік қуаты шексіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Жазушы, 1979. – 12б.
- 2 Үсенбаев Б. Еменнің иір бұтағы // Ақ желкен, 2002, № 6 – 49б.
- 3 Өмірәлиев Қ. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976. – 107-117б.
- 4 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Қызылорда: Ташкент, 1927. – 25б.

ӘӨЖ 821.09

Сарбасов Болатхан Серғазұлы
филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор м.а.,
Сарбасова Индира Сергазиновна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Көкжота ОМ ШҚО Көкпекті ауданы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШЫНДАҒЫ» СӨЗ ӨНЕРІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Тәуелсіздік кезеңінде қазақтың ұлттық тілі мен әдебиеттану ғылымының іргетасын қалаған ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, қазақ әліпбиінің реформаторы, түрколог Ахмет Байтұрсынұлының (1872-1937) шығармашылық зертханасы, әдебиеттанулық мұрасы сан алуан бағыттағы зерттеулердің нысанына айналатыны күмән туғызбайды, себебі А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926) атты ғылыми-теориялық еңбегін бүгінгі күн талаптарына лайық әлемдік әдебиеттану ғылымының аясында жаңаша көзқарас пен жаңаша ойлау тұрғысынан жан-жақты қарастырудың қажеттілігі мен маңыздылығы өте зор. Тәуелсіздік кезең тұрғысынан алып қарастырғанда А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ тіліндегі әдеби-теориялық ұғымдар жүйесін тұңғыш рет қалыптастырған іргелі еңбек ретінде зерттеу бүгінгі күн талабы екені анық. «Туған топырағымыздағы әдебиет теориясының басы» (З.Қабдолов) «Әдебиет танытқышының» ғылыми негіздері мен ондағы ғалым қалыптастырған «пән сөздерінің» өзіндік ерекшелігі тілдік тұрғыдан да, поэтикалық жағынан да тереңдете зерттеуді қажет етеді.

Түйін сөздер: жанрлық талдау, стильдік талдау, аналитикалық талдау әдебиеттану принциптері.

Аннотация

Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1938) – основоположник и реформатор казахской филологии (языкознания и литературоведения), ученый-тюрколог. «Әдебиет танытқышы» (1926) – «Теория литературы» А.Байтұрсынұлы является первым фундаментальным трудом по теории казахской словесности, востребованным и сегодня в период Независимости. А.Байтұрсынұлы впервые рассматривал в казахском литературоведении теорию словесности на казахском языке с точки зрения национального духа. Ученый классифицировал казахскую литературу по жанрам и стилям, рассматривая их в контексте мировой литературы. Он впервые предложил периодизацию истории казахской литературы. Именно в этом труде теоретик литературы и культурологии А.Байтұрсынұлы впервые объяснил суть и предназначение литературы как вида словесного творчества. Фундаментальные положения ученого о казахском стиховедении впервые сформулированы в этом исследовании. В советское время основные научные литературоведческие и лингвистические положения ученого использовались, но без ссылок на автора.

Ключевые слова: проанализировать поэтические, лингвистические, литературоведческие принципы.

Annotation

Akhmet Baitursynuly (1872-1938) – the founder and reformer of Kazakh philology (linguistics and literary studies), scientist in Turkic studies. “Adebiyat tanytkysh” (1926) – “Theory of Literature” by A.Baitursynuly is the first fundamental work on the theory of Kazakh literature, which is in demand today during the period of independence. A.Baitursynuly has for the first time considered the theory of literature in Kazakh literary studies in the Kazakh language in terms of national spirit. The researcher has classified Kazakh literature on genres and styles, considering them in the context of world literature. He has first established periodization of the history of Kazakh literature. In this work the theorist of literature and cultural studies A.Baitursynuly has first explained the essence and purpose of literature as a form of verbal creativity. The fundamental provisions of the scholar on Kazakh prosody have been first formulated in this study. During Soviet times the main points of the scientist were used in scientific literary and linguistic studies, but without reference to the author’s name.

Key words: *analyze poetic, linguistic, literary principles.*

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, орфографиялық құрылымын зерттеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Осының негізінде ғалым тіл мен әдебиетті, әлеуметтік мәселелерді, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жаңартуға атсалысты.

Туған халқымыздың әдеби, мәдени, тарихи, рухани, ұлттық құндылықтарын бар болмыс-бітімімен қабылдау үшін оның шығу тегі мен тарихи даму сатыларын мұқият қарастыру қажеттілігін айта келе Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру – үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді» [1, 29], – дейді. «Әдебиет танытқыш» қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған кәсіби теориялық еңбек ретінде қарастырылады. Осы тараудың аясында өнертану мен мәдениеттану салаларынан бастап, асыл сөз өнерінің ішкі заңдылықтары да жан-жақты сараланады. «Әдебиет танытқышта» [2] қамтылған, баяндалған, талданған мәселелердің бәрі жүйе-жүйесімен, ұлттық сөз өнерімізді әр қырынан таныту мақсатына бағындырылған.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышта» қалыптастырған кәсіби «пән сөздері» қазақтың асыл сөз өнерінің жанрлық, стильдік ерекшеліктері мен артықшылығын нақты сараптаулар арқылы жан-жақты танытты. Ежелгі әдеби мұраға және түркі әдеби ескерткіштеріне қатысты пайымдаған теориялық тұжырымдары мен өзі жетік талдап, таныған «пән сөздерін» ғылыми айналымға енгізіп, батыл түрде қолданған жөн. Мысалы: «тірнек өнері», «көрнек өнері», «тиіс ғалам», «түйіс ғалам», «арамгер», «мерт», «сергелдең», «сауықтама», «сарындама», «салт сөзі», «ғұрып сөзі», «діндар дәуір», «сындар дәуір», «ділмар сөз», «билік сөз», «уағыз», «хикаят», «қисса», «жад дерек», «мінәжат», «шежіре», «заманхат» т.б. «пән сөздері» ежелгі мұралар мен классикалық қазақ әдеби шығармалар арасындағы дәстүрлі ұластықты, үндестікті аңғартады.

А.Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген «біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын» (М.Әуезов) таудай еңбегін ресей ғалымдары А.Н.Самойлович, Е.Д.Поливанов, Н.Ф.Яковлев, А.Н.Кононов өз зерттеулерінде атап өткен. Ал, 1923 жылы ғалымның 50 жылдық мерейтойына орай Алаш қайраткерлері М.Әуезов, С.Сейфуллин, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы [3] т.б. арнайы мақалалар жазды.

XX ғасыр басында қазақ әдебиеттану ғылымында А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» тілтану, әдебиеттанудың негіздерін, асыл сөздің стильдік, жанрлық арақатынасын, көркем сөз өнерінің тіл білімі ғылымына қатысты мәселелерін бір арнада, бір-бірімен қатар зерттеп, жүйелеп берді. Осы мәселелер яғни көркем сөз, көркем әдебиеттегі стиль, жазушының стилі, әдебиеттегі тек (жанр) пен түр (вид) туралы зерттеулер орыс әдебиеттануында өткен ғасырдың 30-жылдары ғана жазылды.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыштың» алғысөзін яғни «Андатуын» өнердің түрлерін саралаудан бастайды: «Айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе – табиғат дүниесі, адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе – өнер дүниесі болады» [2, 164]. Ал, әлемдік ғылымда өнердің түрлері – бейнелеу өнері және сөз өнері болып жіктеледі. «Әдебиет танытқышта» осы жүйе қазақ болмысына жақын ұлттық негізде айқындалған. Ғалым өнерді материалдық жағынан күн көру үшін жұмсалатын өнер – «Тірнек өнері» – үй салу, арық қазу, етік тігу, арба істеу, киіз басу, ыдыс жасау яғни «жан сақтау» және рухани жағынан көркемшілік үшін «Көрнек өнері» – әдемі ән, әсем күй, ажарлы сөз яғни «жан қоштау» деп бөледі.

А.Байтұрсынұлы сөз өнерін өзге өнердің бәрінен де жоғары қояды да, өнер не үшін керек? , өнердің мәнісі не? деген сауалдарға жауап береді. Оның мәнісін ғалым қазақтың сөз баққан, сөз күйттеген, сөз қадірін білген халық екендігімен байланыстыра отырып, оның атқаратын қызметіне назар аударып, «Өнердің ең алды – сөз өнері» деген қағиданы дәлелдейді. «Өнер алды – қызыл тіл» дейтін мақалына сүйеніп, сөз өнерінің қазақ елі тағдырындағы айрықша рөліне тоқталады. Сонымен қатар сөз өнерінің өнердің басқа түрлерінен яғни сәулет (архитектура), сымбат (скульптура), кескін (живопись), әуез (музыка) өнерінен айырмашылығын, артықшылығын түсіндіре отырып талдайды. «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [2, 165-б.], ал көркем сөздің тегі мен түрін «жан қоштау» керегінен шыққан нәрсе»,– деп түйіндейді. Өнерді бұлай жіктеудегі ғалымның алға қойған мақсаты

– өзі зерттейтін сөз өнерінің басқа өнер салаларынан ерекшеленетін айырмашылығын түсіндіру.

А.Байтұрсынұлы сөзбен суреттеудің, сипаттаудың, кескіндеудің небір асыл үлгілерін Абай, Мағжан, батырлық жырлар мен халық ақындарының өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Бұл саладағы өз тәжірибесін де ортаға салады.

«Әдебиет танытқышта» айтылғандай, «сөз өнері адам санасының үш негізіне: ақылға (аңдау, ұғу, тану), қиялға (меңзеу, ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау), көңілге (түю, талғау)» тіреледі. Ойын, қиялын, көңіліндегі мүддесін тілмен айтып жеткізу үшін «сөз шығарушылар лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білу қажет» деп ескертеді.

Ғалым атаған жоғарыдағы үш тірек яғни «ақыл, қиял, көңіл» туралы Г.Пірәлиева былай дейді: «аталған үш негіз – адамның жан жүйесін (Ж.Аймауытов), санасын зерттейтін жазушылардың негізгі объектісі. Ақыл, қиял, көңіл терең зерттелмей, адам табиғаты жан-жақты танылып, оның ішкі жан дүниесіне тереңдей ену мүмкін емес. Демек, әдебиетті – сөз өнері арқылы адамды зерттейтін ғылым яғни адамтану ғылымы деп алғаш рет А.Байтұрсынұлы айтып, ғылыми айналымға енгізген» [5, 8].

Адам өмірі сөз болған жерде оның табиғи жаратылысы, көңіл-күй міндетті түрде суреттеледі. Психологиялық прозаның жанрлық, стильдік, көркемдік ерекшеліктеріне орай кейіпкер психологиясы да әр алуан тәсілде зерттелініп, зерделенеді. Көркем шығармадағы кейіпкер характеріне психологиялық талдау жасалынбаса, А.Байтұрсынұлы жазғандай, «адамның ойына өң беріліп, көңіліне күй түсірілмейді».

Қазақтың көркем прозасындағы осы «психологизм» категориясын сөз етіп жүрген ғалымдар Б.Майтанов пен Г.Пірәлиева зерттеулерінде адамның сезімдік құбылыстарын әр қырынан талдайды. Қазақтың психологиялық романдарына, оның поэтикасы мен стиліне, даму кезеңдеріне талдау жасаған Б.Майтанов «Қазақ романы және психологиялық талдау» атты еңбегінде «психологизмді» психологияның әдебиет ордасындағы тұрақты елшісі, көркемдік әлемінің жұлын-жүйесі деп таниды. Сондай-ақ, оның негізгі қызметі өмірдегі шындық пен көркем шындықтың тамырластығын сақтайтын ұстанымына да тоқталады. Ғалым: «Психологизм – көркем әдебиеттің тұтас болмысынан ажырамас қасиет, ... көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі әрі стиль көрінісі» [6, 335],–дейді.

Олай болса, сөз өнеріне тән көркемдік құндылықтарды, эстетикалық танымды танытатын әдеби психологизм жүйесін, психологиялық тұрғыдан талдау қазақ әдебиеттану ғылымында әртүрлі деңгейде зерттелініп келеді.

«Әдебиет танытқышта» өнер атаулыға қойылатын жалпы шарттар мен талаптар, әдебиеттің сыр-сипатын танытатын тұстары осылай жан-жақты баяндалған, нақты деректермен толықтырылған. Сөз өнерінің құдіретті күші арқылы кез келген адам сәулетті сарайдың көрінісін де, адамның кескінін де, табиғат суреттерін де құйып қойғандай шындық бейнеде бере алады. Ал, көркем өнердің басқа салаларында бірінің қызметін келесісі атқара алмайды.

А.Байтұрсынұлы асыл сөздің теориялық ұғымдарына, оның өзіне тән қасиеттері мен әдеби көркем шығарманың құрылымына, сыртқы сипаттарына тоқталып, алғышарттарын да атап-атап береді. «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты – шығарма сөз. ... ауызша шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын – бәрі де шығарма. Қазақша – асыл сөз», арабша – әдебиет» [2, 170-б.],–дейміз.

Әл-Фараби трактаттарында: «Адамның бойына дарыған ойлау, зерттеу, тексеру, үйрену және оқу арқылы» [7, 233] танып білетін қасиеттер жайында жазған. Осы нәрселерді біз сөз өнері арқылы жүзеге асырамыз. Сөз өнері деп, асылында нені айтамыз? деген сауалға А.Байтұрсынұлы былай жауап береді: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді яки қиялымызды яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. ... Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы» [2, 176] туады деп, оны екіге бөледі. 1. «Тіл қисыны – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым» деп, стилистиканың негізгі міндетін нақтылап алады. 2. «Лебіз ғылымының мақсаты – асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын» яғни поэтиканың негізгі міндеттерін де белгілейді.

Біздің пікірімізше, бұл жерде А.Байтұрсынұлы поэтиканың бірден-бір тірегі деп ең алдымен тіл заңдылықтарын айтып отыр. «Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сыйпатын тану, заңдарын білу – бұл

үйге керек заттардың сыр-сыйпатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады» [2, 178].

Ал, осы тіл қисынының лебіз ғылымына тікелей қатысы жөнінде және поэтиканың міндеті туралы В.М.Жирмунский: «Поскольку материалом поэзии является слово, в основу систематического построения поэтики должна быть положена классификация фактов языка, которую дает нам лингвистика» [8, с.28.] деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырым бізді жоғарыда айтылған тілдік категорияларға алып келеді де, лебіз ғылымының тынысын кеңейтеді. «Әдебиет танытқыштың» поэтикасы стилистикалық шарттармен ғана шектелмейді яғни дұрыс әңгіме жазу үшін тілдік шарттарды білу аз, оған қоса «жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, сонда ғана шығарма пікірлі, әсерлі, әдемі болып» [2, 176] шықпақ. Теориялық еңбекте «лебіз ғылымының мақсаты» тек тіл білімінің негіздік категорияларының аясында ғана емес, күрделі пәлсапалық және эстетикалық теориялармен бірлікте зерттеледі. Ал, «Тіл я лұғат қисыны» (стилистика) – тіл өңі жағынан асыл сөздің заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Осы тарауда А.Байтұрсынұлы сөз өнерін сәулет өнерімен салыстыра талдайды. «Әдебиет танытқышта» көркем шығарманың табиғаты, оның тақырыбы, құрылымы, әңгімедегі пікір сабақтастығы жөнінде де келелі тұжырымдар бар. Мысалы, әдебиеттің тақырыбы – бұл ғылыми еңбектің тақырыбы емес, оның да өзіндік өзгешеліктері бар. Олар қандай? Жазушы белгілі бір тақырыпқа қалай барады? Тақырыптың шығарма идеясымен сабақтастығы қандай? Осы сауалдарға ғалым өз тұжырымы мен жауабын береді. Кез келген әдеби шығарманың тақырыбы, сюжеті, мазмұны бір-бірімен қабысып, сабақтасып жататындығы белгілі.

Көркем шығарманың қандай белгілері бар? Оның талаптары қандай?, шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері, қазіргі лингвистикалық стилистика жағынан талданатын теориялық объектісі «Әдебиет танытқышта» нақтыланған. Мысалы: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. «Тысқы сындар»: 1. тілдің лұғатының сыны яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны; 2. Сүгіретінің сыны яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп суреттеу. «Ішкі сындар»: 1. алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда дұрыс болып шығу-шықпауының сыны; 2. Өмір жүзінде айтылған нәрсесінің болатын себебін ... адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян) қуатының бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда әдебиет түрінің осы төртеуі де түгел жұмсалады» [2, 269].

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» сезіліп тұрған «тысқарғы ғалам мен сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде бірігетін» тұсын мысалдармен түйіндеп отырады. Филологиялық поэтика принциптері (лингвопоэтикалық және әдебиеттанулық поэтиканың қосылуынан туған талдау) негізінде талданған осы жұмыста әрбір көркем туындыны талдағанда оның құрылымында кездесетін әдеби тіл, талдау, стиль, көркемдік сюжет сияқты категориялардың логикалық дамуы мен ішкі заңдылықтарын, жүйесін де айқындап беретіндігін анықтадық.

«Әдебиет танытқышты» әлемдік және орыс әдебиеттануымен салыстырып, олардың байланысы жөнінде жасалған тұжырымдарды жүйелей отырып, мынадай түйінді байламдар жасадық:

Біріншіден, «Әдебиет танытқыш» – ХХ ғасырдың 20-жылдардағы қазақ әдеби-теориялық ойын, ғылыми жетістігін жоғары дәрежеде қорытындылаған алғашқы кәсіби, құнды еңбек.

Екіншіден, «Әдебиет танытқыш» – қазақтың таза ұлттық әдебиетінің теориялық болмысы мен бітімін белгілеп, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдісі мен амалын дәл анықтайтын теориялық оқу құралы.

Үшіншіден, А.Байтұрсынұлы – ежелгі әдебиет нұсқаларын және орыс тіліндегі теория оқулықтары мен кітаптарының жетістіктерін терең меңгере отырып, қазақша жатық тілмен, ұлттық рухта теориялық тұжырымдарды қалыптастырған қазақтың тұңғыш әдебиеттанушы ғалымы.

Біз тарихтан тағылым ала отырып, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» бүгінгі Тәуелсіздік кезең тұрғысынан сараладық. Ғалым дүниежүзілік және орыс әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтардың бәрін жетік біліп, оны өз тәжірибесінде қолданып, насихаттады. Сонымен қатар ол ғылыми-теориялық ой-пікірлерін шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жүйелей отырып, дамытты.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуда.

XX ғасыр басында тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық еңбегінде ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең зерттеулерін қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. *Туған елім – тірегім*. – Астана: Рауан, 2001. – 128 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. *Бес томдық шығармалар жинағы. /Құраст. А.Ісімақова, Г.Пірәлиева және т.б.* – Алматы: Алаш, 2003. – I-том. – 408 б.
- 3 *Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы*. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568
- 4 Қабдолов З. *Сөз өнері*. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1992. – 352 б.
- 5 Пирәлиева Г. *Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары*. – Алматы: ҚызМемПи, 2007. – 359 б.
- 6 Майтанов Б. *Қазақ романы және психологиялық талдау*. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
- 7 Әл-Фараби. *Әлеуметтік-этикалық трактат*. – А.: Ғылым, 1975. – 455 б.
- 8 Жұмалиев Қ. *Әдебиет теориясы*. – Алматы: Ғылым, 1960. – 247 б.

ӘОЖ 081

Серикбаева Г.Ж.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
МТЖШТ кафедрасының сениор-лекторы
Алматы технологиялық университеті*

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАТЫСЫМДЫҚ -ТАНЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация

Бұл мақалада Қазақ тілін қатысымдық - танымдық тұрғыдан оқытудың теориялық мәселелері қарастырылған; қазақ тілін қатысымдық бағытта меңгертуде озық технологияларды қолданудың тиімділігін және атқаратын қызметтерін анықталып; тілді оқытуда озық технологияларды қолдану әдістемесі арқылы Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқытудың қайнар көзі – тілдік материалды әдебиетпен сабақтастырып, пәнаралық байланыстың негізінде ғылым мен білімді өзара тоғыстыра отырып, жеке тұлғаның рухани әлемін байыту, баланың өзіне тән көзқарасы мен пікірін қалыптастыру. Сондай-ақ тілді меңгертудің өзіндік ерекшеліктерін саралай отырып, оқушының қатысымдық құзіреттілігін қалыптастырудың жолдары баяндалған.
Түйін сөздер: жеке тұлға, Инновациялық технологиялар, Педагогикалық технология, Құзыреттілік тәсіл, Тілдік дағдыны жетілдіру технологиясы, Танымдық-тағылымдық технологиясы, Тұлғалық – бағдарлық тәсіл.

Аннотация

В данной статье рассмотрены теоретические вопросы предметно-познавательного обучения казахскому языку; определены функции и эффективность применения передовых технологий в коммуникативном изучении казахского языка; определены возможности использования передовых технологий в обучении языку как источнику познавательного обучения казахскому языку через методику применения передовых технологий в обучении языку – интеграции языкового материала с литературой, взаимопроникновения науки и знаний на основе междисциплинарной связи, обогащение мира, формирование у ребенка присутствующих ему взглядов и мнений. Также изложены пути формирования дееспособных компетенций учащегося с дифференциацией специфических особенностей владения языком.

Ключевые слова: личность, инновационные технологии, педагогические технологии, компетентностный подход, технология совершенствования языковых навыков, познавательно-воспитательная технология, личностно-ориентированный подход.

Annotation

In this article, the theoretical issues of subject-cognitive teaching of the Kazakh language are considered;

the functions and effectiveness of the use of advanced technologies in the communicative study of the Kazakh language are determined; the possibilities of using advanced technologies in language teaching as a source of cognitive teaching of the Kazakh language are determined through the methodology of using advanced technologies in language teaching - the integration of language material with literature, the interpenetration of science and knowledge in the the basis of interdisciplinary communication, the enrichment of the world, the formation of the child's inherent views and opinions. The ways of forming the student's verbal competencies with the differentiation of specific features of language proficiency are also described.

Keywords: *personality, innovative technologies, pedagogical technologies, competence approach, technology for improving language skills, cognitive and educational technology, personality-oriented approach.*

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі таңда дамудың жаңа кезеңдерін бастан кешуде. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруде әдістемелік қызметті қайта қалыптастырып, оған қойылатын талаптарға сай бағыттауда ұстаздарға зор міндеттер жүктеледі. Әдістемелік қызметтің мазмұнын үнемі жандандырып отыру білім беру ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттырудың негізгі құралы болып табылады. Бұл Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мазмұнынан да анық аңғарылады.

Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беру Тұжырымдамасында көрсетілгендей, мектепте оқытуды ұйымдастыру жалпы дидактикалық ұстанымдармен бірге шешуші мәні бар мынадай принциптерге ие болады:

- жеке тұлғаның жас және психофизиологиялық даму ерекшелігінің ескерілуі;
- күтілген нәтижеге жетуге бағдарлығы;
- ашықтығы;
- интерактивтігі [2].

Сабақты конструкциялауда кезек оқушының өзін-өзі таныту мақсаттарына, оқу материалдарын модельдеуіне, оқушының өнімді әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік туғызатын оқытудың формалары мен әдістеріне кезек беріледі.

Мектептегі оқыту мен тәрбиелеуде жеке тұлғаның қабілеттерін толық көрсетіп, дамытатын негізгі тәсілдердің бірі - әрекеттік тәсіл. Әрекеттік тәсілге сәйкес адамның дамуы кезінде осы жас кезеңіндегі жетекші әрекетке зор үлес қосады.

Әрекеттік қатынас оқушының әлеуеттік мүмкіндігін дамытуға және есепке алуға көзделген, әрекетті сабақтан тыс ұйымдастыру нысандарымен, саралау тапсырмаларымен, вариативті бағдарламалармен жететін, жеке білім алу міндеттерін толығымен шешуге мүмкіндік беретін *тұлғалық – бағдарлық тәсілмен* тығыз байланысты.

Құзыреттілік тәсіл мектепте жаңа тәсіл болып табылады және мектеп түлегінің өзгермелі жағдайда әлеуметтік икемділігі мен әрекетін жүзеге асыру қабілетінде пайда болатын оқушылардың сапалық кешенін дамытуды көздейді.

Сонымен, Ы.Алтынсариннің тілдік дағдыны жетілдіру технологиясы және М.Балақаевтың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру технологиясы, А. Байтұрсыновтың танымдық-тағылымдық технологиясы, Қ.Жұбановтың дамыта оқыту технологиясы, Ж.Аймауытовтың пәнаралық байланыс арқылы ынталандыра оқыту технологиясы және М.Жұмабаевтың дара тұлғаны қалыптастыру технологиясы сияқты технологиялар білім беру үрдісін жаңғыртуға, жаңа бағыттарын айқындауға жол ашады және білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастырады [3].

Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл - ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл - амалдарынан тұрады. Танымдық белсенділік - оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Ал, «таным - ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой - өрісінің күрделі үрдісі». Кіріктірілу - бұл бір оқу мазмұнының пәндік концепцияларға сай әртүрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі.

Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқытудың қайнар көзі – тілдік материалды әдебиетпен сабақтастырып, пәнаралық байланыстың негізінде ғылым мен білімді өзара тоғыстыра отырып, жеке тұлғаның рухани әлемін байыту, баланың өзіне тән көзқарасы мен пікірін қалыптастыру.

Ашық әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, әдебиет қағидаларын қазақ тілі сабағында пайдалана білу, кейіпкерлердің әдемі қасиеттерін оқушы бойына сіңіріп, оны өмірмен ұштастыра алу, дүниені, ортаны, адамды жан-жақты зерттеп тани білу, тілдік материалдар арқылы сыртқы қоршаған ортаны оқушы өз ой-санасымен зерделей отырып, тілдік қатынасқа түсу – барлығы оқыту жүйесін жаңаландырып, білім беру үрдісін тереңдете түседі. Қазақ тілі сабағында сөз бен сөйлемді, тұрақты тіркес пен мәтінді меңгерту үшін оқушыға ой салу, ойланту, өз пайымын тіл арқылы дәл, нақты, шешен жеткізе білуге жетелеу көп ізденісті қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде ұстаз Қанипа Бітібаеваның «Ой салу-ұстаз тарпынан, ойлану-шәкірт тарапынан, ойланту- ұстаз тарапынан, шешімге келу- оқушы тарапынан болу керек» деген пікірдің психологиялық жағынан дұрыс тұжырым екендігін атай кеткен жөн. Өйткені таным үдерісі, біріншіден, ұстаз бен оқушының бірлескен әрекеті арқылы іске асса, екіншіден, олардың әрқайсысы жеке тұлға ретінде түрліше әсерге бөленеді.

Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту мынадай мәселелерді қамтиды:

1. Қазақ тілі пәнінің білім мазмұнын бағдарламаға сәйкес тілдік қағидаларды басшылыққа ала отырып, сабақтың білімдік мақсатымен қоса танымдық мақсатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Бұл оқушыны адам жанын түсінуге, адами қасиеттерді меңгеруге жетелейді.
2. Сабақ барысында жеке тұлғаның психологиялық жай-күйін ескере отырып, есте сақтау қабілетін, жадысын, кез келген ақпаратты қабылдау дағдысын, дәлелді мысал келтіре алу қабілетін жетілдіру тілдік материалды дамыта оқытумен байланысты. Берілген тақырып ішінен ең қажетті, ең пайдалы нәрсені сұрыптап, таңдай білу оқушының ойлау қабілетін ұштап, соған сай әрекет етуге жетелейді.
3. Сабақтағы материал сынып шеңберінен шығып, табиғи ортамен тығыз байланысты бола келіп, бала өсіп жетілетін, әсер алатын күнделікті қоғамдық өмірмен астасып, ұштасып жатса, теориялық білім практикамен жалғасып, баланың ой-өрісін, сана-сезімін кеңейтеді.
4. Тілдік және қатысымдық бірліктердің мағыналық ерекшеліктерін нақты мысалдармен түсіндіріп, әр сөздің мағыналық реңкін тіркес пен сөйлем құрамында қолдана отырып ойды түрлендіруге болатын мүмкіндіктер жасау, сөзді әр түрлі жағдаятқа сәйкес бейнелі жеткізуге үйрету оқушының танымдық белсенділік қабілетін жаттықтырады. [4]. Танымдық белсенділік деп оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып ұйымдастырылған таным үдерісінде пайда болатын, бекітілетін, дамитын жеке тұлғалық қасиетті тануға болады.

Танымдық белсенділік пен оқушының дербестігі бір-бірінен ажыратқысыз. Оқушының таным белсенділігі оның білімге деген қабілетін сипаттайды. Ал басқа қабілет-қасиеттері іс-әрекет барысында айқындалып дамиды. Тиісті жағдай, мүмкіндік болмаса белсенділік те өркен жая алмайды. Сондықтан да белсенділікті арттыратын әдістерді мейілінше дамыту тәжірибелік іс-әрекеттің өркендеуіне, ақыл-ойға қозғау салады. Мұның өзі білім сапасын көтерумен қатар оны өмірде пайдаланудың жолын кеңейтеді. Танымдық белсенділік көрсеткіштеріне тұрақтылық, оқу саналылығы, шығармашылық қабілеттері, дәстүрден тыс оқу жағдайларындағы тәртібі, оқу міндеттерін шешудегі өз беттілігі жатады.

Білім берудің негізгі сатысында қазақ тілін оқытудың мақсаты – ана тілінің қоғамдық әлеуметтік мәнін түсінген, құзырлылығы жетілген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған, сөйлеу мәдениеті қалыптасқан, бәсекеге қабілетті дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу.

Қазақ тілін сапалы оқыту ізденістері - бүгінгі пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Оқушыға ана тілін өз деңгейінде меңгерту оған көп тілді үйренуіне мүмкіндік тудырады. Ана тілінің қыр – сырын терең игерген баланың ұлттық дүниетаным арқылы азамттық көзқарасы мен тұлғалық ұстанымы қалыптасады. Қазақ тілі пәнін оқыту барысында оқушыға білім мен тәрбие бере отырып алынған білімді қажеттілігіне жарат білу, шығармашылық ізденіс көздерін ашуына бағдар бере білу керек. Қазақ тілі пәнін оқытуда оқушының жан – жақты жұмыс істеу мүмкіндіктеріне жол ашу үшін мұғалімнің алдына мынадай міндеттер қойылады .


Мұғалім алдындағы міндеттер


Сапалы теориялық білім
негіздерін қалыптастыру

Оқушының өз бетімен ізденуін
ұштау

Ұлттық дүниетанымға
негізделген тәрбие беру

Қазақ тілі сабағы оқушының ой - өрісін өсіріп, оған тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екенін сезіндіру қажет. Оқушының таным деңгейі оның сөйлеу тіліне, сөйлемді дұрыс құрастыру, ойын жеткізе білу іскерлігіне тікелей тәуелді. Осы орайда қазақ тілі пәнін оқытудың жан – жақты міндеттері айқындалады. Қазақ тілін оқытудың мақсатын орындау үшін танымдық және практикалық бағыттағы бірнеше міндеттер қойылады.





«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі-тұман» деп М. Дулатов айтқанындай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Сусыз құрғақ, таса, көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты жас ұрпағымызды тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Сондықтан өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін оқу-тәрбие үрдісін тиімді жүргізу – әрбір ұстаздың міндеті. Осы орайда елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» дегені бар. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің білгірі болу емес, жаңалыққа жаны құмар, оқытудың жаңа технологияларын шебер меңгерген, білімі мен білігі жоғары тұлға болу, ақпараттық сауаттылық талап етіледі.

Демек ХХІ ғасырдың жан – жақты зерделі, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Егеменді ел болып, таңдаулы елу елдің қатарына ену басты мақсатымыз болған соң, білім мен ғылым саласы дүние жүзілік деңгейге сай болуы керек. Елімізде болып жатқан өзгерістер мектеп жұмысына да елеулі жаңалықтар әкеліп отырғаны даусыз. Қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріліп жатқанда қазақ тіл пәнін оқыту ісі де жаңаша бағыт алып келеді. Демек, оқушыларға жүйелі білім беруге жаңа талап тұрғысынан қарап, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Ж. Нұржан. «Қазақ тілін оқыту технологиясы», Алматы «Ғылым», 2008 ж.
2. «12 жылдық білім», №1, 2006 ж.
3. «Қазақстан мектебі» журналы, №3,10,12,2010 ж
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №1, 4, 2007 ж.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте» журналы, №2, 2007 ж.
6. «Қазақ тілінен әдістемелік нұсқау», 9 – сынып, 2009 ж.
7. «Қазақстан мектебі» журналы, №3,10,12, 2010 ж.

GTAMP 16.41.25, 17.71.91
ӘОЖ 811.512.122:398(574)

Советова Зәуре Советқызы

филология ғылымдарының кандидаты

Ғ. Дәукеев ат. Алматы энергетика және байланыс университетінің доценті

ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДА БЕРІЛУІ

Аннотация

Мақалада «Қобыланды батыр» жырындағы діни наным-сенімге қатысты этнографизмдер берілген. Діни наным-сенімдер халықтың рухани мәдениетіне жататын ерекше құбылыс болып табылады. Халықтың діні, наным-сенімдегі көзқарастары әр этностың жүріп-өткен тарихына, бүгінгі күндегі рухани-мәдени, саяси өміріне зор ықпалын тигізеді. Ежелгі мәдениетте дін – мәдениеттің арқауы болатын адамзат болмысына рух, мән-мағына беретін рухани күш. Кез-келген ұлттың мәдени өмірін – оның дүниетанымын, діни көзқарасын тұтастай зерделеп, ұғынған сәтте ғана білуге болады. Діннің ұлттық рухқа тікелей қатысы бар. Дінде ұлттық рухты құраушы соған белгілі бір мазмұн беруші, тәртіпке салушы күш бар. Ал сенім – адамның көз тігіп, көкейге түйген мақсатын жүзеге асыруының тілегі. Тіпті өзі орындай алмайтын сыры терең, ой жетпейтін құпия, гайыптан тылсым болған күнде де өзін қолдайтын құдіретке жан-жүрегімен сыйынып, оны жебейтін үмітін тәңір деп жалбарынды. Соған арман айтып, құрбандық шалып, тілеу тілейді. Мұндай сезімнен туған ырымдар қазақ тұрмысында көп. Жырдағы діни наным-сенімге байланысты этнографизмдер адамзат өмірінде өзіндік орын алып, дүрбелең дәуірлердің тарихын сипаттаумен қатар, ұлттық болмыс сырын танытады.

Түйінді сөздер: рухани мәдениет, діни наным-сенім, этнографизм, ұлттық рух, наным-сенімдегі көзқарастар, діни наным-сенімге байланысты атаулар.

Аннотация

В статье рассматривается употребление поэтических этнографизмов религиозного аспекта в героическом эпосе «Кобыланды батыр». Религиозные воззрения представляют собой особое явление, которые в наше время оказывают значительное влияние на историю каждого этноса, его духовную и культурную жизнь. В античной культуре религия – это основа, духовная сила, природа и назначение, придающая сущность человеку. Изучая культурные ценности народа, его религиозные воззрения узнаешь истинную историю этноса, историю языка. Религия связана с национальным духом, имеет глубокое содержание и огромную воспитательную силу. Вера – это стремление и желание человека достичь той мечты, которую он поставил перед собой. Выдвинув культ чувств, человек обращается к вере как к миру человеческих переживаний, рассматриваемых вне связи с условиями быта, национального существования, самобытности, которая имеет некую таинственность. Приметы казахского народа имеют многовековую историю, в которые и сегодня продолжают верить. Этнографизмы, связанные с религиозными воззрениями, имеют особое значение в жизни человечества, где прослеживается история становления и тайны национального самосознания.

Ключевые слова: духовная культура, религиозные воззрения, этнографизмы, национальный дух, взгляды на верования, приметы, которые связаны с религиозными воззрениями.

Annotation

The article examines the use of poetic ethnographisms of the religious aspect in the heroic epic «Kobylandy batyr». Religious views are a special phenomenon that in our time have a significant impact on the history of each ethnic group, its spiritual and cultural life. In ancient culture, religion is the basis, spiritual force, nature and purpose that gives essence to a person. By studying the cultural values of the people, their religious beliefs, you will learn the true history of the ethnos, the history of the language. Religion is connected with the national spirit, has a deep content and a huge educational power. Faith is the aspiration and desire of a person to achieve the dream that he has set for himself. Having put forward the cult of feelings, a person turns to faith as a world of human experiences, considered out of connection with

the conditions of everyday life, national existence, identity, which has a certain mystery. The signs of the Kazakh people have a centuries-old history, in which they continue to believe today. Ethnographisms associated with religious beliefs are of particular importance in the life of mankind, where the history of the formation and secrets of national identity can be traced.

Key words: *spiritual culture, religious views, ethnographisms, national spirit, views on beliefs, signs that are associated with religious views.*

Діни наным-сенімдер – халықтың рухани мәдениетіне жататын ерекше құбылыс. Халықтың діні, наным-сенімдегі көзқарастары әр этностың жүріп-өткен тарихына, бүгінгі күндегі рухани-мәдени, саяси өміріне зор ықпалын тигізеді.

Ежелгі мәдениетте дін – мәдениеттің арқауы болатын адамзат болмысына рух, мән-мағына беретін рухани күш. Кез-келген ұлттың мәдени өмірін – оның дүниетанымын, діни көзқарасын тұтастай зерделеп, ұғынған сәтте ғана білуге болады. Діннің ұлттық рухқа тікелей қатысы бар. Дінде ұлттық рухты құраушы соған белгілі бір мазмұн беруші, тәртіпке салушы күш бар. Дінсіз ұлт, халық болмайды.

Сенім – адамның көз тігіп, көкейге түйген мақсатын жүзеге асыруының тілегі. Тіпті өзі орындай алмайтын сыры терең, ой жетпейтін құпия, ғайыптан тылсым болған күнде де өзін қолдайтын құдіретке жан-жүрегімен сыйынып, оны жебейтін үмітін тәңір деп жалбарынды. Соған арман айтып, құрбандық шалып, тілеу тілейді. Мұндай сезімнен туған ырымдар қазақ тұрмысында бар. Оның бәрі жақсылық тілеуден пайда болған. Алғашқы күн күркірегенде даңғырлаған дыбыс шығарып, үйді айналып шығуы – сол үйдің амандығын көк тәңірінен тілеуі. Сол сияқты тасаттық беру жосығы халықтың көне заманнан қалыптасқан сеніммен өзектес. Осы күнге дейін санадан орын алып, тіршілік арнасынан ауытқымай келе жатқан рәсім. Өйткені ұшы-қиыры жоқ даланы мекен еткен халқымыз өзін табиғатқа, тәңіріге тәуелдімін деп есептеген, тәңірдің, табиғаттың дүлей күшін өмірдегі барлық жағдайда аман сақтайды деп сенген.

Қазақ халқы өз тарихында діни көзқарасты берік ұстаған әрі рухани өміріне азық еткен, тіршілігінің ыңғайлы ықпалына айналдырған. Қазақ халқының көшпелік өмірінің қыры мен сыры табиғат пен адам факторларының ғажайып құпиясына, көшпенділердің дүниетанымына қанық. Осы дүниетаным басқа ұлттар сияқты діни сенімдерге негізделген шаманизм дінмен байланысты. Шамандық қазақ халқының тұрмысында берік қалыптасты, оның қалдықтары күні бүгінге дейін әдет-ғұрыптардың көрінісінде елес береді. Шаман діні де басқа діндер сияқты «құдайға, кереметке сену» әрекетінен өріс алып, мұндағы басты ерекшелік «алуан-алуан», «айлалы», «сиқырлы» әрекеттер жасау арқылы табиғаттан тыс «кереметті күштердің» мейірімін түсіру, «көңілін табу», «бағындыру», сол үшін олармен қарым-қатынас жасап, тілдесуді арман ету, қиялдау болып табылады [1, 41]. Халық өмірінде шамандықтың зор белгілері, әсіресе, бақсылық, тәуіптік кәсіптерде айқын көрінген. Қазақ бақсылары жер бетіндегі жын-шайтанмен тілдесіп, олардың адамға жасайтын зиян қылықтарын айғайлап, зіл шақырып, табиғаттың құбылу мезеттерімен жасқап, тыйым салып отырған. Қазақтың дүниетанымындағы шамандық туралы Ш.Уәлиханов: «Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары... Қазақтар шаманды *бақсы* дейді, ол сөз монғолша – *оқытушы*, ұйғырлар – *бахшы* десе, түркмендер осы атаумен өздерінің ақындарын айтады» [2, 36], – дейді.

Бес уақыт намазын қалт жібермей, құдайға ертелі-кеш құлшылық еткен ата-бабаларымыздың рухани өміріндегі діни салт көріністерінен тілімізде діни лексиканың пайда болғаны анық. Қазақ этнографиясында атаулы салттың зерттелуі жайлы Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Г.Потанин, Э.Диваев, Б.Залеский т.б. ғалымдар еңбектерінде сөз етілген. Діни дәстүрді халық тілі мен мәдениеті тұрғысынан арнайы зерттеген ғалым Қ.Ғабитқанұлы ұлт мәдениетін тануда діни салт-дәстүрлердің маңызын атап көрсетеді. Діни лексиканы анықтайтын этноатаулардың сыры С.Сәтенова, Н.Уәлиев, Ғ.Аронов, А.Сейілхан т.б. тілші-ғалымдар еңбектерінде қарастырылған.

«Қобыланды батыр» жырында діни лексикаға қатысты атауларды топтастырып, кейбір құбылыстардың табиғатына, тілдегі тарихы мен мазмұнына үңілуге мүмкіндік аламыз. Соның нәтижесінде бүгінгі этномәдени ақиқаттарымыздың бір тармағы дінмен тамырласып жатқанын байқауға болады. Ғасырлар бойы халықтың танымына орнығып, өз қасиетімен табиғаттың сырын ата-бабалар санасына дүлей тылсымымен жеткізген діни ғұрыптарға ата жұрт «тәуелдіміз» деп есептеген. Себебі олардың түсінігінде табиғат пен тәңір өмірдегі барлық келеңсіздік пен жамандықтан сақтайды деген ұғым басым болған және халық жадында оларға деген ерекше құрмет

пен өзіндік рухтың белгісі орасан сақталған. Жыр жолдарында ата-баба даңқына табыну, оның рухын жоғары ұстау, әулие тұту, әруақтарды дәріптеу сияқты образды бейнелер кеңінен өріс алған. Мысалы, жырда қолданылған *Шапты Әзіз*, *Ер Ғали*, *Мұхамбет*, *Ер Дәуіт* т.б. образдар діни кейіпкерлердің атауы ретінде танылады.

Мәселен, *Шапты Әзіз* – үлкен ана, қолдап, жебейтін әулие. Көп жағдайда қазақтар алыс ұзақ сапарға аттанатын жолаушыны Шашты Әзіздің әруағына тапсырған. Жырда Қобыландыны ұзақ сапарға аттанардағы анасы Аналықтың қоштасқан зарында:

Ықылас атты Шапты Әзіз,
Осы кеткен қозымды
Тек тапсырдым қолыңа [3, 95].

Бабай Түкті Шашты Әзіз *Ықылас ата Шапты Әзіз*, *Ықылас атты Шапты Әзіз*, *Шапты Әзіз*, *Баба Түкті* сияқты әр түрлі формаларда қолданыла береді. Мәселен, жыр лексикасында:

Жау жақындап келгенде,
Қара басып өзімді,
Ұйқы басып көзімді,
Ықылас ата Шапты Әзіз,
Жеті пірді жаңылдым [3, 124].

«Қобыланды батыр» жыры лексикасында *Шапты Әзіз* түрінде де кездеседі. Оған мына жыр жолдары дәлел:

Сарт болмаса *Шапты Әзіз*,
Қызметін асырып,
өз аттасым Қарлыға
Дос болып сонда жүр еді,
Аяғына бас ұрып [3, 126].

Бабай Түкті Шапты Әзіз туралы С.Қасқабасов: «Ол туралы бірнеше дерек бар. Бір деректерге қарағанда, оның шын есімі – Баба Туклас. Оның әкесі Керемет Әзіз. Баба Тукластың өзі Меккеде патша болған. Енді бір деректер бойынша, *Бабай Түкті Шапты Әзіз* – Ахмет Яссауидің арғы бабасы, ислам діні Орта Азияға тараған кезде жасаған кісі, Қорқыттың замандасы (VIII-IX ғ.). Тағы бір мәлімет бойынша, Баба Тукластың баласы Еділ-Жайыққа дейін келген, оның Құтлу-Қия деген ұлынан Едіге туған» [4, 214], – деген деректер келтіреді.

В.Жирмунский Баба Түкті (Шашты Әзіз) мұсылмандыққа дейінгі дәуірдегі ежелгі шаманның аты екендігін былайша дәлелдейді: «Баба Туклас Қорқыт секілді мұсылман дәуіріне дейінгі көне шаман екені күмансыз» [5, 229].

С.Қасқабасов *Баба Түкті Шапты Әзіз* образының генезисі мен қолданылу тарихына шолу жасай отырып, мынадай қорытындыға келеді: «Баба Түкті Шашты Әзіздің образы қаһармандық эпосқа көне хикаядан немесе қиял-ғажайып ертегіден ауысқан, тек онда ол образ керемет көмекші рөлінде көрінген, ал қаһармандық эпосқа келгенде, ол функциясын әлдеқайда кеңейткен, жәрдемшіден адамның керемет болып тууына, оның әрі қарайғы тағдырына әсер ете алатын мұсыламан әулиесі, батырлардың пірі Баба Түкті Шашты Әзіз болған, сол күйінде осы жанрдың тұрақты образдарының бірі болып кеткен» [4, 246].

Мифтік деректерге қарағанда, *Бабай Түкті Шапты Әзіз* басқа түркі халықтарында да киелі әулие ретінде саналған. Оған дәлел, мысалы, буряттардың «Құтайын Бабайы» – жер иесі саналуы, сахаларда «Бай анаға» табыну салты күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқанын этнографиялық деректерден көруге болады.

Бабай сөзінің төркіні *баба* сөзінен табуға болады. *Баба* – арғы ата, ұлы ата [6, 73] мағынасын береді, ал *-й* зат есім мәнін тудырушы тұлға жалғанып, тіліміздегі осы атаудағы реңк мәнінде айқындайтын *ана+й*, *аға+й*, *баба+й* сөздерімен төркіндес туындаған деп пайымдауға болады.

Әулиеге табынуда *Қорасанға қой айту* атауындағы Қорасанның халық сеніміне қанша қатысы барын былайша пайымдауға тырыстық.

Ертедегі халық танымында ауруды емдеуде тәңірге жалбарынумен қатар, елді-мекендердегі әулиелер зиратына барып құрбандыққа қой шалу жұрттың рухани дәстүріне айналған. Тіршілігінің көзі төрт түлік малына ауру-сырқаудың келмеуін тілеп, соның ішінде *қорасан* дертінен (жұқпалы шешек ауруының асқынған түрі) айығу, құтылу үшін жасаған ғұрыпқа байланысты туған болуы мүмкін. Осы атаудың негізін С.Сәтенова тарихи тұрғыдан қарастыра зерттеген: «Қорасан баба атанып кеткен Әбдіжәмил баб Әзіреп Әлімен алтыншы атадан, Мұхаммед пайғамбермен жетінші

атадан қосылады. Әбдіжәмил баб – көп оқыған ғұлама, мыңдаған қолды бастаған жауынгер қолбасшы және елге мұсылман дінін таратушылардың бірі. Шежірешілер оның Қорасан лақабын иемденуін Ирандағы Қорасан қаласын жаулап алуына әкеп тіресе, бір деректе қорасан ауруына ем табумен де байланыстырады» [7, 219].

Дегенмен, сөз етілген тіркестің төркіні тарихи деректерді ақпараттаса да, оның өн бойынан халықтың тұрмыстағы наным-сенімінің рухы басымырақ екені сезілетіндей. Олай дейтініміз, қазақ ауыз әдебиеті жанрларында (әсіресе батырлар жырында) дәстүрлі композициялық сипатқа ие болатын бай, дәулетті жандардың бір перзентке зар болып, әулие, мазар басына түнеп, құрбандық шалу ғұрыптары осы ойымызды ұштай түседі. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырында құдайдан жақсылық тілеп, құрбандық шалу ғұрпынан туған көріністердің ізі былайша жырланады:

Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Қабыл болған тілегі [3, 78].

Дәстүрлі мәдениетте зат өндіру ғұрып ретінде сакральдық сфераға жататындықтан құдайлар, киелі рухтар әлемінен санцияланып, басқарылып отыруға тиіс еді, адам тек сол ерікті орындаушы ғана ретінде түсінілді. Қазақтарда әрбір кәсіптің киелі пірі болады деп саналып, істі істеуде сол пірге сыйыну дәстүрі болды. Қазақтар бір істі істегенде сол пірлерінің атын айтып «менің қолым емес, пәленшенің қолы» деп тілек сөз айтып, істің жасалу процесін осы киелі күштерге тапсыратын. Ұсталықтың пірі Дәуіт пайғамбар саналады, бұл киелі тұлға қазақтарға ислам дінімен бірге кірген. *Дәуіт пайғамбар* – мұсылман мифологиясында темір өңдеуді, қару-жарақ жасауды Алла үйреткен бірінші адам. Қазақ ұсталарының жұмыс бастарда Дәуітке сыйынып айтатын сөздерінің бұл үлгісін кезінде И.Кастанье жазып алған.

Қазақтардың түсінігінде, ұсталардың жасаған қару-жарақтарында Дәуіттің балғасының ізі болады, оны Дәуіт соғады деп сенген [8, 98].

Дәуіттің аты Құранда кездеседі және мұсылман пайғамбарларының бірі болып табылады. Сонымен қатар *Дәуіт* барлық темір ұсталарының әулие жебеушісі ретінде де құрметтеледі.

«Жеті қазынаның бірі – ұста дүкені, ал ұстаның желеп-жебеушісі – Дәуіт» – дейді қария кісілер. Мұндай түсінік «Қобыланды батыр» жырында да көрініс тапқан:

Жағасы – алтын, жеңі – жез
Бадана көзді ақ сауыт
Бекітіп соққан *Ер Дәуіт* [3, 135].

Ұста дүкеніне кірген кісі келген шаруасын айтпас бұрын «Көрігің желді болсын, көлігің жемді болсын» деп амандасады. Қара мылтық та, қара қазан да, өзге де аса қажетті бұйымдар ұста дүкенінде жасалады. «Балта басқан байымас, бақан аттаған жарымас» тәрізді мақал-мәтелдер ұста дүкенінде соғылған бұйымдарды халықтың қадірлеп ұстағанын көрсетеді [9, 18-19].

Жауға аттанарда Қобыланды батыр өзінің жақындарын (әке-шеше, қарындас, жар қосағы) әулие-әнбиелерге, ал мал-жанын тылсым күш иелеріне былайша тапсырады:

Тоқсанда атам Тоқтарбай
Күдіретке тапсырдым,
Алпыста анам Аналық
Бибібатимаға тапсырдым,
Шырағым сені, Қарлығаш,
Қарашаш ханымға тапсырдым.
Жар қосағым қыз Құртқа
Палуан қызға тапсырдым [3, 75].
Қарындасы Қарлығаш Қобыландыны:
Мен көкемді тапсырдым,
Он сегіз мың ғаламның
Падишасы өзіңе [3, 75].
Шешесі Аналық баласын:
Кітаптардың ішінде
Қырық пайғамбар аты бар,
Қырда Қияс пайғамбар,
Ойда Илияс пайғамбар,
Сізден басқа кімім бар?

Ықылас атты Шәшті Өзіз
Осы кеткен қозымды
Тек тапсырдым қолыңа.
Көл иесі Қамбар-ай,
Шөл иесі Қамбар-ай,
Қамбар, өзің қолдасаң,
Қолдамайтын кім бар-ай,
Осы кеткен қозымды
өз қолыңа тапсырдым
Ғали атты Арыстан! [3, 76].
Қобыланды баласы Бөкенбайды:
Жеті пірге тапсырды,
Түрегеліп орнынан.
Омар менен Оспаным,
үстімдегі жеті пір! [3, 145].

Біздің ойымызша, осы сынды есімдердің жыр лексикасында берілуі әулие мен бабаларға табынумен байланысты болса керек.

«Фольклорлық мәтіндерде Мұхамбет пайғамбардың аты *Махамбет, Мұқамбет, Мұхамбет* және т.б. сияқты әр түрлі нұсқаларда қолданылады. Мұхамбет пайғамбардың Фатима деген қызының атымен байланысты. Қазақ фольклорының мәтіндерінде пайғамбар қызының аты түркіленген (қазақыланған) формаларда: *Батпа, Бибібатпа, Бибібәтима, Бибібәтима* және т.б. түрінде кездеседі. Халық түсінігінде Бибібәтима әйелдер мен аналардың қорғаушысы болып табылады» [10, 71-72]. Жырда Қобыланды анасын Бибібәтимаға тапсыруы дәлел бола алады.

«Қарашаш ханымға сыйыну жөнінде айтар болсақ, мұнда эпикалық жыршы Жиренше шешеннің әйелі Қарашашты айтуы мүмкін деп жорамалдауға болады. Бұл фольклорлық ат эпос мәтініне біраз уақыт өткен соң ондағы суреттелетін оқиғалардан кейін қосылған (шешендік сөздер мәтіндерінен)» [10, 72].

Жырда Илияс пайғамбар келтіріледі:
Ойда Илияс пайғамбар,
Сізден басқа кімім бар?

Илияс (араб. Илияс) – Құрандағы кейіпкер, пайғамбарлардың бірі. Таураттағы Илия. Құранда ол – тауа, діндар. Алланың елшісі ретінде суреттеледі. өз тайпаластарын Баалуға табынудан бас тартып, Аллаға сенуге уағыздағаны туралы айтылады. Тайпаластары оның сөзіне сенбейді, сол қылықтары кейін алдарынан шығады. Илияс кейінгі ұрпақтар арасында даңққа бөленеді. Құраннан кейін соңғы аңыздарда халық оның сөзіне бой ұсынбайды. Алла оған жаңбырдың билігін сыйлаған, кейін оны көкке алып кетеді, ол жақта Илияс жартылай адам, жартылай періште қалпына енеді. Тағы бір «ажалсыз жан» әл Қадырмен бірге ол дүниені кезіп, саяхаттап жүреді, мәңгілік ғұмыр сыйлайтын бұлақ басында да болады. Иерусалим мен Меккеге де ұдайы барып тұрады. Әл Қадырмен ажырасар сәтте бір-біріне мадақ сөз айтады, бұл сөзді қайталап айтып отырып, ажалды пенделер ұры-қарыдан, өрттен, тасқыннан, улы жылан мен зиянды жәндіктерден сақтана алады [11, 240].

Қорытындылай келгенде, жырдағы діни наным-сенімге байланысты атаулар адамзат өмірінде өзіндік орын алып, дүрбелең дәуірлердің тарихын сипаттаумен қатар, ұлттық болмыс сырын танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. –236 б.
- 2 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. –560 б.
- 3 Қобыланды батыр / Батырлар жырғы. Бастырған: Мұқанов С. – Алматы, 1939. –586 б.
- 4 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. –272 б.
- 5 Жирмунский В. Тюркский героический эпос. –Л., 1974. –724 б.
- 6 Қазақ тілі сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. –774 б.
- 7 Сәтенова С. Қазақ тіліндегі қостағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. Филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1997. –260 б.

- 8 Ахметжан Қ. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағы: даму тарихы, құрылымы, этномәдени қызметі (тарихи этнологиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, 2002. –178 б.
- 9 Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. –Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. –128 б.
- 10 Керімбаев Д. Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, 2004. –122 б.
- 11 Радлов В.В. Из Сибириш. Опыт словаря. –М.: Издательство Восточная литература, 1963. –107 с.

ӘОЖ 81-13

Тулендиева Гүлназ Мукатаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Гүлдәла ауылындағы №21 ОМ
Алматы облысы Талғар ауданы

О. БӨКЕЙДІҢ «КӨК ТАЙЫНША» ӘҢГІМЕСІН ТАҢДАУ ПӘНІНДЕ ОҚЫТУ

Аннотация

Мақалада жазушы Оралхан Бөкей өмірі мен шығармашылығын, әңгімелерін қазақ тілі және әдебиеті бойынша таңдау пәнінде жаңа бағдарламаға сай түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып өткізу туралы жазылған. Рухани білімді шығармашылық жұмыстар арқылы игеруге ықпал жасауда Оралхан Бөкей әңгімелерінің берері мол. Жазушы шығармалары терең философиялық түйін мен лирикалық желінің шебер үйлесуінен тұрады. Бүкіл шығармалары Өмір - Адам - Табиғат желісіне құрылып, айырықша концептуалдық мағына иеленеді. Бұл мақалада О. Бөкейдің «Көк тайынша» әңгімесін таңдау пәнінде оқытуға қатысты тәжірибемен бөлісу мақсатында жасалған жоспар, әдебиеттер т.б. материалдар ұсынылып отыр.

Түйінді сөздер: Оралхан Бөкей, әңгімелері, таңдау пәні, әдіс-тәсілдер, қысқа мерзімді жоспар.

Аннотация

Статья посвящена жизни и творчеству писателя Оралхана Бокея, проведению уроков по казахскому языку и литературе с использованием различных методов и приемов в соответствии с новой программой по выбору. Большое влияние на овладение духовными знаниями через творческую работу оказывают рассказы Оралхана Бокея. Произведения писателя заключаются в умелом сочетании глубокого философского узла и лирической линии. Все произведения выстраиваются в линию Жизнь-Человек-Природа и приобретают особый концептуальный смысл. В этой статье предлагается план, литература и др. материалы, посвященные изучению рассказа О. Бокея «Көк тайынша» по выбору.

Ключевые слова: Оралхан Бокей, рассказы, предмет по выбору, методы, краткосрочный план.

Annotation

The article is devoted to the life and work of the writer Oralkhan Bokey, conducting lessons in the Kazakh language and literature using various methods and techniques in accordance with the new elective program. The stories of Oralkhan Bokey have a great influence on mastering spiritual knowledge through creative work. The writer's works consist in a skillful combination of a deep philosophical knot and a lyrical line. All the works are lined up in the Life-Man-Nature line and acquire a special conceptual meaning. This article offers a plan, literature, etc. materials devoted to the study of O. Bokey's story "Kok tayynsha" by choice.

Keywords: Oralkhan Bokey, stories, elective subject, methods, short-term plan.

Әр халық өзінің әдеби, мәдени құндылықтарын тани отырып, ұлттық сана мен ұлттық рухты қалыптастырады. Ал рухани білімді шығармашылық жұмыстар арқылы игеруге ықпал жасауда Оралхан Бөкей әңгімелерінің берері мол. Жазушы шығармалары терең философиялық түйін мен

лирикалық желінің шебер үйлесуінен тұрады. Бүкіл шығармалары Өмір - Адам - Табиғат желісіне құрылып, айырықша концептуалдық мағына иеленеді. Көркем әдебиет туындылары айналадағы шындықтың көркем бейнесі болғанда ғана өзінің қоғамдық және әлеуметтік міндетін атқара алады. Оралхан Бөкей шығармаларында әрқилы дәуірді бастан кешкен адамдардың бейнесі, олардың өр рухы мен ой-арманы, туған жердің тамаша табиғаты көркем тілмен суреттеледі.

Қазақ көркем сөз өнерінің хас шебері Оралхан Бөкей өмірі мен шығармашылығын, әңгімелерін қазақ тілі және әдебиеті бойынша таңдау пәнінде жаңа бағдарламаға сай түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып өту – өзекті мәселелердің бірі. Менің авторлығыммен құрастырылған авторлық бағдарламаға оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып таңдалып алынған Оралхан Бөкейдің «Көк тайынша», «Бес тиын», «Іздегенін тапты ма?», «Апамның астауы», «Тортай мінер ақ боз ат», «Тоқадан қалған тұяқ», «Күлпаштың ұршығы», «Кербұғы», «Сарыарқаның жаңбыры», «Қасқыр ұлыған түнде» әңгімелері енгізілді. Бағдарламада жеке, жұптық, топтық, ұжымдық оқыту формалары қарастырылады. Диалогтік оқыту және сын тұрғысынан ойлау - бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі.

Ұстаздың шығармашылығы мен ізденісі баланың қиялын дамытады. Үйретуші әр сабағын жаңа әдіс-тәсілдерді шеберлікпен қолданып, түрлендіріп, сөз бен әрекетті үйлестіре алған жағдайда жетістікке жете алады. Сабақ барысында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған оқытудың түрлі әдістерін, сын тұрғысынан ойлау стратегияларын қолдана отырып тақырыпты меңгерту, көркем шығарма арқылы қазақ тілінің бай сөздік қорын игерту көзделеді. Оқушылар адамзатқа ортақ барлық проблемаларға кейіпкер тағдыры арқылы үңіле отырып үн қосуға, өз пікірін айта білуге үйренеді. Адами ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, салт-дәстүрді құрметтеу, сөз құдіретін түсіну, кітап оқуға сүйіспеншілікті арттыра отырып, рухани жаңғырған қоғамда жаңаша ойлай алатын, өмірге бейім жеке тұлға тәрбиелеу қазіргі заманның басты талабы.

Өзгелерден үйрене жүріп өзгелерді үйрете алу - үлкен өнер. Рухани білімнің адамға, адам бойындағы ең асыл қасиеттердің дамуына ықпал ететіні анық. Мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуі, ізденісі, оқушыларын жаңашыл әдіс-тәсілдер арқылы үздіксіз дамудың даңғыл жолына жетелей алуы білім мен біліктілікті талап етеді. Жазушының ауылдың қызықты оқиғаларына толы әңгімелері оқушыны еріксіз езу тартқызып, Алтайдың тамаша табиғатын суреттеуі таң қалдырып, кейіпкерлер іс әрекеті, оқиға желісі қиялын қалықтатып, адамдық биігіне жетелейді.

Біз - адам жанын сөзбен емдеген халықтың ұрпағымыз. Қазақ қара сөзінің құнарлы нәрімен Оралхан Бөкей шығармалары арқылы сусындату, оқушыны ынталандырып, шабыттандыра алу - нағыз ұстаздың қолынан келетін іс. Таңдау және бейіндік пәндерді жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне қиялы ұшқыр, шығармашыл, сыни ойлау қабілеті бар оқушы тәрбиелеуге септігін тигізеді сөзсіз.

Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ әдебиеті 9-сыныбында таңдау пәні О. Бөкей шығармашылығы негізінде ұйымдастыру төмендегідей мақсат-міндеттерді көздейді. Мақсат. О. Бөкей шығармашылығы арқылы әдебиет теориясын терең меңгеруге, көркем шығарманы талдауға дағдыландыру. Оқушылардың қазақ әдебиеті туралы түсініктерін кеңейту, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру, өзіндік пікірі бар, шығармашылықпен жұмыс істейтін, бәсекеге қабілетті елжанды тұлға тәрбиелеу. Білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің, тілдік-эстетикалық талғамдарының, коммуникативтік құзіреттіліктерінің дамуына және өздігінен білім алуына мүмкіндік туғызу.

Міндеттер: 1) ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізе білуге үйрету; 2) дәлелдер келтіру, салыстыру, талдау, жинақтау, бағалау дағдыларының қалыптасуына ықпал ету; 3) ғылыми-шығармашылық жұмысқа бағыт-бағдар көрсету; 4) өзін-өзі, адамдардың түрлі мінезі мен қылықтарын көркем әдебиет арқылы тануға ықпал ету; 5) сыни тұрғыдан ойлай алатын, адами асыл қасиеттерді бойына сіңірген, рухы биік тұлға тәрбиелеу; 6) адамгершілікке, салт-дәстүрді құрметтеуге, табиғатты қорғауға, патриотизмге баулу.

Оқу мақсаттары білу, түсіну, талдау және интерпретациялау, жинақтау және бағалау дағдыларына негізделген. Сабақ барысында мына мәселелерді қарастыру көзделеді: көркем шығарма мазмұны, шығармадағы образ, шығарма үзінділерімен жұмыс, автор бейнесі, көркем шығарма тілі, шығармашылық жұмыс, әдеби эссе, әдеби сын, кейіпкер портреті, шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту, шығарманың идеясы мен тақырыбын анықтау, теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, тұрақты сөз тіркестері, кейіпкерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау,

шығармада көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселе т.б.

Сызба түрінде берілген қысқа мерзімді жоспарлар негізінен оқу, сабақ мақсаттарын және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын қамтиды. Әр мұғалім оқушылар деңгейі мен оқу мақсатына қарай беріліп отырған жоспарларды өзгерте алады және пәнаралық байланыс, түйінді идея, тілдік мақсаттар, дескриптор т.б. мәселелерді қамтып, толықтыра алады.

Әр әңгімеге қатысты 10 сұрақтан тұратын тест беріледі. «Сарыарқаның жаңбыры» әңгімесінің көлемділігіне байланысты ол тақырыпқа 4 сағат бөлінеді, соған орай тест сұрақтарының саны – 20. Тестілеу нәтижесі арқылы білім алушының тақырыпты меңгеру деңгейін анықтауға болады. Егер шығарманы оқымағандар болса, оларға тест жұмысын көркем шығарманы қолдана отырып жасауға рұқсат беруге болады. Тест жұмысын өз бетінше орындағандарға әр дұрыс жауап үшін 1 балл, ал кітапты қолдана отырып орындағандарға әр дұрыс жауап үшін 0,5 балл қойылады. Егер шығарма үй тапсырмасы ретінде берілген болса, тестілеу бірден сабақтың басында жүргізіледі. Қолдануға ыңғайлы болуы үшін әр әңгімеге жеке тест жасалды. Оларды қай кезеңде, қалай қолдану әр мұғалімнің сабақты ұйымдастыруына байланысты. Тестілеуді әр шығармаға бөлінген сағат бойынша толық жұмыс жасалған соң да жүргізуге, сондай-ақ, жиынтық бағалау тапсырмаларының бірі ретінде де қолдануға болады. Тест жұмысында әдебиет теориясына қатысты сұрақтар да қамтылды. Екінші және төртінші тоқсан аяқталған кезеңге лайықталып екі жиынтық бағалау жоспарланып отыр. Оқу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде қалыптастырушы бағалау үнемі жүргізіледі.

Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың тұғырлары адамзаттық құндылыққа, түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрметпен қарау, тұлғалық бағдарлы оқыту, саралай және даралай оқыту, коммуникативтік-функционалды бағдарлы оқыту, ақпараттық-коммуникациялық бағдарлы оқыту бағытында болғандықтан осыған сай педагогикалық әдістер қолданылады. Атап айтқанда, пікірталас, әңгіме, дәріс, кітаппен жұмыс, шығармашылық жұмыстарды орындау әдістері, оқу-практикалық әдіс, көркем әдебиетті сурет салу арқылы меңгерту т.б. Бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу барысында соңғы жылдары оқу мазмұнының жаңаруына байланысты тәжірибеге енген жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға болады. Тренингтер мен рөлдік ойындар оқушыларды қызықтырып, ынталандыра отырып, нәтижеге тез қол жеткізуге ықпал етеді. Ұсынылатын әдістер: «Әуенді өрімдер», «Ақындар мен жазушылар», «Балалар философиясы», «БББ», «Баяндама», «Айқын мақсат қоя отырып», «Айна», «Айналмалы бекеттер», «Айырмашылығы неде», «Аквариум», «Алфавит», «Ара ұясы», «Ассоциативті қатар». Әдістердің кейбірінің ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, «Ассоциативті қатар» әдісінде мұғалім тақтаға бір сөзді жазады. Оқушыларға тақтаға жазған сөзден пайда болған ассоциацияны жазуды ұсынады. Ассоциация сөздер бір қатарға тізіледі. Оқушылар артық деп санаған сөздерді алып тастап, сабақ тақырыбын тұжырымдайды. «Ассоциацияның көмегімен көрініс» «Атмосфера орнату», «Аударыспақ» әдісінде жұптық тапсырма беріліп, оқушылар бір-бірінің білімін бағалайды. Мұнда сұрақ мазмұны, жауап мазмұны, дәйектілігі ескеріледі. «Аяқталмаған сөйлем», «Әдебиет лотосы» әдістерінің мақсаты - оқыған шығарма кейіпкерлері туралы кестені толтыру. «Әңгімелесетін әріптестер», «Байланысқан оқу», «Балалар философиясы», «Биографиялық поэма», «Бұл кім?», «Бір ауыз сөз», «Бірге ойлаймыз», «Бір сөйлеммен түйіндеу», «Венн диаграммасы», «Графикалық органайзерлер», «Даналық ағашы», «Ғажайып үкілер», «Дарабоз», «Джигсо», «Еркін пікір», «Ертегі құрастыру», «Жағымды тілектер алқасы», «Жетістік баспалдағы», «Идея туралы пікір», «Күтіңіз және түйіндеңіз» т.б. әдіс түрлерін де қолдануға болады.

Қазақ әдебиеті пәні қазақ тілі, тарих, жаратылыстану, бейнелеу өнері, музыка және басқа да пәндермен тығыз байланысты. Пәнаралық байланыс оқушылардың білімін тереңдетуге, қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыруға ықпал етеді. Сабақты сурет, музыка, кино өнерлерімен байланыстыра ұйымдастыру оқушылардың эстетикалық талғамның дұрыс қалыптасуына көмектеседі. Топонимикалық атаулардың этимологиясын, мағынасын, тарихын білу оқушылар дүниетанымын кеңейтеді.

Оқу материалы - О. Бөкей шығармалары, жазушы шығармаларына түрлі аспектіде талдау жасалынған зерттеу жұмыстары және публицистикалық еңбектер. Шығармаларды әдебиет теориясы тұрғысынан талдауда А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов еңбектері, сөздердің мағынасын тануда Қазақ тілінің көп томды түсіндірме сөздігі, Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі, Қазақ тілінің антонимдер сөздігі т.б. қолданылады. Оқу үдерісіне тақырыппен байланысты түрлі ұнтаспа, бейнетаспа, медиаматериалдар, бейнероликтер, ғаламтор материалдары таңдап алынды. Ресурстар қоры театр, мұражай, кітапханаларға саяхат жасау арқылы

да кеңейеді.

О. Бөкей әңгімелерін оқу, талдау негізінде оқушылардың қазақ әдебиеті туралы түсініктері кеңейеді, әдеби шығармаларды оқуға ынтасы артады. Шығармашылық, зерттеушілік қабілеттері дамиды. Әдеби-теориялық ұғымдар туралы білім тереңдейді, көркем шығарманы талдауға, сын тұрғысынан ойлауға, дауыс интонациясын сақтап мәнерлеп оқуға машықтанады. Ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізуге, дәлелдер келтіруге, салыстыруға, талдауға, жинақтауға, бағалауға дағдыланады. Топтық және жұптық жұмыстар оқушылар арасындағы ынтымақтастықтың нығаюына ықпал етеді.

Тіл, әдебиет және өнер мәселелеріне қатысты тарауда тіл мен әдебиеттің өзара байланысы мен өзіндік ерекшеліктері; тіл – қатынас құралы; әдебиет – сөз өнері; өнер атаулыға ортақ қасиеттер; архитектура, скульптура, живопись, би, кино, музыка; өнер түрлерінің әмбебаптығы, тілдік белгілері; өнер түрлерінің құралы; өнер тілі; өнер идеясы; А. Байтұрсынұлының өнер түрлерін жүйелеуі; материалдық және рухани салалар; тірнек өнері және көрнек өнері т.б. мәселелер қарастырылады.

Әдебиет теориясына қатысты тарауда әдебиеттану ғылымының салалары; әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны; тақырып пен идея; сюжет пен композиция; тип пен мінез; көркемдегіш құралдар; дүниетаным мен көзқарас т.б. мәселелер қарастырылады.

Сабақтар дәріс, тренинг, практикалық жұмыс, рөлдік ойын, семантикалық кестемен жұмыс т.б. формаларда ұйымдастырылады.

О. Бөкейдің «Көк тайынша» әңгімесін таңдау пәнінде оқытуға қатысты тәжірибемен бөлісу мақсатында жасалған жоспар, әдебиеттер т.б. материалдар ұсынылып отыр.

	Тақырыбы	Негізгі мазмұны	Формасы	Сағаты
	Көк тайынша	1. Шығарманың сюжеті 2. Шығарманың композициясы 3. Шығарма кейіпкерлері	Рөлдік ойын, семантикалық кестемен жұмыс.	2

Оқу мақсаты. Кейіпкердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстыру. Диалог пен монологтың айырмашылығын анықтау. Шығарманың композициясын талдау.

Сабақтың мақсаты. Барлық оқушылар орындай алады: әңгімені мазмұндай алады, диалог пен монологтың айырмашылығын біледі. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Әңгімедегі кейіпкердің іс-әрекетін, ішкі және сыртқы портретін салыстыра алады. Кейбір оқушылар орындай алады: Кейіпкерлердің іс-әрекетінен өзіндік қорытынды шығарып оны айта алады.

1. Ұйымдастыру кезеңі. «Тілек шамы» арқылы жақсы көңіл-күй қалыптастыру. Қасында тұрған сыныптасының жақсы қасиеттерін айтады.

2. Алдыңғы оқу. Үлестірме материалдар арқылы О. Бөкейдің өмірі мен шығармашылығы жайында мәлімет қайталанып, еске түсіріледі.

№1 үлестірме: Жазушының туған жері туралы не білесің?

№2 үлестірме: О. Бөкей қай жылы дүниеге келді?

№3 үлестірме: Қандай шығармаларын білесің?

№4 үлестірме: Әңгіме дегеніміз не?

Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары

1. Үйде оқып келгеннен ойға түйгендері негізінде оқушыларға О. Бөкейдің «Көк тайынша» әңгімесінің композициясын жасау тапсырылады. Топтарда жасалған композиция түрлері талданып, ортақ бір нұсқасы жасалады.

1. Ауылдан келген хат

2. Милицияның бірнеше рет келуі

3. Қамшы иесінің анықталуы

4. Исахан мен оның құдасының арасындағы әңгіме

5. Осы композиция бойынша оқушылар кезектесіп әңгіме мазмұнын баяндайды.

2. Диалогтың ерекшелігі, монологтан айырмашылығы туралы айтылады.

3. «Көк тайынша» әңгімесіндегі милицияның келуіне байланысты эпизодтарды рөлдік ойын түрінде көрсетеді.

4. Кесте арқылы кейіпкерлерге мінездеме беру:

Кейіпкерлер	Сыртқы портреті	Ішкі портреті	Іс-әрекеті
Исахан			
Окинков			
Құда			

5. Кестені толтыру арқылы қорытынды шығару.

Мен мына іс-әрекеттерді қолдаймын	Бұл әрекеттерді қолдамаймын

Өздік жұмыс. «Адалдық», «Адам әдеттері» тақырыптарының біріне эссе жазу.

О. Бөкейдің «Бес тиын» атты әңгімесін оқу. Адалдық, ұрлық туралы мақал-мәтелдер жазу.

Рефлексия. Менің оқушыларым бүгін не үйренді? **Қорытынды бағамдау.** Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетінін білдім?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
- 2 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.
- 3 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1975.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974.
- 5 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013.
- 6 Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2002.
- 7 Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2000.
- 8 Ахметжан Т. Қазақ прозасының мұзтауы // Қазақ әдебиеті. -2003. -5-желтоқсан.
- 9 Ахметжан Т. Оралханды ойлағанда // Қазақ әдебиеті. -2004. -21-қыркүйек.
- 10 Бөкей О. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақпарат, 2003.
- 11 Бөкей О. Ән салады шағылдар. – Алматы: Жалын, 1978.
- 12 Бөкей О. Біздің жақта қыс ұзақ. - Алматы: Жалын, 1984.
- 13 Бөкей О. Кербұғы. - Алматы: Атамұра, 2003.
- 14 Бөкей О. Біздің жақта қыс ұзақ. - Алматы: Жалын, 1984.
- 15 Бөкей О. Қар қызы. - Алматы: Раритет, 2008.
- 16 Бөкей О. Үркер ауып барады. – Алматы: Жалын, 1981.
- 17 Бөкей О. Ұйқым келмейді. – Алматы: Жазушы, 1990.

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ СЕКЦИЯСЫ
СЕКЦИЯ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ
SECTION OF SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION

УДК 37.015.3

Абдикаликова Берикгуль Тулепбергеновна

«Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламалар» бөлімінің аға оқытушысы

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты

Алматы қ., Қазақстан

**ПОСТКУРСОВОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЯ
КАК УСЛОВИЕ РАЗВИТИЯ ЕГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ**

Аннотация

Анализируя результаты деятельности учащихся, можно определить, насколько сформированы у них метапредметные компетенции. Особенно это важно на уроках самопознания, так как мы придаем большое значение соединению теоретических знаний с практической деятельностью, рассматриваем важность применения знаний, умений и навыков в реально изменяющейся жизни. деятельность по повышению квалификации также активно обновляется в отношении усиления поддержки педагогов в посткурсовой период. Сопровождение слушателей после прохождения курсов осуществляется в сетевом взаимодействии тренера и учителя, реализующего программы повышения квалификации с участниками повышения квалификации через проведение плановых семинаров, вебинаров, конференций, а также в индивидуальном общении посредством применение различных средств связи (электронная почта, сайта центра, общих чатов и т. п.). Данные формы взаимодействия позволяют восполнить возникающие на практике профессиональные трудности педагогов, обеспечить сопровождение применения освоенного теоретического и практического материала в реальной педагогической деятельности.

Ключевые слова: *посткурсовое сопровождение, педагогическая деятельность, учитель, профессиональная компетенция.*

Аннотация

Мұғалімдердің іс-әрекетінің нәтижелерін талдай отырып, олардың метапәндік құзыреттіліктерінің қаншалықты қалыптасқанын анықтауға болады. Бұл әсіресе өзін-өзі тану сабақтарында өте маңызды, өйткені біз теориялық білімді практикалық іс-әрекетпен ұштастыруға үлкен мән беретіндіктен, білім, білік, дағдыны шын өзгермелі өмірде қолданудың маңыздылығын қарастырамыз. Курстардан өткеннен кейін тыңдаушыларды сүйемелдеу жоспарлы семинарлар, вебинарлар, конференциялар өткізу арқылы біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыратын жаттықтырушы мен мұғалімнің біліктілікті арттыру қатысушыларымен желілік өзара іс-қимылында, сондай-ақ әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, орталық сайты, жалпы чаттар және т.б.) қолдану арқылы жеке қарым-қатынаста жүзеге асырылады. Өзара әрекеттесудің бұл формалары мұғалімдердің практикада туындайтын кәсіби қиындықтарын толтыруға, нақты педагогикалық іс-әрекетте игерілген теориялық және практикалық материалдарды қолдануды сүйемелдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздері: *курстан кейінгі сүйемелдеу, педагогикалық қызмет, мұғалім, кәсіби құзыреттілік.*

Annotation

The article is devoted to the promotion of the analyzing the results of students' activities, it is possible to determine how many meta-subject competencies are formed in them. This is especially important in the lessons of self-knowledge, as we attach great importance to the combination of theoretical knowledge with practical activity, consider the importance of applying knowledge, skills and abilities to real change. After completing the courses, the trainees are accompanied in the network interaction of a coach and a teacher who implements advanced training programs with the participants of advanced training through scheduled seminars, webinars, conferences, as well as in individual communication through the use of various means of communication (e-mail, the center's website, general chats, etc.). These forms of interaction make it possible to fill in the professional difficulties of teachers that arise in practice, to provide support for the

application of the mastered theoretical and practical material in real pedagogical activity.

Keywords: *post-course support, pedagogical activity, teacher, professional competence*

На современном этапе развития общества одним из самых актуальных аспектов обновления и совершенствования системы повышения квалификации педагогов в РК является проблема посткурсового сопровождения слушателей. Одним из основных нововведений обозначено, что организации повышения квалификации осуществляют не только само- обучение педагогов на курсах, но и посткурсовое сопровождение деятельности педагогов, и посткурсовый мониторинг.

Посткурсовое сопровождение деятельности педагога самопознания – это система мероприятий, которая обеспечивает развитие профессиональной компетентности педагога путем непрерывного мониторинга его посткурсовой деятельности и оказания методической, консультационной помощи.

Сопровождение слушателей после прохождения курсов самопознания осуществляется во взаимодействии с преподавателями Национального института гармоничного развития человека через проведение онлайн - семинаров, вебинаров, конференций, а также в индивидуальном общении посредством применение различных средств связи (электронная почта, сайта центра, общих чатов и т. п.). Данные формы взаимодействия позволяют восполнить возникающие на практике профессиональные трудности педагогов, обеспечить сопровождение применения освоенного теоретического и практического материала в реальной педагогической деятельности.

Ученые, исследующие проблему компетенций, пишут, что под компетенцией надо понимать некоторые внутренние, потенциальные, скрытые психологические новообразования:

- ✓ знания,
- ✓ представления,
- ✓ алгоритмы действий,
- ✓ ценности во взаимоотношениях людей.

Предметные компетенции в самопознании – это *специфические способности*, необходимые для эффективного выполнения конкретного действия в области нравственно-духовного образования и включающие предметные умения проявлять заботу и бескорыстную помощь нуждающемуся, сохранять внутренний покой, показывать примеры достойного поведения в любой нестандартной ситуации, навыки толерантности, способы позитивного мышления.

Исходя из этого, мы можем утверждать, что для успешного формирования предметной компетенции в области самопознания необходимо следующее:

- знания об общечеловеческих и национальных ценностях,
- знания по работе с текстами духовно-нравственного содержания,
- знания о самом себе и окружающей среде,
- знания о воспитании духовно-нравственных качеств.

На протяжении ряда лет слушатели (педагоги самопознания) курсов повышения квалификации вместе с преподавателями посещали школы, уроки учителей самопознания, участвовали в анализе учебной деятельности учащихся на уроках, во внеучебной деятельности, наблюдали работу с родителями. Преподаватели вместе с руководителями школ стремились созданию условий для **развития у учащихся метапредметных компетенций**.

Анализируя результаты деятельности учащихся, можно определить, насколько сформированы у них **метапредметные компетенции**. Особенно это важно на уроках самопознания, так как мы придаем большое значение соединению теоретических знаний с практической деятельностью, рассматриваем важность применения знаний, умений и навыков в реально изменяющейся жизни.

Профессиональная компетентность педагога самопознания – это многофакторное явление, которое включает в себя систему теоретических знаний **педагога** и способов их применения:

- в конкретных **педагогических** ситуациях,
- ценностные ориентации **педагога самопознания**,
- показатели его культуры (речь, стиль общения, отношение к себе и окружающим его людям)

и др.).

На уроках самопознания учитель, применяя метод беседы, обязательно включает вопросы, направленные на осмысление учащимися реальной жизненной ситуации, понимания важности самопознания и самовоспитания, проявления духовно-нравственных качеств личности.

Развитие у учащихся метапредметных компетенций является одной из главных задач в профессиональной деятельности педагога самопознания.

Учитель самопознания должен уметь:

переносить известные знания о духовно-нравственном развитии личности, приемы обучения и воспитания в условия новой педагогической ситуации

находить новое решение каждый раз, когда он сталкивается с новой педагогической ситуацией

анализировать происходящие события

находить причины возникшей педагогической ситуации

выяснять мотивы тех или иных поступков учащихся

осмысливать каждый элемент учебно-воспитательного процесса во взаимодействии с другими элементами

находить в теории самопознания положения, правила, принципы, закономерности, с помощью которых можно обосновать практический опыт

уметь ставить цель и формулировать педагогическую задачу, направленную на решение не только учебных, но главным образом, воспитательных задач.

Такие формы профессиональной деятельности, как **Дни открытых дверей, Методический десант, тренинги и мастер-классы** по актуальным вопросам внедрения обновленного содержания среднего образования способствовали успешной реализации инновационных практик, достижению высокого уровня динамики изменений, направленных на повышение качества нравственно-духовного образования.

Метапредметность как принцип интеграции самопознания и других учебных дисциплин, как способ формирования позитивного мышления и универсальных способов деятельности **обеспечивает создание единой картины мира в сознании человека.**

При этом у учащихся формируется подход к изучаемому предмету как к системе знаний о мире, выраженному в различном виде:

- числах и фигурах (математика),
- веществах (химия),
- телах и полях (физика),
- художественных образах (литература, музыка, изобразительное искусство),
- **общечеловеческих ценностях (самопознание) и т. д.**

Также проводится посткурсовой мониторинг – система наблюдения и оценивания посткурсовой деятельности сертифицированных педагогов с целью сопоставления фактического состояния педагогической практики с ожидаемыми результатами программы курсов в том числе в дистанционном режиме.

Согласно вышесказанному, наша деятельность по повышению квалификации также активно обновляется в отношении усиления поддержки педагогов в посткурсовой период.

Сопровождение слушателей после прохождения курсов осуществляется в сетевом взаимодействии тренера и учителя, реализующего программы повышения квалификации с участниками повышения квалификации через проведение плановых семинаров, вебинаров, конференций, а также в индивидуальном общении посредством применение различных средств связи (электронная почта, сайта центра, общих чатов и т. п.). Данные формы взаимодействия позволяют восполнить возникающие на практике профессиональные трудности педагогов, обеспечить сопровождение применения освоенного теоретического и практического материала в реальной педагогической деятельности.

Системная работа по организации посткурсовой поддержки педагогов самопознания для развития метапредметных компетенций личности учащихся продолжается.

Список использованной литературы

- 1 Государственная программа развития образования Казахстана на 2011-2020 годы. Указ Президента Казахстана от 7 декабря 2010 года № 1118. – Астана. Акорда.
- 2 Бакытжан Жумагулов о модернизации системы образования, официальный сайт Премьер-Министра РК «Primeminister.kz». URL: <http://www.primeminister.kz/page/bakytzhanzhumagulov-o-modernizatsii-sistemy-obrazovaniya?lang=ru> (дата обращения: 05.01.2014).

ӘОЖ 82

Арипбаева Майрамкул Джаримбетовна
Кускулакова Акмарал Парахатовна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
Д. Қонаев атындағы ОМ
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ-ҰЛТТЫҚ РУХЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ТІНІ

Қазақ жұртының оқыған азаматтарының тұңғышы.
Оның қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен
жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне
орнатылған ескерткіш-мәңгілік ескерткіш
М. Әуезов

Аннотация

Мақалада бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштаған, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білген Ахмет Байтұрсынов туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: білім, мәдениет, Ахмет Байтұрсынов, тіл.

Аннотация

В статье рассказывается об Ахмете Байтурсынове, всю свою жизнь посвятившему развитию образования и науки в казахском обществе, возрождению и развитию просвещения, оставившем неизгладимый след в области совершенствования воспитательной работы.

Ключевые слова: образование, культура, Ахмет Байтурсынов, язык.

Annotation

The article tells about Akhmet Baitursynov, who devoted his whole life to the development of education and science in the Kazakh society, the revival and development of education, who left an indelible mark in the field of improving educational work.

Key words: education, culture, Akhmet Baitursynov, language.

Белгілі қоғам қайраткері, ғұлама түрколог, жазушы, публицист, ағартушы - педагог Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы - жас ұрпаққа өнеге болатын дара жол.

Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. "Әліпби", "Тіл құралы", "Әдебиет танытқыш", т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылық қызметі жағынан Ыбырай Алтынсариннің тікелей мұрагері болды. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген-Ахмет Байтұрсынұлы. А.Байтұрсынұлы Ыбырай негізін салған идеяларды жалғастырушы болды. Олардың идеяларының үндестігін шығармаларынан,

әңгіме, өлең, мысалдарынан, этнографиялық еңбектерінен, ғылыми мақалаларының мазмұнынан анық байқаймыз. Ахмет Байтұрсынұлы қай халықтың болмасын ілгері басуының себебі де, кейін қалуы да оқу мәселесімен байланысты екенін дәлелдеді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениеті тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан тұлға. Оның тарихи тағлымы мол тәрбие туралы өзіне тән прогрессивтік ой-пікірі бар ұлы ғалым. Қазақ философиясының тіл білімі және әдебиеттану негізін салушы педагог-ағартушы, мәдениет қоғам қайраткері. Қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан тұлға, өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікке суарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырып шығып, айналасына нұр шуақ себумен өткен ағартушы.

XX ғасырдың алғашқы отыз-қырық жылы қазақ әдебиетінің ең бір қарқынды дамыған, гүлденген тұсы. Олай дейтініміз, ұлт мәдениеті - үлкен мәдениет, қазақтық ғылым, білім – бәрі шын мәнінде осы кезде ірге көтере бастады. Қаз тұрып кетуіне, қалыптасуына А. Байтұрсынұлы тікелей мұрындық болды. Сондықтан да осы қырық-отыз жылды қазақ өркениетінің «Байтұрсынұлы дәуірі», «Байтұрсынұлы ғасыры», - деп атаса да болады. Жиырмамыншы ғасырдың басында ұлт жұмысын арымен атқарған Ахмет Байтұрсынұлының артында қалған мол мұрасы-өз қазағына емес, күллі түркі жұртына, тіпті бүкіл адамзатқа өнеге боларлық ұлы іс екенін бұл күні ұрпақтары мақтан етеді. Бүкіл қазақтық ғылымның көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының әрбір ісін сараласақ, әліпби мен әліппені алсақ, Ахмет-ұлт жазуының реформаторы, ана тілді айтсақ, Ахмет-қазақ тіл білімінің атасы, әдебиет саласында, Ахмет-асыл сөздің алтын дінгегі, оқу-ағарту ісінде, Ахмет-ұлттық мектептің іргетасын қалаушы, хәм халық ұстазы, тарих пен қазақ өркениетін қозғасақ, Ахмет- сол кезең өркениетінің дәуірі, болмыс пен бітімге келсек, Ахмет-ұлт мәдениетінің Хантәңірі, әдеп ісін айтсақ, Ахмет-халықтың ар-ожданы. Ол туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса білім алуын аңсады. Қалың елі қазағына ұлы ақын Абайша өсиет айтып, "Шаруанды түзет. Жалқаулықтан арыл, адал еңбек ет, кәсіп үйрен, тер төк... Дүниеде елге теңдік, кемге кеңдік беретін, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді үйренейік ағайын!" – деп көпке жар салды.

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ ұлттық ғылымының көшбасшысы. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда алдымен Ахмет Байтұрсынұлының есімі ойымызға оралады. Себебі қазақтың ұлттық ғылым тілінің дамып, қалыптасуының тұтастай бір кезеңі ғалым еңбектерімен, оның ғылыми педогогикалық, ағартушылық және ғылыми – ұйымдастырушылық қызметімен, қайраткерлігімен тікелей байланысты. Сондықтан да қазақ тіл білімінің тарихын, оның даму, қалыптасу кезеңдері туралы сөз қозғағанда Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығымен, қоғамдық қызметіне жан-жақты тоқталу, оны терең зерттеу өте маңызды. Сол себептен де Ахмет Байтұрсынұлы мұрасына аса мұқият қарап, оған әр қырынан үңіліп, жан-жақты зерделеу-қазақ тіл білімінің кешегі тарихы үшін ғана емес, оның алдағы уақыттағы дамуы үшін қажет іс. Біз ғалымның қазақтың ұлттық тіл білімі қорын қалыптастыруда ұстанған бағыты, қалыптастырған қағидаттары, айтқан ойлары мен тәжірибесі төңірегінде ой өрбітеміз. Қазақ тілдік қорының қалыптасуына негіз болған көз ұлт тілінің өз байлығы екендігі сөзсіз. Оның бастауларын әріден, түркі тілдерінен, төл тіліміздің тармақталып, дербес даму тарихымен байланыста қараған жөн.

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ тіл білімінің негізін жасаушы. Кез-келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларыңыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде Ахмет Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған. Ғылыми ұғымдарға ат қою оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс.

«Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Ахмет Байтұрсынұлы "Оқыту жайынан" атты мақаласында "... оқу жұмысы үш нәрсеге тіреледі: бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаңдамайды, ауытқымайды, түзу жүреді..." дегенді айтты. Ол осы пікірін іске асыру жолында нақтылы еңбек етті. А. Байтұрсынұлы 1912 жылы тұңғыш қазақша сауаттандыратын "Оқу құралын" жазды. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі "Тіл құралы" деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған. 3-бөлімі 1916 жылы

басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет қайта басылып, пайдаланылып келді. Ол осы оқулықтарда қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынды. Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу, шылау, одағай, бастауыш, баяндауыш т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А. Байтұрсыновтікі. Оқулықтың тағы бір құндылығы – қазақ тілі грамматикасының басты салалары – фонетика – дыбыс туралы ғылым, морфология – сөз құрамын зерттейтін ғылым, ал синтаксис – сөйлем құрылысын зерттейтін ғылым деп, тұңғыш рет қазақ тіл білімін ғылыми зердемен саралап берді. Ол қолданбалы грамматиканы да жазып, "Тіл жұмсар" деген атпен екі бөлімді кітап етіп ұсынып, 1928 ж. Қызылордада бастырып шығарды.

А. Байтұрсынов қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін қарастырумен бірге, ол пәндерді оқыту әдістемесінің де іргетасын қалаушы болды. А. Байтұрсынов 1928 ж. "Жаңа мектеп" журналының 8-санында жарияланған "Қай әдіс жақсы" деген көлемді мақаласында орыстың ұлы педагог Л. Н. Толстойдың "Үйрету әдістері туралы" деген еңбегіне талдау жасай отырып, "Әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес. Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу" деп тұжырымдайды.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 ж. Москвада шығарды. Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т.б. сөз етіледі.

Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик. сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсыновтың Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарм. психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми- зерттеу. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі

айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеум. мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демократиялық құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеуметтік жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшаң-теңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент 1922 жылы қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап,

Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады.

Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеп», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет майданындағы есімі әр жас ұрпақ жүрегінде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы, тарихтағы орны ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері аса жоғары бағаланған. Өз уақытының аласапыран құбылыстарын бағалау болашақ алыс өрістерді көруге келгенде алмағайып ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай Ахмет Байтұрсынұлының әуелі тарихтағы орнына тоқталып өткен жөн. Ақан ашқан қазақ мектебі, Ақан түрлеген ана тілі, Ақан салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ газетінің» 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды деп ұлы данышпанымыз Абай есімін бар әлемге таныстырған Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтқан болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы М.Әуезов «қазақтың «рухани көсемі» деп атағаны әрине, бекер емес. Халықтың рухани өміріне жанашырлық танытып, әрдайым елмен бірлікте болған рухани ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық қызметі ізгілікке толы болған. Ол атқарушылық қызметті де атқара жүріп, оқу-ағарту ісінен ешбір қол үзбеген қайраткер. Өзі үшін емес, халық үшін өмір сүрген рухани көшбасшы, өйткені Ахмет Байтұрсынұлы өз өмірін халық үшін құрбан еткен абзал азамат. Өз халқының өмірінің сан-саласына араласып, өз көзқарасын ашық ортаға салған қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлының ойы, сөзі, ісі әрдайым бірлікте болған. Сонысымен де ізгі педагог. Ахмет Байтұрсынұлының оның өмірі мен қызметі, рухани мұралары ұрпаққа баға жетпес үлгі. Әрине, Ахмет тағылымын бір сәтте оқып білуге болмайды. Оны жылдар бойы оқып үйренуіміз керек. Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы-баршасы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған. Ахмет өмірі мен шығармашылығы келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 *“Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6*

2 *Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2*

3 *Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3*

4 *Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009*

5 *“Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9*

6 *Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ф. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009. ISBN 9965-34-933-9*

7 *Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGR Ltd», 2013.-382 б.*

8 *Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.*

ӘОЖ 378.014
МРНТИ 14.39.05

АСИЛБАЕВА Ф.Б.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
университет бойынша педагогикалық цикл пәндер бөлімінің аға оқытушысы
Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,*

ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аннотация

Мақалада оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі туралы сөз болып, оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде басты құндылықтардың алатын орны мен ерекшелігі жөнінде айтылады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудегі мінез-құлық нормалары жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін тұлға арасындағы қарым-қатынастың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылып, мектепоқушысы тұлғасын қалыптастырудағы басты құндылықтары берілген. Автордың ойынша, оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, жалпыадамзаттық құндылықтардың, сыртқы күштер мен әлеуметтік жағдайлардың әсері мол. Мектеп оқушыларын рухани адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны оның жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамитындығы айтылады.

Тірек сөздер: *рухани-адамгершілік, жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық дәстүр, жеке тұлға, тұлғалық ерекшеліктер, мінез-құлық нормалары, тәрбие үдерісі.*

Аннотация

В статье речь идет о проблеме духовно-нравственного воспитания школьников, подчеркивается место и специфика основных ценностей духовно-нравственного воспитания учащихся. Нормы поведения в духовно-нравственном воспитании рассматриваются как неотъемлемая часть отношений между людьми, пропагандирующими общечеловеческие ценности, даны основные ценности в формировании личности школьника. По мнению автора, влияние общечеловеческих ценностей, внешних сил и социальных условий на формирование духовно-нравственных качеств младших школьников велико. Отмечается, что содержание духовно-нравственного воспитания школьников развивается в рамках формирования его личностных качеств.

Ключевые слова: *духовно-нравственные, общечеловеческие ценности, национальные традиции, личность, особенности личности, нормы поведения, воспитательный процесс.*

Annotation

The article deals with the problem of spiritual and moral education of school students, emphasizes the place and specificity of the basic values of spiritual and moral education of students. The norms of behavior in spiritual and moral education are considered as an integral part of the relations between people who promote universal values, and the basic values in the formation of the personality of a school student are given. According to the authors, the influence of universal values, external forces and social conditions on the formation of spiritual and moral qualities of schoolchildren is great. It is noted that the content of spiritual and moral education of schoolchildren develops within the framework of the formation of their personal qualities.

Keywords: *spiritual and moral, universal values, national traditions, personality, personality characteristics, norms of behavior, educational process.*

Оқушылардың рухани құндылығын дамыту - бүгінгі күннің басты талабы. Себебі елімізде болған қаңтар оқиғасы әрбір Қазақстанның азаматтың жүрегінде терең із қалдырды. Әсіресе өскелең ұрпақтың рухани құндылықтардан кенделеп қалғандығы кімді болмасын қынжылтады. «Әр заманның өз адамы» деген қағиданың мәніне терең үңілсек, өмір тәжірибесі өзінің нәтижесімен көрсете отырып дәлелдеп береді. Бұл көзқарас Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында көрініс тапқан онда «Білім беру - бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғарғы деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі» деп жазылған [1.//Егемен Қазақстан, 11 маусым, 2016 ж].

Еліміздің президенті Қ.Тоқаевтың: «Қазір адамзат қоғамының білім мен ғылымға, еңбек етуге бет бұратын кез-келді», - деген сөзінің астарында білген адамға терең мағыналы ұғым жатыр. Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, ол қоғамның белгілі бір мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке ерекшеліктерімен, саналы мінез-құлығымен айырықша көрінуге тырысып бағады. Адамдар тұлға болып бірден дүниеге келмейді. Әрбір адамды қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Алдымен біз, тұлға ұғымын анықтап алайық.

Тұлға дегеніміз - адамның мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен саналы түрде даралануы. Адамдардың қоршаған табиғи ортадағы құбылыстарды қабылдап түсінуі әртүрлі. Ол әр адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Осы орайда адамдардың қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынасын қалыптастыру қажеттігі туындайды. Сондықтан да, мектеп қабырғасында жүріп олардың бойындағы тұлғалық қасиеттерінің дұрыс қалыптасуына ықпал етуіміз керек.

Сонымен, тұлғаны дамыту – күрделі процесс. Тұлға- деп адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін бір сөзбен айтқанда өз бейнесін жасаушы. Әр адамның тұлға болып қалыптасуы сыртқы күшке, табиғатқа және әлеуметтік жағдайға байланысты болып келеді, - деп тұжырымдаймыз.

Адамгершілік нормаларын реттеп құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. М.Әуезов «ел болам десең бесігіңді түзе», - деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіндік санасын қалыптастырып, адамгершілікке тәрбиелеуде қолдарындағы гаджеттер месе, отбасында қалыптасқан қатаң қағида мен тәртіп беретін мұғалімдер шешуші рөл атқарады.

Адамгершілік тәрбиесінің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерден тұрады. Олар адамдардың іс-әрекетінен, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді.

Әйгілі педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады,-дейді[2, 186б]. Қазіргі кезде ертегі оқитын ата-әже де, ата-ана да жоқ. Бала отбасы тәрбиесінің айнасы, отбасында ата-ана балаға үлгі ретінде қолдарына бір мезгіл кітап алып оқу керек.

Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу [2, 207б]. Сондықтан, абал кішкентай кезінде ата-ананың қолына қараса, өскеннен кейін жүріп өткен жолына қарайды. Осы тұста біз алдымен ата-ананы ертегілерді оқуға шақыруымыз қажет.

Адамның жеке тұлғалық әлеуетін мақсатты түрде және кеңінен ашуға бағытталған рухани-адамгершілік білім беру ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басты бағыты болып отыр. Адамгершілікке тәрбиелеудің негізі адамның жалпыға ортақ құндылықтарына, қоғамның тарихи даму үдерісінде адамдар ойлап тапқан моральдық нормаларға және қоғам дамуының қазіргі кезеңінде пайда болған жаңа қағидаларға және нормаларға негізделген.

Адамгершілік қасиеттерге мыналар жатады:

- адалдық, ар-ұждан, әділеттілік, еңбекқорлық;
- мемлекетке, билікке, халыққа, әрбір адамға құрмет;
- жұмысқа адал және адал ниет, мейірімділік және т.б.

Адамгершілік тәрбие – оқушылардың санасына, сезіміне және мінез-құлқына қоғамдық мораль талаптарына сай келетін моральдық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында мақсатты және жүйелі әсер ету[2, 206].

Білім беру – адамның мінезінің бүкіл қоймасын, оның қызметі, денсаулығы, моральдық және ақыл-ой, көңіл-күйін анықтайтын дағдыларды дамытуға және бағыттауға барынша әсер етеді. Еңбекке үйренген бала мектепте табысты жұмыс істейді, бұл өз кезегінде табандылық пен еңбекқорлықты дамыту үшін жаңа материалмен қамтамасыз етеді. Адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі мақсаттары:

- моральдық сана қалыптастыру;

- адамгершілік сезімдерін дамыту және тәрбиелеу;
- жақсы мінез-құлық пен жақсы істер жасауға тәрбиелеу[3, 11-1366].

Моральдық білім мыналарды қамтиды:

- адамның қоғаммен қарым-қатынасы, оған тәуелділігі, оның мінез-құлқын қоғам мүдделерімен үйлестіру қажеттілігі;
- моральдық мұраттармен, қоғамның талаптарымен танысу, олардың заңдылығы мен ұтымдылығын дәлелдеу;
- адамгершілік білімдерін моральдық нанымға айналдыру;
- адамдарға адамгершілік құрметінің негізгі көріністерінің бірі ретінде моральдық сезімдер мен моральдық қасиеттерді, мінез-құлықтың жоғары мәдениетін қалыптастыру;
- адамгершілік дағдыларын қалыптастыру.

Заманауи мектептегі моральдық тәрбиенің мазмұны адами құндылықтарды жандандырудың өзекті қажеттілігіне байланысты елеулі өзгерістерге ұшырайды. Негізгі құндылық – бұл өмір. Баланың өмір сүру құқығы қасиетті және бұзылмайды. Бүгінгі таңда мектеп оқушылары арасында өзін-өзі өлтіру санының ұлғаюы үлкен алаңдаушылық тудырады. Олардың кейбіреулері өмірдің мағынасын жоғалтып, мұраттарынан айырылып, оқшауланған. Балаға қатысты құндылық ретінде өзекті мәселе қалады.

Баланың тағы бір құндылығы – еркіндік. Демократияландыру жағдайында адамның құқықтары мен бостандықтары айтарлықтай өсті. Бұл әсіресе мәдениеттің төмен деңгейі, көптеген оқушылардың білім алуымен айқын көрінеді. Мектепте мойынсұну қажет. Бұл жемісті тәрбиелеудің, әсіресе ерте мектептегі жылдардағы жағдайлардың бірі. Бірақ мойынсұнушылыққа байланысты бала жауапкершілікке, саналы тәртіпке барынша жылдам ауысу керек. Олар мағынасын жоғалтқан жоқ, керісінше патриотизм, борыш, ар-намыс, ар-ұждан, адалдық, мейірімділік және т.б. сияқты моральдық қасиеттер одан да маңызды болды.

Егер физикалық, эстетикалық тәрбиедегі мақсатқа жету үшін жақсы таңдаулы білім беру жүйесін ұйымдастыру және жүзеге асыру жеткілікті болса, онда адамгершілікке тәрбиелеуде бәрі біраз күрделі. Мұғалімдер қандай да бір тартымды әдіс, жаңа технологияларды пайдаланып, әр кіші сынып оқушыларының ерекшелігін анықтап, ерекшелігіне қарай жоспар құрып, жұмыс жасау керек. Егер бұл талап бұзылған болса, онда жұмыс ресми болады. Мұғалім моральдық бағыттағы тәрбие жұмысының құрылымында адамгершілік туралы ақпаратты қамтиды, мораль – бұл адам санасының нысаны, адам мәдениетінің бір бөлігі. Моральдың мәнін, нормаларын және қағидаттарын түсіну кіші мектеп жасындағы оқушыларды өздерінің және басқа да оқушылардың іс-әрекеттерін бағалайтын моральдық пайымдауларға алып келеді. Моральдық ұғымдарды, бағалауды және пайымдауды негізге ала отырып, кіші мектеп жасындағы оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін айқындайтын моральдық наным қалыптастырылады. Моральдық тұрғыдан өзіне сенімді оқушы барлығын өздігінен жеңе алады[3, 29-3166].

Адамгершілікті арнайы философиялық ғылым – этика зерттейді. Адамгершілік жалпы өзін жақсылық пен жамандықтың қарама-қайшылығын түсінеді. Жақсылық маңызды жеке және қоғамдық құндылық ретінде түсініледі және адамның тұлғааралық байланыстардың бірлігін қолдауға және адамгершілік кемелдікке қол жеткізуіне байланысты. Жақсылық адамдар арасындағы қарым-қатынаста да, тұлғаның ішкі әлемінде де үйлесімді тұтастыққа ұмтылу болып табылады. Егер жақсылық – жасампаз болса, онда зұлымдық – бұл адам арасындағы байланыстарды бұзады және адамның ішкі әлемін таратады.

Адам өзінің жеке міндеті ретінде мейірімділікті қолдау талаптарын түсінсе, ол өзінің борышы – қоғам алдындағы міндеттемелерін түсінеді деп айтуға болады. Борыштың орындалуы сыртқы түрде – қоғамдық пікірмен және ішкі түрде – ар-ожданмен бақыланады. Осылайша, ар-ождан өз борышын жеке сезінеді.

Тәртіп ережелерін сақтай отырып, адалдықты сақтайтын кіші мектеп оқушысы ең алдымен сыпайы болуы керек. Сыпайылық нормалары, мысалы, бөтен адамдарға «сен» деп айтқанда. Сыпайылық сұрауды «өтінеміз» деген сөзбен бірге жүруді талап етеді. Шынайы сыпайылық пен нәзіктіктің негізін қалау үшін, кіші мектеп жасындағы оқушының жүрегіне жету керек, адамдарға жақсы, жылы сезімдерін қайта жандандырып, мейірімді және сезімтал болуға ұмтылу керек. Адамдарды құрметтеу үшін, адамға қарапайымдылық таныту қажет. Қарапайым адам басқалардың ойларын, істерін және мүдделерін құрметтейді. Мектеп оқушысына қарапайым болуды үйрету – оларға басқаларға қатысты сезімтал қарым-қатынасты дамыту және оларға құрмет көрсету. Нәтиже

тәжірибе мен еңбектің арқасында пайда болады. Еңбек – балалардағы қарапайымдылық пен мақтанышпен күресудің сенімді тәсілі. Әр баланы еңбекқор болуға үйрету керек [2, 156].

Шетелге еліктегенмен, мәртебең асып, дәрежең тасымайды. Мұны терең түсінген ата-ана әлі де кеш емес, тәрбиенің төресі болған адамгершілік тәрбиесін қолға алу қажеттігі дәл бүгін туындап отыр емес пе? Ал адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді [3, 29-3166]. Сондықтан ата-баба жолымен балаларымызды ұлттық дәстүрлер негізіне баулу әрбір адамзаттың өз балаларының алдыдағы борышы деп білеміз. Ұлттық дәстүрлер арқылы біз балаларымыздың бойында келесі қасиеттерді қалыптастырамыз:

- ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.
- ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.
- салт – дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

Бұл мәселеге байланысты елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «... жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», — деп атап көрсетті [4. www.akorda.kz]. Міне, осы тұста қоғамға жан- жақты білімді, жоғарғы мәдениетті, еңбекқор, іскер ізденімпаз, қабілетті, шығармашыл тұлға қажет. Осындай тұлға қалыптастыруда мектеп қабырғасында жүргізілетін тәрбие жұмысы мен әр түрлі іс-шаралардың маңызы зор.

Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Адамның адамгершілік негіздері болмаса, ол еркінен, өмірлік бағдарынан тез айырылып, тағдырдың ойыншығына немесе қылмыс әлемінің құрбанына айналады [5, 166].

Әрине әр адам өз өмірінің қожасы және ол өз өмір жолын өзі таңдайды, басқа адамдармен қарым – қатынас жасайды, қателіктерге бой алдырады. Қоршаған ортадағы жағдайды өзгертуге болады, бірақ өзіңнің ішкі әлеміңнен қашып құтыла алмайсың. Сондықтан адамның қандай рухани құндылықтарды игергені өте маңызды. Адамгершілік тәрбиесі оқу тәрбие үрдісінің барлық саласында, оқыту, білім беру және еңбекке тәрбиелеу барысында жүзеге асады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік қасиеттерді жатқа білу жеткіліксіз, оның терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру, мінез- құлыққа бекіту керек.

Қорыта келе, жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтары өмірге келген күнінен басталады. Мектеп оқушыларының бастапқы адамгершілік қасиеттері мен ұғымдары, мінез – құлықтың қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың отбасында мінез –құлықтары болашақта ересек қоғамда және құрбы-құрдастарымен қарым – қатынасқа түскенде көріне бастайды. Ал мектеп қабырғасында адамгершілік көзқарастардың, мінез –құлықтардың, сезім мен сананың жаңа түрлері одан әрі дамытылады.

Рухани дүниесі бай тұлға – талғамы мен ой-өрісі кең тұлғалар толық қалыптасқан, мінезінің тұрақтылығы мен рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегіні, бүгінгіні, болашақты көре білуі қажет. Сындарлы сағатта дұрыс шешім қабылдау үшін әрбір тұлғаға жетіспей қалатын құнды қасиет. Ендеше, болашағымызды жастардың қолына сеніп тапсыру үшін көркем мінезге тәрбиелейік. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сондықтан оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру маңызды орын алмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы “Білім туралы Заңы”. // Егемен қазақстан, 11 маусым, 2016 ж.

2 Тәжібаева С.Ф. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы.:Білім, 2008

3 Трубецкая О.К. Балалардың рухани- адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12(48) 2012. -

4 2021 жылғы 14 желтоқсандағы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауынан. (www.akorda.kz).

5 Омарова Л. Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері // Бастауыш мектеп № 2 2004. -18-21бб

МРНТИ 04.15.01

Ахметжанова Муслима Мухаметжановна
мектеп директоры, тарих пәнінің мұғалімі
Б. Алтынсарин ат. ОМ
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылы

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Бүгінгі таңда білім беруде бәсеке күшейіп отыр, мұғалімдердің дайындық деңгейіне деген талаптары өсуде. Осындай кезеңде мұғалім өз қызметін жақсартуға және қайта құруға, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге мәжбүр. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселе. Сондықтан мұғалім жаңалық жаршысы болуы керек. Инновация латын тілінен аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе «инновация» - бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелек, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Инновациялық оқыту білімді терендетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Технология - бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Әдістемелік ізденіс — жаңалыққа жол ашу. Мұғалімдер әдістемелік ізденістерді басшылыққа алады.

Түйінді сөздер: инновациялық, үрдіс, әдіс оқыту, оқушы, оқу, педагогикалық технология.

Аннотация

На сегодняшний день возрастла конкурентоспособность в сфере образования, усилились требования к уровню подготовки учителей. На данном этапе учителю необходимо улучшить педагогическую компетентность и повысить квалификацию в учебно-воспитательном процессе в связи обновленным содержанием образования. Усвоение инновационных технологий на научно-педагогической основе в области обучения и воспитания подрастающего поколения в соответствии с требованиями времени – первостепенная задача для учителя. Поэтому, учитель – вестник нового, передового. Основа инновационного процесса-целостная деятельность по формированию, применению, реализации новшеств. Любой новый метод относится как к индивидуальному, так и к временному плану. Инновационное обучение, наряду с терендацией знаний, ведет к учебной деятельности учащихся, стимулирует их мотивацию к обучению. В настоящее время понятие педагогической технологии прочно вошло в педагогический лексикон. Технология-это совокупность приемов в деле, мастерстве, искусстве. Методический поиск - путь к открытию. Учителя должны знать труд в процессе урока, руководствуясь методическими изысканиями.

Ключевые слова: инновация, процесс, метод обучения, ученик, обучение, педагогическая технология.

Annotation

According to the tendency of nowadays, the rivalry in educational fold and concrete requirement for teachers is on a substantial boom. For that reason, teachers have to reconstruct, amend and make improvements to educational process. This is to satisfy the needs of the next generation on youth sensitivity that is why, teachers must absorb all the scientific educational backgrounds and patterns. This is an existing problem. Thus, teachers have to be the ones who direct and carry the ball. Therefore, the teacher must be a messenger of news. Innovation in Latin means "new", "innovation", "renewal" or "innovation" is a new result that comes to mind when achieving a clearly set goal. The basis of the innovation process is a holistic activity on the formation, application, implementation of innovations. Any new method applies to both an individual and a temporary plan. Innovative learning, along with the extension of knowledge, leads to the learning activities of students, stimulates their motivation to learn. Currently, the concept of pedagogical technology has firmly entered the pedagogical lexicon. 236 Technology is a set of techniques in business, skill, art. Methodical search is the way to discovery. Teachers should know the work during the lesson, guided by methodological research.

Keywords: *innovation, process, teaching method, student, training, pedagogical technology.*

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу - біздің мақсатымыз. Сондықтан да жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің өндірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат - әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау [1].

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Инновация латын тілінен аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе «инновация» - бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді [2].

Қазіргі оқу орындары мен педагогикалық ұжымдар ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап, қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі [3].

Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің сатысында тұр. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Сондықтан да қазіргі уақытта мамандық атаулының барлығы дерлік бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін ғана емес, мектеп ұжымынан үлкен жауапкершілікті, қызу белсенділікті талап етеді.

Инновацияның өмірге енуі білім беру мекемесінің жұмыс істеуіне себепші болатын ішкі жағдайларға байланысты. Инновацияның қажеттілігі сыртқы себептермен де анықталады, мынадай бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, мектеп оқушыларының білімге, дағдыға шеберлікке деген ұмтылысы, жоғары сапалы білім алудағы жеке тұлғаның дамуы. Технологияны, ұйымдастыруды үнемі жаңғырту жағдайында ұстап тұрып қана мектеп өз бағытын нығайта алады. Жаңалық енгізу кез келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады [4].

Бүгінгі таңда білім беру қызметін көрсетуде бәсеке күшейіп отыр, тұтынушылардың дайындық деңгейіне деген талаптары өсуде. Осындай кезеңде өз өмірін сақтап қалуы үшін мектеп үздіксіз өз қызметін жақсартуға және қайта құруға, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге мәжбүр.

Педагогтердің идеясы, ойлап шығарулары мен ашулары сияқты кез келген инновациялық қызметінің нәтижесі мектептер мен педагогика ғылымының прогрессивті дамуына ықпал етуі керек.

Бұл қызметті күнделікті тіршілік әрекеті мен психологиялық және тағы да басқа стресс сияқты нәрселерден құтқарып, шығармашылық ой заңдылығы бойынша және ғылымның өзіне тән дамуының кең өріс алуына мүмкіндік беруі керек.

Оқушылармен жұмыс істеудің жаңа үлгілері мен тәсілдерін енгізу және қабылдау біздің мектептердің үздіксіз мұқтажықтарынан туындайды. Сондықтан біз білім беруді демократияландыру мен ізгілендіруді үздіксіз жүріп, дамып отыратын қоғамдық үрдіс ретінде түсінеміз. Білім беру жүйесінде инновацияны енгізу, қабылдау мен жетілдірудегі тоқтаусыз үрдіс ретінде, күнделікті білім беру қызметінің бөлігі ретінде қарауды талап етеді [5].

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне аса мән берілуде. Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру барысында оқушының жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруге, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар танымдық ой-санасын қалыптастырға ерекше назар аударылуда.

Ғылым мен техниканың дамуымен әлеуметтік өмір деңгейі де өзгеріп отырады. Осының бәрі табиғат байлығына адам миы мен күшінің жұмысынан туады. Әр адамның ойы мен білімі әр қоғамға қандай керек болса, табиғат пен оның байлығы да сондайлық керек. Мұның өзі дүние бір бірімен байланыста дамитынын ондағы адам мен қоғамаралық қатынасты да қадағалай білген жөн.

Қазақстан Республикасының білім беру дамыту туралы тұжырымдамасының басты мәнділігі - ол үздіксіз білім жүйесінің негізгі идеялары мен қағидаларын ХХІ ғасыр талаптарына сәйкестендірудің және оны әлемдік білім кеңістігінің даму заңдылықтарына ұштастырудың жолдарын көрсетуге арналып отыр.

Тұжырымдаманың басты ерекшелігі мен артықшылығы білім берудің ұлттық жүйесін қайта құрудың принципті жаңа идеяларын ұсынуында болып отыр. Білім берудің мақсаты, оның ұйымдастырушылық құрылымы, технологиялық жағынан жабдықталуын, оқыту әдістемесі қоғамның әлеуметтік сұранысынан туындайды. Бұған дейін білім беру үрдісінің негізгі бөліктері: мақсат → мазмұн → форма → әдіс → оқыту көрнекілігі болса, бүгінде жаңа технология бойынша оқып үйрену → меңгеру → өмірге ендіру → дамыту болып өзгерген.

Егемен еліміздің экономикасы мен саясатының, білім мен ғылымның тұтқасын өзге емес, өз еліміздің азаматтары ұстауы керек. Оның негізі бүгін қалануы тиіс. Бұл міндетті шешетін — болашақ қазақ мектебі. Құрғақ қиялдан болашаққа нақты ұсыныс керек.

Инновациялық оқыту білімді терендетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. 236 Технология - бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді.

Әдістемелік ізденіс — жаңалыққа жол ашу. Мұғалімдер әдістемелік ізденістерді басшылыққа ала отырып, еңбекті сабақ үрдісінде білулері керек.

Қазіргі кезде көп айтылып, талқыланып жүрген жаңалықтарды оқыту үрдісіне енгізу, яғни, инновациялау инновациялық үш бөлімнен тұрады: 1 бөлім. Кәсіби шеберлік 2 бөлім. Біліктілік дағдылары 3 бөлім. Жүзеге асыру, қолдану.

Қазіргі заманғы білім беру мазмұнындағы осы өзгерістердің барлығы - оқытудың негізгі мақсаты. Оқушылардың танымдық ой белсенділігін қалыптастыруда ойын сабақтарын өткізу оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойлау қабілетін арттыруға, тапқырлыққа баулиды. Сондықтан оқушылар сұрақтар мен сөзжұмбақтарды шешу үшін өтілген материалды үнемі қайталап отыруды әдетке айналдырады. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, олардың шығармашылық ой-өрістерін, түсінік-танымдарын еселеп, арттыра түседі [6].

Ең бастысы ойындар оқушылардың көңілін өз бетінше ізденушілікке аударып, қабілетін арттырады. Ойынның әлеуметтік бейнесін зерттеуші белгілі психолог Д.Б. Элькониннің сөзімен айтсақ: "Ойын - ол адамдардың арасындағы әлеуметтік ара-қатынас, практикалық білімдері және қызметі". Оқу ойындарын қолдануды жағымды жақтарына американдық авторлар мыналарды жатқызады:

- ойындар абстрактілі оқытуға қарағанда өз тәжірибесімен оқытуға мүмкіндік береді;
 - ойындар ойын басшысының тәжірибесіне немесе дағдысына тәуелсіз;
 - ойындар интуицияны жаттықтырады, мәселені шешу қабілеттілігін және қажетті әлеуметтік мінез-құлықтың түрін таңдауға, үрдістер мен құбылыстардың деректерін түсінуге, стратегиялық баламалы шешім қабылдауға, тәуекелге бел байлауға үйретеді;
- Ойындар жеке мәселелерді оқуда және шешуде қабілетті әрі қарай арттыруда, ойынға

қатысушылар оқытушының ролін ойнап, бірін-бірі белгілі бір деңгейде оқытады, бірақ әрқайсысы бір ойында өздерінің қабілеттілігі мен қажеттілігіне қарамай көп нәрсеге үйренеді.

Оқушылар әрбір сабақтан мол білімділік, тәрбиелік, дамушылық алу керек. Сондықтан пәнаралық байланыс арқылы сабақтың біліми, ғылыми сипатымен қатар оның тәрбиелік танымдық, адамгершілік мазмұнда ұйымдастырылуын ойластырған абзал.

Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушының болуы.

Білім беру саласындағы қазіргі оңды өзгерістер әрбір мұғалімнен өз ісіне мұқияттылықты талап етеді. Нағыз өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге ие бола алады. Ал білікті маман болу үшін көп ізденіс керек екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н. "Қазақстан - 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: Білім, 1997. -176б.
- 2 Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы», - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлігі орталығы, 2015
- 3 Қоянбаева С. Танымдық қызығуды белсендіру. "Қазақстан мектебі", №6, 2003
- 4 Границкая А.С. Научить думать и действовать. Адаптивная система обучения в школе. - Просвещение, 1991.
- 5 Пидкасистый П.И. Самостоятельная деятельность школьников в обучении. -М., 1980

МРНТИ 04.15.01

Ахметжан Мархабат Мұхаметжанқызы

тарих пәнінің мұғалімі

Ы. Алтынсарин ат. ОМ

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылы

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ САБАҚТА ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Аннотация

Мақалада оқушылардың сабақта уақыттарын шығармашылыққа пайдаланудың жолдары берілген. Атап айтқанда оқушылардың қазіргі таңдағы киноға деген қызығушылықтарын пайдалы іс-әрекетке айналдыру жолдары берілген. Шығармашыл оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты — олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал, мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Жаңа талап негізі қарқынды өркениет бағыттарынан қалыспай, терең білімді игеру. Осыған орай, қазақ мектептерінің оқыту жүйесінде әлемдік және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту үшін өте орынды жағдайлар жасалып, нәтижелері көрінуде болашақ ұрпақты тәрбиелеу ең басты міндеттердің бірі- мектеп оқушыларының іс-әрекетін ізгілендіріп, рухани дамуының дұрыс жолға қойылуы. Ол үшін оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін гуманистік бағытта тәрбиелеп, олардың алдын-ала шығармашылықпен дамытуына жол ашу. Бос уақыт - тұлғаның жеке физикалық рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жұмыстан тыс уақыт бөлігі. Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылад.

Түйінді сөздер: шығармашылық, кино клуб, тәрбие, қызығушылық.

Аннотация

В статье представлены способы использования времени учащихся на уроке для творчества. В частности, даны пути превращения интереса учащихся к современному кино в полезную деятельность. Основная цель работы с творческим учеником-формирование у них готовности к реализации своих способностей в творческой работе. Достижение цели осуществляется путем

углубленного изучения учебной программы и развития познавательной активности учащихся. Основа новых требований-овладение глубокими знаниями, не отходя от интенсивных цивилизационных направлений. В этой связи, в системе обучения казахских школ создаются очень разумные условия для развития личности на мировой и национальной основе, результаты которых отражаются в воспитании будущих поколений, одной из главных задач является гуманизация деятельности школьников и правильная постановка духовного развития. Для этого необходимо воспитать у учащихся гуманистическую направленность личностных качеств, дать им возможность творчески развиваться заранее. Свободное время-часть внеурочного времени, предназначенная для удовлетворения индивидуальных физических духовных и социальных потребностей личности. Воспитание ребенка-процесс безубыточный, он осуществляется и в свободное от него время.

Ключевые слова: творчество, кино клуб, воспитание, интерес.

Annotation

The article presents ways to use students' time in the classroom for creativity. In particular, the ways of turning students' interest in modern cinema into a useful activity are given. The main purpose of working with a creative student is to form their readiness to realize their abilities in creative work. The goal is achieved through in-depth study of the curriculum and the development of cognitive activity of students. The basis of the new requirements is the mastery of deep knowledge, without departing from intensive civilizational directions. In this regard, in the system of education of Kazakh schools, very reasonable conditions are created for the development of personality on a global and national basis, the results of which are reflected in the education of future generations, one of the main tasks is the humanization of the activities of schoolchildren and the correct formulation of spiritual development. To do this, it is necessary to educate students in the humanistic orientation of personal qualities, to give them the opportunity to develop creatively in advance. Free time is a part of extracurricular time designed to meet individual physical, spiritual and social needs of the individual. Raising a child is a break-even process, it is carried out in his spare time.

Keywords: *creativity, film club, education, interest.*

Қоғам өмірінің барлық салаларында күрделі өзгерістер болып жатқан кезде келешегімізді ойласақ, өмірдің әр қырында жетекшілік ете алатын ғылымға, өнерге, мәдениетке берілген қабілетті жастарды қолдау және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыта түсу бүгінгі күн талабы. Қазіргі кезде оқу жүйесін қайта құруға бағытталған талпыныстарға қарамастан, оқушыларға дайын ақпаратты жеткізіп беруге негізделген әдістемелер орын алып келеді. Мұндай әдістемелер арқылы оқушылар есте сақтау, қайталап айту ғана қабілеттерін дамытып, біржақты ғана жұмыс жасайды. Мұғалім оқушының бұрынғы сабақтарда дайын күйінде берілген материалда қайталап айту жағына көңіл бөліп, соны ғана бағалайды.

Осы негізде оқушының шығармашылық қабілеттері ескерілмей қалады. Осындай жағдайда қоғам сұранысын ескеретін болсақ, шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған оқыту әдістемелерін дамыта отырып оқыту әдістерін қарастырып, ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Шығармашыл оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты — олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал, мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Ендеше елдің ұлтжанды азаматын тәрбиелеймін деген кез келген ұстаз ұлттық мәдениетпен, тарихи, мәдени мәліметтер және құнды ата-баба мұраларымен қарулануы қажет. Мақсаты: Оқумен, тәрбиемен байланысты проблемалар бойынша отбасыға, балаға әлеуметтік-педагогикалық көмекті және қолдауды қамтамасыз ету, баланың дамуына кері әсер ететін себептерді жою. Сонымен, оқушылардың бос уақытын пайдалану үшін, ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататынын, қабілетін зерттеп біліп, сыныптан тыс жұмыс жоспарын жасағанда ескеруіміз керек. Қазіргі мектептерде тәрбиенің сапасына, әдіс-тәсілдерінің мазмұнына, мақсатына зор көңіл бөлуде және жаңаша көзқарастар қалыптастырылуда. Жаңа талап негізі қарқынды өркениет бағыттарынан қалыспай, терең білімді игеру. Осыған орай, қазақ мектептерінің оқыту жүйесінде әлемдік және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту үшін өте орынды жағдайлар жасалып, нәтижелері көрінуде болашақ ұрпақты тәрбиелеу ең басты міндеттердің бірі- мектеп оқушыларының

іс-әрекетін ізгілендіріп, рухани дамуының дұрыс жолға қойылуы. Ол үшін оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін гуманистік бағытта тәрбиелеп, олардың алдын-ала шығармашылықпен дамытуына жол ашу. Бос уақыт - тұлғаның жеке физикалық рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жұмыстан тыс уақыт бөлігі. Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан - жақты болуына арналады. Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан - жақты болуына арналады. Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Бос уақытты пайдалана отырып, қоғам, ұжым, отбасы оқушылардың демалысын тиімді етіп ұйымдастырылуына күш жұмсауы қажет. Жас ұрпақ тәрбиесі адамзаттың барлық кезеңінде ғасырлар бойы дамып, өз шешімдерін тауып келеді. Мектеп өмірінде мұғалім – басты тұлға. Мектеп мұғалімі балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен бірге оларды тәрбиелейді.

Ұлы данышпан Абай Құнанбайұлы «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деген қанатты сөзіді айтқан. Қазіргі кезде мемлекетімізде жас ұрпақтың жан – жақты дамуымен бірге тәрбиесіне де ерекше назар аударылуда. Ұрпақ тәрбиесі - баршаның ісі. Тәрбие тек сабақ берумен ғана шектелмейді, ол сабақтан тыс уақытта да жалғаса береді және тереңдетіле түседі. Сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік іс – әрекет әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып жүргізіледі. Тәрбие барлық уақытта және барлық жерде жүзеге асырылады. Оны белгілі бір сағатпен, сабақпен шектеуге болмайды. Оқушының бос уақытын тиімді өткізу мен балаға жақсы тәрбие беруде оқыту сабақтарына қарағанда, сабақтан тыс жұмыстар мен мектептен тыс жұмыстардың алатын орны ерекше. Ұстаздар ұйымы, ата – аналар, бүкіл жұртшылық балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп, өткізуге көмектесу керек. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру оңай мәселе емес екендігі анық. Мұның қиындығы балалардың бос уақытын ұйымдастыру тәсілдерінің сан қилылығына байланысты. Біз практикалық және теориялық ісімізде әр жағдайға байланысты мәселенің әр қырынан келіп, әрқилы тәсіл таба білуіміз қажет.

Сонымен оқушының бос уақытын тиімді пайдалану үшін ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататындығын, қабілеттерін зерттеп біліп алуымыз керек. Бос уақытты тиімді пайдалану ұйымшылдыққа, мейірімділікке, сыйластыққа, қамқорлыққа үйретеді. Бірін – бірі шеттетпейді. Ортаға үйренеді. Балаларды кішкентайынан тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерінің бірі шығармашылыққа жүгіну. Балаларды адамгершілікке, әдемілікке тәрбиелеуде көркем шығармалардың маңызы зор. Баланың ой – санасын дамытуға, мінез – құлықтарын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге, көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс – әрекеттері үлкен әсер етеді.

Бос уақытқа деген көзқарас – тұлға мәдениетінің маңызды көрсеткіші. Бос уақытты өткізу бағдарламасы балаға тартымды болуы керек. Кез келген жаста балалардың жан жақты дамуының қажетті шарты және оларды тәрбиелеу мен оқытудың негізгі құралдарының бірі кино болып табылады. Заманауи технологиялардың дамуына байланысты оқушылардың қызығушылығы күннен күнге өзгеруде. Қазіргі заманның балалары бос уақытында киноға көп қызығады. Кино – бұл баланың рухани әлеміне жаңа түсініктер мен ұғымдардың жанды ағыны құйылатын үлкен жарқын терезе. Кино – бұл әуестенушілік пен құмарлықтың отын жағатын ұшқын». Киноның сан алуан түрлері бар. Олардың арасынан балалардың жас және тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес келетіндерін таңдап алуға болады. Ұжымның берік болуына, коммуникативтік қасиеттерді, көпұлтты ұжымдағы толерантты мінез-құлықты дамытуға арналған кинофильмдер де жетерлік. Кино жанрлары: өмірбаян, документалды, фантастика, тарихи, детектив, драма, комедия және т.с.с. Жұмыстың бір түрі дискуссиялық кино клуб. Тарих сабақтарындағы дискуссиялық кино клуб түрінде өткізудің орындылығы бір жағынан білім алушылар мен педагог арасындағы бейресми қарым-қатынасты ұйымдастырудан тұрады. Білім алушыларға өмірдегі түрлі құбылыстар жайлы өз көзқарастарын қалыптастыруға, басқа көзқарастармен танысып, оларды салыстыруға және өз көзқарастарын түзетуге мүмкіндік беріледі. Топтарда фильмдерді көру және оларды бірлесіп талқылау көптеген міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: – Психологиялық құзыреттілікті дамыту: түрлі әлеуметтік типтермен танысу (темперамент түрлері, әлеуметтік рөлдер және т. б.) және олармен өзара қарым-

қатынас жасауға үйрету; – Эмоциялық саланы дамыту. Қатынасушыларды эмпатия дағдыларына үйрету; – Проблемаларды шешу дағдыларын дамыту. Фильммен жұмыс кез келген мәселені шешудің көптеген жолдары бар екенін көруге мүмкіндік береді; – Стресстен арылу. Фильм және оның анализі эмоциялық шиеленісті (напряжение) жоюға мүмкіндік береді;

Алайда қанша жерден ең озық педагогикалық технологиялар болғанымен, оларды өскелең ұрпақтың денсаулығына назар аудармай қолдануға болмайды. Сол себепті оқушылар кинофильмдерді тек шектелген уақыт аралығында көрулері тиіс. Кинофильмдерді көру нәтижесінде оқушыларда тұлғалық (өмірлік құндылықтарды таңдау, тұлғааралық қатынастарда ориентациялану), жүйелік (материалды меңгеру сапасы мен деңгейін сезіну), танымдық (негізгі идеяны табу), коммуникативтік (фильмді ұжымдық талдауға қатысу, өз ойын толыққанды жеткізе алу) қасиеттері дамиды.

Балаға адамгершілік мағынасы бар өмірлік сұрақтарға жауап беруге қалайша көмектесуге болады? Бұл сұрақты ежелден келе жатқан өнегелі әңгімелер мазмұны бойынша проблемалық диалог негізінде шешу ұсынылады. Неліктен өнегелі әңгімелердің? Себебі олардан балалар өздері қорытынды шығарады. Ал егер біз қандай да бір шешімге өз бетімізше жетсек, біз сол шешімді барынша ұстануға тырысамыз. Және ересектер жағынан ешқандай қысым көрсетілмейді.

Бос уақытты өткізу мәдениетіне барлығын бала кезінен үйрету керек. Оны өскелең ұрпаққа мақсатты, жоспарлы әсер еткенде ғана меңгеруге болады. Өскелең ұрпақты зерттеу және жобалау қызметіне тарту әрбір оқу пәнінің міндетті шарты болып отыр. Бос уақытты өткізу бағдарламасы білім беру бағдарламаларына қарағанда көп дәрежеде баланың өзінің физикалық, зияткерлік, эмоциялық мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасауға бағытталған. Бұның жай құр бос уақыт өткізу емес, «нені қалаймын, соны істеймін» деген қағида бойынша уақыт өткізу емес екендігін ұмытпағанымыз жөн. Бұл адам алдына қоятын белгілі бір мүдделер мен мақсаттар аясында жүзеге асырылатын қызмет

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы», - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлігі орталығы, 2015
- 2 Границкая А.С. *Научить думать и действовать. Адаптивная система обучения в школе.* - Просвещение, 1991.
- 3 Пидкасистый П.И. *Самостоятельная деятельность школьников в обучении.* -М., 1980

ӘОЖ 82

Ербаева Гульжан Булатхановна

тәрбиеші

*«Сарқан қаласының облыстық
зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектеп-интернаты» КММ*

АДАМГЕРШІЛІК-РУХАНИ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек.

А. Байтұрсынов

Аннотация

Мақала оқыту, білім беру, тәрбиелеу және баланың ішкі жан-дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар туралы. Ел ертеңі, ұлт болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер. Олардың қамын ойлау – барша адамның парызы. Кез келген білім мекемелерінің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. Бұл – педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі.

Түйінді сөздер: *оқыту, білім беру, тәрбиелеу, педагогика.*

Аннотация

В статье речь идет об обучении, воспитании, воспитании и внешних факторах, которые влияют, мотивируют, создают условия, реализуют их, способствуя постепенному развитию внутреннего мира ребенка. Будущее страны, будущее нации - это дети, которые сегодня сидят в стенах школы. Их забота-долг каждого человека. Цель и идеал любого образовательного учреждения-показать себя в рядах цивилизованных стран, воспитать поколение, способное без потерь овладеть землей и земными богатствами. Для этого необходимо дать молодому поколению качественное образование и сознательное воспитание, наглядно представить прошлое страны, историю нации, культуру, традиции, особенности природы. Это одна из основных проблем, изучаемых педагогической наукой.

Ключевые слова: *обучение, образование, воспитание, педагогика.*

Annotation

The article is about teaching, education, upbringing and external factors that influence, motivate, create conditions for the gradual development of the child's inner soul, and implement them. The future of the country, the future of the nation – today's children are sitting in the walls of the school. It is the duty of all people to take care of them. The goal and goal of any educational institution is to become one of the most civilized countries, to educate a generation that can master the land and land wealth without wasting it. To do this, it is necessary to present the past of the country, the history of the nation, culture, customs and traditions, and the peculiarities of Nature, giving a high-quality education and conscious education to today's younger generation. This is one of the main problems studied by pedagogical science.

Key words: *training, education, upbringing, pedagogy.*

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша қарауды талап етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті. Бала бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүргені бәрімізге аян. Өздеріңізге белгілі қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу басты назарда болып отыр. Ал адамның жан қазынасын, адамгершілік болмысын қалыптастыру да, кей адамдардың түрлі жағдайлармен бір-бірін түсінбеуі де сіз бен бізді толғанырады. Өйткені біз сол қоғамның ішіндеміз, яғни оның мүшесіміз. Иә, мұның бәрі шындық десек артық болмас. Бәсекеге қабілетті ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың

бастауына үңілу керек шығар.

Оқыту, білім беру, тәрбиелеу – баланың ішкі жан-дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез келген білім мекемелерінің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі- тәрбие.

Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі-тәрбие. Тәрбие - мәңгілік және адамзаттық... Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа қалып отырады.

Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам - ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті. Мәдениет жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады.

Адамгершілік тәрбиесі балалардың адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді. Балалар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, еңбек үдерісінде іске асырғанда ғана қамтылады.

Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен мектеп ұстаздарының бірден бір парызы. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің мектеп-интернатта ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылуда. Мектеп-интернатта ата-аналар бұрышы жасалған. Онда «Білгенге маржан», «Қауіпсіздік ережесі», «Ата-аналарға кеңес», «Кел жаттайық бәріміз» деген бұрыштар бар.

Атап айтар болсақ, дәстүрлі ата-аналар жиналыстарымен бірге тақырыптары: «Балаға көркемдік тәрбие беру», «Мектеп-интернат жағдайында балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері» ашық сабақтарға, кештері, ата-аналарға арналған сауалнамалар, басқа шаралар ұйымдастырылып отырады. Әр ата-ананың мектеп-интернатта болып жатқан іс-шараларға деген қызығушылық білдіруі де әр қалай.

Мектеп-интернат ата-аналарына ойын жаттығулардың және әр түрлі байланыстырып сөйлеуге, сөздік қорын дамытуға арналған тапсырмалардың жазбаларын үйде баласымен қайталау үшін ұсынамыз.

Ойындарды ойната отырып, ата-ана өзін балаша сезінгенін айтады. Ата-аналарға арналған мерекелік шаралар өтті. «Менің Қазақстаным», «Жаңа жыл мерекесі», «Бәйшешек бүр жарғанда атты» аналарға, әжелерге арналған мерекеміз атты үлкен кештер өткіземіз.

Сонымен қатар «Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдеппен» — дегендей халқымыз балалармен «Әдептілік-әдемілік» атты тәрбие сағаты да өткізілді. Осы кеште балалар әдептілік туралы мақал-мәтелдер айтылып, қойылымдар көрсетілді. «Мен елімнің азаматымын» тақырыбына қосымша «7 мамыр — батырлық күні» мерекесіне арналған «Ел қорғауға әзірміз» атты көңілді жарыс өткізілді. Осындай сайыстар арқылы өсіп келе жатқан жас ұрпақ ұландарымызды Отанды қадірлеп қорғай білуге баулытамыз. Балалар осы жарыста өздерінің шапшаңдылығымен, батылдығымен өз Отанының жас ұландары екенін көрсетіп, дәлелдеді. Жарыстар жас жеткіншіктердің бойында адамгершілік қасиетін оятып, патриот болуға тәрбиелейді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің қоғам алдындағы борышымыз.

УДК 39 (573)

Кабдолданова Каракоз Аскербековна

бастауыш сынып мұғалімі

Күреңбел қазақ ОМ

Алматы облысы Кербұлақ ауданы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Аннотация

Мақала Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын насихаттау, шығармаларының тәрбиелік мәнін түсіндіру, рухани-адамгершілік қағидаларын ұғыну, балаларды мектепке даярлаудағы «Әліппенің» маңызы туралы. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгерудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігін бүгінгі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұраларынан белгілі. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» тағы да басқа оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жасаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнектілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді.

Түйінді сөздер: А. Байтұрсынұлы, мектепке дейінгі білім беру мекемелері, мұра, тәрбие, маңыз.

Аннотация

Статья посвящена пропаганде наследия Ахмета Байтурсынова в дошкольных учреждениях Казахстана, разъяснению воспитательного значения его произведений, осмыслению духовно-нравственных принципов, важности «азбуки» в подготовке детей к школе. Ахмет Байтурсынұлы – ученый-методист, заложивший основы методики владения казахским языком, известен из своего методического наследия, переданного современному поколению. Неоспоримым фактом является то, что учебные пособия «Әліппе», «Сауат ашуы», «Тілашар» и другие, которые в свое время не утратили своего значения в методическом и языковом отношении. "Метод – это то, что исходит из необходимости. Метод хороший-плохой, в зависимости от расходов на болмағы нужно қылуына заведения» заменить словами непреложная традиция каждого педагога, безусловно. Наглядность, понятность, системность, связь с жизнью и т.д. При написании учебника «Азбука» (новое пособие) для начальных школ Ахмета Байтурсынова. четко видно, что руководствовались дидактическими принципами, идеей развивающего обучения. Дело в том, что автор в этом труде учел, что знания передаются по определенной системе, последовательности, и предложил только те знания, которые еще придут к ребенку. Помимо развития мышления ребенка, необходимо тренировать их в деятельности. Ученый указывает, что более важно дать обучающемуся возможность исследовать, анализировать и сравнивать, размышлять и оценивать поставленную перед ним проблему, чем давать готовую информацию.

Ключевые слова: А. Байтұрсынұлы, дошкольные образовательные учреждения, наследие, воспитание, значение.

Annotation

The article is devoted to the promotion of the legacy of Akhmet Baitursynov in preschool institutions of Kazakhstan, explaining the educational significance of his works, understanding spiritual and moral principles, the importance of the "ABC" in preparing children for school. Akhmet Baitursynuly is a methodologist, who laid the foundations of the Kazakh language proficiency methodology, is known from his methodological heritage passed on to the modern generation. The indisputable fact is that the textbooks "Alippe", "Sauat ashuy", "Tilashar" and others, which at one time have not lost their significance in

methodological and linguistic terms. "A method is something that comes from necessity. The method is good or bad, depending on the costs of bolmags, you need to replace the "kyluyn of the institution" with the words immutable tradition of every teacher, of course. Visibility, clarity, consistency, connection with life, etc. When writing the textbook "ABC" (a new manual) for primary schools by Akhmet Baitursynov. it is clearly seen that they were guided by didactic principles, the idea of developing learning. The fact is that the author in this work took into account that knowledge is transmitted according to a certain system, sequence, and offered only those knowledge that will still come to the child. In addition to developing the child's thinking, it is necessary to train them in activities. The scientist points out that it is more important to give the student the opportunity to explore, analyze and compare, reflect and evaluate the problem posed to him than to give ready-made information.

Keywords: A. Baitursynuly, preschool educational institutions, heritage, upbringing, meaning.

Ерте кезден бері өскелең ұрпаққа тәрбие беріп, олардың сана-сезімін, ақыл-ойын дамыту мен жетілдіру - әрбір ұлт пен халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі мен жан дүниесінің сырын айқын білдіретін әлеуметтік құбылыс. Ал әлеуметтік құбылыс сол халықтың тіршілік бейнесімен, жан дүниесінің сан қырлы сырларымен тығыз байланысты сипатта дамып отыратындығы тарихи шындық.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік тынысының ашылуы, ғылымының өсіп өркендеуі қазақ зиялыларының ағартушылық қызметімен тікелей байланысты. Сол тұстағы саяси өзгеріс, іс-оқиғалар мен үлкен сілкіністер әсерінен мемлекеттік істерге, саясатқа қызу араласқан зиялы қауым оқу-ағарту ісіне де белсене атсалысты. Сондай бірегей тұлғалардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы сияқты қайраткерлер өз халқына өлшеусіз еңбек сіңірді. Ахмет Байтұрсынұлы ағартушы қызметті қазақтың саяси тынысы мен әлеуметтік тіршілігіндегі ең қажет, ең игілікті әрекет деп қабылдады және оқу-ағарту жұмысы туған халқына теңдік, азаттық, бостандық, өркениетті даму алып беретін бірден-бір жол деп ұғынды.

Ахмет Байтұрсынұлы - халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері... Бір сөзбен айтқанда, «сегіз қырлы, бір сырлы» адам. Ахмет Байтұрсынұлы - халықтың әлеуметтік мәселелерін жырлаушы ақын. Білім, білімге үйрету, Ахаңның үлкен бір мақсаты еді. Өйткені, әлеуметтік өмірдің барлық өзекті, түйінді мәселелері білімге, оқуға бағыты еді.

Ахаң: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту мен тәрбиелеуді түзетуден бастауымыз керек», - деген. Оқытқанда баланы ана тілі-қазақ тілінде оқыту керек деп санайды. Бұдан біз Ахаңның бала алдымен ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен азамат болып қалыптасуы қажеттігін көрсеткенін, соны ғылыми-педагогикалық, психологиялық тұрғыдан дұрыс деп тапқанын көреміз.

Бастауыш сыныптарда баланың пәндерді тек ана тілінде оқуын армандаған және өзі өмірінің ақырына дейін соны іске асыруға ат салысқан.

«Ахметтану» саласының игі бастамасы, алып бәйтеректі алашқа қайта таныту мақсатындағы сара жолдың алғашқы соқпақтары іспетті. Жыл ішінде республикамыздың барлық білім ордаларында өткен ғылыми-практикалық конференциялар, баспасөз беттеріндегі толассыз жарияланған мақала, монографиялар, Алматыда ашылған мұражайы, орнатылған ескерткіш-бюсті, «Рауан» баспасынан жарық көрген «Әліп биі» қала, ауыл мектептерінің оқу-тәрбие жұмыстарының (кездесулер, кештер, жарыстар) арнайы ұйымдастырылуы бүкіл қазақтың зиялы қауымының, болашақтың тірегі жас бүлдіршіндердің ұлттық санасының қалыптасуы мен жаңаруына зор ықпалын, игі әсерін тигізді. Мұндай жасампаз жұмыстар бүгінгі жастарға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде, жан-жақты дамыту арқылы оқыту ісін де жаңа деңгейге көтеруге зор үлес қосуда. Ұлттық мүдде ұраншысы, оқу-ағарту ісінің көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының тәлім-тәрбиелік тағылымын әр қырынан таныту, оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың жолдарын іздестіру, ұрпақ тәрбиесінде ұлт жұмысын ұлғайту мақсатындағы ұлы істерін үлгі әрі тағлым ету болашақта да ары қарай жалғасын таба беретін мәңгілік мұрат.

«Оқуға шақыру» өлеңінің мазмұнында балаларға еңбектеніп жүрген құстар, аңдар, кішкентай жәндіктердің тіршілігін айта келіп, сендер де бос жүрмеңдер кітап оқыңдар, жалқау болмаңдар деген. Ахмет Байтұрсынұлының бұл өлеңін 1-4 сынып оқушылары қызыға оқып, жаттап алады.

Оқуға шақыру

Балалар!

Оқуға бар!

Жатпа қарап!

Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!

Шақырды тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,

Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:

Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,

Барады аралар да ұшып балға.

Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,

Оянып жан-мақұлық түнде қонған,

Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы,

Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.

Өзенде балықшылар ау қарап жүр,

Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған.

Аллалап, ал кітапты қолдарыңа!

Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған.

«Оқуға шақыру» өлеңін жаттап, Республикалық мәнерлеп оқу сайысына қатысқан I сынып оқушысы Әлімқызы Әмина жүлделі II дәрежелі ДИПЛОМ мен марапатталды.



Ахмет Байтұрсынов артына айта берсе таусылмас мол мұра қалдырған. Сол мол мұраның бір саласы көркем аудармадағы үлесі қалайда халқын ояту, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге» шақыру мақсатында, ол ұлы Абай салған соқпақты — аударма ісін жалғастырды.

А.Байтұрсынов алғаш рет 1909 жылы өзінің «Қырық мысал» атты аударма еңбегін жинақ етіп бастырып шығарды. Ахмет Байтұрсынов осы «Қырық мысал» жинағына жазған «Замандастарыма» деген өлеңінде:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,

Әзірге қолдан келген осы барым.

Қанағат азға деген, жоққа сабыр,

Қомсынып, қоңырайма құрбыларым.

Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,

Күн қайда үздік шығар топты жарып.

Ат тұрмас аяғымда желі болса,

Дүсірлеп іш алса біреу кикү салып.

Бар болса сондай жүйрік қызар деймін,

Естілсе қулағына дүбір барып.

Әйтпесе арық шауып оңдыра ма.

Жүргенде қамыт басып, қажып-талып, —

деп халқына аударма деп қомсынбауын, көршілес елдердің ақын-жазушылары шығармасындағы жақсылықтарды ізденіс жолында пайдалануды үлгі етіп алуды мақсат-ниет тұта айтқан. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті үшін жаңа бір арнаның басы болған жанр-мысал жанрын аудару ісінде А.Байтұрсынов ойдың салмақтылығына, қазақ оқушыларының жанына жақын да түсінікті, сезімін оятарлық дәрежеде болуына баса назар аударған.

Ахмет Байтұрсыновтың сүйікті жанры-мысал болғандығын ғұлама ғалымның әрбір шығармасынан-ақ байқауға болады. Эзоп, Крылов сияқты Ахмет Байтұрсынов та маса, бүйі, есек,

маймыл бейнелері арқылы кертартпа кемшіліктер мен жағымсыз қылықтарды сынау үшін «алмас қанжардай» өткір құрал еткен. Ахмет Байтұрсыновтың аударма мысалдарының өзіндік ерекшелігі ол әрбір мысал соңында ақынның «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» жасаған, өзіндік қорытынды ойлары кез-келген жас оқырманды өзінше қорытынды жаса, қандай ғибрат алдым, - деп ойлан деген әрекетке итермелеп тұрғандай.

Мысалы:

Білмейсің жөнің менен терісінді,

Ел болып іс етпейсің келісімді

Жөн айтқан жұртшылыққа

Шығарсың қолыңа ал керісінді, - десе тағы бірде

-Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,

Қайтейін өзге десе көншігінді.

Сықылды сынық бұтақ

Кім жұлмас онайдағы жемісінді? - деп ұлтының бір-бірін көре алмаушылық, қызғаншақтық сияқты жағымсыз қасиеттерін ашына мысқылдап, ол қасиеттердің қауіпті екенін, болар елдің баласы олай етпейтіндігін, халқыма кесапаты тиетіндігін айта келіп, «лақ құрлы бақырмай, өлер болсан», келімсектер алдында төмендей берсең, олардың оп-оңай жем қылып, тоз-тоз ететіндігін, сондықтан опық жемей тұрғанда одан құтылар жол ізде деп терең ой тастайды.

Немесе Крыловтан аударған «Аққу, шортан, һәм шаян» атты мысалының соңында:

- Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек болсаң жолдас.

Бірінің айтқаныңа бірің

Істеген ынтымақсыз ісің онбас - деп халқын бірлікке шақырып, олай болмаған күнде осы мысал кейіпкерлерінің кейпін қиетінін, халық сөзімен айтсақ — «бөлінгенді бөрі жеп) «көлденең көк аттыға жем» болатынын жетесіне жеткізе айтып, халқына «бірлікпенен өрнектендер тірлікті» деп өсиет айтады.

Осы секілді «Ат пен есек» мысалының соңында да

Бұл сөзден нендей ғибрат алмақ керек?

Мысалы, еткен қайыр –бір бәйтерек!

Қайырын біреуге еткен болып терек

Көресің рақатын көлеңкелеп!

Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде.

Біреуге қысылғанда

Жәрдем бермек!

Кейбіреу зор бейнетке тап болады,

Кей уақыт аз бейнеттен қашамын,— деп аяқтайды. Демек, мұнда не нәрсе болса да ақылға салып ойланып істе, өткен соң өкінгеннен ешнәрсе өзгермейді деген бір ой тастаса, екіншіден, біреу саған қиналып көмек сұрағанда жәрдемдес, ондай күй өз басына түскенде тым кеш боп, аһ ұрарсың, —деп сабырлыққа жанашырлыққа, жанындағы жанның жайын ұғуға шақырады. Бүгінгі қым-қуат, қиғаш заманда жастарымызға Ахмет Байтұрсыновтың осындай астарлы мысқылдап ерең шығатын жағымсыз қылықтардан қатыгездік пен безбүйректіктен аулақ болуға тәрбиелеуі әбден қажет. Ахаң өз бойындағы шешендік қасиетті жаман қылықты түзеуге, жақсылықты медеуге жұмсаған, жастарды азамат етіп қалыптастыру жолындағы тәрбиені құрал етуге тырысқан. Көптеген мысалдарды адам мінез-құлық нормасын қалыптастыруға арнаған. Осы орайда Ахаң мысалдарын жастарды оқыту-тәрбиелеу жолында өзін-өзі тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу әдісінің мықты құралы ретінде пайдаланудың маңызы зор, ықпалы өсерлі болмақ. Себебі, адам мінезінің сан алуан жақсы-жаман жақтарын, мысал кейіпкерлері сияқты адамдарды қоршаған ортасынан тани білуге, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін зерделей білуге, сөйтіп, өзіндік ой тұжырымдауға үйретуге болады.

Қорыта келгенде айтарымыз, Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларының негізгі идеясы жастарды бүгінгі күнде құрғақ сөз, «таусылмайтын» ақыл-кеңес айта беріп тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың үлгі өнегесіне, ғибратқа негіздеудің қажеттігін баса айтқан. Бүгінде Аханьның мысалдарын оқу-тәрбие ісінде орынды пайдаланып отыру — әрбір тәрбиеші ұстаздың басты мақсаты, әрі парызы болмақ. Шығармалардан нақты мақалдар келтіре сөйлеп, оқушы бойында бүгінде сирек құбылыс болып бара жатқан астарды теңей, салыстыра сөйлеуге деген

қызығушылықты, құштарлықты оятуға соған машықтандыруға, Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтсақ «лұғат тазалығына» баулу керек. Қызығушылықтың арқасында жастардың шығармашылық ойлары шырдалады. Сегіз қырлы, бір сырлы Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларының өміршеңдігі мен тәлімдік мәнін терең сезіне түсеміз. Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы» ұрпағымызды имандылыққа, ізгілікке, адамгершіліктің ақ жолына тәрбиелеуде таптырмас аса бағалы құрал екені даусыз.

Ахмет Байтұрсыновты бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды. Ақаңға біздің айтатын сөзіміз: Ақаң – еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі - артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ақаң мектебіне тізіліп кіріп жатқан жас буын. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ақаңды өзінің басшысы деп санайды.

Ахмет Байтұрсынов ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасалған барлық еңбектері, тапқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы - баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Қаршадайынан елім деп езіліп, халқым деп қайғы жеген Ахмет Байтұрсыновты - азап пен тозақтың бәрін басынан кешірген, ақыры қаратүнек надандықтың құрбаны болған, оның өнері, білім, оқу-тәрбие, тарихи тағылымы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, ұлы адамның аты - әр адамның, бүкіл жұрттың жүрегінде мәңгі сақталары даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Педагогика. Ж. Әбиев. С. Бабаев.
- 2 Ақмет Байтұрсынұлы. Ақ жол. Алматы «Жалын» 1991.
- 3 Ахмет Байтұрсынұлы. «Маса» Алматы «Раритет» 2005
- 4 Ахмет Байтұрсынұлы «Жоқтау» Алматы 1993.
- 5 Ахмет Байтұрсынов «Жан сөздігімді кім түсінер?» Алматы «Қазақстан» 1994.

ӘӨЖ 373.24

Калдыбаева Майра Орынғалиевна
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Теректі ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

Аннотация

Қазақ елі Ахмет Байтұрсынұлын әдебиеттің негізін қалаушы деп таниды. Ахмет - қазақ ұрпағын сауатты әрі білімді болуын қалаған адам. Мақалада Ахметтің қазақ әдебиетіндегі орны, шығармаларындағы өмірлік құндылықтар жайлы қарастырған. А.Байтұрсынов қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздіктің, таптық шиеленіс-қақтығыстардың себеп-салдарына терең бойлай алмаса да, еңбекші халыққа, олардың ауыр халіне көңіл бөліп, аяушылық сезім білдіреді, ауыр халге төзіп, көніп, үндемей жүре бермей, адамдық қасиетті қорғауды қалайды. Бұл оның демократтық, гуманистік көзқарастарға бейімдігін аңғартады. «Адамдық диқанышысы» деген өлеңінде ол өмір бойы бейнетке, қорлыққа үндемей шыдап, жасып, жанышылып кеткен адамдарды көріп, жаны ашиды, олар сергектеу болса, адамдыққа ұмтылса, үндемей жүре бермесе, алдағандарға алданбаса, таяққа еті үйреніп жүнжіп кетпес еді деп ойлайды, олардың намысына тиерлік ащы сөздер айтады. Қазақ жазушы-педагогтарының, соның ішінде Ахметтің шығармашылығындағы халықтық идеяның мәні — ана тілін, ата тарихын, ұлттық мәдениетін, халқының ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, туған өлке табиғаты мен географиясын жүйелі оқытуға баса назар аударып, оларды жас ұрпаққа қоғамдық тәрбие берудің негізі екендігін дәлелдеуінде деп түсінеміз.

Түйінді сөздер: ақын, адамгершілік, Мәңгілік ел

Аннотация

Казахи признают Ахмета Байтурсынова основателем литературы. Ахмет-человек, который хотел, чтобы казахское поколение было грамотным и образованным. В статье рассматривается место Ахмета в казахской литературе, жизненные ценности в его произведениях. А. Байтурсынов, несмотря на то, что не способен глубоко погрузиться в причинно-следственные связи социального неравенства, классовых конфликтов в казахском ауле, проявляет сочувствие и сострадание к трудовому народу, к его тяжелому состоянию, хочет терпеть, смиряться и молчать, защищать человеческие качества. Это свидетельствует о его склонности к демократическим, гуманистическим взглядам. В стихотворении "человек-земледелец" он видит людей, которые всю жизнь молча терпят образ, оскорбления, умалчивают, сочувствуют, думают, что если бы они были бдительны, стремились к человечности, не шли бы молча, не обманывали обманутых, не приучали бы к палке, не говорили бы горьких слов об их чести. Мы понимаем, что смысл народной идеи в творчестве казахских писателей-педагогов, в том числе Ахмета, заключается в системном обучении родному языку, истории предков, национальной культуре, устной литературе народа, обычаям и традициям, природе и географии родного края, что доказывает их как основу общественного воспитания подрастающего поколения.

Ключевые слова: *поэт, мораль, Мәңгілік ел*

Annotation

Kazakhs recognize Akhmet Baitursynov as the founder of literature. Akhmet is a man who wanted the Kazakh generation to be literate and educated. The article examines the place of Akhmet in Kazakh literature, life values in his works. A. Baitursynov, despite the fact that he is not able to delve deeply into the cause-and-effect relationships of social inequality, class conflicts in the Kazakh village, shows sympathy and compassion for the working people, for their difficult condition, wants to endure, humble himself and remain silent, to protect human qualities. This indicates his propensity for democratic, humanistic views. In the poem "the man-farmer" he sees people who all their lives silently endure the image, insults, keep silent, sympathize, think that if they were vigilant, aspired to humanity, would not walk in silence, would not deceive the deceived, would not be accustomed to the stick, would not say bitter words about their honor. We understand that the meaning of the folk idea in the works of Kazakh writers and teachers, including Akhmet, is the systematic teaching of the native language, ancestral history, national culture, oral literature of the people, customs and traditions, nature and geography of the native land, which proves them as the basis of public education of the younger generation.

Keywords: *poet, morality, Mangilik el*

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі, халқымыздың бейбіт те берекелі өмір сүруі үшін аянбай еңбек еткен, сол жолда басын бәйгеге тігіп, «тар жол, тайғақ кешуден» өткен тұғырлы қайраткер. Сонымен қатар Алаш баласының сауатын ашып, елімізді өркениетті мемлекеттердің қатарына қосуды мақсат тұтқанын, «Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын. Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін» деген Ахмет Байтұрсынұлы болашақ ұрпақ үшін қызмет еткен.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық дамудың талай жыл тот басып қараусыз қалған тегершігін айналдырып, үздіксіз қозғалысқа қосып берген ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз қызмет етіп, мәңгі ескірмейтін мол мұра қосқан қайраткер қазақ даласында кемде кем.

Мақалада мен ақынның бүкіл алаш жұртының оянуына негіз болған маса жинағын қозғағым келіп отыр.

Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдер топтамасы «Маса» деген атпен Орынборда 1911 жылы басылған. Жинаққа қойған атына ол едәуір ой, салмақты жүк артқан деуге болады. [1]

Ызыңдап, ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіңе біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен, кара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса?

Осы жолдардан «ызындап, ұшқан мынау біздің маса» — сергектікті, қозғалыс күйді, серпіліс пен ізденісті сәулелейтін астарлы бейне екені көрінеді. Ол «үстінде ұйықтағанның айнала ұшып», қоғамның енжар, жалқау, ұйқыдағы күйден оянуына қызмет етеді. Осы ағартушылық ойды ақын басқа да шығармаларында әрі қарай дамыта түседі.

«Масаның» негізгі идеялық қазығы — жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын өлеңдері жалпы, сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес. Ақын өз өлеңдерінде көбіне Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырып дамытқан өрісті ойды, қалып алған дәстүрлерді, гуманистік әуендерді, демократтық бағыттарды жаңа жағдайда өзінше жалғастырушы ретінде көрінеді. Оның өлеңдерінің тақырып қойылысынан, өрнектелуінен, ой жүйелеу мәнерлерінен Абай, Ыбырай үлгілеріне жақындық, үйлесімдік, үндестік байқалады. Солар сияқты А.Байтұрсынов та айнала қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдердің мазмұны осыны танытады.

Алдыңғы ағалар суреттеп кеткен қазақ қоғамының жалпы қалпында дәл сол кезде айтарлықтай өзгерістер жоқты. Ахмет қоғамның сол бір келеңсіз көріністеріне салқын қарай алмайды. Ол жан ауыртып, жүрек сыздатар «қасірет сөзін» айтып, хатқа жазады.

«Қазақ қалпы», «Досыма хат» өлеңдерінде қазақ елінің қалпы «Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ, теңізде жүрміз қалқып көшпесі жоқ», «Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз, алалық алты бақан дертпен кірдік», — «Ақшаға абыройын, арын сатып, азған жұрт, адамшылық қалмай сыны», «Жаны мал, жақыны мал, малдың құлы» деген сипаттармен нақтылана түседі.

А.Байтұрсынов қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздіктің, таптық шиеленіс-қақтығыстардың себеп-салдарына терең бойлай алмаса да, еңбекші халыққа, олардың ауыр халіне көңіл бөліп, аяушылық сезім білдіреді, ауыр халге төзіп, көніп, үндемей жүре бермей, адамдық қасиетті қорғауды қалайды. Бұл оның демократтық, гуманистік көзқарастарға бейімдігін аңғартады. «Адамдық диқаншысы» деген өлеңінде ол өмір бойы бейнетке, қорлыққа үндемей шыдап, жасып, жаншылып кеткен адамдарды көріп, жаны ашиды, олар сергектеу болса, адамдыққа ұмтылса, үндемей жүре бермесе, алдағандарға алданбаса, таяққа еті үйреніп жүнжіп кетпес еді деп ойлайды, олардың намысына тиерлік ащы сөздер айтады.

Елдің ауыр халін аз да болса жеңілдету жолдары туралы ойланғанда Ахмет бұрын қалыптасып дамыған ағартушылықтың мақсат-мұраты арнасында ой өрбітеді, ұйқыдан оянып, білім-ғылымға ұмтылу қажеттігін, оянған ерге еру керектігін еске салады. Оның:

Оянған ерге ұмтылған жерде

Еруші азда, серік кем.

Қас білген досты,

Дос білген қасты,

Мұндай елді көріп пе ең?

Қыс ішінде бірер қаз

Келгенменен, қайда жаз?! — деген өлең жолдары ел ішіндегі азын-аулақ зиялы азаматтар сөзіне құлақ қоюдың аздығына күйінуден туған. Ақын өлеңдерінің шығарылған жылдары нақты қойылмауы, әрине, оның творчестволық ой жүйесінің эволюциясын анықтауды қиындатады. Дегенмен, «Маса» өлеңдер жинағы 1911 жылы басылғанына сүйеніп, сонда жарияланған туындылар содан бұрынғы жылдары жазылғанын, Ахмет Байтұрсыновтың ел күйін өзгертудің ағартушылық жолдан басқа бір арнасын іздеп, сезіне бастағанын байқаймыз.

Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдер топтамасы — көп ғасырғы қазақ поэзиясының дәстүрлерін, демократтық-ағартушылық әдебиет үлгілерін жаңа тарихи жағдайда дамытып, жалғастырған идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Оларды қайта бастыру туған әдебиетіміздің жалпы адамзаттық, гуманистік, демократтық, тәрбиелік сипаттарын айқындап аша түсетін мұра болмақ.

Ақын балалар әдебиетінде көп көңіл бөлген.

Қазақ әдебиетінде Абайдан басталған жаңа арна — мысал жанры Байтұрсыновтың «Қырық мысалымен» орнығып, ұлттық сипат алды. Оның мысалдары әлеуметтік-қоғамдық жағдайды меңзейтін оқиғалардың, адамдар психологиясынан хабардар ететін ғибратты тұжырымдардың молдығымен ерекшеленеді.[2]

Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынов 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ, Б. Пушкин ("Балықшы мен балық", "Алтын әтеш", т.б.), Лермонтов ("Мцыри"), Вольтер, Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар — тың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар.[3]

Аққу, шортан, Һәм шаян мысалында:

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,

Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,

Тартады аққу көкке, шаян кейін

Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас.

Әуелі бірлік керек болса жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, —

деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады.

Алуан-алуан ойға жетелейтін "Қайырымды түлкі", "Ала қойлар", "Үлес", "Қартайған арыстан", "Өгіз бен бақа", "Қайыршы мен қыдыр", "Ат пен есек" мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын — әуез қосып отырады. "Қартайған арыстан" мысалына:

Бақ қонса, сыйлар алаш ағайын да,

Келе алмас жаман батып маңайыңа.

Басыңның бақыт құсы ұшқан күні

Құл-құтан басынады, малайың да, -деген жалғасты түйін жасайды. Бірнеше кісі тіл таба алмай, берекесі кетіп, өртке шалдығып, үлестен құр қалады. Осы "Үлес" өлеңінің түйінінде ақын өз позициясын ашық көрсетіп:

Ойласақ оқиға емес болмайтұғын,

Ел қайда өзін жаудан қорғайтұғын.

Қазіргі пайдасына бәрі жетік,

Адам аз алдын қарап болжайтұғын.

Аңдыған бірін-бірі жаудан жаман

Байқасақ ел белгісі оңбайтұғын.

Бұл белгі табылып жүр біздің жұрттан

Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.

Алданып арқадағы дау-шарына

Кәтерден кәпері жоқ,

келер сырттан, -деп терең маңызы бар әлеуметтік ой толғайды.[4]

«Өгіз бен бақа» мысал өлеңі көбіне өлең түрінде жазылатын сюжетті шағын жанр. Мысалда мінез-құлық, қасиеттер ажуа етіліп, астарлы сынға алынады, дидактикалық өсиет айтылады. Мысал жанрында қолданылатын көркем тәсілдің бастысы аллегория (пернелеу). Мысалдың құрылысы әдетте екі бөліктен құралады: бейнелі әңгіме, оқиға-сурет және дидактикалық өсиет. Ахмет Байтұрсынұлы «Өгіз бен бақа» мысалын 36 жол өлең түрінде И.Крыловтан аударған. Қазақ әдебиетінде алғаш мысал жанрында жазған Абай «Өгіз бен бақаны» 40 жол өлең түрінде аударған. Екі аударманың да тықырыптық, идеялық мазмұны жақын.

Ахмет Байтұрсынұлы — XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өмірінен айрықша орын алған тұғырлы тұлға. Бір басына сан түрлі салқар санаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат қазақ руханиятындағы тендесі жоқ құбылыс десек, артық айтқандық емес. Оның кеменгерлік болмысы мен қайраткерлік қасиетін танып-білу біреп жылдың ішінде біте қалар жеңіл іс емес. Оған тек ұзақ жылдарға созылған көшелі ізденістер нәтижесінде ғана қол жеткізуге болады. Адам ғұмыры ғалам дамуының уақыт өлшемімен салыстырғанда тым қысқа, сәттік қана болып көрінгенімен, ол жасаған тіршілігінің мәні арқылы өз

кезеңі ғана емес, мәңгілікке жол тартар рухани мүмкіндіктерге ие. Ұлының ұлылығы – соны сезіне біліп, пәни жалғанның аз күндік алдамшы қызығына айланып қалмай, ертеңінің керегіне қарекет жасау. Бірақ жер басып жүрген пенденің бәріне ұлыға айналуды тағдыр жазбаған. Сондықтан да бүтіндей ұлт табынар рухқа айналған жандар тым сирек. Иә, Ахметтей адамзаттық ойдың алыбын енді танып, кемел ілімінің кеніне енді ғана кенеліп жатырмыз.

Мақаланы жазу барысында мен білмейтін қаншама ақынның әрбір айтылған сөзі тұнып тұрған тәрбие екеніне көзім жетті.

Қазақ халқы үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан аяулы азаматтың артында қалған мұралары қазіргі егемен еліміздің жас ұрпағына қоғамдық тәрбие беруде айрықша мән-маңызға ие екені сөзсіз.

Қазақ жазушы-педагогтарының, соның ішінде Ахметтің шығармашылығындағы халықтық идеяның мәні — ана тілін, ата тарихын, ұлттық мәдениетін, халқының ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, туған өлке табиғаты мен географиясын жүйелі оқытуға баса назар аударып, оларды жас ұрпаққа қоғамдық тәрбие берудің негізі екендігін дәлелдеуінде деп түсінеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 "Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6

2 Дулатов М. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов (библиографический очерк) // Труды Общества изучения Киргизского края. - Оренбург.-1922.- Вып. 3.-С. 15-22;

3 Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы (юбилей). // Ақ жол: Жалын.-1991.-17 б;

4 Шонанов Т. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы. // Ұлттық рухтың ұлы тіні. -Алматы: Ғылым.-1999.- 39 б;

5 Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды. // Ұлттық рухтың ұлы тіні.- Алматы: Ғылым.-1999.- 67б.

6 Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. "Алматыкітап баспасы", 2009 ISBN 978-601-01-0268-2

7 <https://all.aikyn.kz/>

МРНТИ 04.15.01

Койшыман Г.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық

Университетінің Философия және

Саясаттану факультетінің I курс магистранты

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН БІЛУ, НАСИХАТТАУ ӘРІ САҚТАУ

Аннотация

Мақалада жаһандандудың барлық заманауи қауіп-қатерлері мен сын-қатерлерін ескере отырып, қазақстандықтардың рухани құндылықтарын жаңғыртуға бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ұлттық бірегейлікті сақтауға, ұлттық бірегейлікті насихаттауға арналған. Білімді болуды өте жоғарғы деңгейге көтеріп, азаматтардың санасының ашу сияқты қасиеттер қазіргі қазақстандықтардың басты бағдарына айналуы тиіс делінген. Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы қоғамды топтастыруға, зиялы қауымды, жастарды, халықтың барлық топтарының өкілдерін президент жариялаған идеялар төңірегінде топтастыруға мүмкіндік береді. Жаңғыртудың барлық бағыттарын жүзеге асыру қоғам сұранысын ескере отырып, ғылыми және сарапшылық қоғамдастықтың, азаматтық қоғам өкілдерінің, жастардың белсенді қатысуымен жүзеге асады. Бүгінгі таңда еліміздің Үшінші жаңғыруы аясында үш үдеріс жетілдіріліп жатыр. Олар: саяси

реформа, экономикалық өсудің жаңа моделін құру және қоғамдық сананы жаңғырту. Қазақстанда қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтары мен ел тарихын түсінудің басқа да көптеген мағыналарын білетін стратегия әзірленді. Ұлттық мәдениетімізді сақтамасқа, ешқандай жаһандану болмайды. «Туған жерімізге, мәдениетімізге, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне деген ерекше көзқарас - патриотизмнің ең маңызды белгісі болып табылады.

Түйінді сөздер: Ұлт ұстазы, адамгершілік, мектеп, жас ұрпақ, тәрбие;

Аннотация

В статье отмечается, что программа «Рухани жаңғыру», направленная на возрождение духовных ценностей казахстанцев с учетом всех современных вызовов и угроз глобализации, призвана повысить конкурентоспособность Казахстана в мире, сохранить национальную идентичность, пропагандировать национальную идентичность. Говорят, что такие качества, как повышение образованности на очень высокий уровень и раскрытие сознания граждан, должны стать главным ориентиром для современных казахстанцев. Программа модернизации общественного сознания позволит консолидировать общество, консолидировать интеллигенцию, молодежь, представителей всех слоев населения вокруг идей, провозглашенных президентом. Реализация всех направлений модернизации осуществляется с учетом потребностей общества при активном участии научного и экспертного сообщества, представителей гражданского общества, молодежи. На сегодняшний день в рамках Третьей модернизации страны совершенствуются три процесса. Это политическая реформа, создание новой модели экономического роста и модернизация общественного сознания. В Казахстане разработана стратегия, которая знает традиционные духовные ценности казахского народа и многие другие смыслы понимания истории страны. Нет глобализации, если мы не сохраним нашу национальную культуру. "Особое отношение к родной земле, культуре, обычаям и традициям-важнейший признак патриотизма.

Ключевые слова: учитель нации, нравственность, школа, молодое поколение, воспитание;

Annotation

The article notes that the program "Rukhani Zhangyru", aimed at reviving the spiritual values of Kazakhstanis, taking into account all modern challenges and threats of globalization, is designed to increase the competitiveness of Kazakhstan in the world, preserve national identity, promote national identity. They say that such qualities as raising education to a very high level and revealing the consciousness of citizens should become the main reference point for modern Kazakhstanis. The program of modernization of public consciousness will consolidate society, consolidate the intelligentsia, youth, representatives of all segments of the population around the ideas proclaimed by the president. The implementation of all areas of modernization is carried out taking into account the needs of society with the active participation of the scientific and expert community, representatives of civil society, youth. To date, three processes are being improved as part of the Third Modernization of the country. This is a political reform, the creation of a new model of economic growth and the modernization of public consciousness. Kazakhstan has developed a strategy that knows the traditional spiritual values of the Kazakh people and many other meanings of understanding the history of the country. There is no globalization if we do not preserve our national culture. "A special attitude to the native land, culture, customs and traditions is the most important sign of patriotism.

Keywords: teacher of the nation, morality, school, young generation, education;

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ұлт тарихының мәдениеті мен құндылықтарын білу, насихаттау әрі сақтау.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласының негізінде жасалды. Онда ұлттың жаңа тарихи кезеңдегі басты мақсаты – рухани және мәдени құндылықтарды сақтай отырып, оны одан ары арттыра отырып, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену маңыздылығы. Бағдарлама осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған бірнеше жобадан тұрады. Бұл мақаланың негізгі мақсаты мемлекеттің өзара іс-қимылына және азаматтық қоғамды толық рухани жаңғыртуға негізделген.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы 6 арнайы жобаны қамтиды:

"Туған жер"

"Қазақстанның қасиетті географиясы"
"Заманауи әлемдегі Қазақстанның мәдениеті "
"100 жаңа оқулықтар"
"Қазақ тілінің латын графикасына аударылуы"
"100 жаңа адамдар"

Сонымен қатар, «Атамекен», «Тәрбие және білім», «Рухани қазына» және «Ақпарат толқыны» 4 негізгі бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Осы уақытқа дейін жасалған шараларға тоқтала кететін болсақ, Қазақ тілін латын әліппесіне кезең-кезеңімен көшіру жобасы тілдің дамуына жаңа серпін беру және оны жаһандық кеңістікке енгізу, азаматтарды тілді меңгеруге қызығушылық пен ынталандыру мақсатында жасалып отыр. Латын әліппесіне толық көшу 2025 жылға жоспарланып отыр: сол уақыттан бастап барлық жазбаша сөйлеу – баспа БАҚ-тағы жарияланымдардан бастап іс қағаздарына дейін – латын тілінде болады. Бұған дейін өтпелі кезең мен бейімделу қарастырылып отыр, ол кезде тұрғындар әлі де кириллицамен қолдана тұруға мүмкіншіліктері бар.

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы өскелең ұрпаққа білім мен тәжірибені жеткізуге, білім сапасын арттыруға, ұлт пен қазақ тілінің өзіндік санасын дамытуға бағытталып отыр. Президент әлемде бұрыннан бар тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, филология бойынша 100 үздік оқулықты таңдап, оларды қазақ тіліне аударуды ұсынды. Бұл бағдарламаның әсері кітаптар студенттерге қолжетімді болғаннан бастап 5-6 жылдан кейін отандық ЖОО түлектері халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы керек деп күтілуде.

«Қазақстанның 100 жаңа келбеті» жобасына еліміздің түкпір-түкпіріндегі, әртүрлі жастағы және ұлт өкілдерінен тұратын қазақстандықтардың шынайы оқиғалары еніп, отандастарға үлгі болмақ. Осы 100 жаңа тұлғалар қазіргі Қазақстанның жаңа заманының бетке ұстар тұлғасына айналады.

«Қазақстанның қасиетті географиясы» жобасы еліміздің символдық қасиетті және мәдени-тарихи негіздеріне негізделген. Бұл жобаның нысандары туристік индустрия үшін тартымды орындарға айналады деп жоспарланды. Сонымен қатар президенттің мақаласында бұқаралық спортты дамыту көзделген.

«Туған жер» арнайы жобасы азаматтарды туған жері – «кіші Отанын» дамытып, көркейтуге тартуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған болатын.

«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақ мәдениеті» жобасы Қазақстан мәдениетін шетелде насихаттау бойынша жүйелі жұмыс құруға бағытталған. Бұл ретте нысаны да, мазмұны да заманауи мәдениетті насихаттау басты назарда болып тұр.

Жаһанданудың барлық заманауи қауіп-қатерлері мен сын-қатерлерін ескере отырып, қазақстандықтардың рухани құндылықтарын жаңғыртуға бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ұлттық бірегейлікті сақтауға, ұлттық бірегейлікті насихаттауға арналған. Білімді болуды өте жоғарғы деңгейге көтеріп, азаматтардың санасының ашу сияқты қасиеттер қазіргі қазақстандықтардың басты бағдарына айналуы тиіс делінген. Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы қоғамды топтастыруға, зиялы қауымды, жастарды, халықтың барлық топтарының өкілдерін президент жариялаған идеялар төңірегінде топтастыруға мүмкіндік береді. Жаңғыртудың барлық бағыттарын жүзеге асыру қоғам сұранысын ескере отырып, ғылыми және сарапшылық қоғамдастықтың, азаматтық қоғам өкілдерінің, жастардың белсенді қатысуымен жүзеге асады.

Бағдарламаға сай жаңғырту бірнеше кезеңдерден тұрады. 2021 жылдан бастап Қазақстан еліміздің Үшінші жаңғыруын жүзеге асыруға кірісті. Оның басты мақсаты – ұлт жоспарын орындау негізінде әлемнің озық 30 елінің қатарына ену.

Оған дейін еліміз тәуелсіз мемлекет құрып, алғашқы жаңғыруды жүзеге асырды. Одан кейін 2030 Стратегиясын қабылдап, елорданы тұрғызды, Қазақстан дамыған 5 елдің қатарына енді – бұл Екінші жаңғырудың нәтижесі болып табылады.

Бүгінгі таңда еліміздің Үшінші жаңғыруы аясында үш үдеріс жетілдіріліп жатыр. Олар: саяси реформа, экономикалық өсудің жаңа моделін құру және қоғамдық сананы жаңғырту. Қазақстанда қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтары мен ел тарихын түсінудің басқа да көптеген мағыналарын білетін стратегия әзірленді. Бұл стратегия Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Болашаққа бағдар: рухани

жаңғыру. Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақалаларында көрсетілген.

Ұлттық мәдениетімізді сақтамасақ, ешқандай жаһандану болмайды. «Туған жерімізге, мәдениетімізге, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне деген ерекше көзқарас - патриотизмнің ең маңызды белгісі болып табылады. Бұл кез-келген ұлтты ұлт ететін жеке адамдардың жиынтығы емес, мәдени-генетикалық кодтың негізі », - дейді Н.Ә. Назарбаев. Мемлекет басшысы сонымен бірге: «Негізінен модернизацияланған қоғамдарда да мәдениеттің кодекстері бар, олардың шығу тегі бұрынғы кезеңдерге келеді. Модернизацияның жаңа түрінің бірінші шарты - оның мәдениетін, өзіндік ұлттық кодын сақтау ».

Мемлекетімізде адамдардың бақытты өмір сүруі мен қоғамға пайда әкелуі үшін, адамдардың рухани дамуы үшін барлық жағдайлар жасалған. Елбасымыз атап айтқандай, «табыстың кілті – білімде». Қай кезеңде болсын, қай салада болсын, біз «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек». Біздің бір ғана жолымыз бар - ол рухани жаңғыру арқылы жарқын болашаққа бару.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: «Қаржы қаражат». 1995. - 136 б.

2 Мургабаева А.С. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық ойындардың ерекшеліктері мен рәсімдік негіздері // филос.ғыл.кан. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс...авторефераты. –Алматы, 2006. – 18 б.

3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы, 2005.- 15 б.

4 Абдрасилова Г.З., Оразимбетова К.Ш. Ұлттық мәдениет құндылықтар мен мәселелері // Қазіргі заман адамының рухани ізденісі. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2006 -174 б.

ӘӨЖ 373.24

Мамырова Гүлжасан Тургановна

«Құралай» мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі

№15 «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Алматы облысы Талдықорған қаласы, Қазақстан

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ – ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Аннотация

Мақала Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын насихаттау, шығармаларының тәрбиелік мәнін түсіндіру, рухани-адамгершілік қағидаларын ұғыну, балаларды мектепке даярлаудағы «Әліппенің» маңызы туралы. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгерудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігін бүгінгі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұраларынан белгілі. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» тағы да басқа оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жасаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді.

Түйінді сөздер: А. Байтұрсынұлы, мектепке дейінгі білім беру мекемелері, мұра, тәрбие, маңыз.

Аннотация

Статья посвящена пропаганде наследия Ахмета Байтурсынова в дошкольных учреждениях Казахстана, разъяснению воспитательного значения его произведений, осмыслению духовно-нравственных принципов, важности «азбуки» в подготовке детей к школе. Ахмет Байтурсынұлы – ученый-методист, заложивший основы методики владения казахским языком, известен из своего методического наследия, переданного современному поколению. Неоспоримым фактом является то, что учебные пособия «Әліппе», «Сауат ашуы», «Тілашар» и другие, которые в свое время не утратили своего значения в методическом и языковом отношении. "Метод – это то, что исходит из необходимости. Метод хороший-плохой, в зависимости от расходов на болмағы нужно қылуына заведения» заменить словами непреложная традиция каждого педагога, безусловно. Наглядность, понятность, системность, связь с жизнью и т.д. При написании учебника «Азбука» (новое пособие) для начальных школ Ахмета Байтурсынова. четко видно, что руководствовались дидактическими принципами, идеей развивающего обучения. Дело в том, что автор в этом труде учел, что знания передаются по определенной системе, последовательности, и предложил только те знания, которые еще придут к ребенку. Помимо развития мышления ребенка, необходимо тренировать их в деятельности. Ученый указывает, что более важно дать обучающемуся возможность исследовать, анализировать и сравнивать, размышлять и оценивать поставленную перед ним проблему, чем давать готовую информацию.

Ключевые слова: А. Байтурсынұлы, дошкольные образовательные учреждения, наследие, воспитание, значение.

Annotation

The article is devoted to the promotion of the legacy of Akhmet Baitursynov in preschool institutions of Kazakhstan, explaining the educational significance of his works, understanding spiritual and moral principles, the importance of the "ABC" in preparing children for school. Akhmet Baitursynuly is a methodologist, who laid the foundations of the Kazakh language proficiency methodology, is known from his methodological heritage passed on to the modern generation. The indisputable fact is that the textbooks "Alippe", "Sauat ashuy", "Tilashar" and others, which at one time have not lost their significance in

methodological and linguistic terms. "A method is something that comes from necessity. The method is good or bad, depending on the costs of bolmags, you need to replace the "kyluyn of the institution" with the words immutable tradition of every teacher, of course. Visibility, clarity, consistency, connection with life, etc. When writing the textbook "ABC" (a new manual) for primary schools by Akhmet Baitursynov. it is clearly seen that they were guided by didactic principles, the idea of developing learning. The fact is that the author in this work took into account that knowledge is transmitted according to a certain system, sequence, and offered only those knowledge that will still come to the child. In addition to developing the child's thinking, it is necessary to train them in activities. The scientist points out that it is more important to give the student the opportunity to explore, analyze and compare, reflect and evaluate the problem posed to him than to give ready-made information.

Keywords: *A. Baitursynuly, preschool educational institutions, heritage, upbringing, meaning.*

Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937) Алаш зиялыларының көсемі, тұңғыш қазақ тілтанушы ғалымы, ақын, әдебиет зерттеушісі, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үшінші санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылып, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттерін ашып көрсеткен. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Ол еңбекте Байтұрсынұлы әдебиет тарихының теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының негізі идеясы – жастарды бүгінгі күнде құр сөз, «таусылмайтын» ақыл-кеңеспен тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың өнегесіне, ғибраттылыққа, қоғамда орын алып жатқан әр қилы құбылыстарға сын көзбен қарап, өзіндік баға бере білуге баулу.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгертудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігін бүгінгі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұраларынан белгілі. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» тағы да басқа оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз.

Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне,

талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категориялар қазақ тілі оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алынғаны жөн. Бүгінгі таңда баланы мектепке даярлауда, яғни оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтатын дәрежеге жеткен. Ахмет Байтұрсынов өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітуді де естен шығармаған. Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін нақты мысалдармен көрсетеді.

«Әліппе» сөзінің қайдан шыққанын, оның түбірі не екенін көпшілік біле бермейді.

О баста араб алфавитінің бірінші әрпі «алиб» пен содан кейінгі әрпі «би»-ден құралған. Екеуінің қосындысынан әліппе сөзі пайда болады. Бұл сөз тілімізге араб жазуы арқылы ертерек енді. Кейінірек 1929 жылы латын, ал 1940 жылдан баспа, кирилл алфавитіне көшті.

Осы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулығының атасы - Ахмет Байтұрсынұлы екенін бәріміз білеміз. Ол қазақ әліппесін жазуды 1910 жылы қолға алған екен. «Әліппемен» бірге қазақ графикасын да жасауға кіріскен. Оның негізінде қазақтың мәдени дүниетанымында бар көп ғасырлық дәстүрлі, өзге түркі халықтарына ортақ, туыстық сипаты бар араб таңбаларын алған екен. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын қазақ жазуын қалыптастырады. Мұны кейінірек «Байтұрсынов жазуы» деп те атаған. Ғалым қазақ графикасын түзген соң, осы жазуды үйрететін әліппені жазып шығады. Ахмет Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама.

Алғашқы «Әліппе» 1912 жылы Орынборда басылып шығады. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» өлеңін оқулықтың беташары ретінде пайдаланады. Оқулықта қазақ әріптері төте жазу ретімен беріліп отырған. Әрбір әріптің төменгі жағына қысқа әрі нұсқа мәтіндер топтастырылған. Бұл оқулықтан соң, 1926 жылы әліппе қайта басылып шықты. Бұл бұрынғы әліппенің жалғасы деп атауымызға да негіз бар. Кітап 14 жылдан соң қайта өңделіп, Қызылорда баспасынан жарық көреді. Ғалымдар 1926-1928 жылы шыққан оқулықтардың арасында еш айырма жоқ екенін айтады. 1926 жылғы нұсқада әр тақырыпқа керекті суреттер қоса беріліп отырған. Ұйымдастырушылар суреттердің сабақ оқытуда баланың ұғымына тез қонымды болатынын негізге алған екен. Бұл - қазақ әліппесінің тарихы. Қазаққа бір ғасырға жуық азық болған әліппе қазіргі уақытта сауат ашу пәніне өзгерді. Мектеп табалдырығын аттаған оқушы алғашқы оқу білім парағын «Әліппемен» емес, «Сауат ашумен» бастады. Министрліктегілер «Сауат ашу» пәнінің «Әліппеден» айырмасы жоқ екенін, екеуінің де оқу мен жазуға үйрететінін айтады. Биылғы жылдан бастап «Әліппеміздің» қайтадан беріліп, Ахмет Байтұрсынов мұрасы арқылы оқытылып келе жатқанына қуаныштымыз. Бүгінге дейін білім ордаларының табалдырығын аттаған кез келген оқушының алғашқы танығаны «Әліппе» болды. Сол себепті де «Әліппенің» әр адамға ыстық көрінетіні жасырын емес. Жалпы «Әліппені» қолына ұстаған кез келген бала ондағы мәтінді оқып, тақпағын жаттауға еш қиналмайды. Себебі, «Әліппеде» барлық сөз, сөйлем буын-буынға бөлініп беріледі, және де берілген әріптердің өзі оқуға ыңғайлы, белгілі бір ретпен беріледі. Қазіргі балаларды жаңартылған бағдарлама бойынша мектепке даярлау өзекті мәселе болып отыр. Егерде біз балаларға «Әліппе» арқылы білім беріп, оқытсақ, дұрыс нәтиже шығатынына сенімдімін.

«Әліппенің» маңызы – бала ең алғаш оқулық бетін ашқан кезде, бірінші бетіндегі суретті әріптерге көзі түседі. Өйткені балаға түсіндіруден гөрі, көзбен көріп, өздері атауын айтып, үйренсе тез естерінде қалады. Мысалы, А дыбысы алма, Ә дыбысы әтеш деген сияқты әр әріптен басталатын зат атауларын атай отырып, 42 әріпті жаттау қабілеттері тез дамиды. «Әліппе» арқылы балалардың буындап оқу дағдысы да дамиды. Әріптерді өткен кезде тек буындап қана оқымайды, сол дыбыстан басталатын әңгімелерді де оқи алады. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын насихаттай отырып, балаларға ұстазымыздың жолымен оқытып, білім берсек болашақта білімді ұрпақ көбейетініне сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ақмет Байтұрсынұлы. Ақ жол . Алматы «Жалын» 1991.
- 3 Ахмет Байтұрсынұлы «Жан сөздігімді кім түсінер?» Алматы «Қазақстан» 1994.
- 6 Ұлттың ұлы ұстазы: «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-биографиялық серия. Күзембаева В.К. -Алматы: ҚР Білім және ғылым министірлігі, Орталық ғылыми кітапхана, 2001.-305 бет.

МРНТИ 04.15.02

Месебаева Айжан Абилкасымовна

музыка пәнінің мұғалімі

Сүйінбай ат. Ом Үшбұлақ бастауыш мектебімен

МУЗЫКА САБАҒЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ

Аннотация

Бұл мақалада мұғалімдердің балаларды өздері таңдаған халықтық материал бойынша оқытуға және тәрбиелеуге деген ұмтылысы туралы айтылады. Қазақ халық әні мен ертегілері, халық өмірінен эпизодтар, олардың шығармалары, қоршаған табиғат суреттері – балалармен өткізілетін ойындар мен іс-әрекеттердің мазмұнын анықтайтын, оларды рухани-адамгершілік ұстанымға тәрбиелейтін материал. Музыка, эстетикалық әсер ету құралы ретінде, Аристотель сезімдік қабылдаудың барлық басқа объектілерінен артық көреді. Балаларды мақсатты түрде тәрбиелеу идеялары 18 ғасырдың басында пайда бола бастады. Пікірлер мен әдістерге қарамастан, мұғалімдердің көпшілігі музыкалық білім жеке тұлғаның рухани қалыптасуында маңызды рөл атқарады деп есептеді. Мұғалімдердің балаларды өздері таңдаған халықтық материал бойынша оқытуға және тәрбиелеуге деген ұмтылысы болды. Қазақ халық әні мен ертегілері, халық өмірінен эпизодтар, олардың шығармалары, қоршаған табиғат суреттері – балалармен өткізілетін ойындар мен іс-әрекеттердің мазмұнын анықтайтын, оларды рухани-адамгершілік ұстанымға тәрбиелейтін материал. Қазіргі педагогика мен психология әрбір тұлғаның өзіндік құндылығы бар және оның өзіндік даралығы, қайталанбас ерекшелігі бар деп тұжырымдайды. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мектеп тұлғаны рухани-адамгершілік мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде ғана емес, оны белсенді реформалаушы ретінде де қалыптастыруы керек.

Түйінді сөздер: Жанрлық талдау, стильдік талдау, аналитикалық талдау әдебиеттану принциптері.

Аннотация

В этой статье рассказывается о стремлении педагогов обучать и воспитывать детей на выбранном ими народном материале. Казахские народные песни и сказки, эпизоды из народной жизни, их произведения, картины окружающей природы – материал, определяющий содержание игр и действий, проводимых с детьми, воспитывающий их на духовно-нравственной позиции. Музыка, как средство эстетического воздействия, Аристотель предпочитает всем остальным объектам чувственного восприятия. Идеи целенаправленного воспитания детей начали появляться в начале 18 века. Несмотря на мнения и методы, большинство учителей считали, что музыкальное образование играет важную роль в духовном становлении личности. У учителей было желание обучать и воспитывать детей по выбранному ими народному материалу. Казахские народные песни и сказки, эпизоды из народной жизни, их произведения, картины окружающей природы – материал, определяющий содержание игр и действий, проводимых с детьми, воспитывающий их на духовно-нравственной позиции. Современная педагогика и психология утверждает, что каждая личность имеет свою ценность и имеет свою индивидуальность, неповторимую индивидуальность. Учитывая вышеизложенное, школа должна формировать личность не только как носителя духовно-нравственной культуры, но и как активного ее реформатора.

Ключевые слова: Проанализировать поэтические, лингвистические, литературоведческие принципы.

Annotation

This article tells about the desire of teachers to teach and educate children on their chosen folk material. Kazakh folk songs and fairy tales, episodes from folk life, their works, pictures of the surrounding nature are the material that determines the content of games and actions conducted with children, educating them on a spiritual and moral position. Music, as a means of aesthetic influence, Aristotle prefers to all other objects of sensory perception. The ideas of purposeful upbringing of children began to appear at the beginning of the 18th century. Despite the opinions and methods, most teachers believed that music education plays an important role in the spiritual development of a person. The teachers had a desire to teach and educate children according to their chosen folk material. Kazakh folk songs and fairy tales, episodes from folk life, their works, pictures of the surrounding nature are the material that determines the content of games and actions conducted with children, educating them on a spiritual and moral position. Modern pedagogy and psychology asserts that each person has its own value and has its own individuality, unique individuality. Considering the above, the school should form a personality not only as a carrier of spiritual and moral culture, but also as an active reformer of it.

Keywords: *Analyze poetic, linguistic, literary principles.*

В данной статье рассматривается стремление педагогов учить и воспитывать детей на фольклорном материале по своему выбору. Казахские народные песни и сказки, эпизоды из жизни народа, его произведения, картины окружающей природы - тот материал, который определяет содержание игр и занятий с детьми, воспитывая их на духовно-нравственных началах.

This article discusses the desire of teachers to teach and educate children in the folk material of their choice. Kazakh folk songs and fairy tales, episodes from the life of the people, their works, pictures of the surrounding nature - the material that determines the content of games and activities with children, educating them to the spiritual and moral principles.

Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі күрделі және даулы міндеттердің бірі болып табылады, оны шешу балалардың психоәлеуметтік және рухани денсаулығына байланысты. Ал музыка адамға тікелей күрделі әсер етуінің арқасында өнер шаңырағында ерекше орын алады.

Сондықтан да бұл жұмыстың мақсаты музыка сабағында оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесінің мәселелерін шешу жолдарын анықтау болып табылады.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- рухани-адамгершілік тәрбие және музыка бойынша әдебиеттерді оқу;

- балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне әсер ететін музыкалық іс-әрекет түрлерін анықтау;

- музыка сабағында рухани-адамгершілік тәрбие беру бойынша ұсыныстар жасау.

Өткен ғасырда қоғамды жастар мәдениетінің жеткіліксіз деңгейі қатты алаңдатты. 20 ғасырдың басында бұл мәселе жалпы білім беретін мектепте музыка сабағын міндетті пән ретінде енгізу арқылы шешілді. ХХІ ғасырдың басында бұл мәселе қайтадан өзекті болып отыр.

Аристотель музыканы рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі құралы деп есептейді. Оның ойынша, музыка адамның психикасы мен этикасына, адамның адамгершілік қасиеттеріне әсер етеді.

Музыка, эстетикалық әсер ету құралы ретінде, Аристотель сезімдік қабылдаудың барлық басқа объектілерінен артық көреді.

«Сөзбен ұштаспайтын бір әуеннің өзінде эстетикалық қасиет бар. Сонымен қатар, түстер, иіс немесе дәм сезімі қандай болса да, оларда мұндай ештеңе жоқ» [1].

Балаларды мақсатты түрде тәрбиелеу идеялары 18 ғасырдың басында пайда бола бастады. Пікірлер мен әдістерге қарамастан, мұғалімдердің көпшілігі музыкалық білім жеке тұлғаның рухани қалыптасуында маңызды рөл атқарады деп есептеді.

Мұғалімдердің балаларды өздері таңдаған халықтық материал бойынша оқытуға және тәрбиелеуге деген ұмтылысы болды. Қазақ халық әні мен ертегілері, халық өмірінен эпизодтар, олардың шығармалары, қоршаған табиғат суреттері – балалармен өткізілетін ойындар мен іс-әрекеттердің мазмұнын анықтайтын, оларды рухани-адамгершілік ұстанымға тәрбиелейтін материал.

Музыкалық білімнің маңыздылығы туралы идеяны алғашқылардың бірі болып 18 ғасырдың соңындағы ағартушы, педагог және сатирик жазушы Н.Новиков айтқан. Ол өнердің көмегінің «балаларды бақытты адам, пайдалы азамат етіп тәрбиелеу» мүмкін емес деп есептеді[2].

Белинскийдің музыка өнеріне, музыкалық тәрбие мәселесіне деген көзқарасын айқын

аңғартады:

«Балаларда ерте жастан бастап адамгершіліктің алғашқы элементтерінің бірі ретінде мейірімділік сезімін дамыту керек. Музыканың әсері пайдалы және олар оны неғұрлым тезірек сезіне бастаса, соғұрлым жақсы.

Тарихи кезеңде Қазақстанда «Акмолдинские областные ведомости», «Оренбургский листок» және т.б. газеттер басылып шыға бастады. 1870 жылы 28 сәуірде «Түркістан уалаяты» газетінің қазақ және өзбек тілдеріндегі бірінші номері жарық көрді.

Музыка өнері де жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Кең байтақ қазақ жерінің әр өңірінде күйшілер мектебі мен сал-серілер мектебі қалыптасты. Әр өңір мектебі өзіндік қайталанбас өнерімен ерекшеленді. Мысалы, күй өнерінде қазақ жерінің батыс өңірінде «төкпе күй» бағыты ерекше дамыса, солтүстік және шығыс еңірінде «шертпе күй» мектебі қалыптасты. XIX ғасырда қазақ музыка өнерінде терең із қалдырған, музыкалық мұралары бүгін күннің рухани құндылығына айналған дүлдүлдер қатарында Құрманғазы Сағырбай-ұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы сын-ды дарынды күйшілер: Сепз сері, Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері Қорам-саулы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Мұхит Мералыұлы сияқты көптеген сал-сері-лер болды. Мысалы, Құрманғазының бізге мәлім 60-тан астам күйлері, со-лардың ішінде «Сарыарқа», «Балбырауын», «Түрмеден қашқан», «Кішкен-тай» және т.б. қазақ музыка мәдениетінің асыл қазынасына кіретін аспаптық шығармашылықтың биік шыңы ретінде бағаланады. Ал Дәулеткерейдің 40-тан астам күйлері бүгін ұрпаққа мұра болып қалған.

Мектеп әлеуметтік ортаның көрінісі ретінде мұғалімнің алдына кез келген сабақта рухани-адамгершілікті дамыту мәселелерімен жүйелі және мақсатты түрде айналысу қажеттілігін қоятын баланың рухани әлеміне ең белсенді әсер ету саласы болып табылады. Әсіресе музыка сабақтарында. Дегенмен, оқушы тұлғасының рухани дүниесін музыка арқылы қалыптастырудың мақсаттылығы зорлық-зомбылықпен синонимге айналмауы керек. Қазіргі педагогика мен психология әрбір тұлғаның өзіндік құндылығы бар және оның өзіндік даралығы, қайталанбас ерекшелігі бар деп тұжырымдайды. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мектеп тұлғаны рухани-адамгершілік мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде ғана емес, оны белсенді реформалаушы ретінде де қалыптастыруы керек. Соңғы жылдардағы педагогикалық концепциялар оқу-тәрбие процесінде оқушының жас ерекшеліктерін (бұл қажет болса да) емес, жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттігін атап көрсетеді.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің тасымалдаушысы ретінде мектепте музыканы оқыту мәселесі ұстаздар үшін қашанда өткір болып келеді. Жалпы тенденцияларға қарамастан, оны әр мұғалім көпшілікте жеке шешті. Музыкалық білімнің толық болуы және балалардың рухани-адамгершілік дамуын бейнелеуі үшін мыналар қажет:

- 1) музыканы қабылдау және оны қоздыратын эмоцияларды неғұрлым қарқынды сезіну қабілетін дамыту;
- 2) осыған, сондай-ақ музыкалық шығармаларды сол немесе басқа нысанда жаңғыртуға қажетті қабілеттер мен дағдыларды дамыту;
- 3) осыған қажетті білімді меңгеру.

Музыкалық білім берудің осы үш аспектілері бір-бірімен тығыз байланысты. Олардың қай-қайсысының да басым болуы музыкалық білімнің өзін толық емес, біржақты етеді.

Музыкалық білім берудің бұлайша көзқарасы бойынша, музыка саласының мектеп үшін мүмкін болатын, ұйымдастыруға болатынының барлығын – мұғалімнің оқушының алған музыкалық білімі соншалықты толық және жан-жақты болуы үшін пайдаланылуы керек екені анық. мүмкін және рухани-адамгершілік дамуға бағытталған.

Шығарманың өнегелі қабылдауын, рухани ой толғауын оқушыларға жеткізу – музыка мұғалімінің бірінші кезектегі міндеті. Сондықтан вокалдық немесе аспаптық шығармаларды тыңдау – музыкалық мәдениетке тәрбиелеу, өнерге деген қызығушылықты ояту. Музыка пәнінің мұғалімі осыны мақсат тұтуы керек.

Барлығы балалық шақтан басталады: алғашқы қадамдар, алғашқы сөздер, әлем туралы алғашқы білім. Ал бұл дүниенің кішкентай адаммен қалай кездесуі оның болашақ тағдырына байланысты. Оқушылардың жадында оқу жылдары жарқын, мейірімді, жарқын болып қалуы керек. Өйткені, шынында да, бұл уақыт алаңсыз, көңілді, бақытты.

Мұғалім – баланың күрделі де нәзік дүниесімен байланысты ерекше мамандық. Музыка пәні мұғалімінің міндеті – жан дүниесін тәрбиелеу. Жұмбақ, түбі жоқ, шыншыл, бұзылмаған – бұл

кішкентай адамның жан дүниесінің «портреті». Ұстазға көзі бақырайып қарайтын адам. Әлемнің әдемі екеніне сенетін адам.

Осы сәтте балаларымызға нені үйрететініміз қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Әлде бұлар фонограммамен орындалатын, кейде мағынасы жоқ заманауи әндер, немесе бұл ата-бабамыз жинақтаған мәдени қабат – уақыт сынынан өткен музыка.

Музыка сабағында балалардың қаншалықты эмоционалды және сезімтал екенін көруге болады. Олар музыканы қаншалықты нәзік қабылдайды. Мұғалімнің міндеті – шығармашылық ұшқынын өшіру емес, оқуды балалық шақтағы табиғи қызығушылықпен және тәжірибемен ұштастыру – қуанышқа үйрету керек. Қуаныш арқылы бала қоршаған әлемді білуі керек. «Оқу жақсы оқу үшін қызықты болуы керек!». Ол сабаққа қуанышты болуы керек.

Сонымен қатар, музыка мұғалімінің міндеті – музыкалық білім мен тәрбие мәселелерін ақпаратқа түсіру емес, өнер арқылы ойлауға, сезінуге, эмпатияға үйрету, осылайша мектеп оқушыларының тек интеллектісі ғана емес, жан дүниесі де дамып отырады.

Мұғалім мектеп оқушыларын музыка әлемінде шарлауды, олардың талғамын оятып, жоғары рухани құндылықтармен таныстыруды, өнер арқылы әлемді тануға және әлем бейнесін қалыптастыруға, өзін және өз орнын түсінуге үйретуі керек. Әлемде музыка өнерімен байланыста. Жоғары өнер көтеретін рухани-адамгершілік ұғымдар күнделікті өмірге ұласып, әрбір оқушының жеке тұлғасына айналуы тиіс. Мұғалім оқушыларға адамгершілік нұсқауларын қалыптастыруға шақырылады, онсыз білімді адамзаттың зұлымдығына бағыттауға болады. Ол музыка сабағында балалардың рухани-адамгершілік дамуының негізін табуы керек.

Осыдан өнер сабағы, шығармашылық сабақтары ретінде музыка сабағының негізгі міндеттері шығады:

1. Музыкамен жеке тұлғаны, шығармашылық қабілетін жан-жақты дамыту, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу.
2. Оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру.
3. Музыканың түрлендіруші күшін ашып көрсету және оның адамның ішкі дүниесіне, қоршаған шындыққа қатынасына, өмірлік ұстанымының қалыптасуына ықпалы.
4. Музыкалық-теориялық білім мен дағды негізінде музыка өнерінің тілін меңгерту.

Бұл мәселелерді шешу үшін келесі есептерді ойластыру қажет.

Музыка мектептегі барлық дерлік пәндермен оңай және табиғи түрде байланыста болады. Мұғалімнің міндеті – оқушыларды жасампаздық үдерісіне жақындату, нәтижесінде адамның қоршаған әлемге жаңа, жеке қарым-қатынасы туады. Балалардың жеке тұлғасының табысты дамуының факторларының бірі шығармашылық және өзара көмек атмосферасының болуын, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін болжайтын психологиялық жайлылық үшін жағдай жасау болып табылады. Бұған оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда интеграциялық әдістерді қолдану, мектеп оқушыларының қоршаған дүниеге тұтас көзқарасын жасау ықпал етеді. Оқыту құралы ретіндегі интеграция оқушыға әлемнің жеке бөліктерінің байланысын барлық элементтері өзара байланысқан жүйе ретінде көрсететін білім беруі керек.

Заманауи жылдам өзгеріп жатқан әлемнің бүгінгі оқушысы бұрынғыдан мүлде басқаша. Ол физикалық дамуда өзінен бұрынғылардан озып кетті, бірақ, өкінішке орай, рухани-адамгершілік жағынан артта қалды. Сонымен қатар, қазіргі өмірдің жаңа жағдайлары балалардың рухани денсаулығына ықпал ете алмайды.

Біздің заманымыздың тағы бір жарқын мәселесі ерте компьютерлендірумен байланысты: ғалымдар; ерте компьютерлендіру жағдайында мектеп оқушыларының қиялды ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін жоғалтады. Бұқаралық білім беруді шығармашылыққа айналдыру, ондағы рухани-адамгершілік принципке мән беру және адамзаттың аман қалуының заманауи мәселелеріне назар аударудың өзекті қажеттілігі туындады. Балаларға адамды физикалық және рухани жағынан соратын осы және басқа да өзін-өзі жою желілерінен аулақ болуға қалай көмектесуге болады? Қай кезде де биік өнерді уағыздады.

Музыка мұғалімі ең алдымен өз қызметінің стратегиялық мақсаттарын білуі, мектеп оқушыларын тәрбиелеудің соңғы және аралық нәтижелерін көруі, философиялық және әдістемелік деңгейде өз ұстанымын жалпылауы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Орта мектепте музыкалық тәрбие беру әдістері. Алматы. Рауан 1996. 4.

- 2 Пернебек Момышұлы. Музыкалы-эстетикалық тәрбие Алматы 2000. 5.
3 С.Байжұманов. Халық аспаптары оркестрі. Алматы Өнер 1993. 6.
4 К.Әсімбекова, Б.Мұсафин, Т.Мұстафина, Ж.Таубалдиева. Ән сабағы Алматы Ө

УДК 39(573)

Молбаева Жұлдыз Маратқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ескелді ауданы, Мелькомбинат НОМ

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ»

Аннотация

Мақалада оқушылардың рухани-адамгершілігін арттыру жайлы сөз болады. Оқушылардың сабақ барысында қалай арттыру қажет екені, әдебиет сабағында нені ескере білу керек екені айтылады. Ұлт ұстазы болған Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына тоқтала отырып, ұлы ағартушының шығармашылығы арқылы оқушылар бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жолдары ұсынылады. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгертудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігін бүгінгі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұраларынан белгілі. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» тағы да басқа оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді.

Түйінді сөздер: Ұлт ұстазы, адамгершілік, мектеп, жас ұрпақ, тәрбие;

Аннотация

В статье речь пойдет о повышении духовно-нравственного развития учащихся. Рассказывается о том, как учащиеся должны учиться на уроках, что нужно учитывать на уроках литературы. Обращаясь к творчеству Ахмета Байтурсынова, ставшего учителем нации, предлагается пути формирования нравственных качеств у учащихся через творчество великого просветителя. Ахмет Байтурсынулы-ученый-методист, заложивший основы методики владения казахским языком, известен из своего методического наследия, переданного современному поколению. Неоспоримым фактом является то, что учебные пособия «Әліппе», «Сауат ашуы», «Тілашар» и другие, которые в свое время не утратили своего значения в методическом и языковом отношении. "Метод – это то, что исходит из необходимости. Метод хороший-плохой, в зависимости от расходов на болмағы нужно қылуына заведения» заменить словами непреложная традиция каждого педагога, безусловно. Наглядность, понятность, системность, связь с жизнью и т.д. При написании учебника «Азбука» (новое пособие) для начальных школ Ахмета Байтурсынова. четко видно, что руководствовались дидактическими принципами, идеей развивающего обучения. Дело в том, что автор в этом труде учел, что знания передаются по определенной системе, последовательности, и предложил только те знания, которые еще придут к ребенку. Помимо развития мышления ребенка, необходимо тренировать их в деятельности. Ученый указывает, что более важно дать обучающемуся возможность исследовать, анализировать и сравнивать, размышлять и оценивать поставленную перед ним проблему, чем давать готовую информацию.

Ключевые слова: учитель нации, нравственность, школа, молодое поколение, воспитание;

Annotation

The article is devoted to the promotion of the legacy of Akhmet Baitursynov in preschool institutions of Kazakhstan, explaining the educational significance of his works, understanding spiritual and moral principles, the importance of the "ABC" in preparing children for school. Akhmet Baitursynuly is a methodologist, who laid the foundations of the Kazakh language proficiency methodology, is known from his methodological heritage passed on to the modern generation. The indisputable fact is that the textbooks "Alippe", "Sauat ashuy", "Tilashar" and others, which at one time have not lost their significance in methodological and linguistic terms. "A method is something that comes from necessity. The method is good or bad, depending on the costs of bolmags, you need to replace the "kyluyn of the institution" with the words immutable tradition of every teacher, of course. Visibility, clarity, consistency, connection with life, etc. When writing the textbook "ABC" (a new manual) for primary schools by Akhmet Baitursynov. it is clearly seen that they were guided by didactic principles, the idea of developing learning. The fact is that the author in this work took into account that knowledge is transmitted according to a certain system, sequence, and offered only those knowledge that will still come to the child. In addition to developing the child's thinking, it is necessary to train them in activities. The scientist points out that it is more important to give the student the opportunity to explore, analyze and compare, reflect and evaluate the problem posed to him than to give ready-made information.

Keywords: A. Baitursynuly, preschool educational institutions, heritage, upbringing, meaning.

Білім – адамзат баласы үшін таусылмайтын байлық, адам игілігінің бірі әрі бірегейі. Қай заман болсын білім саласы маңызды әрі басты сала болып есептеледі. Білім берудің мақсаты – саналы, білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты, алған білімдерін өмірде қолдана алатын адал ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі дамыған қоғам жан-жақты жетілген жаңа ұрпақты – жаңа тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «әр адам - өз заманының баласы». Бүгінде білім мен ғылым қарыштап дамыған ХХІ ғасырда өскелең ұрпаққа сапалы білім беріп қана қоймай, рухани –азаматтыққа тәрбиелеу мектеп ұстаздарының басты міндеттің бірі. Себебі, мұғалім тек үйретуші емес, балаға тәрбие дәнін сеуіп, жол сілтеуші, өмірлік азық беруші.

Балалар, бұл – жол басы даналыққа,

Келіндер: түсіп, байқап, қаралық та.

Даналық-өшпес жарық, кетпей байлық,

Жүріндер, іздеп тауып алалық та!

атты «Тарту» өлеңі оқушылар оқу-білімге жол сілтеп, жарық өмірге, яғни, білімділікке шақырады.

Бүгінгі таңда мектеп қабырғасындағы әр оқушының жасын, жеке ерекшелігін ескере отырып, жан-жақты жетілген, рухани бай ұрпақ тәрбиелеу үшін оқу процесі барысында балаға сапалы оқулық ұсынып, рухани азық болатын шығармалар оқытқанымыз абзал. Осы тұста «Ұлт ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының рухани бай мұрасы ойыңа еріксіз оралады. Ағартушы, халықты оқу-білімге шақырған педагог, білім берудегі көшбасшы, өз заманының кемеңгері, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы сан салалы. Өз заманында қазақ халқы үшін еңбек етіп, мектеп ашып, оқулық жазып, балаларды оқу-білімге шақырған ойшыл ұстаз қай заман болмасын халық жадында өзіндік жаңалығымен, тың ойымен, рухани азығымен мәңгілік сақталары анық. Себебі, оның еңбек жолындағы педагогикалық идеялары қазіргі білім беру саласында айқын көрініс тапқан. Атап айтқанда, педагог ағартушының шығармалары жас ұрпаққа тек білім мен тәрбие беріп, алған білімдерін өмірде қолдануға баулиды. Өз заманында өскелең ұрпақты оқуға шақырып қана қоймай, өмірге бейім, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеуді мақсат еткен педагогтың асыл мұрасы бүгінгі таңда да құндылығын жоймаған.

А.Байтұрсынұлы өзінің шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастағаны баршамызға мәлім. Өз өлеңдерінде халықтың арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Бұл 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қырық мысал» атты аударма жинағынан анық көрінеді. Туындылары арқылы шырты ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін айтып отырған.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірген емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиет. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, әдет-ғұрпында, оқу-білімінде. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан, қолына берілген оқулықтан, оқу бағдарламасында берілетін мәтіндерден бойына сіңіреді.

Адами құндылықтарды меңгерте отырып, адамгершілік қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек[1].

Адамгершілік- адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана адамшылық атаулының көрініс болып табылатыны баршаға мәлім. Ахмет мысалдары - адамгершілік дәніндей. Мектеп қабырғасында оқытылатын «Егіннің бастары» мысалына көз жүгіртсек:



«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,

Шырағым, түрін көріп таңданба оған.

Өзгесі төмен қарап бүгілгенде,

Ойлама кем екен деп бәрі сонан».

Және де әкесі айтты баласына:

«Сұқтанба құр сорайған қарасына.

Құдайым өзгесіне дән бергенде,

Бұл бидай дәнсіз қапты арасында.

Бидайлар басы толық иіліп тұр,

Дән берген қожасына сыйынып тұр.

Басында бұл бидайдың дәні болмай,

Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.

«Елде көп бұл бидайдай адам, - дейді,

Тәкаппар, оны халық, жаман, - дейді.

- Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,

Тұтынба бұл мінезді, балам», - деді.

-деген жолдарды оқушыларға оқыта отырып, мақтаншақтық, тәкаппарлық атты жаман қасиеттерден аулақ болуды үйретеміз. Отбасында ата-ана, мектеп қабырғасында ұстаздар жеткіншек ұрпаққа адамгершілік ұғымын осындай шығармаларды насихаттау арқылы сіңіре аламыз деген сенімдемін. Қазақ халқының «бидайдың басын көтергені – дақылының жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылының жоқтығы» атты мақал ойына еріксіз оралады. Шәкірттерге жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат қандай сәт, қандай жағдай болса да адамгершілігін сақтап қалары анық. Сондай-ақ, «Аққу, шортан һәм шаян» мысалын оқи отырып, ынтымақтыққа, бірлікке қадам басамыз.

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,

Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін.

Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,

Жұлкиды суға қарай Шортан шіркін.

Аталған мысалды оқу арқылы оқушылар бірлесе жұмыс жасауды, ұйымшылдықпен кез келген мәселені шешуді меңгеріп, бірлікке, ынтымақтастықты үйренеді. Осы шығарманы талдай отырып, кез келген бала ұйымшылдық пен достықты меңгереді. Қай заман болмасын адамзаттың басты ерекшелігі – адамгершілігі. Расында адам - ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен бағалы. Бүгінде әртүрлі гаджеттер мен смартфондардың дәуірінде балалардан мейірімділік, бірлесіп ойнау, сүйіспеншілік, адамгершілік қасиеттері алыстағандай..... Дәл осы тұста Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарын оқушыларға оқытып, насихаттау арқылы әр балаға адамгершілік дәнін сеуіп, абойына асыл қасиеттерді сіңіруді жетілдіреміз. Сонымен қатар, түрлі ой салатын "Қайырымды түлкі", "Ала қойлар", "Үлес", "Қартайған арыстан", "Өгіз бен бақа", "Қайыршы мен қыдыр", "Ат пен есек" мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Аудармашы негізгі түпнұсқаға орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын – әуез қосып отырады.

Ахметтің «Жұмаш» атты әңгімесін оқи отырып, кедей баласының өмірін сипаттай отырып, адамгершілік мәселесін қозғайды. Бала арқылы адамгершілікті насихаттайды.

А.Байтұрсынұлының «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» -деген нақыл сөзін оқып отырып, расында, жас ұрпақтың тәрбиесі дұрыс болмайынша қоғамның қалыптасуы, мемлекеттің гүлденуі дамуы мүмкін емес. Себебі, ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Ал келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, адамгершілігі биік, білімі зор, ой-өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің қоғам алдындағы борышымыз. Жас ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік, ең бастысы адамгершілік атты асыл қасиеттерді бойына сіңіру қажет.

«Адамгершілік» ұғымы Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларының негізі, әр туындысының арқауы десек артық емес. Кез келген туындысы арқылы қазақ халқына бірлікті, достықты, ынтымақты насихаттап, адамгершілікке үйретеді. Себебі, адамгершілік – асыл қасиет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікті қалыптастыруға бағытталған ақын мұрасы өз маңыздылығын жоймасы, келешек ұрпаққа мәңгілік мұра болып қалары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 <https://infourok.ru/adamgershilik-ruhani-trbieni-maizdilii-1016267.html?>

2 https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/42807/

3 А.Байтұрсынұлы Ақ жол. Шығармалары, өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1989

4 Қазақ әдебиеті оқулығы 5-сынып Мектеп 2027 ж.

5 А.Байтұрсынұлы Тіл тағлымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.

6 Қалиев С., Иманбекова Б.И. А.Байтұрсынұлының ағартушылық мұраларының зерттелу жайы. //Ізденіс №1-2 2000

МРНТИ 04.15.01

Нуксиева Гульмира Женисбековна
тарих пәнінің оқытушысы
«Қапшағай көпсалалық колледжі» МКҚҚ
Алматы облысы Қапшағай қаласы

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Аннотация

Мақалада орта мектептердегі енгізіліп жатқан жаңартылған білім мазмұнына сәйкес инновациялық технологияларды енгізудің жолдары интерактивті әдістерді қолдану жолдары сипатталған. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің

инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселе. Сондықтан мұғалім жаңалық жаршысы болуы керек. Инновация латын тілінен аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе "инновация" - бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Инновациялық оқыту білімді терендетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. 236 Технология - бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Әдістемелік ізденіс — жаңалыққа жол ашу. Мұғалімдер әдістемелік ізденістерді басышылыққа ала отырып, еңбекті сабақ үрдісінде білулері керек.

Түйінді сөздер: Инновациялық, үрдістің, әдіс оқыту, оқушы, оқу, педагогикалық технология.

Аннотация

В статье рассматриваются психолого-педагогические основы использования инновационных технологий в учебно-воспитательном процессе общеобразовательных организаций образования. На сегодняшний день возрасла конкурентоспособность в сфере образования, усилились требования к уровню подготовки учителей. На данном этапе учителю необходимо улучшить педагогическую компетентность и повысить квалификацию в учебно-воспитательном процессе в связи обновленным содержанием образования. Усвоение инновационных технологий на научно-педагогической основе в области обучения и воспитания подрастающего поколения в соответствии с требованиями времени – первостепенная задача для учителя. Поэтому, учитель – вестник нового, передового. Основа инновационного процесса-целостная деятельность по формированию, применению, реализации новшеств. Любой новый метод относится как к индивидуальному, так и к временному плану. Инновационное обучение, наряду с тенденцией знаний, ведет к учебной деятельности учащихся, стимулирует их мотивацию к обучению. В настоящее время понятие педагогической технологии прочно вошло в педагогический лексикон. 236 Технология-это совокупность приемов в деле, мастерстве, искусстве. Методический поиск-путь к открытию. Учителя должны знать труд в процессе урока, руководствуясь методическими изысканиями.

Ключевые слова: инновация, процесс, метод обучения, ученик, обучение, педагогическая технология.

Annotation

The article examines the psychological and pedagogical foundations use of innovative technologies in the educational process of preschools. According to the tendency of nowadays, the rivalry in educational fold and concrete requirement for teachers is on a substantial boom. For that reason, teachers have to reconstruct, amend and make improvements to educational process. This is to satisfy the needs of the next generation on youth sensitivity that is why, teachers must absorb all the scientific educational backgrounds and patterns. This is an existing problem. Thus, teachers have to be the ones who direct and carry the ball. Therefore, the teacher must be a messenger of news. Innovation in Latin means "new", "innovation", "renewal" or "innovation" is a new result that comes to mind when achieving a clearly set goal. The basis of the innovation process is a holistic activity on the formation, application, implementation of innovations. Any new method applies to both an individual and a temporary plan. Innovative learning, along with the extension of knowledge, leads to the learning activities of students, stimulates their motivation to learn. Currently, the concept of pedagogical technology has firmly entered the pedagogical lexicon. 236 Technology is a set of techniques in business, skill, art. Methodical search is the way to discovery. Teachers should know the work during the lesson, guided by methodological research.

Keywords: innovation, process, teaching method, student, training, pedagogical technology.

XXI ғасыр оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияны пайдалануды талап етеді. Әдістер оқытудың мазмұнын жетілдіреді, олардың әдістері мен құралдарының бірлігін қамтамасыз етеді. Бұл заңды үдеріс, себебі елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да өзгерістер білім жүйесін сол өзгерістер тұрғысында дамытуды талап етеді. Қазіргі таңдағы білім мен тәрбие технологиясында «жеке тұлға» тәрбиелейтін мұғалімнің де өзіндік жеке тұлға ретінде шығармашылығының орны ерекше. Сонымен қатар білім беру мазмұнының жаңаруына да ықпалы мол. Себебі, білім беру мазмұнының жаңару жағдайында пәндерді оқыту түрлі әдістер мен тәсілдері

арқылы оқытылады. Міне, осы талап тұрғысынан алғанда «Оқытудың интерактивті әдісі» шешуші орын алады. Егерде сабақ үстінде студент пен оқытушының арасында тығыз қарым – қатынас орнатылса және ұтымды нәтижеге жетсе, бұлайша оқытуды интерактивті деп атаймыз.

Қазақстан Республикасының ұстаздарының негізгі мақсаты – қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай жастардың саналы ойлауын қалыптастыру, шығармашыл, өз мамандығын дұрыс таңдаған, ой-өрісі жоғары жеке тұлға дайындау.

Қоғамның дамып-өркендеуі, оның әлеуметтік-мәдени этностық ерекшеліктерін толық меңгеріп, өзгерістер, жаңалықтар, ұғымдар туралы болып жатқан барлық мәселелерге мән бере отырып, салауатты өмір салтын құруда, білім беру саласындағы инновацияны меңгеруде, қоғамымызды ізгілендіруде мұғалімдерге, олардың кәсіптік сапаларына, білімділігі, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілеттілігі, мәдениеті, парасаттылығы, т.б. қасиеттеріне байланысты екендігін, мұғалімдік мамандықтың жан-жақты білімді, шынайы сезімтал болуды, шәкірттеріне шексіз сүйіспеншілікті беруді талап ететінін, еңбегінің нәтижесі әр күн сайын балаларға қуаныш әкелгенде ғана жемісті болатынын ұғындыру. Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиенің озық әрі өнегелі дәстүрлерін, асыл қасиеттерін оқушылардың бойында қалыптастыру – аса маңызды міндеттердің бірі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты бағдарламасын іске асыруға белсене қатысатындар, кең байтақ Қазақстанның байлығына ие болатындар, сол байлықты өз иелігіне жұмсайтындар, сөз жоқ, қазіргі мектеп қабырғасында жүрген біздің оқушыларымыз екеніне ешкім күмән келтіре алмайды. Менің де мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым – оқушыларыма ұлттық педагогикалық тәрбие бере отырып, олардың жаратылыс тану ғылымдары саласындағы шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру міндетім деп білемін. Бұл ретте өзім сабақ беретін тарих сабағыда оқытудың көптеген әдістерінен құралған интерактивті оқыту технологиясының тиімді әдістерін қолданамын.

Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделі отырып, “жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын” қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Интерактивті ағылшын тілінен аударғанда «inter» – аралық, «action» – әрекет деген мағынаны береді яғни интерактивті оқыту кезінде оқушыларға:

- жеке өздігінен ізденуіне мүмкіндік беріледі;
- топтасып оқып үйренуге жағдай жасалынады;
- өздерін – өздері бағалалайды;
- іс – әрекет барысында білім алады;

Осыған орай өзім сабақ беретін топтарда, осыған сәйкес өз тобымда ұйымдастырылған іс – әрекеттегі зерттеуді Д.Б. Элькониннің еңбектерінен алып, В.В. Давыдовтың «Дамыта оқыту технологиясы», В.Ф. Шаталовтың «Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы», Ж. Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясы», М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» т.б. технологияларының элементтерінің жиынтығы оқытудың интерактивті оқыту технологиясының әдіс – тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға ықпал жасаймын. Ең алдымен әрбір сабақтың өтуіне мұғалім ретінде тыңғылықты дайындаламын.

Барлық технологиялардың мақсаты – пәнді оқытуда студенттің жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын мүмкіндіктерін қалыптастыру болып табылады. Интерактивті оқытудың басты мақсаты – балаларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Интерактивті әдісті пайдаланудың тиімділігі аса жоғары екендігін өткізген сабақтарымнан байқаймын. Оқушы дайын білімді көшіріп алмай, өз

бетімен ізденуге мүмкіндік алады. Әсіресе табиғатынан тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушыларға пайдасы зор. Ал мұғалімнің міндеті – оқушының неғұрлым белсенділік танытуына жағдай жасау, қажет кезде жол көрсету болып табылады. Мұнда мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуі үлкен рөл атқарады.

Интерактивті оқыту – өзара қарым – қатынасқа түсіп диалог құра отырып, топқа бөлініп оқыту әдісі – тәсіліне негізделген оқытудың түрі. Нәтижесінде оқушы жинақталған тәжірибесін сыртқа шығарып, оны өмірде пайдалана алады.

Интерактивті оқыту әдісінің бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, яғни жауабының алуан түрлерін, ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, қарым – қатынас ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сөздік қорын белсенді дамытуда бағытталуында. Сондықтан, интерактивті оқыту кезінде ең бірінші диалогтық оқыту, оқыту барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы өзара байланыс жүзеге асады.

Оқу процесінің барысында мынадай қарым – қатынасқа түседі:

1. Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
3. Өзге балалармен (жұппен жұмыс істеу барысында)
4. Шағын топтармен (3-5 баламен);
5. Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
6. Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
7. Кейбір техника түрлерімен (мысалға, компьютер);

Белсенді оқыту әдістемесінде топтағы балалардың сандық құрамы өзара қатынастың не оқудың сапалылығын білдірмейді. «Өзара қатынас» әдісінің ерекшелігі оқушылардың өзін-өзі ашуы, тұйықтық мінездің жоғалуымен байланыстылығында. Оның мәні – балалар білім алу дағдыларын өзара қарымқатынас арқылы меңгереді. Белсенді әдістеме білім берудің сапалы, нәтижелі болуына көмектеседі. Белсенді әдістемені пайдаланудың факторлары:

Студенттер ақпарат алып қоймай, сол сұрақтың шешімін табу жолы мен шешімнің дұрыстығын түсіндіре білуі, өз ойларын талдауы, бағалауы және дәлелдеуі; талқыланып отырған мәселе бойынша дұрыс емес шешімдер қабылдау дау туғызғандықтан балалар өз көзқарастарын, пікірлерін терең талдайды, сараптайды және қорғау барысында електен өткізеді. Студенттердің ойлау белсенділіктерінің деңгейі жоғарылайды.

Студенттер кейбір мәселені шешу барысында өздерінің күнделікті өмірде алған тәжірибелерін не басқалардың тәжірибелерін пайдаланады. Студенттер жұп болып немесе шағын топпен жұмыс жасағандары өте тиімді. Студенттер өздерінің жеке көзқарасынан не пікірінен басқа, дұрыс пікірлердің бар екендігін біліп, түсінеді. Конфуцидің айтуы бойынша «адамның өзі жасағаны 100 пайыз есте қалады, оқығанның 20 пайызын, ал естігенінің 10 пайызын есте жақсы сақтайды екен». Сондықтан студенттерге өздеріне жасатып, бағалатып отыратын, бағыт-бағдар беретін дарынды мұғалім де қажет. Бұл- заманның ағымы.

Студент пен оқытушының өзара қатынасы:

- Студентті пікірлер мен идеяларын еркін айтуға үйрету, айтқан көзқарастарына үнемі қолдау жасап отыру ;

- Оқытушының көпшілік жағдайда жақсы оқитын студенттерден сұрап, енжар студенттерге көңіл аудармайтынын жиі байқаймыз, сондықтан оларға жиі сұрақтар беріп, тапсырма бойынша көзқарасын тыңдау қажет, ол студентте басқаларға ұқсамайтын пікір де болуы мүмкін.

Интерактивті әдістердің бір ерекшелігі студенттердің бір-бірінен үялмай өзіндік пікір қалыптастыруға, оны көпшілік ортада айтуға дағдыландырады.

Педагогикалық үдерісте жаңа технологияларды енгізіп, интерактивті оқытуды пайдалану оқытушыларды шеберлік жағынан шыңдайтындығына дау тудырмайды. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалды, кәсіптік құзыреттілігін, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жанжақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі.

Ал мен тарих пәні оқытушысы ретінде ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, мәдени

мұраларды жадында өшпестей етіп сақтаған күзіретті жеке тұлға қалыптастыруда оқытудағы жаңа 7 модульді өз сабақтарымда пайдаланып жүрмін. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі жеті модуль арқылы іске асады. «Сабақ – оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы», - деп А.Сухомлинский айтқандай, осы жеті модульдің ішінде өзімнің пәніме тиімдісі, баланың қызығушылығын оятары, білімін жетілдіреті қайсы екен деп көп ойланғаным рас. Саралай келе әр сабақта бір немесе бірнеше модульді бірден қолдануға болатынын анықтадым. Бұл қолданыстан ұтылғанымнан ұтқаным көп болды. Әр оқытушы өз сабағының –көшбасшысы. Ал көшті дұрыс бағыттау білу ол шеберлігіне байланысты. Жалпы менің оқытудағы өз міндетім студенттерді өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Сондықтан сабақта оқушылардан жиі тақырып бойынша жеке жұптық, топтық жұмыс түрлерін алып отырамын. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтау белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Оқытушы бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, ары қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызу керек, көмектесуі қажет. Ол үшін ұстаздың өзі де өзгеруі тиіс. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір оқытушы өзінен бастағаны жөн. Оқытушы шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, оқи алуға үйрету керек.

Өз тәжірибеме келетін болсам, сабақтарымда сыни тұрғысынан ойлау, АКТ модульдерін жиі қолданамын. Алған білімді студенттердің қолдана білуін, өмірмен байланыстыра алуын жүзеге асыру көп жұмыс атқаруды қажет етеді.

Сабақ беру кезінде іс-тәжірибеме өзгерістер енгізу арқылы өзімді де, студенттерді де өзгерте алдым дей аламын. Өзгеріс дегеніміз – жаңа тәсілдерді енгізу. Өз тәжірибеме енгізген жаңа тәсілдің бірі – тренинг. Тренинг оқушы назарын жаңа сабаққа аударуда, қызығушылықтарын арттыруда, ынтымақтастықты қалыптастыруда маңызды тәсіл. Сабақтарымда осындай тренингтерді өткізу студенттерге жағымды, оң әсер берді және ең бастысы, оларға ұнады. Топтық жұмыстарды ұйымдастыруда тарсия әдісі, фрайер моделі, FІLА әдісі студенттердің ұжымдық жұмыстарды тиімді аяқтауға негіз болады деп айта аламын. Өйткені осы әдістердің тиімді екендігіне сабақтар барысында көз жеткіздім. Қабілеті әртүрлі студенттер, бір- бірімен жұмыс жасағанда, әрқайсысы өз пікірлерін айтады, яғни жауапкершілікті сезінеді.

Топтық жұмыста студенттер өзін-өзі, бірін-бірі бағалау, немесе топаралық бағалау жүзеге асады. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы студенттердің белсенділігі, шығармашылығы артады. Топтық жұмысты жүзеге асыру, студенттердің сыни ойлауын дамытуға, мүмкіндік беретініне сенімдімін. Себебі студентке сыни ойлауын жүзеге асыратындай тапсырма бергенде ғана, оқушы ойланады. Сыни тұрғыдан ойлау - бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге, өмірде қолдана білуге бағытталған пәндік шешім.

СТО ойлануды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір - түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Әр бір оқытушы сабағын түрлендіріп, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Оқытушы шеберлігі – ізденіс нәтижесі. Сондықтан, орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д.Ушинскийдің “Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады” – деген. Бұл «Ұстаз» атты ұлы сүрлеуге соқпағын салып жол тартқан көкірегі ояу, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту. Сабақты тартымды өткізіп, студенттердің қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 20053 С. Байжұманов. Халық аспаптары оркестрі. Алматы Өнер 1993. 6.
- 3 К. Әсімбекова, Б. Мұсмафин, Т.Мұстафина, Ж.Таубалдиева. Ән сабағы Алматы Ө

ӘӨЖ 373.24

Нуршабаева Шынар Бериккановна

бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор

І. Жансүгіров ат. ОМ Алматы облысы, Ақсу ауданы

ҰЛТЫМНЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Аннотация

Мақала Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын насихаттау, шығармаларының тәрбиелік мәнін түсіндіру, рухани-адамгершілік қағидаларын ұғыну, балаларды мектепке даярлаудағы «Әліппенің» маңызы туралы. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгертудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігін бүгінгі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұраларынан белгілі. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» тағы да басқа оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жасаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліппі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді.

Түйінді сөздер: А. Байтұрсынұлы, мектепке дейінгі білім беру мекемелері, мұра, тәрбие, маңыз.

Аннотация

Статья посвящена пропаганде наследия Ахмета Байтурсынова в дошкольных учреждениях Казахстана, разъяснению воспитательного значения его произведений, осмыслению духовно-нравственных принципов, важности «азбуки» в подготовке детей к школе. Ахмет Байтурсынұлы – ученый-методист, заложивший основы методики владения казахским языком, известен из своего методического наследия, переданного современному поколению. Неоспоримым фактом является то, что учебные пособия «Әліппе», «Сауат ашуы», «Тілашар» и другие, которые в свое время не утратили своего значения в методическом и языковом отношении. "Метод – это то, что исходит из необходимости. Метод хороший-плохой, в зависимости от расходов на болмағы нужно қылуына заведения» заменить словами непреложная традиция каждого педагога, безусловно. Наглядность, понятность, системность, связь с жизнью и т.д. При написании учебника «Азбука» (новое пособие) для начальных школ Ахмета Байтурсынова. четко видно, что руководствовались дидактическими принципами, идеей развивающего обучения. Дело в том, что автор в этом труде учел, что знания передаются по определенной системе, последовательности, и предложил только те знания, которые еще придут к ребенку. Помимо развития мышления ребенка, необходимо тренировать их в деятельности. Ученый указывает, что более важно дать обучающемуся возможность исследовать, анализировать и сравнивать, размышлять и оценивать поставленную перед ним проблему, чем давать готовую информацию.

Ключевые слова: А. Байтурсынұлы, дошкольные образовательные учреждения, наследие, воспитание, значение.

Annotation

The article is devoted to the promotion of the legacy of Akhmet Baitursynov in preschool institutions of Kazakhstan, explaining the educational significance of his works, understanding spiritual and moral principles, the importance of the "ABC" in preparing children for school. Akhmet Baitursynuly is a methodologist, who laid the foundations of the Kazakh language proficiency methodology, is known from his methodological heritage passed on to the modern generation. The indisputable fact is that the textbooks "Alippe", "Sauat ashuy", "Tilashar" and others, which at one time have not lost their significance in methodological and linguistic terms. "A method is something that comes from necessity. The method is good

or bad, depending on the costs of bolmags, you need to replace the "kyluyn of the institution" with the words immutable tradition of every teacher, of course. Visibility, clarity, consistency, connection with life, etc. When writing the textbook "ABC" (a new manual) for primary schools by Akhmet Baitursynov. it is clearly seen that they were guided by didactic principles, the idea of developing learning. The fact is that the author in this work took into account that knowledge is transmitted according to a certain system, sequence, and offered only those knowledge that will still come to the child. In addition to developing the child's thinking, it is necessary to train them in activities. The scientist points out that it is more important to give the student the opportunity to explore, analyze and compare, reflect and evaluate the problem posed to him than to give ready-made information.

Keywords: A. Baitursynuly, preschool educational institutions, heritage, upbringing, meaning.

*Біз әуелі елді түзетуді
бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек.*

А.Байтұрсынұлы.

«Оқу – білімнің қазығы, адамның азығы» десек, бастауыш сынып – ілім-білімнің іргетасы. Демек, бала ұяда не көргені секілді, бастауышта тамыры қалай бекісе, ертеңгі күні қабырғасы да солай қаланбақ.

Балаларға Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағұлмат беру, ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға, сапалы білім, саналы тәрбие алуын жебеу мақсатында жуырда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ойтоған ауылы, «І. Жансүгіров атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына байланысты «Ұлтымның ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» атты бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің онкүндік жоспары құрылып, өткізілді. Онкүндік барысында ұстаздар шәкірттеріне тәлім мен тәрбиені өзек еткен, жүйелі оқытуға жол ашатын ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс - шараларды ұсынды.

Айталық, апталықтың ашылу салтанатында «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтымыздың ұстазы» тақырыбында бұрыш ұйымдастырылып, Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы мағұлмат қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі және оқу ісінің меңерушісі Тынысбек Рысханұлы тарапынан таныстырылды. Бастауыш сынып оқушылары тарапынан тақырыпқа сай өлең жолдары оқылды.

Сонымен қатар, жоспар бойынша барлық іс – шаралар өз кезегінде жүргізілді.

Таза, әдемі жазуды талап ету, оқушының әсемдік сезімін ояту, мінез-құлқын тәрбиелеу, ұқыптылыққа үйрету мақсатында «Әдемі жазу да – өнер» тақырыбында көркем жазу байқауы ұйымдастырылды. Байқауға Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянынан әр сыныптың жазу деңгейіне байланысты көшіріп жазу ұсынылды. Жауапты бастауыш сынып мұғалімдері. Көркем жазу барысында жазу элементтерінің дұрыс қолданылуы назарға алынды. Қорытындылай келе 1 сынып оқушысы Сатылған Ақниет III орын, 2 сынып оқушысы Тойлыбайқызы Құндызай II орын, 3 сынып оқушысы Рысхан Балгүл I орынды иеленсе, 4 сынып оқушысы Сатылған Айзере алғыс хатпен марапатталды.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын оқыта отырып оқушыларды адамгершілікке, карапайымдылыққа, өз бойларына асыл қасиеттерді сіңіре білуге баулу, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Ахмет Байтұрсынұлының ақындық әлемі» суреттер сөйлейді тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрме барысында әр сынып оқушылары «Қырық мысал» және басқа да өлеңдерінің мазмұндық желісі бойынша салған суреттерін қорғап, алғыс хаттармен марапатталды. Ұйымдастырушы Технология пән мұғалімі Қожатаева Бағжан Бексұлтанқызы.

Әр бастауыш сынып мұғалімдері түрлі тақырыптарда ашық сабақтар өткізді. 1 сынып жетекшісі А.Е.Жақыпбекова ана тілі пәнінен «Бота» Тасымал тақырыбында, 3 сынып жетекшісі Г.Нұртасқызы математика пәнінен «Разрядтан аттамай үш таңбалы санды бір таңбалы санға бөлу» тақырыбында, 4 сынып жетекшісі А.Е.Қыдырбекова әдебиеттік оқу пәнінен «Құстар әні» тақырыбында, 2 сынып жетекшісі Ш.Б.Нуршабаева қазақ тілі пәнінен «Жалпы және жалқы есім»

тақырыбында іс – тәжірибелерімен бөлісті.

Оқушылардың пәндерге қызығушылықтарын оята отырып, логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, дүниетанымын кеңейту, ұйымшылдыққа, тапқырлыққа, алғырлыққа, зейінді болуға тәрбиелеу мақсатында «Білімді оқушы – ел ертеңі» тақырыбында 1 – 4 сынып оқушылары арасында ХХІ ғасыр көшбасшысы интеллектуалды сайысы өткізілді. Әр сыныптан екі оқушыдан 1 сыныптан Тынысбекұлы Мейрам, Жұмахан Нұрислам, 2 сыныптан Нұрланқызы Жадыра, Адай Дінмұхамбет, 3 сыныптан Ербол Арна, Ерұлан Нұртас, 4 сыныптан Тлеуке Асфандияр, Бекболатқызы Шыңғұла қатыстырылды. Сайыс барысында кезең бойынша әр сынып оқушыларының деңгейлеріне сай тапсырмалар берілді. Сайыс қорытындысы негізінде 2 сынып оқушылары І орынмен марапатталды. Жауапты Гүлім Нұртасқызы.

Ата – аналарды мектеп өміріне қатыстыру; Отбасында салауатты өмір салтын насихаттай отырып, спортшылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту; Оқушылардың дене дайындығын арттырып, денсаулығын нығайту мақсатында бастауыш сынып оқушылары арасында «Денсаулық- зор байлық» тақырыбында отбасылық спорттық сайысы ұйымдастырылды. Сайыстар өз деңгейінде ұйымдастырылып төрт отбасы «Тұлпар», «Алғырлар», «Сұңқар» және «Болашақ» отбасылары қатыстырылып, әділ-қазылардың шешімі бойынша «Болашақ» тобы жеңіске жетті. Жауапты Жақыпбекова Айгерім Ербосынқызы.

Балаларды жас кезінен кітап оқуға қызықтырып, отбасылық оқу дағдыларына бейімдеу, кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында «Кітап және менің отбасым» тақырыбында отбасымен кітапханаға саяхат ұйымдастырылды. Шара барысында баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін ата – аналар да қызықты кітаптар алып, тұрақты оқырман ретінде кітапханамен байланыста болатындықтары жөнінде айтылды. Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында әр сенбі отбасылық кітап оқу күні деп жарияланды.

Оқу мертебесін, оқу белсенділігі және оқу сапасын арттыру, балалар мен жастардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, сондай-ақ жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен «.....» туралы кітап оқуды ұсынамын» (өзі оқыған бір кітабы туралы) тақырыбында 1 сынып оқушыларынан бастап жоғары сыныптарға қарай челендж жолданды.

Балалардың оқу белсенділігін дамыту мақсатында «Кітап – білім бұлағы» атты жылдам оқу сайысы өтті. Байқауға бастауыш сынып бойынша әр сыныптан белсенді деген 3 оқушыдан қатысты. Шара сайыскерлер көркем мәтіннің үзіндісін бір минут ішінде (60 секунд) тез және дауыстап оқып, қазылар алқасының сұрақтарына жауап беруі қажет болды. Оқу үшін «Балаларға базарлық» кітабынан мәтіндер қолданылды. Балаларды бағалайтын негізгі критерий - буын немесе сөзді толық оқу, оқуда қателіктердің болуы, минутына сөздердің саны, мәнерлілік жағына көңіл аударылды. Әр сынып оқушылары оқу жылдамдығының нормаларына сай бағаланды. Қатысқан оқушылар І, ІІ, ІІІ орындарды иеленсе, қалған қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды. Жауапты Нұршабаева Шынар Берікханқызы.

Алаш қозғалысының қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық бағыттағы мұраларын өскелең ұрпаққа насихаттау, мектеп оқушыларының ақын өмірі мен шығармашылығын тануға деген қызығушылықтарын арттыру; жаңа буынның интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру; дарынды оқушыларға қолдау жасау мақсатында «Ахмет Байтұрсын оқулары – 2022» мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайыс барысында қатысушылар «Қырық мысал» ақынның мысалдарын және өлеңдерін жатқа оқыды. Сайысқа бастауыш сынып оқушылары арасынан 23 үміткер қатысып, ІІІ орынды 4 сынып оқушысы Бекболатқызы Шыңғұла, ІІ орынды 2 сынып оқушысы Ержанқызы Елина иеленсе, І орынды 3 сынып оқушысы Шекен Ерсұлтан қанжығасына байлады. Қатысқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталды. Жауапты Нұршабаева Шынар Берікханқызы.

Онкүндік барысында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқырмандарды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, білімдерді сарқып білуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, өмірде, еңбекте, оқуда, кітапты пайдалануға баулу мақсатында кітапханашы тарапынан «Ең үздік оқырман» байқауы ұйымдастырылып, байқау жеңімпаздары марапатталды. «Ең үздік оқырман» номинациясын жеңіп алған 4 сынып оқушысы Мақсатбек Зере, 3 сынып оқушысы Ербол Арна, 2 сынып оқушысы Жеңісбекқызы Мадина, 1 сынып оқушысы Жұмахан Нұрислам. Шара барысында алғаш мектеп табалдырығын аттаған жас буынға

«Оқырман билеті» табысталды. Жауапты мектеп кітапханашысы Алғожаева Дария Исмайлқызы.

Сонымен қатар ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың «Оқуға құштар мектеп» жобасы да сәтті жүргізілуде. Аталған жоба аясында сыныптар арасында челендж жолдануда. Ендігі жоспарда оқушылармен ұстаздар, ата – аналар арасында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылмақ. Акция барысында білім бұлағын парақтаумен қатар, балаларға арналған сұраныстағы көркем әдебиеттер мектеп кітапханасына сыйға тартылады. Бұл өз кезегінде ата-ана мен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға серпін берді.

Айрықша айтарымыз, онкүндік барысында әр жүргізілген жұмыстар буыны енді бекіп келе жатқан оқушыларымыздың оқу, жазу сауаттылықтарын дамытуға мүмкіндік берді. Атап айтар болсақ «Ахмет Байтұрсынұлының ақындық әлемі» суреттер сөйлейді тақырыбында өткізілген сурет көрмесінде Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» және басқа да өлеңдерінің мазмұндық желісі бойынша салған суреттері өз нәтижесін беріп жатты. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің ашылуымен қатар кітапқа деген қызығушылығы артты. **Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларымен танысып**, қазақ әліпбиінің алғашқы авторы екендігін білді.

Осы онкүндікте байқалған кемшіліктер ақпараттық коммуникативтік технологиялардың кесірінен оқушылардың көбісі ұялы телефонды ұстауға, соның ішіндегі ойындарды ойнауға бейім болғандықтан, телефонның әсері де баланың есте сақтау қабілетін нашарлатады. Сондықтан да оқушылар өлең жаттағаннан гөрі неғұрлым қызықты мультфильмдер мен ойындарға тәуелді болып тұр. Оны біз Ахмет Байтұрсынұлов оқулары кезінде байқадық. Мәнерлеп оқу барысында ұмытып қалу, сөзге шорқақтық, асығыстық қасиеттері басым болды. Мысалдарды оқып отырған кезде оқушылар оны тура мағынасында түсініп жатқандығы яғни, ауыспалы мағынасына аса бір назар аудармайтындығы.

Қорытындылай келе, жас жеткіншектерімізге ұлы тұлғалардың шығармаларын оқытып, мағынасын тереңнен түсінуге мүмкіндік жасап, көркем шығармаларды, өлеңді қызықтыру арқылы тиімді әдістерді пайдаланып, мадақтап, ынталандырып отырсақ, кітап оқуға, өлең жаттауға назар аударады деп ойлаймын.

Бұл онкүндіктің мақсаты бір: бүлдіршіндерімізді білімнің негізі бастауыштан тәрбиелеу. Осы арқылы олардың ілім-білімге деген құлшыныстарын, сүйіспеншіліктерін арттыру. Енді осы игі шаралар алдағы уақытта дәстүрлі жалғасып отыруы тиіс. Осылай ғана біз саналы да салиқалы, білімге жаны құштар, елдің нағыз патриот жастарын тәрбиелеп шығара аламыз. Ал осынау ұлы жолда мектебіміздің мұғалімдері аянбай еңбек етпек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынұлов А. *Тіл тағдылымы*. – Алматы: Ана тілі, 1992.
- 2 Жұбанов Қ. *Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. – Алматы: Ғылым, 1999.
- 3 Байтұрсынұлов А. «Жан сөзімді кім түсінер?» Алматы «Қазақстан» 1994.
- 4 Байтұрсынұлы А. *Ақ жол. Шығармалары, өлеңдер, аудармалар, зерттеулер*. Алматы: Жазушы, 1989
- 5 Ахмет Байтұрсынұлы «Жоқтау» Алматы 1993.
- 6 Ұлттың ұлы ұстазы: «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-биографиялық серия.
- 7 Күзембаева В.К. -Алматы: ҚР Білім және ғылым министірлігі, Орталық ғылыми кітапхана, 2001. -305 бет.

ӘӨЖ 821.09

Тургунбекова Жанар Маметхановна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
№ 1 ОМ Алматы облысы Жамбыл ауданы Қайназар ауылы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Аннотация

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны сондай. Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Байтұрсынұлының өмір жолы мен мол шығармашылық мұрасын талдап, бағыт-бағдар алып, рухани- адамгершілік қағидаларын ұғыну. А.Байтұрсынұлы шығармаларынан үлгі алу арқылы адамгершілік, достық, жанашырлық, сабырлық қасиеттерін танып, жүрегімізге, ой-санамсызға мейірім сезімін ұялатуға ықпал жасау. Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының тәрбиелік мәніне тоқталсам, қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патриалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергіні жеңу, табысқа талпыну өз қолымызда. Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды.

Түйінді сөздер: Ұлт ұстазы, адамгершілік, мектеп, жас ұрпақ, тәрбие

Аннотация

Как место Абая в истории казахской литературы, так и место Ахмета Байтурсынова в истории казахского языкознания и культуры. Его автобиография, его дыхание, его мысли состоят из беззаветного служения родному народу. Анализ жизненного пути и богатого творческого наследия Байтурсынова, изучение духовно-нравственных начал. Способствовать познанию нравственных, дружеских, соперничающих, терпимых качеств, привитию чувства милосердия к нашим сердцам, невменяемым, взирая на образцы произведений А. Байтурсынова. Если говорить о воспитательном значении произведений Ахмета Байтурсынова, то, обращаясь к поэту, ищущему пути пробуждения народа, воздействия на его сознание, сердце, чувства, великий Абай обращается к традиции использования образцов русской литературы, перевода. Свою творческую работу Байтурсынұлы начал с написания стихов. В нем он показывает тяжелое состояние, мечты, нужды трудящегося народа, призывает общественность к чтению, образованию, науке, духовному возвышению, нравственности, культуре, труду. Критиковал эксплуатационно-колониальную политику царской России, предательство чиновников, избивших рабство перед чин-шекпенем. Сегодня требования к среднему образованию серьезнее, чем когда-либо. Ведь нас ждет новый этап развития. На нас лежит задача воспитания нового поколения, чье национальное самосознание достойно того периода. Преодоление всех препятствий, стремление к успеху в наших руках. Эффективное использование методов обучения в процессе обучения, внедрение новых технологий обучения в системе образования в целом позволяют полноценно развиваться в процессе обучения.

Ключевые слова: учитель нации, нравственность, школа, молодое поколение, воспитание

Annotation

Both Abai's place in the history of Kazakh literature and Akhmet Baitursynov's place in the history of Kazakh linguistics and culture. His autobiography, his breathing, his thoughts consist of selfless service to his native people. Analysis of the life path and the rich creative heritage of Baitursynov, the study of

spiritual and moral principles. To promote the knowledge of moral, friendly, empathetic, tolerant qualities, instilling a sense of mercy to our hearts, the insane, looking at the samples of A. Baitursynov's works. If we talk about the educational significance of the works of Akhmet Baitursynov, then, turning to the poet who is looking for ways to awaken the people, influence their consciousness, heart, feelings, the great Abai turns to the tradition of using samples of Russian literature, translation. Baitursynuly began his creative work by writing poetry. In it, he shows the difficult condition, dreams, needs of the working people, calls on the public to read, education, science, spiritual elevation, morality, culture, work. He criticized the exploitation and colonial policy of tsarist Russia, the betrayal of officials who beat slavery before chin-shekpen. Today, the requirements for secondary education are more serious than ever. After all, a new stage of development awaits us. We have the task of educating a new generation whose national identity is worthy of that period. Overcoming all obstacles, striving for success is in our hands. The effective use of teaching methods in the learning process, the introduction of new learning technologies in the education system as a whole allow for full development in the learning process.

Keywords: *teacher of the nation, morality, school, young generation, education*

Ахмет Байтұрсынов қазіргі Қостанай облысына қарасты Жангелдин ауданының Сартүбек деген жерінде 1872 жылы 5 қыргүйекте дүниеге келген. Сартүбекпен Аққұм және айдынды Ақкөл жақын жатыр. Ақкөл тарих таразысынан өткен талай түрлі жағдайдың да куәсіндей еді. Халықты бордай тоздырып, жылатқан жоңғар шапқыншылығында қалмақтар Арқа жеріне дейін еніп, осы Ақкөл, Торғай бойында қоныс тепкен екен. Содан кейін Абылай хан үш жүздің басын біріктіріп, қалмақтарға қарсы соғыс ашады. Бәрінің басы қосылған қазақ әскері қалмақтарды жеңіп, оларды оңтүстікке қарай ысырғанда, Абылай бастаған әскер осы Ақкөлді бойлап өткен екен. Ахмет Байтұрсынов өзінің өлеңдері мен әндеріне осы Ақкөл мен Аққұмды арқау еткен. Ахмет Байтұрсыновтың бала кезінде де, оның Торғай бекінісіндегі орыс қазақ мектебінде оқып жүргенде де, Тосын болысын ұзақ жылдар бойы арғы атасы – Шақшақтан, одан бергі атасы – Шақшақ Жәнібек батырдан тараған Дәуітбай ұрпақтары биледі. Ал Ақкөл, Аққұм аймағын мекен еткен рубасы Шошақ пен оның балалары өз жерінде ғана емес, Торғай бойын жайлап жатқан барлық рулар арасында беделді, сыйлы еді. 1885 жылы Қарғалы байланыс бекетінде өтіп жатқан болыс сайлауына уезд бастығы – Яковлев арнайы келіп қатысады. Болыстыққа Дәуітбай ұрпағы өтеді. Содан тас салушы сайлаушылар алдында дау туындайды. Сол даудың ортасында жүрген Шошақұлы Байтұрсын уезд бастығынан сайлаудың қайтадан әділдікпен өткізілуін талап етеді. Яковлев Байтұрсынды тыңдағысы келмей, дөрекі сөздер айтып, жүріп кеткісі келіп атын тебініп қалған кезде намыс қысқан Байтұрсын қолындағы шыбыртқыны сілтеп қалады. Оның бір ұшы Яковлевтің мойнын орап, Байтұрсын шыбыртқыны қайта тартып қалғанда, уезд бастығы атынан ұшып түседі. Бұл – орыс патшасының өкілі үшін, оның қасына ерген атты казактар үшін бұрын сонды көрмеген масқара оқиға болды. Бұл – сол кезде болыс сайлауына келген қазақтар үшін де таңғалдырған оқиға болғанымен, Шошақ ұрпақтары үшін бұл істің арты қайғылы оқиғаларға жалғасты. 1886 жылы сот шешімімен Ақтас, Байтұрсын, Данияр (Сабалақ) он бес жылға Сібірге жер аударылады. Осы уақытқа дейін мыңғырған малын ғана бағып, жаз жайлауға көшіп, қыс қыстауға бет алып, уақытын өткізіп жүрген қалың қара қазақ орыстардың Торғайға бекініп, онда әскер ұстап отырғанына көп мән бермейтін. Мына оқиғадан кейін жұрт шошынды, қазақтың орыс боданына мықтап түскенін жан-тәнімен сезінді, бірақ ол кезде отаршыларға қарсы қолдарынан еш қайран келмейтінін де білді. Кейін Ахмет Байтұрсыновтың: «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам... адамнан туып, адамның ісін етпей, Ұялмай не бетіммен көрге барам!» деп жазғаны бар еді. Балалық шағынан әділетсіздіктің куәсі болып, жүрегі жараланған Ахаң өлеңіндегі осы сөзін ғұмырының соңына дейін қағида қылып ұстады, орыс отаршыларына қарсы, еліміздің тәуелсіздігі үшін күресті және халқының көзін ашып, сауаттандырып, мәдениеті дамыған елдер қатарына қосу үшін 168 жанқиярлықпен қызмет етті. Ұлы ұстаз – Ахаң өз еңбегінің алғашқы жемісін көзімен көрді де. Өзі ғылыми түзген «Қазақ әліпбиі», грамматикасы, «Әдебиет танытқышы» жарық көріп, кезінде оқу орындарында оқытылды.

Ахмет Байтұрсынов шығармаларының тәрбиелік мәніне тоқталсам, қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке,

адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Сонымен бірге А. Байтұрсынұлының ел арасына кеңнен тараған бірнеше әндері де бар: «Аққұм», «Қаракөз», «Екі жирен», «Қараторғай» т.б. **«Қырық мысал»** ұлы ағартушының түбірлі, түбегейлі тәрбиелік мақсаты мен мұратынан туған өлеңді шығармалар топтамасы. Кітапқа енген қырық мысал түгелдей атақты орыс ақыны М.А. Крыловтан аударылған:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,

Әзірге қолдан келген осы барым.

Қанағат азға деген, жоққа сабыр,

Комсынып, қоңырайма, құрбыларым, – дей тұрғанмен, осы қырық өлеңнің бәрі де түгелімен тіпті аударма секілді емес.

Байтұрсынұлының екінші кітабы – «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. «Масада» өзінің өміріндегі ең басты мақсаты ұйқыдағы халқын оятуға жұмсайды.

Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызындаса, десе

Қазағым, елім,

Қайқайған белің,

Сынуға тұр таянып,

Талауда малың,

Қанауда жаның,

Аш көзіңді оянып,

Қанған жоқпа әлі ұйқың

Ұйықтайтын бар не сиқың!- деп қазақтарды тағы да «оянуға» шақырады

«Егіннің бастары» мысалында:

«Елде көп бұл бидайдай адам, – дейді,

Тәкаппар, оны халық, жаман, – дейді.

— Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,

Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді. – деп санасы таяз тәкәппар надандардың болатынына қынжылып, сондай адамдардан бойын аулақ ұстауға ақыл – кеңес береді.

Таным теориясы арқылы тілдегі халықтың болмыс, тіршілігінің, мәдениетінің, таным-түсінігінің құпия сырлары, ұлттық өмірдің айнасы анықталады. Адамзат өзін қоршаған дүниедегі әлем бейнесін қалай таныса, ұлттың дүниеге деген көзқарасында сол ерекшелік тіл арқылы жарыққа шығады. Сондықтан А. Байтұрсынұлы емлеге қатысты мәселені халықтың ұлттық қасиетімен, мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра түсіндірді: «Асыл тіл, түзу емле қазақтарға боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ. ...Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, «жалғыз тіл өзгерілді» деп айтуға тіпті жол жоқ. «Қазақтың тілі – өзгерген тіл», – деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де «қисық» деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. «Қойшы, түйеші, биеші емлесі» деген – қазақта жоқ нәрсе. Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ақ» [4, 110]. Ғалым өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ тілінің тазалығы мен бірізділігін халықтық таныммен, оның тұрмыс-тіршілігімен, ата кәсібімен, орналасқан географиялық өңірімен тығыз сабақтастықта зерделеп, адам санасындағы әлемнің концептуалды бейнесін анықтайды. Осы тұста ғалым емле мәселесіне қатысты пікірлерін, тілдің әмбебаптық қызметіндегі ғылыми ұстанымдардың негізінде түсіндіреді. А. Байтұрсынұлы адамзат тілін генеологиялық, типологиялық фактормен ғана байланыстырып қоймай, оның ареалды

факторын да ескереді.

Ұстаз мұратын жан-жақты тану, зерттеу – бүгінгі ұрпақтың парызы. Біз Ахмет Байтұрсынов мұраларын қайыра талдай отырып, оның жалпыхалықтық танымдық, тағылымдық қырларын ашқанда ғана ұлттық ой-санамыздың өсіп-өркендеуін толық елестете аламыз. Өйткені ұстаздың ұлтына аманат етіп қалдырған ғылыми, шығармашылық әлемі – тұтас бір дәуірдің өзгеруін, түлеуін танытар сан қырлы, сан салалы, тұғыры биік, алып әлем. Атақты ойшылдың адамзат жаратылысындағы ерекше сыры мен жұмбағы мол құбылыс – тіл табиғатына, тілдің әлеуметтік сипаты мен қоғамдық қызметіне ден қойған зерттеулері рухани қорымыздың негізі болып табылады.

Ұлтына, еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, оған адал қызмет еткен А. Байтұрсынұлы еңбегінің Қазақ елі тарихында алатын орны айрықша зор екенін 26 жастағы замандасы – М. Әуезов былайша тұжырымдапты: «Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын: «Алаштың үмбетінің бәрі мәлім, Кім қалды таразыға тартылмаған!» – деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп, «таразыға тартылған, сыннан өткен» деп ұстаздың ғана ардақты атын атаймыз... Ахмет ашқан қазақ мектебі, ұстаз түрлеген ана тілі, Ахмет салған әдебиеттегі елшілік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын». Бұдан артық айта алмаспыз. Бұл ұрпақ бірінің қадірін бірі біліп, бір-бірін сыйлап, бағалай білген. Бұл – шынайы имани тектіліктің үлгісі екені сөзсіз. Ұлт ұстазының жазықсыз жазаға ұшырап, айыпталуына орай қайта құру кезеңіне дейінгі уақытта оның еңбектерін пайдалануға тыйым салынып, ғалымның аты да аталмай, ілуде еске алына қалса, тек мансұқталумен келді. Қайта құру мен жариялылық заманы орнағаннан кейін жүзеге асырылған ақтау шараларына байланысты А.Байтұрсынұлының ғылыми, әдеби мұрасы қайтадан халқының игілігіне айналды. Тәуелсіздік кездегі әдебиеттану ғылымын Алаш арыстарынан мирас болған осындай ғылыми-теориялық зерттеулерсіз елестету мүмкін емес. «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген өлеңнің жалғыз тармағына сыйғызылған азаматтық ұран Отан алдындағы адалдықтың жарқын өнегесін көрсеткен Ұлт Ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының қажырлы күрес және ғылыми-шығармашылық жолының Темірқазығы болып табылатыны оның кез келген еңбегінен, тіпті сөйлемінен де аңғарылатыны айқын.

Тіл білімінің жаңа бір саласы – мәтін лингвистикасы. «Жаңа» деп біз «қай кезден жаппай зерттеу нысанына айналды, өндіріске қашаннан енгізіліп оқытыла бастады?» деген мәселе тұрғысынан айтамыз. «Мәтін» деген терминді атау шын мәнінде ХХ ғасырдың соңына қарай белсенді түрде қолданысқа енді. А. Байтұрсынұлы мәтінді ХХ ғасырдың басында «шығарма сөз» деп атады да оның адамтанудағы, сөз танудағы, адамдардың тілдік қарым-қатынасындағы маңызын жан-жақты мәселе етіп көтерді. Қазіргі тіл біліміндегі антропоэзектік, танымдық, лингвориторикалық бағыттардың негізі өткен ғасырдың басында А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов еңбектерінде қаланды. Бұл үшеуі де А. Байтұрсынұлы еңбегінде қарастырылған. Антропоэзектік бағытта мәтінсөйлеуші (автор) және оқырман арасындағы байланысты, қабылдау мен түсіністікті іске асыратын құрал болып саналады. Мәтін автор тарапынан дүниеге келеді, ол оқырман тарапынан қабылданады. Танымдық бағытта мәтін автор мен болмыстың қатынасын, ойдың иесі тарапынан болмыстың анықталуының, танылуының және ұғым-түсінік пен мағынаға ие болуының жолы ретінде бағаланады. Мұнда автор болмыстағы құбылысты мәселе тұрғысынан танып, шығармашылық әрекеттің нәтижесінде біртұтас мазмұнды жеткізетін аяқталған мәтін етіп шығарады.

«Сөз шеберлері жасаған туындыны танытатын белгі – тіл, яғни, лұғат белгісі, – дей келіп, – ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп әдеттенуінен, салттануынан болады. Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуі қажет», – дейді [2,142]. Ғалымның «сөздің асыл болуының жалпы шарттары» дегені Аристотельдің «Риторика» және Цицеронның «Шешендік туралы үш трактат» еңбектерінде көрсетілген риторикалық канондарға сай келеді. Риторикалық канондарға мыналар жатады: сөйлейтін сөзінің мазмұнын іздеу, яғни, ойлап табу; табылған дәлелдерді тәртіппен орналастыру; осының бәрін сөзбен өрнектеу; сөзін жадында сақтап алу; сөйлейтін сөзін ықыласпен жеткізу.

Ғалымның мәтін туралы көзқарастары «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Тіл қисыны» деген

тарауында да жан-жақты талқыланады. Мұнда Аристотельдің «ықыласпен әсерлі жеткізу» деген канонына сай келетін қисындар беріледі: «Әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ. Жақсылап үй сала білу үшін сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың сыр-сипатын, қасиетін жақсы білуге тиіс, олардың тиісті орнына жұмсалуды жақсы білуі тиіс. Кіріштің түрлі қалауларын жақсы біліп, белгілеген жобамен үйдің түрін келістіріп шығару жағын жақсы білуі тиіс.

Кенес тұсында Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалымдар – Рымғали Нұрғалиев пен Рәбиға Сыздықова болды. Қазақстан тәуелсіздік алған соң Ахмет Байтұрсыновтың өмірі, қызметі, шығармашылығы жаңаша зерттеліп, ғылыми еңбектерін талданды. Бұл орайда З. Қабдолов, С. Қирабаев, Ә. Қайдаров, Ө. Айтбайұлы, Т. Кәкішевтің ғылыми зерттеулері ахметтануды биік белеске көтерді. Ахаңның еңбектерін зерттеуші ғалымдар көбейіп келеді. Сондай еңбектердің қатарында ғалым Ө. Әбдимановтың «Ұлттың рухани көсемі», «Ұлт азаттығын ұлықтаған ақын», «Қырық мысал төл туынды», «Азатшыл ойға көшбасшы басылым», «Қазақ тілінің ұстазы Ахмет Байтұрсынов» т.с.с. көптеген зерттеулерін атауға болады. Өткен жылы Ахмет Байтұрсынов музей-үйінің директоры – Р. Имаханбетованың «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмірбаяны» атты кітабы жарық көрді. Бұл да – ахметтануға қосылған үлес болды. Ахаңның артында қалдырған мұрасы бұлақтың көзі тәрізді. Көзін ашсаң, жарқырап, жаңа қырынан көріне береді. Осы күнге дейін жазылған ғылыми зерттеулер Ахмет Байтұрсыновтың отаршылдыққа қарсы, еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт қайраткері, ақын, қазақ әліппесі мен грамматикасының, терминологиясының, әдебиет теориясының негізін қалаушы ғалым, аудармашы, фольклорист, журналист публицист, композитор екенін дәлелдеп шықты.

Мектеп балаларына арналған оқулықтарында А. Байтұрсынұлы иллюстративтік материалдарды қатар ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздеген. Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге» принципін ұстанып, білім беру бағдарындағы ерекшелігін нақтылаған. Бастауыш мектептің балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздеген ғалым оқу материалдарына мысалдарды қазақ баласына таныс (үлкендердің аузынан сан рет естіп, құлақтары үйренген) мақал-мәтел, нақыл сөздерден, мысалдардан ала отырып, оның тиімді әдіс екендігін зерделеген. Ұсынылған мысалдардың барлығы дерлік адамгершілікті, адалдықты, еңбексүйгіштікті ұлттық құндылықтарға негізделген қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлең-жыр жолдарын ұсына отырып, тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөлген. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап, өзі жасаған мәтіндер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талапталпынысын т.б. танытатын шағын әңгімелер түрінде берілген шығармалары баланың тілдік білімімен қатар ойлау дүниетанымын дамытатындығына мән берген. Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергіні жеңу, табысқа талпыну өз қолымызда. Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
- 3 Манкеева Ж. А. Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // «А. Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: Арыс, 2004.

УДК 37.036.6

Шарипова Светлана Николаевна
заместитель директора школы по воспитательной работе
Алмалинская СШ
Сарканский район Алматинская область

МЕКТЕПТЕГІ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация

Патриотизм (греч. *patris* - отечество) - нравственный и политический принцип, социальное чувство, содержанием которого является любовь и преданность Отечеству, гордость за его прошлое и настоящее, стремление защищать интересы Родины. Чувство патриотизма, выраженное прежде всего в привязанности к родным местам, т. е. малой родине, зарождается и проходит становление еще в школьные годы в семье и других воспитательно-образовательных средах.

Начинать работу по формированию ценностных ориентаций школьников следует с первых лет обучения. В рамках школы проводятся недели языков народа Казахстана, торжественно отмечаются государственные и национальные праздники Республики Казахстан, проводятся линейки, конкурсы стихов и рисунков, сочинений, выставки творчества, спортивные олимпиады по национальным видам спорта. На внеклассных занятиях наши учащиеся знакомятся с государственными символами РК, флагом, Гербом, Гимном.

Ключевые слова: патриотизм, нравственный, политический принцип, социальное чувство, Родина, воспитательно-образовательная среда

Аннотация

Патриотизм (грек. *patris-отан*) - моральдық және саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық, оның өткені мен бүгіні үшін мақтаныш, Отан мүдделерін қорғауға деген ұмтылыс. Патриотизм сезімі, ең алдымен, туған жерлеріне, яғни кіші отанға деген сүйіспеншілікте, мектеп жылдарында отбасында және басқа да білім беру орталарында қалыптасады және қалыптасады.

Оқушылардың құндылық бағдарларын қалыптастыру бойынша жұмысты оқудың алғашқы жылдарынан бастау керек. Мектеп шеңберінде Қазақстан халқының Тілдер апталығы өткізіледі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік және ұлттық мерекелері салтанатты түрде атап өтіледі, линейкалар, өлеңдер мен суреттер, шығармалар конкурстары, шығармашылық көрмелер, ұлттық спорт түрлері бойынша спорттық олимпиадалар өткізіледі. Сыныптан тыс сабақтарда біздің оқушылар ҚР мемлекеттік рәміздерімен, Ту, Елтаңба, Әнұранмен танысады.

Түйінді сөздер: патриотизм, адамгершілік, саяси қағидат, әлеуметтік сезім, Отан, тәрбиелік-білім беру ортасы

Annotation

Patriotism (Greek *patris* - fatherland) is a moral and political principle, a social feeling, the content of which is love and devotion to the Fatherland, pride in its past and present, the desire to protect the interests of the Motherland. The feeling of patriotism, expressed primarily in attachment to the native places, i.e. the small homeland, originates and develops during school years in the family and other educational and educational environments.

It is necessary to start work on the formation of value orientations of schoolchildren from the first years of study. Within the framework of the school, weeks of the languages of the people of Kazakhstan are held, state and national holidays of the Republic of Kazakhstan are solemnly celebrated, rulers, contests of poems and drawings, essays, exhibitions of creativity, sports Olympiads in national sports are held. During extracurricular activities, our students get acquainted with the state symbols of the Republic of Kazakhstan, the flag, the Coat of Arms, the Anthem.

Keywords: patriotism, moral, political principle, social feeling, Homeland, educational environment

Трансформации, которые произошли за последнее время, сопровождались значительными изменениями в социально-экономической и политической сферах жизни общества, что привело

исчезновению идеалов и к значительной потере духовных ценностей. В связи с этим идея воспитания патриотизма и гражданственности у современных школьников приобрела государственное значение, гражданско-патриотическое воспитание выделено в качестве приоритетного направления образования.

Патриотизм (греч. *patris* - отечество) - нравственный и политический принцип, социальное чувство, содержанием которого является любовь и преданность Отечеству, гордость за его прошлое и настоящее, стремление защищать интересы Родины. Чувство патриотизма, выраженное прежде всего в привязанности к родным местам, т. е. малой родине, зарождается и проходит становление еще в школьные годы в семье и других воспитательно-образовательных средах.

Начинать работу по формированию ценностных ориентаций школьников следует с первых лет обучения. В рамках школы проводятся недели языков народа Казахстана, торжественно отмечаются государственные и национальные праздники Республики Казахстан, проводятся линейки, конкурсы стихов и рисунков, сочинений, выставки творчества, спортивные олимпиады по национальным видам спорта. На внеклассных занятиях наши учащиеся знакомятся с государственными символами РК, флагом, Гербом, Гимном.

Внеклассные занятия и общешкольные мероприятия планируются мною на основе тематического планирования воспитательной работы для школьников.

На занятиях ИЗО учащиеся рисуют «Народный костюм казахского народа», участвуют в выставке рисунков «Под единым шаныраком живёт народ Казахстана», приуроченную ко Дню Единства народов РК, с детьми проводятся беседы «Многонациональный Казахстан» ко Дню духовного согласия народов Республики Казахстан, знакомятся с казахскими национальными играми и т.д. Невозможно представить патриотическое воспитание без таких праздников как: «9 мая», «День Независимости», «День Конституции», «День Республики Казахстан». В сценариях праздников используются стихи о Родине казахстанских авторов. Подобные мероприятия способствуют формированию гражданских качеств личности, любви и уважению к своему Отечеству, гордости к ее прошлому и настоящему.

Моя система работы по патриотическому воспитанию учащихся, включает в себя три основных компонента:

1. Патриотическое воспитание в системе общешкольных мероприятий:

направлены на воспитание уважительного отношения к историческому прошлому Родины, своего народа, его обычаям и традициям, чувства гордости за своё Отечество, за символы государства, за свой народ; долга и ответственности за судьбу Родины и своего народа, за ее будущее, способности проявлять гуманизм, милосердие, общечеловеческие ценности, реализуемое также на материале учебников и учебных пособий, литературных произведений в урочной деятельности.

2. Патриотическое воспитание во внеурочной деятельности учащихся реализуется через организацию различных видов деятельности школьников, направленных на освоение знаний об истории, традициях, культуре, своём родном крае, месте рождения; содержательному знакомству с историей своей семьи, формирование уважительного отношения к труду окружающих, стремления посылно участвовать в нем, проявлять нравственное поведение.

В качестве форм патриотического воспитания используются:

- классные часы: «Государственные символы РК», «Моя семья в военные годы», «Что значит, Родину любить?» и др.;
- беседы по темам: «Мир – наш дом», «Обычаи и традиции», «Друзья познаются в беде или в радости», «Что для меня моя семья?», «Не место красит человека, а человек место»;
- викторины: «Знаешь ли ты свой город, край»,
- коллективные творческие дела: «Улица, на которой я живу», «Операция «Кормушка», «Мое семейное древо»,
- выставки (рисунков на тему «Моя Родина РК»),
- конкурсы сочинений, рисунков на тему «Мой край, Наурыз мейрамы», и др.
- экскурсии и другие формы работы.

Важно донести до сознания ребенка, что символы Казахстана - это не просто отличительные знаки государства, а это наша история, воплощение многовековой мечты казахского народа и народов, проживающих в Казахстане, о свободе, независимости и процветании. Условием вхождения нашей республики в мировое сообщество является владение еще хотя бы одним иностранным языком, например, английским. Так как этому придается столь важное значение, в

нашей стране введен праздник – День языков народов РК.

Невозможно также представить патриотическое воспитание без празднования Дня Конституции, Дня Независимости, Дня единства народа Казахстана, Дня защитника Отечества. Формирование духовных и культурных ценностей происходит также и на классных часах, ко «Дню единства», где учащиеся знакомятся с обычаями и традициями, с культурой народов, проживающих в Казахстане. Все эти мероприятия развивают и повышают патриотизм школьников.

3. Патриотическое воспитание в рамках работы с родителями.

Настоящий патриот не тот, кто говорит об этом во всеулышание, а тот, кто честно живет и работает, ведет здоровый образ жизни, имеет нормальную семью, помнит своих предков, на их примере воспитывает своих детей. В такой семье и может вырасти патриот своей Родины. Основы патриотизма закладываются именно в семье. И от того, какой будет казахстанская семья, будет зависеть, кого мы воспитаем, и каким будет наше будущее и будущее Казахстана.

В качестве форм работы с семьей по патриотическому воспитанию школьников выступали:

- родительские собрания гражданско-патриотической направленности;
 - помощь в организации и проведении внеклассных мероприятий;
 - привлечение родителей к организации экскурсий, походов, праздников;
- совместных внеклассных мероприятий (выставки, конкурсы, экскурсии).

Каждый из представленных выше компонентов деятельности по патриотическому воспитанию школьников включает следующие направления:

- «Моя семья», целью которого является развитие у детей интереса к истории своей родословной, бережного отношения к семейным традициям, чувства гордости за своих предков;
- «Мой край», целью которого является изучение истории своего города, его настоящего и будущего, культуры, быта, традиций.
- «Моя Родина - Казахстан» - изучение истории, культуры, быта, традиций Отечества, формирование у младших школьников уважительного отношения к своей Родине, гордости за нее, сопричастности к ее истории.

Сегодня, когда утрачены многие духовные ценности, особенно важно воспитывать у детей систему нравственных ценностей, в основе которой такие качества, как: трудолюбие, честь, порядочность, милосердие, стремление к постоянному самосовершенствованию и обучению, дисциплине. Поэтому в нашей школе работает «Жас Улан».

Наши лучшие учащиеся, отличившиеся в школе знаниями и активной деятельностью, были приняты в ряды «Жас Улан».

Описанный выше опыт патриотического воспитания школьников не является исчерпывающим содержание проделанной мною работы. Применение в воспитательной работе разнообразных методов, форм, создание определенных организационно-педагогических условий позволили обеспечить повышение эффективности патриотического воспитания учащихся школы, достигать положительных результатов.

Поскольку, «Казахстанец будущего» - это высококлассный специалист, владеющий казахским, русским и английским языками, он социально активен, мобилен, не боится перемен.

И наша задача совместными усилиями школы, семьи, общественности воспитывать «Казахстанцев будущего»- патриотов страны. И мы верим, что всегда будут с гордостью произноситься слова: «Мы, народ Казахстана».

Итак, такой видится работа школы по воспитанию казахстанского патриотизма школьников. Эта работа системная, многоплановая, повседневная. Наша цель – воспитание казахстанского патриотизма, т.е. любви к малой Родине, а затем – к Родине – Республике Казахстан, к народу, родному языку, традициям народа.

Список использованной литературы

1. Конституция Республики Казахстан. С. 1, п. 2. - А., 1995.
2. Послание Президента. Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее [Текст] // Арна, 2014.
3. [Khabar.kz/rus/socium/Roli_patriotizma_v_zhizni_obshtestva_obsudili_kazahstanskije_politiki.html](http://khabar.kz/rus/socium/Roli_patriotizma_v_zhizni_obshtestva_obsudili_kazahstanskije_politiki.html)
4. Baiterek.kz/index.php?journal=36&page=626

ПЕДАГОГИКА СЕКЦИЯСЫ
СЕКЦИЯ ПЕДАГОГИКИ
DEPARTMENT OF PEDAGOGY

ӘОЖ 337.373.373.3
МРНТИ 00.00.45

Амирова Амина Слямхановна

п.ғ.д., профессор,

Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Абдикаримова Инкаржан

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 2 курс магистранты

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда қолданылатын инновациялық технологиялардың түрлері мен оларды пайдаланудың мүмкіндіктері мен маңыздылығы мәселесі қаралды. «білім сапасы», «инновация», «инновациялық технологиялар» ұғымдарының мәні мен сипаты айқындалды. Оқу үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдануды қамтиды, ол әртүрлі виртуалды әлемдер мен модельдеулер ішінде және көбінесе ойын түрі туралы қарастырылды.

Түйінді сөздер: бастауыш сынып оқушылары, білім сапасы, инновациялық технологиялар, виртуалды әлемдер, компьютерлік ойындар.

Аннотация

В данной статье рассмотрен вопрос о видах и возможностях и значимости использования инновационных технологий, применяемых в повышении качества образования младших школьников. определены сущность и характер понятий «качество образования», «инновация», «инновационные технологии». Включает в себя использование в учебном процессе современных информационных технологий, рассматриваемых в различных виртуальных мирах и симуляциях, а зачастую и в виде игр.

Ключевые слова: младшие школьники, качество образования, инновационные технологии, виртуальные миры, компьютерные игры.

Abstract

This article discusses the types and opportunities and the importance of using innovative technologies used to improve the quality of education of younger schoolchildren. the essence and nature of the concepts "quality of education", "innovation", "innovative technologies" are defined. It includes the use of modern information technologies in the educational process, considered in various virtual worlds and simulations, and often in the form of games.

Keywords: primary school students, quality of education, innovative technologies, virtual worlds, computer games.

Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез келген мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Осы орайда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енгізуде білім беру ісі басты құрал болып табылады. Ол үшін отандық білім жүйесін халықаралық білім кеңістігінде және еңбек нарығы бәсекелестігін қамтамасыз ететін білім сапасының дәрежесіне жеткізу шарт.

Жаңартылған бастауыш білім мазмұнымен оқытуда оқушылардың білім сапасын арттыруға негіз болатын нәтижеге бағдарлауға басымдық берілуде. Бастауыш сыныптарда оқыту мен оқу үдерісін ұйымдастыруда инновациялық технологияларды қолдану, мұғалім мен білім алушының субъектілік қарым-қатынасын ізгілендіру мәселелерін шешу, тұлғаның өзін өзі дамытуын, өз әрекетін және сыныптастарының білімін бағалау дағдыларын қалыптастыру көзделуде.

Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруды инновациялық технологиялармен

байланыстыра қолданып отырғандықтан, олардың білім алушының тұлғалық сапаларын дамытудағы әлеуеті тұрғысында талданатын болады. Білімалушылар тұлғасының интеллектуалдық әлеуеті (БТИӨ) – жеке тұлғаның өзін іс жүзінде көрсетуіне және өздігінен дамуына, шығармашылық әлеуметтік-белсенді интеллектуалдық іс-әрекетіне түрткі болатын «тумысынан» немесе «жүре келе пайда болған» тұлғалық мүмкіндіктерін өзектендіруді қамтамасыз ететін индивидуалды-психологиялық (бірінші кезекте ақыл-ой ресурстары) және тұлғалық ресурстар жүйесі (адамның қабілеттілігі, оның білімі, іскерлігі, пайымы, бағыттылығы және т.б.).

Біз қарастырып отырған білім сапасын арттыруда қолданылатын инновациялық технологиялар оқытуды ізгілендіруге, білім берудің нәтижеге бағытталуына, оқушы тұлғасының дамуына негізделеді. Бұдан шығатын қорытынды бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда жаңартылған білім мазмұнын меңгретуде өздігінен ізденуге, өзін-өзі жетілдіруге, өзіндік ой қорытындысын жасай алатын тұлға қалыптастыруда инновациялық технологиялардың алатын орны ерекше екендігін атап өтеміз.

Инновациялық педагогикалық технологияларды бастауыш сыныптарда біртұтас педагогикалық үдерісінде қолдану барысында оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, білімі мен біліктілігінің деңгейін көтеріп, тұлғаның шығармашылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызып, тұлғалық, пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда инновациялық технологиялардың әлеуетінің зор екенін атап өткіміз келеді.

Бастауыш сыныптарда кез келген пәнді оқуда оқушылар белгілі бір мазмұнды, сол ғылымға қатысты ұғымдарды біліп қана қоймай, ақпаратты талдай, жинақтай алу, жіктей, жүйелей білу, жалпыдан жеке қорытындылар түйіп, дәлелдеулер, ой қорытындылар жасауға да дағдыланулары тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының табиғатынан жаңалыққа құмарлығын, әлемді тануға құштарлығын, белсенділігін ескере отырып, олардың логикалық ойлау әрекеттерін ұтымды ұйымдастыра алу үшін тапсырмаларды ізденімпаздықпен, шығармашылыққа құрастыру керек. бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда инновациялық технологияларды білім беру үдерісінде тиімді пайдалану оның әлеуетін көрсетеді, - деген тұжырым жасаймыз.

Цифрлық технологиялар оқытылатын пәндердің мазмұнын және оларды ұйымдастыру формасын түбегейлі өзгертеді. Оқу үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдануды қамтиды, ол әртүрлі виртуалды әлемдер мен модельдеулер ішінде және көбінесе ойын түрінде өтеді. Оқытудың бұл түрі білім алушылардың қатысуын, байланысын және пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Бастауыш сыныптарда оқу мен оқыту үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану «жаратылыстану» сабақтарында виртуалды лабораториялық жұмыстар орындауда қолданылатыны таныстырылады. Күтілетін нәтижелерді анықтап, топ мүшелерінің өздеріне берілген тапсырмаларды орындауда мұғалімнің басқаруымен немесе бірлесе орындауға болады. «Жаратылыстану» пәнінде «Мен зерттеушімін» бөлімінің тапсырмалары мен өздерін қызықтыратын тақырыпта орындайтын зерттеу жұмыстарында цифрлық технологияларды қолдануға болады.

STEAM технологиясын бастауыш сыныптарда топтық жұмыстарды орындатуға қолданылып, онда оқушылардың қызығушылықтары ескеріліп тапсырмалар беріледі. **STEAM** – «Жаратылыстану» пәні бойынша сыни ойлауды, зерттеушілік құзыреттіліктерді қалыптастырып, топтағы жұмыс дағдыларын дамыту құралы ретінде жаңа білім беру технологиясы ретінде қолданылады.

STEAM технологиясын бастауыш сынып сабақтарында қолдану

Пән: Жаратылыстану

Сынып : 2

Тақырыбы: «Жер және ғарыш»

Оқушылар жаратылыстану пәнінде «Жер және ғарыш» тақырыбына байланысты бейнетаспаны көру арқылы, алғаш ғарышқа ұшқан космонавттар туралы және олардың ұшу құралдары туралы ақпарат алады. Қатты қағаз және желім мен түрлі-түсті қарындаштарды пайдалану арқылы зымыранның макетін жасайды. Жер мен ғарыштағы уақыт белдеуінің айырмашылығын өлшейді.

S (ғылым) Оқушылар ғарышқа ұшу аппараттары туралы бейнетаспа тамашалайды , ғарыш туралы жаңа ақпараттарды талқылайды.

T (технология) Алынған мәліметтерді пайдалана отырып ақпараттық құралдар арқылы бейнежазба түсреді

Е (инженерия) Лего конструкторлары арқылы зымыранның макетін жасайды
А(шығармашылық) Өз зымырандарының суретін салады
М(математика) Жер мен ғарыштағы уақыттың айырмашылығын есептейді



Бүгінде 4К дағдылары деп аталатын ХХІ ғасыр дағдылары қажет болатындығы белгілі болды. ХХІ ғасыр дағдылары немесе 4К дағдылары әртүрлі деңгейлерде белсенді талқыланып келе жатқан мәселе. Ал ХХІ ғасырда негізгі бағыт сыни ойлау, өзара әрекет пен коммуникацияға қабілеттілік, ісіне шығармашылықпен қарау жағына ауысады. 4 К моделі бойынша төмендегі қалыптастыратын дағдыларға теориялық бөлімде сипаттама берілгенін атап өтеміз. «Дүниетану» мен «Жаратылыстану» пәндерінің мазмұнын меңгертуде төмендегі дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар құрастырылады.

4к моделіне негізделген тапсырма

Пән: Дүниетану

Сынып : 2

Тақырыбы: Адам өміріндегі табиғат жағдайының алатын орны

1-тапсырма

Берілген карта бойынша мен мәтін бойынша өзіңнің тұрғылықты жеріңді және сол өңірдегі өзен,көлдерді тауып анықтаңдар



2-тапсырма

Берілген сурет пен мәтін бойынша жергілікті жердегі өсімдіктердің мәдени және жабайы түрлерін атайды. Жабайы және үй жануарларын анықтайды.



3-тапсырма

Әр топ өз жерінің табиғат жағдайының қолайлы (+) және қолайсыз (-) жағын анықтауы

қажет

ез.	Қолданылған уақыт	Педагог пен оқушының іс-әрекеті	Бағалау параметрлері
	10 мин	Оқушылар топқа бөлінеді . Мұғалім әр топқа карта және мәтін таратады. Оқушылар берілген карта мен мәтін бойынша өзінің тұрғылықты жерін және сол өңірдегі өзен,көлдерді анықтайды	Топтық жұмыстағы белсендік
	10 мин	Берілген сурет пен мәтін бойынша жергілікті жердің өсімдіктердің мәдени және жабайы түрлерін атайды. Жабайы және үй жануарларын анықтайды.	Мәліметтердің нақтылығы бағаланады
	10-12 мин	Әр топ өз жерінің табиғат жағдайының қолайлы (+) және қолайсыз (-) жағын анықтауы қажет. Мұғалім табиғат құбылыстарының түрлері және олардың табиғат жағдайларына байланысы туралы сұрақтарға жауап береді.	Өз пікіріне негізделген адекватты дәлелдемелер саны Қарама-қарсы пікірге аргумент келтіре алуы

4 *К моделінің әлеуетіне ұсынылатын іс-әрекеттер*

- коммуникация;
- кооперация;
- сыни ойлау; (креативное мышление)
- креативтілік дағдыларға сипаттама береміз.

«Дүниетану» мен «Жаратылыстану» пәндерінің мамзұнын меңгеруде қарым-қатынасқа түсуі, өзінің ойын жүйелі жеткізуі, түсінігін қорытып айта білуі. Жаңа материалды меңгеруде өздігінен ізденуі арқылы жаңа ақпаратты іздеп, тауып оны саралап, оның қажеттігін дәлелдеп жеткізе білуі. Мысалы: Өсімдік мүшелерінің қызметі. Тамыр. Сабақ. Жапырақ туралы жаңа ақпараттарды тауып, оны өз ойымен жеткізе білуі. Коллаборациялық орта құру бұл топтық тапсырмаларды кез келген шағын топпен орындай білуге дағдыландырады. «Мектеп – үй» жүретін жолының бағдарын анықтап, сұлбасын қағазға түсіруде көрші тұратын оқушылар топтасып орындайды. Сыни ойлауға байланысты тәжірибелік жұмысты орындауда тұқымнан өсімдіктің өнуін, көбеюін бақылауды іске асыруда өзінің жобасының іске асыру барысында салыстырмалы талдау жасай отырып, қорытынды жасауға ықпалы зор. Креативтілік бұл оқушыларға еш таныс емес, тың жаңа мәселені ойлап табуда көрініс береді. Мысалы: Логикалық ойлауға құрылған халықаралық зерттеулерге арналған тапсырмаларды шешуде Бірінші танымдық сала – «Білім» – оқушылар білуі тиіс фактілер, тұжырымдамалар мен процедураларды қамтиды. Екінші сала – «Қолдану» – тапсырмаларды шешу немесе сұрақтарға жауап табу үшін оқушылардың білім мен тұжырымдамалық түсініктерді қолдану қабілетіне негізделеді. Үшінші сала – «Ойлау» – бейтаныс жағдайларды, күрделі контекстерді және көпсатылы тапсырмаларды қамту үшін күнделікті тапсырмаларды шешу шеңберінен шығады. Осылайша, танымдық салалар оқушылардың ойлау дағдыларының кең спектрін қамтиды.

Зерттеу мәселесіне байланысты теориялық еңбектерге жасалған талдаулар «білім сапасы», «инновация», «инновациялық технологиялар» ұғымдарының мәні мен сипатын айқындауға мүмкіндік берді. «Білім сапасы» ұғымының мәні – оқушының алған білімінің нәтижесі, оған жетуде пайдаланылатын инновациялық технологияларды анықтауда болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруға ықпал ететін инновациялық технологиялармен қатар,

заманауи инновациялық технологияларды қолдану қажеттігі талданады. Оқушылардың білім сапасын арттыру, халықаралық зерттеу бағдарламаларына қатысуға даярлау, олардың шығармашылықты, проблеманы шешуді, алған білімін кез келген жағдаятта қолдану біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру көзделеді. Дағдыларды меңгертуде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы білім сапасына қол жеткізуге мүмкіндік туғызылатынына жасалған теориялық талдаулар негіздемесі тірек болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.
- 2 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген.
- 3 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы
- 4 Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1443 қаулысы.
- 5 Философиялық сөздік – /Редкол. Р.Н. Нұрғалиев, Ф.Ф. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин ж.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 бет.
- 6 Спиноза Б. Сочинения в двух томах. Издательство: Наука.:2006 г.
- 7 Фихте И.Г. Избранные сочинения М.: 1961. –Т.1. - 369 с. <https://www.rulit.me/author/fichte-iohann-gotlib>
- 8 Шиллинг Ф.В. Система трансцендентального идеализма. http://filosof.historic.ru/books/a0000_1.shtml 65.

ӘОЖ 372.881.111.1
МРНТИ 16.01.45

Амирова Амина Слямхановна

п.ғ.д., профессор,

Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Жолдыбаева Маржан

Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 2 курс магистранты

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сыныптарда шет тілдерін оқыту ерекшеліктері және ағылшын тілі сабақтарында компьютерлік дидактикалық ойындарды оқу үрдісінде қолдану әдістемесі қарастырылған. Бастауыш сынып оқушыларының компьютерлік сауаттылығы және ағылшын тілін оқытуда дидактикалық және дамытушы компьютерлік ойындарды пайдалану туралы сөз болады. «Ағылшын тілі» пәнін жаңартылған білім беру мазмұнымен байланыстыра қарастыруда аталған пәнді оқытудың әдістемесін жетілдіру мақсатында компьютерлік ойындардың айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын жетілдірудегі тиімділігі нақты электрондық платформалармен көрсетіледі.

Түйінді сөздер: компьютерлік ойындар, дидактикалық және дамытушы компьютерлік ойындар, компьютерлік сауаттылық, жаңартылған білім беру мазмұны, дағды, электрондық платформалар.

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности обучения иностранным языкам в начальных классах и методы использования компьютерных дидактических игр на уроках английского языка.

Речь идет о компьютерной грамотности учащихся начальных классов и использовании дидактических и развивающих компьютерных игр в обучении английскому языку. В целях совершенствования методики преподавания предмета «английский язык» в увязке с обновленным содержанием образования эффективность компьютерных игр в совершенствовании навыков говорения, письма, аудирования, чтения наглядно демонстрируется электронными платформами.

Ключевые слова: компьютерные игры, дидактические и развивающие компьютерные игры, компьютерная грамотность, обновленное содержание образования, навыки, электронные платформы.

Abstract

This article discusses the features of teaching foreign languages in primary grades and methods of using computer didactic games in English lessons. We are talking about computer literacy of primary school students and the use of didactic and educational computer games in teaching English. In order to improve the teaching methods of the subject "English" in conjunction with the updated content of education, the effectiveness of computer games in improving the skills of speaking, writing, listening, reading is clearly demonstrated by electronic platforms.

Keywords: computer games, didactic and educational computer games, computer literacy, updated educational content, skills, electronic platforms.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартында «бастауыш білім беру» ұлттық деңгейде бастауыш сыныптарды оқытудың міндеттерінің бірінде: оқушының сөйлеуін және ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашу негіздерін меңгеруге даярлау, - деп көрсетілген [1]. Олай болса, бүгінде бастауыш сыныптарда оқыту мәселесі мемлекеттік деңгейде көтеріліп отырғандықтан, ондағы педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда, яғни оқушылардың ағылшын тілін меңгеруінде компьютерлік ойындарды пайдалану қажеттігі басты міндет болып табылады.

Компьютерлік ойын әрекеті арқылы бастауыш сынып оқушысының ағылшын тілін меңгеру дағдысын қалыптастыру кезінде ойын арқылы, көңіл-күйі, оқушының тілін дамытумен қатар пәнге деген қызығушылығын арттыру, оларды сергіте, қуанта отырып, белсенді іс-әрекетке жұмылдыру, ойын таңдаудағы ойланғанын жүзеге асырудағы дербестігін жетілдіру, компьютерлік ойын түрлерін қолдану арқылы оқушының жеке қасиеттерін қалыптастыру көзделеді.

Бастауыш сыныптардағы «Ағылшын тілі» пәнінің мазмұны және бүгінгі күнгі жағдайын жаңартылған білім беру мазмұнымен байланыстыра қарастырамыз. «Ағылшын тілі» пәнін бастауыш сыныптарда оқыту мәселесі қазіргі уақытта да пікірталас тудырып келген мәселелердің бірі. Алайда, біздің елімізде, сондай ақ шет елдерде жинақталған зерттеулер және көптеген жүргізілген зерттеулер аталған пәнді бастауыш сыныптардан бастап оқытуға болатындығын дәлелдеп отыр.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, оқушыларға компьютердің ойындық және дамытушылық мүмкіндіктері маңыздылығын информатика пәнімен байланыстырғанын көреміз. Себебі олар компьютерлік сауаттылықты меңгеруге қажетті ынталық, интеллектуалдық қасиеттердің қалыптасуына және өз іс-әрекетінің міндеттерін шешу құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік беретіндіктерімен ерекшеленеді.

Бастауыш сыныптарда ағылшын тілінде компьютерлік ойындарды пайдаланып оқытудың негізгі мақсаты – оқушыларға компьютерлік сауаттылықты меңгерту. Сондықтан да оқушыларда қалыптастырылатын компьютерлік сауаттылық түрлері, компоненттері туралы да түрлі пікірлер бар.

В.Н.Каптелинин компьютерлік сауаттылықтың мынадай түрлерін көрсетеді: тұрмыстық, профессионалдық, компьютерді интеллектуалды құрал ретінде меңгерту. Себебі оқушылардың болашақ цифрлық қоғамда өмір сүріп, оқуына және еңбек етуіне аталған компьютерлік сауаттылықтың барлық түрлерін меңгерулері қажет [2].

Ал компьютерлік сауаттылық компоненттері мәселесі бойынша кейбір мамандар негізінен компьютерді пайдалану аясы туралы білім беріп және компьютер туралы жалпы түсінік қалыптастыру керек дейді. Екіншілері оқушыларды компьютермен жұмыс істеуге үйрету деп түсіндіреді, ал үшіншілері теориялық дайындықтары мен компьютермен практикалық жұмыста меңгерілетін машыққағдыларды қатар меңгеруді қолдайды. Біздіңше, компьютерлік сауаттылықты меңгерудің теориялық және практикалық дайындықтарының қатар жүріп отыруы тиімдірек болатын саналады.

Қазақстан мектептерінде оқыту үдерісі соңғы жылдарда ғана қолға алынып отыр. Пандемия

кезінде бастауыш сынып оқушыларының қашықтан оқыту жүйесіне өтуіне байланысты ақпараттық ресурстарды, интернет желісін пайдалану және әртүрлі серверлер мен платформалар арқылы оқыту және оқу үдерісі жүзеге асырылғаны белгілі.

Компьютерлік ойындарды оқу үдерісінде пайдалануға байланысты мынадай қорытынды жасалынды:

- компьютерлік ойындар оқыту және оқы үдерісінде қолданылуға тиісті және міндетті дидактикалық құрал, себебі ол –

- а) оқу үдерісін жандандырады;
- ә) нашар оқитын оқушының оқуға деген ынтасын арттырады;
- б) оқушыға берілетін материалды қызықты, жинақы түрде беруге көмектеседі;
- в) оқушылардың мектептегі басқа пәндерді меңгеруінде орны ерекше;
- г) компьютер - оқушы үшін төзімді және адал көмекші.

Жоғарыда аталғандар компьютердің зор мүмкіндіктерін көрсете отырып, зерттеушілер оқушының компьютермен еркін сырласа алуға және берілген тапсырмаларды орындауға берілетін уақыттың жеткілікті болуы олардың логикалық ойлау мен танымдық қабілеттерін дамытады, - деген тұжырым жасауға болады. Ал оқу үдерісін осылайша құру жалпы орта мектептерінің оқушыларына жақсы жағдай туғызады, себебі ол оқушының танымдық іс-әрекетіне кері әсер ететін қазақ балаларына тән ұялшақтық, ұяндық қасиеттерден арылуына септігін тигізеді деген пікірді ұстанады.

Біріншіден, іс-қимыл құрылымын жоспарлау, ақпаратты іздестіру, қарым-қатынас жасау, ақпараттық модельдерді құрастыру және т.б. қалыптастыруда информатика құрылымының рөлі ерекше.

Екіншіден, бастауыш сыныптарда компьютерді меңгергеннен кейін, балалар оны өз қызметтерінде құрал ретінде пайдалана алады, ЭЕМ-ны қолданатын басқа пән сабақтарын өткізуде қиыншылықтар болмайды.

Үшіншіден, компьютер оқушыларды ағылшын тілі пәнінде роботтар еліндегі қызықты ойын-саяхаттарға жетелейді. Осындай тәсіл төменгі сынып оқушыларын шабыттандырады. Сабаққа қуаныш әкелетіндіктен қиын әдістемелік бөгеттерден өту оңай болады. Біз авторлардың зерттеулерін басшылыққа ала отырып, алдымен информатикадан алған білімі мен дағдысына сүйенетіндіктен, ағылшын тілінде дамытушы және дидактикалық компьютерлік ойындарды пайдалануды қарастыратын боламыз.

Біздіңше, бұны ең алдымен, қазіргі ақпараттық қоғам қажеттілігінен туындап отырған талаптарға сәйкес түсіндіруге болады. Сондықтан да біріншіден, оқушыларға информация жөнінде алғаш түсінік бере отырып, ЭЕМ туралы түпкілікті түсінік қалыптастыру. Екіншіден, оқушыға компьютердің орасан зор мүмкіндіктерін жете меңгерте отырып, олардың келешекте өз бетімен жұмыс жасауларына мүмкіндік туғызу.

Мұндағы негізгі ерекшелік – оқушыларды компьютердің зор мүмкіндіктерімен таныстыра отырып, компьютерлік сауаттылық элементтерін меңгерту, олардың ақыл-ойы мен өзбетіндік шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше мән берілуі. Біздің ойымызша, компьютердің зор мүмкіндіктері мен ойын элементтерін біріктіре қолдана отырып қана біз бұл жастағы оқушылардың оқып, дамуы мен жалпы болашағы үшін аса қажетті, маңызды болып табылатын ақыл-ойы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға кең жол аша аламыз.

Ағылшын тілін оқытуда екі мақсат көзделді: біріншісі - практикалық білік-дағдыларды игерту; екіншісі - ағылшын тілі туралы ғылыми мәлімет беру. Осымен байланысты ағылшын тілін өзге тілді аудиторияда оқытудың дидактикалық ұстанымдары басқа пәндерден (химия, математика және т.б.) өзгеше болды. Дидактиканың негізгі қарастыратын нысаны - мұғалім, оқушы және тұтас оқушылар ұжымы ерекшеліктері және «оқушы - мұғалім», «оқушы - білім мазмұны», «мұғалім - білім мазмұны» қатынастары екені белгілі. Ағылшын тілін мәтіндер арқылы оқытуда, ол мәтіндерді компьютер арқылы меңгерудің дидактикалық аспектісін қарастыруда дидактиканың қазіргі заман тұжырымдамалары алынды.

Ағылшын тілін оқытуда компьютерді қолдану оқушылардың тек көру сезіміне ғана сүйеніп қоймайды. Компьютердегі дыбыстық, қозғалыс жасау, түрлі анимациялық мүмкіндіктер оқушылардың сезімдік дамулары арқылы ақыл-ой қызметінің де белсендірілуіне жайлы жағдайлар жасайды. Мультимедияның өзіне тән мүмкіндіктерін бай әрі мол етіп қолдана отырып, мәтінді оқытуда оны түрлі әдіс-тәсілдер арқылы кеңейте аламыз. Ағылшын тілін оқытуда компьютерлік диск (CD) арқылы оқу материалын оқушыға жеткізу - көрнекіліктің жаңа сатыдағы түрі. Персоналды

компьютер (ПК) қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгертуде оқушыға өз бетімен жұмыс жасауға, ізденуге, ағылшын тілін индивидуалды түрде үйретуге мол мүмкіншіліктер жасайды. Ағылшын мәтіндерін компьютер арқылы оқытуда басшылыққа алынатын жол программалап оқыту идеясы болып келеді. Компьютер арқылы мәтінді оқытуда қолданылатын оқу-әдістемелік материалдар өзара ерекше мазмұндағы жүйені құрайды. Компьютерді қолдану барысында оқушылардың компьютерлік сауаты дами түседі, ағылшын тілін оқытудың көптеген міндеттері компьютерге «жүктеледі».

Жүргізілген сауалнама бойынша ұстаздардың біраз бөлігі уақыт тапшылығына байланысты компьютерлік дидактикалық ойындарды қолдана алмайтындықтарын жазған болатын, бірақ берілген тізімде дайын тапсырмалар да аз емес. Біз бастауыш сыныптарда компьютерлік ойындарды ағылшын тілін оқыту әдістемесінде пайдалануға болатын нұсқаларын ұсынамыз.

- Learningapp, Wordwall – интерактивті және баспа материалдарын жасауға арналған көп функциялы бағдарламалар. Көптеген шаблондар интерактивті және баспа түрінде де қол жетімді. Сервистің ағылшын тілінен бөлек орыс тіліндегі нұсқасы бар. “Animals”, “Time”, “Buildngs” бөліміндегі тақырыптарға арналған дайын ойындар өте көп.

- Spell Quiz-деңгей-деңгейге бөлінген диктанттар жинағы. Оқушылардың есту дағдысын қалыптастыруға тамаша құрал. Әр сабақтың соңында 3 минуттан арналса, есту және дұрыс, қатесіз жазу дағдысына таптырмас құрал.

- iSLCollective – грамматика, лексикаға байланысты жұмыс парақтарынан бөлек интерактивті видеотапсырмалар бар. Әр сабақта қолдана беруге болады, үй жұмысы ретінде де балалардың қызуғушылығы бойынша видеотапсырмалар беруге ыңғайлы. Шет ел азаматтарының акцентіне үйреніп, сөздік қорды ұлғайтуға, тілді қабылдауға себепші болары анық.

- Printdiscuss – сөйлеу дағдысын дамытуға бағытталған бағдарлама, әртүрлі тақырыптар мен сол тақырыптарға сұрақтар жинағы бар.

- Memrise (<https://app.memrise.com/course/5625800/smiles-3/>) әр модуль бойынша сөз жаттауға арналған платформа. Сөздің ойын ойнау арқылы ұзақмерзімді жадта сақталуына бағытталған.

- genial.ly – интерактивті платформа. Интерактивті суреттер, презентация, видео, тест сұрақтарын дайындау үшін өте ыңғайлы платформа.

- Edpuzzle- интербелсенді видеолар, “Art & Music”, “Explorers & Inventors” бөліміндегі сабақтар бойынша, reposition тақырыбын өтуге дайын видеотапсырмалар өте көп.

- Formative – бұл платформа арқылы бөлім бойынша немесе тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізуге болады.

- Human Brain Cloud – берілген сөзге ассоциативті сөздерді жазу. Қайталау сабақтарында қолдануға болады.

- 4pics1word- жаңа сабақтың тақырыбын ашуға тамаша құрал.

- Wordshake(<https://learnenglishkids.britishcouncil.org/games/wordshake>) - сөздік қорды байытуға, оқушылардың логикалық, сыни ойлауын дамытуға арналған бағдарлама. Әріптер тізбегінен 3 минут уақытта максималды түрде көп сөз табу қажет.

- Earnenglishkids.britishcouncil.org-“Animals” ,“Light & Dark” бөлімдеріне “types of syllable”, “There is\are”, “some, any” тақырыптарына көптеген 4 дағдыны да дамытуға арналған дайын ойындар бар. Бірақ British council ұсынған ойындардың нәтижесі мұғалімге көрінбегендіктен, бұл ойындарды сынып жағдайында интерактивті тақта көмегімен ойнаған ыңғайлырақ.

Дидактикада оқыту үдерісіне сәйкес маңызды орын алатын - кері байланыс. Кері байланыс, әсіресе, оқушы үшін маңызды. Осы жол арқылы ғана оқушы өзінің білім алу әдістерін қалай меңгергенін көрсете алады. Оқушының компьютерді қолдана отырып ағылшын тілін үйренуі мұндай кері байланыстың жедел және белсенді өтілуіне мүмкіндіктер жасайды.

Ғалымдардың көрсетуінше, тілді оқытудағы компьютерлік модельдеу мынадай кезеңдерден тұрады:

1 кезең – функционалды-алгоритмдік кезең;

2 кезең – оқу-әдістемелік кезең;

3 кезең – программалық-математикалық кезең;


4 кезең – инженерлік-прагматикалық кезең. Компьютерді қолдана отырып, оқушының мәтінді игеру түрлері төмендегідей болып келеді:

- мәтінді оқушының өзінің оқуы;
- мәнерлеп оқыған дауысты тыңдауы;
- музыканы тыңдауы;

- лексика-грамматикалық анықтағышпен жұмыс жасауы;
- өзінің білімін компьютер арқылы өзі тексеруі.


Мысалы, сурет 1 Edpuzzle (<https://edpuzzle.com/media/622170bee428f0429a2ea9db>) платформасының көмегімен “Body parts” тақырыбына арналған видео көру арқылы оқушы бірден кері байланыс алып отырады.

Видеоны көріп қана қоймай, оқушы тыңдалым дағдысын, грамматикалық конструкцияларды дұрыс қолдану, логикалық ойлауын дамыта алады.




Сурет 1-Edpuzzle

Сурет 2 (https://miro.com/app/board/uXjVON6hkio=?invite_link_id=112827184571) “Miro” тақтасында жасалған берілген тапсырма арқылы сөйлеу дағдысын ұштауға болады. Тақтада берілген «ойын сүйегінің» көмегімен қай нөмірдегі жануар түседі, сол жануарды тұратын жері, қорегі, дене мүшелері арқылы сипаттап беруі қажет.



Сурет 2-Miro board

Осы тақтада құрастырылған Сурет 3-Miro board “This/that/these/those” сілтеу есімдіктеріне арналған тапсырмаларда қажетті есімдікті алып жануарлар санына байланысты сәйкестендіру қажет.



Сурет 3-Miro board

Қорыта келе, бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесін жетілдіруде компьютерлік ойындардың маңызы зор. Бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін арттыруда компьютерлік ойындарды пайдалану арқылы анимациялық ойын-тапсырмаларды сабақтың тақырыбына сәйкес саралап немесе оны мұғалімнің өзі құрастыру мүмкіндігі бар екенін

ескеру қажет. Оған сәйкес мұғалімдер электрондық платформалармен жұмыс істеуге оқушыларды үйрету арқылы әрбір сабақта жаңа білімді өздігінен меңгеруіне қызығушылығын арттырып, мақсатына жетеді, - деген тұжырым жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 2-қосымша*
- 2 *Каптелин В.Н. Психологиялық мәселелер мектеп оқушыларының компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру / В.Н. Каптелин // Вопр. психология. 1986. - № 5. - С. 54-65.*

ӘОЖ 37.031.2
МРНТИ 14.25.07

Амирова Амина Слямхановна

п.ғ.д., профессор,

Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Касымова Надира

Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 2 курс магистранты

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыру мақсатында электрондық ресурстарды пайдаланудың маңызы көрсетілген. Бастауыш сынып оқушыларының электронды ресурстарды пайдалану барысында ақыл-ой мәдениетін дамыту мәселелері көтеріледі. «Жаратылыстану» және «Дүниетану» пәндерінің тапсырмалар жүйесі құрастырылып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын және интеллектуалды мәдениетін электронды ресурстар арқылы қалыптастыру ұсынылады.

Түйінді сөздер: *дағды, электрондық платформалар, ақпараттық ресурстар, интеллект, ақыл-ой, интеллектуалды мәдениет.*

Аннотация

В данной статье показано значение использования электронных ресурсов в целях формирования интеллектуальной культуры младших школьников. Поднимаются вопросы развития интеллектуальной культуры младших школьников в процессе использования электронных ресурсов. Составлена система заданий по предметам «Естествознание» и «Познание мира» предлагается сформировать у учащихся интерес к занятиям и интеллектуальную культуру посредством электронных ресурсов.

Ключевые слова: *навыки, электронные платформы, информационные ресурсы, интеллект, интеллектуальная культура.*

Abstract

The article shows the importance of using electronic resources in order to form the intellectual culture of young students. The issues of developing the intellectual culture of younger students in the process of using electronic resources are raised. A system of tasks for the subjects "Natural Science" and "Knowledge of the world" has been compiled, it is proposed to form students' interest in classes and intellectual culture through electronic resources.

Keywords: *skills, electronic platforms, information resources, intelligence, intellectual culture.*

Білім беру саласын цифрландырудың ең басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі зерттеу бағдарламаларында, оның ішінде «жасанды интеллект» және

«ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті болашақ ұрпақты дайындау. Қазіргі қоғамдағы ақпараттану жағдайында мектеп оқушысының жеке тұлғасын, интеллектуалды мәдениетін қалыптастыру үшін электронды ресурстарды пайдалану оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуында маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: мектептер кезең-кезеңімен жаңартылған бағдарламаларға өтуде, ол кең спектрлі дағдыларға баса назар аударады: білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ пайдалану, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау, - деп көрсетілген [1].

Энциклопедиялық сөздікте: ақпараттық ресурстар дегеніміз – ғылыми теорияларымен, процестер мен құбылыстарды зерттеулерімен, өнер табыстарымен, машина жобаларымен, ғимараттарымен, зауыттарымен, табиғат пен қоғам туралы мағлұматтарымен сипатталатын мемлекеттің рухани пәрмені (күш-қуаты); мекеме үшін құнды болып есептелетін және материалдық ресурс ретінде қабылданатын мәліметтер жиынтығы, - деген анықтама берілген. Біздің зерттеу жұмысымыз тұрғысынан қарастырсақ, осы мәселеге қатысты ғылыми теориялық талдаулар жасау арқылы арқылы оқушылардың интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруда электрондық ресурстарды пайдалану үдерістерін зерделеу болып табылады [2].

Қазіргі таңда «интеллект» ұғымын анықтауда әр түрлі көзқарастар мен тұжырымдар кездеседі. Біріншіден, бұл ұғым ғылымаралық ұғымдар тарапына жататынын айтып өткен жөн. Осыған байланысты «интеллект» ұғымына әр сала тұрғысынан әр түрлі анықтамалар берілетіні, осы феноменнің күрделілігі мен маңыздылығының көрсеткіші болып табылады. Жалпы алып қарағанда энциклопедиялық сөздіктерде интеллект көбінесе психологиялық тұрғыдан сипатталады.

«Интеллект» латынша *intellectus* деген сөзден аударғанда «ақыл», «ақыл-парасат», «түсінік», «таным», «ойлау қызметінің жоғарғы типі» деген мағынаны білдіреді. Ғылыми тұрғыдан алғанда интеллект төмендегідей мағыналарда қарастырылады:

1) индивидтің ақыл-ой қабілетінің тұрақты құрылымы;

2) белгілі бір мәселені танып білу және оны шешуге қатысты адамның жаңа өмірлік жағдайларға (міндеттерді шешу барысындағы мінез-құлық сипаттарының жинағы ретінде) бейімділігі мен кез келген іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын индивидтің танымдық үдерістерінің өзгертін жүйесінің (ойлау, сезіну, қабылдау, жадына сақтау, қиялдау, елестету және т.с.с.) және басқа қабілеттері негізіндегі жалпы қабілет;

3) индивидтің барлық таным функцияларының жиынтығы: түрткі мен қабылдаудан ойлау мен қиялға дейін, таным іс-әрекеттерінің негізгі формасы [3].

Аристотель айтқан әрекетшіл интеллект дегеніміз - ешуақытта да материяда болмаған және онымен мүлдем байланысы жоқ абстракцияланған форма. Бұл интеллект қайсыбір жағынан қарағанда өзекті интеллект болып табылады және жүре келе дарыған интеллектіге өте жақын болып келеді [4]. Ойшыл өз ой-пікірлерінде интеллектінің табиғатын және оның түрлерін атап көрсетуде құнды мәселелерді алға тартады. Философ – ойшыл интеллект ұғымын оның түрлерін ажырата отырып түсіндіруге тырысты. Оның еңбектерінен интеллектінің қоршаған шындыққа қатысты туындауы мәселесі сөз болады. Осы орайда, Аристотельдің көзқарасы бойынша ақиқат дүниенің интеллект дамуындағы рөлі болып табылады [4].

Антик философиясы тарихының “кіндігі” аталған Сократ өзінің басты назарын адам табиғатына аударып қоймай, ақыл-ойға негізделген адамның мәні оның белсенді іс-әрекетімен сипатталады деген қорытындыға келген. Сократ бойынша, таным игілікті істің қайырымды қылықтың қажетті алғы шарты. ”Ізгілік – бұл білім”, - деген тұжырым жасаған [5]. Ал, зияткерліктің негізі білімде екені белгілі.

Әл-Фараби «Философиялық трактаттарында» ұстазының интеллектіге қатысты пайымдауларын талдап, өз тарапынан да философиялық талдау жасаған: «Интеллект деген сөзді түрлі мағынада қолдануға болады. Біріншісі – қарапайым сөзде, адам жөнінде, парасатты адам жөнінде айтқан кезде қолданылады. Екінші, әркім оны өзінше түсініп, адамдар өзара үнемі айтысқа түскенде айтатын мағынасында қолданылған [6].


Интеллектуалдық мәдениет мәселесін зерттеуде Шығыстың ұлы ғұламасы, кемеңгер ұстаз Ахмед Иассауидің ой-пікірлері өте құнды. «Білімін іспен дәлелдеген зиялылар, ғалымдар дініміздің,

қоғамымыздың шам-шырағы, түнді жарықтандырған Ай сияқты. Олар – хикмет иелері, елдің «қыдыры» сияқты», - дейді. Иассауи қоғамда шын зиялылар мен өздерін-өздері «зиялы» деп санайтындар туралы пікірлерін жазып қалдырған. Өзінің «Диуани Хикмет» еңбегінде Иассауи зиялы адамды өзін терең түсіне алатын, өзін жан-жақты тануға ұмтылған, шыншыл, қоғам мүддесін өз мүддесінен артық көретін, жан-жағына жақсылық пен жарықтың, білім мен мәдениеттің шуағын шаша алатын жандарды жатқызады [7].

М.Дулатұлының дүниетанымдық ұғымдары негізінен нақты болмысты бейнелеуден бастау алады. Әрбір жазушы өз көргенінен нәр алып, оны тұжырымдап, әлеуметтік деңгейге жеткізгеннен кейін, оны ғылыми принциптерге негіздеп, жалпы ой қорытуы қажет. Ол өзінің ойын объективті шындыққа қол жеткізуге болады деп, - түйіндейді [8]. Табиғат пен өмірдің мағынасын сөз арқылы немесе графикалық тәсілдердің көмегімен жүйелі түрде айқындауға болады. Бұл идея танымның эмпирикалық және теориялық деңгейлерінің өзара қатынасын айқындап, қазақ философиясында тың жолды меңзеп берді.

Психология ғылымында интеллект табиғатын түсіндіруде көптеген зерттеулер түрліше сипаттауға тырысты. Себебі, интеллект өте күрделі құрылым болып табылады.

Олардың ішінде Рэймонд Кэттелл, еңбектерін ерекше атауға болады. Автор тесттер жинағын және факторлық анализді қолдана отырып, 5 дәлелді анықтады [9].



Сурет – 1 – Интеллект тестер жинағы (Рэймонд Кэттелл бойынша)

Орыс психологы А.Ф. Лазурский адамның интеллектуалды белсенді-лігін зерттей келе, оның үш деңгейін анықтаған:

- Төменгі деңгей. Индивид ортаға бейімделмеген, оның әлсіз психикасын орта басып тастайды;

- Орташа деңгей. Адам ортаға тез бейімделеді, және өзінің ішкі психологиялық ахуалына сәйкес өзіне лайықты орнын табады;

- Жоғарғы деңгей. Қоршаған ортаны өзгертуге деген құлшыныспен сипатталады [10].

Қазіргі таңда интеллект ұғымы – адамның таным үдерісін атқару және мәселелерді тиімді шешу, өмірлік міндеттерді анықтау қабілеті деп түсіндіріледі. Осыған орай академик Н.Н. Моисеев интеллект деп адамның мақсат қоя білуін, өз ресурстарын жоспарлау және мақсатқа жету стратегияларын құра білуі деп түсіндіреді [11].

Қазіргі жағдайда қоғам үшін білім беруді ақпараттандыру ерекше мәнге ие, өйткені білім деңгейі мен сапасынан тек нақты жеке тұлғаның ғана емес, сонымен бірге бүкіл өркениеттің тағдыры шешілетін. Білім беру мен ақпараттық технология арасындағы өзара байланысты анықтайтын факторлардың ішінде аса маңыздылары келесілер:

- қоғам дамуында ақпараттың шешуші рөлін сезіну ақпараттық ресурстардың қазіргі қоғам дамуының стратегиялық ресурстары категориясына ауысуы. Ол жеке тұлғаның ақпараттық дүниетанымының даму қажеттігін, жүріп жатқан ақпараттық түрлендірулердің мәнін саналы түсінуді анықтайды;

- ақпарат көлемінің артуы бір жағынан, «ақпараттық жарылысқа» әкелсе, екінші жағынан, ақпараттың ескіруі, терминологиялық тілдік және ақпараттың шамадан тыс болуы жағдайындағы басқа келеңсіздіктермен сипатталатын ақпараттық кедергілерді жеңе білу дағдыларын қалыптастыру қажеттігін анықтайды;

- ақпараттық техника мен технологиялардың үдетпелі дамуы жалпы білім беретін мектептегі оқыту кезеңінде қазіргі ақпараттық технологияларды меңгеру қажеттігін анықтап қана қоймайды,

сондай-ақ жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруге деген оқушылардың ынталы құндылықты дайындықтарын да қалыптастыру қажеттігін анықтайды;

- ақпараттық қоғам дамуымен байланысты қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы сипатының өзгеруі. Өйткені бұнда еңбек ресурстарының жартысынан көбі ақпаратты өндіру мен өңдеумен айналысуда және ғаламдық коммуникация жүйесі құрылған, ол қазіргі ақпараттық қоғамда өмір әрекеті мәдениетін қалыптастыру қажеттігін анықтайды.

- қазіргі қоғам өмірін ізгілендіру мен гуманитарландыру ақпараттық қоғамға өту кезеңінде педагогикалық үдерістің барлық компоненттерін ізгілендіру мен гуманитарландыру негізінде қарқынды техникалық прогрестен туындайтын технократиялық дүниетанымдық көзқарасқа жетудің көкейтесті проблемасы болып табылады;

- адамдар арасында ақпараттық технологиялардың үдетпелі дамуы мекемелер, елдер арасындағы әлеуметтік экономикалық, ғылыми, мәдени, біліми және осы сипаттағы ынтымақтастық өсіп келе жатқан ұрпақтың ақпараттық коммуникативтік компетенттілігін арттыру қажеттілігін анықтайды.

Электрондық ресурстардың бірі – Интернет көзі. Интернет қолданушыларды өзінің бай бояуларымен, мультимедиялық мүмкіндіктерімен, өздерінің сүйікті музыкалық топтары, т.б. туралы толық мәліметтер ала алатынымен қызықтырады. Ақпараттық ресурс ретінде Интернет жүйесінде оқушыға арналған бағыттар: жалпы даму, іздеу, сөйлесу, ақпаратты өз бетімен беру, керекті компьютерлік бағдарламаны іздеу, ары қарай білімді таңдауға мүмкіндік туады. Бастауыш сынып оқушыларының *Интернет көзін пайдалануда* сыни ойлау дамиды, оқушылардың ақпараттық сауаттылығы арта бастайды, өзіне қажеттілерін бөліп алып, білімін қызықты танымдық мазмұнмен толықтыруға тырысады. Тіл аралық кедергілер жойылады, коммуникативтік іскерліктер дамиды, тілді тереңірек оқудың мотиві пайда болады, жер шарының түкпір-түкпіріндегі өздерінің құрбыларымен байланыс жасау мүмкіндігі пайда болады.

Электрондық ресурстың келесі түрі электрондық пошта. Электрондық пошта – мұғалім мен оқушылар арасындағы ақпарат алмасудың тиімді тәсілі. Электрондық пошта экономикалық және технологиялық жағынан тиімді технология болып табылады және оқыту үдерісі кезінде оқу пәнінің мазмұндық жағын жеткізу және мұғалімнің оқушымен кері байланысын қамтамасыз ету үшін қажет болады.

Телеконференция – бір-бірінен алыс мұғалім мен оқушылардың қашықтан оқыту үдерісін жүзеге асыруда, оқушылардың топтық жұмысын ұйымдастыруға, іс-қимыл, ойының әдіс-тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Интернеттің электрондық конференциялары, яғни бұл қызметі электрондық поштың өзіндік дамуы болып табылады. Электрондық конференциялар немесе оларды, көбінесе, компьютерлік немесе телеконференциялар дейді, компьютерден мәтіндерін, "конференцияларды" бір-бірінен әртүрлі қашықтықтағы қолданушының беруі мен алуына мүмкіндік береді.

Электрондық оқу құралы - бұл құрамында оқу курсының ең маңызды белгілері, сонымен қатар есептер жинағы, анықтамалықтар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу тәжірибесін өткізуге нұсқаулар, практикумдар, курстық және дипломдық жұмыстарды дайындауға әдістемелік нұсқаулары бар берілген басылым түріне мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы. Бұл бастауыш сынып оқушыларына арналған электрондық оқулықтар негізгі электрондық ресурс ретінде қолданыста екенін айта кеткеніміз жөн.

Электронды кітапхана – бастауыш сынып оқушылардың жасына сәйкес іріктелген иллюстративті материалдар мен мәтіндердің жинағын, түрлі электрондық материалдарды (көркем әдебиет туындылары мен анықтамалықтарды қамтитын электрондық басылымдар) сенімді сақтауға және тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе. Электронды кітапханада мынадай ақпараттар жинақталады: шолу ақпараты; авторлық және пәндік сілтемелер; кеңейтілген библиография және т.б. Бұл тұрғыда Okuluk.kz сайты айтуымызға болады.

Электронды көрнекі құралдардың кітапханасы – мазмұны мультимедиа құралдары топтамасының көмегі арқылы берілетін құралдың түрі. Қолданылуы қарапайым редактордың көмегі арқылы мұғалім сабаққа қажетті көрнекі құралдар топтамасын пайдалана алады.

Электронды энциклопедия - білімнің белгілі бір саласына байланысты түрлі бағыттағы ақпараттардың үлкен көлемін сақтай алатын құралдың түрі. Басылымның бұл түрі иллюстрациялардың, видео - және аудио - фрагменттердің көптігімен ерекшеленеді.

Репетиторлар мен тренажерлар – оқушыларға сабаққа, емтихандарға өз бетінше

дайындалуға, өз білімдерін объективті тұрғыда бақылап, бағалауға мүмкіндік беретін оқу-әдістемелік кешендер. Олардың құрылымы мыналардан тұрады: тапсырмаларды орындау үшін нұсқау; интерактивті жаттығулар; бақылау және өзін-өзі бақылауға арналған құралдар.

Бейнесюжеттер мен бейнефильмдер – кез келген пәннен қашықтықтан білім беру үшін өте тиімді құрал. Бүгінде бейнематериалдарды Discord, Zoom, Google meet, Miro, Kahoot, Quizizz, Quizlet, Socrative серверлерінде ұсынады.

Білім берудің электрондық басылымдары мен ресурстарын оқып үйрену көзқарасы бойынша компьютерлік және коммуникациялық техникамен жұмыс істегенде мүмкін болатын, адамға ақпараттық әсер ету түрлерін ғана қарастырған дұрыс болады. Осылайша, барлық ақпаратты қабылдау түрлері бойынша негізгі үш топқа бөледі:

1. Адам көзімен қабылданатын ақпарат, ол көздік немесе визуалдық ақпарат деп аталады. Бұл ақпаратқа мәтін, графикалық бейнелер және суреттер, фотографиялар, мультфильмдер, видеофильмдер жатады.

2. Дыбыстық ақпарат деп аталатын адамның есту аппаратымен қабылданатын ақпарат. Бұл ақпаратқа шулар, әуендер, сөз жатады.

3. Сенсорлық немесе тактильдік ақпарат деп аталатын, арнайы техникалық құралдармен жұмыс істегенде адамның сенсорлық жүйесімен қабылданатын ақпарат.

Жалпы орта мектептің бастауыш сатысында білім беру *технологияларының* бірнеше түрлері қолданылады. Бастауыш сыныптарда оқушылардың интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыру үшін төмендегідей технологиялар: **ақпараттық-коммуникациялық, STEAM, 4к моделі, интеллектуалды дидактикалық ойындар: Kahoot, Quizizz, Wordwall.**

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

STEAM – сыни ойды, зерттеушілік құзыреттіліктері мен топтағы жұмыс дағдыларын дамыту құралы ретінде бірнеше пән саласы кіретін жаңа білім беру технологиясы.

STEAM аббревиатурасы келесідей тарқатылады: S-science, T-technology, E-engineering, A-art және M-mathematics. Ағылшын тілінен аударғанда ол, келесідей дыбысталады: жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерлік өнер, шығармашылық, математика. Тізбектелген пәндер заманауи әлемде ең талап етілетін пәндер болып табылады. Сондықтан STEAM жүйесі заманауи және перспективті трендтердің бірі ретінде дамиды. STEAM – білім беру пәнаралық және қолданбалы тәсілді қолдануға, сондай-ақ барлық бес пәнді бірыңғай оқыту сұлбасына кіріктіруге негізделеді.

STEAM білім беру мақсаты: оқушылардың жоғары ұйымдасқан ойын дамыту мен алған білімдерін жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия, математика мен өнер сияқты пәндерде жобалық оқыту арқылы тиімді қолдануға оқыту болып табылады.

XXI ғасыр дағдылары немесе 4К дағдылары әртүрлі деңгейлерде белсенді талқыланып келе жатқан мәселе. Осы тұжырымдаманың мәні мынау: индустриалды дәуірде сауаттылықты анықтайтын негізгі факторлар оқу, жазу және арифметика болды. Ал XXI ғасырда негізгі бағыт сыни ойлау, өзара әрекет пен коммуникацияға қабілеттілік, ісіне шығармашылықпен қарау жағына ауысады. Сонымен, болашақ 4К арқылы келесі негізгі дағдылар қалыптастырылады:

- коммуникация;
- кооперация;
- сыни ойлау; (критическое мышление)
- креативтілік.

Мобильді оқыту электрондық және қашықтан оқытумен тығыз байланысты, айырмашылығы тек қандай мобильді құрылғыларды пайдалануында болып табылады.

Socrative – ол оқу орындарында сабақ үстінде тестілеу жүргізуге арналған онлайн-сервис. Осы сервис тез арада сөзжұмбақтар жасауға, дауыс беруге, сауалнамалар мен тестілер өткізуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Socrative нақты уақытта тестілеу нәтижелерін тез қарау мен тек топтың емес, сонымен қатар әрбір білім алушының жетістігін бағалауға мүмкіндік береді. Бір уақытта 50 адамнан тест алуға болады.


Socrative дидактикалық құндылықтары:

- Оқушылардың біріккен шығармашылығы;
- Оқу пәнін өз бетімен оқу мүмкіндігі;
- Оқу мәселесіне тереңдеп кіру;
- Орындалған тест, құрастырылған тапсырмалар сапасы тікелей оқылатын

материалға байланысты.

Бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруды іске асыру үшін «Дүниетану» мен «Жаратылыстану» пәндерінде электрондық ресурстарды пайдаланып орындайтын әдістемеміздің негізі болып табылатын **тапсырмалар үлгісін ұсынамыз**.

Kahoot – ол ойын түріндегі оқыту платформасы, оны мектептер мен басқа оқу орындарында білім беру технологиясы ретінде пайдаланады. «Kahoots» оқыту ойындары көптеген таңдаулары бар викторина болып табылады, ол пайдаланушыларды белсендіруге мүмкіндік береді және ол веб-браузер арқылы қолжетімді. Осы сервисті оқушылардың білімін тексеру үшін, сынып сабақтарындағы формативтік бағалау үшін немесе үзіліс үшін пайдалануға болады.




Сурет – 2

Wordwall интеллектуалды алаңы

Мысалы, 3-сынып «Жаратылыстану» пәні бойынша «Жер сфералары дегеніміз не?» тақырыбы бойынша білім алушылардың интеллектуалды мәдениетін қалыптастыру мақсатында төмендегі тапсырманы ұсынуға болады. <https://wordwall.net/resource/27621885>.

Quizizz – ойын түрінде оқытуға арналған платформа, ол кез келген оқу пәні мен кез келген жастағы адамға жарамды. Осы сервис педагогқа өз тестілерін жасауға, оларды редакциялауға мүмкіндік береді, сондай-ақ топты жақсырақ басқаруға, әрбір білім алушының жеке жұмысын қадағалауға мүмкіндік береді (барлық білім алушыларға бірдей тапсырма беріледі, бірақ әрқайсысы өз құрылғысында тапсырма кездейсоқ дәйектілікпен әртүрлі беріледі және әрқайсысы өз құрылғысында өзіне тән қарқынмен жұмыс істейді).

«Дүниетану» пәні барысында «Су тіршілік көзі» тақырыбын бекіту үшін алаң платформасында тест жүргізсек болады. <https://quizizz.com/join?gc=39953829>



Сурет – 3

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалды мәдениетін қалыптастыруда электронды ресурстардың маңызы зор. Біз бастауыш сыныптарда оқыту үдерісінде электронды ресурстарды қолданудың теориялық негіздерін қарастырдық, оқушылардың интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыратын электрондық ресурстар түрлеріне сипаттама берілді. Бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруда электрондық ресурстардың түрлерін заралап қолдану оның жетекші факторы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2010.
- 2 Энциклопедиялық сөздік. 1-том (А-И) – 495 б. ISBN: 978-601-04-3230-7.
- 3 <https://kk.wikipedia.org/wiki>
- 4 Аристотель. Сочинения.: в 4 т. – М., 1975. – Т 1. – 330 с.
- 5 Сократ. Сочинения.: в 4 т. – М., 1979. – 207 с.
- 6 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1992. – 112 б.
- 7 Яссауи Ходжа Ахмет//Казахстан. Национальная энциклопедия. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. — Т. V. — ISBN 9965-9908-5-9.
- 8 Дулатұлы М. Шығармалары: мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1997 – 345 б.
- 9 Cattell R. "Description and measurement of personality" – Yonkers-on-Hudson, N.Y., World book company -1946.
- 10 Лазурский А.Ф. О влиянии различного чтения на ход ассоциаций: (Эксперим. исслед.) / Соч., Казань, 1900. — 35 с.
- 11 Мoiseев Н. Н., Иванюков Ю. П., Столярова Е. М. Методы оптимизации. М.: Наука, 1978.- 352 с.

ӘОЖ 372.881.111.1
МРНТИ 16.01.45

Сәдуақас Г.Т.

п.ғ.к., қауымд. профессор

Нуржанова В.А.

Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 2-курс магистранты

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ЖАСАНДЫ ТІЛДІК ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Аннотация

Мақалада бастауыш сыныптарда ағылшын тілін «жасанды тілдік орта» қалыптастыру арқылы оқытудың теориясы, тәжірибеде қолданылу гипотезалары мен тәсілдері сипатталады. «Жасанды тілдік орта» қалыптастырудың негізгі әрекеті тілді табиғи меңгерудің үйренуден айырмашылығы сипатталады. Жасанды тілдік орта қалыптастырудың мәні, оның мақсаты және маңыздылығы теориялық тұрғыдан дәлел табады. Сонымен қатар мақалада бастауыш сынып оқушыларының тілді арнайы тілдік ортада нәтижелі меңгеруі үшін психо-физиологиялық дамуы мен әлеуетінің тиімділігі туралы баяндалады. Бастауыш сыныптағы ағылшын тілі пәні мұғалімінің жасанды тілдік орта қалыптастырушысы ретінде жүзеге асыратын қызметтері жүйеленеді.

Түйінді сөздер: тілдік орта, жасанды тілдік орта, бастауыш сынып, ағылшын тілі, психо-физиологиялық әлеует, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, аудиолингвальді және аудиовизуальді материалдар.

Аннотация

В статье описываются теория, гипотезы и подходы к изучению английского языка в начальных классах путем формирования "искусственной языковой среды". Основное действие формирования "искусственной языковой среды" характеризуется отличием естественного овладения языком от усвоения. Сущность формирования искусственной языковой среды, ее цель и значение находят теоретическое подтверждение. Также в статье рассказывается об эффективности психо-физиологического развития и потенциала младших школьников для продуктивного овладения языком в специальной языковой среде. Систематизируется деятельность учителя английского языка в начальной школе как создателя искусственной языковой среды.

Ключевые слова: языковая среда, искусственная языковая среда, начальный класс, английский язык, психо-физиологический потенциал, учитель английского языка, аудиолингвальный и аудиовизуальный материал.

Abstract

The article describes the theory, hypotheses and approaches to learning English in primary school through the formation of an "artificial language environment". The main effect of the formation of an "artificial language environment" is characterized by the difference between natural language acquisition and learning. The essence of the formation of an artificial language environment, its purpose and meaning are theoretically confirmed. The article also describes the effectiveness of psychophysiological development and the potential of primary school students for productive language acquisition in a special language environment. The activity of an English teacher in primary school as a creator of an artificial language environment is systematized.

Keywords: *language environment, artificial language environment, elementary class, English, psychophysiological potential, English teacher, audio-lingual and audiovisual material.*

Жасанды тілдік орта (бұдан әрі ЖТО) шет тілінде орындалатын әрекеттер мен міндеттердің жүзеге асырылатын кеңістік болып саналады, ағылшын тілінде бұл «language rich environment» - «тілге бай орта» деп аталады. Тілге бай орта – бұл тілді меңгеру процесі жүретін орта. Шет тілін оқытатын бастауыш сынып мұғалімі ЖТО қалыптастыру арқылы оқытудың тиімділігін арттыра алады. Шет тілін меңгеруді оқудың бастапқы кезеңі - бастауыш мектеп жасынан бастаған дұрыс, өйткені оқушы оқытудың келесі кезеңдерінде шет тілін тереңірек үйренуі үшін қажетті білімдерді оңай, жылдам әрі тиімді игереді. Білім берудің үш тілді жүйеге біртіндеп қадам басуына байланысты оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту проблемасымен қатар, осы пәндер оқытылатын негізгі тілі ретінде ағылшын тілін оқыту проблемасы туындады. Ағылшын тілі 2015 жылдан бері бастауыш сыныптан бастап тілдік пән ретінде оқытылып келеді. Алайда оқу бағдарламасы белгілі бір тақырып аясында жеке сөздердің аудармасын жаттап, тіл теориясының грамматикалық ережелерін жаттату әдістерінен әрі аса алмай, тілдің негізгі қызметі – оның коммуникативтілік құзіреті жүзеге асырылмай жатыр. Бастауыш сынып оқушысы ағылшын тілінде қарпайым сұрақтарға жауап бере алмайды, көп жағдайда айтылған ойдың мағынасын түсіне бермейді, өз ойын дұрыс сөйлем формасында жеткізе алмайды. Тіл – қоғамның қарым-қатынас кілті бола тұра оған екіншісі бірі қолы жете бермейді деген стереотип қалыптасып, адамның жасы ұлғайған сайын оның бойында үлкен комплекс туындатады. Кез келген шет тілін өзінің табиғи сөйлеу ортасында үйрену арқылы сол тілді еркін меңгеріп шығуға болатындығы феномені ғылыммен дәлелденсе де, қоғамда бірнеше тілді еркін меңгерген тұлғалар әлі күнге дейін таң қалдырып, аса қызығушылық туындатады. Бұл арнайы тілдік орта жағдайына түсіп, тілді табиғи түрде қабылдауынан шыққан нәтиже. Тілдің табиғиға ұқсас жағдайлары жасанды түрде мектептің ағылшын тілі сабағында ұйымдастырылса, болашақта ғылымның тілін еркін түсініп, әлемдегі заманауи ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарына қазақ балаларының да еркін қол жеткізе алуына мүмкіндік береміз. Өйткені, тілді білу ол сөздердің баламаларын білу ғана емес, бұл респонденттер өз ойларын, сезімдері мен идеяларын бөлісетін және ауызекі тіл аясында өмір сүретін күрделі қарым-қатынас процесінде оқушы тілдік кедергіге назар аудармай, өзінің негізгі идеяларын білдіре алу мүмкіншілігін атайды.

Тілдерге бай жасанды ортада ағылшын тілін оқыту әдісі тіл білімінде белгісіз немесе жаңа әдіс емес. Бұл – тілді ана тілдерімен бірдей деңгейде үйренудің өзіндік тәсілі. Арнайы тілдік атмосфераны құрудың басты себебі – тілдік жағдайларды барынша табиғиға жақындату. ЖТО қалыптастыру үшін ағылшын тілін оқыту әдістемесі кешенді түрде оқушының тілдік ортаға енуімен қатар оның жас ерекшелігіне, психо-физиологиялық даму деңгейіне, ағылшын тілі мұғалімінің тілдік дайындық деңгейі мен сабақ мазмұнынан тыс қарым-қатынаста да ағылшын тілін еркін меңгере алу әлеуетін қамтитын кешенді іс-әрекеттер жиынтығын құрайды.

Зерттеу жұмысымызда оқушылардың ағылшын тілін еркін меңгеруіне мүмкіндік беретін тілдік орта қалыптастырудың ғылымға және жеке тұлғаның психо-физиологиялық даму процесіне негізделген теориялар мен тәжірибе жүзінде нәтижелі әдістерді, гипотезаларды басшылыққа алатын боламыз.

Шетел тілін оқытуды көптеген мұғалімдер, әдіскерлер мен ғалымдар (Т.Л.Алексеева, Ш.А.Амонашвили, М.З.Биболетова, Т.В.Бузмакова, Н.В.Добрынина, Г.И.Воронина, Е.А.Глухарева, М.Ибука, Е.А.Ленская, А.А.Леонтьев, Е.И.Матецкая, Е.И.Негневицкая, Е.Ю.Протасова, О.В.Русакова, Т.А.Чистякова, В.В.Шебедина т.б.) қарастырған. Сонымен қатар ЖТО-ны зерттеу бойынша И.А.Орехованың [1], Д.Н.Асанованың [2], Н.А.Малкинаның [3], Ш.А.Амонашвилидің, Н.Ю.Черепованың [4] жұмыстарын, Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, В.А.Петровский [5] құрастырған дамытушы орта қалыптастыру

концепциясын, Л.А.Максимованың [6] эмоционалды-дамытушы ортасын зерделедік. «Екінші тілді меңгерту» ("Second Language acquisition") [7] теориясының авторы С.Гасс еңбектерін, тілді табиғи меңгерту тәсілі теориясының негізін қалаған С.Крашеннің [14] еңбектерін саралай келе, ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап тиімді оқыту мақсатында ЖТО қалыптастыру үшін ғылыми тұрғыдан негізделіп, дәлелденген тәсілдерді қарастырдық.

Көптеген зерттеушілер мен әдіскерлер балаларға шет тілдерін оқытуда тілдік оқыту ортасын қалыптастырудың маңыздылығын басты назарға алады. Белгілі педагог Ш.А.Амонашвилидің тұжырымдамасы бойынша тілдік орта жас баланың миында жаңадан қалыптасып жатқан икемді табиғи сөйлеу механизмдерін «іске қосады». Дұрыс ұйымдастырылған ЖТО жағдайында баланың сөйлеу дағдылары мен қабілеттері жылдамырақ, әрі нәтижелі қалыптасады және сол сөйлеу дағдылары мен қабілеттері берік әрі икемдірек бола түседі. Тілді тек қана түсіну қажет, өн бойымыздан өткізіп, өз ойымызды жеткізу үшін тиімді пайдалана алуымыз қажет. Шет тілін меңгеру үдерісі оқушының тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын бір-бірімен байланыстыра отырып кешенді дамытатын іс-әрекеттер жиыны десек те болады. Оқылым мен жазылым дағдыларын қалыптастыру үшін ең алдымен ауызша сөйлеу дағдыларының негіздерін меңгертіп, одан әрі дамыту қажет. Заман ағымына сай білім беру технологиялары мен әдістерін ағылшын тілін оқыту мақсатында пайдаланып қана қоймай, жақсы нәтиже шығару үшін оқушылар тілді терең түсініп, еркін меңгеруі үшін қолайлы жағдай тудыратын арнайы ағылшын тілінің тілдік ортасын қалыптастыру қажеттілігінің маңызы зор.

Біз, ең алдымен шет тілін барынша сол тілдің табиғи ортасына ұқсас орта қалыптастыру арқылы оқытуда біраз ізденушілік жұмыстарды зерделей келе осы әдістеменің ғылыми әдебиеттерде балама атаулармен (дамытушы тілдік орта, оқытушы тілдік орта, пара орта, лингвистикалық орта, т.с.с.) айтарлықтай жан-жақты зерттелгенін байқаймыз және олардың ортақ мағынасын жүйелеуді жөн санаймыз. Ол үшін «жасанды тілдік орта» ұғымына ғалым-зерттеушілердің берген келесі анықтамаларын қарастырғанды жөн көрдік:

- «Жасанды тілдік оқыту ортасы» деп Д.Н.Асанова кеңістіктік-заттай, технологиялық және әлеуметтік компоненттердің ағылшын тілі сабақтарында және сабақтан тыс уақытта шеттілдік қарым-қатынас қабілеттерін меңгеруге ықпал ететін және сәйкес көңіл-күй қалыптастыратын, оқушылардың пәндік белсенділігін қамтамасыз ететін жиынын атайды. [8]

- «Қазақ әдеби тілінің анықтамалығында» тілдік орта деп – лингвоэкологиялық зерттеудің түпқазығы болып саналатын қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялы, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығын атаған. [9]

- О. Горбатенко анықтамасында: тілдік орта қалыптастыру деп күнделікті жаттығуларды оқытылатын тілде мүмкіндігінше көбірек орындау. Ағылшын тіліне «бойлатуға» көбірек уақыт арнаған сайын нәтижесі тезірек білінеді. Сонымен қатар ана тілін мүмкіндігінше азырақ қолданған дұрыс деп санайды. [10]

- Әдіснамалық терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігіне сәйкес (құрастырған Э.Г.Азимов, А.Н. Шукин) – тілдік орта - бұл «белгілі бір аумақта тұратын, жалпы тіл мен мәдениетке негізделген адамдардың тарихи қалыптасқан ұйымы».[11]

Екінші тілді меңгеруді «Second Language acquisition» деп атап зерттеген американдық лингвист, профессор Сюзан Гасс екінші тілді оңай әрі табиғи түрде оқытуға бағытталған зерттеулер жүргізіп [12], бірнеше оқулықтар мен ғылыми зерттеу жұмыстарының мазмұнында: «Екінші тілді ана тілін білгендей деңгейге жетудің нақты бір жас шекарасы болмайды. Жалпы алғанда жас ұлғая келе екінші тілді меңгеруге қажетті қабілеттер бәсеңдеуі мүмкін. Алайда Хилтенстам мен Абрахамсонның (2003) [13] тұжырымдамасы бойынша тек қана жас балалар ана тіліндей деңгейде меңгере алады яғни, екінші тілді жасөспірім шаққа дейін (тіпті 6 жасына дейін) арнайы тілдік ортаға түсіп меңгерген балалар екінші тілді өз ана тіліндей деңгейде білетін болады. Олардың пайымдауынша бұндай оқушылар «өзге тілдік ақпаратты қабылдау шегінен асатын шеберлік деңгейіне жетіп, жергілікті тұрғындарға ұқсас етеді» деп жазады.

Оңтүстік Калифорния университетінің лингвистика профессоры Стивен Крашен 1970-1980 жылдары «екінші тілді меңгеру» (Second language acquisition) теориясын оның бастапқы кезеңінде дамытудың теориялық принциптерін қалыптастырды. Оның қолданбалы лингвистика бойынша жасалған 500-ге жуық жұмысының негізгі идеясы кез-келген тілді тиімді үйрену үшін оны табиғи

түрде үйрету қажеттілігін дәлелдейді. Оның «Естественный подход: усвоение языка в классе» және «Принципы и практика в усвоении второго языка» кітаптарында екінші тілді меңгерту үшін табиғи тәсілдердің негізгі шарттарын айқындайды. Крашеннің екінші тілді оқушыға еш қиындықсыз меңерту бойынша ұсынған бірнеше гипотезаларын саралап, түйіндей келе, кез келген тілді меңгеру үдерісінде тілді бейсаналы түрде меңгеру саналы түрде оқудан басым түссе, оқушы берілетін ақпаратты қабылдау арқылы сөздің грамматикалық формасынан гөрі, оның мағыналық мәніне көңіл бөлген жөн деп ой ұжырымдаймыз. Крашеннің шет тілін оқытудағы табиғи тәсілдің негізгі мағынасы осы тұста – «шет тілін оқытудың ең тиімді тәсілі деп оқушыға түсінікті әрі жайлы ортада және расымен де оқушыға қызықты болатын ақпарат ұсынатын тәсіл» деп ой қорытады. [14]

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, оқушының шет тілін өз деңгейінде түсініп, сауатты оқып, жазып, өз ойы мен қажеттіліктерін түсіндіре алатын деңгейге дейін жеткізіп, одан әрі ізденуіне жол салу – осы тілді оқытатын ұстаздың үздіксіз еңбегі мен шеберлігінде екені шүбәсіз. Ол үшін мұғалім міндетті түрде ағылшын тілін ең жоғарғы деңгейде біліп, шетелде біраз уақыт тұрып келуі шарт емес. Ең басты шарт – балаға шет тілін ешқандай аудармасыз түсіндіріп, өзінің туған тіліндей тең дәрежеде меңгерте алуы тиіс. Ғалымдардың зерттеу жұмыстарын саралай келе, зерттеу жұмысымызда шет тілін «оқыту» әрекетінің орнына, «меңгерту» әрекеті деп атауды жөн санаймыз. Өйткені тіл дегеніміз – өздігінен өмір сүретін организм, ол қоғам бар жерде, жанды қарым-қатынас бар жерде өмір сүреді, адамның түрлі кейпін сипаттап, түрлі сезімдерін жеткізетін бірден бір меңгерілетін тірі құрал. С.Крашеннің шет тілін табиғи үйрену теориясының бірінші гипотезасы [14] тілді үйрену мен тілді меңгерудің айырмашылығын ажырата білуден басталады. «Меңгеру» тәсілі бойынша бір нәрсені саналы түрде жаттау қажеттілігі болмайды. Ақпарат бейсаналы түрде қабылданады. Кішкентай балалар осы тәсіл арқылы ана тілін үйренеді: білімді әдейі емес, сана деңгейінде қабылдайды. Ал тілді «үйрену» деп белгілі бір ақпаратты есте сақтау үшін немесе түсіну үшін белгілі бір күш салып, мақсатты түрде білім алуды атайды. Крашен бұл тәсіл жаттығу жасауда, жаңа сөздерді жаттауда, грамматиканы талдағанда жақсы нәтиже көрсеткенімен, тілді меңгеру тәсілі арқылы тілді механикалық түрде оқудан гөрі, табиғи қабылдау арқылы оқуға көбірек көңіл бөлген дұрыс деп санайды.

ЖТО-ны белгілі бір қойылым деп алатын болсақ, мұғалім мен оқушылар басты рольдегі кейіпкерлер болып табылады және олар өздерінің қарым-қатынас қабілеттерін шет тілінде жүзеге асыру үшін тек ағылшын тілінде сөйлей алады. Мұғалім тек ағылшын тілінде сөйлеу арқылы сабақта ерекше әлеуметтік-мәдени атмосфера орната алады. Ағылшын тілі шет тілі болудан қалып, қызықты қарым-қатынас құралына айналады. Мұғалім грамматикалық ережелерді оларды «аудармай» түсіндіреді. Ғылымда бұл әдіс индуктивті әдіс деп аталады. Оқушылар мысалдарды өз бетінше талдайды және белгілі бір грамматикалық құрылым және оны белгілі бір жағдайда қолдану туралы өз тұжырымдарын жасайды. Мектептегі ағылшын тілін оқыту үдерісі ана тіліміздегі табиғи тілдік ортадан тыс жүруі қажет, яғни ағылшын тілі пәнінің оқытушысы оқушылармен сабақ барысында және сабақтан тыс тек қана өзі қалыптастырған арнайы тілдік орта ережелерін ұстанғаны жөн. Мұғалім оқушыны мектеп жағдайында тілді табиғи тәсілмен меңгере алу шеберлігін шыңдай түсіп, арнайы ЖТО-мен қоршап, оқушыны байқатпай бейсаналы түрде ағылшын тіліндегі сөздер мен сөз бірліктерін айтылым барысында еркін түсініп өз сөзінде еркін пайдалана алуына қолайлы жағдай тудырады. Білім беру кеңістігін материалды мәдениеттің, шеттілдік тұрмыстың бірліктерімен байытып, арнайы тілдік *жасанды тілдік орта* қалыптасады.

Қоғам орта мектеп оқушыларының ағылшын тілінің білім деңгейімен қанағаттанбай отыр, сондықтан ағылшын тілін мектепке дейін немесе бастауыш сыныптан бастап оқыту қажеттілігі зор. Өйткені дәл осы жаста оқушы екінші, үшінші тілді меңгеру үшін қолайлы кезең орын алады. Шет тілін меңгеру – өте ұзақ үдеріс, сондықтан оның үйрене бастайтын нақты мерзімді жіберіп алмай осы ұзақтық пен жиілікті сақтап отырған дұрыс. Ағылшын тілін ерте жастан оқытуды зерттеген А.Н.Утехинаның [15] пікірінше 5-8 жас аралығы тілді меңгеру үшін «алтын кезең» болып саналады. Осы жастағы бала ана тілінің жүйесін жеткілікті деңгейде меңгеріп үлгерген, баланың есте сақтау қабілеті мен түйсігі, танымдық қабілеттері, кез келген ақпаратты жеңіл әрі тез есте сақтау қабілеттері, имитацияға икемділігі мен саналы түрде оқу қабілеттері қалыптасып үлгереді. Бұл жастағы бала ұзақ уақыт бойы назарын бір бағытқа аудара алады, оқыту іс-әрекетін мақсатты түрде орындау мүмкіндігі пайда болады және жеткілікті лексикалық сөздің қорын меңгереді.

Ерте мектеп жасында шет тілдерін үйренудің, біздің ойымызша, оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі мүмкіндіктеріне байланысты бірқатар маңызды артықшылықтары бар. Адам өзіне таныс іс-

әрекетті орындау кезінде іс-қимыл арқылы белсенді атсалысқанда сол әрекеттерге сәйкес білім, білік, дағдыларды меңгеру сапасын едәуір арттырады. Ерте жастан бастап, мидың тілді қабылдауының сөйлеу матрицасының мүмкіндіктерін қолдана отырып, бала ағылшын тілін шет тілі деп танымастан меңгеруі керек, ағылшын тілінің грамматикалық құрылымының негізі мида оңай сақталатын кезеңді ұтымды пайдалану керек. Осылайша бір жас шамасында қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдеріне жеке бойлату арқылы табиғи полилингвизмді қалыптастыруға болады. Ұлы ұстаз А.Байтұрсынұлы айтқандай: «Тіл білімі ереже жаттау түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс» деген сөзін еске ала отырып, оқушы ағылшын тілін тақпақ жаттағандай «оқыту» үдерісі мен ана тілі ағылшын тілі болып саналатын тұлғамен пара-пар тең дәрежеде сөйлей алатын деңгейде білуі үшін тілді «меңгеру» үдерістерінің айырмашылығы бар. Біріншісінде тілдің жекелеген элементтері мен грамматикалық құрылымы автоматты түрде жаттатылады, тілді білу үдерісі аударма арқылы жүзеге асады. Ал екіншісінде тілді білу барынша табиғи үдеріске жақындатылып, тіл білудің ең маңызды қызметі – қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туады, сөйлеу еркіндігі беріледі және ең бастысы – миға ауыр күш түсіретін ана тіліне аударманы қажет етпейді.

Зымыраған уақыт ағымы ғылымның дамуы мен жаңалықтар ашуына кедергі бола алмайды. Десе де ғылымда адам миының атқаратын қызметінің сан алуандығы мен бірнеше күрделі әс-әрекетті орындай алу әлеуетін әлі де болса ғылыми тұрғыдан толықтай зерттей алмай келеміз. Физиологтардың пайымдауынша «баланың эндокриндік бездерінің мерзімдік даму кезеңдері мен мидың биологиялық сағаты болады. Тоғыз жасқа дейінгі бала (бастауыш сынып оқушысы) – тілді меңгеру маманы болып табылады. Осы жас кезеңінен кейін сөйлеудің ми механизмдерінің икемділігі төмендеп, жаңа жағдайларға оңай бейімделіп кете алмайды [18]. Баланың миында шет тіліне өзіндік қабілеті болады, бірақ жасы өсе келе ол қабілет азаяды. Дүниеге келгеннен 8-9 жасқа дейінгі кезең шет тілін меңгеру үшін «сиқырлы кезең» («волшебный возраст») деп аталып кетті. Адам есейе келе оның миы бірнеше тілді нашар қабылдай бастайды. Осы бір кезеңді ұтымды пайдалану мақсатында балаға тәжірибе жүзінде бірнеше тілді күнделікті қарым-қатынаста тыңдатып, айтқызып, қайталатып отыру арқылы сол тілдің мидағы тілдік картасын қалыптастыруға болады. Бірақ бала бірнеше тілдің тілдік кодын шатастырмауы үшін әр тілді белгілі бір уақытта ғана, белгілі бір жағдайда және белгілі бір тұлғамен ғана пайдаланады. Осыдан келе әрбір жаңа тілді оңай енгізу үшін ең бастысы өзге тілдің ортаға аударма тілі ретінде араласпауы қажет, араласқан жағдайда тәжірибе оңынан шықпай, бала да тілдерді араластырып сөйлейтін болады. Қазіргі таңдағы орта жастан асқан адамдардың да балаға жастайынан басқа тілді сөйлетпей, есі кіріп, ақыл тоқтатқан кезеңіне дейін өзге тілді үйретуге деген қарсылығын білдіріп жатуы да орынды. Өйткені заманның озығы бар, тозығы бар демекші, тілдерді оқытамын деп ортада сөздің мағынасын аударып беру үшін немесе еріксіз түрде бірнеше тілді сапырылыстырып сөйлеу арқылы оң нәтиже беруі тиіс болған әдістеменің орындалу принципін қолдан өзгертіп аламыз. Осыдан келе бірнеше тіл араласып оқытылған бала бірнеше тілді бір-бірімен араластырып сөйлеп, тіл тазалығын сақтамайды. Біздің зерттеу жұмысымызда да көзделетін басты мақсаты да осы – нәтижелі ағылшын тілін меңгерту үшін тек қана ағылшын тілінде сөйлеп, сабақтың тақырыбын ашу үшін, оқушының қызығушылығын тудырып, өшіріп алмау үшін арнайы ЖТО қалыптастыруды көздейді.

Сабақтың барысы еш аудармасыз тек қана ағылшын тілінде жүргізіледі, тақырып бойынша таныстырылатын сөздер мен сөз тіркестері еш аудармасыз, аудиолингвальді және аудиовизуальді көрнекіліктер арқылы беріледі. Оқыту барысында инновациялық технологияларды пайдалануға ерекше мән берілгенімен, оның дидактикалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілмеу салдарынан тілді коммуникативті құрал ретінде пайдалану тәжірибесінде жеткілікті дәрежеде қолданыс таппай отыр. Заманауи ағылшын тілінің оқулықтары міндетті түрде аудио, ал кейбірі видео материалымен бірге ұсынылады. Мұғалім ағылшын тілінің маманы болғанымен де бәрібір оның екінші тілі болып табылады, сондықтан мұғалімнің кейбір олқылықтарын оқушы да өзіне қабылдап алуы мүмкін. Бала жастайынан ересектерге еліктеу арқылы өседі, дамиды, сөйлейді. Демек әр сабақта тыңдалатын аудио материал арқылы оқушының ағылшын тіліндегі тыңдалым және дұрыс дыбыстау қабілеттерін қалыптастыру арқылы тілде дұрыс сөйлеу қабілетін дамытамыз. Бастауыш сынып оқушысының ағылшын тілін меңгеруге деген қызығушылығын үнемі арттырып отыру қажет. Өйткені жат тілдегі үздіксіз аудио ақпарат біраз уақыттан соң оқушыны жалықтырып жіберуі де мүмкін, сондықтан аудиовизуальді материалдың да, ондағы диалогтар мен жағдаяттарды

қайталайтын дидактикалық ойындар оқушының мотивациясын арттырмаса, жоғалтпайды. Байқап отырғанымыздай ағылшын тілінің әр сабағы белсенді және үнемі оқушының қызығушылығын бірқалыпты ұстап тұратындай ритммен өтуі қажет. Кабинеттің табалдырығын аттаған оқушы өзге әлемге – ағылшын тілі мен мәдениетінің әлеміне еніп кетуі қажет. Бұл сыныпта дәстүрлі көрнекі құралдан бастап, ұсақ-түйекке дейін (қабырғаның түсі, парталардың өзгеше орналасуы, Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия елдердің тулары және т.б.) қамтылуы қажет, яғни басқа сыныптардан өзгеше орналасқаны дұрыс. Қабырғаға ағылшын тілді елдер туралы жалпы көрнекіліктермен қатар белгілі бір сабақ модуліне қатысты көрнекіліктер келесі модульге ауысқанша ілініп тұрғаны дұрыс. Сонымен қатар, сабақ мазмұнынан тыс қарым-қатынаста пайдаланатын ағылшын тіліндегі тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемдері жазылған плакаттар ілсе болады. Мысалы: *Yes you are right. I agree with you! Good job! Well done! - Sorry to disagree with you. I'm afraid you are wrong. Try it one more time! - Hello! What's up? – Not much! Hi! Hi here! How are you all doing? - Bye! Take care! See ya! See you later! See you next time!*

Бастауыштан шыққан оқушының ағылшын тілін еркін түсініп, өз ойын жеткізетін оқушы өте сирек кездеседі. Оның себебі әрине оқыту әдістемесінің сол баяғы жүйедегі тәсіл арқылы, яғни оқушыға тілді аударып беру тәсілімен жүзеге асырылуында. Қазіргі қазақстандық мектептерде ағылшын тілі көп жағдайда аударма тәсілі арқылы оқытылып келеді. Осыдан келе оқушы сыныптан сыныпқа көше келе оған аударуы қажетті сөздік қоры көбейе түсіп, ағылшын тілін коммуникациялық қызмет құралы ретінде емес, толып жатқан аудармалар тілі ретінде қабылдап, бірте-бірте тіл үйренуге деген құлшынысы бәсеңдейді. Тіпті үйге тапсырма ретінде белгілі бір сөздердің тізімі беріліп, солардың аудармасын жаттап келу тапсырмалары да ең көп тараған. Алғыр оқушылардың өзі берілген сөздердің аудармаларын жаттап алған күннің өзінде ол сөздерді өзінің тілдік қорында қайтадан пайдалануы екіталай. Өйткені, жеке-жеке сөздер – жай ғана сөз бірліктері, жеке-дара ешқандай коммуникативтік жүгі жоқ әріптер тізбегі десек те болады. Ал егер тапсырма ретінде берілген белгілі бір тілдік конструкция – мысалы сөйлем ұсынылса, сол конструкцияны жақсы меңгерген бала келешекте сөздердің орнына өзі қажет деп таныған сөздерді қолдана отырып, тілдің нағыз коммуникативтік қызметін пайдалана алады, яғни ағылшын тілінде сөйлей алады. Аударма ісін меңгерген маман ретінде тілдік бірліктерді бір тілден екінші тілге аудару үдерісінің мидың қызметіне аса үлкен күш түсіретінін атаған дұрыс деп санаймын. Француз лингвисті, аудармашы Даниэль Жильдің [17] моделі бойынша синхронды аударма кезінде аудармашының миы 3 қызметті қатар орындайды: түпнұсқа тіліндегі сол сәтте айтылып жатқан сөздің фрагментін қабылдайды және өңдейді, айтылған сөздердің алдыңғы бөліктерін есіне сақтай отырып, аударма тілінде балама хабарлама тудырады. Ағылшын тілін аударма тәсілі арқылы оқып үйренген баланың миы өте күрделі процесстерді атқаруына мәжбүр болады да, ағылшын тіліне деген негативті көзқарас қалыптастырады. Аудармадан құтылу үшін сурет мысалда келтірілген мазмұнда бірнеше суретті ұсынып, ондағы кейіпкер мен оның іс-әрекетін сипаттау арқылы оқушы белгілі бір грамматикалық мақсатты көздейтін бірнеше сөйлемдерді еркін құрастыра бастайды. «*The cat*» сөзін «*dog-um, girl-қыз, boy-ұл, flower-гүл*» т.с.с., сын есімді кейіпкерге қатысты сын есімге, «*drink*» етістігін кейіпкердің іс-әрекетін сипаттайтын етістікке ауыстыру арқылы, мысалы: «*play-ойнау, jump-секіру, read-оқу, smell-иіс шығару*» т.с.с. етістіктерді пайдалану арқылы нақ осы шақтың жасалу үлгісін еш ереже түсіндірусіз меңгеріп түсініп алады.

Оқушыларды табиғи мәдени тілдік ортаға бейімдейтін оқыту құралдарына тең түпнұсқалық материалдар жатады, мысалы, түпнұсқадағы әдеби, бейнелік, музыкалық шығармалар, күнделікті өмірде пайдаланатын заттар (киім, жиһаз, ыдыс-аяқ, т.б.) және олар бейнеленген көрнекілік материалдар жатады. Бұл тізімге күнделікті пайдаланатын бір реттік материалдарды қосуға болады, мысалы: жол жүру немесе кинотеатр билеттері, театрлық немесе басқа да бағдарламалар, этикеткалар, меню, шоттар, карталар, жоспар-схемалар, жарнамалық буклеттер мен сауда, туризм немесе демалыс каталогтары, т.с.с. прагматикалық материалдар пайдалануға болады. Бұл материалдарды сабақ барысында қолдану арқылы олардың атауларын, оларда көрсетілген жалпы ақпаратты, сол ақпаратты басшылыққа алатын іс-әрекеттерін ағылшын тілінде айтып, сөйлеуде қолдану арқылы оқушылардың күнделікті қарым-қатынас дағдыларын, диалог құрай алу қабілеттерін дамытуға болады. Көрнекі материалдарды қолдану арқылы орындалатын оқыту әдістері әр оқушының қатысуын қамтамасыз етіп, оқу үдерісі сапасының артуына өте жақсы ықпал етеді. Тәжірибеде ғана меңгерілетін айтылым мен тыңдалым дағдылары әр баланың белсенді қатысуы арқылы және әрқайсысымен жеке-жеке сұрақ-жауап жүргізілуі арқылы мидың тілдік матрицасында

жаңа сөйлем құрау үлгілері қалыптасады. Белгілі нейрофизиолог Н.П. Бехтерева өзінің «Магия мозга и лабиринты жизни» кітабында былай деген: «Мектеп қабырғасынан-ақ бізге жазу емлесін, қосу мен көйбейтудің ережесін үйретеді, сөз тіркесін құрап, сөздерден сөйлем құрастыруды үйретеді. Осылайша ғана тілдік қарым-қатынас үлгілері мен схемалары қалыптасады, оларды мен дұрыс сөйлеу матрицалары деп атайтын едім. – Олар біздің санамызда балалық шағымызда қалыптасып, бізбен бірге өмір бойына қалады. Біздің жадымызда естеліктер мен сәйкестіктер, қоғамда және тұрмыста өзін-өзі ұстау модельдерінің де дәл осылай негізі қаланады. Қанша қайшы естілсе де бұл матрица адамның миында бейсаналы түрде орнығады» [19]. Мысалы қазақ тіліндегі сөйлем бастауышпен басталып, баяндауышпен аяқталады, екі сөйлем мүшесінің ортасында анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш белгілі бір ретпен орналасады. Ағылшын тіліндегі сөйлемнің басында бастауыш, одан кейін міндетті түрде баяндауыш және одан соң сөйлемнің басқа мүшелері орналасады. Егер сөйлемдегі іс-әрекетке байланысты пысықтауыш қолданылса ол міндетті түрде сөйлемнің соңында айтылады. Мидың сөйлеу қызметін реттейтін бөлігінде осылайша және бір тілдің арнайы «қалталары» пайда болып, оқушының ағылшын тілінде дұрыс сөйлей алуына көмектесетін арнайы тілдік матрицасы қалыптасады.

Ерте бастауыш сынып оқушысының сөйлеу дағдысының күрделенуі жаңа тілдік құралдарды игерудің арқасында пайда болады, оқушы осы құралдардың көмегімен оқу үдерісінде өз сөзін нақтылап тұжырымдауды үйренеді. Балаға қоршаған ортадағы өзіне таныс заттар мен құбылыстарды атау үшін шетел сөздерін қолдану үдерісі оған өзінің ана тілінен бөлек басқа тілдік жүйенің болу мүмкіндігін түйсінуіне және ана тілі мен шет тілдерінің тілдік құбылыстарындағы айырмашылықтарға назар аударуына мүмкіндік береді. Шет тілін ерте жастан үйрену баланың психикасының дамуына, атап айтқанда, оның ақыл-ойын байытуға жағымды әсер етеді, бұл өз кезегінде негізгі таным үдерістерінің: қабылдау, ойлау, есте сақтау, қиялдың белсенді жүруіне байланысты. Бұл аспектілерді оңтайландыру көбінесе мектеп жасына дейінгі баланың психикалық даму негіздерінің жалпы контекстінде мақсаттарды, міндеттерді, оқытудың мазмұны мен әдістерін ұтымды анықтау арқылы қамтамасыз етіледі. Осы орайда жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде, жоғары сынып оқушыларына қарағанда бастауыш сынып оқушыларын ЖТО-да шет тілін оқыту аса қатты қиындық тудырмайтынын байқадық. Оқушылар коммуникативті ойындар арқылы жаңа тілге ешбір тілдік кедергісіз көшеді. Оқушыға ұсынылатын лексикалық материалдың көлемі меңгерілетін тілдер (қазақ, орыс, ағылшын) арасында біркелкі бөлінгені дұрыс, десе де ана тіліне баса назар аудару қажет. Белгілі бір тілдің лексикалық материалының көлемі бастауыш мектептің жас тобына сәйкес берілуі керек. Мұғалім сабақта еркін шеттілдік қарым-қатынасты дамыта отырып, оқушыларға көрінбейтін тілдік кедергіні жеңуге және аударманы қажет етпестен шет тілінде ойлауға көшуге көмектесуі керек. Мысалы: мұғалім алманың суретін көрсеткенде, оқушы оның ағылшын тіліндегі аудармасын есте сақтаудың орнына, "apple" деп атап отырып, нақты "алма" туралы ойлануы керек. Бір тілдік құрылымнан екіншісіне ауысу кез-келген аудармасыз біртіндеп жүру қажеттілігін көрсетті. Ағылшын тілінің ерекше фонетикасына байланысты тілді оқып үйрену барысында мұғалімнің сөздер мен фразаларды айту кезіндегі дауыс ырғағы мен бет мимикасы өте маңызды. Мұғалімнің даусы мейірімді, қарым-қатынас жасауға оңтайлы болуы керек, ал бет мимикасы жүздесуге қуанышын білдіретін, жетістікке жетелейтін тонға сәйкес оқушының қызығушылығын оятатын, сенім артарлық немесе байсалды, іскер қалыпта болуы қажет. Ол үшін ағылшын тілінің мұғалімі:

1. Ағылшын тілінде еркін және баяу ырғақта сөйлейді, сөздердің дұрыс жазылуы мен айтылуын қадағалайды. Оқушылардың сөздерді дұрыс дыбыстауы үшін түпнұсқа тіліндегі аудио материалды жиі пайдаланады.

2. Сабақ барысында өзі ғана басым спикер болмай, барлық оқушылардың сабаққа белсенді қатысып отыруы үшін жайлы жағдай туғызады.

3. Жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру үшін көрнекі құралдар, суреттер мен ойыншықтар қолданады. Мысалы, бір затты нұсқай отырып, оның қасиеттерін сипаттайтын сөздерді тіркейді: *Pen – a pen – it's a pen – it's a blue pen, to write – write with a pen – I write with a blue pen – I am writing with a pen – Are you writing with a blue pen? – No, you are writing with a red pen.* Оқушылар мұғалімнің айтқанын үнемі қайталап отыруы керек, осылайша олар бір сөз арқылы оған байланысты лексикалық қатарды кеңейтіп үйренеді.

4. Жаңа сөздерді меңгеру такпақтар мен арнайы әуенді өлеңдерді жиі қолданады.

5. Белгілі бір іс-әрекетті немесе қысқаша әндерді күнделікті орындату арқылы, оларды

оқушылар дәстүрлі түрде орындауын әдетке айналдырады. Оқушылар күнделікті айтылатын өлең-тақпақтардағы грамматикалық құрылымын есте сақтап отырады және тіл үйренуге деген сенімділігін арттырады. Мысалы, балаларға арналған өрмекші туралы тақпақ:

*The itsy bitsy spider climbed up the water spout,
Down came the rain and washed the spider out.
Out came the sun and dried up all the rain,
And the itsy bitsy spider went up the spout again.*

Мұғалім алдымен өлеңде кездесетін негізгі сөздердің суреттерін көрсетіп, ағылшын тіліндегі атауымен таныстырады: өрмекші - *spider*, жаңбыр - *rain*, күн - *sun*. Содан кейін өлеңдегі іс-әрекеттерді қимылмен көрсетеді. Осы әнді үнемі қайталату арқылы оқушылар қарапайым өткен шақта сөйлем құрауды үйренеді және оны сөйлеуде еркін қолдана алады. Сергіту сабақтарына арналған әндер олардың лексикалық бірліктері мен грамматикалық құрылымына сәйкес жаңартылып отыруы керек.

6. Оқушыларды сөйлеуге үйрету үшін логопедтер кеңінен қолданатын «өз-өзімен сөйлесу», «параллель сөйлесу» және «кенейту» әдістерін қолданады. «Өз-өзімен сөйлесу» - мұғалім өзі орындап жатқан іс-қимылын балаларға түсінікті тілмен сипаттап айтып отырады. Мысал: сурет көрсетер алдында: *I am going to show you a picture*. Сөзді дұрыс дыбыстау үшін: *I pronounce it like...* Оқушыға сөзді дыбыстату үшін: *I want you to say....* Өзінің іс-қимылын сипаттайды: *I am sitting on a chair. I am coming to you*. «Параллель сөйлесуде» - мұғалім оқушының іс-қимылын оған түсінікті тілде айтып сипаттап отырады. Мысалы: *You are repeating, you are singing, you are writing... You have pencils; you draw a picture on a paper. You did a great job at singing, drawing, etc*. Егер оқушы бір сөзді айтып тоқтап қалған жағдайда, мұғалім оның айтқан сөзіне бір-бірден сөз тіркеп, әңгімеге тарту арқылы одан әрі сөйлесу әрекетіне. Мысалы, егер оқушы "*school*" десе, мұғалім: "*our school, our school is big. I like our school*" деп толықтырады. Оқушы "*apple*" десе, мұғалім: "*Yes, an apple! A red apple. I like red apples. Do you like red apples? Or do you like yellow apples?*" Осылайша, мұғалім оқушыны бір сөзін кеңейте отырып, ана тіліне аудармасыз, сөздің лексикалық аймағын кеңейтеді.

7. Өз сөзінде қысқа және түсінікті сөздер мен сөйлемдерді қолданады. Мысалы: *Can you tell me? Let's sing. Open your books. Listen. Listen carefully. Let's repeat. Can you repeat? Very good! I like it!*

8. Оқытылатын тілге бай ортаға оқушыларды жалықтырмай бойлатудың тиімді әдистерінің бірі – ойындар мен жобалар ұйымдастыруды үнемі қолдап отырады.

9. Сабақта өзі сөйлегеннен гөрі аудио материалдағы түпнұсқалық дыбыстау үлгісін тыңдату арқылы оқушыларды негізгі сөйлеуші ролін ойнатып, олардың сөйлеу және тыңдау дағдыларын тиімді дамытып отырады.

Қорытындылай келе, ағылшын тілін ерте жастан меңгеру үздіксіз білім беру жүйесінде оқушылардың болашақта қалаған мамандығы бойынша әлемнің кез-келген беделді жоғары оқу орындарында тілдік кедергісіз жаңа білім алуына бірден-бір мүмкіндік береді деп айта аламыз. Ғылым мен білімді дамыту үдерісінде тілдік шекаралар жойылып, әлемнің озық үлгідегі оқу орындарында жалғастыру арқылы тәжірибе алмаса алуында кедергілер болмайды. Қазіргі таңда оқушылар ағылшын тілін ережелер мен жаттаулар арқылы, жеке сөздерді аудару арқылы оқытылады. Ал мектеп табалдырығын аттаған балаға жаңа тілге деген қызығушылығын ойындар мен жан-жағынан естіген сөздерді еліктеп айту арқылы меңгеру мүмкіндігін қалыптастыру қажет. Балаларға уақыт шақтарын қолдану ережелері немесе зат есімнің көпше түрін жасау жолдары түсіндірілмейді: олар сөйлеу схемаларын қабылдайды және ересектерге еліктейді, осы схемаларды өздерінің сөзінде пайдаланады, яғни ағылшын тілін өзінің ана тілін меңгерген механизмдер арқылы меңгереді. Шет тілін ерте жастан үйренудің артықшылығы осы тұста білінеді, бала екінші тілді меңгере отырып, мидың сөйлеу қызметіне жауапты сол жақ бөлігін жаттықтырады, ағылшын тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін, өлеңдер мен прозаны есте сақтау арқылы жеке тұлғалық қасиеттері дамиды. Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын бастауыш сынып оқушылары тілді ЖТО жағдайында меңгере алады. Оқушылар ағылшын тілін тек сабақ барысында мұғаліммен және басқа балалармен қарым-қатынас орнату арқылы ғана тілді естіп және белсенді түрде пайдалана алады. Осылайша сабақтар барынша ағылшын тілінде сөйлеуді құптап, мүмкіндігінше табиғи тілдік ортаға жақындағаны жөн. Осындай жағдайдағы мұғалімнің міндеті – балалармен қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін пайдалану арқылы, оқушыға тілдік әсер ету деңгейін реттей отырып шеттілдік сөйлеу кеңістігін «қалыптастырады».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Орехова, И.А. Обучающий потенциал русской среды в формировании лингвокультурно-логической компетенции иностранных учащихся: Дис. ...доктора пед.наук. / И.А.Орехова. – Москва, 2004. – 341с.
- 2 Жетписбаева, Б.А. Языковая образовательная среда: теория и практика организации самостоятельной работы студентов / Б.А.Жетписбаева, Д.Н.Асанова. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2008. – 199с.
- 3 Малкина, Н.А. Иноязычная развивающая среда и ее характеристики. Раннее обучение английскому языку : теория и практика : сб. науч.-метод. статей / Н.А. Малкина. – СПб. : ДЕТСТВО-ПРЕСС, 2004. -112 с.
- 4 Черепова, Н.Ю. Английский язык для дошкольников. Игры, песни, стихи. Метод. пос. по созданию языковой среды в детском саду / Н.Ю.Черепова. – М.: Аквариум ЛТД; К.: ГИППВ, 2000. – 72с.
- 5 Петровский, В.А. Построение развивающей среды в дошкольном учреждении / В.А.Петровский, Л.М. Кларина и др. // Дошкольное образование в России. – М., 1993. – 198с.
- 6 Максимова, Л.А. Педагогические условия создания эмоционально развивающей среды в группах детей раннего возраста : Дис. ... канд. пед. наук. / Л.А. Максимова – Екатеринбург, 2007. – 162 с.
- 7 Gass, S. M. (2013). *Second Language Acquisition: An Introductory Course*. Hoboken: Taylor and Francis. p. 414
- 8 Асанова Д.Н. Моделирование образовательной языковой среды для организации самостоятельной работы студентов. Казахстан: Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://www.rusnauka.com/ONG_2006/Pedagogica/17746.doc.htm (дата обращения: 09.12.2016).
- 9 Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы / Құрастырған: С.А.Имегұлова, А.Қ. Қожахмет. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы, 2016.-150б.
- 10 Горбатенко О. Как создать языковую среду для изучения английского языка./О. Горбатенко// englex.ru-2015. Web: <https://englex.ru/how-to-create-the-english-language-environment>.
- 11 Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам: теория и практика: Учебное пособие для преподавателей и студентов. [текст] / А.Н. Щукин – М.:Филоматис, 2010. – 327с.
- 12 Gass, S. ; Glew, M. (2008). «Приобретение второго языка и двуязычие». В Altarriba , J. ; Heredia, R. (ред.). Введение в двуязычие: принципы и процессы. Нью-Йорк: Т Эйлор и Фрэнсис Групп. ISBN978-0-8058-5135-9 . CSI maint: ref = harv (ссылка)
- 13 Гасс, Сьюзен; Селингер, Ларри (2008) . Изучение второго языка: вводный курс . Нью-Йорк, штат Нью-Йорк: Routledge. ISBN978-0-8058-5497-8 . Проверено 2011-11- 17 - через Google Книги. CSI maint: ref = harv (ссылка) открытый досту
- 14 Krashen, Stephen D.; *Principles and Practice in Second Language Acquisition*. S.D. Krashen. University of Southern California. Pergamon Press Inc., First printed edition, 1982. Print Edition ISBN 0-08-028628-3. First internet edition July 2009, pp 66.
- 15 Утехина А.Н. Иностраный язык в дошкольном возрасте. Теория и практика. Учебное пособие. 3-е издание, исправленное. М.: Флинта, Наука, 2013. 192с.
- 16 <https://ria.ru/20161022/1479784874.html>
- 17 Gile, D. *Opening up in Interpretation Studies: An Interdiscipline: Selected papers from the Translation Studies Congress, Vienna, 9-12 September 1992*, ed.by M.Snell-Hornby, F.Pöschhacker, K.Kaindl. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1994, pp. 149-158.
- 18 Негневицкая, Е.И. Язык и дети [Текст] / Е.И.Негневицкая, А.М. Шахнарович – М., 2000.
- 19 Бехтерева Н.П., Магия мозга и лабиринты жизни. Нотабене, Спб, 1999, 384 бет.

УДК 373.3

Ақпаева Асель Бакировна

К.п.н., доцент, преподаватель КазНПУ им. Абая

Сәмбет Динара

магистрант 1 курса кафедры ПМНО, КазНПУ им. Абая

ПОДГОТОВКА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ К УЧАСТИЮ В МЕЖДУНАРОДНЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ ПО МАТЕМАТИКЕ TIMSS

Аннотация

Мақала халықаралық математика зерттеулеріне қатысу үшін оқушылардың білім беру мүмкіндіктерінің деңгейін анықтау мақсатында математика және жаратылыстану пәндерінен 4-сынып оқушыларын даярлау сапасын зерттеуге арналған.

Түйінді сөздер: primary school students, teaching mathematics, international studies.

Аннотация

Статья посвящена исследованию качества подготовки учащихся 4 класса по математике и естествознанию с целью определения уровня образовательных возможностей учащихся для участия в международных исследованиях по математике.

Ключевые слова: учащиеся начальных классов, обучение математике, международные исследования

Abstract

The article is devoted to the study of the quality of preparation of 4th grade students in mathematics and natural sciences in order to determine the level of educational opportunities for students to participate in international research in mathematics.

Keywords: primary school students, teaching mathematics, international studies.

Целью одной из важных программ развития образования является повышение качества и конкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала для устойчивого развития экономики в мире.

Для создания таких условий образования необходимо проведение постоянного мониторинга состояния и тенденций его развития, объективная и адекватная оценка образовательных достижений обучающихся.

Международное исследование качества математического и естественнонаучного образования (The Trends in International Mathematics and Science Study, TIMSS) — периодическое мониторинговое исследование качества и тенденций развития математического и естественнонаучного направления национальных систем образования, в нем принимают участие более 63 стран мира. TIMSS является одним из исследований, созданным Международной Ассоциацией по оценке образовательных достижений (IEA), направленным на то, чтобы позволить образовательным системам во всем мире сравнивать образовательные достижения учащихся и учиться на опыте других в создании эффективной политики образования. Это исследование было впервые проведено в 1995 году и позже проводилось каждые четыре года.

Цели исследования:

- Оценить качество математического и естественнонаучного образования в начальной и основной школе;
- Выявить динамику результатов (1995, 1999, 2003, 2007, 2011, 2015, 2019);
- Выявить факторы, позволяющие объяснить полученные результаты.
- Мониторинговое исследование TIMSS является цикличным, повторяется через каждые 4 года с 1995 года.
- Формат проведения – бумажный (1995–2015 гг.).
- С 2023 года исследование TIMSS будет проходить в компьютерном формате.

Задача исследования:

Основной задачей исследования TIMSS является анализ полученных результатов на основе инструментов в рамках объективных критериев, отражающих мировые преимущества в области

образования, и выработка научно - обоснованных выводов, необходимых для образовательной политики.

TIMSS проводит Международная Ассоциация по оценке образовательных достижений (International Association for the Evaluation Educational Achievement, Нидерланды), создана в 1958 году, провела более 30 исследований в 60 странах мира.

IEA проводит TIMSS совместно с:

- Международным обучающим центром Бостонского колледжа (ISC - International Study Center, Boston College)

- Службой тестирования в области образования (ETS - Educational Testing Service, США)

- Центром обработки данных (DPC IEA - Data Processing Center IEA, Германия)

- Канадским центром статистики (Statistics Canada)

Основные направления исследования TIMSS.

Изучение образовательных достижений учащихся осуществляется по основным направлениям:

- математическая грамотность

- естественнонаучная грамотность

Ученики решают один из 14 вариантов заданий. В каждом варианте 44 задания для 4 классов (математика - 23, естествознание - 21), 54 задания для 8 классов (математика – 27, естествознание - 27). На выполнение тестовых заданий в 4 классе отводится 72 минуты, а в 8 классе – 90 минут.

Основные результаты исследования следующие:

В исследовании 2015 года приняли участие четвероклассники из 16 школ. Из общего числа учащихся с казахским языком обучения - 223, с русским языком обучения – 18 учащихся, всего приняли участие 241 учащийся.

По предметам математики – 80,4%, естествознания - 81,4%.

Опросили учителя начальной школы, директора 16 школ, учеников. Основной целью данного исследования является оценка качества подготовки учащихся 4 класса по математике и естествознанию. Наряду с международным тестированием проводится анкетирование обучающихся, учителей и администрации школы. Участник исследования отвечает на вопросы, связанные с ведением учебного процесса в образовательных учреждениях, возглавляемых администрацией школы. На заполнение каждой анкеты отводится 30 минут.

Таким образом, инструментарий исследования включает:

- тесты достижений учащихся;

- анкеты респондентов (учащиеся и преподаватели, администрация учебного заведения, национальный координатор и международный наблюдатель за качеством проведения исследования);

- методический комплекс (руководства для национальных и школьных координаторов по организации и проведению исследования, формированию выборки, проведению тестирования, проверке заданий со свободными ответами, вводу данных);

- программный комплекс (международная и национальная базы данных школ, классов и учащихся, результатов исследования).

Наряду с общими достижениями обучающихся, всесторонняя оценка TIMSS включает в себя данные об их результатах в различных областях математики и естественных наук (алгебра, геометрия, биология, химия и т. д.) и результаты в решении проблем в каждой из этих областей. Кроме того, TIMSS предоставляет контекстные данные о важных факторах, связанных с учебным планом, учебно-методическими и ресурсными факторами, которые могут повлиять на обучение и учебный процесс. Эти данные выводятся благодаря анкетам студентов, учителей, школьных и учебным программам (государственным), заполненные студентами, учителями, директорами школ и научными координаторами.

В международных результатах TIMSS 2011 в области математики была создана «шкала достижений математики TIMSS 1995 на основе распределения по всем странам - участницам, с равным отношением к каждой стране. На каждом уровне центральная точка шкалы была поставлена так, чтобы она соответствовала среднему значению общего распределения достижений по шкале, где максимум 500 баллов, а 100 баллов – означал нехороший результат. Данные также были доступны и в следующих циклах оценки TIMSS, таким образом, в результате может наблюдаться увеличение или уменьшение качества подготовки.

Поскольку TIMSS проводится циклично, это позволяет странам - участницам использовать результаты между четвертым и восьмым классами для отслеживания изменений в предыдущих

достижениях и изменений определенных фоновых факторов. Например, результаты четвертого класса TIMSS 1995 можно сравнить с результатами восьмого класса TIMSS 1999 года, поскольку четвероклассники были восьмиклассниками в следующем цикле.

Собранная информация представлена в разных форматах. Например, результаты TIMSS 2015 представлены как международные результаты TIMSS в науке по математике. Энциклопедия The TIMSS 2015 дает обзор того, как преподаются предметы математики и естествознания в каждой стране. Методы и процедуры TIMSS 2015 дают полный разбор оценки и опроса, и описывают используемые методы. Полностью документированная международная база TIMSS 2015 доступна для скачивания.

Почему Казахстан и другие страны участвуют в TIMSS?

- TIMSS помогает политикам и педагогам определить слабые и сильные стороны образовательных систем

- IEA предоставляет странам объективные данные для национального анализа и выработки рекомендаций по совершенствованию образовательных программ, учебников, повышения квалификации педагогов, системы оценивания

- Возможность использовать лучший опыт и практику лидеров мировых образовательных систем

Казахстан в 2007 году впервые принимал участие в исследовании TIMSS в числе 59 стран. Тогда наши школьники, обучающиеся в 4 классе, по математике заняли 5-е место, по естественнонаучному образованию - 11-е место, по общим результатам - 7-е место.

	2007год	2011 год	2015 год	2019 год
4 класс	3 990 уч 7-ое место	4 385 уч 27-ое место	4 710 уч 12-ое место	4 791 уч 8-ое место
8 класс	—	4 390 уч 17-ое место	4 869 уч	4 453 уч 7-ое место

Всем известно, что система образования ежегодно претерпевает различные изменения. Но главная цель этих изменений - воспитание подрастающего поколения всесторонне развитыми, компетентными гражданами.

При этих исследованиях, наряду с образовательными достижениями обучающихся рассматриваются факторы, позволяющие выявить особенности стран-участниц программы. Результаты дают комплексную оценку, начиная с организации учебно-воспитательного процесса до создания необходимых условий для развития ребенка в семье.

Факторы, оказывающие значительное влияние на успешность результатов школьников:

- Образовательные ресурсы семьи;
- Школьная подготовка учащихся;
- Отношение родителей к изучению математики и естественнонаучных предметов;
- Уверенность учащихся в своих знаниях и заинтересованность в изучении математики и естествознания;

- Удовлетворенность учителя своей работы;

- Использования языка тестирования дома.

В 2021 году идет подготовка к участию в очередном цикле исследования TIMSS-2023. В цикле TIMSS-2023 наша страна будет участвовать в компьютерном формате.

Цикл исследования TIMSS-2023



Международные мониторинговые исследования во многих странах мира дают возможность собрать информацию о состоянии образования и тенденциях, сравнить качество образования разных стран мира. Для нашей страны участие в международных исследованиях TIMSS стало основным мотивом ряда факторов, предупреждающих о необходимости реформирования системы контрольного оценивания образования, в частности вхождения казахстанской системы образования в мировое образовательное пространство. Данные, полученные в ходе этих исследований, позволяют оценить состояние образования на международном уровне, определить сильные и слабые стороны образования, выявить наиболее существенные проблемы, наметить пути их решения.

Процветание любой страны, ее место в цивилизованном мире напрямую зависит от уровня, развития национальной системы образования. Наша страна с обретением суверенитета идет в ногу со временем, наполненным переменами. Один из лучших изменений - образование. Создается новая система образования, направленная на вхождение в мировое образовательное пространство. Это связано с существенными изменениями в учебно-воспитательном процессе. То, что сегодня на Земле стало самым важным для политиков и учителей в области образования - «Чему учить в XXI веке и как подготовить учащихся к XXI веку?» вопрос. Основная особенность современного подхода заключается в том, что основное внимание уделяется умению учащихся не просто владеть полученными знаниями, но и применять их на месте.

Успешность обучения детей в школе - результат огромной работы и тесного взаимодействия всех кто причастен к системе образования – учитель – родитель – преподаватель вуза – разработчики стандартов и учебников и др.

Главная задача школы сегодня:

- формирование личности, способной открыто выражать свои мысли, быть конкурентоспособной, чувствующей любовь учителя, не забывая, что его самооценка - главная гарантия развития его человеческих качеств;
- формирование личности, свободно излагающей свое мнение, способной к критическому мышлению, с развитыми интеллектуальными способностями, занимающей свое место в общественной жизни.

Поэтому в сфере образования необходимо внедрять новые технологии обучения, информатизировать образование, выходить на компетентностные линии международного глобального взаимодействия.

Международное исследование TIMSS требует конкретизации заданий познавательной, творческой направленности для изучения уровня знаний учащихся 4-х классов, а также поиска пути к созданию и взаимодействию творческой свободы. Международное исследование TIMSS направлено на развитие логического мышления обучающихся и творческую работу с помощью выполнения тестовых заданий. Обучающиеся будут глубже понимать предметы естественнонаучного направления, расширят кругозор, обогащая словарный запас. Если обучающиеся будут заниматься подготовительной работой в 1-3 классах, начиная с 4 класса, международное исследование TIMSS может систематизировать их знания, умения и навыки по математике и естествознанию путем выполнения тестовых заданий. Для того, чтобы обучающиеся показывали хорошие результаты при выполнении тестовых заданий международного исследования TIMSS, необходимо начать подготовительный этап с 1 класса. Проводить уроки в игровой форме, начать необходимо с тренировки мелкой моторики (с пальцев рук) детей. Таким образом, они могут научиться применять свои знания в реальной жизни. Учителя начальных классов считают, что высоких показателей обучающиеся 4-х классов добьются благодаря достаточному пониманию

потребности в математике и естественнонаучных дисциплин.

В своем Послании Глава государства подчеркнул, что для вхождения Казахстана в число конкурентоспособных развитых стран, во-первых, необходимо образованное поколение. В настоящее время педагогические специалисты проходят курсы повышения квалификации, уровневое обучения, предлагают свои взгляды и мнения относительно изменений. Для достижения высоких достижений, опираясь на опыт стран мира, необходимо развивать образовательные сети. Участие в сравнительном международном исследовании TIMSS в стране, которое строится на основе международного образования, приобретает большое стратегическое значение в развитии образования, и уверенность в том, что через совместную работу в системе образования получится повысить уровень школьных учителей и создать условия для развития знаний обучающихся.

Список использованной литературы

- 1 Ковалева, Г.С. Основные подходы к сравнительной оценке качества математического и естественнонаучного образования в странах мира (по материалам международного исследования - TIMSS) / Г.С. Ковалева // Российская академия образования. - М., 1996.
- 2 Результаты международного исследования оценки учебных достижений учащихся 4-х и 8-х классов общеобразовательных школ Казахстана. Национальный отчет. - Астана: НЦОСО, 2013
- 3 Организация и проведение международных сравнительных исследований качества общего образования PISA -2003, TIMSS-2003 (технический отчет). – М., 2005.
- 4 Основные результаты международного исследования качества математического и естественнонаучного образования TIMSS-2003. – М., 2004.
- 5 Поливанова, К.Н. Психолого-педагогический анализ результатов исследования TIMSS / К.Н. Поливанова. - М., 2005.
- 6 Сравнительный анализ математической и естественнонаучной подготовки учащихся основной школы (по результатам международного исследования -TIMSS) / Под ред. Г.С.Ковалевой. // Российская академия образования - М., 1996.
- 7 Национальный план действий по повышению функциональной грамотности - 2012-2016 гг. Постановление Правительства от 25.06.2012 № 832
- 8 Государственная программа образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Астана, 2011г.
- 9 Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы. Астана, 2012 г.

МРНТИ 14.37.09
ӘОЖ 371.134

Қоңырбаева С.С.

п.ғ.к., доцент

әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аман С.Е.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті магистранты

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ОҚУ ПРОЦЕСІН ЖАҢАНДЫҚ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖҰМЫСҚА ДАЯРЛАУ

Аннотация

Мақалада жоғары педагогикалық мамандық оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді ақпараттық-қатынастық технологияларды игерудің маңызы мен жолдары, әр түрлі бағыттары қарастырылған. Қазіргі қоғамдағы ақпараттандыру білім жүйесін әдіснамалық және практикалық талдауларды, сондай-ақ оқытудың міндеттерін шешуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін үрдіс есебінде қарастырылады. Бүгінгі таңда жаңа ақпараттық - коммуникациялық технологияларды меңгерген, оларды оқытуда, тәрбиелеуде және зерттеу қызметінде қолдануға қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау туралы мәселе өзекті болып отыр. Сондықтан мақалада оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу мәселесі қарастырылады. Білім беру саласында желілік ресурстар мен сервистерді пайдаланудың негізгі бағыттары айқындалады.

Түйінді сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, желілік ресурстар, мұғалімді даярлау.

Аннотация

В статье рассматривается значение и пути, различные направления освоения информационно-коммуникационных технологий будущими учителями образовательных учреждений высших педагогических специальностей. Информатизация в современном обществе рассматривается как процесс, обеспечивающий методологический и практический анализ системы образования, а также эффективное использование современных информационных технологий, направленных на решение задач обучения. На сегодняшний день актуальным становится вопрос о подготовке высококвалифицированных специалистов, владеющих новыми информационно - коммуникационными технологиями, способных применять их в обучении, воспитании и исследовательской деятельности. Поэтому в статье рассматривается проблема внедрения информационно-коммуникационных технологий в учебный процесс. Определяются основные направления использования сетевых ресурсов и сервисов в сфере образования.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, сетевые ресурсы, подготовка учителя.

Abstract

This article presents the issues of preparation of students of pedagogical institutes on the application of modern information and communication technologies in the future professional activity in various areas. Methodical and practical analysis of the education system in modern society, as well as training aimed at solving the problem of ensuring the effective use of modern information technology is considered in this article as a means of application in the educational process. Today, the most urgent issue is the training of highly qualified specialists who possess new information and communication technologies that can be used in training, education and research. Therefore, the article considers the problem of implementing information and communication technologies in the educational process. The main directions of using network resources and services in the educational sphere are defined.

Keywords: information and communication technologies, network resources, teacher training.

Білім беру саласын компьютерлендіру халықтың үздіксіз білім алуына мүмкіндік береді, білімді жинақтаудан арнайы ұйымдастырылған оқу ортасындағы қызметке көшу арқылы оқу таным процесін өзгертеді, сондай-ақ жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық технологияларды енгізу

кезінде ерекше маңызды болып табылатын оқытуды дараландыруға және саралауға мүмкіндік береді. Оқушылардың интерактивті қызметі дәстүрлі оқытумен салыстырғанда ойлаудың жаңа түрлерін дамытуға жағдай жасайды, авторитарлық оқыту стилін демократияға ауыстыруға әкеледі. Алайда әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігіне байланысты оқу процесінде инновациялық технологияларды іске асыру проблемасы туындайды. Әдістемелік тәсілдердің әртүрлілігі көптеген пікірталастарды тудырады және белгілі бір жүйелеуді қажет етеді.

Мақаланың мақсаты - білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу процесін әдістемелік қамтамасыз етуді дамытудың қазіргі жағдайын талдау және жақын арада өзекті болатын оның дамуының негізгі тенденцияларын анықтау.

Компьютер - бұл электронды құрал ғана емес, сауатты мұғалімнің қолындағы педагогикалық құрал. Бұл заманауи, қуатты аудиовизуалды техникалық оқыту құралы және оған басқа құрал ретінде қарау керек, яғни сабақта компьютерлік материалды тиісті орын мен оқу тапсырмасын сабақтың мазмұны мен міндеттеріне сүйене отырып, басқа оқу құралдарымен бірге табу керек.

Keywords: *practice-oriented training, demonstration exam, competencies, expert assessment.*

Одним из эффективных методов оценивания сформированности компетенций является применение технологий Ворлдскиллс: демонстрационные экзамены по стандартам Ворлдскиллс, в форме промежуточной аттестации (ВО, СПО) и итоговой государственной аттестации (СПО); участие в чемпионатах (региональные, отборочные, национальные и финальные) Ворлдскиллс. Демонстрационные экзамены – это не только инструмент оценки сформированности компетенций, но и обеспечение связи с работодателями. Уникальность и особенность данной технологии заключается в том, что во время демонстрационного экзамена оцениваются практические навыки по стандартам Ворлдскиллс. Ворлдскиллс - это правильно выстроенная практико-ориентированная подготовка. С этой целью в университете выстроена система участия работодателя в разработке и реализации образовательных программ, участие в оценке и экспертизе практических навыков, открытие оборудованных мастерских, площадок, аккредитация центров подготовки демонстрационных экзаменов. С учетом этого на сегодняшний день ежегодно корректируются и актуализируются образовательные программы, что позволяет развиваться образовательным организациям как центрам образования, науки и производства.

Актуальность темы профессиональных квалификаций сегодня не вызывает сомнений, предпринимаются меры по содействию занятости людей трудоспособного возраста, созданию рабочих мест, подготовке и трудоустройству выпускников соответствующей квалификации предприятиями.

В целях подготовки кадров профессионального образования в соответствии с лучшими мировыми стандартами и перспективными рабочими профессиями университет заключил договор с АНО "Агентство развития профессионального мастерства (Ворлдскиллс Россия)" о сотрудничестве по организации аттестации с использованием процедуры демонстрационного экзамена по стандартам Ворлдскиллс Россия с использованием цифровых и информационных сервисов, методических ресурсов Агентства, которое размещено в сети «Интернет» на официальном сайте <https://worldskills.ru/> в разделе «Наши проекты/Демонстрационный экзамен /Демонстрационный экзамен – 2021». Функционирование информационных систем, обеспечение организации и проведения демонстрационного экзамена: Цифровой платформы WSR (<https://id.dp.worldskills.ru/>); Единой системы актуальных требований («ЕСАТ») (<https://esat.worldskills.ru/>) на возмездных основаниях обеспечивает Агентство. Университет со своей стороны обеспечивает соблюдение при организации и проведении демонстрационного экзамена Базовых принципов объективной оценки результатов подготовки (рабочих) кадров, одобренных Координационным советом Министерства просвещения Российской Федерации (протокол от 7 декабря 2018 года № ИП-6/05-пр); организацию своевременного и полного заполнения участниками демонстрационного экзамена профилей в Цифровой платформе WSR (<https://id.dp.worldskills.ru/>); обеспечение получения и хранения согласий на обработку персональных данных со всех участников (или их законных представителей) ДЭ с учетом требований Федерального закона от 26 июля 2006 г. №152-ФЗ «О персональных данных», своевременное предоставление отчетных документов и иной информации через Цифровую платформу WSR (<https://id.dp.worldskills.ru/>) и т.д.

На основании утвержденных требований Комплектов оценочных документов (КОД) компетенций, совершенствуются программы подготовки специалистов среднего профессионального образования, модернизируются мастерские. В 2020 году были актуализированы 12 программ СПО, в рамках которых реализуются следующие компетенции по стандартам WorldSkills Россия по блоку информационные и коммуникационные технологии:

- 1 «Веб-дизайн и разработка»,
- 2 «Программные решения для бизнеса»,
- 3 «Корпоративная защита от внутренних угроз информационной безопасности»,

«Кибербезопасность»,

- 4 «Информационные кабельные сети»,
- 5 «Разработка компьютерных игр и мультимедийных приложений»,
- 6 «ИТ-решения для бизнеса на платформе «1С: Предприятие 8»,
- 7 «Информационная безопасность»,
- 8 «Сетевое и системно администрирование»,
- 9 «Графический дизайн»,
- 10 Разработка мобильных приложений», по блоку «Строительство»:
- 11 «Облицовка плиткой»,
- 12 «Сварочные и технологии»

Дополнительно по выбору студентов во внеучебное время реализуются компетенции: «Инженерный дизайн CAD (САПР)», «Видеопроизводство», «Интернет вещей», «3D-моделирование для компьютерных игр», «Разработка виртуальной и дополненной реальности», «Автоматизированное проектирование Autodesk AutoCad», «Изготовление прототипов».

Внедрение профессиональных компетенций в соответствии с требованиями WorldSkills, международных стандартов и мировых технологий в образовательные программы университета проводится с целью:

- реализации мер, направленных на популяризацию и повышение престижа рабочих профессий и развития профессионального образования путем гармонизации лучших практик и профессиональных стандартов во всем мире;
- изучения современных технологий и лучших мировых практик, для участия в региональных, окружных, национальных и международных чемпионатах;
- расширения возможностей трудоустройства для студентов;
- привлечение работодателей в качестве экспертов.

В 2016 году федеральными учебно-методическими объединениями СПО совместно с объединениями работодателей и советами по профессиональным квалификациям по всем профессиям и специальностям ТОП-50 разработаны новые ФГОС СПО, в которых учтены требования профессиональных и международных стандартов, определивших новые принципы оценки результатов освоения образовательных программ. Впервые государственная итоговая аттестация (далее ГИА) проводилась в форме защиты выпускной квалификационной работы в виде демонстрационного экзамена в Северо-Восточном государственном университете имени М.К.Аммосова по программе СПО Мастер ЖКХ по компетенции «Сварочные технологии», всего принимали участие 10 студентов. В качестве сопровождения внедрения новой формы ГИА Министерством просвещения РФ, АНО "Агентство развития профессионального мастерства (Ворлдскиллс Россия)" разработаны и представлены методические рекомендации по организации и проведению демонстрационных экзаменов по программам СПО, в том числе и оценочные материалы по компетенциям. Обеспечение проведения государственной итоговой аттестации по образовательным программам среднего профессионального образования регламентируется на основании приказа Союза «Агентство развития профессиональных сообществ и рабочих кадров «Молодые профессионалы» (Ворлдскиллс Россия)» от 31 января 2019 г. № 31.01.2019-1 «Об утверждении методики организации и проведения демонстрационного экзамена по стандартам Ворлдскиллс Россия» и положения об организации и проведении демонстрационного экзамена (ДЭ) по методике WorldSkills в СВФУ от 08.05.2019г. (с изм. от 29.05.2020г.).

Общие подходы к организации и проведению итоговой (промежуточной) аттестации выпускников по образовательным программам СПО регулируются статьями 58 и 59 Закона об образовании, призванному на государственном уровне дать квалификационную оценку знаниям, умениям и навыкам выпускников профессиональных учебных заведений.

С 2020 года в Северо-Восточном государственном университете имени М.К. Аммосова демонстрационные экзамены по программам СПО проводятся согласно учебному графику. Все заявленные демонстрационные экзамены в рамках государственной итоговой аттестации проведены. Экзамены проходили с соблюдением требований WorldSkills, были назначены сертифицированные эксперты WSR. Государственный итоговый экзамен в форме демонстрационного экзамена в 2021 году проведен по четырем компетенциям: «Веб-дизайн и разработка», «Корпоративная защита от внутренних угроз информационной безопасности», «Программные решения для бизнеса». Государственная итоговая аттестация в форме демонстрационного экзамена по компетенции:

«Бухгалтерский учет».

Для получения статуса ЦПДЭ университет обеспечивает материально-техническую базу проведения демонстрационного экзамена по определенному комплексу оценочной документации в соответствии с инфраструктурным листом (перечнем необходимого оборудования и расходных материалов) по компетенции АНО "Агентство развития профессионального мастерства (Ворлдскиллс Россия)". С этой целью университет подает заявку и в соответствии с порядком, закрепленным Агентством, получает электронный аттестат ЦПДЭ. Для проведения демонстрационного экзамена по нескольким компетенциям образовательной организации необходимо получить статус ЦПДЭ по каждой из этих компетенции. На базе Колледжа инфраструктурных технологий аккредитованы 5 Центров проведения демонстрационного экзамена: Программные решения для бизнеса; Веб-дизайн и разработка; Корпоративная защита от внутренних угроз информационной безопасности; Сетевое и системное администрирование, Сварочные технологии. Получены электронные аттестаты о присвоении статуса четырех (4) Центров проведения демонстрационных экзаменов (ЦПДЭ) по проведению демонстрационного экзамена, как государственной итоговой аттестации (ГИА) по компетенциям: «Веб-дизайн и разработка», «Корпоративная защита от внутренних угроз информационной безопасности», «Программные решения для бизнеса».

Оценку выполнения заданий демонстрационного экзамена осуществляет экспертная комиссия, из числа представителей работодателей таких, как АО "Инвестиционно-финансовая компания "РФА-Инвест"", филиал ФГУП РТРС «РТЦ Республика Саха(Якутия)», ПАО "Ленское объединённое речное пароходство " и других образовательных организаций, возглавляемая аккредитованными главными экспертами. Все эксперты имеют свидетельство о праве участия в оценке выполнения заданий демонстрационного экзамена, владеют методикой оценки по стандартам Ворлдскиллс, зарегистрированы в электронной системе интернет мониторинга eSim.

Все результаты демонстрационного экзамена по компетенциям, обработаны в системе интернет мониторинга eSim за выполнение заданий в соответствии со схемой начисления баллов, приведенной в комплекте оценочной документации. Перевод полученного количества баллов в оценки «отлично», «хорошо», «удовлетворительно», «неудовлетворительно» осуществляется государственной экзаменационной комиссией с обязательным участием главного эксперта. (см. Положение об организации и проведения ДЭ по стандартам Worldskills в СВФУ утв. 08.05.2019г., с изм. от 29.05.2020г.).

Впервые с 2021 года проведено сопряжение государственных итоговых экзаменов с независимой оценкой квалификации для выпускников обучающихся по программе СПО (компетенция «Бухгалтерский учет»). В университете создан Центр развития квалификаций (проектный офис) СВФУ. Одним из направлений деятельности Центра является координация деятельности университета по внедрению и развитию элементов Национальной системы квалификаций (далее – НСК) со структурами университета на основе проектного подхода.

Задачи:

- внедрение механизмов внешней оценки качества подготовки обучающихся и его соответствия требованиям работодателей посредством инструментов независимой оценки квалификации;
- координация работы университета в регионе в качестве Регионального представительства Совета по профессиональным квалификациям финансового рынка (экзаменационная площадка на базе Финансово-экономического института), Совета по профессиональным квалификациям в сфере образования (экзаменационный центр на базе Педагогического института) и других отраслевых Советов, с которыми у Университета установлено или устанавливается взаимодействие по созданию экзаменационных центров и площадок на базе Университета;
- взаимодействие с региональными объединениями работодателей и профессиональными сообществами, предприятиями и организациями региона в области развития национальной системы квалификаций.

Профессиональный экзамен в системе независимой оценки состоит из теоретической и практической части и регламентируется Постановлением Правительства РФ от 16 ноября 2016 г. №1204 «Об утверждении правил проведения центром оценки квалификации независимой оценки квалификации в форме профессионального экзамена». Теоретическая часть экзамена – выполнение гестовых заданий. Практическая часть - выполнение задач профессиональной деятельности в реальном времени в соответствии с трудовыми функциями профессионального стандарта. Структура

комплекта оценочных средств (КОС) утверждена Приказом Минтруда России от 01.11.2016 N 601н "Об утверждении положения о разработке оценочных средств для проведения независимой оценки квалификаций" и включает: тестовые задания; практические задания на выполнение трудовых функций или требования к портфолио; критерии оценивания; требования к экспертам; требования к материально-техническому оснащению. Комплекты оценочных средств разрабатываются и утверждаются Советом профессиональных компетенций.

В 2022 году запланировано сопряжение государственных итоговых экзаменов с независимой оценкой квалификации для выпускников, обучающихся по программам бакалавриата Финансово-экономического института СВФУ по квалификации «Бухгалтер, 5 уровень квалификации», при успешной сдаче выпускниками профессионального экзамена образовательная программа будет направлена на процедуру профессионально-общественной аккредитации в Совет по профессиональным квалификациям финансового рынка.

В связи с внедрением федеральных государственных образовательных стандартов нового поколения (с учетом профессиональных компетенций) за 2020-2021 год всего было актуализировано 128 основных профессиональных образовательных программ высшего образования и в 2021-2022 учебном году запланировано к реализации дополнительно 109 программ.

Поскольку профессиональные компетенции отражают запросы рынка труда в части готовности выпускника направления подготовки выполнять определенные задачи профессиональной деятельности, в том числе связанные с ними трудовые функции из профессиональных стандартов для соответствующего уровня профессиональной квалификации, на стадии разработки ОПОП все кафедры согласовывают установленные профессиональные компетенции с предприятиями и организациями (работодателями). В университете эта кампания проводится ежегодно, в рамках подготовки к новому учебному году.

Основными организациями, предприятиями (работодателями) принимающими активное участие в согласовании ОПОП являются: Министерство транспорта и дорожного хозяйства РС(Я), Министерство образования и науки РС(Я), Министерство по физической культуре и спорту РС(Я), Министерство инноваций, цифрового развития и инфокоммуникационных технологий РС(Я), Министерство культуры и духовного развития РС(Я), Министерство здравоохранения РС(Я), Министерство по развитию Арктики и делам народов Севера РС(Я), Газпром «Трансгаз», г. Томск, Газпром «Бурение» филиал г. Краснодар, Управление архитектуры и градостроительной политики, Министерство архитектуры и строительного комплекса РС(Я), АКБ «Алмазэргиэнбанк», «Майтона», ПАО «Якутскэнерго» и другие.

С целью информационно-методической поддержки разработана информационная система «Макет программно-аппаратного комплекса (ПК) по формированию ОПОП». Каждому заведующему кафедрой обеспечен доступ через профиль личного кабинета.

Макет имеет 3 раздела:

1. Общие положения (Выбор ОПОП, который запланирован для реализации в НУГ);
2. Характеристика профессиональной деятельности выпускников;
3. Установление профессиональных компетенций на основе профессиональных стандартов;

При установлении профессиональных компетенций строго учитываются типы задач, область и сфера профессиональной деятельности. Макет на прямую предлагает реестр профессиональных стандартов. Профессиональные компетенции устанавливаются путем анализа профессиональных стандартов, соответствующих профессиональной деятельности выпускников образовательных программ по направлению (специальности) подготовки, являющийся приложением к ФГОС ВО, а также общетрудовых и трудовых функций, размещенных на сайте Министерство труда России.

Поскольку профессиональные компетенции отражают запросы рынка труда в части готовности выпускника направления подготовки выполнять определенные задачи профессиональной деятельности, в том числе связанные с ними трудовые функции из профессиональных стандартов для соответствующего уровня профессиональной квалификации, на стадии разработки ОПОП все кафедры согласовывают установленные профессиональные компетенции с предприятиями и организациями (работодателями). В университете эта кампания проводится ежегодно, в рамках подготовки к новому учебному году. Усиливается роль работодателя в организации образовательного процесса – он из простого потребителя выпускника становится активным субъектом его подготовки и оценки качества овладения выпускником профессиональными компетенциями.

Основными организациями, предприятиями (работодателями) принимающими активное участие в согласовании ОПОП являются: Министерство транспорта и дорожного хозяйства РС(Я), Министерство образования и науки РС(Я), Министерство по физической культуре и спорту РС(Я), Министерство инноваций, цифрового развития и инфокоммуникационных технологий РС(Я), Министерство культуры и духовного развития РС(Я), Министерство здравоохранения РС(Я), Министерство по развитию Арктики и делам народов Севера РС(Я), Газпром «Трансгаз», г. Томск, Газпром «Бурение» филиал г. Краснодар, Управление архитектуры и градостроительной политики, Министерство архитектуры и строительного комплекса РС(Я), АКБ «Алмазэргиэнбанк», «Майтона», ПАО «Якутскэнерго» и другие.

Организационно-методическое сопровождение проведения демонстрационного экзамена в университете:

- формирование и направление заявки в Агентство в электронном виде и на бумажном носителе (на цифровой платформе через тикет - систему);

- согласование с АНО «Агентство профессионального мастерства (Ворлдскиллс Россия)» графика проведения демонстрационного экзамена;

- сбор и обработка данных участников ДЭ для введения в базу данных ESIM и Цифровую платформу по проводимым мероприятиям движения WSR;

- согласование смет и договоров ГПХ для оплаты труда главных, линейных и технических экспертов ДЭ;

- содействие в улучшении материально-технической базы площадок ЦПДЭ.

Практико-ориентированная подготовка осуществляется в соответствии с требованиями Федеральных государственных образовательных стандартов, основой которых является практико-ориентированный подход, т.е. результат обучения представлен в виде комплекса общих и профессиональных компетенций, которыми должен обладать выпускник.

Профессиональные компетенции являются основными критериями, определяющими квалификацию студента, его готовность к осуществлению всех видов профессиональной деятельности в условиях современного рынка труда.

Список использованной литературы

- 1 *Федеральный закон от 29 декабря 2012 г. № 273-ФЗ «Об образовании в Российской Федерации».*
- 2 *Приказ союза «Агентство развития профессиональных сообществ и рабочих кадров «Молодые профессионалы» (Ворлдскиллс Россия)» от 31 января 2019 г. № 31.01.2019-1 «Об утверждении методики организации и проведения демонстрационного экзамена по стандартам Ворлдскиллс Россия».*
- 3 *Актуальные требования к компетенциям лиц, завершивших обучение по образовательным программам среднего профессионального образования / Worldskills.ru: сайт. – Режим доступа: <https://esat.worldskills.ru> (дата обращения: 17.05.2021).*

ӘОЖ 378.018.43 (574)

Авдорсоль М.

магистр, информатика пәнінің мұғалімі,

Абай ат. гимназия мектебі

Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы

Ғанибай Б.Р.

магистр, информатика пәнінің мұғалімі

Абай ат. гимназия мектебі, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУ

Аннотация

Мақалада білім беру жүйесінде оқушыларға сапалы білім беру және оларды дамыту үшін электронды оқытуды пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады. Сонымен бірге, электронды оқытудың дидактикалық және әдіснамалық негіздерінің қысқаша анализі, өзекті мәселелер, білім беру үдерісінде электронды оқытуды қолданудың тиімді жақтары мен кемшіліктері қарастырылады.

Түйінді сөздер: электронды, ақпараттық, технология, ресурс, жүйе, құрылғылар, материал.

Аннотация

В статье рассматриваются возможности использования электронного обучения в системе образования для качественного образования учащихся и их развития. Вместе с тем, будет рассмотрен краткий анализ дидактико - методологических основ электронного обучения, актуальных проблем, плюсов и минусов использования электронного обучения в образовательном процессе.

Ключевые слова: электронная, информационная, технология, ресурс, система, устройства, материал.

Abstract

The article discusses the possibilities of using e-learning in the education system for high-quality education of students and their development. At the same time, a brief analysis of the didactic and methodological foundations of e-learning, current problems, pros and cons of using e-learning in the educational process will be considered.

Keywords: electronic, information, technology, resource, system, devices, material.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында»

Н.Ә. Назарбаев

Әлемнің барлық білім беру жүйесінде электронды оқыту жүйесі енгізілген, жаңа экономика мен қоғам аумағында ақпараттық технологиясыз елестету мүмкін емес. Адамзат өмірін жақсартуға бағытталып жатқан жаңа технологиялар қарқыны мамандардың да осы үдеріске тез бейімделіп, әрекет етуін талап етеді. Білім беру саласында да осындай өзгерістер кең етек алып, дамып келеді. Білім берудің жаңа парадигмасы ретінде электронды оқыту тіркесін жиі естиміз. Соңғы кездерде электронды білім беру орта мектепте қолданыла бастады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Жарлығымен 2010 ж. 1-ақпанында бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарында барлық орта білім беру жүйесін одан әрі ақпараттандыру мен электронды оқытуды жаппай енгізу бағдарламасы анықталған болатын. 2011-2020 жж. Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында адамзаттық ресурстардың әлуетін арттыру мақсатында білім беруді түбегейлі жаңартудың басым бағыты болып электрондық оқыту аталған. Электрондық оқытуды 2015 жылға дейін республика орта мектептерінің 50%-ына, ал 2020 жылға дейін 90%-ына енгізу жоспарланды.

ЮНЕСКО ұлттық жүйелерді жаңарту мен дамытуда негізгі рөлді электронды оқытуға (e-learning) береді. Білім беру дағдарысының салдарын төмендету үшін, білім алушыларды білім берудің жаңа мәнеріне бағдарлау үшін олардың біліктері мен машықтарын дамытатын e-learning

технологиясы ең тиімді ретінде анықталды. Дамыған елдерде (Филляндия, Норвегия, Сингапур және т.б.) E-learning-ті жаңашыл іс-әрекеттің машықтарын дамытуға көмектесетін негізгі әдіс ретінде мемлекеттік деңгейде қарастырады[1].

Электронды оқыту - (E-learning ағылшын сөзінен шыққан, толық атуы *Electronic Learning*) электрондық оқыту жүйесі, ақпараттық көмек, электронды технологиясы кезінде оқыту. ЮНЕСКО мамандары анықтамасы: «e-Learning — Интернет және мультимедиа көмегімен оқыту».

Электронды оқытуға мыналар жатады:

- электронды материалдармен өзбетінше жұмыс істеу, компьютерді КПК, ұялы телефонды, DVD- күй табақ ойнатқышты, теледидарды жүйелі қолдану;
- өшірілген(аумақ) білім берушіден (оқытушы) кеңес, баға алу, өзара қозғалыс алшақтығының мүмкіндігі;
- қолданушы таратылған әлеуметтік байланыс құру жалпы виртуалды оқу іс-әрекетінің жүргізілуі;
- Электронды оқу материалдарын тәулік бойы өз уақытында жіберу; электрондық оқыту материалын және технологиясын айрықшалау;
- Барлық кәсіпорын жетекшілері мен құттықтаушы топтар қазіргі ақпараттық технологияларды меңгеру және ақпараттық мәдениетті жоғарылатып, қалыптастыру;
- Жаңартылған педагогикалық технологияны кеңінен тарату және игеру;
- Оқу веб-ресурстарының мүмкіндігін дамыту;
- Кез келген уақытта қазіргі жаңа білімнің орын алу, әлемнен кез келген деректер табу мүмкіндігі;
- Психофизикалық даму ерекшеліктерімен жоғары білім беру тұлғаның қол жетімдігі.

Электронды оқыту жүйесінің ақпараттық платформасы білім беру үрдісін автоматтандыруға мүмкіндік береді: оқушылар контингенті мен кадрлық құрам жұмысын, оқу үдерісін, білім беру ұйымының ісін жүргізу мен есебін жүргізуді жеңілдетеді[2].

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты ақпараттық технологияларды қолдану, АКТ қолдана отырып білім сапасын көтеру, АКТ көтеру – педагогтар мен оқушылардың құзыреттілігін көтеру, білім беру ресурстарының цифрлік мұрағатын құру, цифрлік оқу-әдістемелік материалдарға кіру, алмасу және сақтауды жақсарту бойынша іс шаралар әзірлеу болып табылады.

Білім беру жүйесіне электронды оқытудың (E-learning) артықшылығы мынадай:

- оқуға арналған ыңғайлы орын мен уақыт;
- білімді терең меңгеру;
- оқытушылармен тығыз байланыс;
- жеке оқыту кестесі;
- ақша мен уақытты үнемдеу.

Электронды оқыту жүйесін енгізу нәтижесіне жататындар:

- Әлемдік білім беру ресурстарына әр мұғаліммен оқушылар деректер алуға қамтамасыз ету;
- электронды журналдарды, кітапхананы, мұғалімдер бөлмесін, электронды жоспарланған, хаттарды ата-аналарға ескерту, барлық білім беру ұйымдарды автоматтандыру;
- Оқушыларды оқыту үшін ата-аналар бақылау;
- Электронды білім беру ресурстарының дамуы;
- Білім беру ұйымдарында электронды оқытуды жүзеге асыру.

Жүйеге бірыңғай кіру ҚР БЖҒМ-нің Қазақстандық білімдік порталы арқылы қамтамасыз етіледі. Кірігу веб-қызмет көрсетулер, xml-стандарттар және т.б. арқылы Жүйенің ішкі жүйесі мен ҚР БЖҒМ-нің Қазақстандық білімдік порталы деңгейінде жүзеге асырылуы тиіс.

E-Learning жүйесінде иерархияның үш деңгейі:

- Бірінші деңгей – бұл облыстық тораптардан ақпарат жинақталатын және Қазақстан Республикасында білім беретін барлық деңгейлердегі ұйымдарды басқаруды жүзеге асыратын Жүйенің орталық торабы.
- Екінші деңгей – бұл белгілі бір облысқа жататын БҰ-ға қызмет көрсететін серверлерді орналастыру нүктесі болып саналатын облыстық серверлердің алаңы. Осы деңгейде облыстық БҰ-дан ақпарат жинақталады да білім беруді басқарудың облыстық мекемелерінің порталында жарияланады.
- Үшінші деңгей – бұл жүйеде қажетті АҚТ инфрақұрылымы мен БҰ-дың жұмыс істеу

жасақ- тамасы бар деңгей.

Тікелей мектеп аумағында сервер орналастырылған жағдайда мектеп деңгейінде келесі жүйелер ашылған болуы тиіс:

- Мектептің порталы;
- Мектепті басқару жүйесі (SMS);
- Сынып бөлмелерін басқару жүйесі (CRMS).
- Оқу үдерісін басқару жүйесі (LMS);
- Тестілеу жүйесі (TSM);
- Оқушылардың дене қызметі мен психологиялық денсаулығының электрондық мониторингтік жүйесі;
- Ақпараттық-анықтамалық жүйе (IMS).

Мектепті басқару жүйесі (School Management System, бұдан әрі қарай – SMS) – бұл мектепті басқару үдерісін автоматтандыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама.

Мектепті басқару жүйесі келесі негізгі модульдерді енгізеді: құжаттар; жоспарлар; статистика; бухгалтерия; тамақтану; кесте; электрондық журнал; электрондық күнделік; электрондық кітапхана; тестілер; тәрбие жұмысы; сауалнама жүргізу; дәрігерлік бөлме; қатынас.

Білімдік үдерісте басқарудың тікелей қатысушылары болып мектепті басқару жүйесін негізгі пайдаланушылар саналады: директор; оқу жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары; тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары; мұғалімдер; сынып жетекшілері; оқушылар; ата-аналар; кітапханашылар; дәрігер қызметшілері; SMS басқарушылары [3]*Сыныпты басқару жүйесі (Classroom Management System, бұдан әрі – CRMS)* – бұл мұғалімге сабақтардың барысын толық бақылау жасауға, мультимедиалық кабинетте сабақтарды жүргізу бойынша негізгі міндеттерді: басқаруды, бақылауды және оқушылармен қарым-қатынас жасауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама.

CRMS мұғалімнің жұмыс орнынан оқушылардың жұмысын бақылау мен басқаруды, олардың өзара әрекеттестігін және шынайы уақыттағы аудио- мен бейне мәліметтерді жеткізуді қамтамасыз етеді, сабақ уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Басшы тағайындаған логин мен құпия сөздің көмегімен мұғалімнің жүйеге кіруі. Жүйедегі оқушылардың авторлануының көмегімен оқушының сабаққа қатысу мәртебесін есепке алу. CRMS кез келген (мәтіндік, графикалық, аудио-, бейне және т.б.) форматтың файлдарын қолдауды қамтамасыз етеді, Ғаламторға шыға алады және оқытудың әр түрлі әдістерін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді: жұптағы, топтағы жұмыс, дербес және жапай сауалнама, топтық талқылау және б. Мұғалім тарапынан бақылау оқушы үшін байқаусыз түрде және оны негізгі оқу іс-әрекетінен аландатпастан өтетін болады[4].

Сонымен қорыта келе білім беру саласына электронды оқыту (E-Learning) – жүйесін енгізу мемлекетіміздің білім сапасын жетілдіруге көмектеседі балаларымыздың жарқын болашағына жасалған маңызды қадам.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» - [Электрондық ресурс]. [<http://adilet.zan.kz/rus/search/docs/dt>]
2. Бершадский, А. М. Применение мобильных технологий в региональной системе дистанционного образования Текст. / А. М. Бершадский, И. В. Савиных, А. А. Косов // Открытое образование. 2005. - № 6. - С. 45-51.
3. Бескровный, И. Ното Mobiles: шаг в сторону матрицы Текст. / И. Бескровный // E-Learning World. 2004. - № 4. - С. 25-31.
4. Бовт, В. В. Мобильное обучение Электронный ресурс. // Центр проектирования контента: сайт. [2005]. URL: <http://cpk.mesi.ru/news/2005/release008/10.ppt>.

ӘОЖ 378.018.43 (574)

Авдорсоль М.

*магистр, информатика пәнінің мұғалімі,
Абай ат. гимназия мектебі
Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы*

Таған А.М.

*магистр, информатика пәні мұғалімі
Абай ат. гимназия мектебі
Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы*

ИНФОРМАТИКА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ПӘНІНЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ ЖАСАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры болғандықтан, информатика пәні мұғалімі жаңа сабақта электрондық оқулықтарды тиімді қолдана алуы тиіс. Оқушы білімінің қалыптасуы қашанда мұғалімнің сабақты ұйымдастыра білуіне, жаңа материалды жүйелі түрде баяндау даәртүрлі электрондық оқулықтарды пайдалану әдістеріне байланысты.

Білім берудің саласында "Электрондық оқулықтарды "пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылық пен еңбектенуіне жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Соның нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік ашылды.

Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электронды оқу құралдарының атқаратын рөлі зор. Онда пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсініп және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту үрдісі ұғымды болады.

Электрондық оқулықтар ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электрондық оқулық дайындаудың концептуальдық негізі модульдық оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар электрондық оқулық дайындаудың педагогикалық принциптер жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді. Яғни, процесінің автоматтандырылған формасы іспетті. "Электрондық практикум" берілген. Оқушы оқулықты қажет етпей-ақ информатика негіздерінен кез-келген мәліметті тауып алып, оқып үйренуіне болады. Лабораториялық, практикалық жұмыстар компьютер көмегімен тез, жылдам түсіндіріледі. Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтарымен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі кезде негізінен білім жүйесінің барлық сатылары үшін электронды оқулықтар жасаумен шұғылданып келеді. Электронды оқулық оқушы үшін дайын материал. Оқушылар үшін электрондық оқулық, мектепте оқыған жылдардың барлығында да өздері толықтырып отыра алатын және нәтижелік емтиханға дайындалуға көмектесетін мәліметтер базасы болып келеді. Электронды оқулықтармен жұмыс істеу әрбір оқушының өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізу болып саналады. Мұғалім үшін электронды оқулық бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады.

Электрондық оқулықтарды дайындаудың бір жүйеге келтірілген заңдылығы болуы керек. Осыған байланысты электрондық оқулықтарды дайындауда мынадай дидактикалық шарттар қажет:

- белгілі бір пәнге байланысты дайындалған электрондық оқулықтың сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуын;
- электрондық оқулықтар курста оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты дәріс конспектісін қамтитын негізгі;
- зертханалық және практикалық тапсырмаларды орындауға арналған қосымша; материалға қатысты анықтама, библиографиядан тұратын көмекші; бақылау сұрақтарынан тұратын *тест*;
- Материалды дайындауда пайдаланылған *әдебиеттер тізімдері* бөлімдерін қамтуын;

-электрондық оқулықтың кәдімгі оқулықтар мазмұнын қайталамауын яғни, берілетін тақырыпқа қатысты ақпараттың нақты әрі қысқа берілуін ескеру керек;

- белгілі бір тақырыпқа қатысты материал 2-3 экрандық беттен артық болмауы тиіс. Егер мәтін көлемі бірнеше экрандық бетті қамтитын болса онда экранда пайда болатын оң жақ тік төменгі көлденеңінен жылжыту сызықтарын электрондық оқулықты пайдаланушының көп пайдалануына тура келеді. Мұның өзі пайдаланушының материалға қатысты ойын бөледі және мәтінді жоғары-төмен, оңға-солға жылжыта беру пайдаланушының шыдамдылығына да әсер етеді.

- бір қатардағы мәтін 62-65 таңбадан аспауы тиіс. Себебі материалды баспаға шығару қажет болса, ол А4 көлемді параққа дұрыс түсетіндей болуы керек.

- оқулықты шектен тыс иллюстрациялық анимациялық тұрғыдан көркемдеу пайдаланушыға кері әсерін тигізуі мүмкін.

Электрондық оқулықтармен оқыту жүйесінің сапасын арттырумен қатар бірқатар пайдалы жақтары бар.

Біріншіден, әр оқушы өзіне тән қарқынмен деңгейінде жұмыс жүргізеді. Қойылған мақсатқа жету үшін қажетті төзімділікті қалыптастырады.

Екіншіден, оқушы өз еңбегінің нәтижесін көріп өзін - өзі бағалайды. Өз бетімен жұмыс істеу оқушының біліміне әсер етпей, мінез құлқына зор ықпалын тигізеді.

Оқушыларды тиянақтылыққа, бастаған ісін жемісті аяқтауға тәрбиелейді. Жауапкершілікті оятады. Бұл өз ретінде оқушының ізденімпаздылығын, шығармашылық қабілетін дамытады.

Электрондық оқулықтың тиімділігі:

- оқушы арнайы бағдарламамен жұмыс істейді;
- оқушы білімі компьютерлік жүйе арқылы бағаланады;
- иллюстрациялық әдіс көп қолданылады;
- қисынды ойлау жүйесінің дамуына түрткі болады;
- берілген тапсырмаға деген қызығушылығы артады.
- *Электронды оқулықтың нәтижелілігі:*
- тез арада қайтарма байланыс болуын қамтамасыз етеді(интерактивті қасиеті);
- қажетті ақпараттық материалдарды жылдам тауып алуға мүмкіндік береді.
- гипермәтіндік түсіндіруден жан-жақты ақпараттық материалдар алады.
- әрбір жеке тұлғаның, білімін, білік іскерлігін әрбір тараулар бойынша тексеруге, бағалауға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде электрондық оқулықты қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды ала алады.

Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясы ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар электрондық материалдарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен практикалық тапсырмалар орындайды, әрбір оқушы тандалған тақырып бойынша қажетті материалдармен танысып, кестелер және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, бейнекөріністер, дыбыс пен музыка тыңдатып көрсетуге болады және мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Меңгерілуі қиын тақырыптарды компьютердің көмегімен түсіндірсе жаңа тақырыпқа деген оқушының қызығушылығы оянып, сабаққа деген ынтасы жоғары артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының 2015-жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2004 ж.
- 3 Байгожанова Д.С., Ермекова Н.С. Жоғары оқу орындарында информатиканы оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Талдықорған: ЖМУ, 2012. -113 б.
- 4 Е.Ы.Бидайбеков, С.С.Үсенов, М.М.Қуаңбаева, А.А Есназарова, Л. Ақзуллақызы, А.З Бименова, «Информатиканы оқытуда электрондық ресурстарды пайдалану» электронды оқу құралы, Қызылорда, 2012 ж.

ӘОЖ 378.018.43(574)

Авдорсоль М.

*магистр, информатика пәнінің мұғалімі,
Абай ат. гимназия мектебі
Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы*

Хасанбай Б.

*магистр, информатика пәнінің мұғалімі
Абай ат. гимназия мектебі
Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы*

КОМПЛЕКС АЙНЫМАЛЫ ФУНКЦИЯЛАР ТЕОРИЯСЫН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация

Оқу үдерісінде әр түрлі ақпараттық технологияларді енгізу өзекті. Комплекс айнымалы функциялар түбірін көрсетілген дәлдікпен анықтау. Есепті шешуде көрнекті зерттеу ерекшеліктеріне сүйеніп үш өлшемді графиктердің модулі және логарифмдік функцияның минимумын зерттеу. Бұл тәсіл білім алушыға комплекс айнымалы функциялардың үш өлшемді бейнесін көрсетуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: *комплекті талдау, алгебралық теңдеулер, комплекс айнымалы функциялардың қасиеттері.*

Аннотация

В учебном процессе актуально внедрение различных информационных технологий. Определение корня функций комплексной переменной с заданной точностью. Модуль трехмерных графиков и изучение минимума логарифмической функции, опираясь на выдающиеся исследовательские особенности при решении задачи. Такой подход позволяет обучающемуся представить трехмерное представление функций комплексной переменной.

Ключевые слова: *комплексный анализ, алгебраические уравнения, свойства функций комплексных переменных.*

Abstract

The introduction of various information technologies in the educational process is relevant. Determination of the root of functions of a complex variable with the specified accuracy. The module of three-dimensional graphs and the study of the minimum of a logarithmic function based on outstanding research features in solving the problem. This approach allows the student to show a three-dimensional image of functions of complex variables.

Keywords: *complex analysis, algebraic equations, properties of functions of complex variables.*

Комплекс айнымалы функциялар (КАФ) пәннің оқытуда нақты ғылымның мақсаты білім алушының абстрактылы ойлау ерекшелігін дамыту керек. Бүгінгі таңда комплекс айнымалы функциялар қасиеттерін компьютерлік графика көмегімен, аналитикалық функциялардың максимум модуль принципін, көп өлшемді логарифм, нақты нүктелер, 3D-график мүмкіндіктерін көркемдеп оқыту. Білім алушыға КАФ әлемін тез түсінуге мүмкіндік пайда болады.

Аналитикалық функцияның максимум модулі көмегімен полином түбірін табу. Полином түбірін табу кезінде жоғары дәрежелі немесе теңдеулерді қамтитын трансценденттік функцияларды компьютерлік есептеулерде жиі қолдану қажет. Мұндай кезінде комплекс айнымалы функцияның максимум модуль принципін тексеру оңай өткізіледі (бұл аналитикалық функцияның модулі, тұрақтылар, аналитикалық облыс ішіндегі максимум болуы мүмкін емес нүктелер).

Теңдеуді қарастырайық:

$$f(z) = 0, \quad (1)$$

мұнда $z = x + iy$. Әлбетте, бұл функцияның нөлдік нүктелерінде $f(z)$ функциясы $\varphi(z) = \frac{1}{f(z)}$

ерекшеліктері бар. Сондықтан компьютерлік суреттегі үш өлшемді графикалық функциясы $|\varphi(z)|$ функциясы (x, y) нүктелерінің жауап беретін локальді максимумы ерекшеліктерін қамтамасыз етеді.


Графикте олардың мәндері шектелген, өйткені $|\varphi(z)|$ функцияның графигін есептеу кезінде дискретті тор бағдарламасының маңызы бар нүктесіне түспейді. Шын мәнінде, ықтималдығы, z_0 теңдеудің түбірі (1), т.б. мұнда z_0 нүктесі, $|\varphi(z_0)| = \infty$, кездейсоқ өрнекті торға түседі, ықтималдығы аз болуы мүмкін. Сондықтанда $|\varphi(z)|$ үш өлшемді графигі әрдайым мүмкіндігінше салынды.

Аналитикалық функцияның максимум модуль қағидасына сәйкес әрбір аналитикалық максимум бұзуды білдіреді. Демек, $\varphi(z)$ функциясының кез-келген мүмкін емес облыстағы басқа да ерекшеліктерін қарастырамыз, $|\varphi(z)|$ функциясының локальді максимумы төңірегінде бір немесе бірнеше теңдеулер болады (1).

Сондықтанда локальді көршілестік ішіндегі $|\varphi(z)|$ функцияның әрбір максимумы төңірегінде қалды, теңдеулердің нақты координаттың түбірін аламыз максимум функциялары $|\phi(z)|$, аламыз нақтылықпен координаттар түбір, бастапқы теңдеулер[1].

1-мысал. $z^5 + 3z^3 + 2z - 1 = 0$ теңдеуін қарастырайық. 1-суретте үш өлшемді $\varphi(z) = \frac{1}{f(z)}$,

мұнда $f(z) = z^5 + 3z^3 + 2z - 1$ функцияның модулі көрсетілген (Maple - ортасында есептелген функцияның графигі).




1-сурет. Комплекс айнымалы бесінші дәрежелі теңдеудің түбірі


Комплекс айнымалы функциясында логарифм қасиеттерің қолданып комплекс жазықтықта полином түбірін анықтау

2-мысал. $f(z) = z^5 + 15(z-1)^4 + 15 = 0$ теңдеуін қарастырайық. 2(а) - суретте $\varphi(z) = \frac{1}{f(z)}$


функцияның графигінде бес «шыны» орнына төрт «шыны» көрсетілген. (x,y) жазықтың өсуінде, кез-келген төрт «шыны» пайда болды бесінші «шыны» байқалмады. Сол уақытта $\arg f(z)$ функцияның графигі тұрғызылады (2(ә), (б) – сурет. 2(б) – суретте функцияның графигін жоғары жағынан көрсетілген. Бесінші дәрежелі теңдеулер түбірін $\arg f(z)$ -дан 2π ауыстырылуы нүктесі нақты көрінеді).



2(а)-сурет. Бесінші дәрежелі теңдеудің төрт түбірі




2 (ә)-сурет. $\arg f(z)$ функция графигі




2 (б)-сурет. $\arg f(z)$ функциясы графигінің жоғары жағынан көрсетілген сызықтың түрі

2(б) және келесі суреттерде $\arg f(z)$ функциясының мәні кішірейтіліп, қараңғылау режимінде график ұлғайтылып көрсетіледі. 2(ә) – суретте $\arg f(z)$ функциясының интервалдары шамамен $-3,14$ – ден $3,14$ аралығында өзгереді. Мұнда Maple-ортасында негізгі аргументтің мәні $(-\pi, \pi]$ аралық.




2 (в)-сурет. $\arg f(z)$ функция графигінің жоғары жағынан көрсетілген сызықтың көрінісі, 2 (б)-суреттің ортаңғы бөлігі




2 (г)-сурет. Теңдеудің бесінші түбірі

2 (г)-суретте $|\varphi(z)|$ функциясының бесінші түбірін көрінбеді. Себебі оның 2 (а) - суретте жоғалуына $|\varphi(z)|$ функция графигін бағдарламаның көмегімен есептеу барысында басқа түбірлерге қарағанда өте аз мәндер берілуінде. $\varphi(z)$ функциясында нақты дәлдікпен анықтауға болады[2].

3-мысал. $f(z) = (z + 10)^2(z - 20)^3$ сызықтық дәрежелі теңдеуін қарастырайық. 3(а)-суретте $f(z) = (z + 10)^2(z - 20)^3$ сызықтық дәрежелі функцияның графигі $\arg f(z)$ түрінде, ал 3(ә)-суретте сызықтық дәрежелі функцияның жоғарғы жағының көрінісі көрсетілген.




3 (а) - сурет. $\arg f(z)$ сызықтық дәрежелі функцияның




3 (ә) - сурет. $\arg f(z)$ сызықтық дәрежелі функцияның

4-мысал. $\left| (f(z))^{1/3} \right|$ функцияның графигін табайық. 4-суретте $\left| (f(z))^{1/3} \right|$ функцияның графигі көрсетілген. Бұл жерде $f(z)$ функциясы 1 мысалда келтірілгендей график сәл өзгеше болу үшін бұрышты басқа проекцияға бұру арқылы мәндерін өзгертіп салындық.




4-сурет. $\left| (f(z))^{1/3} \right|$ функциясының графигі

5-мысал. $f(z) = z + 2(z + 1,5)$ теңдеуін қарастырайық. $f(z) = z + 2(z + 1,5)$ теңдеуі $f(z) = 0$ тең. $z = -2$ нүктесінің түбірі болып табылады сонымен қатар $z = -1,5$ нүктесінің түбіріне жақын орналасқан. $\arg f(z)$ функциясының сызықтық деңгей және оның жоғары жағының көрінісі графиктері 5(a), (ә)-суреттерінде көрсетілген[3,4].



5 (a) - сурет. $\arg f(z)$ функциясының сызықтық деңгей графигі



5 (ә) - сурет. $\arg f(z)$ функциясының жоғары жағының көрінісі

Ы пайдалану арқылы оқу үдерісін жеңілдетіп ғана қоймай білім алушылардың функция қасиеттерін көрнекті, нақты дәл көзбен анықтауға, түсінуге мүмкіндік береді. Атап, айтқанда зертханалық жұмыстарды орындау барысында монитор экранына үш өлшемді функцияның графиктері, сызықтық дәрежелі функция, аналитикалық функция тақырыптарына күрделігіне қарай тапсырмаларды білім алушыға ұсынуға болады. Қарастырылған мысалдарда комплекс айнымалы функцияларды зерттеуде үшөлшемді графиктер арқылы түсіндірілді. Оқу үдерісінде 3D-графиктер арқылы әр түрлі бейнеде, бағдармалалық құралдарды көмегімен білім алушының қызығушылығын арттырумен қатар қатты әсер қалдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Лаврентьев М.А., Шабат Б.В. Методы теории функций комплексного переменного. 5-е.изд., исправл.-М.:Наука, 1987. 688 с.
- 2 Привалов И.И. Введение в теорию комплексного переменного. 14-е изд., стер.-М.: Высш.шк.1999.432с.
- 3 Свешников А.Г., Тихонов А.Н. Теория функций комплексной переменной. –М.:Наука, 1974. 320с.
- 4 Костин С.В. Система обозначений // Математика в высшем образовании. 2009. №7. С. 39-80.

ӘОЖ 373.51

Бейсенбек Лина

*педагогика ғылымдарының магистрі
физика-математика пәнінің мұғалімі
С. Бердіқұлов ат. ОМ*

НЕГІЗГІ МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Қазіргі таңда математикалық білім үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады. Математикалық білім берудің негізгі мақсаты – математикалық сауаттылықты дамыту, мектепте оқып жүргенде алған математикалық білімдерін пәнаралық байланыста қолдана алуы, болашақта оқуын жалғастыруда қолдана алуға және өмірлік практикада қолданыстарға жаратуға бағыттау.

Математикалық білімді игеру барысында ой қорытуы жүйеленеді. Математикалық есептерді шығару барысында есептердің классификациясына, қызметіне, құрылымына мән беріледі. Математикалық есептерді шығару барысында оқушылардың дағдысы, білім мен білікті қалыптастыруы мақсатқа алынады. Сондықтан оқушылардың математикалық есептерді шығара алуы математикалық білімді, берілген материалды игеру деңгейін көрсетеді.

Математиканы оқытуда есептерді шығару маңызды рөл атқарады. Оқытудың түпкілікті мақсаты оқушылардың белгілі бір есептер жүйесін шығарудың әдістері мен тәсілдерін меңгеруі және мектеп математика курсындағы ұғымдар мен әдістерді игеруі болады. Математикалық есептерді шығаруды оқытудың дұрыс ұйымдастырылған әдістемесі оқушылардың ойлауы мен математикалық мәдениетін дамытуға, сондай-ақ математиканың практикалық қолдану білігі мен дағдыларын қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді.

Түйінді сөздер: *математика, есеп, функция, дидактика, теория*

Аннотация

В настоящее время математическое образование является основной частью системы непрерывного образования. Основная цель математического образования-развитие математической грамотности, умение применять полученные математические знания в межпредметной связи во время обучения в школе, ориентирование на дальнейшее использование и применение в жизненной практике.

В процессе усвоения математических знаний происходит систематизация мышления. При решении математических задач уделяется внимание классификации, деятельности, структуре задач. При решении математических задач цель-формирование у учащихся умений, знаний и умений. Поэтому умение учащихся решать математические задачи отражает уровень усвоения математических знаний, заданного материала.

Решение задач играет важную роль в обучении математике. Конечной целью обучения будет овладение учащимися методами и приемами решения определенной системы задач и овладение понятиями и методами в школьном курсе математики. Правильно организованная методика обучения решению математических задач способствует развитию мышления и математической культуры учащихся, а также формированию умений и навыков практического применения математики.

Ключевые слова: *математика, задача, функция, дидактика, теория*

Abstract

Currently, mathematical education is a fundamental part of the system of continuing education. The main goal of mathematical education is the development of mathematical literacy, the ability to apply the mathematical knowledge acquired during school education in interdisciplinary communication, to apply it in the future in the continuation of studies and apply it in life practice.

In the course of mastering mathematical knowledge, generalization is systematized. In the process of solving mathematical problems, importance is attached to the classification, function, and structure of problems. In the process of solving mathematical problems, the goal is to form students' skills, knowledge

and skills. Therefore, the ability of students to solve mathematical problems reflects mathematical knowledge, the level of assimilation of this material.

Problem solving plays an important role in teaching mathematics. The ultimate goal of training will be for students to master methods and techniques for solving a particular problem System and master concepts and methods in the school mathematics course. Properly organized methods of teaching mathematical problem solving contribute greatly to the development of students ' thinking and mathematical culture, as well as the formation of skills and abilities of practical application of mathematics.

Keywords: *mathematics, problem, function, didactics, theory*

Математикалық оқу есептері оқушылардың мектеп математика курсына, сонымен қатар жалпы теорияның ұғымдары мен әдістерін меңгерудің ең тиімді және таптырмас құралы болады. Есептер оқушылардың ойлауын дамытуда және тәрбиелеуде, сонымен қатар, математиканы практикада қолданудың білігі мен дағдысын қалыптастыруда үлкен рөлге ие.

Математикалық есептердің білім беру маңыздылығы. Математикадан есептерді шығару барысында оқушы жаңа мәліметпен танысады, математикалық теорияны қолданады, сонымен қатар есепті шығаруға қажетті жаңа әдістерді немесе математиканың жаңа теориялық бөлімдермен танысады және т.б. Демек, оқушылар математикалық есептерді шығара отырып, өзінің математикалық білімін жетілдіреді. Есептердің қандай да бір тобын шығару әдісін меңгергеннен кейін оқушыларда осындай есептерді шығару білігі, ал жеткілікті түрде жаттыққаннан кейін – дағдысы қалыптасады, бұл өз кезегінде математикадан білім деңгейін арттырады.

Математикалық есептердің практикалық маңыздылығы. Математикалық есептердің оқытудағы практикалық маңыздылығы оқушылардың болашақтағы қызметіне дайындығына қажетті алған білімдерін практикалық қажеттіліктеріне қолдану болып табылады. Математикалық есептер физика, химия, биология, электро-радиотехника және т.б. кездеседі. Оқушыларға математиканы оқытқан кезде пәнаралық (физика, химия, география және т.б.) байланыстары бар есептерді, сонымен қатар техникалық және практикалық мазмұнды есептерді де ұсынған жөн.

Математикалық есептердің ойлауды дамытудағы маңыздылығы. Математикалық есептерді шығару барысында алғы шарттар мен қорытынды, берілгендер мен ізделінді, жалпы және дербес, сәйкестендіру мен қарсы қою фактілерін үйренеді. Сонымен қатар, оқушыларда ойлаудың ерекше стилі: пайымдаудың формалді-логикалық үлгісін ұстану, ойды ықшамды жеткізу, ойлау жүрісін нақты бөліктеу, символдардың нақтылығы қалыптасады.

Математикалық есептердің тәрбиелік маңыздылығы. Математикалық есептердің тәрбиелік маңыздылығы өзінің мәтіні, мазмұны, фабуласымен тәрбиелейді. Сонымен қатар, математикалық есептерді шығаруға оқыту бүкіл оқыту процесінде іске асады. Дұрыс жолға қойылған математикалық есептерді шығаруға оқыту оқушыларды адалдық және шынайылық, қиындықты табандылықпен төзуге, өзінің жолдастарының еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Есеп оқушылардың логикалық ойлау, кеңістікті елестету қабілеттерін дамытуға көмектесетін басты құрал болып табылады. Сонымен қатар білімнің, білік пен дағдының қалыптасуы көп жағдайда есептер арқылы тексеріледі.

Есептің функцияларына қарай оларды келесі түрлерге бөлуге болады: танымдық, дидактикалық, дамытушылық.

Танымдық функциялары (теориялық, практикалық) бар есептерде оқушыларға қажетті жаңа ақпараттар қамтылады және мектеп курсының негізгі материалдарын терең игертуге бағытталған. Мұндай есептерді шығару барысында оқушылар танымдық жағынан жаңа теориялық біліммен, яғни жаңа маңызды ұғымдар, есептерді шығарудың жаңа әдістерімен танысады.

Дидактикалық функциялары (кіріспе, машықтандыру) бар есептерге теориялық мәліметтерді енгізуді және қорытындылауды жеңілдетуге арналған есептер жатады. Мұндай есептер абстрактылы ұғымдарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, сонымен қатар әртүрлі терминдер арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы білім беру жүйесінде есептің әрбір функциясы маңызды, бірақ кейінгі жылдары әдіскерлер есептің дамытушы функциясының рөлін ерекше атап көрсетеді.

Дамытушылық функциялары бар есептер – мазмұны негізгі курстан алшақ, бағдарлама сұрақтары күрделене түскен (тапқырлыққа, сандық және геометриялық интуицияларын дамытуға, кеңістіктік елестетуге, логикалық ойлауға, сауаттылығын дамытуға берілген) есептер. Дамытушылық функциялары бар есептердің мазмұны негізгі математика курсынан алыстау

болғанымен, кез келген оқушы осы есептерді өзінің қабілетіне қарай шығара білуі керек.

Сонымен қатар оқушылар көп жағдайда есептерді шығаруға ойланбайды, үлгі бойынша әрекет ете отырып, дұрыс жауап алумен ғана шектелетіндігін ескерте кету керек.

Математикадан есептердің бақылаушы функциялары деп біз оқушылардың математикадан білім мен біліктер жүйесін қалыптасқандығын тексеруге бағытталған функцияларын түсінеміз.

Білім мен білікті бақылау процесінде қолданылатын, жоғарыда көрсетілген функциялар алгебралық, сонымен қатар геометриялық есептерде жүзеге асады.

Оқу процесінде есептер әр түрде көрініс табуы мүмкін: білімді меңгеру құралы ретінде, іс әрекетті тасымалдаушы, оқушылардың танымдық іс әрекеттерін ынталандырушы, оқыту әдісінің бір формасы ретінде, білім беру мазмұнын игеруді бақылау құралы және т.б.

Есептердің әрбір белгісі басқалардан жеке-дара алынған кезде олардың қандайда бір жағын ғана сипаттайды. Сондықтан, есептің маңызын түсіну үшін оның барлық жағын есепке алу қажет. Бірақ, нақты жағдай үшін жоғарыда көрсетілген қырларының біреуі ғана қолданылуы мүмкін, мысалы, есептерді ікемділікті қалыптастыру құралы ретінде қарастыру. Әлбетте, кейбір нақты есептер жаттығулар болып табылады. Нақты бір есепті жаттығуға жатқызу үшін оны қолданудың мақсаты, мазмұнын игерудегі орны, оны шығарудың қандай да бір іс әрекетке сәйкестігі маңызды.

Есептер оқыту құралы ретінде келесі функцияларды атқарады:

- математикалық іс-әрекетке үйрету;
- білім, білік және дағдыны қалыптастыру;
- оқушыларды дамыту (ойлау қасиетін);
- тәрбиелеу (мазмұны, әрекетті ұйымдастыру, тілдесу арқылы);
- нақты құбылыстарды модельдеуге үйрету [1].

Бір ғана есеп оның білім беру процесіндегі рөліне байланысты, бірнеше функция атқаруы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардан, есептер келесі негізгі белгілерге ие болып, математиканы оқытудағы көп қырлы құбылыс екенін көрсетеді:

- 1) математиканы оқыту мазмұнына сәйкес іс әрекетті тасымалдаушы;
- 2) білім, білік және дағдыны меңгерту құралы;
- 3) оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін басқару және ұйымдастыру құралы, жекелеген жағдайда оларға жағдай жасаушы және ынталандырушы, білім мен білікті меңгеруін бақылау әдісі;
- 4) оқыту әдісінің бір түрі ретінде көрініс табады;
- 5) теория мен практиканы байланыстыру құралы.

Орта мектепте математикалық есептер мен жаттығулар шығаруға математика пәніне бөлінген уақыттың жартысы жұмсалады. Жоғарыда айтылғандардан мектеп математика курсында математикалық есептер шығару оқушыларды тек математикалық ұғымдармен таныстырып, математикалық символдарды қолдануға, дәлелдеуге үйретіп қана қоймайды. Математиканы оқытудың осындай жолын таңдау арқылы мұғалім әртүрлі есептер шығарудың алдына математиканы есеп шығару арқылы оқытуды қамтитын дидактикалық мақсаттар қояды.

Есеп шығару – ерекше жұмыс, дәлірек айтсақ, ой жұмысы. Есеп шығару арқылы оқушылардың тақырыпты қалай игергендігін, теория мен практиканы байланыстыра білу қабілетін, математика әдістерін меңгерін айқындаймыз, білімін, біліктілігін анықтаймыз.

Есеп шығару оқушылардың сөйлеу мәдениетіне, мінез-құлқының қалыптасуына, тапқырлыққа, шыншылдыққа, тиянақты-лыққа, ой қорытып, жинақтауға ықпалын тигізетін де аян. Бірақ кез-келген есепті шығару үшін оқушы белгілі бір теориялық және практикалық дайындықтан өтуі қажет.

Олардың дайындық деңгейін, білім көрсеткіштерін анықтап, объектіні бағалауға-бақылауға қажетті тапсырмаларды іріктеп бақылау әдістерін айқындап алған жөн. Оқушылардың көбі ұзақ мерзімді, ақыл-ой әрекетті қажет ететін есептерді шығаруға, тапсырмаларды орындауға қабілетсіз. Бірақ уақыт ойлауды қажет ететін есептерді шығарудың әр түрлі кезеңдерін көзалдына елестеу, берілгендер арасындағы байланыстарын байқау сияқты дағдыларды жетіспей жатады. Есептің идеялық бөлігін ой елегінен өткізіп жинақтағанмен, техникалық қабілеттерінің төмендегі айқын байқалады. Оның басты себебі әлі күнге мектеп математикасында есеп шығаруға көп көңіл бөлінбейтіні, бөлінген жағдайда тақырып жалаң игеріліп, кең ауқымды есептердің назардан тыс қалуы, сонымен қатар қазіргі таңда жастар арасында тәрбиенің бесендеуінен «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» принципінің белең алуынан, математикадан алшақтатып алуымызда.

Әрине, әрбір оқушының қабілеті де әртүрлі. Сондықтан олардың есеп шығару барысындағы

жетістіктерді де бірдей емес, яғни олар өз мүмкіндіктеріне қарай берілген есептерді шығарулары тиіс.

Мектеп тәжірибесінде математикалық амалдарды дұрыс, бірақ өте баяу орындайтын оқушылар кездесіп жатады. Бұл мезгілде сабақтың жинақтылығы бұзылып, оқушылар салғырттыққа ұшырайды. Жоғары сыныптарда, мұндай жағдайлар мүлдем болмауы тиіс. Сондықтан оқушылардың есептеу дағдыларын шынықтыру қажет. Ол үшін сабақ басында, мұғалім көмекшілермен бірге, алдын-ала кесте түрінде дайындалған (8-кесте) қарапайым тапсырмаларды барлық оқушыларға таратады. Мұғалімнің айтуы бойынша, тапсырмаларды орындап, жауаптарын басқа қағазға жаза бастайды. Төрт - бес минут өткеннен кейін жұмыс тоқтатылады. Белгіленген уақыттан кейін мұғалім, дұрыс жауаптарымен (9-кесте) салыстырып тексергізеді, ал дұрыс жауаптар санын санап, кестеге жазып, сынып ішіне іліп қойылады.

Ұсынылып отырған кестені өзіндік, тексеру және сынақ жұмыстарында қолдануға болады. Сонымен қатар, оқушының есептеме жылдамдығын анықтауға көмектеседі, яғни

n – дұрыс жауаптар саны;

t – белгіленген уақыт;

v – есептеме жылдамдығы;

$$v = \frac{n}{t}$$

t - формуласымен анықталады.

Дәл осылай, әр сабақ сайын қолданып отырылады. Мұндай тапсырмалар кестесі арқылы, әр оқушыны өзіндік жұмыстармен қамтамасыздандыруға болады. Есептеме жылдамдығының артуы оқушының көрсеткіші болып табылады. Жұмысты теріс және оң сандарға амалдар қолдану, түбірден алу, дережеге шығару т.б. қарапайым есептермен байланыстыруға да болады екен. Мысалы, «Көрсеткіштік функция» тақырыбының басты қасиеттеріне негізделген нұсқаны қарастырайық.

8-кесте

№	1.1.	1.2.	1.3.
1	$\sqrt[3]{-27}$	$\sqrt[5]{-243}$	$\sqrt[3]{-343}$
2	$\sqrt[4]{\frac{81}{256}}$	$\sqrt[3]{-\frac{27}{8}}$	$\sqrt[4]{\frac{81}{625}}$
3	$(-\sqrt[4]{11})^4$	$\sqrt[4]{48 \cdot 27}$	$(2\sqrt[5]{-2})^5$
4	$\sqrt[4]{0,0001 \cdot 16}$	$\sqrt[3]{-25 \cdot \sqrt[6]{25}}$	$\sqrt[5]{160 \cdot 625}$
5	$4^x = 64$	$\left(\frac{1}{3}\right)^x = 27$	$5^x = 125$
6	$\sqrt{2^x} \sqrt{3^x} = 36$	$\left(\frac{3}{7}\right)^{3x+1} = \left(\frac{7}{3}\right)^5$	$\sqrt{8^{x-3}} = \sqrt[3]{4^{3-x}}$
7	$\sqrt{3^x} = 9$	$3^{6-x} = 3^{3x-2}$	$\left(\frac{1}{2}\right)^x = \frac{1}{64}$
8	$\left(\frac{1}{7}\right)^{x-1} = \frac{\sqrt{7}}{7}$	$\left(\frac{1}{3}\right)^{x-1} = 3^4$	$4^{2x+3} = 16$
9	$4^{5+x} = 128$	$5^{3x-3} = 1$	$(\sqrt{6})^x = \frac{1}{36}$

9-кесте

№	1.1.	1.2.	1.3.
1	-3	-3	-7
2	$\frac{3}{4}$	$-\frac{3}{2}$	$\frac{3}{5}$
3	11	6	-64
4	0,2	-5	10
5	3	-3	3
6	4	-2	3
7	4	2	6
8	1,5	-3	-0,5
9	-1,5	1	-4

10	$6^{x-3} = \sqrt{6}$	$\left(\frac{1}{5}\right)^{4x-1} = 25$	$4^{5-x} = 0,25$	10	3,5	-0,25	6
----	----------------------	--	------------------	----	-----	-------	---

10-кесте

N									
T									
V									

Әрбір нұсқаға 15-тен 30-ға дейін есеп кіреді, әрі сыныпқа кем дегенде екі нұсқа дайындалады (қатар отырған оқушылар әртүрлі нұсқа орындауы қажет). Сонымен қатар тапсырманың орындалу барысы оқытушының қатаң қадағалауында болады.

Бұл тәсілдің басты ерекшеліктері:

1. Барлық оқушылар жекелеп жұмыс жасауға мүмкіндік туады.
2. Тапсырманы орындау барысында, оқушы ережелерді қолдана білу, уақытпен санау, білетіндерін іріктеп, теріп шығару, яғни тақырыпшаларға ойша талдау жүргізіледі.
3. Тексеру барысында оқушы да, оқытушы да оның кемшіліктерін нақты, дәл айқындайды.
4. Барлық оқушыларға бірдей деңгейдегі бірдей мөлшерде есептер берілгендіктен қойылатын бағаның әділдігінде.
5. Оқушыларды шапшаңдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелейді, тақырыпты игеруін нақтылайды.
6. Марафон арқылы оқушылар тесттік нұсқаларды дұрыс орындауға практикалық тәжірибе жинақтайды.
7. Мұндай тұрғыда құрылған нұсқалардың білімді тексеріп, бағалаумен бірге оқытушылық мәні бар.
8. Соңғы нәтиже – есептеменің жылдамдығы болғандықтан, оқушылардың арасында бәсеке – жарыс туындайды.
9. Нұсқадағы тапсырмалардың жеңілдігі, үлгерімі нашар оқушыларды қызықтырады, еңбекке баулиды, ең болмағанда дайын формулаларды және ережелерді пайдалана білуге тәрбиелейді.
10. Тапсырмалар санының көптігі оқушылардың бір-бірімен ақпарат алмасуларына жол бермейді.
11. Оқушылардың білім көрсеткіштеріне сәйкес тапсырмалар саны мен сапасына (қиындығы мен күрделігіне) түзетулер енгізіп отыруға болады.
12. Белгілі не белгісіз себептермен сабақ босатқан оқушыларға қосымша тапсырма (отработка) берген тиімді.
13. Нұсқадағы тапсырмалардың жауаптарын дайын кестеге қарап тексеру өте жеңіл болады.
14. Үлгерімі өте жақсы оқушыларға да орындалған жұмыстарды тексертіп және талдатқысып, олардың білімдерін, іскерлік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік туады.
15. Бақылау нәтижесін саралап, талдау негізінде оқушылар арасында пікір алмасу, ой таластыру, дәлелдеу секілді тәрбиелік мәні зор үрдістер жүреді.

Математикалық есептердің алдына қойылған дидактикалық мақсаттар келесі түрде болады [2]:

а) *Жаңа білімді меңгеруге дайындық* (жаңа ұғымдар, әдістер, теоремалар). Бұл мақсатқа жету үшін жаңа материалды игеруге қажет бұрыннан белгілі мәліметтерді оқушының есіне түсетін есептер шығару қажет және мұндай есептер қиын болмауы немесе ауызша шығарылатын есептер болуы қажет.

Мысалы, рационал көрсеткішті дәреже тақырыбын түсіндіру алдында бүтін көрсеткішті дәрежелерге берілген есептерді шығару пайдалы.

Көбейтудің үлестірімділік заңын (қосу амалына қатысты) оқыту алдында осы заңның бүтін сандар үшін қолданылуына берілген есептерді шығарту пайдалы. Осылай оқушылар аналогияны дұрыс қолдана білуге үйренеді.

ә) *Жаңадан алынған теориялық білімді бекіту*. Мұндай есептердің қатарына жаңа ұғыммен, оның анықтамасымен танысу, аксиомалар мен теоремаларды дұрыс айта білу, дәлелдеу әдістерін, бекітуге берілген есептерді жатқызуға болады. Мұндай есептер теориялық мәліметтермен танысқаннан кейін шығарылады.

Мысал ретінде оқушылардың сыбайлас және вертикаль бұрыштар туралы алған білімдерін

бекітуге арналған есептерді қарастырайық: екі бұрыштың төбелері ортақ. Олар сыбайлас емес немесе вертикаль емес бұрыштар бола ма? Виет теоремасы туралы алған білімдерін бекіту мақсатында келесі есепті берген жөн: берілген квадрат теңдеудің бір түбірі – 7. Берілген теңдеудің екінші түбірі мен p коэффициентін табыңдар.

б) *Жаңа материалдың қолданысын көрсету* математикалық есептің алдына қойылған дидактикалық мақсат болады. Мұндай мысалдар ретінде математиканың техникадағы, тұрмыстағы қолданысын, математиканың басқа пәндермен арасындағы байланысын көрсететін есептер ұсынылады. Мұндай есептер қатарына есептеуді азайту мақсатында түрлендірулер жүргізілетін есептерді де жатқызуға болады.

в) *Білік пен дағдыларды қалыптастыру*. Белгілі бір есептерді шығарудың жаңа тәсілдерін, алгоритмдерін, әдістерін игеруге берілген алғашқы есептер мен жаттығуларды шығару алдына білік пен дағды қалыптастыру мақсаты қойылады. Мұндай есептердің мазмұны оқушылардың жаңа алған білімдерін қолдана білу, жалпы әдіс, алгоритм, тәсілдерді нақты жағдайларға қолдана білу қабілеттерін дамытуға бағытталған болуы тиіс. Алғашқы есептер қиын болмауы қажет, бірақ есептерді біртіндеп қиындата беру керек.

Алғашқы сабақтарда есептердің шешімін егжей-тегжейлі түсіндіріп, есептің шешімін тақтаға толық жазып, көрсеткен жөн. Бұл өз кезегінде қалыптасқан білік пен дағдының оқушы есінде ұзақ сақталуына септігін тигізеді.

Математикадан дағдыны қалыптастыру мақсаты тек бір есептің ғана емес, есептер мен жаттығулардың жүйелерінің де алдына қойылуы мүмкін. Есепті шығарудың техникалық жақтары есеп шығарушының ойын бөлмеуі үшін математикалық әдістер мен есептеулерді дағдыға айналдырған жөн. Оқушылардың бойында математикалық есептеулердің, теңбе-тең түрлендірулердің, теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешудің, геометриялық салулардың және т.б. дағдылары қалыптасуы керек. Ал бұл есептерді шығарудың тәсілдерін, әдістерін, алгоритмдерін есептерді шығаруда бірнеше мәрте қолдану арқылы қалыптасады. Сондықтан математикалық білік пен дағдыны қалыптастыру үшін ойланып жасалған есептер мен жаттығулардың реттелген жүйесін құру және мұндай жүйені құру барысында әрбір оқушының жеке қабілеттері мен ерекшеліктері ескерілуі және қарапайымнан күрделіге принципі сақталуы қажет [3].

Жаттығулар мен есептердің жүйелерін құру кезінде есептер мен жаттығулардың әртүрлілігі сақталады, себебі әрбір есепті шығару арқылы оқушылардың білімдері дамып отыруы тиіс. Сонымен қатар оқушыларда білік пен дағдыны қалыптастыру үшін жұмсалатын уақытты үнемдеуді де ескерген жөн.

Бұрыннан қалыптасқан білік пен дағдына қолдана отырып амалдар жасау жаңадан тұрақты, мықты білік пен дағды қалыптастыруға көмектеседі. Бұрыннан қалыптасқан білік пен дағдыны есептер шығаруда қолдану оқушылардың математикадан алған білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдана білуге үйретеді.

г) *Алдында өтілген материалды қайталау*.

Математиканың ерекшелігі – оның әрбір бөлімінің бір-бірімен байланысты болуы, сондықтан оқушылар көптеген есептерді шығарғанда бұрын өтілген материалдардан алған білім, білік, дағдыларын пайдаланып отырады. Белгілі бір есепті шығарудың алдына қойған мақсаттан тәуелсіз есепті шығару барысында бұрын өтілген материалды міндетті түрде қайталап отырады. Белгілі бір тақырыпты қорытындылау сабақтарында шығарылатын есептердің дидактикалық мақсаты болып өткен тақырып бойынша алынған білімді қайталау, жүйелеу және нақтылау, қалыптасқан білік пен дағдыны бекіту болып табылады. Токсанның соңында шығарылатын есептер дәл осындай есептер болып табылады.

д) Математикалық есептер мен жаттығулардың алдына қойылатын дидактикалық мақсаттардың бірі – оқушылардың жаңа материалды меңгеруін бақылау. Әрбір есептің өзінің атқаратын функциясы болады – ағымдық бақылау немесе өзін-өзі бақылау. Тақтада шығарылатын есептердің тағы бір функциясы – оқушылардың алған білімдерінен түсінбеген ұғымдарын, қалыптасқан білік пен дағдының қаншалықты тұрақтылығын анықтайды.

Тексеру және бақылау жұмыстарында шығарылатын есептердің негізгі функциясы – мұғалім берілген бөлім бойынша материалды қаншалықты дұрыс бергенін және оқушылардың қаншалықты меңгергендігін анықтап, қорытындылау.

Сонымен математикалық есептерді классификациялауда келесі жағдайларды ескеру қажет:

- математикалық есептер көпфункционалы, яғни бір ғана есеп бір уақытта бірнеше функция

атқара алады, өйткені есепті шығару барысында бірнеше өзгертулер болуы мүмкін;

- барлық функцияларының ішінен әрқашанда бастысын бөліп алуға болады;
- кез келген типология немесе классификация шартты түрде жүреді;
- кез келген математикалық есеп әртүрлі классификациялық схемалардың белгілеріне ие болуы мүмкін.

Математиканы оқып-үйрену барысында бізге, әдетте, тапсырмалардың әр алуан түрлерін орындауға тура келеді. Жалпы алғанда, оқушылар мысалдар және мәтінді есептер деп аталатын математикалық мазмұнды тапсырмаларды орындаумен жиі іспеттес болады. Айталық, $98:(6+8)*8$ түріндегі тапсырманы алайық. Ол мысал деп аталады және онда қандай арифметикалық амалдарды орындау керектігі тұп-тура анық көрсетіліп тұрғанын аңғарамыз. Ал мәтінді есептерде олай емес. Мына тапсырманы қарастырайық. “Ағасы 8 дәптер, ал қарындасы осындай 6 дәптер сатып алды. Балалар бұған барлығы 98 теңге ақша төледі. Ағасы дәптер сатып алуға қанша ақша жұмсаған?”

Бұл тапсырманың мысалға қарағанда өзіндік ерекшелігі бар, онда ізделінді санды қандай амалдарды орындап табу керектігі айқын көрсетілмеген. Сондықтан тапсырманы орындау тікелей орындалатын арифметикалық амалдарды дұрыс таңдап алуға келіп тіреледі. Математикалық мазмұнды тапсырмалардың мәтінді есептер деп аталатын осындай түрлерінің мысалдарға қарағанда қиынырақ болатын себебі де, міне, осында.

Математиканы оқытып-үйрету барысында мәтінді есептердің алатын орны ерекше. Мәтінді есеп дегеніміз не? Олар қайдан алынады және қалай пайда болады? Осы сұрақтарға жауап беріп көрейік. Жалпы алғанда мәтінді есептер (әрі қарай қысқаша есеп деп айта береміз) адам баласының тұрмыстық және өндірістік тәжірибелері барысында туындайды. Өйткені, адам баласы барлық уақыттарда қандай да болмасын іс-әрекеттермен шұғылданады. Міне, осы іс-әрекеттер барысында оның алдына қандай да бір шешілуі қажет болатын мәселеге (немесе есепке) келтіретін жағдаяттар пайда болады. Қысқаша айтқанда, есептер адамзаттың айналадағы нақты дүниені танып-білуі барысында туындайды.

Айталық, біз қандай да бір нәрсені немесе құбылысты зерттедік делік. Сонда оның кейбір жекелеген сипаттамаларын немесе қасиеттерін бақылау арқылы немесе қандай да бір аспаптардың көмегімен анықтауға болады. Ал оның басқа сипаттамаларын немесе қасиеттерін бақылау арқылы немесе аспаптардың көмегімен анықтай алмауымыз мүмкін. Мысал келтірейік:

Айталық, дөңгелек пішінді көлдің дәл центрінде арал бар делік. Қандай да бір аспаптарды пайдаланып, көлдің радиусын немесе шеңберінің ұзындығын анықтауға болады. Бірақ осы көлдің (яғни, дөңгелектің) ауданын қандай да бір аспаптың көмегімен тікелей анықтай алмаймыз. Сондықтан біздің алдымызда мынадай мәселе (анығырақ айтқанда, есеп) туындайды. Дөңгелек пішінді көлдің радиусын біле отырып, оның ауданын қалай табуға болады?

Егер осы мәселені математика тілінде тұжырымдасақ, онда мынадай есеп алар едік: Дөңгелектің радиусы r м. Оның ауданын табу керек.

Осы келтірілген мысалдар есеп ұғымына былайша анықтауға болатындығы көрінеді. Қандай да бір нәрсенің немесе құбылыстың бізге белгілі сипаттамалары бойынша оның басқа бір сипаттамаларын табумен байланысты талапты есеп деп түсінуге болады.

Адамдар өздерінің күнделікті қызметтерінде есептердің әр алуан түрлерін – математикалық, физикалық, саяси, өндірістік, білім беру, тәрбие және басқа да түрлерімен кездеседі. Басқаша айтқанда, адам қызметі әр түрлі есептермен байланысты. Есептерді шығару процесінде адам қызметінің әр алуан аспектілері сипатталады. Көптеген есептерді шешу үшін олардың алгоритмі болмайды: осындай есептерді шығару адамдардың шығармашылық сипаттағы қызметке дайындығының деңгейіне байланысты болады. Өскелең ұрпақты мақсатты дайындауды мектепте оқыту кезінде бастау және оған жоғары оқу орнында оқыту жүйесінде басты назар аудару керек. Бұл мақсатты жүзеге асыруда математиканы оқыту зор мүмкіндіктер туғызады, нақтылай айтқанда, математикалық есептердің қатысуымен оқыту аталған мақсатты табысты жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Математикалық есептерді шығару оқушылардың танымдық және логикалық ойлау деңгейін дамытумен қатар, сапалы білім беру негізінде математикалық сауаттылықты қамтамасыз етеді

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жадраева Л.У, Искакаова М.Т. Жумалиева Л.Д. Математикалық есептер функциясының кейбір аспектері //Проблемы совершенствования обучения математике, физике и информатике в

школе и вузе. – Алматы, 2014. – С.45-48.

- 2 Абылкасымова А.Е., Папышев А.А. Методические основы обучения решению математических задач в средней школе. – Алматы: Комплекс, 2004. – 134с.
- 3 Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері. – Алматы: Мектеп, 2014. – 224б.

МРНТИ 27.41
ӘОЖ 51

Габшакирова Татьяна Мендигалиевна

техника ғылымдар магистрі

математика пәнінің мұғалімі

Х. Доспанова ат. №30 ОМ

Орал қ.

ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІ НАШАР ОҚУШЫЛАРҒА ЖАЙ БӨЛШЕКТЕРДІ ТҮСІНДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл - ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Мақалада ойлау қабілеттері нашар оқушыларға жай бөлшектерді түсіндіру жолдары қарастырылған. Соның ішінде жай бөлшектердің пайда болуына, оқылуына, жазылуына, бөлшек компоненттері мен бөлшектің классификациясына және салыстыруға тоқталған.

Түйінді сөздер: инклюзивті оқыту, жай бөлшектер, жай бөлшектердің пайда болуы, жай бөлшектің компоненттері, бөлшектің классификациясы.

Аннотация

Сегодня в целях поддержки инклюзивного образования учащиеся с умственной отсталостью по определенным причинам обучаются в общеобразовательных школах. В статье рассматриваются способы объяснения обыкновенных дробей учащимся с ограниченными интеллектуальными возможностями. В частности, основное внимание уделяется образованию, чтению, письму, классификации составных частей и сравнению обыкновенных дробей.

Ключевые слова: инклюзивное образование, обыкновенные дроби, образование обыкновенных дробей, компоненты обыкновенных дробей, классификация дробей.

Abstract

Today, in order to support inclusive education, students with mental retardation, for certain reasons, study in mainstream schools. The article discusses ways to explain ordinary fractions to students with limited intellectual abilities. In particular, the focus is on education, reading, writing, classifying constituents, and comparing common fractions.

Key words: inclusive education, ordinary fractions, formation of ordinary fractions, components of ordinary fractions, classification of ordinary fractions.

Инклюзивті оқыту – ерекше білімді қажет ететін балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы ресми деректер бойынша Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілді [1].

Негізгі мектептің мақсаттарының бірі: даму мүмкіндіктері шектеулі оқушының негізгі мектепке көшуін қолдау, оқудың жаңа талаптарына бейімделу, жеке тұлғалық және өзін танудың құндылық-мағыналық міндеттерін және өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау көрсету, жеке тұлғалық проблемалар мен әлеуметтендіру проблемаларын шешуге көмектесу, өмірлік дағдыларды қалыптастыру болып табылады [2].

Инклюзивті оқытуда басқа пәндерге қарағанда математика пәнін оқытудың өзіндік

қиындықтары бар. Соның ішінде ойлау қабілеттері нашар оқушыларға натурал сандарға қарағанда бөлшек сандарды қабылдату қиындықтар тудыратыны белгілі.

Жай бөлшектермен оқушылар қазіргі білім беру мазмұнында 4 сыныптан бастап танысады. Бұл тақырыпты оқу оқушылардың сандар туралы түсініктерін, ойлау және сөйлеу қабілеттерін кеңейтеді. Бірінші сыныптан таныс бүтін сандарға қарағанда бөлшек сандарды жазу, салыстыру, олармен амалдар орындаудың өзіндік ерекшелігі бар. Бөлшекті меңгеру үшін оқушылардың абстракті ойлау қабілеттері жақсы болуы керек. Ойлау қабілеттері нашар оқушылардың абстракті ойлау, жалпылау мүмкіндіктері төмен болады. Сондықтан да бөлшек тақырыбын меңгеру мұндай оқушыларға қиындық тудырады. Зерттеулер бойынша ойлау қабілеттері төмен жоғарғы сынып оқушылары бөлшектерді дұрыс жазып, оқып білгенімен, сол бөлшектердің қалай пайда болғанын, бөлшек компоненттерінің (алымын, бөлімін) мәнін дұрыс түсінбейді, соның салдарынан бұл сандарды бірінің үстіне бірі жазылған бүтін сандар деп қабылдайды [4. 3бет]. Бұл оқушылардың бөлшек сандар туралы білімдерінің формалді екенін білдіреді, бұл жағдай осы бір математикалық материалды меңгертуді оқушылардың көрнекілі-образды-әрекетті ойлауын жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Бұл ойлау қабілетінің ерекшелігі, ойша образдарды елестете алуында және бұл қабілет есептерді шешуде де қажет болады.

5 сыныпта алдымен бөлшек туралы бастапқы түсініктер қалыптасады: бөлшектің пайда болуы, жазу, дұрыс және бұрыс бөлшектер, аралас сандар және бөлшек сандарды салыстыру. Осы материалды меңгерту үшін мұғалім алдында мынандай тапсырмалар тұрады:

- оқушыларда бүтінді теңдей бөліктерге бөлу арқылы бөлшектің пайда болатынын нақты, шынайы мысалдар арқылы қалыптастыру;
- оқушыларды пайда болған бөліктер мен бөлшектерді дұрыс оқуға үйрету;
- бөлшектің пайда болуына, бөлшекті жазуға, бөлшек компоненттерінің (алымы мен бөлімі) мәндеріне бағытталған амалдарды айыра білуге үйрету;
- оқушылар бөлімнің басқа сұрақтарын (бөлшектерді салыстыру, дұрыс және бұрыс бөлшектер т. б.) меңгеру барысында үлес және бөлшек туралы қалыптасқан ұғымды пайдалана білуге үйрету [4. 4бет].

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешуге арналған педагогикалық процесс барысында мына шарттар орындалу керек:

- 1) оқушыларда ұғымды қалыптастыру үшін сезім мүшелерін пайдалану керек;
- 2) математикалық терминдерді түсіну және қолдануға арналған арнайы жұмыстар жүргізу;
- 3) пәндік-практикалық қызметтен көрнекілікке, одан математикалық жазбаға ретімен ауысу [4. 3бет].

«Қарапайым бөлшектер» тақырыбымен жұмыс жасауды бүтін заттың бөлігінің пайда болуын және айтылуын қайталаудан бастау керек. Осы кезеңде оқушылар бүтіннің бөлігі болып табылатын, бөлшектің алымын айтуға және есте сақтауға қиналады. Осыған көбірек көңіл бөлу керек, ол үшін мынандай бекіту сұрақтарын қоюға болады:

- Алманы теңдей 4 бөлікке бөлдік. Қандай үлестер пайда болды? Осы үлестер қалай аталады? Неге?
- Мен алманы бөлдім және ширек үлесін алдым. Мен алманы теңдей неше бөлікке бөлдім?

Келесі кезеңде, бөлшектің пайда болуы кезеңінде, оқушылармен әртүрлі заттар мен объектілер көмегімен практикалық жұмыстар (қию, құю, бұғу т.с.с) ұйымдастырған дұрыс: көлемді (нан, алма), сусымалы (стакандағы тұз), сұйық (стакандағы су), жазық (геометриялық фигуралар моделі). Оқушылар мұғалімнің бірнеше рет түсіндіруіне, көрсетуіне мұқтаж және бөлшектің пайда болуына арналған тапсырмаларды өздігінен бірнеше рет орындатуды қажет етеді. Бөлшектің пайда болуында мына екі жағдайға баса назар аудару керек: «бөлу» және «алу».

Егер оқушылар еш қиындықсыз бөлшектердің пайда болуын түсіндіріп берсе және бөлшектерді атай алса, онда осы сандарды жазуды үйретуді бастауға болады және бөлшектің компоненттерін ұғындыру бойынша жұмыстану керек: сызықтың астындағы сан «бөлу» мағынасын білдіреді, ал сызықтың үстіндегі сан «алу» мағынасын білдіреді. Бұдан кейін бөлшектің компоненттерінің атаулары – алымы мен бөлімін таныстыруға болады. Бұдан соң мұғалім мектеп оқулықтарында бөлшектің пайда болуын, салыстыруды және бөлшектермен орындалатын арифметикалық амалдарды түсіндіру үшін қолданылатын бөлшектің схемалық суретін пайдалануға көшу керек. Басында, суретте көрсетілген сызба бойынша бөлшекті тану және атау қиындық тудырады. Ойша соңғы нәтижеден басына қарай – кері жүру әрекеті ойлау қабілеттері төмен

оқушыларға қиындық тудырады. Бір жағынан оқушыларға бір мезетте, сызбада көрсетілген, бүтін мен оның бөліктерін қабылдауы қиын болады. Олар суреттегі боялған және боялмаған бөліктердің арасынан бөлшектің алымын табуға қиналады. Осыдан суреттердігі мына түрдегі бөлшектерді атаудан қателіктер болады: «төрттен үш» атауының орнына «үштен бір» деп атау. Сызбалармен жұмыс жасау кезіндегі осындай қиындықтардан шығу үшін, сызбадағы (геометриялық фигуралардың моделі) теңдей бөліктерді қиып қою керек және оқушы бөлшектің алымын, сызбаның боялған бөлігін қолына алып көруі керек. Оқушылар бөлшекті оқи білуі керек. Кейіннен оқушыларға сызбаны түсіндіру үшін мынандай жетектеуші сұрақтар қойып отырса жеткілікті, мысалы: «Бүтін қанша тең бөліктерге бөлінген? Қандай үлестер алдық? Бұл бөлшек қалай оқылады?». Осындай ретте қойылған сұрақтардың негізінде оқушылар біртіндеп, өздіктерінен суретке анализ жасап, бөлшекті дұрыс атай алады. Кері әрекет жасауға берілген тапсырмалар да пайдалы болады: шеңбер сызып, осыған, мысалға екіден бірдің пайда болуын көрсету керек.

Оқушыларда үлестер туралы, бөлшектердің пайда болуы және оларды жазу туралы түсініктер қалыптасқаннан кейін, бұдан да күрделі материалдарды түсіндіруге болады. Бөлімдері бірдей бөлшектерді салыстыруды оқушылардың өздері орындайтын, көрнекілі-практикалық бағытта түсіндіруге болады. Мысалға, оқушыларға геометриялық фигуралардың көмегімен екі бөлшектің макетін жасату керек, сосын осы макеттерді беттестіру арқылы теңсіздікті жаздыртуға болады,

мысалы: $\frac{1}{4} < \frac{2}{4}$. Осыдан кейін математикалық жазу оқушылардың көмегімен талдану керек.

Мұғалім талдауды мынандай сұрақтар арқылы жетелеп отыруына болады:

- Бөлшектердің бөлімдері қандай?
- Бөлшектердің алымдары қандай?
- Қай бөлшектің бөлімі үлкен?
- Қай бөлшек үлкен? Кішісі қайсы? Неге?

Осындай бірнеше тапсырмалардан кейін оқушылар өздіктерінен бөлімдері бірдей бөлшектерді салыстырудың анықтамасын құрастыра алады.

Алымдары бірдей бөлшектерді салыстыруды осы бағытта түсіндіруге болады. Бірақ салыстырудың осы жағдайы, алдыңғыға қарағанда қиындықтармен қабылданады. Себебі жаңа білім бұрын қалыптасқан біліммен қайшылықта болады. Бөлімі кіші бөлшектің үлкен болатынын түсіну, оқушыларға қиындық тудырады. Осы қиындықтарды «ірі» және «ұсақ» ұғымдарымен жұмыс жасау арқылы шешуге болады. Алдымен бұл ұғымдарды көрнекілік арқылы түсіндіру керек, ал кейін оқушылардың ойша елестете алу мүмкіндіктеріне сүйену керек. Оқушыларға арнайы мына қатынасты көрсету тиімді: бүтінде бөліктің саны аз болған сайын, бөлімі кіші болады, бірақ бөліктер ірі болады және керісінше.

Бөлшектерді салыстыра білу біліктерін бекіту кезінде бөлімдері бірдей бөлшектер мен алымдары бірдей бөлшектерді салыстыруды және олардың сәйкес анықтамаларын саралай білу керек.

«Жай бөлшектер» тақырыбының келесі бөлімінде оқушылар бөлшектің классификациясымен (дұрыс және бұрыс) және аралас сандармен танысады. Бұл материалды меңгерту барысында оқушыларды өздігінен пәндік-практикалық бағытта жұмыстандырған дұрыс. Алдымен оқушы 1-ден кіші бөлшектерді алады және жазады. Сосын жазылған бөлшектердің алымы мен бөлімін салыстыру арқылы бөлшектерге анализ жасау арқылы дұрыс бөлшектердің алымы бөлімінен кіші, ал бөлшектің өзі 1-ден кіші болатынына көз жеткізеді.

Практикалық тапсырмалар орындау барысында «бұрыс бөлшек» ұғымын енгізу керек. Практикалық жұмыс барысында бұрыс бөлшекті алу үшін бүтін бір объект емес бірнеше бүтін объект керек екенін нақты көрсету керек. Алынған бөлшектердің жазылуына анализ жасау керек. Оқушылар бұл бөлшектердің алымы бөліміне тең екенін, немесе бөлімінен үлкен екенін, ал бөлшектің өзі 1-ге тең болуы, не 1-ден үлкен болуы мүмкін екеніне көз жеткізу керек.

Оқушыларға бүтін және бөлшек сандарды меңгеруді жалпылау және саралау барысында аралас сандар туралы ұғым беріледі. Оқушыларға аралас сандар бүтін және бөлшек бөліктен тұратыны түсіндіріледі. Аралас сандарды көрнекіліктер көмегімен меңгерту тиімді.

«Қарапайым бөлшектер» тақырыбына өтілетін бірінші сабақтың барысын, сол сабақта оқушыларға қойылатын жетелеу сұрақтары негізінде көрсеттім.

Тақырыбы: Қарапайым бөлшектердің пайда болуы

Мақсаты: оқушылардың бүтіннің үлесі және оның пайда болу жолдары, атауы туралы

білімдерін нақтылау және өзектендіру; бүтінді теңдей бөліктерге бөле білу біліктерін жетілдіру; $\frac{1}{2}$

және $\frac{1}{4}$ бөлшектерінің пайда болуы мен жазылуымен танысу; «үлес», «бөлшек», «ширек»,

«жартысы» ұғымдарын енгізу.

Көрнекіліктер: бөлке нан, стакан су, үлестірме материалдар – шеңбер, шаршы, қайшы
Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру бөлімі

2. Қайталау

- Математика сабағында қандай сандармен тассыңдар?

- Олармен қандай арифметикалық амалдар орындай аласыңдар?

- Өмірде бүтін сандармен, тұтас заттармен қатар заттардың бөліктерімен де жұмыс жасауға тура келеді. Мысалға, үйге қонақ келді. Сізде бір алма бар. Сіз осы алманы өзіңіз де жегіңіз келіп тұр, қонаққа да бергіңіз келеді. Не істейсіз?

- Дұрыс, алманы бөлу керек. Бүгінгі сабағымызда бүтін затты бөліктерге бөлетін боламыз.

- Бастауыш сыныптан бүтін заттарды бөліктерге бөлумен таныссыңдар.

Мұғалім қауынның суретін көрсетеді

- Суретте не бейнеленген? Осы қауынды барлығымыз жегіміз келіп тұр. Ол үшін не істеу керек?

- Алдымен неше бөлікке бөлу керек? Қандай үлестер алдық?

Бұл алынған үлес «жартысы» деп аталады. Сонымен қауынның қанша бөлікке бөлдік?

Мұғалім төртке бөлінген қарбыздың суретін көрсетеді.

- Қарбыз теңдей қанша бөлікке бөлінген? Қандай үлесті алдық?

- Бұл үлесті «ширек» деп атайды. Қайталаймыз.

Мұғалім екіге бөлінген қырыққабаттың суретін көрсетеді.

- Қырыққабат қанша бөлікке бөлінген? Қандай үлесті аламыз?

3. Жаңа материалды меңгеру.

- Қараңыздаршы, мен сабаққа не әкелдім?

- Қанша бөлке нан әкелдім? (1)

Бүтін затты 1 деп қабылдаймыз.

- Дүкенде нанды тұтастай ғана сатпайды, оның бөлігін де сатады. Дүкенде нанды қанша бөлікке бөледі?

- Нанның жартысын қалай аламыз?

Мұғалім нанды қақ ортасынан бөледі.

- Нанды теңдей қанша бөлікке бөлдім? Қандай үлесті алдым?

Мұғалім нанның бір бөлігін оқушыға береді.

- Арманға қанша нан бердім?

- Алдымен қанша үлес алдым? Неше жарты үлес алдым? Арманға қанша жарты үлес бердім?

- Сонымен бөлшек пайда болды. Ол «екіден бір» деп аталады.

- Бөлшек қалай пайда болды?

- Нанды қанша тең бөлікке бөлдім? Не алдым?

- Арманға қанша үлесті бердім? Қандай бөлшек пайда болды?

- Қандай бөлігі қалды? Бұл қандай үлес?

- Егер осы екі бөлікті біріктірсем, онда не болады?

- Бір бүтінде неше жарты үлес бар? 1-де ші?

- Бөлшектің қалай пайда болғанын кім қайталап, айтып береді?

- Сонымен, бөлшек пайда болу үшін қандай екі әрекеттер жасау керек? (бөлу және алу)

- Осы оқылуы «екіден бір» бөлшекті жазуға да болады.

- Бөлшек екі санның көмегімен жазылады. Олардың арасына сызық қойылады.

Мұғалім бөлшекті жазып, «екіден бір» деп оқып береді.

- Мен жазған бөлшекті оқыңдырашы.

- Осы жазуда нанды неше бөлікке бөлгенімді білдіретін сан қайсы?

- Осы жазуда нанның қанша бөлігін алғанымды білдіретін сан қайсы?

- Сонымен, бөлшек екі сан арқылы жазылады? Біреуін сызықтың астына жазамыз. Ол нені

көрсетеді?

- Біреуі сызықтың үстіне жазылады. Ол нені көрсетеді?
- Кейде дүкенде наның жартысын емес, ширегін де сатып жатады. Нанның ширегін қалай алуға болады?

Мұғалім нанды тең 4 бөлікке бөледі.

- Нанды теңдей неше бөлікке бөлдім? Қандай үлестер пайда болды?

Мұғалім бір бөлігін алады.

- Мен не істедім? Қандай бөлшек пайда болды? Бұл қалай пайда болды?
- Бұл бөлшекті қалай жазамыз?
- Неге 4-ті сызықтың астына жазамыз? Неге 1-ді сызықтың үстіне жазамыз?
- Қандай бөлшекті жаздық, оқыңдаршы.
- Алдымен қандай бөлшекті алдық және жаздық? Сосын қандай бөлшекті алдық және жаздық?

Қай бөлшек үлкен?

4. Жаңа материалды бекіту.

- Енді өздеріңіз жұмыс жасап көріңіздер. Менің қолымдағы не? (стакандағы су)
- Стаканда қанша су бар? Тұтас затты қалай белгілейтін едік?
- Басқа стаканға жарты стакан су құю керек. Кімнің тақтаға шыққысы келеді?
- Маған жарты стакан су берші? Өзіңе қанша су қалдырдың?
- Қандай бөлшекті алдық? Қалай алдық?
- Егер бір жартысына екінші жартысын құйсақ, онда не аламыз?
- Тақтаға, дәптерге пайда болған бөлшекті жазыңдар.

Мұғалім барлық оқушыға шаршының қималарын үлестіреді.

- Қандай геометриялық фигураны үлестірдім?
- Бір шаршыны тұтас дәптерге жапсырыңдар. Тұтас затты қалай белгілеміз? Шаршыға 1 санын жазып қойыңдар.

- Көгілдір шаршына алыңдар. Осы шаршының екіден бірін алыңдар.
- Не істеу керек? Шаршыны тең етіп бүктеңдер. Не пайда болды? Қандай үлестер?
- Екіден бірін қалай аламыз? Бүктеген жерінен қиыңдар. Екіден бірін көрсетіңдер.
- Қанша жарты үлес алдық? Екі бөлікті де дәптерлеріңе жапсырыңдар. Әр бөлікке сәйкес бөлшегін жазыңдар.

Мұғалім осы жұмыстардың барлығын тақтада орындап тұруы керек.

- Кім, пайда болған бөлшектерді, менің сызбама жазып береді?
- Үшінші шаршыны 4 бөлікке бөліңдер. Қалай бөлуге болады? Қандай үлестер алдыңдар?

Қанша ширек үлес алдыңдар?

- Төрттен бір үлесті көрсетіңдер.
- Барлық төрт бөлікті дәптерлеріңе жапсырыңдар. Әр бөлікке жазыңдар.
- Әр бөлікке қандай бөлшекті жазасыңдар?
- Кім таға шығып, үлестерді жазып береді?

5. Қорытынды.

- Бүгінгі сабақта қандай тақырыппен таныстыңдар?
- Қандай бөлшектерді алдық? Екіден бір қалай пайда болды? Төрттен бір ше?

6. Үй тапсырмасы: «Барлығыңа шеңбердің қимасын үлестіріп бердім. Үйде шеңберді теңдей екіге, төртке бөліңдер. Барлық бөліктерді дәптерге жапсырып, үлестерін жазып келіңдер».

Мүмкіндігі шектеулі балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі жүйесі инклюзивті білім берудің практикалық адымы неғұрлым ерте ғылыми теориямен өзіндік үндестігін тапса, онда еліміздегі мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген оң көзқарас оңалар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы// Кіру тәртібі : <https://special-edu.kz/nprbasekz.html>, еркін кіруге болады. – Тақырыбы экраннан алынған.
- 2 Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы желтоқсанның 12-ндегі № 524 бұйрығымен бекітілді) // Кіру тәртібі :

<https://special-edu.kz/nprbasekz.html>, еркін кіруге болады. – Тақырыбы экраннан алынған. – Қазақ тілінде.

- 3 Терехова И.Г. Изучение дробей в 5-6 классах вспомогательной школы / И.Г. Терехова. - Алматы, 1993. – 3-4 бет.

ӘОЖ 374.32

Тилеген А.

«Педагогика және психология» магистранты
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультеті,

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТЫНЫҒУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация

Мақалада қазіргі мектеп аудиториясының, соның ішінде жоғары сынып оқушыларының бос уақытын, мәдени тынығуын ұйымдастырудың негізгі бағыттары қарастырылған. Мәдени-демалыс қызметінің негізгі теориялық тұжырымдамаларына талдау жасалынған, мектеп оқушыларының бос уақытын ұйымдастыру процесіне қатысты зерттеушілер пікірлері жинақталған. Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларға психологиялық қолдау білдірудің жолдары қарастырылды. Жоғары сынып оқушыларының мәдени тынығуында мұражайлар, кітапханалар мен фестивальдерді ұйымдастырудың пайдалы тұстары анықталған. Жоғары сынып оқушыларының бос уақытын ұйымдастыру функцияларын атқаратын бірнеше мекемелерге кеңірек тоқталып, өзіндік қорытындылар жасалынды.

Түйінді сөздер: мәдениет, мәдени тынығу, жоғары сынып оқушылары, білім, демалыс, мәдени ағарту, мұражай, кітапхана.

Аннотация

В статье рассмотрены основные направления организации досуга, культурного досуга современной школьной аудитории, в том числе старшеклассников. Проведен анализ основных теоретических концепций культурно-досуговой деятельности, обобщены мнения исследователей относительно процесса организации досуга школьников. Рассмотрены пути психологической поддержки старшеклассников с учетом их возрастных особенностей. В культурном отдыхе старшеклассников определены полезные моменты организации музеев, библиотек и фестивалей. Были сделаны самостоятельные выводы, подробно остановившись на нескольких учреждениях, выполняющих функции организации досуга старшеклассников.

Ключевые слова: культура, культурный отдых, старшеклассники, образование, отдых, культурное образование, музей, библиотека.

Abstract

The article discusses the main directions of organizing leisure and cultural leisure activities for the modern school audience, including high school students. The analysis of the main theoretical concepts of cultural and leisure activities is carried out, and the opinions of researchers regarding the process of organizing leisure activities of schoolchildren are summarized. Taking into account the age characteristics of high school students, ways to provide them with psychological support were considered. In the cultural leisure of high school students, the advantages of organizing museums, libraries and festivals are identified. In general, several institutions that perform the functions of organizing leisure activities for high-school students were touched upon, and their own conclusions were drawn.

Key words: culture, cultural recreation, high school students, education, recreation, cultural education, museum, library.

Мәдени-тынығу қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар мен мекемелердің мақсатты бағыты: «мәдени ағарту, көркем шығармашылық, эстетикалық сезімдерді дамыту; аудиторияның демалысы мен көңіл көтеруі» [1, 20].

Мәдени-демалыс іс-шараларын жүзеге асыратын көптеген мекемелердің жүзеге асыратын нысандары әртүрлі. Оларды М.А. Ариарский бірнеше үлкен топтарға бөліп қарастырады:

– белсенді демалыс: дене шынықтыру және сауықтыру, табиғат аясындағы бейресми қарым-қатынас, ойын әрекеті, белсенді демалыспен жүретін хобби және т.б.;

– қарым-қатынасқа байланысты мәдени-тынығу шаралары: сыныптағы және жалпы мектептегі мерекелер, дискотекалар, мектеп кештері, клубтық іс-шаралар және т.б.;

– мәдениет саласына қатысты мәдени-демалыс қызметінің нысандары (соның ішінде медиа-мәдениет): мұражайларға, көрмелерге бару, компьютерлік ойындарға бару, кино көру, әдебиеттерді оқу, музыка тыңдау және т.б.;

– үйірме және үйірме жұмыстарын, спорттық-сауықтыру туризмін қамтитын ұжымдық танымдық формалар;

– мәдени-тынығу қызметінің шығармашылық ұжымдық формалары: көркемөнерпаздар қойылымдарына қатысу, техникалық модельдеу, дизайн, халық қолөнері және т.б. [2, 33].

Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының мәдени және бос уақытын ұйымдастыру функцияларын атқаратын бірнеше мекеме бар. Олардың қатарында отбасы, білім беру және мәдениет мекемелері (кітапханалар, мәдениет сарайлары мен үйлері, мұражайлар, мәдениет ошақтары мен кешендер және т.б.), сауықтыру және дене шынықтыру іс-шараларын жүзеге асыратын мекемелер, бұқаралық ақпарат құралдары (теледидар, интернет, радио, баспасөз және т.б.), қоғамдық қозғалыстар бар. Олардың қызметіне әлеуметтік және мәдени шаралар кіреді және т.б.

Отбасы дәстүрлі түрде адамның мәдени және бос уақытын ұйымдастыру функцияларын орындайтын маңызды институт болып табылады. С.В. Лавренцова пікірі бойынша, жас ұрпақты тәрбиелеуде шешуші рөлді отбасы атқарады, өйткені «отбасының бос уақыты бос уақыттың бір бөлігі болып табылады, ол отбасы мүшелерінің белсенді және пассивті әрекеттердің әртүрлі түрлеріне ерікті және бірлескен қатысуын көздейді. Жеке тұлғаны дамытуға, психикалық және дене күшін қалпына келтіруге, сондай-ақ ата-ана мен ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасын қалыптастыруға, адамгершілік және мәдени құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға, сақтауға және дамытуға бағытталған отбасы ұжымын біріктіруге ықпал етеді. Оның бәріне тікелей отбасы мүшелері қатысады» [3, 11].

И.В. Мещерякова «бос уақытты ұйымдастыру отбасының маңызды функцияларының бірі, оның басты мақсаты денсаулықты қалпына келтіру және сақтау, отбасының әртүрлі рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады» деп атап көрсетеді. Оны жүзеге асырудың тиімділігі, біріншіден, бос уақыттың болуымен және үнемі ұлғаюымен, екіншіден, қазіргі заманғы бос уақытты өткізу саласының одан әрі дамуымен, үшіншіден, бос уақытты пайдаланудың құралдары мен формаларын шебер және ойластырылған таңдаулы машықтармен анықталады [4, 86].

Шындығында, бос уақытты өткізудің белгілі бір түрлеріне баланың пайда болатын және дамып келе жатқан қызығушылықтарының негізінде отбасылық дәстүрлер жатыр. Демек, баланың жалпы мәдени деңгейі де, оның әлеуметтік-мәдени дамуы да көп жағдайда отбасындағы бос уақытты өткізу мәдениетіне байланысты. Отбасылық кітап оқу дәстүрлері, музыкалық кештер, мерекелер және т.б. баланың жадында мәңгі сақталады және болашақта өздерінің әлеуметтік-мәдени дәстүрлерін құруға негіз болады. Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени қызметін ұйымдастыруда мәдениет және қосымша білім беру мекемелері: мұражайлар, мәдениет ошақтары, әлеуметтік-мәдени кешендер, кітапханалар, музыка және өнер мектептері және т.б. маңызды рөл атқарады. Себебі, болашақ өмірге қадам басуға дайындалып жүрген кез келген жоғары сынып оқушысы мәдени тынығудың пайдалы тұстарының болуына зәру. Мұражайлар, кітапханалар мен әлеуметтік-мәдени ошақтар болашақ студенттерге пайдалы ақпараттар берумен қатар олардың психологиялық демалуын да ұйымдастыруы керек. Осы арқылы жоғары сынып оқушаларына мотивациялық көмек беріледі.

Кітапханалар дәстүрлі түрде мектеп аудиториясы үшін мәдениеттің маңызды құрылымдық бөлімшелерінің бірі болып табылады. Л. С. Жаркованың зерттеуінде кітапханаларда мәдени-демалыс жұмыстарын ұйымдастыру екі негізгі бағытта дамып келе жатқаны атап өтілген:

– кітапхана жұмысының бейіні бойынша белгіленген мәдени-демалыс бағдарламасы нысандарының номенклатурасында;

– кітапханадағы мәдени-тынығу жұмыстарын жүзеге асырудың экономикалық механизмінің ерекшеліктерінде [5, 38].

Қазіргі уақытта кітапхана кешені ұғымы заманауи ақпараттық технологиялардың дамуына

байланысты айтарлықтай кеңейді. Бүгінде кітапхана кешені дәстүрлі кітап түріндегі әдеби дереккөздерді ғана емес, көптеген электронды басылымдарды да жинақтаған орталыққа айналып отыр. Электронды басылымдар жоғары сынып оқушыларын жалпылама ақпараттандыруға, ақпаратты сауаты болуға жетелейді.

Л.Н. Жаркова кітапханалар, оның ішінде балалар қызметі аясында жүзеге асырылатын мәдени-демалыс іс-шараларының бірқатар нысандарын бөліп көрсетті. Оларға «әдеби кештер; оқу клубтары; қызығушылық клубтары; мәдениет, өнер қайраткерлерімен, ақын-жазушылармен кездесулер және т.б.; көркемөнерпаздардың қойылымдары (көбінесе – әдеби-театрлық сипатта); өлкетану кештері; тәрбиелік дәрістер; еске алу кештері; мерекелер, мерекелер; конкурстар және т.б.» [5, 41]

Қазіргі заманғы кітапханалардың көпшілігінде әртүрлі жастағы және әлеуметтік топтардағы пайдаланушылар, әртүрлі кәсіптер мен қызығушылықтардың өкілдері және т.б. кіретін өте кең мақсатты аудитория бар екені анық.

Әмбебап кітапханалармен қатар балалар кітапханаларының тұтас желісі бар, олар да балалардың мәдени-демалыс бағытында белсенді жұмыс істейді. Осыған байланысты Л.Н. Жаркова балаларға арналған кітапханалар жұмысында мектеп аудиториясының танымдық қызығушылықтарын дамытуға ықпал ететін ең маңызды бағытқа тоқталады. Мұнда автор көптеген «танымдық және білім беру бағдарламаларын қамтиды: викториналар; олимпиадалар; жарыстар; ойындар; хобби топтары; қызығушылық бөлімдері және т.б.» [5].

Әлеуметтік-мәдени кешендер мен демалыс орталықтарының қызметі қызығушылық клубтарын, «көркемдік, қолданбалы, техникалық шығармашылық, қоғам тұрғындарының топтық қарым-қатынасы және демалысы» мекемелерін ұйымдастырумен байланысты [5]. Сондай-ақ бұл мекемелерге спорттық-сауықтыру мекемелері жатады.

Әлеуметтік-мәдени кешендер мен жоғары сынып оқушыларының бос уақытын өткізу орталықтары спорттық, сауықтыру, ойын-сауық, танымдық және шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыруға жауапты. Осыған ұқсас міндеттерді заманауи мектеп оқушыларының мәдени және бос уақытын ұйымдастыруда маңызды рөл атқаратын балаларға арналған қосымша білім беру мекемелері де шешеді.

Жоғары сынып оқушыларының мәдени-тынығу жұмыстарын жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі үнемі қосымша білім беру мекемелері болып қала береді. Қосымша білім беру саласындағы мемлекеттік саясат балалар мен жасөспірімдерге арналған мекемелер желісін дамытуды қамтамасыз етеді, «мәдениет пен өнердің үздік дәстүрлерін сақтау үшін жағдайларды қамтамасыз етуге арналған. Сонымен, «Қазақстан республикасының білім туралы» заңына сәйкес балалар мен ересектерге қосымша білім беруді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Балалар мен ересектердің шығармашылық қабілеттерін, олардың интеллектуалдық, моральдық және дене шынықтырудағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыру, денсаулықты нығайту, сондай-ақ олардың бос уақытын пайдалы бағытта ұйымдастыру. Жоғары сынып оқушыларына қосымша білім беру олардың қоғамдағы өмірге бейімделуін, кәсіби бағдарлануын, сонымен қатар ерекше қабілеттерін көрсеткен балаларды анықтау мен қолдауды қамтамасыз етеді. Ең бастысы жоғары сынып оқушыларының ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындау мақсатында да бұл әдістер өте тиімді деп ойлаймыз. Балаларға арналған қосымша жалпы білім беру бағдарламалары оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеруі керек.

Қосымша жалпы білім беру бағдарламалары балалармен қатар ересектер үшін де жүзеге асырылатын жалпы дамытушылық және кәсіби даярлық бағдарламаларына бөлінеді.

Егер іске асырылатын білім беру бағдарламасының ерекшеліктерінде өзгеше көзделмесе, кез келген адамға білім деңгейіне қойылатын талаптарсыз қосымша жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруге рұқсат етіледі.

Қосымша жалпы дамыту бағдарламаларының мазмұны және оларды оқыту мерзімдері білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйым әзірлейтін және бекітетін білім беру бағдарламасымен айқындалады. Қосымша кәсіби даярлық бағдарламаларының мазмұны «мемлекеттік талаптарға сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйым әзірлеген және бекітетін білім беру бағдарламасымен» анықталады [6].

Анықтамаға сәйкес қазіргі заманғы қосымша білім беру «мектеп оқушыларының қосымша білім беру бағдарламаларын еркін таңдауына және игеруіне бағытталған балаларды, жасөспірімдерді, жастарды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің құрамдас бөлігі» [7, 76]. Балаларға

қосымша білім беру мәселелері ғылыми еңбектерінде А.К. Брунова, Л.Г. Диханова, Т.В. Илина, С.А. Шмакова және т.б. орыс ғалымдары кеңінен зерттеді.

Л.Г. Диханова балаларға қосымша білім беру «баланың рухани, интеллектуалдық және физикалық дамуы үшін оның рухани және білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қосымша мүмкіндіктер беруге арналған үздіксіз білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі» деп есептейді [8, 7]. Балаларға қосымша білім беру, өйткені Т.В. Ильин, «бос уақыттың әлеуметтік, рекреациялық және демалыс функциясын жүзеге асыруға ықпал етеді, бос уақытты ойын-сауықпен, мерекемен, шығармашылықпен үйлестіре отырып, оны барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді» [9, 67].

Осы қосымша білім беру мекемелерінің негізгі функцияларына М.В. Кревсун тәрбиелік, компенсаторлық, сауықтыру, әлеуметтік бейімделушілік, мәдениеттанулық, сонымен қатар эмоционалдық байлық функциясына жатқызады [10, 14].

Бүгінгі таңда мектеп оқушыларының шығармашылығымен байланысты мәдени-демалыс іс-шаралары көптеген балалар өнер мектептерімен, студиялармен, балалар шығармашылық орталықтарымен, клубтық бірлестіктермен және т.б. Сондай-ақ оқу орындарында мәдени-демалыс жұмысының алуан түрлері белсенді түрде қолданылуда. Мысалы, мектеп жағдайында мектептен тыс, сыныптан тыс, үйірме сабақтары әр түрлі, соның ішінде медиа-мәдениет жұмыстарының материалдары бойынша ұйымдастырылуы мүмкін. Мектеп жағдайында жүзеге асырылатын сыныптан тыс мәдени-тынығу шаралары әртүрлі бағыттар бойынша балалар мен жасөспірімдер ұжымдарын құрудың бірегей тәжірибесіне ие. Ильина: «Сыныптан тыс іс-шараларда балаға қатаң бағалау мен реттеусіз шынайы жеке көзқарасын білдіруге жол ашылады. Дәл осы жерде өнер өзінің әр алуан көріністерімен балалардың жан дүниесіне жол тапты» [9, 6].

Мектептегі мәдени-тынығу жұмыстары «тарих пен мәдениеттің шынайы өзара әрекеттесуін орнатуға және байытуға» ықпал етеді [10, 14], бұл өз кезегінде жас балалардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы мәдени деңгейін дамытудың маңызды факторы болып табылады. Өскелең ұрпақты мәдени құндылықтар мен дәстүрлермен таныстыру, өнердің алуан түрін меңгеру бүгінгі таңда оқу орнының айрықша маңызды міндетіне айналып отыр. Мұнда маңызды рөлді балалар мен жасөспірімдерге арналған көркемөнерпаздар бірлестіктері атқарады: би, хор, театр үйірмелері мен сыныптан тыс жұмыстар жүйесінде ұйымдастырылған студиялар.

Мектепте мәдени-демалыс компоненттерін жүзеге асыруда мектеп оқушылары мен жастардың клубтық бірлестіктері маңызды рөл атқарады. Мектептегі үйірмелер қызығушылық тудыратын балалар мен жасөспірімдер бірлестіктері болып табылады және үйірме қызметінің нәтижесі осы қызмет түріне тікелей қатысты сол немесе басқа шығармашылық өнімді шығару болуы мүмкін. Бұл ретте клуб дербес білім беру мекемесі ретінде де, балалар қоғамдық бірлестігі ретінде де (мысалы, хобби үйірмесі немесе студия және т.б.) жұмыс істей алады.

Жоғары сынып оқушыларының мектептен тыс жұмыста (үйірме, студия, факультативтік, үйірме және т.б.) мәдени-тынығу іс-әрекетінің кең тараған бұқаралық түрлері: «көрмелер; концерттер; клуб күндері; конкурстық іс-шаралар: жарыстар, конкурстар, фестивальдар, олимпиадалар және т.б. [11, 33].

Сонымен, қазіргі заманғы мәдени-демалыс қызметінің негізгі бағыттары білім беру мекемелерінде де, мектептен тыс мекемелерде де жүргізілетін әлеуметтік-мәдени жұмыстың әртүрлі формаларында жүзеге асырылады деп қорытынды жасауға болады;

– қазіргі заманғы мәдени-тынығу қызметі мекемелерінің мақсаттары олардың негізгі бағыттарын анықтайды, оларды мәдени ағарту, көркем шығармашылық, эстетикалық сезімдерді дамыту, демалыс пен ойын-сауық ретінде анықтауға болады;

– мәдени-демалыс саласы мекемелерінің негізгі нысандарына белсенді демалыс жатады; қарым-қатынасқа байланысты мәдени-демалыс қызметі; мәдениет саласына қатысты мәдени-демалыс қызметі (соның ішінде медиа мәдениет); мәдени бос уақыттың ұжымдық танымдық формалары; мәдени-демалыс қызметінің шығармашылық ұжымдық нысандары;

– мектеп оқушыларының мәдени-тынығу қызметінің негізгі функцияларын жүзеге асыратын негізгі мекемелер: отбасылық, білім беру және мәдениет мекемелері (кітапханалар, мәдениет сарайлары мен мәдениет үйлері, мұражайлар, мәдениет ошақтары мен кешендер және т.б.), сауықтыру және дене шынықтыруды жүзеге асыратын мекемелер. тәрбие жұмысы, медиа арналар (теледидар, интернет, радио, баспасөз, т.б.), қоғамдық қозғалыстар және т.б.

Қорытындылай келе, бос уақыт әрекеті адамға өзінің болмысының қарама-қарсы векторларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін ескерген жөн. Бір жағынан, бос уақытты өткізу басқа

жасөспірімдермен тұлғааралық қарым-қатынас жасау мүмкіндігін тудырады (демалыс кезінде, бұқаралық көріністерде, саяхатта және т.б.) және осылайша бірлік сезімін, адамдардың бір-бірімен жалпы байланысын қалыптастырады. Мәдени тынығудың тыныштандыратын әсерін сезінуге, күнделікті уайымдарда оның назарында болмайтын өмірінің аспектілері туралы ойлауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, бос уақытта адам жиі жалғыз қалуға ұмтылады, демалыс уақытындағы жалғыздық арқылы жасөспірім психологиялық тұрақтылыққа қол жеткізеді. Жас ерекшелігін ескерсек, жоғары сынып оқушыларының психологиялық тұрақтылыққа зәру уақыты да жоғары сыныптардағы кезеңмен тұспа-тұс келеді. Сондықтан оларға қолдау білдіру маңызды. Мәдени тынығуды ұйымдастыру саласында жасөспірімдерге қоғам және жалпы қоғам көбірек әсер етеді. Сондықтан жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру процесі біздің заманымызда уақыт өткен сайын маңызды болып отыр. Жасөспірімдерге жаңа нәрсені білуде жан-жақты даму қажет. Жоғары сынып оқушыларының мәдени тынығуын ұйымдастыруда ең алдымен жас ерекшелігін, олардың жаңа өмір табалдырығында тұрғанын ескере отырып, барынша сауатты ақпараттандыра отырып мәдени тынықтыруды ұйымдастыруымыз керек. Сонымен қатар олардың ақыл-ойына аса үлкен салмақ түсірмей, мотивациялық қолдау көрсете білу де маңызды. Осыларды ескерген жағдайда жоғары сынып оқушыларын мәдени тынықтыру шараларын ұйымдастыру тиімді болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Воловик А.Ф. Педагогика досуга. Изд.- 3. М., 2008. – 20 б.
- 2 Ариарский М.А. Прикладная культурология СПб., 2001. – 33 б.
- 3 Лаврецова С.В. Социально-культурная деятельность как средство оптимизации семейного досуга. Автореф. дис. ... канд. пед. наук. СПб., 2007.– 11б.
- 4 Педагогический словарь / под ред. М.М. Безруких и др. М.: Большая Российская энциклопедия, 2004. – 86 б.
- 5 Жаркова Л.С. Методика организации работы библиотеки в сфере социально-культурной деятельности: научно-практическое пособие / Л.С. Жаркова. М.: Литера, 2009. – 41-38 б.
- 6 Чельшева И.В. Научно-образовательный центр «Медиаобразование и медиакомпетентность»: работа со школьными учителями и преподавателями вузов: учеб. пособие. Таганрог: Изд-во Таганрог. гос. пед. ин-та, 2011. –180 б.
- 7 Тихомирова Г.Ю. Организация социально-культурной деятельности в учреждениях дополнительного образования на материале медиакультуры // Современные тенденции в области дополнительного образования детей в сфере искусства и пути реализации новых образовательных требований и стандартов (ФГТ)». Сб. научных трудов / Ред. А.М. Иванов, Т.В. Иванова. М.: МОО «Информация для всех», 2016. – Бб. 76.
- 8 Диханова Л.Г. Социальный педагог, педагог дополнительного образования: учебно-методическое пособие. Екатеринбург: Деловая книга, 2008. – 7 б.
- 9 Ильина Т.В. Содержание и организация методической деятельности в учреждениях дополнительного образования. М.: Просвещение 2006. – 6-67.
- 10 Кревсун М.В. Современные тенденции в области дополнительного образования детей в сфере искусства и пути реализации новых образовательных требований и стандартов/ Современные тенденции в области дополнительного образования детей в сфере искусства и пути реализации новых образовательных требований и стандартов (ФГТ)»// Сб. научных трудов под ред. А.М. Иванова, Т.В. Ивановой. М.: МОО «Информация для всех», 2016. 198 б. Б. 8-14.
- 11 Алгоритм разработки и модели занятий во внешкольном учебном заведении: Методическое пособие для изучения и внедрения в практическую деятельность педагогических коллективов внешкольных учебных заведений всех типов / Құрастырған. О.А. Спильная. Симферополь: КРВУЗ «ЦДЮТ», 2009. – 31-33 б.

ӘОЖ 371.3

Кадыркулова Багиля Чапаевна
Алматы облысы Панфилов ауданы Шежін ОМ

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*«Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек»
Ахмет Байтұрсынов*

Аннотация

Қазіргі білім бүкіл адамзаттың ортақ қажеттілігіне айналған дәуірде өмір сүрудеміз. Жаңа ғасырдың басында жаңа білім тұтыну идеясы оқу-тәрбиенің маңызын қайта қарап реформалауда. Мақалада қазіргі заманға сай мектеп алдындағы жаңа міндеттер мен талаптар туралы баяндалған.

Түйінді сөздер: *білім, жүйе, мазмұн, мектеп.*

Аннотация

Мы живем в эпоху, когда современное образование стало общей потребностью всего человечества. В начале нового века идея потребления новых знаний реформирует важность образования. В статье описаны новые задачи и требования к современным школам.

Ключевые слова: *образование, система, содержание, школа.*

Annotation

We live in an era when modern education has become a common need for all mankind. At the beginning of a new century, the idea of consuming new knowledge reforms the importance of education. The article describes new tasks and requirements for modern schools.

Key words: *education, system, content, school.*

Қазіргі білім бүкіл адамзаттың ортақ қажеттілігіне айналған дәуірде өмір сүрудеміз. Жаңа ғасырдың басында жаңа білім тұтыну идеясы оқу-тәрбиенің маңызын қайта қарап реформалауда. Мектеп алдында жаңа міндеттер мен талаптар қойылды. Біріншіден, халықтың негізгі бөлігіне жоғарғы деңгейде білім беру, екіншіден, олардың шығармашылық қабілеттері мен дарынды қабілетін дамыту. Осыған орай оқу-тәрбие үрдісінде бұрынғы қалыптасқан дәстүрлі оқытудан арылған, жаңа мазмұнда, зерттеу қабілеті бар оқушыларды тәрбиелеуді мұрат тұтады. Жаңа әлеуметтік-экономикаға байланысты, жаны жаңалыққа құштар, жаңа пікір қалыптастырып, балама көзқарасын тауып, білдіре алатын азаматтарды тәрбиелеу қазіргі көзі ашық, көкірегі ояу абзал жандар-мұғалім міндеті болып отыр.

Ол үшін бүгінгі мектеп қабырғасына күнделікті өз жұмысын ғылыми негізде ұйымдастыратын зерттеуші мұғалім қажет.

Біріншіден, озық педагогикалық тәжірибені негізге ала отырып, мұғалімнің білім берудегі көзқарасы мен әдіс-тәсілдерінің жаңаша мазмұнда қалыптастыру, мұғалімдер арасында зерттеу топтарын құру, ғылыми ізденіс, шығармашылығы мол мұғалімдер ұжымын қалыптастыру болып отыр.

Екіншіден дидактикалық жүйені құру. Білім деңгейіне байланысты жаңа педагогикалық технологияларды құру. Білім беру жүйесінде ұстаздың алдына қоятын басты міндеттерінің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп, қазіргі заманғы технологияларды меңгерту арқылы сапалы білім берумен ұштастыра білуі. Қазіргі цифрлық қуаттану заманында әр ұстаз ақпараттық технологиялардың қыр-сырын жақсы дәрежеде меңгере алуы оның болашақ кәсіби қызметінің өрлеуіне жетелесе, бір жағынан оқушыларға сапалы, әрі тиянақты, мақсатты жылдам аша алу қабілетінің өрбуіне жол ашады.

Оқу құралдарын қазіргі заманға сай үйлестіре білуі, жаңа педагогикалық технологиялардың түрлерін, мақсаттары мен міндеттерін дұрыс бағытта алуы, оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана білуі ұстаздың білімі мен біліктілігінің арқасында келеді.

Қазіргі жаңа оқыту технологияларының алдына қойған мақсаты бірінші орынға баланың

білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуы.

Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орнын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы-әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегінің нәтижесінің көрінісі.

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға өзіндік сыни тұрғыдан қарап, ұйғарым беруін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақта үйретеді.

Мұғалімнің оқытудағы шығармашылық әдісінен біз нені байқауымызға болады:

- оқушының бұрын байқалмаған, іске асыра алмаған мүмкіндігін ашу;
- оқушының өз бетінше жұмыс істеуге деген құлшынысын құрметтеу;
- оқу жоспарын құруда оқушының жеке бас ерекшелігін ескеру;
- білімінде олқылығы бар оқушылардың әлеуметтік мүмкіндігін ескеру;
- оқушылардың бос уақытта айналысатын істерін оқу-тәрбие үрдісімен ұштастыра білу.

Оқушыға сапалы білім беруде мұғалімнің шығармашылық әрекетінің алғы шарттары теориялық зерттеу барысында анықталады.

- позитивті концепсиясының болуы;
- бағыт-бағдарының айқындығы;
- табанды болуы;

Қалыпты көңіл-күйінің болуы;

- жаңа технологияны меңгере білуі;
- ой икемділігі мен өзін-өзі басқаруы.

Жаңша ойлайтын және жаңа қоғамға лайық білім саласында қазіргі заман талабына сай жаңа стандартта жұмыс жүргізетін шығармашыл ұстаз модульін төмендегідей құруға болады:



Қазақстанда білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасу үстінде. Қол жеткізген біршама жетістіктеріміз де бар. Ол шет елдердің зерттеу нысандарын ала отырып, өз еліміздегі мектептердің білім сапасын арттыру болып табылады. Мысалы: PISA, PIRLS, TALIS, TIMSS зерттеу нысандарын ала отырып, мемлекетіміз тек оқушының білім сапасының деңгейін көтеруі емес, сонымен қатар ұстаздардың да кәсіби білімдерін көтеруге көңіл бөлуде. Соған байланысты орасан зор іс-шаралар атқарылуда. Мысалы ұстаздардың, басшылардың білімін жетілдіруде ПШО, ЦПМ, Өрлеу орталықтары өз тәжірибелері мен шет елдердің тәжірибелерін Қазақстан білім беру орталықтарына енгізуде. Сондай зерттеу үлгісінің бір жетістігі сыныптағы оқушыларды бөліп-жармай деңгейіне ,ерекшелігіне қарай жұмылдыра білім алуының зерттеу тәсілі «Lesson Study» . Бұл Пит Дадли

тәжірибесін және Жапония елінің, батыс елдерінің тәжірибесін көре отырып өз елімізге енгізу арқылы әдіс-тәсілдерімен қазіргі уақытта іске асыруда.

«Lesson Study» жоғары және бастауыш орта мектептерінде қолданысқа енгізілді. Негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру мен оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында табысты қолданылып келеді. Бұл жұмыс өз нәтижесін сынып ішінде топта немесе жұпта, жеке жұмыс істейтін күнделікті бақылауда ұстайтын, оқушылардың оқу мен даму басымдықтарын белгілеу үшін қолданылады. Ол ұжым мен ұстаздарға не береді:

-алдағы уақытта өздері бірлесіп жоспарлаған сабақтың жинаған материалдарын жетілдіріп, белгіленген міндетті бірлесе анықтайды;

-үш бақылаудағы оқушыны анықтайды, оқу үлгерімі төмен, орта, жоғары деңгейді оқушылармен жұмыс жасауы; (біздің мектеп ШЖМ болғандықтан сынып оқушыларын толық қамтыдық)

-зерттелетін оқушыларды үнемі назарға ала отырып, оқыту әдістемесін пайдаланып, мұқият зерттейді;

- зерттеу бірнеше сабақтар бойы жалғасын табады;

-бақылаудағы оқушылармен ашық сұхбаттасып, ой-пікірін анықтайды;

-оқушының жеткен жетістігі мен кездескен қиыншылықтарын бірлесе талдайды.

Мұндай зерттеулер мұғалімге не береді?

-өз пәнінің зерттеу тобында бірлесе жоспарланып, сабақты тартымды, әрі тиімді де сапалы өтуіне;

-ұжымның ауызбіршілігіне;

-бір-бірін сыйластыққа;

-тәжірибе алаңында жаңа әдіс-тәсілдердің тууына;

-сапалы білім беріп, тәжірибе жинақтауына;

-оқушымен тең қарым-қатынаста жұмыс жасай алуына жетелейді.

XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы: «Бала білімді, тәрбиені қз бетімен алуы керек. Ал мұндағы мұғалімнің қызметі-балаға орындалатын жұмыс түрлерін шағындап беру және қойылған мақсатқа жету үшін бағыт-бағдар беріп отыру», -деп жазған пікірі қазіргі XXI ғасырдағы, яғни, біз білім беріп отырған кезеңге дәп келеіп отыр. Осы пікірдегі ортақ идея-ұстаздың ізгіленуі және үндестігі болып отыр.

Бүгінгі шәкірт-ертеңгі азамат. Сол азамат бойына адамгершілік қасиеттері мен саналылығын мектеп қабырғасынан қалыптастырамыз. Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселе болып тұр. Яғни, барша ұстаз қазіргі қоғамға шығармашылық қабілеті бар, талантты, іскер мамандарға мұқтаж.

Сондықтан да оқыту әдіс-тәсілдерімен қоса білім сапасын арттыруға оқу тапсырмаларын бірлесе шешуге талаптандыру қажет.

Қазіргі білім беру саласындағы озық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман иесі болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, интеллектуалдық, адамгершілік, рухани, адамзаттық және жанындағы адамның қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Қорыта келе қазіргі таңда жемісті еңбегіміз бен шығармашылық ізденісіміз арқылы ғана реалды жаңару сатысына шыға аламыз.

Еліміздің озық білімді, саналы ұрпағын оқытып, тәрбиелей отырып, біз өз еліміздің кемел болашағына жол бастайтын отанына қызмет жасайтын, рухани, адамгершілігі мен білімін тең ұстаған, өз ой-пікірін жандандырып соны іске қоса алатын болашақ еліміздің азаматын тәрбиелеу міндетіміз болып табылады.

ӘОЖ 371

Кадырова Алима Азизовна

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,
директордың оқу және өңдірістік оқыту жөніндегі орынбасары
Алматы облысы Қапишағай қаласы «Қапишағай көпсалалық колледжі» МКҚК*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Аннотация

Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу. Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім Сондықтан, білімнің жаңартылған білім беру жүйесіне көшу – болашақтың мықты іргесін қалау.

Түйінді сөздер: *білім беру жүйесі, заманауи білім.*

Аннотация

Одной из основных целей системы образования является внедрение новых учебных технологий, информирование об образовании, доступ к международным глобальным сетям связи. Необходимо, чтобы современные знания проникали в цивилизованные страны в будущем. Именно поэтому переход к обновленной системе образования является прочной основой для будущего, благодаря чему Казахстан входит в первую десятку развитых стран.

Ключевые слова: *система образования, современные знания.*

Abstract

One of the main goals of the education system is the introduction of new teaching technologies, information about education, access to international global communication networks. It is necessary that modern knowledge penetrate into civilized countries in the future. That is why the transition to a renewed education system is a solid basis for the future, thanks to which Kazakhstan is among the top ten developed countries.

Keywords: *education system, modern knowledge.*

Білім беруді жаңартылған білім беру мазмұны бойынша толық сыныптарды қамту қалай болмақ?! Қазіргі кезеңде Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Осыған орай мұғалім қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарастар мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді. Білім — қоғамдық, әлеуметтік, мәдени-ғылыми процесс. Яғни білім бірден емес, біртіндеп ұзақ жылдар бойы қалыптасып дамып отыратын ғажайып құбылыс. Білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түседі. Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесі біртіндеп жаңартылған білім беру мазмұнына көшуде. Әлемде ақпараттық технологияның дамыған заманында ескінің көлеңкесінде қалып қоймай үнемі алға ұмтылуымыз қажет. Бірақ та жаңа бағыттағы жетістіктерді меңгеру яғни жаңартылған білім беру мазмұнына толық көшу біршама уақытты талап ететін процесс деп айтсақ болады, себебі араға бірер жылдар салып, сыныптарды біртіндеп жаңа мазмұнды оқулықтарға көшіру болып табылады[5].

Яғни, ХХІ ғасырдың мұғалімі – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Ал мұндай мүмкіндіктің негізі — білімде. Білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде. Атап айтқанда, есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу, білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым

жүйесіне көшу. Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарлығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын білімін игеру міндетіміз.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жанжақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады.

Мұны орындау үшін төмендегідей ұстанымдар жүзеге асуы тиіс:

1. Оқушылардың өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни жаңа жағдайдағы «оқыту әдістемесі» деп отырғанымыз: «оқушы — мұғалім» ұстанымының өзара тығыз байланыстылығы. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алуындағы белсенділігіне баса назар аударылады.

2. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат — оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадірқасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронтальды түрі көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

3. Жаңа технологияның мақсаты бойынша «оқытуды ізгілендіру» қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек.

Бірақта білім алушылардың қабылдау деңгейі әртүрлі. Сол себептен бұл жерде “үлгерімі кейіндеп қалып, өз құрбыларын белгілі бір себептермен қуып жете алмайтын оқушылармен қалай істеуіміз қажет?” деген сұрақ туады. Бұл мәселенің де оңды шешуі қарастырылған. Олар мыналар: барлық тапсырмаларды мезгілінде орындаған білім алушылар үлгермеушілерге көмектеседі; сыныптың басқа білім алушылары өздігінен жұмыс істеп жатқан кезде мұғалім үлгерімі төмен білім алушыларға дербес көмек көрсетуіне уақыты болады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды, ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

«Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі [2].

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериялық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Білім алушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады[3]. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастады.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке,жұппен,топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді [1].

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Білім алушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, білім алушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастап отырмыз. Елбасы Н.Ә Назарбаев өз сөзінде: «Біз қазір «білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз», - деген болатын. Ендеше, еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда екені түсінікті.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012 ж.
- 2 ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016 ж.
- 3 «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016 ж.
- 4 Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012 ж. <https://kk.wikipedia.org/wiki>

ӘОЖ 371.26

Кабдырейм Нургуль

*мектеп директорының әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары
Алматы облысы Жамбыл ауданы Сұңқар ОМ*

МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУДЫ ТИІМДІ ЖҮРГІЗУДІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА ӘСЕРІ

Аннотация

Мектепшілік бақылауды тиімді жүргізудің білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға әсеріатты бұл баяндамада қазіргі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу мақсатында функционалдық сауаттылықты кәсіби шеберлікпен ұштастыра отырып, нәтижеге бағытталған білім беру үшін тың идеяға негізделген жаңа мазмұндық білімді қамтамасыз етуді мақсат еткен. Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде пәндердің жүргізілуін мектепшілік бақылауда білім алушылардың құзіреттіліктерін дамыту үшін педагогтар оларда қандай дағды қалыптастыруы тиіс екені жөнінде ұтымды ұсыныстар жасалынған.

Түйінді сөздер: *тренд, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы*

Аннотация

Влияние эффективного проведения внутришкольного контроля на развитие функциональной грамотности обучающихся данный доклад ставит своей целью обеспечение новых содержательных знаний, основанных на новой идее для образования, ориентированного на результат, в сочетании с профессиональным мастерством функциональной грамотности с целью воспитания конкурентоспособной личности, отвечающей современным требованиям. Поэтому при внутришкольном контроле за ведением предметов в общеобразовательных школах выработаны рациональные предложения о том, какие навыки должны быть сформированы педагогами для развития компетенций обучающихся.

Ключевые слова: *тренд, математическая грамотность, естественнонаучная грамотность, грамотность чтения*

Abstract

In this report on the impact of effective intra-school control on the development of functional literacy of students, the purpose of which is to provide new content knowledge based on a new idea for result-oriented education, combining functional literacy with professional skills, in order to educate a competitive person in accordance with modern requirements. Therefore, in order to develop students' competencies in intra-school control over the conduct of subjects in general education schools, rational recommendations have been developed on what skills teachers should develop in them.

Keywords: *trend, mathematical literacy, natural literacy, Reading Literacy*

Мектепшілік бақылау түрлерінің бірі – білім сапасын арттыруға бағытталған сабақ берудің теориялық әдістемелік деңгейін бақылау. Қазіргі кезде ұстаздардың алдына қойылып отырған міндет - оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық инновациялық технологияларды меңгеру. Инновация бірнеше өзекті мәселе түйіліскенде пайда болады да, жаңа мақсатты шешуге бағытталады, сөйтіп педагогикалық үдерістерді үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Менің ойымша бүгінгі күннің инновациясы, тренді – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Мектепшілік бақылаудың «Білім беру ұйымының педагогына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын дайындау және өткізу» бөлімінде мұғалімдердің оқу мақсатына сай тапсырмаларды тиімді саралауы, сауаттылық тапсырмаларын оның ішінде биылғы жылға 8-9 сыныптарда *PISA* тапсырмаларымен 4,8 сыныптарда оқушыларының жаратылыстану және математикалық деңгейін бағалайтын халықаралық *TIMSS* тапсырмаларымен 4 сыныпта оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру деңгейін анықтайтын *PIRLS* тапсырмаларымен жұмысы бақыланды. [Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса.] – деп Ахмет Байтұрсынұлының айтып кеткеніндей қайырымы қайтатын функционалдық сауаттылығы қалыптасқан бүгінгі күннің талабына сай тұлғаны қалай тәрбиелей аламыз?

Осы бағыттарды бақылауда 8-9 сыныптардағы пиза зерттеуі тапсырмаларымен дайындық жұмыстары барысында мен педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған «Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» және Білімцентр ұйымдастырған пиза зерттеуі аясында «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған кәсіби педагогикалық құзіреттіліктерді дамыту» курсы аяқтаған математика пәні мұғалімі ретінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған «Пиза зерттеуі» тапсырмаларына талдау жасадым. Өйткені функционалдық сауаттылық тапсырмаларының оның ішінде пиза зерттеуіне бағытталған тапсырмалардың қолданылуын бақылау үшін өзіміз сауаттылық тапсырмаларымен жұмыс жүргізуде оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы тапсырмаларының қандай мазмұндармен байланысатынын, және сол мазмұндағы тапсырмаларды орындау арқылы білім алушыларда қандай құзіреттіліктер мен дағдылар қалыптасатындығын білуіміз тиіс.

Математикалық сауаттылықтың пиза зерттеуіне бағытталған тапсырмалары төрт мазмұндық бөлікке бөлінеді, олар «Мөлшер», «Кеңестікпен пішін», «Өзгерістер мен қатнастар», «Анықталмағандық пен деректер». Осы мазмұндық бөліктердегі есептердің әрқайсы да оқушының «Қарапайым математикалық амалдар, әдістер мен процедураларды қолдану» құзіреттілігіне қалыптастырудан басталып, кеңестік пен пішін, өзгерістер мен қатнастар мазмұндық бөлігінің есептері «Стандарт есептерді шығарудағы мәліметтер арасында байланыс орнату» құзіреттілігіне, анықтамалықтар мен деректер мазмұндық бөліктері «Пайымдау» құзіреттілігіне яғни ол математикалық дағдының кең ауқымы математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейіне бағытталған. «Мөлшер» мазмұнына сандардың мөлшер мазмұнын сипаттауда қолданылатындығын, кесіндінің ұзындығы, тауардың құны, көліктің жылжамдығы, адамның жасы, заттардың массасы барлығының да сандық мәні бар. осыған байланысты тапсырмаларда көбінесе сандар тізбегіндегі заңдылықтарды тану, объектілердің сандық белгілерін көрсету үшін сандар қолданылады және осы мазмұндағы есептерге қандай да бір шаманың мәнін формуланың орнына қойып табу, сандар тізбегіндегі заңдылықтарды табу, пайыздар, пропорцияға байланысты қарапайым математикалық амалдар қолданылады.

Кеңестік пен пішін мазмұндық бөліктері бойынша білім алушы тек геометриялық есептерді шығарып қана қоймай, математикалық құралдарды қолдана білуі және фигураларды ойша бейнелей білуге, теріс және бейтаныс пішіндер мен объектілерді формулалар мен құралдар қолдануға келетін

таныс пішіндер мен объектілерге бөлу арқылы есептеуге үйренуі тиіс. Осылайшы білім алушы стандартты есептер шығаруда берілген мәліметтер мен ізделінді мәліметтер арасында байланыс орната алуға дағдаланады.

Өзгерістер мен қатнастар мазмұндық бөліктері бойынша білім алушылар құбылыстардың қасиеттерін сипаттайтын және сол арқылы қоршаған ортаны ұғынуда және оны өзгертуде математиканың рөлін түсінуге ықпал ететін өзара байланысты математикалық түсініктерді білуі тиіс. осы арқылы нақты процестердің графиктерін қолдана отырып, шамалар арасындағы байланысты табу және зерттеу дағдылары қалыптасады. Бұл мазмұнда функциялар, теңдеулер мен теңсіздіктер, координаталар жүйесі, сызықтық және сызықтық емес өсулерге байланысты есертер болады.

Анықталмағандық пен деректер мазмұндық бөліктері бойынша білім алушылар ықтималдық және статистикалық құбылыстар мен тәуелділіктерді, кездейсоқ оқиғалар, кездейсоқ ауытқулар, оқиғалардың жиілігі туралы білуі тиіс. бұл мазмұндық бөліктер арқылы білім алушыларда есеп шартындағы мәліметтер арасында байланыс орнатады және пайымдауға, өз түсініктерін дәлелді түрде көрсетуге дағдыланады.

Математикалық сауаттылық тапсырмалары бір жағдайға қатысты әртүрлі типті бірнеше сұрақтан құрастырылады сонымен қатар тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай деңгейленіп берілуі тиіс.

Жаратылыс тану сауаттылығы бойынша тапсырмалар химия, биология, география, физика пәндерінен болады. Мазмұндық бөліктері биологиядан: ағзадағы сипаттамалар мен тіршілік процестері, жасушалар мен оның функциялары, ағзадағы тіршілік циклдары, көбею және тұқым қуалаушылық, бейімділік және табиғи сұрыптау, адам және оның денсаулығы, экожүйелер, әртүрлілік бөліктерін қамтыса;

Химиядан заттардың құрылымы және оның жіктелуі, заттардың қасиеттері, химиялық процестер;

Географиядан жердің құрылысы және оның физикалық сипаттамасы, жергілікті процестер, тарих және циклдар, жер ресурстары мен қоршаған ортаны қорғау;

Физикадан зат алмасудағы өзгерістер және физикалық жағдайы, энергия көздері, жылу құбылыстары, жарықтық және магниттік құбылыстар, күш және қозғалыс мазмұндық бөліктерін қамтиды. Осы мазмұндық бөліктер бойынша білім алушыларда: Құбылыстарды түсіндіру үшін тиісті жаратылыстану-ғылыми білімін қолдануы, түсініктерді танып-білу, пайымдау және құрастыру, болжамдар жасау, ғылыми деректердің сенімділігін, анықтығын қамтамасыз ету, деректерді талдау, сәйкестендіру, түсіндіру, қорытынды жасау. Ғылыми мәтіндердегі ұйғарым, дәлел және талқылауды айыра білу және оларды ғылыми көзқарас тұрғысынан бағалай білуі дағдыларының қалыптасуына ықпал ету керек.

Оқу сауаттылығы бойынша мазмұндық бөліктер тұтас мәтін, тұтас емес мәтін, аралас мәтін, құрамдыс мәтінді қамтиды. Тұтас мәтінмен жұмыс жасағанда оқушы ондағы ақпараттарды тауып, оның негізгі идеясын біліп, мәтіндегі ақпаратпен өзінің күнделікті тәжірибесімен байланыстыра алады. Тұтас емес мәтіннен мәтіннің шағын бөлігенен-ақ мәтіннің мән-мағнасын түсінеді, өз тәжірибесі мен көзқарасына сүйене отырып байланыс орнатады. Аралас мәтінде мәтіннің бөліктері арасында байланыстар орнатады. Пайымдау тапсырмалары арасында негізгі идеяны анықтап, мәтіннің бірнеше бөлігін интерпритациялайды және салыстырады. Құрамдас мәтінде мәтіннің мазмұны немесе формасы бойынша рефлексия жасау және мәтінді бағалау құзіреттіліктері қалыптасады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін мұғалімдер тапсырмаларды жоғардағы айтылған мазмұндық бөліктерге сай саралап, құзіреттіліктермен байланыстырып отырса оқушының нақты қандай мазмұндық бөліктерден қателер жіберетінін және соған байланысты қандай дағдыларына қолдау көрсету керек екенін анықтау қиын емес. Әр мазмұндық бөліктердің тапсырмалары өз алдына қиындық деңгейлері бар. Олар білім алушылардың функционалдық саттылығынб деңгейі делініп:

- бірінші деңгей ең төменгі деңгей;
- екінші деңгей шекті деңгей, бұл деңгейде оқушылар білім мен дағдыларын оқудан тыс жерде қарапайым жағдаяттарда пайдаланады;
- үшінші деңгейде оқушы білім мен дағдыларын күнделікті таныс жағдаятта пайдаланады;
- Төртінші деңгейде алған білімдері мен қалыптасқан дағдыларын жаңа ақпараттар алу үшін пайдаланады;

• Бесінші, алтыншы деңгейде өз ойын анық жеткізу үшін күрделі жағдаяттарда шешім қабылдайды.

Бастауыш сыныптардағы мәтінмен жұмыста оқушылар «Анық» түрде берілген ақпараттарды тауып, мәтіннің мазмұнын қорытып, кейіпкерлердің негізгі сипаттамаларын айта алағанымен олардың ниеттері мен сезімдерін түсіндіруде; мәтіннен мысалдар келтіру арқылы жауаптарын негіздеуде; мәтін мазмұнына қатысты өздері бір-біріне сұрақтар қоюда; мәтіннің әр бөлігінен алған күрделі ақпараттарды тану мен дәлелдеуде; карталар, иллюстрациялар, сызбалар мен фотосуреттер ішіндегі материалдар негізінде әр түрлі мәтіндерден ақпараттар жинаудан қиналатындығы анық. Ал оқу дағдыларының нормаларын тексеруде оқушылар міндетті деңгейге жеткенімен кейбір оқушылардың мәтінді түсініп оқу деңгейі төмен болатыны белгілі. Егер бастауыш сыныптардағы мәтінмен жұмыстарды талдауда осы мәселелер көрініс тапса оқушыларда оқу сауаттылығына бағытталған оқылым дағдысы қалыптасар еді.

Функционалдық сауаттылықтапсырмалары ашық және жабық типтегі тапсырмалар болып бөлінеді. Ашық типтегі тапсырмалар: қысқа жауап, ашық жауап, бос орынды толтыру. Жабық типтегі тапсырмалар бір дұрыс жауабы бар, бірнеше дұрыс жауабы бар, тұжырымның дұрыстығын анықтау (иа, жоқ), сәйкестікті анықтау, дұрыс тізбекті анықтау тапсырмалары. Сонымен, мұғалімдер сауаттылық тапсырмаларымен жұмыс жасауда тапсырмаларды нақты деңгейлеп, тапсырма типіне, мазмұндық бөліктеріне сай талдап, саралап қолданса оқушының дағдысы да соған сай қалыптасатыны анық. Сондықтан мектепішілік бақылауда осы мәселелерге баса назар аударып, директор жанындағы отырыста қаралып нақты шешім қабылдап отырса мұғалімде де дағды қалыптастып, өз құзіреттіліктерін шыңдай түседі деп ойлаймын.

Қорта келгенде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту білім сапасын емес алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдану деңгейін бағалайтындықтан мұғалімдер әр пән бойынша тақырыпты өткен кезде сол тақырыппен, сол оқу мақсатымен байланысатын сауаттылық тапсырмаларын қолданып отырса оқушыда соған сай құзіреттілік, дағды қалыптасып отырады. Және ең маңыздысы оқушының оқу сауаттылығына баса назар аударған жөн, өйткені қай сауаттылық болса да тапсырманың шарты мен қорытындысы арасындағы байланысты түсінуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Bilim center сайтындағы «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған кәсіби педагогикалық құзіреттіліктерді дамыту» материалдары. 2021ж.*
- 2 *Е.Н. Иманғалиев «Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру жолдары» /Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. 2012ж. №9/.*

ӘӨЖ 372.8
МРНТИ 16.21.25

Абубакирова Ботакоз Жигалиевна
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-сарапшы
Алматы облысы Жамбыл ауданы Мыңбаев ауылындағы ОМ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ

Аннотация

Бұл мақалада қазақтың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тіл тарихы, әдебиеті мен мәдениетіндегі ұстаздық, педагогтік еңбегі туралы баяндалады. Бүгінгі білім беруде өзекті болып табылатын оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мәселесі зерттеуші ғалымның «Тіл-құрал» атты кітабымен байланыстырыла талданады. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы тілдік дағдылардың грамматикалық тақырыптармен ара қатынасы әдістемелік тұрғыдан сипатталып, оқу оқушының белсенді әрекетін арттырудағы әдістер-тәсілдердің тиімділігіне көз жеткізіледі.

***Түйінді сөздер:** ұлттық тіл, «Тіл- құрал» кітабы, оқу сауаттылығы, белсенді әдіс-тәсілдер.*

Аннотация

В этой статье рассказывается о педагогическом, педагогическом труде великого казахского учителя Ахмета Байтұрсынова по истории, литературе и культуре казахского языка. Проблема повышения читательской грамотности школьников, актуальная в современном образовании, анализируется в связи с книгой ученого-исследователя "Тіл-құрал". Методически описывается соотношение языковых навыков с грамматическими темами в содержании обновленного образования, достигается эффективность методов и приемов в повышении активной деятельности обучающегося.

Ключевые слова: национальный язык, книга "Тіл-құрал", грамотность чтения, активные методы и приемы.

Abstract

This article tells about the pedagogical, pedagogical work of the great Kazakh teacher Akhmet Baitursynov on the history, literature and culture of the Kazakh language. The problem of improving the reading literacy of schoolchildren, which is relevant in modern education, is analyzed in connection with the book of the researcher "Til-Kural". The correlation of language skills with grammatical topics in the content of the updated education is methodically described, the effectiveness of methods and techniques in increasing the active activity of the student is achieved.

Keywords: the national language, the book "Til-kural", reading literacy, active methods and techniques.

Бұраланы көп қазақ тарихында ұрпақ үшін ұран боп, халық үшін қайғырған ұлт жанашырларының бірі де бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы. Сонау ұлы Абай, Ыбырай қалыптастырған ағартушылық идеяны жалғастырып, халықтың жүрегіне ғылым мен білімнен сәуле шашқан ғалымның тарихта алар орны ерекше. Олай дейтінім, «Алаш» деп ұрандатқан қоғам қайраткері қазақтың ұлттық тілі мен мәдениеті, әдебиетінде реформатор атанып, зиялы қауымның кемеңгер көшбасшысы бола білді.

Қараңғы қазақты терең ұйқыдан оятып, санасын серпілтуді, рухын көтеруді мақсат еткен ақынның бір ғана «Маса» атты жинағының өзі жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу болса, тіл білімі мен әдебиеттану ғылымындағы зерттеу еңбектері өзінше бір төбе.

Сонау XIX ғасырдағы жан таңғаларлық нәрсенің бәрі ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшырған, суда балықтай жүздірген де ғылым. Дүниенің о шеті мен бұ шетіне жылдам хабар алғызған да ол – ғылым. Ал, ғылым тікелей оқу- біліммен, ізденіспен келері хақ. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынов «Оқуға шақыру» атты өлеңінде:

Балалар!

Оқуға бар!

Жатпа қарап!

Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!

Шақырды тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн жылтырап, деп халықты, жастарды оқуға шақырады.

Ғалымның ұлттық құндылық, рухани тазалық, қоғам тақырыбындағы еңбектерінен қазақ тіл біліміндегі «Тіл – құрал» атты кітабының тіл мамандарының теориялық, практикалық жағынан дамуына, өз білімін жетілдіруіне көмегі зор деп айтар едім. Себебі «Тіл – құрал» кітабында қазақ тілі мазмұнының фонетика, грамматикасын түбегейлі зерттеп, ондағы әріп, буынның жасалуы, сөздің мағыналық тұлғасы мен формасы, қала берді синтаксистік бірліктерді қолданудың өзі дұрыс сөйлеу, сауатты жазуға дағдыландыру болып табылады. Осындағы «дағдыландыру» ұғымы біздің қазіргі жаңартылған білім мазмұнындағы айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым дағдыларын мәтінмен жұмыс жасауда арттырсақ, «сынау» деп аталатын сатысында оқушы өзіне рефлексия жасау арқылы ой-өрісін, танымдық қабілетін, шығармашылығын шыңдай алатынын байқаймыз.

XXI ғасыр білім мен ғылымның ғасыры. Қоғамды алға жетелеуші күш-жастарға сапалы білім беріп қана қоймай, сол білімін кез келген қоғамдық-әлеуметтік ортада пайдалана білу, олардың сауатты жазу, оқу дағдыларын арттыру- бүгінгі білім саласының басты мақсаты.

Елбасының білім саласын жаңарту туралы бастамаларын іске асырудағы маңызды шаралардың бірі, әрине, мектептен, яғни, білім саласынан бастау алатыны жасырын емес. Бұл орайда, Елбасы бастамасымен өмірге келген «Функционалдық сауаттылық бойынша Ұлттық жоспардың» /2.2-бет/ маңызы ерекше деп айтуға болады. Оның мақсаты – оқушылардың сапалық сауаттылығын дамыту

арқылы, тиімді қызмет түрлеріне бейімдеу. Сонымен қатар, бұл орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады.

Қазақ тілін оқытудың мақсаты – тек баланың сауатын ашу, ана тілі пәнінің ғылыми негіздерін меңгеру ғана емес, қазіргі таңда оқушылардың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып, алған білімін өмірдің кез келген жағдайында қолдана алатын, ойын сауатты жеткізе білетін тұлға етіп тәрбиелеу.

Сабақта білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін мұғалім әр түрлі әдістерді қолданылатыны белгілі. Сонымен бірге, мұғалім білім мазмұнын дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына көшуге дайындауы қажет. Бұл - бүгінгі күн талабы.

Жаңартылған білім беру арқылы оқушы бойында жан-жақты қабілетті дамытып, сауаттылығын арттырып, ортаға бейімдеу негізгі дағдылар: айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым арқылы жүзеге асырылады. /3.5-бет/ Дәстүрлі сабақтан бұл жүйенің өзгешелігі де осында. Яғни, оқушы тыңдап, жазып, оқып қана қоймайды, сол білімін айтып, саралап, дәлелдеп, нақтылап, өмірмен байланыстырады, өз мүддесіне пайдалана алады. Ал оқушыны мұндай жетістікке жеткізу үшін оған бағыт-бағдар беріп отырған мұғалімнің өзі жан-жақты білімді болып қана қоймай, зерттеуші, бағыттаушы, саралаушы, шешендік өнермен қаруланған болуы тиіс.

Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Әдебиет оқушыға беймәлім өмірді танытатын үлкен құрал, тәрбиеші.

Қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті сабағы оқушының алдына үлкен талап қоюымен ерекшеленеді. Оқушылардың сабақта тез шаршап жалығып кетуі, айналадағы жаңаша технологиялардың көркем әдебиет оқу үшін ғана емес, уақытты босқа өткізетін алдамшы құрал секілді қолданылуы қазіргі оқушылардың сабаққа деген ынта-жігерін жасытып тастағаны жалған емес. Осыған байланысты қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оларды, ең алдымен, пәнге қызықтыру, орфографиялық сауаттылықтарын арттыру, түрлі тіл ұстарту жұмыстарын ұйымдастыру – мақсатқа жетудің алғышарттары болып табылмақ.

Оқу сауаттылығы – оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білімдерді игерудегі әдіс-тәсілдерді қолданылуы, элеуметтік ортаға бейімделуі. /4.19-бет/. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік, сыни тұрғыдан ойлау, шешім қабылдай алу, өзіндік пікірін айту, өмір бойы білім алуға дайын тұру болып табылады. Балалардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру үшін, ең алдымен, оның бойында негізгі білімнің кірпішін қалап алу қаншалықты маңызды болса, мен үшін де сабақтағы қолданылатын әдіс-тәсілдердің орны соншалықты маңызды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруда «Сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары», «Блум таксономиясы», «Ақылдың алты қалпағы», «Графикалық орғанайзерді» қолдану сабақ мақсатына жетудің тиімді тәсілдері болып табылады. Әсіресе, қазақ тілі сабағында өмірлік қолданыста маңызды рөл атқаратын «Блум жүйесі» мен «Графикалық орғанайзерді» көп қолдануға тырысамын. Өйткені, Блумның анализ, синтез, бағалау тараулары кез келген тақырыпта сұрыптау жасап, пайдалы – пайдасыз жақтарын анықтап, баға бере алатын, жеке көзқарастарын еркін айта алатын жеке тұлғаны дайындаудың таптырмас технологиясы. «Блум жүйесі» арқылы оқушылардың алға қойған мақсатына жету жолдарын, өз ойын еркін жеткізе алу қабілеттерін арттыруға болады. Сонымен бірге, оқылым дағдыларын дамытуда көркем және ғылыми мәтіндер үшін графикалық орғанайзерлердің орны ерекше. Графикалық орғанайзер – білім, ұғым, ой, идея немесе көзқарасты білдіру үшін визуалды таңбаларды қолданатын құрал. Ол оқу мен оқытуды жеңілдету мақсатында визуалды көмек ұсыну болып табылады, оқушылардың шығармашылық жұмыс жасап, өзіндік пікір айтып, мәтінмен жұмыс жасауында заманауи әдістің бірі болып табылады.

Инновациялық әдіс-тәсілдердің басым көпшілігі оқушының оқу, жазу сауаттылығын арттыруға бірден-бір қызмет етеді. Масылы, өз тәжірибемдегі әдебиет пәні сабағында Б. Соқпақпаевтың «Менің атым – Қожа» атты шығармасын «Сұрақтар бұрқасыны» әдісін пайдаланып, оқушылардың өткен тақырып бойынша алған білімдерін нақтылаудан бастадым. Атап айтсақ: «Сен Қожаның бойынан қандай қасиеттерді алар едің?, Егер сен Қожаның орнында болсаң, не істер едің?» деген сұрақтар арқылы баланы сыни тұрғыдан ойлантуға жетеледім. Тақырыпты өмірмен байланыстыру мақсатында «Сәйкестендіру» стратегиясын қолдануым – кино әлемінен хабардар

Химиялық эксперимент оқушыларға химиялық ұғымдарды тірі, нақты мазмұнмен толтыруға, кейбір фактілерде жалпы заңдылықтарды көруге көмектеседі. Химиялық эксперимент оқушыларды химияға деген қызығушылықтарын арттырады, өйткені оны орындау барысында оқушылар мұндай жұмысты практикалық мағынасына ғана мән бермейді, сонымен қатар өз білімдерін шығармашылықта қолдана алады. Химиялық эксперимент оқушылардың ойлауын, ақыл-ой белсенділігін дамытады, оны алынған нәтижелердің, тұжырымдардың дұрыстығының өлшемі ретінде қарастыруға болады. Көбінесе эксперимент қалыптастырылатын идеялардың қайнар көзіне айналады, онсыз өнімді ақыл-ой белсенділігі жүре алмайды. Ақыл-ой дамуында теория жетекші рөл атқарады, бірақ экспериментпен практикамен бірлесе отырып жетістікке жетелейді.

Химиялық эксперимент білімнің маңызды көзі болып табылады. Оқытудың техникалық құралдарымен бірге ол білімді, дағдыларды және дағдыларды тиімді игеруге ықпал етеді. Химия сабақтарында экспериментті жүйелі қолдану құбылыстарды бақылау және олардың мәнін ғылыми теориялар мен заңдар тұрғысынан түсіндіру қабілетін дамытуға көмектеседі. Химиялық эксперимент жалпы білім беруге және тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етеді. Оқытуда химиялық экспериментті қолдану оқу материалын неғұрлым толық игеруді қамтамасыз етеді, өйткені жүргізілген эксперимент үлкен көрнекі рөл атқарады. Эксперимент арқылы химияны оқытуда теорияның практикамен байланысын жүзеге асыра аламыз. Эксперименттік дағдыларды игеру химия курсының мазмұнын сәтті меңгеру үшін ғана емес, сонымен қатар жоғарғы сынып оқушылары үшін білім алуды жалғастыру үшін қажет. Эксперимент- химияны оқытуда теорияның практикамен байланысын жүзеге асырудың, білімді сенімге айналдырудың маңызды жолы. Оқушыларды оқытудағы ең бастысы-құбылыстарды, заттарды, процестерді дербес талдау негізінде ғылыми танымдарды қалыптастыру; оқушылардың танымның логикалық әдістерін игеруіне ұмтылу қажет. Білім алушылар үшін күрделі ақыл – ой операцияларын жасай білу маңызды. Олардың ең бастысы- салыстыру, дәлелдеу, жалпылау, нақтылау, талдау, синтез процесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории / М.И. Махмутов. – М.: Педагогика, 1975. – 263 с.
- 2 Белов П.С. Из опыта формирования химических компетенций учащихся. ХвШ, 2009, № 10, с. 25.
- 3 Гаркунов В. П. Проблемность в обучении химии / В.П. Гаркунов // Химия в школе. – № 4. – 1971. – С. 23
- 4 Колчанова Л.В. Из опыта совершенствования демонстрационного эксперимента / Л.В. Колчанова, Л.А. Дейнека // Химия в школе: научно-методический журнал. - 2008. - № 9. - С. 67-69
- 5 Менчинская Н.А. Проблемы учения и умственного развития школьника: избранные психологические труды / Н.А. Менчинская. – Москва: Педагогика, 1989. – 224 с.

ӘУЖ 373.5

Болатұлы Бақыт

математика пәні мұғалімі

Т. Сәрсенбекеов ат. ОМ

Алматы облысы Жамбыл ауданы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКА ПӘНІ ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация

Мақалада мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, ақын, публицист, педагог, аудармашы ағартушы А. Байтұрсынұлының еңбектері және оның математика пәні үшін маңыздылығы туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: білім, даму, зерттеу, ұлттық.

Аннотация

Статья посвящена государственному и общественному деятелю, крупному ученому, основоположнику казахского языкознания, литературоведу, тюркологу, поэту, публицисту, педагогу, переводчику, просветителю А. Описаны работы Байтұрсынова и их значение для математики.

Ключевые слова: образование, развитие, исследования, национальные.

Abstract

The article is devoted to the statesman and public figure, prominent scientist, founder of Kazakh linguistics, literary critic, Turkologist, poet, publicist, teacher, translator, educator A. Baitursynov's works and their significance for mathematics are described.

Key words: education, development, research, national.

Тәуелсіз мемлекет құруды көздеген алаш зиялылары ұлттық бірегейлікті сақтап қалуды мақсат етті. ХХ ғасырдың басындағы ұлт көсемдерінің мақсаттары мен бүгінгі таңдағы даму бағдарымыздағы сабақтастық, Президентіміздің ұлттық салт-дәстүр, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі қалуға шақырған елдің ертеңін терең зерделеген саясаты ұлт зиялыларының ғылыми мұрасын қайта зерттеп зерттеуді қажет етіп отыр.

Мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, ақын, публицист, педагог, аудармашы ағартушы А. Байтұрсынұлының еңбектері ешқашан тарихи маңызын жоймайды. Бүгінгі таңда ғалымның ХХ

ғасырдың басында жазған еңбектерінің қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттармен, инновациялық парадигмалармен сабақтастығы анықталып отыр. Жалпы тіл білімінде ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында ғана сөз болып, қолға алына бастаған көптеген жаңа бағыттар қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы еңбектері арқылы ХХ ғасырдың басында жан-жақты сараланып, жүйеленген.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы, ұлттық ғылымының арқауы. Неге? Өзге ұлттың ғалымдары (орыс ғалымдары): «Қалайша мектеп оқулықтарын ғылымның басы дейсіз?» – деп таңғалады. Әрине, бұрыннан оқу-жазуы бар, ғылымы бар, университеттері үш жүз, төрт жүз жыл бұрын ашылған халықтар үшін ғылымның негізін мектептен бастау оғаш көрінетін шығар. Шындығында, қазақтың нағыз ұлттық ғылымы – қазақ тілі туралы ғылым, қазақтың әдебиеті, қазақтың тарихы туралы ғылым.

А. Байтұрсынұлы қазақ балаларының сауатын ашуда бұрынғы ескі сүрлеу, тар соқпақпен жүрудің ендігі жерде ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамына қол еместігін көреді. Қазақ баласы енді сауатын бөгде тілде емес, яғни, араб, татар, орыс тілдерінде емес ана тілінде ашуы керек, білім-ғылыммен қазақ тілінде сусындауы тиіс деп табады. Қазақ мектептерінің болуы, бүкіл оқу-тәрбие жұмысы қазақ тіліне жүруі қажет екенін ашып айтып, күн тәртібіне қояды, өзі де қазақ мектептерінің болуы, ана тілінде оқытылуы үшін күреседі. А. Байтұрсынұлының бұл тұжырымдарын қазіргі кезде де жадымызда ұстауымыз керек. А. Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – дейді. Тіл – алты-жеті қамалдың ішіндегі ең соңғы құлайтын қамал. Тіл құласа, ол тіл қызмет еткен, сол тілмен бірге аталып келген халық та құриды. Адамдар болғанмен, олар қазақ болмайды. Сол халықтың аты жойылады.

Мектепте мұғалімнің қатысуымен өткізілетін сабақ алғашқы орында тұрғанмен, оқушылардың қызығушылықтарына, бейімділіктері мен қабілеттеріне қарай олардың шығармашылық дамуына қосымша қажетті жағдайлар жасалады. Білім алу – адам өмірінің ең басты қажеттілік. Білім арқылы оқушының дүниетанымы дамиды, ой-өрісі кеңейеді, белгісізді таниды, өзін толғандыратын сұрақтарға жауап табады. Оқушы бойында қалыптасатын осы қажеттіліктердің барлығы сабақ үдерісінде орындалатын түрлі тапсырмалар мен жаттығуларға байланысты болады. Жүйелі түрде тиянақты тапсырмалар беру арқылы оқушы зейінін шоғырландырып, назарын нақтылы тақырыпқа аудару оларды ғылыми негізде ойлауға, өмірді танып-білуге, өзін-өзі дамытуға үйретеді. Мұғалім тарапынан берілген мазмұнды тапсырмаларды орындап, тиянақты білім алуға ұмтылады. Ұлт ағартушысы айтқан қлт болып жойылмас үшін әр қлттың өзіндік тілі болу керек деп есептеп, оны ұрпақ бойынша тайға таңба басқандай сіңіруде өзіндік жұмыстың маңыздылығын атап көрсетті.

Өзіндік жұмыс дегеніміз - сабақ үстінде алған білімді мұғалімнің көмегімен және бақылауымен немесе өз бетінше орындайтын жоспарлы жұмыс.

Өзіндік жұмыстың тиімділігі:

1. Зерттелетін тақырыптың, қарастырылатын мәселенің төңірегінде білімді тереңдетуге;
2. Өз пікірін айтып, оны дәлелдей алуға; ізденушілік қабілеті ұшталыады
3. Теория мен практиканы ұштастыра қолдануға мүмкіндік жасайды

Өзіндік жұмыс тапсырмалары сан алуан болып келеді. Атап айтқанда:

1. Мәтін құрастыру, әңгіме жазу; сурет бойынша мәтін құрастыру; рөлдік және іскерлік ойындар

2. Түрлі кестелерді толтыру; сөзжұмбақтар құрастыру

3. Бастауыш сынып оқушылары үшін де өздік жұмыстың маңызы зор.

Өзіндік жұмысын ұйымдастырудың тиімді жолы – оқушыға шамасы жетіп, орындауға мүмкіндігі болатындай және танымын арттыратындай, өзіндік көзқарасын білдіріп, шығармашылықпен орындай алатындай тапсырмалар беру. Тапсырма арқылы оқу материалы жан-жақты әрі үлкен қызығушылықпен меңгеріледі

4. Тест тапсырмаларын құрастыру; тірек-сызбалар құрастыру; реферат жазу; слайдтар жасау; презентация жасау; альбом жасап, газет шығару т.б

Аталмыш жұмыс түрлері бастауыш сынып оқушыларының жазбаша және ауызша тіл мәдениетін көтеруге қызмет етеді. Мұндай өзіндік жұмыс түрлері шығармашылықты дамытуды көздейді. Осыған орай берілетін тапсырманың шығармашылық сипатына басты назар аудару

қажет. Шығармашылық ойлау қабілетінің дамуына әсер ететін жұмыс түрлері олардың ойлау мүмкіншілігін жан-жақты аша түседі, өз бетімен ізденуіне, талаптануына жол ашады. Жоғарыда келтірілген кей жұмыс түрлеріне тоқтала кетейік. Қазақ тілі немесе әдебиеттік оқу сабақтарында ең жиі қолданылатын тапсырма түрі – шағын әңгіме жазу. Сондай-ақ баланың қызығушылығын арттыратын өзіндік жұмыстар қатарында альбом жасап, газет шығаруды, газетке материал дайындауды атауға болады. Төртінші сынып балаларына интервью жүргізуді үйретіп, осы бағытта тапсырмалар беруге болады. Өзіндік жұмыстың қызықты түрі ретінде рөлдік ойындарды, іскерлік ойындарды назардан тыс қалдыруға болмайды.

Рөлдік ойындар арқылы барлық оқушыны жұмысқа жұмылдыру мүмкіндігі жоғары. Мұғалім тапсырмасына сәйкес оқушылар өзіне бекітіліп берілген рөлді орындауға ынтымақтанып кіріседі. Осы арада мұғалімнің міндеті:

1. Әр оқушының қабілет-қарымына қарай рөл бөліп беру;
2. Қалай жүріп-тұруды үйрету;
3. Дауыс мәнеріне көңіл бөлу
4. Рөлді ойнауға мәжбүрлемей

Әдебиеттік оқу сабақтарында бастауыш сыныптың жоғары сатысы үшін белгілі бір тақырыпты өткенде немесе ақын-жазушылардың шығармашылығымен танысқанда жиі берілетін тапсырма түрі – реферат жазу. Реферат теориялық бағыттағы тапсырма түріне жатады. Өйткені, ол баланың зерттеушілік қабілетін шыңдайды. Кейде реферат жазуды оқушылар тақырып төңірегіндегі ақпаратты көшіріп әкелу деп түсінеді. Реферат – кейіндері орындалатын күрделі ғылыми жұмыстың алғашқы түрі. Оның безендірілуі, құрылымы, әдебиеттерді пайдалану тәртібі мұғалім тарапынан түсіндірілмеген жағдайда, бұндай қателіктер қайталана береді. Кестелер, тірек-сызбалар толтыру оқушыны нақтылыққа, бірнеше ақпараттың ішінен нақты қажеттісін бөліп алуға үйретеді

Ақпараттық техника дамыған қазіргі заманда слайдтар жасау, презентация жасауға деген оқушы қызығушылығы жоғары болып отыр. Өзіндік жұмыстың орындалуы мұғалім мен оқушы қарым-қатынасына негізділенгенмен, мұғалімнің қатысынсыз орындалатынын айттық. Алайда, мұғалімнің басшылығымен жүзеге асатыны ақиқат. Кез келген өзіндік жұмысты орындаудың негізгі алғышарттары мынандай:

1. мұғалім тарапынан тапсырманың мәні, мақсат-міндеті түсіндіріледі;
2. оқушыға қалай орындауы керектігі туралы бағыт-бағдар беріледі;
3. нақты нұсқаулар беріледі;
4. күрделі мәселелер туралы қосымша ақпарат беріледі;
5. қажет болғанда, дайын үлгілермен таныстырады;
6. талапқа сай орындалған жұмыстар үшін ынтымақтандыру шаралары ұйымдастырылады

Өзіндік жұмысы оқушының өз бетімен жұмыс істей алу мүмкіндігін байқатады. Әдебиеттік оқыту мен қазақ тілі сабағында берілетін өздік жұмыстың түпкі нәтижесі оның мұғалім тарапынан өз деңгейінде дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Өзіндік жұмыстарды бетінше орындау үшін тек теориялық білімнің болуы ғана жеткілікті емес, оқушыда қалыптасқан әрекеттік дағдылар мен ой әрекеті тәсілдерін жақсы меңгеруі тиіс.

Өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

- Мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі;
- Жұмысты өз еркімен және мұғалімнің қолдауымен жасауы;

Өзіндік жұмыстардың маңызын түсіну үшін өзіндік жұмыстардың негізгі міндеттерін атауға болады:

- Жеке тұлғаның дербестік қасиетін мейлінше арттыру;
- Оқушылардың таным, ақыл-ой қабілетін дамыту;
- Жеке тұлғаның дербестік қасиетін мейлінше арттыру;

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлілігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады.

Г.Н. Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша ашады. Бұл жұмыстарды жеке тұлға өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, сеніміне, дүниетанымына сүйене отырып атқарады.

Г.Н. Кулагина өзіндік жұмысты жеке тұлғаның іс-әрекет құралы, белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсіндіреді.

И.Т. Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс- біліктілік пен құзіреттіліктер жиынтығы.

Профессор Т.С. Сабыров өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі жолдары мен шарттарын анықтай отырып былай деп көрсеткен: «Оқушылардың өздігінен білім алуға деген қажеттері мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды: мұндай қасиеттер мектепте мұғалім мен оқушылардың сабақ пен сабақтан тыс жұмыстарда бірлесе отырып, оқу-таным әрекетін ұйымдастыру үрдісінде қалыптасады.» Оқушылардың әр түрлі деңгейдегі өзіндік жұмыстарды орындауы олардың өзіндік танымдық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді: танып білу қабілеттерінің дамуына, өзіндік ойлауға талпынуға, жаңа жағдайда дұрыс бағыт-бағдар жасай алуға, өз ойын еркін, дәлелді жеткізуге, ақпаратты сыни бағалауға, жаңа дерек көздерін дәйектілікпен талдауға, танымдық құзіреттіліктерде басшылыққа ала білуін қамтамасыз етуге, өз Отанының саналы азаматы болып өсуіне көмектеседі. Оқушының өзіндік танымдық құзіреттілігі көбінесе оқушының жасына, шамасына, білімді қабылдай алу деңгейіне, дайындығына, ынтасына, қызығушылығына, түрлі деңгейдегі тапсырмаларға, мұғалім мен оқушы арасындағы дұрыс түсінушілікке, қарым-қатынасқа, мұғалімнің басшылығына байланысты. Мұндағы ең бастысы оқушы орындап отырған өзіндік жұмысының мазмұны мен сипаты онда танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыруға, тапсырмаларды орындауға деген талпынысты тудыру болып табылады.

Тәуелсіз еліміздің қарыштап өркендеуіне байланысты, жаңа білімдерді уақытында қабылдау, оны оқушыларға, білім алушыларға жеткізу өте маңызды. Қазіргі кезге дейін елімізде жүргізіліп жатқан білім реформалары, оның ұйымдастырылуы еліміздің қарыштап дамуына түрткі болатын көлемді шаралар мақсатымен тығыз байланысты.

Қоғамда туындап жатқан әлеуметтік-экономикалық мәселелерге, өзгерістерге сәйкес білім беру мақсаты мен міндеттері әлемдік даму деңгейіне сәйкес келетін біліммен оқушыларды қаруландыруды көздейді.

Бүгінгі заманның талаптарына сай еңбекке, қоршаған ортаға, қоғамға деген қарым-қатынастылықтар мен көзқарастарды қалыптастыру мектеп курсының барлық пәндерін оқыту процесінде жүргізіледі және орындалады. Алайда, осы бағытта математика пәнін алып айтатын болсақ, оның оқытудағы әдіс-тәсілдерді ерекшеліктеріне байланысты тәрбиелеуде өте қуатты құрал болып табылатынын белгілі.

Математиканың әр қадамы өмірдегі белгілі бір қажеттіліктерден туындады, сабақта қарастыратын көп есептер адамның практикалық дүниесін алға бастыруымен байланысты. Сондықтан математикалық ұғымдардың нақты және тиімді болуы оқушылардың жеке тәрбиесіне байланысты, оқу жүйесіне қойылатын бірінші шарт – ол оқушылардың оқу процесі өмірімен байланысты болуы. Математикадан алған білім, біліктерін оқушылар тек қана еңбек әрекеттеріне емес және оқу әрекеттерінде қолданып, пайдалануға болады. Математиканың тәрбиелік әсер етуі – оқушылардың бойында ой-өрісті, саналы ойлай білу ерекшеліктерін, өмірге деген көзқарастарын, танымдық ерекшеліктерін, патриоттылық сезімдерін оята отырып дамыту, қалыптастыруда үлкен роль атқарады. Ал, ондай жетістіктерге математиканың негізгі материалдарды жеттік меңгеруден бастап жүзеге асатыны анық.

Дұрыс жолға қойылып шешілетін математикалық білім оқушының бойында өте бекем, орнықты ойлау қабілеттері мен дағдыларын қалыптастырады. Ешқандай, математикадан өзге пәндік сабақтар, оқушыға «дұрыстылық, дәлдік, әділеттілік» секілді бейтаныстарды ашып, көрсете алмайды. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынов атамыз өткен ғасырда айтып кеткен ой-толғамдары тек қазақ тілі пәні ғана емес ғылымдардың патшасы аталатын математика пәні үшін де маңызды деп есептеймін.

Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман: мұғалімге ХХІ ғасыр бәсекесіне сай, жан-жақты білімді, дарынды, әлемдік білім кеңістігіне ұмтылатын жеке тұлғаны дайындауды міндеттейді. Мемлекеттің күшейіп гүлденуі, әрине, жеке тұлғаға, яғни болашақ дарындыларға тәуелді екені сөзсіз. Ұстазға, алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әрқилы жеке тұлғаның жүрегіне жол тауып, олардың танымдық құзіреттіліктерін дамыту күрделі құрылым екені даусыз. Сондықтан ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім тұлғаны тек жаңа тұрпатты тың көзқарасы бар педагог қана қалыптастыра алады.

Мұғалім сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Танымдық құзіреттілікті тежейтін үш нәрсе бар: біреуі-«сәтсіздікке ұшыраймын,

қолымнан еш нәрсе келмейді» деген қорқыныш сезімі, екіншісі-өзіне-өзі тым риза болмаушылық сезімі, үшіншісі-жалқаулық. Ондай жағдайда баланы құтқарудың жолдарын табу көздері, мысалы: оқушылардың танымдылық құзіреттіліктерін қалыптастыруына мектепте, сабақ үстінде қолайлы жағдай жасау; танымдылық бағытта баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру керек. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу жеке тұлғаны шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілдерін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізетіні сөзсіз.

ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті 12 жылдық білім беру стандартында білім беру жүйесінің мақсаттарына байланысты «Білім, білік, дағдылардың, қалыптасқан құзіреттіліктердің, әлеуметтік дағдылардың негізінде тұлғаның алдына қойған мақсаттарына жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарын тиімді пайдалануға дайындығынан көрінетін құзірет-білім берудің негізгі нәтижесі болып табылады» делініп, оқушының проблемалық шешімін табу құзіреттілігі, ақпараттылық құзіреттілігі, комунникативтік құзіреттіліктерді меңгеруге ерекше назар аударылған.

12 жылдық мектептегі жаңа мазмұнда оқыту, оқушының осы шешуші құзіреттіліктерін қалыптастыруды мақсат етеді. Демек, білім мазмұны мемлекет тапсырыстарын оқушының қажеттілігін қанағаттандыратын, шешуші құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Нәтижесінде, әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге тырысып, оқушының жеке қабілеттілігі айқындалады; іштей бір-бірінен қалмауға ұмтылады, әр бала шамасына қарай бағаланады да, кез келген қиыншылыққа төзуге, жеңуге икемденеді. Жоғарыдағы пайымдарды жинақтай келе келесідегідей тұжырымдарға илануға болады.

1. Оқушылармен жүргізілетін өзбетінше жұмыс теория практикамен, оқытуды өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді.

2. Оқушылармен жүргізілетін өзбетінше жұмыс білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға игі әсер етіп, жүйеге келтіріп, сабақтың сапасы мен тиімділігін арттырады.

3. Оқушылармен жүргізілетін өзбетінше жұмыс балалардың логикалық ой-өрісін дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттырады, - ал бұл бүгінгі күннің басты талабы.

4. Оқушылармен маиематика сабағында оқып үйренетін, машықтанатын және тексеретін өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда олардың шығармашылық іскерліктері дамиды.

5. Оқушыларды өздігінше жұмыс істеуге үйретудің нәтижелі болуы мұғалімнің сол пәнді қолданатын әдіс тәсіліне, ұсынылатын материалдардың мазмұнына, балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, материалды оның ой-өрісін дамытарлық дәрежеде іріктеп бере білуіне байланысты, ал бұл балалардың математикалық ойлауын дамытады, ізденгіштік, еңбек сүйгіштік қасиеттерін дамытады.

Қорыта айтсақ, өзіндік жұмыстар арқылы өз бетімен дами алатын, қиындықтарға төзе білетін, белсенді, білімді, танымдық құзіреттіліктері қалыптасқан жеке тұлға тәрбиеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н. Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. / Қазақстан халқына жолдау. -Егемен Қазақстан, 27 қаңтар 2012 жыл.
- 2 Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдуманов. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 бет.
- 3 Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. (Оқу құралы). – Алматы, «Білім», 2005. – 272 бет.
- 4 Болатұлы Б. Алгебралық өрнектер./ диссертация. 2016. – 78 бет.
- 5 Ұстаздар сайты

ӘОЖ 373.5

Каипбаева Самал Шалмурзаевна

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Б. Алтынсарин ОМ

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылы

ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аннотация

Мақала мектеп оқушыларына топтық жұмысты дұрыс ұйымдастыру арқылы, топтық жұмыстың педагогикалық – психологиялық шарттарын негізге ала отырып, оқушылар бойында сабаққа деген қызығушылығын арттыру. Топтық жұмыстарды ұйымдастыруда заманауи оқыту технологиялары мен инновациялық түрлі сабақ формаларын пайдалану арқылы, оқушылар бойынан көріне бермейтін жасырын қабілеттерді ашып, оқушының сабаққа деген ынта-жігерін арттырамыз.

Тірек сөздер: топтық және ұжымдық жұмыс, инновациялық әдіс-тәсілдер, Кембридж бағдарламасы.

Аннотация

Целью статьи является повышение интереса учащихся к занятиям, с учетом педагогических и психологических условий групповой работы, путем правильной организации групповой работы. Используя современные технологии обучения и инновационные формы обучения в организации командной работы, мы раскрываем скрытые способности, о которых ученики не знают, и повышаем мотивацию ученика к уроку.

Ключевые слова: групповая и коллективная работа, инновационные подходы, кембриджская программа.

Annotation

The article aims to increase students' interest in the classroom, taking into account the pedagogical and psychological conditions of group work, by organizing group work correctly. By using modern teaching technologies and innovative forms of teaching in organizing teamwork, we reveal the hidden abilities that pupils are not aware of, and increase the student's motivation for the lesson.

Key words: group and collective work, innovative approaches, Cambridge program.

Мектепте топтық-ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыруды оқытудағы тәсілдер педагогикалық және тәжірибеде нақты жағдайлардағы оқу әдістерінің жүзеге асырылуы деп қарастырылады. Әдіс – оқытуға арналған бағыт, яғни, ол сөйлеу әрекетін тудыратын оқыту стратегиясы. Жалпы дидактикадағы әдістерді сабақтың түріне, қойылатын мақсаттарына сай алуға болады. Оларды оқытуды ынталандыру, уәждемелеу әдістері, оқу қызметтерін ұйымдастыру, бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері деп алып, олардың ішінара жеке әдістерін былай қарастыруға болады: әңгімелесу, көрнекілік, аудиовизуалды, практикалық-мәселелік іздеу, оқу қызметін өз бетінше басқару, бақылау әдістері. Практикалық әдістер түрлі тапсырмалар мен жаттығулар орындау арқылы іске асырылады. Әңгімелесу әдісінде тақырыптық сұрақтар дайындап, солар бойынша әңгімелесу, мәселелік сұрақтарға жауап беру, т.с.с. арқылы жүзеге асырылады. Көрнекілік әдісте түрлі сюжеттік суреттер, кинофильмдер, бейнефильмдер көрсетіледі. Аудиовизуалды әдіс мультимедиялық сабақтарда толығымен қолданылады. Мәселелік іздестіру әдістері коммуникативтік, жобалау, рольдік ойындарда іске асырылады. Ал оқу қызметін өз бетімен басқару әдісі тіл үйренушілердің коммуникативтік, жобалау, рольдік ойындардағы орындалатын тапсырмалар жүйесімен көрінеді. Бақылау және өзін-өзі бақылау әдісі, сауалнама жұмыстарын орындауда іске асырылады. Қазақ тілін игерудің сапасын арттыруда ерекше рөл атқаратын оқыту тәсілдері. Олар: сөздерді семантизациялау тәсілдері, жаңа лексиканы бекіту тәсілдері, грамматикалық материалды түсіндіру, грамматикалық материалды бекіту,

сөйлеуді тыңдау арқылы дамыту, дайын және дайын мес сөйлеуді (монологтық, сұхбаттық сөйлесу) дамыту тәсілдері, оқыған мәтінді түсінуді тексеру тәсілдері. Бұл тәсілдердің барлығын әр мұғалім өзінің біліктілігі мен мүмкіндігіне қарай дамытуға болады. Дегенмен де қандай иновациялық әдістер енгізілгенімен, тек қана сабақта, жүздеген және мыңдаған жылдар бойы келе жатқандай оқу үдерісінің қатысушылары болады: мұғалім және оқушы. Бұл кездесудің қалай болуынан көп нәрсе байланысты. Қазіргі заманның мектептерінің мақсаты – тұлғаның өзінің білімділігі, қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне сай, зерделік шығармашылық еңбекке дайын, өз ісін жүзеге асыруға жағдай жасайтын, білім қажеттілігін қамтамасыз ететін білім жүйесін жасау. Жаңа уақыт талабы бойынша, қарама-қарсы қатынас жасай алатын, бірлесе отырып істер атқаратын, басқаға қол ұшын бере алатын адамдар қажет. Яғни, қоғамның сұранысына сай, сабақтарда топтық жұмыстарды енгізу қажет болды. Яғни, білім беру жүйесінің рөлі өзгертіле бастады. Әлемдік деңгейдегі бағдарламалардың жаңа әдіс-тәсілдеріне көше бастағанымыз баршамызға аян.

Кембридж бағдарламасы - орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғарғы деңгейге қол жеткізген, жеті модуль негізіне құрылған бағдарламалардың бірі. Бұл бағдарлама оқытудың жаңа әдіс-тәсілдеріне негізделе отырып, сындарлы оқыту теориясына құрылған. Осы сындарлы оқыту теориясын тәжірибеде жүзеге асыруда топтық жұмыстың алатын орны ерекше. Ағылшын ғалымы Мерсер құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Оқушылардың бір-бірімен қарым- қатынас, сыйластық, ұйымшылдық, бір-біріне көмек көрсету сияқты дағдыларын дамыту барысында ғана топтық жұмыс тиімді ұйымдастырылады. Яғни, ағылшын ғалымы Ж.Пиаже айтқандай, «Адамның санасы тек басқа адамдармен қарым- қатынаста ғана дамиды, тек қарым- қатынас әрекеттері ғана бізді жаңа түсінікке әкеледі». Ал қарым - қатынас дегеніміз өзімізді басқаларға бейімдеу деген сөз.

Шағын топтық, жұптық жұмыстар оқушыларда бірлік, бірегейлік сезімдерін қалыптастырып, сол арқылы өздерінің ұжымға тікелей қатысы бар екендігін аңғартады. «Бірлесе көтерген жүк жеңіл» екендігі баршаға аян. Топ болып қандай да болмасын тапсырманы орындау қызық та тартымды шаруаға айналып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары мен белсенділіктерінің артатынын байқауға болады. Жыл басында мұғалім әр сыныпта жұмысын топ ережесін құрудан бастайды. Топ ережесі оқушылармен бірлесе отырып құрылады. Дәстүрлі сабақтарда оқушыларды жұмысқа жұмылдыру ұстаз тарапынан қатаң талап қою арқылы жүзеге асырылса, ал топтық жұмыста кеңесу, сұраныс, ұсыныс арқылы жүзеге асады. Дәстүрлі сабақта ұстаздар әр оқушыны өзі бақылауға алса, топтық жұмыста бақылауды топ мүшелерінің өздері жүргізеді. Топтық жұмыс оқушыларда ұжымдық сезім қалыптастырып, бірлескен жұмыстың қызықты әрі тартымды әрекет екендігін көрсетеді, сабаққа деген ынталары артады. Яғни «Мен» деген қағидадан гөрі «Біз» деген тұжырымның анағұрлым пайдалы екенін аңғарады. Өзін-өзі тану сабақтарында топтық жұмысты ұйымдастыруда диалогтік қарымқатынастың алатын орны ерекше. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мәселен, талқылау, дебат, ынтымақтастық, білімді бірлесіп құру арқылы түсінік пен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Топтық жұмыс барысында білім деңгейлері, танымдық қабілеттері жоғары оқушылар теориялық жағынан өз идеяларын айтса, қабілеті төмен оқушылар жазуда, рәсімдеуде өз үлестерін қосып жатады. Жұмыс барысында белсенді, жақсы оқитын оқушылар өз топтарында кеңес беріп, тапсырмаларды бөліп, барлық оқушылардың сабаққа қатысуларын қадағалап отырады. Сонымен қатар осы қазақ тілі және әдебиет сабақтарында топтық жұмыстағы белсенділік әр түрлі ситуациялық жағдаяттарды шешуде, көркем шығармалар бойынша көріністер көрсету сияқты жұмыстарда өте жақсы көрініс табады.

Топтық жұмыстардың тиімділігін мәтінмен жұмыс жүргізу кезінде де көруге болады. Мазмұны көлемді мәтіндерді оқытуда СТО стратегияларының бірі «ДЖИКСО» әдісін қолдану тиімді деп ойлаймын. Әрі бұл әдісті қолдана отырып оқушылардың бірнеше топқа ауысып жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Оқушылар әр топта жұмыс істей отырып өз мүмкіндіктерін, білімдерін көрсете алады.

Топтық жұмыстарда оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойын элементтерін қолдану да тиімді әдістердің бірі. Ойын барысында топтың әр мүшесі өз тобы үшін жоғары ұпайларды жинауға тырысады және белсенділіктері артып, қызығушылықтары оянады.

Әр оқушының таланты мен қабілеті бар. Сол қабілет пен мүмкіндіктерін біз, мұғалімдер, дер кезінде байқап, қолайлы жағдай жасап, ашуымыз керек. Бұл - біздің міндетіміз.

Психолог Ю.Н.Кулюткин былай деп жазады: «Топқа бір біріне деген достық сезімі бар оқушылар жиналуы тиіс. Сол кезде ғана ынтымақтастық атмосферасы туындайды. Қорқыныш пен үрей болмайды» Топтық жұмысты тиімді ұйымдастыруының шарттарының бірі-топты дұрыс іріктеу болып табылады. Топты іріктеуде екі белгіні негізге алуымыз керек: оқушылар арасындағы оңтайлы қарым қатынастары мен оқушының оқу жетістіктерінің деңгейі. Гомогенді және гетерогенді топтар болуы мүмкін. Гомогенді топ дегеніміз бірыңғай жақсы оқитын немесе білім деңгейі бірыңғай төмен оқитын оқушылардан тұрады. Ал гетерогенді топта білім сапасын әртүрлі деңгейде меңгерген оқушылардан тұратын балалар болады. Мен зерттеген сыныпта мен дәл осы гетерогенді топ жасауға тырыстым. Себебі: зерттеу нәтижесі көрсеткендей оқыту және тәрбиелеу мақсаттары осы гетерогенді топтарда жақсы жүзеге асады. Себебі ол жерде ынтымақтастық, бір біріне өзара көмек көрініс береді. Оқушылар жақсы оқитын оқушылардың көлеңкесінде қалуға тырысып сыныпқа кірген кезде солардың қасына отыруға асығады. Бірақ топқа бөлудің әртүрлі стратегияларын пайдаланып бөлгеннен кейін олар қарсылық көрсете алмайды. Оқушы санына байланысты топқа 5-6 оқушыдан іріктеледі. Топтық жұмысты бастамастан бұрын оқушылармен бірге топ ережелерін жасау керек.

Белгілі маман психологтардың мәлімдеуінше оқушының белсенділігі оның тапсырмаға деген көзқарасынан туындайды. Егер тапсырма қызықтыра білсе оқушы белсенділігінің де жоғары болуы мүмкін. Осы жерде тағы да айта кететін жағдай оқушының белсенділігіне әсер ететін нәрсе сабақтағы еркіндік атмосферасы. Білім деңгейі төмен оқушы үшін бұл ауадай қажет. Достық ынтымақтастық оқушының қорқынышын жояды, тығыз қарым қатынасты орнатады. Оқушы белсенділігін арттыру үшін мұғалім ашық сұрақтарды қою арқылы оның дұрыс шешімге келуіне бағыттайды, түзейді. Бұл жерде эмоция, түрткі басты рол атқаруы мүмкін. Ынтымақтастық дегеніміз тек көмек қана емес ол оқушының тәуелсіздігі мен белсенділігін қамтамасыз ететін атмосфера құру. Оқу үрдісінде кейде дарынды және талантты оқушылар жағымсыз тәртіп көрсетуі мүмкін, бұл олардың ерекше қабілеттеріне тікелей байланысты, мәселен: Практикада қолданылатын, есте қалған кең ауқымды білімді талқылау кезінде басымдылық көрсетуі мүмкін; Зияткерлік ойнақылық, пайымдау мен қиялын көрсететін балалар үнемі тапсырмаға қызығушылық танытпауы, болмаса оны орындауға ниетінің жоқтығын білдіруі мүмкін; Проблемаларды нақты шешуге және есепті дұрыс шығаруға ұмтылатын балалар басқа оқушылар мен оқытушыларды жиі түзете беруі мүмкін; Нәзік әзілі басқа біреулерге жақпай, оның салдарынан түсініспеушілік орын алуы мүмкін; Өз бетімен жұмыс істегісі келетіндер басқалармен бірлесе жұмыс істеуге қызу қарсылық көрсетуі мүмкін. Оқыту үшін бағалау- бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Сабақта табыс критерийлері жазылып және дескрипторлары көрсетілуі тиіс. Сол кезде ғана оқушылар өз топтарын және өзге топтарды бағалаған кезде нақты, шын баллдарды қояды. Балл қоюға, топты бағалаған кезде оқушылар белсенділігі жоғары болады. Топтар бірін бірі бағалаған кезде реніш болмайды себебі дескрипторлармен бағалау баллдың ақиқатты қойылғанын көрсетеді. Қорыта келе, топқа бөліп оқытқанда оқушылардың талпынысы артады, әр оқушы өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талпынады. Бір адамның айтқанынан гөрі бірнеше адамның айтқаны есінде тез жатталады. Топтық жұмыс оқушы белсенділігін арттыруда үлкен жетістікке жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әлімов А. *Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану.* – Алматы, 2015. -285 б.
- 2 Шайбақова Д.Д. *Президент жолдауының әр түрлі уақыттағы білім беру мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология №1(34), 2018. -54-61 б.*
- 3 *Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Екінші (орта) деңгей. Үшінші басылым.* //www.cpm.kz.
- 4 *Лийметс Х.И. Сабақтағы топтық жұмыстар.* -М.: Академия, 1975. – 142 с.

ӘОЖ 371.38

Месебаева Айжан Абилкасымовна
тарих пәні мұғалімі
Қайназар ауылындағы №1 ОМ

ЗАМАНАУИ САБАҚТАРДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі мақсаты жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу жүйесінде жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады.

Түйінді сөздер: білім, мектеп, әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар, жаңғыру, шығармашылық еңбек.

Аннотация

*Актуальность. Цель. Одной из основных задач Республики Казахстан в области является углубление образования молодежи. И его основной целью является внедрение новых технологий в сфере образования для улучшения учебного процесса общеобразовательных школ. Внедрение новых инновационных подходов в систему образования способствует интересам учащихся к обучению, мотивации и творческого подхода к самоисследованию. **Ключевые слова:** образование, школа, методология, новые технологии, модернизация, творчество.*

Abstract

Relevance. Goal. One of the main tasks of the Republic of Kazakhstan in the region is to deepen the education of young people. And its main goal is the introduction of new technologies in the field of education to improve the educational process of general education schools. The introduction of new innovative approaches to the education system contributes to the interests of students in learning, motivation and a creative approach to self-exploration.

***Keywords:** education, school, methodology, new technologies, modernization, creativity.*

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу жүйесінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш тек білімге ғана тәуелді. Білім беруге заман талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласына – баса назар аударарлық мәселе. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанды одан әрі дамыту бағытында «100 нақты қадамды» белгілеп бергені мәлім. Соның ішінде елдегі білім беру саласына да ерекше көңіл бөлінген. Мысалы, 76-қадамда «ӘБДҰ елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру, 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңмен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру» делінген. Осыған байланысты мектептердегі күнбелікті өткізілетін сабақтарда көптеген жаңа әдіс-тәсілдер пайдаланылады.

Қазіргі таңда әр ұстаздың алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Оқыту процесінде пайдаланылып отырған әртүрлі әдіс-тәсілдер мен жаңа технологиялар өз нәтижелерін

беруде. Олар баланың жеке қасиетін аша отырып, оның танымдық қабілетін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасап отыр. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар білім алушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуына ықпал етеді.

Әдіс-тәсілдер түрлері **«Миға шабуыл» (әдіс)**

Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін

Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады. Проблема, сұрақ туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу арқылы жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.

«Сұраққа жетіп ал» әдісі А.Ж.Егізбаев бойынша

Оқушының өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, сұрақ қою дағдыларын дамыту. Өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере алады. Ақпаратпен ықыласпен жұмыс жасайды. Мәтінге, әңгімеге сұрақ қояды, тұжырымдайды. Сыныптастарының жауаптарын ықылас қойып тыңдайды және сұрақтар қояды. Таным әрекеті үрдісінде қарымқатынас шеберлігі дамиды. Оқушылар оқығандары бойынша бір-біріне сұрақ қояды және талқылайды.

Мәтінді толық немесе бір бөлігін оқыту (мәтіннің күрделілігіне, оқушылардың даму ерекшелігіне қарай) оқылған мәтіннің мазмұнына әр деңгейлі сұрақтар қою. 1ші доп – сұрақ қояды, 2-ші доп сол сұраққа жауап береді.

«Джигсо» әдісі Элиот Аронсон бойынша Берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастық ты дамыту. Ынтымақта бірлікте жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.

Көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді оқушыларда төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әрқайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») тобы құрылады, сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің № 1 бөлігін оқыған оқушылар 1 топқа т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді.

«INSERT» әдісі

Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды.

Тапсырманы оқып, түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады: - білемін; + жаңалық; — білмеймін; ?- білгім келеді; кесте жүйесі бойынша жұмыс жасайды.

«Кластер» әдісі

Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау. Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын қарталарға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер)

«Фишбоун» әдісі (постерде) Жапондық профессор Исикава бойынша

Жаңа мәліметті, идеяларды сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларын жинақтау.

Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді.

Постерге балықтың қаңқасы суретін салып, басына тақырып жазылады. Денесінің жоғарғы жағындағы қанаттарға идеяның себептері, төменгі қанаттарға идеяның салдары жазылады. Түйінді ой құйрығына жазылады. Кейін ауызша, жазбаша кері байланыс беруге болады.

«Үштік» әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс).

Оқушылар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу. Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдылары қалыптасады. Сынып бойынша тапсырманы оқиды. Оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді: бірінші оқушы оқиды немесе айтады, екінші оқушы тыңдайды, үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз

пікірін айтады.

SWOT — талдау. Оқушының бір мәселе бойынша ойлау, талдау, салыстыру қабілетін дамыту. Өз пікірін ашық айту. Сабақты қорытындылау барысында және кері байланыс беруге қолданылады.

Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі.

«Кейс – стади» әдісі. Нақты болған немесе ойдан шығарған жағдаятты талдау, болжау. Оқушылардың есте сақтау қабілеті сақталады. Мәселелерді шешуге, баламасын анықтауға, мақсаттарын айтуға, талдауға мүмкіндік береді. Жұмысты жүргізу үшін бір жағдаят ұсынылады, оны бөліп-бөліп кезекпен оқиды, немесе айтады, қалғандары талдау жасап, өз ойларын ортаға салады.

«Киномета фора» әдісі. Харизма бойынша (Н.Баринов)

Оқушының ойөрісін, ойлау қабілетін дамыту.

Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Бір мәселе бойынша бейнесюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың өз ойын, ой-пікірлерін білуге болады.

«Бес саусақ».

Оқушының бірбіріне бес. Бас бармақ – басты мәселе. Балалар параққа алақандарын қойып, оны жиегімен әдісі саусақтай бірігуіне ықпал ету.

Балалы үйрек – бірлесу Ортан терек – ойлану Шылдыр шүмек – шынайылық Кішкентай бөбек – көңіл-күй ахуалы қаламмен айналдырып өтеді. Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады: 1.«Бас бармақ»- басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды? 2. «Балалы үйрек»— бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым? 3. «Ортан терек»- ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым? 4. «Шылдыр шүмек»шынайылық. Сабақмаған ұнадыма? Неліктен? 5 «Кішкентай бөбек»- көңілкүй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

«Сұрақ ілмегі» әдісі.

Оқушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру. Оқушы сабақтың қай бөлігін немесе тақырыпты түсінбеген болмаса сабақ төңірегінде ойландырып жүрген сұрақтарын ашық айтады.

Бұл әдісті жазбаша немесе ауызша өткізуге болады. Сұрақ қою арқылы баланың сабақты қалай меңгергенін немесе меңгермеген жерлерін білуге болады. Керісінше бала өз ойын ашық жазып іліп кетуіне болады. Түрткі болу, сынақтан өткізу немесе қайта бағыттау техникаларын пайдаланады.

«Эйлер шеңбері» әдісі А.Ж. Егизбаев бойынша

Тақырып бойынша негізгі идеяларды жинақтап, саралау.

Идеялар жинақталып, сараланады

А-4 параққа, шағын постерге Эйлер шеңбері сызылып, кезекпен идеялар талқыланып, жазылады. Не?Қалай? Неге? Нәтиже? деген Мәселер бойынша идеялар сараланады.

«МИКС» жаттығуы А.Ж. Егизбаев бойынша

Идеяларды жинақтап, түйіндеу, кері байланыс жасау.

Идеяларды жинақтау, түйіндейді. Әр топ шығармашылық көзқарас білдіреді.

Тақтаға түйінді 9-10 тірек сөздер жазылады. 1-ші топ – өлең шығару, 2-ші топ – эссе жазу, 3-ші топ – суреттеу, 4ші топ – сахналық көрініс, 5ші топ – бір әннің мелодиясына салып, топпен орындау.

«Желпуіш» әдісі Саймон Браунхилл

Идеяларды жинақтау, жазбаша кері байланыс беру

Идеялар талқыланады, жинақталады

А-4 түрлі түсті параққа желпуіш жасалынып, әрбір бөлігіне кезекпен идеялар жазылады, кейін бойынша талқыланады.

Жалпы қорыта айтқанда, аталған әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиынақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни,білім алушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді ұжымда

ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа кез-келген пәндер осындай әдістерді пайдаланса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осыдан кейін ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» Оқу құралы /Әлімов А.Қ., Астана, 2014ж. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
- 2 «Ел және мұғалім» газеті, №5 (0014), 10 ақпан, 2017 ж.

ӘОЖ 371.38

Сатбекова Кульчат Жумахановна

бастауыш сынып мұғалімі

Алматы облысы Жамбыл ауданы Сүйінбай ат. ОМ

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Аннотация

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттыруда сабақты түрлендіріп өткізудің мәні ерекше. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту кезінде ерекше орынды ойын алады. Ойын бұл жерде оқыту әдісі ретінде жүреді.

Түйінді сөздер: сабақтың модификациясы, бастауыш сынып оқушылары, ойын жаттығулары.

Аннотация

Модификация урока важна для повышения познавательного интереса младших школьников. Также сегодня в нашей стране обновляется содержание образования и на занятиях используются передовые технологии. Одной из таких технологий является игровое обучение. Особое место в обучении младших школьников занимает игра. Игра имеет место здесь как метод обучения.

Ключевые слова: модификация урока, учащиеся начальных классов, игровые упражнения.

Abstract

Bastauysh sons okushylaryny tanymdyk kyzygushylygyn arttyruda sabaqty turlendirip ötkizudin mani erekshe. Sondai - aq үginzi tanda elimizde okytu mazmuny zhanartylyp, sabaqlarda ozyk technologylardy koldanudamyz. Sondai technologyn bir turi - "Oıyn arkyly okytu" technosy. Bastauysh synyp okushylaryn okytu kezinde erekshe oryndy oyyn alada. Oıyn bul zherde okytu adisi retinde zhuredi.

Key words: lesson modification, primary school students, Game exercises.

Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. «Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді.

Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді.

Оқу процесінде ойын технологиясын қолдану оқушының оқудағы танымдық іс-әрекетін және қалыпсыз жағдайларда өз білімін қолдануға мүмкіндік береді. Ойын технологиясы арқылы

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында мәлімдеген құзіреттіліктерді оқушы бойында қалыптастыру міндеттерін шешеді. Қазіргі білім беру мазмұнындағы осы өзгерістердің барлығы оқытудың негізгі мақсаты ретінде пәндік білім-білік дағдыларды қалыптастырудың жалпы оқу біліктерін қалыптастыруға ден қою. Өзіндік оқу әрекеттерін дамыту бағалау жүйесінде өзгерістердің енгізілуін көздейді. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту кезінде ерекше орынды ойын алады. Ойын бұл жерде оқыту әдісі ретінде жүреді. Бұл жастағы балалардың ойынға қызығушылығы басым, мінез- құлқында еріктілік жеткіліксіз, алдында кездескен мысалдарды шешуге практикалық тұрғыдан қарайды. Сондықтан да біз өз сабақтарымызда ойын әдістерін көптеп қолданамыз.

Ойын бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буын қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. А.Байтұрсынов: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаларға жұмысты әліне шағындап беруі мен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру», - деп тұжырымдайды.

А.Байтұрсыновтың оқулықтары мен еңбектерінде арнайы «дидактикалық ойындар» деген термин қолданылып, сабаққа оқушылардың ынтасын туғызатын ойындардың түрлерін кеңінен қолданған.

Ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады. Дидактикалық ойындар сабақ мақсатына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Тапқырлық ойындар;
2. Ізденімдік ойындар;
3. Рөлдік ойындар;
4. Іскерлік ойындар.

Оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыратын әрбір тапсырмада берілген жауаптардың арасынан дұрыс жауапты табуды қажет ететін тапқырлық ойындардың маңызы зор. Математика сабағында көбейту кестесін жаттату мақсатында «санның көбейтіндісі» ойынын ойнаса болады. «Санның үшке көбейтіндісін кім тез табады?» - деп, мұғалім сандарды айтады. Оқушылар оның үшке көбейтіндісін айтып отырады. Мысалы, мұғалім 5 десе, оқушылар 15 деген жауап айтуы тиіс.

Ал, қазақ тілі пәнінде «Бұл неге жатады?» ойынын ойнатуға болады. Мұғалім зат атауын айтса, оқушылар сол заттың қай топқа жататынын айтуы керек. Мысалы, үстел-жиһаз, қырғауыл-құс, қалам-оқу құралы, шалбар-киім т.б.

Келесі ізденімдік ойындар – оқушыларды өздігінен ойлауға, меңгерген білімдерін жүйелеп, жинақтауға жаңа білімді меңгерту барысында белгісізді табуға дағдыландыруға арналған ойын түрі.

«**Домино**» ойынын математика және қазақ тілі пәндерінде ойнатылады. Екі оқушыға үлестірме қағаздар таратылып беріледі. Қазақ тілі сабағында екеуі кезектесіп тіркестер құрайды. Мәселен, бір оқушы «үйге» сөзін қойса, екінші оқушы «бару» сөзін тауып тіркестіріп қояды.

Математика сабағында оқушылар өрнектің дұрыс мәндерін іздеп қойып отыруы керек.

	*		*8	

Мысалы:

«**Кім шапшаң**» ойыны оқушыдан шапшаң ойлап, өтілген бөлу материалын қайталауға арналған. Мәселен, оқушыға 343 саны беріледі. Ол санды 3-ке бөліп, мәнін тағы 3-ке бөліп, мәні үшке бөлуге келмегенше бөлгізіп шығартады.

$$343:3=81 \quad 324:3=108$$

$$81:3=27 \quad 108:3=36$$

$$27:3=9 \quad 36:3=12$$

$$9:3=3$$

$$12:3=4$$

$$3:3=1$$

Осы сияқты оқушыларды ізденімдік, ойлау қабілеттерін дамытатын ойын түрлері көп. Рөлдік ойындар – оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, олардың жаңашыл ойлар мен тұжырымдар жасау қабілетін жетілдіруге арналған ойын түрі. Бұл ойындарға ертегіні рөлдерге бөліп оқу, диалог құрастыру жатады. Диалог арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениетін де, қоғамда өзін-өзі ұстау мәдениетін де қалыптастыруға болады.

Обновленные государственные образовательные стандарты высшего военно-профессионального образования Республики Казахстан обуславливают пересмотр целей образования и способствуют возникновению дополнительных трудностей в профессиональной адаптации молодого педагога. В условиях проходящей реформы в Вооруженных Силах Республики Казахстан и в целях улучшения качественных параметров всей системы образования на первый план выходит проблема организации наставничества в профессиональном становлении молодого преподавателя военного вуза. Качественное решение задач формирования кадрового потенциала Вооруженных Сил Казахстана во многом зависит от состояния высшей военной школы. В настоящее время в связи с сокращением высших военно-учебных заведений и увольнением значительного количества преподавателей остро встают задачи воспроизводства научно-педагогического потенциала, сохранения лучших традиций обучения, профессионального становления молодого преподавателя военного вуза.

Современная психолого- педагогическая действительность военной школы характеризуется высоким темпом изменений, усложнением содержания профессиональной роли педагога, требований к его деятельности и личности. Для молодого педагога ситуация усугубляется тем, что не имея опыта профессиональной деятельности он испытывает сложности в решении профессиональных задач, выстраивании взаимодействия с обучающимися, коллегами по достижению качественных результатов обучения и воспитания, с учетом проблем, индивидуальных и возрастных особенностей обучающихся. Поэтому молодой педагог должен быть способен гибко

реагировать на изменение образовательной ситуации, учитывать специфику существующих педагогических систем, в максимально короткие сроки адаптироваться к новым условиям профессиональной деятельности, для того чтобы реализовать свой профессиональный и личностный потенциал. Подготовка педагога высшей военной школы к сложной полифункциональной деятельности является целостным, длительным и непрерывным процессом, ориентированным на формирование личностных качеств, профессиональных способностей, знаний, умений и навыков, адекватных как его личностным потребностям, так и квалификационным требованиям.

В решении этой стратегической задачи существенная роль принадлежит системе наставничества, которая способна интенсифицировать процесс профессионального становления молодого педагога и формирования у него мотивации к самосовершенствованию, саморазвитию, самореализации.

Несмотря на имеющиеся исследования системы наставничества в современной научно-педагогической литературе уделено недостаточное внимание профессиональному становлению молодого преподавателя военного вуза. Специфика военного высшего образования и его развитие в современных динамичных и жестких условиях требуют выработки конкретных действенных мер по организации наставничества для продуктивной адаптации и становления молодого преподавателя военного вуза. По нашему мнению, именно продуктивная организация наставничества в наибольшей степени, может снизить внутреннюю напряженность и дестабилизацию становления молодого преподавателя как профессионала. Планово организованное продуктивное взаимодействие с наставниками будет способствовать повышению адаптационного потенциала молодого преподавателя военного вуза, раскрытию внутренних резервов его личностно-профессиональной готовности и актуализации его профессиональной компетентности. Такой подход в организации наставничества, по нашему мнению, тождественен психолого-педагогическому сопровождению, в ходе которого создаются условия для оказания помощи молодому преподавателю при возникновении у него затруднений в рамках профессионального становления.

Наставничество как феномен в профессиональной деятельности с позиции введения молодых специалистов в профессию активно исследовался в трудах С. Я. Батышева [1], И. А. Громова [2], Л. В. Лебедевой [3], И. И. Малкина [4], В. А. Мирошниченко [5], Н. С. Смольниковой [6] и других.

Рассмотрим несколько определений «наставничества» и «наставника». В толковом словаре С.И. Ожегова, Н.Ю. Шведовой наставником называется учитель и воспитатель, руководитель [7]. Так же трактует феномен и В.И. Даль. Согласно словарю С.М. Вишняковой, наставник – это высококвалифицированный специалист или опытный работник, у которого другие работники (молодые педагоги) могут получить совет или поддержке [8].

В Советском энциклопедическом словаре под редакцией А. М. Прохорова понятие наставничество трактуется как форма коммунистического воспитания и профессиональной подготовки молодежи на работе, в ПТУ и т.д. с помощью продвинутых опытных рабочих, ремесленников, инженеров и техников. Он существует в различных формах с 30-х годов, особенно с 70-х годов XX века [9].

Учитывая социально-психологические особенности процесса профессиональной адаптации и «вхождения» молодого преподавателя в профессию, необходимо указать на то, что он может вступать во взаимодействие с наставником формально и неформально. Формальное взаимодействие определяется и регламентируется администрацией военного вуза, в котором официально разработан и принят комплекс мер (Положение о наставничестве, приказы, распоряжения, поощрения и санкции и пр.). В этом случае, наставник назначается со стороны руководства, без учета предпочтений и интересов молодого преподавателя. При неформальном (неофициальном) взаимодействии и выборе наставника, молодой преподаватель ориентируется полностью на свои симпатии, интересы, авторитетность наставников. Их взаимоотношения лишены условностей и сопровождаются положительным восприятием друг друга.

Описывая внешние и внутренние условия готовности, исследователи говорят о:

- содержанию задач (определяется особенностями объекта), их трудности, новизне, творческом характере;
- обстановке деятельности, примере поведения окружающих, особенностях стимулирования действий и результатов;
- мотивации, стремлении к достижению результата, оценке вероятности его достижения;
- нервно-психическом состоянии, состоянии здоровья и физическом самочувствии;

- личном опыте, мобилизации сил на решение задач большей трудности, умении контролировать и регулировать свое состояние готовности;

- умении самонастраиваться, разрешать внутренние противоречия, создавая внутренние условия для осуществления деятельности [10].

Согласно исследованиям О. Агафоновой наставничество организуется поэтапно. На первом, подготовительном этапе наставник проводит обучение на теоретической основе (проводит семинары, сопровождая их наглядными средствами). На следующем, втором этапе, реализуется сопровождение молодых специалистов, в ходе которого, наставник присутствует на занятиях или при выполнении ими других функций. На третьем этапе, молодой специалист выполняет задание наставника самостоятельно, а затем получает оценку и значимые рекомендации от него. Наконец, на заключительном этапе осуществляется обратная связь, позволяющая определить достижения и недостатки адаптанта, определить эффективность наставничества [11].

Сформулированное нами понятие готовности искомого феномена позволило нам разработать модель готовности к организации наставничества в профессиональном становлении молодого преподавателя военного вуза, которая представлена в виде взаимосвязи компонентов, отражающих основные направления наставнической деятельности (рисунок 1).

Взаимосвязь компонентов модели обеспечивает эффективную организацию наставничества, способствует успешной адаптации и профессиональному становлению молодого преподавателя военного вуза.

Организационно-целевой компонент модели строится на мотивации, интересах, направленности опытных преподавателей осуществлять сопровождение молодых коллег и включает уровень профессионального образования наставников. Желание, знания и умение организовать работу с молодыми преподавателями и положено в основу данного компонента.

Профессионально-практический компонент модели определяет уровнем и качеством имеющегося профессионального опыта у наставников. В нем заложены основные практические умения и навыки владения различными образовательными технологиями, способность осуществлять сопровождение молодых преподавателей в развитии их профессионально-педагогической компетентности. Именно в этот компонент организации наставничества включаются его умения и навыки как андрогога, который осуществляет информационно-методическое сопровождение, делится опытом преподавания и формирования содержания предмета.

В коммуникативном компоненте заложены коммуникативные компетенции наставника. Владение технологиями корпоративного обучения, партнерского общения, осуществлять обратную связь с молодыми преподавателями и коллегами. Способствуя формированию профессиональной карьеры и профессиональному росту молодого преподавателя, наставник выступает как коуч.

Профессионально-личностный компонент модели строится на основе высоких показателей педагогической деятельности наставника, его авторитета в педагогическом коллективе и среди обучающихся. Строя свою деятельность как ментор, наставник в большей степени, способствует профессионально-личностному росту молодого преподавателя, мотивирует его к этому.

Рефлексивный компонент отражает способность наставника оценивать свою деятельность по результатам профессиональной адаптации и роста молодого преподавателя. Этот компонент показывает проводимый самоанализ наставнической деятельности и позволяет ее корректировать, с целью получения более высоких результатов.

Таким образом, модель организации наставничества в профессиональном становлении молодого преподавателя военного вуза построена на основе наших представлений о том, что современное наставничество – это комплексное явление, в котором, с одной стороны наставник может одновременно выполнять функции андрогога, коуча и ментора, при этом активно саморазвиваться.

С другой стороны, учитывая особенности современного военного образования, предложенная нами модель позволяет организовывать командное наставничество, когда разные преподаватели военного вуза выполняют вышеуказанные функции, объединяясь в команду. Такое партнерское наставничество приобретает актуальность, поскольку в большей степени вовлекает молодого преподавателя во взаимодействие с педагогическим коллективом вуза, формирует корпоративную культуру и способствует его успешной адаптации.



Рисунок 1. Модель организации наставничества в профессиональном становлении молодого преподавателя военного вуза

По нашему мнению, организация наставничества, выступает важным условием становления молодого преподавателя военного вуза. Связывая психолого-педагогические исследования, посвященные анализу готовности выделяются обобщенные ее характеристики: готовность к деятельности рассматривается как личностное образование, а процесс ее формирования связывают с созданием благоприятных условий для реализации той деятельности, о формировании готовности к которой идет речь; создание благоприятных условий для реализации соответствующей деятельности связано с реализацией личностного потенциала, своеобразной самоактуализацией личности.

Таким образом, организация наставничества, выбор наиболее подходящей ее модели, соответствующих форм, методов, средств выступают важными условиями профессионального становления молодого преподавателя военного вуза.

Список использованных источников

- 1 Батышев С. Я. Основы педагогической деятельности наставника. – М.: Знание, 1977. – 63 с. 25
- 2 Громов И. А., Ерошина Н. Р. Наставничество в производственных коллективах. – Л.: Знание, 1977. – 40 с.
- 3 Лебедева Л. В. Наставничество как индивидуальная форма нравственного воспитания: дис. ... канд. фи- лос. наук. Тюмень, 1985. 186 с.
- 4 Малкин И. И. Психолого-педагогические основы наставничества: учеб. пособие. – Казань: Казан. гос. пед. ин-т. 1978. 682 с.
- 5 Мирошниченко В. А. Педагогика наставничества. – М.: Проф-издат, 1979. – 93 с.
- 6 Смольникова Н. С. Наставничество как социальный институт коммунистического воспитания: дис. ... канд. филос. наук. Свердловск, 1984. 162 с.
- 7 Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка: Около 100 000 слов, терминов и фразеологических выражений; под ред. Л.И. Скворцов. – М.: ОНИКС-ЛИТ, Мир и Образование, 2012. – 1376 с.
- 8 Вишнякова С.М. Профессиональное образование: словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика. М.: НМЦСПО, 2009. – 538 с.
- 9 Прохоров А.М. Большой энциклопедический словарь. М.: Советская энциклопедия, 1993. - 1632 с.
- 10 Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А., Пономаренко В.А.и др. Готовность к деятельности в напряженных ситуациях: Психологический аспект. - Минск, 1985. –С.35. - 206 с., с. 35.
- 11 Агафонова О. Как не упустить знания? Поможет обратное наставничество [Электронный ресурс].

ОӘК 316.48

Надырбекова Э.А.

«Психология» кафедрасының аға оқытушысы
«Туран» университеті Алматы қ.

Борбасова Г.Н.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Алматы қ.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ӨАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКЩЕЛШІ ЖӘНЕ ҚАҚТЫҒЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ИГЕРУ

Аннотация

Бұл мақалада адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасуының маңыздылығы, қарым-қатынас түрлері мен ерекшеліктері қарастырылған. Коммуникация термині ғылыми деңгейде қарым-қатынас және коммуникация терминдерін жалпы әрі ортақ ұғым деп түсінуге әкеледі, солар арқылы қатынасқа түсеміз, күнделікті өмірімізде ақпараттар алмасамыз. Ал қақтығыстарға келер болсақ ол қазіргі қоғамның әлеуметтік және саяси өмірінің маңызды құбылыстарының бірі болып саналады. Адамның қоғамдағы өмірі күрделі және жеке индивидтердің, сонымен қатар үлкен және кіші әлеуметтік топтардың қызығушылықтарының қақтығысына жиі алып келетін қарама-қайшылықтарға толы екендігі баршамызға мәлім. Қақтығысты басқару—бұл қақтығысты тудырушы себептерін жоюға (минимализациялауға) қатысты бағытталған әсер, немесе қақтығысқа қатысушы жақтардың қимыл-әрекетін өзгерту. Мақалада тұлғааралық қарым-қатынастың табиғи заңдылықтары мен қақтығыстар мәселесі, оны шешу жолдары қарастырылады.

Түйінді сөздер: тұлға, қарым-қатынас, ақпарат алмасу, қақтығыс.

Аннотация

В данной статье рассматривается важность информационного обмена людей друг с другом, виды и особенности общения. Термин Коммуникация на научном уровне приводит к пониманию терминов коммуникация и коммуникация как общее и общее понятие, посредством которого мы общаемся, обмениваемся информацией в нашей повседневной жизни. Что касается конфликтов, то он считается одним из важнейших явлений социальной и политической жизни современного общества. Всем известно, что жизнь человека в обществе сложна и полна противоречий, которые часто приводят к конфликту интересов отдельных индивидов, а также больших и малых социальных групп. Управление конфликтом—это направленное воздействие на устранение (минимизацию) причин, провоцирующих конфликт, или изменение действий сторон, участвующих в конфликте. Поэтому в статье также поднята проблема естественных закономерностей межличностных отношений и конфликтов, путей их решения.

Ключевые слова: личность, общение, обмен информацией, конфликт.

Abstract

This article discusses the importance of information exchange of people with each other, types and features of communication. The term Communication at the scientific level leads to the understanding of the terms communication and communication as a general and general concept through which we communicate, exchange information in our daily lives. As for conflicts, it is considered one of the most important phenomena of the social and political life of modern society. Everyone knows that a person's life in society is complex and full of contradictions, which often lead to a conflict of interests of individuals, as well as large and small social groups. Conflict management is aimed at eliminating (minimizing) the causes provoking the conflict, or changing the actions of the parties involved in the conflict. Therefore, the article also raises the problem of natural patterns of interpersonal relationships and conflicts, ways to solve them.

Keywords: personality, communication, information exchange, conflict.

Адам өзінің әлеуметтік өмір сүру ортасы арқылы дамиды және тұлға болып қалыптасады. Осы орайда, өмірлік әрекеттерін өзара әрекеттесу, басқа адамдармен қарым-қатынас орнату арқылы жүзеге асырады. Заманауи әлемде өмір сүретін адамға қоршаған шындықтың әр түрлі жағдайлары әсер етеді. Бұл адамның өмірлік жағдайларға, басқа адамдарға қатынасынан және айналасындағы

адамдардың оған деген қатынасынан туындайды. Әрине, адамның өзіне деген қатынасынан көрінуі мүмкін. Бірақ көңіл-күйге, әлемді қабылдауға, психикалық көріністерге, тіпті әрқайсымыздың іс-әрекеттеріміз бен әрекеттеріміздің бағытына ең үлкен әсер біздің басқа адамдармен қарым-қатынасымызда болады.

Коммуникация термині ғылыми деңгейде қарым-қатынас және коммуникация терминдерін жалпы әрі ортақ ұғым деп түсінуге әкеледі, солар арқылы қатынасқа түсеміз, күнделікті өмірімізде адамның адаммен ақпараттар алмасуы деп қабылдаймыз.

Қазіргі уақытта тұлғааралық қарым-қатынас адам тұрмысының қажетті жағы болып келеді, яғни ол адамдағы кейбір психикалық функция немесе психикалық процесс, психикалық қасиеттердің бөлігі, тұлғаның маңызды құрылымы. Қарым-қатынас – бұл адамдардың өзара әрекеттесуі және өзара түсінушілік болып табылады.

Қарым-қатынас процесінде адамдар арасындағы қоғамдық байланыстар жүзеге асады. Қазіргі қоғамда қарым-қатынастың әлеуметтік функциясын теориялық жағынан екі категорияға бөлуге болады: әлеуметтік – тұтас қоғам немесе олардың бөлек топтарының қажеттіліктерін әсерлесу процесінде қанағаттандыруға негізделген; әлеуметтік-психологиялық – қоғам мүшелері бөлек тұлғалардың қажеттіліктерімен байланысты.

С.И. Ожегов сөздігінде қарым-қатынас ұғымы өзара келісім, іскерлік және достық байланыс арқылы анықталады. Нақты әлеуметтанулық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде қарым-қатынас ұғымы өзара әрекеттестік, байланыс ұғымдарымен жақын мағынада қолданылады. Сонымен қатар қарым-қатынас контекстінде өзара әрекеттесуді, қатынасты тиімді жүзеге асырудың тәсілдері, дағдылары, құралдары, адамның қабілеті мен қасиеттері жүйесінде қарастырылады.

Қазіргі кезде қатынас мәселесін философия, психология, әлеуметтану, этика, психолінгвистика – осы сияқты әр саладағы ғылымдар әр жақты зерттейді. Мысалы, Л.П.Будева іс-әрекет пен қарым-қатынас өзара байланысты, сонымен қатар өзбетті деп тұжырымдайды. М.С. Каган қарым-қатынасты адамның іс-әрекетінің бір түрі, құрылым мен атрибутына тән деп қарастырады. А.Н.Леонтьев іс-әрекеттің қай түрін болмасын қарым-қатынаспен қабаттас болады деп түсіндіреді. Ол іс-әрекетті қарым-қатынастың қажетті шарты ретінде қарастырады.

Қарым-қатынасқа түсу барысында ақпарат алмасу, оны талдау, өзара қабылдау, өзара түсінісу, өзара баға беру, симпатия немесе антипатияның қалыптасуы, өзара қатынастардың сипаттары, бірлескен әрекеттер іске асады. Соның арқасында әрбір адам өз өмірінде басқа субъектілермен әрекеттесе отырып, қарым-қатынас аумағында тәжірибелік дағдылар мен іскерліктерді игереді. Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім тәрбие десек де тұлғалық қарым-қатынас қабілеттерінің қалыптасуына отбасы, отбасылық қарым-қатынас, соның ішінде мектептегі мұғалімдердің тәрбиелеу стилінің маңызы зор екенін естен шығармаған жөн. Олай болса, қарым-қатынас бұл кем дегенде екі тұлғаның өзара әрекеттесу үрдісі, ол өзара түсіністікке, танымға, өзара қатынастарды орнату мен дамытуға, бірлескен әрекеттерді үйлестіруге, көзқарастар мен мінез-құлыққа бағытталады. Қарым - қатынастың табиғи заңдылығы, оның жас және жеке ерекшеліктері, дамуы мен өзгерістері философтар мен социологтардың зерттеу саласына айналды [1].

Ал қақтығыстарға келер болсақ ол қазіргі қоғамның әлеуметтік және саяси өмірінің маңызды құбылыстарының бірі болып саналады. Адамның қоғамдағы өмірі күрделі және жеке индивидтердің, сонымен қатар үлкен және кіші әлеуметтік топтардың қызығушылықтарының қақтығысына жиі алып келетін қарама-қайшылықтарға толы екендігі баршамызға анық. «Конфликт» латын тілінен аударған кезде қақтығыс деген мағынаны білдіреді. Бұл оппоненттердің немесе субъектілердің ара қатынасындағы қарама-қарсы бағытталған мақсаттардың, қызығушылықтардың, позициялардың, ойлардың немесе көзқарастарының қақтығысуы. Кез-келген конфликтінің негізінде қандай да бір сылтаудағы қарама-қарсы бағыты бар жағдай жатыр немесе мақсаттарымен тілектерінің және қызығушылықтарының сәйкес келмеуі. Конфликт қиын шешілетін конфликттер, қарама-қарсы қызығушылықтар түйіскен кезде пайда болады. Конфликт – жеке адам, әлеуметтік топ, социум деңгейіндегі қарама-қарсылық күресінің бейнесі.

Конфликт негізгі төрт кезеңге бөлінеді.

1.Объективті конфликтілі жағдайдың пайда болуы. Мұны күшті конфликт кезеңі деп атайды, бір - бірін түсінбейді, түсінгілері келмейді және бұл жағдайды адамдар адекватты түрде бірден қабылдамайды.

2.Объективті конфликт жағдайды түсіну немесе конфликтінің себебін түсіну – мұнда көптеген қайшылықтарды түсіне бастайды,

3. Конфликттік әрекет немесе конфликтілі мінез-құлыққа өту, қатысушы екінші адамды төмендетуге бағытталған. Егер бір қатысушы конструктивті әрекетке көшсе, онда конфликтіден шығатын мүмкін болатын жолдарды іздеп конфликттік жағдайды өзгертеді.

4. Конфликтінің шешімі. Ол объективті конфликт жағдайдың өзгеруі немесе конфликтілі жағдайдың қарсыластары конфликтідегі әрекетті трансформацияласа, яғни әңгімені жағымды жаққа бұрса конфликтіден шығуы мүмкін.

Адамзаттық өркениеттің тарихы түрлі қақтығыстарға толы. Қақтығыстардың кейбірі мемлекеттер мен халықтарды қамтыса, ал екіншілері үлкен және кіші әлеуметтік топтардың ортасында, үшіншілері жеке адамдар арасында өршиді. Жалпы конфликт дегеніміз – адамдар арасында олардың белгілі бір ойларының, мақсаттарының, мүдделерінің, құндылықтарының және тағы басқа ерекшеліктерінің сәйкес келу, келмеуінен туатын жағдай. «Конфликт» ұғымы И.П.Павловтың ғылыми мектебінен келген «эксперименталды невроз», «қиын күй» деген терминдермен функционалды туыстықта жатыр.

Ресей ғалымдары А.Я. Анцупов және А.И. Шипилов былай деп айтқан: «Өмір – бұл күрес, ал күрес – бұл конфликт» [2].

«Қақтығыс» термині көптеген құбылыстарға таралған. Әлеуметтік қақтығыстар барлық жағынан адамдармен байланысты. Әлеуметтік қақтығыста аз дегенде екі қарама-қарсы жақ болу керек. Олардың әрекеттері өз қызығушылықтарына бағытталған, осыдан екі жақтық қақтығыс пайда болады. Сондықтан да барлық қақтығыстарға адамдарды қоздыратын қысым тән.

Л.Клоузертдің классификациясына сүйенсек қақтығыс шынайы (заттың) немесе шынайы емес болып жіктеледі.

Шынайы қақтығыстар қатысушылардың нақтылы талаптары қанағаттанбағандықтан және бір немесе екі жақтың да пікірлерінің әділетсіздігінен туындаған, олардың арасындағы қандай да бір меншік үлестіруге және нақтылы шешімге, нәтижеге қол жеткізуге ұмтылатын жағдай.

Шынайы емес қақтығыстар теріс эмоциялардың, өкпе, дұшпандық т.б. жиынтығын ашық көрсететін мақсаттардан тұрады. Бұл жердегі өткір қақтығысты әрекеттестік көптің мүддесіне нәтиже әкелу емес, өз мүддесін қорғауды ғана көздейді.

Қақтығыстарды білу және басқару – бұл әр адамға пайдалы дағды. Өздеріңіз білетіндей, барлық адамдар бір-бірінен тек физикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар мінезімен, ақыл-ой ұйымымен, қызығушылығымен, талғамымен, моральмен және т.б. Адамдар арасындағы қарым-қатынас әрқашан достық және сындарлы бола бермейді – белгілі себептерге байланысты адамдар арасында шиеленістер мен қақтығыстар туындайды. Оның үстіне, бұл тек келіспеушіліктер, даулар, жанжалдар және кішігірім қиындықтар ғана емес, сонымен қатар ұрыс, ереуіл, көтерілістер және тіпті дүниежүзілік соғыстарға дейінгі ауқымды жанжалды қатынастар болуы мүмкін.

Шынайы емес қақтығыстар әрқашан да функционалды емес. Оларды құрылымдық арнаға салу, бетін оң жаққа бұру мүмкін дүние емес. Мұндай қақтығыстарға дауа болар үміт – жағымды психологиялық атмосфера қалыптастырып, тұлғалардың психологиялық мәдениетін көтеру, әңгіме барысында эмоциялық жағдайды жасырын ұстау жолдарын меңгеру.

Қақтығыстың бес негізгі түрі бар: тұлғашылық, тұлғааралық, тұлға мен топ арасындағы, топаралық және әлеуметтік.

Біз соның ішінде тақырыбымызға орай тұлғааралық қақтығыстарға тоқталамыз.

Тұлғааралық қақтығыс. Бұл қақтығыстың көп таралған түрі. Құрылымы жағынан ол әртүрлі болып келеді. Шынында да, мінез-құлық, көзқарас, өзін-өзі ұстау дәрежесіне орай бір-бірінен ажыратылатын жандар кездесіп жатады. Кейде өте терең зерттеулер осындай қақтығыстардың негізінде объективті себептер жатқандығын айтады. Бұл күрес көбіне шектелген ресурстарға: материалдық құрал, өндіріс алаңдары, құрал-жабдықтарды пайдалану кезінде, жұмысшы күшіне және т.б. жағдайларда өріс алады. Кез-келген қаржы қоры үшін басқа емес, сол ғана қажет деп санайды. Қақтығыс басшы мен бағынушы арасында, ерлі-зайыптылар арасында кездесіп жатады.

Айла-тәсілдердің әртүрлілігіне қарамастан қақтығыстың өзіне ғана тән ерекшеліктерінің үш негізгі белгісі бар:

Біріншіден, әлеуметтік қарама-қайшылықтардың ақырғы шегіне жеткен, ашық әрі жабық қарама-қарсы күрес жағдайындағы, сонымен бірге әрекеттестік жағдайындағы құбылыс.

Екіншіден, әлеуметтік қақтығыс жекелеген әлеуметтік бірліктер – ұлттар, мемлекеттер, әлеуметтік институттар, әлеуметтік топтар, әлеуметтік тараптар арасындағы талас-тартыстардан көрініс табады.

Үшіншіден, осы қарама-қарсы тараптар өздерінің жекелеген, қайшылықты мүдделері, мақсаттары мен ұстанатын қағидаларын дамыту барысында бір-біріне қарсы келіп, бірін-бірі мойындамайды. Осыған орай, әлеуметтік қайшылық – бірнеше фактілерді түсіндіретін құбылыстарды біріктіретін күрделі жағдай. Өз талаптарын алға тартқан қарама-қайшы тараптар өздерінің мақсат-мұраттары арқылы қақтығыстың негізі, өзегі болып отыр.

Қақтығыстың бастау алуы кем дегенде үш шартқа негізделеді:

1) бірінші қақтығыстың қатысушысы өзге қатысушыға физикалық әрекет, арыз жазу және т.б. арқылы нұқсан келтіруге білек сыбана кіріседі;

2) екінші қатысушы бұл әрекеттердің өзіне қарсы жасалғанын ұғынады;

3) үшінші қатысушы жауап орнына қақтығысты бастаған адамға қарсы әрекет жасауға белсене кіріседі. Осы тұста қайшылық өріс алды деп есептеуге болады. Осыған қарағанда қақтығыс екі тарап бір-біріне қарсы күреске кіріскен кезде басталады деп жорамалданады. Ол тараптар өз мақсаттарын түп қазық ете отырып, бір-біріне қарсы шыққан кезде туындайтын құбылыс. Сондықтан да қақтығыс әрқашан екі жақты немесе көпжақты бағытта өріс алып, тараптардың біреуінің қайшылық туғызатын әрекетке баруынан бастау алады.

Америкалық психолог, қақтығыс мәселесін зерттеуші Мортон Дойч қақтығыс бағытына дәлелді талдаулар жасай отырып, қақтығыс – бұл екі тарап арасындағы бірінің мүддесіне жету жолын екіншісінің мүддесіне жету жолы бөгеген кезде туындайтын бәсекелес қарама-қайшы әрекет, қақтығыстың объективті жағдайы сықылды, екінші жағынан, өзге жанды мойындамау, адамдардың өзара бәсекелестік қатынастарына негізделген тенденция, олардың психологиялық ерекшеліктеріне орай қақтығыстық бағыт алуға мүмкіндік туғызатын құбылыс. Қақтығыс қанша жерден тырысса да адамдар арасындағы әрекеттестік негізінсіз өріс алмайды. Олар жағымды құрылымдық функцияны жүзеге асырады:

- қақтығыс іркілісті қақпайлап, белгілі бір қозғалыспен тек қана алға жылжуға мүмкіндік береді;

- қақтығыс процесінде пікірлер қайшылығының бастау көзі сарқылмас арнаға айналып, оның мүмкіншілігі келесі қақтығыстарды қақпайлау құралына айналады;

- қақтығыс – бұл жаңа қатынастарға келіп жатқан ескі, бұрын болған қатынастардың анықтамалық сипаты, өзара ықпал ету процесін түзету;

- қақтығыста ішкі шиеленіс «жойылып», агрессивті (біреуді басып алуға деген құмарлық) сезімдер тасып төгіледі, фрустрация, жүйке ауруы бәсеңдейді;

- қақтығыс – тұлғаның өз-өзіне деген сенімін арттырудың құралы, әсіресе, жастар үшін қақтығыс топтың дәрежесін ұстап тұру мақсатындағы таптырмас әрекет;

- ғылыми саладағы топшілік қақтығыс шиеленістің қажетті сатысы, шығармашылық белсенділікті арттыру үшін қажет, зерттеулердің дерегіне сүйенсек, шығармашылық ғылыми қайраткерліктің өнімді болуы қайшылық тудыруға, қақтығыстарға қатысуға бейім жандардың табиғатына тән екен;

- топаралық қақтығыстар топтық, мемлекет аралық, экономикалық одақтардың құрылуына, бірліктің, ынтымақтастықтың қалыптасуына себеп болады;

қақтығысты шешу қажеттілігі қақтығыстық жағдайларды шешуге қатысушылар күштерінің алмастырылуы мен біріктірілуіне, таптың жалпылама өмірінде топ мүшелерін ертуге алып келді .

Неміс социологы Г.Зиммель (1858-1918ж.ж) алғаш рет әлеуметтік қақтығыстарға ғылыми анықтама берді. Г.Зиммель айтуы бойынша, әлеуметтік өзара әрекеттестіктің тұрақты орналасуы бедел, келісім, көну, ынтымақтастық конфликтте ерекше орын алады, конфликт әлеуметтік интеграцияға мүмкіндік береді, әлеуметтік бейімділікке нақты сипаттама беріп, оларды ұйымдастырудың нормалары мен қағидаларын бекітеді [3].

Енді қақтығыстың пайдасы мен зияны туралы мәселелерге ойысқас. Қақтығыс қарама-қайшылықтың туып, қалыптасу мүмкіндіктері болып табылады деп әлденеше рет атап өттік. Қойылған сұрақтың жауабы да осы жерден негіз алады. Қарама-қайшылықтары осылай немесе өзгеше бағытта туындаған қақтығыстар пайдалы келеді. Осы жерден және бір қақтығыс жолымен негіз алған қарама-қайшылықтың қандай бағасы бар? деген сұрақ туындайды. Ол өте биік болып келеді. Жүйкеге салмақты нұқсан немесе бүлік алып келген түрде, тіпті тараптардың бірін мойындамайтын бірбеткейлікпен көрініс табады. Қарама-қайшылықтың ең ұтымды мүмкіндігі қақтығыстық тәсіл емес, бейбіт мәдениетті жолмен өріс алатын, бір-біріне қарама-қайшы тараптар оқиға шарықтау шегіне жетпей тұрғанда, өзара түсінісіп, мәселені бейбіт жолмен шешуі деп

ұғынылады. Сондықтан да біздің келесі мәселеміз объективті себептер мен қақтығыс тудырып отырған тараптар психологиясына дендеп қарауды талап етеді.

Қақтығыс шарттарына орай субъект қандай да бір міндетті түрде қабылдауға тиіс шешімдерді таңдау алдында тұр. Ол үлкен тәуекелшілдікті қажет ететін құбылыс. Өйткені альтернативті мінез танытып баға беруге ешқандай уақыт та, мүмкіндік те жоқ. Таңдау әрқашан ұтымдылыққа жеткізе бермейді. Бұл әрекеттің теңбе-теңдігін қамтамасыз етпейтін, күш алған қақтығыстық жағдайлардың теңбе-теңдігін қамтамасыз етпейтін таңдау. Таңдау мүмкіндігі сонымен бірге төмендегі екі мүмкіндіктің шешімі: біріншіден, екі мүмкіндіктің бірін таңдаған кезде үлкен зиян шекпеу жағы қарастырылады; екіншіден қандай да бір әрекетке барған кезде қызығушылықпен қатар бір мезетте жағымсыз реакциялар мен жағымсыз салдарлардың қауіпі де туындайды: Үшіншіден қақтығыстық жағдайға бір немесе бірнеше альтернативті баға берілген кезде жағымды да, жағымсыз да сәттер қаралады. Қақтығыстың өркендеуі әрқашанда оған қатысатын кісілердің психологиясына байланысты болады. Бұл аналитикалық әрекеттің, шешім қабылдау процестерінің, эмоционалды жағдай және ақыл-ес бағытының, адамдардың әлеуметтік құрамы мен олардың ішкі нормативті механизмдерінің ретін тілге тиек етеді. Осының барлығыда қақтығысқа қатысушы адамның іс-әрекетін өзгертуде мән табады.

Осы заманғы психологиялық зерттеулерде әлеуметтік өмірдің әртүрлі өрісінде болып отыратын талас-тартыстар мен қайшылықтардың өрбуі ерекше назар аудартып, олардың себеп-салдарын анықтап отыруға үлкен мән беріп отыруды қажет ететін өмір тіршілігінің шындығы. Қақтығыс мәселелерінің туындап отыруында әлеуметтік психологиялық заңдылықтардың болатындығына көз жеткіздік.

Қақтығыс әлеуметтік қоғамда түрлі себептерге байланысты туындайтыны мәлім. Қақтығыста кінәлі жандар да, кінәлі емес жандар да болмайды, әркім өз мақсатына жету үшін күреседі. Қақтығыс - әрбір қатысушы қайшылыққа өз тарапынан әсер етіп, қайшылықтың шешіміне өзінше ықпал ететін әрекеттестік түрі.

Қақтығыс әрдайым біржақты шешімге келе бермейді. Ол екі тараптың ымыраласуы немесе тараптардың біреуінің қақтығыстан бас тартуы, сондай-ақ үшінші бір қозғаушы күштің ықпалы арқылы қақтығыстың тоқтатылуы немесе бұлтартпастай болуынан тоқтатылуы мүмкін. Қақтығыстың жүйе ішілік көрсеткіштеріне қарай, оның әрқашанда анықталған бір жүйеде: отбасы, қызметтестер тобында, қызмет ұжымында, мемлекет, халықаралық елдер бірлестігінде орын алатындығын атап айтуға болады. Қақтығыстың жүйе ішілік шекарасының пайда болуына оның негізгі қозғаушы күші болып табылатын қарама-қайшы тараптардың анықталуы, сонымен бірге, қақтығыстың басы қасында бір кісідей ат салыспаса да, жүйенің элементі болып табылатын өзге жандар мен ұжымдар себепші болады. Мұндай жағдайда қақтығыс шекарасы қатысқан жандардың санымен байланысты болады.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік дағдарыстық процестер адамдардың әлеуметтік тұлға аралық қарым-қатынастарына, психологиясына кері әсерін тигізіп, олардың бойында кернеулік, ашушандық, қатыгездік, және т.б. жағымсыз қасиеттер тудырады. Яғни, әрбір адам қақтығыстық жағдайға түскенде, қақтығыстарды түсіну және басқара білу үшін өзінің қақтығысты шешу дағдыларын қолдана білуі қажет деп есептейміз. Қақтығыстың шешімдері: қақтығысты тудырушы себептерді тұтасымен немесе жекелеп жою болып табылады, сонымен бірге оған қақтығысқа қатысушы жақтардың мақсатын өзгерту де жатады. Қақтығысты басқару—бұл қақтығысты тудырушы себептерін жоюға (минимализациялауға) қатысты бағытталған әсер, немесе қақтығысқа қатысушы жақтардың қимыл-әрекетін өзгерту.

Тұлға аралық конфликтіні шешудегі психологиялық әдістер:

көндіру принципі, мәселені бірлесіп шешу ережесі, жақсылыққа әкелетін әдіс, өзара екі жаққа да пайдалы әдіс, психологиялық жақындастыру әдісі, психологиялық оқшаулау әдісі, практикалық эмпатияны қолдану әдісі, жұмсарту әдісі, конфликтіден кету әдісі, келісім сөз жүргізу әдісі.

Қарым-қатынас процесінде адамдар кім болғанына қарамастан, басқарушы немесе бағынушы немесе жай іскер және басқа әріптес болсын, ең маңызды мән бір-бірін тану және қабылдау болып табылады. Мұның негізінде адамдар аралық қатынастың белгілі бір түрінде адамдардың белсенді іс-әрекеті жатады.

Тұлғаның қалыптасуының ең басты факторыларына қарым-қатынас жатады. Тұлғаның қалыптасуындағы қарым-қатынастың ең басты рөлді алатындығы туралы идеялар Ресей психологтарының В.Г. Ананьев, А.А. Бодалев, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Г.Ф. Ломов, А.Р.

Лурия, В.Н. Мясищев, А.В. Петровский және т.б. еңбектерінде әрі қарай дамыды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Андриенко, Е.В. Социальная психология: учебное пособие / Е.В. Андриенко. - М.: Академия, 2011.
- 2 Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология.-М.: «ЮНИТИ», 2002 г.
- 3 Емельянов С.М. Практикум по конфликтологии.-СПб.: ПИТЕР, 2001 г.
- 4 Способы разрешения конфликтов. – Скотт Дж.Г. Киев, 1991. – 118 с.
- 5 Конфликтология. – Бабосов Е.М. Учебное Пособие. Минск, 2000. – 326 с.
- 6 Психология конфликта. – Н.В. Гришина. Питер, 2008. – 126 с.

ОӘК 37.015.31

Надырбекова Э.А.

«Психология» кафедрасының аға оқытушысы
«Туран» университеті Алматы қ.

Борбасова Г.Н.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Алматы қ.

ТҰЛҒА БОЙЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-АДАМГЕРШІЛІК, РУХАНИ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация

Мақалада тұлға қалыптасуындағы рухан-адамгершілік мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар осы қасиеттерді қалыптастырудағы психологиялық әсерлердің маңыздылығы, тәрбие беру жолдары көрсетілген. Тұлға – тарихи үрдістің субъектісі. Адам дегеніміз – еңбек әрекетімен шұғылдана алатын әлеуметтік қатынастарға түсетін, өзара байланыс жасай алатын тұлға. Адамның төрт түрлі өлшемі бар: биологиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік. Бұл өлшемдер өзара байланысты. Солардың бірі - адамгершілік адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүйуге үйретеді. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру біріншіден ата-ананың, екіншіден ұстаздардың басты міндеті. Төмендегі мақалада тұлғаны рухани - адамгершілікке тәрбиелеп,, оны рухани мықты және адамгершілік тұрғыдан тұрақты ете түсу мәселелері тілге тиек етілген.

Түйінді сөздер: тұлға, білім, адамгершілік, рухани даму, құндылық

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы духовности и нравственности в становлении личности. Также показана важность психологических воздействий в формировании этих качеств, пути воспитания. Личность-субъект исторического процесса. Человек-это лицо, вступающее в социальные отношения, способное заниматься трудовой деятельностью, вступающее во взаимоотношения. Человек имеет четыре различных измерения: биологическое, психологическое, педагогическое, социальное. Эти критерии взаимосвязаны. Одна из них-нравственность-самая благородная черта человека и направлена на высшую цель человечества. Это качество учит человека доброте, любви к Родине, стране, семье. Привитие нравственных качеств подрастающему поколению-главная задача, во-первых, родителей, во-вторых, педагогов. В статье освещены вопросы духовно - нравственного воспитания личности, превращения ее в духовно сильную и нравственно устойчивую.

Ключевые слова: личность, образование, нравственность, духовное развитие, ценность

Abstract

The article deals with the problems of spirituality and morality in the formation of personality. The importance of psychological influences in the formation of these qualities, the way of education is also shown. Personality is the subject of the historical process. A person is a physical person who enters into social relations, is able to engage in labor activity, and enters into relationships. A person has four different dimensions: biological, psychological, pedagogical, social. These criteria are interrelated. One of them - morality - is the noblest human trait and is aimed at the highest goal of humanity. This quality teaches a person kindness, love for the Motherland, country, family. Instilling moral qualities to the younger generation is the main task, firstly, of parents, and secondly, of teachers. The article highlights the issues of spiritual and moral education of the individual, its transformation into a spiritually strong and morally stable.

Keywords: *personality, education, morality, spiritual development, value.*

Адамгершілік тәрбиесі – бұл тәрбиеленушінің қоғамдық мораль талаптарына сай санасына, сезіміне, әдет-қылығына, мақсат-бағытына жүйелі түрде ықпал ету. Адамгершілік тәрбиесінің негізгі міндеттері: 1. ізгілік сана қалыптастыру; 2. инабаттылық сезімдер тәрбиелеу және дамыту; 3. адамгершілік әдет-қылықтың ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Елдегі азаматтық және рухани, этностық және ұлттық бірегейлікті нығайту, халықтың әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-психологиялық белсенділігін арттыру – қазақстандық дамудың басты бағдарларын құрайды. Қазақстанның қазіргі территориясында қазақ халқы ғасырлар бойы бірігіп өмір сүрді және өсіп өнді, сондықтан елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер бізді Қазақстанның болашағы жайлы ойлануға итермелейтіні сөзсіз. Қазақтар туған жерін қорғау барысында, тұтастанып өмір сүрді, қоғамдық күшке айналды, бірлесуге деген құштарлығын қалыптастырды. Қазақ ұлты мемлекет құратын бірден-бір халық, өзінің саяси жүйесіне басқа этностық құрылымды топтастыратын шешуші әлеуметтік күш. Қазақтың өмір сүру тәжірибесі Отанға деген сүйіспеншілікті, елдегі ынтымақтың түп-тамырын құрайды. Қазақ елі – біздің отаңымыз, атамекеніміз. Оны қастерлеп, қадірлеп, қадір тұтқан адам ғана есейе келе туған халқы мен ел-жұртын, атамекенін шын көңілімен сүйетін болады. Өйткені халқымыз «Отан – от басынан басталады» деп береке айтпаған. Ата-анасын, өз үрім-бұтағын жанындай жақсы көріп сүймеген баланың ел-жұртын, халқы мен ұлтын сүйетін толыққанды азамат болуы екіталай. Ұлтжанды кісінің имандылық-адамгершілік қасиеттері, сондай-ақ, оның достарына, ата-анасына деген көзқарасынан да жақсы байқалады. Қазақ елінің кез-келген перзенті жұмыр жердің қай бұрышында жүрсе де өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқынан өз ұлты мен халқына деген сүйіспеншілік қасиеттерін тайға таңба басқандай айқын байқатып отыруы тиіс. Қазақ халқы жарасымды дәстүр-салтымен Қазақстандағы қуатты тартылыс күшіне айналды. Қазақтың, ендігі тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихы топтасу, түсінісу, бірлесу, көршілермен жарастық құрған тарихи тәжірибеге ұқсас, сондай-ақ ұтымды үйлестікке тәрбиелейді.

Жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуы, оның шығармашылық пен дамуының түп тамыры тәрбиеден бастау алып, ол Қазақстанның ертеңі мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, қоғамның құндылық бағдарлары жайлы сөз қозғағанда тәрбие проблемалары ерекше назар аударуды қажет етеді. Қазақстан Республикасының азаматы ретінде білім алушыны тәрбиелеудің тұтастығы жөніндегі мемлекет саясатының бағыты Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында оқушыларға құқықтық білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында адамгершілік-жыныстық тәрбие беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасында, ҚР азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу бағдарламасында атап көрсетілген [1]. Әр ұлттың өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан ұлттық психологиялық ерекшеліктері бары сөзсіз. Сол себепті, барлық халықтардың мақсаты өзінің ұрпағына тәрбие беруде күнделікті айналысатын шаруашылығын, шұғылданатын кәсібін, ұлттық психологиялық арнада ұйымдастырып және рухани-адамгершілік тәрбиесімен ұштастыра білу. Соның ішінде жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Адамгершілік тәрбиесі – белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлық дағдылары мен әдептерді қалыптастырумен және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты

дамытуда, жалпы адамзаттық құндылықтарды тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бір бөлігі. Адамгершілік тәрбиесінің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, имандылық негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған. Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық психологиялық ерекшеліктерге сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарын қарастырады. Олар:

- ұлттық дәстүрлер арқылы оқу-тәрбие үрдісінде адамның бойында рухани мәдениетті қалыптастыру;
- ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту;
- салт-дәстүр негізінде ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу;
- ұлттық дәстүр арқылы психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, дүниедегі бағалы рухани байлықты жеке тұлғаға дарыту.

Адам – тарихи үрдістің субъектісі. Ол барлық әлеуметтік қозғалыстар мен қимыл-әрекеттердің негізі, өлшемі және мақсаты, жер шарындағы небір ғұлмат табыстардың қайнар көзі, ақыл-ой туындылардың құдіретті иесі. Адам дегеніміз – еңбек әрекетімен шұғылдана алатын әлеуметтік қатынастарға түсетін, өзара байланыс жасай алатын тұлға. Адамның түрт түрлі өлшемі бар: биологиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік. Бұл өлшемдер өзара байланысты. Осы төрт өлшемге байланысты адамның бойындағы кісілік тұлғалық қасиеттері үш дәрежеге бөлінеді:

- әр адамның өзіне тән психологиялық ерекшеліктері болады, өмір сүру ортасына байланысты адамдар бір-біріне ұқсамайды;

- адам әртүрлі елдердің, тарихи дәуірдің, материалдық-рухани мәдениеті мен жетістіктерінен үлгі алады. Оған әлеуметтік, этикалық, ұлттық ортасы әсер етеді. Қалыптасқан білім және тәрбие жүйесінен сабақ алады. Осының бәрі адамның жан дүниесіне әсер етеді.

- адам адамзат қауымының мүшесі. Шыққан нәсіліне, туысына, ұлтына, туған жеріне тәуелсіз, барлық адамдарда ортақ адамгершілік қасиет болады: батырлық, ерлік, сатқындық, мейірімділік, қатыгездік, әділдік т.б. Осы рухани-психологиялық қасиеттерді адам бойында қалыптастыратын – тәрбие. Демек, рухани-психологиялық қасиеттердің бірі – ерлік болса, ол тәрбиеден бастау алады. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіп-тәрбиесі, ұлт қаһармандарының өмірі мен ерлік істерінің тарихы, даналық сөздері – адамгершілік тәрбие беруде үлкен рөл атқарады. Батыр бабаларымыз қазақ елінің басын қосып, ұлттық жауынгерлік-ерлік мектебінің негізін салған. Сондықтан бабалардың ерлігі – адамгершілікке толы, асқақ рухты күні бүгінге дейін ел аузында, халық тәрбие ісіне үлгі етеді [2]. Бүгінгі адамзат өркениетінің дамуында табиғи ғылым мен рухани ғылымның үндессіздігінен, адам тәрбиесі мен тәлімінде орасан зор кемшіліктер көріне бастады. Сол кемшіліктердің көзге ұрып тұрған екі сипаты ол – бүкіл адамзат қауымының өзіншілдігі мен құмарпаздығының салдарынан табиғаттағы экзoэкологияның бұзылуы болса, келесісі адам ұрығының улануынан өзінің эндоэкологиясы аса ауыр күйге душар болып отырғандығы. Осылайша жан мен тән тәрбиесінің үндессіздігінен, олардың әрқайсысына тәрбие тәсілдері дұрыс жүргізілмегендіктен, адам баласын күллі тіршілік атаулыдан ерекшелеп тұрған оның бойындағы рухы да дұрыс жетіле алмауының мысалы көп [3]. Сондықтан да, бүгінгі қоғам тәрбиесі мен адам тәрбиесіне жаңаша көзқарас керек. Адам тәрбиесі дұрысталмай, қоғамда әділеттілік пен қайырымдылық орнауы мүмкін емес. Адамгершілік – бұл рухани тәрбие. Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүйуге үйретеді, Егер адамзат баласында адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз – өзін сыйламайды. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру біріншіден ата-ананың, екіншіден ұстаздардың басты міндеті. Қазіргі кездегі мектептердің тәрбие процесіне «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттері контекстінде өлкетану компонентінің инновациялық моделі, білім алушылардың рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиесінің формалары мен тәсілдері, балалардың әлеуметтік маңызды бастамалары белсенді енгізілуде, мектептің, ата-аналар қауымдастығының, әлеуметтік әріптестердің, әсіресе түрлі балалар қоғамдарының, қоғамдық формалды емес бірлестіктерінің қазіргі заманғы әдістерін іздеу және күшін шоғырландыру жүзеге асырылады.

Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына үлес қосады. Адамгершілік- рухани

тәрбиенің маңыздылығы қай ғасырда болсын тәрбие мәселесі назардан тыс қалған емес. «Бала тәрбиесі мемлекеттің маңызды міндеті» деген сөзді Платон бекер айтпаған. «Адамға ең бірінші керегі- тәрбие беру. Тәрбиесіз берілген білім –адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», - деген екен данышпан Әл-Фараби бабамыз. Жас ұрпаққа тәрбие берудің ең бір қажеттісі, мол тәрбиенің түрі, бұл –патриоттық тәрбие. Еліміздің қарқынды дамуының болашағы жас ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты. Бәсекеге қабілетті, алдыңғы шептегі елу елдің қатарына көтерілу білім жүйесін жаңаша құруды қажетсінеді. Бұл мәселе тек оқыту технологияларын қолданумен шектелмейді, ең бастысы өз Отанының азаматын тәрбиелеу болып табылады. Болашақтың қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді. Адамды тәрбиелеу – демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу. Жалпы білім алушылар оқу орнынан тек қана бір мамандықты игеріп қана қоймай, ең алдымен адами қасиеттерді бойына сіңіріп шығуы керек. Ол өмірге құштар, жалған қағидаларды ұстанбайтын, өзінің өмірге деген белгілі бір ұстанымдары мен көзқарастары бар, этика және эстетиканы сақтай білетін тұлғаға айналуы қажет. Ал адами қасиеттер дегеніміздің өзі ол адамгершілік қағидалар, құндылықтар, өмірдің мәнін жан-жақты ұсыну, тереңнен ойлау, еркін ойлау. Адамгершіліксіз білімнің еш мәні жоқ екендігі дәлелденген дүние. Сол себепті де оқытушылардың басты міндеті – шәкірттерді адам болуға баулу деген тұжырымдамамен келісуге болады. «Адамгершілік болмай, Әділдік болмас». Адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізі белгілерінің бірі – адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу, «Өзің үшін еңбек қылсаң, - дейді Абай, -өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Досына достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол».Әрбір пәнде, әрбір тақырыпта осы мақсатты көздеп, соны жүзеге асыруға тырысу керек. Жас ұрпақтың бойына жоғарыда аталған қасиеттер мен құндылықтарды сіңіре білу, соған сай еңбек ету, тұлға болып қалыптасуына, алдағы өмірде кездесетін қиындықтар мен кедергілерге төзе білуге тәрбиелеу біздер үшін, яғни оқытушылар үшін алдыңғы кезектегі міндет болуы шарт. Білім алушылардағы рухани-адамгершілік құндылықтардың бойына сіңірілуі, оны өзге адамдармен қарым-қатынаста қолдану, Отанды сүю, жалпы адам баласына деген сүйіспеншілік тұлға қалыптасуының маңызды кезеңі болып табылады. Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу адам санасына әсер етіп, оны рухани мықты және адамгершілік тұрғыдан тұрақты ете түседі. Осылайша біздің қоғамда нағыз шынайы тұлға қалыптасады. Ұлы ойшыл, кемеңгер Әбу-Насыр әл-Фарабидың: «Адамдар бақытты болуы үшін біріне бірі көмектесіп отыру мақсатымен бірлескен қала ізгі қала болады» деп жазған асыл мұраларынан жалпы адамзаттық құндылықтарға көпшіліктің бірлесе әрекет етуі арқылы ғана қол жеткізе аламыз деп түйіндесек болады. Болашақты жасайтын ертеңгі азаматтар – бүгінгі жас ұрпақ, оларды тәрбиелеу- бүгінгі күннің ең басты мәселесі. Жастар мен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының сипаты қандай болса, жемісі де соған сай болары хақ [4].

Оқыту дегеніміз – бір адамның екінші адамға өзінің жиған-терген білімі немесе дағдыларын үйрете білуі. Білімнің қоры – адамның санасы, жаны болса, шеберлігін сақтаушы – тәні болмақ. Сондықтан адам өзінің білімі мен дағдыларын адамдарға, жануарларға, белгілі бір механизмге немесе ақпаратты өңдеу құрылғысына (компьютерге) толығымен беруі мүмкін емес [4,48-59 стр.]. Қашықтан оқытудың пайдасы мен зияны қандай?, - деген сұрақ туындары сөзсіз. Сондай-ақ оқытушы өз пәні бойынша білім берудің электронды арнасын ашып, дәрісте толық қамтуға мүмкіндік болмаған мәселелерді жүктеп студенттердің толыққанды білімін жетілдіруге мүмкіндік жасауы құба құп шаруа болмақ. Арналарды бірнеше бөлімдерге бөліп жіктеу тиянақтылықты талап етері анық. Мәселен, оқытушының танымдық-тәрбиелік іс-шаралары, оқытушының біліктілігін жоғарылату курстарынан өткендігі жайлы анықтамалар және т.б.[5,18 с.]. Бұл ретте атап өтетін ерекше жайттың бірі берілетін білім ғана емес, сонымен қатар білім туралы ақпараттарды да қоса пайдалануға жағдай жасау оқытушының бір міндеті болмақ. Мұндай байланыс білімді нақты әлеуетті пайдалану және тұлғалық қабылдау кеңістігіне де байланысты екендігі назарға алынбақ [6,53 с.]. Жоғары білім берудегі гуманитарлық білім беру салаларында қашықтан оқу мен оқытудың тиімді тәсілдері мен оны практикалық тұрғыдан пайдалана білу оқу процесінің тек қана тиімділігін арттыра түскенін мойындауымыз керек. Себебі оқытушы да, студенттер де білім алудың жаңаша форматтарымен танысып, осы жолда көп ізденістердің арқасында білімін тереңдетудің тиімді де жолдарының бар екендігіне көз жеткізе білді. Бұл жолда оқытушы мен студенттен талап етілер бір ғана талап бар. Ол – шынайы білімге деген ұмтылыс және бұл жолда өзін-өзі дамытудан жалықпау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Кирьякова А.В. Развитие аксиологического потенциала личности в условиях университетского образования. // Вестник Оренбургского государственного университета. -2005.-№12.-с.7-10.

2 Рахимова Г.Д. «Салыстырмалы әлеуметтану» пәнін оқытудағы әдіс-тәсілдердің қолданылу ерекшеліктері // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Социологические и политические науки», №2 (74), 2021.

3 Кирьякова А.В. Развитие аксиологического потенциала личности в условиях университетского образования // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2005.-№12. 7-10 стр.

4 Мартынова Е.А. Духовность как основа образования // Интеграция образования. – 2011.-№2.-стр.58-60.

5 Дырдина Е.В. Опыт использования в учебном процессе дистанционных образовательных технологий на основе системы Moodle. // Е.В.Дырдина., В.В.Запорожко. // Университетский округ. Оренбург.- 2011. - №14. – стр.44-47.

6 Рау И. К социальному учению Фомы Аквинского об учителе, преподавании и воспитании. // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Социологические и политические науки», Том 75. №3 (2021).

УДК 001.81

Тұрысбеков Абдулла Сагинбекович

тарих ғылымдарының кандидаты

Каспий университетінің қауымдастырылған профессоры

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Жарияланып отырған мақала «Рухани жаңғыру» қоғамдық пікірін жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру аясында дайындалды. Мақалада оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту мүмкіндіктеріне, оларға оқуға өз бетінше сұрақтар қарастырылған. Жұмыс автордың қазіргі заманғы білім беру жүйесінде, жан-жақты талдау инновациялық технологияларды қолдану, сын тұрғысынан ойлауды оқу процесінің талаптарына сәйкес алынған. Қазірде байқап отырғанымыздай әлеуметтік ғылымдар, оның ішінде тарих та тар шеңберлі пәндік атаудан пәнаралық жалпы пәнге айналып келе жатқаны көрініп отыр. Бұрынғыдай енді тарихты өзінің туыстас салалары археология, этнография, антропология сияқты ғылымдармен гана шектеліп қоймай, енді өзіне шектес пәндер - әлеуметтану, саясаттану, әлеуметтік география, мәдениеттану және тағы да басқа пәндердің зерттеу әдістері мен тәсілдерін кіріктіріп отыр. Қазіргі кезеңде мемлекеттің даму деңгейі көп ретте оның интеллектуалдық дәрежесімен, ғылымның даму дәрежесімен және мамандарды кәсіби даярлау сапасымен анықталады. Әлеуметтік прогрестің мұндай факторлары өзге көрсеткіштердің арасынан анық көріне отырып, ұлттық байлықты қолдау мен арттыруға, өмір сүру деңгейі мен сапасына, әлеуметтік жүйенің қауіпсіздігіне лайықты үлес қосып келеді.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, интеллектуалдық қабілеттерін, археология, этнография, антропология, рефлексия, танымдық қабілеттер, құзыреттілік тәсіл, білім, мұғалім, талдау, ақпарат.

Аннотация

Опубликованная статья подготовлена в рамках реализации государственных программ модернизации общественного мнения «Рухани жаңғыру». В статье рассматриваются вопросы к возможностям развития интеллектуальных способностей учащихся, к их самостоятельному обучению. Работа получена автором в современной системе образования в соответствии с требованиями образовательного процесса с применением инновационных технологий комплексного анализа, критического мышления. Как мы видим сейчас, общественное сознание, в том числе и история, из

узкого предметного наименования становится междисциплинарной общей дисциплиной. По-прежнему история не ограничивается такими науками, как археология, этнография, антропология, но интегрирует методы и приемы изучения смежных дисциплин-социологии, политологии, социальной географии, культурологии и др. На современном этапе уровень развития государства во многом определяется степенью его интеллекта, развитием науки и качеством профессиональной подготовки специалистов. Такие факторы социального прогресса, четко выделяясь среди других показателей, вносят достойный вклад в поддержку и повышение национального богатства, уровень и качество жизни, безопасность социальной системы.

Ключевые слова: *Рухани жаңғыру, интеллектуальные способности, археология, этнография, антропология, рефлексия, познавательные способности, компетентностный подход, образование, учитель, анализ, информация.*

Annotation

The published article was prepared as part of the implementation of state programs to modernize public opinion "Ruhani zhangyru". The article discusses the possibilities of developing students' intellectual abilities, questions for them to learn independently. The author's work is obtained in accordance with the requirements of the modern educational system, comprehensive analysis of the use of innovative technologies, critical thinking of the educational process. As you can see, the social sciences, including history, are changing from a narrow subject name to an interdisciplinary general one. As before, history is not limited to its related fields, such as archaeology, ethnography, anthropology, but now includes methods and methods of research in related disciplines-sociology, political science, social geography, cultural studies and others. At the present stage, the level of development of the state is largely determined by the degree of its intelligence, the degree of development of Science and the quality of professional training of specialists. Such factors of social progress, clearly visible among other indicators, make a worthy contribution to the support and increase of national wealth, the standard and quality of life, and the security of the social system.

Key words: *Critical thinking, creative thinking, logical thinking, reflection, cognitive abilities, competence-based approach, education, teacher, analysis, information, student.*

Кез келген мемлекеттің даму деңгейі елдің даму қарқыны мен белесін айқындайтын маңызды салаларының бірі ретінде тек қана экономиканың үдемелі дамуын қарастыра отырып, осы қоғам дамуының жаңа белесіне шығарар басты құндылықтар мен бағдарларды айқындау үстем жобаға айналуы тиіс. Соңғы кездерде қоғамға атой салып кіріп,өзіміздің ұлттық өзгешеліктеріміз бен ерекшеліктерімізді ығыстырып шығарып отырған жаңа әлемде қазақстандық бірегейлігімізді нығайта түспесек алғанымыздан жоғалтқанымыз басым түсіп отырғанын байқауымызға болады. Қазірде байқап отырғанымыздай әлеуметтік ғылымдар, оның ішінде тарих та тар шеңберлі пәндік атаудан пәнаралық жалпы пәнге айналып келе жатқаны көрініп отыр. Бұрынғыдай енді тарихты өзінің туыстас салалары археология, этнография, антропология сияқты ғылымдармен ғана шектеліп қоймай, енді өзіне шектес пәндер-әлеуметтану, саясаттану, әлеуметтік география, мәдениеттану және тағы да басқа пәндердің зерттеу әдістері мен тәсілдерін кіріктіріп отыр. Қазіргі кезеңде мемлекеттің даму деңгейі көп ретте оның интеллектуал дәрежесімен, ғылымның даму дәрегейімен және мамандарды кәсіби даярлау сапасымен анықталады. Әлеуметтік прогрестің мұндай факторлары өзге көрсеткіштердің арасынан анық көріне отырып, ұлттық байлықты қолдау мен арттыруға, өмір сүру деңгейі мен сапасына, әлеуметтік жүйенің қауіпсіздігіне лайықты үлес қосып келеді. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер сөйтіп бірін бірі толықтыра отырып, басқа да көптеген міндеттерімен қатар мәдени-тәрбиелік міндеттерді орындай отырып тұлғаның маңызды қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі таңдағы талаптарға сай мамандарды даярлаудағы түбірлі, тыңғылықты білім беру тек нарық заманының талаптарын ғана емес, сондай-ақ қазіргіше ойлай алатын және өз бетімен тиісті шешімдер қабылдай алатын жоғары білікті мамандарға деген сұраныстарын қанағаттандыру үшін қоғамның әлеуметтік заңдылықтарын да білуі тиіс. Әлеуметтік өмірдің өсіп отырған қарқыны, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы орын алы отырған терең өзгерістер жоғарғы оқу орнында білім алып отырған курсанттардың да дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Гуманитарлық пәндерді оқып үйрену тұлғаның шығармашылық қабілеттерін кеңінен жан жақты ашылуына көмектесетін біртұтас ойлау қабілетінің қалыптасуы үлкен мүмкіндіктер береді. Сондықтан да жоғарғы оқу орнының басты міндеті жоғарғы білімді білікті мамандар даярлау, білім берудің жаңа стратегиясы ең бір кең мағынасында

адамды әлеуметтендіруге ықпал етуі тиіс. Сонымен бірге бүгінгі күнде маңызды мәселелердің қатарында жоғарғы білімді гуманитарландырудың жаңа концепциясын іздеу және оны жүзеге асыру болып табылады. Жоғарғы білім беру жүйесі ведомстволық принцип бойынша қатаң түрде алға қойылатын мақсаттарды, білім беру үрдісінің мазмұнын, оқу орнының номенклатурасы мен оқу пәндерін анықтай отырып құрылады. Сол себепті де қазіргі білім беруде тиісті жәйттердің қатарында жалпыға бірдей қол жетімділік, зайырлы сипаттылық және білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық сипатын атап көрсетуге болады. Отандық білім берудің негізгі проблемаларының қатарына мамандардың сол үшін дайындалып жатқан кәсіби білім беру бағдарламаларының мазмұнының әлеуметтік салаларының талаптарынан алшақ жатуы; алатын білім сапасын сырттай объективті, тәуелсіз бақылау жүйесінің болмауы; оқу орындарының мемлекет тарапынан жеткіліксіз қаржыландырылуы және олардың оқу процесінің сапасына, ақырғы көрсеткіш үшін жауапкершілігі жатады.

Сондықтан да бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің қатарында жоғарғы оқу орнында әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың кейбір мәселелері туындайды. Бұл туралы қазірде аз жазылып та, айтылып та жүрген жоқ. Біз осы күнге дейін тарихи зерттеулерімізде, тарих пәнін оқытуда да жіберіп отырған кемшілігіміз - постмодернистік сөз тіркесін оңды-солды қолдана беруіміздің арқасында белгілі бір жүйелілік, нақты мәселенің мәнін ашатын концепцияның орнын асыра сілтей отырып «төңкеріп тастайтын» асығыстыққа жол беріп отырмыз десек қателеспейміз. Бүкіл посткеңестік елдер арасында жалғыз біз ғана осы күнге дейін өз тарихымыздың келелі мәселелерін шеше алмай отырмыз. Тарихшылардың өздері көтеріп отырған мәселелерімен жан-жақты айналысуына тікелей мүмкіндіктері жоқ. Біршама толықтай зерттеп, анықтығына ешкімнің күмәні жоқ деп келген, енді ғана сол дәуірді зерттеушілердің еңбектерінде қолданылып келген «сөз саптаулары» бүгінде талқыланбауы тиіс қой деп ойлаймын. Мәселен, Марат Тәжин өзінің «Ұлттық тарихи жадыны сақтап қалу - өз-өзінді сақтап қалудың жалғыз жолы» атты мақаласында тарихи зерттеулерді есі дәстүр тезінен емес, жаңа көзқараста, яғни біздің тарихнамамыз өзінің әдістемелік және тілдік құралын өзгертуі тиіс деген ойтасайды. Үзіп-жұлып, контекстен бөліп алғандай мәселелерді көтеріп, оны бүкіл қоғам болып талқылауға саламыз. «Қазақ хандығының 550 жылдығын» алайық. Тіпті көршілеріміздің өзі өз тарихтарын ешбір өзгеріссіз, тарихи деректер негізінде әлдеқашан жазып, хаттап қойған. Тек көршілер емес, барлық үлкенді – кішілі елдер өз тарихтарын әлдеқашан жазып қойған, оны тек жаңа деректермен уақытында толықтырып отырады. Шындығына келсек, қазір ерінбеген тарихшы болып жатыр. Тарихи дерекке жүгінсек орта есеппен жер бетіндегі қандай да бір мемлекет болмасын шамамен 500 жылдай, яғни бес ғасыр өмір сүреді екен. Қазақстан тарихы – бұл біздің ортақ тарихымыз. Оны елімізде өмір сүріп жатқан барлық ұлттар өз тарихындай оқып-үйренуі тиіс. Өткен ғасырдағы Қазақстан тарихы тұла бойы тұнған ұлттық тарихымыз бен оның әміршіл-әкімшіл тоталитарлық жүйенің қақтығыстарынан тұратын тарих. Қазақтың өзіндік менталитетінің ерекшелігінен, көп ретте, әсіресе ХХ ғасырдың басы мен 30-шы жылдардың басы қазақ мемлекеттілігінің тарихындағы келелі бетбұрыстар-сауатсыздықты жоюдан өзіндік мемлекет болуға дейінгі тар жолындағы күреске толы тарихы. Ұлттық тарихтың еркін дамуына мүмкіндік болмады, оны бермеді де. Тарих тарихи тұлғалардың қоғамдағы орны жөніндегі де тарихы, сондықтан тарихты бұрмалаудағы тұлғалардың ролін жоққа шығара алмаймыз. Тарихшының міндеті осы міндетті шым-шымдап болса да айта білуі, жаза білуі, шешуге тырысуы. Өткен ұрпақтың мәні мағынадан жұрдай емес, оның өмірі тұнған тарих. Сондықтан да бұл мәселенің тарихи және этикалық, яғни мәндік қырлары бар. Енді осы мәселелерді қозғай отырып, біз қаншалықты өз пәнімізді оқытуда осы тұжырымдарды пайымдай аламыз, соған келейік.

Қазақстан туралы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша әлемнің көптеген елдерінен орасан зор көлемде материалдар жинақталып, жарық көрді. Сол материалдардан еліміз үшін өте маңызды деректерді ала алдық па? Осы тың деректерді оқыту үрдісінде кеңінен қолдануға мүмкіндік бар ма? Әрине, бар. Сондықтан да «Қазақстан тарихының» үлгілік оқу бағдарламасына сай осы мол мұраны ашып көрсетуіміз керек. Сол себепті отандық тарихты оқытудың міндеттерінің бірі ретінде белгілі бір білімдер, қалыптасқан дағдылары мен әдеттерін қалыптастырудан өзге тарихи процесстердің ұғынықтылығын қалыптастыру мақсатында, біріншіден, себептік салдарлық байланыстарға және екіншіден, тәуелсіз мемлекетіміздің өткен жолын да тікелей байланыста көрсете білуіміз қажет. Бұған тікелей ықпал ететін әдіс ретінде мемлекетіміздің өткен тарихын ол жүріп өткен тарихи жолды дұрыс көрсете білу өте маңызды болып табылады. Білім алушылар өз мемлекетінің тарихына деген өздерінің де үлесі барлығын танып білу үшін қалыптасқан жағдайда

оның орнын көрсете білу отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Танымдық міндеттер түрінде көрінетін проблемалық мәселе тудыру, сөйтіп оны білім алушылардың еркін ұғынып, сіңіруі үшін аудиторияда қалыпты жағдай тудырып отырған абзал деп ойлаймын. Бұл дәріс сабағында белгілі бір тақырып материалдарын бере отырып, бір-бірімен тікелей байланысқан мәліметтерді оқытушы мен білім алушының бірлесе отырып ойластыруға, белгісіз білімдерді игеруге мүмкіндік береді. Аудиторияда оқытушы-білім алушы арасында тұрақты түрде байланыс болуы керек. Біз кейде осы жағдайды ауызша айтамыз да, көбіне оны сақтай бермеуімізден білім алушы ойдағы сұрағына жауап ала алмаған соң әрі-сәрі күйде болады. Сондықтан да кей кездері осындай диалогтық байланыстың болмауы себептідәрісті тек біржақты баяндап беру дәрісті шын мәнінде хабарламалық материал беру сипатына одан әрі жақындата түседі.

Жоғарғы мектепте әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудағы кейбір маңызды тұстарды көрсетуде осы пәндерді оқытудың сан қырлы тұстарына қайта қайта оралуға тура келеді. Жоғарыда атап өткен отандық тарихты оқытудағы өзгерістер қатарында осы кезең тарихының тарихнамасына байланысты. Пәннің бастапқы тақырыптарының қатарындағы кеңес кезеңі Қазақстан тарихындағы ең бір даулы, идеологиялық кереғарлықтарға толы кезең, көптеген түсініктер мен құбылыстарға жаңа талаптар, жаңа зерттеулер, жаңа бағалау мен құндылықтар негізінде баға мен тұжырымдар жасауға тура келеді. Кезінде белең алған идеологиялық қабыршықтардан аршып, мәселеге тарихилық, шыншылдық қызметі тұрғысынан баға бере келіп, білім алушыға терең де құнды, баға жетпес материалдар арқасында білімдерді сіңіру өте-мөте қажет қой деп ойлаймын. Сондықтан да әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бұл тұста өзінің жан-жақты зерттеу тәсілдерінің көпжақты ерекшелігімен, әркілі пікір көзқарастарымен, көптеген шешімдерге қолжеткізе алатын мүмкіндігімен ерекшеленеді. Ал мұның өзі оқу үрдісінде осы тәсілдерді кеңінен қолдана отырып, оқу сапасын көтеруге өз ықпалын тигізетіні кәміл. Жоғарғы оқу орнында әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту барысында жоғарыда сөз еткен негізгі мәселелердің қатарындағы әсіресе, тарихи сабақтастық, қазіргі таңдағы тарихи сананы қалыптастыру болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде, жоғағы білім қағидаларын тәжірибеде кеңінен, батыл және халықтың әдет-ғұрып, салт-саналарымен, ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін ескере отырып енгізу айрықша тиімді өзгерістер әкелері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Тәжин М. *Тарихты сақтап қалу - ұлтты сақтап қалудың жалғыз жолы.* 2013, 5 маусым.
- 2 Сиземская И.Н. *Проблемы методики преподавания гуманитарных дисциплин // Вестн. Волгоградского гос.ун-та. Сер.7 Философия, 2011.№2(14), с.140.*
- 3 Ендовицкий Д.А. *Гуманитарная составляющая подготовки специалистов // Вестник Воронеж.гос. ун-та. Сер.: Проблемы высшего образования. Воронеж, 2016.-№1, с.5-9.*

Білім беру технологиялары секциясы
Секция образовательных технологий
Section of educational technologies

Жабайханова Бибигуль Молдашевна
бастауыш сынып мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА НЕГІЗІНДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР ЖАСАУ
(математика 1-сынып)

Аннотация

Мақалада жалпы білім беретін мектепте өткізілетін сабақты жаңартылған бағдарлама негізінде жоспарлау, атап айтқанда, қысқа мерзімді жоспар жасау тәжірибесі беріліп отыр. Жоспарда оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты, сабақ мақсаты, мұғалімнің және оқушының іс-әрекеті, сабақ кезеңдеріне қарай уақыттың жоспарлануы, тапсырмалар, өздік жұмыс, рефлексия т.б. жүйеленген.

Түйінді сөздер: қысқа мерзімді жоспар, жаңартылған бағдарлама, іс-әрекет, уақыт, тапсырмалар, рефлексия.

Аннотация

В статье представлен опыт планирования уроков, проводимых в общеобразовательной школе, на основе обновленной программы, в частности, составления краткосрочного плана. В плане систематизированы цели обучения в соответствии с учебной программой, цель урока, деятельность учителя и ученика, планирование времени в зависимости от этапов урока, задания, самостоятельная работа, рефлексия и др.

Ключевые слова: краткосрочный план, обновленная программа, действия, задания, время, рефлексия.

Annotation

The article presents the experience of planning classes in general education schools based on the updated program, in particular, drawing up a short-term plan. The plan systematizes the purpose of training in accordance with the curriculum, the purpose of the lesson, the activity of the teacher and student, the planning of time depending on the stages of the lesson, tasks, independent work, reflection, etc.



Keywords: lesson plan, short-term plan, updated program, activity, tasks, time, reflection.


Пән: Математика Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 1А Сандар мен цифрлар Күні: Сынып: 1 Ұзақ мерзімді жоспар: «Өзім туралы» ортақ тақырып аясында. Бөлімше: 1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	Мектеп: «Алмалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ Мұғалімнің аты-жөні: Жабайханова Б.М Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы:	7 саны және цифр
Осы сабаққа қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.1.1.1 санау барысында натурал сандардың реттік номері анықталатындығын түсіну; 10 көлемінде тура және кері санау; олардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтау. 1.1.1.2 бір таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру; 1.1.1.3 бір таңбалы сандардың құрамын анықтау 1.5.2.2 $>.<.+.-.=$ таңбаларын қолдану.

Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: 7 санымен, оны алу тәсілдерімен және сандық сәуледегі орнымен танысу, 7 цифрын жазып үйрену. Көптеген оқушылар : 10 көлемінде тура және кері санау; олардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтау және сандық сәулені қолдану. Кейбір оқушылар: Сандық сәуле бойында сандардың орналасуын анықтау,цифр мен санды бір-бірінен ажырату; сандарды әртүрлі тәсілдермен көрсету және +;-;=>< таңбаларын қолдану
Бағалау критерийлері	сандық сәуледегі 7 санының орнын тауып, 7 санын басқа санмен салыстырады. 7 санының құрамын анықтайды және 7 санына өрнек құрастырады. 7 цифрын жазуды меңгереді.
Тілдік мақсаттар	жеті – семь – seven талқылауға арналған сұрақтар: 1.7 сандық сәуледе қай саннан кейін тұрады? 2. 7 санын әртүрлі тәсілдермен қалай алуға болады?
Құндылықты дарыту	«Мәңгілік ел» идеясын басшылыққа ала отырып, оқушыларды шығармашылыққа және сын тұрғысынан ойлауын дамыту
Пәнаралық байланыс	Көркем еңбек
АКТ қолдану дағдылары	https://www.youtube.com/watch?v=fJ5-dEBbZto
Бастапқы білім	6 саны және цифры

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық кезең: Жеті бірдей өрнекпіз Жеті түрлі өлеңбіз Жеті түрлі бояуымыз Жеті түрлі әуенбіз Үлкендерді құрметтеп, Баршаға сәлем береміз Ширату жаттығуы «Есіңе түсір» әдісі арқылы алдыңғы білімге шолу жасау 1. 0 ден 6 ға дейін сана және кері сана. 2.6 санының құрамын ата. 3 . 6 санының көршілерін ата. 4.6 саны шығу үшін қандай сандарды алуға болады? 5.6 саны қай саннан кейін келеді? 6. 1-7 дейінгі сандарды тура және кері санайды. Мысалы: Қолымызға 6 қарындаш алып, 1 қарындаш қоссақ қанша қарындаш болады?	Интербелсенді тақта

	 <p>Жауабы: 7 қарындаш</p> <p>Сабақтың мақсаты мен тақырыбын хабарлау.</p>	
<p>Сабақтың ортасы 5 минут</p> <p>3 минут</p> <p>6 минут</p>	<p>М.Т. 7 саны натурал сан және сандық сәуледе 6 санынан кейін тұрады. 7 санының құрамы: 1 мен 6, 2 мен 5, 3 пен 4. 7 саны күнделікті өмірде кездеседі: аптаның 7 күні, белгілі ретпен орналасқан кемпірқосақтың жеті түсі. Осы сабақта 7 санының натурал сандар қатарындағы орны туралы білімімізді қалыптастырамыз, 7 санын басқа сандармен салыстырып, құрамымен танысамыз. Жеті – семь – seven</p>  <p>ҰЖ. Белсенді оқыту «Кім жылдам?» ойыны арқылы оқулықтың 26-бетіндегі тапсырманы орындау алдында оқушыларға жұмбақ жасырамын.</p> <p>Тапсырма:</p> <p>1. Қызыл, сары, жасылды, Көкте бір зат асылды. (Кемпірқосақ) Кемпірқосақ көргендерің бар ма? Кемпірқосақта неше түс бар? (7 түс 1-қызыл, 2-қызыл сары, 3-сары, 4-жасыл, 5-көгілдір, 6-көк, 7-күлгін)</p> <p>2. Қиылған түсті қима қағаздардан кемпірқосақтың түстерін ретімен бояп орналастыру.</p>  <p>Дескриптор:</p> <p>1. Кемпірқосақта неше түс бар екенін анықтайды. 2. Оларды атайды. 3. 7 санын шығарады.</p> <p>ҚБ. дескриптор арқылы «Бағдаршам» әдісімен бағалау.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>ОЖ .Оқулықтың 27-беттегі тапсырманы «Шығарып көр» айдары арқылы орындау.</p> <p>1. Руслан неше жасқа толды? 2. Сен оны қалай білдің? Жауабы: 7 жаста</p> <p>ҚБ. Сұрақтарға жауап берген оқушыларды «Жарайсын», «Керемет», «Өте жақсы» деген сөздер айтып бағалау</p> <p>Ж. Белсенді оқыту «Қолданысқа енгізу» әдісі арқылы оқулықтың 27-бетіндегі тапсырманы орындау.</p> <p>Тапсырма: Өрнек құрастыр және шығар</p>	<p>Оқулық</p> 



Жауабы: $1+6=7$ $5+2=6$ $3+4=7$

Дескриптор: өрнек құрастырады, мәнін табады.

ҚБ. дескриптор арқылы «Отшашу» әдісімен бағалау.

ҰЖ. Итербелсенді тақтадан «Орындап көр» айдары бойынша музыкалық ноталарды атап, санын анықтау.




Дескриптор: Музыкалық ноталарды атап, санын анықтайды.


ҚБ. дескриптор арқылы «Басбармақ» әдісі бойынша бағалау.

ЖЖ. Дәптердің 25-беті, 23-жұмыс парағындағы тапсырманы орындау.

Тапсырма. 7 цифрының жазылу үлгісін тақтада көрсету және нұсқау бойынша 7 цифрын жазғызу.



2-тапсырма. Түсіп қалған сандарды орнына қою.



Жауабы: 1,4,5 сандары.

Әр топқа «Түрлі түсті палитра» тапсырмасын орындауға арналған қатты қағаздан жасалған палитра мен желім, диаметрі 3 см тең түрлі түсті қағаздан жасалған дөңгелектер

Интербелсенді тақта
 Дәптер, қалам



<https://www.youtube.com/watch?v=abd1NW>

<p>Саралау әдісінің «Қарқын тәсілі» әдісінің</p> <p>тапсырмасында көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беремін. Ал осы тапсырмада кейбір оқушылар жылдам жұмыс істейді. Сол себепті қарқынына қарай қабілеті жоғары оқушыларға математика оқулығындағы 26-беттегі тапсырмасын орындату.</p>	 <ul style="list-style-type: none"> • Бағдаршам арқылы топтар бір – бірін бағалайды • Қалыптастырушы бағалау тапсырмасындағы дескриптор <ul style="list-style-type: none"> • Сұрақтарға жауап берген оқушыларды «Жарайсың», «Керемет», «Өте жақсы» деген сөздер айтып бағалау • Өзін – өзі бағалау  <ul style="list-style-type: none"> • Күлегештермен , от пашумен бағалау. <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">    </div> <ul style="list-style-type: none"> • «Білім теңізіне кеме жіберіңіз» <ul style="list-style-type: none"> • «Бас бармақ» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалайды 	<ul style="list-style-type: none"> • Көзге, қолға, иыққа арналған сергіту жаттығуын интер белсенді тақтадан қарап орындайды • Желіммен жұмыс істеу тәртібі: Егер желім сұйық болса, желім құйылған ыдыстың аузын нығыз жабылуы керек; Желіммен жұмыс жасап болғаннан кейін, міндетті түрде қолыңды жуу керек; Желіммен жұмыс барысында арнайы сүлгі ұстау керектігі ескертіледі.
<p>Оқушылардың көпшілігі:</p>	<p>1. Жетпейтін дөңгелектерді желімдейді. Сандарды салыстырады.</p>	
<p>Кейбір оқушылар:</p>	<p>1. 7 санының құрамын анықтайды және 7 санына өрнек құрастырады</p>	
<p>Дескриптор:</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Түстер гаммасын сақтай отырып жетпейтін дөңгелектерді желімдейді. 2. Сандарды салыстыру таңбалары арқылы салыстырады. 3. Өрнек құрып, 7 санының құрамын анықтайды. 	
<p>ҚБ.</p>	<p>Тақтадағы дұрыс жауап арқылы оқушылар бірін-бірі бағалайды.</p>	

<p>Сабақ бойынша рефлексия</p>	<p>Сұрақтар: <i>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?</i> <i>Жеткізбесе, неліктен?</i> <i>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?</i> <i>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?</i> <i>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</i></p> <p>Мен бүгінгі сабағымда оқу бағдарламасының талаптарын орындап, оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыра алдым. Өйткені, оқу мақсатын оқу бағдарламасына сәйкес алдым. Сабақ бойынша сабақтың оқу мақсаты мен табыс критерийлері орындалды. Оқушылардың барлығы оқу мақсатына қол жеткізді. Сабақты саралау дұрыс жүргізілді. Сабақтың кезеңдері сақталды. Сабақ жоспарынан ауытқулар болған жоқ. Ықшам сабақты жоспарлау барысында саралау тәсілдерін пайдалануды, қалыптастырушы бағалау тәсілдерін үйрендім. Тренердің берген кері байланысы арқылы бағалау критерийлері мен дескрипторларын құруды үйрендім. Келешекте осының бәрін басшылыққа ала отырып, қысқа мерзімді жоспар құруда мынадай құжаттарды: оқу бағдарламасы, қалыптастырушы бағалаудың тапсырмаларының жинағын басшылыққа ала отырып жұмыс жасаймын. Саралауда қолдауды қажет ететін оқушыларға тапсырма беру жұмысын жүргіздім. Сабақта белсенді оқыту түрлері болды. Мен алдыма қойған мақсатыма жеттім. Сабақтың соңында әр оқушының білім деңгейін анықтап, жұмыс барысында шолу жасап, оның қорытындысын шығарып, оқушылардың не үйренгенін түйіндедім.</p>
	<p>Қорытынды: Қорытынды бағамдау Қандай екі аспекті табысты болды (оқытуды да, тапсырманы орындауды да ескеріңіз)? 1: Оқушыларды сабақтың кезеңі бойынша бағалау. 2: Қабілетті және қолдауды қажет оқушылардың ерекшелігіне көңіл бөлу. Қандай екі аспекті сабақты жақсартуға алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: Сабақтың нәтижесіне көңіл бөлу. 2: Рефлексия. Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім</p>

Айтбаева Сулушаи Жаксылыковна
көркем еңбек пәнінің мұғалімі
Сүйінбай ат. ОМ Алматы облысы Жамбыл ауданы

ЗАМАНАУИ САБАҚТАРДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі мақсаты жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу жүйесінде жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады.

Түйінді сөздер: Білім, мектеп, әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар, жаңғыру, шығармашылық еңбек.

Аннотация

Одной из основных задач Республики Казахстан в области является углубление образования молодежи. И его основной целью является внедрение 17 новых технологий в сфере образования для улучшения учебного процесса общеобразовательных школ. Внедрение новых инновационных подходов в систему образования способствует интересам учащихся к обучению, мотивации и творческого подхода к самоисследованию.

Ключевые слова: образование, школа, методология, новые технологии, модернизация, творчество.

Abstract

One of the main tasks of the Republic of Kazakhstan in the region is to deepen the education of young people. And its main goal is the introduction of new technologies in the field of education to improve the educational process of general education schools. The introduction of new innovative approaches to the education system contributes to the interests of students in learning, motivation and a creative approach to self-exploration.

Keywords: education, school, methodology, new technologies, modernization, creativity.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу жүйесінде жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызығалықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші күдіретті күш тек білімге ғана тәуелді. Білім беруге заман талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласына – баса назар аударарлық мәселе. Қазіргі білім беру саласында ж оғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру» делінген. Осыған байланысты мектептердегі күнбелікті өткізілетін сабақтарда көптеген жаңа әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Қазіргі таңда әр ұстаздың алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Оқыту процесінде пайдаланылып отырған әртүрлі әдіс-тәсілдер мен жаңа технологиялар өз нәтижелерін беруде. Олар баланың жеке қасиетін аша отырып, оның танымдық қабілетін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасап отыр. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар білім алушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуына ықпал етеді.

Миға шабуыл» (әдіс) Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады. 18 проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады

«Сұраққа жетіп ал» әдісі А.Ж. Егізбаев бойынша Оқушының өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, сұрақ қою дағдыларын дамыту. Өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере алады. Ақпаратпен ықыласпен жұмыс жасайды. Мәтінге, әңгімеге сұрақ қояды, тұжырымдайды. Сыныптастарының жауаптарын ықылас қойып тыңдайды және сұрақтар қояды. Таным әрекеті үрдісінде қарымқатынас шеберлігі дамиды. Оқушылар оқығандары бойынша бір-біріне сұрақ қояды және талқылайды. Мәтінді толық немесе бір бөлігін оқыту (мәтіннің күрделілігіне, оқушылардың даму ерекшелігіне қарай) оқылған мәтіннің мазмұнына әр деңгейлі сұрақтар қою. 1-доп – сұрақ қояды, 2-доп сол сұраққа жауап береді.

«Джигсо» әдісі Элиот Аронсон бойынша. Берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастық ты дамыту. Ынтымақта бірлікте жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді. Көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді оқушыларда төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әр қайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») тобы құрылады, сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің № 1 бөлігін оқыған оқушылар 1 топқа т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді.

«INSERT» әдісі Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастыру. Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды. Тапсырманы оқып, түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады: W – білемін; + жаңалық; – білмеймін; ? – білгім келеді; кесте жүйесі бойынша жұмыс жасайды.

«Кластер» әдісі Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау. Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын қарталарға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер)

«Фишбоун» әдісі (постерде) Жапондық профессор Исикава бойынша Жаңа мәліметті, идеяларды сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларын жинақтау. Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді. Постерге балықтың қаңқасы суретін салып, басына тақырып жазылады. Денесінің жоғарғы жағындағы қанаттарға идеяның себептері, төменгі қанаттарға идеяның салдары жазылады. Түйінді ой құйрығына жазылады. Кейін ауызша, жазбаша кері байланыс беруге болады

«Үштік» әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс) Оқушылар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу. Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдылары қалыптасады. Сынып бойынша тапсырманы оқиды. Оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді: бірінші оқушы оқиды немесе айтады, екінші оқушы тыңдайды, үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз пікірін айтады.

SWOT талдау Оқушының бір мәселе бойынша ойлау, талдау, салыстыру қабілетін дамыту. Өз пікірін ашық айту. Сабақты қорытындылау барысында және кері байланыс беруге қолданылады. Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі.

«Кейс стади» әдісі Нақты болған немесе ойдан шығарған жағдаятты талдау, болжау. Оқушылардың есте сақтау қабілеті сақталады. Мәселелерді шешуге, баламасын анықтауға, мақсаттарын айтуға, талдауға мүмкіндік береді. Жұмысты жүргізу үшін бір жағдаят ұсынылады, оны бөліп-бөліп кезекпен оқиды, немесе айтады, қалғандары талдау жасап, өз ойларын ортаға салады.

«Бес саусақ» әдісі. Оқушының бір-біріне бес Бас бармақ – басты мәселе. Балалар паракқа алақандарын қойып, оны жиегімен бес саусақтай бірігуіне ықпал ету. Балалы үйрек – бірлесу. Ортан терек – ойлану. Шылдыр шүмек – шынайылық. Кішкентай бөбек – көңіл-күй ахуалы. Қаламмен айналдырып өткен соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:

- 1.«Бас бармақ» – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?
2. «Балалы үйрек» – бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?
3. «Ортан терек» – ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?
4. «Шылдыр шүмек» – шынайылық. Сабақмаған ұнады ма? Неліктен?
- 5 «Кішкентай бөбек» – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

«Эйлер шеңбері» әдісі А.Ж. Егизбаев бойынша тақырыптағы негізгі идеяларды жинақтап, саралау. Идеялар жинақталып, сараланады А-4 параққа, шағын постерге Эйлер шеңбері сызылып, кезекпен идеялар талқыланып, жазылады. Не? Қалай? Неге? Нәтиже? деген мәселер бойынша идеялар сараланады.

«МИКС» жаттығуы А.Ж. Егизбаев бойынша Идеяларды жинақтап, түйіндеу, кері байланыс жасау. Идеяларды жинақтау, түйіндейді. Әр топ шығармашылық көзқарас білдіреді. Тақтаға түйінді 9-10 тірек сөздер жазылады. 1-топ – өлең шығару, 2-топ – эссе жазу, 3-топ – суреттеу, 4-топ – сахналық көрініс, 5-топ – бір әннің мелодиясына салып, топпен орындау.

«Желпуіш» әдісі Саймон Браунхилл Идеяларды жинақтау, жазбаша кері байланыс беру. Идеялар талқыланады, жинақталады А-4 түрлі түсті параққа желпуіш жасалынып, әрбір бөлігіне кезекпен идеялар жазылады, кейін 21 бойынша талқыланады.

«Киномета фора» әдісі Харизма бойынша (Н. Баринов) Оқушының ой-өрісін, ойлау қабілетін дамыту. Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды. Бір мәселе бойынша бейнесюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың өз ойын, ой-пікірлерін білуге болады

Жалпы қорыта айтқанда, аталған әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, білім алушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді ұжымда ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа кез келген пәндер осындай әдістерді пайдаланса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осыдан кейін ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. Әлімов А.Қ., Астана, 2014 ж. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.*
- 2 *«Ел және мұғалім» газеті, №5 (0014), 10 ақпан, 2017 ж.*

Батырханова Гульнар Секеновна

учитель начальных классов

Алмалинская СШ Сарканский район Алматинская область

КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ НА УРОКАХ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

Ондаған жылдар бойы қолданыста жүрген дәстүрлі бағалау жүйесінің бірқатар кемшіліктері бар. Мұғалім бақылау функциясын орындайды; оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер түсінетін жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалаудың нақты критерийлері жоқ; белгілер, оқу бағдарламасының жеке бөлімдері бойынша білімнің, іскерліктің, дағдылардың нақты элементтерін игеру туралы түсінік бермейді, бұл әр оқушының жеке оқу траекториясын анықтауға мүмкіндік бермейді; жүйе баланың өзін бақылауға және бағалауға мүмкіндік бермейді; бағалаудың дәстүрлі тәсілі оқушының өзіндік даму динамикасын, жетістігін көруге мүмкіндік бермейді; мұндай жүйе көбінесе травматикалық сипатқа ие, оң мотивацияға ықпал етпейді. Бұл мақала бағалау қызметінің мәселелеріне арналған. Критериалды бағалау-бұл оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру процесінің барлық қатысушыларына (оқушыларға, мектеп әкімшілігіне, ата-аналарға, заңды өкілдерге және т.б.) білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін критерийлермен салыстыруға негізделген процесс.

Түйінді сөздер: бағалау, бағалаудың дәстүрлі жүйесі, критериалды бағалау.

Аннотация

Десятилетиями существующая традиционная система оценивания имеет ряд недостатков. Учитель выполняет контролирующую функцию; отсутствуют четкие критерии оценки достижения планируемых результатов обучения, понятные учащимся, родителям и педагогам; отметки, не дают представления об усвоении конкретных элементов знаний, умений, навыков по отдельным разделам учебной программы, что не позволяет определить индивидуальную траекторию обучения каждого ученика; система не позволяет ребенку контролировать и оценивать себя; традиционный подход оценивания не позволяет увидеть ученику динамику собственного развития, успеха; такая система часто имеет травмирующий характер, не способствует положительной мотивации. Данная статья посвящена проблемам оценочной деятельности. Критериальное оценивание – это процесс, основанный на сравнении учебных достижений учащихся с четко определенными, коллективно выработанными, заранее известными всем участникам образовательного процесса (учащимся, администрации школы, родителям, законным представителям и т.д.) критериями, соответствующими целям и содержанию образования, способствующими формированию учебно-познавательной компетентности учащихся.

Ключевые слова: *оценивание, традиционная система оценивания, критериальное оценивание.*

Annotation

For decades, the existing traditional assessment system has a number of disadvantages. The teacher performs a controlling function; there are no clear criteria for evaluating the achievement of planned learning outcomes that are understandable to students, parents and teachers; marks do not give an idea of the assimilation of specific elements of knowledge, skills, and skills in individual sections of the curriculum, which does not allow determining the individual learning trajectory of each student; the system does not allow the child to control and evaluate himself; the traditional approach of assessment does not allow the student to see the dynamics of his own development, success; such a system often has a traumatic character, does not contribute to positive motivation. This article is devoted to the problems of evaluation activity. Criterion assessment is a process based on the comparison of students' academic achievements with clearly defined, collectively developed, previously known to all participants in the educational process (students, school administration, parents, legal representatives, etc.) criteria corresponding to the goals and content of education, contributing to the formation of educational and cognitive competence of students.

Keywords: *assessment, traditional assessment system, criteria assessment.*

Проблема оценочной деятельности – одна из актуальнейших проблем, как в педагогической теории, так и в педагогической практике. Система оценивания отражает результат усвоения знаний, а не процесс их усвоения, то есть не соответствует в полной мере требованиям деятельностного подхода. Кроме этого основной проблемой в оценивании остается субъективизм школьной отметки, что наблюдается уже на начальной ступени обучения. Данное развитие возможно при введении в практику критериального оценивания. Критериальное оценивание – это процесс, основанный на сравнении учебных достижений учащихся с четко определенными, коллективно выработанными, заранее известными всем участникам образовательного процесса (учащимся, администрации школы, родителям, законным представителям и т.д.) критериями, соответствующими целям и содержанию образования, способствующими формированию учебно-познавательной компетентности учащихся.

Недостатки пятибалльного оценивания:

Ученик ограничен в возможности увидеть личную динамику

Отношения учитель – ученик определяются контролирующей функцией учителя

Отношения учитель – ученик – родитель определяются субъективностью оценивания

Ученик не учится контролировать себя сам

Критериальное оценивание

Смысл критериального оценивания заключается не в отказе от отметки. Критериальное оценивание позволяет ученику планировать свою учебную деятельность, определять цели, задачи, пути их достижения, оценивать результат своего труда.

Мероприятия по внедрению критериального оценивания в процесс обучения

Создание единой политики оценивания в школе;

Создание нормативно-правовой базы;

Подготовка учителей и родителей к новой системе оценивания;

Определение процедур оценивания;
Разработка технологии проведения урока с использованием критериального оценивания.
Принципы критериального оценивания:
Критериальность;
Приоритет самооценки;
Гибкость и вариативность;
Естественность процесса контроля и оценки.
Функции отметки при критериальном оценивании:
Стимулирование ответственности учащихся за образовательные результаты
Определение границ знания-незнания
Определение направления коррекционной работы
Оценивание личной динамики учащихся
Мотивирование учащихся к обучению
Формирование действий контроля и оценки
Виды контроля:
По субъекту контроля:
взаимоконтроль;
самоконтроль;
учительский контроль.
По месту в учебном процессе:
стартовый;
рефлексивный;
планирующий;
пооперационный;
диагностико-коррекционный;
итоговый.
Виды оценки:
констатирующая;
рефлексивная;
прогностическая;
ретроспективная.
Главное качество всех видов оценки – содержательность (критериальность).
Правила оценочной безопасности:
Не скупиться на похвалу.
Хвалить исполнителя, критиковать исполнение.
Даже в море неуспеха можно найти островок успешности и укрепиться на нем.
Ставить перед ребенком только конкретные цели.
Не ставить перед первокласником несколько задач одновременно.
Учитель! Начни с собственной самооценки.
Этапы формирования оценочной деятельности
Постановка задачи (что предстоит сделать и где можно использовать данный навык);
План деятельности (алгоритм, шаги деятельности);
Критерии оценивания;
Оценивание;
Выработка дальнейших действий.
Педагогические приемы формирования действий контроля и оценки у младших школьников
«Волшебные линейки» (изобретение оценочных шкал самими школьниками);
«Прогностическая оценка» (оценка своих возможностей для решения задачи);
«Задания-ловушки» (рефлексия освоенного способа);
«Составление заданий с ловушками» (определение или видение возможных ошибкоопасных мест);
«Составление задачи, подобной данной»;
«Классификация задач по способу их решения» (выделение общего способа действия);
«Обнаружение ошибки»;
«Создание помощника»;

«Обоснованный отказ от выполнения заданий» (умение обнаружить границу своих знаний);
«Орфографические софизмы» (умение обнаружить и опровергнуть псевдологичное рассуждение при решении задач).

Что делает учитель

Выделяет, что должен знать и уметь ученик после конкретного урока;

Подбирает приемы, с помощью которых можно освоить данные знания, а также задания, формирующие данный конкретный навык;

Создает алгоритм действий, решает в каких ситуациях будет применен данный алгоритм;

Совместно с детьми вырабатывает критерии оценивания, совместно с детьми подводит итог деятельности на уроке;

Помогает ученику построить план дальнейшей деятельности.

Что делает ученик

Вместе с учителем определяет план своей деятельности на уроке;

Осваивает алгоритм действия или проговаривает шаги своей деятельности;

Совместно с учителем определяет критерии оценивания;

Оценивает свою работу;

Вырабатывает план своей дальнейшей деятельности.

Алгоритм выработки критериев

При планировании урока выделить понятия – знать и уметь;

Выделить формируемое умение;

Определить пошаговые операции выделенного умения;

Из пошаговых операций выделить критерии;

Составить таблицу критериев.

В основе традиционной системы оценивания лежит нормативный подход - сравнение индивидуальных достижений учащихся с нормой, т.е. результатами большинства школьников.

При такой системе трудно сохранить познавательный интерес ребенка, развить в нем желание учиться, трудиться и сделать его успешным.

Основными показателями успешности ребенка являются личная динамика развития и желание учиться. Чтобы научиться сравнивать вчерашние результаты ребенка с его сегодняшними достижениями, надо кардинально изменить систему оценивания.

Десятилетиями существующая традиционная система оценивания имеет ряд недостатков.

учитель выполняет контролирующую функцию;

отсутствуют четкие критерии оценки достижения планируемых результатов обучения, понятные учащимся, родителям и педагогам;

отметки, не дают представления об усвоении конкретных элементов знаний, умений, навыков по отдельным разделам учебной программы, что не позволяет определить индивидуальную траекторию обучения каждого ученика;

система не позволяет ребенку контролировать и оценивать себя;

традиционный подход оценивания не позволяет увидеть ученику динамику собственного развития, успеха;

такая система часто имеет травмирующий характер, не способствует положительной мотивации;

Ни для кого не секрет, что официально обучение в первом классе строится на принципах безотметочного обучения. И осуществляется это с целью обеспечения более комфортной адаптации к школе первоклассников. Однако многие учителя не совсем понимают суть данного подхода и его принципы, так как в педагогических учебных заведениях об этом, к сожалению, заговорили только недавно. Поэтому на местах вместо отметок учителя продолжают «выставлять» первоклассникам то ли разноцветные кружочки, то ли рожицы с разным настроением, то ли геометрические фигурки с разным значением, а сам ребёнок опять «остаётся не у дел». Ну а со второго полугодия начинается настоящая школа с оценками и отметками по пятибалльной шкале, причём, нормы и критерии оценивания, как правило, остаются прежними, из прошлого века. Тогда-то и начинаются настоящие проблемы:

- падение интереса детей к обучению, к школе;
- стремление заработать как можно больше положительных отметок, чтобы угодить родителям;
- всяческие ухищрения от наказания за невыполненное задание, обман;
- обиды за несправедливую оценку, депрессии и неврозы.

Но проблемы эти можно решить, причём успешно. В своей практике мы успешно применяем альтернативную систему контроля и оценивания успешности учащихся начальной школы. Одна из форм оценивания в нашей школе это - критериальное оценивание. Использование технологии критериального оценивания заключается в сравнении достижений учащихся с чётко определёнными, заранее известными критериям.

В чём преимущества критериального оценивания?

- даёт возможность определить, насколько успешно усвоен тот или иной учебный материал, сформирован тот или иной практический навык;
- позволяет фиксировать как изменения общего уровня подготовленности каждого учащегося, так и динамику его успехов в различных сферах познавательной деятельности;
- является «прозрачной» в смысле способов выставления текущих и итоговых отметок и целей оценивания;
- содержит механизм, поощряющий и развивающий самооценивание учащимся своих достижений, а также рефлексию происходящего с ним в ходе учебного процесса
- позволяет бережно относиться к психике учащихся, избегать травмирующих ее ситуаций.

Список литературы

- 1 *Федеральный государственный образовательный стандарт основного общего образования. Утвержден приказом Министерства образования и науки Российской Федерации от «17» декабря 2010 г. № 1897*
- 2 *Федеральный государственный образовательный стандарт начального общего образования /М-во образования и науки РФ. -М.: Просвещение, 2010.-31с. – (Стандарты второго поколения).*
- 3 *Батурина Г.И. Введение в педагогическую профессию, - М., 2011*
- 4 *Педагогика: учебник для студ. высш. учеб. заведений/ П.И.Пидкасистый, В.И.Беляев, В.А.Мижериков, Т.А.Юзефовичус; под ред. П.И.Пидкасистого. – М., 2010.*
- 5 *Бордовская Н.В. Педагогика.- СПб.,2010*
- 6 *Сластенин В.А. Общая педагогика. – М.,2011*
- 7 *Гуманистические воспитательные системы вчера и сегодня. Составитель Е.И. Соколова. – М., 2012 ж.*

ӘОЖ 373.3

Бекишева Дильяра Бектербековна

шағын орталық тәрбиешісі

«Алмалы ОМ мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ

Алматы облысы Сарқан ауданы Алмалы ауылы

ҮШ-ТӨРТ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ

Аннотация

Мақалада ана тілінің грамматикалық жағын меңгерту, үлкендермен сөздік қарым-қатынас жасау процесін қарастыру, тіл дамыту сабақтарында жеке сөздерді жіктік, септік, тәуелдік жалғауларында қолдануды, түбір сөздерден сөз тудыру тәсілдерін үйрету туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: *тәсіл, тіл, сабақ, қарым- қатынас.*

Аннотация

В статье рассказывается об изучении грамматических аспектов родного языка, процессе речевого общения со взрослыми, использовании отдельных слов на уроках развития речи в причастиях, предлогах, наречиях, способах словообразования от корневых слов.

Ключевые слова: *подход, язык, урок, общение.*

Annotation

The article tells about the study of the grammatical aspects of the native language, the process of verbal communication with adults, the use of individual words in the lessons of speech development in participles, prepositions, adverbs, methods of word formation from root words.

Key words: *approach, language, lesson, communication.*

Ана тілінің грамматикалық жағын меңгерту күнделікті өмірде, үлкендермен сөздік қарым-қатынас жасау процесінде іске асады. Тіпті балалардың сөйлеу әрекетінде сөздің синтаксистік тұрғыда қалыптаса бастайтынын арнайы зерттеу, бақылау жұмыстары дәлелдеп отыр. 3-4 жастағы бала сөзінде жай-жайылма, құрмалас сөйлемдер жиі кездеседі. Керісінше бұл жастағы балалар морфологиялық формаларды өте баяу меңгеретіндері байқалады. Балалар сөйлемдегі сөздерді көбінесе жалғау, жұрнақсыздар да айтады.

Сондықтан тәрбиешілер тіл дамыту сабақтарында жеке сөздерді жіктік, септік, тәуелдік жалғауларында қолдануды, түбір сөздерден сөз тудыру тәсілдерін үйретіп отыруға міндетті.

Сөздің грамматикалық құрылысын меңгерту арнайы сабақ түрінде емес, тіл дамыту сабақтарында қосымша, дидактикалық ойын (сөздік ойындар), түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асады. Мысалы, зат есімдерді көптік, септік жалғауларын қосып айтуға үйретуде «Кімге не керек?», «Не жоқ?», «Кім қайдан келді?» т.б ойындар ойнату қолайлы.

Сондай-ақ қазақ тілінде өз алдына жеке мағынаға ие болмайтын, басқа сөздерге қосылып көмекші мағына атқаратын - артында, үстінде, қасында, ішінде деген көмекші сөздерді үйрету қажет. Бұл үшін түрлі ойыншықтарды, қажетті заттарды әр түрлі жағдайда орналастырып баладан сұрау керек. Бала қайда? деген сұраққа жауап бере отырып, заттың кеңістікте орналасқан орнын сөзбен айтады. Мұнымен қатар «Жасырылған затты тап», «Орнынды тап», деген ойын өткізуге болады. Мысалы, ойыншық аюды не қуыршақты жасырып сұрағанда бала аю шкафтың үстінде, қуыршақ төсектің астында, немесе, доп столдың жанында, мысық үйдің үстінде отыр,- деп жауап береді. Сөйлемдегі орны бос сөздерді тауып сөйлем құрап айтуға үйретуде: Әжемнен хат келді. Мен қайттім (қуандым). Балапан ұшып кетті деген

сөздерге Қайдан? Қалай? Неге? деген сұрақтар арқылы балапанның ұшқан жерін, неге ұшып кеткен себебін айтқызып дұрыс.

Суреттер көрсетіп шығармашылық әңгіме құрату. «Бақша ауласында», «Ауылға барғанда не көрдік», «Қырман басында», «Жайлауда көргендерім», «Жидек тергенде», деген тақырыптарды алуға болады. Мұндайда бақша жағдайын, ауыл шаруашылығы мен табиғатын, қолда бар құралдарды ескеру қажет.

Ересек пен мектепке даярлайтын балалардың сөйлеуге белсенділігін арттыру мақсатында дидактикалық ойындар көп қолданылады.

Бұл ойындарда кейбір заттардың аты, ұқсастығы, сапасы, іс-әрекеті жөнінде қажетті сөздерді дәл тауып айтып, естеріне түсіріп жаттығады.

Үй жануарлары не істейді.

Сиыр қайтеді? Не істейді? – мөңірейді, шөп жейді, жайылады т.б.

Жылқы қайтеді? Не істейді? – кісінейді, шөп жейді, жайылады.

Ит қайтеді? Не істейді? – үреді, үйді күзетеді.

Мыналардың суреттерін беріп, ол туралы балаларға айтқызу қажет:

Мысық...

Қой...

Әтеш...

Ойын талабы: Сұраққа бөгелмей жауап беру. Жолдастарының айтқанын қайталамау. Бұл ереже баланы тапқырлыққа, зейінділікке үйретеді.

Дидактикалық ойындарда кейбір заттардың аты, ұқсастығы, сапасы, іс-әрекеті жөнінде қажетті сөздерді дәл тауып айтып, естеріне түсіріп жаттығады. Мысалы, адамдардың еңбек процесін білдіру үшін «Кім не істейді?» деген ойын ойналады. Мұндайда балалар әр мамандыққа байланысты суреттерді таңдап алып, өздері айтып береді немесе тәрбиеші айтқан сөздерге сөйлем құрайды.

Бала тіліне образды сөздерді қалыптастыру үшін оқу жылының екінші жартысынан бастап арнайы лексикалық жаттығулар жүргізіледі. Ол үшін «Сипатталған затты тап» (жасыл, бұйра, түрі ақ), «Қайсысы қалай дыбыстайды», «Мына заттар туралы сипаттап айт» ойындары пайдаланылады.

Балалардың сын есімдерді (салыстырмалы, күшейтпелі, шырай түрінде), сөйлеу процесінде үстеулерді қолдана білуге (жоғары – төмен, кеңірек – тарырақ, ұзын - өте ұзын, кең - өте кең) жаттықтыру керек.

«Кім көрген?», «Дәл тауып айт», «Кім саққұлақ?», «Кім жақсы айтады?» деген ойындар ойнату тиімді.

Тәрбиеші өзінің іс жоспарында ойын аттарын, сөздік материалдарының тақырыптарын көрсетуі керек. Мысалы, «Бұл кім?» деген дидактикалық ойында бала әр түрлі мамандық иелері жөнінде айтуы берулері тиіс. «Менің ойлағанымды тап» деген дидактикалық ойын балалардың сөзге белсенділігін арттырып, тапқырлыққа үйретеді. Мұндайда сөйлесу тақырыбы – үй жануарлары мен жабайы аңдар, бөлмедегі, бақша алаңындағы ойыншықтар мен мүліктер, өсімдіктер, көлік түрлері жайлы болғаны жөн.

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі ойынның маңызы қарастырылған. Балалардың психологиялық ерекшеліктерін негізге ала отырып, олардың ой-танымын, қиялын, тілін, ой-өрісін дамыту мақсат етілген. Тілі шыққан баланың балабақша табалдырығын аттағаннан кейін өмір тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері, тілінің дамуы ойын үстінде қалыптасады. Баланың ойлау әрекеті, балабақшада өтілетін сабақтарда, ойындарда, танымды әсері мол дидактикалық ойындарда әрбір нәрсенің мазмұнын, мәнін түсініп, ой-өрісі кеңиді. Ойын сабақтарда қиялы дамып, өздеріне таныс заттарын жаңа қырынан біліп тануы, атауларын дұрыс атай білуі, сипаттама бере білуі қалыптаса бастайды.

Ойынның сюжеті мен мазмұны. Балалар ойындарында айналасындағы шындықтың көп жақтылығын көрсетеді. Олар үй тұрмысынан үлкендердің іс-әрекеті мен олардың еңбектегі қарым-қатынастарынан көріністер көрсетіп, заман оқиғаларын бейнелейді. Көбінесе шындық – рөлді ойындардың сюжеті болады. Балалар араласатын өмір ауқымы неғұрлым кең болса, ойын сюжеті де соғұрлым алуан келеді. Сондықтан кішкентайлардың ойын сюжеттері шағын, ал мектепке дейінгі ересектердің ойын сюжеттері өте сан алуан. Ойын сюжетінің әр алуандығы артқан сайын ойын уақытының ұзақтығы да артады. Мысалы, 3-4 жастағы балалар ойынының ұзақтығы 10-15 минут қа болса, 4-5 жастағы балалар ойынының ұзақтығы 40-45 минутқа мектепке дейінгі жастағылар бірнеше сағатқа созылады.

Сюжетті ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті рөлді ойындардың ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті рөлді ойында бейнелеу құралы рөл мен ойын ойын әрекеттері болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Ойын кезінде балалар арасында ынтымақтастықтың белгілі бір түрлері пайда болады. Бірлескен ойында балалар қарым-қатынас жасау тілін, өз іс-әрекетін, басқалардың іс-әрекетімен үйлестіреді, өзара түсінуді, өзара көмектесуді үйренеді. Ойын үстінде балаларда тәжірибе алмасу пайда болады, ересектерден көмек сұрайды. Нәтижесінде ойын қызықты да сан алуан болады. Ойынға деген қызығу, оған қатысуға деген тілек балаларды өзара келісімге келтіреді.

Ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға ықылас пен ынтаны қоздырады. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқымен өзара қарым-қатынасын анықтайды және реттейтін ереже белгілейді.

Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Тәрбиеші балаларға жақын болуға, олардың ойындарының сүйікті қатысушысы болуға тиіс. Ойынның мазмұны мен ережесін, өзінің ойындағы рөлін пайдаланып, ойнаушылардың ынтасын басып тастамай, әдеппен ойынның барысын, олардың өзара қарым-қатынасын бағыттап отырады. Өзі де сол рөлге қатыса алады. Ойынның көп уақыты серуенде өтеді. Сондықтан аулада арнаулы құрылыстар, ғимараттар көптеген құрылыс материалдары, күректер, доптар, секіргіштер болуға тиіс. Ойын сонымен бірге оқу үстіндегі оқумен тығыз байланысты. Ойын ешқашан да өзінің қызықшылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті – рөлді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Балалар өміріндегі сюжетті-рөлді ойындардың орны. Мектепке дейінгі шақта ойын іс-әрекеттің басты түріне айналады. Алайда, бұл қазіргі баланың әдетте, көп уақытын өзіне қызықты ойындармен өткізетіндігінен емес, ойын баланың психикасында саналық өзгерістер туғызатындығынан болады. Мысалы, қолына түскен затпен қимылдар жасағанда немесе үлкендердің үйреткендерін орындағанда бала ойнап отыр деп жиі айтамыз. Бірақ, бала бір әрекетімен екінші әрекетті, бір затпен екінші затты бейнелегенде ғана нағыз ойын болады. Ойын әрекеті символикалық сипатта өтеді. Тек белгілі бір функция қалыптасатындығы неғұрлым айқын байқалады. Бала ойында заттарды ажыратып қана қоймай, сонымен қатар өзіне қандай да бір рөлді алады да соған сәйкес іс-әрекет жасай бастайды.

Драмалық ойындарда мазмұн, рөлдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжеті мен мазмұнына сәйкес болады. Ол сюжетті рөлді ойынға ұқсас. Драмалық ойында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек. Ол үшін ойынның шын болғаны дұрыс.

Дидактикалық құрылыс ойыны – балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді, алуан түрлі құрылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті-рөлді ойынға ұқсас келеді. Олардың

қайнар көзі біреу – қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде көпірлер, темір жолдар т.б. ірі құрылыстар салады. Құрылыс ойындарында олар қоршаған заттардың, құрылыстардың көшірмесін жасап, құр бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар өздерінің шығармашылық ойын жобалық міндеттердің өзіндік шешімін енгізеді.

Дидактикалық ойын кішкентай балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Оның арғы тегі ойынды өлеңмен, қимылмен ұштастыру негізінде көп нәрсеге үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасында жатыр. Мысалы: «Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық» ойынында тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін жамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті – қалпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойынның нәтижесі – қандай жолмен болса да ұту емес, балалардың білімді игеру, ақыл-ой қызметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерінің көрсеткіші. Дидактикалық ойындар топ бөлмесінде, аулада, залда, орманда өткізіледі. Дидактикалық ойынның орталығы – ойыншықтар мен ойын құралдары.

Қимыл-қозғалыс ойындарында балалар ұлттық санамақтарды, өлеңдерді, тақпақтарды дер кезінде қолданып, бірге оқып үйренеді. Мұндай ойындарда балалардың ептілігі (қолдың білезігі майысқақ, иілгіш икемді болады), қимылдың әдемілігі (әр түрлі түсті үйренеді, әрбір қимылды қайталайды) саусақ буындары, қол буындары дамып қалыптасады. Ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапалары (батылдықы, тапқырлық, достық, жолдастық, тәртіптілік) тікелей бағытталып тәрбиеленеді және дүниетанымдарын кеңейтеді. Қимыл ойындары – балаға дене тәрбиесін беру құралы. Балалардың жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алу қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке-психикалық дамуына, жеке басының, денсаулығының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойынында ережелер ұйымдастырушы рөл атқарады. Олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез-құлқын анықтайды. Қимыл ойындары үйдің ішінде және серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен өткізіледі. Олар, сондай-ақ, дене шынықтыру сабақтарының құрамына енеді. Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген көзқарасын, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын бүлдіршіндердің рухани-адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады.

Джадирова Шынар Ағалиевна

бастауыш сынып мұғалімі

Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация

Бастауыш мектеп балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру – әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан.

Түйінді сөздер: бастауыш мектеп, оқыту әдістері, салыстыру, дәлелдеу, сөйлеу мәдениеті.

Аннотация

Начальная школа дает ребенку не только знания, но и общеразвивает его, т. е. формирует правильное отношение к речи, чтению, окружающей среде, учит объективно наблюдать и анализировать ситуации, учит игре правильно говорить, сравнивать, доказывать, культуре речи. Совершенствование методов обучения для углубленной и целостной передачи знаний учащимся-индивидуальная задача каждого учителя. Пути формирования интереса и активности учащихся на уроке многообразны.

Ключевые слова: начальная школа, методы обучения, сравнение, аргументация, культура речи.представителям и т. д.) критериями, соответствующими целям и содержанию образования, способствующими формированию учебно-познавательной компетентности учащихся.

Ключевые слова: оценка, традиционная система оценивания, критериальное оценивание.

Annotation

Primary school not only gives the child knowledge, but also teaches him the general development, that is, the formation of speech, reading, correct attitude to the environment, the ability to objectively observe and analyze situations, the ability to correctly express the game, compare, prove, speech culture. Improving the method of teaching in order to provide students with a deep and thorough knowledge system is a personal task of each teacher. There are many ways to form students ' interest and activity in the classroom.

Key words: primary school, teaching methods, comparison, reasoning, speech culture.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру – әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан. Біздің міндетіміз – оқушыларға білім беруде жаңа технологиялар мен жаңаша оқыту әдістерін тиімді қолдану, білім сапасын көтеру, жан-жақты дамыту. Жаңа технологиялар баланы тек үйретуші ғана емес өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесіне дейін тәрбиелеуді мұрат тұтады. Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады. Оқушыларды ізденіске баулып өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Олардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады. Бастауыш сынып оқушылары жаны жаңалыққа құмар, барлығын игеріп, білгілері келіп тұрады. Сондықтан да жаңа технологияларды бастауыш сыныпқа пайдаланудың маңызы зор. Бүгінде бастауыш мектептерде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі

«Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту» технологиясы. Сонымен қатар «Ойын арқылы оқыту» технологиясын бастауыш сынып мұғалімдері жиі пайдаланады, себебі бастауыш сынып оқушыларын оқуға тек ойынмен ғана қызықтыруға болады. Ойын ойды қозғайды. Ойын – баланың интеллектуалдық ой-өрісін тереңдей түсуіне, шығармашылықпен ойлауына алып келеді, білім сапасын арттырады.

Мысалы сабақ барысында оқушылардың білімін шыңдау үшін «Адасқан әріптер», «Қызық сөздер», «Сөзден сөз тер» «Ғажайып шаршы» т.б. ойын элементтерін жиі қолданып отырамын.

«Адасқан әріптер» ойыны.

Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Ойын шарты: Берілген әріптердің орнын ауыстыра отырып, сөз құрау.

Мысалы:

қ, у, о, ы, ш – оқушы

т, п, і, к, а – (кітап)

і, і, б, л, м – (білім)

м, м, ғ, ұ, а, л, і – (мұғалім)

р, о, б – (бор)

қ, ы, а, з, к – (қазық)

а, ш, а, ғ – (ағаш)

а, л, а, д – (дала)

к, т, е, р, е, м, е – (керемет)

«Қызық сөздер» ойыны.

Мақсаты: логикалық ойлау деңгейін жетілдіру, сөз мағынасын түсіндіру .

Ойын шарты: Мына сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздердің теріп жазу. Сөз мағынасын түсіндіру.

Қолқанат Ішік Есек

Тымақ Қыран Балта

Нағашы Шұлық Қысым

Түс Балта Ұршық

Мысалы: Ішік – кіші

Өз тәжірибемде әр түрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға болатынына көзім жетті. Сабақты әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу оқушыларымыздың білімге, оқып-үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. «Қызығушылықты ояту» кезеңінде сөзжұмбақ шешу, «Мен бастайын, сен қоста», «Кім жылдам» ойынын, ал үй тапсырмасын тексеруде немесе өткенді пысықтауда «Ыстық орындық» әдісін қолдану арқылы оқушылардың білімін тексеріп отырамын. «Мағыныны тану» кезеңінде, яғни жаңа тақырыппен таныстыруда «Көр, жаз, тексер» әдісін жиі ұсынамын. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың ойын, қиялын, есте сақтау дағдысын қалыптастырады. Бұл әдістің мақсаты: есіктің сыртына жаңа сабақ тақырыбын ашатын мәлімет жазылады. Оқушылар біртіндеп шығып, оқып, есте сақтап, келіп қағазға жазады, соңынан тексереді. Соңында жаңа сабақтың тақырыбы ашылады.

Сабақтың қорытынды бөлімі «Ой толғаныс» кезеңінде эссе жазу, «Синквейн» стратегиясы», «Бес жолды өлең» құрастыру, «Артық затты тап» әдіс-тәсілдерін пайдаланамын. «Автор орындығы» әдісін шығармашылық жұмыс орындау барысында жүргізіп отырамын. Мысалы тақырыпқа сай ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру, арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру. Сабақты түрлендіріп өткізу оқушылардың сабаққа деген ынта-жігерін арттырады. Оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру белгілі бір бала бойында тұрақтылық пайда болып, шығармашылықты тудырады. Қабілетті ұштайды, дарынды оятады, нәтижелі жеке тұлға қалыптастырады.

Сабақ барысында оқушылар «Сәйкестендіру», «Екі» көпіршік» әдісі арқылы салыстыру, топтастыру, теріп жазу дағдыларын жетілдіреді. Логикалық ойлауын дамытатын ойындар мен берілген тапсырмаларды шешу, әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қою сияқты өздігінен орындайтын тапсырманы да белсене орындайды. Ұстаз қандай әдіс-тәсілді қолданса да, мақсат біреу – ол оқушыларға тиянақты да сапалы білім беру.

«Фишбоун» әдісінің тиімділігі берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді. Балықтың басына: зерттелетін, қаралатын, талқыланатын тақырып жазылады. Оң жақ қабырға сүйектеріне: анықтаған проблема себептері, тақырыптың негізгі мазмұндары мен түсініктері жазылады. Сол жақ қабырға сүйектеріне: проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілер жазылады. Балықтың құйрығына: анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындылау сұрағына жауап жазылады.

«Кубизм» әдісі (сұрақтар)

«Бес саусақ» әдісі.

1. «Бас бармақ» — басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?
2. «Балалы үйрек» — бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?
3. «Ортан терек» — ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?
4. «Шылдыр шүмек» — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?
5. «Кішкентай бөбек» — көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

Бұл әдісті сабақтың қорытынды бөлімінде кері байланыс жүргізгенде тиімді. Өйткені бүгінгі жасаған жұмысына талдау жүргізеді. Келесі жолы қандай өзгеріс енгіземін деп ойланады.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятатын, олардың ой-өрісінің, ауызша және жазбаша сөйлеу қабілетінің дамуына дәнекер болатын, өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын жұмыс түрі – топтық жұмыс. Мысалы «Постер» құру сияқты топтық жұмысты қолдану барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасады, дәлелдейді, өз ойларын ортаға салады. Пікірлер алмасу кезінде нәтижесінде оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді.

Сонымен бірге сабақтың ұйымдастыру кезеңінен бастап қорытынды бөліміне дейін диалогтық оқытуды қолдану балалардың тілін дамытуда көп көмегін тигізеді. Бұл жұмысты көбіне «НОУ ХАУ» әдісі арқылы өткізу өте тиімді, қызықты. Балалардың ойлау қабілетін дамытуда «Алты ойшыл қалпақ» әдісі кең пайдаланылады. Сабақ барысында аталған әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушының бойында өз-өзіне сенімділік ұялатады, өзге балаға қарап бой түзеуге ұмтылады, өзгені үйрете отырып, өзі көп нәрсені үйренеді, көшбасшылық қабілеттері қалыптасады. Қазіргі заман талабына сай өсіп келе жатқан жеткіншек жаңаша көзқарасқа тым жақын. Сондықтан оқушы қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз жөн. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келе айтарым, білім беру жүйесінің ең маңызды да күрделі сатысы – бастауыш сынып, сондықтан осы жаңа технологияларды пайдалана отырып, бастауыш сыныптарда білім сапасын көтеру білімнің басты негізі болып табылады.

Жайшибаева Ания Копжасаровна

технология пәнінің мұғалімі

Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Аннотация

Мақала оқушылардың ауызша, жазбаша тілін, ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту, әрбір ақпаратты сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сынап қарауы шығармашылық қабілеті туралы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы – әр оқушы сабаққа толық қатыстырылып, деңгейін анықтай алады. Бұл дағды Жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттырады, қызығушылығын оятады, сұрақ қойып, өз ойын еркін айтуға, ақпарат мазмұнын толық түсінуге жағдай туғызады. Оқытудың әр түрлі технологиясын қолдану жеке тұлғаның қоршаған ортаға, дүниеге өз көзқарасын қалыптастыруға жол ашады. Оған мысалы ретінде технология пәнінен өтілген біраз сабақтарды көрсетуге болады.

Түйінді сөздер: технология сабағы, сын тұрғысынан ойлау, оқыту әдістері, салыстыру, дәлелдеу.

Аннотация

Статья посвящена развитию у учащихся устной, письменной речи, мыслительной памяти, способности критически относиться к каждой информации, а также к своему и чужому творчеству. Развивая критическое мышление - каждый учащийся может быть полностью вовлечен в урок и определить уровень. Этот навык повышает познавательную активность личности, пробуждает интерес, создает условия для свободного самовыражения, свободного самовыражения, полного понимания содержания информации использование различных технологий обучения открывает путь для формирования у личности собственного отношения к окружающему миру, к окружающей среде. В качестве примера можно привести некоторые уроки, пройденные по предмету технология.

Ключевые слова: урок технологии, критическое мышление, методы обучения, сравнение, аргументация.

Annotation

The article is devoted to the development of students' oral, written speech, mental memory, the ability to critically treat each information, as well as their own and others' creativity. Developing critical thinking - each student can be fully involved in the lesson and determine the level. This skill increases the cognitive activity of the individual, arouses interest, creates conditions for free self-expression, free self-expression, full understanding of the content of information using various learning technologies opens the way for the formation of a person's own attitude to the world around him, to the environment. As an example, we can cite some lessons passed on the subject of technology.

Keywords: technology lesson, critical thinking, teaching methods, comparison, argumentation.

Жеке тұлғаға бағдарланған сабақтар жүйесі 12 жылдық білім мазмұнының негізгі өзегі – қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзіретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыт Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу барысында білім беруді модернизациялау жүзеге асырылып жатқаны белгілі.

Осыған байланысты әр түрлі педагогикалық технологиялар тәжірибеге енгізілуде. Тәжірибенің жаңашылдығы: компьютерлік технологияны қолдану арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, интерактивтік тақтаның мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру. Бүгінгі күні білімді егерту үшін барлық мүмкіншіліктерді пайдаланған дұрыс, сондықтан сабақ барысында қолданылатын осындай мүмкіншіліктердің бірі интерактивті тақта.

Бұндағы мақсат оқушыларды техникалық құралдармен жұмыс істеуге үйрету, дағдыландыру. Жаңа тақырыппен танысу барысында мәтінді интерактивті тақта арқылы оқи отырып, тапсырмаларды

орындаймыз. Қазіргі күні ғылым жеке тұлғаның психикалық дамуын қоршаған ортаның әсерімен, танымдық тәжірибе мен әрекетті меңгеру қабілетіне байланысты дейді. Бұл дегеніміз оқытуды дұрыс ұйымдастыру деген сөз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім және тәрбие алу үшін қажетті жағдайлар жасау;...оқыту және тәрбие берудегі жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымының, әр мұғалімнің күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Еліміздің дамуына үлес қосатын, әлеуметтік өркениетке көтерілетін, парасатты, денсаулығы мықты азаматты тәрбиелеу-ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы мерейлі міндеті.

Оқушылардың білім деңгейін арттыру дегеніміз оқушылардың білім сапасының арттыруы. Демек білім сапасы дегеніміз не? Оны қалай көтеруге болады? Елбасының халыққа жолдауында айтылғандай, білім сапасында да үлкен бәсекелестік керек. Ол үшін баланы таңнан кешке дейін оқыту міндет емес. Біліммен бірге тәлім берілуі қажет. Міне, осы қос ұғым бірінің жігін бірі басқарғанда ғана сапалы білім болатынын естен шығармау керек. Педагогика ғылымында «білім сапасы» ұғымына әр түрлі анықтамалар берілген. В.Панасюк мектептегі білім сапасы – оқу, тәрбиелік, әлеуметтік, психикалық және дене қабілеттерінің аспектілерінде тұлғаның әлеуметтік қажеттерін қанағаттандыратын қасиеттер жиынтығы деген анықтама береді.

В. Полонскийдің анықтамасы бойынша білім сапасы деп оқыту мен тәрбие мақсатын жоспарлауға сәйкес мектеп түлектерінің қолы жеткен білім, білік, ақыл-ой, дене және адамгершілік дамуының белгілі бір деңгейін түсіндіреді. Білім сапасының көтерудің бір жолы ол нақты білімдер мен танымдық әрекеттер беру. Білім сапасын көтерудің екінші бір үлкен мәселесі – бағалау. Ол оқушыны бағалауы және оқушының өзін-өзі бағалауы.

Технология сабағында оқушылардың білім деңгейінің арттыруын, яғни білім сапасының көтеру мақсатында қазіргі заман талабы шығармашылық мүмкіндіктерді іске асыратын жаңа технологиялардың бірін қолданамын. Ол «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» жобасы. Дэвид Клустер сыни тұрғыдан ойлау жобасын былай деп анықтайды:

- * СТО –бұл өзіндік, жеке ойлау;
- * СТО – сұрақтар мен шешетін проблемаларды айқындаудан ай басталады;
- * СТО – адам өзіндік шешім табатын және негізделген мысалдармен бекітетін нақты аргументтерге ұмтылады.

Сабақ барысында төмендегі мәселелерді шешуге тырысамын:

- Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауларын дамыту;
- Ой-толғанысқа белсенді араласу ;
- Білімді игейндарысруге жауапкершілікті арттыру :

Жалпы «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі Тірек-сызба, Венн диаграммасы, кластер, INSERT кестесі, ББҰ стратегияларын сабақтарымда қолданамын.

«**Сыни ойланудың**» өзіндік ерекшелігін анықтау үшін , ең бірінші «ойланудың» не екенін білу керек.Түсіндірме сөздікте , « ойлануға » мынадай анықтама беріледі :бұл-адамның өз ойын,көзқарасын,түсінігін айту, ортаға салу.

Есте сақтау – ойлау қабілетінің негізгі операциясы,онсыз оқу жүйесінің іске алуы мүмкін емес,бірақ сыни ойланудан ерекшеленеді.

«**Компьютердің**» есте сақтау қабілеті бізге қарағанда жақсы ,бірақ та біз білеміз оның есте сақтау қабілеті, ойлау болып табылмайды.

Түсіну - бұл да күрделі ойлау операциясы түсіну барысында адам басында күрделі интеллектуалды процесс болады , бірақ бұндағы адамды сыни ойлаушы деп атауға болмайды.

Деректерді есте сақтау және пікірлерді түсіну сыни ойлаудың бастапқы шарты болып табылады. Бұл ойлану жаңа, түсінікті ойлардың тексеру, бағалау, даму, қолдану барысында болады.

Осы идеяларды дамыту үшін оқытудың және тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай жасау, негізгі құндылық- оқушы және оның жеке тұлғасы. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани, азаматтық, басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Қазіргі кезде Джорж Соростың ашық қоғам институты мен «Сорос Қазақстан» қорының «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы кеңінен енгізіліп жүр. Сын тұрғысынан ойлау әдісі оқытуда дамыту технологиясына жатады. Бұл иллюстративті түсіндірмелі, ішнара іздену, пікір сайыс ойын, шығармашылық, өзін-өзі дамыта оқыту әдістерінің бірі.

Оқушылардың ауызша, жазбаша тілін, ойлау есте сақтау қабілеттерін, әрбір ақпаратты сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сынап қарауы шығармашылық қабілетін дамытады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы – әр оқушы сабаққа толық қатыстырылып, деңгейін анықтай алады; – Жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттырады; – Қызығушылығын оятады; – Сұрақ қойып, өз ойын еркін айтуға; – Мазмұнын толық түсінуге жағдай туғызады. – Әр сабақтарымда осы сын тұрғысынан ойлауды дамыта оқыту технологиясының элементтерін сабақтарымда тиімді қолданамын. Оқытудың әр түрлі технологиясын қолдану арқылы жеке тұлғаның қоршаған ортаға, дүниеге өз көзқарасын қалыптастыруға жол ашады. Жеке тұлғаның қиялын дамыту барысында оларды бақылуға, зерттеуге, ойлауға, сөйлеуге, ойын толық жеткізуге үйретемін. Оған мысалы ретінде технология пәнінен өтілген біраз сабақтарды көрсетуге болады.

«Бисквит қамырды дайындау технологиясында» оқушыларға «Бисквит» сөзіне байланысты көзқарастарын жазуға қсынады, оқушылар сөздерді дәптерге жазады. Ал спикер оларды дайын схемаға салады.

- көпірту
- көбек
- миксер
- ауа көпіршіктері
- бір бағытта қамырды илеу

Тағы бір шара – кластер, кластер – графикалық шара

Мысалы: «Мата тану» бөлімінде оқушылардан қай бағытта жұмыс істейтініміз жайлы сұраймын.

Өтіп жатқан тақырып бойынша оқушылар басқа мәселерді ұсынады: өлшем алу, модельдеу, машинатану, конструктор, пішу т.б осылай сабақ ақырын мағынаны тану бөліміне ауысады.

Сыни ойланудың бір шарты - оқып жатқан материал бойынша өз түсінігін қадағалау.

Инсерт шарасы

+ білдім

- басқаша ойладым, келісеімін

! жаңа

? түсінбедім, сұрақ бар

Мәтінді оқып немесе тыңдап болғандықтан кестені толтыру ұсынылады

Бұл деңгейде кластермен жұмыс істеу ұсынылады.

БББ белсенді түрде қабылдаудың басқа тәсілі

Естеріңе салыңдар, бұл тақырып бойынша не білесіңдер. Нақты жаз: «Білемін» бойынша оқушы оқушыларға қосымша мәліметті және әдебиетті қолдана отырып «Сақтандырудың дұрысы мен дұрыс емесі» кестесін толтыру.

Берілген технологияны қолданудың көрсеткіштері.

- «Технология» пәніне деген қызығушылығы арттыру
- Оқушы әр-түрлі жарыстарда мектепшілік көрмелерге қатысуға тілектерін білдіреді

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Білімдегі жаңалықтар. Ақпаратты-әдістемелік журнал № 2, 3, 4. 2011.
- 2 Қазақстан мектебі. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал № 3, 4, 5. 2009.
- 3 12 жылдық білім беру. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық талдамалық журнал. №1, 2012
- 4 Сынып жетекшісі. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №6, 2008.
- 5 Сын тұрғысын ойлау технологиясы. Муштавинская И.В №2, 2002,

Жантасова Ания Орынбаевна

биология пәнінің мұғалімі

Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

СҮЙЕКТІҢ МАКРО ЖӘНЕ МИКРОСКОПИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

(Қысқа мерзімді жоспар)

Аннотация

Мақалада жалпы білім беретін мектепте өткізілетін сабақты жаңартылған бағдарлама негізінде жоспарлау, атап айтқанда, қысқа мерзімді жоспар жасау тәжірибесі беріліп отыр. Жоспарда оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты, сабақ мақсаты, мұғалімнің және оқушының іс-әрекеті, сабақ кезеңдеріне қарай уақыттың жоспарлануы, тапсырмалар, өздік жұмыс, рефлексия т.б. жүйеленген.

Түйінді сөздер: қысқа мерзімді жоспар, жаңартылған бағдарлама, іс-әрекет, уақыт, тапсырмалар, рефлексия.

Аннотация

В статье представлен опыт планирования уроков, проводимых в общеобразовательной школе, на основе обновленной программы, в частности, составления краткосрочного плана. В плане систематизированы цели обучения в соответствии с учебной программой, цель урока, деятельность учителя и ученика, планирование времени в зависимости от этапов урока, задания, самостоятельная работа, рефлексия и др.

Ключевые слова: краткосрочный план, обновленная программа, действия, задания, время, рефлексия.

Annotation

The article presents the experience of planning classes in general education schools based on the updated program, in particular, drawing up a short-term plan. The plan systematizes the purpose of training in accordance with the curriculum, the purpose of the lesson, the activity of the teacher and student, the planning of time depending on the stages of the lesson, tasks, independent work, reflection, etc.

Keywords: lesson plan, short-term plan, updated program, activity, tasks, time, reflection.

Сабақтың тақырыбы: Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс «Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы».


Бөлім:	8.3В Қозғалыс
Педагогтің аты-жөні:	Жантасова А.О.
Күні:	09.02.22ж
Сыныбы:	8 А
Сабақтың тақырыбы:	Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс «Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы».
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу
Сабақтың мақсаты:	<u>Барлық оқушылар үшін:</u> Сүйектің химиялық құрамын біледі. <u>Көпшілік оқушылар үшін:</u> Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысын ажырата алады.
Құндылықтарға баулу:	Мәңгілік ел жалпы ұлттық идеясы бойынша Жалпылама бірдей еңбек қоғамы құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығын, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбек етуге.Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылық ояту 2 мин.	Ұйымдастыру кезеңі: 1.Оқушылармен амандасу, түгендеу. Сынып реттілігін қадағалау. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 3. Қауіпсіздік ережесін еске түсіру	Тыныштық сәті. Оқушылар баяу әнді тыңдап көздерін жұмып миларын тынықтырады, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.	Оқушылар тыныштық сәті арқылы көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.	Баяу әндер.
Үй тапсырмасы Жаңа сабаққа кіріспе	Үй тапсырмасын Қайталау. Жұмбақ өлендер. « Миға шабуыл » әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу түрлері беріледі. Әр оқушы өз оймен бөліседі.	Жұмбақ өлендер арқылы үй тапсырмасын қайталайды. 1. Сүйектердің жуандап өсуіне не әсер етеді? 2. Сүйектің микроскопиялық құрылысы деген не? 3. Сүйек қандай ұлпалардан тұрады? 4. Ол ұлпа сүйектердің қай жерінде орналасқан? 5. Сүйектердің микроскопиялық құрылысы деңгейі дегенді қалай түсінесіңдер?	Дискриптор: үй тапс. 2-балл Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен	Бағалау парақш. Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.

			мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	слайд
Сабак ортасы.Мағынаны ашу 20мин.	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп өзара жаңа сабақты ашады. Мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы мақсатымен танысады. Қолдану айдарындағы тапсырманы орындатады	1.Тапсырма Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады. Сүйек қабы-сіңірмен тығыз байланысып,сүйекке етті бекітеді.Сүйек қабының ішінде тамырлар,остеобласттар бар. Тығыз сүйек –Гаверсев каналдарынан сүйекті қоректендіріп О2 камтамасыз етеді қантамырлары өтеді.Лимфа жүйке талшықтары болады. Жілік май-қан тамырлары мен жүйке талшықтары бар.Эпифизикалық пластинка-сүйектің жуандап өсуін қамтамасыз етеді. Борпылдақ сүйек-негізгі заттары коллагенді талшықтардан тұрады.Қызыл кемік эритроциттер,сары кемікмайында май жасушалары орналасқан. 1.Остеобласттар 2.Остеоциттер 3.Остеокласттар Буын шеміршегі-бір сүйекпен екенші сүйекті жалғастыратын аралық.	Дескриптор: Жалпы -3 балл 1.Сүйектердің макроскопиялық және микроскопиялық құрылысын ажыратып сипаттайды. Тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап береді.	Тақырып бойынша интернет желісін пайдаланып видеоролик көру ДК экраны 8-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері.
	№9 зертханалық жұмыс. Сүйектің макро-және микроскопиялық құрылысы. «Сүйектің	Жұмыс барысы Мұғалім кальцийсіздендірілген және күйдірілген сүйектің химиялық құрамына байланысты қасиеттерін көрсетеді. Күйдірілген сүйекті сындырып көрсетіп, не себептен бұл морт сыңғыш, қандай жастағы адамдардың сүйектері		ДК экраны 8-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері.

	<p>химиялық құрамын» көрнекі көрсететін тәжірибе.</p>	<p>осындай қасиетке ие деп ойлайсыздар, жанған кезде бұл сүйектің құрамы қалай өзгерді сұрақтары арқылы талдау жасалады. Сүйек температураының әсерінен органикалық заттарын жоғалтып, құрамында бейорганикалық заттары қалғандықтан морт сынғыш болып келеді. Жасы ұлғайған адамдардың сүйегіндегі органикалық заттардың азаюына байланысты сүйектері морт сынғыш болып өзгереді, яғни құрамында органикалық заттары аз сүйектер морт сынғыш.</p> <p>Ал тұз қышқылына салып 24 сағатқа қалдырылған сүйекті майыстырып, байлап, созып көрсетіп, оның тұз қышқылында болғанын айта отырып, бұл сүйек қандай заттарын жоғалтты, не себептен ол майысқақ болып кетті, қандай жастағы адамдардың сүйектері осындай қасиетке ие деп сұрай отырып тұз қышқылының әсерінен сүйектің бейорганикалық заттарын жоғалтқаннан тек органикалық заттары қалып сүйек майысқақ әрі созылғыш болып өзгерді деген қорытынды шығарылады.</p> <p>Оқушыларға қолғап киіп, сүйектерді созып, майыстырып, сындырып көру ұсынылады.</p> <p>Демонстрациядан соң оқушылар өз қорытындыларын жазып қояды. Бір –екі оқушының жазған қорытындысын оқытып, сыныпта шағын талдау жасалып, кері байланыс беріледі.</p> <table border="1" data-bbox="662 1256 1217 1556"> <thead> <tr> <th>Сүйек түрі</th> <th>1.</th> <th>2.</th> <th>3.</th> </tr> <tr> <th>Сүйек қасиеттері</th> <th>Қыздырылған сүйек</th> <th>Кальцийсіздендірілген сүйек</th> <th>Табиғи сүйек</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Сүйек қандай заттардан тұрады?</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қаттылық</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>ілігіштік</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>созылғыштық</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>беріктілік</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Критерий:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сүйектің химиялық құрамын түсіндіреді. <p>Дескрипторлар:</p> <p>Кальцийсіздендірілген, күйдірілген, табиғи сүйектердің құрамындағы айырмашылықтарды түсіндіреді.</p> <p>Өртүрлі өзгерістерге ұшыраған және табиғи сүйектің қасиеттерін салыстырады.</p> <p>Жалпы - 3 балл</p>	Сүйек түрі	1.	2.	3.	Сүйек қасиеттері	Қыздырылған сүйек	Кальцийсіздендірілген сүйек	Табиғи сүйек	Сүйек қандай заттардан тұрады?				Қаттылық				ілігіштік				созылғыштық				беріктілік				
Сүйек түрі	1.	2.	3.																												
Сүйек қасиеттері	Қыздырылған сүйек	Кальцийсіздендірілген сүйек	Табиғи сүйек																												
Сүйек қандай заттардан тұрады?																															
Қаттылық																															
ілігіштік																															
созылғыштық																															
беріктілік																															

<p>Жеке жұмыс 5 мин</p>	<p>Өзара тексеріс жүргізе отыра оқушылар өзара бағалау жүргізеді. Оқушылардың сабақта жасаланатын жұмысы бойынша бағаланады. Бір бірін бағалау</p>	<p>I. Төменде берілген заттармен тұз қышқылының әрекеттесу реакция теңдеулерін жазыңыз А. металл магниймен В. металл кальциймен С. фосфор хлормен</p> <p>2.Өзгерісті жүзеге асырыңыз: А. $Mg-MgO-Mg(OH)_2-MgCl_2$ В. $P-P_2O_5-H_3PO_4$ С. $Ca-CaO-Ca(OH)_2$</p> <p>Жалпы-2 балл</p>	<p>Барлық оқушылар: Элементтердің физикалық және химиялық қасиеттерін біледі Кейбір оқушылар: Элементтердің физикалық қасиеттері біртекті емес екендігін түсінеді, өзгеру заңдылықтарын түсіндіре алады</p>	
<p>Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.</p>	<p>«Бір ауыз сөз» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Түімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.</p>	<p>Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б.</p>	<p>Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды.</p>	

Жұмақан Салтанат Жұмақанқызы
биология пәнінің мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

БУЛЛИНГ ҚҰБЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ, ТОҚТАТУ ШАРАЛАРЫ

Аннотация

«Буллинг» сөзі жаңа, әрі таныс емес болғанымен, бұл құбылыс қоғам пайда болғалы бар. Қазіргі таңда бұл құбылысқа осындай атау тағайындалып, осы құбылыс жайында көптеген зерттеулер жүргізіле бастады, яғни, қоғам бұл құбылыстың үлкен проблема екенін мойындап, оны шешуге бет бұра бастады. Бұл өте қуантарлық жағдай, себебі қоғам белгілі бір мәселені проблема деп таныса, ерте ма, әлде кеш пе, оның шешімін табады.

Түйінді сөздер: Буллинг, қоғам, құбылыс, проблема, шешу жолдары.

Аннотация

Несмотря на то, что слово «Буллинг» новое и незнакомое, это явление имеет место в обществе. В настоящее время этому явлению присвоено такое название, и по этому явлению начали проводиться многочисленные исследования, т. е. общество признало, что это явление является большой проблемой и обратилось к его решению. Это очень радует, потому что, если общество признает определенную проблему проблемой, рано или поздно она будет решена.

Ключевые слова: Буллинг, общество, явление, проблема, пути решения.

Annotation

Although the word "bullying" is new and unfamiliar, this phenomenon has existed since the emergence of society. Currently, this phenomenon has been given such a name, and a lot of research has been conducted on this phenomenon, that is, society has recognized that this phenomenon is a big problem and is starting to turn to its solution. This is very encouraging, because when society recognizes a particular problem as a problem, sooner or later it will be solved.

Keywords: bullying, society, phenomenon, problem, solutions.

«Буллинг» сөзі жаңа, әрі таныс емес болғанымен, бұл құбылыс қоғам пайда болғалы бар. Қазіргі таңда бұл құбылысқа осындай атау тағайындалып, осы құбылыс жайында көптеген зерттеулер жүргізіле бастады, яғни, қоғам бұл құбылыстың үлкен проблема екенін мойындап, оны шешуге бет бұра бастады. Бұл өте қуантарлық жағдай, себебі қоғам белгілі бір мәселені проблема деп таныса, ерте ма, әлде кеш пе, оның шешімін табады.

XXI ғасырда жаңа технология күн сайын қарыштап дамып, адам баласы оны игеріп қана қоймай, зардабын да шегіп жатыр. Бала психикасына кері әсерін балалардың өзін ұстауынан, қоршаған ортамен қарым-қатынасында, отбасындағы балаға мейірім мен махаббатың жетпеуінен экономикалық-әлеуметтік қажеттілігінің толық өтелмеуінің нәтижесі бала тәрбиесінен көрініс табуда. Кез келген топта немесе қоғамдық ортада шеттетілген немесе сол топтан психологиялық қысым көретін әлеуметтік қорғалмаған адамды кездестіруге болады. Әсіресе, мектеп оқушыларының арасында бұл құбылыс кеңінен етек жаюда.

Сонымен «Буллинг» дегеніміз не? Осы сөздің мағынасын толық ашып алайық.

Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін:

- адамды мазақтау, қорлау, тиісу
- оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру
- ол жайында өсек тарату
- оны менсінбеу немесе жалғыз қалдыру
- жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайда қалдыру
- ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру
- қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту.

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады. Қоғамдағы кең тараған буллинг түрлеріне де тоқтала кетсек:

Расисттік буллингке:

- біреудің нәсіліне, түсіне, нанымына байланысты басқаша көзқарас туындату;
- адамның нәсіліне қарай жағымсыз сөздер айту жатады.

Таптық буллинг - біреудің белгілі бір әлеуметтік мәртебесіне байланысты адамға жаман көзбен қарау. Мысалы, біреулер «жағдайы жоқ отбасынан», «толық емес отбасынан», «сәтсіз отбасынан» шыққан деп оқушыны жекелету.


Адамның сырт келбетіне қатысты буллинг - біреуді көпшілікке ұқсамағандығы үшін кемсіту, мысалы адамның шашы жирен болуы немесе қысқа бойлы болуы, я болмаса көзілдірік киіп жүргені үшін.

Жыныстық буллинг - адамның жынысына қатысты басқаша көзқараспен қарау. Мысалы, ұлдар қыздарға қарағанда жақсырақ деген оймен қыздарды келемеждеу. Не керісінше, қыздар жасай алатын кейбір нәрселер ұлдардың қолынан келмейді деген ұғым қалыптастыру.

Дінге қатысты буллинг. Біреуді дініне немесе нанымына байланысты қорлау немесе әдепсіздік таныту. Мысалы, киелі кітапты оқу, мешітке бару сияқты діни дәстүрлерді мазақ ету.

Ксенофобтық буллинг. Басқа елден келгендіктен, адамдарға қысым көрсету. Мысалы, орламандарды алуға болады.

Мүгедектерге қатысты буллинг. Адамды мүгедек болуына байланысты қорлау және оған тіл тигізу.



Буллинг қандай жағдайларға әкелуі мүмкін:

- уайымдау;
- ұйқының бұзылуы;
- тәбеттің болмауы;
- өзі жайлы жаман ойлау (өзіне өзі сенімділіктің күрт және тұрақты төмендеуі);
- сабақ үлгерімдерінің нашарлауы;
- «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ойлау өзін жалғыз сезіну;
- уайымға берілу немесе ашулану;
- қорқу, социофобия;
- өз-өзіне физикалық зақым келтіру, өлім туралы ойлау және ойлағанын іске асыру.

Буллингтен зардап шеккен оқушылар жай оқушыларға қарағанда суицидке 5 есе көбірек барады екен. Осы жерде адамдардың үлкен бір қателесіп жүрген ойы бар, қазіргі кезде суицидтің көбею проблемасын интернетке әкеліп тіреп қояды, иә, интернетте ол өлудің неше түрін көріп алатын шығар, бірақ «өлемін» деген шешім шынайы өмірде қабылданады.

Неліктен «Буллинг» адамның психикасына осынша әсерін тигізеді? Себебі адам социумда ғана тіршілік ете алады. Ал егер адамға сол социум «сен жамансың», «сен бізге керек емессің», «сенің болмағаның жақсы еді» десе, ол өзінің сол қоғамнан шектетілгенін ауыр қабылдап, ол адамға өлім туралы ой жиі келеді. Қазіргі кезде буллингінің адамның тұлғасына, психикасына әсерін бақылайтын көптеген зерттеулер жүргізілуде, нәтижесінде белгілі болғаны, отбасында зорлық-зомбылық көрген, бірақ социумдағы қарым-қатынасы жақсы балалардың психикасының қалпына келуі оңайырақ та, ал отбасында қандай керемет қарым-қатынас орнаған болса да, социуммен шектетілген баланың психикасының қалпына келуі ұзақ, әрі қиын. Көптеген адамдарда, мұғалімдерде «Ештеңе етпейді, өлмейді», «Өзі үшін өзі тұрып үйренсін» т.с.с. теріс пікір қалыптасқан. Ал енді елестетіп көрейікші, сол баланың орнына өзіңізді қойып көріңізші. Сіз таңертең жұмысқа келгеніңізде сізбен ешкім амандаспайды, мұғалімдер бөлмесіне кіргеніңізде барлығы орындарынан тұрып-тұрып кетіп қалса, өтіп бара жатқаныңызда сыртыңыздан мазақтап, күлсе, сыныбыңызға барғаныңызда барлық маңызды құжаттарыңызды жыртылған күйінде тапсаңыз және т.с.с. Қалай ойлайсыздар, ересек адамның өзі осындай қиыншылықтарға қанша шыдай алады? Көп болса 2 апта. Ал өзін қорғауды білмейтін, кімге айтарын, кім оны түсінетінін білмейтін бала ше? Үлкен адам ол проблеманы қалай шешеді? Ол мысалы жұмыс орнын ауыстыра салуы мүмкін. Ал мектеп оқушысы күннен күнге, жылдан жылға сол ортаға баруына тура келеді. Бұл бала психикасына қаншалықты үлкен жүк екенін көрсетіп тұр.

Сондықтан, осындай күрделі мәселеге назар аудару біздің міндетіміз. Оның шешімі қандай деген сұрақ туындайды. Жауабы – шығармашылық. Бұны түсіну үшін социумды түсініп алайық. Оқушылар

бірлескенге ұмтылады, бұл заңдылық. Егер де шығармашылыққа негізделген бірлесу болмаса, балалар автоматты түрде басқа затқа қарсы бірлеседі екен. Мысалы: параллель сыныпты баскетболдан, шахматтан, би жарысынан, т.б жеңеміз деп бірлеседі немесе сыныптағы киімі, жағдайы жаман балаға қарсы бірлеседі. Бірлесу – бұл адам табиғатының қажеттілігі, ал сол бірлесу шығармашылыққа бағытталған болуы – мұғалімдердің, соның ішінде сынып жетекшілерінің басты міндеті. Неліктен бұнда сынып жетекшісінің рөлі зор? Себебі балаға мектепте ең бірінші маңызды тұлға (авторитет) – сынып жетекшісі. Сондықтан, сынып жетекшілер буллингтің алдын алу үшін келесідей іс-шаралар ұйымдастыруы тиіс:

- барлық мектепішілік сыныптан тыс іс-шараларға балалармен бірлесе дайындалу керек;
- шеттетілген балаға маңызды рөлді тапсырып қою керек (мысалы, жүргізуші болу, немесе басты кейіпкердің рөлін сомдау).

Әрбір оқушымен жақын психологиялық контакт орнату тиіс, әр баланы өзіне жақын тарта біліп, жақын досы, сырласы бола білу керек. Әр балада қандай мұңы бар, қандай өмірлік проблемасы бар, соны білуге тырысу керек;

Өзінің буллингке қарсы позициясын айқын аңғарту керек. Оны қалай жүзеге асыру керек? Сөзбен емес, мысалы «Айдосқа тиіспендер, толық болса бола берсін, есесіне қандай жақсы адам» деп айтқан балаларға әсер етпейді. Шеттетілген балаларға өзіңіздің жақсы ниетіңізді, махаббатыңызды іс жүзінде, эмоцияңыз арқылы, қылықтарыңыз арқылы көрсетуіңіз керек.

Яғни, сыныптағы орнаған буллинг мәселесін сынып жетекшісі ғана шеше алады. Сынып жетекшіге осы мәселені шешуде басты көмекші мектеп психологы болып табылады:

Психолог маманның буллинг мәселесіндегі рөлі:

Әр сыныптан «Социометрия» әдісі арқылы шеттетілген оқушыны анықтау;

«Социометрия» нәтижесін сынып жетекшілеріне таныстыру;

Шеттетілген оқушының бойындағы қорқыныш, үрей, жалғыздық сезімдерін жою мақсатында жеке түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

Яғни, буллингтің алдын алу, буллингке түскен оқушыны социумға қосу, сыныпта адами құндылықтарға негізделген атмосфера қалыптастыру – сынып жетекшісінің міндеті. Оқушының жеке психикалық проблемаларын шешу – психологтың міндеті.

Буллингтің алдын алу немесе буллингті тоқтату бойынша жүргізілетін жұмыстар тізбегі:

Жұмыс келесідей кезекте жүруі тиіс, себебі кезегі ауысып кететін болса, жұмыс нәтижесіз болмақ:

1-қадам. Буллингтен зардап шегіп, шеттетіліп жүрген оқушыларды «Социометрия» әдісі арқылы анықтау, нәтижесін сынып жетекшілеріне таныстыру (Жауапты: психолог);

2-қадам. Сыныпта қандай да болмасын балалардың құқығының тең екендігін, ешкімнің ешқай баланы шеттетуге құқы жоқ екендігін оқушыларға ұғындыру. Шеттетудің қандай нашар қылық екенін, оған мұғалімнің белсенді түрде қарсы екенін балаға сезіндіру, сыныпта адами құндылықтарға негізделген қарым-қатынас орнату (Жауапты сынып жетекшілері);

3-қадам. Балаларды шығармашылыққа негізделген ұйымдасуға баулу (сынып жетекшілері);

4-қадам. Буллингтен зардап шеккен оқушылармен жеке психологиялық түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу (Психолог).

Буллингтің қоғамда кең етек алуына көптеген себептер бар. Өз кезегінде буллинг нәтижесінде балалардың ар-ождан бостандығы, жалпы адамдық және азаматтық құқықтары шектелуде. Қазақстан Республикасының Конституциясының 22-бабында көрсетілгендей әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар, оны иелену және басқа адамның ожданын қадірлеу - бірегей міндетіміз болып табылады. Әрбір оқушы Қазақстан Республикасының азаматы, болашағы. Ол өзі өмір сүріп жатқан қоғамда өзінің қажеттілігін, еркіндігін, бостандығын толық сезінуге құқылы. Алғашқы тәрбие ошағы отбасынан бастап балалар өзін бақытты сезінуге және мектеп қабырғасында да өзін жайлы сезінуі тиіс. «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болмақ» демекші еліміздегі әрбір баланың бақытты өмір сүруі сіз бен біздің қолымызда.

Ертуғанова Жанбота Ертуғановна
тарих пәнінің мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰСТАЗЫ

Аннотация

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Тәуелсіздікке 30 жыл толып отыр. Аз ғана мерзімде біршама табыстарға қол жеткізілді.

Түйінді сөздер: тарих, тәуелсіздік, бейбітшілік, мемлекет, келісім.

Аннотация

Казахский народ на протяжении многих веков боролся за свой суверенитет и независимость. Благодаря своим лучшим качествам: умению объединяться и организовываться в минуты угрозы, а также желанию жить в условиях мира, согласия и добрососедства с другими народами, он смог не только попасть под поток истории, но и восстановить свою государственность. 30 лет независимости. За небольшой срок удалось добиться значительных успехов.

Ключевые слова: история, независимость, мир, государство, согласие.

Annotation

The Kazakh people have been fighting for their sovereignty and independence for many centuries. Thanks to his best qualities: the ability to unite and organize in times of danger, as well as the desire to live in an atmosphere of peace, harmony and good-neighborliness with other peoples, he was able not to fall under the flood of history, but to restore his statehood. 30 years of independence. In a short period of time, some successes were achieved.

Key words: history, independence, peace, State, harmony.

Мен – көгінде көк байрағы желбіреген тәуелсіз Қазақстанның азаматшасымын!

Азияның кіндігінде орын тепкен, картадан ойып орын алған, ұлан-байтақ жердің иесі, «қазақ» деген ұлы халық перзентімін. Осындай ұлы халықтың ұланы болу бақытына мен қалай ие болдым?

Жерімізге көз тіккен жауыз жоңғарлармен 150 жылға жуық шайқасып, ата-бабамыз қасықтай қаны қалғанша жерімізді қорғап қалды емес пе? Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай сияқты батырларымыздың «Қайтсек те жауға бермейміз» деген ұранмен қол бастап, жауынгерлеріміздің рухын көтергені, Отанына деген махаббатын оятқаны бәрімізге аян. Батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі түрлі мемлекеттермен астасып жатқан ұлан-ғайыр даланы жат жұртқа бермеу үшін қайтпас қайсар батырларымыз жан аямай күресті. Елін, жерін жау аяғына тапталмай, сол туған жерінің қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рух жеңіске алып келді.

«Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер! Батырлар дүрілдеп өткен жер. Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер», -деп Мұқағали жырлаған бұл өлке нені көрмеді десеңізші! Ғасыр ағынымен қанды шайқасты да, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған бейбіт өмірді де, өзге мемлекеттердің үстемдік етіп, билік жүргізуін де, бірін-бірі жеуге дейін барған аштық заманды да, табиғаттың дүлей күшін де, бәрін-бәрін көрді, келешек ұрпаққа жетуі үшін тасқа қашап, хатқа қаттап, бәрін мәңгі өшпестей сақтап жазды.

Қазақ халқының іргесі сөгіліп, бірлігі мен ынтымағы кетпеуі жолында дала заңгерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер тер төкті. «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Бірлігі жоғары елді жау алмайды» деген қазақ халқының мақалдары да халқымыздың қашан да жұмыла бірлесіп ел тізгінін өзгеге бермегеніне дәлел бола алды.

XX ғасыр да қазақтар үшін өзінің қанды қылышын сүйретіп жетті. Бейбіт өмір орнап, жағдайымыз түзелді-ау деген шақта еліміз Кеңестік биліктің қатал ықпалына түсті. Сонда да тайынбай, еңсесін түсірмей тәуелсіздік алатынына сенімін жоғалтпаған ержүрек халқымыздың арасынан шыққан зиялы қауым өкілдері биліктің бұрыс жақтарын беттеріне басып, кемшіліктерін әшкерелеп, мемлекеттің еркіндігіне қол жеткізуге әрекет еткені үшін өлім жазасына дейін кесілді. Мұны

құлағымен естіп, көзімен көріп отырса да өзге жастар айтқанынан қайтпай, батыр баба ұрпағы екенін танытып, туған жерін өз жанынан биік қойды.

Ә. Бөкейхановтың «Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады» деген сөздері қазақтың тәуелсіздікке ұмтылудағы қадамының маңызын ұғындырады. Осындай ұлт жанашырлары Қазақстанды өз билігі өз қолында болатын, ежелден келе жатқан мәдениеті мен салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары толықтай сақталған мықты, ынтымағы жарасқан, егемен мемлекет ретінде көруді аңсаумен өтті. Тәуелсіздіктің бізге не бере алатынын түсінген асыл текті бабаларымыз оның жолында жан аямай күресіп бақты. «Осы кісілер тірі болғанда қалай болар еді?» деген сұрақ көкейімнен кеткен емес.

Тәуелсіздік жолындағы күрестердің бірі де бірегейі 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Қазақ жастары билік басшыларының шешімімен келіспегендіктен наразылық білдірді, Қазақстандағы билікті қазақ басқаруы керек деп кеңестік билікке ашық қарсы шықты. Алаңды өз қандарымен жуған жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында жаужүрек батыр ұрпағы екенімізді дәлелдеп, бодандықтан арылып, бостандықта өмір сүру бақытына ие болдық.

Осылайша көптен күттірген тәуелсіздікке қолымыз тек XX ғасырдың соңында ғана жетті. 1991 жылы еліміздің басшысы Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланып, еліміздің шынайы тарихының ақтаңдақ беттері ашылды, егемен ел азаматтарының құқықтарын, мемлекет заңдарын анықтайтын Конституция қабылданды. Әлем елдері тізімінде жаңа мемлекеттің аты жазылды. Қаншама жылдар бойына тәуелсіздікті армандап келген ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалды.

«Тарихты жеңген жазады» дейді емес пе, ендеше біздің ғасырлар бойы күрескен жеңісіміз көрінді. Ұлттық валютасы, Әнұраны, Туы және Елтаңбасының пайда болуы көгінде қыран еркін шарықтаған Қазақстанның ешкімге бағынышты емес екенін дәлелдеді. Тіл — ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі емес пе? Осыны ескерген көреген Елбасымыз мемлекеттік тілді қазақ тілі деп бекітті. Тәуелсіздік алуымыздың арқасында қаншама жыл бойы езгіге түскен ана тіліміз қайта жаңғырды. Кеңес Одағының құрсауынан босап, қыстан тұралап шыққан малдай, әлсіреген қазақ халқы ендігі кезеңде жаңа өмірге, өзгеше кезеңге аяқ басты.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынтымақтасуының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды» деген Елбасымыздың көреген сөздері ата-бабамыздың бойына біткен керемет қасиеттің құндылығы қашан да алға жетелеп, тәуелсіздікке алып келгенін көрсетеді. Тәуелсіздік таңы атқанына бүгінде 30 жыл толып отыр, осы уақыт ішінде Қазақстан өзін күллі әлемге танытып үлгерді. Аз ғана мерзімде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты да көреген саясатының нәтижесі ретінде орнады. Экономикасы дамып, халықтың жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге жетті.

Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғанда, осы дүние есігін ашқан күнәсіз пенделердің тал бесіктен жер бесікке дейін өз қалауынша тіршілік ету бақыты пайда болды емес пе? Сол бақытты жандардың бірі-менің де осындай мемлекетте тұруым маған жарқын болашақ сыйлап отыр. Заманның ауыртпашылығын көп көрген ата-апам өткен күннен естеліктерін айтқанда көзіме еріксіз жас ұялайды. Қазіргі бейбіт мемлекетте уайым-қайғысыз өмір сүріп жатқанымыз да осы тәуелсіздік арқасы екеніне тағы көз жеткіземін. Өткеннің асылдарының ыстық ықыластары дамыған Еуропаның, АҚШ-тың жоғарғы оқу орындарында білім алып, сонда алған білімімізді туған жерімізде қолдануды біздің алдымыздағы негізгі мақсат етіп қояды. Мен сияқты өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ үшін тәуелсіздіктің маңызы ұшан-теңіз екендігіне сенімім мол. Мен осындай елде туып-өскенімді мақтан тұтамын. Басқалардың қолы жете бермейтін тәуелсіздіктің бізге келгені-үлкен мақтаныш, дәреже, бақыт. Бүгіндері Қазақстан Республикасы тәуелсіз, еңсесі биік, басқа дамыған мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең егеменді мемлекет болып қалыптасты. Ата-бабамыздан қанмен берілген өжеттік, қайсарлық сияқты қасиеттер болашақ ұрпақты да тек алға, жаңа белестерге жетелейтіні анық.

Ибрагим Жұлдыз Амангельдиновна
биология пәнінің мұғалімі
Алматы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

СЫНЫПТАН ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕН ТЫС ЖАҒДАЙДА ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Аннотация

Мақалада экологиялық тәрбие берудің негіздері қарастырылған. Экологиялық тәрбие ұғымын кеңінен қарстыра отырып, экологиялық білім берудің маңызы түсіндірілген. Экологиялық тәрбие беруде шет елдік, ресейлік және отандық ғалымдардың, педагог-психологтардың зерттеулері мен көзқарастары келтірілген. Экологиялық тәрбие берудің маңызы мен мәні жан-жақты талданған. Жоғарғы сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берудің міндеттері мен шарттары көрсетілген. Оқу тәрбие жұмысында оқушыларға экологиялық тәрбие беру процесін тиімді ұйымдастыру жолы қарастырылған

Кілт сөздер: экология, процесс, тәрбие, экологиялық тәрбие, экологиялық білім.

Аннотация

В статье рассматриваются основы экологического образования. Разъясняя понятие экологического воспитания, разъясняется важность экологического образования. Представлены исследования и взгляды зарубежных, российских и отечественных ученых, педагогов и психологов в области экологического образования. Подробно анализируется важность и значение экологического образования. Уточнены задачи и условия экологического воспитания старшеклассников. Рассматриваются способ эффективно организовать процесс экологического воспитания учащихся в воспитательной работе.

Ключевые слова: экология, процесс, воспитание, экологическое воспитание, экологическое образование.

Оқушылармен экологиялық мақсаттағы ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарының маңызды шарттарының бірі – физиологиялық психологиялық ерекшеліктерін есепке алу болып табылады. Мысалы, төменгі сынып оқушылары білуге өте құмар болып келеді, олардың қызықпайтыны жоқ; аспан мен жер, күн мен жұлдыздар, су мен ауа туралы белгісі келеді. Ал сыныбы жоғарылған сайын экологиялық жағдайлар және өзгерістері туралы білгілері келеді. Балалардың табиғатқа жан-жақты қызығушылығын ескере отырып, мұғалім оларға бағыт береді. Осы мақсатпен зерттеудің жалпыға қолайлы әдісі - бақылау әдісі қолданылады. Экологиялық тәрбие беретін сыныптан тыс жұмыстардың аса маңызды шарты-балалардың еңбегінің қоғамдық пайдалылығын сезіну, табиғатты қарауға және оған жауапкершілік қатынасының қалыптасуын қадағалау. Егер оқушы өз еңбегінің табиғатқа пайдалы және қажетті екенін көрсе, онда ол жұмысты беріліп істейді. Сондықтан қандай болмасын жұмысты басталар алдында, ол істің практикалық маңыздылығын көрсетуге уақыт бөлу қажет.

Экологиялық тәрбие беру бағытында сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Оның көптеген түрлері мен формалары бар: мұғалім әңгімесі, пікірталас, экологиялық әдебиеттер мен басылымдарға шолу, тақырыптық кештер, роликті ойындар, компьютерлік экологиялық ойындар, эколог-мамандармен кездесу, конференциялар, табиғат туралы көркем-суреттерге конкурс, экологиялық плакаттар конкурсы, экологиялық кештер, мектеп мұражайы, туған өлке табиғатын зерттеу т.б.

Сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу мемлекетіміздің экологиялық саясатына сәйкес әрі оқу жүйелерінің жоспарына сәйкес өткізу мерзімі белгіленіп жоспарланады. Оның үстіне оқушылардың жас ерекшеліктерін, сынып деңгейлері қатаң түрде ескеріледі. Мәселен, төменгі сыныптар үшін “табиғат аясында”, “жыл мезгілдері”, “өсімдіктер әлемі”, “Жан-жануарлар әлемі”, т.б. тақырыптарды таңдау ұтымды болса, ал жоғары сынып оқушылары үшін тақырып күрделене түспек. Мәселен, “Табиғат қорғау заңын оқып үйренейік”, “Сирек аңдар мен құстарды қорғау”, “ Біз және экология”, “Арал мен Балқаш тағдыры”, “Палигон зардабы”, “Қызыл кітап”, “Әлемдік және жергілікті экологиялық проблемалар” т.б.

Сыныптан тыс экологиялық тәрбие беруде кинофильмдердің, мұражайлардың ролі ерекше. Табиғат және экология туралы фильмдер оқушылар үшін үлкен әсер қалдырады. Мәселен, “Балқаш тағдыры”, “Планетаға тіршілік”, “Қазақстан қорықтары”, “Табиғат және адам денсаулығы”, “Қор барысы” т.б. кинофильмдер.

Мектеп қабырғасында шығатын газеттер, плакаттар, табиғат қорғау туралы құжаттар оқушылардың шығармашылық еңбектері экологиялық білім мен тәрбие беруге бағытталады. Әсіресе, мектеп кітапханасында ай сайын табиғат қорғау және экология туралы әдебиеттердің көрмесі ұйымдастырылып, онда оқушылардың ұсыныс-пікірлері, шығармашылық еңбектері тыңдалады. Сол сияқты мектеп қабырғасында “Атамекен” және “Экокурьер” газеттерінің кезекті номерлері шығарылып Қазақстандағы экологиялық жағдайлармен ұдайы хабардар ету қажет.

Оқушылардың экологиялық білімін тереңдете түсуде табиғат аясының ролі өте зор. Өйткені табиғат аясында оқушылар теориялық білімдерін практикамен ұштастыра түседі. Сабақта оқыған өсімдіктер мен жануарлар дүниесін өз көздерімен көріп, олардың биологиялық және экологиялық ерекшеліктерімен танысады. Экологиялық тәрбие берудің мұндай түрлеріне мектеп жанындағы тәжірибе участоктері, ботаникалық бақ, зоопарк, ұлттық парктер, табиғат ескерткіштері, тарихи ескерткіштер т.б. жатады.

Оқушылар далалық саяхат барысында табиғат объектілерімен бетпе-бет кездесе отырып оның өзгеру себептерін, организмдердің көптүрлілігін қорғауды ұйымдастыруды, табиғатты тиімді пайдалануды, табиғатты аялауды т.б. терең сезініп, оларға деген аяушылық сезімі мен жауапкершілігі арта түседі. Оның үстіне өзін табиғатта қалай ұстау керектігін, табиғатты пайдалану тәртібін, табиғат қорғау құқықтарын сезінеді.

Экологиялық соқпақты мұғалімдер ұжымы бірлесіп ұйымдастыруы қажет. Оның алдын-ала жоспары жасалып, картасымен танысып, оның бойындағы табиғат объектілері зерттелінеді.

Экологиялық соқпаққа география, биология, экология, химия, тарих пәндерінің мұғалімдері қатысады.

Экологиялық соқпақтың негізгі мақсаты оқушылардың табиғи ортаджағы мінез-құлқын, этикасы мен экологиялық мәдениетін қалптастыру болғандықтан оның жауапкершілігі жоғары болады.

Экологиялық соқпақ негізінен саяхаттанушылардың үш категориясын қамтиды:

1. Педагогтар мен тәлімгерлер;
2. Оқушылар;
3. Табиғатты сүйуші көпшілік қауым.

Мектепте сыныптан тыс экологиялық жұмыстар:

1. Оқушылардың экологиялық білімі мен тәжірибесінің дамуы оқу іс-әрекетінде белсенділігін арттыруға, бағдарлама бойынша берілетін экологиялық мазмұндағы материалдарды тез меңгеруіне жәрдемдеседі

2. Сыныптан тыс экологиялық жұмыстарды өткізу және оған дайындық барысы оқушылардың табиғатқа бақылау жүргізуіне, қарапайым тәжірибелер жасай білуіне мүмкіндік береді.

3. Сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік мәні жоғары. Ол оқушыларың жеке басын табиғатқа деген сүйіспеншілігін және оның байлықтарын қорғау жөніндегі жауапкершілік сезімін қалыптастырып, табиғатқа деген жеке мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге көмектеседі.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күннің негізгі талабы мен мақсаты - табиғатты қорғау шаралары.

Кайырбекова Гульшат Оразбаевна
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Алматы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ АСПАНЫ АШЫҚ, ҰРПАҒЫ БІЛІМДІ

Аннотация

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Тәуелсіздікке 30 жыл толып отыр. Аз ғана мерзімде біршама табыстарға қол жеткізілді.

Түйінді сөздер: тарих, тәуелсіздік, бейбітшілік, мемлекет, келісім.

Аннотация

Казахский народ на протяжении многих веков боролся за свой суверенитет и независимость. Благодаря своим лучшим качествам: умению объединяться и организовываться в минуты угрозы, а также желанию жить в условиях мира, согласия и добрососедства с другими народами, он смог не только попасть под поток истории, но и восстановить свою государственность. 30 лет независимости. За небольшой срок удалось добиться значительных успехов.

Ключевые слова: история, независимость, мир, государство, согласие.

Annotation

The Kazakh people have been fighting for their sovereignty and independence for many centuries. Thanks to his best qualities: the ability to unite and organize in times of danger, as well as the desire to live in an atmosphere of peace, harmony and good-neighborliness with other peoples, he was able not to fall under the flood of history, but to restore his statehood. 30 years of independence. In a short period of time, some successes were achieved.

Key words: history, independence, peace, State, harmony.

Қазақстан – бүкіл қазақ халқының атамекені, кіндік қаны тамған киелі жері. Ата –бабамыздың ұлан-байтақ жері мал шаруашылығына қолайлы болғандықтан, төрт түлік малды бағып – қағып, соның өнімін қажетіне жаратып, күн кешкен қарапайым халық болды. Миллиондаған малымен кең байтақ далада емін-еркін көшіп жүргендіктен болар, қазақ халқы о бастан ақпейіл, жомарт, дархан болды.

Өткен тарихқа көз жүгіртер болсақ, бұл даланың тауы күрсініп, тасы қақ айырылар еді. Не көрмеді бұл дала?! Даласын жауынан, ұлтын қан сасыған қақтығыстардан сақтап қалу үшін ата-бабамыз батыстан шығысқа, шығыстан батысқа үдере көшумен болды. Әріде Абылай, Қабанбай, Бөгенбай батырлар мен Исатай, Махамбеттер елін, жерін жаудан қорғау жолында «Қара қазан, сары бала қамы үшін», толарсақтан саз кешіп жүріп, қасық қандарын қиса, бертінде Алаш атын сақтап қалу үшін жұртына «Оян қазақ!» деп ұран салып, маса боп ызыңдап, қараңғы халықтың санасын оятуды мақсат етіп, бебеу қаққан арыстарымыз М.Дулатов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтар арыстанша алысып жүріп өмірден өтті.

Тарих-өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге өнегесі, қазақ жері қасиетті, өйткені ата-бабаларымыз бізге бірліктің, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп, атының тұяғымен дүбірлетіп өткен атамекенін аманат етіп қалдырды. Иә, «Тақымымызға бір тисе» деп арман еткен тұлпардың қолымызға ер-тұрмансыз, нокта-жүгенсіз түсіп, жалына ғана жалаң қолмен жармасқанымызды ұмытпағанымыз жөн.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы шын мәнінде, қазақтың ұлт тәуелсіздігі жолындағы ең соңғы күресі еді. Дүниені дүр сілкіндірген бұл оқиға қазақ жастарының еркіндікке, демократиялық жүйеге ұмтылысының беташары болды. XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген алаш жастарының қайрат-жігерін осы желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың бойынан көруге болады. Тәуелсіздік жаршысы, желтоқсан оқиғасының батыры Қайрат Рысқұлбеков: «Еркек тоқты-құрбандық, атам десең, атыңдар!»-деп қасқа қарсы тұрып, ар-намысын сақтап қалды. Сондай батыр ерлердің арқасында Қазақстан бүгінгі таңда ата-бабамыз армандап кеткен «Тәуелсіздік» деген қасиетті ұғымға ие болып отыр.

Тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің арқасында қаншама жыл бойы езгіге түскен ана тіліміз қайта күш алып жаңғырды. Кеңес Одағының құрсауынан босап, әлсіреген қазақ халқы жаңа өмірге қадам басты.

Тәуелсіздіктің таңы атқанына міне 30 жыл толып отыр, осы уақыт ішінде Қазақстан өзін күллі әлемге танытып үлгерді. Аз ғана мерзімде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Н.Назарбаевтың ұстанған сарабал саясаты, даналығы, парасаттылығы, еліне деген ерен еңбегі - біз үшін үлгі-өнеге! Жастардың шет елдерде оқып, сол жерде алған білімдерін Отанымызға қолдануға мүмкіндік пайда болды. Осындай тыныш, тәуелсіз, ашық аспанды заманда өмір сүріп жатқаныма қуанамын. Қазіргі бейбіт мемлекетте уайым-қайғысыз өмір сүріп жатқанымыз тәуелсіздігіміздің арқасы екенін тағы да айтқым келеді. Өскелең ұрпақ үшін тәуелсіздіктің маңызы зор. Бүгінде Қазақстан Республикасының еңсесі биік, тәуелсіз, басқа мемлекеттермен терезі тең, керегесі кең егеменді мемлекет болып қалыптасты. Тәуелсіз еліміздің туы күннен-күнге биіктеп, халықаралық аренадағы беделінің күн санап артып келе жатқаны көңілімізге қуаныш ұялатып, қиялымызға қанат қақтырады.

Қорыта айтқанда, тарихымыз бай, бүгінгіміз баянды, ертеңіміз жарқын боларына кәміл сенемін. Тек қолға қонған бақыт құсын үркітіп алмай, жұмыла кірісіп, кеңесіп шеше білсек, болашақтың таңы жарқын! Ендеше, бүгінгі «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманда аға ұрпақтың ерлік істерін жадымызда сақтап, «Отан» деген қасиетті мекенді, ата-бабамыздың көздің қарашығындай сақтап келіп, ұрпағына аманат етіп қалдырған кең байтақ жерімізді, ана тілімізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, аялап, қастерлей білу - біздің перзенттік парызымыз. Еліміздің дамыған елдермен терезесі тең болып қарыштап өркендеуі – жас ұрпақтың қолында.

ӘОЖ 37.013

Калиева Жанар Торехановна

мектеп директоры

Алмалы ОМ КММ

Алматы облысы Сарқан ауданы Алмалы ауылы

**МЕКТЕПТІҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ: «БІРЛЕСЕ ЖОСПАРЛАУ АРҚЫЛЫ
«ҮШТІК ОДАҚТЫҢ» ЖҰМЫСЫН ЖАҚСARTУҒА БОЛА МА?»**

Аннотация

Мақалада әріптестерімен үнемі тәжірибе алмаса отырып, мектепте оқушы үні мен ата-аналар пікіріне мән беру, санасу, үнемі ұстаздардың кәсіби біліктіліктерін көтеріп отыру (курстардан өту, өзара үйрену), оқушыларға дұрыс бағыт-бағдар беріп қызығушылықтарын арттыру, ата-аналармен ынтымақтастықты дамыту туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: жоспар, даму, жұмыс, мектеп.

Аннотация

В статье рассказывается, как обратить внимание на голос учащихся и родителей в школе, постоянно повышать профессиональные навыки педагогов (курсы, взаимное обучение), направлять учащихся в нужное русло, повышать интерес, развивать сотрудничество с родителями, без постоянного опыта работы с коллегами.

Ключевые слова: план, развитие, работа, школа.

Annotation

The article tells how to pay attention to the voice of students and parents in school, constantly improve the professional skills of teachers (courses, peer learning), guide students in the right direction, increase interest, develop cooperation with parents, without constant experience with colleagues.

Key words: plan, development, work, school.

Мақсаты: Әріптестерімен үнемі тәжірибе алмасады, мектепте оқушы үні мен ата-аналар пікіріне мән беру, санасу, үнемі ұстаздардың кәсіби біліктіліктерін көтеріп отыру (курстардан өту, өзара үйрену), оқушыларға дұрыс бағыт-бағдар беріп қызығушылықтарын арттыру, ата-аналармен ынтымақтастықты дамыту.

Басымдықтар:	Табыс критерийлері:		
	Оқушы	Мұғалім	ата-аналар
Жаңа тәсілдерді пайдалану және оқушылардың білім берудегі жеке қажеттіліктерін ескеру арқылы белсенділіктерін арттыру.	Оқушылардың 8 %-ының ішкі мотивациясы артады. 12 % оқушылардың сабағы жақсарады.	Мұғалімдердің 15% оқушы үнін күнделікті ескереді. Мұғалімдердің 25% ҚМЖ-ның жаңа үлгісін қолданады. Сабақтарында саралауды қолданады.	Ата-аналардың 20% белсенділігі артады. Ата-ананың 20 % қарым-қатынасы жақсарады
LS топтары жұмыстарын тұрақты жүргізу, жоспарын бекіту.	Оқушылардың 55%-ында оқуға деген қызығушылықтары артады.	Мұғалімдердің 45%-ы ЛС топтарының жұмысына тұрақты түрде қатысады. командада жұмыс істеу дағдысы артады.	Ата-аналардың 60%-ы баласының оқуына қолдау көрсетеді.
Мектепте сенімді, ынтымақты орта қалыптастыру.	Оқушылардың 50 бірлесе жұмыс жасау дағдысы қалыптасады	Мұғалімдердің 25 % үштік одақ ауқымды қарым-қатынас орнатады. Мұғалімдердің 25 % жағымды орта құрып,	10% Бірлескен жұмыстың маңызын түсінеді Ата-ананың 25% тығыз қарым-

		<i>бірлесе әрекеттеседі, жауапкершіліктері артады.</i>	<i>қатынаста болады. ата-аналардың 25% «Адал ұрпақ» клубының жұмысына қатысады.</i>
4. Оқушы үнін мектеп өмірінде және сабақты жүргізуде ескеру.	Оқушылардың 30% өзіне сенімділігі, сабаққа қызығушылығы оянып, білім сапасы артады	Балаларының 30% мұғалімнің жазған кері байланысынан хабардар болады	Мұғалімдердің 40% өз жұмысында оқушы үнін ескереді

МДЖ-да қарастырылатын іс-шаралар бағыттары: жоспарлау, іске асыру, өзгерістерді бағалау (эволюциялау)

№	Іс-шара Нысана	Мақсат	Күтілетін нәтиже	Жауапты	Өткізілетін күні	Мониторинг	Ресурс
Ұйымдастыру кезеңі							
1	Кезектен тыс педагогикалық кеңес. Ұжымды МДЖ-мен таныстыру, талқылау өзгеріс енгізу	Ұжым өзгеріс енгізеді	МДЖ-ны бекіту	Директор	2020	Хаттама, есеп	Ұжым
2	ӘБ отырысы. «Мектеп өмірінде нені өзгерткіңіз келеді?» кіріс сауалнамасын алу.	Мектептің өзекті мәселелерін анықтап алу	Мұғалім жұмысын жақсарту, қадамдарын айқындау	ӘБЖ	2020	Фото, сурет, сауалнама	Сауалнама
3	ӘБ отырысы. Сауалнама нәтижелерін талқылау	Мұғалімнің жұмысының сапасын арттыруда қолдау көрсету	Даму жолдарын, бағыттарын айқындау	ӘБЖ	2020	Хаттама, фотосурет	Мұғалімдер, сауалнама
4	ӘБ отырысы. Мұғалімдердің жеке жұмыс жоспарын бекіту.	Мұғалімнің жұмысының сапасын арттыруда қолдау көрсету	Даму жолдарын, бағыттарын анықтау	ӘБЖ	2020	Жоспар, есеп	Мұғалімдер жоспар
Негізгі бөлім							
№	Іс-шара	Мақсат	Күтілетін нәтиже	Жауапты	Өткізілетін күні	Мониторинг	Ресурс
1	«Оқушылар үні» Ережелерін құрастыру және бекіту, виртуалды бұрышын ұйымдастыру	Оқушы үнін ескереді	Ережені бекіту	Мектеп әкімшілігі	2021	Скриншот	Ұжым
2	ӘК. Жоспарда кесте құру, бекіту	Жоспарға өзгеріс енгізеді	Өзгертілген жоспарды бекітеді	Мектеп әкімшілігі	2021	Жоспар Ереже	Ұжым,
3	Вебинар «Қарым-	Мұғалімдердің оқушылар	Мұғалімдер қарым-қатынас	Ұжым	2021	Фотосурет Жоспар	Ұжым

	қатынас құпиясы»	және ата-аналармен қарым-қатынас барысында нені ескеру керектігін және әдептілік сақтау жолдарын меңгерту	психологиясы мен әдебін меңгереді				
4	«Мамандықты дұрыс таңдау-табысты өмір кілті» тақырыбында қашықтан ақпарат алаңын ұйымдастыру	Кәсіптік бағыт-бағдар беру	Оқушылар мамандықты дұрыс таңдап, грант иегері болуға ұмтылады	Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекші Ата-аналар	.2022	Түлектер тақтасы, әлеуметтік желі «Мамандық таңдау» чаты	Сриншоттар мен фотосуреттер
5	Вебинар: «Баланың оқуға деген қызығушылығын арттыру жолдары»	Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырудың жолдарын үйрету	Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырудың жолдарын біледі	Ұжым	2022	Рефлексиялық жазба, үлестірме материал	Сынып жетекшілері, ата-аналар
6	Тәжірибе бөлісу алаңы. Сабақта жоспарлауда ата-ана мен оқушы үшін ескеру арқылы нәтижеге жету.	ҚМЖ құру барысында ата-ана мен оқушы үшін ескеруді үйрену, саралауды қолдану дағдысын қалыптастыру	Мұғалімдер ҚМЖ-ны жаңаша жоспарлайды.	Мектеп тренері	2022	Ереже	Пән. мұғалімдері
7	ӘБ. LS зерттеу топтарын құру	LessonStudy ерікті тобын құру.	LessonStudy топтарының жұмыс жасау бағыттарын айқындау.	Мектеп директоры	2023	Хаттама, скриншот	LessonStudy топ мүшелері, Скриншот
8	Сабақты бірігіп жоспарлауды ұйымдастыру	LessonStudy топтарының жұмыс кестелерін анықтау	LessonStudy топтарының жоспарларын бекіту	Мектеп тренері	Үнемі	Есептер	LessonStudy топ мүшелері
10	ӘК.LS жұмысын қорытындылау, жақсарту, талдау.«Жетіс» «Алмалы», «Басқан», «Сарқан»	LS жұмысын қорытындылап, баға беру	LS жұмысын қорытындылап одан әрі жоспарлау.	Мектеп тренері	2023	Слайд, есеп, ашық сабақ видеосы	LS топ мүшелері

	ерікті топтарының есебі.						
12	Ә.К. Тәлімгерлік жұмысының ережесімен танысу, бекіту	Ережемен танысу, өзгеріс енгізу	Ережені бекіту	ӘБЖ Н.Ж.	2023	Ереже	Тәлімгерлер мен тәліптер
13	ӘБО Тәліп жоспарымен танысу, бекіту.	Тәліп жоспарымен танысу, өзгеріс енгізу.	Жоспарды бекіту	ӘБЖ Ж.Т.	2023	Тәліп жоспары.	Тәлімгерлер мен тәлім
14	Вебинар: «Сабақта тиімді кері байланысты қалай ұйымдастыра аламыз?»	Жағымды кері байланыс беру қадамдарымен танысу	Тиімді кері байланысты ұйымдастыра алады.	ӘБЖ С.Ж.	2024	Іс-шара жоспары, скриншот	ӘБ мүшелері
15	Онлайн байқау «Мен үйдемін! Біз біргеміз!» тақырыбында оқушылар арасындағы онлайн байқаулар	Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қашықтықтан тәрбие жұмыстарын жандандыру	Оқушылар уақыт тарын тиімді ұйымдас тырып, салауатты өмір салтын ұстанып бір-біріне үлгі болады.	Сынып жетекшілер	2024	Әлеуметтік желілер мен сынып чаттары	Үштік одақ
16	Пікірталас «Қашықтан оқыту барысындағы тиімді тәсілдер» тақырыбында оқушылар арасында пікірталас	Оқушылармен сұхбаттасу	Оқушылар қашықтан оқыту барысында тиімді тәсілдерді талдайды, мұғалімге өз үндерін ашық жеткізеді	Сынып жетекшілер бірлестігі К.Т	2024	Пікірталас жоспары. Арнайы дайындалған сұрақтар. Скриншот	8, 9, 10 сынып оқушылары. Пән мұғалімдері.
17	Ата-аналар мен оқушылардың ұстаздарға арнаған вертуалды пікірлері	Ата-аналар мен оқушылар өз ұстаздарына деген пікірлері мен құрметтерін ашық жеткізу.	Ұстаздар тәрбие жұмысының мақсатын саналы түсініп, оны жан-жақты талдайды	Ұжым	2024	Әлеуметтік желілердегі ашық хаттар мен бейнероликтер	Үштік одақ
18	Онлайн байқау: «Менің мектебім және отбасым» эссе, сурет көрмелері, бейнероликтер.	Оқушылардың отбасы мен мектеп және ұстаздарына деген сүйіспеншіліктерін дамыту.	Оқушылардың бірлесе жұмысы арттады.	Пед. ұйым	2024	Байқау ережесі	Барлық оқушылар
19	Ашық пікір алаңы	Ата-аналармен онлайн пікірталасу.	Балаларына қолдау көрсетеді және оқу тәрбие үрдісін	Сынып. жетекшілер, мектеп	2024	Кесте, скриншот	Ата-аналар

			дамытуға өз үлестерін қосады.	әкімшілігі			
Қорытынды бөлім							
20	TALIS сауалнамасын алу	Мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуы, мектепті басқару және оқыту сапасын анықтау	Мұғалімдердің кәсіби дамуы мен мектепті басқару саясаты, оқыту сапасы халықаралық зерттеу	К.Ж. Т.	2024	Сауалнама нәтижесі, фото	Сауалнама Барлық мұғалімдер
21	ӘК. LS жұмысын қорытындылау, жақсарту, талдау. «Жетісу», «Алмалы», «Басқан», «Сарқан» ерікті топтарының есебі.	LS жұмысын қорытындылап, баға беру	LS жұмысын қорытындылап одан әрі жоспарлау.	Мектеп тренері	2024	Слайд, есеп, ашық сабақ видеосы	LS топ мүшелері
23	Тәжірибе алмасу алаңы. Тәлімгер мен тәліп жұмысын қорытындылау, талдау.	Тәлімгер мен тәлім алушының жұмысын қорытындылап, баға беру	Тәлімгер мен тәлім алушының жұмысын қанағаттанарлық деп табу.	ОІЖО	2024	Есеп, слайд	Тәлімгер мен тәлім
24	Шығыс сауалнамасы: Мектеп тәжірибесіне енгізілген өзгеріске мұғалімдер, оқушылар, ата-аналардың көзқарасы.	Мұғалімдер, оқушы ата-аналар мектептегі оқыту үдерісіне енгізген өзгеріске өзіндік баға беруі, сыни көз қарасын анықтау	Үштік одақтың бірлескен жұмысы арқылы ынтымақтастық орта қалыптасады	Мектеп әкімшілігі	2024	Рефлексиялы ққолжазбалар	Мұғалімдер 30% Ата-аналар 30% Оқушылар 50%
25	Кезектен тыс ПК. МДЖ нәтижелерін талқылау. Болашаққа бағытталу.	Өзгертілген МДЖ ы іске асыру Жіберілген қателіктер қандай жауап алу	МДЖ дағы жоғары ұйымдастырылған тәжірибе алмасу	Кемшіліктерді жою	2024	Хаттама	Барлық мұғалімдер Директор

Тұжырымдама: «Үштік одақтың» жұмысын жақсартуға бола ма?» жұмысымның басын ұжымымды даму жоспарымен таныстырып, мақсаттарына жету жолдарын талдап көрсетуден бастадым. Ұстаздар қауымын сауалнама сұрақтарымен таныстырып, уатсап желісі арқылы жіберу ұсынылды. Сауалнама нәтижесінде мектептің әлсіз және күшті жақтарын анықтай отырып, талдау жасалды. Соның негізінде мектептің негізгі басымдықтарын анықтадым. Соған байланысты мектептің даму жоспарын құрдым. Басымдықтарды басшылыққа ала отырып, мақсатын шығардым. Мақсатқа жету жолының нәтижесін жобалап келтірдім (табыс критерийлері). Бұл жоспардың қаншалықты

жүзеге асатынын болжау арқылы жасадым. Жоспарлау барысында әр түрлі себептерге байланысты өзгерістер болатынын байқадым. Жоспардың мазмұны өзгермеседі, іс-шаралардың өту әдістері өзгеретінін басшылыққа алдым. «Мен үйдемін!, Біз біргеміз!» тақырыбында оқушылар арасындағы онлайн байқаулар мен «Мамандықты дұрыс таңдау - табысты өмір кілті» тақырыбында қашықтан ақпарат алаңын ұйымдастыру және оқушылар мен ата-аналардың үндерін ескеруге арналған онлайн ашық пікір алаңдарын өткізу барысы үштік одақ жұмысының маңыздылығын көрсетеді деген сенімдемін.

Мектептің даму жоспарын аяқтаған соң мектеп ұжымының чатына алдына ала салып, таныса берулерін сұраймын. Жоспарымның бірінші қадамдарын ережелермен бастадым. Мектептің даму жоспарын іске асыра отырып, мектеп ұжымын бірлескен жұмысқа жұмылдырып, бір-біріне жағымды кері байланыс беру, оқушы үнін тыңдау, ата-ана пікірін басты назарда ұстау, әрекеттерге рефлексиялық талдау, саралау, кәсіби сұхбат жүргізу сияқты өзгерістерді жүйелі жүргіземіз деген ойдамын. Жасаған жұмыстарына үнемі қолдау көрсете отырып, мектептің білім беру үдерісіне елеулі өзгеріс енгізіледі деген сенімдемін.

37.013.77

14.25.05

Каптагаева Алия Жумабековна
магистр-психолог, №1 ОМ бастауыш мектебі,
Қайназар ауылы Жамбыл ауданы Алматы облысы

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Аннотация

Мақалада Ахмет Байтұрсыновтың сол кездегі ана тілін оқытуға байланысты мәселелерге шолу жасалып, оның әдіскер ғылым ретінде қалыптасуына өз кезіндегі әдістеме ілімінің әсері, әліппесі мен оқулықтарының жалпы сипаттамасы, олардың әдістемелік негіздері сөз болады. Сондай-ақ, А. Байтұрсыновтың ғылыми-әдістемелік еңбектерінің жазылу жайы, оның қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаудағы рөлі, еңбектерінің бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығы қарастырылған.

Кілт сөздер: ғылым, мұра, халық, педагогика.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы, связанные с преподаванием родного языка Ахмета Байтурсынова в то время, влияние методики, общего описания азбуки и учебников, их методологическая основа на ее становление как методологической науки. А также статус написания научно-методических работ А. Байтурсынова, его роль в закладывании основ методики обучения казахскому языку, преемственность его работы с сегодняшним преподаванием.

Ключевые слова: наука, наследие, народ, педагогика.

Annotation

The article deals with issues related to the teaching of the native language of Akhmet Baitursynov at that time, the influence of the methodology, the general description of the alphabet and textbooks, their methodological basis on its formation as a methodological science. As well as the status of writing scientific and methodological works of A. Baitursynov, his role in laying the foundations for the methodology of teaching the Kazakh language, the continuity of his work with today's teaching.

Key words: science, heritage, people, pedagogy.

Қазақ халқының рухани мұрасының мәнін ашу, оны игеруде қазақтың жазушы-педагогтарының халықдық идея проблемасы туралы ой-пікірлерін зерттеудің қазіргі кезде маңызы ерекше. Қазақ жазушы-педагогтарының педагогикалық көзқарастары, олардың Қазақстанда педагогика ғылымы мен білім беру саласына қосқан үлестері бұдан бұрын да ғалымдардың назарына ілініп, зерттеу объектісіне айналған болатын. Атап айтқанда, бұл жөнінде бірнеше диссертациялар қорғалып, монографиялар, оқу құралдары, оқу бағдарламалары, кітапшалар мен мақалалар жарық көрді. Ал олардың еңбектерінің тізімі арнайы библиографиялық көрсеткіштер ретінде бірнеше рет шығарылды. Ахмет Байтұрсыновтың әдістемелік мұрасын зерттеуге арналған диссертациясының бірінші тарауында сол кездегі ана тілін оқытуға байланысты мәселелерге шолу жасалып, оның әдіскер ғылым ретінде қалыптасуына өз кезіндегі әдістеме ілімінің әсері, әліппесі мен оқулықтарының жалпы сипаттамасы, олардың әдістемелік негіздері сөз болады. Ал диссертацияның екінші тарауында А. Байтұрсыновтың ғылыми әдістемелік еңбектерінің жазылу жайы, оның қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаудағы рөлі, еңбектерінің бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығы қарастырылған. Автор ғалым-тілшінің еңбектерінде ана тілін ұлттық тәрбие құралына айналдыруда қазақ тілі мұғалімдеріне әдістемелік көмек жасалғанын орынды атап көрсеткен. Р.Н. Көшенованың диссертациясында Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық көзқарастары оның әдеби-ғылыми және педагогикалық мұраларына тарихи-педагогикалық сипаттама беру негізінде ашып көрсетілген. Сондай-ақ педагог-жазушының ғылыми-педагогикалық мұрасындағы тәрбиелеу және оқыту мәселелеріне, оның педагогикалық көзқарастарының негізгі бағыттарына сипаттама беріліп, оларды орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде шығармашылықпен пайдалану жолдары көрсетілген. Зерттеуші ағартушының тәлімдік ой-пікірлері қазақ халқының ұлттық санасын жаңғырту туралы идеялармен тығыз байланысты екенін, ақынның педагогикалық шығармашылығы халықтық тәлім-тәрбиелік ойлармен ұштасатынын пайымдай келе, баланың жеке басын құрметтеу, оның жан дүниесінде жеке қасиеттермен қатар ұлттық рухты қалыптастыру, ол үшін елдің рухани өмірі және тұрмыс-тіршілігімен етене таныстыру мәселелерін алға тартады. Р.Б. Үсембаева «А. Байтұрсынов мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу» тақырыбына орындаған кандидаттық диссертациясының бірінші тарауында ХХ ғасырдың басындағы педагогикалық ой-пікірлердің бүгінгі зерттелу жайына тоқтала отырып, А. Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарасының қалыптасуына қоғамдық-тарихи жағдайлардың ықпалын ғылыми-педагогикалық тұрғыда саралайды, сол кездегі қаланған білім жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Ал екінші тарауда ғұламаның артына қалдырған еңбектеріндегі адамгершілік мәселелері жан-жақты сарапталып, бүгінгі мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың алғышарттары қарастырылады.

Сол мақсатта пән сабақтарының мүмкіндіктерін негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларын «Ахметтану» атты пәндік үйірмелерге тарту, «Ахмет поэзиясы» атты кештер жүргізу арқылы оқушылардың рухани құндылық қасиеттерін қалыптастыру мүмкіндіктері қамтылады. Сонымен, шетел классик-педагогтарының халықтық идея туралы еңбектері және қазақ ғалым-педагогтарының қазақ жазушы-педагогтарының халықтық идеясы туралы жалпылама зерттеулері біздің зерттеуімізге тарихи-теориялық негіз болды. Қоғамдық тәрбиенің осы компоненттерінің мән-мазмұнын байытып, ауқымын кеңейтетін халықтық тәлім-тәрбие, яғни оның маңызды бөлінбес бөлігі — халқымыздың ойшылдарының ой-пікірлері. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ жазушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы халықтық идеяның қоғамдық тәрбие берудегі тағылымы ерекше. Белгілі ғалым-академик Қ.Б.Жарықбаев айтқандай: «Халықтан шыққан үздік ойшыл тәлімгерлер халықтық тәлім-тәрбиеден нәр алып, дамиды. Ал халықтық тәлім-тәрбие ойшылдардың ой-пікірлері арқылы күрделеніп, шырай алып, әрмен қарай дамиды.» Ал қазіргі еліміздің тәуелсіздік алып, өркениетке бет бұрған кезеңінде халықтық тәлім-тәрбие қоғамның мақсат-мүддесімен үйлесімдік тауып отыр. Осыған орай жан-жақты жетілген тұлғаларды тәрбиелеу іс-әрекетінде халқымыздың рухани-мәдени мұраларын кеңінен пайдалану кезек күттірмейтін мәселеге айналуы біздің проблемамыздың құндылығын арттыруда. Қазіргі кезеңде жастарға қоғамдық тәрбие берудегі отбасынан кейінгі өте ықпалды орта жалпы білім беретін мектептер екені баршамызға аян. Жасөспірімдерді қоғамның белді мүшесі ретінде өздеріне үлкен жауапкершілік жүктелетінін сезініп, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуі мен қарым-қатынас этикасын ұстануға тәрбиелеу — мектептердегі қоғамдық тәрбиенің басты бағыты. Мектеп қабырғасында елінің рухани мөдениетін бойына сіңіріп, тілін, дінін сыйлап, халқының өзіне тән төл тәлім-тәрбиесінен тағылым алған оқушылар қоғамда өз орнын тауып, оның белсенді мүшесі бола алатынын қазақ жазушы-педагогтары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев және Х. Досмұхамедов өз

шығармаларында айтып өткен еді. Халық ортасынан шығып, оның мұң-мұқтажын, мақсат-мүддесін, арман-тілегін көріп өсіп, өздерінің шығармаларына оны арқау еткен қазақ жазушы-педагогтарының әрқайсысының келешекке мұрағат еткен тәлімдік ойлары бар. Бұл — олардың шығармаларындағы халықтық идея. Зерттеу барысында аңғарғанымыз, халықтық идеяның басты түйіні — ғасырлар бойы жиналған рухани құндылықтар негізінде «сегіз қырлы, бір сырлы» ұрпақ тәрбиелеу. Ал мектептердегі қоғамдық тәрбиенің басты мақсаты жас ұрпақтарды болашақта, қоғамның белсенді мүшелері ретінде, еліміздің көркейіп, дамуына өзіндік үлес қосатын тұлға етіп тәрбиелеу болып табылады. Ахмет Байтұрсыновтың өмірде алдына қойған басты мақсаты қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс жағдайын жақсарту болатын. Педагог-ғалым ол үшін халықты жаппай сауаттандыру керек екенін айтып, өзінің халықтық идеясын насихаттады. Ол «барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ахмет Байтұрсынов халықтық идея туралы ой-пікірлерін «Қазақ» газетінде жариялаған көптеген мақалаларында, «Тіл туралы», «Әдебиет танытқыш», «Баяншы», «Тіл ашар», «Оқу құрал», «Сауат ашқыш», «Әліппе астар», «Оқу құрал» (хрестоматия), «Маса», «23 жоқтау», т.б. еңбектерінде жан-жақты айтып, оларды тікелей іске асырды. Ахмет Байтұрсынов осы еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің басты элементтері мыналар:

1. Ұлттық жазу жүйесі бойынша білім беру;
2. Ұлттық негіздегі бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар;
3. Мектепке керек заттар;
4. Мектеп ісін жандандыратын мұғалімдер мен тәрбиешілер.

Міне, осылардың негізінде қазақтың тілі, ауыз әдебиеті, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері туралы халықтық идеяларын мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті. Ахмет Байтұрсынов ағартушылық қызметінде халық даналығы тудырған фольклорлық мұраларды жинап, зерттеуге ерекше ден қойды. Ағартушы-ғалым жинап, реттеп, сұрыптап бастырған негізгі фольклорлық мұра — «23 жоқтау». Онда қазақ тарихының 400 жылдық мерзімін қамтитын 23 жоқтау, трагедиялық жырлар берілген. Оларда Бапай батыр, Қаздауысты Қазыбек би, Кенесары, Наурызбай би туралы нақтылы деректер келтірілген. Мысалы, Қаздауысты Қазыбекті қызы Мөңкенің жоқтауында Қазыбек бидің қазақ қауымына пана, қазақтың батырлары мен хандарына ақылшысы болғаны, оның ақылы мен бағының молдығы, көрші елдермен тату болуды көкसेгені жырланады. Ал «Кенесары-Наурызбай» жоқтауында қазақ хандарының «халық иесі», «халық қорғаушысы» екені айтылып, «Наурызбай төре кеткен соң, бастан тайды бағымыз» деген өкініш білдіріледі. Сондай-ақ қыз келін болып түскенде орындалатын ғұрып-беташар туралы А. Байтұрсынов былай дейді: «Қыз келіншек болып түскенде бетін көрсетпейді. Ауылға келерде алдына шымылдық ұстап, перделеп келтіреді. Үйге кіргеннен соң да алдына шымылдық тұтып, қыз-келіншек, бала-шағалар болмаса, басқаларға көрсетпей қояды. «Беташар» айтылғаннан кейін беті ашылып, шымылдық алынып, ғұрып бойынша көрінетін адамдарына келіншек сонан соң көрінеді». Беташардан соң орындалатын ғұрыптың бірі — неке қияр. Ғалымның анықтауынша, «неке қияр сөз» — неке қияр кезде екі ара-да жүретін екі куәнің күйеу мен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтылатын сөз, бұл әуенмен емес, өлең ұйқасымен, дәйім бір қалыпта айтылады. А. Байтұрсынов салт-дәстүр жырларының бірі — жарапазанға да тоқталып өтеді. «Жарапазан» рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тұсында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар, сауап болады деп, жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазан айтатындар екеу болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады», — деп, «жарапазан» сөзінің мәнін, тәрбиелік маңызын түсіндіре келе, оның түрлі орындалу тәсілдерінен мысал келтіреді. А. Байтұрсыновтың қазақтың тұрмыс-салт жырларының ішінде ерекше мән бергені — «Бесік жыры». Ол: «Бесік жыры, яғни бала тербету — баланы ұйқату үшін айтылатын өлең; бала тербету түрліше айтылады. Бірақ бүгінге бірдей жалпы келетін жерлері бар», — деп оның мазмұнын сипаттайды. Осылайша ол ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты орындалатын рәсімдердің мән-маңызын салмақтай отырып, жеке тұлғаның рухани, адамгершілік қасиетін қалыптастырудағы халықтық мұраның рөлін айқындайды. А. Байтұрсынов мақалдардың жағымдысы да, жағымсызы да болатынын, олардың адам бойында әр түрлі қасиеттердің қалыптастыруына ықпал ететінін атап айтады. Қазақ арасында жиі айтылатын «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы», «Ашу — дұшпан, ақыл — дос, ақылыңа ақыл қос», «Жоқтық ұят емес, барлық мұрат емес», «Денсаулық — зор байлық», «Ұяда не көрсең, үшқанда соны аларсың», «Ашу

аддында шығады, ақыл соңында шығады, т.б. мақалдардың мән-маңызына үңіледі. Мақал мен мәтелдерді салыстыра отырып, «мәтел дегеніміз — кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан қақиқат түрінде айтылады. Мәтел қақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», — деп тұжырымдайды. Халық даналығынан «Көппен көрген ұлы той», «Адасқан қаздай, рудан аздай», «Тамақ тоқ, көйлек көп, уайым жоқ», «Бетегеден биік, жусаннан аласа». Байтұрсынов мұраларын зерттегенде ғалымның қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуын көксегені, осы жолда маңызды істер тындыруға ұмтылғаны аңғарылады. Әсіресе, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ата-баба дәстүріне аса мән береді. Оны ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы ықпалды күштің бірі деп біледі. Өзінің істеген ісін ата-баба қалдырған мұралармен салыстыра отырып, «Біздің заманымыз — өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Атадан алған мирасымыздың жәйі мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес», — деп қынжылыс білдіреді. Ағартушы-педагогтың «Маса» атты өлеңдер жинағынан қазақ қоғамындағы әлеуметтік, қоғамдық ойлар, оның азаматтық және халықтық идеялары айқын көрініс береді. Мұндағы «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Жұртыма», «Туысыма», «Оқуға шақыру», «Жұбату», «Анама хат», «Тілек батам», «Тарту», «Жиған-терген» атты өлеңдерінде туған халқын сүю, оны өнер-білімге шақыру, халықтық салт-дәстүрлерді қастерлеу, анаға мейірімділік, бата-тілектің маңызы, қазақ халқының даналығы, оның тәрбиелік мәні туралы кеңінен сөз болады. Мысалы, «Қазақ салты» атты өлеңінде әрбір азамат туған халқын құлай сүйіп, оның бақыты мен болашағы жолында жұмыр басын құрбан етуге әзір болу керектігін айтса, «Оқуға шақыру» өлеңінде «Балалар, оқуға бар, жатпа қарап, Аллалап ал кітапты қолдарыңа» деп, жас ұрпақты оқу-білімге үндейді. «Жұбату» өлеңінде көне халық жырауларының таңдаулы дәстүрінде сөзін тындаушыларына тікелей арнау арқылы ықылым замандардан бермен қарай сахара елінің сәні болған, әр қазақтың жүрегіне қымбат белгілердің бірте-бірте көз ұшынан ғайып болып, жоғалып бара жатқанын жырмен өрнектеп, ойын сауал түрінде жеткізеді. А. Байтұрсынов мұраларындағы тәрбиелік мәні бар ұлттық тағылымның негізгі түрі — бата. «Бата — біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз; батаны ақсақал адамдар айтады. Батағай шалдар басы бар табақғы алып келгенде, асты жеп болғанда да бата қылып, көбінесе бата тамақ жеп болған соң істеледі», — деп, бата беру жолдарын баяндайды. Ол баталарды түрлеріне, айтылу рәсімдеріне байланысты жинақтап, топтайды. Ғалым жоқтауға да ерекше мән берген. Оның пайымдауынша, қазаққа «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз текке айтылмаған. Қазақ халқы тарихының төрт жүз жылын қамтитын 23 жоқтаудың тәлімдік те, білімдік те мәні зор. А. Байтұрсынов «Жоқтауларды» жинап, жарыққа шығарғанда төмендегі ойды басшылыққа алғанын айтады. А. Байтұрсынов туған халқын ғылым-білімге ұмтылдыруды көкседі, газет арқылы әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуы қажеттігін көрсете отырып, ол үшін «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйрететін білім де сондай керек», — деп жазды. А. Байтұрсынов қазақ тіл білімі саласында өнімді еңбек етіп, 1920 жылы «Баяншы» деген атпен әдістемелік құрал, 1928 жылы «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді қолданбалы грамматика шығарды. А. Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарасындағы халықтық идеясына М. Әуезов 1923 жылы оның 50 жылдық мерейтойына орай жазған мақаласында мынадай баға берген екен: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түлеткен ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі елшілдік ұран — «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдары қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмыт-пайтын істер болмақ». Ғалым-тарихшы М. Қозыбаев: «Ахмет Байтұрсынов — XX ғасырдың ұлы реформаторы» атты мақаласында «...Ахмет болса, ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат берді. Еуропалық күрес рухын ұлттық сарын, әуенмен қабыстырды. Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан жаңару үрдісі өткен тарихымыздың сан қырын объективті тұрғыдан дұрыс бағалауға және ондағы рухани құндылықтарды қазіргі ағарту, оқу-тәрбие ісінде кеңінен пайдалануға қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Әсіресе ұлттық педагогикамыздың қайта жаңғыруына байланысты халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық дәстүрінің бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажет екені анық. Алайда, қоғамымызда орын алған әлеуметтік-экономикалық кедергілерге байланысты бұл мәселенің көптеген жақтары әлі де өз шешімін таппай отыр. Мәселені шешуде педагогика ғылымы халқымыздың мәдени мұрасын, педагогикалық ой-пікірлер саласында қорланған барлық құнды, қажетті жәдігерліктерді және халық ағарту мен қоғамның даму кезеңдеріндегі тәжірибелерді жүйелі түрде зерттеп, пайдалануы қажет. Осы тұрғыдан қарағанда, халықтық идеялардан нәр алған қазақ жазушы-педагогтарының шығармашылықтары адамгершілік асыл қасиеттерді дамытып жетілдіруге, қоршаған ортаны танып білуге, ата дәстүрін ардақтап, қадір тұтуға

және, ең бастысы, қоғамдық тәрбие беруге бағытталған. Қорыта келе айтарымыз, А. Байтұрсынов — өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына бар өмірін арналған ғұлама ұстаз, халық педагогы, «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға». Қазақ халқы үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан аяулы азаматтың артында қалған мұралары қазіргі егемен еліміздің жас ұрпағына қоғамдық тәрбие беруде айрықша мән-маңызға ие екені сөзсіз. Қазақ жазушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы халықтық идеяның мәні — ана тілін, ата тарихын, ұлттық мәдениетін, халқының ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, туған өлке табиғаты мен географиясын жүйелі оқытуға баса назар аударып, оларды жас ұрпаққа қоғамдық тәрбие берудің негізі екендігін дәлелдеуінде деп түсінеміз. Келешекте мектеп оқушыларына қоғамдық тәрбие берудің әдістемелік негіздерін туралы құнды психологиялық пікірлері, Мағжанның педагогикадан тұңғыш ұлттық оқулық жазуы — мұның барлығы мектеп, мұғалім, тәрбие мен оқу мәселелерінің қазақ халқының өмірінде ерекше орын алатындығын, оның еш уақытта мәні мен маңызын жоймайтын қоғамдық проблема екенін дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. – Алматы. Қазақстан, 1995. -32 б.*
2. *Вендровская Р.Б. Очерки истории советской дидактики. -М: Педагогика, 1982. -185 с.*
3. *Коменский Я.А. Великая дидактика. -М., 1939. -360 с.*
4. *Данилов Б.П. Процесс обучения в советской школе. –М., 1960. -180 с.*
5. *Кожяхметов С. Педагогика мәселелері. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1940. -120 б.*
6. *Жарикбаев К.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995. – 346 б.*
7. *Ильясова А.Н. Становление и развитие педагогической теории Казахстана (1900-1960 гг.): Монография. –Алматы, Республиканский издательский кабинет, 1997. -283 с.*
8. *Кунантаева К.К. Развитие народного образования в Казахстане (1917-1991). Алматы, 1997. -220 с.*
9. *Урынбасарова Э.У. Становление и развитие теории нравственного воспитания школьников Казахстана (60 гг. XIX в. – 90 гг. XX в.). Алматы. 1999. -270 с.*
10. *Халитова І. Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары. Алматы. 1998. -186 б.*

Касымова Р.С.

*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
Алматы қ. Қазақстан*

Жансар А.М.

*«7М01101 – Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты
Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
Алматы қ. Қазақстан*

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Аннотация

Мақалада экологиялық тәрбие берудің негіздері қарастырылған. Экологиялық тәрбие ұғымын кеңінен қарстыра отырып, экологиялық білім берудің маңызы түсіндірілген. Экологиялық тәрбие беруде шет елдік, ресейлік және отандық ғалымдардың, педагог-психологтардың зерттеулері мен көзқарастары келтірілген. Экологиялық тәрбие берудің маңызы мен мәні жан-жақты талданған. Жоғарғы сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берудің міндеттері мен шарттары көрсетілген. Оқу тәрбие

жұмысында оқушыларға экологиялық тәрбие беру процесін тиімді ұйымдастыру жолы қарастырылған

Кілт сөздер: экология, процесс, тәрбие, экологиялық тәрбие, экологиялық білім.

Аннотация

В статье рассматриваются основы экологического образования. Разъясняя понятие экологического воспитания, разъясняется важность экологического образования. Представлены исследования и взгляды зарубежных, российских и отечественных ученых, педагогов и психологов в области экологического образования. Подробно анализируется важность и значение экологического образования. Уточнены задачи и условия экологического воспитания старшеклассников. Рассматриваются способ эффективно организовать процесс экологического воспитания учащихся в воспитательной работе.

Ключевые слова: экология, процесс, воспитание, экологическое воспитание, экологическое образование.

Summary

The article discusses the basics of environmental education. Explaining the concept of environmental education, explains the importance of environmental education. The research and views of foreign, Russian and domestic scientists, teachers and psychologists in the field of environmental education are presented. The importance and significance of environmental education is analyzed in detail. The tasks and conditions of ecological education of high school students are clarified. A way to effectively organize the process of environmental education of students in educational work is considered.

Keywords: ecology, process, education, environmental education, environmental education.

Адамзат мыңжылдықтар тоғысында әртүрлі проблемаларға тап болды, олардың ішіндегі жаһандық экологиялық дағдарыс маңызды орын алады. Бұл экологиялық ғылымды жандандыру және адамзатты, табиғатты, өсімдіктер мен жануарлар әлемін, олардың өмір сүру ортасын өршіп бара жатқан планетарлық дағдарыстан құтқару үшін экологиялық тәрбие мен экологиялық білімнің тиімділігін арттыру қажеттілігіне алып келеді.

Адамдардың қоршаған ортамен қауіпсіз қарым-қатынасы үшін қажетті идеялар мен дағдыларды беруге арналған экологиялық тәрбие мен білім беру жүйесі маңызды.

Қазіргі заманның жаһандық мәселелері адамды болашақта адамзат өркениетін құтқару жолдарын іздеуге мәжбүр етеді. Бұл процесте адамдардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі кезінде қауіпсіздіктің әлеуметтік қолайлы деңгейім қамтамасыз ететін негізгі идеялар мен дағдыларды беруге арналған экологиялық тәрбие мен білім беру жүйесі ерекше рөл атқарады.

Экологиялық жауапкершілік экологиялық тәрбиемен және өзін-өзі бақылау, табиғи ортадағы әрекеттерінің жақын және алыс салдарын болжай білу, өзіне және басқаларға сыни көзқарас сияқты жеке қасиеттермен тікелей байланысты. Табиғатқа деген көзқарасқа байланысты моральдық талаптарды сақтау жаза мен басқаларды соттауға деген қорқыныш емес, біздің табиғатқа деген жауапкершілігімізді білдіреді [1].

«ҚР Министрлер Кабинетінің 1997жылғы 3 ақпандағы №137 қаулысымен бекітілген өскелең ұрпаққа экологиялық білім беру мен тәрбиелеу тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасына сәйкес, ҚР Мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі экологиялық білім берудің ұлттық бағдарламасын бекітті, онда БҰҰ, ЮНЕСКО, ЮНЕП және т.б. әзірлеген экологиялық білім беру саласындағы экологиялық саясаттың жалпы қағидалары, экологиялық білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің өсуі мен дамуының өзіндік ерекше кезеңдері айқындалды. Көптеген проблемалардың ішінде жоғарғы сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беру мен білімді тереңдету және кеңейту ерекше орын алады. Экологиялық тәрбие мен білім күрделі педагогикалық процесс ретінде әрекет етеді. Экология негіздерін білу – оқушылар арасында дамыған экологиялық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі.

Экологиялық тәрбие – бұл адамгершілік тәрбиенің ажырамас бөлігі, сондықтан экологиялық тәрбие дегеніміз – табиғатпен үйлесімді экологиялық сана мен мінез – құлықтың бірлігін түсіну. Экологиялық сананың қалыптасуына экологиялық білім мен сенім әсер етеді. Экологиялық тәрбие берудің мақсаты – экологиялық сана негізінде құрылған қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптасуы.

Экологиялық білім беру мен мектеп оқушыларын тәрбиелеудегі жетістік көбінесе педагогтардың қызығушылығы, қоршаған әлемді тереңірек білуге және экологиялық қызметтің барлық түрлерін жетілдіруге деген ұмтылысына байланысты [2]. Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру әртүрлі институттарда – мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, мектепте, колледжде, университетте жүзеге асырылады. Алайда, мектеп оқушыларына экологиялық білім беруді жүзеге асырудың қазіргі жүйесінде мәлімделген мақсаттар мен жоспарланған нәтижелер оларға қол жеткізудің педагогикалық тәсілдерімен сәйкес келмейді.

Мектеп оқушыларына экологиялық білім беруді жобалау мен ұйымдастыруда жалпы бағдарларды табу, қазіргі мектептерде оны дамытудың тиімді модельдері мен технологияларын анықтау, сонымен қатар экологиялық білім мен тәрбие беруді жаңарту әлеуетін, оны жалпы білім беретін мектептің тәжірибесінде жүзеге асырудың тетіктері мен шарттарын зерттеу маңызды. Жалпы экологиялық тәрбие мен білім беру мәселелерін шешу бірқатар ғылыми зерттеулерде көрініс тапты. Ресейлік зерттеушілерден экологиялық білім берудің заманауи әдіснамалық және әлеуметтік-философиялық мәселелері С.Н.Глазачевтің [3], Н.В.Картамышева, Б.Д.Комиссаров, Н.Н.Моисеева [4], Н.Ф.Реймерса еңбектерінде көрініс табады. И.Д.Зверев [5], Н.М.Мамедов [6], А.Б.Миронов [7], И.Т.Суравегина, Д.И.Трайтак және т. б. сияқты ғалымдар өз зерттеулерін жалпы білім беретін мектеп оқушыларының экологиялық білім беру проблемаларына байланысты мәселелерді зерттеуге арнады. Н.М.Верзилин, А.Н.Захлебный [8], Б.И.Кочуров [9] жұмыстарында экологиялық білім беруді жетілдіру мен әдістемелік қамтамасыз етуге, сондай-ақ оқу пәндерін экологияландыруға назар аударылды. Мұғалімдер мен оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері С.Н.Глазачев [10], Л.Ф.Греханкина, Н.С. Дежникова, В.В.Давыдов [11], П.И.Третьяков, Т.Н.Шамова, З.А.Хусаинова және т. б. ғалымдардың еңбектерінде ашылды.

Отандық зерттеушілерден Г.А.Әбдікәрімова, А.С.Бейсенова, Г.К.Длиббетова, М.Н.Сарыбеков, Г.А.Пирсаидова, З.Е.Сыдыкова, Б.А.Шаушекова, Ж.Б.Шилдебаев оқушыларды тиімді экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің педагогикалық шарттары мен компоненттерін зерттеді [12]. Ш.Ж.Арсинбетова Оңтүстік Қазақстан облысының жас оқушыларды экологиялық тәрбиелеудегі мектептің, отбасының және мектептен тыс мекемелердің рөлін зерттеді. Кіші мектеп оқушыларының адамгершілік және экологиялық тәрбиесінің өзара байланысының педагогикалық негіздері Р.А.Сейтжанованың зерттеулерінде көрсетілген [13].

Экологиялық білім беру және тұрақты даму үшін білім беру мәселелерін зерттейтін шетелдік педагогтардың жұмыстары ерекше мәнге ие (G. Becker, G. Jessinger, H. Hungerford, G.de Naan, J. Remsey, T. Volk және т. б.). Сонымен бірге, педагогикада экологиялық тәрбие ұғымы қазіргі уақытта адам мен қоршаған ортаның, қоғам мен табиғаттың, адамның салауатты өмір салтының және т.б. қазіргі заманғы мәселелерін шешудің тиімді құралдарының бірі ретінде танылатын жаңа бағыт ретінде қарастырылады.

М.В.Лебедев, Ф.Н.Мұхамбетовтың педагогикалық ғылымдағы экологиялық тәрбие деп табиғатпен үйлесімді экологиялық сана мен мінез - құлықтың бірлігі түсініледі деп көрсетті. Бұл ретте экологиялық тәрбие адамгершілік тәрбиенің құрамдас бөлігі болып табылады [14]. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру мәселесі педагогикада маңызды орын алады және жан-жақты қарау мен терең зерттеуді қажет етеді. Олармен тұлғалық жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі қажет.

11-12 жас – бұл баланы қоғамдағы экологиялық проблемаларды түсіндіруге сендіру оңай болатын кезең. Бұл жаста бала анағұрлым сенімді және әсерлі, табиғатқа жақын және қызығушылығының жоғарылауы байланысты. Дәл осы жаста оған экологиялық білім, дағдыларды үйреті, табиғатты сүюге, оны қорғауға үйрету оңайырақ. 13-14 жас аралығында оқушылар «ұрысқа асығады», олар қатысқысы, жұмыс істегісі, әрекет еткісі келеді. Олар өздері ұнатқан барлық іс-шараларға қатысқанды ұнатады. 15-17 жас – бұл саладағы іс-әрекеттің жасы, табиғатқа, ресурстарды үнемдеуге, жасампаздыққа мұқият қарау қажеттілігін түсінеді.

Жоғарғы сынып оқушыларын экологиялық тәрбиелеуде бірнеше міндеттер қойылуы қажет. Олар экологиялық құзыреттілік пен дағдыларды дамыту, табиғатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру, экологиялық білім мен түсініктерді тереңдету, қоршаған табиғат жағдайларын зерттеу мен бағалау бойынша дағдылар жүйесін дамыту.

Мектеп жасындағы балаларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу үздіксіз және мектепке дейінгі тәрбие сатысынан бастап әлеуметтену институттарында үздіксіз түрде тәрбие әдістерін қолдана отырып жүзеге асырылса ғана тиімді болады. Экологиялық білім берудің үздіксіздігінің міндетті

шарты балалардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы теориялық дайындығы мен тәжірибелік іс-әрекетінің үйлесімі болып табылады. Экологиялық тәрбиелеуді ұйымдастыруда үлкен маңызы бар іс-әрекет құралдары мұғалім қолданатын оқыту құралдары. Мұнда әр пәннің мазмұны мен ерекшелігін ескере отырып, экологиялық мәселелерді қарастыру және жүйелі түрде жүзеге асыру қажет [15].

Сондай-ақ мұғалім оқу процесін ұйымдастырудың төмендегідей шарттарын сақтаса, мектеп жасындағы балаларды экологиялық тәрбиелеу процесі тиімді болады:

✓ Білім беру ұйымында жүзеге асырылатын оқу процесінің тәрбиелік сипаты тәрбие мен оқыту процесінің ұлттық аймақтық бағытының болуы.

✓ Отбасылық тәрбиенің маңыздылығын ескеру.

✓ Отбасындағы және білім беру ұйымындағы білім беру ортасының қажетті экологиялық бағытын ұйымдастыру.

✓ Әр баланың жас, психологиялық және жеке қажеттіліктерін ескеру.

Қорыта келе, тәрбиенің басым бағыттарының бірі – балаларға экологиялық тәрбие беру. Бұл экологиялық білім қоршаған табиғатқа құрметпен қарауды қалыптастыруға, оны сақтауға, бала мен қоршаған орта арасындағы үйлесімді қатынасты дамытуға бағытталғандығына байланысты. Мұның бәрі қазіргі білім беру жүйесінің қызметін жетілдіруге ықпал етеді, ол ізгілендіру принципін және білім беру процесінің табиғатына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Коваль, Т. В. Биоэтическое воспитание как средство формирования экологической культуры старшеклассников [Текст] / Т. В. Коваль, Л. Н. Харченко // Вестник Ставропольского государственного университета. – 2008. – № 56. – С. 16–22.
- 2 Текеева, А. Р. Экологическое образование и воспитание старшеклассников : (на материале Карачаево-Черкесской республики) : дисс. . канд. пед. наук : 13.00.01 / А. Р. Текеева. Карачаевск, 2004. - 174 с.
- 3 Глазачев, С. Н. Экологическая культура учителя: исследования и разработки экогуманитарной парадигмы / С. Н. Глазачев. М. : Современный писатель, 1998. -432 с.
- 4 Моисеев, Н. Н. Историческое развитие и экологическое образование / Н. Н. Моисеев. М., 1996.
- 5 Проблемы формирования экологической ответственности школьников : сб. науч. трудов / отв. ред. И. Д. Зверев. М. : Педагогика, 1984. - 123 с.
- 6 Мамедов, Н. М. Культура, экология, образование / Н. М. Мамедов. -М. : РЭФИА, 1996.- 151
- 7 Миронов, А. В. Содержание экологического образования будущего учителя / А. В. Миронов. Казань, 1989. - 220 с.
- 8 Экологическое просвещение и особо охраняемые природные территории : аналитический обзор учебно-метод. литературы / Экологический центр «Заповедники»; авт.сост. А. Н. Захлебный, В. П. Чижова и др. М., 1999. –
- 9 Кочуров, Б. И. Программа курса "Основы геоэкологии" : (для учащихся 9 класса общеобразовательной школы, 64 часа) / Б. И. Кочуров, Н. Ф. Винокурова // География в школе. 2002. - № 3. - С. 52-59. - Библиогр. : с. 58-59.
- 10 Мамедов, Н. М. Основы общей экологии (для старшеклассников) / Н. М. Мамедов, И. Т. Суравегина., С. Н. Глазачев. М. : АО «МДС», 2002. -273 с.
- 11 Давыдов, В. В. Проблема периодизации психологического развития / В. В. Давыдов // Возрастная и педагогическая психология. Пермь, 1974.-245 с.
- 12 Бигалиев А. А. Фундаментальность экологического образования – основа подготовки специали- ста-эколога // Высшая школа Казахстана. 2000. № 2. С. 49–56.
- 13 Сейтжанова Р. А. Экологическое образование как средство формирования экологической культуры личности студентов Казахского национального педагогического университета им. Абая : дисс. ... канд. пед. наук, 2010г. 180
- 14 Бекжанова Г. Е. Экономико-математические модели природоохранных мероприятий (на материале Аральского региона) : дис. ... канд. экон. наук. А. : КазЭУ им. Т. Рыскулова, 2002. 164 с.
- 15 Харина, И. Ф. Экологическое образование старших подростков во внеклассной работе в общеобразовательных учреждениях : дисс. . канд. пед. наук : 13.00.01 / И.Ф. Харина. Челябинск, 2003. - 169 с.

Кенжебаева Назым Жеңісқызы
бастауыш сынып мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

«ҚОЗҒАЛЫС» ТАҚЫРЫБЫНА БЕРІЛГЕН ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУДЫ ПЫСЫҚТАУ
(Қысқа мерзімді сабақ жоспары)

Аннотация

Мақалада жалпы білім беретін мектепте өткізілетін сабақты жаңартылған бағдарлама негізінде жоспарлау, атап айтқанда, қысқа мерзімді жоспар жасау тәжірибесі беріліп отыр. Жоспарда оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты, сабақ мақсаты, мұғалімнің және оқушының іс-әрекеті, сабақ кезеңдеріне қарай уақыттың жоспарлануы, тапсырмалар, өздік жұмыс, рефлексия т.б. жүйеленген.

Түйінді сөздер: қысқа мерзімді жоспар, жаңартылған бағдарлама, іс-әрекет, уақыт, тапсырмалар, рефлексия.

Аннотация

В статье представлен опыт планирования уроков, проводимых в общеобразовательной школе, на основе обновленной программы, в частности, составления краткосрочного плана. В плане систематизированы цели обучения в соответствии с учебной программой, цель урока, деятельность учителя и ученика, планирование времени в зависимости от этапов урока, задания, самостоятельная работа, рефлексия и др.

Ключевые слова: краткосрочный план, обновленная программа, действия, задания, время, рефлексия.

Annotation

The article presents the experience of planning classes in general education schools based on the updated program, in particular, drawing up a short-term plan. The plan systematizes the purpose of training in accordance with the curriculum, the purpose of the lesson, the activity of the teacher and student, the planning of time depending on the stages of the lesson, tasks, independent work, reflection, etc.

Keywords: lesson plan, short-term plan, updated program, activity, tasks, time, reflection.

--

<p>Сабақтың тақырыбы:</p> <p>Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)</p> <p>Пәндік нәтиже</p> <p>Сабақ мақсаттары:</p>	<p>Қозғалысқа берілген есептер шығаруды пысықтау Пәні: Математика 4-сынып</p> <p>Жаңа есеп түрі қуып жету қозғалысына есептер шығару. Өзара кері есептер құрастыру. Жазбаша бөлу, көбейтуге тапсырмалар орындау. Параллель, перпендикуляр болатын сызықтар жүргізу. Оқушылардың жылдам есептеу дағдыларын жетілдіру. Уақытты дұрыс пайдаланып, үнемді, тиімді пайдалануға үйрету. Үйренгенін өмірде қолдана білу.</p> <p>Оқушылар қуып жету қозғалысына берілген жақындау жылдамдығының формуласын қолдануға, өзара кері есептер құруға үйренеді.</p> <p>Барлық оқушылар: Қозғалысқа берілген есептерді шығарады. Қозғалысқа, жыламдықты табуда қуып жету жылдамдығын табудың жолдарын біледі. Өзара кері есептер құрастыра алады. Көбейту мен бөлуді жазбаша тәсілмен шығара алады. Параллель, перпендикуляр түзулерді ажырата алады.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: Қабілеттеріне қарай тапсырмаларды түрлендіріп, есептеудің тиімділігін түсінеді. Көбейту, бөлуге тапсырмалар орындай алады.</p> <p>Кейбір оқушылар: Білім деңгейіне қарай түрткі сұрақтар қоя отырып, білімдерін тиянақтайды. Алған білімдерін өмірде қолдана алады.</p> <p>Тірек сөздер: қозғалыс, қуып жету, жылдамдық, уақыт.</p>
<p>Тілдік мақсат</p>	<p>Оқушылар: Топпен бірлесе жұмыс істей отырып, күрделі есептерді шығарады. Термин сөздерді қолданып есептер құрастырады. Оларды салыстыра алады.</p> <p>Негізгі сөздер мен тіркестер: Қозғалыс, жақындау, алыстау, қуып жету, артта қалу, уақыт, параллель, перпендикуляр. Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Есептер құрастыруда пайдаланады. Тағы қандай кері есептер құрастыруға болады? Неге олай болады? Неге олар параллель түзулер деп аталады? <i>Талқылауға арналған тармақтар:</i> Қозғалыс есептері, кері есептер құрастыру. Есептің шарты, сұрағы бойынша талдау. Сіз неліктен... екенін айта аласыз ба? Өйткені қозғалыс жайлы талдайды, талқылайды. Есептің шығару жолын біледі. Жазылым бойынша ұсыныстар: Дәптерге амалдарды орындайды, есептерді жазып шығарады.</p>
<p>Алдыңғы оқу. Қуып жету қозғалысына берілген есептер</p>	
<p>Жаттығу ды қимылмен, бірге жасайды.</p>	<p>Жоспар I. Сыныпты ұйымдастыру. Оқушыларды түгендеу. «Қайырлы күн» тренингісін жүргізу. Ынтымақтастық орнату. /1 минут/ Қол алысып, қане, біз,</p>

<p>Түсіну Өтілген материалды қайталап, пысықтайды.</p> <p>Ойланып есептеу 1 мин, шығарып жазу 1 минут</p> <p>/8мин/</p> <p>1 минут тан 4 минут</p> <p>Бағдар шаммен бағалау</p>	<p>Қозғалыс. Бір бағыт бойымен қозғалыс. Қуып жету қозғалыстары туралы еске түсіру. Формуласын жаздыру, еске түсіру. $V_{\text{қуып жет}} = V_1 - V_2 \quad S = V_{\text{қуып жету}} * t$ Бір бағыт бойымен қозғалғандағы жақындау жылдамдығы жылдамдықтардың айымасына тең. Қозғалыс жайлы білетінімізді еске түсірдік, енді есептер шығарайық 1-есеп бойынша 3- топ талқылап шығарады, 1-топ кері есеп құрастырады. Топпен шығып түсіндіріп талқылайды. 5 мин талқылау, 2 мин түсіндіріп, қорғайды. 1топ Уақытын табады 2-топ Жылдамдығын табады 3-топ Қашықтығын табады 4-топ Кері есептер құрастырады</p> <p>А. Болат пен Жарқын бір уақытта үйлерінен шығып, стадионға бет алды. Олардың үйлерінің арасы 200 метр. Болат Жарқынға қарағанда алыс тұрады, оның жылдамдығы 175м/мин. Жарқынның жылдамдығы 75м/мин. Болат Жарқынды қанша уақыттан кейін қуып жетеді?</p> <p>1-топ $S=200\text{м}$ $V_1=175\text{м/мин}$ $V_2=75\text{м/мин}$-? мин Шешуі: $200/(175\text{м/мин}-75\text{м/мин})=2\text{мин}$ Жауабы: Болат Жарқынды 2 минуттан кейін қуып жетеді Болат пен Жарқын бір уақытта үйлерінен шығып, стадионға бет алды. Олардың үйлерінің арасы 200 метр. Болат Жарқынға қарағанда алыс тұрады, оның жылдамдығы 175м/мин. Егер Болат Жарқынды 2 минуттан кейін қуып жеткен болса, онда ол қандай жылдамдықпен жүрген ? 1- топ $V_1=175\text{м/мин}$ $V_2=?\text{ м/мин}$ $t=2\text{ мин}$ $S=200\text{м}$ Шешуі: $175\text{м/мин}-(200\text{м}/2\text{мин})=75\text{ м/мин}$ Жауабы: Жарқын 75м/мин жылдамдықпен жүрді. Болат пен Жарқын бір уақытта үйлерінен шығып, стадионға бет алды. Олардың үйлерінің арасы 200 метр. Болат Жарқынға қарағанда алыс тұрады, оның жылдамдығы 175м/мин. Жарқынның жылдамдығы 75м/мин. Болат Жарқынды 2 минуттан кейін қуып жетті. Ұлдардың үйлерінің ара қашықтығы қанша метрге тең? 3-топ $V_1=175\text{м/мин}$ $V_2=75\text{м/мин}$ $t=2\text{мин}$ $S=?\text{м}$ Шешуі: $(175\text{м/мин}-75\text{м/мин})*2\text{мин}=200\text{м}$ Жауабы: Ұлдардың үйлерінің ара қашықтығы 200метр. 4-Топ Тағы қандай кері есеп құрастыруға болады? Болат пен Жарқын бір уақытта үйлерінен шығып, стадионға бет алды. Олардың үйлерінің арасы 200 метр. Жарқын Болатқа қарағанда жақын тұрады, оның жылдамдығы 75 м/мин. Болат Жарқыннан 2 минут бұрын жеткен болса, онда Болат қандай жылдамдық пен жүрген?</p>	<p>Формула лар схемасы ЖҚУ Қуып жету қозғалы сы/. Слайд1 2</p> <p>Есеп сызылған сурет, сызба</p> <p>Слайд4</p> <p>Тапсырм алар</p>
---	--	--

	<p>$S = 200\text{м}$ $V_2 = 75\text{м/минт} = 2\text{мин}$ $V_1 = ?$ Шешуі: $(200\text{м}/2\text{мин}) + 75\text{м/мин}$ 175м/мин Жауабы: Болат 175м/мин жылдамдықпен жүрген. Бір-бірінің жаубын бағдаршам арқылы бағалату. Есептердің шешуін , жауабын жазу. №2 4 топқа параллель екі кесінді сызуға, 2 перпендикуляр болатын түзу сызық жүргізу. -Параллель түзу дегеніміз не? Өзара қилыспайтын екі түзу параллель түзулер деп аталады.Қатар жүру дегенді білдіреді. -Перпендикуляр болатын түзу сызық деген не? -Өзара тік бұрыш жасап қилысатын түзулер. Сызып орындап, қорғайды.</p>		<p>Ережесі түсірілген слайд 2 Слайд 5</p>
<p>Смайликпен бағалау</p> <p>Ортасы 2қадам Қолдану 4 минут</p> <p>Бағдаршаммен</p> <p>Талдау 4 минут</p> <p>3-қадам Жинақтау</p> <p>Саусақ арқылы бағалау</p> <p>Тақтамен жұмыс .Жазып жазбаша түрде есептеп шығарады 5 минут</p> <p>Кестені әр топ 2- ден толтырады. 2 минут</p>	<p>1-топқа АВ-5 см, СД- 3см параллель екі кесінді сыз. 2-Топ КМ-4см, СД- 6 см параллель екі кесінді сыз 3-Топ ОК-4см, Оның бойынан М нүктесін белгіле.Осы нүктеден кесіндіге перпендикуляр болатын түзу сызық сыз. 4-Топ АД - 6 см, оның бойынан О нүктесін белгіле. Осы нүктеден перпендикулярболатын түзу сызық жүргіз. 3-есеп «Орындап жаттық тапсырмасы» Берілген есепке кері есептер құрастыру. 1-топ Уақытын табады 2-топ Ауылдардың арақашықтығын 3-топ Жеңіл автокөліктің жылдамдығын 4-топ Жүк машинасының жылдамдығын табуға есептерқұрастырады. Тақтаға сызба ілінеді, оқушылар тақтаға орындайды. 1топ $80\text{км/сағ} - 60\text{км/сағ} = 40\text{км/сағ}$ $40\text{км/сағ} / 40\text{км} = 2$ сағат $40\text{км} / (80\text{км/сағ} - 60\text{км/сағ}) = 2$ сағат Жеңіл автокөлік жүк машинасын 2 сағатта қуып жетеді. 2-топ Ш: $(80\text{км/сағ} - 60\text{км/сағ}) * 2\text{сағ} = 40\text{км}$ Жауабы: Ауылдардың арасы 40 км 3-топ Ш :$(60\text{км/сағ} * 2\text{сағ}) - 40\text{км} = 120\text{км/сағ} - 40\text{км} = 80\text{км/сағ}$ Ж: Жеңіл автокөліктің жылдамдығы 80км/сағ 4-топ Ш: $80\text{км/сағ} - (40\text{км} / 2\text{сағ}) = 60\text{км/сағ}$ Ж: Жүк машинасының жылдамдығы 60 км/сағ 4 – тапсырма Уақытпен «Кім жылдам ?» мысалдарды тез есептеу Тақтаға орындау.Жазбаша баған түрінде 1-топ $510 * 2 = 1020$ 2-топ $1213 * 30 = 36390$ $36006 / 6 = 6001$ 3-топ $12130 * 3 = 36390$ $80640 / 2 = 40320$ 4-топ $50050 * 5 = 250250$ $88080 / 40 = 2202$</p> <p>Деңгейлік тапсырмалар беру./жеңілдетілген/ 6-тапсырма Әріпті өрнектерді салыстыру «Дұрыс, дұрыс емес» кестесін толтыру.</p>	<p>Сызғыш</p> <p>Формула лар</p> <p>Тақтаға жазып орындайды.</p> <p>Уақыт</p> <p>Топтама</p> <p>Кесте</p>	

3 минут	p / c	Мазмұны	Дұрыс	Дұрыс емес			
	1 2 3 4 5 6 7 8 9	a-a=v-v z-z>z*0 d*k>d +k m*0 <m*1 390/f= 930/f D+d+d<d*4 25*f*4= 100*f 1000-p < 1000+p 8253+n>n+ 8523	+ + + + + + +	- - -		Слайд 6 Слайд7	
		Тапсырманы дәлелдеп орындау. Өздерін тексеру./салыстыру/ №7 Логикалық тапсырма Жұптық тапсырма Бірлесіп орындау. Таңдаған нұсқаларды дәптерге жазу. Мүмкіндіктер тармағын толтыра отырып, жауабын тексеру. Тақтаға жазу					
Аяқталуы Қорытындылау «Форму ланы құрас тыр» ойыны 5- минут 6-қадам Бағалау	1-топ Уақытты табу $s = v \cdot t$ 2-топ Қашықтықты табу $S = V \cdot t$ 3-топ Жылдамдықты табу $V = s / t$ 4-топ Қуып жету қозғалысының формуласы. $V_{қ.ж} = v_1 - v_2$ $S = V_{қ.ж} \cdot t$ Пысықтау, қорытындылау. Бүгінгі сабақта, не үйрендік? Не білдік? Не құнды болды себебі?						
	2 минут	Қосымша ақпарат Бағалау парағы арқылы топтар бір-бірін бағалайды.					
	2 минут	Рефлексия «Арал әдісімен» жазып, стикерге іледі					

ӘОЖ 372.881.111.1
 МРНТИ 14.25.09

Кенжеханова Жанара Кызырбековна
 ағылшын тілі пәні мұғалімі
 педагог-магистрант
 Абай ат. гимназия мектебі КММ
 Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы

АҒЫЛШЫН ТІЛІН БЕЙНЕФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ МЕНҒЕРУ

Аннотация

Өмір талабына сай ағылшын тілін үйрену маңызы күн сайын арта түсуде. Үйренушілердің білім алуға деген ынтасы белгілі бір дағдылар мен қабілеттіліктерді қажет етеді. Сондықтан, үйрену

барысында белгілі дағды мен қабілет қалыптасуы арқылы танымдық қызығушылық пайда болады. Қазіргі компьютерлік құралдар мен галамтор ресурстарын адам әрекетінің жасанды нәтижесі бола отырып, өз кезегінде көптеген қиындықтардан құтқаратын көмекші де болады, танымдық терең сырға жетелейтін жетекші де бола алады. Қоғамның қазіргі даму жағдайында шет тілі бойынша коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселесі өте маңызды болып табылады. Жаңа технологиялардың дамуымен жоғары мектепте шетел тілдерін оқытуда аутентті бейнематериалдарды қолдану заманауи және тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Аутентті бейнефильмді көрсету студенттердің мотивациясын, лексикалық, сөйлеу және коммуникативтік дағдылар мен іскерліктерді меңгеру деңгейін айтарлықтай арттырады, тыңдау дағдыларын дамытады, оқу материалының көлемін және деңгейін арттырады, бұл оқу процесін қарқындатуға ықпал етеді және студенттердің коммуникативтік (тілдік, сөйлеу және әлеуметтік-мәдени) құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Түйінді сөздер: бейнефильмдер, аутенттік, коммуникативті дағдылар

Аннотация

Важность изучения английского языка в соответствии с требованиями жизни растет с каждым днем. Мотивация обучающихся требует определенных навыков и умений. Поэтому в процессе обучения возникает познавательный интерес через формирование определенных навыков и умений. Являясь искусственным результатом деятельности человека, современные компьютерные средства и интернет-ресурсы, в свою очередь, могут быть помощником, избавляющим от многих трудностей, а также проводником к сокровеннейшим тайнам познания. В современных условиях развития общества очень важно формирование навыков общения на иностранном языке. С развитием новых технологий использование аутентичных видеоматериалов при обучении иностранным языкам в вузе является одним из современных и эффективных подходов. Показ аутентичного видео значительно повышает мотивацию учащихся, лексические, речевые и коммуникативные навыки, развивает навыки аудирования, увеличивает объем и уровень учебного материала, что ускоряет процесс обучения и способствует формированию коммуникативных (лингвистических, речевых и социокультурных) компетенции создает условия.

Ключевые слова: фильмы, аутентичные, коммуникативные навыки

Annotation

The importance of learning English in accordance with the requirements of life is growing every day. Motivation of students requires certain skills and abilities. Therefore, in the learning process, cognitive interest arises through the formation of certain skills and abilities. Being an artificial result of human activity, modern computer tools and Internet resources, in turn, can be an assistant that relieves many difficulties, as well as a guide to the innermost secrets of knowledge. In modern conditions of development of society, it is very important to form communication skills in a foreign language. With the development of new technologies, the use of authentic video materials in teaching foreign languages at a university is one of the modern and effective approaches. Showing authentic video significantly increases students' motivation, lexical, speech and communication skills, develops listening skills, increases the volume and level of educational material, which speeds up the learning process and contributes to the formation of communicative (linguistic, speech and sociocultural) competencies creates conditions.

Key words: films, authentic, communicative skills

Қазіргі кезде шет тілін оқыту барысында аутенттік бейнематериалдарды қолдануға мүмкіндіктер жасалында. Жаңалықтар бағдарламалары, жарнама, комедиялар, деректі фильмдер, драмалар, академиялық дәрістер интернет арқылы сандық форматта қолжетімді. Бұл ресурстардың көпшілігі бастапқыда оқу материалдары ретінде қолданылмаған. Аутентті бейнематериал нақты коммуникативтік мақсатқа қызмет етеді. Іс-тәжірибеде интерактивті құрылғылардың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі іс-шараларды қолданудың маңызы зор. Оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне интерактивті құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану.

-Оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық іс - әрекетін компьютерлік ойындар және т. б.) сабақта жиі қолдану.

-Проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру.

-Жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедия – технология, интерактивті құрылғылар) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру»[1]. Шет тілін оқыту процесінде аутенттік бейнематериалдарды қолдануға арналған шетелдік әдіскерлер арасында М. Аллен, Д. Букингем, К. Конт, М. Лавери, М. Руан, Ю. А. Уильямсон, Дж. Уиллис, Джей Лонерган сынды ғалымдар бар. М. Исупованың пікірінше, көрнекі элементтер тіл үйренушілерге нақты ақпаратты, сондайақ белгілі бір контексте тілдің ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді, өйткені өзге тілді дыбыстық қатарды визуалды сүйемелдеу, оның мағынасын терең және дәл түсінуге, оқушылардың фонематикалық және есту дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Х.Мирван «Сыныпта бейнематериалдарды пайдалану студенттердің оқуға деген ынтасын арттыра алады».

Шет тілі сабақтарында аутенттік бейнематериалдарды пайдалану оқуға деген уәждемені арттырады және студенттердің коммуникативтік, оқу, зерттеу және шығармашылық қызметіне жақындатылған белгілі бір жағдайларды жасайды. Хармердің ойынша, фильмдер мен бейнелерді пайдалану кезінде әртүрлі қарау әдістерін ұсынады, соның ішінде: - дыбыссыз көру (дыбыссыз бейнені ойнату), - стоп - кадрлау (суретті қатыру және студенттердің сұрағы, олардың пікірінше, одан әрі не болады), - ішінара қарау (экранның көп бөлігін қағаз парағымен жабу), - сурет немесе сөз (сыныптың жартысы бейнені көреді, ал екінші жартысы тек қана дыбысты естиді), - фильм субтитрлері (студенттер ағылшын тілінде бейнені көреді және естиді), - бейнесіз тыңдау (дыбысты тыңдаудың алдында бейне көру. "Аутенттік аудио және бейнематериалдарды қолдану тіл үйренушілерге интерактивті тілдік органы құруға мүмкіндік береді", - деп, атап өткен ресейлік ғалым Г.А. Воробьев[2]. Осыған байланысты коммуникацияға негізделген осы жүйелік әдіс, яғни аутентті бейне немесе киноматериалдарға негізделген оқыту әдісіне ресейлік ғалымдар А.Е. Чикунев, Ю.И. Верисокин көптеген зерттеулер жүргізді. Шетелдік маман Стемплиски шетел тілдерін оқытуда бейнематериалдарды мақсатты қолдану әдістемесі бойынша әдебиет сериясын жасады. Ю.И. Верисокиннің айтуынша, ағылшын тілі сабақтарында фильм мәтінін есту арқылы қабылдау оқушылардың әртүрлі адамдардың тілін түсінуге дайындалуына ықпал етеді. И.А.Щербакова фильмдерді қолданудың күнделікті педагогикалық тәжірибесі киноның қарқынды сыртқы тітіркендіргіш ретінде өнімде шартты-рефлекторлық қызметті тудыратынын және білім мен дағдыны тез әрі сапалы меңгеруге ықпал ететін қуатты әрі тиімді құрал екенін дәлелдейді. С.Стемплиски мен Б.Томалин бейнені нағыз өмірлік жағдайларда аудиторияда ситуативті контексте ең үздік құрал деп бағалайды. Сонымен қатар, сабақ кезінде бейнені пайдаланудың ынталандыру әлеуеті бар. И.Я. Смирнов бейнематериалды қабылдаудың ерекше шарты деп кері оқу процесін түсінеді: заттан оны ұғыну, атау, ішкі сөйлеуді құру. Бұл ұғыну механизмінің шынайылықты қабылдауға көп ұқсастықтары бар. Бірақ қарым-қатынастың шынайы, нақты жағдайларына қарағанда, бейнені пайдалана отырып қолданған оқу материалының кейбір артықшылықтары бар. Бірақ қарым-қатынастың нақты жағдайларына қарағанда, бейнені пайдалана отырып жасалынған оқу материалдарының кейбір артықшылықтары бар. Оқытушы студенттерді көруге дайындай алады, барлық фильмді толық емес, көру үшін қандай да бір белгілі бір фильм эпизодтарын таңдай алады, көрсету кезінде ол көруді тоқтата алады, эпизодтардың реттілігін өзгерте алады, тек бейнелерді (өшірілген дыбысты) көрсете алады, көргендерге түсініктеме бере отырып, тандалған үзіндіні қайтадан көре алады. Аутенттік бейнематериалдарды пайдаланудың әдістемелік мақсаттылығы олардың оқу мақсаттарында "объективті және субъективті жоспардың (тілді қоса алғанда) өзара іс-қимыл жасайтын нақты факторларының динамикалық жүйесі, адамды тілдік коммуникацияға тартатын және тыңдаушы рөлінде бір қарым-қатынас актісі шегінде оның тілдік мінез-құлқын анықтайтын вариативті коммуникативтік жағдайларды аудиовизуалды көрсетуге мүмкіндік беруімен расталады". Технологиялардың қарқынды өсуі білім беруде, әсіресе, тілдерді оқытуда көптеген инновациялардың пайда болуына әкелді. Тіл мұғалімі, әсіресе, ағылшын тілі мұғалімдері табысты сабақтарын ұсыну және жасау үшін, оқу процесін жеңілдету үшін әртүрлі аудиовизуалды құралдарды пайдалана алады, сондай-ақ фильмдер, әндер, power point презентациялары ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытылатын сыныптарда кеңінен қолдана алады. Бейнені пайдалану тиімді деп саналады, өйткені ол түсінуді дамытуға көмектесетін көрнекі мысалдарды суреттейді. Ол нақты өмір мен мектеп өмірі арасындағы алшақтықты толтыратын материал ретінде қарастырылады. Әсіресе, аутенттік материалдарға қол жетімділігі шектеулі ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын студенттер ортасында бейнебаспа ретінде

қарастырылады[3]. Көптеген жылдар бойы фильмдер білім беруде маңызды рөл атқарды. Мәдени мәтінге бай бола отырып, фильмдер әртүрлі тақырыптар мен элементтерді қамтиды, оларды кез келген деңгейде немесе зерттеу саласында тамаша оқу құралы етеді. Мұғалімдер мен оқытушылар оқушыларға түрлі пәндер мен дағдыларды меңгеруге көмектесу үшін фильмдерді пайдаланады. Сонымен қатар, фильмдердің кейіпкерлері мен белгілі бір жағдайларда қолданылатын вербальды және вербальды емес жүріс-тұрыс түрлері бірқатар эпизодтар ішінде қайталанатын бұл, әрине, студенттердің тұлғааралық қарым-қатынас іскерлігінің дамуына және қарым-қатынастың тиісті тілдік және сөйлеу құралдарын меңгеруіне мүмкіндік береді. Осылайша, тіл үйренуші, сөз немесе фраза ғана емес, тұтас коммуникативтік кешен - адамның эмоциялық жағдайы, коммуникативтік ниеті, мағынасы, сөз / фраза, интонация, мимика, қимылды меңгереді. Көптеген мәдениеттерде эмоциялар моральдық және әлеуметтік өлшеммен тығыз байланысты болады және индивидтің "жеке" субъективті сезімдері ретінде ғана емес, әлеуметтік мінез-құлық пен қоғамдық мақұлдау аспектісінде қарастырылады[4].

Ағылшын тілін оқытуда бейнені пайдаланудың түрлі тәсілдерінің тізімін құрастыруға болады. Көмекші құрал ретінде бейнені пайдалана отырып, тілді оқытуда табысты нәтиже алу үшін мұғалімге де, оқушыға да пайдалы бола алатын келесі әдістер ұсынылады:

Белсенді қарау

Белсенді қарау оқушылардың көңіл-күйін көтереді және олардың назарын бейнематериалдың басты идеясына аударады. Осылайша, оқушылар бейне-оқыту материалдарына белсенді қатысуы қажет. Бейнені көруді бастамас бұрын оқытушы тақтада бейне туралы бірнеше негізгі сұрақтарды жазады, оқушылар оның мазмұны туралы жалпы түсінік алады. Сұрақтарды көріп шыққаннан кейін оқушылар сұрақтарға ауызша жауап береді немесе бейнені көру барысында өздеріне жазба (ескерту) жазып отыра алады. Егжей-тегжейлі түсіну үшін оқушыларға бақылау парағы немесе бейнені қарау жөніндегі нұсқаулық беріледі және олар тілдік нақты мәліметтерді немесе тілдің нақты ерекшеліктерін тыңдап, бейнені қарай алады. Алайда, оқушылардың деңгейі ескерілуі және техниканы олардың деңгейіне сәйкес бейімдеуі тиіс екенін ескеру қажет.

Бейнені тоқтату және болжау

Бұл әдіс still немесе pause түймесін басу арқылы экрандағы бейнені тоқтату арқылы жүзеге асырылады. Бейне бізге кейіпкерлердің дене тілі, мимика, эмоциялары, реакциялары мен жауаптары туралы қосымша ақпарат береді. Мұғалім көңіл-күй мен эмоцияларға қатысты сөздерді үйретуді, нақты сахнада сұрақтар қоюды немесе кейбір сәттерге оқушылардың назарын аударғысы келген кезде бейнені тоқтата алады. Бұл әдісте мұғалім бейнені тоқтата отырып, оқушылардан одан әрі не болатынын сұрай алады. Сондықтан, олар келесі бөлімде не болатынын ойлайды. Стоп-кадр – болжау үшін тамаша әдіс. Бұл әдіс, сондай-ақ, кейіпкерлер туралы қосымша ақпаратты болжау және қорытынды жасау арқылы оқушылардың қиялын өрбітеді.

Дыбыссыз көру

Бейне аудиовизуалды орта болғандықтан, дыбыс және көрініс жеке компоненттер болып табылады. Дыбыссыз көру оқушылардың қызығушылығын оятады, ойлауды ынталандырады және болжау дағдыларын дамытады. Дыбыссыз көру әдісінде бейне сегменті өшірілген дыбыс пен тек сурет арқылы көрсетіледі. Бұл жаттығу бейнені алғаш рет қарау барысында оқушылар үшін болжау әдісі болуы мүмкін. Бұны істеу тәсілдерінің бірі - дыбыссыз бейне фрагментін көрсету және оқушыларға кейіпкерлердің мінез-құлқын және олардың дедукцияға қабілетін бақылау ұсынылады. Белгілі бір уақыт аралығы өткеннен кейін экрандағы суретті тоқтату үшін кідіріс түймешігін басамыз және оқушылардан не болып жатқанын және кейіпкерлер жайлы не айта алатындықтарын болжауды талап ету немесе осы сәтке дейін не болғанын, қандай оқиғалар орын алғанын оқушылардан сұраймыз. Соңында, бейне сегменті қосылған дыбыспен ойнатылады, оқушылар өз әсерлерін бейнеде орын алған оқиғалармен салыстыра алады[5].

Дыбысты қосу және көруді өшіру

Бұл жаттығуда оқушылар тек диалогты ести алатындай және әрекеттерді көре алмайтындай етіп бейнені қараңғылату арқылы жүзеге асырылады. Осы жаттығудың арқасында оқушылар тек естігеніне байланысты визуалды не болғанын болжайды немесе қайта жаңартады.

Қайталау және рөлдік ойын. Бейнеблокта кейбір қиын тілдік сәттер орын алған жағдайда, мұқият қайталау коммуникативтік өндірістік жаттығуларға қажетті қадам болуы мүмкін. Бейнедегі сахна қайталану үшін жеке немесе хормен көрсетіледі. Оқушылар презентация туралы нақты түсінік алған кезде, олар еске түсіре алатын бастапқы нұсқаны пайдалана отырып, сахнаны ойнауды сұрайды. Оқушылар рөлдік ойындарда сенімді болып, лексика мен тілдік құрылымдары дамыған кезде,

шығармашылық іс-әрекет енгізілуі мүмкін. Яғни, оқушыдан бейнедегі оқиға мен кейіпкерге байланысты лексика мен тілдік құрылымдарды пайдалана отырып, оны орындауды жалғастырып әкетуі сұралады. Рөлдік ойындар оқушыларды белсенді қатысушылар ретінде еліктендіруде. Әрбір оқушы өзіне берілген рөлді атқаруына қарай, ол одан да көп тартысқа түседі. Бұл қызмет, сондай-ақ оқушыларға өз мінез-құлқын жақсы түсінуге және әртүрлі адам қарым-қатынастарына оң әсер етуге қабілетті болуға көмектеседі. Басқаша айтқанда, рөлдік ойын - бұл тиімді коммуникативтік қызмет және нақты өмірлік жағдайларға дайындық. Бұл оқушыларға оқып жатқан тілді қолдануға мүмкіндік береді.

Репродуктивті қызмет

Бұл жаттығуда біз оқушылардан бейнені көргеннен кейін олардан бейнеде не айтылғанын сипаттауды немесе не болғанын жазуды немесе әңгімелеп беруін сұраймыз. Бұл жаттығу оқушыларды өз білімдерін тәжірибеде сынап көруге итермелейді.

Дубляж жаттығуы

Біз бұл жаттығуды оқушылар қажетті тілдік құзыреттілікке ие болған кезде жүзеге асыра аламыз. Бұл тапсырмада оқушыларға дыбыстық бейне-эпизодты көргеннен кейін түсіріліп қалған диалогтарды толтыру ұсынылады. Дубляждың көмегімен бейнесахнаны аяқтау - оқушылар үшін қызықты және жағымды.

Кейінгі әрекеттер

Бейне презентация оқушылардың сөйлеу дағдысын кеңейтеді және дамытады. Пікірталас оқушылар арасындағы қарым-қатынасты ынталандырады және бұл коммуникативтік тәжірибеге қол жеткізуге көмектеседі. Осы әдістің көмегімен оқушылардың бірлесіп пайдалану және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға мүмкіндігі бар[6].

Кез келген тілді үйренуде кітап оқу, сериал мен фильмді субтитр арқылы қарау, шетелдіктермен жиі сөйлесу маңызды рөл атқаратынын білеміз. Дегенмен, тіл үйренуде баяу қалыптасатын дағды – тыңдалым. Бұл дағдыны жетілдіру үшін подкасттан артығы табылмайды. Ағылшын тіліндегі ең үздік 5 подкаст ұсынылады.

Төменде ағылшын тілін меңгеруге арналған, BBC ұсынған подкасттар тізімі және олардың ерекшеліктері. Бір аудионың ұзақтығы – 2-4 минут. Аптасына бір рет жаңарып отырады. Диктордың сөйлеу мәнері баяу әрі анық. Pre-intermediate және intermediate деңгейіне сәйкес келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Чикунова А.Е. (2011) *Аутентичные видеоматериалы как средство развития социокультурной компетентности студентов экономических специальностей // Педагогическое образование в России. Екатеринбург. № 1.*

2 Верисокин Ю.И. (2003) *Видеофильм как средство мотивации школьников при изучении иностранного языка // Иностранные языки в школе. № 5. С.31-35*

3 Щербак И.А. (1984) *Кино в обучении иностранным языкам. Минск. – 94 с. 13. Stempleski E., Tomalin B. (1990) Video in Action. Prentice Hall.*

4 Смирнов И.Я. (2006) *Развитие устной речи учащихся на основе аутентичного художественного фильма // Иностранные языки в школе. №6. С.11*

5 Ivanovskaya I.P., Nefyodov O.V. (2015) *Teaching foreign languages to nonlinguistic students in non-authentic environment. Prioritety mirovoj nauki: eksperiment i nauchnaja diskussija. Materialy VIII mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. Nauchno-izdatel'skij centr «Otkrytie». North Charleston, SC, USA, pp. 139-146. 16. Lumturie Bajrami, Merita Ismaili (2016)*

6 *The Role of Video Materials in EFL Classrooms. Journal , 232, 502- 506, <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042816313003>*

Кинаятова Айзат Елубековна
бастауыш сынып мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР – САПАЛЫ САБАҚ НЕГІЗІ

Аннотация

Бастауыш мектеп балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру – әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан.

Түйінді сөздер: бастауыш мектеп, оқыту әдістері, салыстыру, дәлелдеу, сөйлеу мәдениеті.

Аннотация

Начальная школа дает ребенку не только знания, но и общеразвивает его, т. е. формирует правильное отношение к речи, чтению, окружающей среде, учит объективно наблюдать и анализировать ситуации, учит игре правильно говорить, сравнивать, доказывать, культуре речи. Совершенствование методов обучения для углубленной и целостной передачи знаний учащимся-индивидуальная задача каждого учителя. Пути формирования интереса и активности учащихся на уроке многообразны.

Ключевые слова: начальная школа, методы обучения, сравнение, аргументация, культура речи.

Annotation

Primary school not only gives the child knowledge, but also teaches him the general development, that is, the formation of speech, reading, correct attitude to the environment, the ability to objectively observe and analyze situations, the ability to correctly express the game, compare, prove, speech culture. Improving the method of teaching in order to provide students with a deep and thorough knowledge system is a personal task of each teacher. There are many ways to form students' interest and activity in the classroom.

Key words: primary school, teaching methods, comparison, reasoning, speech culture.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Оқушылар бастауыш сыныпта оқытылатын әр пәндік саланы түсінетіндігін көрсете отырып, алдағы уақытта осы білімдерін басқа жағдайларда қолдана білулері қажет. Сондықтан оқушыларды өз білімдерін кез келген жағдайға қалай бейімдеу керектігін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез келген күрделі тапсырмаларды шешуге икемді болуға баулу маңызды болып табылады. Мұғалімдер қолданатын оқыту әдіс-тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды.

«Фуршет» әдісі арқылы ұстаздар ортаға шығып, «Тиімді әдіс-тәсілдер деген не?» сауал төңірегінде ой бөліседі.

Бастауыш сынып пәндерінің аясындағы педагогикалық тәсіл белсенді оқуды көздейтін сындарлы оқуға негізделеді

1) Оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Олар білімдерін бағалап, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынуы және бір-біріне сын тұрғысынан қарауы тиіс.

2) Мұғалімдер оқушыларға бағытталған және дәлелдерді құру мен талдауға арналған рөлдік модельдер ретінде әрекет ететін оқыту тәсілдерін қолданады.

3) Білім беру бағдарламасы проблемаларды шешудің тәсілдерін қамтуы тиіс.

4) Оқушылар мен мұғалімдер пікірлерді бағалауда білікті болуы тиіс және оқушылар тек жазбаша тестілеу бойынша ғана бағаланбауы тиіс.

5) Оқушылар өздерінің алған білімдерін қолдана алуы және білімдердің қалай алынғанын талдай білуі тиіс.

6) Оқушыларға диалогке және бірлескен оқуға қатысуға мүмкіндік беру керек.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым – бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан оқушыларға осы 4 дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі – осы дағдыға ерекше назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады (3, 4, 5-слайд)

Киім үлгілері түрінде постер құрады және спикер қорғайды.

Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлауды және жеті модуль идеясын жүзеге асыру мақсатында әдіс-тәсілдердің және тапсырмаларды тандауды үйрендім. Өте көп стратегиялармен таныстым. Сол стратегияларды сабақта тиімді қолдансам, оқушылар сыни тұрғыда ойлаулары дамиды, жұпта, топта ынтымақтастықта жұмыс істеп үйренеді. Сабақтың кезеңдеріндегі әр тапсырманы қызығушылықпен орындайды және жоғары белсенділік танытады. оларға бәрі қызықты, эмоциялары басым. Оқушылар сабақ бойы өздігінен, жұпта, топта сұхбатқа түсуге құштар, оларға мұндай жұмыс түрлері ұнайды.

«Талантты және дарынды балаларды оқытуда» инклюзивті оқытудың сегіз қағидатын: адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістіктеріне тәуелді емес; әрбір адам ойлау мен сезінуге қабілетті; әрбір адам қарым қатынас жасауға және пікірін айтуға құқылы; барлық адамдар бір біріне қажет; түбегейлі білім шынайы өзара қарым қатынас негізінде жүзеге асады; барлық адамдар бір-бірінің қолдауына, құрдастарының достығына мұқтаж; әр баланың қайталанбайтын бірегей ерекшелігі, қызығушылығы, қабілеті мен қажеттіліктері бар; эралуандылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді дегенді ұстана отырып, балалардың бойында талант пен дарындылықтарын дамытамын. (Бағдарлама. Глоссарий. 74-бет)

Абай атамыз айтқандай «адамды қоршаған орта табиғаттың бір бөлігі» дей келе, «табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы – туылғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді» Бірақ, бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ақын адамның ойы мен санасы еңбек іс-әрекеті кезінде қалыптасады деп тұжырымдайды. «Кей қасиет туа бітеді, ал кейбірі еңбек арқылы қалыптасады»

Бүгінгі таңда бастауыш сыныптан бастап оқушының сөйлеу қабілетінің дамуына әсер ететін жайға көп көңіл бөлуіміз керек. Себебі, тілі жетік оқушы кез келген жерде жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Ал тілі дамымаған оқушы біліп тұрғанының өзін өз дәрежесінде жеткізе алмай қиналады. Оқушының мұндай қиналысқа душар болуының бір ұшы бастауыш сыныпта балалардың жылдам оқу дағдысын қалыптастыру үшін минутпен оқыту дағдысы кеңінен қолданылады. Осы бастауыш сыныптың кезеңінде баланы жылдам оқуға қалыптастырумен қатар түсініп оқуын қадағалап отыру маңызды. Себебі оқушы мәтінді түсініп оқымай, әйтеуір тез оқысам деп құрғақ оқуы үлкен қателікке соқтырады. Кейін жоғары сыныпқа өткен сайын оқушыда түсініп оқу дағдысы бірте-бірте азаяды. Осыдан келіп кей оқушы кез келген мәтіннің не әңгіменің мазмұнын айтуда жаттандылыққа ұрынады. Осы орайда «Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады» дейді американдық ғалымдар.

Сабақ барысында қолданылатын белсенді әдіс-тәсілдер: “6 қалпақ” , “Өрмекшінің өрмегі”, “Кір жаятын жіпке іл” “2 жұлдыз, 1 тілек”, Ақпаратпен бөлісу , «Көршіңмен сырлас».

Ұялы телефонға хабарлама жазады: Мен не үйрендім, жаңалықтармен бөліседі. Сағат тілімен топта бір-біріне беріп, ең қызықты хабарламаны дауыстап оқып шағады

Қорытынды:

- Талпыну, талпынбау өз қолымызда, тек неге мән беру керектігін білсек болғаны!
- Күніне аз ғана үйренсең де, сол үйренгенің бір күні үлкен нәтиженің кілтіне айналады!
- Әрқашан «Қолымнан келеді!» - деп айт!
- Сүрінсең де, құласаң да, тіпті еңбектесең де алға жүруіңді тоқтатпа!
- Шаршасаң да тоқтама, істі орындап болған соң тоқта!
- Тек алға жүр, сонда көлеңкеңнің өзі артта қалады!

- Алға деген ұмтылысыңыз жоғары деңгейде болсын!
- Өзіңе сен, өзіңе сенсең ғана, адамдар сене алмайтындай нәтижеге қол жеткізесің!

Падаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. III деңгей. «НЗМ» ДББҰ. Астана, 2012 ж.
- 2 Бағдарлама. III деңгей. III деңгей. «НЗМ» ДББҰ. Астана, 2012 ж.
- 3 Жексенбаева Ү.Б. Балалардың дарындылығын диагностикалау. Әдістемелік құрал. Алматы: РАДиАЛ, 2005.
- 4 Дарынды балалармен жұмыс//Қазақстан мектебі. -2008 №6 34-36 бет
- 5 Үздік білім берудің жолдары//Мектеп директоры. – 2010 №1 27-29 бет
- 6 Дарынды оқушымен жұмыс//Мектеп директорының орынбасары. – 2010 №1 27-29 бет

ӘОЖ 373.32

Кожыханова Жаныл Бектургановна

бастауыш сынып мұғалімі

Абай ат. мектеп гимназиясы

Алматы облысы Сарқан ауданы Сарқан қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІ МАШЫҚТАНДЫРУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Аннотация

Бастауыш сыныптардағы жазу сабақтарының мақсаты – балалардың жазу тілі дағдысын қалыптастыру. Осы тұрғыдан мақалада, бастауыш сыныпта жазуға үйретуді машықтандырудағы әдіс-тәсілдер туралы жан-жақты әрі толыққанды баяндалады.

Түйінді сөздер: *білім, әдіс, тәсіл, жазу.*

Аннотация

Целью уроков письма в начальной школе является развитие навыков письма у детей. В связи с этим в статье дано всестороннее и всестороннее описание методики обучения письму в начальной школе.

Ключевые слова: *познание, метод, подход, письмо.*

Annotation

The purpose of writing lessons in elementary school is to develop children's writing skills. In this regard, the article provides a comprehensive and comprehensive description of the methodology for teaching writing in elementary school.

Key words: *knowledge, method, approach, writing.*

Бастауыш сыныптардағы жазу сабақтарының мақсаты – балалардың жазу тілі дағдысын қалыптастыру. Жазу дағдысының психологиялық негізгі мидың үлкен жарты шар қабығындағы анализатор ұштарының бір-бірімен күрделі байланысқа түсуі, екінші сигнал системасының жинақталып, бір арнаға бағытталуы болып табылады. Жазу тілі көзбен қабылданады, қолмен іске асады. Ал ауызша сөйлеу, есіту кинестезиялық нерв байланыстары арқылы өтеді. Жазу тілі ауызша сөйлеуден кейін шықты, сондықтан да ол үнемі ауыз тілге сүйеніп отырады. Ең алғашқы, ерте дәуірде адамдар қандай да болмасын бір уақиғалар туралы мәліметтерді кейінгі ұрпаққа қалдыруға болады. Сөйтіп ондай мәліметтерді түрлі суреттермен белгілейді. Бұл кезең – идеографиялық сөйлеу кезеңі деп аталады. Идеографиялық сөйлеу белгілі бір айтылатын жағдай туралы еске түсіру рөлін атқарады. Кейінірек иероглифтік жазу шықты. Бұл заттарды немесе тұтас ойды білдірген. Біздің қазіргі қолданып жүрген жазуымыз алфавиттік жазу. Бұл кейінірек шыққан. Жазудың құрамына алфавит, графика және орфография (емле) енеді. Алфавит – тіліміздегі әріптердің белгілі бір жүйемен орналасу тәртібі.

Графика – дыбыстың, буынның немесе сөздің айтылуы қалай болса солай таңбалануы. Ал орфографиялық тілдің белгілі бір нормаға келтірілген ережесін сақтап жазу. Алфавит пен графиканы меңгеру – оқу мен жазудың (сауат ашудың) ең алғашқы, ең қарапайым, бірақ ең маңызды дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Алайда жазуды меңгеру оның тағы бір басты бөлігі орфографияны (немесе жазу, сауатты жазу) игеруді қажет етеді. Бастауыш сынып оқушылары орфографияны игере отырып, сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады, яғни өзінің сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре береді, жеке басының жалпы даму деңгейі жоғары дәрежеге көтеріле береді. Міне, жазуға үйренудің басты маңызының өзі анықталды. Жазбаша сөйлеудің өзіне тән ерекшеліктері бар. Мысалы, жазбаша сөйлеудің қабылдаушыға әсер ететіндей қосымша құралдары жоқ; ол бүкіл оқушы қауымға арналады; онда автордың эмоциясы мен сезімі, толқуы мен мұңаюы, қуанышы реніші т.б.с.с. Бұл айтылғандар бастауыш сынып оқушыларының жазу тілін дамыту мәселесінің күрделі екендігін көрсетеді, яғни балалардың жазу тілін дамыту үшін, алдымен оларды жазудың өзіне дағдыландырып алу керек. Жазу дағдысының бастамасы әріптің әр бөлігін (таяқша, дөңгелек, қосу сызықтары) сызып, жүргізу арқылы жаттықтырылады. Бұл кезеңде бала басымен, бүкіл денесімен жоғары көтеріліп, төмен еңкейіп, екі жағына қисайып, неше түрлі қозғалыстар жасайды. Алайда мұғалім тиімді жаттығулар ұйымдастырса, көп ұзамай, бірте-бірте бастапқы қозғалыстарын жинақтап, азайта түседі. Ал, кейін әріп бөліктерін аса күш салмай-ақ қосып жаза алатын болады. Жаттығулардың нәтижесінде жазу қимылдары автоматталып, әуелі әріптерді, одан соң тұтас сөздерді де кідіріссіз жаза алады. Жазу қимылдары автоматталғаннан кейін жаңа міндет – сауатты жазуға (немесе орфографияға) үйрену міндеті туады. Тілімізде орыс тілінен енген, аяғы үнді дыбыс - әріптерге біріккен бірсыпыра сөздер бар (Ленинград, клуб, педагог т.б.). Бұл сөздердің соңғы үнді дыбыстары айтылуда қатаң дыбыстарға айналады, яғни д, г, б, дыбыстары қатаңдап т, к, п дыбыстарына айналып айтылады. Мұндай сөздерге қосымша қатаң дыбыстан басталып жалғанады: педагогке, клубтан т.с.с. Бұлар грамматика ережелеріне сүйеніп үйретіледі.

Қазақ тілінде фонетикалық қағидаға сүйеніп, естілуінше жазылатын сөздер көп-ақ: қалам, кітап т.б. Кейде көнерген біріккен сөздер дәстүрлі қағидамен, естілуінше жазылады: қыстыгүні, ашудас т.б. Сауатты жазуға үйрену жұмысы грамматикаға сүйенеді. Мектепте грамматиканы оқыту неғұрлым жақсы жолға қойылса, оқушылардың сауаттылығы да соғұрлым жоғары болады. Олай болса, белгілі бір жазу ережесінде негіз болатын грамматикалық құбылыстар саналы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет. Мұнда ережені мәніне түсінбей, құр жаттап алудан сақ болған жөн.

Мұғалім тіл құбылыстары мен жазу ережелерін анық етіп түсіндіріп, оқушыларға сол ережелерді меңгерту тәсілдерін қарастыруы тиіс. Мысалы, қандай да болмасын сөз немесе оған жалғанған қосымшалар басқаша болмай, неге солай жазылғанына оқушы түсініп және оқыған ережесіне сүйеніп оны дәлелдей алатын болса, оның ережені саналы меңгергені. Ал ережені мүдірместен айтып бергенімен, неге солай жазылып тұрғанын дәлелдей алмаса, оқушы ережені механикалық түрде меңгерген болып шығады да, ол білгендерінің сауатты жазуға пайдасы шамалы болады. Сондықтан балалар мұғалімнің басшылығымен, тіл құбылыстарын, емле ережелерін бақылап, талдауға оларды бір-бірімен салыстыруға, ой жүгіртуге, сипаттауға, өз беттерімен жазған жазу жұмыстарында қолдануға міндетті.

Грамматиканы оқу барысында оқушылар тіл құбылыстарын саналы түсінумен қатар, тілдің нақты фактілерін де білулері қажет. Мысалы, сөйлемдегі сөздерді жалғаулардың байланыстыратынын балалар есте қалдыра алады; сөйлемдегі сөздердің жалғауларын ажыратып айтып бере алады. Бірақ өздері сөйлем құрауға келгенде оны қолдана алмайды. Егер олар сөйлем құрағанда сөздердің арасындағы байланысты анықтау арқылы, жалғаудың қызметін көңіл аударып дағдыланса, мұндай байланысты өздері сөйлем құрағанда да сақтауға тырысады. Бұл үшін сөйлемдегі бір сөзден екінші сөзге сұрақ қойып дағдылану қажет. Мысалы, мен (кім?) мектепке (қайды?) барамын т.б.

Сауатты жазуға үйрену үшін аналогия арқылы жаза білудің де маңызы зор. Ереже, қандай да болмасын, тек жалпы ғана нұсқау немесе түсінік береді. Яғни онда нақты бір сөзді қалай емес, бір топтағы сөздердің жазылуы көрсетіледі. Сондықтан оқушылар бір ережені меңгеру барысында дайын мәтіннен ұқсас мысалдарды таба білуге немес өздері мысал келтіре алуға тиіс. Оқушылар сол ережені оған ұқсас басқа жағдайларда қолдана алатындай дәрежеге жеткенде ғана ақыл-ой дағдысы қалыптасты деп есептеуге болады.

Дұрыс сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға бірсыпыра көмектеседі. Мұндай жаттығулар III- IV сыныптарда да жүргізіліп отырады. Тіліміздегі жазылуы айтылуынан өзгеше құлын, жұлын, күрек, басшы т.б.с.с. сөздері тек есту дағдысына сүйеніп, жазуға болмайды. Көбіне оларды салыстыру жолымен талдаудың жәрдемі тиеді. Сондай-ақ –ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе сұраулықтарын етістіктің болымсыз түрімен, мен, бен, пен шылауларын септік жалғауларымен салыстырып байқаудың да маңызы күшті. Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын, айтайын деген ойдың күңгірт, екі жақты болып шығатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларындағы қателерді түзеткенде көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп (Тұзшы – тұшы, барма-бар ма т.б.). Сөйтіп, сауатты жазуға үйрену үшін аналогия, салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау, нақтылау сияқты ой операцияларының іске асуы ең маңызды шарт болып табылады. Сауатты жазуға үйренуде қол қозғалысы арқылы қабылдау мен елестетудің алатын орны ерекше екені белгілі. Көп оқитын тіпті ережені тамаша білетін оқушы да қолдың дағдылануынсыз жазуда қатені көп жібереді және жазуының ұсқыны да тартымсыз болады. Сондықтан әсіресе бастауыш класс балалары үшін [танымның есту](#), айту, тыңдау, көру және қолын қозғау арқылы қалыптасатын функцияларын жүйелі түрде үйреніп, алғашқы кездің өзінде-ақ жақсы естіп, тыңдай алып, дыбыстық құрамға ойша тәртіппен талдау жасай алып, іштерінен қайталау т.б. сияқты тәжірибелер жинақтаудың маңызы орасан зор болатынын естен шығармауға тиіспіз. Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, оқушылардың сауатты жазуға үйрету үшін ескерілетін жағдайларды топтап көрсететін болсақ, олар төмендегідей: Мұғалім жазылатын сөздің немесе сөйлемнің мағынасын, мәнін оқушының түсінетіндігіне әбден көзі жеткеннен кейін барып жаздыруға тиіс (оқушы кейде мағынасына жете түсінбегендіктен қате жібереді). Сөзді дұрыс айтуға, ұқыпты жазуға, жазғандарына ой жүгіртуге бағыт беріп, қатемен жұмыс ұйымдастырады. Үнемі талдау жасау: түбірлес сөздер табу, сөз тіркестері арқылы сөйлем құрастыру, ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру – мұның барлығы оқушының ойлауын арттырып, материалды меңгеруге жағдай жасайды. Дыбыстық талдау, сөз құрамына жаттығу, сөз табының қызметі, синтаксистік талдаулар іске асырылып, сөйлеуге үйрету жұмыстарымен байланыстырыла жүргізіледі. Арнаулы орфографиялық жаттығулар (көшіру, диктант) тіл дамыту жаттығулары мен (мазмұндама мен шығарма) кезек жүргізіледі. Сөздік жұмыс үздіксіз жүргізіліп отырады. Әр оқушының жазудан да басқа әлсіз жақтары болады (кей сөздерден қате жіберу т.б.) Мұғалім ондай балалармен сөздік жұмысын жеке жүргізеді. Сауатты жазу дағдысын қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – орфографиялық қате, сөйлеу қателерін болдырмау үшін алдын ала жинақтау, талдау жұмысы. Белгілі бір жағдайға дағдылану біраз уақыт жаттығуды қажет ететіні сияқты, сауатты жазуға жаттығу дағдысы да көп қайталауды, жаттығуды талап етеді. Сондықтан өтілгеніне біраз уақыт болған материалдарды жүйелі түрде еске түсіріп отыру пайдалы. Жазуға үйренуде уақытша нерв байланыстарын шартты рефлекс арқылы емес, операнттық рефлекс арқылы қалыптастырудың мәні ерекше болып табылады. Мұның мәнісі балаға дайын жұмысты орындату арқылы дағдыландырудан гөрі, өздеріне тапқызу, оларды ізденіп, қиналуға мәжбүр ететіндей тапсырмалардың тиімді нәтиже беретіні мәлім. Мұның барлығының да мақсаты қалыптасқан уақытша нерв байланыстарын (дағдыны) сақтау (сауатты жазу дағдысын) екенін жақсы түсініп, білімін жетілдіріп, педагогикалық шеберлігін ұштап отырған мұғалім ғана жұмысын ойдағыдай ұйымдастыра алады. Жазуға байланысты жаттығу жұмыстары әр түрлі факторларға негізделеді:

Көру, қимыл факторларына негізделетін көшіріп жазу. Есту арқылы қабылдауына сүйенетін мәтінді жазу (мұғалім оқып берген немесе оқушы оқыған мәтінді жазу. Бұған диктант, мазмұндама жұмыстарын алуға болады).

Орфографиялық тапсырмалар бар жаттығулар: қалдырылып кеткен әріптерді тауып жазу немесе түзетіп жазу т.б. Жазу жұмыстарының бұл көрсетілген түрлері бір-бірімен тығыз байланысты, яғни таза біреуінің қолданылуы мүмкін емес. Мысалы, диктант есту қабілетіне негізделгенімен, көру қимылсыз іске аспайды т.б. Сондықтан, жоғарыдағы сияқты топтау тек шартты түрде, жаттығудың қай түрінде негізгі мәселенің қайсысы екендігіне мұғалімдер көңілін аудару мақсатында ғана көрсетіліп отыр. Жазу дағдысын нығайта, жетілдіре түсетін, сонымен бірге іс жүзінде сыналған жаттығулардың негізгі түрлері мынадай:

Есте ұстау арқылы көшіру. Мұнда тақтаға жазылған мәтін оқылады, талданады, содан соң жабылады. Оқушы есінде оқығандарын жазады. Кейде мәтін талданғаннан кейін үйге беріледі. Жазып болғаннан соң мұғалім мәтінді ашып, жазғандарын салыстырып, тексеруге мүмкіндік береді. көшіріп

жазудың бұл көрсетілген түрі диктант болғандықтан мұны көру диктанты деп атайды. Бұл әсіресе «қиын» сөздердің жазылуы өткенде пайдалы. Әдетте жазылуы қиын сөздердің тізімі оқулықтардың соңында беріледі мұндай сөздердің жазылуынан есте қалдыру үшін мұғалім мынадай әдіс тәсілдер қолданады:

Еркін көшіру. Балалар әуелі мәтінді оқып шығады, талдайды, сонан соң кітапты жауып қойып, мәтіннен есте қалғандарын, қалай ұғынса солай жазады. Грамматикалық тапсырмаларға байланысты көшіру. Сөздің немесе сөйлемнің бір бөлігі өзгеріссіз сол қалпында, екінші бір бөлігі өзгертіліп көшіріледі: қалып қойған жерін ойлап тауып немесе қосып, өзгертіп жазады: қалып қойған әріптер мен буындарды тауып қосу, сөздерді тауып қосу немесе сөйлемдерді аяқтау, берілген сөйлемнің немесе сөздің тұлғасын өзгертіп жазу сияқты тапсырмалар орындалады.

Диктанттың бастауыш мектепте жүргізілетін түрлері.

Ескерту диктанты. Мұнда мұғалім мәтінді тұтас оқып шығады. Балалар жақсылап тыңдап отырады. Содан кейін түсініксіз деген сөздердің мағынасын түсіндіреді. Мұғалім әрбір сөйлемді қайта оқып шығады, оқылған сөйлемдер балалардың қатысуымен тыңдалады. Сөйлемді жазбас бұрын мұғалім балалардың зейінін ондағы қиын сөздердің жазылуына, өтіліп отырған ережеге аударады. Оқушылар тиісті дыбыстарды көрсетеді, ережесін айтып береді, олардың қателескен жері болса түзетеді. Осындай жұмыстардан кейін ғана балалар сөйлемді жазуға кіріседі. Алғашқы кезде әр сөйлем оқылып, талданып барып жазылады. Кейін балалар жұмыстың бұл түріне дағдыланған кезде, бірнеше сөйлем бірден оқылып, олардың ішінен мағынасы түсініксіз сөздер мен жазылуы қиын деген сөздер ғана талданады, ал одан әрі мәтін тұтас оқылады да, сөздер іріктеліп алып талданады, содан соң мұғалім әр сөйлемді оқып, балалар жазады. Егер балалар белсенділік көрсетіп, сөздердің қалай жазылуын, талдануын сұрап, сөздіктен қарайтын болса, онда диктанттың тиімді болғаны.

Іріктеу диктанты. Мұның ескерту диктантынан айырмашылығы – балалар мұғалімнің айтқан сөздерінің барлығын жазып отырмайды, оның ішінен белгілі бір ережеге қажетті сөздерді немесе сөз тіркестерін іріктеп жазады. Диктанттың бұл түрінде уақыт үнемделеді, қажетті сөздер мен сөйлемдер көбірек жазылады, ең бастысы оқушылар мәтінді аса зейін қоя тыңдап отыруға мәжбүр болады.

Түсіндіру диктанты. Мұнда мәтін жазылып болғаннан кейін ғана талданады, қателері түзетіледі. Диктанттың бұл түрін жазуға кірісерде қажетті ережелер еске түсіріледі. Мұны ескерту диктантынан бақылау диктантына өткел ретінде жүргізілетін жұмыс деуге де болады. Түсіндіру диктантының бір түрі ретінде жүргізілетін жұмыс деуге де болады. Түсіндіру диктантының бір түрі ретінде сөздік диктантын да жүргізуге болады. Онда сөйлем де, мәтін де емес, жеке сөздер айтылады. Бұған оқушыларға қиындық келтіретін немесе ережелерге бағынбайтын сөздер алынады. Сөздік диктант ұзақ болмайды, 5-10 минут шамасы, көбінесе сабақтың аяғында жүргізіледі. Мұғалім жеке сөздерді айтады, балалар жазады, жазғандарын сөздіктен қарап түзетеді. Үнсіз диктант ұйымдастырылады. Онда мұғалім қажетті суреттер көрсетеді (аю, сиыр, жылқы, қоян, қозы, трактор, комбайн т.б.), ал балалар бірден жазады немесе керекті әрпі бар карточканы көрсетіп, сонан соң жазады. Сөздік диктант 10-15 сөзден аспауы тиіс.

Осы көрсетілген жұмыстардың барлығы орфографиялық дағдыны автоматтандыру мақсатын көздейді.

Диктанттың түрлері көп.

Қатемен жұмыс жүргізгенде ерекше талдау жүргізіледі. Қате жіберген сөйлемдерді қайтадан жазғызып, астына сыздыру нәтижесін береді. Оқушыларды сауатты жазуға қалыптастыру үшін оларға кітапты көп оқу, қалай оқу, қалай пайдалану жөнінде айтып отырамын. Оқушыларды қатесіз, сауатты жазуға үйрету тәсілдері алуан түрлі. Өйткені әр баланың ерекшелігіне байланысты қатесіз жазуға үйрету әдісі әр сабақта өзінше орын алады.

1. Сөздерді буын жігіне қарай айту, жазу заңдылығын білмегендіктен сөздердің буын жігін ажырата алмай, тасымалдан жиі қателесу басым. Мысалы: сауап, тауық тәрізді сөздерді сау-ап, тау-ық деген түрде қате айту қате жазуға жол ашады.

Сондықтанда мен әрбір сабақ сайын сөздерді дұрыс буынға бөлуді дағдыландыруға машықтандырамын. Бұл үшін «Менің атым неше буннан құралған», «Ата-анамның аты неше буыннан құралған» және «Досымның аты неше буыннан құралған» деген сияқты ойындар пайдаланамын. 2. А, Ә, Ы, І, У, Ұ, Ү, Ө, И, Я, Ю дыбыстарының (әріптерінің) қандай сөздерде, қандай буындарда айтылу, жазылу заңдылықтарын жете меңгере алмаған- дықтары байқалды. 3. Дауыссыз Н-Ң, Т-Д; С-З, И-Й, Ж-Ш дыбыстарының емлесін шатастыру жиі кездеседі. Дыбыстардың артикуляциясын білмегендіктің, бір-біріне жақын дауыссыздарды ажырата алмаушылықтың түпкі негізі – бастауыш сыныпта сауат ашу кезеңінде дыбыс пен әріптің заңдылығын ұғынбағандықтан жіберілген олқылық.

4. Сөз ішінде НН, ЛЛ,ТТ,КК,ҚҚ,СС,ШШ, ПП,ММ тәрізді қатар келген дыбыстардың бірін жиі тастап кетеді. Мұндай қосарлы дыбыстардан жіберілген қателер сөздердің құрамын ажырата алмаушылық заңдылықтарынан туған.

5. Қос сөздердің қосарланып, қайталанып қолданылатын түрінің емлесінен де қате жіберіледі. Бұл қателер қос сөздердің өзіндік заңдылығын жете меңгермеушіліктен туған. Сонымен қатар қос сөздердің дефис арқылы жазылатын ерекшеліктерін білмеуден қос сөздердің кейбір түрін сөз тіркесімен шатастыру жиірек кездеседі. 6. Біріккен сөздердің бір бүтін ұғым екендігін жете білмеушіліктен жіберілген қателер де кездеседі. Осы жерде жас ұстаздарға біріккен сөздердің емлесіне көбірек назар аударуға керек екенін айтқым келеді. Үйреткенде, мысалы: ТЕМІРҚАЗЫҚ (жұлдыз), БІРҚАЗАН (күс), ӘЛДЕҚАЙДА (есімдік) деген тәрізді мысалдар ұсынылып, бұлар былайша талданылады. Бірінші кезеңде бұл сөздердің қандай құрамды бөлшектерден жасалып тұрғаны анықталады: ТЕМІРҚАЗЫҚ сөзі – ТЕМІР-ҚАЗЫҚ; БІРҚАЗАН сөзі- БІР-ҚАЗАН; ӘЛДЕҚАЙДА сөзі-ӘЛДЕ-ҚАЙДА. Екінші кезеңде - жаңа материал біріккен сөздердің кем дегенде екі немесе одан да көп бөлшектерден жасалатыны түсіндіріледі. Кейбір сөздер ешбір өзгеріссіз біріккен: ӘЛДЕБІР; ТАСБАҚА; АҚБОЗАТ.

Қорытынды

Қоғам мен жалпы білім беретін мектептердің сұранысына сәйкес бастауыш мектеп буында көркем жазу пәнінің мәні зор. Оқушылардың жазу дағдысы қалыптастыру оны кейінгі сыныптарда жетілдіру үшін, жазу әрекеті мен психофизиологиялық әрекеттерін ескеру жазуға үйренудің әр тәсілдерінен қарулану тек көркем жазу сабағында жүзеге асады. Ол үшін бастауыш сынып оқушыларында графикалық каллеграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру процессінің психологиялық физиологиялық дидактикалық негіздерін ашу керек. Бір қарағанда алфавиттегі санаулы дыбыс таңбаларын әдемі және жылдам жазуға балаларды үйрету онша көп қиындық келтірмейтін сияқты. Шын мәнінде бұл дағдыларды оқушылар бойында қалыптастыру барысында мектептің алдында көптеген қиындықтар кездеседі. Жазба жұмыстарын көптеп орындатуға қарамастан, кейбір оқушылар дыбыс таңбаларын, олардың бір – бірімен байланысу жолдарын жазу кезінде қолдана біледі. Дыбыс таңбаларын көркем әрі айқын жазуға дағдыланса да, жылдам жазуға әдеттенбегендіктен, айтылған ойға ілесе алмайды әрі жазу сауаттылығы мен анықтығы төмендейді. Сауатты көркем жазудың негізі - әліппенің сауат ашу кезеңінде қалыптасады. Бұл жұмыс шығармашылықпен ұштастырғанда ғана оқушы сауатты көркем жазуға төселеді. Осы мақсатта оқу белсенділігін арттыратын әріптік, буындық үлестірмелі материалдар пайдаланып, берілген сөздерді талдап, өзінің қасиеттерінен сөз құратып, оқытып, ауызша жат жазу жүргізу керек. Ауызша арқылы құралған сөзді тақтаға жазып, қатесіз көркем етіп дәптерге жазғызып, оны оқытып тақтамен салыстыру керек. Үйрету жат жазулары жеңілден басталып, біртіндеп күрделенеді. Бір – екі әріпті үйретісімен сабақ сайын үйрету диктантын жатқа жазуда оқушы сауатын ашып, естуін дамытады. Осыдан жұмыстың біріне әріпті жат жазуды ұсынамыз. Мұнда үйренген дыбыстардың әріптік таңбаларын қаншалықты меңгергенін байқауға болады. Ол үшін әріп жазуын мынадай мазмұнда өткізген жөн: Бастауыш сыныпта жазуға үйретуді машықтандыруда әріп буын жат жазуларын дұрыс жазып сөздердің мазмұнын түсініп алмайынша бірден сөз сөйлем жат жазуларын өз дүниесінде сауатты жазу мүмкін емес.

Жат жазу жиі болса оқушылардың сауаты артады. Жат жазудың мақсаты – оқыған ережені оқушының қаншалықты меңгергенін, қосымша қандай жұмыс жүргізу керек екенін анықтау. Баланың жазу дағдыларын жүргізуде жат жазу жүргізу жұмысына қоса қатені түзету жолдарын да ұсынамыз. Олар: үйрету жат жазуы және көшіріп жазу жат жазуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., «Мектеп» баспасы. 2001
- 2 Н.Оразханова. Фонетикалық талдауды сатылай комплексті түрде жүргізу. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №10. 2000.
- 3 Е. Исабаев. Дыбыс жүйесінің негіздері. А., «Мектеп». 1992.
- 4 Диктанттар жинағы. А., «Мектеп». 2004.
- 5 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А., «Ана тілі», 1998.

Косанова Самал Чаймбековна
математика пәнінің мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Аннотация

Ондаған жылдар бойы қолданыста жүрген дәстүрлі бағалау жүйесінің бірқатар кемшіліктері бар. Мұғалім бақылау функциясын орындайды; оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер түсінетін жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалаудың нақты критерийлері жоқ; белгілер, оқу бағдарламасының жеке бөлімдері бойынша білімнің, іскерліктің, дағдылардың нақты элементтерін игеру туралы түсінік бермейді, бұл әр оқушының жеке оқу траекториясын анықтауға мүмкіндік бермейді; жүйе баланың өзін бақылауға және бағалауға мүмкіндік бермейді; бағалаудың дәстүрлі тәсілі оқушының өзіндік даму динамикасын, жетістігін көруге мүмкіндік бермейді; мұндай жүйе көбінесе травматикалық сипатқа ие, оң мотивацияға ықпал етпейді. Бұл мақала бағалау қызметінің мәселелеріне арналған. Критериалды бағалау-бұл оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру процесінің барлық қатысушыларына (оқушыларға, мектеп әкімшілігіне, ата-аналарға, заңды өкілдерге және т.б.) білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін критерийлермен салыстыруға негізделген процесс.

Түйінді сөздер: бағалау, бағалаудың дәстүрлі жүйесі, критериалды бағалау.

Аннотация

Десятилетиями существующая традиционная система оценивания имеет ряд недостатков. Учитель выполняет контролирующую функцию; отсутствуют четкие критерии оценки достижения планируемых результатов обучения, понятные учащимся, родителям и педагогам; отметки, не дают представления об усвоении конкретных элементов знаний, умений, навыков по отдельным разделам учебной программы, что не позволяет определить индивидуальную траекторию обучения каждого ученика; система не позволяет ребенку контролировать и оценивать себя; традиционный подход оценивания не позволяет увидеть ученику динамику собственного развития, успеха; такая система часто имеет травмирующий характер, не способствует положительной мотивации. Данная статья посвящена проблемам оценочной деятельности. Критериальное оценивание – это процесс, основанный на сравнении учебных достижений учащихся с четко определенными, коллективно выработанными, заранее известными всем участникам образовательного процесса (учащимся, администрации школы, родителям, законным представителям и т.д.) критериями, соответствующими целям и содержанию образования, способствующими формированию учебно-познавательной компетентности учащихся.

Ключевые слова: оценивание, традиционная система оценивания, критериальное оценивание.

Annotation

For decades, the existing traditional assessment system has a number of disadvantages. The teacher performs a controlling function; there are no clear criteria for evaluating the achievement of planned learning outcomes that are understandable to students, parents and teachers; marks do not give an idea of the assimilation of specific elements of knowledge, skills, and skills in individual sections of the curriculum, which does not allow determining the individual learning trajectory of each student; the system does not allow the child to control and evaluate himself; the traditional approach of assessment does not allow the student to see the dynamics of his own development, success; such a system often has a traumatic character, does not contribute to positive motivation. This article is devoted to the problems of evaluation activity. Criterion assessment is a process based on the comparison of students' academic achievements with clearly defined, collectively developed, previously known to all participants in the educational process (students, school administration, parents, legal representatives, etc.) criteria corresponding to the goals and content of education, contributing to the formation of educational and cognitive competence of students.

Keywords: assessment, traditional assessment system, criteria assessment.

Қазіргі кезде оқыту процесінде қолданылатын білімді тексеру мен бағалаудың технологиясы оқушылардың білімін тексеру әдістерін жетілдіру, оны сабақтар жүйесінде оларды таңдай білуі, оқыту процесінде оқушылар білімін тексерудің, бағалаудың маңызы мен қызметі. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері: осы тақырыптың толық ашылуына тақырыпқа бағытталған зерттеулерді көбейту қажеттілігі туып отыр. Мектепте оқушылардың білімін тексерудің түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың тек пәндік білімнен алғандарын ғана тексеріп қоймай, олардың сол алған білімдерін өз бетінше пайдалана білуге, шығармашылықпен жұмыс істей білуге төселдіре отырып, оған қоса оқу мен сөйлеуге тереңірек үңіліп, жағымды мінез-құлық қалыптастыру, этика, эстетика сияқты адамгершілік нормаларын бойларына дарытып, тәрбиеге көңіл бөлу.

Білім – өте күрделі, басқа дүние болмыстарында қайталанбас қыр мен сырға мол қоғамдық-тарихи құбылыс, оның мән-жайын тануға құштарлық білдірмеген ғылым аз-ақ. Білімнің әлеуметтік өмірдегі ерекше сала сипатына ие болу кезеңі білім мен әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа өткізу процесі қоғамның тіршілік әрекеттерімен өз алдына бөлініп және тәрбие мен оқуды іске асыратын арнайы кәсіби адамдардың пайда болу дәуірінен басталады. Білімнің жеке тұлғалық құндылығы әрбір адам үшін өз алдына бөлек. Әсіресе, бұл өзіндік білім, оның деңгейі мен сапасында көрінеді. Ғылыми білімнің саралануы, олардың үздіксіз дамуы білім беру мазмұнына көлемді практикалық және теориялық материалды қосуды қажет етеді. Алайда, мектепте оқыту уақыты шектеулі болғандықтан, заман талабынан шығатын білімді саралау, таңдап алу мәселелері туды. Сабақтар жүйесінде оқытудың әр алуан әдістерін мұғалімнің пайдалана білуі мен оқушылардың алған білімдерін тексеру оқыту процесінің дұрыс ұйымдастырылғандығын сипаттайды. Л.Н.Толстой былай дейді: «Қандай мұғалім болмасын, әдістерді неғұрлым көп білуге тырысуға, олардың көмекші шара ретінде қабыл алуға тиісті. Оқушының сабақ түсінуіндегі қиыншылығының қандайын болса да, оны оқушының кемшілігі, қайта өзінің сабақ оқытуымдағы кемшілігім деп қабылдауға тиісті. Жаңа тәсілдерді ойлап табу жөнінде өзінің қабілетін дамыта беруге ұмтылуға тиісті». Сондықтан, әрбір мұғалім сабаққа дайындалу барысында оқу материалын оқушыларға қалай меңгертуге болатыны және оқушы білімін дұрыс тексеру жайында үнемі шығармашылықпен жұмыс істеуі тиіс.

Қазіргі заман талапына сай қалыптастырушы және жиынтық бағалауды дұрыс жүргізе алуы қажет. Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын тексеру, бұл бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын тексеру, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады. Тексерудің тақырыптық түрін ұйымдастырудың практикалық мәселелері П.Горбунов, Е.С.Березняк, В.И.Иващенко, А.К.Исаков, Е.И.Перовский, Н.В.Чертинский, В.О.Онищуктың ғылыми педагогикалық еңбектерінде талданған. Тексеру мен бақылауды ұйымдастырудың жекеленген әдістемелік мәселелері жайында М.Р.Рыбов, Н.Н.Светловский, А.П.Пышкало, Т.Л.Коган және т.б. теориялық талдау жасаған. Осылардың негізінде қаралып отырған педагогикалық мәселенің теориялық аспектісі жеткілікті дәрежеде зерттелген деп қорытынды шығаруға болады. Себебі «тексеру», «бақылау», «бағалауды» ұйымдастырудың мәні, олардың оқу-тәрбие процесіндегі қызметі, формалары мен тәсілдері анықталған.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде бұл мәселенің қалыптасуы мен дамуы динамикасын бірнеше кезеңге бөлуге болады. 20 жылдары үй тапсырмасын беру, білімді және емтиханды бағалауды оқыту процесі жүйесінде қарастырмайды, соның нәтижесінде оқушының үлгерімі сапасына мұғалімнің бақылау жасау орнына «бригадалық-лабораториялық» әдіс жүйесіне негізделген «өздігінен бақылаудың» түрлері кең көлемде тартылды. Ол бір жағдайда үлгерім нәтижесін бақылауда иесіздік, жауапкершілікке әкелсе, екінші жағдайда оқу сапасының төмендеуіне кері ықпалын тигізді. 30 жылдары білім, білік, дағды нәтижесін есепке алуды бақылау (Е.В.Гурьянов) және тәрбиелік қызметіне (П.Г.Ананьев) көптеп көңіл аудар бастады. 40-60 жылдары бұл мәселе төңірегінде отандық ғылым мен практика тәжірибесін жинақтау жұмысы қолға алынды. Онда білімді тексеру (Е.И.Петровский), оқушыларды бақылау ретінде қарастырды. Оқушыларды бақылау және тексеру: әрі оқыту, әрі тәрбиелеуді көздесе, кейіннен оның дамыту қызметі ойластырылды. 80 жылдардан бастап оқу нәтижесін ескеп алу, бақылау және бағалаудың мазмұны мен амал-тәсілдері мен қызметінің дидактикалық-әдістемелік негіздерін талдап, қолға алынды. Оның әділдігін, дәлдігін көтеруге бағытталған мәселелер, үлгерім нәтижесін есепке алуды қатаң және тәртіпке келтіру жүйесіне арналған

жұмыстар қолға алына бастады. Дегенмен де, бүгінгі таңда оқыту теориясында білімді тексеру немесе бағаның мәні, тәсілдері жайлы әлі де болса ортақ пікір қалыптаспай отыр.

Бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау бір нәрсенің деңгейін, сапасын, нәтижесін белгілеу. Оны оқушының оқу-таным әрекетінде қарастырсақ оқыту процесінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал. Бақылаудың білім беру қызметі негізінде оқушылар жаңа білімдерді қабылдайды, бұрын алған білімдерін толықтырып, жетілдіріп, белгілі бір жүйеге келтіреді. Тәрбиелік қызметі оқушылардың жүйелі түрде жұмыс істеуге үйретеді. Бақылаудың нәтижесінде олар күнделікті сабаққа үзбей дайындалады, жауапкершілік сезімдері артады. Тексерудің негізгі мақсаты - баланың іс-әрекетін ынталандыру, олардың белсенділігін дамыту, дағдысын қалыптастыруға көмектесу. Бала алған білімді игеруі жою баянды етуі бойынша, оқу процесі барысында негекөңіл бөлу керек, қай жерде кемшілік жіберді, сол кемшілікті қалай түзету қажеттігін білгені дұрыс. Осыдан келіп ұстаз бен шәкірт арасында ынтымақтастық орнайды. «Ынтымақтастық педагогикасы» дегеніміз осыдан туындайды. Оқыту процесінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы өте қажет. Өзін-өзі бақылау, олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған біліміне сенімі артады, орындаған жаттығу, есеп шығару және тәжірибе жұмыстарының нәтижесін бағалайды. Баға - білімді есепке алу ғана емес, ол тәрбиелік құрал. Сондықтан, оқушы білімін бағалауда немқұрайлыққа салынуға болмайды. Оқушылардың білімін, дағдыларын бағалаудан бұрын, сол берілген білімнің қабылдануын, дағдының қалыптасуын тексерген жөн. Білімді тексеру арқылы мұғалім «Балаға не берді, бала дағдыны қалай қалыптастырды, білімді қалай қабылдады, кемшілік неде және кімнен?» деген сияқты сұрақтарға жауап табады. Бақылау - жаза емес. Бақылау мәдениетті жүруі тиіс. Бақылау процесін де мұғалім оқушыларға ерекше көңіл бөліп, ыстық сезіммен «көмектесейін» деген ниет білдіруі керек. Оқушы бір нәрсені түсінбесе оны ұрыспай, балағаттамай, өрескел мінез танытпай көмектескені жөн. Білім тексеру мен бағалауда біраз уақытын жеке оқушыға бөліп, не болмаса жазбаша бақылау жұмыстарын кешенді талдау арқылы бағаламақ болып көп уақытын ысырап етеді. Тексеру мен бағалаудың озық технологиялық әдіс-амалдарын ойластырып жатпайды. Бұның соңы білім бағалаудағы субъективизмге әкеліп соғады: баға оқушы мен мұғалімнің өзара қатынасына негізделеді, өзге оқушылардың білім деңгейімен салыстырыла қойылады. Мұғалімдердің арасында бағаны оқушыға қысым көрсетудің, «қорқытып тәрбиелеудің» құралына айналдырушылар да кездеседі. Қазіргі әлемде жүріп жатқан жаһандану процесі мектептегі білім жүйесі мен оқушыны оқытып тәрбиелеуге де өз әсерін тигізе бастады. Мектептегі берілетін білімнің салмағын арттыру осы жаһандану алапатынан сақтаудың бірден-бір жолы деуге болады. Бұл өзекжарды мәселелер қазіргі білім беру үрдісіндегі оқушының білімін тексеруді дұрыс ұйымдастыруға байланысты орнын дәлелдейді.

1. Жаңа білімді беруде оқушылардың өз бетінше жұмысын ұйымдастыру. Оқыту процесінің қай кезеңінде қандай әдісті қолдану керектігі туралы жазылып қойған бұлжымайтын ереже жоқ, әрине. Және әдістемелік әдіс-тәсілдерді сабақ кезеңінде бөліп топтастыру мүмкін емес.

2. Білімді бекіту кезеңінде оқушылардың өз бетінше істейтін жұмыстары. Мұндай мұғалім материалдың ерекшелігін түсіндіреді де, ондағы айтылғанды оқушыларға мәтін бойынша өздері талдап, анықтауды ұсынады. Мысалы: оқушыларға өздері жасаған жоспарлары бойынша образдарға тілдік мінездеме беру тапсырылады.

3. Мұғалімнің түсіндіруінсіз оқушылардың өз бетінше жаңа білім алуын ұйымдастыру. Оқушылардың өз бетінше жұмыстары жаңа білім алуға үйретуде алдымен өз бетінше істейтін жаттығу жұмыстары ұйымдастырылады. Мұғалім баяндайтын, хабарлайтын тақырыптарды ойдағыдай меңгеру үшін оқушыларға оқитын қосымша әдебиеттерді атап, оларды қамтитын жоспар жасап көрсетеді. Осындай 1-2 жаттығудан соң мұғалім тапсырма беру әдісін өзгертеді.

4. Оқушылардың білімін қорыту, қайталау кезеңдерінде өз бетінше істейтін жұмыстарды ұйымдастыру. Оқыту процесінің маңызды бір кезеңі оқушылардың алған білімін қайталауы. Мұғалімдер тәжірибесінде қайталаудың күнделікті қайталау, тақырыптық, тоқсандық, жылдық қайталау сияқты кезеңдік түрлері бар. Бұларды «Мына тақырыпты қайталап келіндер», «Осы анықтаманы өткен жылы өткен анықтама бойынша естеріңе түсіріп келіндер, сыныпта қайталаймыз» – деген сияқты оқушылардың алдына ешқандай мақсат қоймайтын тапсырмалармен шатастыруға болмайды. Ал, анық мақсат қойылмаса, өткен материалдарды қайталау түрлендіріп ұйымдастырылмаса оқушы сабақтың бұл кезеңіне қызықпайды. Дәстүрлі бағалауда білім алушы

оқытудың нәтижесінде нақтылық жоқ болатын, сандық бағамен бағаланатын өзінің қандай баға алғанын және не үшін алғанын түсінбейтін. Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі. Білім алушыға да, ата-анаға белгілі критерийлер бойынша оқыту нәтижесін біліп отырады. Формативті бағалау оқушылардың қай кезеңде, қай бағытта екенін анықтау және одан да зор жетістікке қалай жету керектігін жоспарлау үшін қолданылады. Формативті бағалау күнделікті сабақта үлкен роль атқарады, себебі күнделікті оқу жетістіктері мен кері байланыс оқушыларға өз оқуы туралы қортынды жасауға және нәтижені жақсарту үшін керекті шешім қабылдауға ықпал етеді. Формативті бағалау оқушының әр сабақтағы іс – әрекетін бағалайды. Бұл жерде оқушының сабақтағы белсенділігі, еркін өз ойын білдіруі, сыныптастарына көмектесуі, бірлесіп жұмыс жасауы т.б. жатады. Формативті бағалау баға қоюмен жүзеге асырылмайды. Мақтау, мадақтау, жылы шырай таныту, қолдау көрсету, ынталандыру формативті бағалаудың түрлері болып табылады. Дәстүрлі бағалау:

- жоспарлау, оқыту және бағалау бір-бірінен бөлек үдерістер;
- бағалаудың бір ғана құралы немесе стратегиясы пайдаланылады;
- бағалау тек мұғалімнің билігінде;
- оқушылардың оқу нәтижелерін есепке алу мен есеп берудің бір ғана тәсілі қолданылады;
- оқушылардың жауаптары дұрыс жауаппен салыстырылады (біледі – білмейді);
- тақырыппен жұмыс біткен кезде ғана тексеру жүргізіледі;
- бағалаудың жалғыз мақсаты – қойылатын бағаны анықтау;
- оқушылардың ағымдық білімі мен оқу тәжірибесін бағалау тақырыппен жұмыс біткен кезде ғана жүргізіледі.

Критериалды бағалау жүйесінің мүмкіндіктері. Критериалды бағалау міндеттері:

- Оқу үрдісінің әрбір кезеңінде оқушының дайындық деңгейін анықтау;
- Оқу бағдарламасына сәйкес оқытудың мақсаты мен нәтижелерінің жетістіктерін оқушылардың өздерінің талдауы;
- Әрбір оқушының жеке даму траекториясын бақылау;
- Оқу бағдарламасын меңгерудегі олқылықтарды жою үшін оқушыларды ынталандыру;
- Оқу бағдарламасының тиімділігін бақылау;
- Оқу үрдісін ұйымдастырудың және оқу материалын меңгерудің ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, оқушы және ата-ана арасында кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалаудың артықшылықтары:

- Оқушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады;
- Оқушының жұмысы дұрыс орындалған жұмыс үлгісімен (эталон) салыстырылады;
- Үлгі (эталон) оқушыларға алдын-ала белгілі;
- Оқушыға бағалау алгоритмі алдын-ала белгілі;
- Білім берудің сапасы артады;

Критериалды бағалау: Мұғалімдерге:

- Сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлерді құрастыруға;
- Өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға;
- Оқу үрдісінің сапасын жақсартуға;
- Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушы үшін оқытудың жеке траекториясын алуға;

- Бағалаудың әр түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
- Оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Оқушыларға:

- Нәтижені талдау үшін бағалау критерийлерін білу және түсінуге;
- Рефлексияға қатысу, яғни өзін және өз достарын бағалауға;
- Нақты есептерді шешуде білімдерін қолдану, өз ойларын еркін жеткізе білуі, сын тұрғысынан ойлай білуге.

Ата-аналарға:

- Баласының білім деңгейлерін бақылай алуға;
- Баласының оқу үрдісін бақылай алуға;
- Баласына оқу үрдісі кезінде қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау – оқушылардың білім жетістіктерін ұжыммен келісілген, оқу үрдісіне қатысушыларға алдын-ала белгілі, оқушылардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына жағдай

жасайтын, білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес нақты анықталған критерийлер бойынша салыстыруға негізделген үрдіс.

Оқушылардың танымдық қызметін дұрыс қалыптастырудағы өз бетімен жұмыс істеу процесінің сапасын тану, алған қойған барлық міндеттердің бірі болып табылады. Оқушылардың білімін тексеру барысында жұмыс істеу дағдыларын тәрбиелеу бала мектепке келген күннен, мектепті бітіріп шыққанға дейін жүргізіліп отыратын процесс. Соңғы жылдары қазіргі жаңашыл мектептерде оқытудың әдістеріне көп көңіл бөлініп, ол іс жүзінде қолданылуда. Осындайдың бірі оқушылардың ой-өріс қабілеттерін дамытып, оны сабақтарында дәйекті түрде пайдаланып, бүкіл ұжым болып осы іске бет бұрған мектептер баршылық. Қорытынды

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, тексеру, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептелінеді. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, тексеру, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады. Осы тұрғыдан білім, білік, дағдыны есепке алу және тексеру мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздығы ерекше. Оқушылардың білімдерін тексеруді жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Тексерудің тиімділігін артырып, тексерудің жаңа формалары мен тәсілдерін меңгеру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша маңыз беріледі. Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, оқушылардың дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен тексерудің түрлерін ұдайы толықтырып отыруды мұғалімнің өзі белгілеп, өзі тандап алады. Бақылау - жаза емес. Бақылау мәдениетті жүруі тиіс. Бақылау процесін де мұғалім оқушыларға ерекше көңіл бөліп, ыстық сезіммен «көмектесейін» деген ниет білдіруі керек. Оқушы бір нәрсені түсінбесе оны ұрыспай, балағаттамай, өрескел мінез танытпай көмектескені жөн. Оқу тәрбие процесін басқару педагогикалық процесстің тиімділігі мұғалім мен оқушының арасындағы кері байланыстың жеделдігіне, сондай-ақ оқушыларға жасалған реттеуші ықпал әсердің шамасы, сипаты және негізділігіне орайлас келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Айсина Майра. Оқыту - білім мен тәрбие өзегі // Қазақстан мектебі. – 2006. - № 2.*
- 2 *Алдабергенова Ж.Д. Оқу әдістерін тиімді қолдана білу // Сынып жетекшісі. - №3*
- 3 *Айтжанова Қ. Дәстүрлі оқытудың психологиялық – физиологиялық негіздері //*
- 4 *Алдамұратов Қ. Психология / – Алматы: Дәуір. – 1989. – 210.*
- 5 *Әбенова З. Бастауыш сыныпта оқытудың басты негіздері // Бастауыш мектеп. – 2003. - № 5*

ӘОЖ 37.013

Кушукбаева Динара Жабайхановна

мектеп директорының әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Осы тұрыдан мақалада қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын қолданудың маңыздылығы туралы жан-жақты әрі толыққанды баяндалады.

Түйінді сөздер: білім, әдіс, тәсіл, технология.

Аннотация

Несмотря на разнообразие педагогических технологий, способов их реализации всего два. В связи с этим в статье дано всестороннее и всестороннее описание важности использования передовых педагогических технологий в современном образовании.

Ключевые слова: познание, метод, подход, технология.

Annotation

Despite the variety of pedagogical technologies, there are only two ways to implement them. In this regard, the article provides a comprehensive and comprehensive description of the importance of using advanced pedagogical technologies in modern education.

Key words: knowledge, method, approach, technology.

Педагогикалық технология кешенді процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім менгерудің барша кырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі - теориялық негізде орындалуы (В.Б. Беспалько, В.В. Данилов, В.К. Дьяченко және т.б.) екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н. Ильин, С.Н.Лысенкова, В.Ф. Шаталов және т.б.).

Сонымен, технология астарында не жатыр? Оқу технологиясы жөніндегі идея қай заманда пайда болған?

Мұндай ғылымдық мәні бар ой жаңа емес. Кезінде оны Я.А.Коменский де дәріптеген. Ұлы педагог 16 ғасырда-ақ оқудың «техникалық» (яғни «технологиялық») болатынын уағыздап, оның мүлтіксіз тиімді нәтиже беретін жолдарын іздестіріп бақты. Я.А. Коменский еңбектеріне үңіле түссек, педагогикалық технологияға бастау берген даналық пікірлерді табамыз: «Дидактикалық машина үшін қажет нәрсе

түбегейлі ойластырылған мақсаттарды;

сол мақсаттарға жетуге дәл икемделген жабдықтарды;

мақсаттың орындалмауына мүмкіндік бермейтін нақты жабдықтарды қолданудың мызғымас ережелерін табуымыз керек»

Я.А. Коменский заманынан бастап, оқудың мүлтіксіз әрекеттегі механизмге сәйкестендіру ұмтылысының талайы күні бүгінге дейін басылған емес. Кейін оқу технологиясы жөніндегі көптеген тұжырымдар толықтырылып, нақтыланып отырды. Әсіресе, техникалық прогрестің әрқилы теориялық және практикалық қызметтер аймағына енуімен оқуды технологиялау идеясы нығайып, іске асырыла бастады (П.Я. Гальперин, Н.Ф.Талызина, Ю.К. Бабанский және т.б.).

Педагогикалық әдебиеттерде қандай да педагогикалық технологиялар сипатын айқындаушы көптеген терминдер ұшырасады, мысалы: оқу-үйрену, тәрбиелеу, оқыту технологиялары, білімдендіру және дәстүрлі технологиялар, бағдарламаластырылған және проблемді оқу технологиялары, авторлық технология және т.б.

Алғашқы педагогтар «педагогикалық технология», «оқу-оқыту технологиясы» және «тәрбиелеу технологиясы» ұғымдарының өзіндік мән-мағыналарына назар аудармай келді. Ал бүгінде педагогикалық технология оқу және тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілуіне

байланысты орындалатын педагог іс-әрекеттерінің бірізді жүйесі ретінде танылуда. Осыдан «педагогикалық технология» мәні «оқу технологиясы», «тәрбие технологиясы» ұғымдары мәндерімен салыстырғанда тереңдеу де ауқымдылау. Педагогикалық технология педагогикалық үрдіске қатысушылардың барлық көрінісінде белсенді іс-әрекетін көздейтін, белгіленген қасиеттері бар өнімді алуға мүмкіндік жасайтын үрдістер мен әдістердің бірізділігі мен жиынтығы ретінде қарастырылады.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Оқыту технологиясы - оқыту үрдісінде алдын ала жоспаланған, оқытудың диагностикалы қойылған мақсатына практикада жүйелілік және бірізділікпен жету құралдары.

Оқу технологиясының топтастырылуы, сонымен бірге, нақты кезеңде басым болған мақсаттар мен міндеттерге, оқуды ұйымдастыру формасының қолданылуына, дәл кезеңде қажет болған әдістерге және басқа да негіздемелерге тәуелді келеді.

Оқу технологиясын оқу әдістемесінен ажырата білген жөн. Олардың бір-бірінен айырмасы – оқу технологиясын қайталап, көбейте таратуға болады. Қай жағдайда да технология өзіне сай түзілген оқу процесінің жоғары сапасына және педагогикалық міндеттердің табысты шешілуіне кепіл бола алады. Ал әдістеменің соңғы тиімді нәтижеге жете алуы жиі кездеседі. Сонымен бірге, әдістеме технологиялық деңгейге дейін көтерілуі мүмкін. Мысалы, жаңа материалды түсіндірудің белгілі әдістемесі бар. Егер ол әдістеме шынайылық, сенім, сәйкестік талаптарына орайласа, оны технология деп тануға болады.

Оқу технологиясы педагогикалық шеберлікпен өзара байланысты. Оқу технологиясын жете білудің өзі – шеберлік. Бір технологияны әрбір оқытушы жеке іске асырып отыруы мүмкін, ал осы іске асырудағы технологиялық ерекшеліктерден мұғалімнің оқу шеберлігі көрінеді.

Педагогикалық іс-әрекет саласында «технология» деген идеяға негізделген және ол оқытуда техникалық жабдықтарды қолданумен байланысты. Бұл бағытты бірқатар бұрынғы кеңестік үкіметтің аймағындағы ғалымдар (В.П. Беспалько, П.И. Пидкасистый және т.б.) қолдаған. Білім беру саласындағы педагогикалық технологияның басқа бағыттары оқу материалын талдау техникасын, мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды іздестіруде. Осымен қатар педагогикалық технология ұстаздар мен оқушылардың аз ғана күш жұмсап ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған.

Әдіс кең мағынада, субъект әрекетінің кез келген формадағы тәсілі, бір жолға жетудің жолы. Оқыту әдістері педагогикада педагогикалық үрдіске қатысушылардың бірлескен әрекетін ұйымдастырудың тәсілі ретінде анықталады.

Әдістеме ұғымы адамның әрекетіне қаттысыз тәрбиелеу мен оқытудың әдістері мен тәсілдерінің кешенін пайдалану тәртібін білдіреді.

Оқыту әдістемесі пәнді оқытудың ғылыми дәлелденген әдістер, ережелер, тәсілдер жүйесі және оқыту теориясын қолдану болып табылады.

Теориялар, әдістер мен әдістемелер, оқыту технологиясының айырмашылығы оқыту үрдісінің барлық байланыстарын ұйымдастырушылықпен реттеуді, оның кезеңдерін құрастыруды, білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асыру жағдайларын бөліп көрсетуді талап етеді.

Шындығында педагогикалық технологияны жасаушылардың назары педагогикалық еңбектің жеке құбылыстар саласына бағытталған. Білім беру технологияларының басым көпшілігі негізінен оқушылардың белгілі бір жиынтығын меңгеруге бағытталған. Концепция жасаушылардың «ұстаздар – оқушылар» жүйесінің ерекшеліктерімен ұстаз еңбегінің технологиясының өзгешеліктері арасындағы өзара байланыстардың түрленген түрлерін көрсетудің басылмауы олардың ең осал жері. «Технология» деген термин гректің түп тамыры – өнер, шеберлік, кәсіп және ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе ілімді беретін сөзді құрайды, ол өндірістік тәсілдерді жүргізудің тәсілдері мен құралдар туралы білімдер жиынтығы, мысалы металдың технологиясы, химиялық технология, құрылыс жұмыстарының технологиясы және т.б. Технологияны жасау үшін нақтылы еңбек затының қасиеттерін байланыстары мен қатынастарының жолын сипаттайтын заңдылықтарын білу керек: еңбек затын өңдеу тәсілдерін білу; еңбек затының жағдайын анықтай білу; еңбек затының жағдайын өзгерту тәртібін жасау. Педагогикалық технология ұғымының әр түрлі тұрғыдан анықтамалар берілген.

В.П. Беспалько педагогикалық технологияны қойылған білім беру мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәрбиелеу мен оқытудың теориялық негізделген процестерін жаңадан өндірудің, еске түсірудің құралдар мен әдістер жиынтығы ретінде анықтайды.

В.М. Монахов педагогикалық технология – мұғалім мен оқушы үшін жағымды жағдайды қамтамасыз ететін оқу үрдісін жобалау, ұйымдастыру және өткізуде барлық бөлшегіне дейін ойластырылған бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің үлгісі. Технологияның міндеттерін түсіндіре отырып: педагогикалық технологиялық жобалаудағы жетекші қағидасы-оқушының жеке белсенділігі, мұнда ең бастысы - білімді меңгеруге іштей қалыптасқан қызығушылығы мен ынтасы, білім алу іскерлігі – деп жазады. Г.М. Құсайыновтың есебінше педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа – ол мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жету мен сабақ беру үрдісі емес, ол кәсібі ұстаздың басшылығымен оқушылардың өзінің және өзара оқыту процесі, ол білім берудің мазмұнымен оқу жоспарымен бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір салаларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады.

В.А. Сластенин бойынша педагогикалық технология деген ол қатал ғылыми жоспарлау және дәлірек айтқанда педагогикалық әрекеттің жетістігін қамтамасыз ететін елестету.

Технология – бұл іс-әрекетті ұйымдастыру және оны жүзеге асыруда құралдарды таңдау ережесі. В.В.Гузев қазіргі кезеңдегі технологияның бұрынғыдан айырмашылығын көрсете отырып, былай деп жазады: «Бұрын бір құралды құрастырып, оны ұқсас жағдайларда бірнеше жылдар бойы қолдануға болатын. Қазір ұқсас жағдайлардың бар екенінің өзі қарама-қайшы келеді.»

Сонымен, педагогикалық технология – педагогикалық процесті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі) (Г.Т.Хайруллин). Педагогикалық технологиялар – теориялық білімдерді тұтас педагогикалық үрдістің қызметін практика жүзінде іске асыруға бағытталған және сол үрдіс нәтижелерін кезеңдер бойынша өлшеп, тұлғаның да, ұжымның да даму динамикасын көруге болатын, педагогтар мен оқушылардың өздерін-өздері дамытуларына мүмкіндік тудыратын жүйелі іс-әрекеттер кешені.

Қазіргі кезеңдегі ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беруде жаңа міндеттер қойып отыр. Ол техникалық трізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын тұлға қалыптастыру. Ол үшін білім беру саласында қазіргі дидактикалық мүмкіндіктерді, жаңа идеяларды және білім беру технологияларын сарқа пайдалану.

Әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психикалық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қарауда мұғалім іс-әрекетінің маңызы зор.

«Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершіліктік, рухани, азаматтық және тағы да басқа адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі» – деп көрсетеді С.В. Селевко.

Инновациялық педагогикалық іс-әрекет жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын мұғалімді қалыптастыруға бағытталады.

Мектеп тәжірибесіне жаңашылдықтарды енгізу көбіне оларды қолдануға деген көзқарастардың кешеніні өзгертуге тікелей байланысты. Қазірде әлі де көптеген мұғалімдер педагогиканың жетістіктері мен жаңалықтарын меңгеруге ұмтылыстарының нашар екендігін байқатады.

Оқыту технологиясын қолдану мүмкіншілігіне төмендегілердің әсері бар:

1. Жаңалықты ендіруге даярлық – бұл ең алдымен, стратегиялық және технологиялық өңделген білімдік құжаттардың болуы. Оқыту технологиясына байланысты кітаптар, мақалалар болумен, оқыту сапасын тез арттыратын тұтас білім, ғылыми-техникалық жағынана қамтамасыз етілмей, бұрынғы дәстүрлі оқыту әдістемесінен артықшылығын көрсете алмай отыр. Осыдан келіп, мұғалімдердің белгілі бір тобы оқыту технологияларын жаңалық деп есептемейді, оны меңгеруде, қолдануда енжарлық көрсетеді.

2. Мұғалімдердің оқыту технологияларын меңгеруге, қолдануға деген себептендіруді тудырып, үгіттеушілік бағыттан конструктивтік-технологиялық жұмысқа бағыттау – білім сапасын арттырудың маңызды құралы. Бұған мұғалімдерді психологиялық, теориялық және әдістемелік астарларды қамтып, арнайы даярлап қана қоймай, сонымен бірге технологияларды қолдануға қатысатын оқушыларды, олардың ата-аналарын да даярлау қажет.

3. Оқытудың қазіргі технологияларын оқыту үрдісінде қолдану, оқыту технологиясына қызығушылық таныту, ынта қою. Оның мақсат, мазмұнын, болашағын түсініп, іс жүзіне асыра білу белгілі бір мақсатты, жүйелі дайындықтың нәтижесі болып табылады. Демек, педагогикалық үрдісті жаңа технологияларды пайдалана отырып жүзеге асыру мынадай базаға негізделеді:

- оқыту технологияларының тұжырымдамаларының ақпараттық базасы, оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі;

- технологияны таңдаудың өлшемдері;
- мектептің оқу үрдісіне технологияны енгізу механизмдері.

Педагогикалық технологияларды іске асыру жолдары.

Мұғалімдердің оқыту технологияларын меңгеруде педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, олардың зерттеушілік жұмыстары, жас мұғалімдердің тобы мен шығармашылық топтың жұмыстары пайдаланылады.

Кез келген қазіргі педагогикалық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктері дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы болады. Педагогикалық технология дерекнамасы педагогика, психология, әлеуметтік ғылымдар, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе, халықтық педагогика, Отандық және шетел педагогикасындағы озық идеялар болып табылады.

Жалпы алғанда педагогикалық технология түрлерін таңдау білім беру саясатында, білім беру реформасына, дидактикалық тұжырымдамаға немесе оқыту теориясы мақсатымен тәрбиелеу және оқыту міндеттеріне, педагогтың кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттеріне, әдіснамалық бағытына байланысты жүзеге асырылады.

Сондықтан қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Бүгінгі өзекті мәселе оқушылардың дара ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту. Ал мұнда инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары.

Сонымен, қазіргі республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасақталып, оқыту технологиясының жоғарыда қарастырғандай бірнеше түрлері дамып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған кезде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа-көзқарас, өзгеше менталитет пайда болуда. Осы бағытта жаңа педагогикалық технологияны тиімді меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, азаматтық қабілетінің қалыптасуына ізгі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытып, оқулықтарын, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі қоғамның дамуы оның мүшелерінің білімімен өлшенетін кезі келді. Өйткені қазіргі өркениетке жеткізетін құрал - тек қана білім. Білімді ұрпақ қана қоғамның болашақ иесі бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. – Алматы, 2003.*
- 2 *Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007.*
- 3 *Мұхамбетжанова С.Т., Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.*
- 4 *Дәулетбекова Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Алматы: Мектеп, 1997.*
- 5 *Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. А., 1981.*

Молдагажина Майра Магзумовна

бастауыш сынып мұғалімі

Алматы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Оқытуда жаңашыл әдісті қолдану оқушы үшін де, мұғалімге де шығармашылықпен жұмыс ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер: «педагогикалық технологиялар», «тәсіл», «әдіс» сияқты ұғымдарды терең меңгеруге, оқып-үйренуге жетелейді. Бүгінгі таңда, бастауыш сыныптағы пәндер дүниетану, әдебиет сабақтарына; топқа бөліп оқыту, рөлдік ойын элементтерін, пікір сайыс және басқа дәстүрлі емес түрлері, оқытудың жаңа технологиясы тәжірибеге кеңінен ене бастады.

Мұғалімдер үшін сабақ жоспарлауда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану; педагогикалық шеберлігін жетілдіру;

Бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкескелетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

Мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі; Оқытудың тиімді әдіс- тәсілдерін өз тәжірибесіне пайдалана алады;

Әдіс-тәсілдер арқылы балалардың ұжымда, топтарда жұмыс істеуді үйрету мүмкіндігіне, сөйлеуде, аналитикалық қабілеттерін жетілдіру мүмкіндігіне жол ашылады.

Осы әдістемелік құралымды жинақтай отырып мен өз тәжірибемдегі әдіс-тәсілдерді төмендегіше бөлімдерге бөліп, топтастырдым:

Жаңартылған білім мазмұнына байланысты оқытуда пайдалануға тиімді әдіс-тәсілдер, формативті бағалау түрлері және кері байланыс топтамалары.

-Қалыптастырушы бағалаудың түрлерін, кері байланыс тәсілдерін тиімді қолдана білу

-Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктеріне сай оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап ету;

«Ара» жаттығуы

Оқушылар шеңбер құрып тұрады, қолды бір рет шапалақтаған кезде көздерін жұмып аралар сияқты ызылдап жүреді, екі рет қол шапалақтаған кезде шеңбер жасауға тырысады. Көзді ашуға болады дегенде ғана ашады.

Түсті қағаздар үлестіріледі. Есімдерін қағаздың сыртына жазады (қатысушыларға көрініп тұру керек).

Ойын бастаушы: Өзін «Лидермін» деп есептейтін 5 кісі ортаға шықсын деп айтады. Ол «Рюкзак» таңдайды, «Рюкзак» - «палатка» таңдайды, «палатка» - «От жағушыны» таңдайды, - «От жағушы» - тамақ пісірушіні таңдайды.

Шаттық шеңбері

Мақсаты:

Көңіл-күйлерін көтеру, бір-біріне достық, сыйластық қарым-қатынасқа баулу; қоршаған ортаны танып-білу;

Ән салуға барамыз, (шеңбер бойымен жүреді)

Досымызды табамыз. (тоқтайды)

Сәлемет пе! Міне, мен! (қолдарын екі жаққа сермейді)

Доспын енді сенімен. (көршілерімен қол алысады) және де тағы:

Қайырлы таң

Күннің көзі ашылсын,

Көкке шуақ шашылсын

Құтты қонақ келіпті

Төрімізге еніпті

Ал, қанікей бәріміз

Сәлем дейік үлкенге

Сәлеметсіздер ме, апайлар!

Жаңартылған білім мазмұнына байланысты оқытуда пайдалануға тиімді әдіс-тәсілдер, формативті бағалау түрлері және кері байланыс топтамалары.

Мақсаты:

-Оқытудың тиімді әдістерін пайдалана отырып, оқушының білім сапасын арттыруға қол жеткізу, формативті бағалаудың түрлерін, кері байланыс тәсілдерін тиімді қолдана білу;

-Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктеріне сай оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және тандап қолдануды талап ету;

1. Оқытуда пайдалануға тиімді әдіс-тәсілдер:

«Ассоциация» әдісі

1-қадам

Шеңбер сызып ортасына тақырыптың атын жазу

2-қадам

Дәптерлеріне сол тақырыпта өздері білетін ақпаратты жаздыру

3-қадам

Сол тақырып бойынша жазғандарына тұсаукесер жасау

4-қадам

Тақырып бойынша алынған бүкіл ақпараттың тізімін жасау

«Автор орындығы» әдісі

1-қадам Кез келген жұмысты жазып болғаннан кейін тақтаның алдына үстел қою

2-қадам: Үстелге отырып өз жазғаның аудиторияға оқу

3-қадам: аудиторияны тыңдау. Сұрақтарына жауап беру

«Қатесін тап»

1. Жұпқа бөлініңіздер.

2. 3 ұйғарым жазыңыз, оның біреуі “жалған” болып табылады.

3. Өз ұйғарымдарыңызды басқа жұпқа беріңіздер.

4. Екінші жұп ұйғарымды оқиды және үш жауаптың қайсысы дұрыс еместігін талқылайды.

«Сұрақтар жаңбыры»

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сұрақ қою және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғасады.

2. Формативті бағалау түрлері:

Формативті бағалау әдістерінің басты ерекшелігі оқушылардың түсіну қабілетін бағалауда, сондай-ақ оқушылардың аналитикалық құралдар мен мысалдарды қолдануында танымдық прогресін анықтау. Мұндай бағалаудың қорытындыларын оқыту деңгейін жақсарту барысында қолдануға болады.

Смайликтер

Оқушылар тақырыпқа қатысты өздерін қолайлы сезіну деңгейін білдіру үшін смайликтер салады.

Шаршылар

Жұмысты аяқтағаннан кейін оқушы дәптерге шаршының суретін салады. Егер жұмыс түсініксіз болса, шаршыны қызыл түске бояйды, егер аздап түсінсе болса – сарымен, тақырыпты жүз пайызға түсінгеніне сенімді болса жасылмен бояйды.

3. Кері байланыс

Кері байланыс бутерброды

Кері байланыс әр түрлі тәсілдермен берілуі мүмкін.

Кері байланыс «бутерброды» дегеніміз бұл: бірінші жағымды түсініктеме беріп, кейін құрылымды сын айтып, соңынан тағы да жағымды пікір білдіру;

Жағдаяттық мәлімдеме – Маған ұнады, себебі Енді/келесі жолы

Дидактикалық ойындар.

Мақсаты:

Ойындар арқылы қызығушылықтарын арттыру, белсенділікке баулу;

«Сен жалғастыр» ойыны

Ойынның мақсаты: Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға, зейінділікке баулу.

Мұғалім сөздің басты буынын айтады, ал оқушылар оны аяқтайды.

Мысалы, Ә-ЖЕ, ТА-ЗА, А-ТА, АЛ-МА. Т.б.

«Достасқан буындар».

Қатар отырған оқушылар ауызша орындайды. Орындау тәртібі бойынша бірінші оқушы қа буынын айтса, екінші келесі буынын тауып сөз құрауы керек.

«Адасқан әріптер» ойыны

Дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жаса.

1. р, о, б.- бор

2. а, ш, а, ғ.- шаға

«Жалғасын тап» ойыны.

Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөз жазылады. Оларды қалған оқушылар тауып, қосып айтулары тиіс.

1. Ұяда...

Ұшқанда

2. Көп...

Терең...

«Синтаксистік касса» ойыны.

Карточкада бірнеше суреттер көрсетіледі (адам, құс, т.б.) беріледі және қойылатын сұрақтар карточкасы жасалады. Суреттің үстіне сұрақтары айтылып қойылады.

«Сөйлем қуаласпақ» ойыны.

Интерактивті тақтадан мазмұнды суреттер көрсетіледі. Топта сөйлемдер арқылы мәтін түрлері немесе хат, эссе, ой-толғау, хабарландыру, жарнама құрастырылады (ауызша).

Қорыта айтқанда, сабақтарда ойын элементтерін неғұрлым жиірек пайдалансақ, соғұрлым сабағымыз қызықты, тартымды өтеді. Кез келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой-өрісін ойын арқылы дамытады. Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Ойындар - оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды.

Қандай әдіс-тәсілдерді пайдалансақ та оқушының белсенділігін, мақ-сатқа ұмтылуын, ақпаратты өзі іздеп табуын, шапшағандығы мен еркіндігін, шығармашылығын, көңіл-күйінің көтеріңкі болуын қамтамасыз етуіміз басты назарда болуы тиіс.

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің алатын маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, Астана, 2016.
- 2 Сағымбекова Г. Ойыннан оқуға. Бастауыш мектеп №3, 2002 ж.
- 3 Төленова Ү. «Ойын- тәрбие құралы». Бастауыш мектеп №10, 2000 ж.
- 4 Жұмабаева Ә. Е. «Сауат ашу» оқыту әдістемесі.
- 5 Жақыпова Г.Ш.» «Математика: Мұғалімге арналған нұсқаулық». Алматы, 2019 ж.
- 6 «Бастауыш сынып мұғалімеріне арналған критерилды бағалау бойынша нұсқаулық» Алматы, 2019 ж.
- 7 «Бастауыш сыныпта оқыту: барлық пәндер бойынша» журналдары.

Муканов Куат Дулатович
информатика пәнінің мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

РОБОТОТЕХНИКА – БОЛАШАҚҚА БАСАР НАҚТЫ ҚАДАМ

Аннотация

Робототехника – автоматтандырылған техникалық жүйелерді дамытумен айналысатын қолданбалы ғылым, оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерінің дамуымен қатар өзін-өзі танып білуге, техника әлемін зерделеуге, қабілеттерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды. Мақала білім беру саласында сабақтан тыс уақытта жүргізілетін әрбір үйірменің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі туралы. Техникалық-шығармашылық үйірмелері өзге үйірмелерге ұқсамайтын өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім-тәрбиелік мүмкіндігі зор үйірмелер. Осыған орай мектеп оқушыларының сапалы білім алуына, әсіресе, ғылыми-техникалық бағыттағы үйірмелердің дамуына үлкен көңіл бөлінеді.

Түйінді сөздер: *робототехника, оқушылар, үйірмелер, ғылыми-техникалық бағыт.*

Аннотация

Робототехника-прикладная наука, занимающаяся развитием автоматизированных технических систем, позволяющая школьникам определять будущие профессии и, наряду с развитием способностей, познавать себя, изучать мир техники, совершенствовать свои способности, умения и навыки. Статья посвящена роли каждого кружка, проводимого во внеурочное время в сфере образования, в формировании личности. Техничко-творческие кружки-это кружки, которые не похожи на другие, имеют большую самостоятельную деятельность и воспитательные возможности. В этой связи большое внимание уделяется качественному образованию школьников, особенно развитию кружков научно-технической направленности.

Ключевые слова: *робототехника, школьники, кружки, научно-техническое направление.*

Annotation

Robotics is an applied science that deals with the development of automated technical systems, allowing schoolchildren to determine future professions and, along with the development of abilities, to know themselves, study the world of technology, improve their abilities, skills and abilities. The article is devoted to the role of each group held outside of school hours in the field of education in the formation of personality. Technical and creative circles are circles that are not like others, have great independent activity and educational opportunities. In this regard, much attention is paid to the quality education of schoolchildren, especially the development of scientific and technical circles.

Keywords: *robotics, schoolchildren, clubs, scientific and technical direction.*

XXI ғасыр техниканың даму ғасыры болғандықтан, компьютерлер мен роботтардың адам өмірінде алатын орны өте зор. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізі. Білім беру саласында сабақтан тыс уақытта жүргізілетін әрбір үйірменің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі ерекше. Оның ішінде, техникалық-шығармашылық үйірмелері өзге үйірмелерге ұқсамайтын өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім-тәрбиелік мүмкіндігі зор үйірмелер. Осыған орай мектеп оқушыларының сапалы білім алуына, әсіресе, ғылыми-техникалық бағыттағы үйірмелердің дамуына үлкен көңіл бөлінеді.

Робототехника – автоматтандырылған техникалық жүйелерді дамытумен айналысатын қолданбалы ғылым, оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерінің дамуымен қатар өзін-өзі танып білуге, техника әлемін зерделеуге, қабілеттерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды.

Елімізде IT саласына басымдық беріледі. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде робототехника — электроника базасында автоматтандырылған техникалық жүйелерді әзірлеу үрдісі туралы ғылым, механика және бағдарламалау. Не үшін робототехника? Біріншіден, бұл әлемде ғылыми зерттеулердің басым бағыты. Роботтар өндірістің жоғары технологиялық салаларына еніп, біздің өмірімізде күнделікті тұтынатын теледидар немесе телефон сияқты қалыптасқан затқа айналуға. Ерте ме, кеш пе

роботтар адамның алмастырылмайтын көмекшілері болмақ, бірқатар қауіпті және ауыр жұмыстарды өз мойындарына алатынына ешкім күмән келтіре алмайды.

Екіншіден, білім беру стандарттарының талаптарына жауап беретін робототехника сабақтары. Робот құрастыру үрдісі – шығармашылық, берілген тапсырмалардың дайын жауаптары жоқ. Сондықтан да жаңаны іздеу үшін, бұрынғы бар білімін пайдалануға тура келеді.

Үшіншіден – тұлғаның дамуы үшін мақсат қоя білуге негізделген шығармашылық іс-әрекеттік тәсіл. Компьютерлік технологиялар заманында өмір сүретін жеке тұлғаны шығармашылық тұрғыдан қалыптастыруға бағытталған.

Робототехниканың негізінде оқушылар математика, физика, информатика және басқа жаратылыстану-ғылыми бейіндік пәндеріне алған білімдері мен дағдыларын кіріктіре отырып, роботты техниканы, инженерлік дағдыларды қалыптастыруға және технологияларды оқып үйренуге мүмкіндігі жоғары.

Болашаққа жылжып келе жатқан жоғары технологиялар — ғарыш, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздік, қорғаныста және көптеген салаларда пайдаланылады. Осыған байланысты, қосымша білім беру ұйымдарында Робототехника үйірмелері жүргізіледі. Үйірмелерде оқушылар әлемдік робототехниканың жетістіктері және даму бағыттары туралы біледі, Лего-роботтарын құрастырады, бағдарлама жасайды және деректер моделін құрастыруды ойлап табады.

Оқушылар сарайында біздің оқушылар тек роботтар құрастырып, бағдарламалаумен шектелмейді. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, сапалы білім беруге аянбай еңбек етудеміз.

Ұлттық жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды. Демек, рухани жаңғыру – ұлттық сананың түрлі тармақтарын қиыннан қиыстырып, бір арнаға тоғыстыру деген сөз. Халқымыздың тарихи мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Соның бірі – ұлттық ойындар.

Ұлттық ойындар арқылы, баланың бойына ұлттық тәрбиені, өшпес рухты, қазақы болмысты қалыптастыруға болады. Жаһандану заманында ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу аса маңызды.

Атап айтса, «Арқан тартыс», «Көкпар», «Теңге алу» сияқты ұлттық ойындарымызды техника саласымен сабақтастырып, өскелең жас ұрпақтың білім дәрежесіне даңғыл жол ашу – біздің басты мақсатымыз. Жаңаша ойлайтын жастардың қабілетін шыңдай түсетін мұндай идея кемде – кем.

Ұстаз – ұлттың ұйытқысы, бет-бейнесі, өскелең ұрпақтың санасын жаңғыртушы, алға жетелеуші шырағы. Көпті ізіне түсірген, жол сілтеуші ұстаздардың қай бағытта болса-дағы ұлтқа деген, қазақ еліне деген ықыласы ерекше болуы керек. Біздің техника саласын ұлттық ойынмен сабақтастырумыздағы басты міндет, басты ниет осы.

«Арқан тартыс» ойыны. Мақсаты — тартысқа түскен роботтар бір-бірімен күш сынасып, ортадағы белгіленген сызықтан қарсыласын сүйретіп, өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы ортадағы белгіленген сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізсе, сол жағы ұтқан болады. Робототехника үйірмесіне қазақтың «Арқан тартыс» ойыны осы тәртіппен өткізіледі.

Ойын ережесі:

Роботтың салмағы 1 кг аспау керек;

Роботтың көлемі 25x25 см болу керек;

Дайын болған 2 команда роботтары арқан тартыс алаңында қарама-қарсы орналастырылады және алаңда көрсетілген сызық бойымен бірін-бірі тартып шығару керек. Роботтар 3 рет кездеседі, ұпай саны көп робот жеңімпаз атанады.

«Көкпар» ойыны командалық ойын болғандықтан, біз оқушылар арасында командалық жұмысты ұйымдастырамыз. Топтағы оқушылар 2 командаға бөлініп, әр команда 3 роботтан құрастырады.

Ойын ережесі:

Роботтың салмағы 1 кг аспау керек;

Роботтың көлемі 20x20 см болу керек;

Ойын барасында роботтар оқушылардың басқарумен ойнатылады. Серке орнына роботтар үшін біз жасанды ойыншық қоямыз. Алаңда 2 тайқазан, айыппұл алаңы орналасқан. Роботтар арасында өтетін көкпар ойыны толық «Көкпар» ойының ережесі бойынша ұйымдастырылады. Командалар тайқазанға неше рет «серкені» салғаны бойынша ұпай есептелініп, жеңімпаз команда анықталады. Көкпар ойыны 2 турдан тұрады, әр тур 5 минут ойнатылады.

«Теңге алу» ойыны.

Теңге алу ойыны шапшаңдық пен ептілікке үйретеді.

Ойын ережесі:

Роботтың салмағы 1 кг аспау керек;

Роботтың көлемі 20x20 см болу керек;

Роботтың жылдамдығы жоғары болу керек;

Теңге алу ойынында роботтар қара сызық бойында орналасқан қызыл шүберекке оралған теңгелерді алу керек. Бұл ұлттық ойын барысында біз роботтың уақыт көрсеткішіне және жинаған теңгелерін есепке ала отырып, жеңімпазды анықтаймыз.

Робототехниканы зерттеу оқушылардың болашақта ізденісін одан әрі дамытуына ықпал етеді. Оқушылар робот құрастыра отырып, өзінің автоматтандырылған құрылғыларын құрады, оларды қадағалайды және эксперимент жүргізеді, модельдің практикалық қолданылуын іздейді, ғылыми бағыттағы инженерлік мамандықтың іргетасын рухани байлықтарымен қалыптастырады. Оқушылар нақты мақсат қойып, оған жетуге үйренеді, өмірдегі проблемаларды шешу үшін сыни ойлайды және шығармашылық дағдыларын қолданады.

Мукушев Ерик Кайракбаевич

дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ

Аннотация

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады. Дене жаттығулары – бұл саналы түрде орындалатын қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады, буын сүйектерін қозғалмалы етеді, жалпы жұмыс қабілетін жақсартады. Дене жаттығулары бүкіл организмнің дамуына, жетілуіне қолайлы ықпал жасайды. Мақалада дене шынықтыру арқылы оқушылардың денсаулығын нығайту жолдары туралы айтылады.

Түйінді сөздер: *дене шынықтыру, дене тәрбиесі, оқушылар, денсаулық, дене жаттығулары, ойын.*

Аннотация

К основным средствам физического воспитания относятся физические упражнения, гимнастика, игры, туризм, спорт, природные факторы. Физические упражнения-это движения и двигательные действия, которые выполняются осознанно. Физические упражнения развивают мышечную систему, кровообращение и органы дыхания, делают подвижными кости суставов, улучшают общую работоспособность. Физические упражнения благоприятно способствуют развитию, совершенствованию всего организма в целом. В статье рассказывается о способах укрепления здоровья учащихся посредством физической культуры.

Ключевые слова: *физическая культура, физическая культура, школьники, здоровье, физические упражнения, игра.*

Annotation

The main means of physical education include physical exercises, gymnastics, games, tourism, sports, natural factors. Physical exercises are movements and motor actions that are performed consciously. Physical exercises develop the muscular system, blood circulation and respiratory organs, make the bones of the joints mobile, improve overall performance. Physical exercises favorably contribute to the development, improvement of the whole organism as a whole. The article describes the ways to strengthen the health of students through physical education.

Keywords: *physical culture, physical culture, schoolchildren, health, physical exercises, game.*

Жеке адамды жан-жақты дамытуда дене тәрбиесінің маңызы өте зор. Оқушыларға арналған дене тәрбиесінің бағдарламасында көрсетілген басты міндеттерге сүйеніп, дене тәрбиесінің кейбір мәселелерін қарастырайық. Оқушылар денесінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқа органның қолайсыз жағдайларына қарсы тұрады. Жақсы денсаулық адамның еңбек және қоғамның іс-әрекеті жемісті қатысуының маңызды кепілі.

Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Барлық оқушылардың сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып қолайлы жағдайлар жасау қажет. Оқушыларға дене тәрбиесін беру үшін спорт ұйымдары мен клубтардың, кәсіпорындар мен мекемелерде базасы кеңінен пайдалануы керек. Өмірге қажетті дағды және іскерлік табиғи қозғалыстың барысында қалыптасады. Табиғи қозғалыстың түрлері: жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика, снарядта жаттығу.

Дене тәрбиесі саласында ырғақ және гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. Сабақтар мен сыныптан тыс дене тәрбие жұмыстарында күн ырғағы, дене жаттықтыру, организмді шынықтыру, тамақтану гигиенасы, ұйқы т.б. жөнінде оқушылар нақты білім алуы тиіс. Мектепте дене тәрбиесін мұғалім, сынып жетекшісі, тәрбиеші басқарады. Олардың істейтін жұмыстарының мазмұнына кіретін негізгі мәселелер: Шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау.

Мектеп ғимаратына, жұмыс жабдыттарын спорт өткізілетін орындарға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау, оқушыларды жеке және қоғамдық гигиенаға дағдыландыру. Оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау, қозғалтқыш әрекетке үйрету және қозғалтқыш сапаларын дамыту дене шынықтыру және суықтыру жұмыстарын тиімді өткізуді қажет етеді. Дене тәрбиесін мектепте және мектептен тыс оқу орындарында, спорттық базаларда іске іске аыру үшін төмендегі талаптар мен міндеттерді еске алған жөн:

Оқушылардың бойында жоғары адамгершілік сапаларын тәрбиелеу.

Шәкірттердің денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру.

Спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығуын және қабілетін дамыту.

Негізгі қозғалтқыш сапаларын дамыту.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары және құралдар

Мектепте дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларына дене шынықтыру сабақтары, сыныптан және мектептен тыс жаппай спорт жұмыстарына жатады. Сабақ – дене тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі формасы. Дене шынықтыру сабақтары мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Мектеп ұжымында спорт секциялары жұмыс істейді, спорттың түрлерінен жаппай жарыстар өткізіледі, қоғамдық нұсқаушылар мен төрешілер дайындауда жоспарлы түрде жұмыс ұйымдастырылады, оқылар спорт жұмысының көптеген түрлеріне қатысады.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады. Дене жаттығулары – бұл саналы түрде орындалатын қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады, буын сүйектерін қозғалмалы етеді, жалпы жұмыс қабілетін жақсартады. Дене жаттығулары бүкіл организмнің дамуына, жетілуіне қолайлы ықпал жасайды.

Гимнастика. Мұның бірнеше түрлері бар: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттық гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік және емдік гимнастика. Оқушылардың дене тәрбиесінде негізгі гимнастика үлкен роль атқарады. Осы гимнастика бойынша дене жаттығулары дене шынықтыру бағдарламасының басты бөлімдерін құрайды. Негізгі гимнастика құрастыратын жаттығулар: саптағы қозғалыс, жалпы дамыту жаттығулары (әр түрлі бұлшық ет топтары мен буындар қимылы), музыка арқылы орындалатын ерікті жаттығулар, қимылды билеу формалары, қимылдың тұтас табиғи формалары (жүру, жүгіру, қарғу, өрмелеу т.б.). Негізгі гимнастика көбінесе дене шынықтыру сабақтарында пайдаланылады.

Ойын балалар өмірінде үлкен орын алады. Дене тәрбиесінде қозғалыс ойындары пайдаланылады. Қозғалыс ойындары оқушылардың ептілігін, тапқырлығын, өзін-өзі билеушілігін дамытады, қозғалтқыш дағдыларын жетілдіреді.

Мұндай ойындар оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Дене тәрбиесінде оқу бағдарламасына сәйкес спорттың ойындары: футбол, баскетбол, волейбол, қол добы, теннис пайдаланылады. Оқушылар әрбір ойынның тәсілдерін зерттеп үйренеді. Туризм дене тәрбиесінде серуен, саяхан, туристік жорық түрінде пайдаланылады. Туризмге оқушылардың барлығын қатыстыруға болады. Туризм оқушыларды төзімділікке, ұжымшылдыққа, еңбек сүйгіштікке және қолайсыз сыртқы жағдайларда кездесетін қиыншылықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Спорт біздің елімізде бірінғай бағдарлама және ережелер бойынша өткізіледі. Спорттың көптеген түрлерін атауға болады. Олар – жеңіл атлетика, гимнастика, шаңғы спорты, жүзу туризмнің спорттық түрлері т.б.

Дене тәрбиесіндегі маңызды құралдардың бірі – табиғат факторлары. Күн көз, ауа, суға шомылу, душ қабылдау суықтыру ретінде пайдаланылады. Табиғат факторларын балалардың сауықтыру жұмысы кезеңінде пайдалану өте тиімді болады.

Балалардың сауықтыру жұмыстарын қоғамдық пайдалы еңбекпен үйлестіріп жүргізудің үлкен тәрбиелік мәні бар. Мысалы, туған өлкенің табиғи байлығымен танысу, орман шаоруашылығын, қорықтарды, бассейндерді қорғау, кейбір жеңіл-желпі ауылшаруашылық жұмыстарын шефке алу т.б.

Қазақ халқының ұлттық қозғалмалы және спорт ойындарының дене тәрбиесіндегі орны.

Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады. Ұлт ойындары халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына үйлесімді жасалған әсер береді.

Ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, бірін-бірі толықтырып, байыта түседі. Өзінің өлең-жырларында халық ойынды тәрбие құралы деп танып, оның бойындағы жастарды ойландырып, толғандырып қасиеттерін аша түседі. Ойын тек жас адамның дене күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке, т.б. ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді.

Ұлттық ойындар өзінің бастауын халықтық педагогикасының тұңғиығынан алады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты ептілікті, тапқырлдықты, табандылықты т.б. мінез-құлықтың ерекшеліктеріен бірге күш-қуаты молдығының, білек – күшін, дененің сомданып шығуын қажет етеді. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделеді.

Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар, сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу т.б. спорттық сипатпен бірге үлкен тәрбиелік маңызға да ие болды. Қазақ халқының ұлттық ойындары елдің өмірімен тығыз байланысты, оның шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік тұрмысынан туған. Сондықтан, оның тәрбиелік маңызы аса жоғары, әрі құнды.

Бастауыш мектептердегі балалардың дене тәрбиесі барысында қозғалмалы ойындарға жетекші роль беріледі. Дене тәрбиесінің негізгі құралы мен әдістерінің бір ретінде көп қозғалысты ойындар суықтыру және тәрбие, білім беру міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік ашады.

Спорттық ойын нышандары бар ойындар балалар қимыл-қозғалыс ойындарына қарағанда балалардың жинақылықты, ұйымшылықты бқылағыштықты, айқын, қолайлы қимыл техникасын үшқыр қимыл сезімін көбірек талап етеді. Мысалы: “Ақ серек, көк серек”, “Айгөлек”, “Соқыр теке”, “Орамал тастау”, “Ақ терек”, “Жаяу жарыс”, “Әуе таяқ”, “Жанды дөнгелек”, “Төспа доп”, “Қара құлақ”, “Доп тебу”, “Ақ сандық”, “Тең көтеру”, “Кім тұртті”, “Ұшты ұшты”, “Сакқұлақ”, “Қуалап соқ”, “Қан көбелек”, “Арқан тарту” спорттық ойын нышалдары бар ойындар қатарына жатады.

Ойынның тіл дамуындағы рөлі ерекше. М.Горький айтқандай, бала сөзбен де ойнайды. Осы сөзбен ойнағанда, өз ана тілінің нәзік қасиеттерін үйренеді, тілдің музыкасын ұғынады.

Қазақтың ұлттық ойындарының тағы бір ерекшелігі – оған өлең сөздің араласып келіп отыратындығы.

Қазақтың ұлт ойындарының бір қыдыруы “ойлануды қажет ететін ойындарға” жатады. Олар көбінесе, логикалықойлау мен математикалық, философиялық ойлануды дамытуға негізделген. Солардың төресі – “Тоғыз құмалақ” Оймен келетін ойындарды сөз еткенде шахмат, дойбы ойындарының болғанын да атап өтуіміз керек. Шахмат, дойбы қазақтар мекендеген кезде түрік заманынан белгілі екенін көрсететін деректер де бар.

Оқушыларға дене тәрбиесін берудегі отбасы мен мектептің байланысы.

Ұлттық қимыл-қозғалыс және ұлттық ойындарды үзілістердегі, ұзартылған күн топтарындағы ерптенгілік, кештердегі оқушылар ұжымында еркін сезіну, саналы тәртіп, еңбексүйгіштік, мақсатқа жетудегі табандылық атмосферасын қалыптастыруға ұмтылу қажет. Осыдан халық ойындарын сыныптан тыс тәрбие жұмысында пайдалану шарттары, әдістері мен түрлерін қарастыру қажеттігі туады. Тек осындай жағдайда ғана халық ойындары тек ермекке кетпей, оқу-тәрбие мақсаттарына бағындырылып, пайдасын тигізеді. Халық ойындарын тәрбие жұмысында пайдалану мектеп келесі шарттарды орындаған жағдайда нәтиже береді.

Халықтың ұлттық ойындарын сабақтарда, тәрбие сағаттарында, кештер мен ертеңгіліктерде қолдану мектептің кәсіптік бағдар жұмысының мазмұнына енгізу

✓ сынып жетекшілері, тәрбиешілер және тағы басқалар халық ойындарына жауапты қарап, кезі келгенде ғана емес, жоспарлы және күнделікті пайдалану;

✓ оқу жылы басында тәрбие жұмысының жалпы мектептік жоспарын, басшылыққа алып, сынып жетекшілер және пән мұғалімдері өздерінің жоспарларына міндетті түрде халық ойындарына енгізу.

✓ тәрбие ісі меңгерушісі халық ойындарының тәрбие жұмысы жоспарларына кіруін бақылау.

✓ мектеп әкімшілігі халық ойындарын үйрену және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдер мен белменді оқушылар семинарларын өткізу.

✓ оқушылардың ойынға қызыуын көтеру үшін оларды оларды ұйымдастырушылар мазмұны мен ретін біліп қана қоймай, оларды өткізуге өздері де қатысу.

Қазақтың ұлт ойындарының бір қыдыруы “ойлануды қажет ететін ойындарға” жатады. Олар көбінесе, логикалықойлау мен математикалық, философиялық ойлануды дамытуға негізделген. Солардың төресі “тоғыз құмалақ” Оймен келетін ойындарды сөз еткенде шахмат, дойбы ойындарының болғанын да атап өтуіміз керек. Шахмат, дойбы қазақтар мекендеген кезде түрік заманынан белгілі екенін көрсететін деректерде бар.

Оқушыларға дене тәрбиесін берудегі отбасы мен мектептің байланысы.

Халықтың ұлттық ойындарын сабақтарда, тәрбие сағаттарында, кештер мен ертеңгіліктерде қолдану мектептің кәсіптік бағдар жұмысының мазмұнына енгізу

Ұлттық қимыл-қозғалыс және ұлттық ойындарды үзілістердегі, ұзартылған күн топтарындағы ерптенгілік, кештердегі оқушылар ұжымында еркін сезіну, саналы тәртіп, еңбексүйгіштік, мақсатқа жетудегі табандылық атмосферасын қалыптастыруға ұмтылу қажет. Осыдан халық ойындарын сыныптан тыс тәрбие жұмысында пайдалану шарттары, әдістері мен түрлерін қарастыру қажеттігі туады. Тек осындай жағдайда ғана халық ойындары тек ермекке кетпей, оқу-тәрбие мақсаттарына бағындырылып, пайдасын тигізеді. Халық ойындарын тәрбие жұмысында пайдалану мектеп келесі шарттарды орындаған жағдайда нәтиже береді.

Мусабеков Нуркен Бағдатович
математика пәнінің мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

«ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ПРОПОРЦИЯЛАР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ
(математика, 6-сынып)

Аннотация

Мақалада жалпы білім беретін мектепте өткізілетін сабақты жаңартылған бағдарлама негізінде жоспарлау, атап айтқанда, қысқа мерзімді жоспар жасау тәжірибесі беріліп отыр. Жоспарда оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты, сабақ мақсаты, мұғалімнің және оқушының іс-әрекеті, сабақ кезеңдеріне қарай уақыттың жоспарлануы, тапсырмалар, өздік жұмыс, рефлексия т.б. жүйеленген.

Түйінді сөздер: қысқа мерзімді жоспар, жаңартылған бағдарлама, іс-әрекет, уақыт, тапсырмалар, рефлексия.

Аннотация

В статье представлен опыт планирования уроков, проводимых в общеобразовательной школе, на основе обновленной программы, в частности, составления краткосрочного плана. В плане систематизированы цели обучения в соответствии с учебной программой, цель урока, деятельность учителя и ученика, планирование времени в зависимости от этапов урока, задания, самостоятельная работа, рефлексия и др.



Ключевые слова: краткосрочный план, обновленная программа, действия, задания, время, рефлексия.


Annotation

The article presents the experience of planning classes in general education schools based on the updated program, in particular, drawing up a short-term plan. The plan systematizes the purpose of training in accordance with the curriculum, the purpose of the lesson, the activity of the teacher and student, the planning of time depending on the stages of the lesson, tasks, independent work, reflection, etc.

Keywords: lesson plan, short-term plan, updated program, activity, tasks, time, reflection.

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Қатынастар және пропорциялар 6.1А. бөлім		Мектеп: «Алмалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Н. Мусабеков	
Сынып: 6	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	<i>Шеңбердің ұзындығы.</i>	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	6.3.3.2- шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін білу; 6.3.3.3- шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану;	
Сабақтың мақсаты	<i>Барлық оқушылар:</i>	
	➤ шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін біледі;	
	<i>Оқушылардың басым бөлігі:</i>	
	➤ шеңбер ұзындығының формуласын қолданып есептер шығарады;	
	<i>Кейбір оқушылар:</i>	
	➤ шеңбер ұзындығының формуласымен кері есептер құрастырып шығара алады;	
Бағалау критерий	<ul style="list-style-type: none"> • Шеңбер ұзындығының формуласын қолданып есептер шығара алады; • шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін біледі; 	
Тілдік мақсаттар	Осы тақырыпқа қатысты терминдерді сөздерді сабақ барысында математикалық тілде айта алады ;	
	<i>Тақырыпқа байланысты сөздер мен терминдер:</i>	
	- шеңбер -шеңбер ұзындығы -диаметр -радиус	
	<i>Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер:</i>	
	- шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы ... - радиусы берілсе шеңбердің ұзындығын - диаметр берілсе шеңбердің ұзындығын	
Құндылықтарға баулу	«Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана» Астана -2017 ЭКСПО көрмесіне байланысты жұптық жұмыс тапсырмада қолданамын	
Пәнаралық байланыс	Геометрия, география	
Алдыңғы білім	Масштаб, қатынас, қатынастың негізгі шарты	
Сабақ барысы		

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<p>Сабақтың басы 5 мин</p>	<p>I.Ұйымдастыру сәті (2 минут) 1.Сәлемдесу 2.«Күлегеш смайлигі» арқылы психологиялық ахуал орнатамын Топқа бөлу «Адасқан әріптер» тәсілін қолданып оқушыларды топқа бөлу: 3. Үй тапсырмасын тексеру: Оқушылар «Ақылды үшбұрыш» әдісімен үй тапсырмасын тексереді (тақтаға үш оқушы шығып, үй тапсырмасы бойынша өзара сұрақтар қойылып, оған жауап береді, қалған оқушылар оларды бағалайды). Бағалау: Қалған оқушылар тақтадағы оқушыларды бағалайды.</p>	<p>Қима қағаздар</p> <p>1. Ұзындық 2. Радиус 3. Диаметр</p> <p>Оқулық</p> 
<p>Сабақтың ортасы 13 минут</p>	<p>Тақырыппен, сабақ мақсатымен және күтілетін нәтижемен таныстыру «Стикердегі диалог» әдісі бойынша БО «Түсіндіру және сипаттау» түрін және саралаудың «Дерек көздер» түрін қолданам. 1.Жаңа сабақты түсіну барысында Себебін түсіндіріп жаз және бір-біріңе түсіндір «Стикердегі диалог» әдісі бойынша (8 минут) «Шеңбердің Ұзындығы» тақырыбын өздері талқылап, өздері ашады. Топтар сағат тілі бағытымен келесі топқа ауысып, ол топтың жазған тапсырмасын, салған суреттерін, өз пікірлерін, ұсыныстарын өз топтарының түсіне сәйкес стикерге жазды. Келесі топқа тағы да ауысып, осыны қайталады. Бұл әдісте әңгіменің зерттеушілік түрі болды. Бағалау: Ым-ишаралар арқылы бағалау 1.Жалғастыруға дайынмын 2.Бір нәрсе түсіндік, бірақ бәрін емес 3.Түсінбедік, қайталай қарау керек 2. «Жаңа білімді меңгеру». (5 минут) Жаңа сабаққа байланысты видео көрсетемін.</p> <p>1 - есеп. Диаметрі 2м шеңбердің ұзындығын табыңдар. Шешуі. $C=\pi D$ $C=3, 14*2=6, 28\text{м}$ Жауабы: 6, 28м 2 - есеп. Радиусы 10м шеңбердің ұзындығын табыңдар. Шешуі. $C=2 \pi R$ $C=2*3, 14*10=62, 8$ Жауабы: 62, 8</p>	<p>Жұптық жұмыс</p> <p>Оқулық</p> <p>стикер</p> <p>A4</p> <p>Видео көрсетілім</p>  <p>Математика — Курстар.mp4</p> <p>Математика — Курстар-2.mp4</p>
<p>Топпен жұмыс</p>	<p>«Джиксо» әдісі бойынша БО «Рефлексия және бағамдау» түрін және саралаудың «Қортынды» түрін қолданамын.</p>	<p>оқулық</p>

<p>5 минут</p>	<p><i>«Джиксо» әдісі</i></p>  <p>«Нұр Әлем» көрме кешені. Астана қ.</p> <p><i>Астана ЭКСПО- 2017 көрмесінің архитектуралық символы «Нұр Әлем» көрме кешенінің басты элементі – дүние жүзіндегі ең үлкен ғимрат.</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. $7,4 \cdot 56,56 : 8,08 + 48,2$ өрнегінің мәні ғимараттың биіктігін береді. 2. $5,6 + 89,7 - 56,007 + 40,707$ өрнегінің мәні шеңбердің диаметрінің мәнін береді. <p>Жауабы: 100м, 80 м</p> <p>Бағалау: «Ой қозғау» әдісі арқылы</p>	<p>Маған ... ұнады</p> <p>Мен ... үйрендім</p> <p>Маған ... жауабы ұнады.</p> <p>Мен ... тілеймін.</p>
<p>Шыйрату жаттығуы</p> <p>3 мин</p>	<p>«Кім жылдам» ойыны</p> <p>Мақалды аяқтап, үш тілде ата</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қызға үйден тыю. /қырық, сорок, forty/ 2. Бір тал кессең, тал ек /он , десять, ten/ 3. Жігіт бір сырлы,қырлы . /сегіз, восемь, eight/ 	<p>Үш тілділік</p>
<p>Жеке жұмыс</p> <p>5 минут</p> <p>2 минут</p>	<p>«Ойланайық кім ойшыл» әдісі бойынша БО «Бекіту және қолданысқа енгізу» түрін саралаудың «Тапсырма» түрін қолданамын</p> <p>«Ойланайық кім ойшыл» оқулықпен жұмыс</p> <p>№ 202 Жер экваторының радиусы 6378 км. Жер экваторының ұзындығын тап. Шешуі: $C = 2 \pi R$ $C = 2 \cdot 3,14 \cdot 6378 =$</p> <p>№ 203 Диаметрі 10см, шеңбердің ұзындығын тап. Шешуі. $C = 2 \pi R$ $C = 2 \cdot 3,14 \cdot 10 =$</p> <p>3- тапсырма. Тақырыпқа байланысты мәтінді есеп құрастыр.</p>	<p>Оқулық</p> <p>Дескриптор : арқылы бағалаймын</p>

	Бағалау критерий	Дескриптор	
	<ul style="list-style-type: none"> • Шеңбер ұзындығының формуласын қолданып есептер шығара алады; • шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін біледі; 	<ul style="list-style-type: none"> - Радиус арқылы жер экваторының ұзындығын табады; - Диаметрі арқылы шеңбердің ұзындығын анықтайды; - Ұқсас есеп құрастырады; - Жауабын жазады; 	
Сабақтың соңы	<p>«Миыңның суретін сал» әдісі Оқушылар мидың суретін дәптерге саладыда, оны сабақ кезінде меңгерген білімдерін білдіретін сөздермен толтырады.</p> <p>Үйге тапсырма: № 204, № 205</p> <p>Рефлексия «3 таяқша» әдісі 1 сұрақ - бүгінгі сабақ бойынша түсінбеген не түсініксіз болды; 1 жауап - бүгінгі сабақтан өзіне не алды; 1 идея - келесі сабаққа не білгісі келеді;</p>		
5 минут			
2 минут			

ӘОЖ 373.3

Нұрғожанова Гулям Нұрахметовна
 Шағын орталықтың аға тәрбиешісі
 Алмалы ОМ мектепке дейінгі шағын орталығы КММ
 Алматы облысы, Сарқан ауданы, Алмалы ауылы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың әдістемелік жолдары туралы жан-жақты әрі толыққанды баяндалады.

Түйінді сөздер: білім, тіл, оқыту, дамыту.

Аннотация

В статье дано всестороннее и всестороннее описание методических подходов к развитию речи у дошкольников.

Ключевые слова: образование, язык, обучение, развитие.

Annotation

The article provides a comprehensive and comprehensive description of methodological approaches to the development of speech in preschoolers.

Key words: education, language, learning, development.

Оқытуды ұйымдастыру түрлері мен жұмыс тәртібі

Үйрету іс-әрекетін ұйымдастырудың жетекші түрі – топпен жұмыс істеу болып табылады. Топтардың толымдылығы – 8-12 адамнан артық болмау керек. Тілдің үштұғырлығын дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері 4-5 жастағы балаларға — аптасына 1 рет, ұзақтығы 20-25 минуттан, ал 5-6 жастағы балаларға — аптасына 2 рет, ұзақтығы 25-30 минуттан жүргізіледі. Тілдің үштұғырлығын дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері барысында алынған білім барлық режимдік кезеңдердің үдерісінде күнделікті: сәлемдесу, киіндіріп шешіндіру, тамақ ішу, ұйқыға дайындық, ойындар мен серуендер барысында бекітіледі.

Әдістемелік құралдың педагогикалық пайдалылығы – мектеп жасына дейінгі балаларға тілдердің үштұғырлығын үйрету көптілді тұлғаның негізін қалыптастырудағы алдын-ала маңызды кезеңдерінің бірі ретінде қарастырылуында болып табылады. Тілдердің үштұғырлығы әдістемелік құралының мазмұны негізінде балалардың үйреніп жатқан тілдерінде сөздердің, дыбыстардың, сөйлемдердің дұрыс айтылуы қалыптасады, сөздік қоры жинақталады, ана тіліндегі және басқа тілдегі сөзді түсіну мен қабылдау және жеңіл диалог құруға қатысу біліктері қалыптасады.

Әдістемелік құралдың педагогикалық маңыздылығы мектеп жасына дейінгі балалардың заманауи қоғамдағы жалпы қолданылатын тілдердің негізін меңгерумен шарттастырылады. Тек қана ана тілі емес, сонымен қатар ұлтаралық қарым-қатынастағы шет тілдерінің ауыз екі сөйлеу тілін меңгеру тұлғаның зияткерлік, эмоционалдық және адамгершілік дамуымен тығыз байланысты.

Тілдік дағдыларды дамытудың негізгі мазмұны мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту әдістемелік құралының «Қатынас» білім беру саласында анықталады. «Қатынас» білім беру саласының мақсаты – үйретілетін тілдердің ауызша және ауызша емес құралдармен қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасауға қабілетті мектеп жасына дейінгі көптілді тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері бойынша қойылатын негізгі талаптар: жалпы уақыттың 5–10 минуты үш тілде жүргізілетін жалпы дамытушы лексикалық түрлерге (сергіту кезеңдері, санамақтар, дидактикалық ойындар, тілдік және фонетикалық дайындықтарға, тақпақтар мен ұйқастырмаларға) бөлінеді.

Балаларға тілдің үштұғырлығын үйрету әдістемесі

Ағылшын тілін үйрету әдістемесін таңдау барысында қай жастағы балаларға арнап әзірленгендігін ескеру қажет.

Ойын әдістемесі балаларды да, педагогтерді де қызықтырады. Ол қарапайымдылығымен тиімді. Оқытушы тілді үйрету және жетілдіру бойынша сабақты ойын түрінде жүргізеді. Әдістеменің құндылығы – ол бір жастан бастап бейімді, әдістеменің көмегімен ауызекі тілді, дұрыс айтылуды, орфографияны, грамматиканы және т.б. дамытады.

Зайцевтің әдістемесі үш жастан бастап 6(7) жасқа дейінгі балаларға арналған. Ендігі кезекте оны ағылшын тілін үйрету үшін бейімдеп, лайықтады. Зайцевтің белгілі текшелерінде ағылшын алфавитінің де әріптері пайда болды.

Глен Доманның әдістемесі сәбилерге арналған. Бұл әдістеде баланың көру арқылы есте сақтауы қатыстырылған, атаулары жазылған суреттер есте сақталады және оқуға үйрету үдерісін одан әрі жеңілдетуге көмектеседі, карточкаларын қолдан жасауға болады. Глен Доман өз кітаптарында айқын әрі нақты құраллар береді. Карточкалар жұмысты сәбилермен ғана емес, сонымен қатар, ересектеу, тіпті мектепалды жастағы балалармен де қолдануға болады.

Жобалау әдістемесі 4-5 жастағы балаларға арналған. Тілді үйретуші сабақтар жүйесі үшін тақырып таңдайды, берілген тақырып бойынша қызықты бір нәрсе білуде балаларға көмектесетін әртүрлі іс-әрекет түрлерін ұсынады. Балалар дербес орындауы үшін тапсырмалар алады (немесе ата-аналарының көмегімен). Қорытынды сабақтың уақыты келгенде балалар жобаның тақырыбына ауқымды шығармашылық жұмыстарымен келеді.

Аралас әдістеме – бұл жерде таңдауы бойынша түрлі әдістемелерді құрастыруға болады. Мысалы, ойындар ойнау, тақпақтар мен әндер жаттау, жобаларды әзірлеу және т.б. Әдістеменің құндылығы – әртүрлілігінде. Түрлі іс-әрекетті ұсына отырып, баланы қызықтыру жеңілдірек.

Тәжірибеде қолданылып жүрген барлық мектеп жасына дейінгі кезеңде тілді үйрету әдістемелері ата-аналарға үйде өз баласымен дербес айналысуға көмектеседі.

Дербес шығармашылық іс-әрекет

Жұмыстың түрлері мен формалары

Заттық-дамытушы орта тілдік кеңістікке ену үшін:

— таспа, диск және басқа да тасымалдағыштарда музыкалық аудио материалды;

— сөздік, үстел үстіндегі баспа ойындары, құралдар, кітаптарды;

— жағдайға байланысты, рөлдік, лексикалық мазмұны бар сахналандырылған ойындарды;

— ертегілерді сахналау, тақпақтарды мәнерлеп оқуда балалар өздерінің жетістіктерін көрсете алатын ертеңгіліктер мен мерекелер пайдаланылады.

Мектепке дейінгі оқыту тұжырымдамасының негізін қалайтын кезеңдер оқытудың әдістемелерін, тәсілдерін, үлгілері мен құралдарының спектрін кеңінен қолдануға әкеледі. Бұл ретте балалардың жеке, сонымен қатар, олардың жалпы мәдени дамуы мен микро әлеуметтік ортасы – отбасының ерекшеліктері ескеріледі.

Негізгі тәсілдері:

а) балаларға таныс емес тілде үлкендердің тіліне еліктеуі;

б) көру, есту және әсем бейнелерді құру. Нәтижесінде, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде оқытудың ауызша емес құралдарының басымдылығы (суреттер, заттардың графикалық бейнелері мен сөйлемдердің құрылымдары, музыка);

в) оқу-дидактикалық ойындарды қолдану;

г) жұмбақтар;

д) өз ойын білдіріп, өзін-өзі бағалауды арттырудағы психологиялық кедергілерді болдырмайтын ертегілер мен шағын әдеби шығармаларды драмалау.

Жұмыс ұстанымдары:

1. Мадақтаудың түрлі құралдарын қолдану, ауызша және материалдық.

2. Бала бойында баланың тілдік қабілетін арттыратын педагог пен балалар арасындағы оң қарым-қатынастарды қалыптастыру.

3. оқыту үдерісінде педагогтің сөйлеу тілінің баланың жаңа үйреніп жатқан тілде 90% болуы.

4. Лексиканы жүйелі енгізу: лексикалық тапсырмаларды арттырып, біртіндеп бекіте отырып 3 сөзден бастау. Соңында күнделікті өмірде жинақталған сөздік қорын арттыру.

5. Балалардың қысқа мерзімді есін ескере отырып, әрдайым алдыңғы өткен материалға қайта оралып, оны келесі қайталауларға енгізу.

6. Сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған дұрыс тілдік құрылымдарға үйрету.

7. Жұптық және топтық үйретулерге айрықша ықылас бөлу. Бұл топта қолайлы психологиялық ахуал құруға және тілдік кедергілерді жоюға көмектеседі.

8. Педагогтің сұрақтары мен бұйрықтарына әсерінің жылдамдығын дамытады.

5-6 жастағы балалардың сөйлеу дағдысын сипаттау

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар ана тілін еркін меңгереді. Тілдің белсенді сөздік қоры 2500-3000 сөзді құрайды. Бұл балалардың үлкен тәжірибесімен (алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда), олардың зияткерлік қабілеттерінің дамуымен: көп бейнелі байланысын құру іскерлігімен, бар білімдерін жеңіл қолдану, жалпылап, қорытынды жасай білуімен байланысты.

Қарым-қатынас адамның көңіл күйі мен эмоционалдық күйін анықтауға, өзінің ішкі дүниесін түсіну тәсілдерімен өзін-өзі нормаларын меңгеруге бағытталады. Бұл жастағы

балаларға айналасындағы адамдардың тілдеріне сын көзбен бағалау қарым-қатынасы мен өз ойының нақтылығын қадағалау қабілеттерін дамыту тән.

Бұл жаста балалар сөздердің дыбысталуы мен мағынасына, оның дыбыстық түріне, тілдегі сөздердің тіркестері мен қабысуларын қызығушылықпен таниды.

Әңгімелесушілердің назарын өздеріне аударудағы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың талпынысы өзінің тілін мәнерлі, бейнелі етудегі әрекеттерінен байқалады. Бұл жаста балалар тілдің дауыс ырғағының құралдарымен қолданумен ғана емес, сонымен қатар, тілге тән эпитет, теңеу, метафора секілді мәнерлілік құралдарын меңгеруге қабілетті болады. Балалардың тілінде елеулі дербес ерекшеліктер білінеді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тілін дамытудағы басты бағыттар:

— байланыстырып сөйлеу және мазмұндылығы (диалог және монолог);

— тілдің шығармашылығы мен мәнерлілігін дамыту;

— сөйлеу әрекеттеріндегі жеке қабілеттерін дамыту.

Байланыстырып сөйлеуін дамыту

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудың басты міндеті — монологтік және полилогтік тілін жетілдіру болып табылады. Балалар өзара қарым-қатынасты талдауды, адамдардың адамгершілік қырындағы қылықтарын дәлелді бағалай білудегі мәселелерін меңгере бастайды. Балалар диалогтік және полилогтік сөйлеу іскерліктерін меңгереді: қоршаған ортамен қуана тілдік қарым-қатынасқа түседі. Олар ұжымдық әңгімелесулерге қатысып, сыпайы түрде сөйлесудің қабылданған нормаларын: әңгімелесушіні мұқият тыңдау, сұрақты дұрыс қою, сұрақтарға жауап беру, балалардың жауабын тыңдау, ұжымдық әңгімелесулерге қатысу, ортақ әңгімені қолдау, әңгімелесушіні бұзбай кезекпен сөйлеуді қолдана алады.

Әңгімелесу барысында (тәрбиешінің көмегімен) қойылған сұрақтың сипатына қарай сөйлем түрлерін қолданады. Ересектер мен құрбыларына өтініш, алғыс, реніш, шағым түріндегі сыпайы қарым-қатынас үлгілерін үйренеді. Өзінің және құрбыларының тіліндегі қателер мен олқылықтарды анықтап, оларды түзей алады.

Сөздікті дамыту

Балалар тұрмыстық сөздікті, табиғат пен тұрмыстық заттардың атауларын, олардың қасиеттері мен сапаларын, құрылымын, материалы мен оның ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс және нақты қолдануды белсенді меңгерулері тиіс. Нысанның пішіні, өлшемі мен басқа да белгілерін білдіретін сөздерді меңгеруді жалғастыруы керек.

Ересектер тобында (5-6 жас) балалар материалдардың неден жасалынғаны, олардың қасиеттері туралы көбірек білулері тиіс. Кейбір заттар мен бұйымдардың дайындалу үдерісін білу (пісіру, жасау, тігу, үтіктеу және т.б.). Алты жаста балалардың сөздігі заттардың материалы, қасиеті мен күйін жалпылайтын сөздермен толықтырылады.

Балалар өзіне таныс заттардың қасиеті мен сапасын анықтауға қажетті зерттеу әрекеттерін дербес қолданып, оларды атаулары тиіс (сипау, үрлеу, умаждау, қолында өлшеу, иіскеу және т.б.).

Ересек топтағы сөздік жұмыстардың жетекші мазмұны жалпылаудың тегі мен түрлерін, жалпылауды білдіретін сөздерді түсініп қолдану болып табылады.

Бұл жаста балалар заттарды салыстыруды, басты белгілерін табу, осылардың негізінде заттарды топтарға бөлу іскерліктерін меңгереді. Заттарды өздеріне тән белгілері бойынша біріктіру қабілеттерін меңгереді. Ыдыс-аяқ, жиһаз, киім, аяқ киім, көкөністер, жемістер, көлік және т.б. түсініктерді біледі.

Сөздердің ұғымдық мазмұнын меңгеру балаларға сөздердің ауыспалы. басқаша айтылған мағынадағы сөздерді түсініп, қолданудағы жаңа деңгейге өтуге мүмкіндік береді.

5-6 жастағы балалардың сөздігін толықтыру әлеуметтік өмірдің құбылыстары мен оқиғаларына, адамның ішкі дүниесі мен сыртқы қылықтарына қызығушылығының артуымен байланысты. Түрлі мамандықтағы адамдардың еңбегімен таныстыру барысында олардың

сөздігі заттар мен еңбек құралдарының, жұмысқа қажетті техниканың, еңбек іс-әрекеттері және олардың орындалу сапасының атауларымен толықтырылады.

Сөйлеудің грамматикалық дұрыстығы

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар тілдің барлық негізгі грамматикалық түрлерін қолданулары тиіс. Балалар құрбыларының тіліндегі грамматикалық қателерді анықтауға және оларды жөндеуге, грамматикалық формаларды дербес қолдануға үйренеді.

Сөйлеу мәдениеті

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар дыбыстарды дұрыс айтуға және сөздерге дыбыстық талдау жасау іскерліктеріне үйретіледі. Олар ана тілінің барлық дыбыстарын анық, дұрыс айта білулері тиіс. Күнделікті сөйлесу барысында дыбыстарды дұрыс айта білуге жаттығады.

Өлеңдерді оқып, әдеби шығармаларды мазмұндау барысында балалар түрлі дауыс ырғағының құралдарымен қолдана білуі тиіс: сарын, сөйлеу ырғағы, қисынды екпін. Бұл құралмен балалар өзіне туған емес (орыс және ағылшын) тіліндеріндегі өлеңдерді оқу және әдеби шығармаларды мазмұндау барысында да қолданулары тиіс.

Монолог

Балалар алдына қойылған коммуникативтік жағдайға байланысты білімдік және тұрмыстық әрекеттерді айқындайтын тіл материалының әдістемелік құралына орай, алдын ала дайындықсыз ойындағысын жеткізуі тиіс.

Өзінің пікірін айтуда тілдік тұрғыдан дұрыс рәсімделген, мөлшері 3 сөз тіркесінен кем болмауы тиіс. Пікір айту сипаттамадан (сурет, бұйым, ертегілер кейіпкерлерінің әлпеті және т.б.), оқиғадан (дос, отбасы мүшесі, үй жануары және т.б.) тұруы мүмкін.

Бес жасар балалардың танымдық және сөйлеу мүмкіндіктері жоғары деңгейде артады. Ортаңғы топтағы балалардың әлеуметтік және табиғи жаратылысты меңгеруде әуестігі, белсенділігі, дербестігі жоғары болады.

Тілдердің үштұғырлығы бойынша жұмыстың орталық бағдары оқытудың монологтік түрі, бұл 4 жасар балаларды үлкендер мен құрдастары арасында тілдік қатысымға түсуде дербестік пен бастамашылдыққа тәрбиелеу болып табылады. Монологтік оқыту барысында балалар қатысымдық сөйлеу дағдысына ие болады, сөздік қорын арттырады және грамматикалық дұрыс сөйлеу қалыбын реттейді.

Оқыту мазмұнына өлеңдер, әндер, санамақтар, сондай-ақ мектепте оқыту жағдайларын айқындайтын тілдік құралдар кіреді. Тілдік материал көлемі 70 типтік сөйлеу үлгілерін құрайды, олардың 50-і сөйлеу үшін қолданылады. Сөздік бірліктер көлемінің – 150-і сөйлеу үшін және 200-і тыңдалым үшін.

Тілдің үштұғырлығы бойынша ұйымдастырылған оқу ісінің тақырыптық мазмұндылығы «Қатынас» білім беру саласының білім мазмұнының іріктеу талаптарының принциптері бойынша құралады.

Оқытудың негізгі принциптері: қызықтылық, жүйелілік, түйіндемелік, қолжетімділік, көрнекілік және шынайы қарым-қатынас болуы тиіс.

«Тілдің үштұғырлығының дамуы» курсының аяқталуымен балалар лексика-грамматикалық құрылымдардың зерттелген тыңдалым машықтарын меңгеруі керек, берілген тақырып бойынша айқын сөйлеу, оқып жатқан тілдерде өлеңдер мен тақпақтарды білу.

5-6 сөйлемнен құралған заттарды сипаттайтын шағын әңгімелер, жеке тәжірибеден оқиғалар құрастыру; әдеби шығармалардан түсінгенін айту, суреттер бойынша мәтін құрастыру. Ойыншықтар, суреттер бойынша баяндамалық әңгімелер шығару, жұмбақтар мен салыстырмалы жұмбақтар құрастыру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту барлық салаларда жүзеге асады, бірақ мектепке дейінгі мекемелерде басты оқытудың түрі балалардың сөйлеу қабілетін дамыту бойынша ұйымдастырылған оқыту қызметі болып табылады. «Қатынас» білім саласы құрылымының әрекеті әр түрлі өзара байланыстағы сөйлеу

жұмысының, сөздікті жетілдіру және жандандыру, грамматикалық сөйлеу тіркесін қалыптастыру, дыбыстық сөйлеу мәдениетін және т.с.с. тарауының процессі ретінде белгіленеді. Осы кезеңде, мектепке дейінгі жаста, байланысты монолог сөзін дамыту негізгі мақсат болып табылады. Оқытылудағы тілдердің дұрыс айтылуын қалыптастыру барысында есту қабілеті және фонематикалық қабылдау, сөйлеу аппаратының моторикасы, яғни сөйлеу мүшелерінің қозғалғыштығының айырықша мәнділігі бар. Көптілде айтылуын қалыптастыруға фонематикалық есту қабілеті міндетті шарт болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың фонематикалық қабылдау қабілеті өте жоғары деңгейде дамитындығы байқалады; олар дыбыстарды дұрыс айтып, олардың жіңішке және сараланған дыбыстар, сөз түрлері мен жеке дыбыстарды қалыптастырады.

Сараланған дыбысты қабылдау қабілеті акустикалық және артикуляциялық дағдыларды дамыту барысында қалыптасады. Қазақ, орыс, ағылшын тілінде дыбыс шығару біртіндеп қалыптасады. Олар 3 кезең арқылы өтеді:

- 1) артикуляциялық аппаратты дайындау;
- 2) тұйықталған дыбыстың айтылуын нақтылау;
- 3) буындарда, сөздерде және фразалық сөйлеуде буындарды бекіту.

Бірінші кезең сөйлеу аппаратын артикуляциялық қимылдарға дайындауға бағытталған. Бұл шараны арнайы дыбыстық сөйлеу мәдениетін және қазақ, ағылшын тілінде сөйлеуді оқыту бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асыру қажет. Күнделікті тәртіптік сәт уақытында, таңғы гимнастика, жуыну барысында артикуляциялық аппаратты шынықтыру үшін жаттығулар орындауға болады. Дыбысты зерттеу үдерісінің құрылымы фонетикалық қабілетін дамыту әдістемеге кірістірілген «Қатынас» білім саласында ана тілінде оқыту және тәрбиелеу әдістемелік құралында толық сипатталған.

Барлық балалар игеруге міндетті негізгі лексикалық қормен қатар игерілетін белгілі рецептивті лексиканың көлемі: күнделікті әдетті айтылатын сөздер, ұйқастырмаларда және тыңдалымға арналған мәтіндерде кездесетін лексика.

Жаңа сөздерді саралап айтуды жөндеу, тек таза сөйлеу және жаңылтпаштарды қолдану арқылы жүзеге асады.

Сөйлеудің дұрыс ырғағы мен екпінін қалыптастыруда сөйлеу тынысы ерекше орын алады.

Сөйлеу тынысы тыныстық гимнастиканың барысында дамиды. Тыныс гимнастикасында әр түрлі сюжетті жаттығулар қолданылады: («Сағат» «Ұшақ» «Сорап» және т.б.). Тыныс гимнастикасы әр түрлі ойын жаттығулар түрінде өтеді. Балалар мақта шарларын, қағаз сызықшаларын, шарларды үрлейді, сабын көпіршіктерін жібереді және т.б.

Тілдердің үштұғырлығының дамуы барысында келесі ерекшеліктерді ескеру қажет:

— оқытудағы тілдердің сөз әрекетін белсенді түсіну және айту процессі ретінде қалыптасуы керек;

— оқыту әдістемесі қызмет принципіне (қолда бар қызығушылық, қойылған мақсатқа сәйкес теңбе-тең тәсілдер мен мақсаттарды қолдану) негізделуі керек;

— қарапайым пікір айту машықтарын қалыптастыру үшін сөз таңдау, оның өзгеруі, сәйкес ойын жеткізу сөйлемдерін таңдау қажет;

— мектепке дейінгі жастағы балаларды сөйлеу жағдайындағы бағытталу машықтары және оқытылып жатқан тілдегі қарым-қатынасқа оқыту қажет.

Тіл үштұғырлығына кіретін тілдер ұйымдастырылған күрделі жүйені құрайды. Жаңа сөздерді сөйлеуде пайдалану кезінде оларды игеру және қарым-қатынас жасау тек белгілі сөздік қордың жинақталуы мен есте сақталу жағдайында ғана мүмкін.

Сөздік жұмыс тілдер үштұғырлығын оқытудың алғашқы кезеңінде басым болып табылады, себебі тілдерді тәжірибеде игеру алдын ала бейтарап сөздікті жинақтаусыз мүмкін емес. Белсенді сөздікке жаңа сөздерді енгізу: ойыншықтар, нақ пішін, табиғи заттар, сюжеттік суреттер, фотосурет, сызбаларға сүйене отырып, бейнелерді көру нәтижелі болып табылады.

Жаңа сөздердің айтылуы мінсіз, айқын, ашық болуы тиіс. Меңгерудегі тілге енгізілетін жаңалықтар келесі кезеңдерден өту қажет: педагогтің үлгісіне сүйене отырып жаңадан естіген сөздерді елестетіп қалыптастыра білу; сөйлеу кезінде оларды тану және түсіну.

Оқытылу барысына жаңа сөздер мен сөз тіркесі қосылғанда өз ретімен енгізілуі қажет. Жаңа сөздер алғашқы рет енгізілсе, балалардың назарын оларға және ерекше айтылуына аудару қажет. Бірақ балалар жаңалықтарды шамадан тыс қабылдамауына көңіл бөлу керек.

Белсенді сөйлеуде пайдаланылатын сөздер біртіндеп енгізілуі керек және жүйелі түрде қайталанып тұру қажет. Белсенді сөздікті толықтыру фразалық сөйлеуді біртіндеп күрделендіру арқылы жүзеге асу қажет.

Мектеп жасына дейінгі баланың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтен жеңілдеткен түрде еске сақтау тәсілдерін қолдану талап етіледі. Балалармен лексикалық мәліметті нақты бекіту үшін, оны бірнеше рет қайталау қажет. Баланың сөздік қорын толықтыру үшін, қайталау барысында тек белгілі ғана емес, жаңа лексиканы пайдалану қажет.

Күнделікті, әртүрлі тұрмыстық жағдайда ұйымдастырылған оқу қызметі процессінде және дидактикалық ойын барысында өздігінен әртүрлі сөздіктерді қолдануда жүзеге асады. Маңызды тілдесуді ұйымдастыруды, балалардың сөйлеуге назарын аудару, сөздік қорына, баланың жинақталған сөз құрамы байлығын пайдалану педагогтың рөлі болып табылады.

Театр әрекеті, сүйікті ертегілердің ерекше үзінділерін сахналау, кейіпкерлер диалогін пайдалану орыс және ағылшын тілдерін үйренуді белсендіруге, грамматикалық құрылымды және жүйелі сөздің дамуына мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі жастағы баламен (орыс және ағылшын) тілдерді үйрену барысында тілдің үштұғырлығы жағдайында дыбыс мәдениетін меңгеру – балалардың белсенді сөздік қорын толықтыру барысын анағұрлым қарқындатады, тіл байланысын кеңейтеді.

Балаларға таныс емес тілдегі жаңа сөздермен алғаш танысу кезінде кең мағынада көрнекілікті пайдалану қажет. Тек бұйымды көрсету мен оның атын атаумен ғана шектелуге болмайды. Шет тілінің сөзі баланың жадында ешқандай аудармасыз сақталу үшін оның тек есту және көру қабілетін ғана емес, сонымен қатар басқа талдағыштарды іске қосу қажет: түйсіну (бұйымды ұстау), иіс сезімі (мысалға, раушан гүлін иіскеу), татым (мысалы, қант, балдың, тосаптың дәмін көру). Мүмкіндігінше заттың өзін көрсеткен жөн, содан соң ол заттың әртүрлі жағдайдағы басқа заттармен салыстырмалы түрдегі суреттерін көрсету қажет. Мысалы, үстел әр түрлі пішінде, әр түрлі өлшемде және тек қана төрт аяқты емес, үш аяқты да немесе бір аяқты да болады.

Омарова Гульназ Ермековна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация

Білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – терең білім беру. Ал, оның негізі мақсаты жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу жүйесінде жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады.

Түйінді сөздер: білім, мектеп, әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар, жаңғыру, шығармашылық еңбек.

Аннотация

Одной из основных задач в области является углубление образования. И его основной целью является внедрение новых технологий в сфере образования для улучшения учебного процесса общеобразовательных школ. Внедрение новых инновационных подходов в систему образования способствует интересам учащихся к обучению, мотивации и творческого подхода к самоисследованию.

Ключевые слова: образование, школа, методология, новые технологии, модернизация, творчество.

Abstract

One of the main tasks of the in the region is to deepen the education of young people. And its main goal is the introduction of new technologies in the field of education to improve the educational process of general education schools. The introduction of new innovative approaches to the education system contributes to the interests of students in learning, motivation and a creative approach to self-exploration.

Keywords: education, school, methodology, new technologies, modernization, creativity.

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Бала үшін ойын – өмір сүрудің белсенді формасы, сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекеттерін, қарым-қатынастарын үйренеді, еңбектің мәнін түсіне біледі, адамгершілік нормаларын игереді, әлеуметтік рөлдер атқарады.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады, қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады.

Ойынның мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау. Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Дидактикалық ойындар – балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіреді.

Сабақтың ортасында – көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады.

Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мысалы, дайындық сыныбында қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сыныбы үлкейген сайын баланың жас ерекшелігіне сай болып күрделенгені дұрыс. Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарына мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп

жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Мысалы, дайындық сыныптарда сан санауға заттарды санап және олардың екі тобын салыстыруға, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үйрету мақсатында түрлі ойындарды ойнатуға болады. Ойын да халық педагогикасының құрамдас бір бөлігі болып келеді. Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік - экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамығанына қазақ халқының ойындарымен таныса отырып, көзіміз әбден жетеді. Халық ойындарын сабақтарда пайдалану оқушының алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыруға қолайлы.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Демек, мұғалім сабағын баланың қабілет-қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды.

Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты. Оқушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Ойын нәтижелерін есепке алу түрліше: әрбір дұрыс орындалған грамматикалық ойын үшін ұпай есептеу, әрбір ұтылыс үшін кем ұпай беріледі, оқушылар тақтаға жазылған тиісті команда бағанындағы сөз немесе сөз тіркестерін жазып отыру; ол сөздерді есепке ала отыру; қол көтеріп немесе тиісті орфограммалар жазылған карточкаларды көтеру арқылы білімдерін анықтау; жаттығуға жіберілген уақытты есепке алу.

Педагогикалық ғылым тарихына көз салсақ, балалар ойынына қатысты мәселелерге соқпай кеткен ағартушы, педагог болмаған екен. Тұлғалы, кезіндегі прогрессивті ұлы педагогтар Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцций халықтық ойынға назар аударып, қолданып, халықтық ойындардың теориялық негізін жасауға талпынған. Ойынның балалардың денін сауықтыратынын, ақыл-ойын белсенді ететін және барлық ағзаларын икемді қозғалуға баулитын мәнін Я.А. Коменский дәріптеген. Ж.Ж. Руссо пікірінше білім алу ойынның ойынның балалар өмірінде кезектесіп, алмасып отыруы бір-бірімен сабақтаса байланысуы бала дамуындағы қажетті шарт болады.

Қазіргі Қазақстан мектебіндегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке-дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған.

Инновациялық оқу оқудың түсіндірмелі-иллюстрациялық түрінен әрекетшілдікке ауысу арқылы жүзеге аса отырып, оқушының оқу әрекетінің белсенді субъектісі болуына мүмкіндік береді. Оның өзі сабақты әртүрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді.

Ойындық технология мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешуін іздестіруге құрылады. Ойынның ұйымдастырылу түрлері: іскерлік ойындар, рөлдік және оқиғалық ойындар, саяхаттық және білімдік ойындар.

Қазақ тілі сабағында әр түрлі ойын элементтерін пайдаланамын. Мысалы: «Синонимін табайық» ойыны.

Ойынды «Синоним» тақырыбын бекіту сабағында немесе сабақтың мақсатына қарай өткенді еске түсіре отырып өткізуге болады.

Ойынның мақсаты. Оқушылардың «Синоним» тақырыбынан меңгерген білімдерін тексеру, жылдам ой қорытуға баулу, сөздік қорын байыту.

Ойынға синонимдік қатар түзуге болатын мақсаттағы сөздерді интерактивті тақтаға еңгіземін. Ойынның шарты. Оқушыларға бір уақыт аралығында синонимдік қатар тузу тапсырылады.

Ойын соңында синонимдік қатардан сөйлемдер құралады. Қазақ тілі сабағында әр түрлі ойын элементтерін пайдаландым. Сөз құрамы тақырыбын жүргізгенде «Орамал тастау» қазақтың ұлттық ойынын ойнаттым.

Бұл ойынның шарты: Сыныптағы қатар бойынша 2 топқа бөлдім. 2 топ арасы он адымдай белгіленген. Екі сызықтың бойына қарама-қарсы қатарға тұрады. Ойын жүргізуші қолындағы орамалын 1-ші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол өзінің қарсыласының біреуіне тастайды да «қала» - деп дауыстайды, ол қағып алып «шық» - дейді немесе «ны», «ға», «ның» - дейді. Сонда «қалашық», «қаланы», «қалаға», «қаланың» тағы басқа сөздер шығады. Айтылған сөзге қосымша жалғау керек, мысалы: «ойын» - деп дауыстаса - «ойыншық», «ойынды», «ойындар» т.б.

Орамалды қағып алған ойыншы түбір сөзге қосымша жалғап немесе уақытында тауып айтылмай қалса, онда ортаға шығып өнер көрсетеді.

«Мұғалім қай жерде қателесті?» ойынын жүргіземін. Бұл ойынның шарты: Мұғалім тақтаға бірнеше жұрнақ жазады, ал сендер жұрнақ болмай тұрған сөздерді табасындар.

Мысалы: Жұмысшы, жазғы, т.б. Мұғалім енді тақтаға бірнеше жалғау жазады, ал сендер жалғау болмай тұрған сөзді табасындар.

Қазақ тілі сабағында бір буынды, екі буынды сөздерді оқу, буындарға бөлу тақырыбын ашу үшін «Сақина салу» қазақтың ұлттық ойынын жүргіздім. Мен бір оқушының алдына сақина қоямын да «май» – деп дауыстаймын. Сақинаны алған оқушы «мыл», «шам» - деп дауыстайды. Сонымен маймыл, майшам, майда сөздері шығады. Айтылған бір буынға, екінші буын жалғау керек, мысалы: мы-сық, ма-са, ал-ма, жү-зім.

«Кім тез?» ойынын жүргіздім. Интерактивті тақтада он екі суретті көрсеттім. Әр қатардан 4 оқушы сурет бойынша сөйлем ойлап айтты. Интерактивті тақтадағы суреттерді (қозы, аңшы, бор, нан, алма, бота, күн, қыз, сүргі, ай, тышқан) қатыстырып тез сөйлем ойлады. Қозы, аңшы, бор, нан т.б. сөздерден дыбыс құрамын, нан т.б. сөздерден дыбыс құрамын, буын санын айтты.

«Достасқан буындар». Қатар отырған оқушылар ауызша орындайды. Орындау тәртібі бойынша бірінші оқушы қа буынын айтса, екінші келесі буынын тауып сөз құрауы керек.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны қолданудың маңызы өте зор.

Қорыта келгенде, ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп өркендей алмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы. Сондықтан да қазақ тілі сабағында ойын элементтерін пайдаланудың оқушылардың ой белсенділігін арттырудағы маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Қазақстан Республикасының Білім Заңы*
- 2 *Жанпейісова М.М.. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде // Алматы 2006*
- 3 *Қазақ ұлттық энциклопедиясы ,Алматы // -241 б*
- 4 *Кәсіби даму мектебі // Алматы, Верена 2007,93-97 б.*
- 5 *Құдайбергенева К.С. Құзырлылық табиғаты - тұлғаның өздік дамуында. Алматы // 2006.*
- 6 *Құдайбергенева К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі. Алматы // 2001. -75 б.*

УДК 37.013.75

Омаров Куаныш Бекетович
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ӨТКІЗУ

Аннотация

Мақалада дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесі, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтары, оның қызметі мен құрылымын тануы, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз етуі туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: білімі, дене тәрбиесі, оқу процесі, оқушы.

Аннотация

В статье рассказывается о системе физического воспитания как социальной системе и общественном явлении, об основных закономерностях ее становления и развития, о признании ее деятельности и структуры, о необходимости познания и обеспечения физического воспитания подрастающего поколения в соответствии с требованиями образования и воспитания.

Ключевые слова: образование, физическая культура, учебный процесс, ученик.

Annotation

The article describes the system of physical education as a social system and public phenomenon, about its basic laws and development, about the recognition of its activities and structures, about the need for physical knowledge and respect.

Keywords: education, physical culture, educational process, student.

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық - психологиялық қажеттіліктердің жан - жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт - бағдары өзгерді.

Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт - дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артауда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым - қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат - мұраттарына, тұрмыс - тіршілігі мен мінез - құлқына, сондай - ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан - жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», - атап көрсетілген [1]. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт - бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан - жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту,

тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш - қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене - қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл - қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін - өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу - тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан - жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте - бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу - тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте - бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте - бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір - бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу - тәрбие үдерісінің кіші - кіші үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез - келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін - бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады.

Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу - тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар - мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы - спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барысында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі

сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т. б. қол жеткізуге болады.

Оразбаева Ардақ Ибрагимовна

*мектепалды даярлық тобының мұғалімі
Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫ МЕН ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Аннотация

Қазіргі оқыту технологиясының ең қажетті әдістерінің бірі – ойын. Ойын теориясы өте ертеден-ақ дидактиканың бір саласы. Ойын формасын қолдануда екіжақты дидактика байқалады: біріншіден, ойнау үшін білу, үйрену қажеттілігі; екіншіден, адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтау қажеттілігі. Ойын кезінде бала көңілі көтеріледі, өзіне сенімділігі артады, білімге деген ынта-ықыласын жетілдіреді. Ойынды ойнағанда тәрбиешінің мақсаты айқын болу керек, балалардың ерекшелігіне сай таңдап алынуы тиіс. Баланың сабақты жақсы меңгеруінің бір айқын кепілі оның сөйлеу тілінің дамуына байланысты. Халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлі жұмбақ, жаңылтпаш сияқты ойындары – тіл дамытудың әсерлі құралы.

Түйінді сөздер: әдіс, ойын, тіл дамыту, қажеттілік, дидактика.

Аннотация

Одним из наиболее востребованных методов современной технологии обучения является игра. Теория игр очень давно является разделом дидактики. При использовании игровой формы прослеживается двоякая дидактика: во-первых, необходимость знать, учиться, чтобы играть; во-вторых, потребность человека в самообразовании, накоплении жизненного опыта, играя. Во время игры у ребенка повышается настроение, повышается уверенность в себе, совершенствуется стремление к знаниям. При игре в игру цель воспитателя должна быть ясной, подбираться в соответствии со спецификой детей. Одна очевидная гарантия того, что ребенок хорошо усвоит урок, зависит от развития его речи. Древние традиционные игры нашего народа, такие как загадки, заблуждения – это впечатляющее средство развития языка.

Ключевые слова: метод, игра, развитие речи, потребность, дидактика.

Annotation

One of the most necessary methods of modern learning technologies is the game. Game theory has long been a branch of didactics. In the use of the game form, there is a two-way didactics: first, the need to Know, Learn to play; secondly, the need for a person to acquire their own knowledge while playing, to accumulate life experience. During the game, the child's frustration increases, self-confidence increases, and enthusiasm for knowledge improves. When playing the game, the goal of the teacher should be clear, chosen according to the specifics of the children. One obvious guarantee of a child's good assimilation of a lesson depends on the development of their speech. The traditional mysterious and misleading games of our people from time immemorial are an impressive tool for the development of language.

Keywords: method, game, language development, necessity, didactics.

Қазіргі ғаламдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс. Мектепке дейінгі жас – бұл баланың тұлғасымен

санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан да балабақшадан бастап -үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Оқу тәрбие процесінде тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерекше. Бүгінгі білім беру сапасы бұл – біздің қоғамымыздың ертеңі. Сондықтан да біздің еліміздің болашағы, бәрінен де әрқайсымызға, соның ішінде тәрбиешіге, біздің азаматтық көқарасымызға байланысты! «Неге үйретуге керек?», «Қалай үйрету керек?», «Кімді тәрбиелеу керек?» деген бұрынғы шешілетін теориялық-практикалық міндеттер бірігіп кеткен тәрізді. Мен кешегі күннің атақты педагогы Ф. Бэконның: «Оқытудың ақиқатты мақсаты білім емес, іс-әрекет» – деген тұжырымымен толықтай келісемін.

Менің ойымша, баланың танымдық қабілеті дегеніміз – оның педагогикалық ықпал аясында білім алу әрекеті, жеке тұлғаны тәрбиелеу, оның шығармашылық қабілетінің дамуына әсерін тигізеді. Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру жолдары:

Мәтінмен жұмыс;

Тіл дамыту жұмыстары;

Суретпен жұмыс

Ізденімпаздық жұмыстары;

Мәтінмен жұмыс:

шығарманың кейіпкеріне талдау;

мәтіннің тақырыбын талдау;

сөздік жұмыс;

өз бетінше тақырып бойынша мәлімет алу;

мәтін бойынша сурет салу.

Тіл дамыту жұмыстары:

Ертегілер,

Суреттермен жұмыс

Мәтінді аяқтау;

Әңгімені, ойды жалғастару;

Ертегі ойлау, өлең жаттап алу

Өзіндік жұмыс;

Жұмбақтар

Санамақтар

Жағдайлардың шешімдерін табу;

Ерекшелігін айыруға т.б жатады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Балалардың шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды.

Білім қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи құндылықтар, ұлттық тіл қазынасын, яғни, халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сонда ғана біздің ұрпақ өз тілегін, өз тілін, сабаққа деген қызығушылығын, танымдық қабілетін дамытады.

Менің ұстаздық тәжірибемде, оқыту-тәрбиелеу барысында алдыма қойған мақсатым – әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Оқу тәрбие процесінде тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерекше. Көрнекі-бейнелі және көрнекі әрекеттің ойлау түрлерінің деңгейі жоғары болса, осыны тірек ете отырып логикалық (теориялық) ойлауы да тиімді дамиды деп есептейді. Осы саладан түйгенім – оқушылардың оқу материалымен белсенді түрде жұмыс істеуі, өздігінен жасайтын жұмыстары олардың белсенділігін арттырады, оқу мен ойлау әрекетінің тиімді амалдарын қалыптастырады.

Тәрбиеші бұрын жаңалықтың жаршысы, білім нәрін өзі айтып қана жеткізуші, ал балалар тыңдаушы, дайын білімді тыңдап қайталаушы болды. Қазір бәрі өзгерді. Бала – өздігінен ізденетін, шығармашылық әрекеттер жасайтын жеке тұлға. Тәрбиеші – нақты бағыт сілтеп, оқушы еңбегін ұйымдастырушы, бақылаушы. Қай технологияны қолдансақ та естен шығармайтын нәрсе – оқушының өзіне деген құштарлығын, қызығушылығын жоғалтып алмау.

В. Сухомлинский «Бала бойындағы білімге деген құштарлық, талап, ынта отын сөндіріп алмандар... Партадағы жұмыссыздық – аса қатерлі қауіп» – деген екен. Балалардың танымдық қабілетін дамыту үшін ойын сабақтар қолдану өте қолайлы және баланың сөздік қорын дамытуға үлкен септігін тигізеді анық .

Ойын сабақтар. Қазіргі оқыту технологиясының ең қажетті әдістерінің бірі – ойын. Ойын теориясы өте ертеден-ақ дидактиканың бір саласы. Көрнекті педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес» деген. Ойын формасын қолдануда 2 жақты дидактика байқалады: біріншіден, ойнау үшін білу, үйрену қажеттілігі; екіншіден, адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтау қажеттілігі.

Ойын кезінде бала көңілі көтеріледі , өзіне сенімділігі артады, білімге деген ынта-ықыласын жетілдіреді. Ойынды ойнағанда тәрбиешінің мақсаты айқын болу керек, балалардың ерекшелігіне сай таңдап алынуы тиіс. Баланың сабақты жақсы меңгеруінің бір айқын кепілі оның сөйлеу тілінің дамуына байланысты. Халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлі жұмбақ, жаңылтпаш сияқты ойындары – тіл дамытудың әсерлі құралы.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып олардың айналасындағы заттармен таныстырып атын атай білуге қасиеті мен сапасын пішінін ажырата білуге, өмірдегі қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды жайындағы ұғым, түсініктерді дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмыс жүргізіліп отыру қажет. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын тапсырма жаттығулардың орны ерекше .

Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі . Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықты ықыласы ауып, таңдап алынады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп , таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеу ойын үстінде қалыптасады

Қорытынды:

Алайда ойын түрін сабақ тақырыбының мазмұнына лайықтау керек. Мысалы, «ұшты» деген баяндаушы бар бар сөйлемдерді үйрету үстінде «Ұшты-ұшты» деген өздеріне белгілі ойынды ойнатқан жөн. Бұл ойын оқушыларды сергітумен қатар, сөйлем мағынасын жете түсінуге көмектесіп, олардың ойлау қабілетін жетілдіре түседі.

Ойын түрлері сан алуан. Оларды қайталап ойната беру де жалықтырады. Әр ойынның өз жаңалығы болуы қажет. Сонда ғана оның дамытушылық маңызы болады. Ж. Аймауытов: «Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседі бір жаңалық болу керек», – дейді

Ағартушы-қайраткер А. Байтұрсынов «Қай әдіс жақсы?» деген мақаласында: «Жалғыз әліпби үйренудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Әр әдіс өз орнында жақсы. Әдіс көрнекіліктен шығады. Әдістің жаман-жақсы болмағы жұмсалатын орнына қарай» дейді. Ал Л.Н. Толстой «Үйрету әдістері туралы» еңбегінде: «Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу, керек кезінде жоқ әдісті де таба білу. Тәрбиеші көп әдісті білу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану керек» деген.

Олай болса, күнделікті ізденісіміз, жаңа технологияларды оқып-үйреніп өз тәжірибемізде шеберлікпен қолдануымыз – алдымыздағы шәкірттерге терең де тиянақты білім берудегі қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 «Отбасы және балабақша» 2016 №6
- 2 «Мектепалды даярлық тобы» журналы 2017 №2
- 3 «Ұстаздар сайты» материалдар

Оразғалийқызы Гүлнар
 биология пәнінің мұғалімі
 Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

«ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ

Аннотация

Мақалада жалпы білім беретін мектепте өткізілетін сабақты жаңартылған бағдарлама негізінде жоспарлау, атап айтқанда, қысқа мерзімді жоспар жасау тәжірибесі беріліп отыр. Жоспарда оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты, сабақ мақсаты, мұғалімнің және оқушының іс-әрекеті, сабақ кезеңдеріне қарай уақыттың жоспарлануы, тапсырмалар, өздік жұмыс, рефлексия т.б. жүйеленген.

Түйінді сөздер: қысқа мерзімді жоспар, жаңартылған бағдарлама, іс-әрекет, уақыт, тапсырмалар, рефлексия.

Аннотация

В статье представлен опыт планирования уроков, проводимых в общеобразовательной школе, на основе обновленной программы, в частности, составления краткосрочного плана. В плане систематизированы цели обучения в соответствии с учебной программой, цель урока, деятельность учителя и ученика, планирование времени в зависимости от этапов урока, задания, самостоятельная работа, рефлексия и др.

Ключевые слова: краткосрочный план, обновленная программа, действия, задания, время, рефлексия.


Annotation







The article presents the experience of planning classes in general education schools based on the updated program, in particular, drawing up a short-term plan. The plan systematizes the purpose of training in accordance with the curriculum, the purpose of the lesson, the activity of the teacher and student, the planning of time depending on the stages of the lesson, tasks, independent work, reflection, etc.




Keywords: lesson plan, short-term plan, updated program, activity, tasks, time, reflection.

Бөлім:	6.4 А Экология және тұрақты даму
Педагогтің аты-жөні:	Г. Оразғалийқызы
Күні: 10.02.2022 жыл	«Алмалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»
Сыныбы: 6 «А» (28 каб)	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Экожүйе құрамбөліктерінің өзара қарым-қатынасы
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	6.6.1.1. Экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын график түрінде көрсету және түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Экожүйенің құрамдас бөліктерінің өзара байланысын график түрінде көрсетіп, түсіндіреді
Құндылықтарды дарыту	Өзіне және айналадағыларға құрмет. Экологиялық тәрбие. Өртүрлі пікірлерді талқылау барысында оқушылар сыйластыққа үйренеді. Жұптық жұмыс кезінде өзара ынтымақтастық танытуды үйренеді. Бір-біріне сұрақ қою, талқылаулар кезінде ашықтық қалыптасады.
Сабақ түрі	Кіріктірілген сабақ

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту.	<p>(Ү). Ұйымдастыру кезеңі:</p> <p>1. Оқушылармен амандасу, түгендеу.</p> <p>2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру</p> <p>Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.</p> <p>Тиімділігі: Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.</p> <p>Саралау: Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға еркіндік беріледі.</p>			ДК экраны, презентация 1-2 бет.
Жаңа сабаққа кіріспе	<p>(Ү) «Ой қозғау» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау суреттерін ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі суреттер және жаттығу түрлері беріледі. Әр оқушы өз оймен бөліседі.</p>	 <p>1. Берілген суреттерде не бейнеленген?</p> <p>2. Екінші суретіміздің белгілеуші сызықтары нені білдіреді?</p> <p>Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.</p> <p>Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.</p> <p>Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға <u>«Жарайсың!»</u> деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру</p>	Презентация 3-6 бет

		<p>қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.</p>		
<p>Сабақтың ортасы Мағынаны ашу.</p>	<p>Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін дк арқылы түсіндіреді</p> <p>Экожүйе</p> <p>Экологиялық жүйе немесе экожүйе (грек. ойкос — үй және зумека — бірлесу) — бұл бірлесіп тіршілік ететін ағалар мен олардың тіршілік ету жағдайларының жиынтығы. Терминді ғылымға брітани болған А.Тенсли 1935 жылы енгізді.</p> <p>Экожүйенің құрылымы</p>  <p>Продуцент (Автотрофтар) (гр. autos — өзім, өздерім; трофия — қорек, қоректену, тамақтану) — биологиялық заттарды (инорганикалық заттардан, суаран, азоттың, бейорганикалық қосылыстарынан) фотосинтез немесе хемосинтез арқылы органикалық дүниені (продуценттер) құрастыратын қоректі органикалық заттарды (амульсарды, майларды, нитрогендерді) түзетін организмдер.</p> 	<p>Оқулықты оқып танысып шығады. Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады.</p> 		<p>6-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері. Презентация 7-14 бет</p>
	<p>Оқулықта берілген тапсырманы орындатады (Өзіндік жұмыс)</p>		<p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> • Экожүйе құрамбөліктерін ажыратып көрсете алады • Экожүйенің құрамбөліктерінің ролін біледі <p>Жалпы - 2 балл</p> <p>ҚБ «Бағдаршам»</p>	<p>6-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері. Презентация 15-16 бет</p>
	<p>2 тапсырма</p>  <p>Берілген сурет бойынша қоректік тізбек құрастырады</p>	<p>Қоректік тізбек құрастырыңыз</p> 	<p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> • Дұрыс құрастырылған қоректік тізбек ұсынады • Қоректік тізбектің құрамындағы дұрыс көрсете алады (продуцент, консумент және редуцент) <p>(Жұптық жұмыс)</p> <p>Жалпы - 3 балл</p> <p>ҚБ. Оқушылар бір-бірін бағалайды</p>	<p>6-сынып оқулығы. Жұмыс парағы Презентация 17-19 бет</p>

	(Жұптық жұмыс)			
	Сергіту сәті			
	<p>“Даңқ сәті” Топтық жұмыс 3 балл</p>  <p>Топ ережесі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Жалғам топ құру 2.Әркім өз жұмыс жасау 3.Бір – бірінді тыңдау 4.Уақыттен санасу 5.Сабақта басқаны бағуға 6.Тыныштық сақтау <p>Даңқ сәті топтық жұмыс Оқушыларға оқулықтағы мәліметтерді бір шолып шығып, әр топтан бір спикер тағайындалып, жаңа сабақ бойынша барынша толық мәлімет берген топ жоғарға балл алады</p>	<p>Жаңа сабақ бойынша барынша толық мәлімет беріп, алған білімдерін тиянақтау</p>	<p>3 балл. ҚБ. Мұғалімнің бағалауы</p>	<p>б-сынып оқулығы. Презентация 20-22 бет</p>
<p>Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия</p>	<p>Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған</p>	 <p>Аты:..... Сабақ не туралы болды? Бүгінгі сабақ саған ұнады ма? Бүгінгі сабақтағы ең қызықты жағын атап бергіңіз бе? Бүгінгі сабақтағы ең қызықты жағын атап бергіңіз бе?</p> <p>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз</p>		<p>Рефлексия парағы</p>

	деректердің құнды болуын қадағалайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.	ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.		
	Бағалау	Бағалау парағындағы алған баллдарын жинақтап күнделікке қояды		
	Үй тапсырмасы	61 параграф оқу. 1-2 тапсырмалар оқулықтағы жазбаша		Презентация 27 бет

УДК 371.38

Өнербек Арай

*математика пәнінің мұғалімі
 Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы*

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МЕН БАҒАЛАУ ТҮРЛЕРІ

Аннотация

Мақалада математика пәнін оқытудағы жаңа заман талабына сай әдіс-тәсілдер мен бағалау түрлері туралы толыққанды әрі жан-жақты баяндалады.

Түйінді сөздер: даму, әдіс, тәсіл, білім алушы.

Аннотация

В статье дано полное и всестороннее описание современных методов и видов оценивания в обучении математике.

Ключевые слова: развитие, метод, подход, обучаемый.

Annotation

The article provides a complete and comprehensive description of modern methods and types of assessment in teaching mathematics.

Key words: development, method, approach, learner.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму үрдісін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Білім алушының түрлі ақпараттың толассыз ағынында бағытталуы қиынға түсіп отыр, ол үшін оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, педагог жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден бас тартылып, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді. Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік

бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ.

Әдіс түрлері:

Ойын түрлері;

Жеке және жұптық, топтық жұмыстар;

Оқушылардың өз бетінше іс-әрекеттері;

Нақты жағдайлар, олардың нәтижесін жасау;

Сұрақтар қоюда ынталандыру (СТО-ға үйрету);

Оқыту мәселелері.

“Бстық орындық” әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

“Автор орындығы” оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады.

Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

«Миға шабуыл» стратегиясы

(Мұғалімдермен жұмыс)

Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз. Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқысыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз.

Мысалы: “оқушылар мектепті тастамас үшін не істеу керек?”

«Бинго» ойыны.

Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру. Мысалы: 16 – сұрақ.

Сабаққа не үшін келдіңіз?

Алдымен оқушыларға жауап бергізіп, соңынан дайын жауапты ашу, салыстыру.

«Әдіс алмасу үшін»

«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі

Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба?

Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

«Күпия зат»

– Мына зат бойынша 5 сұрақ құрастырыңыз:

«9 – ромб» әдісі: Қатысушыларға айтарлықтай маңыздысын анықтап, талқылау үшін тізім беріледі. Тізімнің әрбір тармағын үлкен ромбылы торға орналастыру қажет. Маңызды тармақтарды әдетте ромбының жоғарғы жағына, ал оншалықты маңызды еместерін төменгі бөлігіне орналастырады. Әр қатарда орналасқан тармақтардың маңызы бірдей. Кейбір топтар ең маңызды карточкаларын орталықта орналастыра алады (екі нұсқасы сәйкес келеді, себебі тапсырманың маңызды элементі топтағы талқылау үдерісі болып табылады). Ромбының нысаны топқа бірқатар басымдықтар мен перспективаларды қамтуға мүмкіндік береді.

Кері байланыс түрлері

«Алма ағашы» әдісі. Оқушыларға сабақ басында екі түсті “алма” беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл – күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл – күйім жоқ.

«Бір сөзбен» әдісі – Оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді таңдап айтады.

Төзімсіздік, Ашу, Қуаныш, Немқұрайлылық, Қанағаттану, Шабыт, Зерігу, Алаңдау, Тыныштық, Сенімділік, Сенімсіздік, Рахаттану.

«Таңдау» әдісі.

1. Мен үшін сабақ қызықты _____ қызықсыз болды деп ойлаймын.

2. Мен сабақта: үйрендім көп нәрсені _____ үйренгенім аз болды.

3. Мен басқаларды мұқият _____ зейінсіз тыңдадым.

4. Мен пікірсайыстарға жиі _____ сирек қатыстым.

5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын _____ риза емеспін.

Бұл карточканы таратып бергенде оқушылар өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен сабаққа деген ынтасын білдіретін сөйлемдердің бірінің тұсына «+» белгісін қою тапсырылады. 17. Кері – байланыс әдістерінің бірі: «Тазалық» ойыны

Қатысушыларға бір парақ беріледі. Онда мыналар салынған:

Чемодан(суреті)

Қоқыс жәшігі (суреті)

Еттартқыш (Суреті)

– Оқушылар, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чемоданға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)

Жоғарыда аталып өткен түрлі әдіс-тәсілдерді алдағы уақытта жоспарланған апталықтар мен әдістемелік күндерде белгіленген ашық сабақтарыма кіргізіп, қолданыста көресіздер деген сенімдемін.

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр педагогтың басты міндеті.

ӘОЖ 373.32

Уанбаева Молдир Мураткановна
бастауыш сынып мұғалімі
Абай ат. мектеп гимназиясы
Алматы облысы Сарқан ауданы Сарқан қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Аннотация

Мақалада бастауыш сынып сабақтарында оқушылардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру тәсілдері туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: білім, тәсіл, мектеп, дағды.

Аннотация

В статье описаны методы развития навыков художественного письма у учащихся начальных классов.

Ключевые слова: знания, подход, школа, навыки.

Annotation

The article describes methods for developing the skills of artistic writing in primary school students.

Key words: knowledge, approach, school, skills.

Көркем жазу оқушының мектепке келген күнімен, жазуымен басталады. Әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасы, құрметі. Көркем жазудың мақсаты – дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық, тәрбиелік мәні зор.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты – балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу – аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге (фонетика – графикалық жазуға) үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбе, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқуда жеңіл ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп жазуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың

оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді.

Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыруы, осының әрі баланың көзіне, жазуына жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек. Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт. Жарық сол жақтан түсуі керек. Жазу ұзақтығы 1 сыныпта – 5 минут, 2 сыныпта – 8 минут, 3 сыныпта – 12 мин, 4 сыныпта – 15 минут. Одан ұзақ жазу баланы шаршатады. Арасында балаларды демалдырып, сергіту жаттығуларын жасаған дұрыс.

Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі. Өртүрлі зат бейнесін, геометриялық фигураларды штрихтау, баланың қолын жаттықтырмайды, оның сөйлеуі мен ойлауын дамытады. Штрихтар арқылы сурет салу жаттығуларын сурет альбомына орындатқан жөн. Штрихтарды өзара қосып сурет салу кезінде балалар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, оң, сол, шеті, жоғары, төмен, түзу, қисық, дөңгелек т.б. ұғымдарды меңгереді.

Көркем жазу үрдісін жүзеге асыру үшін жазу құралдарының (қаламсап, қарындаш, бор) көмегі керек. Бұл заттардың қолданылу жолдарын білу міндетті. Көркем жазу ережесі:

Жазудың құралдарын пайдалана білу;

1. Дәптердің дұрыс орналасуы;

2. Дұрыс отыра білу;

3. Қолдың дұрыс қозғалысы;

4. Үлгі мен жазудың нәтижесін салыстыра білу;

5. Баспа әріпті жазбаша түрде жаза білу;

6. Әріптің дұрыс жазылуын білу;

7. Әріпті байланыстыра білу үзіліссіз, жоғарғы жағынан, төменгі жағынан;

8. Әріптің біркелкілігін сақтау;

9. Сызықтар арасында және бір сызықта жаза білу;

10. Жазудың басталуы және бір жолды дұрыс толтыра білу;

11. Жазудың бағытының дұрыстығы.

Бұл ережелерге оқушылар бірден емес, біртіндеп 2-3 жылда барып қалыптасады. Жазу барысында оқушы көптеген талаптарды орындауы қажет. Көп жағдайда оқушы жазуды үйрене бастағанда дәптердің дұрыс орналасуы, дұрыс отыру, қаламсапты дұрыс ұстау сияқты ережелерді ұмытып кетеді: қаламсапты бар күшімен ұстайды, жазуы түзу болу үшін өзіне қарай тік сызуға тырысады, бірақ көлбеу жазу керек екендігін ұмытып кетеді. Мұндай қателіктерден қашу мүмкін емес. Қатені түзеу яғни, әр оқушыға ескерту ұзақ уақытқа созылады. Тек берілген жаттығуларды орындау оқушыға жеңіл болға кезде ғана түзетеді. Оқушылардан орфографиялық жазуды талап ете бастағанда оқушылар тақтадан немесе мұғалім айтуы бойынша жазады да, жазудың графикалық сауаттылығын бақылау баяулайды. Тіпті мұғалім айтқан дыбыс таңбаларының формасын ұмытып кетеді.

Жазу сабағында ми ғана емес, сондай-ақ көптеген бұлшықеттер де жұмыла жұмыс істейді. Сондықтан оған мынадай бірқатар гигиеналық талаптар қойылады: партада дұрыс отыру (бұл бұлшық еттердің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді), жарықтың түсуі, қағаздың сапалы болуы, қарама-қарсы түсті сияны пайдалану, жазу құралдарының баланың жасына сәйкестігі, жетілдірілген жазу техникасы (әріптердің көлбеу немесе түзу кескіні) қажет.

Жазу жұмысы, әсіресе үздіксіз жазу жұмысы (диктант) барынша қажытатын жұмыс деп есептелінеді. Қолдың басын бүгілдіретін және жазылдыратын бұлшық еттердің жұмысы білек, желке және бастың ауырлығын көтеріп, дұрыс отыруы қамтамасыз ететін арқа бұлшық еттерінің жұмысымен ұштасады. Демек, басқа да сабақтағыдай, жазба сабағы үстінде дұрыс отыруы талап етіледі, ұзақ уақыт жазу үстінде бұлшық еттердің қажуы салдарынан оқушының отыруы бұзылады. Мұнда организм рефлекторлы жолмен қосымша тірек нүктесін іздеп, кеуде қуысын партаның жиегіне тірейді, бұл тыныс алу мен қан айналымын бұзады.

Жазу жұмыс кезінде көзге көп күш түседі, өйткені әріптерді дәптер парағындағы сызықтардың арасына дәлме – дәл келтіріп жазу талап етіледі: зейінді жұмылдыру қажеттігі және қол басы бұлшық еттерінің дәл жұмыс істеуі жұмыс істеп тұрған орталықтарды ғана емес, сонымен бірге тұтас алғанда бүкіл организмді қажытады. Жазу жұмысы тез қажытпауы үшін қалам мен оның ұшын тисінше тандай білу қажет. Сонымен қатар, қолдың, қол басы мен саусақтардың дұрыс қалпын сақтау дағдыларын қалыптастыруы керек. Парта оқушының бойы сай келмейінше, оның бетінің керекті көлбеулігі (12-15⁰) сақталмайынша жазу ережесін сақтау мүмкін емес.

Қиғаш жазу кезінде дәптер денеге қарама-қарсы, оның парта қақпағының жиегіне көлбеулік бұрышы 30-40⁰ болып орналасуы тиіс. Сонда қиғаш сызықтар мен штрихтар стол жиегімен тік бұрыш түзеді. Оқушы әріп сызықтарын бір- біріне параллель түсіреді немес қағаздың қиғаш сызықтарының үстіне жүргізеді. Оқушы денесінің екі иық буынын байланыс- тыратын көлденең осі және көздің негізгі сызығы өзара, сондай-ақ партаның оқушы жақ жиегіне параллель болуы тиіс. Бұл талапты сақтамау дұрыс отыру қалпын, келе-келе мүсінді бұзып, омыртқа жотасынның бір жағына қарай қисаюуы – сколиозға және алыстан көрмеушілікке әкеліп соғады.

Көркем жазуға үйретудің негізгі әдістері:

Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта-қайта жазып көрсетуі тиіс.

Ауада жазу. Ұстаз әріпті ауада жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады.

Көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен басу.

Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл еліктеу. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.

Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: а әріпі бір дөңгелектен және бір ілмешектен тұрады.

Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жаттығуларды пайдаланған дұрыс:

Ғажайып алаң. Тақтаға әріп жасырылады. Мұғалім жасырылған әріптің әрбір элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады. Мысалы: Түйе өркешін қарайық, ұқсайды оған қай әріп? Жаңа әріпті өту үшін 2 сағат беріледі. Бұл жаттығуды 2-ші сағатында өткен өте тиімді.

Әріпті тап. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады оқушылар қалған элементін тауып жазып көрсетеді. Барлық әріпті өткеннен кейін, сабағымыздың басында көркем жазу болады. Сол кезде пайдаланған тиімді. Бұл жаттығудың мақсаты білген білімдерін әрі қарай төселдіру дағдыларын қалыптастыру.

Орнын белгіле. Тақтаға немесе дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді. Бұл жаттығуды қазақ тілі сабағында пайдаланған дұрыс. Мұндай жаттығулар жас жеткіншектің ойлауын дамытып, қызығушылығын арттырады.

Жалпы оқушының каллиграфиялық дағдысының қалыптасуына алғашқы рет қаламсап ұстап, әріп жазған кезіндегі әдіс-тәсілдер көп әсер береді. Әдемі, сұлу жазудың негізгі дағдылары 1-2 сыныптарда қалыптасады. Сол кезде көркем жазуын жөндемесе сол қалпында қалып қоюы мүмкін. Кейіннен жазу дағдыларын жөндеу мұғалімге де оқушыға да қиындық келтіреді. Сондықтан оқушылардың көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың тиімді тәсілдерін ерте жастан бастап пайдалану оң нәтиже беретіні тәжірибеде дәлелденіп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілі. 3 сынып. Ж.Қ.Балтабаева, М.Қ. Солтангазина, Ф.С. Лекерова. Алматыкітап баспасы, 2011 ж.
- 2 Тұрғанбаева Б., Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. Алматы, 2009.
- 3 Калмұхамбетова К., Ерешева К.А., Ботабаева Ұ. «Көркем жазу». 1-сынып. Алматыкітап, 2012 ж.
- 4 Садықова Н. Көркем жазуға үйретудің негізгі әдістері. «Бастауыш сынып» журналы, 2019 ж.

УДК 811.111

Серік Айбота

бастауыш сынып мұғалімі

Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

**«Ф. ОҒАРСЫНОВА «ӘЖЕТАЙЫМ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТЫ
 ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА НЕГІЗІНДЕ ЖОСПАРЛАУ**

Аннотация

Мақалада жалпы білім беретін мектепте өткізілетін сабақты жаңартылған бағдарлама негізінде жоспарлау, атап айтқанда, қысқа мерзімді жоспар жасау тәжірибесі беріліп отыр. Жоспарда оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты, сабақ мақсаты, мұғалімнің және оқушының іс-әрекеті, сабақ кезеңдеріне қарай уақыттың жоспарлануы, тапсырмалар, өздік жұмыс, рефлексия т.б. жүйеленген.

Түйінді сөздер: қысқа мерзімді жоспар, жаңартылған бағдарлама, іс-әрекет, уақыт, тапсырмалар, рефлексия.

Аннотация

В статье представлен опыт планирования уроков, проводимых в общеобразовательной школе, на основе обновленной программы, в частности, составления краткосрочного плана. В плане систематизированы цели обучения в соответствии с учебной программой, цель урока, деятельность учителя и ученика, планирование времени в зависимости от этапов урока, задания, самостоятельная работа, рефлексия и др.



Ключевые слова: краткосрочный план, обновленная программа, действия, задания, время, рефлексия.




Annotation





The article presents the experience of planning classes in general education schools based on the updated program, in particular, drawing up a short-term plan. The plan systematizes the purpose of training in accordance with the curriculum, the purpose of the lesson, the activity of the teacher and student, the planning of time depending on the stages of the lesson, tasks, independent work, reflection, etc.


Keywords: lesson plan, short-term plan, updated program, activity, tasks, time, reflection.

Қысқа мерзімді жоспар Пән: Әдебиеттік оқу Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 2-бөлім: «Менің отбасым және достарым»	Сынып: 2 Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Әжетайым менің Әже. (Ф. Оғарсынова)
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	2.3.2.1- мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру
Күтілетін нәтиже	Барлығы: Өлеңді оқиды, мазмұнын түсінеді, бағалауға қатысады, өлеңді әнімен айтады. Өлеңдегі көркемсөздерді анықтайды.

	<p>Көпшілігі: Тақырыпты болжайды, сөзжұмбақты шешеді, өлең шумақтарын жалғастырады.</p> <p>Кейбірі: Ашық сұрақтарға жауап береді, өлеңді талдай алады, ұйқастырып өлең шумақтарын жалғастырады.</p>	
Бағалау критерийлері	<p>Сабаққа белсенді қатысады</p> <p>Мәтіннің мазмұнын түсіне алады</p> <p>Жаңа сөздерді түсіне алады</p> <p>Ұйқастырып өлең шумақтарын жалғастырады</p>	
Құндылықтарды дарыту	<p>Отбасылық құндылықтармен танысып, отбасы мүшелеріне деген құрметке, бірлесе еңбектенуге, ынтымақтастыққа баулу</p>	
Тілдік құзіреттілік	<p>Тілдік дағдылар: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым</p> <p>Сөз тіркестері: Ананың құшағы қандай? Әже деген кім?</p>	
Пәнаралық байланыс	<p>Қазақ тілі, өзін-өзі тану, музыка</p>	
АКТ қолдану дағдылары	<p>Интербелсенді тақта (таныстырылым), электронды оқулық (аудиожазба) .</p>	
Алдыңғы оқу	<p><i>Үлкен болған кезімде сыйлы болам өзім де</i></p>	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру</p> <p>4 минут</p>	<p>Қызығушылықты ояту</p> <p>Сыныпты қалыпқа келтіру</p> <p>Ой сергек:</p> <p>Әпкем - әже баласы,</p> <p>Әкем - Әже баласы.</p> <p>Апамыздың ағасы –</p> <p>Ол да әжемнің баласы.</p> <p>Анам дейді мамашым:</p> <p>Әже деген шамасы –</p> <p>Аналардың анасы.</p> <p>«Конверт сұрақ» әдісі арқылы өткен тақырыптарға шолу жасалады. Әр топ хат алып, хаттың ішіндегі сұраққа жауап береді.</p> <p>I топ: Үгіт-насихатқа толы жазылған кітап қалай аталады? Кімге арнап жазылған?</p> <p>II топ: Ана баласын жақсы көргенін білдіретін сөздерді ата Ананың арманы қандай ?</p> <p>III топ: Ата-ананы құрметтеу дегенді қалай түсінесің?</p> <p>IV топ: «Сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соны жасайды» дегенді түсіндіріңдер.</p> <p>«Доп лақтыру» ойыны</p> <p>«Атасы мен немересі» әңгімесін әр топтан бір оқушы жалғастырып айтады. «Кім ойлап тапқан?» өлеңін жатқа сұрау.</p> <p>- Мәтіннің негізгі идеясы не?</p> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сұрақтарға нақты әрі дәлелді жауап береді. 2. Автордың ойы, негізгі идеясын айтады. <p>ҚБ: «Басбармақ» әдісі</p>	<p>Презентация</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Презентация</p> 
		

<p>Сабақтың ортасы 20 минут</p> <p>Сергіту сәті 3 минут</p>  	<p>Тақырыпты болжау. Мағынаны ажырату . Ой қозғау. 1-тапсырма. Түсініп оқы. Күннің шуағы жылы, Ананың құшағы – жылы. Венн диаграммасы бойынша жұмыс. Күн Ана <i>Күн жер бетін, табиғатты жылытады, ал ана үйді, бәрімізді жылытады.</i> Жаңа сабақпен байланыстыра отырып: Әсем әуен тыңдалады I топ- «Құлыншақтарым» II топ- «Ботақандарым» III топ- «Қошақандарым» IV топ – «Толған айым» боласыздар 2-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш. 1.Қуатты сөзін басқаша тағы қалай атайды? (нәрлі) 2.Ананың құшағы қандай? (<i>жылы</i>) 3.Көп нүктенің орнына сөз қой:- асқар тау. (<i>әке</i>) Тақырыпты болжау. Сөзжұмбақты шешу арқылы шыққан сөз бойынша сабақтың тақырыбын болжату. Сөзжұмбақ шешіледі. Әже Бабушка Grandmother Дескриптор: 1. Сабаққа белсенді қатысады. 2. Тақырыпты болжай алады. 3. Сөзжұмбақты шеше алады. 4. Үш тілде айта алады. 5. Пәнаралық байланысты ажырата алады. ҚБ: «Мадақтау» әдісі Олай болса, бүгінгі біздің сабағымыз Әжеге арналады екен. 3-тапсырма. 1. Ф. Оңғарсынованың «Әже» өлеңін аудиожазбадан тыңдау 2. Өлеңнің авторы туралы мағлұмат 3. Өлеңді кезектесіп оқу 4. Автордың идеясын табу, жеткізу Өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру Фариза Оңғарсынова - ақын, аудармашы. 1939 жылдың 5 – желтоқсанында Гурьев Атырау облысында дүниеге келген. 1961 жылы Гурьев мемлекеттік педогогикалық институтының тіл - әдебиет факультетін бітіріп, қазақ мектебінде ұстаздық еткен. Газеттерде тілші, журналдың бас редакторы болған.2014 жылдың 23 қаңтар күні Астана қаласында ұзақ сырқаттан дүниеден озды. Ф. Оңғарсынова -қазақ поэзиясының падишасына айналып, бүкіл өмірін шығармашылыққа арнады. Дескриптор: 1. Автор туралы мәліметті сызбаға түсіре алады. 2. Өлеңді нақышына келтіріп оқиды. 3. Өз ойын нақты жеткізе алады.</p>	<p>Топтастыру</p> <p>«Асыл әжем» әнін тыңдату.</p> <p>Топ аттары жазылған бұрыштамалар</p> <p>сөзжұмбақ</p> <p>Тыңдалым Оқылым Айтылым</p> <p>Презентация Ф. Оңғарсынова суреті Жазылым</p> 
---	--	--

<p>Аяқталуы 8 минут</p> 	<p>ҚБ: «Қол шапалақтау»</p> <p>Дәптермен жұмыс. 5-тапсырма. Ақын қолданған сөздерге назар аудар. Кестені дәптеріңе толтыр.</p> <table border="1" data-bbox="448 376 1150 517"> <tr> <td>Ақын қолданған көркемсөздер</td> <td>Мағынасы</td> </tr> <tr> <td>Ашынып Асырып</td> <td>Ренжіп, ашуланып Мақтанып, шаттанып</td> </tr> </table> <p>Көркем сөз - әсерлі, бейнелі, өрнектеп айтылған сөз.</p> <p>Дескриптор: Өлеңнен көркемсөзді ажырата алады.</p> <p>ҚБ: «Смайлик». 6-тапсырма Жұптық жұмыс I топ «Кім тапқыр?» Қазыбек бидің сөзін толықтырып жаз Құт-берекең- ...қымбат Аймалайтын-... қымбат Мейірімді -... қымбат Асқар тауың - ... қымбат II топ «Ойлы болсаң, озып көр» Отбасындағы үлкендерге ең жылы сөздерінді арна Ардақты анам Ең сүйікті Аса қадірлі Ең қымбатты III топ Сиқырлы суреттер Суретке сәйкес сөйлем құра</p>  <p>IV топ:</p>  <p>Топтар қорғайды, ал қалған топтар бағалайды. Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Нақыл сөзді табады. - Жылы сөздерді анықтайды - Сөйлем құрайды - Өлең құрайды - ҚБ: «Де Бононың қалпақтары» 	Ақын қолданған көркемсөздер	Мағынасы	Ашынып Асырып	Ренжіп, ашуланып Мақтанып, шаттанып	<p>Жазылым Дәптермен жұмыс.</p> 
Ақын қолданған көркемсөздер	Мағынасы					
Ашынып Асырып	Ренжіп, ашуланып Мақтанып, шаттанып					
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Үйге: 50-бет, «Әже» өлеңді жаттау. Д.ж.Өлең жолдарын өз бетінше жалғастыру</p>	<p>Сабақтан алған әсерлерін айтады.</p>				

Кері байланыс (ауызша)	Рефлексия. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесі.	
	Мәтіннен өзіме қандай сабақ алдым?	Не сезіндім?
	«Еркін микрофон» әдісі  -Отбасындағы ақылшы кісі кім? -Неге жақсы көресің? -Саған ертегі айтып беретін кім? -Бүгінгі сабақта қандай проблемаға тап болдың? -Сонымен қандай қорытындыға келдік?	

ӘОЖ 373.32

Сейтмуратқызы Әсемгүл
 бастауыш сынып мұғалімі
 Абай ат. мектеп гимназиясы
 Алматы облысы Сарқан ауданы Сарқан қаласы

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация

Бастауыш балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Осы тұрғыдан мақалада, оқытудың жаңаша әдіс- тәсілдерін бастауыш сыныпта қолданудың тиімділігі туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: білім, әдіс, тәсіл, дамыту.

Аннотация

Начальное образование учит не только ребенка, но и его общее развитие, т. е. речь, чтение, формирование положительного отношения к окружающему, объективное наблюдение и анализ ситуаций, правильное мышление, сравнение, аргументацию, культуру речи. В связи с этим в статье описывается эффективность использования новых методов обучения в начальной школе.

Ключевые слова: познание, метод, подход, развитие.

Annotation

Primary education teaches not only the child, but also his general development, i.e. speech, reading, the formation of a positive attitude towards the environment, objective observation and analysis of situations, correct thinking, comparison, argumentation, culture of speech. In this regard, the article describes the effectiveness of the use of new teaching methods in primary school.

Key words: knowledge, method, approach, development.

Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес,
 ол – жаңадан жаңаны табатын өнер»

Жүсіпбек Аймауытов

Бастауыш балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру-әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан. Біздің міндетіміз – оқушыларға білім беруде жаңа технологиялар мен жаңаша оқыту әдістерін тиімді қолдану, білім сапасын көтеру, жан-жақты дамыту.

Жаңа технологиялар баланы тек үйретуші ғана емес өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесіне дейін тәрбиелеуді мұрат тұтады.

Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.

Оқушыларды ізденіске баулып өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Олардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

Бастауыш сынып оқушылары жаны жаңалыққа құмар, барлығын игеріп, білгілері келіп тұрады. Сондықтан да жаңа технологияларды бастауыш сыныпқа пайдаланудың маңызы зор.

Бүгінде бастауыш мектептерде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі

"Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту" технологиясы. Сонымен қатар **"Ойын арқылы оқыту"** технологиясын бастауыш сынып мұғалімдері жиі пайдаланады, себебі бастауыш сынып оқушыларын оқуға тек ойынмен ғана қызықтыруға болады. Ойын ойды қозғайды. Ойын – баланың интеллектуалдық ой-өрісін тереңдей түсуіне, шығармашылықпен ойлауына алып келеді, білім сапасын арттырады. Мысалы сабақ барысында оқушылардың білімін шыңдау үшін

"Адасқан әріптер", "Қызық сөздер", "Сөзден сөз тер", Ғажайып шаршы" т.б. ойын элементтерін жиі қолданып отырамын.

"Адасқан әріптер" ойыны.

Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Ойын шарты: Берілген әріптердің орнын ауыстыра отырып, сөз құрау.

«Қызық сөздер» ойыны.

Мақсаты: логикалық ойлау деңгейін жетілдіру, сөз мағынасын түсіндіру .

Ойын шарты: Мына сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздердің теріп жазу. Сөз мағынасын түсіндіру.

Қолқанат	Ішік	Есек
Тымақ	Қыран	Балта
Нағашы	Шұлық	Қысым
Түс	Балта	Ұршық

Мысалы: Ішік – кіші

Өз тәжірибемде әр түрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға болатынына көзім жетті.

Сабақты әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу оқушыларымыздың білімге, оқып-үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. **«Қызығушылықты ояту»** кезеңінде сөзжұмбақ шешу, «Мен бастайын, сен қоста», «Кім жылдам» ойынын, ал үй тапсырмасын тексеруде немесе өткенді пысықтауда **"Ыстық орындық"** әдісін қолдану арқылы оқушылардың білімін тексеріп отырамын.

«Мағыныны тану» кезеңінде, яғни жаңа тақырыппен таныстыруда **"Көр, жаз, тексер"** әдісін жиі ұсынамын. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың ойын, қиялын, есте сақтау дағдысын қалыптастырады. Бұл әдістің мақсаты: есіктің сыртына жаңа сабақ тақырыбын ашатын мәлімет жазылады. Оқушылар біртіндеп шығып, оқып, есте сақтап, келіп қағазға жазады, соңынан тексереді. Соңында жаңа сабақтың тақырыбы ашылады.

Сабақтың қорытынды бөлімі **"Ой толғаныс"** кезеңінде эссе жазу, **"Синквейн"** стратегиясы "бес жолды өлең" құрастыру, "Артық затты тап" әдіс-тәсілдерін пайдаланамын.

"Автор орындығы" әдісін шығармашылық жұмыс орындау барысында жүргізіп отырамын. Мысалы тақырыпқа сай ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру, арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру. Сабақты түрлендіріп өткізу оқушылардың сабаққа деген ынта-жігерін арттырады. Оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру белгілі бір

бала бойында тұрақтылық пайда болып, шығармашылықты тудырады. Қабілетті ұштайды, дарынды оятады, нәтижелі жеке тұлға қалыптастырады.

Сабақ барысында оқушылар сәйкестендіру, "Екі" көпіршік" әдісі арқылы салыстыру, топтастыру, теріп жазу. Логикалық ойлауын дамытатын ойындар мен берілген тапсырмаларды шешу. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қою сияқты өздігінен орындайтын тапсырманы да белсене орындайды.

Ұстаз қандай әдіс-тәсілді қолданса да, мақсат біреу – ол оқушыларға тиянақтыда сапалы білім беру.

2. «Балалы үйрек» - бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?

3. «Ортан терек» - ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?

4. «Шылдыр шүмек» - шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

5. «Кішкентай бөбек» - көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

Бұл әдісті сабақтың қорытынды бөлімінде кері байланыс жүргізгенде тиімді. Өйткені бүгінгі жасаған жұмысына талдау жүргізеді. Келесі жолы қандай өзгеріс енгіземін деп ойланады.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятатын, олардың ой-өрісінің, ауызша және жазбаша сөйлеу қабілетінің дамуына дәнекер болатын, өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын жұмыс түрі-топтық жұмыс. Мысалы "Постер" құру сияқты топтық жұмысты қолдану барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасады, дәлелдейді, өз ойларын ортаға салады. Пікірлер алмасу кезінде нәтижесінде оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді.

Сонымен бірге сабақтың ұйымдастыру кезеңінен бастап қорытынды бөліміне дейін диалогтық оқытуды қолдану балалардың тілін дамытуда көп көмегін тигізеді. Бұл жұмысты көбіне "НОУ ХАУ" әдісі арқылы өткізу өте тиімді, қызықты.

Балалардың ойлау қабілетін дамытуда "алты ойшыл қалпақ" әдісі кең пайдаланылады. Сабақ барысында аталған әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушының бойында өз-өзіне сенімділік ұялатады, өзге балаға қарап бой түзеуге ұмтылады, өзгені үйрете отырып, өзі көп нәрсені үйренеді, көшбасшылық қабілеттері қалыптасады. Қазіргі заман талабына сай өсіп келе жатқан жеткіншек жаңаша көзқарасқа тым жақын. Сондықтан оқушы қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз жөн. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келе айтарым, білім беру жүйесінің ең маңызды да күрделі сатысы – бастауыш сынып, сондықтан осы жаңа технологияларды пайдалана отырып, бастауыш сыныптарда білім сапасын көтеру білімнің басты негізі болып табылады.

«Алдыңа ұлы мақсат қойсаң, ұлылыққа жетесің» деп данышпан ақындарымыз айтпақшы, пәнге қызықтыра отырып, білім қорын кеңейту үшін мұғалім аянбай еңбек ету керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 *Бастауыш мектеп журналы 2009ж.*
- 2 *Бастауыш мектеп журналы 2014ж.*
- 3 *Бастауыш сыныптарға арналған ойындар дидактикалық құрал*

ӘОЖ 37.013

Серікқызы Жанар
 бастауыш сынып мұғалімі
 Алматы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

«А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. ОҚУҒА ШАҚЫРУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ

Аннотация

Мақалада 3-сыныпта өткізілетін «Әліппенің атасы (А.Байтұрсынұлы жинағынан) А.Байтұрсынұлы.Оқуға шақыру» тақырыбындағы сабақты жаңартылған бағдарлама негізінде жоспарлау, атап айтқанда, қысқа мерзімді жоспар жасау тәжірибесі беріліп отыр. Жоспарда оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты, сабақ мақсаты, мұғалімнің және оқушының іс-әрекеті, сабақ кезеңдеріне қарай уақыттың жоспарлануы, тапсырмалар, өздік жұмыс, рефлексия т.б. талапқа сай жүйеленіп берілген.

Түйінді сөздер: сабақ жоспары, қысқа мерзімді жоспар, жаңартылған бағдарлама, мәтін, сөйлем.

Аннотация

В статье представлен опыт планирования урока по теме «Дедушка алфавита (из коллекции А. Байтұрсынова) А. Байтұрсынов. Приглашение на учебу», проводимого в 3 классе, на основе обновленной программы, в частности, составления краткосрочного плана. В плане в соответствии с учебной программой систематизированы цели обучения, цели урока, действия учителя и ученика, планирование времени в зависимости от этапов урока, задания, самостоятельная работа, рефлексия и др.

Ключевые слова: план урока, краткосрочный план, обновленная программа, текст, предложение.

Annotation

The article presents the experience of planning classes in the 3rd grade on the topic " Grandfather of the alphabet (from the collection of A. Baitursynov) A. Baitursynov. Study invitation" based on the updated program, in particular, drawing up a short-term plan. The plan is systematized in accordance with the curriculum, the purpose of the lesson, the activity of the teacher and student, the planning of time depending on the stages of the lesson, tasks, independent work, reflection, etc.

Keywords: lesson plan, short-term plan, updated program, text, sentence.

Сынып 3	Қатысқандар саны	қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы:	Әліппенің атасы (А.Байтұрсынұлы жинағынан) А.Байтұрсынұлы.Оқуға шақыру.	
Сабақ негізделген оқу мақсаты	1.Оқушыларға қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов туралы мағлұмат беру; 2. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын, оқуын дамыту; 3. Ұлы тұлғалар бойында қалыптасқан игі қасиеттерді оқушы бойына дарытуға ықпал ету.	
Күтілетін нәтиже	Барлық оқушылар (саны) А. Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы біледі. Өлеңін оқып, түсінеді.	

	Оқушылардың басым бөлігі Оқып үйренгенін қолдана алуға, түсінгенін саралай алуға бағыт-бағдар алады.	
	Кейбір оқушылар өлең жолдарындағы ақынның негізгі ойына баға беріп, өз ойымен жеткізе алады.	
Үй тапсырмасын тексеру тапсырмалары	Тест, «сұрақ қою, қайта сұрақ қою» стратегиясы.	
Қолданылатын әдіс – тәсілдер	тірек сөздер схемасы, сәйкестендіру тесті, «АС» картасы, топтастыру стратегиясы.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс - әрекеттер	Ресурстар, көрнекіліктер
Ой шақыру	<p>Психологиялық дайындық Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз.</p> <p>Ой қозғау. Тест сұрақтары арқылы жаңа сабаққа шығу. 1. «Балалар, бұл жол басы – даналыққа, Келіңдер, түсіп байқап, қаралық та» деген өлең жолдары қай шығармада айтылғанын тап. а) «Оқуға шақыру»; ә) «Қарағым».</p> <p>2. Аталған шығарманы кім жазған? а) М.Жұмабаев; ә) А. Байтұрсынов.</p> <p>3. Ең алғашқы оқулығыңды ата. а) «Қазақ тілі» оқулығы; ә) «Әліппе» оқулығы.</p> <p>- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «А.Байтұрсыновтың шығармалары» жинағынан үзінді «Әліппенің атасы». Осы тақырыпқа қарай отырып, бүгінгі сабақтағы мақсатымыз қандай? О: -А.Байтұрсыновтың өмірбаянымен танысу, оқып үйрену.</p>	компьютер, А.Байтұрсыновтың суреті, тест сұрақтары
Мағынаны тану	<p>Өмірдерек. Тірек сөздер схемасы арқылы жаңа сабақты түсіндіру Сөздікпен жұмыс. жер аудару - адамды соттап, алыс жерге жіберу: Сібірге т.б. сөз мұрасы - ел ішінде сақталып қалған аңыз, ертегі, жырлар. «Артық білім – кітапта». (Оқулықпен жұмыс) (Жаттығулар орындау) Поэзия минуты. Оқушылар А.Байтұрсыновтың «Оқуға шақыру» өлеңін жатқа айтады. Сәйкестендіру тесті. Екі бағанда дара, мағынасы, мазмұны жағынан бір-</p>	оқулық

	<p>біріне сәйкес келетін сөздер беріледі. Оқушылар сәйкес сөздерді сызықпен қосады.</p> <p>Топтастыру стратегиясы. Оқушылар А.Байтұрсынов кім? деген сұраққа жауап жазады. (ақын, мұғалім, ғалым, аудармашы). Полиглот. Оқушылар берілген сөздерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде айтады. ғалым- ... мұғалім- ... аудармашы- ... ақын- ...</p> <p>Блок тапсырма. «АС» картасы. Екі бағанға сөздер жазылады, оқушылар сөздерді оқып, есте сақтаулары қажет. «Күн мен түн» ойынын ойнау арқылы оқушылар көздерін жұмған кезде екі блоктан да бірнеше сөздер алынып тасталынады. Оқушылар жоғалған сөздерді орнына қойып жазады. оқулық Торғай өлең Орынбор әліппе Қарқаралы аударма Байтұрсын мақала Ахмет</p>	
Қорытынды	<p>«Мақал – сөздің мәйегі». Оқушыларға тақтада жазылған бірнеше мақалдың ішінен бүгінгі сабақтың тақырыбын, мазмұнын, мағынасын айшықтайтын мақалды тауып, оқып беру тапсырылады. Ой түйіндеу. Бүгінгі өтілген тақырыптың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап алу.</p>	
Қосымша ақпарат	ғаламтор және А. Байтұрсынұлының шығармалар жинағы.	
Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?	<p>Бағалау - оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлаймыз? Рефлексиялық - бағалау кезеңі (Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, өздерін өзі немесе бір-бірін бағалайды.)</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс құндылығы байланысы</p>

ӘОЖ 373.32

Смагулова Самига Шариповна
бастауыш сынып мұғалімі
Абай ат. мектеп гимназиясы
Алматы облысы Сарқан ауданы Сарқан қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация

Мақалада бастауыш сыныптарда оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары бағдарламаға сай жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері мен бағалаудың тиімділігі туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: сынып, білім, бағалау, бағдарлама.

Аннотация

В статье описывается работа по обновлению содержания обучения в начальной школе в соответствии с программой, новые возможности обучения, воспитания, развития и эффективности оценивания.

Ключевые слова: класс, обучение, оценивание, программа.

Annotation

The article describes the work on updating the content of education in elementary school in accordance with the program, new opportunities for learning, education, development and assessment efficiency.

Key words: class, training, assessment, program.

Қазіргі уақытта еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеттерінің бірі- білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Яғни, білім берудегі қазіргі мақсат: өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, әрдайым өзгермелі даму ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны қалыптастыру. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Бастауыш сыныптарда оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары бағдарламаға сай жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылды. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздардан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша бағалау.

Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет. Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі-білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Көптеген жылдар бойы оқушы жетістігі басқа оқушымен салыстырмалы түрде бағаланып келді. «Бағалау» термині «жақын отыру» латын тіліндегі мағынада-бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну. Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;

2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;

3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу;

4. Қолжетімді, нақты, үздіксіз: – білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы; – мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы; – ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы; – басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну

Критерий арқылы бағалаудың оқыту үшін маңызы неде?

Оқушы өзін-өзі талдау мен рефлексия жасау тәжірибесін үйренуі, оқу үдерісі ғана емес, бағалау үдерісінің де белсенді қатысушысы болуы керек. Бұл жағдайда өзін-өзі бағалауға баса назар аударылады.

Критериалды жүйе арқылы бағаның қойылуы:

Оқытуда зерттеушілік іс - әрекеттердің кеңінен қолданылуы қазіргі талаптарға сай келетін жаңаша бағалау жүйесін қажет етеді.

Критериалдық бағалау жүйесі арқылы:

1. Оқушының тұлғалық бағытын белсенділікке бағыттау

2. Тұлғаны нәтижеге жеткізу

3. Өсу динамикасын кез-келген кезеңде анықтау

4. Қалыптастырушылық және негізгі бағалау арқылы білімін анықтауға болады.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтайды; негізгі бақылау жұмысына дейін білімін жүйелейді; кездескен қиыншылықтарын қалыпқа келтіруге оқушыға мүмкіндік береді.

Сабағымда бағалаудың бірнеше түрлерін қолданамын. Оқушылардың ынтасы одан әрі артып, сабаққа деген қызығушылығы артады.

Сабақта болған көңіл – күйді бас бармақ саалынған суреттер арқылы бағалау.

Сабақта болған көңіл – күйді бет – әлпеті салынған суреттерді таңдау.

Түсінбедім Сұрағым бар Түсіндім



Бағалау парақшалары таратылады. Онда әр сабақ сайын жеке, топтық бағалау үшін критерийлер мен дескрипторлар жазылады.

Құрбы –құрдастық бағалау өзін-өзі бағалаудың маңызды бөлігі боолып табылады. Бір-бірін бағалау өте пайдалы, себебі оқушылар өз жұмысына қатысты айтылған құрбыларының пікіріне құлақ асады. Мұғалім айтқан болса, олар оқушыға сондай әсер етпеуі мүмкін.

Жұмыстың нәтижесі табысты болу үшін менің ойымша, мұғалім кері байланысты дұрыс ұйымдастыра білу керек. Кері байланыс деген не? Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі. Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады. Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді.

Сабақтағы кері байланыс. 3 түрі бар.

1) **Көңіл – күй мен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс** Көңіл – күйдің алуандығын білдіретін әртүрлі суреттер, түрлі - түсті карточкалар, бет әлпетті бейнелейтін карточкалар (смайликтер), көңіл - күйді бояу түстерімен анықтау. («Ауа райы», «Бағдаршам» т. с.) Мысалы: «Алма ағашы» әдісі

Оқушыларға сабақ басында түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл – күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл – күйім жоқ.

«Бір сөзбен» әдісі - Оқушылар өздеріне берілген сөздердің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді тандап айтады

Критериалды бағалау:

Мұғалімдерге:

Сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлерді құрастыруға;

Өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға;

Оқу үрдісінің сапасын жақсартуға;

Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушы үшін оқытудың жеке траекториясын алуға;

Бағалаудың әр түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;

Оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді

Оқушыларға:

Нәтижені талдау үшін бағалау критерийлерін білу және түсінуге;

Рефлексияға қатысу, яғни өзін және өз достарын бағалауға;

Нақты есептерді шешуде білімдерін қолдану, өз ойларын еркін жеткізе білуі, сын тұрғысынан ойлай білуге.

Ата- аналарға:

Баласының білім деңгейлерін бақылай алуға;

Баласының оқу үрдісін бақылай алуға;

Баласына оқу үрдісі кезінде қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау бүгінгі білім беру жүйесінде зор маңызға ие. Өйткені қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзіреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынасу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Критериалды бағалау бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай орайластырылған.

Қорытынды

Критериалдық бағалау жүйесін қолдану арқылы біз:

Оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттау;

Тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізу

Білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез-келген кезеңде анықтау;

Құрылымдық бағалау мен нақтылы бағалаулар арқылы оқушының еңбегін анықтау;

Оқушының бағалау жүйесіне толық қанағаттануын аламыз.

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

Заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастырады;

Жеке жұмыстар жүргізу арқылы білім дәрежесін, ой-өрісін әрі қарай дамытады;

Оқушылардың білім сапасын арттырады;

Оқушының тұлғалық бағытын белсенді позициясына бағыттауға мүмкіндік беретін бірден-бір бағалау жолы;

Тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізетін, шығармашыл бағалау жүйесі.

Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу - жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуының баспалдағы. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы негізі қалыптастырушы бағалауда қаланады. Бүгінгі таңда оқушы білімін критериалды жүйе бойынша бағалаудың тиімділігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 «Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2- басылым.
- 2 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы - 2015 ж.
- 3 <http://moodle.nis.edu.kz>

ӘОЖ 373.3

Труспекова Гаухар Инкарбековна

бастауыш сынып мұғалімі

«Алмалы ОМ мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ

Алматы облысы, Сарқан ауданы, Алмалы ауылы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Аннотация

Мақалада қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес бастауыш сыныпта қолданылатын жаңа әдістер мен тәсілдер туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: сынып, тәсіл, әдіс, сабақ.

Аннотация

В статье описаны новые методы и подходы, применяемые в начальной школе в соответствии с требованиями современного общества.

Ключевые слова: класс, подход, метод, урок.

Annotation

The article describes new methods and approaches used in elementary school in accordance with the requirements of modern society.

Key words: class, approach, method, lesson.

Бастауыш сыныптарда ойын технологиясын пайдалану. Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс - әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс - әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ. Мен сол себепті «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту» деп өзімнің проблемалық тақырыбыма сүйенемін.

Ойын - балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менің» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін - өзі дамытуға мүмкіндік береді.

Ойын - әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды.

Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы..«Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді.

Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана

қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Мокаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады,»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған.

Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.

Ойын

Ұлттық Дидактикалық Логикалық

«Ақсүйек»

«Көкпар»

«Қанталапай»

«Арқан тартым»

«Көксерек - мөксерек» «Мың бір мақал»

«Ғажайып алаң»

«Сергіту сәті»

«Сөз құрау»

«Жұмбақ есеп»

«Әріпті кубиктер»

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.

- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.

- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.

- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.

- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.

- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.

- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.

- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт - дәстүріне, әдет - ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер - өзара қарым - қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады.

Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл - ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - грамматикалық ойынның түрлері.

Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Мен өз сабағымда грамматикалық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой - өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін.

Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс - тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.

Фонетика саласы бойынша «Кім жылдам?» ойынын ойнатуға болады.

1. Қ әрпінен басталатын қалалардың атын жаз. Мысалы: Қарағанды, Қызылорда, Қостанай.

2. Тек қана е, ы, і дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: ы - ыдыс, Ыдырыс, ыстық

І - ілгіш, ірімшік, тіршілік. е - береке, текемет, ертең.

3. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздер ойлап жаз. Мысалы: нан, қазақ, қырық

«Дыбыс таңдау ойыны» Ойынның шарты бойынша таңдаған дыбыстан ғана басталатын сөйлем жазу. Мысалы: Қойдан қалып қойған қозыны Қанат қораға қамап қойды.

«Адасқан әріптер» ойыны дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жаса.

1. р, о, б.- бор

2. а, ш, а, ғ.- шаға

Лексика бойынша

«жалғасын тап» ойыны. Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөз жазылады. Оларды қалған оқушылар тауып, қосып айтулары тиіс.

1. Ұяда....

Ұшқанда

2. Көп...

Терең...

«Кім білгір» ойыны. Тақтаға заттардың, жан - жануарлардың суреті ілінеді. Суретке байланысты мақал - мәтелдерді кім біледі?

«Жылдам жауап» ойыны. Оқушыларға әзіл аралас сұрақтар беріледі. Сұраққа толық тұрақты сөз тіркестерімен және мақал - мәтелдермен дұрыс әрі жылдам жауап берілуі керек.

Морфология саласы бойынша.

«Ойлан тап» ойыны.

1. Біріккен сөздің бірінші түбірі тағам сөзімен синонимдес, екінші түбірі – тағам ыдыстың аты. Ол қай сөз? Асқазан

2. Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір аңның атын білдіреді? Ақбөкен

3. Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады? Жетісу, Талдықорған

«Ойна да ойлан» ойыны.

1. адамның туыстық атауларын білдіретін зат есімдерді жаз.

2. қолмен ұстауға, көзбен көруге болатын зат есімдерді жаз.

«Кім тез тауып, оқи алады?» ойыны.

Мына сөйлемдерде сөздердің орын тәртібі ауысып жазылған. Оны тиісті тәртібіне келтіріп, кім тез тауып оқи алады?

Абай жайында баяндама біз өмірбаяны тыңдадық.

«Ұйқасын тап ойыны» Өзінше ноян, Қорқақ кім?.. қоян."Бата алмас түлкі, Үсті тікен.. кірпі

«жалғасын тап ойыны»

Атаңның баласы болма,

/адамның баласы бол/

«Сөз қуаласпақ ойыны»

Ойынның шарты: 1 - қатардағы оқушыларға «бастауыш», 2 - қатарға «баяндауыш» деп ат қойылады. «Бастауыштар» сөйлемде бастауыш болатын сөздерді айтады, «Баяндауыштар» оған қимылды білдіретін сөздерді қосып, сөйлем құрайды.

Әр ойынды ойнар кезде сол ойынға сәйкес өлең оқу арқылы қызығушылығын арттыруға болады. Сабаққа ынтасын, ықыласын бірден аудару мақсатында өлең есепте қолданудың маңызы зор. мысалы:

Бізде қызық ойын бар
Ал, ықылас қойыңдар.
Қане, тәртіп сақтайық,
Баспалдақтан аттайық,
Есептеуден қашпайық,

Жүлделі болып қайтайық.- балалар зейіндерін аударып, тақтаға екі жағынан жарыстыра сатылап, мысалдарды шығарту. Балалар төменгі сатыдан жоғарғы сатыға шығып мәредегі ойыншықты алады. Бұл ойынды «қоянға көмектесейік» немесе «балапанды құтқарайық» деп атауға болады.

Әр сабақта ойын түрлерін орынды қолданып, оны қызықты етіп өткізу арқылы бүлдіршіндердің оқуға деген ынта - ықыласын, пәнге қызығушылығын арттыруға болады. Ойын баласы сабақта зерігіп, шаршаған кезде қолданылатын ойынның бір түрі «сергіту сәті» Сабақта сергіту сәтін оқушының шаршағанын басу үшін ғана емес, оның тәрбиелік мәніне де назар аудару қажет. Мысалы: « Ұзын құлақ, сұр қоян». Немесе, дене қимылдарына қатысты сергіту ойындары: «Әй, шымыжық, шымыжық»

Сондай - ақ, меңгерілген тақырыпты иә болмаса, жаңа сөзді бекіту мақсатында әуенмен ауаға жазу арқылы да байланыстыра аламыз. Түрлі би қимылдары арқылы да сергіту сәтін жандандыруға болады. Мысалы:«Шөжелерім», «Әйгөлөк». «Қаражорға»

Бастауыш сынып оқушыларын ойната отырып, ойландырып, балаға тәрбиелік мәні зор ойындар арқылы дамытуға болады. Бұл кезде жақсы оқушы дамып, нашар оқушы қалып қоймайды. Жақсы оқушы мүмкіндігіне дейін дамып, нашар оқитын оқушы өз мүмкіндігінше іс - шараларға араласып, өз үлесін қосып отырады.

Қорыта айтқанда, кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой - өрісін ойын арқылы дамытады.

Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжер, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Ойындар - оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды.

В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», - деген екен. Ендеше, сыныпта және сыныптан тыс уақытта ойын технологиясын пайдаланудың нәтижесі қандай?

Олай болса жас бүлдіршіндерді оқытуда
Оқы да біл,
Ойын - еңбек.
Ойна да күл,
Ойын - оқу,- деп сөзімді аяқтағым келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 «Педагогика жаршысы» журналы №4 2010
- 2 12 жылдық білім журналы №4, 2006ж

ӘОЖ 373.3

Тұнықбекова Ақмарал Тұмарбекқызы

шағын орталық тәрбиешісі

Алмалы ОМ мектепке дейінгі шағын орталығымен КММ

Алматы облысы, Сарқан ауданы, Алмалы ауылы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация

Мақалада балалардың тілін дамыту, ауызекі сөйлеуге үйрету, баланың сөздік қорын байыту, сөйлем құрап айтуға, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және балалардың ой-өрісін, сана-сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті дағдыларға үйрету жолдары туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: *тіл, сөйлеу, дамыту, ой.*

Аннотация

В статье описаны способы развития детской речи, обучения их говорению, обогащения словарного запаса ребенка, развития навыков построения предложений, общения, обучения детей необходимым для жизни навыкам, расширения их кругозора и сознания.

Ключевые слова: *язык, речь, развитие, мышление.*

Annotation

The article describes the ways of developing children's speech, teaching them to speak, enriching the child's vocabulary, developing the skills of constructing sentences, communication, teaching children the skills necessary for life, expanding their horizons and consciousness.

Key words: *language, speech, development, thinking.*

Тілдің дамуына, әсіресе мектеп жасына дейінгі бала тілінің дұрыс қалыптасуына ерте бастан ерекше мән берген жөн. Тіл ақауы бар балалар өз тіл кемістіктерін сезініп, ұялшақ, момын болып келеді және құрбыларымен тез қарым-қатынасқа түсе алмайды. Қазіргі кезде балабақшаға сөйлемей келген үш жастағы бала тәрбиешіні таң қалдырмайды. Баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Менің тобымда екінші кіші Еркетай тобында да балалардың тіл білімдерін жетілдіруде көптеген қиындықтарға тап болдым, мысалы -Сөздік қорының кемдігі;

-Сөйлемдегі сөз тіркестерін дұрыс таба алмауы

-Дыбыстау кемшілігі;

-Берілген тақырыпқа сюжеттік немесе сипаттау әңгіме құра алмауы;

-Өз ойын дұрыс жеткізе алмауы.

Топта мүлде сөйлей алмайтын, тіл білімі мүлде дамымаған бала жоқ. Тек ана тіліміздің ұяң дауыссыздарын дұрыс айта алмайтын, айта алмағандықтан басқа дыбыстармен алмастыру, бұрмаланып сөйлейтін, байланыстырып сөйлеу тілі нашар дамыған балалар баршылық. Ата-аналарға берілген кеңестердің арқасында, атқарылған жеке жұмыстардың арқасында балалар сөйлей бастады, бірақ түсініксіз.

Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Мен де өз жұмысымда осы қиындықтарды шешу жолында, балалардың тілін дамытуда осы заманауи технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолданамын. Мысалы:

1. Ойын технологиясы

2. Денсаулық сақтау технологиясы

3. ТТШТ технологиясы

4. Қатынастық-ақпараттық технологиясы

1. Сын тұрғыдан ойлау технологиясы

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, әңгімелесу, бақылау, мнемокесте, модельдеу, сөздік т.б

Н. К Крупская: Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын - оқу, олар үшін ойын - еңбек, олар үшін ойын - тәрбиенің маңызды түрі. Ойын - баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын - баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойынның түрлері көп, қазақ тілін үйретуде театрландырылған сюжеттік - рольдік ойындардың маңызы зор.

1. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын технологиясын қолданудың орны ерекше екендігіне көз жеткіздім. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен тілдік қарым-қатынас жасайды.

2. Балалардың тіл білімдерін жетілдіруде денсаулық сақтау технологиясының маңызы өте зор. Мысалы балалармен бірге танымдық сағаттарда артикуляциялық жаттығулар кешенін, тіл ұстарту жаттығуларын, тілдік, сөздік ойын түрлерін, саусақ ойындарын жүйелі түрде өткіземіз. Саусақ ойыны - бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақтарының қозғалыс-қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады.

3. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеуде ТТШТ технологиясын алғашқы математикалық түсініктерін қалыптастыруда, тілдерін дамытуда тиімді екенін байқадым. ТТШТ — тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясы Бұл ең жас, әрі кең тараған таныс педагогикалық инновациялық жүйе.

4. Қатынастық-ақпараттық

Бала күнімізде көріп өскен мультфильм желісінен Успенскидің «Разноцветная семья» шығармасын аударып ұйымдастырылған оқу іс-әректіне қолданып жатырмын. Бұл шығарманың түрлі-түсті отбасының мүшелерін қағазға бес саусақ арқылы бастырып, қиып, түрлі-түстерге бояп қуыршақтарын балалар өздері қызыға жасайды. Қуыршақтарды жасау кезінде балалардың саусақ моторикасының дамуына үлкен үлесін қосады. Рольдерге бөліп сахналау барысында тілдерінің байланыстырып сөйлеулері дамиды.

5. Жаңа технологиялардың бірі – «сыни тұрғыдан ойлау технологиясы» СТО-ды дамыту әлемнің түкпір- түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Сын тұрғысынан

ойлау технологиясының ең басты өлшемі, оның тиімділігі, нәтижелігі, жаңашылдығы. Балаларды өз ойын еркін жеткізуге дайындау, оқу қызметінің үш кезең арқылы жүзеге асыру.

6. Өз жұмысымда баланың сөздік қорын, тілін дамытуда мнемотехника әдісін қолданудың да маңызы өте зор. Мнемотехника – дегеніміз не? Мнемотехника — тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр. Мнемотехника — оңай жолдан қиынына қарай құрылады. Жұмысты ең оңай мнемоквадраттан бастап, жай ғана мнеможолдарға өтіп, сосын мнемокестеге өту.

Қортындылай келе өз жұмысымда осы заманауи технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдануды жалғастырамын. Көрсеткіштері төмен балалармен жеке жұмыстар атқарып, ата-аналарына жеке кеңестер беруді жалғастырамын.

Халық байлығының асыл қазынасы – рухани тіл. Оны меңгеру бесік тәрбиесінен, ана әлдиінен бастап, балабақшада әрі қарай жүзеге аспақ. Қазақта «сүтпен сіңген сүйекпен кетеді» деген мақал бар. Демек, біз балабақша табалдырығын аттаған бүлдіршін бойына қазақ тілінің қасиетін сүттей сіңіре білсек, еңбегіміздің ертеңі алда деген сөз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Б. Бөрібаев, Е. Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар». – Алматы, 2001
- 2 Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. Алматы 2010ж
- 3 Бала мен балабақша журналы
- 4 Интернет ресурстары

ӘОЖ 796.07

Юсупов Айдар Емилевич

дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Алмалы ОМ КММ

Алматы облысы, Сарқан ауданы, Алмалы ауылы

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ БОЙЫНША ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР ЖАСАУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Аннотация

Мақалада жалпы білім беретін мектепте өткізілетін сабақты жаңартылған бағдарлама негізінде жоспарлау, атап айтқанда, қысқа мерзімді жоспар жасау тәжірибесі беріліп отыр. Жоспарда оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты, сабақ мақсаты, мұғалімнің және оқушының іс-әрекеті, сабақ кезеңдеріне қарай уақыттың жоспарлануы, тапсырмалар, өздік жұмыс, рефлексия т.б. жүйеленген.

Түйінді сөздер: сабақ жоспары, қысқа мерзімді жоспар, жаңартылған бағдарлама, іс-әрекет, тапсырмалар, уақыт, рефлексия.

Аннотация

В статье представлен опыт планирования уроков, проводимых в общеобразовательной школе, на основе обновленной программы, в частности, составления краткосрочного плана. В плане систематизированы цели обучения в соответствии с учебной программой, цель урока, деятельность учителя и ученика, планирование времени в зависимости от этапов урока, задания, самостоятельная работа, рефлексия и др.

Ключевые слова: план урока, краткосрочный план, обновленная программа, действия, задания, время, рефлексия.

Annotation

The article presents the experience of planning classes in general education schools based on the updated program, in particular, drawing up a short-term plan. The plan systematizes the purpose of training in accordance with the curriculum, the purpose of the lesson, the activity of the teacher and student, the planning of time depending on the stages of the lesson, tasks, independent work, reflection, etc.

Keywords: lesson plan, short-term plan, updated program, activity, tasks, time, reflection.

Қысқа мерзімді жоспар

Тақырып: Баскетбол ойыны арқылы оқыту. Белгілеу мен қағып алу.

Сынып: 9

Осы сабақта менгеруге көмектесетін оқу мақсаттары:

5.2.1.1 Өзгермелі жағдайға жауап қайтара білу қимыл-әрекеттерімен байланысты білімді білу және түсіну (баскетбол, допты беру қабылдау)

Сабақтың мақсаты:

Оқушылар барлығы орындай алады: 1. Қауіпсіздік ережелерін сақтай алады 2. Берілген жаттығуларды орындай алады 3. Допты кедергі арасымен жүргізе алады Оқушылардың көпшілігі орындай алады: 1. Допты жүргізіп торға сала алады 2. Үштікте допты бір-біріне бере алады Кейбір оқушылар орындай алады: 1. Допты еденге соғып қағып ала алады 2. Допты иықтан асыра бір қолмен бере алады 3. Допты екі қолмен қағып ала алады

Тілдік мақсат Оқушылар алаңда қимыл-қозғалыстарды (жүгіру, лақтыру, допты беру) орындау кезектілігін түсінетін әр түрлі іс-әрекеттерді, іс-қимылдарды жасау біліктілігін көрсетеді. Істеген іс-қимылдарын неге жасағандықтары туралы түсіндіре алады. Пәндік лексика және терминология: Доп, қағу, беру, торға салу, аут Талқылауға арналған сұрақтар: Баскетбол ойынында қандай ауысу тәсілдері қолданылады? Баскетболда допта басқа ойыншыға беру тәсілдері қандай? Неге екенін айта аласың ба? Баскетбол ойынын неше адам ойнайды? Баскетболда қандай терминдер бар?

Алдын ала оқыту

Шағын шапқыншылық ойындары арқылы кеңістік хабардарлық ойынынан өтуді дамыту.

Жоспар

Уақыт аясы

Жоспарлаған іс-әрекет

Ресурстар

0-3 минут 10 минут (Б.Т.) Сапқа тұру. Рапорт тапсыру. Техникалық қауіпсіздік. Сабақтың тақырыбын хабарлау. Орнынан оңға, солға бұрылу. (Ж.Д.Ж.) қозғалыста. Аяқты артқа бүгіп жүгіру. Тізені жоғары көтеріп жүгіру. Илуге арналған жаттығулар Секундомер Ысқырғыш Баскетбол торы (Жж.) Тізені көтеріп жүгіру Аяқты артқа лақтырып жүгіру Түзу аяқты алға лақтырып жүгіру Оң жағымен жүгіру Сол жағымен жүгіру Бұғы жүгіріс Сол, оң аяқпен биікке секіріп алға қозғалу Теріс қарап жүгіру Жылдам жүгіру Оқушылардың уәжін көтеру ойыны. Ойын (куыспақ). Топтан 1 оқушыны қуғыншы қылдырып таңдайды. Қалған оқушылар белгілі бір шеңбердің ішінен қашады. Қуғыншының мақсаты, бір оқушыны қуып жету. Описание: Картинки по запросу куыспақ ойыны Баскетбол доптары Суреттер, плакаттар Секіргіштер

Ортасы

27-минут Саралауға арналған жаттығу: допты кеудеден екі қолмен беру. Дене дайындығы төмен оқушылар бір топта, ал жоғары оқушылар бір топта. (Жж.) Оқушылар бір-біріне қарама-қарсы тұрып допты лақтырады, әріптесі оң қолмен, сол қолмен кеудеден допты лақтырады. (кезектеседі. 5-8 рет қайталайды) Бағалау критерилері: А) допты екі қолмен беру, қабылдау (допты екі қолмен бергенде қолдардың дұрыс созылуы, саусақтардың сыртқа қарауы). 0-балл бұрыс, 1-балл дұрыс. Б) допты екі қолмен қабылдау. (допты қабылдағанда екі қолдың бүгілуі). 0-балл бұрыс, 1-балл дұрыс. С) допты оң және сол қолмен иықтан асыра лақтыру. (допты иықтан асыра лақтырғанда қолдың жоғарға созылуы саусақтар төменге Баскетбол доптары Сықырғыш, секундамер қараиды). 0-балл бұрыс, 1-балл дұрыс. (Жж.) Оқушылар қарама-қарсы тұрып, бір-біріне допты еденге ұрып лақтырады. Допты жоғарыдан лақтырып дұрыс қабылдайды. Моделдеу. Техникасы жақсы оқушы допты беруді, қабылдауды көрсетеді.

5-минут Рефлексия: 1. Допты торға салу әдістері қандай? 2. Допты торға салуды кім дұрыс орындамады?

Қосымша мәлімет

Саралау

-Сіз қалай көбірек қолдау көрсетуді

жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары балалардың алдына қандай міндет қоюды көздейсіз?

Допты меңгеру бір қолмен, екі қолмен ұстауды бекіту. Алаңда ауысу тәсілдерін қолдану.

Мықты оқушыларға доппен жекелей жұмыс орындау.

Яғни айып допты торға салу.

Бағалау

-балалардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз Бағалау критерийі Білім алушы Спорттық техникалардың орындалуын ойын барысында көрсетеді.

Дескриптор

Білім алушы - допты берер алдында бастапқы позицияны қадағалайды; - допты жүргізу техникасын орындайды; - допты бір-біріне беру техникасын орындайды.

Пәнаралық байланыс

Денсаулық пен қауіпсіздікті тексеру Физика: Қимыл қозғалыс. Доптың бастапқыдағы қысымымен, соққы жасалған кезіндегі доп қысымы көрсеткішінің өзгеруі.

Рефлексия

Сабақ мақсатына жетті.

Юсупов Рахат Маратович

дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Алмалы ОМ Алматы облысы Сарқан ауданы

СПОРТ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ САБАҚ

(бастауыш сынып)

«Денсаулық» білім беру саласы:

Оқу іс-әрекеті: Дене тәрбиесі

Тақырыбы: «Спорт әлеміне саяхат»

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу мақсатында спорттық мереке арқылы балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, батылдыққа баулу мәселесі қарастырылады.

Білім беру саласы: Денсаулық

Оқу іс-әрекеті: Дене тәрбиесі

Тақырыбы: «Спорт әлеміне саяхат»

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балаларға спорттық мереке арқылы ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, батылдыққа баулу.

Керекті құралдар: Ағаш ат, теңге, сырмақ, арқан.

Барысы:

Жүргізуші:

- Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген мәдениетті, дені сау азамат өсіру отбасының, балабақшаның, жалпы халықтың қасиетті борышы екені баршамызға аян. Балабақшамыздың да басты мақсаты - болашақ жас ұрпақты дені сау, сымбатты, шыныққан азамат тәрбиелеу.

Бүгін біз керемет, ғажайып «Спорт әлеміне» саяхатқа барамыз. Алдымен әр команда өз достарын жинап алу керек. Жаттығудың аты «Достарыңды жина».

(балалар әуенмен командаларына бөлініп тұрады)

Жүргізуші:

- Жарайсындар балалар, сендер бір-бірінмен дос, тату екенсіңдер. Осындай достық көңілмен біздер «Спорт әлеміне» тез жетеміз.

(Әуен ойналады *Тазша бала келеді*)

Тазша: Сәлеметсіңдер ме, балалар мен үлкендер!

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Тазша бала? Сен қайда асығып бара жатырсың?

Тазша: Маған Таусоғар айтқан, егер де сен мен сияқты барлық қиын жағдайлардан жеңіл өткің келсе спорт әлеміне бар деген.

Жүргізуші: Уайымдама, біздің балалар да «Спорт әлеміне» бара жатыр, олар саған көмектеседі.

Тазша: Рахмет, бірақ Таусоғар ол әлемге бару үшін алдымен сұрақтарға жауап бересің және жолыңда көп қиындықтар кездеседі соны жеңуің керек деген.

Жүргізуші: Біздің балалар шыныққан, епті, қиындықтан қорықпайды. Солай ма балалар? Саяхатқа шығуға дайынсыңдар ма?

Балалар:

- Дайынбыз.

Жүргізуші: Ендеше, «Сәлем - сөздің анасы» деген нақыл сөз бар. Екі команда өздерін таныстырып өтсін.

1. Қырандай самғап алысқа,
Ойымыз кетер ғарышқа.
Жарыстан еш қалмаймыз
«Жас қыран» тобы біздерміз.

2. Күндей болып күлеміз
Шуақ шашып жүреміз
Шынықтырып денемізді
Ұзақ өмір сүреміз.

Тазша: Балалар, «Спорт әлеміне» баратын жолымыз жеңіл болу үшін Таусоғар беріп жіберген сұрақтарға жауап беріп алайық.

1. Адамның бірінші байлығы не?
2. Доппен ойналатын спорт түрлерін ата?
3. Қазақтың Ұлттық ойындарын ата?
4. Денсаулық туралы мақал-мәтел айт.
5. Қазақстандағы атақты спортшыларды білесің бе?

Тазша:

- Жарайсыңдар, балалар! Ендеше «Спорт әлеміне» аттанайық.

Ат өнері білінбес

Бәйгеге түсіп жарыспай.

Ер өнері білінбес,

Қоян-қолтық алыспай деп қазақтың ұлттық ойыны бәйгеге кезек берейік.

Ойын «Бәйге»

(әуен ойналады мыстан мен қарақшы келеді)

Мыстан: Қарақшы, қарашы бізге кімдер келгенін?

Қарақшы:

- Ой бұлар жаңадан келген балалар. Жақсы болды ғой, оларды алдап, адастырып жібереміз.

Мыстан: Мәссаған, олармен бірге Тазша бала да келе жатыр.

Тазша: Балалар, біздер жағымсыз әлемге келдік. Абай болыңдар, бұл әлемде сендерді алдап кетуі мүмкін.

Мыстан: Осы сендер қайда бара жатырсыңдар?

Тазша: Біз спорт әлеміне бара жатырмыз.

Қарақшы: Қайда, қайда - дейді? Спорт әлемге? Бұл не әлем?

Жүргізуші: Бұл әлемде біздің балалар спортпен шынығады. Бұл жерде жақсы.

Қарақшы: Жоқ, мен естіп едім бұл әлемде жаман деп. Күнде жаттығу жасап, секіру, жүгіру керек деп.

Мыстан: Спорт әлемге бару үшін тек қана епті, мықтылық керек емес, ақылды да болу керек.

Жүргізуші: Ал, біздің балалар ақылды.

Қарақшы: Қазір біз оларды тексеріп көрейік. Қаншалықты ақылды екен.

(жұмбақ жасырады)

Көлден ұшты жеті қаз,

Қайтып қонды екі екі қаз.

Қонбады оның нешеуі

Кәне, кім шешеді

Бір ағашта бес алма

Қандай тәтті жесе алма

Бесеуін де жеп қойса

Қалады сонда неше алма?

Мыстан: мен де жасырайыншы.

Тепсең-ақ секіріп,

Ұстатпай қашады

Бір жерге бекініп

Тұра алмай сасады.

(Доп)

Қарақшы: Әй, мыстан, мына балалар шынымен де епті, мықты, әрі ақылды екен.

Мыстан: Мен сендерді тағы да сынайын. Менің қоржынымда спорттық және ұлттық құралдар бар. Қайсысы қайсысына жататынын ажыратып беріңдер.

(Топ басшылары алып атап береді, ойын ойнатады)

Мыстан: Бәрекедді, сендер епті, мықты, ақылды балалар екенсіңдер. Ал, енді жолдарың болсын.

Тазша бала: Ой, балалар Спорт әлеміне жақындадық., бірақ жолымызда батпақ бар. Содан өтуіміз керек. Ал қалай өтеміз.

Жүргізуші: Тазша бала қамықпа, біздің балалар бұл сынақтан да өтеді.

Ұлттық ойын «Сырмақпен жарыс»

Тазша бала қуанып: Бәрекедді, жарайсыңдар, жолымызды жалғастырайық. Балалар Спорт әлемінің қақпасына да жеттік. Қақпаны ашу үшін біз тағы да сынақтан өтуіміз керек сияқты. Есігінде қоржын ілініп тұр екен. Не бар екен ішінде көрейік.

(Тазша бала арқан шығарып, ойынды түсіндіреді). «Арқан түю» ойыны.

Жүргізуші: Балалар сендер барлық сынақтардан сүрінбей өттіңдер.

Сендер бір-біріңмен тату, дос тапқыр, епті, батыл екендіктеріңді көрсеттіңдер.

Сол үшін сендерге мына медальді тарту етемін.

Жарқын, шаттық заман болсын,

Отбасымыз аман болсын.

Сыйластық пен бірлік болып,

Әрқашанда орта толсын!

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ**

**А. Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
материалдарының жинағы**

2022 жылғы 31-наурыз
Алматы қ. Қазақстан

Басуға 12.05.2022 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90 1/8
Шартты баспа табағы: 40,5. Тиражы 500 дана. Тапсырыс № 501
«ҚазЕжӘҚА» баспасы
Алматы қ. Наурызбай батыра көшесі 9